

P2008


1444k



АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК

ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ

шежірелік деректерді пайымдау



АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК

ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ

шежірелік деректерді пайымдау

Зерттеу

“Фолиант” баспасы
Астана-2008

ББК 63.5
С 31

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Еуразия гуманитарлық зерттеулер-ғылыми орталығы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

С 31 Акселеу Сейдімбек.

Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 бет.

ISBN 9965-35-463-4

Қазақ халқының этногенезі мен этномәдени байланыстарына қатысты елеулі дерек көздерінің бірі – шежіре мағлұматтары. Филология ғылымының докторы, профессор А. Сейдімбек бұл еңбегінде «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) деп атауға әбден лайық шежірелік айғақ-деректерді кең көлемде пайдалана отырып, оны осы заманғы зерттеу әдістерінің талғам-талабына сай зерделеген. Қазақ этнологиясына қатысты тың да толымды пайымдаулар жасаған.

Кітап Отан тарихына ден қойып жүрген ғалым-зерттеушілерге, сондай-ақ ел мен жер тарихын білуге құштар оқырман қауымға арналған.

ББК 63.5

ISBN 9965-35-463-4

© Сейдімбек А., 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

Қазақтың біртуар азаматы Иманғали
Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке арнаймын.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ арасындағы шежірешілдік дәстүр ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өзінің канондық қалпын сақтап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқы өзінің этникалық өмірбаяны туралы тарихи жадын ХХ ғасырдың жуан ортасына дейін көмескілей қойған жоқ. Көнекөз қарттар тарапынан айтылатын қария сөздер, яғни, қазақтың ауызша тарихы (ҚАТ) ең алдымен қоғамның рухани сұранысына қызмет етіп, адамдардың санасына елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты таным-түсінік қалыптастыратын, сөйтіп олардың жүрегін асқақ сезімдерге бөлейтін. Нәтижесінде, әркім өзін әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге «қарға тамырлы қазақ» деп аталатын ұлттың да бір бөлшегі ретінде сезінетін. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің қазақ болып жаралғанын Тәңірдің дарқан сыйына балайтын. Мұндай ахуал көз көріп, құлақ естіген шындық.

«Қазақстанның барлық өңірінде 30-дағы және одан жасы асқан қазақтар өздерінің ата-тегін, яғни, өз руының, тайпасының және тайпалық одағының (жүзінің) шежіресін тамаша біледі. Қарттар арасында дүйім қазақтың ру шежіресін білетіндері әлі де болса кездеседі. Өкінішке орай, біздің тарихшыларымыз бен этнографтарымыз бұл мағлұматтарды жинаған да және зерттеген де емес. Ал, мұндай мағлұматтар болса қазақтың көптеген тайпаларына қатысты құрылым мәселелерін саралауда мейлінше құнды» (С. Аманжолов. *Вопросы диалектологии и истории казахского народа.* — Алматы, 1959. 26-бет).

Уақыт озған сайын көнекөз қарттардың қатары сиреді.

«Алдыңғы толқын — ағалар,
Артқы толқын — інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер», —

деп ұлы Абай айтқандай, бұрынғы шежірешіл қарттарды кеңестік идеология құрсауында тәрбиеленген ұрпақ алмастырды. Өкініштісі, бұл алмасу ұрпақтардың мәдени-рухани табиғи сабақтастығы тұрғысында жүзеге асқан жоқ. Кеңестік идеология адамдардың құндылықты парықтау болмысын мақсатты түрде өзгертті. Ұлтты ұйыстырушы ең бір жанды тетік болып табылатын дәстүр сабақтастығы тәрк етілді. Кеңестік жүйеде мұндай үрдіске мойын ұсыну әрбір адам үшін өмір сүрудің бірден-бір кепіліне айналды. Нәтижесінде, ұлттың өзге де мәдени-рухани құндылықтары сияқты, шежірешілдік дәстүрі де «ескіліктің зиянды қалдығы» ретінде қағажу көрді.

Сөйтіп, өз тарихы туралы халықтың өзі айтатын небір құнды деректер, әсіресе, қоғамдық тәртіп пен адам сапасын дәріптейтін ұлағатты естеліктер, дәстүрлі таным үлгілері ұмыт бола бастады. Тіптен, шежірелік аңыздар фольклорлық мұра ретінде зерттеу объектісінен тыс қалды. Халықтың өзін-өзі тануға негізделген ұлы дәстүрі құнсызданып, тарихи жады күңгірт тартты.

Мұндай үрдістің зияндылығы — оның түбегейлі қателігінде ғана емес еді, ең сорақылығы — ондай қате ұстаным (принцип) ғылым мен өркениеттің күмән келтіруге болмайтын жетістігі ретінде дәріптелді.

Міне, осындай ахуал менің көңілімді ұдайы аландатып келгенін жасыра алмаймын. Бәлкім, көнекөз қарттардың қария сөздерін құлаққа сіңіріп өскендіктен болар, әлде тарихи-филологиялық білімге ден қойғандықтан ба екен, әйтеуір, құлақ шалған шежірелік деректі қалыс қалдырған кезім болған емес.

Уақыт өткен сайын шежірелік мағлұматтардың жойдасыз мол екеніне және ондай мағлұматтар қазақ халқының этногенезіне қатысты бірден-бір баға жетпес рухани қазына екеніне көз жетіп, көңіл қаныға түсті. Алайда, шежірелік айғақ-деректерді қаншалықты құныға жинаған сайын, оның ұшы-қиыры жоқ мол мұра екеніне соншалықты көз жетіп, тіптен мұндай рухани қазынаны кең-байтақ қазақ даласынан сүзіп шығудың жалғыз-жарым ізденуші үшін мүмкін еместігі торықтырған кездер де аз болған жоқ.

Сөйтіп жүргенде, Кеңестер Одағы деп аталатын алып империя күйреп түсті. Тәуелсіздік дегеннің өзі ең алдымен рухани азаттық екенін көз көріп, көңілге қанат біткендей болды. Жер бетінде этномәдени болмысы біртұтас жалғыз ұлт болса, ол — қазақ ұлты екенін қапысыз білгендіктен және оған күмәнсіз сенгендіктен, сол біліп-сенгенімді алакөңіл болып қалған әлеуметпен бөліссем деген ниетпен 1997 және 2002 жылдары «Қазақтың төр шежіресі» деп аталатын бір беттік плакат шығардым. Бұл өзі, түп-тамыры сақ, скиф, түркі, қазақ болып басталатын алып бәйтерек үлгісінде салынған, қазақ ру-тайпаларының бес-алты мындай автоэтнонимін әлгі бәйтеректің дінінен өрбіткен, сөйтіп ұлттың біртұтастығын бейнелеген көрнекі құрал сияқты еңбек еді. Төр шежіре-плакаттың балақ жақ бұрышына қысқа ғана түсініктеме жазып, қолымды қойып, адресімді көрсеттім.

Шежіре-плакатқа деген халықтың сұранысы айрықша болды. Кешікпей-ақ, менің атыма жолданған шежірелік еңбектер Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңбырдай жауды. Аз уақыт ішінде мыңға тарта шежіре нұсқалары жиналды. Олардың ішінде нақтылы әулет-ата шежіресінен бастап, ру-тайпаның, жүздің, тіптен тұтас ұлттың тарихы мен этноқұрылымын зерделеген еңбектер де бар еді. Әсіресе ру-тайпалардың қалыптасуы мен қазақ халқының ұлт болып ұйысуына қатысты генеалогиялық аңыз-әңгімелер, тарихи-этнографиялық айғақ-деректер, тарихи тұлғалардың ғұмыр-тіршілігіне қатысты мағлұматтар мейлінше молдығымен де, нақтылығымен де қайран қалдырды. «Мен өзім бір ғасырға куә болдым, тағы да бір ғасырдың сөзін куә болғандардан естідім» деп бастайтын шежірешілердің мағлұмат-дегерін толқымай оқу мүмкін емес еді...

Токетері, осы уақытқа дейін қолыма түскен шежірелік айғақ-деректерді халқадірімше жүйелеп, хатқа түсіру қажеттігіне күн өткен сайын көз жетіп, көңіл құлшына түсті. Ақыры, өз тарихы туралы халықтың өзі айтқанын жинап-теріп өзіне

қайтаруға бел бұған жай бар. Әрине, «Көк дөнен жүйрік пе, көңіл жүйрік пе?» оның төрешісі оқырман қауым.

Сөз орайында, осы кітаптың жазылуына себепші болған тағы да бір гәпті айта кеткен жөн-ау деп ойлаймын. Тек қана көркем туындылар емес, ғылыми-зерттеу жұмыстары да, белгілі дәрежеде, автор болмысына айғақ бола алады. Бұл ретте, адамды қалыптастырған әлеуметтік ортаның шығармашылық рухқа ұдайы дем беріп отыратыны күмән келтіруге болмайтын ақиқат. Осы орайда, мен өскен ортаның, дәлірек айтқанда, мені қалыптастырған ортаның төл ерекшелігін атап өткім келеді. Өйткені, сол ортадан дарыған тағылым қолыңыздағы кітаптың жазылуына әсерықпал еткен негізгі факторлардың бірі болғанын терең сезінемін.

Еуразияның Ұлы Даласы деп жүрген байтақ алаптың кіндік мекені — әйгілі Сарыарқа. Солтүстігі — Батыс-Сібір ойпатынан басталып, оңтүстігі — Балқаш-Алакөл құйылымына дейін созылған, шығысы — Алтай, Сауыр, Тарбағатай сілемдерінен басталып, батысы — Торғай ойпатына дейін керіліп жатқан алып құрлық. Сол құрлықтың Бетпақдаламен жапсарында шығыстан батысқа қарай тізбектеле созылған таулар бар. Әбден мүжіліп, арса-арсасы шығып, тастары жалаңаштана бастаған кәрі таулар. Шығысы Қарқаралы мен Қызыларайдан басталатын сол таулар Бұғылы, Тағылы, Ортау, Кертау, Қызылтау, Ақтау, Желтау, Қабантау, Өгізтау (Оғызтау) болып сілемдене созылып барып, батысында Ұлытаумен тұйықталады. Бас-аяғы мың шақырымдай алапқа созылған табиғи су айрығын көшпелі жұрт тап басып танып, Сарыарқа деп атаған. Шынында да, алып жон арқаның қос қапталынан төгіле аққан өзендер екі бағытқа — солтүстік пен оңтүстікке қарай жарыса ағып жатады.

Сарыарқаның оты-суы мол, жері шүйгін, әсіресе, төрт түлік малға жұғымды ащылы-тұшылы шөптің мың-сан түрі өседі. Жазы жанға жайлы, қысы қатал. Содан да болу керек, технократтық даму бел алғанға дейін бұл далада өмір сүрудің жалғыз ғана кепілі — көшпелі өмір-салт болды. Яғни, жыл құсы сияқты мәңгілік көктем мен жазға ілесіп, бойлық бойынша тербеле көшіп-қонып, қыстың қатал құрсауынан сытылып шығып отыруға бейімделген. Мұндай үрдіс бір жыл емес, он жыл емес, жүз жыл емес, тіптен, мың жыл да емес, мыңдаған жылдарға созылған. Әбілғазының «Түрік шежіресінде исі түркінің түп ханы Оғыздың әкесі Қара хан жаз айларында Ортау (Ертау) мен Кертауды жайлап, қысқа қарай Қарақұм мен Сырдария бойын қыстайтынын жазады (*Әбілғазы. Түрік шежіресі. — Алматы, 1992. 15-бет*). Осындағы Ортау мен Кертау тарихшылар айтып жүргендей Ұлытау емес. Ортау, Кертау деп Ұлытаудың шығысында 200-300 шақырымдай жерде сілемденіп жатқан тауларды атайды. Бұл өңірді ең соңғы жайлаған қазақ ханы — Кенесары. Яғни, бұл алапта бойлық бойымен көктемге ілесіп, тербеле көшетін үрдіс мыңдаған жылдарға ұласқан. Сөйтіп, көшпелі өмір-салттың мол тәжірибесі жинақталып, қайталанбас төлтума (самобытный) мәдениеті қалыптасқан. Әлгі, Лев Николаевич Гумилевтің: «Ұлы Даладағы көшпелі өмір-салт әрі қарай шындауға болмайтын биікке көтерілген» деуінің сыры осында болса керек.

Адамзат тарихында көшпелі өмір-салттың толып жатқан үлгілері (типтері) болғаны, әлі де бар екені белгілі. Әлем халықтарының шаруашылық-мәдени типтерінің әр алуандығына, былайша айтқанда, белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында ғұмыр кешкен халықтардың өмір-салты, материалдық және рухани мәдениеті әр түрлі

болып қалыптасатынына этнография және археология саласының мамандары ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап жүйелі түрде мән бере бастады. Алғаш рет әлем халықтары мәдениетіне ареалдық сараптама (анализ) жасау идеясын ұсынған В.Г. Богораз, С.П. Толстов еңбектерін А.М. Золоторев, А.П. Окладников, С.А. Токарев сияқты ғалымдар ұштады. Осы идеяның ең бір толысқан тұжырымдамасын (концепция) М.Г. Левин мен Н.Н. Чебоксаров өз еңбектерінде «шаруашылық-мәдени типі» және «тарихи-этнографиялық облыс» (немесе «тарихи-мәдени облыс») деген атаумен айғақтады. Соңғы екі автор этнография ғылымында аса мәнді болып табылатын — әр түрлі халықтар мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың сыр-себептерін пайымдауға мүмкіндік беретін ғылыми тетікті көрсетіп берді. Мұндай ғылыми әдіснамалық (методологиялық) жаңалық өз кезегінде әлемдік аядағы көшпелі өмір-салт үлгілерін саралап тануға да септігін тигізді (*В.Г. Богораз-Тан. Распространение культуры на земле. Основы этнографии. — Москва-Ленинград, 1928; С.П. Толстов. Очерки первоначального ислама. — «Советская этнография» журналы, 1932. № 2; М.Г. Левин. Н.Н. Чебоксаров. Хозяйственно-культурные типы и историко-этнографические области. — «Советская этнография» журналы, 1955. № 4).*

Америка этнографы Дж.П. Мэрдок пен С. Вильсон адамзаттың жер бетіне орналасуының алты түрлі дәстүрлі типін атап көрсетеді. Бірінші — уақытша қоныс-тұраққа аялдау арқылы жыл бойы көшіп жүретіндер (нама бушмендері, Калахари-дегі кунгтер, Сахарадағы туарегтер, т.б.), екінші — уақытша қоныс-тұраққа негізінен қыс айларында аялдайтын жартылай көшпелілер (көшпелі монғолдар), үшінші — жылдың әр маусымына орай екі-үш қоныс-тұрақта болатындар (варао үндістері, жартылай отырықшы аңшылар, терімшілер), төртінші — халықтың бір бөлігі маусымдық қоныс-тұрақтарында болып, негізгі бөлігі аңшылықпен, балықшылықпен, бақташылықпен айналысатындар (айн тайпасы), бесінші — отырықшылар, алайда, жұт, індет, жаугершілік сияқты нәубеттерге байланысты қоныс-тұрақтарын тастап кете беретіндер (кетпенді егіншілікпен айналысатын тонгалар), алтыншы — ұдайы бір қоныс-тұрақта болатындар (жер шаруашылығымен айналысатын отырықшылар).

Белгілі этнограф Б.В. Андриянов дүниежүзі халықтарының шаруашылық-мәдени типтерін саралай отырып, көшпелі өмір-салттың 12 түрін атап көрсетеді: 1. Шөл-шөлейт (аридті) аймақтың көшпелі және жартылай көшпелі малшылары. 2. Ыстық белдеудің малшы-аңшылары. 3. Таулы аймақтардағы малшылар. 4. Биік таулардағы көшпелі малшылар. 5. Бұғы бағуды, аңшылықты және балық аулауды кәсіп ететіндер. 6. Шөл-шөлейт аймақтың қазіргі малшылары. 7. Ыстық белдеудің жартылай отырықшы диқаншы-аңшылары. 8. Теңіз көшпелілері, балықшы-терімшілер. 9. Ыстық белдеудің аңшы-терімшілері. 10. Тайга мен тундрада аңшылық пен балықшылықты кәсіп ететіндер. 11. Арктикада аңшылық пен балықшылықты кәсіп ететіндер. 12. Ауыл шаруашылығымен айналыспай, ұдайы көшіп-қонып жүруді дәстүр еткендер. Мәселен, сығандар сияқты (*Б.В. Андриянов. Неоседлое население мира. — Москва, 1985. 42, 241-беттер*).

Осылардың ішінде бірінші және алтыншы кезекте көрсетілген шөл-шөлейт аймақтағы көшпелі малшылар қатарына дәстүрлі өмір-салттағы қазақтарды да жатқызуға болады. Сонымен бірге, шөл-шөлейт аймақ аясындағы көшпелілер өмір-салтының да алуан түрлі болып келетінін атап өткен жөн. Б.В. Андрияновтың шөл-

шөлейт аймақ деп отырғаны — жер бетіндегі құрлық атаулының 21-23 пайызын алып жатқан байтақ мекен. Атап айтқанда, негізінен, Оңтүстік-Батыс Азияны, Солтүстік және Шығыс Африканы қамтиды. Бұл аймақтардағы халықтардың тілі, ділі, діні, салт-дәстүры, әдет-ғұрпы, материалдық және рухани мәдениеті алуан түрлі. Шөл-шөлейт аймақтарда көшпелі өмір-салт құрып, мал шаруашылығымен айналысатын араб бәдәуилері, беджалар, сомалилер, қуаң немесе жартылай қуаң даладағы монғолдар, Оңтүстік-Батыс Азиядағы күрдтер, ауғандар, Судан саванналарындағы араб баггаралары сияқты ондаған этностар бар. Бұл этностар, әдетте, өздері өмір сүретін ареалдағы жерлерді барлай отырып, қай өңірді қоныс-тұраққа және мал жайылымына қолайлы деп тапса, көштің басын солай бұрады. Яғни, табиғат жүйесінің көктем, жаз, күз, қыс деген сияқты құрлықтық құбылысымен санаса бермейді. Жыл маусымдарының табиғи құбылыстарымен қатаң санаспаған соң, тек қана бойлық (меридиан) бойынша көшіп-қону тәртібі де сақталмайды. Былайша айтқанда, жыл құсы сияқты, табиғи суықтан жылы жаққа қарай ығыса көшіп құтылатын өмір-салтқа бейімделмеген. Оның есесіне, көш-қон барысында белгілі бір шектеулі (локальды) өңірлердің қолайлылығымен көбірек санасады. Әрине, мұның басты себебі ретінде аталмыш өңірлерде қарлы-боранды қыстың болмайтындығын атаса қисынды.

Осы орайда, Қазақ даласындағы дәстүрлі көшпелі өмір-салттың және сол өмір-салтпен орайлас (обусловленный) қалыптасқан шаруашылық-мәдени типтің болмысы мүлде бөлек екенін атап өту қажет. Қазақ даласы жылдың төрт маусымы айқын бедерімен көрініс табатын жер бетіндегі бірден-бір қуаң континенттік өңір. Сондықтан да бұл далада ауа райының құрлықтық құбылысымен санасып, яғни, мәңгілік көктем мен жазға ілесіп, тек қана бойлық бойымен тербеле көшіп-қонып жүру тіршіліктің жалғыз ғана тиімді тәсілі болған. Бұл сияқты кең қарымды көшпелі өмір-салттағы адамдар табиғаттың өткінші құбылыстарынан гөрі уақыт пен кеңістіктің тұрақты заңдылықтарын алдымен игеріп, ол заңдылықтарға адамзаттың басқа қауымдарына қарағанда бұрынырақ бейімделе алған. Сөйтіп, жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі және отырықшы өмір-салтты сәтті үйлестіре білген. Экожүйеге біліктілікпен бейімделу барысында мініс көлігі ретінде жылқыны, күш көлігі ретінде түйені пайдалану, ілкімді көш-қон үшін киіз үй мен дөңгелекті ойлап табу, уақыт өлшемінің 12 айлық жүйесін пайдалану және барша тіршілік ырғағын сол уақыт жүйесіне бағындыра жүргізу, металл өндірісін дамыту, бір Тәңірлік дүниетаным орнықтыру, осының бәріне ұйытқы болатын мемлекеттік жүйе қалыптастыру көшпелілердің ұзақ уақыт бойы қарымды да қуатты болуын қамтамасыз етті. Альфред Вебер айтқандай: «Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтар... дүниенің кендігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиын-қыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы олар дүниенің жалғандығын түсінді; ал үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті. Сөйтіп... тарихи соқталы істердің бәрінде де трансцендентті әмбебап дінді, философияны және тәртіпті орнықтырып отырған» (*Толықтау жүгінім «Ел болудың алғышарттары» тараушасында келтірілді*).

Егер, бойлық бойынша мәңгілік көктемді қуалап көшу үрдісі табиғатқа көндігу ғана емес, табиғат тылсымын танып-түсіну және сол арқылы жаңа типті өмір-салт қалыптастыру екені айқындалса, сол өмір-салттың мындаған жылдар аясында ұдайы шында-

лып отыруды бастан кешкені ескерілсе, шыңдалу барысында орда, ұлыс, қағанат сияқты мемлекеттік үлгі-жаралымдардың пайда болғаны қаперге алынса, ондай мемлекеттік үлгі-жаралымдардың алыс-жақын өркениет ошақтарына тегеурінді ықпал еткені мойындалса, онда Қазақ даласында есте жоқ ескі заманда бастау алып, сол Қазақ даласында аяқталған (XX ғ.) көшпелі өмір-салтты «эпикалық көшпелі өмір-салт» деп айырып атаудың қисыны бар.

Қазақ даласындағы эпикалық көшпелі өмір-салттың соңғы жұқанасын (рудимент) көзіміз көрді. Бұл ақиқатты таратыңқырап айту қажет. Қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір-салтынан XIX-XX ғасырлар аясында бірте-бірте кіндік үзіп, Ресей империясы зорлап таңған әкімшілік-аумақтық бөліктерге бағынышты бола бастағаны белгілі. Яғни, эпикалық көшпелі өмір-салт тұсындағы ел-жұрттың тіршілік құратын шекарасы, негізінен, көктем мен жаздың аясында өтсе, сөйтіп ол шекара жыл маусымына орай ұдайы өзгеріп отырса, әкімшілік-аумақтық бөлікке бағынған соң белгілі бір мекеннен табан аудармай өмір сүруге мәжбүр болды. Осыған байланысты шаруашылықтың қыстау-жайлау үлгісі қалыптасты. Шаруашылықтың мұндай үлгісі ресми іс қағаздарында «отарлы мал шаруашылығы» («отгонное животноводство») деп аталды. Отарлы мал шаруашылығының үлгісі мейлінше қарапайым. Қыстау төңірегіннің шөбі жаз айларында қайтадан қалпына келу үшін жазда малды жайлауға шығарады. Қыстау мен жайлау арасы, әдетте, 50-100-150 шақырым мұғдарында болып отырады. Яғни, мал шаруашылығының мұндай үлгісі бойынша бойлық бойымен көшіп-қонып, көктем мен жазға ілесіп отыру шарт емес. Қыстау мен жайлаудың жайылымын тақырлап алмай, алма-кезек пайдаланып отырса болғаны. Кеменгер Абайдың:

«Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай», —

деген сөзі қазақ өміріндегі эпикалық көшпелі өмір-салттың қожырай бастағанын тап басып, дәл бейнелеген.

Қазақстанда, Шығыс Түркістанда, Монғолияда, Өзбекстанда мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар (тарихи атамекендерінде отырып қалған қазақтар) белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлік аясындағы шаруашылықтың қыстау-жайлау үлгісіне (отарлы мал шаруашылығына) біржолата мойын ұсынған кезде, бір ғана өңірде — Сарыарқаның Бетпақдаламен шектескен жапсарында дәстүрлі эпикалық көшпелі өмір-салт сақталып қалды. Бұлай болуы, сол өңірдегі адамдардың артықшылығынан немесе кемшілігінен емес, Бетпақдала сияқты байтақ шөл далада мал шаруашылығын өркендетудің басқаша үлгісіне иек сүйеудің мүмкін еместігінен еді. Сол себептен де XX ғасырдың 50-60 жылдарына дейін солтүстігі Қорғалжын-Теңіз көлдері мен оңтүстігі Шу өзеніне дейінгі мың шақырымдай байтақ алапта эпикалық көшпелі өмір-салт сақталды. Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа, Ақадыр, Шет, Ақтоғай аудандарының малшылары, Жамбыл облысына қарасты Мойынқұм, Шу, Сарысу, Талас аудандарының малшылары жаз болса Арқаға қарай, қыс болса Шу бойына қарай тербеле көшіп-қонып жүрді. Көш көлігі — түйе, баспанасы киіз үй. Осылайша, XX ғасырдың отызыншы, қыркыншы, елуінші жылдарындағы ауыртпашылықтан есеңгіреген ел-жұрттың тезірек еңсе көтеруіне уақыт сынынан өткен

эпикалық көшпелі өмір-салт бірден-бір себепші болған еді. Бұл ортаның ел-жұрты тіршілік мұқтажы үшін сырттың, дәлірек айтқанда, мемлекеттің сабақты жібіне тәуелді болмады десем, әсіре сөз емес. Тәуелді болса да, ол кезде мемлекетте қол ұшын бере қоятындай қауқар жоқ болатын. Жаһандық соғыстан кейінгі жетіспеушіліктің зардабы ғой, әйтеуір өмір-тіршілікке қажеттің бәрін көшпелі ел-жұрт өздері ғана қамдайтын. Басшы-қосшы да, қойшы-қоланшы да, ақылгөй-дана да, жұлдызшы-есепші де, сынықшы-оташы да, бақсы-балгер де, ісмер-шебер де, ұста-зергер де, аңшы-саятшы да, жыршы-жырау да, әнші-күйші де, даңғайыр-шежіреші де, бәрі-бәрі өз ортасынан табылатын. Қоғамдық өмірде кісілік пен парасат басшылыққа алынып, адамдар ғажайып асқақ сезімдерге бөлене алатын. Сөйтіп жүріп, жыл сайын үкіметке отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, қанар-қанар жүн, қат-қат тері, қап-қап ірімшік (брынза) жөнелту Құдайдың бұйрығындай шаруа болатын.

Міне, мен өскен өңір, мені қалыптастырған әлеуметтік орта осындай еді. Бұл ортаны эпикалық көшпелі өмір-салттың саба түбі сарқындысы, ең соңғы жұқанасы деуге болады. Өз басым тарих пен этнографияға ден қойып жүрген адам ретінде мұндай өмір-салтты көріп үлгергенімді тағдырдың сыйына балаймын. Бұл ретте, мен өзімді көшпелі өмір-салттың әрі сырт көз бақылаушысы, әрі айғақшысы (носитель, этнофора) ретінде сезінемін. Ал, мұндай тағдырдың тарихи-этнографиялық еңбек жазуға шапағаты айрықша мол болатынын әрі қарай тәптіштемесе де түсінікті (*Байырғы грек тілінде этнос – халық, фора – айғақшы (носитель) деген мағына береді*).

Кітапта шежірелік деректерді саралай отырып, бұрын-сонды айтылған, жазылған, тіптен аксиомаға айналған кейбір ой-тұжырымдарға сәйкес келе бермейтін біразтың пайымдаулар жасалды. Ондай пайымдаулар жасау барысында өзгемен ой өрелестіруді, сөз жарыстыруды, тәжікелесуді жөн көрмедім. Оқырманды алаңдатқым келмеді. Елтануға қатысты ой елегінен өткен пікір-тұжырымдарға көзіқарақты жанның өзі-ақ төреші бола алатынына сендім. Дегенмен, шежірелік деректерді саралап, жүйелеу барысында қол жеткен кейбір нәтижелерді оқырман қауымға аңғарта кету қажет. Атап айтқанда:

– қазақ халқының тарихына, әсіресе, дәстүрлі қоғамы мен этноқұрылымына қатысты шежірелік деректердің түпдеректемелік (первоисточник) мән-маңызы бар екені ашып көрсетілді;

– қазақ шежірешілдігі тек қана ата-текті түсіндіре таратумен шектелмейтіні, ең бастысы, қоғамдық өмірде біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыратыны, сол арқылы ел-жұртты ұйыстыратын тегеурінді тетікке айналатыны дәлелденді;

– Қазақ хандығы жасақталу барысында ру-тайпалық құрылымдардың жаңаша жіктеліп, жаңадан жүйеленгені алғаш рет нақтылы дәлелдермен тұжырымдалды;

– қазақтың ру-тайпалық бөліктері, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бірлестіктер екені, ал ру-тайпа атауларында қандас-туыстастарды айғақтаудан гөрі, ел ішінің ру-тайпалық құрылымын бажайлап тану үшін бағдар берушілік сипатының басым екені шежірелік деректер бойынша айқындалды;

– «алаш» атауы тарихи-типологиялық тұрғыда пайымдалды, сөйтіп, Қазақ хандығы аясындағы этносаяси ахуалды реттеу барысында «алаш» этнониміне түп тектік

мазмұн дарытылғаны, мұның өзі алашабыр ел-жұртты ұйыстыруда әрі сәтті идея, әрі пәрменді идеология бола алғаны нақтылы айғақ-дәлелдермен бекемделді:

— көшпелі өмір-салт пен ру-тайпалық жүйе өзара тарихи орайлас құбылыс екені, көшпелілер қоғамында ру, тайпа, жүз бойынша ұжымдасып тіршілік құрудың өмірлік қажеттілік болғаны, сол себепті, ру-тайпалық жүйенің жұртшылық сана-сында әу бастан-ақ киелі сипат алғаны қарға киетегіне (тотем), сүйек қосу рәсіміне қатысты тараушаларда сараланды;

— Қазақ хандығын жасақтау барысында алашабыр ру-тайпаларды ұйыстыруда, әсіресе, жаңадан жіктелген ру-тайпалар аясындағы әртекті әулет-аталарды өзара жарастыруда, сөйтіп, біртұтас этножаралым қалыптастыруда енші институтының тарихи мән-маңызы айқындалды;

— дәстүрлі қазақ қоғамында туысқандық жүйе адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын ретке келтіріп отыратын, парасаттандыратын және қазақ атаулыны біртұтас этноәлеуметтік туысқандар одағына айналдыра алатын аса маңызды тетіктердің бірі екені пайымдалып, алғаш рет кең көлемде түсіндірмелі туысқандық терминдер (референтивные термины родства) түзілімі жасалды;

— қазақтың жүздік және жүзден тыс этноқұрылымдары жөнінде, тектес-аттас ру-тайпалар мен сіңісті аталар туралы, лақап немесе жанама этнонимдерге байланысты, ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан әйел-аналарға қатысты шежірелік деректер тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, жүйеленді;

— қазақ этнотопонимдерін алғаш рет мүмкіндігінше толық қамтыған сөздік түзіліп, оларға тарихи-географиялық түсініктеме жасалды;

— әулет-ата, ру-тайпа туралы айтылатын мақал-мәтелдер тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, оларға тарихи-этнографиялық тұрғыда түсініктемелер берілді;

— қазақ ру-тайпаларының қалыптасып болған, біржола тұрақтанған, яғни, статтық (өзгермейтін) сипат алған, сөйтіп, дүйім жұрттың жадына орныққан құрылымы алғаш рет толық қалпында сараланып көрсетілді;

— қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, олардың бітім-пішіндері нақтыланды және тарихи-типологиялық тұрғыда зерделенді...

Міне, кітап мазмұнындағы назар аударарды-ау дейтіндей кейбір қадау-қадау мәселелердің ұзын-ырғасы осындай.

Кітапта теориялық пайымдаулар мен ғылыми саралауларды саналы түрде шектей отырып, оның орнына нақтылы мағлұмат-деректердің, яғни, эмпирикалық материалдардың молырақ қамтылуына, сол деректердің мүмкіндігінше оң жорылуына алдымен мән берілді. Бұл түсінікті де. Шежірелік айғақ-деректердің қашанда айтарынан гөрі аңғартары күрделі. Ондай айғақ-деректерді жатқа айту немесе жалаң тізбелеу оңай болғанымен, оның жай-жапсарын жорып-түсіну әлдеқайда қиын. Кез келген халықтың этногенезі мен этномәдени болмысын саралауға тарих, фольклористика, этнография, лингвистика, археология, демография сияқты бірнеше аралас ғылым салаларының ат салысатыны да содан болса керек. Демек, халық жадында сақталған тарихи айғақ-деректі мүмкіндігінше уақыт құрдымынан аман алып қалсақ, барды бағалау қашпас деген ойға ден қойдым.

Елдік қадір-қасиеттің орнығуы алдымен елтанудан бастау алады. Бұл жолда тындырған еңбек кәдеге жарар болса мақсаттың орындалғаны.

Бірінші тарау. Шежіре және тарих

Елтану мектебі

Тарихнама

Этнология және ру-тайпалық жүйе

Түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер

Қазақ шежіресіндегі уақыт табы

Ел болудың алғышарттары

Антропонимика және шежіре

Бірінші тарау

Шежіре және тарих

1. Елтану мектебі

Тарих дегеніміз — өткен өмірдің баяны ғана емес, сонымен бірге адам санасын шындап, оның жан-жүрегіне асқақ сезімдер ұялата алатын ұлағатты ұстаз іспеттес.

Шыншыл тарих жазу үшін ең алдымен деректемелерге (источники) мұқият ден қою керек. Ал, деректемелер санатына тарихи айғақ-деректің бәрін де жатқызуға болады. Атап айтқанда, археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, лингвистикалық, жазбаша, заттық, ауызша айғақ-деректің қай-қайсысы да белгілі бір заман мен қоғам туралы, сол заман мен қоғам аясындағы адамдар жайында таным-түсінік қалыптастыруға септігін тигізеді.

Осылардың ішінде қазақтың шежірелік мұрасы өзінің тарихи деректерге қанықтығы мен шыншылдығы жөнінен айрықша құнды. Қазақ халқының тарихын зерттеу барысында дерек көзі ретінде шежірені асыра дәріптеу әбестік болса, оны мүлде қаперге алмау топастық болар еді.

Адам баласы болашақ туралы болжауды әуезе көрсе, өткеніне ынтыға назар салады. Себебі, өткен өмір тәжірибесі адамзат тіршілігінің негізі. Арттағының бәрі де өмір сабағы. Адамзат әулеті бүгінгі жеткен дәреже-деңгейі үшін өткен өмір тәжірибесіне қарыздар.

«Өзіңнің шыққан тегінді біл, бұл туыстарды жақындастыра түседі», — деген Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар. Шежірені ел-жұрттың, халықтың жүйеленбеген естелігі деуге де болады. Бәлкім, шежірелік деректерді әрі даралап, әрі бағалап көрсететін қасиеті де осы болу керек. Байыптап үніліп, байсалды саралай білсе, шежірелік деректерден тарихтың жаңғырығы айқын естіледі.

Тарих ғылымында шежірелік деректерге қосалқы немесе жанама (вспомогательный, побочный) дерек көзі ретінде қарау үрдісі қалыптасқан (*И.В. Тираспольская. Генеалогия // СИЭ. Т. 4. — Москва, 1963. 189-190-беттер*); *Г.А. Леонтьева, П.А. Шорин, В.Б.Кобрин. вспомогательные исторические дисциплины. — Москва, 2000*). Ал, француз генеалогиялық мектебінің әйгілі өкілі П.Дюри шежіре деректерін ең әспеттегенде «жанұялар тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін тетік» деп қана қарайды (*История и генеалогия. С.Б. Веселовский и проблемы историко-генеалогических исследований. — Москва, 1977*). Мұндай ой-тұжырымдардан қазақстандық тарихшы-этнологтар да ұзап кете қойған жоқ. Алайда, қазақ шежіресіне қатысты

немесе қазақ халқының шежірешілдігіне қатысты мұндай ой-тұжырымдардың бір жақты екенін атап өту қажет.

«Генеалогия — ру-тайпалардың пайда болу, қалыптасу тарихын білдіретін және ата-текті түсіндіре тарататын тарих ғылымының бір саласы». Бұл сияқты академиялық анықтамадан қазақтың шежірешілдік дәстүрінің мазмұндық және функциялық тұрғыда елеулі айырмашылығы бар. Отырықшы ел-жұрттардағы, соның ішінде еуропалық таным-түсініктегі шежірешілдікке қарағанда көшпелі өмір-салтта қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамындағы шежірешілдік дәстүрдің тарихи-танымдық өресі мен этноәлеуметтік қызметі сол қоғам үшін анағұрлым маңыздырақ болған. Дәстүрлі қазақ қоғамы үшін шежірешілдік — қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын, сол қоғамдағы этноқұрылымдарды қапысыз ұйыстыра алатын тегеурінді тетік. Яғни, қазақ шежірешілдігі — қоғамның сұранысына орай және адамдардың өмірлік мұқтажына байланысты дәстүрге еніп, қоғамдық өмірде ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастырып, нәтижесінде жалпы этноұйыстырушылық рөл атқарған синкретті мазмұндағы феномен. Былайша айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамындағы шежірешілдіктің институттанған қызметі ауқымды да мазмұндырақ.

Қазақ шежірешілдігін адамдардың жады арқылы жеткен тарих деуге болады. Яғни, адамдардың ауызша баяндауынсыз шежіренің жанрлық болмысы бүтін болмас еді. Бұл ретте, шежіреге төл ерекшелігі бар әдеби шығармашылықтың оқшау сипаттағы үлгісі ретінде қарауға болады. Шежіреде ел-жұрттың әлеуметтік-саяси өміріндегі нақтылы хроникалық деректен гөрі сол әлеуметтік-саяси өмірдің типтендірілген сипаты көбірек көрініс тауып отырады. Шежірелік аңыз-әпсаналар мен әңгіме-хикаялар ел-жұрттың әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, салт-дәстүрлік, әсіресе, моральдық-этикалық қасиеттерін айғақтайтын дерек-мағлұматтарға тұнып тұр. Бұл ретте, қазақ шежіресі (шежірешілдігі) кімнің кімнен өрбігенін білдіретін есімдер тізбесі ғана емес, алдымен сол адамдардың мың-сан тіршілік-тынысы туралы айтылатын тарихи ақпарат тұрғысында ден қойдырады. Өйткені қазақтың қария сөздерінің аясында ұрпақтардың генеалогиялық сабақтастығы ғана баяндалып қоймайды, ең бастысы, нақтылы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы эпикалық жыр-толғаулар, тарихи аңыз-әңгімелер, ғибратты шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер, әсіресе, ситуациялық мысалдар генеалогиялық ақпараттың негізгі мазмұнына айналып отырады. Яғни, қазақ шежіресін (шежірешілдігін) халық болмысының барлық қырын алуан түрлі үлгіде паш ететін тарихи ақпарат қоймасы деуге болады. М.Ж. Көпейұлы өзі хатқа түсірген шежірелік деректер жинағын «Мес» деп атауы да содан болса керек. Түптеп келгенде, шежіренің жанрлық сипатын айғақтайтын негізгі ерекшелігі ретінде осы қасиеттерін алдымен атаған абзал. Өткен тарихтың көпшілік ортасында ауызша баяндалуы, сөйтіп этнос тарихының ұжымдық жадқа (память) айналуы, ең алдымен, шежіре деректерінің объективтілігі мен шыншылдығын қамтамасыз етіп отырған. Бұл үрдістің ұлттық таным-түсінік пен моральдық-этикалық нормаға енгендігі сонша, қазақ ұғымында аруақтар (өлгендер) туралы ғайбат сөйлеп, жаңсақ айту күнәнің ең ауыры саналған. Міне, қазақ шежіресін (шежірешілдігін) генеалогияға қатысты академиялық анықтамадан даралап тұратын және оның объективтілігін қамтамасыз ететін осындай қасиеттері бар.

«Қазақ өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе, өлең-жырлар еш өзгеріссіз қайталанатынын қайтерсіз. Көшпелі сауатсыз ордадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық» (Ч. Ч. Валиханов. *Собрание сочинений в пяти томах.* — Алматы, 1961-72. 1-том. 391-бет).

«Естігенін ұмытпайтын, құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлак жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауызға алып айтуымен үлгі-өсиет қалдырған» (М. Ж. Көпеев. *Қазақ шежіресі.* — Алматы, 1993, 9-бет).

«Бабалардың сөздерін зейінімен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып, әр мәжілісте, әр жиын отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған...

Қазақ насабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды. Оқиға мың жылдан бері болса да ішінде жүргендей біле береді» (Қ. Халид. *Тауарих хамса шарқи (Бес тарих).* — Алматы, 1992. 51, 66-беттер).

«Дала шетсіз-шексіз, онда жердің қатаң үлеске бөлінген шек-шекарасы жоқ, бұл даланың өзі-ақ төсіндегі тұрғындарын белгілі дәрежеде бір жанұяның мүшесіне айналдырып жібере алатын біріктіруші элемент болып табылады» (А. Н. Харузин. *К вопросу о происхождении киргизского народа.* — «Этнографическое обозрение» журналы, 1895. №3).

«Жүйрік шежірешілер, әдетте, өз әулеттерінің туысқандық байланыстары мен олардан өрбіген толып жатқан үрім-бұтақтарын әбден тәптіштеп біліп алып, ол білгендерін ұрпақтарына ұқыптылықпен үйретіп отырған. Сол себептен де шежірелік мұралардың түпдеректемелік (первоисточник) мән-маңызы бар» (Л. Л. Викторова. *Монголы.* — Москва: Наука, 1980. 11-бет).

«Кез келген қазақ жеті атасын айтып берсе, ешқандай паспорттық дерек мағлұматтарға сүйенбей-ақ оның қай ел, қай жерден шыққанын шежіре білген саңылауы бар қазақ баласы дөп басып тауып бере береді (М. Мырзахметов. *Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы // Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.* — Алматы, 1991. 5-бет).

Қазақ шежіресі мен қазақтың шежірешілдігіне зейін қойғанда, оның көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық жүйені әрі танып-түсінудің, әрі сол ру-тайпалық жүйенің ретті болуына ықпал етудің аса пәрменді тетігі болғанына көз жеткізу қиын емес.

Ру-тайпалық жүйе көшпелі өмір-салттың мүмкін болуын қамтамасыз еткен бірден-бір қоғамдық құрылым. Жалғыз-жарым пенде емес, ауыл-аймағымен қотарыла көшу, сөйтіп, мыңдаған шақырымдық кеңістік аясында әрі табиғатпен тіл табыса жүріп, әрі табиғатпен тіресе жүріп, мейлінше төлтума өмір-салт орнықтыру, яғни, шаруашылық-мәдени типін қалыптастыру, түптеп келгенде, тек қана ұжым-

дық мүдденің біртұтастығы арқылы, тек қана корпоративті рухтың бірбүтіндігі арқылы, тек қана этноидеалдың бір нысанаға бағытталуы арқылы мүмкін бола алатын үдеріс (процесс). Ақиқатында, Еуразия алабында үш-төрт мың жыл бойы көшпелілер мәртебесін биік еткен себептердің зоры да осы ру-тайпалық жүйе болатын. Бұл ретте, ру-тайпалық жүйе тек генеалогиялық құрылымның ғана айғағы емес, ең бастысы, ру-тайпалық жүйе көшпелі өмір-салттағы ұлттық-мемлекеттік жаралымның әлеуметтік ахуалына, саяси-идеологиялық ұстанымына, мәдени-рухани қалпына тұғыр (фундамент) болған. Ру-тайпалық жүйені танып-түсінуде алдымен басшылыққа алуды қажет ететін әдіснамалық ұстаным да осы болуға тиіс.

Демек, көшпелі өмір-салттағы қазақтар үшін ру-тайпалық жүйе қалыпты да қарымды өмір сүрудің кепілі болса, ондай ортада ру-тайпалық жүйенің барша сыр-сипатын, құрылымын, тарихи тек-тамырын білу әрбір көшпелі үшін де өмірлік мұқтаждық болған. Көшпелілер арасында кім-кімнің де өз шыққан тегін білмеуі, ру-тайпалық жүйені тарата алмауы – өзінің өмірдегі орнын ажырата алмау деген сөз. Былайша айтқанда, «жеті атасын білмейтін жетесіз» болғаны. Сондықтан да көшпелілер ортасында ру-тайпалық құрылымдар мен сол құрылымдар арасындағы туысқандық байланыстарды білмейтін адам өзін ескексіз қайыққа мінгендей сезінген (*«Туысқандық жүйе» тараушасын қараңыз*). Яғни, көшпелілер ортасында шежіреге жүйрік болу кім-кімнің де әрі адамдық сапасын танытатын, әрі қоғамдағы орнын айғақтайтын қасиеттердің бірегейі болып есептелген.

Рашид-ад-Дин былай дейді: «Түркі-монғолдардың көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар... балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес» (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. 1-том, 2-кітап. – Москва-Ленинград, 1952. 29-бет*).

Мұндай деректі Н.А. Аристов одан әрі дамытқан: «Түркі көшпелілері үшін ру тіршілік-тынысының тірегі болып қана қоймаған, сонымен бірге олардың саяси тарихында да айрықша рөл атқарған. Әрине, көшпелілердің барша тағдыр-талайы румен байланысып жатқандықтан, мейлінше тұрақты ру атауларын тірек етіп отырған. Рулар кейде тұтастай, кейде бөлшектеніп басқа бір одаққа қосылуы мүмкін, алайда өзінің түпкі атауын берік сақтауға тиісті болған» (*Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина» журналы. 3-4-басылым. – Санкт-Петербург, 1896. 285-бет*).

Осындай қасиеттердің арқасында көшпелілердің этногенетикалық жады мейлінше сергек болып, ұдайы шындалып отырған. Уақыттың қандай нәубетіне тап болса да көшпелі ру-тайпалар өзінің түпкі тегін ешқашан жадынан шығарған емес. Шабатын жау, тиетін індет, ұшырайтын жұт сияқты уақыт сынына тап болған рулы ел жаппай қырылғанда, аман қалған жалғыз баладан сол рудың қайтадан іргелі ел болған мысалдары шежіре деректерінде жиі ұшырасады. Бір атадан өрбіген ру-тайпа өсіп-өркендей келе бұтақ жайған бәйтерек сияқты тарамданып, одан әрі бөлек-бөлек ру құрап, енші алып шығып жататын үрдістің бары белгілі. (*«Енші институты» тараушасын қараңыз*). Алайда сол рулардың кез келгені жұт, індет, шапқын-

шылық сияқты ауыртпалыққа ұшырап, мал-басы селдіреп, әлсірей бастаса болды, қайтадан түпкі тегіне кірігу арқылы этникалық әлеуетін сақтап қалатын болған. Қазақ арасындағы «Аздың атасы бір» деп келетін мәтел сөздің тарихи мән-мағынасы осында. Бұл ретте, көшпелі ру-тайпалардың әр түрлі жағдайларға байланысты бірде ұлғайып, бірде кішірейіп отыруы табиғи құбылыс. Яғни, көшпелілер қоғамында әрбір субъект түп тегін білу арқылы өзінің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ете алады. Әрине, мұндай үрдіс салтанат құрған ортада кез келген адам өз атын ұмытса ұмытар, бірақ түпкі тегін ешқашан ұмытпақ емес.

Міне, қазақ шежіресі мен шежірешілдігінің деректеме ретінде айрықша статус иемденіп, тарихтың шыншыл айғағы бола алуының да сыр-себебі осында. Солай бола тұра шежірені де, шежірешілдік дәстүрді де этнологиялық таным-түсінік қалыптастырудың жалғыз ғана дерек көзі деуге әсте болмайды.

Қазақ халқының өз жады мен өз болмысында сақталған айғақ-деректерге мұқият ден қоймай тұрып, негізінен жат жұрттықтар қалдырған мағлұматтарға сүйену арқылы жазылған тарихтың әдетте «жарымжан» тарих болып шығатыны аян. Белгілі бір халықтың тілін, ділін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, наным-сенімін, жол-жорасын, жөн-жобасын, әсіресе, сол халықтың өз тарихы туралы өз есіне сақтаған шежірелік деректерін қаперге ілмей жазылған тарихтың шала болатындығы ғылыми талғам-түсінікте аксиома ретінде қабылдануға тиіс. Бұл ретте, қазақ халқының тарихы, түптеп келгенде, қазақ ру-тайпаларының тарихы болып шығатынына айрықша ден қойған жөн.

Қазақ шежіресін (шежірешілдігін), әсіресе, оның тарихи мағлұмат беретін қабаттарын елеп-ескермеу дегеніміз — қазақ халқының өз тарихы туралы өз жадында сақталған түпнұсқа деректі елеп-ескермеу болып шығар еді. Шежірелік дерек-мағлұматтарды «ертегілер мен аңыздар жиынтығы» деп ысыра салу оңайдың оңайы. Ал, сол «ертегілер мен аңыздардан» шындықты тану және оны ұқсата пайдалану үшін ғылыми өреліліктен басқа ештеңенің қажеті жоқ. Қазақтың миф, эпос, ертеке, аңыз, жыр, шежірелік әңгімелер сияқты рухани мұраларына бірыңғай әдеби-фольклорлық немесе этнографиялық материал тұрғысында қарамай, сонымен бірге этникалық тарихтың айғағы ретінде де қарау керек. Егер, сол рухани қазынаның өн бойында көркем сана мен танымдық сананың жымдасып жатқан синкретті сипатын мойындар болсақ, онда халық жадында сақталған рухани мұраның тарихи мән-мазмұны болатынын да мойындауға тура келеді. Тек оны дәл танып, дұрыс жори білетін әдіснамалық зерде қажет.

Әрі-беріден соң, дүниежүзі халықтарының төл тарихтарына ең алдымен шежірелік айғақ-деректердің тұғыр, түпнұсқа, негіз, бастау болғаны қазақ тарихын жазу барысында да айрықша ескерілуге тиіс. Қазақ шежіресі өзінің тарихи-әлеуметтік өмірге қатысты дерекшілдігіне қарамастан, танымдық мән-мағынасының әмбебаптығына қарамастан осы уақытқа дейін түбегейлі зерттеудің объектісі бола алмай келеді. Ең бір тындырымды деген зерттеу еңбектің немесе жинақталған деректің өзі әрі қойғанда белгілі бір жүздің шеңберінде, бері қойғанда белгілі бір ру-тайпа аясымен ғана шектеліп келе жатқан жайы бар. Ал, қазақ шежіресіндегі тарихи, этнологиялық, этнографиялық және лингвистикалық деректің молдығы соншалық,

оны тарихи танымның оқшау типтегі қайнар көзі ретінде кешенді қалпында зерделей білу қажет. Бұл ретте, шежірелік деректерге кең көлемді типологиялық зерделенден қойып, алдымен исі түркі тілдес халықтардың тарихымен шендестіре, қала берді алыс аймақтағы халықтардың тарихымен сабақтастыра пайымдаған абзал. Мұның өзі басқа да халықтар сияқты, тарихтың тайқазанында қайнап жетілген қазақ халқының өзіндік тек-тамырын тереңірек танып-түсінуге қажет алғышарттардың бірі болмақ. Қазақтың шежірелік деректерін мұқият парықтау арқылы қазақ ұлтының тарихи зердесін анағұрлым биікке көтеріп, оның қайран қаларлықтай біртұтас этножаралым екеніне одан әрі көз жеткізе түсуге болады. Ол үшін қазақ халқын жасақтаған әрбір ру-тайпаның тарихына қазақ ұлты тарихының құрамдас бөлігі тұрғысында ден қою қажет. Онсыз қазақ халқының әрі шыншыл, әрі деректі тарихы жазылмақ емес.

Төл тарихын жадына сақтау, оны аңыз, әңгіме, әпсана, хикая, тәмсіл, ертең, жыр, эпос түрінде ұрпақтан-ұрпаққа өмірлік тағылым тұрғысында жеткізіп отыру қазақ арасында айрықша қастерлі қасиетке, ерекше үлгі-өнеге етер дәстүрге айналған. Шоқан Уәлиханов айтқандай: «Қазақ халқы өзінің төлтума тіршілігін бастағаннан бері бірде-бір елеулі оқиға, бірде-бір әйгілі тұлға туралы естеліктер халық жадынан көмескі тартып көрген емес». Ата-бабаның бастан кешкен өмірлік тәжірибелері жай ғана тарихи дерек тұрғысында емес, өмірді мазмұнды, үйлесімді, жарастықты етудің үлгісі сияқты тағылымдық сипат алған. Мұндай орныққан дәстүр адамдар арасындағы қарым-қатынасты парасаттандырып, тарихи таным-түсінігін айрықша биікке көтеріп отырған. А. Янушкевич, А. Позднев, Б.Я. Владимирцов, В.Л. Котвич, П.Пеллиот сияқты ғалым-зерттеушілер көшпелі өмір-салттағы қазақтардың мұндай дәстүрін «сахара сауаттылығы» (степная грамота) деп жоғары бағалаған.

Қазақ шежіресі, әсіресе, оның аңыз-әңгімелері бес-алты ғасыр аясындағы (яғни, Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бергі кездегі) тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы мейлінше нақтылы деректер бере алады. Мәселен, XVI ғасырда ғұмыр кешкен найман Төлегетай батырдың бейіті белгілі. Ал, Төлегетайдан бері қарайғы шежірені, ол шежіре бойындағы әйгілі адамдардың ғибратты істерін бүгінгі ұрпақтары өз өмірбаянындай тарата айтып бере алады. Белгілі тарихшы Мұхаметжан Тынышпайұлы өз жазбаларында Төлегетайдың 17-ұрпағы екенін атап көрсетеді (*М. Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. — Ташкент, 1925. 72-бет*). Ал, белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділов болса өзін Төлегетайдың 18-ші ұрпағы екенін жазады (*Қ. Жұмаділов. Ұрпағын ұлықтаған. — «Егемен Қазақстан» газеті. — 2003. 23 қыркүйек*).

Ұрпақ жадында ата-баба есімдерінің сабақтасқан тізімі ғана сақталып қоймайды, ең мәндісі, шежіре деректері ілгеріде жасаған тарихи тұлғалардың өмір дерегі, шыққан тегі, араласқан замандастары, қоныс-тұрағы, сол кездің саяси-әлеуметтік ахуалы туралы новеллалық үлгіде түскен айғақ-деректерді де жеткізіп отырады. Бұл ретте, қазақ шежірешілдігін (шежіресін) шын мәнінде «Қазақтың ауызша тарихы» («ҚАТ») деп атауға болады. Төлегетай батыр туралы шежіре деректерінде Ақсопы наймандардың Шайбан Әбілқайыр хан төңірегінде болғаны және олардың Сібірдегі Тура (Төмен-Тюмень) қаласына дейін барғаны айтылады. Кейін Жәнібек пен

Керей сұлтандар Қазақ хандығының шаңырағын көтергенде Төлегетай батыр осынау тарихи оқиғаның жуан ортасында жүреді. Сол Төлегетайдың немересі, есімі исі найман тайпасының ұранына айналған даңқты батыр, әйгілі қолбасшы Қаптағай Матайұлы өз кезінде Қасым ханның сенімді серіктерінің бірі болған. Шежірелік аңыз-әңгімелерде Төлегетай батыр дінге бой ұсынған, ішкі парасаты мол адам ретінде сипатталады. Тоқтасқан шағында әйгілі Қылышты қожаға қол беру үшін арнайы іздеп келіп, осы сапарында Сыр бойынан топырақ бұйырып еді дейді.

Міне, осындай деректер жазба мұралар арқылы емес, атадан балаға шежірелік аңыз-әңгіме түрінде жетіп отырған және халық жады ондай аңыз-әңгіменің құбылуына, жаңсақ айтылуына жол бермеген. Шежірелік аңыз-әңгімелердің тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығы да осы тұрғыда айрықша ден қойдырады.

«Қазақтың әрбір рубасылары өз ру-тайпасының шежіресін — шыққан тегін, елдің әдет-ғұрпын, заңдарын, ескі жырларын, халықтың басынан өткен тарихи жағдайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждағатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шындауға көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты, асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тындайды, ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнегелік, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. — Алматы, 1985. 115-116-беттер).

«Жалпы менің таң қалатыным, жазу-сызуы жоқ көшпелілердің жүрекке, ұрпақ жадына жазылатын шежіресінің ешбір жазба дерек көзінен кем түспейтіні. Шекті шежіресінде Қалудың әкесі — Сирақ, оның әкесі Ноғайлының ханы Мұса хан еді. Мұсаның ұлы Ысмайыл екен деген деректер Қадырғали шежіресімен толық сәйкес келеді (М. Құл-Мұхаммед. Мөңке би. Аңыз бен ақиқат. — «Егемен Қазақстан» газеті. — 2003. 21 қараша).

Қазақ шежірешілдігінің дінгек идеясы, яғни, тұжырымы (концепциясы), түптеп келгенде, жалпы тарихты тануда бел алып жататын адамдық бастау (антропоцентризм) идеясымен де үндес келеді.

Әр кез кезеңде, әр түрлі ортада тарих туралы танымға ұдайы саяси-идеологиялық өктемдіктің болып отыратынына қарамастан, тарихтың қозғаушы күші адам екені, адам әрекеті мен қызметі екені ең түйінді ақиқат болып қалуда. Тарихты жаңаша жазуда француз тарихшылары «әлеуметтік тарих» немесе «тарихи антропология» деп атайтын «Анналдар» мектебі де, Ресей тарихшылары ұсынған «тарих-адам қызметі» деп келетін әдіснамалық ұстаным да, сайып келгенде, адам әрекеті мен қызметі арқылы тарихты парықтауға арналған (Р.Б. Казаков. Источниковедение XX столетия. — «Кентавр», 1993. №2. 134-бет).

Тарихты әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу — қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс және мұндай үрдіс қазақ шежірешілдігінің негізгі ұстанымы болып табылады. Қазақтың қария сөздері тарихты ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы таратады. Бұл ретте, қазақ шежіресінің философиясы өмірді өзгертуден де бұрын, алдымен адам сапасын дәріптеуді, сол арқылы өмірдің үйлесімді де ретті болуын мақсат етеді. Қазақтың дәстүрлі қоғамында философия жеке-дара білім саласы тұрғысында зерделенбеген. Философия — көшпелі қазақ-

тар үшін өмір-салты (образ жизни), мағыналы да мазмұнды өмір сүрудің қалыбы (формасы) болған. Яғни, философияға жеке пән тұрғысында қарамаған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдар философияға сүйеніп өмірді өзгертуді ойламаған. Керісінше, өздерін философ (кемел адам, бүтін адам, көшелі адам, көргенді азамат, жөн-жоба білетін адам) деңгейіне көтеру арқылы қоғамдық өмірдің үйлесімді де ретті болатынына сенген. Бұл ретте, қазақтың дәстүрлі философиясын шын мәнінде даналық биігіне көтерілгендердің нақтылы өмір туралы айтқан абсолютті ақиқаты деуге болады. Оның ең жарқын үлгілері қазақ би-шешендерінің толғаулары мен нақыл сөздерінде көрініс тапқан. Ондай толғаулар мен нақылдар нақтылы заман мен қоғамдағы адамдардың үйлесімді де ретті өмір сүруіне жол нұсқап отырады. Сондықтан да қазақ шежірелері негізінен қоғам өмірінің жалпы жағдайынан бұрын, алдымен кемел адамды дәріптеп, сол адамның ғибратты өмірі туралы мағлұмат беруді басты нысана етіп отырады. Яғни, қазақтың шежірешілдік зердесінде адам — тарихтың ең басты тұлғасы, ал, адам сапасы — тарихтың қозғаушы күші. Әрбір адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге этностың да бір бөлшегі. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың шежірешілдік зердесі этнос тарихын жеке адамнан тыс қарастырмайды, керісінше, этнос тарихын адам әулетінің өмірбаяны ретінде қарастырады.

Қазақтың шежірешілдік дәстүрі сөз болғанда, қазақ шежірелері негізінен ата-тек (патронимия) шежіресі және ру-тайпа шежіресі болып екіге бөлінетінін атап өту қажет. Шежіре түзудің бұл екі түрінде бір-бірінен мазмұндық-ақпараттық айырмашылықтар бар.

Ата-тек шежіресі бір кіндіктен өрбіген ұрпақты, яғни, бір атадан тараған әулетті таратуға арналады. Мұндай шежірелердің мазмұндық-ақпараттық арқауы, әдетте қандас-туысқандардан түзіледі. Ата-тек шежіресі қазақтың шежірешілдік дәстүрінің негізі болып табылады. Олай болатыны, қазақтың жалпыэтникалық өредегі ру-тайпалық жүйесін ең алдымен ата-тектік шежірелер арқылы бажайлауға болады. Яғни, ата тектік шежіре түзу дәстүрі исі қазақ ру-тайпаларының бәріне де, оның ішінде жүзге жатпайтын ру-тайпаларға да тән.

Ал, ру-тайпа шежіресі болса қандас-туысқандықтан да бұрын мүдделестікті мазмұндық-ақпараттық арқау етеді. Олай болатыны, ру-тайпа шежіресіне арқау болатын ру-тайпалық құрылымның өзі ешқашан бірыңғай қандас-туыстардан жасақталмаған, оларды ұдайы мақсат-мүдде ортақтастығы біріктіріп отырған. Себебі, көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың іргелі, әлеуетті болуы олардың мерейлі де мәртебелі өмірлерінің кепілі болған. Әр текті рулардың не бейбіт жолмен, не күш көрсету арқылы бас біріктіріп, іргелі тайпа болуы, одан әрі тайпалық одақтардың саяси-әлеуметтік күшке айналуы, түптеп келгенде, Ұлы Дала көшпелілері тарихының үш-төрт мың жыл аясындағы мазмұны болып шығады (*Қазақ руларының өз ішінде іргелі (аталық) рулар, кіші рулар және сіңісті рулар болып саралануына қатысты «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасын қараңыз*).

Бұл үрдістен, көшпелі өмір-салтты тіршілігінің негізгі тірегі еткен дәстүрлі қазақ қоғамы да шет бола алмаған. Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар, ең алды-

мен, көшпелі өмір-салттағы мемлекет жасақтаудың іргетасы болып табылатын ру-тайпалық жүйені ретке келтіруді қолға алған. Өйткені, көшпелі өмір-салтта іргелі ел болудың ғана емес, қарапайым өмір сүрудің өзінің жалғыз ғана кепілі ру-тайпалық жүйенің қалыптасуына тікелей байланысты екенін жақсы білген және оған дүйім жұртшылық саналы түрде мүдделі болған.

Ойдың орамын дәстүрлі қазақ қоғамында дүниеге келген мақал-мәтелдер орнықтыра түседі:

- Ел айырылса көбіне бар,
Жол айырылса кеңіне түс.
- Көппен көрген ұлы той.
- Саяқ жүрсен таяқ жейсің.
- Сабан бол, шөп бол,
Шамаң келсе көп бол.
- Ағайынның аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
- У ішсең руыңмен.
- Көп нені айтады?
Азға көрсеткен зорлығын айтады.
Аз нені айтады?
Көптен көрген қорлығын айтады.
- Аздың азаншысы болғанша,
Көптің қазаншысы бол.
- Көп ел — сарқылмас көл.
- Көп қайда болса,
Береке сонда.
- Көп қорқытады,
Терең батырады.
- Көп түкірсе көл болар.
- Айрылған ел азады,
Қосылған ел озады.
- Менде болсын,
Менде болмаса да елде болсын.
- Ауыл болсаң қауым бол, т.б. (*Мақал-мәтелдер. Құрастырған*

Б. Адамбаев. — Алматы: Ғылым, 1996).

Демек, ру-тайпа шежіресінің аясына қандас-туыстар ғана емес, сонымен бірге басқа да аталар мен әулеттердің қамтылуын өмірлік мұқтаждыққа байланысты қалыптасқан үрдіс деуге негіз мол. Сондықтан да Алтын Орда ұлысының жұртынан Қазақ хандығы да шаңырағын көтергенде әр қиырдан ағылып келіп, әр тектен бастары қосылған әлеуметті ел ету үшін сол кездің ақылман басшыларының, ең алдымен, ру-тайпалық жүйені ретке келтіруді қолға алуы заңды еді. Яғни, мұнан бұрынғы тарихтың тағылымы бойынша, көшпелілер мемлекеттігінің іргетасы болып табылатын ру-тайпалық жүйе Қазақ хандығын құру барысында да тыңнан жасақталып, әр ру-тайпаның құрылымы тыңнан түзілгеніне еш күмән болмауға тиіс (*Бұл мәселе «Ел болудың алғышарттары» тараушасында кеңірек сөз болады*).

Осы орайда, ру-тайпа аясына топтасқан әртекті аталар мен әулеттерді жарастыруға, ұйыстыруға бағытталған қазақтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері назар аударады. Олар: сіңісті немесе кірме аталар мен әулеттердің тең дәрежелік статусын орнықтыру үшін оларды іргелі ру-тайпамен еншілес ету; ру-тайпаны ұйыстыру үшін аталарды, әулеттерді, тіптен, кейде руларды да араластырып жіберу; өзара қырбай аталардың немесе әулеттердің балаларын алмастыру; куәгерлер алдында асықты жілік ұстату арқылы бала асырап алу, т.б. Сайып келгенде, мұндай әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер нәтижесінде ру-тайпалық шежіренің қандас-туыстастықтан да бұрын мүдделестікке негізделгеніне көз жеткізу қиын емес («У ішсең руыңмен»). Ең ғажабы, қазақтың шежіре тарату дәстүрінде сіңісті аталар, кірме әулеттер, асыранды балалар және олардың өсіп-өнген ұрпақтары еш бүкпесіз шыншылдықпен баяндалады. Соған қарамастан, еншілестік институтымен бекемделген ру-тайпа мүшелерінің қылаусыз біртұтастықтағы мүдделестігі тіптен қайран қалдырады (*«Енші институты» және «Сіңісті аталар мен ру-тайпалар» тараушасын қараңыз*).

Шежіре деректерін жан-жақты саралап игеру барысында қазақтың төл тарихы өзінің мән-мазмұнын анағұрлым байытып қана қоймайды, сонымен бірге қазақ халқы өзінің этникалық біртұтастығын тереңірек сезіне түсетін болады. Қазақ шежіресі өзінің құрылымдық жүйесі бойынша да, мазмұндық болмысы бойынша да қазақ халқын бір тамырдан өсіп-өнген біртұтас этнос ретінде қарастырады. Яғни, қазақ шежіресінің құрылымдық және мазмұндық болмысындағы өзекті идея мен тұжырым ең алдымен қазақ халқының этногенетикалық және этноқұрылымдық біртұтастығын дәріптеуге бағытталған. Бұл тұрғыдан келгенде, **қазақ шежіресі өзінің барша құрылымдық және мазмұндық болмысы бойынша Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде ұйысқан ру-тайпалардың ұлы бірлік идеясын дәріптеуге бағытталған жаңа түзілім болып табылады.** Қазақ хандығын жасақтау барысында бұрынғы Алтын Орда ұлысының жұртында сендей соғылысып, судай сапырылысқан ру-тайпалардың этногенеалогиялық жүйесін тыңнан түзу, сөйтіп, түркілік түбі бір туысқандық сезімдерін жаңғырту, түптеп келгенде, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар тарапынан жүзеге асқан мемлекеттік деңгейдегі ең алғашқы және ең сәтті реформа (идея немесе идеология деуге де болады) еді.

Осы орайда, көшпелі өмір-салттағы мемлекеттік құрылымның ру-тайпалығы жүйесіз жасақталуы мүмкін болмайтынына ден қойсақ, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін хандық аясындағы алашабыр ел-жұрттың этногенеалогиялық жүйесінің де тыңнан жасақталғанына күмән болмауға тиіс. Бұған, ең алдымен, қазақ ру-тайпаларының ішкі құрылымындағы шарттылықтар айғақ бола алады. Яғни, белгілі бір ру-тайпаның басқа бірнеше ру-тайпа құрамында кездесуі, сондай-ақ, кез келген ру-тайпа құрамында сіңісті немесе кірме аталардың ұшырасуы, нәтижесінде жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес, әкімшілік-территориялық және әлеуметтік-саяси бөлік болып шығуы — Қазақ хандығын жасақтау барысында этногенеалогиялық құрылымның тыңнан түзілгенін білдіреді. Мұндай ой-тұжырым, өз кезегінде, қазақ арасында рушылдық, жүзшілдік (трайбализм) жік бар деген қауесеттің мүлде негізсіз болып шығатынын да пайымдатады. Яғни, Қазақ хандығының аясындағы ру-тайпалардың жаңадан түзілген құрамын, былайша айтқанда, қазақ ру-тайпаларының қазіргі құрылымдық қалпын байырғы заманнан бері өзгер-

мей келе жатқан генеалогиялық жаралым ретінде қабылдаудың еш қисыны жоқ. Бұл ақиқат мойындалса жүзшілдік немесе рушылдық сезімді күйттеуде де ешқандай мән-мағына болмайды. Демек, қазақ шежірешілдігінің тарихи тұжырымдамасы ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты бекемдеуге негізделгендігі ойлай білетіндерден қойғызуға тиіс. Бұл ретте, қазақ шежірешілдігінің ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты орнықтыруға негізделген тұжырымдамасы дегенді жай ғана көңіл қалауы немесе декларациялық дақпырт тұрғысында қабылдауға әсте болмайды. Қазақ шежірешілдігінің тұжырымдамасы еншілестік, жеті аталық ұстаным, құда-андалық рәсімдер, ру араластыру, бала алмастыру, асықты жілік ұстатып бала асырап алу сияқты институттанған қоғамдық нормалармен бекемделіп отырған. Мұндай ортада ру намысы, тайпа мәртебесі сияқты сезімдер табиғи қасиет ретінде төбе көрсеткенімен, елдік мүдде жолындағы ұлы да киелі тұтастыққа әсте көлеңке түсіре алмаған.

Рас, бүгінгі Қазақстанда рушылдық, жүзшілдік бар дегенге сенетіндер баршылық. Сол сенімін қара басының пендешіл аңсарына пайдаланғысы келетіндердің де бары рас. Сонымен бірге, бүгінгі Қазақстанда дәуірлеп тұрған протекцияшылдықтың да бары рас. Ең өкініштісі, сол протекцияшылдықты рушылдықпен, жүзшілдікпен шатастырып жүрген пақырлардың бар екені тағы да рас. Әрине, үш ғасырлық отаршылдық езгісінен есеңгіреген елден, төл тарихы бірыңғай саяси-әлеуметтік өмірдің ақпараты тұрғысында жазылған елден, сөйтіп, азаматтық тарихы ақтандақ болып, мәңгүрттенген елден, осындай этнорухани ахуалда тәуелсіздікті қарсы алып, нарықтық қатынасқа түскенде протекцияшылдыққа (сыбайлас жемқорлыққа) ең ұрымтал тетік ретінде ден қойған елден басқаша нәтиже күтуге болмас та еді. Мұндай «дертті» өмір үшін күресе алатын ұлт қана өз «тәнінен» өзі сылып тастай алады.

Қазаққа шежірешілдік білім-біліктен келер қауіп жоқ. Оның есесіне қайдағы жоқ рушылдықты, керек десеңіз, болуы мүмкін емес рушылдықты желеу етіп, ұлттың шежірешіл зердесін көмескілеу, сөйтіп, адамдардың тарихи жадын өшіру «рушылдық» дейтін қауесеттен анағұрлым қауіптірек. Құдайға шүкір, қазақ жұртының әрісі түркі-қыпшақ, берісі алаш-қазақ заманының өзінде-ақ тобырлық-үйірлік түйсіктен кіндік үзіп, елдік, қағандық, ұлыстық санаға көтерілгеніне тарихтың мың-сан таңбасы куә. «Ел дегенде иіліп, жұрт дегенде жиылған» қазақты, «Ағайынның атынан ауылдастың тайы озғанын» тілейтін қазақты, «Адасса елімен бірге адасуды» қалайтын қазақты, «Көппен көргеннің бәрін ұлы тойға» балайтын қазақты, «Өзге елдің сұлтаны болғаннан гөрі өз елінің ұлтаны болғанын» көксейтін қазақты, «Ел ішін алтын бесік» деп ардақтайтын қазақты, «Елінен безген ердің оңбайтынына» кәміл сенген қазақты, «Халық айтса қалт (*өтірік* — А. С.) айтпайды» деп тәк тұратын қазақты, «Отанын оттан ыстық» деп өліп-өшіп отыратын қазақты, қысқасы елдік-ұлттық сана-сезімі мейлінше шындалған қазақты қайдағы жоқ тобырлық-үйірлік түйсіктің деңгейінде елестету тарихи шындыққа қиянат. Қазақтың жүздеп, мыңдап саналатын ертегісі мен эпосының, жыры мен дастанының бірде-бірінде ру-тайпаның ғана намысын жыртатын емеуріннің де кездеспейтіні кімді болса да ойлантуға тиіс.

Қазақ арасындағы ХХ ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде рушылдық деп жүрген қауесеттің ақиқатында, протекцияшылдық екенін пайымдай білген жөн. Әсіресе, Қазақстан тәуелсіз ел болып, әлеуметтік-саяси дамудың нарықтық жүйесін

тандаған соң, ақша ең басты құндылыққа айналған кезде, ұзақ мерзімді отаршылдық зардабынан этнозердесі есеңгіреген, ұлттық қорғаныс сезімі көмескі тартқан қазақ қоғамында протекциялық үрдіс дәуірлеп шыға келді. Протекцияшылдар белгілі бір мақсатқа жету үшін кез келген жол мен әдіс-тәсілді оңтай көретіні белгілі. Көздеген мақсатына жету жолында (ондай мақсаттар тек қана меркантилдік сипатта болады) топ құрау, біреуге арқа сүйеу, жең ұшынан жалғасу — протекцияшылдардың өмір-салты. Бұл ретте, Қазақстандағы протекцияшылдар үшін руластықты, тайпаластықты, қала берді жүздестікті көлденең тарту ең бір ұрымтал сылтау болды. Сөйте тұра, протекцияшылдардың басым көпшілігі ру-тайпаның қадір-қасиетін білу былай тұрсын, әдетте өзінің шыққан тегін жеті атасына дейін таратып бере алмайтын жетесіздер болып келеді. Сондықтан да протекцияшылдар көздеген мақсатына жету үшін руластығын, тайпаластығын, жүздестігін желеу етіп қалай ұлып табысса, қажет болған сәтінде сол руластарын, сол тайпаластарын, сол жүздестерін дәл солай оп-оңай сатып кете алады.

Осындай ақиқат шындықты бажайлай алмаушылық қазақты қазақ еткен, қазақты ұлт ретінде ұйыстырған туыстық қатынас жүйесін тереңірек танып-түсінуге де белгілі дәрежеде зардабын тигізген жайы бар. Мұның өзі біртұтас ұлттық рухтың әрі қарай шыңдала түсуін де тежейтін жағымсыз үрдіс. Қазақты ұлт ретінде ұйыстырған, сөйтіп оның қоғамдық, экономикалық және саяси өмірінің тұғыры болған ру-тайпалық жүйені танып-түсінбеу, түптеп келгенде, халықтың тарихи шын болмысын тануға деген құлықсыздық болып шығады. Өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, қазір қандай күйде екенін білмейтін халықтың бүгінгі ғана емес, болашағы да бұлдыр болмақ.

Қазақтың рушылдығы, дәлірек айтқанда, қазақтың протекцияшылдығы оның ру-тайпалық жүйені бастан кешкендігінде емес, керісінше сол ру-тайпалық жүйенің ұлтты ұйыстыратын қасиетін білмей мәңгүрттенуінде жатыр. Егер, шежірелік дерекке байыппен ден қояр ұрпақ болса, қазақтың кез келген ру-тайпасының құрамында үш жүздің де этникалық аралас-құраластығының бар екеніне, жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес екеніне, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлік екеніне, қазақтың тілі мен діліндегі біртұтастық олардың рушылдық бөлектігінің емес, ұлттық бүтіндігінің нәтижесі екеніне көзі жетер еді. Басқасын былай қойғанда, бүгінгі жер басып жүрген кез келген қазақ еркегінің не шешесі, не әйелі, не келіні басқа рудан немесе басқа жүзден екені ақиқат. Бұл бүгінгі қазақтардың ұлт тұтастығын ойлауынан туған даналығы емес, мұндай ғажайып тетікті жеті атаға дейін қыз алдырмау арқылы бұрынғы ел қамын ойлаған ақылмандар ертеден-ақ ойластырып, ел-жұртты тұтастандыратын ұлы дәстүр қалыптастырып қойған. Демек, бүгінгі қазақ протекцияшыл болуы әбден мүмкін, алайда, рушыл боламын десе де бола алмайтыны хақ. Қазақ рушыл, жүзшіл болуы үшін не жарық дүниеге әкелген шешесін, не перзент сыйлап отырған әйелін, не немере сыйлаған келінін басқа рудан немесе басқа жүзден болғаны үшін тәрк етіп, бөлектенуі керек. Бұл мүмкін емес жағдай. Соған қарамастан, **рушылдық, жүзшілдік сезімінің құлы болатындарға рухани жарымжандар ретінде мүсіркей қарауға тура келеді.**

Осы орайда, профессор Немат Келімбетовтың ой-тұжырымына ден қоюға болады: ««Жеті атасын білмеген жетесіз» деген ұғымның түпкі мәнісі неде? Бұл сұраққа

бірден жауап беру жеңіл-желпі іс емес. Өйткені, бұдан не бары он шақты жыл бұрын, яғни, кеңестік заманда ата-текті сұрастыру айып саналатын. Өзінің шыққан ата-тегін айтқан адамды — рушыл, ұлтшыл, кейде тіпті нәсілшіл деп сынайтын. Отарлық саясаттың негізгі мақсаты — күллі қазақтың ата-тегін мүлдем ұмыттырып жіберу еді. Дәлірек айтсақ, халықты өз шежіресін, тарихын, шыққан тегін білмейтін мәңгүрт етіп қою болатын. Ал біздің ата-бабаларымыз өздерінің шыққан тегін, арғы түбін, яғни, ата-тегін жіпке тізгендей етіп баяндайтын шежіре тарихын әкеден балаға асыл мұра ретінде қалдырып, сан ғасырлар бойы осы игі дәстүрді жалғастырып келеді. Өйткені, ата-текті білу — руға жіктелу, тайпаға бөліну емес, керісінше, қандас, тумалас, құдандалы адамдардың басын қосу арқылы бүкіл қазақты ынтымаққа шақыру, біріктіру болып табылады» (Н. Келімбетов. *Үміт үзгім келмейді*. — Алматы, 2005. 253-бет).

Қазақ ру-тайпалық жүйеден, оның жай-жапсарын саралап беретін шежірешілдіктен үрікпеуі керек, шежіре-тарихын білмейтін мәңгүрттіктен қорқуы керек. Әрине, ондай мәңгүрттікпен мәңгілік күресіп өту қажет. Дәлірек айтқанда, қазақтың төл тарихының ең құнды айғақ-дерегі ретінде шежірелік деректерге мемлекеттік өреде мән беретін, оған халықтың біртұтастығы мен патриотизмінің тетігі ретінде қарайтын және оны жас ұрпаққа берілер білімнің мазмұнына айналдыратын, сол арқылы өміршең таным-түсінік қалыптастыратын мезгіл жетті. Ондай таным-түсінік еңселі ұлттар мен іргелі мемлекеттерде әлдеқашан қалыптасқан.

* * *

Ойдың орамында, «шежіре» сөзінің мән-мағынасына, шығу төркініне тоқтала кету қажет. Ғалым-зерттеушілер арасында «шежіре» сөзі араб тілінен еңген атау деп келетін пікір орныққан. Бұл пікірдің жаңсақтығын айғақтайтын біраз қисындар бар.

Рас, араб тілінде «шәджара» деген сөз бар. Ондай сөз жеке тұрғанда «ағаш» деген мағына береді, Ал, егер «әл-нысып шәджара» деген бейнелі сөз тіркесі түрінде айтылса, онда «үрім-бұтақ» («родословное древо») деген мағына береді. Яғни, жеке тұрғанда араб тіліндегі «шәджара» сөзінің қазақ тіліндегі «шежіре» сөзіне еш қатысы жоқ (*Арабско-русский словарь. Том 1. — Москва, 1970. 493-494-беттер*).

Оның есесіне, байырғы түркі тілдерінен бастап, бүгінгі түркі тілдеріне дейін «шежіре» сөзінің төркінін танытатын мысалдар назар аударады.

Байырғы түркі тіліндегі «иад» сөзі бүгінгі қазақ тіліндегі «жад» сөзімен мәндес-мағыналас. Жад — есте сақталған, естелік деген мағына беретін сөз. Сондай-ақ, байырғы түркі тіліндегі «иатла» сөзі де қазақтың «жадыла» сөзімен мәндес-мағыналас. Яғни, «сиқырла», «ақыл-есін ал», «жадын билеп ал» деген мағына береді (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 222, 248-беттер*).

Байырғы түркі тілінде «ирда» деген де сөз бар. Бұл сөз «іздеу», «ұмтылу» деген мағына береді. Сондай-ақ, байырғы түркі тілінде «ирақ» деген де сөз бар. Бұл сөз де қазақтың «жырақ», «алыс» деген сөздерімен мәндес-мағыналас. Тағы да, байырғы түркі тілінде «иор» деген сөз бар. Бұл сөз қазақтың «жору», «түсіндіру» деген сөздерімен мағыналас келеді (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 211, 219, 274-беттер*).

Енді осы мысалдардың ішінен «жад» сөзін тірек ете отырып, қалған сөздерді сол «жад» сөзімен шендестіріп көрейік:

1. Иад + ирда. Мағынасы «жадыңнан ізде» дегенді білдіреді.
2. Иад + ирақ. Бұл сөздердің қосылуы қазақ тіліндегі «жадыңның түкпірінде» деген мағынаға жуық.
3. Иад + иор. Бұл сөздер қазақ тілінде «жадыңды жору» деген мағынаға сәйкес. Мұнан әрі «И», «Ж», «Ш» әріптерінің түркі тілдерінде өзара алмасып құбыла қолданылатын заңдылығын ескерсек, жоғарыдағы қосынды сөздердің қазақ тіліндегі үндестік заңына бейімделген үлгілері мынадай болып шығады:

1. Жат + жрда = шет + жіреде = шежіре (жадыңнан ізде).
2. Жад + жрақ = шет + жірек = шежіре (жадыңның түкпірінде).
3. Жад + жор = шет + жір = шежіре (жадыңды жору).

Бұл үш вариант та назар аударарлық. Дегенмен, осылардың ішіндегі бірінші үлгі, үндестігі тұрғысынан да, мағынасы тұрғысынан да қазақ тіліндегі «шежіре» сөзіне жуықтау сияқты.

«Шежіре» сөзін бұлайша бажайлауды басқа да түркі тілдеріндегі айғақ-мысалдар орнықтыра түседі.

Тыба (туба) тілінде «шээжилээр» тұлғасындағы сөз «жаттап алу», «жатқа білу» деген мағына береді (*Русско-тувинский словарь. — Москва, 1980. 99, 187, 271-беттер*).

Монғол тілінде «цээжээр» сөзі «жатқа білу», «жаттап алу» мағынасын береді (*Қазақ-монғол сөздігі. — Өлгий, 1977. 117-бет*).

Қалмақ тілінде де «чееджер даск» деген сөз «жатқа білу», «жаттап алу» мағынасында қолданылады (*Русско-калмыцкий словарь. — Москва, 1964. 97-бет*).

Башқұрт тілінде «шәжәрә» деген сөз «жатқа айту», «жадыңдағы сөз» деген мағына беріп, оның өзі ұрпақ сабақтастығын айғақтайтын дерекке қатысты (родословие) қолданылады (*Башкирско-русский словарь. — Москва, 1958. 667-бет*).

Яғни, қазақ тіліндегі «жад» сөзінен туындаған «шежіре» сөзіне арабтың «шәджара» деген сөзінің ешқандай қатысы жоқ деп есептейміз.

* * *

Қазақ халқының шежірешілдік дәстүріне қатысты алғаш рет «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) ұғымы қолданылып отыр. Осыған орай кейбір уәжімізді құлаққағыс ету қажет.

Бұған дейін білікті ғалым В.П. Юдиннің алдымен «далалық ауызша тарихнама» (степная устная историография) деп, кейін «далалық ауызша тарихзерттеу» (степная устная историология) деген ұғымды ұсынғаны белгілі (*В.П. Юдин. Орда: Белая, Синяя, Серая, Золотая... Мына кітаптарда: Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. — Алматы, 1983. 122-бет; Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. — Алматы, 1992. 14-57-беттер*). Бұл ұғымды дәл осы қалпында бұған дейінгі еңбектерімізде В.П. Юдинге сілтеме жасай отырып, біздің де қолданғанымызды атап өту қажет (*А. Сейдимбек. Мир казахов. — Алматы, 2001. 132-бет*). Алайда, шежірелік деректерге арнайы ден қойып, оның төл сипаттарын саралау барысында қазақ шежірешілдігіне тікелей қатысы бар бұл ұғым-атауды жаңаша парықтау қажет екенін пайымдадық.

В.П. Юдиннің «далалық» деп басталатын бұл ұғымын әрісі жалпы түркі-монғолдық, берісі дешті-қыпшақтық тарихқа қатысты, яғни, тарихи дерек көздеріне қатысты қолдануында қисыны бар деуге болар. Ал, қазақтың шежірелік төл дәстүріндегі қария сөздерін «далалық» деп жалпылаудан да гөрі, «тарихнама» немесе «тарихзерттеу» деп әсіре ғылымиландырудан да гөрі, «қазақтың ауызша тарихы» деп атау мәндік және мағыналық тұрғыдан анағұрлым ұрымтал деп есептейміз.

Тарихнама (историография) — тарих ғылымы туралы тарих деген мағынаны білдірсе, тарихзерттеу (историология) — аты айтып тұрғандай — тарихты зерттеу дегенді білдіреді. Ал, қазақтың қария сөздері, яғни, шежірелік баяндары мұның екеуі де емес. Себебі қазақтың қария сөздерінде өткен тарихты баяндау, яғни, констатациялау басым. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Шежіре болған оқиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек болғанын айтады да қояды» (*А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. — Алматы, 1991. 398-бет*). Яғни, қазақтың шежірелік баяндарын «қазақтың ауызша тарихы» десе қисынды болмақ. Бұл ретте, В.П. Юдин меңзегендей жалпы далалық та емес, жалпы түркілік те емес, біз «қазақтың ауызша тарихы» деп тек қана қазақ халқының тарихи таным өресіне айғақ болатын және қазақ халқының төл тарихын тілге тиек ететін шежірешілдік дәстүрді айтып отырмыз. Ал, қазақтың шежірешілдік дәстүрі ең алдымен қазақ этносының қалыптасу және ұлт болып ұйысу үдерісін әр қырынан ашып көрсете алатын бірден-бір дерегі мол айғақ екеніне күмән болмауға тиіс. Әрине, бұл жерде қазақ шежірешілдігінің мазмұнындағы мифтік-жоралық (ритуально-мифологический), яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-монғолдық және алаштық-қазақтық қыртыстарды саралап танып, сараптап жори білудің маңызы зор. Ал, шежіре материалдарын оң жорып, орнымен пайдалана білу үшін білім-білікке қоса айрықша адамгершілік парасат та керек.

Сөз орайында, қазақтың «қария сөз» деп айтылатын тұрақты тіркесін В.П. Юдиннің «кәрі сөз» («старое слово») деп алуы да мәндік және мағыналық тұрғыда қате екенін, аруағы кешірсін дей отырып, атап өткен жөн.

Қазақ тілінде «кәрі» сөзін қосып айту арқылы қолданылатын жағымсыз мағыналы ұғымдар да жиі кездеседі (кәрі қақпас, кәрі жыны қозды, кәрі шөнге, кәрі ит, кәрі төбет, кәрі қыржан, т.б.). Ал, «қария» сөзі болса лексикалық түзілім барысында ешқашан жағымсыз мағынада қолданылмайды. Қазақ тілінде «қария сөз» тіркесі «байырғы сөз» деген ұғымға қоса, «киелі сөз», «тағылымды сөз», «қасиетті сөз» деген де мағына береді. Қазақ болмысының білгірі, даңғайыр шежіреші Әлкей Марғұлан хатқа түскен шежірелерге шолу жасай отырып: «Бұлардың барлығы — XV-XVI ғасырларда (одан бұрын да) қағаз бетіне түскен халықтың әдемі қария сөздері», — дейді (*А. Марғұлан. Труды по культуре казахского народа. — Павлодар, 2005. 142-бет*). Бұл мысалдан «қария сөз» тіркесінің тек қана шежіреге қатысты айтылып тұрғанын, яғни, «шежіре» сөзінің синонимі екенін айқын аңғаруға болады.

Қазақтың шежірешілдік дәстүріне қатысты айтылатын «қария сөз» тіркесін дұрыс қолданудың ұстанымды мәні бар.

Келесі бір айрықша мән беруді қажет ететін мәселе «көшпелі» сөзіне қатысты. Өйткені, «көшпелі» сөзі Еуразияның ұлы даласындағы тұрғылықты (автохтонды, абориген) халықтардың мыңдаған жылдық өмір-салты мен шаруашылық-мәдени типін айғақтайтын терминдік мәнге ие. Мұндай атау-терминнің дұрыс қолданылуы, әсіресе, қазақ халқының тарихи болмысын айғақтауда айрықша мәнді. Тарихтан мәлім, Еуразия ойкуменасындағы екі-үш мың жылға созылған эпикалық көшпелі өмір-салт Қазақ даласында бастау алып, сол далада ХХ ғасырдың бас кезінде тарихтың еншісіне айналды. Ал, қазақ халқы болса осы даланың бірден-бір тұрғылықты өкілі және эпикалық көшпелі өмір-салттан ең соңғы болып кіндік үзген этнос (*Эпикалық көшпелі өмір-салттың ерекшелігі туралы «Алғы сөзде» айтылды*). «Көшпелі», «көшпелілер» атау-терминін дұрыс қолданудың тарихи-мазмұндық мән-маңызы бар деуіміздің де қисыны осы тұрғыда. Бұған қоса, қазақ тіліндегі «көшпелі» сөзі байырғы түркі тіліндегі «көш», «көшрүм» (қоныс аудару), «көшүтші» (көшуші), «көшүрмә» (көшпелі) сөздерінің ықпалы арқылы қалыптасқанына да күмән болмауға тиіс (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 311-бет*).

Демек, «көшпелі» сөзі бұрын қазақта болмаған, ««номад», «кочевник» сөздерінің аударма баламасы» деген Қойшығара Салғараұлының пікірі дәйексіз деп білеміз (*К. Салғараұлы. Түріктер. — Астана, 2007. 16-17-беттер*). Мұндай уәжді «көшпелі» сөзінің қазақ тіліндегі жазба мұраларда қолданыла бастағанына екі-үш ғасырдың жүзі болғаны да орнықтыра түседі. Нақтылы мысалдар кейінірек келтіріледі.

Өкініштісі, ХХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап «көшпелі», «көшпелілер» атау-термині ауызекі сөз қолданысында болсын, басылым-баспасөзде болсын «көшпенді», «көшкінші», «көшпенділер», «көшкіншілер» болып, әр түрлі қолданылып келеді. Әрине, халықтың тарихи-әлеуметтік өміріндегі ұлы құбылысты білдіретін атау-термин, сөз жоқ, дұрыс қолданылуы керек.

Бұл ретте, бірден-бір дұрыс қолданым «көшпелі», «көшпелілер» болуға тиіс деп кәміл сеніммен айта аламыз. Оның мынандай қисындары бар:

1. Қазақ тілінің халық санасына сіңген табиғи қалпы (нормасы) бойынша, яғни, ежелден бар дағдылы сөзжасамдық модель (үлгі) бойынша «-ынды», «-інді», «-нды», «-нді» жұрнағы жалғану арқылы жасалған атау тұлғалы туынды сөздер, негізінен, жағымсыз мағына береді. Мәселен, тастанды, жуынды, сыпырынды, қиынды, жаттанды, жұғынды, құранды, көшпенді, шәйінді, иінді, ірінді, төгінді, үйінді, өшпенді, үркінді, жебінді, т.б. Бұлар дәстүрлі қолданымдағы сөздер. «Осылардың ішіндегі «иінді» сөзінде қандай жағымсыз мағына бар?» деген заңды сұрақ тууы мүмкін.

Қазақ тіліндегі «иінді» сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Малды екінші рет иіту арқылы қақтай сауған сүт (иінді, жебінді). Яғни, мал желініндегі қалдық сүт. Қалдық сүт ретінде соңғы иінді қорға қосылмайды, жоқшылық кезінде бала-шағаға алданыш ретінде сауылған. Жалпы, малдың қас-қабағына қараған қазақ соңғы иіндіні бұзауға бұйыртатын болған. Қазіргі сиыр фермаларында «соңғы иінді» деген ұғым мүлде жоқ. 2. Иіні үлкен, орамы үлкен, ауқымы кең деген мағынада. Бұл тұрғыда, ойдың орамына орай, «иінді» сөзін жағымды да, жағымсыз да мағынада қолдануға болады. Мәселен, «иіні түсіп кетіпті», «иінділеу екен» (толық адамға қатысты) десе,

жағымсыз мағынада. Ал, «иіні үлкен шаңырақ», «иінді қара саба» десе, жағымды мағынада. 3. Белгілі бір зат жасау үшін арнайы иген ағаштың, темірдің, сүйектің қалдығы. Жағымсыз мағынада. 4. Ұрымтал жер, қолайлы сәт, ретті тұс. Сөздің ретіне орай жағымды да, жағымсыз да мағынада қолданылады.

Демек, дәстүрлі қолданымдағы «иінді» сөзінің екі ұдай мағынасына бола, «-ынды», «-інді», «-нды», «-нді» жұрнақтарымен жасалатын басқа да толып жатқан жағымсыз сөздерді елемеу, сөйтіп, «көшпенді», «көшпенділер» деген жасанды сөзді қазақ халқының тарихи болмысын айғақтайтын атау-термин ретінде қолдану, сыпайылап айтқанда, лингвистикалық қателік болмақ. Сөз білетін адам, тілдің табиғи заңдылығына құлағы үйренген адам «көшпенді», «көшпенділер» сөзін қолдану арқылы қазақ халқының өткеніне жиіркенішпен қарауға мәжбүр болады.

Сөздің ретінде, қазіргі қазақ тілінде «-ынды», «-інді», «-нды», «-нді» жұрнақтарымен жасалатын дәстүрлі (дағдылы) жағымсыз мағыналы сөздерден басқа, жаңа мағыналы (жасанды) сөздердің де бар екенін айта кеткен жөн. Мәселен, «қорытынды» (заклучение, вывод), туынды (произведение), «ерітінді» (раствор), «көбейтінді» (умножение, произведение), «тігінді» (подшивка), «қосынды» (сумма, сложение), «қалынды» (отход), т.б. Бұлар дәстүрлі тілдік қордағы сөздер емес, орыс тіліндегі атау-ұғымдарға балама ретінде жаңадан жасалған сөздер.

Әрине, тілдің табиғатына жаңғыра толығып отыру тән. Алайда, бұрыннан бар, халық санасына әбден орныққан атау-ұғымды құбылтып, тіптен кері мағына дарытып қолдану («көшпелі» сөзін «көшпенді», «көшкінші» деген сияқты) — әрі білместік, әрі әбестік, әрі қиянат.

2. Қазақтың жазба мәдениетінде, яғни, әдеби тілдік нормасында ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін «көшпенді», «көшпенділер», «көшкінші», «көшкіншілер» сөзі ұлы даланы мекендеушілердің, соның аясында қазақ халқының өмір-салтын айғақтайтын атау-термин ретінде мүлде қолданылған емес. Тек қана «көшпелі», «көшпелілер» деп қолданылып келді. 1976 жылы қазақтың көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» тарихи романдары біріктіріліп, «Көшпенділер» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Осыдан кейін-ақ қазақ басылымдарында «көшпенді», «көшпенділер», «көшкінші», «көшкіншілер» деп қате қолдану етек ала бастады.

Осы орайда, тарихи трилогияны «Көшпенділер» деп атау Ілияс Есенберлиннің қатесі емес, сол кездегі баспа редакторының тарапынан кеткен қате екенін атап өту қажет. Қазақ тілінің қадір-қасиетін терең білетін Ілияс Есенберлин тек қана «көшпелі», «көшпелілер» сөзін қолданған. Басқасын былай қойғанда атауы «Көшпенділер» болып қате кеткен трилогиясының ішкі мәтінінде «көшпенді», «көшпенділер» деген бірде-бір сөз кездеспейді. Оның орнына автор ұдайы «көшпелі», «көшпелілер» сөзін қолданып отырады. Мысал ретінде он томдық шығармалар жинағының «Көшпенділер» трилогиясына арналған 6-томының 13-бетін ашып қарауға болады. Осы бір бетте үш рет «көшпелілер» деп жазылған.

Мұндай уәжден кейін Ілияс Есенберлин трилогиясының ендігі басылымдарындағы атауын «Көшпелілер» деп түзетіп басса марқұмның аруағы риза болуға тиіс. Әрине, мұндай қадам қазақ тіліндегі «көшпелі», «көшпелілер» атау-терминінің қайтадан орнығуына шапағатын тигізер еді.

3. Ойдың жосығын орнықтыру үшін қазақтың сөз біледі дейтін әйгілі тұлғаларынан мысалдар келтіруге болады.

Махамбет ӨТЕМІСҰЛЫ:

«**Көшпелі** дәулет көп бейнет,

Біреуде бар да біреуде жоқ» (*Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. Екінші том. — Алматы, 1995. 206-бет*).

АБАЙ: «...хұзағи деген **көшпелі** халық бар екен» (*Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. — Алматы, 1995. 222-бет*).

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ: «Ақ ордаға Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тамам **көшпелі** ел Көк орда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді» (*Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Алматы, 1991. 22-бет*).

Мәшһүр-Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ: «**Көшпелі** жұрттың ішінде Майқы би, Қотан би деген кісілер болды» (*Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 8-том. — Павлодар, 2006. 82-бет*).

Мұхтар ӘУЕЗОВ: «Бұлар нағыз мал баққанды кәсіп қылған **көшпелі** ел емес» (*Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том. — Алматы, 1997. 74-бет*).

Сәбит МҰҚАНОВ: «**Көшпелілердің**, олардың ішінде, қазақтың көне заманнан бері ең көп өсірген малы және төрт түлік малдың ішіндегі қастерлеп, пір тұтатыны — жылқы» (*Сәбит Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. Он бесінші том. — Алматы, 1979. 72-бет*).

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ: «Әсіресе отырықшылар мен **көшпелілер** арасындағы айырмашылық алдымен көзге түскен. **Көшпелілер** күнделікті зәруліктерін өтеумен қанағаттанып, қосымша өнімді көбейтуге өнімін сата қоймаған» (*Әбіш Кекілбайұлы. Тіл және тәуелсіздік. — «Егемен Қазақстан» газеті, 2006. 8 тамыз*).

Телжан ШОНАНҰЛЫ: «**Көшпелі** қазақтың да жауынгерлерінің дерегін осы қоныс таласы деп ұғыну керек» (*Телжан Шонанов. Қазақ жері мәселесінің тарихы. — Қызылорда, 1926. 3-бет*).

Қошке КЕМЕҢГЕРҰЛЫ: «Аз еңбекпен ғана тіршілік етуге мүмкіндік берген адамға бос уақытты көбірек қалдыратын **көшпелі** тұрмыс, **көшпелілік** дүние қарасының теңізіне құрылған философияға жол ашты» (*Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1996. 40-бет*).

Серғали ТОЛЫБЕКОВ: «В литературе начала ХХ в. кочевых скотоводов называли... «**көшпелинцами**», от казахских слов: **көш** — караван, **көшпелі** — кочующие» (*С.Е. Толыбеков. Кочевое общество казахов в XVII и начале XX века. — Алматы, 1971. 496-бет*).

Салық ЗИМАНОВ: «**Көшпелі** өркениет адамзат тарихында болған десек, онда оның өзіндік ерекшеліктерімен толыса түскен байтақ аймағы Ұлы Дала аталатын, жер шарының Орталық-Азиялық бөлігі саналмақ» (*С.З. Зиманов. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. Он томдық. 1-том. — Алматы, 2004. 29-бет*).

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: «...отырықшылық пен **көшпеліліктің**, қала мен даланың өзара әсері мейлінше айқын көрінеді... Орта Азияның **көшпелілері**... Әдетте қазіргі ғылымда жалпы тұрғындардың отырықшы бөлігін де, **көшпелі** бөлігін де...

Көшпелілер мен егіншілердің өзара қатынастарын түсіну үшін...» (*Қазақстан тарихы. 1-том. — Алматы, 1996. 347-бет*).

Біздіңше, соңғы екі-үш ғасыр аясындағы қолданымнан сүзіп алған осы мысалдар жеткілікті. Мұндай мысалдардан кейін қазақ тілінде, өзін де сыйлайтын адам «көшпелі», «көшпелілер» сөзінің дәл осы қалпында жазылуы керектігіне ден қоюға тиіс.

4. Соңғы кезде орыс тіліндегі «кочевник» сөзіне балама ретінде «көшкінші» сөзін қолданатын үрдіс төбе көрсетіп қалып жүр (*Қ. Салғараұлы. Түріктер. — Астана, 2007. 15-20-беттер*). Бұл жалқы есімдік мәндегі «кочевник» сөзінің баламасы қазақ тілінде де болса деген ізгі ниеттен туындаған жаңсақтық деп есептейміз.

Біріншіден, сөз (атау, термин) белгілі бір құбылыс болмысын айғақтайтын санат (категория) екенін мойындасак, онда қазақ болмысында жалғыз адамнан тұратын көштің болмайтынын да, жалғыз жолаушыны ешқашан «көшкінші» деп атамайтынын да мойындауға тура келеді.

Екіншіден, қазақ тілінде «көшкінші» сөзі сирек те болса қолданылады. Мәселен, «үркінші-көшкінші болу», «тау көшкіні», «сел көшкіні», «құм көшкіні», т.б. деген сияқты жағымсыз мағына беретін сөз тіркестері бар.

Үшіншіден, қазақ тілінде жалғыз жолға шыққан адамды «салт атты», «салт жүргінші», «салт адам», «жолаушы», «жүргінші», «жаяу адам», «қарайған», т.б. деп атайды. Яғни, жалғыз жолаушы ешқашан «көшуші» немесе «көшпелі» болуы мүмкін емес. Қазақ жалғыз жүргіншіні еш уақытта «көшуші» немесе «көшпелі» деп есептемейді де. Көш — тек қана көптеген адамның қатысуымен болатын ұжымдық әрекет (коллективная акция). Қазақ тілінің дәстүрлі қолданымында «көшпелі» сөзі еш уақытта атау тұлғалы мәнге ие болмайтыны да, яғни, жалқы есімдік мәнде қолданылмайтыны да сондықтан. «Көшпелі» сөзі бұйрық райлы «көш» сөзіне «пелі» жұрнағы жалғану арқылы жасалған сын есім. Енді, сол сын есімдік мәндегі «көшпелі» сөзіне «лер» деген көптік жалғау жалғанса болды, онда «көшпелілер» сөзі заттанып, тұтас (монолитті) қалпында нақтылы ұғымның атауын білдіретін лексемаға айналады. Сөйтіп, атау тұлғалық мәнге ие болып шыға келеді. Былайша айтқанда, көшіп-қонып жүретін жалғыз-жарым адамды емес, қалың қауымды айғақтайтын сөз болып шығады. Бұл — дау-дамайға жатпайтын, аксиомаға айналған ғылыми ақиқат. Мұндай сөзжасалым тәртібін тіл білімінде туында субстантив зат есім дейді. Олай болса, «кочевник» сөзіне қазақша балама табуда «көш» түбірі жарамайтынына күмән болмауға тиіс. Бәлкім, орыстың атау тұлғалы «кочевник» сөзіне қазақша балама табу соншалықты қажет болып бара жатса «жүргінші» сөзіне ден қойып көруге болар.

Сөз орайында, «Сіздің өзіңіз бас кеңесші бола жүріп «Көшпенділер» фильмінің атауына неге мән бермегенсіз?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Бұл мәселеде А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында қызмет істейтін ғалым-тілші өзінің жаңсақ пікірін өткізіп жіберуге келгенде жытқырлау болғанын мойындаймын.

Ғылымда жоқтан бар жасау міндет емес, барды бүлдірмеу — парыз.

2. Тарихнама

Көшпелі өмір-салттағы этностың қоғамдық-әлеуметтік құрылымы міндетті түрде ру-тайпалық жүйеге негізделеді. Бұл — өмірлік қажеттіліктен туындаған заңдылық.

Тек әулеттік ұжымдасу, рулық жарасу, тайпалық ұйысу арқылы ғана көшпелі өмір-салтты баянды етіп, оның шапағатын көруге болады. Ал, ру-тайпалық жүйеге негізделген қоғамның өмірін ретті ету үшін және сол арқылы этносты ұйыстыруға тікелей ықпал ететін ақпараттық өріс (*информационное поле* – С.А. Арутюнов) қалыптастыру үшін жалпы жамиятты қамтитын шежірешілдік дәстүр қажет. Көшпелілер арасында, соның ішінде қазақ арасында айрықша дамыған шежірешілдік дәстүрдің тарихи алғышартын осылай бажайлауға болады.

Жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі өмір-салтқа ойысып үлгерген Ұлы Дала тұрғындарының жүздеген, тіптен мыңдаған ру-тайпалық атауларының тарихи дерек көздеріне ілігуі, сөз жоқ, шежірешілдік дәстүрдің де байырғы замандарда-ақ орныға бастағанына айқын айғақ болып табылады («*Түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер*» тараушасын қараңыз). Себебі, ру-тайпалар атауы, ең алдымен, ел-жұрттың төл сипаты мен ішкі құрылымын бажайлауға мүмкіндік берсе, мұндай үрдіс өз кезегінде шежірелік ақпаратты, яғни, шежірешілдік дәстүрді қоғамдық өмірдің қажеттілігіне айналдыратыны да күмәнсіз.

Шежірелік мұраларға қатысты тарихнамалық (историография) пайымдаулар жасау үшін міндетті түрде деректемелік (источники) және дерекнамалық (источниковедение) материалдарға алдымен ден қою қажет. Осы орайда, әрісі түркі халықтарының, берісі қазақ халқының шежірешілдік (шежірелік) дәстүріне айғақ боларлық деректемелік немесе дерекнамалық сипаттағы материалдардың айта қалғандай мол екенін және ондай материалдар байырғы замандардан бастау алып, бүгінгі күнге дейін сабақтастығын үзбегенін айрықша атап өткен жөн.

Рас, шежірешілдік дәстүрдің негізгі сипаты – оның ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтындығы. Былайша айтқанда, шежірешілдік дәстүр бел алған ортада генеалогиялық ақпарат этностың ұжымдық жадына айналады. Бұл басы ашық ақиқат. Дей тұрғанмен, түркі халықтары өзінің ұзына тарихында байырғы түркі жазуына қоса соғды, манихей, ұйғыр, тохар, сирия, қидан, армян, монғол-ұйғыр, тот (анық), латын, араб, жәдит, төте, кириллица сияқты әліпбилерді де пайдаланып, шежіре деректерін әрбір кез-кезенде хатқа түсіріп, шежірелік толымды еңбектер де туындата білген. Ондай еңбектерде ру-тайпа атаулары мен олардың тіршілік-тынысы, жеке тұлғалардың атау-есімдері мен өмір деректері туралы шежірелік сипаты басым мағлұмат молынан ұшырасып отырады.

Осы орайда, шежірешілдік дәстүрдің ең алдымен түркілік төл жазба мәдениетімен тікелей байланысып жатқанын атап өткен жөн және «түркілік төл жазба мәдениеті» деген ұғымның мән-мағынасын нақтылай түсу қажет. Қазіргі ғылыми айналымда түркілік төл жазба мәдениеті мына сияқты атау-ұғымдармен анықталып келеді: сақ жазуы, түркіге дейінгі жазу, руна жазуы, Орталық Азия рунасы, байырғы түркі руна жазуы, Орхон-Енесай жазуы, Талас руна жазуы, Солтүстік Кавказ руна жазуы, т.б. Бір қарағанда осынау атау-ұғымдар Еуразия кеңістігіндегі әр түрлі үлгідегі, әр түрлі текті және әр түрлі тарихи кезеңдерде пайда болған, бір-біріне қатысы жоқ, әрқайсысы оқшау жазба мәдениет үлгілері сияқты әсер береді. Ақиқатында, мұның бәрі де бір үлгідегі, біртекті жазба мәдениеті болып табылады. Оны жинақтап, «түркілік төл жазба мәдениеті» десе ғылыми да, тарихи да ақиқат

пен әділдіктің жөні болмақ. Өкініштісі, әсіресе, социалистік жүйе үстемдік құрған заманда ондай ақиқат пен әділдікке барар жолдың бәріне берік тосқауылдар қойылды. Өйткені, түркілік төл жазба мәдениетті мойындау дегеніңіз — түркі тілдес халықтардың, біріншіден, мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетін мойындау болса, екіншіден, сол түркі тілдес халықтардың этногенездік және мәдени-рухани біртұтастығын мойындау болып шығар еді. Ал, бұл дегеніңіз социалистік жүйенің тірегі болып келген, дәлірек айтқанда, социалистік жүйені өз мүддесіне ғана пайдаланған панславяндық гегемондықты әлсірететін тұжырымдама болатын. Мұндай ойдың жосығына ХХ ғасырдың 30-40-жылдарында алтай тілдерінің (яғни, түптүркілік тілдердің) туыстастығы туралы теорияның (*Е.Д. Поливанов*) «буржуазиялық реакцияшыл лингвистика» деп жариялануы бұлтартпас айғақ бола алады. Бір ғана атау-ұғыммен анықталуға тиісті түркілік төл жазба мәдениетінің бүгінгі ғылыми айналымда әр түрлі атау-ұғымдармен беріліп жүруінің де осындай сыр-себептері бар.

Түркілік төл жазба мәдениеті таза түркілік ортада пайда болып, қоғамдық-әлеуметтік өмірге мың жарым жылдай үздіксіз қызмет етті. Бұл уақыт аясында түркілік төл жазба мәдениеті іштей шыңдалу, жетілу және Ұлы Даланың әр шалғайындағы диалектілік ерекшеліктерге орай бейімделу үдерісін бастан кешті. Алайда, жазу үлгісінің әріп-таңбалық белгілері негізінен өзгеріссіз сақталып отырды.

Әзірше, түркілік төл жазба мәдениетінің ең байырғы айғағы — Алматы қаласының іргесіндегі Есік қорғанынан табылған күміс тостақтағы жазу. Бұл — б.з.д. VI-V ғасырлардан жеткен жәдігер. Түркілік төл жазба мәдениетінің мұнан кейінгі көрнекті айғақтарының бірі — Ғұн (хунну, сиунну) ұлысының негізін қалаған Маодунь (Мау-дун) қағанның б.з.д. 176 жылы Қытай императорына жолдаған хаты. Маодунь қағанның Хань империясына үстемдік жүргізіп, оларды жыл сайын сыйсалық беріп тұруға мәжбүрлегені тарихтан аян. Сол Маодунь қағанның хатында мынандай жолдар бар: «Тәңір жарылқап, әскеріміз сайлы, аттарымыз дыйлы, соның арқасында юэчжилерді (жыужыларды) күйрете жеңдім, оларға қырғын салып, өзіме бағындырдым. Мен сондай-ақ, лоуландарды (лулән), үйсіндерді (усын), хуцзелерді (хусы) бағындырдым және шет аймақтағы жиырма алты иелікті өзіме қараттым, бұлардың бәрі де сиуннудың құзырында» (*В.С. Таскин. Материалы по истории сюнну. 1-шығарылым. — Москва, 1968. 43-бет. Аударма біздікі*).

Бізге Маодунь қағанның хатындағы шежірелік сипаттағы жазылған деректер назар аудартады. Мұндағы ру-тайпалардың, иеліктердің бір ұлыс аясына топтасуы, сөйтіп қуатты елге айналуы көшпелілер өмір-салтының негізгі мазмұны екені, мұның өзі шежірелік баянның ең басты арқауы болып отыратыны алдымен ден қойдырады.

Ал, ғұндардың (хунну, сиунну) түркі тілдес халық болғаны соғды көпесі Нанайвандақтың 311 жылы жазған хатында айқын аталып көрсетілген. Арада екі жарым ғасырдай уақыт өткенде, 582 жылы орнатылған Бұғұт ұстынына «түркі» сөзі этноним ретінде ойылып жазылады. Яғни, бұл кезде тектес-тілдес тайпалардың ішінде билік тізгіні түркілердің (түрік) құзырына көшті деген сөз. Демек, «түркілік төл жазба мәдениеті» деген ұғым-атаудың мазмұны жаңаша жыл санауға

дейінгі алыс кезендерден бастау алатынына күмән болмауы керек және исі түркі тілдес халықтарға ортақ рухани айғақ ретінде зерделенуге тиіс. Бұл ретте, түркінің төл әліпбиінен басқа жазулармен жазылған түркі тілді жәдігерліктер де, сөз жоқ, түркі тектес халықтардың ортақ рухани қазынасы болып табылады. Ғалым-зерттеушілердің дерегі бойынша қазір байырғы түркі қолжазбалары мен фрагменттерінің Ресей Ғылым академиясында 4228 нұсқасы, Германия коллекциясында 8 мыңдай нұсқасы сақтаулы. Мұның сыртында байырғы түркі қолжазбаларының Англия, Франция, Жапония, Швеция, Финляндия, Қытай сияқты елдерде де бар екені белгілі. Мұның бәрі де «түркілік жазба мәдениеті» деп атауға әбден лайықты мәдени-рухани құбылыстың толымды айғағы. Осы орайда, «кітап» деген атаудың баламасы ретінде қолданылған «бітік» сөзінің VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енесай ұстындарында, X ғасырдағы «Ырық бітік» қолжазбасында, XIII-XIV ғасырлардағы «Кодекс куманикус» кітабында, XVI-XVII ғасырлардағы Батыс Украина түркілерінің заң актілерінде кездесуі түркі жұртында кітап тұтыну мәдениетінің мың жылдан астам тарихы бар екеніне айқын айғақ бола алады. Ал, мұндай жазба жәдігерліктердің басым көпшілігі шежірелік баян дәстүрінде жазылғанына көз жеткізу қиын емес.

Хатқа түсіп, тасқа басылған шежірешілдік дәстүрдің алғашқы көрінісі түркілік төл жазба мәдениетінің айғағы болып табылатын Орхон-Енесай ескерткіштерінің мазмұнынан айқын байқалады. Күлтегін ұстынынан мынандай жазуларды оқуға болады: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп, әкем Елтеріс қағанды, анам Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті». Немесе, Онгин ұстынындағы жазбада: «Елетміш ябғу ұрпағы Ышбара Тамған-шор Ябғу, інісі білікті Ышбара Тамған-тархан аймағымен (барлығы) алпыс бес ата» делінген (*М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005. 112, 187-беттер*).

Осы жазбалардың дерек беру қалыбынан, стильдік бітімінен ауызекі шежірешілдік сарынды аңғару қиын емес.

Мұнан кейінгі кезендерде түркі-монғол халықтарының тарихына қатысты жазылған еңбектерде де ауызекі шежірешілдік дәстүр жалғасын тапқан. Бұл ретте, ерте ортағасырдан бергі мың жылға жуық уақыт аясында жазылған тарихи еңбектердің баршасы өзінің құрылымдық бітімі жөнінен болсын, жеке тұлғаны тірек ете отырып баяндайтын мазмұндық арқауынан болсын немесе ауызекі шежірешілдікке негізделген баяндау стилінен болсын, ең алдымен, ауызша тарих айту дәстүрін тұғыр етіп отыратыны айқын байқалады. Әйгілі «Монғолдың құпия шежіресі», «Шара Туджи», Лубсан Данзанның «Алтын топшы», Рашид-ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», Жамал Қаршидің «Оғыз-қыпшақ шежіресі» және «Қарахан шежіресі», Байбарыс пен ибн-Халдунның «Қыпшақ шежіресі», Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама», Дулат Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», Осман Кухистанидің «Тарих-и Абул-Хайр-хани», Әбілғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», «Насаб-наме Шыңғыс», «Насаб-наме қазақ», Жалайыр Қадырғали Қосымұлының «Жәми-әт-тауарих», Өтеміс Қажының «Шыңғыс-нама», Ибрагим Халфиннің «Ахуале Шыңғыс хан ва ақсақ Темір»,

Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Рахым Ташкентидің «Ансаб ас-салатин», Нұржан Наушабайұлының «Манзумат қазақия», Ғұсманғали Сыдықовтың «Тарих-и қырғыз-қазақ шадманиясы», Абдулла Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса», Өтеу Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі» (*Н.И. Гродеков*), Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы», Әлкей Марғұланның «Наймандар», Сәрсен Аманжоловтың «Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихы хақында», Мұсатай Ақынжановтың «Қазақтың тегі туралы», Нығмет Мыңжанидің «Қазақтың қысқаша тарихы», Халел Арғынбаевтің «Ұлы жүздің шежіресі», Марат Мұқановтың «Орта жүздің шежіресі», «Кіші жүздің шежіресі», Жамбыл Артықбаевтың «Еуразия көшпелілері ғасырлар мен мыңжылдықтар шендесуінде», «Қазақстан тарихы», «Этнос және қоғам», Қойшығара Салғараұлының «Қазақтың қилы тарихы», т.б. осы сияқты еңбектердің қай-қайсысы да өзінің мән-мазмұны тұрғысынан шежірешілдік дәстүрде жазылған және деректік негізі халық жадында сақталған мағлұматтарды арқау етіп отырады. Сөз жоқ, мың жылға жуық уақыт аясында жазылған мұндай толымды еңбектер, ең алдымен, сахара төсіндегі көшпелілер арасында тарих жазудың төл мектебі қалыптасқанын және ондай мектептің қалыптасуына шежірешілдік дәстүрдің тікелей ықпал еткенін пайымдатады.

Осы орайда, Рашид-ад-Диннің әйгілі «Жылнамалар жинағы» кітабының қалай жазылғанын еске алуға болады. Ғазан ханның тапсыруынан кейін оның уәзірі Рашид-ад-Дин сахараның Болат-жансән (Пулад Чжэн-сян) сияқты даңғайыр шежірешілерін төңірегіне топтастырады. Олар «тамылжытып әңгіме айтады, ғұлама уәзір болса айтылған әңгімені хатқа түсіреді... Шыңғыс хан заманынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі түркі-монғол халықтарының барша тек-тамыры мен іс-әрекеті әңгіменің негізгі арқауы болады... Мұндай байсалды баян бұрынғы-соңғы жылнамаларға түспеген. Мұнан түзу, мұнан шыншыл және мұнан айқын тарихты бұған дейін ешкім жазып көрген емес» (*И. Петрушевский. Рашид-ад-Дин и его исторический труд // Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. I том. Бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 26, 27, 51-беттер. Аударма біздікі*).

Шежірешілдікті елдік дәстүр ретінде орнықтыру үрдісіне Қазақ хандығы тұсында да айрықша мән берілген. Қазақ хандығы құрылу барысында жаңадан жасақталып, жаңаша түзілген ру-тайпалық құрылымдарды қалың жамиғаттың жадына орнықтыруда, сөйтіп ел ішінің саяси-әлеуметтік ахуалына ілкімділікпен ықпал етуде шежірешілдік дәстүр қоғамдық қажеттілікке айналған. Уақыт талабы ел ішінің этникалық құрылымына жүйрік білікті шежірешілерді тарих сахнасына сұрыптап шығарып отырған және олар ел-жұрттың саяси-әлеуметтік ахуалының терен білгірлері ретінде айрықша сенім мен құрметке ие болған. Бұл ретте, қазақ хандарының, билерінің, абыздарының, жырау-шешендерінің барша білім-білігі мен ақыл-парасаты, таным-түсінігі мен әрекет-тірліктері ең алдымен ел ішінің этно-

жаралымын мейлінше терең білуге негізделген. Олардың шежірешілдік білім-білігі тек қана ауызша айтылып қоймай, өз кезегінде хатқа түсіп, оларды әр толқын ұрпақ өзінше толықтыра сабақтап отырған. Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан былай деп жазған: «Жамал Қарши, Әбдіразақ Самарқанди, Мұхаммед Хайдар, Хан Темір және басқа ойшылдардың сөзіне қарағанда Сауранда кітапхана болған. Есім хан қазақ заңының ескі сұлбаларын жинап жаңа қорытынды шығарып тасқа бастырған. «Есім ханның ескі жолы» атты қолжазба қазір Станбұлда сақтаулы. «Жеті жарғының» жинақталған нұсқасы Тәуке ханның қолында болған. Осы ескі жарғыға жаңадан тараулар қосып, жаңалықтар енгізеді. «Жеті жарғының» жасалуы барысында қазақтың барлық билері ат салысады. Ол кейіндері Абылай мен оның баласы Уәли ханда сақталған. Темір ұрпақтары пайдаланған «Шежіре түрік», «Ақсақ құлан жишақ», «Төрт ұлыс — Алтын Орда, Шағатай», «Хулагу» Абылайдың ұрпақтары Жәңгір ханда сақталған. Жәңгір кейін Қазан университетінің құрметті профессоры болған».

Қазақ арасында жазба шежіренің орныққан дәстүрі болғанына байланысты Әлкей Марғұлан мынандай нақтылы мысал келтіреді: «Әсіресе, XV-XVI ғасырлардағы қазақ халқының жазба мәдениетінің үлгілерін жарқын суреттейтін, оның білім көзінің бірі — Оразмамбеттің (*Оразмұхаммед — А. С.*) ғажайып кітапханасы болған. Ол кітапхана Оразмамбеттің Мәскеуде болуымен байланысты XVI ғасырдың соңғы кезінде (1588-1603) жиналған. Қазақ тілінде ортағасырлық кітаптарды, қолжазбаларды, Қазақстандағы туысқандарынан келген көптеген хаттарды Оразмамбет, қазақ әдеті бойынша, өзінің күміс сандығында ұстап, көзінің қарашығындай сақтап келген...

...Оразмамбеттің кітапхана жәшігінен С.М. Френ көптеген қазақ шежірелерін табады, олардың ішіндегі ең көнелері: «Қиян Домбауыл шежіресі» (*Архив АН СССР, ф. 777, оп. 1, д. 122, лл. 47-48*); «Алаш мыңы» (*сонда, д. 123, л. 57*); «Үйсін Майқы би шежіресі» (*сонда, л. 54-57*); «Қыпшақ Күрлеуіт шежіресі» (*сонда*); «Қыпшақ Ордаш Құлмұхаммед би» (*сонда, л. 52*); «Бөдентай Белгібай шежіресі» (*сонда, л. 48-58*); «Едіге би шежіресі» (*сонда, л. 52*); «Едіге би» (*сонда*); «Орақ-Мамай» (*сонда, лл. 93-95*), тағы басқалар. Бұлардың барлығы — XV-XVI ғасырларда (одан бұрын да) қағаз бетіне түскен халықтың әдемі қария сөздері» (*Әлкей Марғұлан. Қазақ жазуының тарихы. Оразмамбет кітапханасы // Труды по культуре казахского народа. — Павлодар, 2005. 95-96, 131, 141-142-беттер*). Осы орайда мынандай мысалға да назар аударма кеткен жөн. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Топтерек ауылының 1912 жылы туған тұрғыны Нұрғазыұлы Сейілхан ақсақал өзінің қолындағы шежіренің Тоқтамыс ханның кезінде түзілгенін айтады. Содан бұл қолжазба алдымен Едіге би, одан Орманбет хан, одан Асан қайғы, одан әз Жәнібек хан кезінде жалғасын тауып, одан әз Жәнібектің ұзатылған қызының жасауымен бірге ергенекті найманның төресі Қабан бабаның қолына тиеді. Қабан бабадан оның немересі Қылыш төреге ауысқан, одан сарыжомарттың аға сұлтаны болған Әлиханның әкесі Тілеубердіге жетіп, одан Тілеубердінің шөбересі Мұбарактың қолына түскен. Мұбарактан кейін бұл шежіре сарыжомарт Сейілхан ақсақалға жеткен.

Сейілхан Нұрғазыұлының қолында мұнан басқа Ыбырайым деген кісінің де шежіресі болған. Бұл шежіре алдымен қу дауысты Құттыбайға тиген, сонан соң Соқыр абыз деген шежірешіге ауысып, кейін сыбан Ақтайлақ би толықтырған. Сөйтіп, Сейілхан ақсақал әріден келе жатқан екі шежірені шендестіре түзіп шығуға мүмкіндік алған (*Қазақ шежіресі. Ғылыми түсініктемесін жазып, шежірені түзіп шыққан Ж.Бейсенбайұлы. — Алматы, 1994. 55-бет*).

Қазақ халқының құрамындағы қожа және сунақ тайпаларының арасында шежірені қолдан-қолға, ұрпақтан-ұрпаққа айрықша ыждағаттылықпен көшіртіп отыру дәстүрі сақталған. Мұндай қолжазбалардағы генеалогиялық деректерге қарағанда шежіре түзу және оны хатқа түсіріп отыру дәстүрінің ерте орта ғасырдан бері қарай үзілмей жалғасып келе жатқанын аңғару қиын емес («Жүзге кірмейтін ру-тайпалар» тараушасындағы «Сунақ» тақырыпшасын қараңыз). Бұл ретте, кейбір шежірелердің алғашқы нұсқалары араб-парсы тілдерінде түзіліп, ондай шежірелерді қазақ тіліне аударатын және бүгінгі ұрпақпен сабақтастыра түзіп отыратын сауатты адамдарға қазақ арасы ешқашан кенде болмаған. Ондай адамдарды «насабшылар» деп атап, олар түзген шежірені «насабнама» дейтін болған. «Насеб» — араб тілінде «туыскандық байланыс», «тек», «тектік» деген мағына берсе, «наме» деген сөз парсы тілінде «хат», «шығарма» деген мағынада қолданылады (*Ислам Жемейей. Парсыша-қазақша сөздік. — Алматы, 2003. 408, 412-беттер*).

Осы орайда, бір ғана Қызылорда облысының Жанақорған ауданында Жолдыбайдың Ысқағы (1890-1963), Мырзабайдың Аймақаны (1910), Мырзаның Сейфулласы, Жәрімбеттің Әбені, Ишанның Құрбаны деген насабшылардың болғанын атап өткен абзал. Бұл кісілер араб-парсы тілдеріне жүйрік, байырғы деректерді бүгінмен сабақтастыра алатын даңғайыр шежірешілер болған (*Скендір Құдияров. Сунақ. — Алматы, 1995. 5-6-беттер*).

Қазақ арасында қалыптасқан шежірешілдік дәстүрге және хатқа түскен шежіре нұсқаларының да болғанына С.Б. Броневский, А.И. Левшин, Н.В. Ханьков, И.И. Березин, Ш.Ш. Уәлиханов, Ю.Д. Южаков, А.Н. Харузин, Н.И. Гродеков, А.И. Добросмыслов, П.И. Рычков, Н.А. Аристов, М.И. Бродовский қатарлы ғалым-зерттеушілердің еңбектері де айқын айғақ бола алады. Бұл авторлардың қай-қайсысы да қазақ халқының тарихына қатысты жазған еңбектерінде халық жадында сақталған шежірелік мағлұматтарды молынан пайдаланған. Жай ғана пайдаланып қоймай, ел ішіндегі шежіре нұсқаларын жинап, жүйелеп, тіптен орыс тілі мен басқа да шет ел тілдеріне аударып, ол аудармалардың жарық көруіне де себепші болып отырған (*С.Б. Броневский. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды. — «Отечественные записки», СПб. 1830. 12, 13, 14-томдар; А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — СПб., 1832; Н.В. Ханьков. Описание Бухарского ханства. — СПб., 1843; И.И. Березин. Описание турецко-татарских рукописей, хранящихся в библиотеках С.-Петербурга. — Журнал Министерства народного просвещения. — 1846. — № 50, 1847. — № 54, 1848. — № 59, 1850. — № 68; Ч.Ч. Валиханов. Киргизское родословие // Собрание сочинений в пяти томах. I том. — Алматы, 1961, 203-219-беттер; Ю.Д. Южаков. Родословная таблица.*

– «Отечественные записки». СПб., 1867; А.Н. Харузин. Степные очерки. – Москва, 1888; А.Н. Харузин. Киргизы Букеевской орды. – Москва, 1889; Н.И. Гродеков. Киргизы и кара киргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1889; А.И. Добросмыслов. Заметки о народонаселении Тургайской области. – «Оренбургский край», 1893. № 17, 18; П.И. Рычков. История Оренбургская. – Оренбург, 1896; Н.А. Аристов. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований. – «Живая старина», СПб., 1894. III-IV шығарылым; Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – «Живая старина», СПб., 1896. III-IV шығарылым; М.И. Бродовский. Очерк Киргизской степи. Происхождение киргиз и их прежнее и нынешнее управление. – «Землеведение», 1913. 3-кітап).

Қазақ арасында шежіре түзіп, оны хатқа түсіріп отырудың қалыптасқан дәстүрі болғаны жөнінде нақтылы айғақ-деректер бар. Шорманның Мұсасы түзген шежірені Г.Н. Потаниннің, Дикамбабай батырдың түзген шежіресін Н.А. Аристовтың өз еңбектеріне пайдаланғаны мәлім. Мұның өзі ел қамы, халық тағдыры жолында жүрген азаматтардың шежіреге жүйрік болу қажеттілігін, ол үшін шежіре түзіп отыратын дәстүрдің болғанын пайымдатады. Белгілі фольклоршы-этнограф Әбубәкір Диваев өз еңбектеріндегі көптеген деректі қазақ қолжазбаларынан алғанын айтады (А. Диваев. Предание о возникновении узбеков. – «Туркестанские ведомости», 1900. № 97). Сондай-ақ, орыс шығыстанушысы, белгілі библиограф А.Е. Алекторов қазақ арасындағы қолжазба мұраларға қатысты екі мақала жазған (А.Е. Алекторов. Письменная литература киргизов. – «Астраханский вестник», 1894. № 1377; А.Е. Алекторов. Киргизские рукописи. – «Астраханский вестник», 1894. № 1383). Ал, қазақтың белгілі қоғам қайраткері, ғалым Санжар Аспандияров жалайыр руынан шыққан қазақтың қазақша жазылған қолжазбасын кезінде орыс шығыстанушысы И.Н. Березиннің аударғанын жазады (Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Проф. С.Ж. Аспандияров пен проф. А.П. Кунттың редакциялық басшылық жасауымен шыққан. 1-жынақ. – Алматы, 1977. 115-бет).

Қазақ қолжазбаларының мейлінше құнды шежірелік нұсқалары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Ташкент, Алматы сияқты қалалардың кітапханаларында, мұрағаттарында сақталған және олардың басым көпшілігі әзірше ғылыми айналымға түсе қоймаған. Бұл қолжазбалар Қазақ хандығының бой көтеруіне қатысты, әсіресе, қазақ ру-тайпаларының жанадан жасақталған құрылымы туралы, ел ішінің саяси-әлеуметтік ахуалы жөнінде аса құнды мағлұматтар бере алады. Мұндай қолжазбалардың мол қоры Ташкенттегі Науаи атындағы орталық кітапханада, Шығыстану институтында және Қолжазба орталығында сақталғанын бөле-жарып айтуға болады. Осы орайда, Ташкенттің Шығыстану институтындағы қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған Молдакөбей Тоқфулатовтың қолжазбасынан үзінді келтіре кетуге болады: «Өзінің батылдығы, іскерлігі, жігерлілігі арқасында Юнус Ходжа көптеген қалаларға әкім болды. Ол қалалар: Шымкент, Сайрам, Әулиеата, Түркістан және

Ақмешіт. Юнус Ходжа өзінің әскерін тек қана қазақтардан құрушы еді. Юнус Ходжаның әскерлеріне негізінен қанлы, шанышқылы, бағыс, рамазан, т.б. рулардан шыққан қазақтар алынатын. Юнус Ходжаның Ташкентте тұратын әскерлерінің басында мына адамдар: қанлы руынан — Қожамсейіт батыр, Ғайыпмырза батыр, Бөлек батыр, Қалы батыр, Исамбай батыр, Жабағы батыр, Қырықсадақ батыр, Ырысқұл батыр, Дәрткен батыр, Жәнтелі батыр, Қазыбек батыр, Құлай батыр, т.б., бағыс-рамазан руларынан — Ақымбай батыр, Мыңбасар батыр, Ырысбек батыр, Жулан батыр, Есенгелді батыр, т.б. болды» (К. Жүнісбаев. *Қазақстанның XVII-XVIII ғасырлардағы тарихына байланысты қазақ тіліндегі кейбір тарихи деректер туралы // Труды Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН Каз ССР. 15-том. — Алматы, 1962. 155-бет*).

Қазақтың шежірелік жазбаларының ішінде өзінің дерекшілдігімен де, тарихи оқиғаларды байсалды парықтай білуімен де назар аударатын құнды еңбектердің бірі Сайдаққожа Жүсіпұлының «Қазақ тайпаларының тарихы» атты туындысы. Бұл еңбек туралы білікті қаламгер Ж.Бейсенбайұлы 1994 жылы жарық көрген «Қазақ шежіресі» атты кітабында алғаш рет мағлұмат беріп, үзінділер келтірген. Ж.Бейсенбайұлына дерек беруші жезқазғандық Айтқожа Әбдіраманұлының айтуына қарағанда «Сайдаққожа 1805 жылы Бұхарада дүниеге келген. Елі — қорасан қожа. Арғы атасы Бұхарада әмір болған Абдолла хан. Сайдақ Бұхарадағы діни және әкімшілік медресесін бітірген соң көп ұзамай туған апасын алып отырған Қасым сұлтанға, Арқа жеріне келеді. Ол кісінің әпкесі Гүлшара Кенесарының әкесі Қасымның бәйбішесі болған. Сайдекең алғашқыда Қасым сұлтанның хатшы-кеңесшісі қызметін атқарып, кейіннен отаршылдыққа қарсы қазақ халқының көтерілісі кезінде жиені Кенесарыға ақылгөй адам болған. Ханның қасында оның өмірінің соңына дейін бірге жүреді. Кенесары қырғыз жерінде қайғылы қазаға ұшыраған соң, бір тайпа елмен Ташкент маңына келіп, 1885 жылы Шыршықта дүние салады. Сайдаққожа өте білімдар зерттеуші, ақын болған көрінеді. Ол кісі қазақ тарихын жете зерттеумен қатар, Кенесары жөнінде құнды деректер де жазып қалдырған екен. Кезінде Базар жырау оның «Кенесары» атты мұңлы поэмасын жатқа айтқан көрінеді. Осы кісі жазған деректі мағлұматтардың бірсыпырасымен оның үшінші ұрпағы Шарафуддин ақсақалдың үйінде көріп танысқан едім. Шарафуддин ақсақалдың қолында атасының Бұхарада шыққан «Қазақ тайпаларының тарихы» кітапшасы мен тарихи мағлұматтардың көшірмесі сақталған екен. Ол кісі қолында бар тарихи мағлұматтардың бірсыпырасын (түпнұсқаларды) өзбек ақыны Міртемірдің қолқалауымен Өзбекстан Ғылым Академиясының мұрағатына 1952 жылы өткізіп жіберіпті».

Қазақ қолжазбаларының ондаған, жүздеген нұсқаларының тағдыр-талайы осындай десе әсіре сөз болмайды. Тарихтан мәлім, төл баспахананың болмауынан XVIII-XIX ғасырларда ел ішіндегі қазақтың сауатты зиялылары тарихқа, этнографияға, фольклорға қатысты жазба мұраларын Москва, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, тіптен Пекин қалаларындағы баспаханалар мен мұрағаттарға жолдап отырған. Әрине, жолданған қолжазбалардың бәрі бірдей кітап болып басы-

лып шығуы мүмкін емес еді. Баспахана мүмкіндігінен артылған қолжазбалар әдетте сол қалалардағы оқу орындарының кітапханаларына, мұражайлары мен мұрағаттарына өткізіліп, кейде жазба мұраларды жинаушы жеке адамдардың қолына түсіп отырған. Нақтылы мысал келтіруге болады, кезінде Семей облысының Қарқаралы уезіне қарасты Ақбота болысындағы №7 ауылдың Ақылбек Сабалұлы Тұрабаев деген азаматы 1913-1916 жылдар аралығында Қазан қаласының баспагері Ш. Құсайыновқа 106 (бір жүз алты) қолжазба жолдаған. Бұл қолжазбалардың тізімі келтірілген қатынас қағаз Қазан қаласының Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасында тұр.

Дәл осы сияқты қыруар қолжазбаны Семей уезінің Семейтау болысына қарасты №6 ауылындағы Доланды бекетінің тұрғыны Ілияс Исмағұлұлы Модажанов деген азамат та жолдапты.

Бұл қолжазбалардың басым көпшілігі қисса-дастандар, фольклорлық-этнографиялық жазбалар. Сонымен бірге ел мен жердің жайы, ру-тайпалар ахуалы, олардың шежірелік баяндары да ұшырасады.

Шежіре нұсқаларын және шежірелік деректерді саралаған еңбектер ХІХ ғасырдан бастап мерзімді басылымдарда жарияланып, тіптен жеке кітап болып басылып шыға бастады. Мұндай материалдар «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882, Ташкент), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902, Омбы), «Қазақ газеті» (1907, Троицк), «Қазақстан» (1911-1913, Орда), «Ешім даласы» (1913, Қызылжар), «Қазақ» (1913-1918, Орынбор), «Айқап» (1911-1915, Троицк), «Ақмола» (1911-1916, Троицк) сияқты мерзімді басылымдар бетінде жарияланып тұрды.

Қазақ шежірелерінің толымды нұсқалары Қазақстан Республикасының Орталық Ғылыми кітапханасына, Ұлттық кітапханаға, Мемлекеттік Орталық мұрағатына жинақталған. Бір ғана Орталық Ғылыми кітапхана қорында 60-тан астам қолжазба шежіре болса, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында 6 мың беттей шежіре бар. Бұлардың ішінде деректік мәні назар аударарлық шежірелер де кездеседі. Әсіресе, «Қазақтың хандары туралы», «Хандар шежіресі», «Пайғамбарлар шежіресі», «Қазақтың өткен батырлары туралы», «Қазақтың өткен билері туралы», «Қазақтың шежірелері», «Үш жүздің таралуы», «Қазақтың асыл түбі қайдан шыққан?», «Үш жүздің шежіресі», «Ұлы жүздің шежіресі», «Кіші жүз әлім шежіресі», «Қыпшақ, қоңырат руларының шежіресі туралы» деп келетін тақырыптағы қолжазбалардың тарихи дерегі мол.

Қазақтың мейлінше мол фольклорлық мұраларының, соның ішінде тарихи өлең-жырларының, аңыз-әңгімелерінің, мәтел сөздерінің өн бойы тарихи мағлұматтарға тұнып тұр. Ондай мағлұматтарды ғылыми зердемен жорып, ел-жұрттың төл тарихымен шендестіре парықтай білу қажет-ақ. Мұның өзі қазақ халқының тарихын, қазақ мемлекеттігінің тарихын «адамдандыруға», сөйтіп айғақ-мысалы мол мазмұн дарытуға себепші болуға тиіс.

Қазақ халқы тәуелсіз ел болып, тарихи тағдырының тізгінін өз қолына алғаннан бергі уақыт аясында шежірелік деректер жариялау айрықша ынтамен қолға алына бастады. Мұндай үрдісті, алдымен, саяси-әлеуметтік азаттықтың рухани азаттыққа

ұласа бастауының нышаны деп қабылдаған абзал. Сондай-ақ, шежірелік деректер қазақ халқының тарихын жазу барысында деректік мазмұнын байытуға себепші болатынын ескеру қажет. Ең бастысы, жұртшылық шежіреге неғұрлым қанық болған сайын, солғұрлым қазақ халқының этникалық біртұтастығын тереңірек парықтайтын болады. Былайша айтқанда, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің арқасында қандас-туыстастығы мейлінше бекемделген, «Қарға тамырлы қазақ» екенін сезіне түседі. Бұл ретте, шежірелік еңбектерді мінеп-сынап, сол арқылы халықтың тарихи жадын өшіруге ықпал етуден гөрі, сол шежірелік мұралардың жиналуына, жүйеленуіне және дұрыс парықталуына қолдау көрсетіп, ғылыми бағыт-бағдар сілтеп отыру әлдеқайда пайдалы болмақ. Осындай қолдаулар көрсету барысында деректану ғылымында қалыптасқан теориялық-әдіснамалық ұстанымдарға табан тіреп отыру қажет.

Қазақтың шежірелік мұрасына қатысты пайымдаулардың түйіні мынаған саяды:

1. Қазақстан тарихын жазу барысында Еуразия көшпелілері туралы, оның ішінде түркі тілдес халықтар жайында жазылған байырғы және ортағасырлық еңбектердің баршасы тілі мен діліне қарамастан қаперде болып, ғылыми сараптан өткен деректер рухани айналымға түсуге тиіс.

2. Еңбектері шежірелік сипатта жазылған, әсіресе, Алтын Орда ұлысынан бергі кезенді тілге тиек еткен төл авторлардың еңбектері Қазақстан тарихы үшін аса құнды дерек көзі болып табылады.

3. Қазақтың фольклорлық мол мұрасындағы (тарихи өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер, шежірелік баяндар, мақал-мәтелдер, т.б.) деректерді өмір шындығымен шендестіре отырып, Қазақстан тарихының мазмұнын байытатын қыруар мағлұмат сүзіп алуға болады.

4. Қазақ хандығы құрылып, қазақ этнонимі орнығып, қазақ ру-тайпалары жаңадан жасақталған кезден бергі уақыт аясында ғұмыр кешкен адамдардың бәрі дерлік шежірелік түзілімге іліккен. Әйгілі тұлғалардың бәрінің дерлік өмір дерегі туралы шежіре баяндары бар. Бұл әлем халықтарының тарихында кездесе бермейтін бірегей рухани феномен. Яғни, қазақ халқының азаматтық тарихын жазу барысында шежіре түпнұсқа дерек көзі ретінде айрықша мән беруді қажет етеді.

3. Этнология және ру-тайпалық жүйе

Ғылымның тарихы, тарихтың тарихы (тарихнама) ұдайы жазылып отыруға тиіс. Онсыз «жалғыз шапқан ат жүйрік» дегендей, жазылған еңбектердің бәрі де кемшілік-қателіктеріне қарамастан «ғылымның жетістігі» ретінде қабылданады. Кез келген ғылыми ой-зерденің өзіндік даму, жетілу, толысу, кемелдену жолының болатыны аян. Мұндай үрдіс қазақ этнографиясына (этнологиясына) да тән. Осы уақытқа дейін қазақ этнографиясына қатысты терең ғылыми-теориялық пайымдаулардан гөрі эмпирикалық материалдардың басымдау болып келе жатқаны рас. Қазақ эт-

нографиясында эмпирикалық материалдарды жинақтауға көбірек мән берудің және ондай материалдарда өмір-салт көріністерін тәптіштеп баяндап жазуға ынталы болудың, ал тегеурінді теориялық және әдіснамалық зерттеулердің қарқын ала қоймауының өзіндік объективті себептері бар.

Біріншіден, қазақ халқы дәстүрлі өмір-салтынан, яғни, қазақ халқын этнос ретінде қалыптастырған дәстүрлі шаруашылық-мәдени типінен кіндік үзгеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Былайша айтқанда, көшпелі өмірдегі аттың жалы, атанның қомында туған адамдар күні бүгінге дейін арамызда жүр. Жүйелік алмасулар кезінде кез келген басы жұмыр пенде өзін адам ретінде қалыптастырған орта мен өмір-салтты тереңірек білетіні, ол білгенін тәптіштеп айтуға бейім болатыны табиғи жағдай. Бұл ретте, пенде шіркіннің аңсары өткен өмірге деген ынтызарлық пен сағыныштан тұрады десе де болады. Яғни, бүгінгі қазақ этнографиясында көз көргенді әспеттеп жазуға ынта-ықыластың мол болуында осындай сыр-себеп бар және бұл мейлінше қолдауға тұратын жағымды үрдіс.

Екіншіден, ғылым атаулының, соның ішінде, әсіресе, этнологияның азығы эмпирикалық материалдар. Этнологияда эмпирикалық материалдарсыз терең ғылыми-теориялық қорытындыларға қол жеткіземін деу, бейнелеп айтқанда, адам болмысын көлеңкесінен тануға талпынғандай әбестік болар еді. Бұл мәселе, әсіресе, белгілі бір ұлттың төлтума болмысын танып-түсінуге қатысты пайымдауларда айрықша ескеруді қажет етеді. Яғни, қазақ этнологиясына қатысты эмпирикалық материалдардың жинақталуына ғылыми-теориялық ізденістердің алғышарты тұрғысында қараған жөн.

Үшіншіден, күні кешегі тәуелсіздік алғанға дейін, кеңестік тотолитарлы-репрессиялық жүйе Қазақстанда этнографиялық зерттеулердің терең теориялық және әдіснамалық деңгейде жүргізілуіне дес бермеді. Ұлт болмысын танып-түсінуге бағытталған кез келген әрекет-талпыныс «ескілікті көксеу», «ұлтты ұлықтау» немесе «ұлтшылдық» ретінде айыпталып, ондай ғалым-зерттеушілер қатаң жазаға ұшырап отырды. Қазақтың қабырғалы тұлғалары М. Әуезовтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, т.б. «ескілікті әсіре дәріптеуші» ретінде айыпталып, қудалауға түскен кезі — елуінші-алпысыншы (XX ғ.) жылдар. Ал, О. Исмағұлов сияқты білікті ғалымның қазақ этнологиясы мен антропологиясына арналған іргелі зерттеу еңбегі күні кеше ғана — сексенінші жылдары (XX ғ.) пышақ астына түсіп туралған болатын. Дәл осындай күйге «Көшпелілер эстетикасы» деп аталатын кітап та ұшырады. Ал, оның Мұрат Әуезов, Сәбетқазы Ақатаев, Едіге Тұрсынов, Әсия Мұхамбетова, Болат Қарағұлов сияқты авторларының ғылыми-теориялық дайындығы кемел, қазақ тарихы мен этнологиясын дамытуға тегеурінді үлес қоса алатын мүмкіндігі мол екеніне ешқандай күмән болмаса керек. Амал қанша, шауып келе жатқан сәйгүлікті қақ маңдайдан соққандай күйге түскенін көз көрді. Әрі-беріден соң, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, С. Қасиманов, А. Жүнісов, Ж. Бабалықов, С. Кеңжахметұлы сияқты қазақ этнографиясының көрнекті тұлғаларының еңбектерінде ғылыми-теориялық ой-тұжырымдардан гөрі, эмпирикалық баяндаулар мен этнографиялық сипаттаулардың (описание) бел алып жататындығын да осындай қисындармен сабақтастыра пайымдаған абзал.

Төртіншіден, күні кеше тәуелсіздік алғанға дейін қазақ халқының тағдыр-тізгіні Ресей империясының қолында болғаны белгілі және империялық өктемдіктің сая-

си-әлеуметтік тұрғыда ғана емес, сонымен бірге ғылым мен мәдениетте де айрықша жытқырлықпен жүргізілгені аян. Әсіресе, социализмнің қағидалары мен ұстанымдарын темірқазық еткен кеңестік идеология тұсында көшпелілер өркениеті, соның аясындағы қазақтың дәстүрлі қоғамы, ол қоғамның төл табиғаты, өзіндік болмыс-бітімі деген іргелі ғылыми-теориялық мәселелер тек қана маркстік-лениндік әдіснама тұрғысында қарастырылуға тиісті еді. Бұл саладағы ғалым-зерттеушілер маркстік-лениндік әдіснаманың тұғыры болып табылатын формациялық ұстанымды ғылымның күмән келтіруге болмайтын жетістігі деп білді немесе ондай ұстанымды басшылыққа алуға мәжбүр болды. Нәтижесінде, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы этномәдениеттің ұлтты ұйыстырғыш қасиеті, дәлірек айтқанда, этномәдениеттің саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, тіптен шаруашылық жүйесіне дейін реттеп отыратын тегеурінді болмысы өзінің объективті ақиқат қалпында ашылмады. Яғни, өзге де қоғамдық ғылым салалары сияқты, қазақ этнологиясы да алдын ала дайындалған (априори) идеологиялық қалыпқа (схемаға) кептелді. Сөйтіп, ғылыми қорытынды дегендері өмір шындығының объективті танымдық түйіні емес, алдын ала дайындалған идеологиялық ұстанымның субъективті-сипалақ (субъективно-комплиментарный) көрінісі ғана болып шықты. Бұл сияқты идеологияланған солақай социологиялық зерде бойынша жалпы көшпелілер қоғамы, көшпелі өмір-салтта қалыптасқан қазақ қоғамы, оның төлтума бітімдегі барша құрылымдық болмысы (экономикалық, идеологиялық, институттық, т.б.) «жабайылықтың көрінісі» тұрғысында парықталды. Мұндай таным-түсініктің зардап-зияны оның түбегейлі қателігінде ғана емес еді, ең сорақылығы — сол қате таным-түсініктің күмән келтіруге болмайтын абсолютті ақиқат ретінде қабылдануында және бірнеше буын ұрпақтың өз тарихынан өзі жерініп, өз болмысын өзі жатсынып тәрбиеленуінде еді.

Сөз жоқ, мұндай рухани нәубет ең алдымен этнологияны тұқыртып, тұралатуға бағытталғаны аян. Ал, қазақ этнологиясының, яғни, қазақтанудың «сиқырлы кілті» — қазақтың дәстүрлі қоғамындағы ру-тайпалық жүйесі болатын. Демек, қазақтың ру-тайпалық жүйесін, ол жүйенің этножасактаушы және этнокіріктіруші рөлін объективті қалпында танып-түсінбей тұрып, қазақ қоғамы туралы ой өрбіту, сыпайылап айтқанда ғылыми солақайлық болар еді.

Этностың қалыптасу жайы мен этногенез мәселесі және оның әдіснамалық алғышарттары ғылым жүзінде біршама қарастырылған. Бұл ретте, алыс шет елді айтпағанда, берідегі Ресейден С.П. Толстов, С.А. Токарев, Б.А. Литвинский, Н.Н. Чебоксаров, Ю.Б. Бромлей, Л.Н. Гумилев, В.Н. Козлов, В.П. Алексеев, Г.А. Федоров-Давыдов, Р.Ф. Итс, В.И. Васильев, В.Ф. Генинг, Ю.В. Павленко, И.Ю. Заринов, Э.Т. Александров қатарлы ғалымдардың, ал Қазақстаннан Ә.Х. Марғұлан, Р.Б. Сүлейменов, К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, К.А. Пищулина, Ж.О. Артыкбаев, Б.Е. Көмеков, Н.Е. Масанов қатарлы ғалымдардың еңбектерін алдымен атауға болады.

Бұл ғалымдардың қай-қайсысы да Кеңес заманында жазған еңбектерінде этногенез проблемаларына қатысты теориялық-әдіснамалық мәселелерді саралау барысында тарихи үрдістерді негізінен таптық және формациялық тұрғыда зерделеуге алдымен мән беріп отырды немесе солай қарастыруға мәжбүр болды. Дегенмен, XX ғасырдың соңғы ширегінен бергі кезеңде этносты қалыптастыратын алғышарт-

тар мен этносты даралап көрсететін айғақ-белгілер туралы байсалды да батыл ой-тұжырымдар айтыла бастады. Осы орайда, тарихи, этнологиялық, антропологиялық зерттеулер мен оның теориялық-әдіснамалық негіздері туралы жасалған ой-тұжырымдардың әр алуандығы назар аударады. Мұның өзі, жалпы этногенез мәселесіне қатысты ізденістерге, бір жағынан, кешенді-сараптамалық сипат дарытса, екінші жағынан, ой-тұжырымдардың әр алуандығы сөз болып отырған проблеманы шешуден гөрі күрделендіре түскен жайы бар. Мұндай ахуал, әсіресе, этноболмысы көшпелі өмір-салтта қалыптасқан және қоғамдық-әлеуметтік құрылымы ру-тайпалық жүйеге негізделген қазақ халқының этногенезін зерделеуге де белгілі дәрежеде әсер-ықпалын тигізді деуге болады.

— Этносты және этникалық даралықты айғақтайтын факторлар туралы жасалған ой-тұжырымдарды көктей шолып өтуге болады: — Этносты жасақтауда сол этностың мекен-тұрағы (территориясы) мен әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуының біркелкі болуы шарт (*Р.Ф. Генинг*);

— Этносты оның мәдени-тұрмыстық бірлігі мен сана-сезімінің біртұтастығы айғақтайды, соның нәтижесінде ондай этнос мүшелері өздерінің өзгеден бөлектігін (даралығын) айқын сезінетін болады (*Ю.Б. Бромлей*);

— Этнос дегеніміз әлеуметтік және формациялық құрылымнан тыс, әлеуметтік проблемаға кіріптар болмайтын био-географиялық санат (категория) болса, этногенез дегеніміз — этносфера аясындағы этникалық ұжымның жаңарып-жаңғыруы, ондай жаңарып-жаңғыруларға пассионарлық құбылыстар тұғыр болып отырады (*Л.Н. Гумилев*).

— Этностың жасақталуына белгілі бір әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас себепші болады да, сол тарихи үдеріс барысында этнос болмысы бірте-бірте даралық сипат алады (*Ю.В. Павленко*);

— Орталық Азия халықтарының этногенезінде сырттан қоныс аударып келген халықтар мен ру-тайпалардың әлеуметтік-мәдени ықпалы басым болды, сыртқы өктем күштің саяси билік басына шығуы этникалық үдерістерді реттеуде қуатты фактор бола алды (*Г.А. Федоров-Давыдов*);

— Орта Азия халықтарының тарихы, түптеп келгенде, соғдылықтар, бактриялықтар, хорезімдіктер, массагеттер, сақтар, үйсіндер, эфталиттер, түркілер сияқты осы аймақ тұрғындарының байырғы заманнан бастап бүгінге дейінгі тарихының сабақтастығы болып шығады (*С.П. Толстов*);

— Қазақ даласында тарихи дәуірлерден бері тіршілік жасаған ру-тайпалар бертін келе қазақ елінің іргесін қалауға негіз болды (*Ә.Х. Марғұлан*);

— Этностың қалыптасуына, ең алдымен, табиғи ортаға бейімделген әлеуметтік-экономикалық қатынастар және этникалық ортадағы өзара байланыс үдерісі ықпал етеді (*Р.Б. Сүлейменов*);

— Қазақстандағы түркі тайпалары мен тайпа бірлестіктерінің этникалық интеграциясы ең ертедегі иран тілді және ғұн дәуіріндегі монғол текті тайпаларды өз аясына сіңіріп, VI ғасырдан бергі кезеңде ірі түркі халқы жасақтала бастады... Сөйтіп, қазақ халқының құрылу үдерісі XIV-XV ғасырларда негізінен аяқталды (*К.А. Пищулина*);

— Әлеуметтік қауымдастықтың генезисі белгілі бір мекен-тұрақпен тікелей байланысты, олардың табиғи ортаға бейімделуі барысында өзіндік өмір-салты, мате-

риалдық өндірісі, төлтума мәдениеті қалыптасады... Екі мың жылдан астам уақыт аясындағы көшпелілер өмір-салтының тарихи сабақтастығы сол көшпелілер социумының бірте-бірте этностенуіне (этнизация) себепші болды (*Н.Е. Масанов*);

– Көшпелі өмір-салттың қайнар көзі алдымен қоршаған табиғи орта. Сол ортаға байланысты көшпелі қауымдар белгілі бір шаруашылық-мәдени түр қалыптастырады. Екіншіден, көшпелілер қауымы тек саяси-әлеуметтік құбылыс қана емес, сол ортаға бейімделген, барлық құрылымдық қасиеттері жақсы жетілген этникалық жаралым (организм) құрады (*Ж.О. Артықбаев*). (*В.Ф. Генинг. Этнический процесс в первобытности. Опыт исследования закономерностей зарождения и раннего развития. – Свердловск, 1970. 23-27-беттер; Ю.В. Бромлей. Этнос и этнография. – Москва, 1973. 37-бет; Л.Н. Гумилев. Этногенез и биосфера Земли. – Москва, 1994. 99-187-беттер; Ю.В. Павленко. К вопросу об условиях формирования этноса и этнических свойств // Методологические и методические вопросы археологии. Сб. науч. трудов АН УССР института археол. – Киев, 1982. 77-бет; Г.А. Федоров-Давыдов. Этнические процессы в VIII-XV вв. Этнос и феодальное государство // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1990. 4-шығарылым, 74-бет; С.П. Толстов. Основные вопросы древней истории Средней Азии // Вестник древней истории. – 1938. №1. 176-203-беттер; Ә.Х. Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985. 352-бет; Р.Б. Сулейменов. Этногенез казахского народа: историография проблемы // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. История и археология. – Москва, 1990. 2-шығарылым. 90-бет; К.А. Пищулина. Қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңі // Қазақстан тарихы. II том. – Алматы, 1998. 287,303-беттер; Н.Ә. Масанов. Этногенез казахов: проблема и метод // Проблема этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. История и археология. – Москва, 1990. 2-шығарылым. 9-10-беттер; Ж.О. Артықбаев. Этнос және қоғам. XVIII ғ. – Қарағанды, 1995. 57-бет; Бұл еңбектерді түзу барысында Г.Е. Сабденованың «Қазақ этногенезінің зерттелуі хақында» деп аталатын мақаласы назарда болды. – «Отан тарихы» журналы, 2005. № 1. 19-26-беттер).*

Этностың қалыптасу жайы мен этногенез мәселесіне қатысты осынау көктей шолып өткен ой-тұжырымдардың қай-қайсысы да, белгілі дәрежеде, қисынды. Бәлкім, жалпылама сипатта айтылған болар немесе аталмыш проблеманың белгілі бір аспектісі ғана қаперге алынған болар, негізінен, келтірілген ой-тұжырымдардан әр тараптылықты аңғару қиын емес. Яғни, қазақ этнологиясына қатысты ізденістер әр түрлі ғылыми көзқарастар типтерінің сыни тәжікесі тұрғысында ғана көрініс тапқан. Нәтижесінде, қазақ этнологиясы туралы пайымдаулар әр тарапты ой-тұжырымдар жиынтығы деңгейінде қалып қойған. Қазақ этносының қалыптасу үрдістерін танып-түсіну жолындағы мұндай ой-тұжырымдар сөз жоқ, әрі қарай нақтылы эмпирикалық материалдарды біліктілікпен жору арқылы объективті-сараптамалық талдаулар жасауды қажет етеді.

Еуразия көшпелілерінің этноәлеуметтік ұйымын танып-түсіну жолындағы ой-тұжырымдардың молдығы мен әр алуан болып келетіндігі соншалық, сайып келгенде, ақиқат шындыққа жетуден гөрі оны күрделендіруге көбірек қызмет ететіндей әсер береді. Бұл ретте, еуроөзімшіл (европоцентрический) ұстанымға әдісна-

малық өзек болған формациялық үлгі де, таптық күрес теориясы да көшпелілердің этноәлеуметтік табиғатын ақиқат қалпында ашып бере алмады. Сондай-ақ, ХХ ғасыр этнологтарының әуезе тақырыбына айналған «қауым», «қауымдастық» туралы айтылған ой-тұжырымдар да, түптеп келгенде, шаруашылық-экономикалық детерменистік идеяның жаңғырығы екенін пайымдау қиын емес (*Н. Масанов. Кочевая цивилизация казахов. — Алматы, 1999, т.б.*).

Рас, қазақта «Ауыл болсаң — қауым бол», «Қауымдасып-қауғаласып тірлік құр», «Қауым болды», «Бір қауым ел», т.б. деп келетін тұрақты тіркестер бар. Алайда, қауым болуды, қауымдасып тіршілік құруды әсте дербес әлеуметтік жаралым тұрғысында қарастыруға болмайды. Бұл — көшпелілердің өмір сүру қалпына сай келмейтін ұстаным. Басқасын былай қойғанда, әрбір ру-тайпа жыл құсы сияқты мәңгілік көктемге ілесіп көшіп-кону барысында (бұлай ету көшпелілер үшін өмір сүрудің бірден-бір кепілі) жолшыбай толып жатқан ру-тайпалардың жер-суын көктей өтуіне тура келеді. «Адайдың төрт болыс елі жыл сайын кем дегенде 2800 шақырым көш жолынан өтетін болған» (*С.Е. Толыбеков. Кочевое общество казахов в XVII — начале ХХ вв. — Алматы, 1971. 321-бет*). Сондықтан да көшпелілер «Күн ортақ, ай ортақ, көш жолы ортақ», «Жер Құдайдікі», «Құдайдың жері», «Қара халыққа хан ие, қара жерге халық ие» ұстанымын Тәңірлік қағидаға балаған. Осының өзі-ақ көшпелі өмір-салттағы қауымның дербес әлеуметтік жаралым ретінде өмір сүруінің мүмкін еместігін пайымдатады. Сөз жоқ, көш-кон барысында ру-тайпалар әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мың-сан үлгідегі аралас-құраласқа түсіп, оның бәрі де әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік, жөн-жобалық, жол-жоралық үрдістермен реттеліп отырған. Осындай үрдістердің арқасында шапқыншылық, жұт, індет сияқты нәубетке ұшыраған ру-тайпалар көршілес-туыстас ру-тайпалардың қолдау-көмегіне ие болған («Бір үй ашықса — бүкіл ауылды жұтатады, бір ауыл ашықса — бүкіл елді жұтатады»). Әлихан Бөкейхановтың: «Шаруа баққан ауыл сияқты, қауымдық ауыл тобы да рудың қамқорлық-қолдауы арқылы пайда болған және рулық байланыстарға арқа сүйеп отырады», — деуі де сондықтан (*Ә. Бөкейхан. Таңдамалы. — Алматы, 1995. 70-бет*). Бұл ретте, жеті атаға дейін қыз алыспау ұстанымының арқасында исі қазақтың бір-бірімен құда-құдандалы, нағашылы-жиенді, жекжат-жұрағат болып жататыны да және мұндай қарым-қатынас салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жоба түрінде көрініс тауып, оның өзі құқықтық норма деңгейінде ықпал етіп отыратыны да белгілі. Мұның сыртында ұран-таңбасын белгілеп, еншісін алып, жеке шығатын әрбір рудың жаугершілік кезінде қол-қосын шығаратын, дау-дамай кезінде би шығаратын, әр түрлі ауыртпашылық кезінде қарашығын бөлетін, жылу жинайтын, тіптен селдіреп-әлсіреген аталар мен рулардың басқа бір іргелі руға қосылып кететін, сондай-ақ ру мен ру қырбай болса еншілес етіп араластырып жіберетін немесе балаларын алмастыратын дәстүрлері тағы бар. Міне, мұның бәрі де қазақтың дәстүрлі көшпелі өмір-салтында «бөлек үй», «оңаша ауыл», «жеке ата», «дербес әлеуметтік жаралым» дегеннің мейлінше шартты ұғым екенін білдіреді. Бұл тұрғыдан келгенде дәстүрлі өмір-салттағы қазақтар үшін қауымдастар арасындағы мың-сан байланыстардың түпкі нәтижесі біртұтас этномұратты орнықтыруға қызмет етеді. Осы тұста, дәстүрлі қазақ қоғамындағы қауымдасу мен басқа халықтар өміріндегі қауымдасулардың арасында бір-біріне мүлде ұқсамайтын, ұқсауы мүмкін

де емес айырмашылықтардың бар екенін айрықша ескеру қажет. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамы пайда болған экожүйе (тарихи алғышарт) бөлек, ол экожүйеге бейімделген өмір-салт (шаруашылық-мәдени типі) бөлек, ол өмір-салтты орнықтырған қоғамдық қатынас нормалары бөлек. Демек, басқа тарихи ортада қалыптасқан қауымдастықтар туралы жазылған ой-тұжырымдарды әмбебап ғылыми үлгі тұрғысында қабылдап, оны дәстүрлі қазақ қоғамын танып-түсінудің және жорудың құралына айналдырамын деген талпыныстардың қателікке ұрындыруы бек мүмкін («Енші институты» тараушасын қараңыз).

Әлбетте, қазақтың ру-тайпалық жүйесін, оның этноәлеуметтік құрылым қалыптастыратын табиғатын барша шындығымен танып-түсіне қою, анау айтқандай оңай шаруа емес. Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы ру-тайпалық жүйе, түптеп келгенде, сол қоғамдағы ұйымдық-құрылымның ғана емес, ең бастысы, барша этноболмыстың киелі тұғыры болып табылады. Көшпелілер әлемін танып-түсіну үшін адам мен адамның, адам мен қоғамның, адам мен табиғаттың арақатынасын өзара тығыз байланыстағы тарихи үдеріс тұрғысында қарастыру шарт. Яғни, көшпелілер өміріндегі өзара үндескен генеалогиялық, әлеуметтік-саяси және мекен-тұрақтық байланыстар түптеп келгенде, біртұтас этноәлеуметтік ұйым болып табылады. Мұндай этноәлеуметтік төлтума ұйымның ұйытқысы әрі іргетасы ретінде ең алдымен ру-тайпалық жүйеге басымдық сипат беру қажет. Әрі-беріден соң, көшпелілер мемлекеттігіндегі төлтумалықты да (самобытность) осы ұстанымдармен сабақтастыра танып-түсінуге болады. Себебі, ру-тайпалық жүйе көшпелілер өмір-салтының алтын арқауы, қоғамдық қатынастарының берік тұғыры. Көшпелілердің қоғамдық, экономикалық және саяси өмірлерінің барлық қырлары ру-тайпалық құрылымдармен тығыз байланысып жатады. Бұл ретте, ру-тайпалық жүйеге көшпелілер мемлекеттігінің төлтума сипатын айғақтайтын бірден-бір негіз ретінде ден қойған абзал. Белгілі этнолог С.А. Арутюновтың ой-тұжырымы бойынша этносты ұйыстыратын негізгі факторлардың бірі — белгілі бір әлеуметтік ортада қалыпқа түскен этноакпараттық өріс (этноинформационное поле) болса, дәстүрлі қазақ қоғамы үшін ондай этноакпараттық өрістің ұйытқысы да, тұғыры да ру-тайпалық жүйе болды (С.А. Арутюнов, Н.Н. Чебоксаров. *Передача информации как механизм существования этносоциальных и биологических групп человечества. — Расы и народы. — Москва. 2-шығарылым. 19-29-беттер*). Былайша айтқанда, қазақтың ру-тайпалық жүйесі мен оның ішкі құрылымдары қазақ этногенезінің күре тамыры, этностың барша болмысын айғақтайтын әлеуметтік-ұйымдық жаралымның ұйытқысы болып табылады.

Осы орайда, жалпы этножаралымға және оның төлтумалығына негіз болатын ең мәнді тетіктердің бірі ретінде этнос жадының біртұтастығы деген мәселеге назар аударуға болады. Кез келген этнос әрі төлтума қасиеті айқын, әрі қоғамдық-әлеуметтік жарасымы орнықты болу үшін біртұтас акпараттық өріс аясында өмір сүруі шарт. Біртұтас акпараттық өріс этнос жалын тұтастандырып қана қоймайды, сонымен бірге, этноидеалдың да тұтастануына себепші. Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотолтумалығы да дүбәралана бастайды. Ал, этнос мүлде өлімге бойсұнғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады. Этнос тағдырына қатысты көзге көрінбейтін, кейде бақылап-пайымдауға бір адамның өмірі де жете

бермейтін осы бір күрделі де нәзік үдеріске айрықша сезімталдықпен қарау қажет-ақ. Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек (*Бұл мәселеге қазақ ұлты мен мемлекетін жасақтаған ақылмандардың қалай мән бергені туралы «Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз*).

Қазақтың ру-тайпалық жүйесі арқылы қалыпқа түскен ақпараттық кеңістік этноәлеуметтік жаралымның біртұтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық идеалды бір нысанаға бағыттауға ықпал етті. Нәтижесінде, көшпелі өмір-салт жағдайында аса ілкімді болатын этноақпараттық өріс наным-сенім, салт-дәстүр, ырым, жөн-жоба, жол-жора, тиым, мораль, этика, тұрмыстық мәдениет, өнер сияқты қоғамдық құндылықтарды бір ізге түсіріп, әлеуметтік ортаға этникалық даралық дарыта алды. Бұл ретте, тарихтың зұлмат кезеңдерінде қазақ халқының төлтума болмысын сақтап қала алуының басты себепшісі ретінде этноақпараттық өрістің ұлтты ұйыстырғыш ықпалының мейлінше тегеурінді болғанын атап өткен жөн.

Көшпелі қазақтар арасындағы этноақпараттық өрістің негізгі арқауы — рулық-туыстық жүйе. Былайша айтқанда, рулық-туыстық байланыстар біртұтас этноақпараттық өріс қалыптастырып отырған. Мұндай жағдайда өзін белгілі бір ру-тайпаның бір бөлшегі ретінде сезінетін әрбір көшпелі қазақ өзінен-өзі біртұтас этноақпараттық өрістің субъектісіне айналады. Содан да болу керек, әрбір көшпелі қазақ тұтас ұлт пен қоғам аясындағы өзінің жауапкершілік сезімін әсте суытпаған. Ш.Ш. Уәлиханов айтқандай: «Алаш!» — десе болды, исі қазақтың дүрк көтерілуі сол жауапкершіліктің айғағы. Мұның өзі әрбір көшпелі қазақтың ұлт пен қоғам аясындағы азаматтық құқын да орнықтырып отырған. Нәтижесінде көшпелі қазақтардың ұжымдық санасы (*К.Г. Юнг*) кез келген отырықшы шаруалармен салыстырғанда анағұрлым сергек болған (*Ч.Ч. Валиханов. Заметки по истории южно-сибирских племен. — Собрание сочинений в пяти томах. 1-том. — Алматы, 1961. 390-бет*). Осы орайда, шежіре дерегіне жүйрік болу әрбір көшпелі қазақ үшін өмірлік қажеттілік екенін атап өткен жөн. Яғни, тұтас ұлт деңгейіндегі рулық жүйені біліп, шежірелік деректерден хабардар болуды әрбір көшпелі қазақ тұтас ұлт пен қоғам өмірін танып-білудің және орныққан әдет-ғұрып пен салт-дәстүр бойынша өмір сүрудің алғышарты деп білген. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында шежірешілдік дәстүр институттанған мазмұнға ие болған деуге негіз мол.

Көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамының құрылымдық бірлігі (структурная единица) ру-тайпаға негізделген. Мұндай қоғамда әрбір адамның мал-мүліктік және әлеуметтік әлеуеті ру-тайпа аясындағы алар орнына ғана байланысты емес, сонымен бірге сол ру-тайпаның қарым-қуатына да тікелей байланысты болған. «Жігітке бақыт та онай, дәулет те онай, Егерде қабырғалы болса халқы» деген сөзді Кердері Әбубәкір осындайда айтса керек. Іргелі, әлеуетті ру-тайпалардың мерей-мәртебесі ел ішінде қашанда еңселі болып отырған. Яғни, көшпелі ру-тайпалардың ұдайы толысып-кемелденуге ұмтылып отыруы олардың түпкі мұраты, өмірлік арман-аңсары (идеалы) болған. «Көпте Құдайдың рахманы бар» деп келетін мәтел сөз қоғамдық арман-аңсарды да білдіреді. Көшпелі өмір-салтты бастан кешкен исі түркі халықтарының тарихы, соның ішінде қазақ халқының да тарихы, түптеп келгенде, ру-тайпалардың ұдайы өзара бәсекелесе даму үрдісінен тұрады. Мұндай жағдайда әрбір адамның барша тіршілік-тынысы ру-тайпа өмірімен біте қайнасып жатуы

занды. Бұл ретте, әрбір адам ата-тек шежіресіне жүйрік болу арқылы қоғамдық өмірде өзін еркін сезініп қана қоймаған, сонымен бірге сол қоғамның бір мүшесі екеніне кәміл сенген. Былайша айтқанда, өзінің ру-тайпасымен, ру-тайпасы арқылы тұтас ел-жұртпен бірге ішкен удың өзі ол үшін өмірдің заңындай табиғи жайт («У ішсең — руыңмен», «Көппен көрген — ұлы той»).

Ең ғажабы, мұндай өмір-салт пен таным-түсінік бел алған ортада әрбір рубасы, әрбір бай-бағлан, әрбір би-төре руластарына өз жанұясының бір мүшесі ретінде карап, камқорлық көрсетіп, олардың жетістігіне өз жетістігіндей мерейі өсіп, кемшілігі болса өз бойындағы кемшіліктей қорланатын және оған жауапты болатын табиғи психология қалыптасқан. Ондай психологияны қалыптастыратын әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жора, жөн-жоба, моральдық-этикалық нормалар орныққан. Нәтижесінде, көшпелілер қоғамындағы ру-тайпалық жүйе әрбір жеке адамға камқоршы, қорғаушы болып отырған. Яғни, ру-тайпа атаулы өз аясындағы адамдарға пана, жоқтаушы болған және мұндай үрдіс бүкіл қазақ қоғамының әлеуметтік-этникалық дәстүрі мен әдетіне (заңына) айналған.

Рас, мұндай ахуал бүгінгі адамдарға армандай алыс, қиялдай қисынсыз болып көрінуі әбден мүмкін. Алайда, ақиқаты сол. Бұған қазақ шежіресіндегі айғақ-деректердің тарихи-этнологиялық мазмұны (поэтикасы) толық дәлел бола алады.

Ойдың жосығын ұлы Абайдың сөзімен орнықтыра түсуге болады: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ, бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі — ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қаласа, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүгіргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, анар тауға симассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. **Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?** (Астын сызған біз).

Екінші мінезі — намысқорлық екен. Ат аталып аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен, «Өзіне ар тұтқан жаттан зор тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп... «Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды» (Абай. *Отыз тоғызыншы сөз*).

Осы тектес ойды Ресей Генералдық штабының офицері Н.И. Красовский де жазып қалдырған: «Даламен жапсарлас жұрттардың мемлекет дерлік барша қасиет-белгілерін қырғыз-қайсақ (қазақ — А. С.) халқының ахуалымен шендестіруге болмайды... Мәселен, біз Бұхараны бағындырғанда, езгі көрген халыққа деген мүсіркеушілік сезімде болдық, бұл ақиқат шындық еді; ал біздің құзырымыздағы далалық

өңірге қатысты ондай пікірді айта алмас едік, себебі, мұнда билеушілердің езгісі деген қазір де, бұрын да мүлде болған емес, сүйкімсіз өкімет дегенді жұртшылық ешқашан сезініп көрмеген» (Н.И. Красовский. *Область сибирских киргизов. Ч.1-3. СПб., 1868; Жүгінім мына кітаптан алынды: Ж.О. Артыкбаев. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. Санкт-Петербург, 2005. 224-бет).*

Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір жеке тұлғаның камқоршы-тірегі тұтас ру болса, сол әрбір жеке тұлға да ру намысын өз намысындай қорғап, ру өміріне қатысты істерге де өзгелермен бірдей жауапты болған. Сондықтан да дәстүрлі қазақ қоғамында ру мен ру арасында адам шығыны болған жағдайда оған кінәлі жеке адам ғана құныкер болып қоймайды, сол рудың кез келген басқа мүшесі де құныкер болып есептелген (*Шешендік сөздер. Құрастырып алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. — Алматы, 1967. 122-124-беттер*). Сол сияқты, бір рудан екінші руға ұзатылған қыз, келін болып түскен жұртынын, яғни, сол рудың түпкілікті бір мүшесіне айналған («Әйел ерден кетсе де елден кетпейді» — қазақ мәтелі). Осы сияқты салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жол-жоралар, жөн-жобалар жеке ру аясындағы ғана емес, тұтас қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани ішкі реттіліктің (саморегуляция) ең пәрменді тетігі болған. Бұл ретте, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, жол-жоралары, жөн-жобалары ең алдымен елдіктің ережесі және ұлттықтың идеологиясы тұрғысында зерделенуге тиіс. Яғни, қазақ ұлты сияқты біртұтас этноәлеуметтік жаралымды дәстүрлі қалпында қалыптастырған ең пәрменді тетік те оның салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, жол-жоралары, жөн-жобалары деген сөз.

Сөз жоқ, бұл сияқты қоғамдық қарым-қатынастың орнығуы, ең алдымен, кең мағынасындағы этномәдениеттің төлтумалығын қалыптасырады. «Қазақ рухы», «қазақ болмысы», «қазақ ділі», «қазақ мәдениеті» деп келетін этнотөлтумалықтың да бастау тегі сол қоғамдық қарым-қатынастың тұғыры болып табылатын ру-тайпалық жүйемен және онымен орайлас қалыптасқан салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен тікелей байланысты. Қазақ қоғамы үшін ру-тайпалық жүйе біртұтас этноәлеуметтік құрылым болып қана қоймаған, ең бастысы, біртұтас этноұжымдық сана-сезім қалыптастырудың да жанды тетігі болған. Байтақ қазақ даласының бір шеті мен екінші шеті төрт-бес мың шақырым болатын алабын өз мекенім деп қорғап, қияндағы қанды шайқастарға қасқайып кірген Қабанбай, Бөгенбай, Әбілқайыр, Керей, Жәнібек, Шақшақ Жәнібек, Қарасай, Байғозы, Райымбек, Наурызбай, Баян сияқты батырлардың ерлік істерін басқаша уәжбен жорудың еш қисыны жоқ.

«Баянаула, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ
Арасы толған көп қалмақ,
Қалмақты қуып қашырдың.
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың!
Ақшәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жиып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың?»

Қабанбай мен Бөгенбай

Арғын менен найманға

Қоныс қылып қалдырдың!»

(Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. Бірінші том. — Алматы, 1984. 85, 86-беттер).

Этнос болмысын барша ақиқат қалпында танып-түсіну, яғни, объективті этнологиялық зерде қалыптастыру қай кезде де оңай болмаған. Бұл жағдай саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани экспансияны бастан кешкен этностарға қатысты тіптен күрделі. Себебі, сыртқы өктем күштің ықпалына тап болған этнос атаулы ең алдымен өзінің табиғи даму жолы мен өмір-салтын өзгертуге мәжбүр болады. Мұндай тағдырға тап болған этнос мүшелері аз уақыт аясында дүбәраланып (маргиналданып), олардың санасында жаңсақ мәдени стереотиптер мен псевдосараптамашылдық (псевдоанализм) бел алып жатады. Өкінішке қарай, қазіргі қазақ этнологиясында дәстүрлі мәдениетке (кең мағынасында) қатысты әрі өзімшіл, әрі жаңсақ пайымдаулардың етек алып бара жатуында осындай сыр-себеп бар және бұл үрдіс айрықша аландатады. Мұндай үрдіс, әсіресе, дәстүрлі руханияттан кіндік үзген, төлтума мәдениеттің уызына жарымаған, тағдыр-талайы дүбәралыққа тап болған кейбір топтардың немесе жеке ізденушілердің шығармашылығына тән. Олар, әдетте, өз ұғым-түсінігіндегі себеп-салдарлық (этиологиялық) клишелерді халық болмысына зорлап таңып, тыңнан үлгі жасақтамақ болып (сконструировать модели), ол үлгінің ішкі құрылымын саралағансып, сонсоң ондай үлгі мен құрылымға ұрымтал терминдер (тірек сөздер — тезаурус) ойлап тапқансып, яғни, тың әдістеме мен әдіснамаға табан тірегенсіп тыраштаныны, нәтижесінде дәстүрлі мәдениеттің табиғатын объективті қалпында танып-жору былай тұрсын, қайдағы-жайдағы жаңсақ ой-тұжырымдарға ұрынып, мифологиялық ми батпаққа белшесінен бататынын көз көріп жүр.

Осы ретте, отаршылдық кездегі тоталитарлы режимді бастан кешкен қазақ жұртының тәуелсіздік алғаннан кейін шыншыл тарихын білуге деген ынтасының айрықша жоғары болғанын атап өткен жөн. Мұның өзі, бір жағынан, табиғи да жағымды үрдіс болғанымен, екінші жағынан, объективті шыншыл тарих жазудың амал-әдістерінен бейхабар бопсашыл тарихшылардың дүркіреп шыға келуіне де себепші болды. Олар халықтың киелі тарихын тым қарабайырлап, сандырақтағанымен (обсурдизация) қоймай, «сан ғасыр бойы сандық түбінде сақталып еді» деген желеумен қиялға бергісіз жалған (фальсифицированный) жазбаларды жарқыратып басып шығара бастады. Ондай жалған жазбалар, әдетте, ру-тайпаның ғана мерей-мәртебесін дәріптеуді нысана етті.

Бұл жерде, мәселе, әлдекімдердің жаңсақ-жасанды ой-жосықтарында емес. Мәселенің мәні, ондай жаңсақ-жасанды ой-жосықтар өзінің ғылымсымақ сипатымен қарапайым жұртшылықтың назарын аударып, сол жұртшылықтың төл болмысы туралы қате ұғым-түсінік қалыптастыратынында болып отыр. Мұндай «дерт» ХХ ғасырдың соңғы ширегінен бергі кезеңде қазақ тарихы мен этнологиясына арналған еңбектерде төбе көрсете бастады. Әсіресе, бөгде жұрттардың немесе бөтен ортаның болмысын танып-түсінуге қолданылған әдістемелер мен әдіснамаларға көзсіз еліктеуді әуезе көрушілік немесе оған әмбебаптық сипат берушілік етек алып, нәтижесінде дәстүрлі мәдениеттің төл болмысына тәнік (аналог) емес ой-жосықтар айтыла бастады. Дәстүрлі мәдениеттің түпмәтініне (контекст) қайшы келетін қияли жорулар жасала бастады.

Этнографиялық немесе фольклорлық айғақсымақтарды қиыннан қиыстырған псевдосараптамалар туындай бастады... Бұл жолда халықтың өзі туралы өзі қалыптастырған түбірлі (аутентичный) ұғым-түсініктер тәрк етілді немесе қаперге алынбады.

Әрине, қазақ этнологиясын зерттеудің проблемаларын саралау өз алдына бөлек мәселе және арнайы бажайлауды қажет етеді.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, қазақ этнологиясындағы келенсіздіктерге отаршылдық кезіндегі жойдасыз (тотальный) рухани экспансияның да, дәстүрлі өмір-салттың аз уақыт аясында зорлықпен өзгертілуі де, коммунистік идеологияның ұрдажық солақай ұстанымдары да, ең соңында төлтума мәдениет айғақшыларының (этнофора, носитель) селдіреуі де себепші болғаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы айтқандай «Бұл күнде алай-түлей, ұйқы-тұйқы аласапыран заман болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер шала-шарпы білгенінен айырылып қалды» (*Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. Қазақ тарихы. 8-том. – Павлодар, 2006. 62-бет*). Сайып келгенде, қазақ топырағында төл этнологиялық мектептің қалыптаса алмай келе жатуының осындай сыр-себептері бар.

Бұл ретте, жалпы этнологиялық зерде ғана емес, соның аясында қазақтың шежірешілдік дәстүрі де қағажу көріп, тіптен ол туралы жаңсақ немесе кері мағыналы ұғым-түсініктердің төбе көрсетіп жүргенін атап өту қажет. «Шежіре – күні өткен рулық қоғамның жұқанасы (рудименті)» деп келетін немесе «Шежірешілдік – қазақ ұлтын ұйыстырудан гөрі ыдыратуға себепші дәстүрлердің бірі» деп келетін жаңсақ ұғымдар мен қауесеттердің біраз жұртшылықты иландырып келе жатқаны да рас.

Алайда, қазақтың шежірешілдік дәстүрі туралы ақиқат шындық мүлде басқаша.

Айрықша қаперде болатын ғылыми-теориялық ұстаным бар, ол – кез келген әдістемелік және әдіснамалық пайымдаулар зерттеп отырған объектінің барша шындық-болмысына тәнік болса ғана оң нәтиже береді. Былайша айтқанда, әдістемелік және әдіснамалық пайымдаулар зерттеп отырған объектінің барша ақиқат-болмысымен шендесіп жатуға тиіс. Онсыз, алдын ала дайындалған немесе басқа бір тарихи-әлеуметтік ортаны танып-түсінуге қолданылған әдістеме мен әдіснамаға иек сүйеу – көлеңкеге тон пішкендей әбестік болмақ. Бұл ретте, әдістеме мен әдіснама дегеннің өзі, түптеп келгенде, зерттеп отырған объектінің барша шындық болмысымен біте қайнасып, өзара орайлас болуы қажет.

Бір шындықтың басы ашық, қазақ қоғамын жасақтаушы ақылмандар қандай қоғам жасақтайтынын жақсы білген. Жақсы біліп қана қоймаған, сол қоғам аясында жаңадан түзілген ру-тайпалық жүйенің де, жаңадан енгізілген әдет-ғұрыптардың да, салт-дәстүрлердің де, жол-жоралардың да, жөн-жобалардың да қандай нәтиже беретінін, сол нәтиже барысында қазақ қоғамының қалай ұйысып, қалай жарастықты тіршілік құратынын да қапысыз анықтай алған. **Көшпелі өмір-салттағы өмір-тіршіліктің катал талғам-талабы әдетте түйсікке, болжамға, наным-сенімге негізделген иррационалды бастауларды тәрк етіп, нақтылы өмір-тіршілік мұқтажымен санасуға мәжбүрлеп отырған.** Түптеп келгенде, дәстүрлі қазақ қоғамының нақтылы өмір-тіршілік мұқтажымен санасуға негізделуі, ең алдымен, оның болмысына өмірлік прагматизмнің тұғыр болғандығын білдіреді. Көшпелі өмір-салттағы дәстүрлі қазақ қоғамының ақиқат болмысы оның өмірлік мұқтаждықтан туындайтын әрекет-тірлігін айқындау арқылы ғана парықталады. Бұл ретте, көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамының барша болмысын

белгілі бір функциялық ұстаныммен орайлас қалпында ғана танып-түсінуге болады. Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамының төл ерекшеліктерін танып-түсіну үшін кез келген құбылысқа қоғамдық қажеттіліктің салдары тұрғысында ден қою қажет. Мұндай әдіснамалық ой-тұжырымды басшылыққа алу арқылы дәстүрлі қазақ қоғамының іргетасы болып табылатын ру-тайпалық жүйені де объективті қалпында танып-түсінуге жол ашылады. Бұл ретте де, ру-тайпалық жүйемен сабақтасқан өмір-тіршіліктің барлық саласында ұдайы рационалды-прагматиктік бастаулардың үстем болып отыратындығына алдымен назар аудару қажет. Дәстүрлі қазақ қоғамының ру-тайпалық институттары, сол институттармен тікелей сабақтаса қалыптасқан идеологиясы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, жол-жорасы, жөн-жобасы, моральдық-этикалық нормалары, тіптен, тәңіршілдікті арқау еткен наным-сенімдеріне дейін, ақиқатында, қатал табиғат аясындағы өмір үшін күрестің нақтылы көрінісі болып шығады. Былайша айтқанда, көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамының барша тіршілік-тынысына алдымен нақтылы өмір мұқтажына бейімделудің амал-тәсілдері негіз болып отырған. Бұл ретте, әрісі Еуразия көшпелілерінің әлемін, берісі дәстүрлі өмір-салттағы қазақ қоғамын жорып-түсіндіруде діни-мистикалық себеп-садарлармен шендестірген ой-жосықтар әдетте нақтылы өмір шындығына тәнік бола бермейді. Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамы мен өмір-салтына арналған еңбектердегі мифтік-поэтикалық немесе иррационалды жорулардың басым көпшілігі, айғақ-дерегінің молдығы мен қисындылығына қарамастан, сын көзімен қарауды қажет етеді.

Қазақ хандығының тағдыр-тізгінін ұстаған ақылман азаматтар ең алдымен ілгерідегі тарихи-қоғамдық тағылым мен нақтылы өмірлік тәжірибені басшылыққа алып отырған. Демек, дәстүрлі қазақ әлемін жорып-түсіндіруде қайдағы-жайдағы мифтік бастаулар мен діни-мистикалық наным-сенімдерге аландаудан гөрі нақтылы өмір мұқтажынан туындаған қисындарға табан тіреу арқылы объективті ғылыми ақиқаттың жалына қол тигізуге болады.

Осы тұрғыдан келгенде, дәстүрлі қазақ қоғамын танып-түсінуге бағытталған ең бір объективті деген ғылыми сараптамалық зерде мен әдіснамалық ұстаным атаулы өзінен-өзі нақтылы өмір шындығының жоруы ғана болуға тиіс. Яғни, нақтылы өмір шындығынан ауытқыған немесе нақтылы өмір шындығын білмей тұрып «дайын» әдіснамалық ұстанымды «қару» еткен кез келген ғылыми ізденіс те өзінен-өзі субъективті жаңсақ жору болып шығады. Мұндай ойдың жосығы, ең алдымен, зерттеп отырған объект туралы эмпирикалық материалдардың мейлінше мол болуын, сонан соң ғалым-зерттеушінің зерттеп отырған объектісі туралы жан-жақты хабардар болуы қажеттігін пайымдатады. Сонда, ең бір «күдірет» әдіснама дегеніміздің өзі өмір шындығын объективті қалпында жорып-түсіндіруден басқа ештеңе емес екеніне көзіміз жетеді. Әлгі, әдіснамаға арқа сүйеп те немесе оған аландамай-ақ күдіретті болуға болады деген ойды неміс ғалымы Н.Гартман (1882-1950) осындайда айтса керек.

4. Түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер

Еуразияның Ұлы даласы деп аталатын, шығысында Хинган таулары мен батысында Карпат тауларының арасында керіліп жатқан байтақ алаптың кіндік мекені —

Қазақ даласы. Кіндік мекен деген ұғымды қолдануға, біріншіден, Ұлы Даланың ең енді тұсы Қазақ даласы екені айғақ болса, екіншіден, тек қазақ халқының ғана өзімен тектес түркі халықтарымен шекараласатыны дәлел бола алады. Ал, Қазақ даласы деген ұғымға солтүстігінде – Батыс Сібір ойпатының, оңтүстігінде – Амудария мен Сырдария алабының, шығысында – Алтай, Еренқабырға, Сауыр, Тарбағатай сияқты тау сілемдерінің, батысында – Каспий, Еділ, Дон ойпатының ортасындағы географиялық аймақты жатқызуға болады.

Міне, осы ұланғайыр аймақта жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардан бастап XX ғасырға дейін көшпелі өмір-салт салтанат құрды. Экстенсивті мал шаруашылығы мен интенсивті жер шаруашылығының үйлесім табуы, металл өндіру кәсібінің дамуы, төрт түлік мал мен киіз үйді ілкімді көш-конға мейлінше ұрымтал пайдалана білуі, әсіресе, төл сипатты мемлекеттік құрылымға ру-тайпалық жүйені негіз ете алуы – Еуразия аймағында отты қару бел алғанға дейін (XVIII ғ.) көшпелілердің ең әлеуетті күш болып қалуын қамтамасыз етті. Тарихшылар айтқандай, төңірегіндегі ел-жұрт үшін «көшпелілер Тәңірдің дырау қамшысы болды».

Табиғатпен санасуды өмір сүрудің кепіліне айналдырған көшпелілердің әлеуметтік өмірі ұдайы қатал сұрыптаулардан өтіп отырған. Нәтижесінде, соңғы екі-үш мың жыл аясында Қазақ даласынан жиырмаға тарта мемлекеттік жаралымның бой көтергенін байқауға болады. Сак, Үйсін, Қаңлы, Ғұн, Түркі, Ұйғыр, Қырғыз, Хазар, Бұлғар, Ауар, Түркеш, Қарлық, Қимак, Қыпшақ, Қарахан, Салжұк, Керей, Найман, Моғол, Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ хандығы сияқты дәулет, ұлыс, қағанат, ел, хандық, сұлтандық, орда, әулет (страна, держава, империя, государство, царство, княжество, отечество, династия) деп аталған мемлекеттік жаралымдар Қазақ даласындағы этносаяси, этноәлеуметтік және этномәдени үдерістердің мыңдаған жылдарға созылған сабақтас тарихын құрайды.

Осынау, тарихи-әлеуметтік ұлы сұрыптауларды бастан кешкен мемлекеттік жаралымдар аясындағы соңғы түзілімдердің бірі деп Қазақ хандығын, оның құрамындағы ру-тайпалар бірлестігін, сол ру-тайпалардың ұйысуынан пайда болған қазақ ұлтын атаған жөн. Яғни, қазақ халқының тарихы өзінен-өзі Қазақ даласын есте жоқ ескі заманнан бері қоныс-тұрақ еткен ру-тайпалардың тарихы болып шығады. Былайша айтқанда, ру-тайпалық жүйенің пайда болу, қалыптасу жолдарын және сол ру-тайпалық жүйе аясындағы нақтылы ру-тайпалардың пайда болу, дәуірлеу немесе құлдырау тарихын объективті қалпында түбегейлі танып-түсіну арқылы ғана қазақ халқының шыншыл тарихы туралы сөз қозғауға болады. Бұл ретте, қазақ халқының тарихы ең алдымен рулар мен тайпалар тарихын зерделеу арқылы ғана түсіндіріледі. Ал, Қазақ хандығының (мемлекеттігінің) тарихы рулар мен тайпалардың өзара кірігуі барысында қалыптасқан ішкі және сыртқы саяси-әлеуметтік үдерістердің нәтижесі болып шығады.

Қазақ халқын жасақтауға қатысқан ру-тайпалар сөз болғанда «түркі» («түрік») атауын түпкі тектің жиынтық атауы ретінде қолдану тарих ғылымында қалыптасқан үрдіс.

Бүгінгі қолданыстағы «түркі» сөзі тарихи дерек көздерінде «tharakos», «apax-tark», «турукha», «турук», «ту-кю», «ту-кюе», «тиоркит», «торк», «турок», «төрік», «түрүк», «түрік», «түрк», «түркі», т.б. болып әр түрлі аталып та, жазылып та келе жатқаны белгілі (*И. Кафесоглу. Түрк тарихы. – Анкара, 1992; Фиридун Агасыоглу. Азер*

халгы (сечмә иизылар). — Баку, 2000; К. Патканов. Из нового списка географии, приписываемой Моисею Хоронескому. — Журнал министерства народного просвещения. — 1883, наурыз айы; М. Қашқари. Түрік сөздігі. Үш томдық. — Алматы, 1997-1998; Н.Я. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Үш томдық. — Москва-Ленинград, 1950-1953; Л.Н. Гумилев. Древние тюрки. Екі томдық. — Москва, 1999).

Тарих толқынында түркі тектес халықтар да сан-сапалақ сыннан өтіп, ұдайы этникалық, этноаумақтық және саяси-әлеуметтік өзгерістерді бастан кешкені де аян. Талай рет этносаяси және ұлттық-мемлекеттік атаулары да алуан түрлі өзгерістерге ұшырады. Арғы тарихты былай қойғанда, ХІХ-ХХ ғасырлар аясында «татар-монғол», «түркі-монғол», «Қырым түркілері», «Қырым татарлары», «Осман түркілері», «Сібір татарлары», «Минусин татарлары», «якуттар», «қара қырғыздар», «қырғыз-қайсақтар», т.б. деп келетін, негізінен сырттан таңылған этнонимдер (экзоэтнонимдер) ғылыми және саяси тұрғыда нақтылана бастады. Осы кезде, дәлірек айтқанда, 1923 жылы орыс ғалымы А.Н. Самойлович «турок» («түрік») сөзін түрік ұлтына қатысты, ал «тюрк» («түркі») сөзін түркі тілдес халықтарға қатысты қолдану жөнінде ұсыныс жасады (А.Н. Кононов. История изучения тюркских языков в России: Доктябрьский период. — Екінші басылым. — Ленинград, 1982. 17-бет). Бұл ұсыныс дүниежүзі түркологтарының, соның ішінде қазақ ғалымдарының да арасында қолдау тауып, сол кезден бастап қазақ тілінде «түрік» деп бұрынғы Осман түріктерін, ал «түркі» деп исі түркі тілдес халықтарды атайтын дәстүр қалыптасты. Мұндай өзгерім тек қана тілдік-ұғымдық оңтайлылыққа байланысты емес, сонымен бірге түркі тілдес халықтардың тарихи тағдырындағы этникалық даралануына және саяси-әлеуметтік жіктелуіне қатысты да қажеттіліктен туындағанын атап өткен жөн. Оның үстіне байырғы түрк (түрік) тілі мен бүгінгі түркі халықтары тілінің арасында фонетикалық та, мағыналық та елеулі айырмашылықтың қалыптасқаны белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде де байырғы замандағы бір ғана тайпаға қатысты қолданылған «түрік» сөзінің бүгінгі ахуалда өз алдына дараланған ондаған халықтың этнотектестігін білдіретін мағынада «түркі» деп қолданылуын тарихи қажеттілік ретінде мойындаған абзал.

Қазақтар «түркі» атауын өзіне қатысты ру-тайпаға теліп ешқашан қолданған емес. Алайда, бүгінгі түркі тілдес халықтарды, соның ішінде қазақтарды да жасақтауға ұйытқы болған ру-тайпаларға қатысты «түркі», «түркілер», «түркі тілі» деп келетін жинақтаушы мәндегі сөздер мен сөз тіркестері орта ғасырдың өзінде-ақ қолданыла бастаған болатын (М. Қашқари, Ж. Баласағұн, А. Иассауи, Ә. Науаи, т.б.).

Өзге де түркі тілдес халықтар сияқты қазақ халқын да жасақтауға ұйытқы болған түркі тектес ру-тайпаларды әр түрлі тарихи кезендерден шырамытуға болады. Сөз жок, ондай ру-тайпаларды анықтау үшін кең көлемде археологиялық, мифологиялық, лингвистикалық, антропологиялық (әсіресе краниологиялық), этнологиялық тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл ретте, этнолингвистикалық дерек көздерінің бір саласы болып табылатын этнонимикалық (этнонимдер жиынтығы) материалдарға белгілі бір ру-тайпаның тек-тамырын танып-түсіну жолындағы аса маңызды айғақ ретінде қараған абзал. Әсіресе, ру-тайпаларды генеалогиялық және этникалық тұрғыда тектеу барысында олардың төл атаулары (этноним) мен тілдік байланыстарын этимологиялық, лингвистикалық деңгейде саралаудың мән-маңызы зор.

Түркі тектес халықтарды жасақтауға негіз болған ру-тайпаларды және олардың ыдырауы мен кірігу жағдайларын тарихи төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші — байырғы заманнан бастап Түркі Қағанатына дейінгі кезең. Екінші — Түркі Қағанатынан бастап Шыңғыс хан шапқыншылығына дейінгі кезең. Үшінші — Шыңғыс хан шапқыншылығынан бастап Алтын Орданың ыдырауына дейінгі кезең. Төртінші — Алтын Орданың ыдырауынан бастап бүгінге дейінгі кезең.

Бұлайша кезеңдеудің өзіндік қисыны бар. Дәл осы кезеңдерде түркі тілдес ру-тайпалар айрықша тегеурінді тарихи-әлеуметтік сілкіністерге тап болып, этносаяси аласапыран ахуалдарды бастан кешті. Әсіресе, Түркі Қағанатының құрылуы (VI-VIII ғғ.), Шыңғыс хан шапқыншылығы (XIII ғ.), Алтын Орданың ыдырауы (XV ғ.), Ресей империясының этносаяси экспансиясы (XVI-XX ғғ.) сияқты тарихи оқиғалар бүгінгі түркі тілдес халықтардың барлығының дерлік этникалық саралануына тікелей ықпал етті. Сондықтан да осы тарихи кезеңдер аясында көрініс тапқан түркі тектес ру-тайпаларды жіктеп, атап көрсетуге болады.

Әрине, түркі тектес ру-тайпалардың атауын толық қамту мүмкін емес және ондай мақсатты көздеу шарт та бола қоймас. Осы орайда, басқасын былай қойғанда, бір ғана И.Н. Лезина мен А.В. Суперанскаяның еңбегінде жинақталған түркі тектес ру-тайпалар санының 12 мыңдай екені де біраз жайды аңғартса керек (*И.Н. Лезина, А.В. Суперанская. Словарь-справочник тюркских родоплеменных названий. — Москва, 1994*). Бұл жерде, мәселе түркі тектес ру-тайпалардың уақыт пен кеңістік аясындағы атауларын толық қамтуда емес, мәселе сол атаулардың аз ғана бөлігін тарихи елеулі кезеңдер бойынша атап көрсетуде болса керек. Яғни, негізгі мақсат — әр түрлі саяси-әлеуметтік сілкіністер барысында тарих сахнасынан көрініс тауып отыратын ру-тайпаларға назар аудару қажет.

Бірінші, байырғы заманнан бастап, Түркі Қағанатына дейінгі кезеңдегі ру-тайпалар: абдал (эфталы, ақ ғұн), ақатыр (акацир), аргиппей, ас (аз, яс, аш, иш, уз), алан, албан, ангарейон (қанғар), апасиак, апахтарк, аримасп, асана, бард (пард, парфы), би (пи, пей, бей, бек), бұнтүрк, гелон (йылан, жылан), ғұн (һүн, сиунну), дағарма (дагар, тағар), даи, жужан (сусүн), иирк (ийи еркек, ийи ерк), ишгуз, қанғарас, қанғұй (кангюй), қаспый (каспи), қатиар (катиар), қусан (кусан, касан, қазан), күйше (кюше), киммер, коман, құйрық (куирк), құнақсалан (кунаксалан), қуу кіжі (куу кижі), куерік (куэрик), массагет, мың (мин, мән), оноғұр (оногур), паралат, роқсолан, са, сармат, саға (сага), сағадар (сагадар), сағай (сагай), сақ (сак, сака), сақа (саха), сақалыба (сакалиба, саклаб), сәнби (сянби, сюнби), сынды (синды), скиде (орысша — скиф, түрікше — искиит, еуропаша — скит), сколот (сколот), соғды (согды, сугдак, согдак), суар, сумер се (сэ), табғаш (табгач), табыр (тавр, тохар, тагар, дагар, дагарма), тиссагет, тохри, трақ (трак, орысша — фракиец), траспи, тһаракос, турукһа, троя, тұрсақа (турсака), уйд (уд, ас, үт), ұну (уну), үйсін (усунь), фиссагет, қаңғар (хангар), хартеш, қуарас (хварас, һуарас, хорасм), қорасан (хорасан, һуар-ас-сюн), құнұғыр (хунугур, һоногур, оногур), еорпата (эорпата), етұрыс (этриск), т.б. (*М.З. Закиев. Происхождение тюрков и татар. — Москва: Инсан, 2003. 7-бет*).

Екінші, Түркі Қағанатынан бастап, Шыңғыс хан шапқыншылығына дейінгі кезеңдегі ру-тайпалар: адай, алтай кісі (алтай кижі), аз кісі (аз киши), айат, ауар (авар), ал-арыс (ал-ас), аққойлы (аккоюнлы), апшар (афшар), армауыт (армаут), арғу (аргу),

аба (ауа, ава), адье (адай), алаша (алише), барабалы, байлар, байырқу, билер (биләр), бигер, барсыл (барсил), басмыл, берендей, беріш (берч), беренжер (беренджер), бөржіоғлы (бурджоғлу), берсұлы (берсулы), бұртас (буртас), бұджак татары, башқұрт (башгирт), байұндар (баюндар), бешенек (беченек, бесене, бозанақ, баджанақ), бөрлі (борилу), бұлақ (булак), бұлғар (булғар), бітгөз (бютгюз, биткөз), ғаджалы (гад-жалы), жуан (жужан), гәйнә (гяйня), еймұр (эймюр), елбөрілі (ельборили), естек (иштәк, иштяк), йабақу (жабағы, йабаку), жетіаба (иетиоба), йағма (йагма), йасмыл, йаба (йава), йауа, йазғыр (иазгыр), йемек (йимақ), йыуа, йурегір (йурегир), кердері (кидарит), кабар (кавар), қайсақ (кайсак), карақас (карагас), қарадағлы (қаратаулы, қарадағлы), қарақойлы (каракоюнлы), қара қырғыз, қараман, қара татар, қара ноғай, қара хазар, қимақ (кимәк), көбүй (ковуй), қойбалы, қотыриғұр (котригур, кутригур), қотан, көмеш болғар (көмеш болгар), құйрық (куирк), құбанды (кубанды, куманлы), құрық (курук), қытай (китай, хытай), қарлұқ (карлук), қозар (хозар), қар йағма, қаңғароғлы, қай, қайық (қайығ), қарабөрікті (карабориклу), кеншек (кенчек), қалаш (халадж, халач), қыпшақ (қыфчак), қынық, қырғыз, күлабаоғлы, көшет (кючет), лұғар (лугар), маңқұроғлы, мажар (маджар, машар, мажгар), майма кісі (майма кижі), маңғыт (мангот), ақхондор (огхондор), оноғұр (оногур), естек (остяк), отыз татар (отуз татар), оғрақ (ограк), оғыз (огуз, угуз), сабақұл (сабакуль), сарағұр (сарагур), саралымың (саралымин), сарасын (сарацин), сарлы, сарман, сарт, сарысон (Сарыүйсін), селжұқ (селжук, сәлжүк), суас (суаш), суасла-мари, салғұр, соғдақ, сығыйе (ысты), субар, тарылы, тана (тан), таулас, тоғыз татар, теле (телеу), туба кісі (туба кижі), түркеш (тюргеш), тау (таг), тат, татар, табғаш (тавгач), теңғұт (тенгют), тоба, тоқсоба (токсаба), тоқси (тохси), тұтырқа (тутыр-ка), төртаба (дуртоба, дурутоба), түгер (тюгер), түрк (түрік, тюрк, ту-кю, торк), уз, түрікмен (тюркмен), ұннұғұндұр (уннугундур), ұғырақ (уграк), ұйғыр (ұйығыр, уй-гур), үрегір (урегир), шитақ (читак), шүй кісі (чуй кижі), шортан (джортан), шор кісі (шор кижі), шарұқлық (чаруклуг), шикіл (чигил), шомал (чомал), шыбалдар (чивалдар), шекті (чики), ығрақ, шөмекей (чумугун), кете (хита), т.б. (М.З. Закиев. *Корсетілген еңбек. 6-7-беттер*).

Үшінші, Шыңғыс хан шапқыншылығынан бастап, Алтын Орданың ыдырауына дейінгі кезең: алтын, арғын (аргун), ас, барак, барын (барин), барлас, бахрин, башқұрт (башгырт), бұйрақ, бүркіт, буруджоғлы, жалайыр, жұрқын (джуркун), дұрман, ішкі (ички), ішкі-байры (ички-байри), ійдіджан (йиджан), ійсүт (йисут), жеті-мың (йети-минг), қағанбайлы (каанбайлы), қарлұқ, кенегес, керейт, кінгіт (кингит), қыпшақ, қоңырат, қият, құйын (куйун), күрдер, құрлауыт, құсшы (куш-чи), мажар (маджар), маңғыт, масыт (масит), меркіт (мекрит), мың (минг), найман, оғыз, ойрат, салор, сарай, сихиут (сиджиут), таймас, табғұт (тангут), тархан, татар, тілі-мың (тили-минг, теле-мың), тубай, тубай-тұман, тұман-мың, ұйғыр (уй-гур), үйсін (уйсун), өкіреш-найман (украш-найман), отаршы (утарчи), қытай (хитай), құшын (хушин, қосын), шат (чат), шынбай (чинбай), шұбырған (чубурган), шабдақлы, сұнқарлы (шунқарлы), т.б. (С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. *Государства и народы евразийских степей. Древность и средневековье. — Санкт-Петербург, 2004. 223-бет*).

Бұл — түркі тектес халықтардың жеке-жеке ұлт болып ұйысу алдындағы тарихи толғақты кезең болатын. Дәл осы кезеңде тағдырдың тәлкегі кейбір ру-тайпаларды

тарыдай шашып, ыдыратып жіберсе, кейбір ру-тайпалар, керісінше, төңірегіндегі ұсақ рулар мен аталарды өз аясына сіңіріп, ірілене түсті. Мұндай үрдіс негізінен байырғы, текті ру-тайпалардың шоғырлануы және өз ішінен тармактануы арқылы жүзеге асты. Мұның ізі қазақ халқын жасақтаған ру-тайпалардың құрамында сайрап жатыр.

Осы орайда, айрықша атап өтуді қажет ететін бір заңдылық — өзге де түркі тектес ру-тайпалар сияқты, қазақтың да ру-тайпалары бөгде руларды, аталарды, әулеттерді, тіптен, әр түрлі жағдайға тап болған жеке адамдарға дейін бауырына тартып, өз аясына сіңіріп, еншісіне қосып отырған. Бұл — көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың өмірлік мүддесіне сай қалыптасқан дәстүр. Көшпелі ру-тайпалар үшін «іргелі ел болу» қалыпты да сенімді өмір сүруінің негізгі кепілі болған. Көшпелі өмір-салттағы түркі тектес ру-тайпалар арасында құл иеленушілік жүйесінің болмауын да осындай себептермен сабақтастыра зерделеген жөн. Бұл ретте, қазақ (түркі) тіліндегі «құл», «күн» сөздері мен еуропалық ұғымдағы «құл», «күн» сөздерінің арасында мәндік және мағыналық айырмашылықтардың бар екені өз алдына арнайы сөз етуге тұрарлық мәселе.

Төртінші, Алтын Орда ыдырағаннан кейін, Еуразияның апайтос Ұлы Даласындағы түркі тектес ру-тайпалар өздерінің этникалық жақындығына және аумақтық жапсарластығына орай жіктеліп, төл этнонимдерін орнықтырып, ұлттық даралықтарын айғақтай бастады. Осы орайда, лингвист ғалымдардың түркі тектес халықтарды тілдік-этникалық тұрғыда түзген мағлұматын келтіре кетудің артықтығы жоқ.

Қыпшақ тобы: башқұрт, татар (бұлғар-татар).

Қыпшақ-ноғай тобы: қазақ, қарақалпақ, ноғай, қарайым (қарай), қарашай, балқар, қарашай-балқар, қырым татары, құмық, қырымшақ.

Қыпшақ-қырғыз тобы: қырғыз, алтайлық (алтай-кісі).

Оғыз тобы: түрік, Рұмындағы Қырым татары, әзірбайжан (әзері), қажар (қаджар), қашғай (әзірбайжанға жатады), шахсаван, түркімен, қарадағ, қарапапақ, қашқай, бахар, ейнан, нафар, қорасан, пышақшы, теймурташ, ғоудар, қарай, қарагөзлі, қаңғұрлы, апшар, қалаш (қарадағтан бастап қалашпен аяқталатын 15 этнос Иран жерінде), ғағауыз, ұрым (Азау теңізінің солтүстігінде), тыба (туба), топы (тофы), чұлым татары.

Қарлұқ тобы: өзбек, ұйғыр, салар, сары ұйғыр.

Шуаш тобы: шуаш (шуаш тілі монғолдық және фин-угорлық ықпалдың нәтижесінде түркілік негізінен алыстанқырап кеткен).

Саха тобы: долған, саха (саха-якут тілі ебенкі тілінің тегеурінді ықпалымен түркілік негізінен алыстанқырап кеткен).

Міне, Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңде жанаша жіктелген түркі тектес ру-тайпалардың этнотілдік түзілімдері осындай. Осы орайда, түркілік этнотүзілімнің де әлемдік этнотүзілімдермен уақыт жағынан шамалас кезеңде жүзеге асқан үдеріс екенін атап өткен жөн. Түптеп келгенде, Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия құрлықтарындағы ұлттардың этникалық даралану үрдісі негізінен осы кезеңде жүзеге асты деуге болады.

Мұндай ұлы үрдістен қазақ халқы да шет қалған жоқ. Тектес, тағдырлас ру-тайпалардың бас біріктіріп, өзара кірігуі барысында XV ғасырдың жуан ортасында Қазақ хандығының шаңырағы көтеріліп, қазақ ұлты өзінің этникалық даралығын айғақтады.

5. Қазақ шежіресіндегі уақыт табы

Қазақ халқын жасақтауға ұйытқы болған ру-тайпалардың сілемі тарих тұңғығынан бастау алатыны белгілі. Мәселен, үйсін, қаңлы, алшын, адай, қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей сияқты толып жатқан ру-тайпалар қазақ халқының «қазақ» атануынан көп бұрын мәлім болған. Қазақ шежіресінің басым көпшілігінде ру-тайпалардың түп атасы сол үйсіннен, сол қаңлыдан, сол алшыннан, сол қыпшақтан, т.б. бастау алып отырады.

Осы жағдайды алдымен шежірелік уақыт аясында бажайлау қажет. Этнологияда қалыптасқан үрдіс бойынша әрбір атаның (буынның, ұрпақтың) арасы 20-25 жыл. Бұлай болғанда, жаңағы үйсін, қаңлы, алшын, қыпшақ, т.б. атауларын тарихи деректерге іліккен кезден бері қарай есептесе 80-100-150 атаға ұласар еді. Бұл дегеніңіз — 1500-2000-2500 жыл аясында сабақтаса ғұмыр кешкен ұрпақ деген сөз. Егер, сол үйсіннің, сол қаңлының, сол алшынның, сол қыпшақтың, т.б. тарих анналына іліккенге дейін де бар болғанын қаперге алар болсақ, онда жаңағы 1500-2000-2500 жыл аясы деп отырған уақыт межесі одан да әрі алыстап, тарих тұңғығына бойлай түсетіні анық.

Енді осы қисынды нақтылы қазақ шежіресімен қалай шендестіріп көрмек керек?

Біз осы уақытқа дейін баспа бетін көрген, мұрағаттарда сақталған және тікелей өзіміз жинаған мыңға тарта шежірені салғастыра қарастырғанда бәріне ортақ бір заңдылықты аңғардық. Ол — қазақ шежіресінің ХХІ ғасырға дейін түзілген нұсқалары негізінен 19-22 атамен (буынмен, ұрпақпен) шектелетіндігі. Рас, діни-мифологиялық деректерге сүйене отырып түзілген шежірелердің 50-60, тіптен 100-150 атаға дейін ұласатындары бар. Алайда, мұндай шежірелердің бас жағы бірыңғай яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-монғолдық атау-есімдерден түзілгенімен, кейінгі 19-22 атасы таза алаштық-қазақтық атау-есімдер мен айғақ-деректер болып келеді.

Мысал үлгісі ретінде қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың өз аузынан Сапарғали Бегалин жазып алған шежірені келтіре кетуге болады:

«Ұлы жүз үйсін Бәйдібектен — Қалша, Жақып (бәйбішеден), екінші әйелі Зеріптен — Жалмамбет, үшінші әйелі Нүриладан (Домалақ ана) — Жарықшақ.

Қалша мен Жақыптан — Сарыүйсін, Жалмамбеттен — Шапырашты, Ысты, Ошақты, Жарықшақтан — Албан, Суан, Дулат өрбиді.

Жалмамбеттен — 1-әйелі Мапыраштан (Жұпар) — Шапырашты, 2-әйелі Қарашаштан (Тұмар) — Ысты, Ошақты.

Шапыраштыдан — Малдыстық, Желдыстық, Қалдыстық.

Малдыстықтан — Еміл, Екей.

Екейден — 1-әйелінен Жарымбет, Бәйімбет, 2-әйелінен Әнет, Жиет.

Жарымбеттен — 1-әйелінен Ақтөбет, Бертіс, 2-әйелінен Қосай, 3-әйелінен Әлти, 4-әйелінен Баянай.

Бертістен — Өтеғұл, Өтеп, Солағай, Кәдіршек, Текеш.

Өтептен — Танатар, Сопак.

Сопактан — Сәдібек.

Сәдібектен – Бәйтөбет, Алтыбай, Жетібай, Толыбай, Ырысбай.

Бәйтөбеттен – бәйбішеден Бұғы, Марал, Бәйт, тоқалдан Ыстыбай.

Ыстыбайдан – Жапа, Жадыра, Қазыбай, Мейке.

Жападан – Жамбыл» (С. Бегалин. *Жамбыл. Ғұмырнамалық роман.* – «Жұлдыз» журналы, 1996. № 3. 4-5-беттер).

Жамбыл айтқан бұл шежіренің аңғартары мол. Біріншіден, Бәйдібек пен Жамбылдың арасы 15 ата болғанда, әр ұрпақ арасын генеалогиялық танымда қалыптасқан меже бойынша 20-25 жылдан есептесе, Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезең толық қамтылып тұр. Екіншіден, Жамбыл өзінің нақты ата-тегін Бәйдібек сияқты тарихи тұлғадан бастағанымен, түпкі тегінің үйсін екенін (мифтік тұлға немесе этноним) әсте естен шығармайды. Үшіншіден, Жамбылдың шөбере-шөпшектерінің ХХІ ғасыр басында дүниеге келе бастағанын ескерсек, Бәйдібек пен одан өрбіген бүгінге дейінгі ұрпақ арасы 19-20 атаға ұласқанын аңғаруға болады. Төртіншіден, Жамбыл айтқан шежіредегі таксономиялық деңгей исі қазақтың шежірелік үлгілерімен бірдей екеніне көзіміз жетіп отыр. Бесіншіден, қазақ шежірелерінің басым көпшілігіне тән осы қасиеттерге ден қойсақ, онда Қазақ хандығы жасақталу барысында оның аясына әр тараптан жиналған ел-жұрттың ру-тайпалық құрылымының жаңаша (тыңнан деуге де болады) жүйеленгенін пайымдау да қиын емес.

Осы орайда, қазақ шежіресін пайымдауда, тарих толғағы қалыптастыратын этножаралымның идеологиясы болып табылатын, яғни, этножаралым үдерісінің ұлы бірлік идеясынан туындайтын шежірелік шарттылық ең алдымен қаперде болу керек. Ондай шарттылықтың айғағы – шежірелік дәнекер (медиатор) атау-есімдерден айқын аңғарылады. Мәселен, қазақ ру-тайпалары жаңадан жүйелену барысында түпкі автоэтнонимдер (Алаш, Қазақ, Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, Үйсін, Қаңлы, Арғын, Алшын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, т.б.), түптеп келгенде, нақты ру-тайпалар арасын жалғастыратын дәнекер атау-есімдер болып табылады. Ондай атау-есімдерді, біріншіден, Адам атадан Қазаққа дейінгі аралықтағы, екіншіден, Қазақтан үш жүздік аталарға (Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс) дейінгі аралықтағы, үшіншіден, үш жүздік аталардан нақтылы аталарға дейінгі аралықтағы дәнекер атау-есімдер деп саралап пайымдауға болады.

Қазақ шежірелеріне тән осы сипаттарды қаперге ала отырып белгілі бір қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, қазақ шежірелерінде 19-22 атаның қамтылуы – Қазақ хандығы құрылған соң, хандық аясындағы саяси-әлеуметтік жүйе жаңаша жасақталып, ру-тайпалардың құрылымдары жаңаша түзілгенін пайымдатады. Бұл, сөз жоқ, Қазақ хандығының мемлекет ретінде нығаюы үшін, қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуы үшін өмірлік қажеттілік болатын. Себебі, Ұлы Далада судай сапырылысып, сынаптай сырғыған көшпелі ру-тайпаларды бір мүддеге жұмылдыру үшін олардың тектік (генеалогиялық) және аумақтық жаралымын жаңадан бекемдеу қажет еді. Көшпелі өмір-салттағы түркі тектес ру-тайпалардың уақыт сынынан өткен тарихи тағылымы солай болатын. Бұл тағылымды Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар да берік ұстанып, хандық аясындағы ел-жұрттың тыңнан түзілген этногенеалогиялық жүйесін қалыптастырды. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың шежірелік деректерін кең аяда (бәлкім шартты түрде) екіге бөліп зерделеуге болады. Бірінші, ру-тайпа-

ны, қала берді тұтас ел-жұртты ұйыстыруға негізделген, яғни, ұлы бірлік идеясынан туындаған мифтік-аңыздық тұлғалардың шежірелік түзілімі (Алаш, Қазақ, Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, Үйсін, Арғын, Алшын, Аққожа, Қарақожа, Ақтамқожа, Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, т.б.). Екінші, нақты тарихи генеалогиялық түзілім. Мұндай түзілім, негізінен, Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезенді қамтиды және қазақ қоғамындағы жаңадан жасақталған ру-тайпалық жүйені бейнелейді. Этногенеалогиялық жаңа түзілімдер бойынша халық жадында сақталған байырғы ру-тайпалар түпкі тек ретінде алынған. Яғни, судай сапырылысқан шашыранды ру-тайпалар үйсін, арғын, қыпшақ, алшын, қоңырат, т.б. сияқты іргелі тайпалар аясына топтастырылған. Мұндай топтастырулар еншілес болу, ру араластыру, бала алмасу, ортақ ұраны мен таңбасын белгілеу, қоңсы болу сияқты толып жатқан әдет-ғұрыптармен, салт-дәстүрлермен, жол-жораларымен, жөн-жобаларымен бекемделіп отырды. **Былайша айтқанда, қазақ қоғамы өз ішінде іргелі тайпалық бөліктерге бөлінгенімен, ондай бөлік негізінен нақтылы генеалогиялық тамырластық тұрғысында емес, ең алдымен, саяси-әлеуметтік мүдделестікке орай қалыптасып отырды.** Мұның өзі көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық жүйенің мейлінше тегеурінді де өміршен үрдісі болды. Түптеп келгенде, ру-тайпалық жүйеге негізделген көшпелілер мемлекеттігінің тек қана өзіне тән әлеуметтік, саяси және демократиялық болмысы да осы үрдісті тұғыр етті. Қазақ шежіресінде түпкі тек ретінде байырғы этнонимдердің аталуында да, ондай этнонимдер аясында мүлде басқа ру-тайпалардың ұшырасуында да осындай сыр-себептер бар.

Екіншіден, Қазақ хандығының аясындағы ру-тайпалардың құрылымы жаңаша жасақталған соң, одан әрі қазақ шежіресінің де жаңаша түзілуі заңды еді. Қазіргі қазақ шежірелерінің басым көпшілігі негізінен 19-22 атаны түгендейтінін және ұрпақаралық меженің 20-25 жыл болатынын ескерсек, онда сол қазақ шежірелері Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңнің генеалогиялық айғағы болып шығады. **Бұл — әлем халықтарының тарихында сирек кездесетін құбылыс және мұндай тарихи-рухани дәулетке Отандық тарих үшін аса мәнді айғақ-дерек ретінде айрықша назар аудару қажет.**

Осы орайда, Қазақ хандығын жасақтаудағы ру-тайпалық жүйенің генеалогиялық құрылым ретінде жаңадан қалыптасқан үрдіс екенін және ондай үрдіс Қазақ хандығының әлеуметтік-саяси іргетасын бекемдеу үшін бірден-бір қажеттілік болғанын қайталап атап өткен жөн.

Міне, қазақ шежірелерінде қамтылған 19-22 атаның басында таксономиялық деңгейлерінің сәйкеспейтініне қарамастан, әрідегі үйсіннің, әрідегі қаңлының, әрідегі алшынның, әрідегі қыпшақтың, т.б. тұруындағы ең басты себеп осы. Қазақ хандығын жасақтаған кемеңгерлер дәл осы қасиетті әп дегеннен мықтап ескеріп, сахара төсінде судай сапырылысып, мидай араласқан ру-тайпалардың хандық аясындағы ішкі құрылымын жаңаша түзген. Бұл ретте, ең алдымен, көпшіліктің жадында берік сақталған байырғы ру-тайпалардың хандық аясындағы этноқұрылымдарға іргетас болуы айрықша ескерілген. Былайша айтқанда, атауы ел жадында сақталған іргелі ру-тайпалар хандық аясындағы жаңадан жасақталған этноқұрылымдардың ұйытқысы болған. Өйткені, көшпелі ру-тайпалардың таным-түсінігіндегі ең киелі жаралым болып табылатын этнотекті негіз етпей тұрып жұртшылықты бір мүддеге жұмылдыру мүмкін емес еді. Түптеп келгенде, қазақ шежірелерінің басым көпшілігіндегі исі қазақтың

«Алаш» немесе «Қазақ» деп аталатын бір кісіден таратылуы да этнотұтастықты көксеуден туған ұлы шарттылық, дәлірек айтқанда ұлы бірлік идеясы деуге негіз мол. Ал, этнотектің бір тамырдан бастау алу идеясы, өз кезегінде, түпкі тегі бұлыңғыр немесе рулық әлеуеті әлсіз аталар мен әулеттердің ертеден мәшһүр болып келе жатқан іргелі ру-тайпаларға қосылып, еншілес болып, жатсынбай сіңісіп кетуіне ұрымтал ақпараттық алғышарт болған. Іргелі ру-тайпалардың сырттан қосылған әлсіз руларды, аталарды, әулеттерді, тіптен жеке адамдарды жатсынбауы еншілес болу қағидасы бойынша реттелген («Енші институты» тараушасын қараңыз). Мұндай үрдіске ел билеушілері де, ру-тайпа басшылары да мүдделі болған. Қазақ ру-тайпаларының кез келгенінің құрамында кездесетін сіңісті рулар мен аталар осындай сыр-себептерге байланысты жасақталған. Бұған қазақтың қария сөздерінен, шежірелік аңыз-әңгімелерінен мың-сан айғақ-мысалдар келтіруге болады. Кітаптың тиісті тарауларында ондай айғақ-мысалдар келтірілді де.

Сонымен, ойдың түйіні — қазақ шежірелеріндегі бес-алты ғасыр аясында ғұмыр кешкен ұрпақтың алдында он бес-жиырма ғасыр бұрын белгілі болған аталардың тұру себебі — көшпелілердің ру-тайпалық жүйесінде этностың генеалогиялық жады мейлінше тұрақты да берік болған дегенге саяды. Бұл қасиет — түркі тектес көшпелілердің артықшылығы да, кемшілігі де емес, қалыпты өмір сүрудің кепілі болған. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас», «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», «Көппен көрген — ұлы той», «Тозған қазды топтанған қарға жейді», «У ішсең руыңмен» деп келетін мақал-мәтелдер ұжымдық өмір-салттың қағидасы іспеттес.

Қазақ шежірелеріндегі тайпалар атауы (қаңлы, үйсін, арғын, алшын, қыпшақ, найман, қоңырат, т.б.) халық санасына жалқы есім тұрғысында орныққан. Яғни, тайпалар атауына нақты тарихи тұлғаның (субъектінің) есімі ретінде қарайтын дәстүр қалыптасқан. Бұл, әрине, халықтың қарапайым таным-түсінігі. Мұндай таным-түсініктің бір ұшы Адам ата мен Хауа анаға барып тірелетін діни наным-сеніммен де сабақтас. Ақиқатында, өзге де халықтар сияқты, қазақ халқының да тарих сахнасына шығуына ұйытқы болған ру-тайпалар атауының басым көпшілігі жеке адамның есімі емес, негізінен, бір кездегі этножаралымның өмір-салты мен тіршілік-әрекетіне қатысты атау болып келеді. Осы уақытқа дейін ру-тайпа атауларының мән-мағынасын (этимологиясын) саралауға ден қойған ғалым-зерттеушілердің пікірлері әр тарапты болғанымен, сол этнонимдердің тарихи жеке тұлға еместігі жөнінен олардың пікірлері, негізінен, бір жерден шығып отырады. Демек, қазақтың әріден бастау алатын ру-тайпалық атауларына нақтылы бір тарихи жеке тұлғаның есімі тұрғысында емес, халық санасына орныққан **шежірелік кейіпкер** ретінде қараса жөн болмақ.

Рас, кейбір тарихи тұлға есімінің тұтас ел-жұрт атауына ұласып, этнонимдік сипат алатын кездері де тарихта аз емес. Мәселен, оғыз этнонимінің Оғыз қағаннан, ноғай этнонимінің Ноғай ханнан, өзбек этнонимінің Өзбек ханнан бастау алатыны сияқты. Алайда, бұл жерде де бүкіл оғыздар Оғыз қағаннан, бүкіл ноғай халқы Ноғай ханнан, бүкіл өзбек халқы Өзбек ханнан өрбіген ұрпақ екен дегендей ұғым тумаса керек. Мәселе, Оғыз қаған да, Ноғай хан да, Өзбек хан да этнонимге себепші болған тарихи тұлға екендігінде ғана.

Ойдың түйіні — қазақ шежіресіндегі тайпа атауларына белгілі бір тарихи жеке тұлғаның есімі тұрғысында емес, **шежірелік кейіпкер** немесе **символ этноним** ретінде қара-

ған абзал дегенге саяды. Былайша айтқанда, ру-тайпалар атауы қазақ қауымы үшін этносты ұйыстыратын символдық мәні зор киелі құбылыс. Ру-тайпа атаулары дәл осындай мән-мағынасымен қазақтың жалпы этникалық жадынан орын алған.

Қазақ шежірелерінің ішінде діни ықпал барысында түзілген шежірелердің 50-60 немесе 100-150 атаны қамтуында да, сондай-ақ олардың басым көпшілігі таза яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-монғолдық генеалогия болып келіп, кейінгі 19-22 атаның ғана алаштық-қазақтық сипат алуында да уақыттың табы бар.

Орта Азияда VIII-IX ғасырлардың өзінде-ақ араб-парсылық ықпалдың бел алғаны және бұл аймақтағы ру-тайпалар арасында ислам дінінің біржола орныға бастағаны белгілі. Бұл ахуал түркі тектес ру-тайпалардың рухани әлеміне тегеурінді ықпал етіп, олардың генеалогиялық таным-түсініктеріне де терең із түсіре алғанын аңғаруға болады. Қазақ шежірелеріндегі адамзаттың жаралуы жөніндегі аңыз-әңгімелер мен таксономиялық деңгейлердің басында Адам атаның тұруы, одан — Нұх (Ной) пайғамбардың, одан — Сам, Хам, Иапес (Иафет) есімді үш ұлдың тууы, Иапестен — түркі жұртының тарауы, немесе, исі қазақтың Анас (Әнес), Ғаққаша сахабалардан (сахиб аз-заман — замана әміршісі) өніп-өрбуі, сөз жоқ, діни-идеологиялық әсер-ықпалдың нәтижесі.

Түркі тектес ел-жұртты алуан түрлі діни-мифологиялық тұлғалардан өрбітетін алғашқы мәлімет VII ғасырдың өзінде-ақ араб әдебиетінде көрініс таба бастаған болатын. Мәселен, ақын Ахталы (VII ғ.) түркілерді Иапестің ұрпағы деп жазса, Ибн Мукаффа (IX ғ.), Эт-Табари (839-923) сияқты тарихшылар түркі жұртын мифтік Яджут (Тот) және Маджут (Маг) тайпаларымен шендестірген (*М. Қозыбаев, М. Мұқанов, Б. Көмеков. Шежіре — ата-баба мұрағаты. — «Ана тілі» газеті. 30 қыркүйек, 1993*).

Араб-парсы тілдес әдебиеттер арқылы қазақ шежіресіне «Таураттағы» («Библия»), «Құрандағы» мифтер мен аңыз-әңгімелердің сыналап кіруіне, әсіресе, дінді уағыздаушылар мүдделі болды. Нәтижесінде, яхудилік (иудейлік), христиандық, исламдық таным-түсінік пен Тәңірлік таным-түсініктердің тоғысуы арқылы алуан түрлі мифтік аңыз-әңгімелер дүниеге келіп, қиялға бергісіз шежірелік түзілімдер жасалды. Әсіресе, Алтын Орда ұлысынан бергі тарихи кезеңдерде Шыңғыс хан әулетінен өрбіген хан-сұлтан-төрелердің көңілінен шығу үшін түзілген шежірелердің яхудилік, христиандық, исламдық қабаттарына, енді буддалық қыртыстар қосыла бастады. Сол сияқты, арабтармен қыз алысып, қыз берісуді өздеріне мәртебе санайтын мәмлүк қыпшақтары түзген шежірелер діни қабат-қыртыстарды одан әрі қалыңдата түсті. Сөйтіп, шежірелік еңбектердегі Адам ата мен Хауа анадан өрбіген ұрпақ арабтық аталармен жалғасын тауып, одан әрі қарай түркілік-монғолдық нәсілге ұласып жатты. Мифтік Түріктің алтыншы ұрпағы — Татар мен Моғол, ал Моғолдың екінші ұрпағы — Оғыз хан, одан — Күнхан, Айхан, Жұлдызхан, Көкхан, Таухан, Теңізхан туған, бұлардан түркі тектес ру-тайпалар өрбіген деп келетін этногенеалогиялық аңыз-әңгімелердің өн бойында әр кез-кезеңнің осы сияқты идеологиялық-саяси табы бар. Мұндай дерек Махмұд Қашқари, Рашид-ад-Дин, Әбілғазы Баһадүр хан сияқты дуалы ауыз ғалымдардың қаламына іліккен соң Еуразия кеңістігіндегі генеалогиялық ақпараттың аксиомасына айналды. Мысал ретінде Махмұт Қашқаридің сөзін келтіруге болады: «Түріктер тегінен жиырма тайпалы. Олардың барлығы Тәңірі әзіз көрген Нұх пайғамбардың ұлы Иафас және Иафастың ұлы

Түрікке барып тіреледі. Бұлар Рұм әулетінің Тәңірі әзіз тұтқан Ибраһим пайғамбардың ұлы Ысқақ және Ысқақтың ұлы Ғайса (Иса) және Ғайсаның ұлы Рұмға барып тірелетінге ұқсайды... Түрік – Тәңір жарылқаушы Нұхтың ұлының есімі. Бұл Тәңірдің Нұхтың ұлы Түрік балаларына берген есімі. Оның әулеті де түрік деп аталады» (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Бірінші том. Аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктемесін жазған Асқар Егеубай. – Алматы, 1997. 54, 407-беттер*).

Қазақ хандығы құрылып, хандық аясындағы ру-тайпалық құрылым жаңаша жасақталған тұста бұрынғы яхудилік, христиандық, исламдық және буддалық қыртыстар, енді қазақтың іргелі ру-тайпаларының тарихи тағдырларымен шендестіріліп, алуан түрлі діни-мифологиялық аңыз-әңгімелер қазақ топырағын да жерсіне бастады. Бұл ретте, қазақ арасында діни-ағартушылық қызмет атқарған қожа-молдалар шежірелік түзілімдердің одан әрі жаңғыруына айрықша ықпал етті.

Орталық Азияға араб-ислам ықпалының ене бастауы Омейядтар (660-750) мен алғашқы Аббасидтер (750-833) заманында. Өктем күштің құзырына тап болғандар өздерін сол кезден-ақ арабтармен тектес етіп көрсетуге бейім болған. Мұндай үрдіс, яғни, өздерін текті етіп көрсетуге құмарту әр кезде де, әр елде де билік басындағылардың біразы шалдыққан «дерт». Оңтүстік Арабияның кахтанидтер тайпасының арасына кең тараған Құмыран (химиарит) патшалары туралы аңызға назар салған Орта Азия тұрғындары өздерін сол Құмыран патшаларынан тараған ұрпақпыз деп есептеген. Аңызды өздерінше өрбіте ұштап, Құмыран патшалары Соғды, Самарқанд, Түркістан, Түбіт (Тибет) сияқты жерлерге дейін билік жүргізді деп әсірелеген.

Кейін ислам діні бел алған өңірлердің ақсүйектері өздерінің тек-тамырын тарихи тұлғалармен ұштастыра таратуға ерекше бейім болғаны байқалады. Мәселен, Оңтүстік Иемен патшалары өздерін Ас аду ал-Камил ибн Маликкариб, Шаммар, Зу-л-Карнайн (Александр Македонский) сияқты тарихи тұлғалармен байланыстырып отырған. Ал, Памирдегі билеуші әулеттер өздерінің түпкі атасы деп Александр Македонскийді есептеген. Қазақ шежіресінің кейбір нұсқаларында да өздерін Ас аду ал-Камилден тарататын ру-тайпалар кездеседі. Сол сияқты, Таурат пен Құран аңыздарына негізделген (Сам, Хам, Иафет ұрпақтары туралы) шежірелік нұсқалар да осындай себептерден қалыптасқан.

Араб экспансиясына қарсылық заманында қайсанийа, шафийа, карматийа, исмаилийа, сопылық сияқты діни ағым өкілдері айтарлықтай ықпалды болды. Олар да өздерін текті етіп көрсететін шежірелер түзді. Мәселен, қайсанийа имамы Мұхаммед ибн ал-Ханафийа өзінің ата-тегін қараханидтерден бастайды. Ұлы жүздің кейбір тайпасы өздерін Уайс ал-Караниден (Ойсылқарадан), қырғыздар өздерін Абу Мансұр ал-Халлаждан бастайтын шежірелер де кездеседі. Шежірелік нұсқалардың біразынан Шыңғыс хан тұқымы – төрелер де өздерінің тегін Адам атадан бастауға құлықты екенін байқауға болады. Қазақ арасына тараған кейбір шежіре деректерінде Ибраһим пайғамбардың Ысқағынан – қазақтарды, Исмайылынан – қожаларды тарататын үрдіс те кездеседі.

Дегенмен, көшпелі өмір-салттағы қазақ ру-тайпаларының арасында исламдық ықпалдың мейлінше баяу тарағанын атап өткен жөн. Қазақ даласында ислам діні бел алғанға дейін көшпелі ру-тайпалардың мындаған жылдық өмір-салтымен біте қайнасып кеткен, сөйтіп, олардың қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруінің кепіліне

айналған және салт-дәстүр түрінде орныққан өзіндік діни-философиялық берік ұстанымдары болатын. Ол — табиғатпен және табиғилық атаулымен тіл табысуды бақытты өмірдің кепілі санайтын Тәңірілік дүниетаным еді. Көшпелілердің аялап-әспеттері — табиғат (кең мағынасында), табынып-сиынары — Тәңір (көк, аспан) болды. Бұл ретте, Ұлы Дала көшпелілері адамзат тарихындағы монотеистік (бір Тәңірге табынушылық) діни таным қалыптастырушылардың алғашқы легінде болды және ондай діни танымның өзекті постулаттары авесталық танымдармен шендесіп жатты. Қазақ арасында күні бүгінге дейін ислам діні мен оның өкілдері туралы сыни мақал-мәтелдердің мейлінше мол айтылуы, ал Тәңірі туралы бірде-бір жағымсыз сөздің айтылмауы, ең алдымен, Тәңірілік діни танымның моральдық-этикалық нормаға ұласуынан және көшпелі өмір-салттың кепіліне айналуынан болса керек. Ал, қазақ халқы эпикалық көшпелі өмір-салттан XX ғасырдың бас кезінде ғана кіндік үзгені белгілі.

Осы орайда, ислам дінінің көшпелі өмір-салттағы қазақтар арасына орнығуына себепші болған елеулі бір факторға тоқтала кету қажет. Сөз жоқ, исламдық ықпалға байланысты Қазақ даласынан төбе көрсете бастаған қайсанийа (мубайдийа), шафийа, карматийа, исмаилийа, сопылық сияқты толып жатқан ағымдарға тұрғылықты халықтардың дәстүрлі діни танымдары, белгілі дәрежеде, өз тарапынан да ықпал етті. Бұл, кез келген діннің өзге жерлерді жерсінуі барысында болатын табиғи үрдіс. Нәтижесінде, қайсанийа, карматийа, сопылық сияқты кейбір діни ағымдардың исламға оппозициялық ілім ретінде танылғаны да тарихтан мәлім. Мұндай ағымдар көшпелі ру-тайпалар ортасында **исламның жерсінген діни-философиялық үлгісін** қалыптастыруға ықпал етті. Қазақ халқының рухани тағдырына айрықша жағымды әсері болған осынау тарихи үрдістің басында Қожа Ахмет Иассауи тұр. Қожа Ахмет Иассауи тариқатының өзегінен қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен исламдық ұстанымдарының жарасым тауып отыратынын аңғару тіпті де қиын емес. Бұл ретте, Қожа Ахмет Иассауи, ең алдымен, қазақ халқының төлтума болмысын сақтай отырып, ислам дінінің орнығуына айрықша ықпал еткен ұлы реформашы ретінде мойындалуға тиіс. Күні бүгінге дейін қазақ халқының жеті атаға дейін қыз алыспауы, аруаққа тағзым етіп, құрмет көрсетуі (табыну емес), өлікке жоқтау айтуы («Өлімнің көркі — жоқтау»), өлікке топырақ салуы, өлікке бейіт тұрғызуы, сағана там соғуы (*«Сүйек қосу» тараушасын қараңыз*), тамның есігін күннің шығысына қаратуы, өліктің үшін, жетісін, қырқын, жылын атап өтуі, ас (адам) беруі, мойынға туған жердің топырағы түйілген тұмар салуы, әйелдердің бетін ашып жүруі, әмеңгерліктің сақталуы, жылқы етін жеуі, қымыз ішуі, молдадан бұрын жасы үлкен адамға құрмет көрсетуі, жана туған айға тілек айтуы, ән салуы, домбыра мен қобызда күй тартуы, қара шаңырақты кие-құрмет тұтуы сияқты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ұлттық төлтумалықты айғақтап келе жатуы, сөйтіп, мұндай үрдістердің исламдық ұстанымдармен үндесіп кетуі, түптеп келгенде, жаңағы айтқан исламдық жерсінудің жарқын айғақтары. Дәл осы қалпында ислам діні Қазақ хандығының нығаюына да шапағаты мен игі ықпалын тигізді.

Әрине, мұндай ахуалда өзінің түпкі тегін исламдық тұлғалармен жалғастырып беретін шежірелік түзілімдерді кез келген қазақтың мерей-мәртебе тұтуы табиғи жағдай еді. Қазақ арасына кең тараған шежірелердің діни-мифтік кейіпкерлерден бастау алып, нәтижесінде шежірелік түзілімнің 50-60, тіптен, 100-150 атаға ұласуында осындай сыр-себептер бар. Мұндай шежірелік түзілімдерді қазақ ру-тайпаларының бас-

тау тегіндегі «қожа», «сопы» деп келетін есімдерден айқын аңғаруға болады. Мәселен, Орта жүздегі ру-тайпалардың түпкі атасы Бекарыс еді, одан — Қара Келімбет, одан — Қотан, одан — Дайырқожа (Ақжол) туған екен, Дайырқожадан — Аққожа, Қарақожа, Ақтамқожа туып, бұл үшеуінен Орта жүздің ру-тайпалары өрбіген екен, соның ішінде Қарақожадан — Арғын, Найман туып, Арғыннан — Мейрамсопы, Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы, Нәдірсопы, Арықсопы туған, олардан қалың арғын өсіп-өнген екен, ал, Кіші жүздегі ру-тайпалардың түпкі атасы Жанарыс еді, одан — Аламан, одан — Алшын, одан — Сәдірқожа, Қыдырқожа, Нәдірқожа деген үш бала туған екен, Сәдірқожадан — алты ата Әлім мен төрт ата Шөмен, Қыдырқожадан — он екі ата Байұлы, Нәдірқожадан — жеті ата Жетіру өрбіген екен деп келетін шежіре деректері, сөз жоқ, ұлттың ұлы бірлік идеясы мен діни-идеологиялық мүддеден туындаған түзілімдер. Шәкәрім Құдайбердіұлының:

«Қазақтың түп атасы батыр Түрік,
Арабсың деген сөздің түбі шірік.
Пәленше сахабаның затысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік» —

дейтіні сондықтан (*Ш.Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Алматы, 1991. 70-бет*).

Қазақ шежіресіндегі түркілік-монғолдық қыртыстан да бірер мысал келтіруге болады. Бұл мысалдардан монғол үстемдігінің салдарынан пайда болған жасанды (жағымпаз десе де артық емес) түзілімдерді аңғару қиын емес. Мәселен, қазақ арасындағы шежірелердің басым көпшілігіндегі аңыз-әңгімелерде әрбір жүздің жиынтық атаулары ретінде Ұлы жүзді — Үйсін, Орта жүзді — Арғын, Кіші жүзді — Алшын деп атаса, бұл үшеуінің әкесі Қотан (Қодан) еді деп келетін нұсқалар жиі кездеседі. Ал, Қотан болса — Шыңғыс ханның немересі. Яғни, Шыңғыс ханның ұлы Үгедейден туады. Кезінде Қотан әкесінің қарашаңырағын иемденуден дәмелі болып, ағасы Күйікпен жағаласқан. Кейін Қотанның балалары Қадан мен Иісу-Менгіге енші ретінде Еміл өзенінің бойы мен Алакөл алабы тиген (*Қазақстан в эпоху феодализма. — Алматы, 1981. 69-бет*).

Сол сияқты, Кіші жүздің де шежіресінің басым көпшілігі Жанарыстан — Ордаш, одан — Мөңке, одан — Шаншар, одан — Тұлпар, одан — Токпан, одан — Алау мен Арғымақ, Алаудан — Алшын туып еді деп басталады да, одан әрі нақтылы ру-тайпаларды өрбітіп әкетеді (*Қазақ шежіресі. Ғылыми түсініктемелерін жазған және шежірені түзген Ж.Бейсенбайұлы. — Алматы, 1994. 67-бет*). Осы орайда, Шыңғыс ханның да Мөңке деген немересінің болғаны еске түседі. Мөңке — Шыңғыс ханнан кейін империяның тағына отырған төртінші хан. Шыңғыс ханнан — Төле, одан — Мөңке туады. Шыңғыс хан өлгенде тақ мұрагерлігіне лайық адам ретінде Мөңкенің есімі Батумен қатар аталған. Осы орайда, «Мөңке» антропонимінің өзі байырғы монғол тілінде «мәңгі», «мәңгілік» деген мағына беретінін де айта кеткен жөн. Қытайдың Юань дәуірінде (1271-1368) қолданылған алтын пайзада монғолдың төрткүл жазуымен жазылған байырғы монғол тілінде мынандай сөздер бар: «Мөң-ке (Мөң-қа) Деңк-рі-иін күшүн-дүр қан не-ре ку-тық-тайы бол-ту-қайы, кен еу-лу бу-ші-ре-гү, ал-да-ку, еу-кү-гү». Қазақша аудармасы: «Мәңгілік Тәңірінің күші-дүр хан аты құтты бол-

сын, кім еш табынбаса, сол кісі айыпты және ол өлтіріледі» (*Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. III том. – Алматы, 2006. 19-бет*).

Қысқасы, исі Кіші жүзді осы Мөңкеден өрбітудің ақылға симайтыны әрі қарай дәлелдеуді қажет етпейді («*Алаш. Қазақ. Жүз*» тараушасындағы «*Қазақтың шығу тегі*» тақырыпшасымен берілген аңызды қараңыз).

Шежірелік түзілімдердің бастауында жиі ұшырасатын есімдердің бірі – Майқы. Бұл есімді де, түркілік-монғолдық ықпалдан туған «шежірелік кейіпкер» тұрғысында қабылдаудың қисыны бар. Майқы есімі тек қазақ шежіресінде ғана емес, сонымен бірге, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт халықтарының шежірелерінде де ұшырасады және түпкі текті қалыптастырушы «тарихи тұлға» ретінде шежірелік түзілімдерге енген. Бұл жөнінде белгілі этнолог Р.Г.Кузеевтің Майқы би есімін монғол шапқыншылығымен байланыстырып, «оның Шыңғыс ханмен бір арбаға мінуінде тікелей де, ауыспалы да мағына бар... Майқы би монғол ханының атынан өкілдік етушілердің бірі болған» деген пікірі назар аударады (*Р.Г. Кузеев. Башкирские шежере. – Уфа, 1960. 217-бет*).

Міне, төрелер мен қожалардың генеалогиясында, сондай-ақ кейбір жазба шежірелерде 50-60, кейде 100-150 атаның көрініс табуын және олардың басқа да ру-тайпалармен сабақтасып жатуын осындай қисындармен түсіндіруге болады.

Ойдың түйіні – қазақ шежірелерінің мазмұнына әр түрлі кез-кезеңнің діни, идеологиялық және саяси әсер-ықпалы жұғысты болған дегенге саяды. Бұл ретте, қазақ шежірелерінің түзіліміне айрықша ықпал еткен яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-монғолдық және алаштық-қазақтық қыртыстарды саралап айыра білудің мәні зор. Яғни, шежірелер мазмұнындағы осы қыртыстардың алғашқы үшеуін, атап айтқанда, яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-монғолдық қабаттарын қазақ этносының генеалогиялық ақиқат дерегі ретінде қабылдаудың еш қисыны жоқ. Оның есесіне, қазақ шежіресіндегі соңғы 19-22 атаны қамтитын алаштық-қазақтық қыртысқа этностың тарихи-генеалогиялық құжаты ретінде ден қоюға болады.

Ойды орнықтыру үшін қазақ арасына кең тараған шежіре үлгілерін мысалға келтіре кету қажет.

Жер жүзіндегі адамзат атаулы Нұхтың үш баласынан тарапты-мыс. Ол үш бала Хам, Сам (Сим), Иапес (Иафет) деп аталса керек.

Хамнан – барша қара түсті нәсілдер тарапты-мыс.

Самнан – барша ақ түсті нәсілдер тарапты-мыс.

Иапестен – барша қоңыр түсті нәсілдер тарапты-мыс. Түрік жұрты осы Иапес нәсілінің ұрпағы еді дейді.

Осы ретте, негізінен қожа-молдалар түзген шежірелерде Нұх пен Анас (Әнес) сахабаның арасында 15-20 атаның, Анас сахаба мен Түрік, Уыз (Оғыз) хан арасында 20-30 атаның, Түрік, Уыз хан мен Сейілхан, Жайылхан арасында 10-15 атаның есімдері тізбеленеді.

Мұнан әрі, Сейілханнан – сегіз арыс түркіменді өрбітіп, Жайылханнан – Майқы би жалғыз туып еді дейді. Майқы биден – Өзбек пен Сәбиан туыпты-мыс. Сәбианнан – Айырқалпақ, одан – Қазақ пен Созақ туыпты-мыс. Созақтан – Қарақалпақ, Қазақтан – Ақарыс (Ұлы жүз), Бекарыс (Орта жүз), Жанарыс (Кіші жүз) тарапты-мыс.

Кейбір шежіре нұсқасында Жайылханнан — Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Қазақтан — Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деп аталатын үш арыс ел, Созақтан — Қарақалпақ, Ұзақтан — Қырғыз бен Қақас тарапты дейді.

Келесі бір шежіре нұсқасында Майқыдан — Сәбиан мен Өзбек, Сәбианнан — Ақшолпан, одан — Аламан, одан — Алаш туыпты-мыс. Алаштан — Созақ, Қазақ, Қарақалпақ туыпты-мыс. Қазақтан үш бала — Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс туыпты-мыс.

Қазақ шежірелеріндегі яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-монғолдық қыртыстар әдетте осы Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс автоэтнонимдерімен тұйықталады. Мұнан әрі алаштық-қазақтық генеалогия басталады. Яғни, Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тыңнан жасақталған ру-тайпалық құрылымдар жүйесі нақтылы дерек тұрғысында шежіре мазмұнынан көрініс таба бастайды.

Бұл ретте, басы ашық бір ақиқатқа зейін қою қажет. Ол — қазақ шежіресінің де, қазақ шежірешілдігінің де түпкі идеясы қазақ ұлтының біртұтастығын дәріптеуді негізгі нысана етіп отыратындығы. **Шежірелік деректер өзінің мазмұндық әр алуандығына, көп нұсқалылығына, тіптен қиял-ғажайыптылығына қарамастан біртұтас этножаралым идеясынан, яғни, ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясынан әсте ауытқымайды.** Алуан түрлі шежіре нұсқалары мейлі яхудилік-христиандық, мейлі арабтық-парсылық, мейлі түркілік-монғолдық немесе алаштық-қазақтық аңыз-әпсаналарды арқау ете берсін, алайда солардың барлығы да исі қазақты бір кіндіктен өрбітіп, түпкі идеясы ұлттық-этникалық біртұтастықты ту етіп отырады. Сөз жоқ, мұндай ұлы идея Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандардың көкірегінен шыққан даналық ғана емес, сонымен бірге сол кездегі елдік тұтастануды көксеген дүйім жұрттың да жан-жүрегіндегі арман-аңсар (идеал) болатын. Түптеп келгенде, мыңсан тарихи айғақ-деректер осындай ой-тұжырымға мойын ұсындырады.

Сөз орайында, қазақ этносы тарих сахнасына шыға бастаған кезеңде «арыс», «аламан», «алаш», «ноғай», «өзбек», «қазақ» атауларының этнонимдік мәнде қатарласа қолданылғанын айта кеткен жөн. Бұған шежірелердегі, қария сөздердегі, жыраулар поэзиясындағы толып жатқан тұрақты тіркестер айқын айғақ бола алады.

Қазақ шежіресіндегі уақыт табын сөз еткенде, қазақ халқының уақытты шежіре бойынша бажайлау дәстүріне де тоқтала кеткен жөн.

Өзге халықтар сияқты қазақ халқының да өмір-салтымен, дүниетанымымен қойындасып жатқан, өзіндік уақыт пен кеңістікті межелеу дәстүрі қалыптасқан. Бұл ретте, уақыт пен кеңістік туралы қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі екі түрлі межелік категориямен анықталатынын алдымен атап көрсету қажет. Оның біріншісі — мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі — нақты уақыт пен кеңістік.

Мифтік-фольклорлық меже, әдетте, сол мифтік-фольклорлық кейіпкерлердің өздеріне ғана тән уақыт пен кеңістікті айғақтауға арналады. Ондай кейіпкерлердің өмір сүрген уақыты мен кеңістігі есте жоқ ескі заманда, елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылардың зарығып көрген жалғыз баласы дегендей өзіне ғана тән межемен айғақталып отырады. Ол бала алты күнде жүріп, алпыс күнде атқа мініп, алты айшылық жолды алты-ақ аттап өтетін болады. Мұндайда уақыт пен кеңістік нақтылықтан ада күйінде, тек қана кейіпкер өмірін бажайлау үшін алынып отырады.

Ал, нақтылы уақыт межесі болса, қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі бойынша мына сияқты төрт түрлі категориямен парықталған: тарихи уақыт, экологиялық уақыт, ситуациялық уақыт және шежірелік (генеалогиялық) уақыт.

Тарихи уақыт бойынша күн, апта, ай, тоқсан, жыл, мүшел, ғасыр есебі жүргізілген және мұндай есепке жүйрік есепшілер болған. Ондай есепшілер байырғы түркілік мүшел есебі мен ай есебінен бастап, мұсылмандық (хиджра) және христиандық (юлиан, григориан) жыл есептеріне дейін өзара шендестіріп, уақыт межесін дәл бажайлай білген.

Экологиялық уақыт межесі қазақтың дәстүрлі өмір-сатында ең кең қолданыста болған. Көшпелі өмір-салтты тіршілігіне тірек еткендіктен де табиғатпен тілдес болу, табиғатпен санасу, аспан денелерін бақылау, сол арқылы өмір-тіршілікті табиғат құбылыстарына бейімдеп отыру мейлінше жетілген. Экологиялық уақыт межесінің халық өмірімен біте қайнасқан көрінісін мына сияқты сөз тіркестерінен-ақ пайымдауға болады: көктем туа, жаз шыға, күз түсе, қыс келе, көктемде, жаз ортасында, қыстың соңына қарай, қар бір жауғанда, құралайдың салқыны кезінде, мал төлдерде, шөп буыны қатқан кезде, ел жайлауға шығар кезде, таң алдында, сәскеде, бесін кезінде, Үркер көтеріле, Босаға ауғанда, Шолпан туа, Айдың бір тоғысында, Сүмбіле туғанда, т.б.

Ситуациялық уақыт, әдетте, ел есінде қалар тарихи оқиғаға қатысты, белгілі тұлғалардың іс-әрекетіне байланысты, сирек кездесетін табиғат құбылыстарына орай, сондай-ақ үйреншікті өмір-салт ырғағын межелеу арқылы белгіленеді. Мәселен, «Абылайды хан көтергенде», «Ақтабан шұбырынды кезінде», «Анырақай соғысында», «Ақ тышқан жылы», «Жылқы күзерде», «Қозы күземінде», «Асқар туғанда», «Бөгенбай батырға ас берілгенде», т.б.

Ал, шежірелік (генеалогиялық) уақытқа, әдетте, ұрпақтардың рет саны меже болып отырады. Мәселен, «Жетінші әкеміз Наймантай батырдың Тәуке хан құзырында жүрген кезі», «Осы қырғыздар Арқа қазақтарына сіңісті болғалы да жеті ұрпақ алмасқан екен-ау. Ала байталға мініп, ала шапанын киіп, Алатаудан шығып, Абылайға еріп келетін Оспанқұлдан – Арқабай, одан – Жорық, одан – Түгел, одан – Өтеміс, одан – Сәмен, одан – осы күні ортамызда жүрген Жақып» деп келетін шежірелік тарқатулар арқылы айтушылар да, тыңдаушылар да уақыт межесін айқын бажайлай алатын болған. Сондай-ақ, шежірелік уақыт межесін туыстық атаулар арқылы бажайлау дәстүрі де халық арасында жиі қолданылған (жеті ата, ұлы баба, баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, шөбелек, немене, т.б.).

Шежіре деректерінің уақытпен шендесіп жататыны, уақыт табын барша болмысына сіңіретіні ақиқат. Әрине, шежіре атаулы өзінің мазмұн-құрылымына уақыт табын өзінше сіңіріп, өзінше бейнелейді. Оны жорып-түсіну үшін де өзгеше амал-әдістер мен білім-білік қажет.

6. Ел болудың алғышарттары

Көшпелі өмір-салтта тек қана ұжымдасып тіршілік құру, яғни, ру-тайпалық жүйеге мойын ұсыну қалыпты өмір сүрудің бірден-бір кепілі болды. Ғасырлар сынынан өткен бұл ұстанымды Қазақ хандығын жасақтаушылар да ел болып ұйысудың тегеурінді тетігі ретінде пайдалана білді.

Алтын Орда ыдыраған соң ұлыс (державо) жұртынан бірнеше хандықтың шаңырақ көтеріп, күні кеше ғана үзеңгі қағысып қатар жүрген қандас, тілдес жұрттардың ірге бөліскені, сөйтіп, ондаған-жүздеген ру-тайпалардың судай сапырылысқаны жалпы түркі әлемі үшін этножіктелудің, дәлірек айтқанда, этнодараланудың тарихи толғақты кезеңі болғаны белгілі. Бұл сияқты мейлінше ауқымды геосаяси сілкіністің салдары, әсіресе, көшпелі өмір-салтты тіршілігіне тірек еткен Қазақ хандығы үшін, оның аясындағы ру-тайпалар құрылымын белгілі бір ретке келтіру үшін аса күрделі этносаяси ахуал тудырған. Қазақ-өзбектің, қазақ-ноғайдың, қазақ-түркіменнің, қазақ-қарақалпақтың, қазақ-башқұрттың, қазақ-моғолдың этнодаралануының барысында Қазақ хандығының аясына топтасқан ру-тайпалардың генеалогиялық құрамы мейлінше алашабыр болатын. Мұндай жағдайда, әрідегі исі түркілік ру-тайпа құрылымын былай қойғанда, берідегі Алтын Орда кезіндегі ру-тайпалық құрылымды сол қалпында Қазақ хандығын жасақтауға негіз етудің еш қисыны жоқ еді. Себебі, бұл кезде іргесі сетінемеген бірде-бір тайпаны, шаңырағы шайқалмаған бірде-бір руды, бауыры бүтін бірде-бір атаны кездестіру мүмкін болмайтын. Әсіресе, Темір, Тоқтамыс, Едіге, Барақ, Әбілқайыр, Моғол ханы Жүніс Мұхаммед Шайбани кезіндегі тынымсыз соғыстар Орта Азиядағы ру-тайпаларды судай сапырды. Мұндай этникалық алашабырлық, алдымен, Алтын Орданың ыдырауы барысында, одан кейінгі Моғолстанның, Сібір хандығының, Ноғай ордасының әлсіреуіне байланысты тіптен күшейе түсті. Осы орайда, бір ғана деректі мысалға келтіруге болады. Тарих жүзіндегі «көшпелі өзбектер» атауының негізінен қазақтарға қатысты айтылатыны мәлім. Көшпелі өзбектер құрамындағы 92 тайпаны XVI ғасыр тарихшысы Ахсикенти өзінің «Маджму ат-тауарих» атты еңбегінде атап жазып кеткен. Сол 92 тайпаның ішіндегі 17 тайпа ғана бүгінгі қазақ халқының құрамында бар. Олар: жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қанды, керейіт, қоралас, керей, рамадан, үйсін, тама, кердері, меркіт, табын, телеу. Яғни, бір ғана осы дерек арқылы Қазақ хандығының жасақталу кезеңі аса күрделі этносаяси жағдайда өткенін пайымдауға болады. Қазақ арасындағы көптеген ру-тайпалардың күні бүгінге дейін көршілес ел-жұрттың құрамында кездесуінің де немесе сол көршілес ел-жұрт құрамындағы ру-тайпалардың қазақ арасында кездесуінің де сыр-себебі осында. Қазақ хандығы жасақталар кездегі (XV ғасырдан соңы мен XVI ғасырдың басы) ел-жұрттың «аумалы-төкпелі» кезеңді бастан кешіп, «үркінші», «көшкінші», «босқын» болғаны туралы Шоқан Уәлиханов та жазған (*Материалы по истории киргизов и Киргизии. — Бишкек, 2002; В.А. Ромодин. Некоторые источники по истории Ферганы и Кокандского ханства (XV-XIX вв.) в рукописных собраниях Ленинграда. — «Труды XXV Международного конгресса востоковедов. — Москва, 9-16 августа 1960». Том 3. Доклады делегатов СССР. — Москва, 1963; Б.А.Ахмедов. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XIX вв. (Письменные памятники). — Ташкент, 1985; Т.И. Султанов. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). — Москва, 1982. 40-44-беттер; В.В. Трепалов. История Ногайской Орды. — Москва, 2002; Ч.Ч. Валиханов. Казахское родословие // Собрание сочинений в пяти томах. 1-том. — Алматы, 1961. 209-бет; Сондай-ақ, қолыңыздағы кітаптың «Тектес-аттас аталар мен ру-тайпалар» тараушасын қараңыз).*

Мұндай ой-тұжырымды М. Тынышбайұлының дерегі нақтылай түседі және бұл деректегі ру-тайпалардың әр түрлі этностар құрамында кездесуі негізінен Алтын Орда ыдыраған соң болған ахуал екеніне айрықша мән беру қажет.

«Басқа да туысқан халықтар құрамында кездесетін қазақтың негізгі рулары:

Үйсіндер — қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде; Қырымда, Қашғарияда, Шығыс Ауғанстанда.

Қаңлылар — қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, (Парсияда), (Кіші Азияда).

Жалайырлар — Монғолияда, Парсияда, қарақалпақтар мен өзбектер арасында.

Арғындар — Алтайда, Қырымда, Кавказда, Қазан татарларының, түркімендердің арасында.

Керейлер — Алтайда, Монғолияда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде, башқұрттарда; Қырымда.

Наймандар — Монғолияда, қырғыздарда, қарақалпақтарда, ноғайларда, өзбектерде; Қырымда.

Қоңыраттар — Монғолияда, қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, Қырымда.

Қыпшақтар — қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде, ноғайларда, башқұрттарда, Еділ татарларында, Қазан татарларында; Қырымда, Ауғанстанда.

Алшындар — қырғыздарда, қарақалпақтарда, түркімендерде, өзбектерде, ноғайларда, башқұрттарда, Қазан татарларында; Қырымда, Кавказда, Ауғанстанда.

Құрамында қазақтың негізгі ру өкілдері кездесетін қазаққа туысқан халықтар:

Қырғыздар — найман, қоңырат (құлшығаш), қыпшақ, алшын, қаракесек (Кіші жүз), арғын, қаңлы, тама, алаша.

Қарақалпақтар — үйсін, балғалы мен қайшылы (жалайырлар), қаңлы, қарамойын (қыпшақ), ашамайлы мен шеруші (керей), бағаналы, терістаңбалы, қаракерей мен садыр (төртеуі де найман), байбақты, адай, сумұрын, беріш пен таз (бесеуі де алшын).

Өзбектер — үйсін, қаңлы, жалайыр (ру бұтақтары), сіргелі, ошақты, қыпшақ, найман, қоңырат, ашамайлы мен шеруші (керей); алшын бұтақтарының бәрі дерлік.

Түркімендер — үйсін, керей, арғын, қыпшақ пен алшын рулары.

Ноғайлар — найман, қыпшақ және алшын бұтақтарының бәрі дерлік.

Башқұрттар — керей, қыпшақтар (бүкіл башқұрт халқының 25-30 пайызын құрайды), алшын.

Қазан татарлары — арғын, қыпшақ, алшын.

Қырым татарлары — үйсін, қаңлы, арғын, керей, найман, қыпшақ, қоңырат, алшын, алаш, алаша.

Кавказдағы мұсылман халықтары — алшын (шеркеш), арғын, тама» (М. Тынышбаев. *История казахского народа*. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. 104-105-беттер).

Міне, осы сияқты аса күрделі этносаяси жағдайда Қазақ хандығының тізгінін ұстаған ақылмандар бытыранқы ел-жұртты ұйыстыратын тегеурінді тетік ойлап табуы қажет болды. Ол үшін сайын дала төсінде сынаптай сырғыған шашыранды ру-тайпаларды сендіретіндей, сендіріп қана қоймай еліктіре үйіріп әкететіндей, одан

әрі дүйім жұртты біртұтас мүддеге мойын ұсындыратындай бұлтартпас қисын керек еді. Бұл ретте, әр тараптан құралған ру-тайпалардың сана-сезімін қозғап, ықылас-ынтасын оятатын жалғыз ғана қисын — түбі бір туысқандықты негіз еткен ұлы бірлік идеясы болатын. Мұның өзі, ұжымдық-туысқандықты тірек етсе ғана көсегелері көгеруге тиіс көшпелі өмір-салттағылар үшін мейлінше оңтай, мейлінше еліктіргіш идея болып шықты. Былайша айтқанда, алашабыр ру-тайпалардың түбі бір туысқандық сезімдеріне шок тастау, шын мәнінде, мемлекеттікті нығайту және ұлтты ұйыстыру жолындағы сәтті идея ғана емес, сонымен бірге аса пәрменді идеология да бола алды.

Әрине, сәтті идеяны ұқсатып, жүзеге асыра білу керек. Ол сонда ғана идеологиялық сипат алып, қалың қауымды бір мақсатқа жұмылдыратын қарым-қуатқа ие болмақ. Міне, осы тұрғыда Қазақ хандығын жасақтау мен қазақ халқын ұйыстыруға бағытталған шараларды атап өту қажет. Сондай-ақ, мұндай ойдың жосығы жұртшылық назарына алғаш рет ұсынылып отырғандықтан тарихи-этнографиялық, тарихи-генеалогиялық айғақ-деректермен уәждеделгені абзал.

Бірінші уәж. Ең алдымен Қазақ хандығының аясындағы алашабыр ру-тайпалардың этногенеалогиялық (этногенетикалық) жадын жаңғыртып, түбі бір туысқандық сезімдерін оятатындай символ-этноним керек еді. Осы орайда, Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың біртұтас туысқандық сезімдеріне тұғыр болған символ-этноним ретінде «Алаш» атауының тандалғанына ден қоюға болады.

Мұндай ой-тұжырымды тарихи айғақ-деректер де орнықтыра түседі. Рас, «Алаш» атауы мен «Алты алаш» фразеологизмін уақыт пен кеңістік аясында зерделеп, оның тарихы мен этимологиясын саралау арнайы зерттеу жұмыстарын қажет ететін күрделі тақырып. Дегенмен, жаңаша жыл санаудан бұрынғы III-II мыңжылдықтардан бастап, бүгінгі күнге дейін «Алаш» атауының тарихи деректерде ұдайы ұшырасып отыруын, әсіресе, түркі тілдес көшпелілер арасында этнонимдік немесе этнотопонимдік мәнде қолданылуын көктей шолып өткен жөн.

«Алаш» атауының жаңаша жыл санауға дейінгі III-II мыңжылдықта топоним ретінде Таяу Шығыста кездесетінін, Хетт патшалығының құзырындағы Кипр аралында Алаш (Алашиа) қаласының болғанын, хеттердің Египет, Вавилон, Ассирия сияқты әйгілі ұлыстармен иық тірескенін, содан б.з.д. II мыңжылдық ортасында хеттерге Қара теңіз маңындағы «каск» деп аталатын көшпелі тайпалардың үстемдік жүргізгенін, сол кезден бастап бүкіл Кипр аралының Алашиа деп атала бастағанын, кейін осы Алашиа аралының Элиша (Елиса) деген атаумен Тауратқа (Көне өсиет) енгенін тарихи дерек ретінде ғана атап өтуге болады (*История Востока. В шести томах. I том. — Москва: «Восточная литература» РАН, 1997. 118-бет; Библия. Иезекиль. 27-тарау, 7-сөз*).

Осы орайда, Алашияға қатысты зерттеуші Леннард Хеллбингтің «Алашиа проблемасы» деп аталатын еңбегінің бар екенін де атай кеткен жөн (*Lennart Hellbing. Alasia problems // Studies in Mediterranean Archaeology. Vol. LVII. Goteborg. 1979*). Сондай-ақ, Түркияның Анкара қаласындағы Британия институтының ғылыми кітапханасында тек қана «Алаш» тақырыбына арналған әр түрлі тілдегі зерттеу еңбектердің тұтас кітап сөресін алып тұрғанын да еске сала кетудің артықтығы жоқ.

Тарихи деректерге мұнан әрі ден қойып, Геродот жазатын Борисфен (Днепр, Нөпір) жағалауындағы алазон тайпаларын, еркек-әйелдері бірдей алапес (плешивы) болып кездесетін скифтерді, Страбон жазатын Алазия қаласын, сонан соң Рашид-ад-Дин дерегіндегі Нұх пайғамбардың баласы Иапет пен Булджа-ханды да, Әбілғазы Бахадүр-ханның дерегіндегі Иапет – Түрік – Елше хан (Ильча хан) – Дүп (Диб) – Бакүй (Бакуи) – Күйік хан – Аланша хан (Аланча хан) деп келетін шежірені де «Алаш», «Алаша» атауларымен шендестіріп ой өрбітуге болады. Алайда, бұл мәселе алыстан орап, көп салалы ғылыми уәж келтіруді қажет ететін болғандықтан іркілуге тура келеді. Сондықтан, біз «алаш» атауын Қазақ хандығын жасақтау барысында ру-тайпаларды ұйыстыруға негіз болған антропонимиялық концепт тұрғысында бажайлаймыз.

«Алаш» атауы мен «Алты алаш» фразеологизмінің түркі әлемінде ұшырасуы айрықша назар аудартады.

Сөз болып отырған мәселеге орай «алаша» атауы түркі тілдерінде «жылқы», «азбан ат», «мініс аты» деген мағына береді. Мәселен, «алаша» сөзі түріктерде, Қырым татарларында, құмықтарда, қарашай-балқарда, ноғайларда, татарларда, башқұрттарда, шуаштарда (чуваштарда) «азбан ат», «мініс аты» деген мағынада қолданылады. Ал, қарақалпақ, құмық, қарашай-балқар, татар халықтарының диалектісінде «алаша» сөзі «жылқы», «ат» деген де мағына береді. Орыс тіліндегі «лошадь» сөзінің түркі тіліндегі «алаша» сөзімен байланысты екені ғылыми тұрғыда дәлелденген (*М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. – Москва, 1964-1973. II том, 526-бет; Э.В. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва, 1974. 136-137-беттер; П.М. Мелиоранский. Заимствованные восточные слова в русской письменности домонгольского периода. «Изв. ИОРЯС» (Известия Отделения русского языка и словесности Академии наук), X том, 4-кітап. – СПб., 1905, 14-16-беттер; А.Г. Преображенский. Этимологический словарь русского языка. – Москва, 1958. 473-бет).*

Ғ.Мұсабаев Іле бойынан (Кеген) табылған тастағы жазуды «Алты елдің ұлы ханы Алаша» («Қаған алты бөріг алаш (а) ерті») деп оқыған. Мұның жазылу мерзімі ғұн заманына дейінгі кезең, бері қойғанда жаңаша жыл санауға дейінгі VI ғасыр деген болжам айтылған. Ал, жазудағы «алты бөріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні, олар: үйсін, қаңлы, қырғыз, қақас, татар, сәнбі-ғұн тайпалары екені айтылған (*Г. Мусабаев. Кегенская надпись // Эпиграфика Казахстана. – Алматы, 1971. 27-бет*).

Қытай деректерінде түркі ру-тайпаларының ішінде хэла, элочжи (алаш) руларының бар екені айтылады. Олар Суй (581-618) әулетінен шыққан Чжэнь-Гуань билік құрған кездің 20-жылында, яғни, 649-650 жылдары алғаш рет император сарайымен қарым-қатынас орнатқан. Сол оқиғаларға қатысты жылнама деректерінде бома, басими, била руларының «ала» деп аталатыны айтылған. Қытай деректеріндегі «бома» этнонимінің «хэ-лань», «һа-лан», «эла», «хэла» атауларымен байланысты екенін, бұл атаулар алғашқыда «ала ат», «ала жылқы» мағынасында қолданылып, кейін лауазымдық, одан соң этнонимдік мәнге ұласқанын Г.Е. Грумм-Гржимайло, А.Г. Малявкин, Ю.А. Зуев сияқты білікті ғалымдар атап өткен. Бұл

тұрғыдан келгенде «алаша», «алаш» атаулары байырғы түркі тілінде «ала аттылар» деген этнонимдік мәнде қолданылған болып шығады (Г.Е. Грумм-Гржимайло. *Западная Монголия и Урянхайский край. Том второй.* — Ленинград, 1926. 13-бет; А.Г. Малявкин. *Танские хроники о государствах Центральной Азии.* — Новосибирск, 1989. 322-352-беттер; Ю.А. Зуев. *Ранние тюрки: очерки истории и идеологии.* — Алматы, 2002. 282-бет).

Білге қағанға қойылған (735 ж.) ескерткіште «алты есір» деп келетін сөз тіркесінің кезігетіні, оның «алты тақ иелері», «алты тайпа» немесе «алты кіші орда» (Алты Алаш) деген мағына беретіні дәлелденген (Қ. Сартқожаұлы. *Орхон мұралары.* — Астана: Күлтегін, 2003. 269-270-беттер). Осы орайда, Түркі Қағанатына алты тайпаның ұйытқы болғаны, олар: қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлұқ, Түркеш, отыз-оғыз тайпалары екені, бұлар Түркеш Қағанаты кезінде (VIII ғ.) «Алаш-орда» («Халач-орда») деп аталғаны, ал М. Қашқаридің «Түркі сөздігінде» «алашу» («*alasu*») сөзінің «кіші орда» мағынасында қолданылғаны, кейін сол «кіші орда» атанған тайпалардың Түркі және Түркеш қағанаттарына ұйытқы болғаны, сондай-ақ, Алтай асып келген қарлұқтардың (766-940 ж.ж.) құрамында халадж (алаш) тайпасының болғаны, мұнан кейін араб саяхатшысы Ибн Баттута (1304-1377) Еділ бойындағы Сарай қаласының тұрғындарын «алаши» («*ас*») деп атайтыны (С. Сабыржан «алаши» деп, В.Г. Тизенгаузен «астар» деп аударған), ең соңында, Түркі, Түркеш, Қарлұқ қағанаттары мен Алтын Орда ұлысына тірек болған ру-тайпалар негізінен Қазақ хандығын жасақтауға қатысқаны, міне, мұның бәрі де өзара сабақтас тарихи дерек ретінде назар аударады (Ю.А. Зуев. *Из древнетюркской этнонимики в китайской транскрипции.* — ТИИАЭ АН КазССР. Т.15. — Алматы, 1962; Сонікі. «*Стайлинг*» журналы. №1, 1992; Сонікі. *О формах этносоциальной организации кочевых народов Центральной Азии в древности и средневековье: пестрая орда, сотня (сравнительно-типологическое исследование).* — Военное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана (Эпоха древности и средневековья). — Алматы, 1998; Б. Алтай. *Диуани лұғат-ат-түрік.* — Анкара, 1986. I. 136-12, III. 205-16; Ибн Баттута. *Дешті-Қыпшаққа саяхат.* — Мына кітапта: *Қазақ тарихынан.* — Алматы: Жалын, 2004. 205-208-беттер; В.Г. Тизенгаузен. *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1.* — Санкт-Петербург, 1884. 306-бет).

Сөз орайында Ресей құрамындағы Тыба (Тува) жерінде Саян тау сілемдерінің бірі Алаш үстірті деп аталатынын, ішкі Монғолияда Алашан (Хэлашань) деп аталатын тау мен Алашан шөлінің бар екенін, Алтайдағы Кемчик өзеніне сол жақ қапталынан қосылатын арналы сағалардың бірі Алаш деп аталатынын, Армениядағы Ван көлінің маңында Алаш-керт деген байырғы қаланың болғанын айта кеткен жөн.

Қазақ тіліндегі «Алты алаш», «Алаштың азаматы», «Алаш баласы», «Алаш жұрты», «Алаш мыңы», «Алаша атқа мінгелі», «Үш алаш», «Алашорда» фразеологизмдері де, сондай-ақ «Алтау ала болса — ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса — төбедегі келеді» деп айтылатын мәтел сөз де халық жадында байырғы заманнан бері сақталып келе жатқан этногенеалогиялық клише болып табылады. Түркі тілдес халықтар арасында «Алаш» атауының тек қазақтарда ғана (Қырым татарларының құрамында алаш руы бар) ұлттық-этнонимдік мәнде қолданылатыны да, яғни, «қазақ»

атауына синоним екені де, сондай-ақ, «Алаш» сөзінің исі қазаққа ортақ ұран болуы да ойдың жосығын орнықтыра түседі. «Барлық дүбірлі жиындарда «Алаш» деген ұранды естігенде, тек таза қанды қара халық қана көтерілетін болған» (Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. — Алматы, 1985. 119-бет). «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш! Алаш!» — деп шабындар, «Алаш! Алаш!» — дегенді әкең де болса ұрып жық деп бата қылысыпты... Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып, өз алдына отау тіккен емес, әр жұртқа бұратана қоңсы болып жүрген» (М.Ж. Көпейұлы. Екі томдық. Екінші том. — Алматы, 1992. 63-бет). Бұл ойды М. Дулатов өлең жолдарына түсірген:

«Алыстан «Алаш!» — десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе мақтанамын!»

Әр түрлі жазба мұралар мен зерттеу еңбектерде, атап айтқанда — Рашид-ад-Дин, Марко Поло, Масуд ибн Кухистани, Мұхаммед Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулат, Қадырғали Қосымұлы Жалайыр, Әбілғазы Баһадүр хан, Бинай, Шоқан Уәлихан, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бердақ, Құрбанғали Халид, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Отыншы Әлжанұлы, Г.Е. Грумм-Гржимайло, Г.Н. Потанин, А. Янушкевич, А.И. Левшин, П.И. Рычков, А.Н. Аристов, В.В. Бартольд, И.И. Крафт, Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Әбубәкір Диваев, Сәрсен Аманжолұлы, Жамбыл Артықбаев, Ю.А.Зуев, Зардыхан Қинаятұлы, Қойшығара Салғараұлы, Байбота Серікбайұлы, Серікбол Қондыбай қатарлы авторлардың еңбектерінде «Алаш» атауы негізінен есім сөз тұрғысында зерделеніп, тарихи тұлға ретінде қарастырылған. Бұл ғалым-зерттеушілердің ел аузынан жинаған деректерінде Алаш (Алаша) өзінің ақыл-парасатымен, күш-қайратымен исі қазақтың түп атасы әрі сөз ұстаған биі ретінде сипатталады. Фольклорлық және шежірелік деректердің да басым көпшілігінде «Алаш» атауына антропонимдік (Қалша Қадыр, Алаша хан, Аланшы, Алаша батыр, Алшын, т.б.) сипат берілген. Сайып келгенде, мұның бәрі де байырғы этнотопонимдік мәндегі «Алаш» атауынан бастау алатыны, бірте-бірте түркі тектес халықтар арасында антропонимдік дәстүрге айналғаны, содан Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққан кездегі әлеуметтің әрі түп атасы тұрғысында (Алаша), әрі сол әлеуметті айғақтайтын этноним (Алаш) тұрғысында орныққаны, сөйтіп мемлекет жасақтау жолындағы қазақ ұлтының ұлы бірлік идеясы ретінде этнос санасына ұялағаны күмән тудырмаса керек.

Ойдың орамын француз этнографы әрі философы Клод Леви-Стростың сөзі орнықтыра түседі: «Миф қашанда өткен өмірдің оқиғаларына қатысты болып келеді: «дүние жаралғанға дейін» немесе «дүние жаңа жаралғанда» — тіпті болмаса, «ерте-ерте ертеде» дейтініміз содан. Алайда, мифтің мән-мағынасы сонда, сол оқиғалар белгілі бір уақыт аясында өткен сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, уақыттан тыс болып келеді.

Миф өткен өмірді қаншалықты жори алса, бүгін мен болашақ өмірді де соншалықты жори алады. Мифологияны саяси идеологиядан артық ешнәрсе де сананда жаңғырта алмайды... Бәлкім, біздің бүгінгі қоғамдағы саяси идеология дегеніміздің өзі мифологияның айырбасы ғана болар», — депті жарықтық.

Осы ойдың жосығын қазақтың білікті этнологы Жамбыл Артықбаев «Алаш» атауымен шендестіріп, тіптен нақтылай түседі: «Ұлы даладағы мың-сан тайпалардың ішкі реттілігі мен өзара жарасымы олардың әйгілі Алаштан тарайтындығына деген сенімімен байланысып жатыр. Бұл ретте, Алашқа қатысты аңыз-әңгімелер ұлттық идеяның өзегі болып табылады. Қазақ этносының ғасырлар сынынан сүрінбей өту жолындағы өмірге құштарлығы мен мемлекеттік құрылыстың орнықтылығы да, түптеп келгенде, осы идеяның шапағатынан... Осынау этноұйыстырушы тірек атау көнеден жеткен жаңғырық сияқты. Алаша хан — мемлекеттік нышанның бастауы, түркі-монғол әлемінің бастауы, Еуразиядағы далалық дүние ұлылығының бастауы» (Ж.О. Артықбаев. *Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий*. — Санкт-Петербург, 2005. 9-10-беттер).

Білікті ғалым А.Я. Гуревичтің де ой-тұжырымы еске түседі: «Қоғамдағы және әлеуметтік ұйымдағы барша қызмет етіп тұрған жүйелердің әмбебап тіні — миф, сондықтан да, миф — сол жүйелерді айғақтайтын тәсілдердің бірі болып табылады», — депті (А.Я. Гуревич. *Категории средневековой культуры*. — Москва, 1972).

Тарихи нақтылы айғақ-деректер «алаш» атауының да, «қазақ» атауының да Қазақ хандығы жасақталмастан көп бұрын Еуразияның Ұлы Даласындағы түркі тектес көшпелілердің жадына белгілі бір этноәлеуметтік жаралым тұрғысында орныққанын пайымдатады. Ой-жосықты нақтылай түссек, Шыңғыс хан жорықтарынан кейін Еуразия кеңістігінде этностар мен мемлекеттердің жаңаша жасақталу үдерісі басталған тарихи ұлы сілкініс кезеңінде, дәлірек айтқанда Алтын Орда заманында бүгінгі Қазақстанның батыс өңірінде алғаш рет «Алаш» атауы этнонимдік мәнде қолданыла бастаған сияқты. Осы орайда, Г.Е. Грумм-Гржимайло, Г.В. Вернадский, Ш.Ш. Уәлиханов сияқты беделді ғалымдардың ой-тұжырымдары ден қойдырады.

Г.Е. Грумм-Гржимайло мынандай деректерге назар аударған: «Алшын ішіндегі шеркеш пен беріш сияқты түпкілікті рулар әу бастан қазақ деп аталған; шеркештерді көршілес тайпалар қазірге дейін қазақтар деп атайды. Император Константин Порфирородный қазақтарды тілге тиек еткенде, Кубань өзенінің алабын «Казахия» деп атайды; орыс кінәзі Мстислав 1022 жылы «косоғтардың» Тмутаракан кінәздігін бағындырды, одан бұрын бұл кінәздікті 968 жылы кінәз Святослав талқандаған еді (алғаш рет косоғтар мен қазақтардың бір ел екенін өз шығармасында граф Потоцкий айтқан болатын — «*Voyage dans Les steps d Actrakhan et du Cancase*», Paris. 1829; А.Харузинді қараңыз — «*К вопросу о происхождении киргизского народа*» // «*Этнографическое обозрение*», 1895. № 3. 40-бет); Никон жылнамасы бойынша монғолдар 1223 жылы Ресейге алғаш шабуыл жасағанда, қыпшақтар мен оңтүстік-орыс кінәздерін талқандамас бұрын «касахтардың» жерін басып өткен; араб жазушылары Абульфеда, Ибн-Баттута, аль-Омари, т.б. бірауыздан Кавказ тауларының солтүстігіндегі «Азақ» елі мен халқы туралы жазады; 1397 және 1410 жылдары Литваға қоныс аударған Қырым татарларының бір бөлігі өздерін «қазақ» деп атаған; 1474 жылы Иван үшінші патшаға Қырым ханы Менлі-герей: «Менің ұлдарым да, менің кінәздерім де, менің «қазақтарым» да сенің елінді жаулай алмайды», — деп жазды; 1471 жылы Новгородқа жорық жасалғанда, сол жорықта өзінің «қазақтарымен» бірге Қасым ханзадасы Данияр да болған еді; 1481 жылы Алтын Орда

ханы Ахметке қарсы шайбан Ибақ хан 1000 «қазағымен» және ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршы 15000 «қазағымен» шабуыл жасап, оны өлтірген болатын, т.б.

...1300 жылға дейін алшындар Кавказ тауларының солтүстігінен бастап, Азов пен Қара теңізге дейінгі алапты мекен етті; одан соң шығысқа, Еділдің (Волганың) төменгі сағасына қоныс аударып, жаңа қоныстарына байырғы — «казак» атауын да, кейінгі — ноғай атауын да өздерімен бірге ала келді, «ноғай» атауы әйгілі жорықшы Ноғай ханның есімімен сабақтас; олардың ортақ ұраны «алаш» еді.

XIV ғасырдан бастап «ноғай» және «казак» атаулары басқа руларға да етене бола бастады, дегенмен, «алаш» ұраны бұрынғысынша негізінен алшындарға тиесілі болатын; алғашқыда қалың ноғайдан жырылып шыққан Жәнібектің аз ғана тобының құрамы алшындардан, арғындардан, керейлерден, қыпшақтардан және жалайырлардан құралған еді. Олар өздерін ноғайлардан бөлектеу үшін «казак» деп атай бастады. Бұл — Қазак хандығының Алтын Орда құрамынан алғаш еңсе көтере бастауы еді; Қасым ханның тұсында алшындардың қомақты бөлігі ноғайлардан бөлініп шығып, казактарға келіп қосылды. Олар кейін Тайыр хандық құрған кезде қайтадан батысқа кері қайтты. Алайда, оның есесіне, казактарға үйсіндер мен қырғыздар қосылды (Тынышбаев қай қырғыздар екенін ашып айтпайды), мұнан әрі, Баба көз жұмған соң қаңлы, сіргелі сияқты рулар да қосыла бастады (*Г.Е. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Екінші том. — Ленинград, 1926. 622-623-беттер*).

Еуразияшыл Г.В. Вернадский былай дейді: «Шыңғыс хан әулетінен шыққан патшаларға бағынған Русь жері саяси жағынан Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейін созылған орасан ауқымды тарихи әлемге кірді. Бұл әлемнің саяси құлашы XIII ғасырдағы монғолдардың ұлы құрылтайларынан анық көрінеді; бұл құрылтайларға (Орта, Солтүстік және Шығыс Азия билеушілері мен көсемдерін, монғол нояндарын есептемегенде) орыстың ұлы кінәздері, грузин және армян патшалары, икония (салжұқ) сұлтандары, кирман мен моссулдің атабектері және т.т. қатыстын. Құрлықтың небір, қиыр шетінен монғол билігінің орталығына адамдар әкімшілік, сауда және басқа да шаруалармен келіп тұруға тиісті болатын.

Монғол империясының 1331 жылғы картасы осы империялық біртұтастықтың бұлтартпайтын құжаты болып табылады. Бұл сызбада Монғол империясы сызықтармен бірнеше бөлікке бөлінсе де олардың бәрі тұтас бір елді құрайды.

Осы сызбаға сәйкес Русь жері (монғол сызушысы «А-ло-ш» деп белгілеген...) бүкіл дүниемен пара-пар болатын азиялық ұлы әлемнің солтүстік-батыстағы ең шеткі түкпірі болып табылады. Алайда, Русь жері бұл әлемнің дербес бөлігі емес; ол ұлы ханға тікелей бағынбайды. Орыс жері Жошы ұлысына кіретін Үзбек патшалығының құрамында тұр» (*Г.В. Вернадский. Монгольское иго в русской истории. — Москва, 1996. 566-567-беттер. Жүгінімді аударған Қуаныш Ахметов*).

Тарих тұңғығындағы «Алаш» атауын символ-этноним деңгейінде қайта жаңғырту, түптеп келгенде, Қазак хандығының аясындағы этносаяси ахуалды реттеуге оң ықпал етті. Бұл ретте, «Алаш» атауы жалпы жамиғатты тұтастықта айғақтайтын этноним болып қана қойған жоқ, ең бастысы, сол жамиғаттың санасына біртұтас этноұжымдық сезім ұялата алды. Шежірелік аңыздардағы Алаштан (Алашадан) —

Байшора, Жаншора, Қарашора туып, олардың ұрпақтарынан Ұлы жүздің, Орта жүздің, Кіші жүздің құралуы да этносаяси тұтастану идеясының көрінісі еді (Н.И.Гродеков. *Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический быт.* — Ташкент, 1889. 2-бет). «Алты алаш», «Алаш мыңы», «Алаш азаматы», «Алаш жұрты», «Үш алаш», «Алашорда» деп келетін сөз тіркестері, ең алдымен, Қазақ даласындағы этногенеалогиялық кеңістіктің қалыптасып, ел болып ұйыса бастаудың жарқын айғағы болатын.

Ойдың жосығын Шоқан Уәлихановтың сөзі орнықтыра түседі: «Қазақтың (казачество) Азиядан бастау алып, дамығаны, сонан соң орыстарға татарлардан (*қыпшақ тілді көшпелілер ортасы немесе түркілер деп түсіну керек — А. С.*) жұғысты болғаны күмәнсіз: орыс жылнамаларында (Псков жылнамасы) Рязань казактары 1444 жылы аталып, Москваға көмекке келгені және татарларға қарсы соғысқаны сөз болады, ал, Украина казактары 1517 жылы аталып, тарихшы Окольскийдің айтуы бойынша, олар гетман Предислав Ланцкоронскийдің басшылығымен Белгородқа (Аккерман) шабуыл жасаған (Карамзинді қараныз. V томның IV тарауына берілген 411-ескертпе). Русь үшін Украина сияқты, қырғыздардың да (*қазақтардың да — А. С.*) ұлан-байтақ иен даласы азаттық іздеп, байлық олжалаған салсерілер мен батырлардың тоғысар мекені болған. Егер, қырық құрақ, қырық ру орыс, Запорож, Дон казактары великорусь халқынан аз-маз болса да айырмашылығы байқалатын, өзіндік болмыс-бітімі оқшау жұрт болса, онда Алтын Орда тұсындағы аласапыран кезінде Русьтегідей жалғыз-жарым тентек-шоралар емес, қағажу көрген тұтас ру-тайпалардың қазақтық қауымдастық (казачьей общины) құрғанына ешқандай күмән болмауға тиіс. Сондықтан да орыс казачествосы сияқты, татар (*түркі-қыпшақ — А. С.*) казактарының да Алаш одағынан бастау алғанына ден қоямын және қырғыздардың (*қазақтардың — А. С.*) Алаш пен Алаша туралы мифтері сол бастау кезеңнің көрінісі болған деп ойлаймын. Азия халықтарында азаттық пен тәуелсіздік деген ұғым тек қана жеке ханмен және өздерінің рубасыларымен орайласа алады. Қыпшақ және Түркістан ордаларынан босып шыққан әр түрлі ру-тайпалардың қазақ одағын нығайтуы, әрине, бірте-бірте, елеусіз түрде жүзеге асты». (Ч.Ч. Валиханов. *Собрание сочинений в пяти томах. I том.* — Алматы, 1961. 206-207-беттер. Аударма біздікі.)

Қазақ этносының тарих сахнасына шығу үдерісіне қатысты Ш.Уәлихановтың бұл ой-тұжырымы, осы уақытқа дейін өз деңгейінде парықтала қоймағанына қарамастан, мейлінше құнды деп білеміз. Бұл ретте, Ш.Уәлихановтың мынандай ой-тұжырымына да назар аудару қажет: «Қырғыздардың (*қазақтардың — А. С.*) өзі, мен атап өткендей, өз руларының атауларын бағзы замандарда өткен рубасыларының, ата-бабаларының есімдерімен сабақтастырады, ал қыпшақ, найман, қоңырат және басқа да іргелі руларды ертеден — Шыңғыс заманынан келе жатқан ел ретінде таниды, сондай-ақ олар жалпы жүздік одақтың қайсысының құрамында болса да, өздерін сол жүзбен біртұтастықта сезініп, онысын шежірелік мән-мазмұнмен бекемдеп отырады.

Сондықтан да, алғаш қазақтық жасаушы (казачествующий) батырлардың тікелей ұрпақтары ретінде, алғаш олардың одағының тіршілік-тынысына төлтумалық

дарытушылар тұрғысында Кіші жүзге құрметпен қарайды» (Ч. Ч. Валиханов. *Көрсетілген еңбек. 207-208-беттер. Аударма біздікі*).

Мұндай ой-тұжырымның ақиқаттығына қазақтың дәстүрлі қоғамдық құрылысы, оның ру-тайпалық жүйесі айғақ, сол ру-тайпалық жүйенің Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қазақ хандығының аясында жаңадан жасақталған ішкі құрылымдары айғақ. Шоқан пікірінің астарында Қазақ хандығы құрылған соң ру-тайпалық құрылымның жаңадан түзіліп, жаңаша жасақталғанын бекемдей түсетін дерек бар. Ол — ХІХ ғасыр қазақтары қыпшақ, найман, қоңырат сияқты іргелі тайпалардың Шыңғыс заманынан келе жатқанын біле тұрып, оларды жүзден тыс тайпа деп бөлектемей, Орта жүз құрамына жіктеген дерек. Әрине, бұл сияқты жаңаша жіктелудің Ұлы жүздегі жалайыр, Кіші жүздегі керейт сияқты толып жатқан рулар мен тайпаларға да қатысы бар екеніне еш күмән болмауға тиіс.

Ш. Уәлиханов та, М. Тынышбайұлы да, Г.Е. Грумм-Гржимайло да «алаш» сөзінің алғаш алшындарға ұран болғанын, «алаш» атауы бұл ортада алғаш рет этнонимдік мәнде қолданыла бастағанын, тіптен, «Кіші жүз» атануының өзін қара шаңырақ иесі (кенже — кіші ұл) болғандығынан екенін, яғни, Алтын Орданың шаңырағы шайқалар тұста алғаш рет қазақтықты бастап, Қазақ хандығының бой көтеруіне дем беруші болғандығын сенімді түрде жазады.

Мұндай тұжырымды орнықтыратын мысалдар тарихи жыр-тоғауларда да молынан ұшырасады.

«Алаш та алаш болғалы,
Алаша атқа мінгелі,
Ала шұбар ту байлап,
Алашқа ұран бергелі
Әлім еді ағасы,
Шолпан еді анасы...»

«Қайратым қанша қайтса да
Мұныға, ханым, шыдаман.
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін.
Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырысын берермін,
Алыста дәурен сүрермін.
Қарамасаң, ханым, карама,
Сенсіз де күнімді көрермін!»

«Алаш — алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда,
Орымбет (Орманбет) хан өлгенде,
Басы саулар күлгенде,
Он сан ноғай бүлгенде...»

«Алаштан қазақ тараған
 Ноғайларға караған.
 Жауға алдырмай ноғайлар
 Бір-біріне жараған.
 Ноғай-қазақ бөлініп,
 Үш жүз болып тараған»

(Қ. Сыдықов. *Алқаласа әлеумет*. – Алматы, 1991. 57-58-беттер; *Бес ғасыр жырлайды*. 1-том. – Алматы, 1989. 52-53-беттер; Р. Бердібай. *Эпос – ел мұраты*. – Алматы, 1995. 174-бет; С. Қондыбай. *Есен-қазақ*. – Алматы, 2002. 260-бет).

Жоғарыдағы айғақ-деректер мен жүгінімдерді қорытындылай отырып, «алаш» атауы шашыранды ру-тайпалардың этнотектестігін бекемдеуге және елдік тұтастықты орнықтыруға ұрымтал генеалогиялық дерек (ақпарат) ретінде Алтын Орда кезінде жұртшылыққа ден қойдыра бастағанын, Ақ Орда тұсында ұлы бірлік идеясына айналып үлгергенін, ал Қазақ хандығы жасақталу барысында сол идеяның басшылыққа алынғанын бажайлау қиын емес.

Осы орайда, Қазақ хандығы жасақталар кезеңде жаңадан топтаса бастаған ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік одағына «ноғай», «қазақ», «өзбек», «алаш», «арыс», «аламан», «маңғыт», «шайбан» («шибан») атаулары этнонимдік мәнде қатар қолданылғаны назар аударады (*Фазлаллах ибн Рузбехан Исфакхани. Михман-наме-и Бухара (Записки Бухарского гостя)*. – Москва, 1976. 47-48-беттер). Алайда, тарихи ахуал бұл атауларға әр түрлі мағына дарытты. «Ноғай» атауы Ноғай ұлысын жасақтаған ру-тайпалардың жиынтық этнониміне айналды да, «қазақ» атауы Қазақ хандығын жасақтаған ру-тайпалардың жиынтық этнониміне айналды. «Өзбек» атауын этноним ретінде өзбек халқы иемденді. «Алаш» атауы болса Қазақ хандығы аясындағы ру-тайпалардың бастау тегі, түпкі автоэтнонимі ретінде қазақ халқының жадына орнықты. «Арыс», «аламан» атаулары болса ру-тайпалар мен ел-жұрттың жиынтық қалпын айғақтайтын бейнелі сөз деңгейінде қолданылатын болды. Ал, «маңғыт» этнониміне негіз болған маңғыттардың басым көпшілігі Ноғай Ордасына сіңіп кетті де, «шайбан» этнонимі болса Шайбан әулетінің билік тізгінінен айырылуына байланысты тарих еншісіне айналды. Сондықтан да, қазақ халқының шежірешілдік дәстүрі бойынша қазақтардың түп тегі Алаштан бастау алатынын дәлелдеу қандай оңай болса, оны жоққа шығару да сонша қиын. Қалай болғанда да, «алаш» атауы қазақ халқының генезисіне қатысты ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясының тарихи әмбебап негізі ретінде айналымға түскені ақиқат.

Ой сорабын жинақтағанда, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар «Алаш» атауының халық жадында сақталғанына алдымен мән беріп, ол атауға түпкі тектік мазмұн дарытып, алашабыр ру-тайпаларды ұйыстыратын символ-этноним деңгейіне көтере алған деп түйін жасауға болады. Бұл ретте, салыстырмалы түрде, ХХ ғасырдың басында ара-дара күй кешкен османлылардың этносаяси тұтастануына «түрік» этнонимі қандай оң ықпал етсе, Қазақ хандығының аясындағы алашабыр ру-тайпалардың бірбүтін этносқа айналуына «алаш» этнонимі де дәл сондай оң ықпал етті деудің қисыны бар.

Екінші уәж. Ендігі аса күрделі де кезек күттірмейтін шара — хандық аясындағы мидай араласқан ел-жұрттың ру-тайпалық жүйесін ретке келтіру болатын. Себебі, реттелген ру-тайпалық жүйе қалыптаспай тұрып мемлекеттік құрылымды орнықтыру, яғни, мемлекеттік біртұтас басқару жүйесін қалыптастыру мүмкін емес еді.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы — судай сапырылысқан ығы-жығы ру-тайпаларды жаңадан жіктеп, тыңнан генеалогиялық түзілім жасау болатын. Яғни, «Алаш» этнонимі жалпы жамиғаттық деңгейде, дәлірек айтқанда, жалпы қазақ деңгейінде жаңғыртылса, енді сол ел-жұртты ру-тайпалық деңгейде айғақтау, жіктеу, жүйелеу қажет болды. Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар бұл ретте де іргелі ру-тайпалардың халық жадында сақталған түпкі атауларын саралап, ол атаулардың киелі сипаттарын жаңғыртып, шашыранды ел-жұртты сол **іргелі ру-тайпалар** төңірегіне топтастыра білді. Былайша айтқанда, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылман қайраткерлердің алашабыр ру-тайпаларды жаңаша жіктеуі, соған орай генеалогиялық тың түзілімдер жасауы шын мәнінде этносты ұйыстырудың бірден-бір кепілі еді (*Қазақ руларының іргелі (аталық), кіші және сіңісті рулар ретінде сараланатын дәстүрін «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасынан қараңыз*).

Кейбір ғылыми-тарихи еңбектерді айтпағанда, қалың жұртшылықтың таным-түсінігі бойынша қазақтың ру-тайпалық құрылымы дәл қазіргі қалпында есте жоқ ескі заманнан бері қалыптасып, сол құрылым еш өзгеріссіз бүгінге дейін сақталып келе жатқандай болып көрінетіні рас. Алайда, ақиқат шындық басқаша. Ондай шындық — Қазақ хандығы құрылу барысында хандық аясына әр қиырдан келіп қосылған ру-тайпалар жаңаша жіктеліп, жаңаша жүйеленген дегенге саяды. Бұл ретте, Қазақ хандығының тарихын Алтын Орда жұртындағы шашыранды ру-тайпалардың қазақ этносын ұйыстыру жолындағы бас біріктіру тарихы десе де болады.

Ойды орнықтыру үшін нақтылы тарихи деректерге жүгіну қажет.

...Шайбан Әбілқайыр ханның қол астындағы қалың қыпшақтың батыры Қобыланды арғын Дайырқожаны (Ақжол) өлтірген соң өкпелі арғындарды бастап Керей мен Жәнібектің Шу бойына көшіп келетіні тарихтан мәлім. Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани Қазақ хандығына қарсы 1504-1510 жылдар аралығында төрт рет шабуыл жасағанда сол Мұхаммед Шайбани әскерінің алдыңғы шебінде қыпшақтар болды. Мұхаммед Шайбанидің әскері соңғы рет (1510 ж.) Түркістан арқылы баса-көктеп Ұлытауға жеткен жерінде оның әскерін Қасым сұлтан (ол кезде хан бола қоймаған) тас-талқан етіп жеңеді. Осыдан кейін қыпшақтар шашырап қазақ, өзбек, ноғай құрамына сіңіп кетті.

...XV ғасырдың бас кезінде Еділ бойында Хайдар-мырзаның қол астында қоңыраттардан жасақталған үш түмен (30 мың) әскер болды. Сол қоңыраттар Ұлы-Мұхаммед, Кіші-Мұхаммед, Сейіт-Ахмет (Токтамыстың немересі) кезіндегі ала-сапыранда жан-жаққа шашырап кетті. Қоңыраттан шыққан Мұхаммед-аталық 1690 жылы Балқыны биледі. 1702 жылы Сұбанқұл хан өлген соң, Бұхарада қоңыраттар мен маңғыттардың арасында билік үшін күрес басталып, қоңыраттар жеңіліс тапты. Қоңыраттардың қомақты бөлігінің қазақтарға келіп қосылатыны осы кез.

...Мұхаммед Салихтың «Шайбани-Наме» кітабында Мұхаммед Шайбани қол астында наймандардың болғаны, олардың Мұхаммед Шайбанимен тізе қосып

Түркістан жорығына қатысқаны баяндалған. Кейін Мұхаммед Шайбани өзіне қаратқан жерлерді бөліске салғанда қарадан шыққандардың ішінен тек Қобыз-найманға ғана Мерв төңірегін билеуге берген. Ғұбайдұлла (Обайдұлла) хан Иранға жорық жасағанда оның әскерінің сапында наймандар болған. 1530-1550 жылдары Түркіменстанды шайбан Санжар билегенде оның ең сөзі өтімді серігі найман Құлмұхаммед би болған. 1570-1580 жылдары Балқы төңірегіне найман Назар би билігін жүргізген. Сол сияқты, 1580-1590 жылдары Нұрата көшпелілерінің көсемі найман Ахметәлі-аталық болды. Осы орайда, XVI-XVII ғасырларда Мерв, Балқы, Сырдария алабында наймандардың саяси билікке ие болуы олардың сан жағынан да басым болуына байланысты екенін атап өткен жөн (*В.В. Бартольд, Әбілғазы баһадүр хан, М. Тынышбаев*). Содан, Араб-Мұхаммедтің төре мен найманнан алған әйелдерінен туған балаларының арасында тақ таласы үшін болған қанды қырғында найман әйелінен туған балалар жеңіліп, 1625 жылы Хорезмдегі қалың найман беті ауған жаққа қашуға мәжбүр болған. Осы босқында наймандардың қомақты бөлігі қазақтарға, келесі бір бөлігі Еділ бойындағы ноғайларға, тағы да бір бөлігі Бұхар хандығына қосылады.

...XVI ғасырдың екінші жартысында Сырдарияның төменгі сағасын қоныс еткен қарақалпақтардың қырық биі қазақтың Тәуекел ханына келіп, Ұлытаудан жер беруін өтініш етеді. Тәуекел хан бұл өтінішті қабыл алып, өз баласын қарақалпақтардың билеушісі етіп жібереді (*Материалы научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. — Ташкент, 1955. 105-бет*).

...1594 жылы Москваға келген қазақ елшілігі қоңсы отырған қалмақтарға Тәуекел ханның Шахмұхаммед деген баласының хан болғанын айтқан (*Т.И. Султанов. Краткое описание Сейфи (XVI в.). — Қазақ КСР ҒА-ның Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. — Алматы, 1970. № 1, 47-48-беттер*).

...1581 жылы Шығай хан өз нөкерлерін ертіп шайбан әулетінен шыққан екінші Абдолла ханға қонаққа келеді. Осы жолы Абдолла хан Шығай ханға Ходжентті ықта (икта — пана, қоныс) болсын деп, сүйергеал (союргал) ретінде сыйға береді (*Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. — Алматы, 1969. 257-бет*).

...Ұлы жүз дулат тайпасының Қазақ хандығына қосылуы XVI ғасырдың орта тұсы. Шағатай әулетінен шыққан Бабыр мен Сейітхан өзбек-қазақтармен соғысқанда әйгілі Мұхаммед Хайдар солардың жағында болды. Кейін Бабыр Кашмирге қарай ығысып, Сейітхан дүние салған соң Мұхаммед Хайдар дулаттардың біраз бөлігін ертіп Бабырды сағалап кетеді. Сөйтіп, дулаттардың атамекенде қалғандары Қазақ хандығының құрамына қосылды (*М. Тынышбаев. История казахского народа. — Алматы, 1993. 70-71-беттер*).

...Үлкен ноғайдан қалың алшынның (Кіші жүз ру-тайпалары) бөлініп шығып Қазақ хандығына қосылуы 1555 жылы орысқолды Ысмайылдың (Измаил) өз інісі Жүсіпті (Юсуф) өлтіруіне байланысты басталады (*С.М. Соловьев. Сочинения. Книга III. История России с древнейших времен. — Москва, 1989. 441-505-беттер*). Мұнан соң Орманбет хан өлгеннен кейін (1600 жылдар шамасы) ноғайлар Қырым мен Қобан (Қобқан, Кубань) алабына қарай ауа көшкенде алшынның қомақты бөлігі қазақ құрамында қалып қойды. Қазақ-ноғайдың осы айырылысуы талай ру-тайпаларды

сергелденге ұшыратты. Неміс саяхатшысы Николай Эрнест Клеман 1768-1770 жылдары Қырымды қоныс еткен жеті руды айтады. Олар: едішкүл, жембойлық, жетісан, қазай, наурұс, көргөз, қасболат.

...Есім хан 1628 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын ханды сатқындығы үшін шапқанда, негізінен, қатағандардан құралған әскерді қырған. Сол қатағандардың қалған-құтқан жұқанасы шанышқылы деген атпен қаңлы тайпасының құрамына кірген. Қатағандардың Есім ханға мойын ұсынбаған қомақты бөлігі Өзбекстанның Шыназ аймағына сонсоң Күләбқа қоныс аударып, одан әрі Пәндж асып, Хазарати-Имам, Құндыз, Таликан, Рустак төңірегіне ығысып кеткен.

...XVIII ғасырда Қазақ даласында әскери-дипломатиялық қызмет бабымен болған қытай тарихшысы Сун Юнь (1754-1835) мынандай мәлімет қалдырған: Қазақ ханы Уәлидің інісі Ғаббас сұлтанның қарауындағы арғын одағының құрамында (оток) қоңырат руының, Уәли ханның інісі Әділ сұлтанның қарауындағы үйсін одағының құрамында тама, көкжарлы, саржомарт руларының, Сәмен сұлтанның қарауындағы найман одағының құрамында шеруші, жәдік, қырғыз руларының болғанын жазады (*Сун Юнь. Қазақтардың негізгі қайнары. — «Әлем» альманағы. Бірінші басылым. — Алматы, 1991. 126-135-беттер*).

Қысқасы, қазақтың кез келген ру-тайпасына қатысты осындай мысалдар келтіруге болады. Ондай мысалдарды қорыта зерделегенде Қазақ хандығының жасақталуы, ең алдымен, шашыранды ру-тайпаларды жаңаша жіктеп, жаңаша жүйелеу арқылы жүзеге асқанын пайымдатады. Сондықтан да әйгілі тарихшы, сол заманның жай-жапсарына тікелей араласқан Дулат Мұхаммед Хайдар былай дейді: «Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Алғашында, осылай елден қашып, олардан бөлініп-жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды» (*Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди. — Алматы, 306-бет*). Яғни, Қазақ хандығын жасақтау үшін әр тараптан бас біріктірген ру-тайпаларды жаңаша жіктеп-жүйелеу әлеуметтік-саяси қажетті алғышарт болатын. Бұл ретте, қазақ ру-тайпаларының атауында этникалық даралықты айғақтаудан гөрі әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бағдар берушілік сипаты басымдау деп қорытынды жасауға негіз мол.

Демек, Керей хан (1456-1473) мен Жәнібек хан (1473-1480) шаңырағын көтерген Қазақ хандығы алғаш рет Шу бойындағы Қозыбасы деген жерге Орда тіксе, Мұрындық хан (1480-1511) тұсында Түркістанның солтүстігіндегі байтақ алап Қазақ хандығының иелігінде болды, Қасым хан (1511-1518) кезінде бүгінгі Қазақстан аумағы негізінен қазақ халқының атамекеніне айналды, Хакназар хан (1559-1580) билік құрған кезеңде қазақ халқы өзінің ұлттық-этникалық болмысын біржолата даралап, Еділ мен Жайықты еңдей жайлады, Ертіс пен Есілді өрлей қоныстанды, Қызылқұм мен Сыр бойын көсіле қыстады, Түркістан ман Сауран сияқты оңтүстіктің ақарлы-шақарлы қалаларын ордалы орынға айналдырды. Осылайша хандық аумағының бірте-бірте ұлғая қалыптасуы, сол арқылы хандық құрамына жергілікті әулет-аталар мен ру-тайпалардың лек-легімен қосылуы, сөз жоқ, Қазақ

хандығының аясындағы ру-тайпалар құрылымының жаңаша жіктеліп, жаңаша жүйеленуін талап етті. Осы орайда, қазақ халқының жүздік бөліктері де әсте этникалық бөліктер емес екенін, мұның өзі Қазақ хандығының бірте-бірте нығаюына байланысты байтақ алаптағы ел-жұртты ілкімді басқару үшін пайда болған саяси-әлеуметтік және әкімшілік-аумақтық бөлік екенін айрықша атап өткен жөн. Мұндай ой-тұжырымды «жүз» («иұш») сөзінің орта ғасырда «топтасу», «бірігу», «сығылысу» деген мағына бергендігі де орнықтыра түседі (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Үшінші томы. Аударған А.Қ. Егеубай. – Алматы, 1998. 11-бет*). Яғни, жүздік бөліктерге көшпелі өмір-салттағы ұлттық-мемлекеттік жаралымның саяси-әлеуметтік кемелдігіне кепіл болған тарихи алғышарт тұрғысында қараған абзал.

Қазақ хандығы жасақталған соң, судай сапырылысқан ел-жұрттың ру-тайпалық құрылымы жаңаша жіктеліп, жаңаша жүйеленгенін ел ішіндегі даңғайыр шежірешілер де тап басып, сезіп-біліп отырады. «Дербес Қазақ хандығы отау көтерген соң, ұлыстар мен рулар өз шежіресін қайта жасаған секілді. Оны және кездейсоқ емес, әдейі, саналы түрде жасаған. Арты бұлыңғыр ұзақ тарихты сызып тастап, әркім өз шежіресін «біз, міне, қазақ болдық» деген тұстан қайта бастаған», – дейді керектілік даңғайыр шежіреші Сыдықов Мүсәйіп Қыдырқанұлы (*М.Қ. Сыдықов. Көңші шежіресі. – Павлодар, 2004. 209-бет*).

Мүсәйіп мырза қазақ шежірелерінде көрініс тауып отыратын ұрпақ сабақтастығын таксономиялық деңгейлер бойынша салғастыра отырып, ақиқат шындықты дәл пайымдаған. Бұл ретте, арғын Мейрамсопыдан туды делінетін балалардың ата саны бір-бірімен мүлде сәйкес келмейтінін бұлтартпас айғақ етеді.

Осы тұста, Қазақ хандығының жасақталуына байланысты қазақ ру-тайпаларының жаңадан жүйеленгенін ел ішіндегі даңғайыр шежірешілердің сезіп-білетінінде, сезіп-біле отырып ұлттың ұлы бірлік идеясына адал болу қажеттігін терең түсінетінін де атап өткен жөн. Содан да болу керек, даңғайыр шежірешілердің қай-қайсысы да исі қазақты бір кіндіктен таратып, бір құрсақтан өрбітуге айрықша құлықты болып отырған. Сөйтіп, ел тұтастығына негізделген қария сөздер мен шежіре деректерін ұрпақ санасына айрықша ыждағатпен сіңіруді киелі міндет санаған. Өйткені, ру-тайпалардың жаңадан жүйеленуі ел болып ұйысу жолындағы ұлы қадам, ең мәнді және ең нәтижелі реформа еді. Мұның нәтижесін халық аз уақыт аясында сезініп үлгергені тарихтан мәлім. Сондықтан да мұндай тарихи қадамның халық санасында киелі сипат алып, оның өзі ел-жұртты ұйыстырғыш шежірелік аңыздармен бекемделіп отыруы заңды еді деп қорытынды жасауға болады.

Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік тұғырын бекемдеуге бағытталған осындай тарихи реформалардың айғақ-белгілерін, ең алдымен, қазақ халқының ру-тайпалық құрылымынан айқын аңғаруға болады.

Бұл ретте, ең алдымен, қазақ шежірелерінің бәрінде дерлік бүгінгі ұрпақпен жалғасқан генеалогиялық түзілімінің 19-22 атамен шектеліп отыратынын басты айғақ ретінде атап өткен жөн. Мәселен, біз салғастырған 831 шежіренің 819-ында таратылатын ру-тайпалардың 19-22 атамен шектеліп отыратынын байқадық. Сөйте отырып, бұл ру-тайпалардың бәрі дерлік үйсін, қаңлы, дулат, қыпшақ, арғын, найман, керей, алшын, т.б. сияқты, алды жаңаша жыл санауға дейінгі кезеңде, арты ерте

орта ғасырда белгілі болған этнонимдерді түпкі тұғыр ететінін аңғару қиын емес. Яғни, әр атаның арасын 20-25 жылдан есептегенде (этнологияда орныққан меже бойынша), 19-22 буынды қамтитын шежірелер Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығын айғақтайды. Сонымен бірге, Қазақ хандығы шаңырақ көтерген соң ру-тайпалық құрылымның жанадан жүйеленіп, жанадан түзілгенін де пайымдатады. Былайша айтқанда, халық жадында сақталған үйсін, қанлы, дулат, арғын, қыпшақ, алшын, т.б. сияқты түп тектік этнонимдер шашыранды ел-жұртты тайпалық деңгейде ұйыстыруға негіз болған. Мұндай ой-тұжырымды бір тайпаның үш жүз құрамында да кездесетіні немесе бір рудың бірнеше тайпа құрамында болуы да орнықтыра түседі («Тектес-аттас ру-тайпалар» және «Сіңісті аталар мен ру-тайпалар» тараушаларын қараңыз).

Сөз орайында, біз қарап шыққан 831 шежіренің 12-сінде ғана 50-60 атаға дейін, кейде 100-150 атаға дейін көрсетілетінін, оның өзі негізінен діни-фольклорлық аңыз-эпсаналарға сүйене отырып дәйексіз түзілетінін атап өту қажет және мұндай шежірелік деректер қазақ халқының этногенеологиялық тарихына айғақ бола алмайды деп білеміз. Себебі, 150 аталық генеалогия дегеніміз – бері қойғанда төрт-бес мың жылдық ұрпақтар сабақтастығы деген сөз. Рас, қазақ халқының негізінен тұрғылықты (автохтонды) халық екені, оның түпкі тегін қаузаса 1,5 миллион жыл бұрынғы гоминиттермен сабақтасатыны, әсіресе, осыдан төрт-бес мың жыл бұрынғы қола дәуірінде (андрон мәдениеті) ғұмыр кешкен адамдардың тікелей ұрпағы екені археологиялық және антропологиялық зерттеулерде толық дәлелденген. Алайда, соңғы төрт-бес мың жыл аясындағы ұрпақтар сабақтастығын есімдері бойынша (антропонимдік тұрғыда) түзіп шығу деген ешқандай сын көтермейтін тірлік.

Осы орайда, қазақ этнонимі орныға бастаған кезден бастап бүгінге дейін, яғни, XV-XXI ғасырлар арасын қамтитын генеалогиялық түзілімнің толық дерлік сақталуының өзі-ақ тақияға тар келмейтінін, мұндай мерзім аясын қамтитын генеалогиялық жады айқын этнос әлемде жоққа тән екенін айрықша мақтаныш сезімімен атап өтуге болады. Бұл, әсіре сөз емес, төңірекпен салғастыра зерделегенде қазақ халқының тарихи білім-білігінің мейлінше сергек болғанын, әсіресе, төл тарихына деген халықтың жаппай сауаттылығын білдіретін таңқаларлық құбылыс.

Байырғы заманнан бері қарай көшпелілердің әлеуметтік-саяси өмірінде 6 тайпаның бірігуі ұлыстықтың алғышарты болғанын аңғартады. Ал, әрбір 12 рудың бірігуі тайпалықтың алғышарты болған сияқты. Мұндай ой-тұжырымды орнықтырар тарихи деректер баршылық.

Алты тайпалық одақ туралы ең бір байырғы деректің (б.з.д. IV ғ.) Кеген жазуына түскені жоғарыда келтірілді (Г.Г. Мусабаяев. *Кегенская надпись // Эпиграфика Казахстана. – Алматы, 1971. 24-28-беттер*).

Сондай-ақ, алты тайпалық одақ туралы келесі бір байырғы дерек Енесай (Енисей) бойындағы «Ұйық Тарлақ» («Уюк Тарлақ») жазуына түскен. Онда тайпа көсемі Елтуғанның «алты тайпадан құралған халықтың көсемі» екені жазылған (А.Х. Маргулан. *Мир казаха. – Алматы, 1997. 37-бет*).

Кезінде Түркі қағанатына қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлұқ, Түркеш, отыз-оғыз деп аталатын алты тайпаның ұйытқы болғаны белгілі. Тыба (Тува) жерінде

IX ғасырда өмір сүрген әскери-әкімшілік бірлестік «алты бау» («алты бағ») деп аталған. Сол сияқты, Ордостың оңтүстігіндегі (Солтүстік Шэнсиде) Қытай қол астындағы соғдақ отары да алты аймақтан (алты чуб), яғни, алты тайпа бірлестігінен құралған. Соғдақтар қытайланған түркі тайпалары (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 39-бет; Қ. Сартқожаұлы. Орхон мұралары. — Астана, 2003. 248-250-беттер; Л.Ю. Тугушева. Об интерпретации некоторых данных Орхонских рунических текстов // Древнетюркская цивилизация: Памятники письменности. — Астана, 2001. 396-401-беттер*).

Қытай деректерінде V-VI ғасырлар аясында гаогюй тайпасының 12 рудан құралғаны айтылады: лифули, тулу, ичжань, далян, кухэ, дабо, алуны, моюнь, сыфынь, фуфуло, киюань, юшупэй. Гаогюйлердің түпкі тегі ғұндар құзырында болып, сонан соң сәнбилер мен жужандардың қол астына қараған (*Н.Я. Бичурин. Собрание сведений... 1-том. — Москва-Ленинград, 1950. 216-бет*).

Осы деректегі руларды, мәселен, : тулу — дулат, алуны — арғын, моюнь — мойын, сыфынь — сыбан, дабо — тыба (тува — дөленгі — төленгіт) деп жорып, осы сияқты басқа да ру-тайпалардың тарихи тек-тамырын тарата саралап көруге болар еді. Мұндай зерттеу-зерделеу жұмыстары түркі тектес ру-тайпалардың тарихи тағдырын танып-түсінуге септесін болуға тиіс. Әрине, бұл тақырыптың өрісі бөлек.

Шежіре деректерінде исі түркі халықтары Оғыз ханның алты ұлынан өрбитіні белгілі. Мұндай дерекке нақтылы генеалогиялық айғақ ретінде қараудан гөрі генеалогиялық дәстүр тұрғысында қараған абзал. Себебі, әрбір ру-тайпа атауын нақтылы тұлғамен сабақтастыра зерделеу көшпелі өмір-салтта бұлжымас үрдіс болғаны белгілі. Шежіре дерегінде Оғыз ханның 6 ұлынан өрбіген 24 немересі 24 рулы елге ұласады. Сондай-ақ, Оғыз ханның күң келіндерінен (наложниц) туған немерелерінің де саны 24. Әрбір немересі бір-бір руға (омак) иелік еткен. Омак (аймақ) сөзі ру (ұрық) деген мағына берген. Оғыз ханның заңды келіндерінен туған 24 немересі мен күң келіндерінен туған 24 немересі он екіден төрт бөлікке бөлінген. Әрбір бөліктегі 12 немересінен өрбіген ұрпақты «жүздік» («йузлик») деп атаған. Яғни, ел-халық болу үшін «бірігу», «топтасу» деген мағына берген. Махмұт Қашқаридің көрсетуінде «жүз» («иұш») сөзі «топтасу», «бірігу» деген мағынада қолданылған. Түркімендердің 24 руы он екіден екі бөлікке бөлініп, әрқайсысы «жүздік» деп аталатыны да содан (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Үшінші томы. Аударған А.Қ. Егеубай. — Алматы, 1998. 11-бет; А.Н. Кононов. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. — Москва-Ленинград, 1958. 50-52-беттер*).

Демек, Оғыз хан шежіресінде ұлыстықтың алғышарты ретінде 6 тайпаның, тайпалықтың алғышарты ретінде 12 рудың жіктелуі айқын аңғарылады.

Сөз орайында, башқұрттардың да, барак түркімендердің де, қырғыз ішіндегі тағай тайпасының да 12 рудан жасақталғанын айта кетуге болады.

Тарихшы Ж. Мырзаханов өзінің «Тарих қойнауынан» атты еңбегінде Шыңғыс хан тұсында қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, қаракесек тайпаларының «Алты сан алаш» деп аталғанын, кейін Ақ Орда хандығы кезінде осы тайпалар бірлестігі «Алаш мыңы» деген атауға ие болғанын жазады. Өкініштісі, бұл қандай дерек көздерінен алынған мағлұмат екені көрсетілмеген (*Ж. Мырзаханов. Тарих қойнауынан. Тарихи очерктер. — Алматы, 2004. 144-153-беттер*).

Тарихтан белгілі, XVI ғасырдың 40-жылдарында Алтын Орданың жұртынан еңсе көтерген хандықтардың бірі Ноғай ордасы болатын. Осы кезде Жем мен Сырдария өзендерінің аралығындағы ноғайлардың ордасы Алтуыл немесе Жембойлық деп аталды. Алты тайпалық бөліктен тұратын бұл орданы Үлкен Ноғай ордасының негізін қалаған Ших-Мамайдың (1540-1548) алты ұлы басқарды. Кейін Үлкен Ноғай ордасы ыдырап, оған сол кезде бәсиелік еткен Орманбет би (1590-1601) өлген соң ноғайлардың біраз бөлігі Қырым мен Қобан (Қобқан) жағына ығысты да, Алтуыл (Жембойлық) ордасының халқы Есім ханның тұсында (1598-1628) толық дерлік қазақ құрамына сіңіп кетті. Қазақтың шежірелік түзіліміндегі ноғай-қазақ деп аталатын ру осылар.

Көшпелі өмір-салтта қалыптасқан бұл сияқты байырғы дәстүр Қазақ хандығын жасақтау барысында да мұқият ескерілген. Бұл ретте, 12 атадан рудың құралуына, 12 рудан тайпаның құралуына, 6 тайпалар одағынан жүздердің құралуына алғышарт тұрғысында мән берілгені байқалады («әулет», «ата», «ру», «тайпа», «жүз» атауларының мән-мағынасы сөз болатын «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» атты тараушаны қараңыз). Қазақ шежірелерінде Ұлы жүзді алты арыс (тайпа) ел дейтін де дерек бар. Олар: Бәйдібектің бірінші келінінен туған Сарыүйсін — бірінші арыс, екінші келінінен туған Шапырашты, Ошақты, Ысты — екінші арыс, үшінші келінінен туған Албан, Суан, Дулат — үшінші арыс, құрамына шанышқылы мен катағанды қосып алған қанлы — төртінші арыс, жалайыр — бесінші арыс, сіргелі — алтыншы арыс. Шежіре деректерінде Бәйдібектің ағасы Байдұлладан тарады делінетін Шақшам ұрпағы санының аздығына байланысты тайпалық өреге кейіндеу жеткен. Орта жүз де алты арыс ел — арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ. Тарақты тайпасы Тәуке ханның «ноқта ағасы» институтын енгізуіне байланысты кейін дараланған сияқты. Сайдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарадан кітап болып басылып шыққан шежіресінде тарақтыны жүздік бөліктен тыс рулар санатына жатқызуының бір сыры осында болу керек. Кіші жүздің он екі ата байұлы да алты-алты тайпадан екі бірлестіктің қосылуы арқылы құралғаны байқалады. Әлім бірлестігі де алты арыс ел. Шежіре деректерінде жетіру бірлестігінің де алғашқыда алты арыс ел болғаны, тама тайпасының жетіру бірлестігіне кейін қосылғаны айтылады (Г.Н. Потанин. *Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина, 1916. 61-бет; Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ тарихы. Шығармалары. 8-том. — Павлодар, 2006. 164-бет*).

Енді, осы тайпалардың да өз ішінде негізінен 12 рудан жіктеліп отыратыны назар аударарды. Мәселен, жалайыр, қара қанлы, арғын, абақ керей, қоңырат, уақ, тарақты, байұлы сияқты тайпалар 12 рудан түзілсе, ошақты ішіндегі тасжүрек, ботпай ішіндегі қоралас, арғын ішіндегі дәуіт және атығай, қоңырат ішіндегі саржетім, абақ керей ішіндегі шұбарайғыр, жағалбайлы ішіндегі лез және мырза сияқты іргелі рулар да 12 атадан түзілген. Рас, Қазақ хандығының бір сәтте жасақтала қоймауына байланысты, сондай-ақ қаншалықты оңтайластырғанмен кейбір ру-тайпалардың өзара етене жақын немесе алшақ болатындығына да байланысты ру-тайпалық құрылымның он екіден кейде көптеу, кейде аздау шоғырлануы әбден мүмкін. Алайда, әрбір тайпаны 12 рудан, әрбір іргелі руды 12 атадан жіктеп отыру ең бір оңтай меже болғаны анық

байқалады. Осы орайда, білікті зерттеуші Серікбол Қондыбайдың пікірі ден қойдырады: «Он екі ата Байұлы — тұрақты сандық формула, бірақ реалды Байұлындағы ру саны кем дегенде 13, көп дегенде 20 руға жеткізіледі. Бірақ, әлгі он екі орын — көнеден келе жатқан тұрақты түсінік болғандықтан, кейінгі шежірешілер де осы 13-20 рудың қиюын қиыстырып он екі орынға сыйғызып жібереді. Мәселен, көп жағдайда 13 рулы болып келетін Байұлындағы басы артық 13-ші ру — Алтынды Жаппастың қызы, Адайдың келіні, т.б. етіп шығарып, әйтеуір ретін тауып 12-лікке сыйғызып жіберу дәстүрі бар. Осындай тәсілдер Оғыз қағанның 24 немересіне қатысты шежірелерде де қолданылуы әбден мүмкін» (С. Қондыбай. *Маңғыстаунама*. — Алматы, 2006. 355-бет). С. Қондыбайдың пікірінен тайпа құраушы 12 рулық жүйенің көшпелі өмір-салт үшін оңтай меже ғана емес, сонымен бірге киелі сипаты бар «көнеден келе жатқан тұрақты түсінік» деген тұжырымды да аңғаруға болады.

Шежірелердегі ру-тайпалардың белгілі бір сандық мөлшер (6,12,24) бойынша жіктелетін дәстүріне кезінде Г.Н.Потанин де мән беріп, мұндай жіктеудің шындықтан гөрі тылсымдық (мистический) мәні басым болатынын атап өткен (Г.Н. Потанин. *Очерки северо-западной Монголии*. — Горно-Алтайск, 2005. 2-бет).

Әрине, бұл жерде 12 санына иррационалды мазмұн дарытып: жерге жақын шок жұлдыздар саны 12 еді; Есекқырған (Юпитер) жұлдызы Күнді 12 жылда бір рет айналатын еді; бір жыл 12 айға бөлінуші еді; этрускілер мен ғұндар да 12 тайпадан құралып еді; сол этрускілердің мумияланған мәйіті 12 қабат кенеп кебінмен оралушы еді; грек-римдік ата құдайлардың да саны 12 еді; Геродот жазатын байырғы эолийлердің қалаларының саны да 12 еді; таураттық аңыз бойынша Иерусалимнің 12 қақпасы болып еді, оны 12 періште күзетіп тұрушы еді, сол 12 қақпаға Исраэльдің 12 ұрпағының есімі ойылып жазылған еді, олар кие тұтатын асыл тастардың түрі де 12 еді; Жақып (Иаков) пайғамбардың балаларының саны да 12 еді, кейін сол 12 ұл израиль-иахудидің (израильско-иудейский) 12 тайпасын құрап еді; Иса пайғамбардың (Иисус Христос) ең жақын шәкірттерінің саны да 12 еді, олар әулие (апостол) атанып, алғаш рет 12 тармақ христиан қауымдастығына ұйытқы болып еді; Геркулес 12 ерлік жасап еді; Рим құқығының негізі 12 кестелі Заңнан тұрушы еді; ортағасырдағы Дөңгелек үстел рыцарларының да саны 12 болушы еді; саха халқы Әллей бабаның 12 ұлынан өрбіген еді; Майқы би бастаған 12 би Шыңғысты хан көтеріп еді; Орта ғасырларда (XII-XIV) сопылық бауырластықтардың да саны 12 болып еді (рифағийа, йасауийа, шазилийа, сухрауардийа, шиштиийа, кубрауийа, қадырийа бадауийа, маулауийа, бекторшийа, халауатийа, нақшбандийа); түркі әмірлеріне лайық сый 12 сәйгүлік болушы еді; түркі ханшасын күтетін нөкер қыздардың да саны 12 болушы еді; Ноғай ордасына ұйытқы болған билердің (Орманбет бастаған) саны да 12 еді; И. Кант теориялық жаратылыстану жағдайында ілкі ой-жосықтың (априори) 12 санаты (категориясы) ғана бар екенін атап көрсетіп еді; Қазақ хандығына тірек болған тайпалар негізінен 12 рудан құралушы еді; Астанада салынған резиденция — Ақордадағы таққа Н.Ә. Назарбаевты 12 адам бастап келіп отырғызған еді; қазақтың мүшел қайыруы да 12 жылдан еді; қазақ адам мен малдың 12 мүшесіне рәсімдік мән беруші еді; қазақ қысырақтың үйіріне 12 байтал салушы еді; көгеннің бұршағы 12 болушы еді; ең арғысы Құлқаныс анамыз жолбарыс етіне жерік болып, Ер Шораны құрсағында 12 ай көтеріп еді, т.б. дегендей

деректерді әмбебап заңдылық ретінде дәріптеп дабырайтпаса да болар. Алайда, «он екілік» үлгінің сыр-себебіне ден қою қажет.

Рас, Ұлы Дала төсіндегі байырғы заманнан бастау алатын көшпелі өмір-салт, көшпелі өмір-салт қалыптастырған қоғамдық-әлеуметтік құрылымдар мен ру-тайпалық жүйе, сол құрылымдар мен жүйеден туындайтын әлеуметтік топтар мен типтер, олардың қоғамдағы орнын айғақтайтын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ондай салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жол-жора мен сый-сыбаға түрінде көрініс табуы, жол-жора мен сый-сыбағаның, ең алдымен, тіршілік тірегі болып отырған төрт түліктің 12 мүшесін тарту-таралғы ету арқылы жүзеге асуы, сөйтіп төрт түліктің 12 мүшесін тарту арқылы әрбір жеке тұлғаның әлеуметтік сипаты (социализация) айғақталатыны, сонан соң ол тұлғалардың лауазымдық өресі мен билік жүргізу пәрменінің айқындала түсетіні, яғни, мал мүшелерінің инвеституралық мән-мазмұнға ие болатыны, одан әрі малдың басы мен 12 мүшесі тағамдық қасиетіне қоса қоғамдық-саяси билік иелерін (лауазымды тұлғаларды) айғақтайтын киелі сипат алатыны тарихи-этнографиялық белгілі үрдіс. Мұндай ойдың жосығын Білге қаған кешенінен табылған олжа орнықтыра түседі. Археологиялық қазба жұмысы кезінде Білге қаған кешенінен қойдың басы мен 12 мүшесін салған күміс табақ шыққан. Ол сый табақ киелі жозы тас үстіне қойылған (*М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. — Астана, 2005. 219-220, 243-беттер*).

Оғыз ханның балалары мен немерелерінің қоғамдағы орны оларға тартылатын малдың сыбағалы мүшелері арқылы айғақталып отырған. Ондай сыбағалы мүшелердің хан әулетіне лайықтылары оң және сол жамбас, оң және сол жауырын, оң және сол сүбе, ұзын және жалпақ омыртқалар екені атап көрсетілген. Мәселен, Оғыз ханның баласы — Теңіз хан, оның баласы — Иба (Йива) болса, оған бәрінен де мәртебелі жан ретінде жамбас тартылатын болған (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. I том, бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 87-90-беттер*).

Малдың басы мен 12 мүшесіне жол-жоралық сипат беру үрдісі қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталып келеді және басын, жамбасын, омыртқасын ең мәртебелі адамның сыбағасы деп есептейді.

Сөз орайында мынандай ойға да дес беруге болады. Көшпелілердің қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі ілкімді қарым-қуатын қаперге алатын болсақ, олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары төңірегіндегі ел-жұртқа жұғысты болғанын да жоққа шығара алмаймыз. Ұлы Дала төсіндегі мәдени-рухани құбылыстардың түпәламдық, түпшумерлік, түпнилдік, түпиндік (шань), түптибеттік этноәлеуметтік жаралымдарға әсер-ықпал еткенін қазір тарихи ақиқат деуге болады. Мұндай ойдың жосығын неміс ғалымы А. Вебердің мынандай ой-тұжырымдары орнықтыра түседі: «Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтардың Қытай, Үндістан және Батыс елдеріне баса-көктеп жетуі (ежелгі дүниенің осынау ұлы мәдениеттері көшпелілерден жылқыны пайдалануды үйренді), мұнан бұрын айтқанымыздай, жаңағы үш атырапқа да бірдей ықпал етті. Ат үстіндегі көшпелі халықтар дүниенің кеңдігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиынқыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы олар дүниенің жалғандығын түсінді, ал, үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы

орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті» (*Жүгінім мына кітаптан алынды: Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. — Москва, 1991. 46-бет*).

«Аттың жалы мен түйенің комындағы көшпелілер баса-көктеп келген жерлерінде беттескен хтондық ахуадарға карамастан билік тізгінін ұстай отырып, өздерінің жан-дүниесіне қылау түсірмеген және өз көзқарастарына ішінара болса да адал қалпында қала алған. Сөйтіп, өмірдің мән-мағынасына қатысты сол кездегі тарихи соқталы істердің бәрінде де трансцендентті әмбебап дінді, философияны және тәртіпті орнықтырып отырған. Мұның айғағы күні бүгінге дейін көрініс тауып келе жатқан Қытайдағы даошылдық пен кунфудшылдық (конфуцианства), Индиядағы брахманшылдық пен буддашылдық, сондай-ақ зороастрышылдық, пайғамбарлық яхудишілдік (иудаизм) және гректердің болмысты трагедиялық әм философиялық жолмен жорушылығы» (*А. Вебер. Избранное. Кризис европейской культуры. — СПб., 1998. 201-бет*).

А. Вебердің ой-тұжырымымен үндес пікірді қазақ ойшылы Қошке Кеменгерұлы да айтқан: «Аз еңбекпен ғана тіршілік етуге мүмкіндік берген, адамға бос уақытты көбірек қалдыратын көшпелі тұрмыс, көшпелілік дүние қарасының теңізіне құрылған философияға жол ашты» (*Қ. Кеменгерұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1996. 41-бет*).

Әрине, Қошке пікірі — түбірлі (аутентті) пікір. Себебі, Қошке сырткөз емес, көшпелілер өкілі, яғни, қазақ болмысының бір бөлшегі, қазақ болмысының субъектісі — этнофора.

Ой орамын нақтылы ғылыми деректермен де орнықтыра түсуге болады. Қазақстанда Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу орталығының жанындағы медициналық генетика зертханасы қазақтың гендік қорын анықтауға қатысты үш жылға созылған зерттеу жұмыстарының қорытындысын 2004 жылы шығарды. Зерттеу қорытындысы бойынша қазақтың 56 пайыздық гені — азиялықтарға, 44 пайызы — еуропалықтарға, 17 пайызы — тыба (тува), саха, бұйрат (бурят) халықтарына тән Д галотобына (галограммасына), 13 пайызы — Франция, Англия, Германия тұрғындарына тән батысеуропалық Н галотобына сәйкес келген. Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақтардың Таяу Шығыс, Оңтүстік Еуропа, Солтүстік және Батыс Сібір, Скандинавия, Шығыс елдерімен, тіптен, Америка үндістерімен де тығыз қарым-қатынаста болғаны анықталған. Сөйтіп, қазақ халқының генетикалық әр түрлілігінің коэффициенті 0,999-ға тең болып шыққан. Бұл көрсеткіш еуропалықтарда — 0,6-ға, орыстарда — 0,84-ке тең екені мәлім (*Тұқымың жайылғыр. — «Алтын Орда» газеті, 21.05.2004.*).

Мұндай ғылыми нақты деректердің айтары ғана емес, аңғартары да мәнді болады. Егер, логикаға дес берер болсақ зерттеу нәтижесі бойынша бүкіл дүниежүзі халықтары жабылып бір ғана қазақ халқына ықпал етіпті ғой дегендей қорытынды шығаруға әсте болмайды. Ондай қорытынды ешкімді де иландыра алмасы хақ. Демек, Еуразия мен Африка құрлықтарындағы халықтар үшін 3-4 мың жыл бойы «Тәңірдің дырау қамшысы» атанған Ұлы Дала көшпелілері, сол көшпелілердің кіндік мекеніндегі қазақтардың ата-бабалары төңірегіндегі алыс-жақын елдерге тегеурінді ықпал еткен десе қисынға келеді. Әлгі, Ұлы Дала төсіндегі мәдени-рухани құбылыстардың түпәламдық, түпшүмерлік, түпнилдік, түпиндік (шань),

түптібеттік этноәлеуметтік жаралымдарға әсер-ықпал етті деуіміздің де бір себебі осы тұрғыда.

Сонымен, Еуразия алабындағы 12 санына қатысты құбылыстардың жиі ұшырасуын көшпелілер әлемі мен төңірегіндегі ел-жұрт арасындағы ықпалдастық тұрғысында зерделеудің қисыны бар. Әрине, өрісі бөлек, түйіні шиіе бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ал, қазақ тайпаларының негізінен 12 рудан құралуы, сондай-ақ 6 тайпаның бір бірлестік болуы, біріншіден, көшпелі өмір-салтқа оңтайландырудың нәтижесі болса, екіншіден, Қазақ хандығын жасақтау барысында мұндай жіктеулер мемлекеттік құрылымның қажет үлгісі болғанын, сөйтіп әр түрлі нәубет салдарынан бөлініп-жарылып қалған әулеттер мен аталарды көзтүрткі етпей, іргелі ру-тайпа құрамына еншілес етіп, сіңіріп жіберіп отырғанын пайымдатады. (*«Енші институты» тараушасын қараңыз*). Әрине, бұл жерде ру-тайпалық құрылымның белгілі бір сандық мөлшер бойынша жіктелуі тарих сынынан өткен байырғы дәстүр екенін, мұның өзі көшпелі өмір-салтта мемлекеттікті орнықтырудың алғышарты болғанын, оны Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандардың да қапысыз пайдаланғанын аңғару қиын емес.

Ойдың жосығын Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресіндегі деректермен орнықтыра түсуге болады: «Ұлы жүздің дулаттан соңғы көбі жалайыр болған. Оның... күшік деген (руы) біздің қалқаман нәсілі бола ма деп ойлаймыз; Кіші жүздегі рулардың ең басты елі алшын, оған жетіру деген елдерді атақты Тәуке хан қосқан... Бұлардың ішінде Орта жүз арғыннан аталар бар; Қоңырат басында Орта жүзде болған, онан соң Ұлы жүзге барған; Осы жетім дегендер тоқал арғын сұмдықтың Саржетім деген баласының нәсілі болар, оның себебі Саржетім-Шақшақтың Шақшағы Кіші жүзде бар, Жетім дегені жоқ; Сарыжомарттың бәйбішесінен Қаратай және тоқалдың төрт баласы: Бұйдалы, Жансары, Баржаксы, Шәйгөз. Бұл төртеуі нағашысы Уақ ішіне кетіп, күні бүгін ергенекті уақ атанып кетті; Сарыжомарттың асыранды баласы Бура және шешесіне еріп келген күннен туған Балталы, Бағаналы және бір құлы Көкжарлы; Уақ деген ел ескі шежіреде жоқ. Менің ойымша уақ деген ұсақ ел деген сөзден шыққан, яғни, арғын, найман, керей ішіндегі ұсақ ата жиналған болар; Сүйіндіктің нағыз үш баласы – Жанболды, Құлболды, Орманшы және асыранды баласы Қаржас; Болаттың (Қаракесек) нағыз екі баласы Майқы, Ошан және асыранды екі баласы – Жалықбас, Қамбар» (*Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі*).

Ш.Құдайбердіұлы келтірген бұл деректің түйіні көшпелі өмір-салт жағдайын бажайлап түсіну арқылы одан әрі шешіле түседі. Қазақ қоғамы үшін көшпелі өмір-салт, түйінден айтқанда, жыл құсы сияқты мәңгілік көктемге ілесе көшіп-қонып өмір сүру деген сөз. Негізінен, шөл және шөлейіт болып келетін Қазақ даласында технократтық даму бел алғанға дейін тек көшпелі өмір-салт арқылы ғана қалыпты өмір сүруге болатын еді. Бұл ретте, көшпелі қазақтар өздерінің шаруашылық-мәдени типін «әрі қарай шындауға болмайтын биікке көтере білді» (*Л.Н. Гумилев*).

Осындай жағдайда Қазақ хандығы шаңырақ көтерген соң ру-тайпалық құрылымды жаңадан жасақтау бастамасы алашабыр ел-жұрттың көш жолдары мен қоныс тұрақтарын аз аяда саралап алуды, қазақ этносының ұйысу, қалыптасу үдерісін ілкімділікпен жүзеге асыруды қажет етті. Шежіре деректерінде ірі тайпалық құры-

лымдар құрамындағы толып жатқан сіңісті рулар мен кірме аталардың жиі-жиі кездесіп отыруының да бір сыры осында. Тіптен іргелі ру-тайпалардың өзінің Сыр арғыны — Қыр арғыны, Сыр қыпшағы — Қыр қыпшағы, Сыр найманы — Қыр найманы, Сыр үйсіні — Қыр үйсіні, Сыр шектісі — Қыр шектісі, Сыр шөмекейі — Қыр шөмекейі, Сыр жаппасы — Қыр жаппасы, Ой найман — Өр найман, Ой дулат — Өр дулат, т.б. деп жіктелуі де жаңадан жасақталған ру-тайпалық құрылымның экожүйеге бейімделген ахуалын пайымдатады.

Қазақ хандығын жасақтау барысында қазақ ру-тайпалар құрылымының жаңадан жүйеленіп, жаңадан жіктелгеніне ру-тайпа ұрандары да айғақ бола алады. Мәселен, Ұлы жүз ру-тайпаларының ішінде сыйқымға — Рысбек, шапыраштыға — Қарасай, жалайырға — Бақтияр, жанысқа — Төле, ботбайға — Сәмен, шымырға — Қойгелді, албанға — Райымбек, т.б. ұран болған. Орта жүз ру-тайпаларының ішінде алтай мен қарпыққа — Алтай, қанжығалыға — Толыбай, тарақтыға — Байғозы, қаракерейге — Қабанбай, қыпшаққа — Қобыланды, жастабанға — Жобалай, жәдікке — Жанат, ителіге — Бұқарбай, қарақасқа — Қаптағай, көнсадаққа — Жабай, шұбыртпалыға — Ағыбай, т.б. ұран болған. Ал, Кіші жүз ру-тайпаларының ішінде шектіге — Жанқожа, жағалбайлыға — Малатау, рамаданға — Дулат, адайға — Бекет, берішке — Ағатай, алтын-жаппасқа — Баймұрат, тазға — Бақай, есентемірге — Алдоңғар, масқарға — Қаратай, алашаға — Байбарак, қызылқұртқа — Жиёмбай, т.б. ұран болған. Сондай-ақ, жүзге жатпайтын ру-тайпалардан арғын ішіндегі төрелерге — Абылай, найман ішіндегі төрелерге — Әділ, сунаққа — Әбілғазы, төлеңгітке — Орақ, кәлегенге — Үршатай, т.б. ұран болған. Қысқасы, қазақ ру-тайпаларының ұранына шыққан адамдардың басым көпшілігі Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде өмір сүрген нақтылы тарихи тұлғалар. Былайша айтқанда, рулы елге ұйытқы болған әйгілі батырлар, билер, абыздар, байлар болған. Олардың бәрінің де ұрпақтары бүгінгі күнмен жалғасын тапқан. Соған қарамастан қазақ ру-тайпаларының бәрінің дерлік құрамында сіңісті немесе кірме аталардың бары да рас. Алайда, әрбір еншілес ру-тайпа мүшелерінің бір ұран-таңба аясында мақсат-мүдделерін ортақтастыратыны да тарихи ақиқат. Осы орайда, қазақ ру-тайпаларының байырғы ұрандарының мүлде дерлік ұмыт болғандығы да ру-тайпалық құрылымның Қазақ хандығы бой көтерген соң жаңадан түзілгеніне көз жеткізе түседі. Мәселен, башқұрт құрамындағы қыпшақтардың ұраны «Токсоба» болса, қазақ құрамындағы қыпшақтардың ұраны «Ойбас», «Қобыланды» болғаны сияқты...

Қазақ хандығының бой көтеруіне байланысты ру-тайпалық құрылымның жаңадан жасақталғанына туыстас-көршілес елдер құрамындағы ру-тайпалар генеалогиясына үңілу арқылы да көз жеткізуге болады. Басқасын былай қойғанда, XV-XVI ғасырлар аясында іргелерін бөлектей бастаған қазақ пен өзбек халықтарының құрамындағы қыпшақ, қоңырат, арғын, найман сияқты көптеген тайпалардың тайпалық атаулары бір болғанымен, кейінгі 19-22 атаны қамтитын генеалогиялық түзілімдері мүлде сәйкес келмейді. Тек генеалогиялық түзілім ғана емес, ру-тайпалардың өзара кірігуі немесе бөлшектенуі, сондай-ақ жүздер бойынша жікте-

луі Қазақ хандығының аясында түбегейлі этноәлеуметтік реформаның жүргізілгенін пайымдатады (*Қазақ хандығы жасақталу барысында ру-тайпалардың жаңадан жіктеліп, жаңаша жүйеленгенін бекемдей түсетін қосымша айғақ-деректер «Ен-таңбалар мен ұрандар» тараушасында да келтірілген*).

Міне, мұндай деректер қазақ шежірелерінің бәрінде дерлік кездеседі және қазақ ру-тайпаларының хандық құрылғаннан кейін жаңаша жасақталып, жаңаша жіктелгенін айғақтайды. Осы орайда, шежірелік түзілімнің де **ата-тектік және ру-тайпалық** жүйесі жаңғырып, ондағы генеалогиялық құрылым мен мазмұнның жаңа сипат алуы заңды еді. Түптеп келгенде, бүгінгі күнге дейін жеткен ата-тектік және ру-тайпалық шежірелер түзілімінің, негізінен, Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңді ғана бейнелеуінде де осындай сыр-себеп бар (*Қазақ шежіресі дәстүр бойынша ата-тек шежіресі және ру-тайпа шежіресі түрінде таратылатынын «Елтану мектебі» тараушасынан қараңыз*).

Үшінші уәж. Әрине Қазақ хандығын жасақтау барысында «Алаш» этнонимін жаңғырту, сонан соң ру-тайпалық жүйені жаңадан түзу сияқты шаралар бірден-бір оң қадам болғанымен, енді бұл шаралардың нақтылы қоғамдық қарым-қатынаста оң нәтиже беруі үшін ұрымтал тетіктерді одан әрі іске қосу керек еді. Себебі, рулық, тайпалық, жүздік құрылымдар белгіленсе болды, өзінен-өзі хандық билік дәуірлеп, мемлекеттік жүйе өркендеп кете бермейтіні белгілі. Сондықтан, әр жүздің, әр тайпаның, әр рудың өзіндік орны мен мәртебесін белгілеу, олардың нокта ағаларын анықтап, ұран-таңбаларын айғақтау, әр жүздің, әр тайпаның, әр рудың сойылын соғып, сөзін сөйлейтін билерін шығару, сол билердің пікір-пәтуасы арқылы бүкіл елге басие болатын ханды сайлау, сөйтіп ел-жұртты ұйыстыратын әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жора, жөн-жоба жолдарын саралау сияқты мың-сан шараларды жүзеге асыру арқылы қоғамдық өмірді реттеп отыру қажет еді. Бұл ретте, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар ғасырлар сынынан өткен тәжірибелерді тұғыр ете отырып, қоғамның саяси-әлеуметтік өмірін жарастыратын және сол арқылы ұлттық-мемлекеттік мүддеге қызмет ететін әдет-ғұрыптарды (зандарды), салт-дәстүрлерді, жол-жораларды, жөн-жобаларды орнықтыруды қолға алған. Былайша айтқанда, қоғамдық өмірді заңдық мәжбүрлеумен емес, өмір-салтқа айналған әдет-ғұрыппен, салт-дәстүрмен, жол-жорамен, жөн-жобамен басқарудың жолдарын қарастырған.

Мұндай ой-тұжырымның жарқын айғағын түркі тілдес басқа халықтарда кездесе бермейтін, негізінен қазақ халқында ғана кездесетін мына сияқты әдет-ғұрыптардан, салт-дәстүрлерден, ырым-жоралардан байқауға болады: хан тағы бұрынғыша әкеден балаға мұра болмай, енді әкеден ініге немесе немерелеске мұра бола бастау; еншілес болу, яғни, әртекті әулет пен атаның бір ру құрамына кірігіп, мақсат-міндеттерін ортақтастыру; енші бөліп беру, яғни, жеті атаға толған соң ұран-таңбасын айғақтап, еншісін бөліп беріп, жеке ру етіп шығару және әрбір жүздің, тайпаның, рудың нокта ағаларын белгілеу (*«Енші институты» тараушасын қараңыз*); әрбір

рудың елдік істерге араласуы, яғни, қажет кезінде қол-қосын жасақтау, би шығару, қара шығын беріп отыру (қара шығын – жаугершілік, жұт, індет кезіндегі салық. Ертеректе «қара шығын» атауы «киелі шығын» мағынасында қолданылған. Кейін, Ресей отаршылары мал мен жанға салатын салық түрі де «қара шығын» деп аталды. Халық бұл «қара шығын» атауын «неген шығын», «орынсыз шығын» мағынасында қолданған); «Күн ортақ, Ай ортақ, көш жолы ортақ» қағидасына бағыну; қонақ атаулыға тиесілі бөлінбейтін еншінің әрбір үйде болуы; жеті атаға дейін қыз алыспау («Туысқандық жүйе» тараушасын қараңыз); өзара қырбай рулар мен аталарды бір-бірімен еншілес етіп араластырып жіберу немесе балаларын алмастыру; сырттан келген жеке адамды, жанұяны, әулетті, атаны еншілес ету арқылы шежіреге енгізу, сөйтіп рулық ұран мен таңбасын белгілеу, одан әрі ру жасағына қосу; жетім балаға асықты жілік ұстатып немесе әйелінің бұтынан өткізіп, төсін иіскетіп барып өз баласы етіп алу; көрші мен қоңсы ақысын Тәңір ақысына балау («Көрші ақысы – Тәңір ақысы»); ханнан бастап, қараға дайінгі әлеуметтік топтар мен ағайын-туғанның тиісті сый-сыбағасының, жол-жорасының болуы; құда-анда, тамыр-таныс, дос-құрдас, жолдас-жора, жорықтас-қарулас, туыс-туған, жат-жаран арасындағы сараланған қарым-қатынас рәсімдері; сөздің, ойдың және істің бірдей болуын ең үлкен кісілікке балау; бүкіл елдік ауқымда әлеуметтік-саяси тұтастықты қамтамасыз ету үшін бұрынғыша оң қанат, сол қанат және орта деп келетін үлгіні алмай, жаңаша әкімшілік-аумақтық бөліктерді (үш жүз) белгілеу; әр жүздің тепе-теңдігін сақтауды көздей отырып ру-тайпаларды жаңаша жіктеу және әрбір жүздің сөзін сөйлейтін басие би шығару, т.б. осы сияқты толып жатқан іс-шаралардың бәрі де сайып келгенде, Қазақ хандығын жасақтауға, қазақ ұлтын ұйыстыруға, Қазақ мемлекеттігін орнықтыруға бағытталған, сөйтіп, дәстүрлі қазақ қоғамындағы қызмет ету тетігі мейлінше төлтума (самобытный) конституциялық өредегі жаңа қағидалар еді. Бұл қағидаларды көрнекті заңгер-ғалым Салық Зиманұлы тап басып, дәл тұжырымдаған: «Қазақтың ата заңдары... бір мезгілде бірнеше қызмет (функция) атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік» (С.З. Зиманов. *Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі.* – Алматы, 2008. 23-бет). Егер, мемлекет дегеніміз әлеуметтік-мәдени феномен ретінде өркениеттің басты белгілерінің бірі екенін мойындасақ, онда «өркениеттің мәдени элементін жанға, қанға, сөлге, бітім-болмысқа теңеуге болады; бұл қасиеттермен салыстырғанда экономикалық, боса-болмаса саяси жоспарлар өркениетті қозғайтын күштің және табиғат туындысының жасанды, мән-маңызы шамалы, қатардағы көрінісі сияқты» екенін де мойындауға тура келеді (А. Тойнби. *Постижение истории.* – Москва, 1991. 356-бет. Аударма біздікі). Әрісі Ұлы Дала көшпелілерінің, берісі қазақ халқының дәстүрлі және төлтума мемлекеттігі деген мәселеде ең алдымен қаперге алатын ұстаным осы болса керек.

Сөз жоқ, елді жарастырып, ұлтты ұйыстыруға бағытталған қағидалар бір ғана кез-кезінде, бір ғана ханның тұсында, бір ғана жарлықпен жасақтала қоймағаны аян. Бұл ретте, қазақ хандары бұрынғы қағанаттық, ұлыстық, ордалық басқару жүйесінің тарихи сыннан өткен тәжірибесіне табан тірегенімен, хандық аясындағы жүздік бөлікке негізделген әкімшілік басқару жүйесінің тарихи қажеттілігі Қазақ

хандығының қалыптасу үдерісі нығайғанда ғана жүзеге асты деп қорытынды жазауға негіз мол.

Рас, қазақ қоғамының жүздік бөлікке бөлінуі туралы әр тарапты пікірлер бар. Аңыз-әпсананың айтуында исі қазақ үш адамнан өрбіпті-міс (Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс). Мұны этносты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясы тудырған шежірелік идеология тұрғысында қабылдаған абзал. Өзбек, қырғыз халықтарының арасындағы шежіре деректері Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп қазақ, өзбек, қырғыз халықтарын айтады (*Х. Доннеров. Узбек халкининг шажары ва шавалари. — Ташкент, 1968. 86-бет; Б.Х. Кармышева. Очерки этнической истории южных районов Таджикстана и Узбекистана. — Москва, 1976. 227-бет*). Ал, ғылыми-зерттеу еңбектерде жүздік бөліктердің пайда болу себептері туралы: байырғы түркілік дәстүрді кие тұтып жаңғыртқан (*М.К. Әділгереев, С.А. Аманжолов, Қ. Салғараұлы*); Қазақ хандығының іргетасы үш ұлыстан құралған (*В.В. Вельяминов-Зернов, М. Красовский*); бірыңғай көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикалық және климаттық-географиялық ерекшеліктен (*В.В. Бартольд, М.П. Вяткин, В.П. Юдин, К.А. Ақышев*); ел билігінің тізгінін Ахмет, Тайыр, Тоғым сияқты хандар ұстаған кездегі саяси тоқыраудан (*С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов*); Ақ-Орданың көбінесе «Жүз-Орда» деп аталуы қазақ руларының жүздік құрылымдарына сәйкес (*Махмұд бен Валид, Г.А. Федоров-Давыдов, Б.Д. Ахметов*); әскери тайпалық ұйымдастырудың үштік жүйесі (*М.И. Иванин, Ю.А. Зуев, В.В. Востров, С.М. Мұқанов, С.Е. Толыбеков*); қазақ жерін Шыңғыс хан ұрпақтарының бөлісуіне байланысты (*М. Тынышбаев*); елдік құрылымды айырып тану үшін «жүз» сөзі сандық мағынада қолданылған (*А.И. Левшин, Қ. Халид, А.П. Чулошников, Б.Е. Көмеков*); «жүз» сөзі «ел», «орда», «отан» деген мағынада қолданылған (*Хафиз Тыныш, С. Мұқанов, Б. Серікбайұлы*); аң аулауға, яғни, аңды қаумалап, қоршауға алып аулауға (облава) байланысты (*В.Н. Кун, Б.Я. Владимиров*); діни-серілік дәстүрдің, яғни, сопылық орденнің реалды да, нышандық та (символдық та) құрылымы (*С. Қондыбай*), т.б. деп келетін әр тарапты ой-тұжырымдар бар. Әрине, әр тарапты, көп нұскалы тарих болмауға тиіс. Бұл ретте, Қазақ хандығының Керей мен Жәнібек хандар тұсында шаңырағы көтерілгенін, Қасым хан тұсында қоныс-тұрағының айқындалғанын, Хақназар хан тұсында қалыпты өмір-салттың орныққанын, Есім хан тұсында ұлттық-мемлекеттік жаралымның пісіп-жетілгенін, Тәуке хан тұсында мемлекеттің құқықтық жүйесі бекемделгенін, абзалы, ұлттық мемлекеттің ілкімді эволюциялық үдерісі тұрғысында зерделеу қажет. Сонда, қазақ халқының жүздік құрылымы дегенге, ең алдымен, аумақтық, әлеуметтік, мәдени-рухани және тілдік тұрғыда этнотұтастанудың нәтижесі екеніне, яғни, қалыптасқан біртұтас ұлттық мемлекеттің төлтума үлгідегі этно-әлеуметтік және әкімшілік-аумақтық жүйесі екеніне ден қоюға болады. Бұл ретте, жүздік жүйені жоғары билік әлеуеті мен икемділігінің, әсіресе, этнотұтастанудың айғағы тұрғысында пайымдаған абзал. Осы тұста, Махмұт Қашқаридің «жүз» («иұш») сөзі «топтасу», «бірігу», «сығылысу» деген мағына береді деген дерегі тағы да еске түседі. Бұл тұрғыдан келгенде, «Ұлы жүз», «Орта жүз», «Кіші жүз» сөздері «Ұлы бірлестік», «Орта бірлестік», «Кіші бірлестік» деген мағына береді (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Үшінші томы. Аударған А.Қ. Егеубай. — Алматы, 1998. 11-бет*).

Ұлы Дала көшпелілерінің мындаған жылдық тарихи тәжірибесін тікелей мұраланған Қазақ хандығы өзінің мемлекеттігін нығайтып, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті ету үшін, ең алдымен, аумақтық-әкімшілік құрылым (одақ емес) ретінде үш жүздік жүйені тандаған. Мұндай жүйе мемлекеттер тарихындағы ең бір жиі қайталанатын, яғни, ең бір сыннан өткен үрдіс екені мәлім. Олай болуының пәлендей тылсым құпиясы жоқ. Ондай үрдіс, әдетте, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті де үйлесімді ету жолындағы демократиялық ұмтылыстардан туындап отыратынын бажайлау қиын емес. Себебі, нағыз шыншыл мәміле, жарастықты өмір, шынайы демократиялық ашықтық үштік құрылымнан басталады. Жікшілдікті көбінесе жұптық қарсыластардың бәсеке-бақастығы туындатып отырады. Қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жұптық теке тіреске түсетін қарсыластарды үшінші күштің реттеуі немесе мәмілеге келтіруі оңайлау. Бұл жөнінде ойшыл қаламгер Әбіш Кекілбайұлының пікір-тұжырымы зейін қойдырады: «Бірнеше тайпалар бір халыққа бірігерде саяси құрылымды жұп санға бөлмей, тақ санға бөлуге тырысқан. Әсіресе, үш санын ұнатқан. Өйткені жұп сан қарама-қарсы екі жаққа бөлініп кетуге, ыдырау мен тартысқа ыңғай тұрса, тақ сан қарсыласушы күштерге арасалмақ жасай алатын үшінші күш... Бұл ретте, қазақтың үш жүздік құрылымы) алауыздықты емес, ағайынгершілікті, жікшілдікті емес, ынтымақты көздеген концепция еді» (Ә. Кекілбайұлы. *Әйтеке би // Он томдық шығармалар жинағы. 8-том. — Алматы, 1999. 71-74-беттер*).

Еуразияның Ұлы Даласында эпикалық көшпелі өмір-салтты тіршілігіне тірек еткен бірден-бір ел Қазақ хандығы болғандықтан, оны жасақтаушы ақылмандар мыңсан ру-тайпаға мемлекеттік өреде бас-көз болу үшін әкімшілік-аумақтық бөліктерді, мейлінше, оңтайлы қалыпқа келтіре алды. Сөйтіп, Қазақ хандығы аясындағы әкімшілік-аумақтық бөліктердің үшке бөлінуі, яғни, үш жүз (үш тарап) деп аталуы, қазақ мемлекеттігінің тарихындағы кезендік мәні бар этноәлеуметтік және әкімшілік-аумақтық реформа болды. Мұның өзі, Қазақ хандығының мемлекеттік жаралымын даралап көрсететін тарихи айғақтардың бірегейі ретінде зерделенуге тиіс. Осы орайда, Қазақ хандығына қатысты XVI ғасырдың бірінші жартысына дейінгі саяси ахуалды жан-жақты сараптайтын Дулат Мұхаммед Хайдар еңбегінде жүздік бөлік туралы сөз болмауы алдымен назар аударады. Қазақтың жүздік бөліктері туралы алғашқы дерек XVI ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтқанда XVII ғасырдың басында (1602) жазылып біткен Жалайыр Қадырғали Қосымұлының тарихи еңбегінде айтылады. Онда «Алаш мыңы... үш сан еді» деген сөз орамы бар (Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. *Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991. 263-бет*). Ал, 1616 жылы жазылған орыс дерегінде Ұлы жүз (Большая Орда) айқын аталып көрсетіледі (*Материалы по истории русско-монгольских отношений: Русско-монгольские отношения 1607-1636 гг. — Москва, 1959. 53-бет*). Яғни, Қазақ хандығы этносаяси тұрғыда бірте-бірте жетілу, бірте-бірте ұйысу үрдісін бастан кешіп, хандық аясындағы ру-тайпалар өздерінің қазақ деп аталатын біртұтас ұлт екенін толық сезіну барысында жүздік бөлік мемлекеттік басқару жүйесінің төлтума формасы ретінде дүниеге келді. Былайша айтқанда, ру-тайпалық және жүздік жүйені орнықтыра

түсуге ықпал ететін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жол-жоралар, жөн-жобалар, ақиқатында, дәстүрлі Қазақ мемлекеттігін қалыптастырудың берік тұғыры болды. Яғни, Қазақ мемлекеті біртұтас саяси-әлеуметтік жүйеге айналды. Бұл ретте, әрісі Еуразия көшпелілері үшін, берісі дәстүрлі қазақ қоғамы үшін мемлекеттіктің өзі, В.И. Ленин айтатын «бір тапты екінші таптың қанауына негізделген машина» емес, керісінше, үйлесім мен жарасымның, тұтастық пен бірліктің әрі кепілі, әрі айғағы ретінде көрініс тапқан. Яғни, дәстүрлі Қазақ мемлекетінің потестарлы-саяси жүйесі ру-тайпалардың жолы мен жөнін қалыптастырып, оларды бір мақсат-мүддеге жұмылдырудың аса пәрменді де нәтижелі тетігі болған. Ұлттық мемлекет болып қалыптасу жолындағы бұл сияқты тегеурінді әрекеттер мен оңтай шешімдерді халық «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол», «Тәуке салған тура жол» немесе «Тәукенін жеті жарғысы» деп ұлағаттаған. Бұл ретте, XV-XVIII ғасырлар аясындағы дәстүрлі қазақ қоғамын: мемлекеттік-құқықтық тұрғыда далалық демократияға негізделген билік жүйесі орныққан; әлеуметтік-құрылымдық тұрғыда әулет — ата — ру — тайпа — жүз деп келетін әкімшілік-аумақтық сатылы тұтастығы бар; материалдық-өндірістік тұрғыда ру-тайпа аясындағы «ауыл» немесе «қауым» деп аталатын әрбір ұжымдық бірлестіктер өзін-өзі толық қамтамасыз еткен; этномәдени тұрғыда әлеуметтік қатынастардың барлық деңгейлері мен типтерін тұтастандыратын ақпараттық кеңістігі қалыптасқан толтума сипаттағы ұлттық-мемлекеттік жаралым деуге толық негіз бар («Этнология және ру-тайпалық жүйе», «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы», «Еңші институты», «Туысқандық жүйе» тараушаларын қараңыз).

Жалпы, Еуразия көшпелілерінің ұзына тарихындағы жанартаудай буырқанған тылсым күш-қуат пен мақсат-мүдделерінің тастүйін біртұтас болу себебін және отты қару шыққанға дейінгі дүние дидарында олардың мерей-мәртебесі биік болуының сырын осындай төлтумалықтан іздеудің де артықтығы жоқ. Әрине, бұл өз алдына бөлек сөз етуді қажет ететін күрделі мәселе...

Түптеп келгенде, Қазақ хандығын жасақтауға, ел-жұртты ұйыстыруға бағытталған іс-шаралар қазақ халқының этноболмысын біртұтас етуге кепіл бола алды және әлі де жағымды ықпалын тоқтатқан жоқ. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру барысында қалыптасқан жүздік бөліктер және оларды біртұтас этножаралым ретінде бекемдей түсуге бағытталған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралар, жөн-жобалар қазақ болмысына ең алдымен өзімшілдікті емес, ұжымшылдықты түбегейлі дарыта алды. Қазақ қоғамын дербес хандық кезінде де, отаршылдық тұсында да, тәуелсіз ел болғаннан кейін де төлтума сипатымен айғақтап келе жатқан ең мәнді қасиеттердің бірі осы. Қазақ халқының болмысына сіңген бұл қасиет батыстық өзімшілдіктен де (индивидуалистический), шығыстық әулетшілдіктен де (фамилистический) оқшау. Бұл ойды әрі қарай өрбітсе, қазақ халқының тақуа діндар болмауының да, кісәпір атеист болмауының да сыр-себебі айқындалады. Әрі-беріден соң, небір замана зобаланында қазақ халқының рухын жасытпаған, еңсесін түсіртпеген, ұжымшыл сезімін суытпаған, жан-жүрегіне шаң жұқтырмаған ұлы қасиеттерінің сыр-себебі де сол әдет-ғұрыптармен, сол салт-дәстүрлермен, сол жол-жоралармен, сол жөн-жобалармен сабақтас екеніне күмәнсіз көңіл қоюға болады. В.В. Радловтың сөзі еске түседі: «Мен қазақ арасында көп болдым және мына жағ-

дайға көзім анық жетті, оларда бейберекеттік (анархия) деген жоқ, тек бізден өзгеше өзіндік ерекшеліктері ғана бар. Ол ерекшелігін әбден реттелген өзіндік мәдени қарым-қатынас деуге болады» (В.В. Радлов. *Из Сибири.* — Москва, 1989. 249-бет).

Ойдың орайында мынандай ақиқат та қаперде болу керек: егер Қазақ хандығын жасақтауға, қазақ халқын ұйыстыруға бағытталған сәтті идеяның, пәрменді идеологияның, тегеурінді реформаның дүниеге келіп, жүзеге асуын тек қана жеке тұлғалардың ақыл-парасатына, тек қана жеке қайраткерлердің іскерлік-қабілетіне, тек қана жеке батырлардың құрбаншыл ерліктеріне, тек қана жырау-шешендер мен абыз-билердің қабілет-қарымына телумен шектелсек, сөз жоқ, бір жақты пайым-тұжырым болып шығар еді. Бұл ретте, Қазақ хандығын жасақтауға ат салысқан жеке тұлғалар ғана емес, дүйім жұрттың да жады мен санасында әрідегі қағанаттық кезеңмен, берідегі Алтын Орда тұсындағы ұлыстық дәуренмен сабақтасқан мемлекетшіл ұлы дәстүрдің ізі суымағанын, көкіректен өшпегенін, санадан сейілмегенін айрықша ескеру керек. Білікті этнолог Ж.Артықбаев былай дейді: «Қазақ елінің этникалық құрылымынан — сақтарға тән, шаруашылық жүргізу әдістерінен — ғұндарға етене, саяси амалдарынан — түркілік, әлеуметтік өмірінің заңдылықтарынан — Алтын Ордалық белгілерді танимыз. Яғни, қазақ этносының ішкі дамуы, заңдылықтары ұлан даланы ертелі-кеш мекен еткен көшпелі ұлыстардан бастау алатынына көзіміз кәміл жетеді» (Ж.О. Артықбаев. *Этнос және қоғам.* — Қарағанды, 1995. 225-бет). Мұндай ой-тұжырымның ең жарқын айғақтарын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің әрі қоғамды реттегіш, әрі адам сапасын шындағыш киелі-құқықтық сипаттарынан, эпос түрінде көрініс тапқан асқақ рухтан, ақын-жыраулар поэзиясындағы қағанаттық өрлік пен эпикалық қарым-қуаттан, ән-күй өнеріндегі өмір құндағыш сұңғыла сарындардан айқын аңғаруға болады. Осынау ұлы қасиеттер қазақ халқы бодандық тұзағына түскен XVIII ғасырдан бері ұдайы шектеу көріп, ұдайы тыйым-тежеуге ұшырап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқының ұлттық төлтумалығына бодандық кезеңінде толассыз репрессия жасалумен болды. Сөз жоқ, қазақ ұлтын мұндай зұлматтан аман алып шыққан ең басты күдірет те сол әдет-ғұрыптары, сол салт-дәстүрлері, сол жол-жоралары, сол жөн-жобалары еді. Демек, қазақ ұлтының жаны да осы қасиеттерге ұялаған деуге болады.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі ру-тайпалық жүйе XVIII ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуалға орай өзінің ру-тайпалық құрылымынан бастап, этноаумақтық байланыстарына дейін, билік жүйесінен бастап қоғамдық қатынастарына дейін елеулі өзгерістерді бастан кешті. Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы сыртқы күштің зорлығымен жүзеге асқан әкімшілік және сот реформалары (1822, 1867-1868, 1886-1891) қазақтың дәстүрлі этноәлеуметтік институттарына елеулі өзгерістер енгізді. Мұның өзі қоғамдық өмірді реттеуге бағытталған дәстүрлі құндылықтардың солғын тартуына себепші болып, этностың өздік санасының (самосознания) табиғи дамуына салқынын тигізді. Сөйтіп, қазақ халқының дәстүрлі этникалық болмысы сыртқы өктем күштің ықпалымен жүзеге асқан саяси-әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге мәжбүр болды. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың дәстүрлі қоғамы туралы белгілі бір ой қорыту үшін XVIII, XIX, XX ғасырлар дерегіне үлкен талғампаздықпен қараған абзал.

7. Антропонимика және шежіре

Дүние дидарында атаусыз ештеңе болмайды. Жанды-жансыз жаратылыс, табиғат пен қоғам өміріндегі құбылыс, ең арғысы абстракциялық таным-түсінікке дейін, бәрі-бәрі белгілі бір атаумен аталады. Қазақ бес саусағының ортан қолынан (ортағы саусағынан) кейінгі төртінші саусағын «аты жоқ қол» дейді. Сол «аты жоқ қол» деген сөздің өзі атаулық мәнде қолданылып тұр. «Алла бар нәрсенің аттарын айқындаған» («Құран». Бақара сүресі, 31-аят).

Кез келген атау белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың ұғымдық мәні (денотат) болып табылады. Осы ұғымдық мән арқылы, яғни, атау арқылы мазмұндық мәнге ден қоюға болады. Жаратылыс пен құбылыстың ұғымдық мәнін (атауын) білмей тұрып, оның мазмұндық мәнін атауға ұмтылу, көп жағдайда қайда барарыңды білмей тұрып жолға шыққандай күй кештіреді. Рас, қантты тұз деп атағанмен қант өзінің тәттілік қасиетін жоймайтыны белгілі. Дегенмен, атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады. Мұндай ойдың жосығы әрі қарай қаузалар болса, онда форма мен мазмұн, сезім мен сана, түйсік пен таным, пайымдау мен парықтау сияқты философиялық категорияларға ұласып кетеді. Бұл ретте де, атау атаулының таным жолындағы аса мәнді баспалдақ екеніне күмән болмаса керек.

Белгілі бір атау-есім дүниеге келген адам атаулыға да беріледі. Адамға берілер төл атау-есімдердің барша түр-тұлғалары (адамның төл есімі, лақап аты, бүркеншік аты, әкесінің аты, ата тегі) ономастика ғылымының бір саласы болып табылатын антропонимикалық жүйені құрайды. Осы антропонимика аясында қолданылатын антропоним, антропонимия терминдері болса тілдегі кісі аттары, яғни, төл есімдер туралы материалдар деген ұғымды білдіреді.

Адамзаттың ұзына тарихында адам аты-жөнінің алар орны ерекше. Бұл орайда, әлеуметтік тұлға ретінде танылған адамзат атаулының тарихы — адамның аты-жөні белгілене бастаған кезден басталады деуге де болады. Байырғы сана айғағы — мифологиялық жүйеде алдымен мифтік кейіпкерлер (персонаждар) назар аударады. Бұл ретте, кейіпкерсіз мифті ұшырастыру қандай қиын болса, атау-есімі жоқ кейіпкерді ұшырастыру да сондай қиын. Ал, кейіпкердің атау-есімі мифологиялық жүйе туралы таным-түсінік қалыптастыру жолындағы бірден-бір деректік негіз болып табылады. Яғни, адамзаттың ұзына тарихына ден қойғанда аты-жөні жоқ адам туралы сөз қозғау өзінен-өзі болжал тарих болып шықпақ.

Бұл сияқты ойдың жосығы — адамдардың есімі де халықтар тарихының құрамдас бөлігі бола алатынын пайымдатады. Адам есімі арқылы белгілі бір уақыт аясындағы белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, таным-түсінігін, арман-аңсарын, сондай-ақ басқа ел-жұрттармен болған қарым-қатынастарын аңғаруға болады.

Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да ұзына тарихында адам есімдерінің алуан түрлі үлгісі жасақталып, ұлт болмысын айғақтайтын төл есімдер жүйесі қалыптасқан. Дүниеге келген сәбиге ат қоюдың қазақ ұлтына ғана тән төлтума дәстүрі орныққан. Бұл ретте, қазақ антропонимикасы қазақ ұлтының төлтума қасиеттерін,

дәстүрлі дүниетанымын, арман-аңсарын (идеалын), тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік ахуалын, экожүйемен қойындасқан өмір-салтын, ең арғысы қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесіне дейін айғақтай алатын аса мәнді тарихи дерек көзі болып табылады. Яғни, қазақ антропонимикасының ұлттық төлтумалықты танытуға қатысты мән-маңызының айрықша екендігі соншалық, бұл мәселеге тек этножаралымның тарихи айғақтарының бірі деп қана қарау жеткіліксіз, сонымен бірге, дербес даму жолын бастаған қазақ ұлтының төлтума болмысын қалпына келтіруге және орнықтыруға мұрындық болатын аса мәнді тарихи-рухани тетік ретінде де көңіл бөлу қажет.

Қазақ халқы ұрпаққа атау-есім таңдау барысында қандай соқыр сенімдер шылауына шырмалғанын, қандай саяси-идеологиялық арбаудың тұзағына түскенін, қандай еліктеп-солықтауға ұрынғанын антропонимиканың тарихи қыр-сырын бажайлау арқылы да көз жеткізуге болады. Бір кездегі Биткөз, Бокбасар, Тезек, Көтібар деп келетін немесе Советхан, Колхозбек, Совхозбек, Демократ, Сібір, Мэлс (Маркс – Энгельс – Ленин – Сталин), Ким (Коммунистический интернационал молодежи), Ренат (Революция – Наука – Труд), Лениншіл, Мәскеубай, Октябрь, Съезбек, Орысбай, Чапай, Эрнест, Клара, Роза, Жанна, Гүлжана, Әсема, Гүлнара сияқты атау-есімдердің санасы сергек, рухы азат, елі тәуелсіз қазақ болмысына үйлеспейтінін әрбір сауатты адам терең сезінуге тиіс. Яғни, іштен шыққан перзентке тек өзімшіл менмендікпен ғана қарап қоймай, оның да қазақ дейтін халықтың бір мүшесі екенін сезіне отырып ата-есім таңдаған абзал. Әрі-беріден соң, ұлттық төлтумалыққа, елдің тәуелсіздігі мен дербестігіне қызмет етудің бұл да бір үлгісі.

Өкініштісі, қазақтың өз болмысы мен дәстүріне сай антропонимикалық санаттары (категориялары) тарихи дүбәралануды бастан кешкен. Қазіргі қазақтар негізінен орыстық (славяндық) төл есім жүйесінің, яғни, антропонимдік үлгісінің ықпалында қалып отыр. Орыстың төл есім жүйесіне тән үш буындық үлгіні (өз есімі – әке есімі – ата тегі) әлем халықтары қолданбайды десе де болады. Мұндай үлгі қазаққа да жат. Қазақтың моральдық-этикалық қарым-қатынас нормасына үштік атаудан (өз есімі – әке есімі – ата тегі) тұратын орыстық төл есім жүйесі мүлде сай келмейді. Қазақ өзінен жасы үлкен адамның аты-жөнін баттитып атаудан тартынатын халық. Бұл дәстүр, әсіресе, әйел затына, қыз-келіншектерге, келіндерге қатысты мейлінше шамшыл. Осы орайда, «Адамның күні – адаммен» деп келетін философиялық өрелі таным-түсінікті ежелден-ақ өмірлік нормасына айналдыра білген қазақ халқы адамдар арасындағы кісілікті қарым-қатынастың ғажайып үлгілерінде қалыптастыра білген. Сөз жоқ, бұл мәселе ғалым-зерттеушілердің арнайы көңіл бөлуін қажет ететін өз алдына келелі тақырып. Бұған бір ғана ғылыми-танымдық деңгейде көңіл бөлу жеткіліксіз. Ұлттың ұлағатты дәстүрін бүгінгі және болашақтағы ұрпақтың рухани қажетіне жарату жолында антропонимикалық мәдениеттің де кемелдігі қажет-ақ.

Рас, Қазақстанда ономастика, соның аясында антропонимика ғылымы айтарлықтай дамығанын жоққа шығармаймыз, керісінше мерей-мәртебе тұтамыз. Осы орайда, қазақ ономастикасы мен антропонимикасы туралы арнайы зерттеулер жүргізіп, қалам тартқан И.А. Износков, Н.Ф. Катанов, И.А. Самойлович, Н. Бравин,

И. Беляев, Н.А. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Г. Қонқашпаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В.Н. Потапова, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев, В.У. Махпиров, Г. Жәркешева, Д. Жүнісов, Е. Керімбаев, С. Қондыбай сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектері аталмыш тақырыпты әр қырынан қаузап, саралай зерттеуімен назар аударады. Атап айтқанда, қазақ ономастикасының лексикалық-семантикалық жүйесі, тіл мен этнос тарихына қатысы, апеллятивті лексика мен тарихи диалектологияның ономастикамен байланысы, сөзтуындатушы және морфологиялық типтердің заңдылықтарын саралау, қазақ тілінің сөздік қорындағы ономастикондарды анықтау, ономастиканың тарихи-мәдени өмірмен, этнографиямен және географиямен байланысы сияқты біраз тақырыптарға қатысты байсалды зерттеу жұмыстары атқарылды. Мұндай ізденістер барысында қазақ ономастикасының аясындағы антропонимдерге (кісі есімдері), топонимдерге (жер-су атауы), теонимдерге (Тәңірлік немесе киелі атаулар), зоонимдерге (жан-жануарлар атауы), астрономимдерге (аспан денелерінің атауы), космонимдерге (космос кеңістігіне қатысты атаулар), фитонимдерге (өсімдік атаулары), хрононимдерге (тарихи оқиғаларға қатысты уақыт межелері), идеонимдерге (рухани мәдениет объектілерінің атаулары), хрематонимдерге (материалдық мәдениет объектілерінің атаулары) дербес таным салалары ретінде көңіл қоюға жол ашылды. Әрине, таным жолы шексіз. Бұл жолда біткен істерден гөрі бітірер істердің аясы анағұрлым ауқымды екені аян.

Мұндай ойдың жосығы қазақ онтропонимикасына да тікелей қатысты. Басқасын былай қойғанда, антропонимикалық зерттеу атаулының іргетасы болып табылатын қазақтың төл есімдері (дербес есімдер – индивидуальные имена) осы уақытқа дейін толымды деңгейде жинақталмай келеді. Қазақтың төл есімдері ең бір мол жинақталды делінетін Т. Жанұзақов пен К. Есбаеваның «Қазақ есімдері» атты анықтама сөздігінде он мыңдай ғана есімдер қамтылған. Мұның өзі негізгі түбір есімнен өрбитін туынды есімдерді қоса есептегендегі көрсеткіш, Мәселен, Балта, Балтабай, Балтабан, Балтабек, Балтазар, Балташ деген сияқты.

Әрине, этнос аясындағы төл есімдер мүмкіндігінше толық жинақталмай тұрып, антропонимикалық байсалды зерттеулер жүргізу немесе ғылыми объективті ойтұжырымдар жасау мейлінше қиын. Әсіресе, этностың төл антропонимдерін синхронды және диахронды аяда зерделеу, олардың тарихи сыр-себептері мен мән-мағыналарын саралау, сөз жоқ, антропонимдердің мүмкіндігінше молынан қамтылуын қажет етеді. Әзірше мұндай талғам-талап өресіндегі еңбек ретінде Асқар Смағұловтың «Қазақ есімдері. Анықтама көрсеткіш» атты кітабын атауға болады. Бұл еңбекте тұңғыш рет қазақ этносының аясында қолданыста болған немесе қолданыста жүрген елу мыңдай түбір тұлғалы антропонимдер тіркеуге алынған. Сондай-ақ сегіз мыңдай төл есімдердің мән-мағынасы сараланған. Бұл, сөз жоқ, айта қалғандай толымды еңбек. Мұндай ауқымда жинақталған төл есімдер мұнан әрі қазақ антропонимикасындағы тың ізденістер мен соны зерттеу жұмыстарына өріс ашатынына да күмән болмаса керек.

Осы орайда, құлағы көрініп тұрған өміршең идеяны ортаға сала кету парыз. Жұртшылыққа белгілі, қазақ шежіреші халық. «Өзім бір ғасырға куә болдым, тағы бір ғасырдың сөзін куә болғандардан естідім» деп сөз бастайтын шежіре көкірек

қарттар ел ішінде әлі де бар. Қазақтың хатқа түскен шежіре қоры да айтарлықтай мол. Осы шежірелерді салғастыра қарастырғанда бәріне ортақ бір заңдылықты байқауға болады. Атап айтқанда, қазақ шежірелерінің басым көпшілігі негізінен 19-22 атаны қамтып отырады. Яғни, этнологияда қалыптасқан тәртіп бойынша, ұрпақаралық меже 20-25 жылдан болғанда, 19-22 аталық түзілімнен тұратын қазақ шежірелері өзінен-өзі XV-XXI ғасырлар аясындағы генеалогиялық айғақ болып шығады.

Қазақ шежірелерінің басым көпшілігі 19-22 аталық түзілім болып келуінің негізгі себепшісі ретінде Қазақ хандығы шаңырақ көтерген соң сахара төсіндегі судай сапырылысқан ру-тайпалар құрылымының жаңаша жасақталғанын алдымен атаған жөн. Осыған орай, хандық аясындағы шежірелік жүйе де жаңадан түзілген. Бұған қазақ арасындағы шежірелердің хронологиялық деңгейі де, ру-тайпалық құрылымдардың жіктелу жүйесі де, сіңісті немесе кірме аталардың іргелі ру-тайпалармен еншілес болып келетіні де, ең соңында, мемлекет жасақтау мүддесіне сай қалыптасқан жүздік құрылым да айқын айғақ бола алады. Яғни, қазақ арасына кең тараған шежіре нұсқалары негізінен Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығын бейнелеген түзілім деуге негіз мол. Міне, дәл осы тұрғыда шежірелердегі есімдер түзілімі қазақ антропонимикасы үшін аса мәнді дерек көзі ретінде назар аударады.

Сөз жоқ, қазақ антропонимдері тек Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңнің ғана айғағы деп тұжырым жасауға әсте болмайды. Қазақ арасында күні бүгінге дейін ұшырасатын (әсіресе, шежірелерде) Әбілқайым, Зората, Зере, Тұмар, Зұлқарнай, Тұман, Мөде, Хақан, Мұқан (Мұқан қаған), Тұтқабай (Тұтық), Шаттықберген (Шад), Ханкелді, Бек, Бименде, Байғұт, Жабағы (Жабғы), Шора, Алашбай, Үйсінбай, Арғынбай, Қоңыратбай, Дулат (Дулу), Алшынбай, Маңғытай (Маңғыт), Әжібай (Ажы), Шыңғыс, Төле, Кейқуат, Тәңірберген, Құдайменде, Құлмұхамбет, Керей, Жәнібек, Қазақбай, Тәуке, Абылай, Орысбай, Болысбай, Сәбетқазы, Колхозбек, Мэлс, Лениншіл, Ким, Съезбек, Ренат, Елжас сияқты есімдер тарихи кезеңдердің айғағы екені күмән келтірмейді. Осы аталған антропонимдердің ішіндегі діни-мифологиялық Адам ата мен Хауа ананың перзенттері Авель мен Каинды (Әбілқайым) былай қойғанда, басқаларын тарихи-ақпараттық, идеялық-мазмұндық және этимологиялық тұрғыда сараласа, соңғы төрт-бес мың жыл аясындағы тарихтың сілем-таңбасын бажайлауға болады. Бұл ретте, антропонимдерді тарихи кезеңдер драмасының семиотикалық айғақ-белгілері деп атауға толық негіз бар.

Осы орайда, қазақтың шежірелік мұрасы қазақ антропонимдерін әрі толық қамтуға, әрі ғасырлар бойынша диахронды және синхронды қалпында саралауға мүмкіндік бере алатынын, ең мәндісі, ондай түзілім арқылы тарихи кезеңдердің барша болмысын антропонимдік деңгейде айқын бажайлауға болатынын айрықша қызығушылықпен атап өтуге болады. Мұндай мүмкіндікке әлемдегі кез келген халықтың қолы жете бермейді. Өйткені, әлемнің біраз халқы жазба мәдениетінің байырғылығын лайықты түрде мерей-мәртебе тұтқанымен, генеалогиялық жады тұрғысынан келгенде қазақ халқымен өрелесе алатындары некен-саяқ.

Жазба мәдениет орныққан ортада этносты толық қамтитын генеалогиялық түзілім жүргізіп отыру, яғни, шежіре тарату дәстүрі сақтала бермейді. Негізінен тарихи мәнді деген оқиғалар мен көрнекті тұлғалар дерегі ғана хатқа түсіп отырады. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы айтқандай: «Оқуға сенген — ұмытшақ, жазуға сенген — жаңылшақ». Яғни, жазба мәдениеті орныққан ортада этнос мүшелерінің атау-есімдерін жаппай тіркеуге алып отыру, әсіресе, генеалогиялық сабақтастықты көрсетіп отыру дәстүрі тұрақты емес. Мұндай жағдайда белгілі бір тарихи кезеңдер бойынша этноантропонимдердің толық қамтылмайтыны аян. Демек, жазба мәдениет орныққан ортада тарихи кезеңдер бойынша этнос мүшелерінің атау-есімдерін толық қамтыған антропонимикалық кешенді зерттеулер жүргізу мүмкіндігі де шектеулі деген сөз.

Бұл ретте, қазақ арасындағы шежіре үлгілері Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдегі дүниеге келген адамдардың атау-есімдерін айтарлықтай толық қамтыған деп сеніммен айтуға болады. Әрине, мұндай қасиетті артықшылық немесе кемшілік ретінде қарастырудың қажеті жоқ. Қазақ халқының генеалогиялық жадының кемелдігі көшпелі өмір-салттағы мемлекеттік құрылымның ру-тайпалық жүйеге негізделуіне тікелей байланысты. Мұндай ортада этностың әрбір мүшесінің шежіреге жүйрік болуы олардың адамдық сапасының айғағы ғана емес, сонымен бірге, өмірлік мұқтаждығы да болған. Сахара төсіндегі әрбір субъект өзінің жеті атасын (бұл екі-үш ғасыр аясы) жатқа білуі өз алдына, бұған қоса исі қазақтың жүздік және ру-тайпалық құрылымын жетік білмесе, олардың арасындағы бұрынғы-соңғы қандастық байланыстарды тарата алмаса, ондай адам өзін ескексіз қайыққа мінгендей сезінген. Рас, мұндай ахуалға көз жеткізіп, көңіл сендіре қою оңай емес, алайда, ақиқаты сол.

Ой-деректің жосығы — қазақ арасындағы шежіре материалдары XV-XXI ғасырлар аясындағы кісі есімдерінің үлгілерін айтарлықтай толық түзіп шығуға мүмкіндік береді дегенге саяды. Бұл ретте, қазақ антропонимдерін тарихи кезеңдер бойынша жаңғыртпалауға (реконструкциялауға) шежірелік деректердің мейлінше ұрымтал баспалдақ екені ден қойдырады. Шежіре жүзінде тайға таңба басқандай болып 19-22 ұрпақтың сабақтастығы көрініс тапқан. Бұл — қазақ халқының қазақ этнонимін иемденіп тарих сахнасына шыққаннан бергі бес-алты ғасырдың аясы деген сөз. Осы кезеңдегі ұрпақаралық уақыт межесін айқындау да қиын шаруа емес.

Демек, қазақ арасына кең тараған шежірелік антропонимдерді пайдалана отырып, қазақ антропонимикасын былайғы жұрттың қолы жете бермейтін ғылыми өреге көтеруге болады. Түптеп келгенде, мұның өзі ұлттың өзін-өзі тереңірек тануына дес беретін, сол арқылы қазақ ұлтының қандай арман-аңсарға бой алдырып, тарихтың қандай зобалаңын бастан кешкенін бажайлауына мүмкіндік тудыруға тиіс. Әрине, мұндай ізденістердің шапағатын тек қана жер басып жүрген тірілердің көретіні хақ.

Екінші тарау. Қазақтың туысқандық жүйесі

Қарға тамырлы қазақ

Сүйек қосу

Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы

Енші институты

Туысқандық жүйе

Туысқандық атаулар жүйесі

Екінші тарау

Қазақтың туысқандық жүйесі

8. Қарға тамырлы қазақ

Адам қоғамы қалыптаса бастағаннан бері ел болып ұйысуға құлықты болу, яғни, этнос жасақтауға ұмтылу үрдісі тоқтаусыз жүзеге асып келе жатқан үдеріс және бұл үдеріс дүниежүзі халықтарының баршасына тән. Мұндай үдерістен қазақ халқы да шет емес.

Әдетте, этностың жасақталу немесе этностың кірігу үдерісіне әлеуметтік-экономикалық және саяси-идеологиялық мақсат-мүдделердің тоғысуы себепші болып отырады. Әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдде өз кезегінде экожүйеге бейімделген біртектес дәстүрлі мәдени тіршілік қамын қалыптастырып, біртектес шаруашылық-мәдени типін орнықтырады. Ал, этностың жасақталу үдерісіндегі саяси-идеологиялық мақсат-мүдделердің тоғысуы болса, ол жаңағы шаруашылық-мәдени типпен үндескен наным-сенім, салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде, тіптен, тәртіп-талап қою, мәжбүрлеу тұрғысында жүзеге асады (С.А. Арутюнов. *Народы и культуры. Развитие и взаимодействие.* — Москва, 1989; В.П. Алексеев. *Становление человечества.* — Москва, 1984).

Ұлы Дала кеңістігіндегі түркі тектес көшпелілер арасында ұжымдасып тіршілік құру идеясы яғни этностену (этнизация) үдерісі байырғы замандардан бастау алады. Бұл ретте, этностену үдерісі идеологиялық тұрғыда мифтік түп ата, киелі тек түрінде де көрініс табатынын байқауға болады. Мұның айқын айғағы түркі тектес көшпелілер арасында, соның аясында қазақ халқының ортасында күні бүгінге дейін сақталған. Ол, ең алдымен, қарға киетегіне (тотеміне) қатысты мифологиялық деректерден, аңыз-әңгімелерден, наным-сенімдерден, әдет-ғұрыптардан аңғарылады.

Қазақ тілінде күні бүгінге дейін жасы кіші баланы жақсы көріп еркелеткенде «қарғам», «қарғатайым» деп өбектейді. Ару қызды «қарғашым», «қарғажаным» деп әспеттейді. Ғашықтық-сүйіспеншілік тақырыбындағы дәстүрлі әндердің көбінде «қарғам-ау», «қарғаш-ау», «қарғам-ай», «қарғатай» деп келетін қаратпа-арнау сөздер қолданылады. Сондай-ақ, «қарғадай болып» (жап-жас болып), «қарғадай кезінен» (жас кезінен), «біздің қолымызға да қарға тышар» (біз де мұратымызға жетерміз), «қарға бойлы» (қарға текті), «қарға адым жер» (жақын жер), «қарға қарғаның көзін шұқымайды» (тектес-туыстар бір-біріне жамандық жасамайды), «қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас» (тіршілік-тыныстары бір, тектес-туыстас), «қарға тамырлы

қазақ» (түпкі тегі бір қазақ), т.б. деп айтылатын тұрақты сөз тіркестері де бар. Қазақ тіліндегі «қарғану», «қарғау», «қарғыс» сөздерінің киелі күшке сенуден немесе сол киелі күшке табынудан туған сипаты да назар аударады. Қысқасы, осынау сөздік-ұғымдық айғақ-мысалдардың сыр-себебі тарихи-типологиялық зердемен саралауды қажет етеді.

Ең алдымен, жоғарыдағы сөздер мен сөз тіркестерінің «қарға» сөзіне қаншалықты қатысының бар-жоғын зерделеп алу қажет. Бұл ретте, «қарғам», «қарғатайым», «қарғашым», «қарғажаным», «қарғам-ау», «қарғаш-ау», «қарғам-ай», «қарғатай» деп келетін қаратпа-арнау сөздер мен «қарға тамырлы қазақ» тұрақты тіркесінің қарға құсына қатысы жоқ екеніне көңіл қойдыратын тарихи айғақ-деректердің баршылық екенін алдымен атап өткен жөн. Ортағасырлық түркі тілдерінде «қарақ» («қарағ») сөзі «көздің қарашығы» («көздің алмасы») деген мағына беретінін М.Қашқари атап көрсеткен (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Аударған А.Қ. Егеубай. Бірінші том. — Алматы, 1997. 440-бет; Махмуд ал-Кашқари. Диван Лугат ат-Турк. Аударған З-А. М. Әуезова. — Алматы, 2005. 362-бет*). Осы «қарақ» сөзі қазақ тіліндегі «қарғам», «қарғатайым», «қарғашым», «қарашығым», «қарғажаным», «қарғам-ау», «қарғаш-ау», «қарғам-ай», «қарғатай» деп келетін бейнелі тұлғадағы сөздерге негіз болғанын білікті ғалым Анар Салқынбай атап көрсеткен (*А. Салқынбай. Тотем. Бөріні емес, аққуды кие тұтқанбыз. — «Ана тілі» газеті, 2007. № 16. 19-25-сәуір, 2007 жыл*). Мұндай ой-тұжырымды қазақ тіліндегі «көзінің ағы мен қарасындай» деп келетін тұрақты тіркестің, әдетте, ең ардақты, аяулы, сүйікті адамға қаратып айтылатыны орнықтыра түседі (*І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы, 1977. 263-бет*).

Сол сияқты «қарға тамырлы қазақ» деп айтылатын тұрақты тіркестің де «қарға» сөзіне, яғни, қарға құсына тікелей қатысы жоқ екенін байырғы түркі тіліндегі «қар» және «қарғақ тармақы» деген сөздерге зейін қою арқылы көз жеткізуге болады. Байырғы түркі тілінде «қар» сөзі «араластыру» деген мағына берген. Түркі тілдерінің үндестік заңына орай «р» дыбысы мен «т» дыбысының шендесуіне байланысты «қар» сөзі қазақ тілінде «қат» түрінде айтылатын болған. Мәселен, «сүт қатқан шай», «қарым-қатынас» деп келетін сөздердегі «қат» түбірі де «араластыру», «араласу» деген мағына береді (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 422-бет*).

Ал, «қарғақ тармақы» деген сөз тіркесіне келсек, байырғы түркі тілінде осылай аталатын өсімдік болған. Өсімдік атауы көбінесе бейнелі сөз түрінде қалыптасатыны белгілі. Мұнда да «қарғақ» сөзі «қарғаның» деген, «тармақы» сөзі «шенгелі» деген мағына береді (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Аударған А.Қ. Егеубаев. Бірінші том. — Алматы, 1997. 485, 528-беттер*).

Байырғы түркі тіліндегі осы «қарғақ тармақы» деп аталатын өсімдік, сол бейнелі сөз тіркесі мен мағынасын сақтаған қалпында, бүгінгі қазақ тілінде де «қарға тұяқ» деп аталады. Шатырша гүлдер тұқымдасына жататын бұл өсімдік Қазақстанның далалық аймақтарында өседі. Бір діңнен тарамдала шығатын, ұзындығы 20 сантиметрдей, ені 2 сантиметрдей жапырақтары шынында да қарға шенгелін елестетеді (*Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 том. — Алматы, 2003. 632-633-беттер*).

Бұл деректерден шығар қорытынды, қазақ тіліндегі «қарға тамырлы қазақ» тіркесі қазақ халқының бір-бірімен біте қайнасып, араласып («қар», «қат»), қарға тұяқ («қарғақ тармақы») өсімдігі сияқты бір діңнен жапырақ жайып жатқан ел екенін білдіретін бейнелі сөз дегенге саяды.

Енді, қазақ тіліндегі «қарғадай болып», «қарғадай кезінен», «біздің де қолымызға қарға тышар», «қарға бойлы», «қарға адым жер», «қарға қарғаның көзін шұқымайды», «қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас», «қарғану», «қарғау», «қарғыс» деп келетін сөздер мен сөз тіркестері туралы ой-жосыққа кезек беруге болады. Осы орайда, мынандай ой-тұжырымдар озғындайды: біріншіден, қарға құсына қатысты бұл сөздер мен сөз тіркестері байырғы түркі жұртының киетектік таным-түсініктерімен байланысты екендігі; екіншіден, ислам дінінің бел алуына байланысты, қарғаны киетек тұтатын таным-түсініктің бірте-бірте көмескі тартқандығы; үшіншіден, тілдің жады берік, қарғаның (ұзақ қарға) байырғы заманда киетек болғаны қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінде айқын сақталып қалғандығы. Сонымен...

Бұл жерде қарғаның жыл құсы ретінде Ұлы Даладағы көшпелілер ортасында киетектік сипатқа ие болғанын алдымен атаған абзал. Ғылым жүзіне мәлім Еуразияның Ұлы Даласындағы көшпелі өмір-салт жаңаша жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықта (біздіңше одан да ертерек) қалыптаса бастады. Әрине, саналы адам қайда барарын білмей тұрып жол-сапарға шықпақ емес. Көшпелілер бойлық бойынша мындаған шақырымдық жерге көшіп-қону үшін, ең алдымен, не себепті сонша жерге көшетінін, барған жерінде қандай жағдайға тап болатынын және қай уақытта, қалай көшіп-қону керектігін жақсы білген. Бұл ретте, көшпелілердің ең басты бағдаршысы аспан денелері болған. А.И. Левшиннің сөзімен айтқанда, «еуропалықтардың қалта сағатына қарайтыны сияқты, қазақтар аспанға қарап» уақытты, мезгілді, маусымды дәл межелей білген.

Күн, ай, жұлдыздар сияқты аспан денелерінің белгілі бір ырғақты қозғалысын, ол қозғалыстармен тікелей байланысы бар жердегі өзгерістерді мұқият пайымдап, мол тәжірибе жинақтаған көшпелілер ең алғашқылардың бірі болып уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік қалыптастыра алды. Басқасын былай қойғанда, 12 жылдық жануарлар циклынан тұратын күнтізбені алғаш рет көшпелілердің ойлап тапқаны қазір әлемдік ғылыми танымда мойындалған ақиқат (*М. Исқақов. Халық календары. — Алматы, 1980; Х. Әбішев. Аспан сыры. — 1966; И.В. Захарова. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана (ТИИАЭ АН КазССР, 8-том). — Алматы, 1960; Т.Н. Синегова. Монетовидный календарь // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана (ТИИАЭ АН КазССР, 12-том). — Алматы, 1961; В.В. Цыбульский. Лунно-солнечный календарь стран Восточной Азии. — Москва, 1988; В.Ф. Шахматов. О происхождении двенадцатилетнего животного цикла летоисчисления у кочевников. — ВАН КазССР, 1955. № 1).*

Осы орайда айта кетуге болады, аспан денелерінің белгілі бір тәртіппен және қайталанып отыратын ырғақпен ұдайы қозғалыста болуы, бұл қозғалыстардың жер бетіндегі мың-сан құбылыстармен тікелей байланысып жатуы, мұның бәрінің

қапысыз үйлесім табуы байырғы адамдарға ғажайып бір құдірет иесінің саналы әрекетіндей әсер берген. Ол құдірет иесінің тұрағы аспан деп білген. «Тәңір» сөзі «аспан» деген мағына береді (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 544-бет*). Осылайша ең алғаш рет көшпелілер ортасында бір Құдайға сенетін трансцендентті таным-түсінік қалыптасқан. Мұндай ұлы идея тағы да сол көшпелілер арқылы төңірегіндегі елдерге тарап, нәтижесінде бір мезгілде деуге болатындай уақыт аясында әлемдік діндердің пайда болуына ықпал еткен. Бұл ретте, біріншіден, әлемдік діндердің Ұлы Дала көшпелілері ареалына жапсар өңірлерде дүниеге келуі назар аударса, екіншіден, бір Құдай, Құдай тұрағының көкте болуы, о дүние мен бұ дүние, пейіш пен тозақ, жан, мәңгілік ғұмыр, ақырзаман сияқты идеялардың әлемдік дін атаулыға ортақ болуын басқаша уәжбен түсіндірудің қисыны жоқ (*Альфред Вебер. Мәдениеттер тарихы мәдени-социология тұрғысында. — Лейден, 1935. Неміс тілінде; Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. — Москва, 1991*).

Аспан денелерінің ішіндегі ең ғажайыбы — күн. Көшпелілер үшін күн тіршілік атаулының тірегі. Сондықтан, олар аспанды Тәңірдің өзіне баласа, күнді Тәңірдің көзіне балаған. Отты күннің сынығы деп түсініп кие тұтқан. Әсіресе, күннің жер бетіне тигізер әсер-ықпалын жіті бақылап, осыған байланысты әрбір белгі-нышанға айрықша мән берген. Міне, осындай таным-түсінік бел алған ортада күн мен түннің теңесуі сияқты құдірет құбылыстың болуы, ол теңесудің жаршысы сияқтанып жыл құстарының ішінде бәрінен бұрын ұзақ қарғаның ұшып келуі көшпелілерді мүлде бейтарап қалдырмаған. Ол былай тұрсын, ұзақ қарғаны Тәңірдің елшісіне балап, оны айрықша кие тұтқан. Мұндай ой-тұжырымның айғақ-мысалы жеткілікті.

Көктемдегі күн мен түннің теңесер мезгілін, яғни, жыл басталар айды барабалықтар «қарға айы» десе, чұлым татарлары «қарғи айы» дейді. Сондай-ақ, жыл басын саяндықтар «басқы құс айы», алтайлықтар «кәндік айы», шорлар мен тыбалар «көрік айы» десе, бұл атаулар да алғаш келетін жыл құсын білдіреді. Тыба-кісілер (туба-кіжілер) арасындағы ертегілердің бірінде: «Көктің ұлы Чахыр-Саянның елшісі ақ қарға еді», — деп баяндалады. Ал, башқұрттар көктемнің шүйгін болуы үшін «қарға той» өткізсе, бұйраттардың (бурят) мифінде адамзаттың жаратушысы Бұрхан-бақсының елшісі қарға мәңгілік өмірдің жауынын жаудырады (*Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. — Горно-Алтайск, 2005. 171, 210, 370-беттер*).

Қазақ арасында «Біздің ауылда бөк шоқитын кара қарға еді, бұл ауылға келіп жыл құсы бола қалыпты» деп айтылатын мәтел сөз бар. Мұнда да қарғаның киетектік сипаты халық жадында көмескі тартқанымен, жыл құсы саналатын қасиеті дәстүрлік деңгейде ұмыт болмағаны айқын аңғарылады.

Тарихи-салыстырмалы тәсіл тұрғысынан да, айғақ-деректердің мерзімдік хронологиясы тұрғысынан да әлем халықтары арасындағы ең байырғы киетектің қарға екенін байқауға болады. Этнография ғылымының негізін салушы америкалық әйгілі ғалым Л.Г. Морган өзінің «Байырғы қоғам» атты еңбегінде үндістердің киетегі ретінде қасқыр, жолбарыс, аю, бұғы, қабылан, балық, сұңқар, құтан

сияқты аң-құстардың санатында қарғаны да атайды. Солтүстік Америкадағы атапаск, тилинкит тайпаларының арасына кең тараған космогониялық кейіпкердің есімі Ел деп аталса, мұның өзі сол тайпалардың тілінде «қарға» деген мағына береді. Сол Елді (Қарғаны) атапаск және тилинкит тайпалары жарық нұрды, тұщы суды, қара жерді, қызулы отты, т.б. игіліктерді жаратушы деп есептеп, жақсылықтың нышаны ретінде кие тұтады (*И.Е. Вениаминов. Записки об островах Уналашкинского отдела. — СПб., 1840. 51-55-беттер; Д.Д. Фрэзер. Фольклор в Ветхом завете. — Москва, 1989. 149-бет*).

Осы орайда, Азиялық Сібірді тұрақ ететін халықтардың наным-сенімінде қарға күні бүгінге дейін кие тұтылатынын айта кетуге болады. Саха (якут) мифологиясының кейіпкері Елей (Элей) де ұдайы жақсылықтың басында жүреді. Сондай-ақ, сахалардың қаңғалас тайпасының ішінде суар (қарға) деп аталатын ру бар. Хақастардың, шорлардың, алтайлықтардың арасында да қарға деп аталатын рулар болса, тыба ішінде «хұсғұн» (құзғұн) деген ру кездеседі. Ойдың орайында, Өзбекстанның Сурхандария облысындағы «жүз түркімендер» деп аталатын түркімендер ішінде де қарға руы бар екенін айта кетуге болады. Жүз түркімендер өз ішінде бақтаңбалы және жылантаңбалы деп аталатын екі руға бөлінеді. Бақтаңбалыдан — қазаяқты, көзтаңбалы, көсеулі, балғалы, казак, жарықбас, әліпті, балташ аталары тарайды. Ал, жылантаңбалыдан — патас, қарға, жорға, ерші, балақұр, қоса, тарақты, жас аталары өрбіген.

Алтай-Саян түркілерінің мифінде қарға жаратушы Тәңірдің елшісі және өлілер дүниесіндегі әміршінің күзетшісі ретінде суреттеледі.

Фольклоршы ғалымдар Е. Тұрсынов пен С. Қондыбай сахалардың мифіндегі Елей мен Солтүстік Америкадағы атапаск, тилинкит тайпаларының мифіндегі Елдің арасында байланыс бар екенін, ол байланыстың тек-тамыры палеолит-мезолит замандарынан бастау алатынын жазған. Соңғы кездегі зерттеу қорытындылары мұндай ой-тұжырымдарды орнықтыра түседі. Егер, Америка үндістерінің шамамен 15-20 мың жыл бұрын Азиялық Сібірден қоныс аударғанын ескерсек, онда қарға киетегінің тек-тамыры мейлінше байырғы заманнан бастау алатынына күмән қалмайды (*Л.П. Потапов. Этнический состав и происхождение алтайцев. — Ленинград, 1969. 132-бет; Проблемы этногенеза и этнической истории аборигенов Сибири. — Кемерово, 1986. 48-бет; Е.Д. Турсынов. Генезис казахской бытовой сказки. — Алматы, 1973. 56-бет; С. Қондыбай. Арғы қазақ мифологиясы. Төртінші кітап. — Алматы, 2004. 172-бет; Р.И. Сукерник. Первоначальное заселение Америки в свете данных популяционной генетики // Экология американских индейцев и эскимосов. — Москва, 1988. 19-32-беттер*).

Қарға туралы, оның қадір-қасиетіне қатысты деректер генеалогиялық аңыздармен ғана шектелмейді. Манжұрлардың арасында қағанды өлімнен құтқарған қарға туралы аңыз бар. Бұйраттардың наным-сенімі бойынша құдіреті күшті Гучин-Гурбу-Гурбустен-ханның құрметіне шалған құрбандық малының етінен үш қарға шоқыса аруақ риза болады. Ал, ебенкілер қарғаны Тәңірдің серігіне балайды. Тәңір адамзатты жаратқанда, оған қарға көмекші болыпты деп есептейді. Қарғаны монғолдар

да кие тұтады. Олар мама ағаштын басына қарға қонса атымыз жүйрік болады деп ырым көреді. Алтайлықтардың мифінде адам тәнін Үлген жаратады да, сол тәнге жан бітіру үшін қарғаны көктегі Құдайға жұмсайды. Қарға көктегі Құдайға ұшып барып, адамға дарытатын жан сұрап алып қайтады (*Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. — Горно-Алтайск, 2005. 451-бет; Монғол халық республикасының этнографиясы. 1-том. — Ұланбатыр, 1987. 390-бет. Монғол тілінде; Легенды и мифы седого Алтая. Құрастырушы В.А. Хохлов. — Горно-Алтайск, 2004. 34-36-беттер*).

Шумер-аккад эпосында (б.з.д. III-II мыңжылдық) топан суына тап болған Гильгамеш жер қарасын шолғызу үшін көгершін мен қарлығашты ұшырып жібереді. Олар жер қарасын таба алмай қайтып келеді. Мұнан соң ұшырған қарға судың қайта бастағанын сезіп, белгі береді. Бұл мотив «Таурат» сөзіне жұғысты болған. Жер бетін топан суы басқан соң арада 150 күн өткенде су қайта бастайды. Тағы да 40 күн өткенде жер қарасын барлап қайту үшін Нұх пайғамбар кемеден қарғаны ұшырады (*Эпос о Гильгамеше. Аккад тілінен аударған И.М. Дьяконов. — Москва-Ленинград, 1961. 77-бет; Таурат (Тора). — 8, 14-19*).

Мәрмәр теңізіндегі Проконнес аралынан шыққан ақсүйектің тұқымы Аристейдің айтуы бойынша Аполлонның желеп-жебеп жүретін киелі құсы қарға болған. Олимптердің наным-сенімінде Аполлон құдіреті күшті құдайлардың бірі, Зевс пен Латонаның баласы. Ал, Кіші Азия тұрғындары Аполлонды жарық құдайы деп есептеген. Яғни, жарық құдайының (тәңірдің) киелі құсы, хабаршысы — қарға (*Геродот. История. — Ленинград, 1972. 191-бет. Төртінші кітаптың 14-тараушасы*).

Австралияның байырғы тұрғындарының (аборигендердің) мифінде Адам-Поссумның екі әйелі де қарға. Сондай-ақ, Австралиядағы байырғы фратрилдердің бірінің түп тегі Ваанг деп аталса, мұның өзі «қарға» деген мағына береді.

Қытай мифологиясында қарға аспан символы тұрғысында сипатталады. Әйгілі Хоу-И мерген атып түсіретін аспандағы артық күндердің бәрі де бір-бір қарға бейнесінде көрініс тапқан.

Шығыс славян халықтарының мифологиясында пейіштің (жұмақтың) кілті қарғада болатыны айтылады (*Мифы народов мира. Энциклопедия. 1-том. — Москва, 1998. 31, 245-247-беттер*).

Бұл сияқты мысалдарды дүниежүзі халықтарының мифологиясынан, фольклоры мен этнографиясынан көптеп келтіруге болады. Ондай деректерде көріпкел қарға, құдайлар мен батырларға серік болатын қарға, ұшқанда қанатынан күн тұтылатын қарға, батыр бейнесіне енген қарға, мәңгілік өмір мен дәулеттің иесі қарға, өлілер дүниесінің әміршісі қарға, адамдардың түп тегі болған қарға, т.б. түрінде айтылатын уәждер жиі ұшырасады. Бұл сияқты мифтердің, аңыз-әңгімелердің таралым аясы да мейлінше кең.

Палеоазия мифологиясы мен Солтүстік Америка үндістерінің мифологиясында қарға үш бірдей әлемнің — аспан, жер беті және жер асты әлемінің дәнекері. Ол жаз бен қыстың, қуаң мен ылғалдың, ащы мен тұщының, даналық пен ақымақтықтың, ер мен әйелдің, адам мен анның, т.б., былайша айтқанда, қосем (дуалистический) құбылыстардың арасындағы хабаршы, көріпкел ретінде көрініс тауып отырады. Мифологиялық деректердің басым көпшілігінде, әсіресе, түркі тектес халықтар арасында қарға түп тек тұрғысында, әулет-атаның желеп-жебеушісі ретінде бейне-

ленеді. Осы орайда, Солтүстік Африкада, Алдыңғы, Оңтүстік және Шығыс Азияда (семит-хамит тілдік ареалында) айтылатын бірлі жарым мифологиялық аңыз-әңгімелерде ғана қарғаның жаман хабар жеткізуші ретінде суреттелетінін айта кеткен жөн. Оның есесіне түркі тектес халықтардың басым көпшілігінің мифтері мен фольклорында қарғаның тек қана жағымды сипатымен бейнеленетіні назар аударады (Тәңірдің елшісі, түпкі тек, адамның қамқоршысы, т.б.).

Бұл тұрғыдан келгенде, скиф, сак, ғұн, үйсін заманынан (б.з.д. VII ғ. – б.з. III ғ.), одан берідегі Түркі Қағанаты кезінен (VI-VIII ғғ.) жеткен қарға киетегі туралы айғақ-деректерді байырғы замандағы таным-түсініктің сабақтаса жалғасуы ретінде қарау керек. Әйгілі тарихшы Сыма Цяньның «Тарихи жазбаларында» («Шицзи») қытай жансызы Чжан Цянь байырғы үйсіндер (б.з.д. 123 ж.) туралы былай дейді: «Мен сюннуларда (*хунну* – А.С.) болған кезімде үйсін билеушісінің Гуньмо деп аталатынын естідім. Гуньмонның әкесі сюннулардың батыс шекарасымен шектес жерді иеленеді екен. Сюннулар шабуыл жасап, Гуньмонның әкесін өлтіреді де, нәресте Гуньмонны тірідей далаға тастап кетеді. Оның денесіндегі шыбын-шіркейді қарға шоқып тазалапты. Ал, қасқыр келіп емізіп кетеді екен. Бұл жағдайды шаньюй көріп, Гуньмонның аруакты бала екенін сезеді де, асырап алады. Бала ержеткен кезде шаньюй оған әскер басқартады. Гуньмо бірнеше рет ерлік істерімен көзге түседі. Шаньюй оған әкесінен қалған халықтың басын қосып беріп, Сичэн қаласында Линчжан-шоу деген атақ береді» (*Н.В. Кюннер. Китайские известия о народах Юэжной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – Москва, 1961. 114-115-беттер*).

Бұл деректің тағы да бір нұсқасы бар. Онда үйсін патшасының (Хуньмо) әкесі Наньдоу-мидің үлкен юэчжилер қолынан қаза тапқаны айтылады. Наньдоу-мидің жаңа туған нәрестесін Буцзю-сихоу аталық (күтуші) жасырып қалады. Жау ұзаған соң баланы шалғын шөп арасына жатқызып, төңірегінен тамақ іздеп қайтып оралса, баланы қасқыр емізіп тұрғанын, ал оның үстінде тұмсығына ет қысып алған қарғаның ұшып жүргенін көреді. Аталық баланы Тәңірдің шапағатынан жаралған деп ойлап, ордаға алып келеді. Бала ержеткенде шынында да ел билеген көсем болады (*М.В. Крюков. Восточный Туркестан в III в. до н.э. – IV в. н.э. // Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье (очерки истории). – Москва, 1988. 227-232-беттер*).

Бұл деректерде қасқыр мен қарға киетегінің қатар аталуы назар аударады. Мұндағы қасқыр мен қарға қамқорлығындағы бала Тәңірлік шапағатқа ие. Былайша айтқанда, үйсін Гуньмосы (Хуньмо) Тәңірдің жердегі өкілі (кейпі) дегенге саяды. Мұндай ұғым-түсініктерді тарихи деректер орнықтыра түседі. Бірде ғұнның (сиунну, сюнну) атты әскері үйсіндермен соғыспақ болып, майданға шығады. Алайда, үйсін әскерін көрген ғұн жауынгерлері соғысудан бас тартады. Себебі, үйсін әскерін Гуньмо құдайының (шэнь) өзі бастап келе жатыр еді дейді (*Ю.А. Зуев. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. 27-бет*).

Осы орайда, «үйсін» сөзінің «қарға» атауына қатысы жөніндегі пікірге тоқтала кеткен жөн. Тарихшы ғалымдардың біразы көңіл бөлген үйсін тайпасы қытай иероглифінде «у-сунь» болып таңбаланатыны, мұның өзі «аһ-сман» («асман») түрінде айтылатын иран сөзі екені, яғни, үйсіндер осыдан екі мың жылдай бұрын иран тілдес

болуы мүмкін деген жорамалдың (*Ю.А. Зуев*) бел алып келгені белгілі. Білікті ғалым-зерттеуші *С. Қондыбай* бұл пікірдің дәйексіз екенін, түркі жұртындағы басқа ру-тайпалардың да «қарға» атауымен байланысты болып келетіні сияқты, «ұс-ұн» (усун, үйсін) сөзінің де «қарғаның ұрпағы» деген мағынаны беретінін байсалды уәждермен дәлелдейді (*С. Қондыбай. Арғы қазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы, 2004. 174-180-беттер*).

Махмұт Қашқари «ұс» сөзінің «қарға» (құзғын, ұзақ) деген мағына беретінін айтқан. Сондай-ақ, қазақтың шежірелік деректерінде Алаштан – Жайылған, одан – Қазақ, Созақ, Ұзақ туғаны айтылады. Мұндағы «ұзақ» атауы да «қарға» сөзінің синонимі тұрғысында екенін аңғару қиын емес. Шоқан Уәлихановтың Ұлы жүзге қатысты жинаған материалдарындағы рулардың ішінде ұзақ руын да атайды. *Н.И. Гродеков* Перовск уезінің қазағы Әзіздің айтуы бойынша «қазақ» сөзі «қаз» және «ұзақ» («зақ») деген екі сөзден құралғанын, бұл екеуі де дала құстарының атауы екенін, яғни, «қазақ» сөзі «далалықтар», «дала жұрты» деген мағына беретінін жазған.

Мұндай жанама деректер *С. Қондыбайдың* ой-тұжырымын орнықтыра түседі (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Бірінші томы. – Алматы, 1997. 64-бет; Қазақ шежіресі. Шежірені түзген және ғылыми пайымдауларын жазған Ж.Бейсенбайұлы. – Алматы, 1994. 12-бет; Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. 1-том. – Алматы, 1961. 553-бет; Н.И. Гродеков. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Бірінші том. – Ташкент, 1889. 1-2-беттер*).

Қазақ халқы түркі тектес халықтардың кіндік жұртындағы жаралым. Түркі тектес халықтар ішінде тек қазақ халқы ғана бірыңғай түркі тектес халықтармен шекараласады. Сондай-ақ, Ұлы Даладағы көшпелі өмір-салттың қазіргі Қазақ даласында бастау алып, қазіргі Қазақ даласында ХХ ғасырдың бірінші ширегіне дейін сақталуы да назар аударатын фактор. Яғни, байырғы замандардан бастау алатын қарға киетегіне қатысты белгі-нышандардың, айғақ-деректердің қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталуында тарихи сабақтастық бар. Ондай белгі-нышандар мен айғақ-деректердің қай-қайсысы да ең алдымен этногенеалогиялық тектестіктің, туысқандық бірліктің киелі сипатын айғақтап, қазақ халқының біртұтастығын дәріптеуге қызмет етеді.

«Қарға тамырлы қазақ», «Қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас», «Кез келген қазақ жөн сұраса келе қарын бөле болып шығады» деп келетін мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері көшпелі өмір-салтта қалыптасқан қазақ халқының этногенеалогиялық біртұтастығын білдіреді. Ақын Байбота Серікбайұлы айтады: «Әкемнен тараған әулет қазақтың үш жүзін құдандалы қылып отыр. Үлкен әпкем Ұлы жүзге, одан кейінгі өзіммен тете әпкем Орта жүзге келін болып түскен, ал қарындасым Кіші жүздің отын жағып келеді. Яғни, жиендерімнің бірі албан (Ұлы жүз), бірі қараша (Орта жүз), бірі жаппас (Кіші жүз). Ал, ұлдар әке-шешемізді найманмен, дулатпен, кереймен, божбанмен, жетімдермен, алтмен (соңғы үшеуі қоңырат рулары) құда қылды. «Қарға тамырлы қазақ» дегеніміз осы... Кәнеки, ру сұрасып көрелік, қарға тамырлы қазақтың баласы болсаңыз, екеуіміздің арамызда да бір жақындық бар екеніне мен кепіл» (*Байбота*

Қошым-Ноғай. Ру сұрасу бір басқа, рушылдық бір басқа. — «Ана тілі» газеті, 1998. 19-қараша, № 46).

Бұл өсіп-өнген әрбір қазақтың өміріне тән генеалогиялық типті ахуал. Тұтас этносты қамтитын бұл сияқты генеалогиялық сабақтастықтың ең басты тетігі әрбір қазақтың ұрпағы жеті атаға толғанға дейін өзара қыз алыспауында жатыр. Ал, дәстүрлі қазақ қоғамында бір адамнан өрбіген ұрпақ жеті атаға толғанда рулы елге ұласатын болған. Н.Я. Коншин хатқа түсірген шежіре дерегінде Бөкей ханда 9 ұл болған, олардан 49 немере, 150-ден астам шөбере көрген (*Н.Я. Коншин. Заметки о казахских родах и султанах Каркаралинского края // Труды по казахской этнографии. — Павлодар, 2005. 160-бет*). Осы орайда, Абылай ханнан туған 71 ұлдың (*Ш. Уәлиханов*) ұрпағы жеті ата өткенде қанша болғанын елестету қиын емес. Жарайды, бұлар қолы ұзын төрелер болсын-ақ. Қарадан шыққан Қанжығалы қарт Бөгенбайдан тараған еркек кіндікті ұрпақ 1926 жылғы санақта 526 шаңырақ болған, одан 32 ауыл құралыпты (*Дерек беруші Бөгенбайдың алтыншы ұрпағы Қазыбек Нұралын. Екібастұз қаласынан*). Әр шаңырақта орта есеппен 6-7 жан болғанда 4 мыңға тарта адам. Толық бір ру. Яғни, жеті аталық ұстаным бойынша Бөгенбайдан өрбіген рулы ел исі қазақтың басқа руларына қыздарын ұзатып, исі қазақтың басқа руларынан келін түсіреді. Сөйтіп, Бөгенбай батыр ұрпағы исі қазақпен қандас-туыстас, құда-андалы, нағашылы-жиенді болады. Өз кезегінде мұндай туысқандық байланыстар алуан түрлі салт-дәстүрмен, ырым-жорамен, жөн-жоралғымен одан әрі бекемделе түседі. Яғни, әрбір қазақтың тұтас этноспен туысқандық сабақтастығы нақтылы өмірбаяндық сипат алып жатыр деген сөз. Түптеп келгенде, қазақ ұлтына этнодаралық дарытқан, төлтума қасиеттерін орнықтырған, жан-жүрегіне бауырмал сезім қалыптастырған, сол қасиеттердің арқасында тарихи нәубеттерден аман сақтап келе жатқан құдірет те осы болса керек.

Осы орайда, туысқандық қарым-қатынастардың нақтылануына байланысты қарға киетегінің байырғы мән-мағынасы солғын тарта бастағанын, әсіресе, кейінгі замандардың діни-идеологиялық әсер-ықпалының салдарынан қарғаның түп тектік киелі сипаты одан әрі көмескілене түскенін атап өту қажет. Яғни, қарғаға қатысты теңеу сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер байырғы киетектік немесе этно-тектік сипатын көмескілеген қалпында қазақ халқының лексикалық жадына айналған. Бұған тарихи деректерді саралау барысында көз жеткізуге болады.

Қоңырат Дай-шешен қият-бөржігін Есукейге (Шыңғыс ханның әкесі) түсін айтады: «Түсімде ай мен күнді шеңгелдеген ақсұңқар келіп қолыма қонды. Жақсылықтың нышаны болғай деп отырғанымда, әлгі сұңқар қият-бөржігін руының киесі (сүлдесі) қарғаға айналып кеткені» дейді (*Алтан-Тобчи. Монғол жылнамасы. Галсан Гомбоевтің аудармасы // Труды восточного отделения ИРАО. 6-бөлім. — СПб., 1858. 124-бет; Лубсан Данзан. Алтан тобчи. Н.П. Шастинаның аудармасы. — Москва, 1973. 68-бет*).

Қазақ ертегісінде қарға өлген адамды тірілтетін шөп тауып әкеледі (*Елеместің көргендері // Ертегілер. Екінші том. — Алматы, 1988. 22-бет*).

Г.Н. Потанин қаракерей руының атауы қарға киетегіне байланысты болу керек деген болжам айтады. Бұл ойды монғол тіліндегі «хар хэрээ» сөзінің «қарға» деген мағына беретіні орнықтыра түседі (*Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина*).

— Алматы, 1972. 71-бет; И. Дамдисурен, А. Лувсандэндэв. Орос-монғол толь. — Уланбаатар, 1967. 85-бет).

Байырғы скиф-сақ заманынан бастап өмір шындығын ою-өрнекпен бейнелеуге машықтанған көшпелілердің нышандық (символдық) мәні бар қолөнер дәстүрі қазақ арасында айқын сақталған. Күні бүгінге дейін қазақ қолөнерінде «тұмар», «су», «тұйық», «жұп», «қошқармүйіз» деп аталатын киелі ою-өрнектердің қатарында «қарғатұяқ» оюы да кездеседі. Қарғатұяқ оюы көбінесе құт-берекенің қорғаны ретінде қолөнер мүлкін көмкеруге, жиектеуге қолданылады. Сондай-ақ, Қазақ даласындағы жарғас суреттерінде, әсіресе құлпытастар мен балбалтастарда қарға суреті жиі ұшырасады. Алтайдың оңтүстігінен қазылған қорғандардан қарға бейнесінде құйылған ат ауыздықтары табылған. Ал, Алтын Орданың хандары қарға бейнесі салынған тиындар шығарып отырған (С.Сорокин. Исследования могильника Коксу I на Южном Алтае // Археологические открытия 1966 года. — Москва, 1967. 156-бет; С. Янин. Монеты Золотой Орды. Поволжье в средние века. — Москва, 1970. 206-бет).

М. Қашқари, Әбілғазы баһадүр хан, В.В. Радлов еңбектерінде «бой», «ұрық», «оба», «көк» сөздері түркі-монғол халықтарында ру-тайпалар ішіндегі бөліктерді білдіретіні сөз болады. Яғни, «Қарға бойлы Қазтуған» деп келетін сөз тіркесінің мағынасы «Қарға текті Қазтуған» дегенге саяды. Бұл жөнінде Серікбол Қондыбай былай деген: ««Қарға бой» сөз тіркесі — «Қарғаның тұқымы, тегі, руы» деп аударылады. Қазақ әдебиетшілері арасында айтылып жүрген «оның есімі Қарға бойлы емес, Қарағай бойлы» делінетін топшылаулар — осы «бой» сөзінің төркініне мән бермегендіктен туған және сол сөзден қарапайым, бүгінгі күнделікті тілімізде қолданылатын «дене тұрқы», «ұзындығы», яғни, (адамның) «бойы» деген мағыналарды көруден шыққан дүмше этимология екендігін айта кету қажет» (С. Қондыбай. Есен-қазақ. — Алматы, 2002. 240-бет).

Қазақ арасында қарға бірнеше түрлі атау-айырыммен белгілі. Олар: құзғын (ворон), кара қарға (ворона), ала қарға (ворона), ұзақ қарға (грач, галка). Қазақстанның кейбір өңірлерінде ұзақ қарғаны таған, көк қарға немесе шәуқара деп те атайды. Осылардың арасында түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да киетек тұтатыны және адал құстардың санатына жатқызатыны — ұзақ қарға. Өйткені, жыл құстарының ішінде күн мен түннің көктемдегі теңесуіне жаршы сияқтанып ұзақ қарға алдымен ұшып келеді. Бұл жөнінде Бекасыл әулие (1822-1915) өзінің «Наурыздың белгісі» деген баянында былай дейді:

«Көк қарға он бесінде келер,
Жиырма екісінде күн мен түн теңелер,
Бұл кезде жыл есебі берілер» (Бекасыл әулие. Жұлдызнама.

— Астана, 2005. 101-бет).

Ұзақ қарғаның бітім-тұрқы көгершінмен қарайлас. Ұшып-қонғанда бой жүні қызылжалқынданып, айрықша құбыла көрінеді. Тәңірдің елшісі, күн мен түн теңесетін ғажайып құбылыстың жаршысы — ұзақ қарғаның сырт бейнесі тарихи деректерде айқын сипатталған.

Қытай мифологиясында қызыл қарға (ұзақ қарға) күн бейнесінде көрініс тапқан. Әу баста аспандағы күндердің саны он болса керек. Он күн қатарынан шақырайғанда жер бетін шыжғырып, тіршілік атаулыны азапқа түсіреді екен. Осы азаптан құтқару үшін Хоу-И деген мерген бір күні садақ-жебесін сайлап, аспандағы күннің бірін атып жібереді. Сол кезде алтын қауырсындар дудырай шашылып жерге түседі. Бұл көрініске таң-тамаша болған адамдар келіп қараса, мергеннің жebesі қадалған алтын қарғаны көреді.

Батыс Түркі Қағанатындағы ашина тайпасының қағаны алтын қарға бейнесіндегі сыйын 647 жылы Қытай (Тан) императорына тарту еткен. Сондай-ақ, әйгілі Күлтегіннің алтын ұрықты (Қызыл Қарға) ашина тайпасынан екені белгілі. Сол қызыл қарғаны айғақтаған болу керек, Хошу-Цайдамдағы Күлтегінге қойылған тас мүсіннің маңдай тұсында канатын керген құс бейнеленген (Ю.А. Зуев. *Ранние тюрки: очерки истории и идеологии*. — Алматы, 2002. 24-27-беттер; Юань Кэ. *Мифология древнего Китая*. — Москва, 1987. 143-бет).

Сахалардың, чукчалардың, Қырым татарларының, сондай-ақ, Солтүстік Америка үндістері мен үнділердің мифологиясында қызыл қарға, алтын қарға, күн нұрынан жаралған қарға туралы мотивтер бар. Үнді мифологиясындағы қарға Аруна деп аталса, бұл сөз «қызыл» деген мағына береді. Ал, байырғы түркі тілінде «ұза» («үзе»), «ұзақы» («үзәкі») сөздері «ен биіктегі», «жоғарыдағы», «үстінгі» деген мағына берсе, бұл да ұзақ қарғаның күннен жаралғанын меңзеп тұрғандай. Сөз орайында, Шығыс Түркістанда Қызылқарға деп аталатын жердің бар екенін де айта кетуге болады (*Древнетюркский словарь*. — Ленинград, 1969. 629-бет; Б.А. Литвинский. *Путешествия. Экспедиции. Археологические раскопки // Восточный Туркестан в древности и средневековье (очерки истории)*. — Москва, 1988. 32-бет).

«Қарға» сөзіне, дәлірек айтқанда «ұзақ қарға» сөзіне қатысты деректерді осымен шектеуге болар. Бұл деректер аясында ұзақ қарғаның өзі де, оның атауы да, керек десеңіз сыртқы түр-түсі де әу баста мифтік наным-түсінікпен астасқанын, сөйтіп киетектік сипат алғанын пайымдауға болады. Мұның өзі Ұлы Дала көшпелілерінің өмір-салтында айрықша мән-мазмұнға ие болған. Былайша айтқанда, тек қана ұжымдық бірлік, тек қана ру-тайпалық тірлік бақытты өмір сүрудің бірден-бір кепілі болған ортада қарға киетегі этносты ұйыстыратын идеялық-ақпараттық тұғырға айналған. Бұл ретте, қазақ тіліндегі қарғаға қатысты айтылатын сөздер мен сөз тіркестерін қазақ халқының елдік тұтастығын айғақтайтын этногенеологиялық кілтбелгісі (коды) деуге де болады.

9. Сүйек қосу

Қазақ тіліндегі «сүйек» сөзіне қатысты айтылатын тұрақты тіркестер назар аударарды: «сүйегі асыл», «сүйегі ауыр», «сүйегі балқыды», «сүйегі жаман», «сүйегі жасыды», «сүйегі жасық», «сүйегі қызды», «сүйегі менікі, еті сенікі», «сүйегіне сіңген», «сүйегін жуды», «сүйегін қорлады», «сүйегін әзер сүйретті», «сүйегін шығарды», «сүйегің шыққыр», «сүйегі сал болды», «сүйегі саудыраған», «сүйек жақын болды»,

«сүйек жаңғыртты», «сүйекке біткен қылық», «сүйекке таңба болды», «сүйек қас», «сүйек тамыр», «сүйектен өтті», «сүйекке тиді», «сүйекті жарған», «сүйек шатыс», «сүйек болды», «сүйектес», «сүйегін қай жерден?», «сүйегін қай ел?», «сүйекке түсу», «сүйегін шағу», «сүйегі түзу», «сүйекке таңба түсіру», «сүйегін туған жерге бұйырту», «сүйек сындыру», «сүйекке таласу», «сүйек сырқырату», «сүйек қосу», т.б. (І. Кеңесбаев. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. – Алматы, 1977. 475-477-беттер).

Сөз жоқ, «сүйек» сөзіне қатысты мұншалықты мол сөз тіркесінің қазақ тілінен орын алуында тарихи терең сыр-себептер бар. Бұл ретте, жоғарыда келтірілген сөз тіркестерінің бәрі дерлік, ең алдымен, тұқым-тектік, қандас-туыстастық мән-мағынаны тірек ету арқылы қолданылатыны көңіл бөлдіреді. Оның сыр-себепін байырғы наным-сенімдермен сабақтастыра жору арқылы танып-түсінуге болады.

Діни наным-сенімнің ең бедерлі айғағы өлік жөнелту рәсімінен айқын байқалады. Осы орайда, қазақ арасында өлік жөнелтуге қатысты қалыптасқан дәстүрлі рәсімді ретімен атап өту қажет: өлікті оң жаққа қою, қаралы ту көтеру, жоқтау айту, сүйекке түсу (сүйекке кіру), мәйітті арулау немесе жуып тазарту, кебіндеу, табытқа жатқызу, үйді үш не жеті (кейде тоғыз) рет айналдырып мәйітті алып шығу, жармалап немесе лақаттап қабір қазу, сүйек қосу (көнеден келе жатқан, қазір ұмыт болуға айналған өлікті жерлеу рәсімі), дене топырағын жинау, бесікше көтеру, ақтық үлестіру, бейіт салу, мола тұрғызу, там соғу, күмбез орнату, қорымды қоршау немесе қорған қалау, көк тас орнату, үші мен жетісін жөнелту, мініс атын тұлдау, қырқын және жылын беру (яғни, ас беру, тұлданған жылқыны сою, қаралы туды түсіру), өліктің киімі мен тұтынған заттарын үлестіру, т.б. Өлік жөнелтуге қатысты осы шаралардың біразы ислам дінінің үрдісінде жоқ, байырғы замандардан келе жатқан Тәңірлік наным-сеніммен сабақтас рәсімдер мен жөн-жоралар екені ешқандай күман тудырмайды. Сонымен бірге, бұл рәсімдер қазақ халқының арғы замандардан бастау алатын текті мәдениетінің орныққан айғағы ретінде де назар аударады.

Қазақтың бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан осы өлік жөнелту рәсімдерінің ішіндегі «сүйек қосу» рәсімі туралы кейбір мағлұмат-деректерді хатқа түсіру, ортаға салу қажет. Мұның өзі, қазақ тіліндегі «сүйек» сөзіне қатысты тұрақты тіркестердің тарихи-этимологиялық мән-мағынасын бажайлауға, әсіресе, көшпелілер қоғамына негіз болған ру-тайпалық жүйенің киеленген (сакрклизация) сипатын пайымдауға да септігін тигізуге тиіс.

Қазақта өлген адамды жер жағдайына қарай негізінен жарма етіп немесе лақаттап қазылған қабірге (көрге) жерлейтін рәсім қалыптасқан. Сонымен бірге, әлі күнге дейін сақталып келе жатқан сағаналап (саханалап) жерлеу немесе сүйек қосу рәсімі де бар.

Сағаналап жерлеудің немесе сүйек қосудың негізгі ұстанымы — әулеттес, аталас, қандас, сүйектес адамдардың мәйітін (сүйегін) бір қабірге жерлеу, яғни, сүйекті бір жерде ғана сақтау. Ол үшін белгілі бір руға, атаға, әулетке арнап арнайы сағана там соғылатын болған. Сағана там соғудың қазақ даласында қалыптасқан үлгісі бар. Әдетте, мұндай тамдарға жер асты сулары алыстау қыраң жерлерді таңдайды. Қолайлы жер таңдалған соң, жер қазу жұмысы басталады. Қазылатын жер там соғушының қарым-қуатына орай шамамен 6x4 немесе 8x6 шаршы метрдей болады. Осын-

дай көлемдегі жер тереңдігі кісі бойынан астам болғанша қазылуға тиіс. Мұнан әрі, қазылып болған жердің ішкі ірге табанынан бастап сағана тамның қабырғасы қаланады. Яғни, қазылған жарға кірпіш қабырғаны тірей қалап отырып көтереді, биіктетеді. Там соғушының мүмкіндігіне қарай қаланатын кірпіштің күйдірілген болуы немесе жылқының жал-құйрығын турап қосқан шикі кірпіш болуы да мүмкін. Сағана там қазбасының ішінен қалап көтерген іргесі жер бетінен бір метрдей көтерілген соң, үстінен жиі етіп балғын бөренелер тастайды да, оның үстінен тал-шіліктерді тоқи жабады. Одан әрі шөп төселіп, оның үстін лаймен бастырып, сылап тастайды. Сонсоң, қазылған жердің табанынан бастап қаланып келе жатқан ірге қабырғаға салмақ түсіре отырып, сағана тамды одан әрі көтереді. Дәстүр бойынша сағана тамды күмбездеп көтеріп, алдынан еңселі бұғат (төрт бұрышты қалқа, карниз, портал) тұрғызады. Сонда, жер астынан көлемі 6x4 немесе 8x6 шаршы метр, биіктігі 2,5 метрдей қуыс бөлме пайда болады да, оның үстінен күмбез бен бұғат көтеріледі. Жер астындағы қуыс бөлмені тең ортасынан бөліп, қабырға қалайды. Тұтас қаланған қабырға 1,5 метрдей ғана биіктікте қалқа болып қалануы керек. Сонда, қалқа ретінде қаланған бөлік пен төбенің арасы 1 метрдей ашық болуы керек. Кейін, өлген адамның сүйегі осы ашық жерден әрі қарай түкпіргі тұйық бөлмеге тасталып отырады.

Осы орайда, түкпірдегі тұйық бөлменің үшке бөлінетінін атап өткен жөн. Оның бірінші бөлігі еркектің, екінші бөлігі әйелдің, үшінші бөлігі баланың сүйегіне арналады.

Енді, осы жер асты қуысының бергі шығар ауыздағы, яғни, бұғат астындағы бөлігі бар ғой, осы бөліктің ішкі қабырғасын жағалата сәкі тәріздес етіп кірпіш қаланады. Мұның екі түрлі қызметі бар. Бірінші, ірге қабырға берік болу үшін тіреуіш ретінде қаланады. Екіншіден, іргені қуалай қаланған сәкі сияқты кертікке өлген адамның мәйіті кебінделген қалпында қойылады. Мұнда қойылған мәйіттің еті аққанша, терісі сартап болып тартылғанша осы сәкіде жатады. Сонсоң сүйегі қалқаның арғы жағындағы әулетінің сүйегіне қосылады. Қазақтың өлген адамды жерлеуге қатысты «сүйек қосу» дейтін рәсімі осы.

Сөз орайында, сағана тамның кірер есігі туралы айта кету керек. Кірер есік бұғаттың астынан төмен қарай сатылана қазылған қуыс ойық болуы керек. Ені тар ойық жер астындағы сәкілі бөлмеге алып келеді. Есік жолының бұлайша болуы – жауын-шашыннан, ит-құстан сақтанғандық. Сонымен бірге, осы дәлізге түсер саты үстінен бұғат көтеріледі. Яғни, бұғаттың салмағы сатылы қабырғаға түсуге тиіс. Сағана тамның есігі, яғни, бұғат маңдайы күннің шығысына қаратып салынады.

Сағана тамды салудың бұл сияқты дәстүрлі үлгісін бізге ұлытаулық Тай Тілегенов ақсақал айтты. Бұл деректі 1970-ші жылдары жазып алғанымызда Тай ақсақал сексеннен жасы асқан адам болатын.

Сағана тамды өз қолымен соққан ұлытаулық ұста Сахана Барбосиннің (1887 жылы туған) дерегін белгілі ғалым Сәбетқазы Ақатай жазып алыпты: «Алдымен мазар соғылады. Мазар астынан үйдің орны қазылады. Мазар ішіне сәкі орнатылады. Өлген адамның мәйітін кебіндеп, осы сәкіге жатқызады. Сонсоң мазардың есігін жауып кетеді. Мәйіттің еті ағып, сүйегі саудырап қалғанда сол сүйекті жинап мазар астындағы арнаулы бөлікке жайғастырады. Мұндай сағанаға бұдан кейін де қайтыс болған туыстарын осы

дәстүрмен қоя береді. Әдетте сағана күйдірілген кірпіштен соғылады, күмбезі болады. Күмбездің үстінен леп тартатын тесік қалдырады» (С. Акатай. *Древние культы и традиционная культура казахского народа*. — Алматы, 2001. 330-бет).

Қазақ даласында күні бүгінге дейін сақталған сағана тамдар, сиректеу болса да бар. Қарағанды облысының Ұлытау ауданына қарасты «Шеңбер» кеңшарынан батысқа қарай жүргенде он шақты шақырымдай жерден кездесетін сағана тамның бітімі жоғарыда баяндаған үлгіге ұқсас. Бұл өңірді Орта жүз арғын, оның ішінде Төлек атасынан өрбіген ұрпақ мекендейді. Олар бұл сағана тамды соңғы кезге дейін пайдаланып, өлген адамдарды жерлеуде сағаналау, яғни, «сүйек қосу» рәсімін ұстанып келді. «Шеңбер» сағана тамының маңдайшасында «Мақаттың сағанасы» деген жазу бар. Мақат — кісі есімі, сағана тамды салдырушы.

Арқа жеріндегі сағана тамның келесі бір үлгісі Қарағанды мен Ақмола облыстарының жерімен ағатын Нұра өзенінің бойында, «Алғабас» ауылына жақын маңға орналасқан. Бұл сағанаға да ХХ ғасырдың ортасы ауғанша өлік қойылып келді.

Келесі бір сағана там Арқалық қаласынан батысқа қарай 65 шақырым жүргенде кездесетін «Қайыңды» кеңшарына жақын маңға орналасқан. Бұл сағана тамның үстіңгі бөлігі әбден мүжіліп, төмпешікке айналған. Бірақ сағана ішіндегі сүйекке түсетін ауыз сақталған. Аруақты орынға ұрпақтары күні бүгінге дейін тауап етіп отырады.

Сондай-ақ қазақтың көрнекті ақыны және фольклорлық мұра жинаушысы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) мәйіті кезінде өзіне арнап арнайы соғылған сағана тамға қойылған болатын. Бұл сағана тамның байырғы үлгіні сақтап соғылғандығы соншалық, көзкөргендердің айтуына қарағанда Мәшекеннің мәйіті жиырма жыл бойы сартап болып қатып, бұзылмай сақталған. Өкініштісі, тарихи мәні зор осындай киелі орын 1951 жылы коммунистік идеологияның ойранына (вандализміне) ұшырады.

Сағана тамның байырғы дәстүрмен салынған үлгілері Бетбақдаладағы көш жолдарының бойынан кездеседі. Бұл ретте, Мұңлы-Қулы шоқыларының етегінен ағатын Көктас өзенінің бойындағы сағана тамды, сондай-ақ Шыбынды Айбат деген жердегі Отыншы байдың сағанасын айтуға болады. Сондай-ақ, Сарысу өзенінің бойындағы Төреқұл сағанасы (Қызылжар стансасына жақын) мен Қошқарбай сағанасы (Аралтөбе деген жерде) байырғы бітім-үлгісімен назар аударады. Алайда, Сарысу бойындағы ең бір көрнекті сағана Құлыбектің сағанасы екенін атап өткен жөн. Құлыбектің сағанасына жұртшылық күні бүгінге дейін тауап етеді.

Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында соңғы жылдары дәстүрлі үлгімен Сайдалы Нұрғали және Рамазан мерген дейтін кісілерге сағана там соғылды.

Елеусізұлы Рамазан мерген (1893-1978) өмір бойы аңшылық кәсіппен шұғылданып, бір Тәңірге мінәжат етіп өткен адам. Өз кезінде Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов, Қаныш Сәтбаев, Кәрім Мыңбаев, Максим Зверев сияқты көрнекті тұлғалармен араласып, ел мен жердің жай-жапсары туралы мағлұматтар берген. Әсіресе Максим Зверев натуралист жазушы ретінде Рамазан мергеннің басынан өткен хикаяларына айрықша ден қойған, оны шығармаларына арқау еткен.

Рамазан мерген дүние саларынан төрт-бес жыл бұрын өзіне және әулетіне арнап сағана там соқтыртады. Жаңаарқа ауданына қарасты Жеңіс кеңшарынан он шақты шақырым жерде Сарысу өзенінің бойынан соғылған сағана тамның жоба-

сына Рамазан мергеннің өзі бас-көз болған. Бұл сағанаға қыран жер таңдалып, 5x5 метр жердің топырағы 3 метр тереңдікке дейін қазылған. Қазылған жердің ішкі бүйірлері мен едені цементпен шегенделе отырып қаланған. Мұнан соң жер бетімен деңгейлестіріп шаршы қуыстың үстін жапқан. Одан әрі шегенделген іргеге салмақ түсіре отырып күмбез көтерген. Шегенделген қуыстың ортасына шымылдық керілген. Шымылдықтың арғы жағы екіге бөлінген, бірі – ер адамдардың, екіншісі – әйел адамдардың мәйіті (сүйегі) сақталатын орындар. Мәйітті орналастыру үшін алдымен сырттағы күмбез есігінен кіргізеді. Сонсоң шегенделген қуысқа түсетін сатымен мәйітті төмен түсіріп, тиісті бөлікке орналастырады. Рамазан мергеннің сағанасында қазір Рамазанның өзінің, әйелі – Камалдың, қарындасы – Мәтікейдің, баласы – Болаттың, келіні – Жұмабикенің, немересі – Ботаның мәйіттері сақталған. Рамазан мерген сағана тамның құрылысы біткен соң баласы Әбдірахманға былай депті: «Қарағым Әбдірахман, әулеттің сүйегі шашылып, рухы жетімсіремесін деп, о дүниелік үй соқтым. Мұнда қойылған мәйіттің еті аққан соң, сүйегін іргеге жинап, келесі мәйітке орын сайлап қойған дұрыс».

Сағана тамдардың үлгілерін, кейде қалдық-сұлбаларын Қазақстанның басқа өңірлерінен де ұшыратуға болады. Жамбыл облысының Талас ауданында әйгілі Байзақ датқаның сағанасы сақталған. Бұл сағана тамға да мәйітті байырғы рәсіммен қою дәстүрі бертінге дейін жалғасқан. Сағана там соғудағы байырғы үлгілердің бірі ретінде Жамбыл облысының Талас ауданына қарасты Үшарал ауылындағы «Төрт ақынның сағанасын» айтуға болады. Талас өзенінің жағасынан соғылған бұл тамды жергілікті халық күні бүгінге дейін «Төрт ақынның сағанасы» деп атайды. Сағананың сүйек сақталған бөлігінен сыртқа леп тартып тұратын түтік орнатылған. Мұнда қойылған мәйіттердің ұзақ уақыт бойы сартап болып бұзылмай сақталатынын жергілікті тұрғындар жақсы біледі. «Төрт ақынның сағанасы» тұрған қорымға әйгілі айтыскер ақын Ұлбике Жанкелдіқызының (1825–1849) арғы атасы Кенбай ақын жерленген.

Қазақтарға этномәдениеті өте-мөте жақын халықтардың бірі ноғайлар екені аян. Астрахань, Есентуки төңірегіне, Қобан (Кубань) алабына қоныстанған ноғай халқының арасында өлікті сағана тамға жерлеу, яғни, өлікті сағаналап жерлеу дәстүрі бертін келгенше сақталған. Сұлтан Хан-Гирей өзінің шеркештер туралы еңбегінде Қобанның Үшкөл деп аталатын биігіндегі сағана тамға кінөз Мырзабек Тағановтың мәйіті сүрленіп (мумияланып) қойылғанын көзімен көргенін жазады (*Хан-Гирей Сұлтан. Записки о Черкесии. – Нальчик, 1977. 63-бет*).

Өлікті сөрелеп қою немесе сағаналап жерлеу «Манас» жырында да тәптіштеп суреттелген. В.В.Радловтың жазып алған нұсқасында Манастың жерлену рәсімі былай суреттеледі:

«Қарағайдан қалың табыт шаптырып,
Ішкі бетін алтыннан,
Тысқы бетін күмістен,
Манасты табытына салды дейді.

Астына жердің сызын өткізбей,
Үстіне күннің көзін тигізбей

Сарайға сөрелеп қойды дейді» (*Ә. Марғұлан. Шоқан және*

«Манас». – Алматы, 1971. 48-бет).

Өлікті сағаналап жерлеу, яғни, «сүйек қосу» рәсімі Қазақстанның шалғай түкпірлерінде там-тұмдап болса да күні бүгінге дейін сақталғанымен, мұндай салттың канондық қалыбы ХІХ ғасырдан бастап-ақ өзгеріске түсе бастағанын байқауға болады. Оның ең басты себебі – Ресей империясы ықпалының Қазақ даласында толық бел алуы, соған байланысты ел ішіндегі ру-тайпалық жүйеге негізделген саяси-әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі өзгеріске ұшырауы, сондай-ақ Ресейдің Киелі синодының қолдауымен ислам дінінің қазақтар арасында бекемделе түсуі, т.б. Бұл сияқты саяси-әлеуметтік және діни-идеологиялық тегеурінді ықпал бел алған сайын өлгендердің сүйегін қосу салтын сақтау былай тұрсын, тірілердің өзі әулет-ата, ру-тайпа бойынша бұрынғыдай ұжымдасып тіршілік құру мүмкіндігінен айырыла бастады. Хандық билік жойылып, ұлт тағдырының тізгіні жаттың қолына түскен соң, ел ішінің әкімшілік-аумақтық жүйесі де түбегейлі өзгерістерге түсті. Нәтижесінде «сүйек қосу» салты бірте-бірте тарих еншісіне айналып, одан әрі сағана там соғу дәстүрі де өзінің сыртқы бітім-үлгісін өзгерте бастады. Бұрынғыдай мәйіттің етін ағызып барып, сүйегін арнайы соғылған сағана тамдағы қандастарының сүйегіне қосудың орнына, енді қандастарды бір бейіттің (моланың) ішіне жеке-жеке жерлеу рәсімі етек алды. Ондай бейіттердің ішіне көп адам жерленетін болғандықтан, өзінен-өзі сағана тамдар бұрынғы күмбезді-бұғатты үлгісін өзгертіп, енді төрт қабырғалы төбесі ашық бейіттер соғылатын болды. Ішіне көп адам жерленгендіктен мұндай бейіттер күні бүгінге дейін бұрынғы әдетпен сағана там немесе керегетам деп аталады. Үстірт үстіндегі сағана там деп аталатын мұндай бейіттер жөнінде Т. Жандосов былай дейді: «Салыстырмалы анализдердің нәтижесінде, сағана тамдардың композициясы күмбезді-бұғатты жүйеге еліктеу барысында ХІХ ғасырдың бас кезінде пайда бола бастады» (Т. Жандосов. *Особенности мемориального зодчества Устюрта и Мангышлака XVIII – начала XX вв. Архитектура бойынша кандидаттық диссертация. – Москва, 1981. 8-бет. Жүгінім мына кітаптан алынды: С.Е. Ажигалиев. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. – Алматы, 2002. 293-бет*).

Бұл ойды білікті ғалым С.Әжіғалиев нақтылы айғақ-деректермен орнықтыра түскен: «ХІХ ғасырдың соңын ала Маңғыстауда, Үстіртте және Жем өзенінің бойында ұлутастардан араланған гүжбандар (блок) мен тақталардан (плита) сағана тамдар соғу кең етек ала бастады. Ондай ескерткіштердің көпшілігі әулеттік мемориалды құрылыс болғандықтан мейлінше көлемді болып келеді. Бұлай болуы, ең алдымен, 10 немесе одан да көп адам жерлеуге арналған мұндай монументальды кесененің міндетті түрде бұрышын шығара көтеруден кейбір сәулетші шеберлер бас тартқан болу керек» (С.Е.Ажигалиев. *Көрсетілген еңбек. 293-бет*).

Бұрынғы «сүйек қосу» салтының уақытқа бейімделу барысында өзгеріске түскен үлгісі ретінде Орталық Қазақстандағы Ағыбай батыр күмбезін (ішіне 8 адам жерленген), Құсбек төре күмбезін (ішіне 12 адам жерленген), Бөкейхан әулетінің керегетамын (ішіне жиырма шақты адам жерленген) атауға болады.

...Қысқасы, осы келтірген айғақ-деректер сағана там туралы, оның пайда болу себептері жөнінде және мұндай дәстүрге тікелей қатысы бар «сүйек қосу» салты жайында ой өрбіту үшін жеткілікті болуға тиіс.

Белгілі этнолог-ғалым Ж. Артықбаев: «Сағаналап жерлеу өте әріден, сонау арий-тур заманынан келе жатқан дәстүр болса керек», – дейді (*Ж. Артықбаев. Сарыарқа шежіресі. – «Орталық Қазақстан» газеті. 1-қараша, 2000*). Бұл ойды орнықтыра түсетін айғақ-деректер уақыт тұрғысынан келгенде үш-төрт мың жыл бұрынғы алыс кезендерден белгі берсе, кеңістік тұрғысынан келгенде қазіргі Қазақ даласынан шалғайдағы аймақтардан да ұшырасатыны назар аударады. Жай ғана назар аудартып қоймайды, Ұлы Дала көшпелілерінің дүниетанымы мен әлеуметтік-саяси қарым-қуаты төңірегіндегі алыс-жақын ел-жұрттардың тағдыр-талайына тегеурінді ықпал етіп, өшпестей із қалдыра алғанын айқын аңғартады.

Қазақстанның солтүстік өңірінде Тобыл өзеніне құятын Берсуат, Сынтас, Аят, Тоғызак, Үй өзендерінің бойынан ХХ ғасырдың соңғы ширегінде жиырмадан астам байырғы қалалар табылды. Қазба жұмыстарын жүргізген Уральск және Челябинск университеттерінің профессорлары В.Ф. Генинг пен Г.Б. Зданович бұл алапты «Қалалы ел» («Страна городов») немесе «Арқайым-Сынтас мәдениеті» деп атады. Арқайым-Сынтас мәдениеті өзінің байырғылығымен де, бітім-көлемімен де, мейлінше мол айғақ-деректерімен де дүниежүзі ғалымдарының назарын аударып, адамзат өркениетінің бастау тегіне қатысты бұрынғы көзқарастарды қайта зерделеудің қажеттігін күн тәртібіне қойды. Жаңаша жыл санауға дейінгі IV-II мыңжылдықтар аясында дәурен сүрген Арқайым-Сынтас мәдениеті хронологиялық тұрғыда Мысыр (Египет), Қосөзен (Месопотамия), Үнді (Мохенджо-Даро), Қытай, Грекия, Британия (Стоунхендж) мәдениеттерінен де байырғылығымен назар аударады. Ең бастысы, Арқайым-Сынтас мәдениетіндегі рационалды және трансцендентті дүниетанымдардың өзінен кейінгі өркениет ошақтарына жұғысты болуымен таң қалдырады. Егер О. Шпенглер, К. Ясперс, А.Д. Тойнби сияқты ғалымдар Арқайым-Сынтас мәдениетінен хабардар болса, онда өздерінің «кіндік дәуір», «пайғамбарлар заманы», «мәдени аймақтар» туралы ой-жосықтарына түбегейлі өзгерістер енгізген болар еді.

Бізге Арқайым-Сынтас мәдениетіндегі өлік жөнелту рәсімі ден қойдырады. Бұл жөнінде профессор Г.Б.Зданович былай дейді: ««Қалалы ел» тұрғындарының өлген адамға қатысты рәсімінде діннің рөлі айрықша болғаны аңғарылады. Құрбандық шалу және дұға оқу барысында белгілі бір жиынтық субъектіге, яғни, рулық ата-бабаларының біртұтас рухына табынған болу керек... (*Ой-дерекке арнайы назар аударту үшін қарайта теріп отырмыз – А. С.*).

...Үлкен Сынтас қорғаны мен Үлкен-қараған (Арқайым) моласының мейлінше айбынды сәулеті отқа табыну мен ата-баба рухын тәу етуге арналған жоралық құрылыс екенін аңғартады» (*Арқайым. Исследования, поиски, открытия. Ғылыми редактор Г.Б. Зданович. – Челябинск, 1995. 43-51-беттер*).

Осы деректегі өлген адамдарға қатысты «жиынтық субъекті», «рулық ата-бабаларының біртұтас рухы» деген ойлар қазақ арасында сақталған «сүйек қосу»

рәсімінің мақсаттық мазмұнын танып-түсінуге мүмкіндік бере алады. Қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталған «сүйек қосу» рәсімі бойынша аруаққа айналған руластар біртұтас субъект ретінде зерделенеді. «Аруақтардың сүйектері қосылмаса о дүниеде рухы жетімсірейді. Сүйектері қосылған аруақ ұрпағын желеп-жебейітін болады», — деп отырады үлкендер.

Арқайым-Сынтас мәдениетінің айғақтарынан мың жылдай кейін хатқа түскен жәдігерліктердің бірі — Шығыс әдебиетінің әйгілі туындысы «Гилгамеш туралы эпос». Осы эпоста Гилгамештің (Білгеместің — И.М. Дьяконов) түсін досы Энкиду былай жориды:

«Далада туған жандардың даналық қонар басына,
Энкиду түсті жориды тіл қатып былай досына:
«Түсіннің жақсы сынайы, күтіп тұр алда қуаныш.
Қауіп пен қатер аз болмас, алайда, достым, шошыма.
Сен көрген тауың түсінде Хумбаба болар сірә да,
Біз оны қолға түсіріп, ішеміз қанын асыға,

Сүйегін оның қорлаймыз, өрт салып қара қосына» (*Эпос о Гильгамеше. О все видавшем. — Аккад тілінен орыс тіліне аударған И.М. Дьяконов. — Москва-Ленинград, 1961. 31-бет; Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Несіпбек Айт*).

Бұл жаңаша жыл санауға дейінгі III мыңжылдықта хатқа түскен сөз. Осы сөзден сүйекті айрықша кие тұту, сондықтан да дұшпаннан кек алудың ең шегіне жеткен түрі «сүйекті қорлау» екені, оның өзі салт-дәстүр түрінде орныққаны айқын аңғарылады.

Арада тағы да мың жылдай уақыт өткенде мұндай салт-дәстүр Гомердің «Илиада» поэмасында көрініс табады.

Троя соғысының әйгілі батыры Ахиллестің тағдыр-талайына қысқа ғана ғұмыр сүру және мәңгілік данққа бөлену жазылған. Ахиллес Троя соғысында ата жауы Гекторды жекпе-жекте өлтіріп, сүйегін қорлайды. Гекторды тірсегінен тесіп, соғыс күймесіне байлайды да, канды басына шан қаптырып, майдан алаңын айнала сүйретеді. Бұл көрініс ахейліктер үшін кек қайтарудың ең бір айыз кандырар айғағы болса, троялықтар үшін қорлықтың шегі еді. Сондықтан да Гектордың әкесі Приам өзінің патша басымен жалбарынып келіп, Ахиллестің аяғын құшып, мейлінше мол дәулет ұсынып, баласы Гектордың мәйітін алып қайтады (*Гомер. Илиада. XXII-XXIV жырлар*).

Майдан алаңында мерт болған жауынгердің сүйегіне таласу Ұлы Дала көшпелілері үшін де көнеден келе жатқан ең бір киелі дәстүрлердің бірі болған. Мұндай дәстүр қазақ арасында XVIII-XIX ғасырларға дейін сақталып, әсіресе, қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз арасында болған соғыстарда жиі-жиі көрініс тауып отырған.

Кенесары хан әскерінің қырғыздарға қарсы жүргізген соғысын көзімен көрген Нысанбай жырау жекпе-жекте мерт болған қырғыз батырлары Бидердің, Ораздың, Жанқараш би інісінің сүйектеріне таласқан қанқызу айқас сәттерін айрықша бедермен суреттейді.

«Науан бұл жол ағытты
 Ерлігінің тиегін.
 Түсіріп төре кеткенде,
 Кене хан қақты иегін.
 Бұқарбай батыр ап келді
 Ер Бидердің сүйегін.
 Қазақ дулат жиналып,
 Мақалай қылды сүйегін!»

«Сүйекке шапқан ер болар,
 Әркім мұны көрсін, – деп!
 Жауға шапқан батырлар
 Намыстанып өлсін, – деп!»

«Олжа болад баласы
 Ер Бидердің артынан.
 Ораз кірді майданға,
 Озып жүрген халқынан.
 Ол да айтулы ер еді
 Сұнқар құстай талпынған.

.....
 Түсіріп төре кеткенде,
 Шауып барып Ағыбай,
 Көтеріп алды Оразды
 Телқоңыр аттың жалына-ай.
 Қоқилатып қырғызды,
 Бермей кетті тағы да-ай!»

«Қазір оңға қарап тұр
 Наурызбайдың жұмысы.
 Әзір аса біткен жоқ
 Хан Кененің тынысы.
 Қараала атты бір қырғыз,
 Жанқараш бидің інісі,
 Жекелеп кірді майданға,
 Батыр екен мұнысы.

.....
 Қызыл ала қан қылды
 Қызыл судың жиегін.
 Науан бұл жол ағытты

Ерлігінің тиегін.

Жақын жерде қырғыз жоқ,

Өзі алып қалды сүйегін» (Нысанбай жырғау. Кенесары-Наурызбай. – Мына кітапта: Хан Кене. – Алматы, 1993. 43-46-беттер).

«Бокенбайдай батырға
Тәңірім беріп қуатты.
Ертемен жаумен алысып,
Қайратын жұртқа сынағты,
Кіші бесін болғанда
Қызылбастың Шошайын
Бокенбай аттан құлатты.
Шошай ханның әскері,
Сүйегіне шаба алмай,
«Ой, бауырым!» — деп жылапты» (*Батырлар жыры. Көп том-*

дық. Бірінші том. Қобыланды батыр. — Алматы, 1986. 161-бет).

Мұндай деректер қазақ фольклорында, әсіресе, жыр-дастандарында молынан ұшырасады. Сол жыр-дастандарда кездесетін «сүйекке шабу», «сүйекке таласу», «сүйекті алып қалу», «сүйекті қорлау» деп келетін сөз тіркестері жай ғана бейнелілік үшін айтылмаған, ең алдымен, сол заманда орныққан салт-дәстүрлік мазмұнда қолданылғаны назар аударады.

Байырғы да, кейінгі де көшпелілер қоғамында дүние салған адамның сүйегін туған жерге жеткізу дәстүрі ең бір бұлжытпай орындайтын киелі міндеттердің бірі болған. Тіптен жау қолында қалған батырдың сүйегін еліне қайтару үшін, Гомер жырлағандай, өтеуіне мол қазына берген мысалдар да ұшырасады. Мәселен, Абылай хан заманындағы қазақ-қырғыз соғысында жекпе-жекте мерт болған қырғыз батыры Жайылмастың сүйегі саудаға түскен. Бұл жөнінде Шәді төре Жәңгірұлы өзінің «Тарихат» атты дастанында былай дейді:

«Бәйтелі Жайылмасты алып қайтты,
Қырғызға, ұрыстан соң, малға сатты.
Орнына он адамның құнын беріп,
Бәрінен Жайылмастың бағасы артты» (*Шәді төре Жәңгірұлы.*

Тарихат // Абылай хан. Құрастырған С. Дәуіт. — Алматы, 1993. 128-бет).

Қазақ арасында «сүйек қосу» дәстүрі, яғни, қандас туысқандар сүйегін бір жерге жерлеу рәсімі туралы сырт көз жолаушылар қалдырған жазба деректер де мол.

Этнограф И.Г. Георги (1729-1802) мынандай мағлұмат жазып қалдырған: «Жаз кезінде киелі қорымнан ұзап көшкенде марқұм болған адамның мәйітін етінен арылтып, сылып алынған етті ішкүрылысымен бірге жақын маңға көмеді, сонсоң сүйекті өздерінің қалауы бойынша белгілі адамдар қорымына жерлейді» (*И.Г. Георги. Описание всех обитающих в Российском государстве народов и их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповедания и других достопамятностях. — СПб., 1776. 139-бет).*

Ислам діні үстемдік құрған Сыр бойы қазақтарының өмірінен Н.И. Гродеков (1843-1913) мынандай мысал келтіреді: «Жолаушы сапар кезінде қайтыс болса, қысқа қайырым құран оқиды да жерлейді. Кейін туысқандары марқұмның әбден еті ағып кеткен мәйітін тапса, қалған етін пышақпен арылтып, сүйекті жинап қапқа салады. Сонсоң, үйіне алып келіп жуады да, кебінге орап дәстүр бойынша жер-

лейді» (Н.И. Гродеков. *Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт.* — Ташкент, 1889. 1-том. 259-бет).

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты елеулі еңбектер жазған И.А. Кастанье былай дейді: «Ағылшын Паркердің мәлімдеуі бойынша байырғы қазақтар өлген адамның мәйітін үш рет айналып, дауыс қойып жылайтын болған, алайда, өздеріне қол жұмсамаған. Өлген адамның мәйітін отқа жағып, сүйегін жыл уақыты толғанда ғана жерлеген.

Мұнан да гөрі таң қалдыратын салты ретінде мәйітті көрден қайта шығарып, туып-өскен жеріне жерлеу үшін сүйектерін жинап алып кететінін айтуға болады. Байырғы түркі тайпалары мен халықтары өлген адамның сүйегін етінен пышақпен ажырататыны жөнінде жазылған деректер қытай жылнамаларында, арабтарда, Нершахи мен Табариде, сондай-ақ кейбір саяхатшылардың жазбаларында кездеседі. Мұндай деректерді Иностранцев, Веселовский, Бартольд, барон Розен сияқты ғалымдар да атап өткен. Н.П. Остроумов Түркістан үйірмесінің 1906 жылғы Хаттамасының 38-бетіне басылған мақаласында Астраханьнан Хиуаға сапар шеккен Афросимовтың жолай бірнеше қазақтың мәйіт сүйегін етінен арылтып отырғанын көзімен көргенін жазады. Етінен арылтқан сүйектерді әспеттеп қапқа салған. Көзге оғаш көрінетін мұндай істің мән-жайын сұраса, олар өлген адамның Тұманды тау тумасы екенін, осы жерде дүние салып, бөтен қорымға жерленгенін айтады; бұл қазақтар марқұмның туыс-тумалары екен, содан оның сүйегін жинап алып ата-аналарына табыстау үшін арнайы келсе керек. Олардың айтуында өлген адамды ата-аналары, әйел-балалары жоқтай алмай отыр екен, салт-дәстүр бойынша жоқтау айтылып, сонан соң ғана ауыл маңындағы қорымға жерленетін көрінеді. Марқұмның сүйегі буын-буыны бойынша қатталып, барлық мүшесі толық жиналуға тиіс. Қазақтардың қалыптасқан салты немесе заңдары бойынша қайтыс болған адамды жат жерге жерлеуге болмайды, мәйітті туған жеріне алып келу керек» (И.А. Кастанье. *Надгробные сооружения киргизских степей.* — Оренбург, 1911. 95-96-беттер; Н.И. Веселовский. *Об обычае отделения у покойников мяса от костей.* ЗВО, т. XIII. *В степях русской Азии. Рассказ Афросимова.* — СПб., 1872. 26-27-беттер; В.В. Бартольд. *Сочинения. IV том.* — Москва, 1966. 159-бет).

Әйгілі «Манас» жырында жүз тоқсан тоғыз жасаған Көкетай хан өлерінде ел-жұртымен арыздасып-қоштасып, мынандай өсиет сөз айтады:

«Менің көзім өткен соң,
Қылышпенен қырдырып,
Қымызбенен жудырып,
Шарайнамен шаптатып,
Былғарымен қаптатып,
Ақ қазаным жастатып,
Қара мақпал бүктетіп,
Қара нарға жүктетіп,
Астыңғы жолдың үстіне,
Үстіңгі жолдың астына

Айға баққан ақ сарай,
 Ақ сарайлап қоя көр.
 Күнге баққан көк сарай,
 Көк сарайлап қоя көр» (Ә. Марғұлан. Шоқан және «Манас».

— Алматы, 1971. 47-бет).

Өлген адамның сүйегінен етін арылту дәстүрі қазақтың ертегі-аңыздарында да көрініс тапқан. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында өнімді еңбек еткен семейлік өлкетанушы Андрей Николаевич Белослюдов ел аузынан жазып алған «Қыдыр туралы» дейтін аңыз былай басталады: «Бір кісі дүниеден өтер алдында баласын шақырып алып, былай депті: «Осы ғұмырымда қырық адамды жерлеп едім, ендігі кезек маған да келген сияқты. Мен өлген соң, сүйегімнен етімді арылт, сон-соң сүйегімді күннің батысындағы қырық әулиеге жеткіз; олар сені жолықтырған соң, сүйегімді қабыл алып, арулап жерлейтін болады»» (А.Н. Белослюдов. Сказания и сказки казахов // Труды Семипалатинских краеведов конца ХІХ — начала ХХ вв. Мына кітапта: Қазақ этнографиясының кітапханасы, 45-том. Бас редакторы Е.М. Арын, жауапты редакторы Ж.О. Артықбаев. — Павлодар, 2006. 17-бет).

Ой сабақтау үшін осы мысалдар жеткілікті.

Өлік жөнелтуге қатысты салт-дәстүр рухани мәдениеттің ең бір тұрақты қыртыстарының бірі екені аян. Бұл ретте, қазақ арасында ХХІ ғасырға дейін сақталған сағана там соғу, «сүйек қосу» дәстүрі байырғы замандардан бастау алатыны ден қойдырады. Алдымен Қазақ даласындағы сағана тамдардың құрылыс бітімі және өлікті жерлеу (сүйек қосу) рәсімі зороастрлік дәстүрге мейлінше ұқсас екенін атап өткен жөн. «Авеста» кітаптарының бірі «Видевдатта» өлік жөнелтудің жай-жапсарын Ахура Мазда былай түсіндіреді: «Әрбір үй, әрбір ұрпақ өлген адам үшін үш қата салатын болсын (қата — мәйітті орналастыратын орын — А. С.). Оның біріншісі — еркектерге, екіншісі — әйелдерге, үшіншісі — балаларға арналады... Жансыз дене екі түн, үш түн, бір ай, қажет болса құстар қайтып оралғанша, жер төсі дегдігенше сақталады. Сонсоң ғана марқұмның сүйегін қабырғадан өткізіп, дахмаға орналастырған абзал» (дахма — мәйітті емес, сүйекті сақтайтын орын — А. С.). (Авеста. Видевдат. V-VIII фрагмент-бөлік; Аударма мына кітаптан алынды: М.Б. Мейтарчиян. Погребальный обряд зороастрийцев. — Москва. Институт востоковедения РАН, 1999).

Уақыт жағынан да, мекен жағынан да айтарлықтай шалғайда қалыптасып, хатқа түскен осы деректің Қазақ даласында күні бүгінге дейін сақталған сағана тамдармен сәйкес келуі және өлік жөнелту рәсімінің ұқсастығы еріксіз таң қалдырады.

Зороастрлік-пехлевилік әдебиеттердің бірі «Дадестан-и Дениг» кітабында өлген адамның сүйегін сақтайтын ыдысты «астодан» деп атайтыны айтылады. Аст — сүйек, дана — ыдыс деген мағынада. Ал, «Парсы Риваятында» астодан мен оссуарий бір мағынада қолданылады. «Оссуарий» сөзі кейінгі латын тілінде ос — ру, оссис — сүйек деген мағына береді. «Парсы Риваятына» түсініктеме беруші Б.Н. Дхабхар былай дейді: «Сонан соң Техмураздың мәйіті жатқан жерге Жамшид келіп, мәйітті жуды және оған астодан жасады. Сол кезден бастап астодан пайда бола бастады» (М.Б. Мейтарчиян. Көрсетілген еңбек).

«Авестаның» кейіннен қосылған бөлігі «Видевдатта» өлікті жөнелтудің үш түрі аталған: мәйітті жер бетіне қойып өртеу, мәйітті көрге көму және мәйіттің етінен тазартылған сүйегін жерлеу. Өлік жөнелтуге қатысты мұндай салттың Иран мен

Орта Азияда, сондай-ақ Үндістанда кеңінен тарағаны археологиялық және этнографиялық айғақтармен дәлелденген. Иран мен Орта Азияда исламдық ықпалдың VIII ғасырдан бастап бел алуына байланысты зороастрлік наным-сенімді ұстанушылардың бір бөлігі (парсылар) Үндістанға қоныс аударып, олар бертін келгенше өлік жөнелту рәсімінде мәйітті сүйегінен арылту дәстүрін сақтаған. Ондай дәстүр бойынша «Тылсым мұнара» («Башня молчания») деп аталатын тастан соғылған құрылыстың ұшар басы үшке бөлініп, оның бірінші бөлігіне ерлердің, екінші бөлігіне әйелдердің, үшінші бөлігіне балалардың мәйіті қойылатын болған. Арнайы үйретілген қарақұстар мәйіт сүйегін етінен арылтып отырған (З.А. Рогозина. *История Мидии*. — СПб., 1903. 143-147-беттер; Е.А. Дорошенко. *Зороастрийцы в Иране*. — Москва, 1982. 52-61-беттер).

Орта Азияда ислам діні орныққанға дейін жеке жанұяға арналған бір бөлмелі және тұтас әулет-атаға арналған көп бөлмелі сағана (мақбара) соғу дәстүрі кең орын алған. Мұндай сағаналардың бір бөлмелісіне 5-10 адамның, ал көп бөлмелісіне 50-ден астам адамның сүйектері сақталған. Пенджикент, Міздақана сияқты қалалардың маңынан ашылған сағана там үлгілері өзінің құрылыс бітімі бойынша зороастрлік сағана «катаға» ұқсас екені айқындалған. Кейбір сағаналарда етінен арылтқан сүйектер арнайы жасалған оссуарилерге салынып сақталған. Сағана тамдардың қабырғасына, оссуарилердің бүйіріне өлік жөнелту рәсімдері бейнеленетін болған. Мәселен, Термез қаласының маңындағы Қара-тепе сағанасының қабырғасына мәйіт сүйегін етінен арылту сәті бейнеленсе, Ташкент мұражайында сақтаулы тұрған оссуарии бүйірінде Авестада айтылатын о дүниелік қыркөпір (Чинбат) бейнеленген. Тіптен, кейбір оссуарилердің бүйіріне марқұмның аты-жөні мен өлген уақыты жазылатын болған (Д. Абдоллов. *Пережитки зороастризма в среднеазиатском мусульманском погребальном обряде*. — Кусткамера. *Этнографические тетради*. 10-шығарылым. — Санкт-Петербург, 1996. 69-80-беттер). Жаңаша жыл санауға дейінгі I мың жылдық пен жаңаша жыл санаудың VII-IX ғасырлары аясында жасалған оссуарийлер Хорезмнен, Ферғана аймағынан, Тараз қаласының түбінен, Шығыс Түркістаннан археологиялық қазба жұмыстары кезінде ұшырасқан. А.Н. Бернштамның ой-тұжырымы бойынша өлік жөнелтудің мұндай үлгісі сол кезде үстемдік құрған Түркі Қағанатының тәңіршілдік дініне тән рәсім болған (Ю.А. Рапопорт. *Из истории религии древнего Хорезма*. — Москва, 1971; А.Н. Бернштам. *Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана*. 1 том. — Бишкек, 1997. 477-488-беттер).

Оссуарийлер әдетте көзеден, алебастрдан немесе тастан жасалған. Жақсы күйдірілген көзе оссуарийлердің бітімі көбінесе киіз үй үлгісіндегі ыдысқа ұқсас болған. Бұған Италия, Иран, Палестина, Үнді және Орта Азия аймақтарынан табылған оссуарийлердің ортақ үлгідегі бітімдері айғақ бола алады. Айрықша назар аударарлық дерек — бақилық болған адамның сүйегі салынған оссуарийлер арнайы соғылған әулеттік бейіт ішіне қойылатын болған. Ондай бейіттер орта парсы тілінде «дахма» (оссуарий мағынасында) деп аталған (И.В. Рак. *Мифы древнего и ранне-средневекового Ирана*. — Санкт-Петербург, 1998. 276-бет).

Италия тарихында жаңаша жыл санауға дейінгі I мыңжылдықта Токсана аймағын белгісіз басқыншылардың жаулап алғаны, олардың темір қорытуды меңгергені айтылады. Бұл кезден жеткен айғақтарды Вилланов мәдениеті деп атайды (Болонья түбіндегі

Вилланов елді мекеніне байланысты атау). Вилланов мәдениетінің айғағы бойынша өлген адамның мәйіті өртеліп, күлі мен сүйегі арнайы жасалған көзе ыдысқа салына-тын болған. Қос тұтқалы қақпағы бар мұндай ыдыстар байырғы виллановтықтар пайдаланатын киіз үйге мейлінше ұқсас. Мұндай киіз үйді байырғы малшы виллановтықтар жаппай тұтынған (*Раймон Блок. Этруски. — Москва, 2004. 75-бет*).

Осы орайда, түркі ғалымы Адиля Айданың соңғы жылдары француз тілінде жарық көрген этруск тілі туралы зерттеу еңбектері назар аударады. Римдік өркениетке іргетас болған этрускілердің тілі түркі тілімен тектес екендігі Адиля Айданың еңбегінде бұлтартпас дәлелдермен тұжырымдалған және ол тұжырымдары еуропалық ғылыми ортада мойындалған (*М.З. Закиев. Происхождение тюрков и татар. — Москва, 2003. 117-124-беттер*).

Әрине бұл жерде түп түркілік өркениеттің алыс-жақын ел-жұрттармен ықпалдас-тығы жөніндегі тақырыптың өрісі бөлек. Бұл — өз алдына оқшау, түйіні шиіе, аса күрделі тақырып.

Алайда, бізге ден қойдыратыны, қазақ халқының өмірінде ХХІ ғасырға дейін сақтал-ған «сүйек қосу» салтының уақыт жағынан үш-төрт мың жылдық мерзіммен ұштасып, кеңістік жағынан еуразиялық алаппен тегіс дерлік сабақтасып жатқандығы болып отыр.

Сөз жоқ, кез келген әлеуметтік ортада қалыптасқан белгілі бір салт-дәстүрдің өзіндік идеясы болады. Ру-тайпалық жүйені негіз еткен көшпелілер қоғамында орныққан байырғы наным-сенім бойынша және сол наным-сеніммен сабақтасқан салт-дәстүр бойынша адам сүйегінің киелі сипаты бар.

Біріншіден, бақилық болған адам сүйегі өзінің кіндік қаны тамған, туған жеріне бұйыруы керек. Өйткені, Көк Тәңірінен кейінгі құдірет — Жер-Ана. Адам өлімі өкініш, қайғы әкелсе, сол адам сүйегінің туған жерге бұйырмауы өлімнен де ауыр күнә.

Қазақ арасында бағзыдан қалыптасқан мойынға тұмар тағу, ол тұмар ішіне ту-ған жердің топырағын түйю дәстүрі де атамекеннен сүйекті ажыратпауды мұрат тұту-дың белгісі болса керек. Байырғы түркі тіліндегі «тоғма + иер» (туған+жер) сөздерінің қосылуынан «тұмар» сөзінің пайда болуы әбден мүмкін. «Туған жердің топырағы бұйырсын», «Тәңірім туған жердің топырағынан ажырата көрмесін» деп келетін бата-тілектер қазақ арасында күні бүгінге дейін айтылады. Яғни, ру-тайпалық жүйені тірек еткен көшпелілер үшін туып-өскен жер, К. Маркс айтқандай «еңбек құралы», күнкөріс көзі ғана емес, ең алдымен, мәңгілікпен табыстырар киелі дәнекер.

Екіншіден, көшпелі өмір-салт деген — тек қана ұжымдасу, мүдде-мұрат біріктіру арқылы мүмкін болатын әлеуметтік құбылыс. Ал, көшпелі өмір-салт жағдайында ұжымдасу, мүдде-мұрат біріктіру арқылы қалыптасатын өмір-салт өзінен-өзі ру-тай-палық жүйені дүниеге келтіреді. Себебі, ұжымдасу (қауымдасу) үшін алдымен етжа-қын туыстар, одан әрі көрші-қоландар бір мақсат жолында бас біріктірулері керек. Яғни, қауымдасудан бастау алатын ру-тайпалық жүйе — көшпелілер үшін бақытты өмір сүрудің алғышарты. Бұл ретте де, байырғы наным-сенім бойынша қандас-туыс болу, одан әрі ауылдас-қауымдас болу тек қана тұрмыс-тіршілік қажеттілігінің айғағы емес, ең бастысы, Тәңірдің қалауына сай киелі (сакральная) жаралым. Демек, бақи-лық болған адамның сүйегі өз әулетінің, өз руластарының сүйегіне қосылмаса, оның рухы о дүниеде де мәңгілік жетімсіреп өтеді және арттағы әулет-руластарын айықпас өкініш пен ұятқа қалдырады. Былайша айтқанда «сүйекке таңба» болады.

Қазақ тіліндегі «сүйек болу», «сүйек жаңғырту», «сүйек тамыр болу» деп келетін тұрақты тіркестердің, сондай-ақ «Тірі болсақ бір төбеден, өлсек бір шұңқырдан табылайық» деп айтылатын мәтел сөздің астарында туыстасудың, яғни, ұжымдасып тіршілік құрудың киелі үрдіс екенін де білдіретін мағына бар. Қазақ халқының жадында байырғы таным-түсініктің жаңғырығындай болып мәтел сөз сақталған: «Ата – сүйегін, әке – қанын, Тәңірі – жанын береді» дейді (*Д. Байқадамова. Жиен. – «Ана тілі» газеті, 2006. № 10.*)

Дәстүрлі қазақ қоғамында ру-тайпалық жаралымды кие тұту, сол ру-тайпалық жүйенің бастау негізі (ядрасы) болып табылатын әулеттестер мен аталастардың сүйегін ажыратпау, ол үшін сағана там соғу, о дүниелік болған ағайынның сүйегін қосу – ертеден қалыптасқан наным-сенімнің көрінісі. Осы тұста, байырғы наным-сенім астарындағы нақтылы өмір мұқтаждығын да аңғару қиын емес. Адам «бақида» бірге болу үшін, алдымен «фәниде» бірге болуы, яғни, «фәниде» қандас-туыс, аталас-рулас болуы шарт. Бұл дегеніңіз, наным-сенімге тұғыр болған идеяның тіршілік мұқтажынан бастау алып жатқанын пайымдатады. Сондықтан да сағана тамға кездейсоқ адамдардың сүйегі қойылмайды, міндетті түрде тіршілікте қандас-туыстас, аталас-рулас болған адамдардың сүйектері қосылады. Демек, көшпелілер қоғамында ұжымдық өмір-салтқа, яғни, әулеттес, аталас, рулас болып тіршілік құруға, қоғамдық өмірдің бірден-бір қажеттілігі ретінде, әу бастан-ақ киелі сипат дарытып қарайтын таным-түсінік қалыптасқан деген сөз. Әрбір рудың ұранының, таңбасының және киесінің міндетті түрде болуының да бір себебі осында. Қазақ арасында әулет-ата мен ру-тайпаны ұлықтау, кие тұту сезімі күні бүгінге дейін сақталған.

Ұжымдық өмір-салтты тіршіліктің тірегіне балау, әулет-аталық, ру-тайпалық жаралымды кие тұту, сондықтан да аруақтар рухының о дүниеде де бірге болуы үшін «сүйек қосу» салтын сақтау, міне, осының бәрі де, сайып келгенде, өмір-тіршіліктің ретті болуына шапағатын тигізетін рәсімдер. Мұндай рәсімдер, ең алдымен, аруақты сыйлау сезімі арқылы ұрпақаралық таным-тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Ал, таным-тәжірибе сабақтастығы, яғни, ілгерідегі буынның өмірлік тәжірибесі кейінгі буынға үлгі-өнеге болуы, өз кезегінде өмір-тіршіліктің ұдайы шыңдалуын, өмірлік тәжірибенің ұдайы молайып (қорланып) отыруын қамтамасыз етеді. Мұның өзі, түптеп келгенде, этносты ұйыстыратын, сөйтіп, этномәдениеттің біртектестігін қамтамасыз ететін тегеурінді тетіктердің де бірі болып табылады. Салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, жол-жораның, жөн-жобаның осы сияқты себеп-салдарлық мәнін терең сезінген қазақ халқы өзінің өмірлік тәжірибесін «Өліге деген құрмет тірілер үшін», «Өлі риза болмай тірі көгермейді» деп келетін даналықпен түйіндеген. Ал, «сүйек қосу» салты болса, көнеден қалыптасқан таным-түсінік бойынша өліге көрсетілер ең киелі құрметтің бірі болған.

10. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы

Сөз орамы айқын, ой жүйесі ұғынықты болу үшін тақырыпқа тікелей қатысы бар тірек сөздерді (тезаурус) бажайлап алу қажет. Кез келген танымдық-теориялық жүйенің жөні солай. Оның үстіне, қазақ этнологиясына қатысты, әсіресе, қазақ

халқының ішкі этноқұрылымына қатысты атаулар мен ұғымдардың мән-мағынасы әлі де болса түбегейлі саралана қоймағанын ескерсек, ұғымдық-терминологиялық аппарат туралы пәтуалы пікір-тұжырымның қажеттілігі айқындала түседі.

Алдымен, «қазақ этноқұрылымы» деген сөз орамы, белгілі дәрежеде, шартты екенін қаперде ұстаған абзал. Себебі, қазақ халқы біртұтас этноәлеуметтік жаралым (организм) болғандықтан, оның ішкі құрылымын айғақтайтын ру-тайпаларда, ең алдымен, этноәлеуметтік және әкімшілік-аумақтық бөліктер ретінде зерделенуге тиіс. Демек, «қазақ этноқұрылымы» деген сөз орамының мазмұнында ру-тайпалардың құрылымдық жүйесінде қандас-туыстастықтан да бұрын бағдар берушілік сипаттың басым екені қаперде болуға тиіс.

Қазақ халқының сөздік қорында этноқұрылымдық мәнде қолданылатын атау-ұғымдар мейлінше мол және олардың мән-мағынасын анықтау барысында тарихи-этнологиялық таным-түсініктің де аясы анағұрлым кеңейе түсетіні аян. Алайда, біздің мақсатымыз қазақ халқының этноқұрылымына қатысты атау-ұғымдардың баршасын тарихи-этимологиялық және лингвистикалық тұрғыда талдау емес. Біздің мақсатымыз қазақ халқының тарих сахнасына шыққаннан кейінгі этноқұрылымдық жүйесін сатылы-иерархиялық қалпында айғақтайтын негізгі атау-ұғымдарды ғана оқшаулап алып, олардың ұғымдық деңгейлеріне назар аудару, одан әрі сол атау-ұғымдар арқылы қазақ халқының этноқұрылымын саралап көрсетіп беру.

Осы орайда, қазақ халқының этноқұрылымын сатылы-иерархиялық қалпында айғақтайтын тірек сөздер ретінде мынандай атау-ұғымдарға, алдымен, назар аудару қажет: **жеке адам, жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз, халық**. Рас, бұл атау-ұғымдарға балама боларлық синонимдік мәндегі сөздер қазақ тілінде баршылық. Ондай сөздерді фольклорлық мұралардан, жазба жәдігерліктерден молынан ұшырастыруға болады. Мәселен, «адам» сөзіне — кісі, пенде, жан, «жанұя» сөзіне — отбасы, үй-іші, шаңырақ, «әулет» сөзіне — өркен, топ, сой, қауым, «ата» сөзіне — тұқым, ұрық, зәузат, аба, қабыз, тақта, көк, тамыр, тармақ, бұтақ, сүйек, буын, «ру» сөзіне — бой, жете, тармақ, үрім-бұтақ, бұтақ, бау, сүйек, ата, «тайпа» сөзіне — арыс, тек, түбір, сүйек, ата, «халық» сөзіне — ел, жұрт, ұлыс, нәсіл, т.б. деп келетін сөздердің балама ретінде қолданылатынын байқауға болады. Ауызекі сөзде «ата», «тармақ», «бұтақ», «сүйек» сияқты атау-ұғымдар атаға да, руға да, тайпаға да қатысты айтыла береді. Мәселен, «Қай атаның баласысың?», «Ұлы жүздің қай тармағы боласың?», «Сүйегің қай ел?», «Жеті ата — жетіру», «Алты ата — әлім», «Арғын ата баласы», т.б. деген сияқты. Сондай-ақ, жүздік айырымдарға қатысты балама сөздердің де молдығы назар аударарды: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз; Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс; Үлкен ата, Ортаншы ата, Кіші ата; Ақсақал, Байсақал, Жансақал; Қара Келімбет, Сары Келімбет, Ақ Келімбет (*Құрбанғали Халид*); Байшора, Жаншора, Қарашора (*Диқанбай шежіреші, Н.А. Аристов*); Ақбай, Жанбай, Бекбай; Үйсін, Арғын, Алшын, т.б. Сөз орайында, Орта жүз бен Кіші жүзге қатысты «Бекарыс», «Жанарыс» атауларының ауыс-түйіс қолданылатынын айта кету қажет. Біз байқаған шежірелердің басым көпшілігінде Бекарыс деп Орта жүзді, Жанарыс деп Кіші жүзді атайды.

Қысқасы, осы сияқты атау-ұғымдар қаншалықты мол болғанымен, қазақ халқының ел болып, ұлт болып қалыптасуына байланысты ішкі этноқұрылымы жүйе-

леніп, олардың сатылы-иерархиялық мәртебелері де айқындалып, осымен орайлас этнокұрылымдық атау-ұғымдардың да нақтылана түскені байқалады. Осы тұста, айрықша атап көрсетуді қажет ететін мәселе — қазақ халқының этнокұрылымына қатысты атау-ұғымдардың, әсте, этникалық даралықты немесе этникалық оқшаулықты білдірмейтіндігі. Яғни, қазақ халқының этнокұрылымдық атаулары этнографиялық та, әлеуметтік те, діни де, нәсілдік те, тілдік те айырмашылықты білдірмейді. Ондай айырмашылықтың болуы да мүмкін емес. Өйткені, қазақ халқы біртұтас этноәлеуметтік жаралым. «Оралдан Зайсанға дейін қазақтардың тұрмыс-тіршіліктері бірдей, тілдері де бірдей, көшпелі өмірлері мен жерді пайдалануы да, шаруашылығы да біркелкі» (А.И. Левшин). «Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз біртұтас халық» (Ш. Уәлиханов). Бұлай болуы қазақ халқының артықшылығы да, кемшілігі де емес. Бұл — экожүйеге бейімделген көшпелі өмір-салтқа байланысты және сол көшпелі өмір-салтты шыңдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық, құқықтық киелі ұстанымдарға байланысты қалыптасқан тарихи құбылыс.

Демек, қазақ халқының этнокұрылымдық атау-ұғымдарын, әсіресе, толып жатқан ру-тайпаларды субэтностық деңгейде қарастыруға әсте болмайды. Субэтнос деп өзіндік шаруашылық-мәдени, тілдік, этнографиялық, әкімшілік-аумақтық, кейде нәсілдік ерекшеліктерімен дараланатын этножаралымды айтатын үрдіс орныққан (Ю.В. Бромлей. *Очерки теории этноса*. — Москва, 1983. 83-84-беттер). Бұл ретте, қазақ халқының ішкі құрылымындағы жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз деп келетін айырым-атауларды этникалық дара немесе оқшау бөліктер тұрғысында емес, этнокұрылымдық бағдар (ориентация) тұрғысында бағамдаған жөн. Яғни, бейнелеп айтар болсақ, әке — бала — немере — шөбере — шөпшек арасында этникалық дара немесе оқшау айырымының болмайтыны сияқты, жүз — тайпа — ру — ата — әулет — жанұя арасында да этникалық дара немесе оқшау айырмашылықтың болуы мүмкін емес.

Сонымен, қазақ халқының тарихи қалыптасқан өмір-салтымен тікелей шендесіп жатқан этнокұрылымы: жеке адам — жанұя — әулет — ата — ру — тайпа — жүз — халық деп келетін сатылы атау-ұғымдармен айғақталатыны және негізінен осы атау-ұғымдардың халық жадына орныққаны, алдымен ден қойдырады.

Әрбір жеке адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге белгілі бір этностың да мүшесі және сол этностың әрі қарай бөлшектенбейтін ең төменгі құрылымдық шегі болып табылады. Яғни, әрбір жеке адам этникалық ілкі жаралым деген сөз. Сонымен бірге, әрбір жеке адам өзінің тал бойына этникалық қасиеттерді қалыптастырып, этностың төл болмысына қатысты мағлұматтарды жадына тоқу арқылы жетілетіні де аян. Мұндай адамды этноайғақшы немесе этнофора деп атайтын да үрдіс бар (Э.К. Васильева, В.В. Пименов, Л.С. Христолюбов. *Современные этнокультурные процессы в Удмуртии: Программа и обследования*. — Советская этнография, 1970. № 2, 57-бет).

Рас, жеке адам болмысы этноқасиетке қаншалықты қанық болғанымен, жалғыз өзі ешқашан ұрпақаралық сабақтастыққа себепші бола алмайды. Ал, ұрпақаралық сабақтастықтың болуы этножаралымның ең басты шарты. Әрбір адам ұрпақаралық сабақтастыққа себепші болу үшін міндетті түрде басқа жынысты екінші бір

адаммен бас құрауы керек және балалы-шағалы болуы шарт. Ерлі-зайыптылар балалы-шағалы болған соң этноәлеуметтік микробірлік ретінде қоғамдық бастауыш ұйымға (ячейка) айналады. Мұны «жанұя» деп атау үрдісі орныққан. Сөз орайында, «жанұя» сөзін терминдік өреде қолданудың қисынына қатысты кейбір уәждерге тоқтала кеткен жөн. Қазақ тіліндегі «отбасы», «шаңырақ», «үй-іші», «үйелмен», «жанұя» деген сөздер өзара синонимдік мәнде де қолданылады және сол қалпында бір үйдің адамдарын, яғни, ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағаларын айғақтайтын жиынтық атау тұрғысында мәлім. Әрине, бұл сөздердің біреуіне ғана басымдық сипат беріп, оны терминдік өреде қолдану қажет. Ол үшін әлгі аталған синоним сөздердің мән-мағынасына жеке-жеке ден қойып көрген абзал.

«Отбасы» сөзінің қолданым аясы: 1. От жағатын орын, жерошақтың, қазандықтың, ошақтың басы. Мысалы: «Отбасы, ошақ қасында отырып қалдыңыз ғой, төрге шықсаңызшы!» 2. Ауыспалы мағынада: ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары. Мысалы: «Отбасын асырап-сақтау ерлі-зайыптылардың киелі міндеті».

«Шаңырақ» сөзінің қолданым аясы: 1. Киіз үйдің уықтарын жоғарғы жағынан біріктіріп ұстап тұратын ағаш шеңбер. Мысалы: «Мынау қайыңнан иілген балғын шаңырақ екен». 2. Туып-өскен үй, тұрғын үй. Мысалы: «Біздің шаңыраққа да бас сұғып, дәм ауыз тиіп шығыңыздар». 3. Отан, туған жер, атамекен, туған ел. Ақын Ғ.Қайырбеков:

«Самалда самғап, жамырап,
Шабындар, кәне бағландар.
Ақ бесік, алтын шаңырақ,
Өзінде жүрсек не арман бар»;

4. Ауыспалы мағынада ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары. Мысалы: «Шаңырағымызда үш адам ғана бар — мен, жұбайым және Құдай берген жалғыз ұл».

«Үй іші» сөзінің қолданым аясы: 1. Тұрғын үйдің ішкі бітімі, ішкі көрінісі. Мысалы: «Үй ішінің бөлмелері кең, ондағы дүние-мүлік көздің жауын алғандай». 2. Ауыспалы мағынада ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары. Мысалы: «Соғыс басталғанда біздің үй ішімізден үш еркек бірдей майданға аттанып кетті».

«Үйелмен» сөзінің қолданым аясы: 1. Сомаладай, дәу, үлкен. І. Жасүгіровтен мысал: «Үйелмендей үлкен сары бәйбіше үйінің бір жағында жастыққа жантайып жатыр екен». 2. Бір қауым, топты жұрт, қалың ел. Т. Ахтановтан мысал: «Бір басының мансабы үшін үйелменді жұртты арандатып алғаны ғой мынау». М. Әуезовтен мысал: «Ауылың ғана емес, үйелменді елің бар». 3. Түгелімен, тұтасымен. М. Әуезовтен мысал: «Үйелменіңмен, үйіңмен жаусың». 4. Ауыспалы мағынада ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары. Мысалы: «Үйелменімде бас көтерер жалғыз мен ғана».

«Жанұя» сөзінің қолданым аясы: 1. Ауыспалы мағынада ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары. Мысалы: «Омар жанұясымен Астанаға көшіп келді».

Енді осы «отбасы», «шаңырақ», «үй-іші», «үйелмен», «жанұя» сөздерінің ішінде терминдік өреге «жанұя» сөзінің лайықтырақ болуының себебіне тоқталу қажет.

Біріншіден, қалыптасқан ғылыми талғам-талап бойынша терминдер көп мағыналы сөздерден жасалмау керек. Бұл — басы ашық ұстаным. Осы орайда, қазақ

тілінің қазіргі қолданымдағы «жанұя» сөзінен басқа «отбасы», «шаңырақ», «үй-іші», «үйелмен» сөздерінің қай-қайсысының да қосалқы мағынасының бар екені атап көрсетілді.

Екіншіден, кез келген тілдің табиғатына жанғыра-толығып отыру тән. Бұл — жалпы дамуға ілесе алатын қабілеті бар, өмірлік үдерістерді бейнелеуге қауқары жететін тілдердің өміршең қасиеті. Шүкір, мұндай қасиет-қарымнан қазақ тілі де құралақан емес. Мұның мысалдары мың-сан. Соның жарқын айғағы халықтың сөзжасам табиғаты дүниеге келтірген «жанұя» сөзі. Мән-мағыналық дәлдік тұрғысынан келгенде «отбасы», «шаңырақ», «үй-іші», «үйелмен» сөздері қосалқы және бейнелі мағынада қолданылғандықтан, олардың терминдік қауқары әлсіз. Яғни, «жанұя» сөзімен өрелесе алмайды. Өйткені «жанұя» сөзіне тірек болып тұрған «жан» сөзі «адам» деген де мағына береді. Ал, жанұяның өзі адамдар бірлестігі екені аян.

Үшіншіден, орыс тіліндегі «семья» сөзінің төркіні «ұрық», «шәует», «дән», «тұқым» сөздеріне қатысты екені еске түседі. Яғни, «семья» сөзінің жасалымындағы мән-мағыналық дәлдік назар аударады. Бұл ретте, «жан» сөзінің «адам» деген де мағына беретінін ескерсек, «жанұя» сөзінің терминдік әлеуетін мейлінше күшейтіп тұрғанына күмән болмауға тиіс (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 1978, 3-том. 610-625-беттер; 1986, 9-том. 528-бет; 1986, 10-том. 137-бет; І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы, 1977. 422, 558-559-беттер*).

Қазақтың әрбір жанұясын қазақ этноқұрылымының алғашқы сатысы деуге болады.

Қазақ этноқұрылымының жанұядан гөрі іріленген сатысын әулет деп атайды. «Әулет» сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Бір атаға жататын үрім-бұтақ, тұқым, зәузат» деген анықтама берілген (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. — Алматы, 1977. 651-бет*). Яғни, бір атадан тараған ұрпақ қана әулет болып құрала алады. Уақыт өте келе бір атадан тараған ұрпақ өсіп-өніп, бірнеше әулетке ұласуы да мүмкін. А. Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында: «Мұхиттың әулеттері, мінекей, жүз жылдан астам уақыт бойы бәрі де музыка өнерін қуып келеді», — дейді. Яғни, ғасырдан астам уақыт аясында Мұхиттың ұрпағынан бірнеше әулет құралған. Қазақтың дәстүрлі өмір-салтында әрбір өсіп-өнген әулет өз алдына бір-бір ауыл болып отырған. Әулеттестер, әдетте, өзара қыз алыспайды.

Қазақ халқының этноқұрылымына қатысты орныққан атаулар ішінде «ата» сөзі әулеттен гөрі ірілеу сатыны білдіреді. Бұл — өмір-тіршілік заңымен үндес үрдіс. Ұрпақ сабақтастығы ұзарып, түпкі атадан өрбіген үрім-бұтақтың арасы бірнеше буынға ұласады. Алайда, ұрпақ қаншалықты өсіп-өнсе де өзінің этнотегін, әсіресе, түпкі атасын ұмытпайды. Сөйтіп, бірнеше ауыл құрайтын жеті атаға дейінгі әулеттер жиынтығы аталастар ретінде айғақталады. Аралары жеті атаға толған аталастар өзара қыз алысып, қыз беріскенімен, өмірдің бір қуаныш, бір өкініш сәттерінде бір-біріне қарайлас болып отырады. Ал, дәстүрлі өмір-салтта болып тұратын жұт, індет, жаугершілік сияқты нәубеттер салдарынан селдіреген аталастар, әдетте түпкі ата-тегін тірек ете отырып, өзара қайтадан кіріге түсетін болған. «Аздың атасы бір» деген мәтел сөздің мәнісі осында.

Қазақ атадан (аталастардан) гөрі іріленген этноқұрылымдық сатыны ру деп атайды. Руларды өзара іргелі (аталық), кіші және сіңісті рулар деп, айырып атайтын

дәстүр бар. Бұл жөнінде осы тараушада кейінірек кеңдеу сөз болады. Қазақтың дәстүрлі қоғамында, әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейінгі кезеңде өсіп-өнген ру аясындағы аталастардың арасы жеті атаға толған соң, сол аталастар өзара енші бөліп, ұран таңбаларын айғақтап, оңаша ру құрайтын дәстүр болған (*«Енші институты» тараушасын қараңыз*).

Осы орайда, ағайын арасы жеті атаға толған соң енші алып, жеке ру болып шығатын үрдіс Қазақ хандығы құрылған соң дүниеге келген әрбір жетінші ұрпақтан кейін ғана мүмкін болған екен ғой деген ұғым тумаса керек. Яғни, белгілі бір аталастардың енші бөлісіп, жеке ру болып бөлініп шығуына Қазақ хандығының құрылған кезеңі меже болмаған, ең алдымен, ағайын арасының жеті атаға толуы негізгі меже болған. Солай бола тұра, жеті атаға дейін қыз алыспау, жеті атаға толған соң енші бөлісу, сөйтіп жеке ру болып бөлініп шығу сияқты дәстүрлер Қазақ хандығы құрылған соң айрықша мән-мазмұнға ие болған. Мұның тарихи-этнографиялық айғақтары мейлінше мол (*«Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» жырларын еске алуға болады*).

Өкініштісі, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап сыртқы өктем күш (Ресей империясы) жүргізген саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты қазақ қоғамы өзінің ру-тайпалық құрылымынан бастап, этноаумақтық байланыстарына дейін, билік жүйесінен бастап, қоғамдық қатынастарына дейін елеулі өзгерістерді бастан кешуге мәжбүр болды. Бұл ретте, сыртқы күштің зорлығымен жүргізілген әкімшілік және сот реформалары (1822, 1867-1868, 1886-1891) қазақ қоғамын табиғи даму жолынан тайдырып, әсіресе, этноәлеуметтік институттарын күйретіп жіберді. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың этноқұрылымдық жүйесінде еншісі бөлек рулы ел болып бөлініп шығатын дәстүр мүлде тоқтады. Яғни, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың ру-тайпалық жүйесі өзгермейтін, өз ішінен жаңа ру туындатпайтын, статтық сипат ала бастады деуге болады (*грекше «статос» сөзі «қозғалмайтын», «өзгермейтін» деген мағына береді*). Мұнан кейін қазақ қоғамы сыртқы өктем күш белгілеген саяси-әлеуметтік және әкімшілік-аумақтық жаңа жүйеге мойын ұсынып, тіршілігін жалғастыруға мәжбүр болды. Қазақ ойшылы Қошке Кемеңгерұлының: «Приказ ашылғанда-ақ үлкен рулар таралып, ру арасына жік түсті. Сол жік 1868 жылғы «Уақытша Положениеден» кейін мүлде алшак кетті. Бұл «Положение» бойынша болыстық қоғам жер ыңғайына қарай кетіп, кейбір болыстықтар сиырдың бүйрегіндей әр рудан құралып, әр рулар тозғындап кетті», — деген пікірі өмір шындығының баяны (*Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1996. 53-бет*).

Сыртқы өктем күштің ықпалынан кейін қазақ этноқұрылымындағы сатылы сабақтастықтың тоқтағанын шежірелік деректерден де айқын аңғаруға болады. Әйгілі Шақшақ Жәнібек батыр туралы ел ішіне кең тараған шежіре дерегі (ең бір типті мысал ретінде) былай таратылады: Орта жүз арғын ішіндегі Мейрамсопыдан — Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы туады. Осылардың Тәнбісопысынан — Елемес, одан — Ермен, одан — Бөлтірік, Шағыр туады. Шағырдан — Аманжол, Сомжүрек, Саржетім, Бегіс есімді төрт ұл туған. Бұлардың Аманжолынан — Бәйімбет, Әлімбет, Шақшақ үшеуі туады (Кейбір шежіре дерегінде Шақшақ

Әлімбеттен туады). Шақшақтан – Бақай, Көшей, Дүзей, Ақназар, Есназар, Томай есімді алты ұл туған. Сол алты ұлдың Көшейінен – Тінет, Аю, Қошқар, Қожамбет, Қарабас, Қалқаман туған. Осылардың ішіндегі Қошқарынан – Тұрлығұл, Жәнібек, Тінібек туады.

Бұл шежірені Мейрамсопыдан бастап Жәнібек батырға дейін тікелей буын қуалап таратса былай болады: 1. Мейрамсопы – 2. Тәнбісопы – 3. Елемес – 4. Ермен – 5. Шағыр – 6. Аманжол – 7. Шақшақ – 8. Көшей – 9. Қошқар – 10. Жәнібек батыр. Осы он буын ұрпақтың ішінде тек жетінші буыннан кейін туғандар ғана ру атына шыққан. Яғни, Шақшақтан туған – Бақай, Көшей, Дүзей, Ақназар, Есназар, Томай – осы алтауының есімі алты рулы елдің атауына айналған. Ең ғажабы, бұл алтауы да не батырлығымен, не байлығымен, не билігімен, не ақын-жыраулығымен данқы шыққан адамдар емес. Бұл алтауына қарағанда Есім ханның ең сенімді серігі болған Шақшақ (Көшейдің әкесі), Тәуке ханның оң жағынан орын алған Қошқар (Көшейдің баласы), Абылай ханның «болат найзасы» атанған Жәнібек (Көшейдің немересі) әлдеқайда данқты адамдар болған. Бірақ, қанша данқты болса да олардың есімі ру атына шықпаған.

Мұның сыры, тарихтың қатал талқысында қалыптасқан қазақ халқы ел болып еңсе тіктеп, ұлт болып ұйысу үшін атақ-даңқтан да бұрын, алдымен дәстүрге мойын ұсынған. Сахара төсінде қалыптасқан дәстүр бойынша тек жеті атадан кейін ғана енші бөлісіп, жеке ру болып бөлініп шығуға рұқсат етілген. Бұл – ішкі әкімшілік құрылымы ру-тайпалық жүйеге негізделген дәстүрлі қазақ мемлекеттігінің бұлжымас қағидаты, айнымас әдеті (заңы) болған. Жоғарыда атап өткендей, мұндай дәстүрді жалғастыру ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде мүмкін болмай қалды. Сөйтіп қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қалыптасқан күйінде өзгермейтін, статтық сипат алды. Демек, арғын Шақшақтың ру атына шыққан алты баласынан кейін өрбіген ұрпақ жалғасы жеті атаға толса да күні бүгінге дейін олардың арасынан бөлініп шыққан рудың болмау себебін ең алдымен көшпелі өмір-салттағы қоғамдық-саяси жүйенің тарихи өзгеріске түсе бастауымен байланыстыра зерделеген абзал.

Тағы да бір шежірелік мысал еске түседі, ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Орта жүз арғын ішіндегі қуандықтар 40-тан астам, қаракесектер 20-дан астам болысқа бөлінді. Өсіп-өнді. Ішкі аталарының арасы жеті буыннан асты. Алайда, қуандық та, қаракесек те қазақ халқының этноқұрылымдық иерархиясы бойынша сол рулық сатыда тұрып қалды («Сұрасаң руымды қаракесек» – Мәди Бапиұлы). Яғни Ресей империясы зорлықпен енгізген саяси-құқықтық және әкімшілік-аумақтық жаңа тәртіп үстемдік құрған соң қазақ халқының этноқұрылымдық жүйесінде онаша ру болып бөлініп шығатын дәстүр тоқтады деген сөз. Жаңағы қаракесек руын құрайтын адамдардың саны бұл күнде жарты миллиондай болса да сол рудың ішкі құрылымындағы бөліктердің ру ретінде емес, ата ретінде (бошан, танас, майқы, т.б.) айғақталуының сыры осында.

Қазақ шежіресіндегі ру-тайпалар атауының бәрі де белгілі бір адамның есімі тұрғысында таратылып отырады. Бұл – шежіре біткеннің төл табиғатынан туындайтын қасиет. Өйткені, қалыптасқан дәстүр бойынша шежіреде ұрпақ сабақтас-

тығының таратыла баяндалуы шарт. Яғни, шежірелік деректердің бәрінде дерлік этнонимдерді (автоэтноним, аллоэтноним), соның аясында ру-тайпа атауларын да белгілі бір адамның есімі тұрғысында зерделеу, былайша айтқанда, адамдандыру — шежіре атаулының төл сипаты. Мұның өзі шежірелік деректерді фольклорлық жанр ретінде де даралап көрсететін белгілердің бірі болуға тиіс.

Сонымен бірге, шежірелік деректердің бір парасы ру-тайпалардың жанама атаулары туралы болып келеді. Ру-тайпалардың жанама атаулары шежірелік деректерде көбінесе халықтық этимология тұрғысында баяндалып, оған себеп-салдарлық сипат дарытып отырады. Мәселен, «ағаш қуысында (қауашағында) туғаны үшін баланың атын Қыпшақ қойыпты» дегендей, сол сияқты «жаудан қанжығасы құр қайтпайтын болған соң, былайғы жұрт батырды Қанжығалы атап кетіпті» немесе «ханның жығасын алып жүргендіктен Қанжығалы атаныпты» деген сияқты. Мұндай аңыздардың басым көпшілігінде ру-тайпа атауларының мән-мағынасы халықтық этимология тұрғысында жорылып отырады.

Осы орайда, атап өтерлік бір ерекшелік — «ты», «ті», «лы», «лі» сияқты жұрнақтары жалғану арқылы жасалған ру-тайпа атауларының басым көпшілігі сол ру-тайпалардың жанама, яғни, лақап атаулары болып келеді. Мәселен, «тобықты», «қанжығалы», «балталы», «бағаналы», «тарақты», «ошақты» дегендей. Бұл сияқты ру-тайпа атауларының жанама немесе лақап атаулар екенін орнықтыра түсетін шежірелік аңыз-әңгімелер де молынан ұшырасады. Әрине, ру-тайпа атауларының мән-мағынасын дұрыс жору үшін халықтық этимологияға сын көзімен қарай отырып, жан-жақты саралай білу қажет.

Көшпелі өмір-салт қалыптастырған үрдіс бойынша ру аясына бірыңғай қандастардың шоғырлануы шарт емес. Бұл ретте, қазақ рулары қандастықтан да бұрын мүдделестік бойынша құралып, еншілес болу арқылы топтасатыны назар аударарды. Қазақ руларының құрамында сіңісті аталардың жиі кездесуінің де бір сыры осында. Осы тұрғыдан келгенде қазақ руларын этникалық бөліктен гөрі, алдымен, дәстүрлі қазақ мемлекеттігіне қатысты әкімшілік-аумақтық жүйенің бір сатысы ретінде қарастырудың да қисыны бар. Бұған қоса, кейбір қазақ руларының басқа тайпа немесе басқа жүз құрамында да кездесетінін ескерсек, рулық бөліктің шарттылығы одан әрі айқындала түседі («*Сіңісті аталар мен ру-тайпалар тараушасын қараңыз*). Осы орайда, тағы да Қошке Кемеңгерұлының пікірі назар аударарды: «Қазақтың жеті атадан беріден қыз алмауы, бір руға жеті атаға шейін өрбігендердің кіргенін көрсетеді. Және әр руды бір атадан өрбіген қан жақындығымен байланысқан деп қарауға болмайды, өйткені руынан кемдік көргендерден, жауда қолға түскендерден басқа руға мүше болып кеткендер көп. Сондықтан, қазақтың руын — саяси-шаруа ұйымы деп қарау керек» (К. Кемеңгерұлы. *Таңдамалы. — Алматы, 1996. 39-40-беттер*).

Осы орайда, дәстүрлі қазақ қоғамындағы этноқұрылымдардың (жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз, халық) рулық бөлігінен бастап бірыңғай қандас-туыстар ғана емес, енді мүдделестердің де бас біріктіретіні, сөйтіп ру-тайпалық және жүздік бөліктер мемлекеттің саяси-әлеуметтік құрылымы тұрғысында айғақтала бастайтыны айрықша назар аудартады. Яғни, қазақ этноқұрылымдарының жанұя, әулет,

ата бөліктері бірыңғай қандас-туыстардан құралса, рулық бөліктен бастап мүдделестер одағы құралады. Әрине, рулық құрылым мүдделестерден құралып, ру аясындағы адамдардың қандас-туыстастығы шарттылық сипат алған соң, рудан жоғары тұрған тайпалық және жүздік құрылымдар да өзінен-өзі мүдделестердің саяси-әлеуметтік одағы болып шығады. Бұл ретте, ру-тайпалық және жүздік құрылымдар қандас-туыстастығымен емес, ең алдымен, саяси-әлеуметтік қызмет ету аясымен айғақталады. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы этноқұрылымдардың төл сипаттары мен айырымдарын олардың қоғамдық-әлеуметтік қызмет ету аясына ден қою арқылы тереңірек тануға болады. Ой түйіні — дәстүрлі қазақ қоғамында ру-тайпалар мен жүздер, алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлікті білдірген, сөйтіп олардың атауларында этнодаралықтан гөрі бағдар берушілік сипат басым болған. Сөз жоқ, мемлекет аясындағы құрылым ретінде әрбір ру-тайпалық және жүздік деңгейлерде құқықтық, әдет-ғұрыптық, жол-жоралық, еншілестік, т.б. қағидалар мен ұстанымдар берік сақталып отырған. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамын танып-түсінуге қатысты өз алдына арнайы сөз етуді қажет ететін аса мәнді мәселелердің бірі.

Қазақ этноқұрылымының рудан гөрі іріленген сатысын тайпа деп атайтын үрдіс орныққан. «Тайпа — бірнеше ру, аталардан құралатын әлеуметтік топ» (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 1985. 8-том. 541-бет*). Ал, бірнеше тайпалардың бірлестігінен жүз құралады. **Қазақ этноқұрылымының ең ірі әлеуметтік-саяси және әкімшілік-аумақтық жаралымы жүздік бөліктер болып табылады.**

Қазақ халқының этноқұрылымдық жүйесіндегі ең ірі бөліктер — жүздер болса, олардың саны үшеу. Әрқайсысы бірнеше тайпалық бірлестіктерден құралған үш жүзді — Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп айырып атайтын үрдіс қалыптасып, халық санасына орныққан. Ұлы жүз тайпалары негізінен Қазақстанның оңтүстік атырабын, Жетісу жерін, Сырдария, Іле, Шу, Талас, Арыс өзендерінің алқаптарын қоныстұрақ еткен. Ал, Орта жүздің тайпалары Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс алабын қоныстанып, кейбір ру тайпалар қыс айларында Сырдария, Шу өзендерінің алқаптарын қыстайтын болған. Кіші жүздің тайпалары болса Қазақстанның батыс өңірін, соның аясында Еділ, Жайық, Ырғыз, Торғай, Тобыл өзендерінің алқаптарын, Маңғыстау түбегін, Каспий мен Арал теңіздерінің жағалауын мекендеген.

Осы орайда, қазақ жүздерінің мекен-тұраққа телінуі белгілі дәрежеде шартты екенін атап өткен жөн. «Қазақтарда, көшпелі өмір-салт жағдайында, жеке адамның меншік жері болуы мүмкін емес; жер бүкіл халықтың иелігінде болған» (*А.И. Мяукин. Юридический быт киргизов. — Оренбург, 1910. // Қазақ этнографиясының кітапханасы. Бас редакторы Е. Арын, жауапты редакторы Ж.О. Артықбаев. — Павлодар, 2006. 17-бет*). Көшпелі өмір-салттың қатаң талабы бойынша «күн ортақ, ай ортақ, көш жолы ортақ», «жерді Тәңір жаратқан», «жер Құдайдікі» немесе «қара жерге халық ие» деп келетін ұстанымдар берік сақталған (*Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. — Алматы, 1967. 112-бет; А. Тарақты. Балталы-бағаналы ел аман бол. — Алматы, 1993. 112-115-беттер*). Мұндай ұстанымсыз экожүйеге бейімделген көшпелі өмір-салттың да, үш-төрт мың жыл бойы (бәлкім одан да ұзақтау) салтанат құрған көшпелілер өркениетінің де болуы мүмкін емес еді. Сондықтан, тарихи тәжірибені мұралана білген қазақ ру-тайпалары біртұтас

этноәлеуметтік жаралым ретінде атамекенін «сенікі-менікі» деп бөлместен, мейлінше жарастықты үйлесіммен қоныстана білген. Экожүйеге бейімделудің ұлы қажеттілігі ру-тайпалардың көш-қонына байланысты үйлесімді салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, жол-жораларды, жөн-жобаларды орнықтырған. Сөйтіп, «Қарға тамырлы қазақ» өзара құда-анда, жекжат-жұрағат, нағашы-жиен, дос-жаран, бас-тас-бағамдас ретінде қанаттаса көшіп, қауымдаса қонып, қауқылдаса жарасып ғұмыр кешуді өмірдің мағынасына балаған. Мұндай ой-тұжырымды қазақтың шежірелік деректері мың-сан айғақтарымен орнықтыра түседі. Ұлы жүздің шапырашты, ошақты, жалайыр сияқты тайпаларының Сарыарқаны көктей өтіп, Көкшетау баурайы мен Тобыл алқаптарына дейін шырқай көшіп жайлап қайтатыны (шапырашты Қарасай батырға Көкшетаудан топырақ бұйырғанын еске алыңыз), Орта жүз арғын, найман, қыпшақ, қоңырат сияқты іргелі тайпалардың Бетбақдаланы кесіп өтіп, Сырдария мен Шу өзендерінің бойын қоныс-тұрақ ететіні (осы өзендердің бойын күні бүгінге дейін Орта жүздің ру-тайпалары құтты қоныс етіп отырғанын еске алыңыз), Кіші жүздегі бір ғана адай тайпасының жазда Орынбордан әрі шығандай көшіп, қыста Қызылқұм мен Қарақұмның бұйраттарына сіңіп кететіні, сөйтіп жыл бойы 3 мың шақырымдай жерді орап қайтатыны (*С.Е. Толыбеков*) сияқты деректер шежіре сөзінде де, тарихи құжаттарда да жиі ұшырасады. С.-Петербургтен 1913 жылы жарық көрген кітапта былай деп жазылған: «Батыс Кәстек өңірінің жұрты шапырашты руынан шыққан Қарасай батырдың ұрпақтарын құрайды... Ертеректе Қарасай руы қазіргі Ақмола облысының жерін қоныс еткен. Қария сөздің айтуы бойынша Қарасайдың бейіті Көкшетау уезінің Айыртау деп аталатын өңірінде» (*П. Румянцев. Верненский уезд. — С.-Петербург, 1913. 112, 122-беттер*). Мұндағы Қарасай деп отырғаны тарихи нақтылы тұлға, шапырашты тайпасының әйгілі батыры, Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арғы бабасы. Осы деректі Көкшетау төңірегінде күні бүгінге дейін сақталған жер-су атаулары да орнықтыра түседі. Мәселен, Саурықкескен, Ыстышапқан, Шаңқанай, Шобан-Қарасай, Шапыра, Төлеміс-шок, Түркімен-қамыс, Мапыраш, Үйсіншапқан, т.б. осы сияқты көптеген атаулар Ұлы жүз рулары мен оның нақтылы тарихи тұлғаларына орай қойылған (*толығырақ «Қазақ этнонимдері» тараушасын қараңыз*). Әрине, мұндай мысалдар мейлінше көп және оның бәрін тізбелей беру шарт емес.

Қазақ тайпаларының күні бүгінге дейін Сыр арғыны — Қыр арғыны, Сыр қыпшағы — Қыр қыпшағы, Сыр найманы — Қыр найманы, Сыр үйсіні — Қыр үйсіні, Сыр шектісі — Қыр шектісі, Сыр шөмекейі — Қыр шөмекейі, Сыр жаппасы — Қыр жаппасы, Ой найман — Өр найман, Ой дулат — Өр дулат, т.б. деп жіктелуі, ең алдымен, атамекеннің исі қазаққа ортақ екенін, мұндай үрдіс экожүйеге бейімделген көшпелі өмір-салттың айнымас ұстанымы болғанын пайымдатады. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қалқаман-Мамыр» дастанында:

«Өткен іс — ойға күңгірт, көзге танық,

Көрмесе де білгенге бәрі қанық.

Мың жеті жүз жиырма екінші жыл

Қазақтың Сыр бойында жүргені анық», — деп, көшпелі

өмір-салтқа қатысты тарихи шындықты бедерлеген.

Өкініштісі, XVIII ғасырдан бастап қазақ жүздерінің бірте-бірте отарлануы, отарланған аймақтарда саяси, әлеуметтік және әкімшілік жана құрылымдардың қалыптасуы, осыған байланысты ел ішінде шекаралық бөліктердің пайда болуы, әсіресе, қазақ халқының жерге деген иеліктен айырылуы (1868 ж.) Қазақ даласындағы эпикалық көшпелі өмір-салтты тоқыратып, қазақ халқының табиғи дамуын тежеді. Мұның өзі, кең мағынасында, этнос сапасының солғын тартуына себепші болды. Қазақ арасына іріткі салып, халықтың ұжымшыл болмысына өлшеусіз зиян келтірген «жер дауы», «жесір дауы», «барымта-қарымта» деген мәселелердің XVIII ғасырдан бергі кезеңде айрықша ушығуының сыр-себебі осында. Мұның айғағын Қасым ханның тұсындағы заңда («Қасым салған қасқа жол») жоқ ережелердің Тәуке хан тұсындағы заңда («Тәукенің жеті жарғысы») пайда болуынан, оған неке, әйел құны, қалыңмал, жер дауы, мал дауы туралы жаңа ережелердің қосылуынан айқын аңғаруға болады. Осы орайда, қазақтың қария сөздерінде айтылатын жер дауы, жесір дауы, мал дауы туралы деректердің де құжаттық сипаты бар екенін атап өткен жөн (А.И. Левшин. *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.* — Алматы, 1996. 367-371-беттер; Г.И. Спасский. *Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник.* — СПб., 1820. 9-бөлім, 185-188-беттер; *Қазақтың ата заңдары. Он томдық. Бас редакторы және «Бағдарлама» жетекшісі академик С.З. Зиманов.* — Алматы, 2005. IV том; Н. Мыңжан. *Қазақтың қысқаша тарихы.* — Алматы, 1994. 318-320-беттер; *Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев.* — Алматы, 1967. 101-137-беттер).

Қазақ жүздерінің ішкі этноқұрылымындағы толып жатқан ру-тайпалардың пайда болу, қалыптасу жолдарын көрсету және олардың өзара этноәлеуметтік байланыстарын саралап тану Қазақстан тарихындағы аса маңызды және ең бір күрделі мәселелердің бірі. Осы орайда, қазақ ру-тайпаларының генезисін зерттеушілер үшін сол ру-тайпалардың нақтылы атаулары, ұрандары және киелері алдымен негізге алынуы керектігін атап өткен жөн. Тарихи қалыптасқан, нақтылы ру-тайпа атауларын тірек ете отырып, оның тек-тамырына үңілуде ұрымтал әдіс-тәсілдерге сүйену қажет. Мәселен, ру-тайпа тарихын байырғы бастау тегінен бүгінге қарай **өрлеп** зерттеуге де немесе бүгінгі қалыптасқан күйінен бастау тегіне қарай **бойлап** зерттеуге де болады. Осы уақытқа дейін этнолог-тарихшылардың басым көпшілігі ру-тайпа тарихын байырғы бастау тегінен бүгінгі қалыптасқан күйіне қарай өрлеп зерттеу ұстанымын көбірек басшылыққа алып келді. Мұндай үрдіс белгілі бір ру-тайпа тарихын зерделеуде елеулі қиындақтармен беттестіретіні байқалады. Бұл ретте, нақтылы статтық сипат алған ру-тайпаларды сол қалыптасқан күйінен бастап түп тегіне қарай бойлап зерттеудің тиімді жақтары мол екені назар аудартады. Себебі, ру-тайпа тарихын бастау тегіне қарай бойлап, ретроспекті тәсілмен зерттесе негізгі мақсат мейлінше айқын болып отырады. Ал, белгілі бір аумақтағы адамдар қауымдастығын мың-сан ситуациялық тарихы бойынша өрлей зерттеу, сөйтіп, толып жатқан этнокомбинациядан бүгінгі ру-тайпаны аршып алу, таза әдістемелік тұрғыдан келгеннің өзінде де анағұрлым күрделі. Яғни, қазақ ру-тайпаларының генезисін саралап танып, сараптап айқындау дегеніміз — исі түркі тектес халықтардың тарихымен шендестіре зерделеуді және әдіснамалық ұрымтал ұстанымды қажет ететін мейлінше ауқымды жұмыс.

Қазақ халқының этноқұрылымында жүзден тыс ру-тайпалардың да бар екенін атап өту қажет. Мәселен, төрелер, төленгіттер, кожалар, сунақтар тайпалық деңгейдегі, ал, қырғыздар, құрамалар, карашалар, қорасандар, қырғызалылар, баршылықтар, барластар, дүрмендер, көлегендер, қалпақтар, моғалтайлар, т.б. рулық деңгейдегі жүзден тыс этноқұрылымдық бөліктер болып есептеледі. Мұның тарихи сыр-себебі бар. Біріншіден, Қазақ хандығы құрылған соң мемлекеттік басқару жүйесін, яғни, этноқұрылымдық жүйесін саяси, әлеуметтік, салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық, құқықтық тұрғыда жаңаша жасақтау қажет болды. Сол кезде судай сапырылысқан ру-тайпаларды ұйыстыруға, этнотұтастықты қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік шараларды жүзеге асыру үшін де тарих сынынан өткен жүзден тыс құрылым қажет еді. Бұл ретте, қазақ мемлекеттігін жасақтаушы ақылмандар жүзден тыс құрылымды орнықтыра түсу арқылы, сол жолда ру-тайпалық бөліктерге шарттылық сипат беру арқылы саяси билікке пәрменділік дарыта алды деуге негіз мол. Екіншіден, Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тарихи аласапыран кезеңдер мен нәубетті шақтар көптеген әулет-аталардың, ру-тайпалардың бөлініп-жарылуына себепші болды (басқасын былай қойғанда, бір ғана қазақ-ноғайдың айрылысуында айтылған бүкілхалықтық азалы зардың жаңғырығы әлі басылған жоқ десек әсіре сөз болмайды). Сонымен бірге, қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз, қазақ-өзбек, қазақ-түркімен, қазақ-башқұрт арасында болған соғыс-сойқандар мен қақтығыс-соқтығыстар кезінде тұтас әулет-аталар қазақ құрамына қосылды және олар аз уақыт аясында тектес-туыстастар ретінде қазақ халқының құрамдас бөлігіне айналып үлгерді. Қазақтың жүзден тыс руларының қалыптасуына қатысты негізгі себеп ретінде алдымен осы қисындарға ден қойған абзал.

Қазақ тілінде «халық» деген сөздің өзіндік мән-мағынасы қалыптасқан. Белгілі бір елдегі, мемлекеттегі, мекендегі адамдар жиынтығын халық деп атайтын үрдіс бар. Ал, «қазақ халқы» сөзінің мән-мағынасы — жүздік және жүзден тыс этноқұрылым аясындағы «мен қазақпын» дейтін барша адамдар жиынтығын білдіреді.

Ғылыми еңбектерде «халық» және «этнос» терминдері бір-біріне балама ретінде қатар қолданылғанымен, мағыналық тұрғыда айтарлықтай айырмашылықтары бар.

«Халық» терминінің ұғымдық, мағыналық аясы «этнос» терминіне қарағанда анағұрлым кең. Мәселен, «халық» терминін мынандай ұғымдық, мағыналық тұрғыда қолдануға болады: 1. Белгілі бір елдің немесе мекеннің тұрғындары (мәселен, Қазақстан халқы деген ұғым Қазақстанның тұрғылықты халқы қазақтарға қоса басқа ұлттық диаспораларды да қамтиды). 2. Жұртшылық, көпшілік деген мағынада қолданылады. 3. Нақтылы бір ұлтты, яғни, этносты білдіреді (мәселен, қазақ халқы, орыс халқы дегендей).

Ал, «этнос» термині — зерделенген (осознанный) мәдени-тілдік қауымдастықты білдіреді. Былайша айтқанда, белгілі бір мекенде тарихи қалыптасқан, өзіндік ортақ тілі, мәдениеті және психикасы бар, сондай-ақ, өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден айырмашылықтарының бар екенін толық сезіне алатын, яғни, өздерін даралайтын төл атауы бар адамдар қауымдастығын этнос деп атауға болады (Ю.В. Бромлей, П.И. Пучков. *Этнические общности: их историко-типологическая и этнолингвистическая классификация.* — «Природа», 1983. № 9, 75-бет).

Этнос пен мемлекеттің арақатынасы деген мәселеге де сөз орайында тоқтала кетуге болады. Біртұтас этнос ретінде қалыптасуды міндетті түрде мемлекеттік жаралыммен шендестіру (сопряжение) шарт емес. Мәселен, Қазақстаннан сырт елде жүрген қазақтар қазақ этносының бір бөлшегі болып саналғанымен, Қазақстан мемлекетінің субъектілері емес. Ал, мемлекеттіктің алғы шарты — біртұтас этноәлеуметтік жаралым. Бұл ретте, Қазақстан мемлекетінің, яғни, Қазақстандағы этноәлеуметтік жаралымның субъектісі тек қана қазақстандықтар бола алады.

Тарихи-этнографиялық еңбектерде «метаэтнос» және «субэтнос» терминдері де жиі қолданылады. Метаэтнос ұғымы тілдік және мәдени тұрғыда өзара жақын этностарды жинақтап атағанда қолданылады. Мәселен, түркі халықтары, славяндар деген сияқты. Ал, субэтнос ұғымы белгілі бір этнос құрамындағы территориялық, салт-дәстүрлік, әлеуметтік статустық, діни наным-сенімдік, сондай-ақ кейбір жағдайда нәсілдік айырмашылықтары бар шағын қауымдастықты білдіреді. Бұл ретте, қазақ этносы ХІХ-ХХ ғасырлар аясында тарихи зобалаң салдарынан әлемнің бірнеше мемлекетінде өмір сүріп, аумақтық шашыраңқылықты бастан кешіп келе жатқанына қарамастан, олардың этникалық болмысы біртұтас. Қазақ халқын субэтностық айырымдары жоқ әлемдегі санаулы халықтардың бірі деуге негіз мол.

Қазақ тіліндегі «ел» деген сөздің де қолданылу аясы мейлінше кең екенін және мән-мағыналық тұрғыда киелі сипатта қолданылатынын атап өткен жөн. Қазақ тілінің ауызекі қолданымында «ел» сөзі «ру», «тайпа», «жүз», «халық», «ұлт», «мемлекет» сөздерімен ұғымдық тұрғыда алмасып айтыла береді. Мәселен, біреуден ру-тайпасын немесе жүзін сұрағанда «Қай ел боласың?» — деген сұрақ қойылады. Немесе, «Тәуелсіз ел болдық», «Қазақ елі» деп келетін сөз орамдарының мән-мағынасы «халық», «ұлт», «мемлекет» ұғымдарымен шендесіп жатады.

Сонымен, қазақ халқының этноқұрылымдық жүйесін терминдік деңгейде айғақтайтын тірек сөздер: жеке адам — жанұя — әулет — ата — ру — тайпа — жүз — халық деп аталатыны ден қойдырады. Қазақ тіліндегі этноқұрылымдық атаулардың молдығына да қарамастан, сондай-ақ, «әулет», «тайпа», «халық» сөздерінің араб-парсылық тегіне де қарамастан, жеке адам — жанұя — әулет — ата — ру — тайпа — жүз — халық атаулары нақтылы этноқұрылымдық жүйені айғақтайтын қалпында исі қазақтың санасына орныққан. Әрине, бұл атаулардың халық санасына орнығып, санаттық сипат алуы Қазақ хандығының нығаюымен, қазақ ұлтының қалыптасуымен және қазақ мемлекеттігінің орнығуымен орайлас құбылыс екені күмән келтірмеуге тиіс.

Ой-деректің орамын былайша түйіндеуге де болады: **«жанұя — әке-шеше, бала, немере және келін бірлестігі; әулет — бір атадан өрбіген бірнеше жанұя; ата — қандас-туыстас бірнеше әулет бірлестігі; ру — қандас-туыстастығы әртекті бірнеше әулет-атаның әлеуметтік-саяси бірлестігі; тайпа — бірнеше рулар бірлестігі; жүз — бірнеше тайпа бірлестігі; ел немесе хандық — бірнеше жүздің бірлестігі; қағанат — бірнеше елдің немесе хандықтың саяси, әлеуметтік және әскери бірлестігі.** Осы орайда, дәстүрлі ру-тайпалық жүйеде рулық буынға дейін бірыңғай қандас-туыстар бірлестігі болса, рулық буыннан бастап қандас-туыстастығы әртекті әлеуметтік-саяси бірлестіктер болып келетініне тағы да бір назар аударуға кетудің артықтығы жоқ.

Қазақ халқының этноқұрылымдық атау-ұғымдарын бажайлап алған соң, мұнан әрі этноқұрылымдық жүйені біртұтас құбылыс ретінде саралап көруге болады.

Алдымен, қазақ халқының тайпалық, жүздік және жүзден тыс құрылымдары Қазақ хандығының бірте-бірте нығаюына байланысты қалыптасқанын, сөйтіп қазақ мемлекеттігінің төлтума үлгідегі этноәлеуметтік және әкімшілік-аумақтық жүйесіне айналғанын айрықша атап өткен жөн («Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз). Яғни, бұған дейін аракідік болса да айтылып келгендей, қазақтың жүздік және жүзден тыс құрылымдарының қалыптасуы Қазақ хандығының сепараттық жікке бөлінуінің, сөйтіп, әлсірей бастауының белгісі емес еді. Керісінше, жүздік бөліктер мемлекеттік басқарудың жана жүйесі ретінде Қазақ хандығының ең дәуірлеген, яғни, жоғары биліктің ең күшейген кезеңінде қалыптасып, көшпелі өмір-салттағы икемді де ілкімді құрылым ретінде мейлінше жағымды рөл атқарды. Мұны Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке хандар тұсындағы (XVI-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының аумақтық та, әскери де, саяси да, әлеуметтік те, құқықтық та ұдайы ілгерілеп-шындалған ахуалынан айқын аңғаруға болады. Бұл ой-тұжырымды белгілі тарихшы, профессор Хангелді Әбжановтың пікірі орнықтыра түседі: «Ханның ісі қараға түссе де, қараның ісі ханға түссе де, оны далалық демократия, әділ құқық аясында шешетін заңнамалар – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәукенің «Жеті жарғысы» орнықты. Біздің түсінігімізше, тап осы табиғи-дәстүрлі даму кезеңінде қазақтың үш жүзге бөлінуі – қоғамдағы дағдарыстан, сепаратистік қозғалыстан, көрші мемлекеттердің арандатуынан емес, дамудың өзіндік биік сатысына көтерілген мемлекеттің шаруашылық, саяси аймақтық, халықаралық қажетінен туған құбылыс. Хандықтың ішкі-сыртқы өмірі мейлінше күрделеніп келе жатқанда дала демократиясы ел басқару ісін шектен тыс орталықтандырудан бас тартып, қоғамның өзін-өзі басқару ұстанымына (А.С.) жүгінгенін жөн көрді. Егер үш жүзге бөліну қазақ қоғамының шын мағынасындағы әлсіздігін, іштей ыдырауын білдірсе, ол 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» төтеп бере де алмас еді, қатерлі дұшпанға бірлесе тойтарыс беру идеясы төңірегіне топтаса да қоймас еді (Г. Назарбаева, Х. Әбжанов. *Қазақстан: тарих пен тағдыр*. – Алматы, 2003. 14-15-беттер). Бұл сияқты ой-тұжырымды «жүз» сөзінің байырғы мән-мағынасы да орнықтыра түседі. Махмұт Қашқари «жүз» («иұш») сөзі «топтасу», «бірігу», «сығылысу» деген мағына беретінін атап көрсеткен (Махмұт Қашқари. *Түрік сөздігі. Үшінші томы. Аударған А.Қ. Егеубай*. – Алматы, 1998. 11-бет). Яғни, «Ұлы жүз», «Орта жүз», «Кіші жүз» атаулары «Ұлы бірлестік», «Орта бірлестік», «Кіші бірлестік» деген мағынада қолданылған. Осы орайда, «жүз» сөзінің бұл сияқты байырғы мағынасына бұған дейін назар аударылмай келгенін атап өтудің артықтығы жоқ.

Ал, Қазақ хандығының XVIII ғасырдан бергі кезеңде әлсірей бастауына келетін болсақ, оның басты себебін ішкі ахуалдан да бұрын, ең алдымен, сыртқы ықпалдан іздеу керек. Әрі-беріден соң, ғасырдан астам уақытқа созылған қазақ-қалмақ арасындағы қан-қасап соғыстың да сыр-себебін ежелден туыстас сол екі елдің арасынан іздеуден гөрі, дүмпіуі тереңнен басталған Ресей мен Қытай сияқты империялардың стратегиялық мүдделерінен іздеген тарихи ақиқатқа анағұрлым жақын болмақ. Сонда, Еуразияның Ұлы Даласында үш-төрт мың жыл бойы салтанат құрып,

тарихын тарланның тұяғымен жазған көшпелілер тағдырының XVIII ғасырда солғын тарта бастауы жалпы адамзаттық дамумен шендесіп жатқан құбылыс екені айқындала түседі. Көшпелілер тарих сахнасына ат ойнатып шығып, аттың жалынан түспеген қалпында тарихтың еншісіне айналды. Былайша айтқанда, табиғаттың өзіндей табиғи даму жүйесі технократтық даму жүйесіне жол берді. Иә, бұл да түйіні шие, өрісі бөлек, арнайы сөз етуді қажет ететін тақырыптардың бірі.

Қазақ мемлекеттігінің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайларына орай әулет-аталар, ру-тайпалар өзара аралас-құраласқа түсіп, кейде бір жүзден екінші жүзге ауысып отыратын да үрдіс болған. Мұндай үрдіс әдетте әр түрлі тарихи жағдайларға, қоныс-тұрақтарды реттеуге және ру-тайпа аралық қырбайлықты жоюға байланысты жүзеге асып отырған. Қазақтың көптеген әулет-аталары мен ру-тайпалары қатарынан бірнеше жүз құрамында кездесуінің бір сыры осында. Аралас-құраластық қай деңгейде болса да, араласқа түскен әулеттің, атаның, рудың, тайпаның атауы ешқашан өзгеріске түспеген. Былайша айтқанда, әр түрлі жағдайға байланысты әулет, ата, ру, тайпа не жойылып жоқ болуы мүмкін, не мүлде басқа этноқұрылымның құрамына қосылуы мүмкін, бірақ соңғы өкілі қалғанша түпкі ата-тек атауы өзгермейтін болған. Өйткені, Ұлы Дала көшпелілері үшін, әсіресе, оның кіндік жұртындағы қазақ этносы үшін ру-тайпа болып ұйысудың киелі сипаты бар («Сүйек қосу» тараушасын қараңыз). Сондықтан да қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ру-тайпалық құрылым, оның сабақтастығы және ата-тектің ұмыт болмауы деген мәселелер ең киелі моральдық-этикалық санат тұрғысында орныққан. Күні бүгінге дейін қазақ арасында «тексіз болу» адам сапасының ең азғындаған түрін білдірсе, «өркені өсу», яғни, ұрпағының өсіп-өнуі ең биік мұраттардың бірі болып есептеледі. Сөз жоқ, мұндай қасиеттер көшпелі өмір-салтты баянды етудің бірден-бір киелі тетігі ретінде этнопсихологиялық нормаға айналған. Яғни, қазақтың ру-тайпалық құрылымы жасақталу барысында қандас-туыстықтан гөрі, ұлттық-мемлекеттік мүдде алдымен басшылыққа алынып отырған. Бұл ретте, қазақтың «Көп ел — сарқылмас көл», «Ауыл болсаң қауым бол», «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», «Айырылған ел азады, қосылған ел озады» деп келетін макал-мәтелдері біртұтас ұлттық-мемлекеттік мүдденің сығымдалған декларациясы іспеттес. Әрине, мұндай ұстанымдар өмірдің мың-сан жағдайында еншілес болу, жеті атаға дейін қыз алыспау, жеті атадан кейін енші бөлісіп жеке ру болып шығу, әрбір рудың елдік (мемлекеттік) істерге араласуы, яғни, жаугершілік кезінде қол-қосын шығару, ауыртпашылық кезінде қара шығын бөлу немесе жылу жинау, ақыл-кеңес құрарда би шығару, әрбір жүздің, тайпаның, рудың нокта ағаларын белгілеу, өзара қырбай ру тайпаларды бір-бірімен еншілес етіп араластырып жіберу немесе балаларын алмастыру, исі қазақ ауылының бір-бірімен аралас-құралас болуы үшін сараланған әлеуметтік қарым-қатынас рәсімдері, т.б. осы сияқты толып жатқан әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралар, жөн-жобалар қазақ халқының біртұтас этноәлеуметтік жаралым болуын қамтамасыз етіп отырған. Сөйтіп, қазақ халқының ішкі этноәлеуметтік ахуалының ала-құла болуына тосқауыл қойылып, **ру-тайпалардың ішінара үздік-создық (интровертивті) дамуына жол берілмеген.** Мұндай ахуалды орнықтыруда, әрине, жалпы ұлттық-мемлекеттік деңгейдегі ұлы бірлік идеясының мәйегі ре-

тінде исі қазақты «Алаш баласы» деп танитын генеалогиялық ақпараттың рөлі айрықша болғанын алдымен атаған абзал. Қазақ халқы үшін «Алаш баласы» деп келетін генеалогиялық ақпарат тек қана сәтті идея болып қойған жоқ, сонымен бірге пәрменді идеология да бола білді.

Ойдың орайында, қазақ ру-тайпаларының өз ішінен белгілі бір әулетті, атаны, руды және тайпаны «ноқта ағасы», «аға баласы», «қара шаңырақ иесі» деп айғақтап-ұлықтайтын дәстүріне де тоқтала кеткен жөн. Сөз жоқ, бұл дәстүр де Қазақ хандығы жасақталу барысында тарихи тәжірибені тағылым еткен, ел-жұрттың ұжымын жарастыруға бағытталған, ру-тайпалық жүйенің үйлесімді болуын көздеген, сол арқылы қоғамдық өмірдің ретті болуын қамтамасыз еткен тегеурінді тетіктердің бірі болып табылады. Әдетте, ноқта ағасы, аға баласы, қара шаңырақ иесі ретінде жеке адам емес, нақтылы әулет-аталар мен ру-тайпалар айғақталады және мұның өзі сол әулет-аталар мен ру-тайпалардың оқшау мәртебесін білдіреді. Бұл ретте, «ноқта ағасы», «аға баласы», «қара шаңырақ иесі» деген атау-ұғымдарды белгілі бір әулет-аталар мен ру-тайпалардың лауазым-дәрежесі ретінде бағамдауға да болады. Яғни, бұл, мәселені дәстүрлі қазақ қоғамының потестарлы-саяси құрылымын үйлесім-жарасымға келтіруге ықпал етіп отыратын әлеуметтік-саяси қатынастар институты тұрғысында қарастырудың да қисыны бар. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамындағы әрбір әулеттің, атаның, рудың, тайпаның, жүздің өз ноқта ағасы, өз аға баласы, өз қара шаңырақ иесі болған. Олар қоғамдық өмірдегі үлкенді-кішілі істердің баршасына белсенді араласып, пәтуалы пікірлері мен байламды шешімдерін білдіріп отырған. Ондай пікір-шешімдерге айрықша ілтипатпен қарау моральдық-этикалық нормаға айналған. Сондықтан да ноқта ағалық жолды сақтамау, аға баласын сыйламау, қара шаңырақ иесін құрмет тұтпау дәстүрлі қазақ қоғамындағы ең бір анайылықтың, көргенсіздіктің, елдік тәртіпті сақтамаудың көрінісі ретінде айыпталып отырған. Бұл ретте, қазақ халқының сатылы-иерархиялы этноқұрылымын көктей өтіп жатқан ноқта ағасы, аға баласы, қара шаңырақ иесі дәстүрі, шын мәнінде, халықтың өзін-өзі басқаруына бағытталған демократиялық үрдіс болып табылады.

Қазақ хандығы жасақталу барысында ұлттық-мемлекеттік негізді бекемдеу үшін ру-тайпалық құрылымның жаңаша жүйеленгені аян («Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз). Сөз жоқ, осы үдеріспен орайлас «ноқта ағасы», «аға баласы», «қара шаңырақ иесі» институты да ел ішінің әлеуметтік қатынастарын ретті ету үшін белгіленген деп білеміз. Өйткені, ноқта ағасы, аға баласы, қара шаңырақ иесі ретінде танылған әрбір әулет-аталар мен ру-тайпалар тек қана қазақ қоғамындағы этноқұрылымдарға қатысты болып келеді. Мәселен, қазақ арасындағы жүздік құрылым деңгейінде Ұлы жүздің ноқта ағасы — жалайыр, Орта жүздің аға баласы — арғын, Кіші жүздің қара шаңырақ иесі — шөмекей болса, бұл тайпалар қазақтан басқа түркі халықтарының арасында мұндай статустарға ие емес.

Қазақтың этноқұрылымдық жүйесінде қалыптасқан дәстүр бойынша жүздік деңгейдегі ноқта ағалары: Ұлы жүзде — жалайыр, Орта жүзде — таракты, Кіші жүзде — табын тайпалары. Дәл сол сияқты, аға балалары: Ұлы жүзде — ошақты, Орта жүзде — арғын, Кіші жүзде — әлім (қаракесек) тайпалары. Ал, қара шаңырақ иелері: Ұлы

жүзде — албан, Орта жүзде — қыпшақ, Кіші жүзде — шөмекей тайпалары. Осындай мәртебелер рулық, аталық, әулеттік деңгейде де бар. Мәселен, Орта жүздегі қыпшақ тайпасының ноқта ағасы қарабалық руы болса, сол қарабалық руының ноқта ағасы — танабұға атасы. Сол сияқты, Ұлы жүздің ноқта ағасы — жалайыр тайпасы болса, сол жалайыр тайпасының ноқта ағасы — орақты руы да, қара шаңырақ иесі — сиыршы руы деп есептелінеді. Мұндай мәртебелік жүйе жүздік, тайпалық, рулық этноқұрылымдардың бәріне тән және бұл үрдіс ел ішінде әбден орныққан салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен, жол-жорамен, жөн-жобамен бекемделіп отырған. Әрине, мұндай үрдістің ел ішіндегі үйлесім-жарасымға айрықша ықпал еткен тетіктердің бірі екеніне шәк келтіруге болмайды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ноқта ағалардың жолы айрықша мәртебелі болғанын атап өткен жөн. Осы орайда, үш жүздің ноқта ағалары — жалайырдың да, тарақтының да, табынның да таңбаларының бірдей тарақ таңба болып келуі және бұл таңбаның төре таңбасымен тектестігі назар аудартады. Шежірелік және фольклорлық-этнографиялық деректерде ноқта ағалары ру-тайпалардың ел басқару ісіне жиі араласатыны, бітім-мәміле кезінде ноқта ағалық жөн-жобаның ілтипатпен ескерілетіні, әсіресе, жол-жора жасалғанда ноқта ағаларға айрықша құрмет көрсетілетіні айқын байқалып отырады. Мәшһүр-Жүсіп төре жоқта ноқта ағасының төрелік ететінін атап көрсетеді (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 8-бет*). Яғни, ноқта ағасы, аға баласы, қара шаңырақ иесі атанған ру-тайпалар дәстүрлі қазақ қоғамында атқарушы билік өресінде болған-ау деп бағамдаудың қисыны бар.

Жалпы, ноқта аға, аға баласы, қара шаңырақ иесі атанған ру-тайпалардың ел ішіндегі әлеуметтік қарым-қатынасқа қатысты өзіндік жол-жоралары мен жөн-жобалары қалыптасқан. Мұның өзі айнымас әдет, бұзылмас дәстүр ретінде орнығып, тіптен, киелі сипаты бар моральдық-этикалық нормаға айналған. Осы орайда, ой-пікірді бір ғана арғын тайпасына қатысты мысалмен бекемдей түсуге болады. Бүкіл халықтың жадынан берік орын алған шежірелік ақпарат бойынша Орта жүз тайпаларының ішінде арғынның жолы үлкен. «Арғын аға баласы», — дейді. Сол арғын тайпасының ішіндегі рулардың да өз араларында қалыптасқан бұлжымас жол-жоралары мен жөн-жобалары бар. Шежіре дерегі бойынша Арғынның бәйбішесі Ергүлден туған бес баланың өсіп-өніп, әрқайсысы бір-бір рулы елге ұласқан ұрпағын жинақтап «Үлкен арғын» немесе «Бес мейрам» дейді. Ал, екінші әйелі Момынан туған жеті баланың ұрпағын жинақтап «Ортаншы арғын» немесе «Жеті момын» дейді. Сол сияқты, үшінші әйелі Айнакөзден туған балалардың ұрпағын жинақтап «Кіші арғын» немесе «Тоқал арғын» дейді. Бұл сияқты айырымға өмірлік қарым-қатынас барысында айрықша мән беріліп, алдымен жол-жора «Үлкен арғынға», сонсоң «Ортаншы арғынға», ең соңынан «Кіші арғынға» жасалып отырған. Ең бір таң қалдырарлығы, мұндай сатылы қарым-қатынас аға мен інінің, жасы үлкен мен жасы кішінің арасындағы қарым-қатынас сияқты ешкімнің беделі мен намысына нұқсан келтірмеген. Керісінше киелі сипаты бар өмірлік жарасым мен парасаттылықтың үлгісі сияқты қабылданған. Мұндай үрдіс тек руаралық қарым-қатынаста ғана емес, қазақ этноқұрылымының барлық буынында (жанұя — әулет — ата — ру —

тайпа — жүз) айрықша ыждағатпен сақталған. Сөйтіп, қазақ арасындағы этноқұрылымның сатылы жүйесі мейлінше төлтума сипаттағы потестарлы-әлеуметтік ұйым тұрғысында және идеологиялық қондырма ретінде қоғамдық-әлеуметтік өмірді реттеп, ұлтты ұйыстыруға тегеурінді ықпал етіп отырған. Қазақ арасындағы әулет-атаға, ру-тайпаға және жүзге қатысты айтылатын мақал-мәтелдердің көп жағдайда жалпы этникалық аядағы жол-жоралар мен жөн-жобаларды емеуріндеп отыратынының сыры осында.

Қазақ ортасында этноқұрылымдық буындардың өзіндік мәртебелері болатынына кезінде Шоқан Уәлиханов, Құрбанғали Халид сияқты ғалым-зерттеушілер назар аударған.

«Қазақтың ру-руға бөлінуі бұрыннан келе жатқан бұлжымас тәртіп. Мұндай бөліну тәртібі аға баласы ретіндегі және іргелі тайпалық құқықпен орайлас болып отырады. Яғни, қазақтардың таным-түсінігі бойынша түп атаның жолының үлкендігі рулық құқықта және генеалогиялық тұрғыда айрықша мән-маңызға ие. Сондықтан да жүз бен жүз арасындағы және бір жүздің ішіндегі рулар арасындағы қарым-қатынас — қандас ағайындар арасындағы қарым-қатынастың жөн-жосығына сай келеді. Ал, әрбір рудың өз жүзіне деген қарым-қатынасы — баланың әкесіне деген қарым-қатынасын елестетсе, жолы үлкен ру мен жүз арасындағы қарым-қатынас — немере мен ағаның арасындағы немесе жиен мен нағашының арасындағы қарым-қатынасқа ұқсас. Осынау патриархалды-рулық өмір-салт сахара шешендерінің ата-тек өрелестіруіне арқау болып отырған» (Ч. Ч. Уәлиханов. *Киргизское родословие // Собрание сочинений в пяти томах. — Алматы, 1961. 1-том, 203-бет. Аударма біздікі*).

«Қазақта «құрбы», «тұрғы» деген екі сөз бар. «Құрбы» — жасы қатар, «тұрғы» — қарама-қарсы тұстас, деңгейлес адамдар. Мысалы, Үйсін мен Алшын тұрғыда бірдей, ал Жалайыр Алшынмен бір жылда туып, туысқан болса, құрбы деп айтылады, тұрғылас демейді. Анығырақ түсіндіру үшін мысалы: Үйсін мен Алшын бір жылда тумаса да тұрғылас, яғни, үлкендік атақ-дәрежесі бірдей, тіптен екеуінің арасы бірер жүз жылға айырма болса да тұрғылас. Үйсінге Жаппас тұрғылас бола алмайды, тіптен онан бұрын, я кейін туса да тұрғылас емес. Демек, әрбір тұрғылас құрбы болуы, яки керісінше әрбір құрбы тұрғылас болуы шарт емес. Шарт үлкендік деңгейінде» (Құрбанғали Халид. *Тауарих хамса (Бес тарих). — Алматы, 1992. 92-бет*). Келтірілген ой-деректе үйсін мен алшын жүздік деңгейде, ал жалайыр мен жаппас тайпалық деңгейде алынып отырғанын, сондықтан үйсін мен алшын бір-бірімен «тұрғылас» болғанымен, бұл екеуі жалайыр мен жаппасқа «тұрғылас» бола алмайды деп отырғанын сөз орайында нақтылай кеткен жөн.

Бұл мәселеге сырт көз зерттеуші Л. Мейер де мән берген: «Қазақтар рулық бөліктерін қазірге дейін берік ұстанады. Орыстар билігін жүргізгенге дейін, тек әулет-аталар ғана емес, тұтас жүздердің өзі бас біріктіріп, бір биліктің құзырында болғанына қарамастан, сол ру-тайпалық жүйенің шырқы бұзылмаған қалпында ағалық немесе ата баласы ретіндегі жол-жоралары сақталып отыр. Мәселен, халықтық мәслихат (сейм) кезінде жол әлімұлына беріліп, оның биінің пікірі мен шешімін байұлы, жетіру жағы бұлжытпай орындайтын болған. Тіптен кейбір даулы мәселелерде жеті-

ру мен байұлы билерінің шешімін әлімұлының биі бұзып, жоққа шығара алған (Л. Мейер. *Киргизская степь Оренбургского ведомства.* — СПб., 1865. 47-бет).

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмір-тіршілігі үшін айрықша мән-маңызы бар бұл мәселе назар аударарлық. Түптеп келгенде, дәстүрлі қазақ қоғамын тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени-рухани, психологиялық тұрғыда барша ақиқат болмысымен танып-түсіну үшін, ең алдымен, оның этноқұрылымдық деңгейлері мен сол деңгейлер арасындағы уақыт сынынан өткен әлеуметтік қатынас нормаларына мұқият зейін қою керек.

Қазақ халқының ру-тайпалық жүйесі, оның ішкі құрылымдары және ол құрылымдардың өзара әлеуметтік байланыстары туралы қысқа қайырым ойдың жосығы осындай.

Енді, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін жаңадан жасақталған және жаңаша жүйеленген, сөйтіп, ұлттық мемлекеттің пайда болуымен орайлас әбден қалыптастып болған ру-тайпаларды жеке-жеке атап көрсетуге болады. Былайша айтқанда, қазақ халқының әбден жүйелене орныққан, сөйтіп, өзгермейтін сипат алған, сол қалпында дүйім жұрттың жадына сіңген этноқұрылымын жүздік және жүзден тыс ру-тайпалар деңгейінде бажайлап көрейік.

ҰЛЫ ЖҮЗ құрамындағы тайпалар: жалайыр (ноқта ағасы), сарыүйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, шапырашты, ошақты, ысты, сіргелі, шақшам. Барлығы 11 тайпа.

Жалайыр тайпасының құрамындағы рулар: орақты, сыпатай (сұпатай), андас, күшік, мырза, қарашапан (бұл алты рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Шуманақ» деп атайды), байшегір (байшағыр), балғалы (қосар), арықтыным (қосымбет), қайшылы, шегелек (бұл бес рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Сырманақ» деп атайды), сиыршы (байкөбен) (бұл жалғыз рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бірманақ» деп атайды) (*Дерек беруші Рахметолла Толқымбекұлы (1914), даңғайыр шежіресі, Алматы облысы, Көксу ауданы, Мұқыры ауылы*).

Он екі ата жалайыр шежіресінің келесі бір нұсқасын да келтіре кеткен жөн: андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай (бұл жеті рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Шуманақ» деп атайды), арықтыным-байшегір, балғалы, күшік (қосай), қайшылы (бұл төрт рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Сырманақ» деп атайды), сиыршы (байкөбен) (бұл жалғыз рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бірманақ» деп атайды).

Ел ішінде жиі кездесетін шежіре дерегінің үшінші бір нұсқасы бойынша шуманақ құрамында — андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым, қалпе, сұпытай рулары, сырманақ құрамында — арықтыным, байшегір, сиыршы, балғалы, күшік рулары аталады.

Үш нұсқа бойынша да жалайыр тайпасы іргелі 12 руды құрайды.

Сарыүйсін тайпасының құрамындағы рулар: жаңабай, құттымбет (бұл руларды жинақтап «Қалша бұтағы» деп атайды), қайқы, сопы (бұл руларды жинақтап «Жақып бұтағы» деп атайды). Іргелі 4 ру.

Қаңлы тайпасының құрамындағы рулар: тоғызбай, онбай, енке, қаспан, қараманас (бұл рулардан өрбіген ұрпақты жинақтап «Қара қаңлы» деп атайды), миялы (миям), омыртқа, әлсейіт, ақбарақ, ешкілі (сұлтаным), шоқпарлы (бұл рулардан

өрбіген ұрпақты жинақтап «Сары қаңлы» деп атайды), ақылқожа, түрке, ерзен, тоқай, танта, телқожа, құйысқансыз, бозым, шанышқылы (қатаған), тоғанбай, бақа, бадырақ, кара, оразымбет. Іргелі 25 ру (*Ә. Қайдар. Қаңлы. – Алматы, 2004. 426-бет*).

Дулат тайпасының құрамындағы рулар: ботпай, шымыр, сиқым, жаныс. Іргелі 4 ру.

Албан тайпасының құрамындағы рулар: шоған, досалы, қожбанбет, жарты, айт, бозым, қыстық (бұл жеті рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Сары бұтағы» деп атайды), жолболды, молболды, құртқа, мамыр, қалқаман, жарман (бұл алты рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Шыбыл бұтағы» деп атайды), шажа, алжан, құрман, тоқан, баба, жәнібек, қаракісі, сарықыз. Іргелі 21 ру.

Суан тайпасының құрамындағы рулар: елтынды, жылкелді (бұл екі рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Байтүгел (Байтөгей) бұтағы» деп атайды), мұрат, тұрлымбет, бердіке (шару), баубек, орыс (бұл бес рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Тоқарыстан бұтағы» деп атайды), ханбағыс, досбағыс, есбағыс (бұл үш рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бағыс суан» деп атайды). Іргелі 10 ру.

Шалпырашты тайпасының құрамындағы рулар: екей, еміл-есқожа (бұл рулардың ұрпақтарын жинақтап «Малдыыстық» деп атайды), асыл, шыбыл (бұл рулардың ұрпақтарын жинақтап «Желдіыстық» деп атайды), айқым (бұл рудың ұрпақтарын жинақтап «Қылдыыстық» деп атайды). Іргелі 5 ру.

Ошақты тайпасының құрамындағы рулар: байлы, тасжүрек, аталық, қоңыр. Іргелі 4 ру.

Ысты тайпасының құрамындағы рулар: ойық, тілік, сызық. Іргелі 3 ру.

Сіргелі тайпасының құрамындағы рулар: батыр, құлшығаш, қарабатыр, айтбозым, үштаңбалы, жайдақ, елібай, жаңабай, қаракөңірдек, ақкөңірдек, шалдар, ақсирақ, қарасирақ, тутанбалы, қайшылы, төрттанбалы, жанай, бөдене. Іргелі 18 ру. (*Х. Арғынбаев. Ұлы жүздің шежіресі // Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. 94-бет*).

Шақнам тайпасының құрамындағы рулар: баймұрат, бекмұрат, санмұрат. Іргелі 3 ру.

ОРТА ЖҮЗ құрамындағы тайпалар: арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ, тарақты (ноқта ағасы). Барлығы 7 тайпа.

Арғын тайпасының құрамындағы рулар: қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек (бұл бес рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бес мейрам» деп атайды), атығай, қарауыл, қанжығалы, тобықты, әйтей, бәйімбет, жанай (бұл жеті рудан өрбіген ұрпақты жинақтап аналарының атымен «Жеті момын» деп атайды), саржетім, шақшақ (бұл екеуін кіші тоқалдан туғандықтан «Кіші арғын» немесе «Тоқал арғын» деп те атайды), шұбыртпалы, камбар, жалықпас (бұл үшеуі қаракесек руының аясында болғанымен, іргелі рулар дәрежесінде аталады). Іргелі 17 ру.

Найман тайпасының құрамындағы рулар: қаракерей, матай, төртуыл, садыр (бұл төрт рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төрт төлегетай» деп атайды), көкжарлы (бақа), бура (бақанас), саржомарт (бұл үш рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Үш ергенекті» деп атайды), балталы, бағаналы (бұл екі рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Терістанбалы» деп атайды). Іргелі 9 ру.

Қыпшақ тайпасының құрамындағы рулар: ұзын, торы, қарабалық, көлденең, бұлтың (бұл бес рудан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бес таңбалы қыпшақ» деп атайды), құлан. Іргелі 6 ру.

Қоңырат тайпасының құрамындағы рулар: жаманбай, аманбай, саңғыл (бұл үш рудың ұрпағын жинақтап «Көтенші» деп атайды), байлар, жандар, аққой, оразкелді, тоқболат, қаракөсе (бұл алты рудың ұрпағын жинақтап «Көктіңұлы» деп атайды), жетімдер, божбан, құлшығаш. Іргелі 12 ру.

Керей тайпасының құрамындағы рулар: жәнтекей, жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарыбас, қарабас, көнсадақ (бұл он екі руды жинақтап «Абақ керей» деп атайды), көшебе, сибан, тарышы, апбас, хансадақ, балта, балға (бұл жеті руды жинақтап «Ашамайлы керей» деп атайды). Іргелі 19 ру.

Уақ тайпасының құрамындағы рулар: шоға, сарман, еренші, сіргелі, сарыбағыс, тоқтамыс, әлімбет, байназар (бұл сегіз руды жинақтап «Ермен уақ» деп атайды), бидалы (бұйдады), жансары, баржақсы, шәйкөз (бұл төрт руды жинақтап «Жусан уақ» немесе «Ергенекті уақ» деп те атайды). Іргелі 12 ру.

Тарақты тайпасының құрамындағы рулар: қыдыр, жәші, әлі, сары, әйтей, қосанак, қарашие (көгедей), келіс (әлеуке), алакөз, шәуке, апай, тоқтауыл. Іргелі 12 ру.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Орта жүздің жетінші тайпасы (арыс) ретінде тарақтыны атайды: «Бұрынғы қариялар Орта жүзді «жеті арыс» деп сөйлейтұғын: арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ, тарақты» (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. – Павлодар, 2007. 33-бет; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. 14-бет*).

Белгілі өлкетанушы Н.Я. Коншин былай дейді: «Қазақтың Орта жүзі жеті тайпадан тұрады: арғын, найман, керей, уақ, тарақты, қыпшақ және қоңырат» (*Н.Я. Коншин. Заметки о происхождении родов Средней Киргизской Орды // Материалы для истории степного края. Памятная книжка Семипалатинской области. – Семипалатинск, 1900 г.*).

Көрнекті тарихшы Е. Бекмаханов та Орта жүздің жеті тайпасының бірі ретінде тарақтыны атайды: «Орта жүз аумағын қоныстанған барлық рулар мен олардың тармақ-бұтақтары мынандай жеті рулық бірлестіктер құрамына енген: арғын, найман, керей, уақ, тарақты, қыпшақ және қоңырат» (*Е. Бекмаханов. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. – Алматы, 1992. 51-бет*).

Ұлы жүзге – жалайырдың, Орта жүзге – тарақтының, Кіші жүзге – табынның нокта ағасы болуы және олардың таңбаларының бірдей «тарақ» болуы бұл үшеуінің тайпалық өресін айғақтайды.

КІШІ ЖҮЗ құрамындағы тайпалар: шекті (жаманак), төртқара (қарамашак), қарасақал (айнық, тегінболат), қаракесек (ұланак), кете (бозаншар, тойқожа, түменқожа), шөмекей (бұл алты тайпаны жинақтап «Әлімұлы» деп атайды), адай, жаппас (алтын), алаша, байбақты, беріш, қызылқұрт, таз, есентемір, масқар, ысық, шеркеш, тана (бұл он екі тайпаны жинақтап «Байұлы» деп атайды), телеу, рамадан,

тама, табын (ноқта ағасы), кердері, керейт, жағалбайлы (бұл жеті тайпаны жинақтап «Жетіру» деп атайды). Барлығы 25 тайпа («Кіші жүз» тараушасындағы «Алшын» тақырыпшасын қараңыз).

Шекті (жаманақ) тайпасының құрамындағы рулар: шынғыс, өріс, баубек, мәку (қалу). Іргелі 4 ру.

Төртқара (қарамашақ) тайпасының құрамындағы рулар: ораз, оразгелді, жаншүкір, қараш. Іргелі 4 ру.

Қарасақал (айнық, тегінболат) тайпасының құрамындағы рулар: бақберді, бұла (әкелері – Сарыбас, оның әкесі – Айнық), пұсырман, шәңгір (әкелері – Тегінболат). Іргелі 4 ру.

Қаракесек (ұланақ) тайпасының құрамындағы рулар: есіл, тобыл. Іргелі 2 ру («Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын, «Тектес-аттас ру-тайпалар» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын, «Кіші жүз» тараушасындағы «Бес естек» тақырыпшасын қараңыз).

Кете (бозаншар, тойқожа, түменқожа) тайпасының құрамындағы рулар: жәлімбет, жәрімбет (бұл екеуін «байсары», «қара кете» немесе «ожырай кете» деп те атайды. Байсарыдан – Бозаншар, одан – Ожырай, одан – Жәлімбет, Жәрімбет), тұрсынбай, қараш (бұл екеуі Тойқожа (Тайқожа) ұрпақтары, «ақ кете» деп аталады), сары, томпақ (бұл екеуі Түменқожа ұрпақтары, «шөмен кете» деп аталады). Іргелі 6 ру. Ең бір көп нұсқалы, алуан нұсқалы шежіре дерегі кете тайпасына қатысты екенін атап өткен жөн. Біз жиі қайталанатын бір нұсқасын ғана келтірдік («Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз).

Шөмекей тайпасының құрамындағы рулар: тоқа, көнек, аспан, бозғыл (осы руларды «Төрт шөмен» деп атайды). Іргелі 4 ру.

Адай тайпасының құрамындағы рулар: Құдайке, келімберді. Іргелі 2 ру.

Жаппас (алтын) тайпасының құрамындағы рулар: жансары, дәнсары, өңгіт (үңгіт), мәметек, ораз, алсай, бұйра. Іргелі 7 ру. Бұл тайпаның да шежіресі алуан нұсқалы болып келеді. Мәселен, ел ішінде жиі айтылатын келесі бір шежіре нұсқасында жаппас тайпасынан мынандай алты рудың тарайтыны айтылады: сумұрын (шылауын), қалқаман, қаракөз, қияқты, шалтық, өңгіт («Сіңісті аталар мен ру-тайпалар» тараушасындағы «Өңгіт» тақырыпшасын қараңыз).

Алаша тайпасының құрамындағы рулар: ақберлі, тоқберлі. Іргелі 2 ру.

Байбақты тайпасының құрамындағы рулар: байжиен (токсоба), батақ. Іргелі 2 ру.

Беріш тайпасының құрамындағы рулар: есенқұл, қаратоқай, жайық, жаңбыршы, себек, бегіс, есен. Кейбір шежіре нұсқаларында: себек, есен, бегіс, күлкіш (күлкіш), қаратоқай, жайық, есенқұл. Іргелі 7 ру.

Қызылқұрт тайпасының құрамындағы рулар: елқұтты, байқұтты, жантелі, шора. Іргелі 4 ру.

Таз тайпасының құрамындағы рулар: абай, кабай. Іргелі 2 ру.

Есентемір тайпасының құрамындағы рулар: көн, тағашы. Іргелі 2 ру.

Масқар тайпасының құрамындағы рулар: құттықадам, масақ. Іргелі 2 ру.

Ысық тайпасының құрамындағы рулар: ақсары, сарыбай. Іргелі 2 ру.

Шеркеш тайпасының құрамындағы рулар: бөтік, бай, ертай. Кейбір шежіре нұсқаларында: аққұба, бөтік. Іргелі 3 ру.

Тана тайпасының құрамындағы рулар: шаңқан, біртоған (біртоғаш). Іргелі 2 ру.

Телеу тайпасының құрамындағы рулар: әжіахмет, самат, керейіл. Бұларға ноғай руын қосатын шежірелер де бар. Іргелі 3 ру.

Рамадан тайпасының құрамындағы рулар: балғалы, шөмішті. Іргелі 2 ру.

Тама тайпасының құрамындағы рулар: әліп, жөгі. Іргелі 2 ру.

Табын тайпасының құрамындағы рулар: ағым (көсеулі), бозым (шөмішті), тоғым (тарақты). Іргелі 3 ру.

Кердері тайпасының құрамындағы рулар: смайыл, шағыр. Іргелі 2 ру.

Керейт тайпасының құрамындағы рулар: еспембет, қоспембет (доспембет). Іргелі 2 ру.

Жағалбайлы тайпасының құрамындағы рулар: лез, мырза. Іргелі 2 ру.

ЖҮЗДЕН ТЫС тайпалар: төре, төлеңгіт, қожа, сунақ. Барлығы 4 тайпа.

Төре тайпасының құрамындағы рулар: Ұлы жүз төрелері (Абылай ханның, Әбілмәмбет ханның ұрпақтары), Орта жүз төрелері (Әбілмәмбет ханның, Абылай ханның, Сәмеке ханның, Барақ пен Көшек сұлтандардың, Шайбан тұқымы Көшім мен Токтамыс ұрпақтары), Кіші жүз төрелері (Әбілқайыр ханның, Қайып ханның, Сәмеке ханның ұрпақтары). Іргелі 3 рулық бөлік (*«Жүзге кірмейтін ру-тайпалар» тараушасындағы «Төре» тақырыпшасын қараңыз*).

Төлеңгіт тайпасының құрамындағы рулар: Ұлы жүз төлеңгіттері, Орта жүз төлеңгіттері, Кіші жүз төлеңгіттері. Іргелі 3 рулық бөлік.

Осы орайда, жүзден тыс бола тұра төре мен төлеңгіт тайпаларының ішкі рулық құрылымдары жүздік бөліктер бойынша қалай жіктелмек деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Мұндай жіктеу шартты сияқты көрінгенімен, тарихи ақиқаттың солай екеніне ден қоюға болады. Себебі, төрелердің және төрелермен ұдайы бірге болған төлеңгіттердің жүз бойынша жіктеле бастауы Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңімен, яғни, қазақ мемлекеттігінің қалыптасуымен бірге басталған үдеріс. Бұл кезеңде төре-төлеңгіттер ел ішінің жүздік құрылымына орай саяси-әлеуметтік биліктің басында болса, кейін Ресей отаршылдығының бел алуы олардың сол билік жүргізген жүздер құрамына сіңе түсуін одан әрі жеделдетті. Қазақ арасында жиі айтылатын «Ұлы жүздің төре-төлеңгіті», «Орта жүздің төре-төлеңгіті», «Кіші жүздің төре-төлеңгіті» деген сөз тіркестері, түптеп келгенде, тарихи қалыптасқан этноақпараттық ақиқат болып табылады. Ол былай тұрсын, қазақ арасында әр жүздің өкілдері өз төрелерін мерей-мәртебе тұтатын психология қалыптасқан. Абылай хан мен Әбілқайыр ханның қандас туысқандар екеніне қарамастан, Орта жүз – Абылай ханды, Кіші жүз – Әбілқайыр ханды өзімсініп, тіптен оларды бір-бірімен өрелестіріп отыратын сәттер жиі ұшырасады. Мұндайда, қазақ үшін шежірелік ақпарат деген құрғақ дерек қана емес, ең алдымен, өмірлік қасиеттер дарыта алатын тылсым күш сияқты екенін мойындауға тура келеді.

Қожа тайпасының құрамындағы рулар: қорасан қожа, қырықсадақ қожа, аққорған қожа, диуана қожа, бақсайыс қожа, ақ қожа, жүсіп қожа, сейіт (сайид) қожа,

түркімен қожа, қылышты қожа. Барлығы 10 ру («Жүзге кірмейтін ру-тайпалар» таураушасындағы «Қожа» тақырыпшасын қараңыз).

Сунақ тайпасының құрамындағы рулар: қайғак, бессары, аташ, қалмырза, тоқпан, сиық. Іргелі 6 ру.

Жүзден тыс рулар: ноғай (ноғай-қазақ), қырғыз, құрама, қараша, қорасан, қырғызалы, баршылық, барлас, дүрмен, көлеген, қалпак, қият, моғалтай, ноғайлы. Барлығы 14 ру.

Сонымен, қазақ ру-тайпаларын жинақтап пайымдағанда Ұлы жүзде — 11 тайпа, Орта жүзде — 7 тайпа, Кіші жүзде — 25 тайпа, жүзден тыс — 4 тайпа, барлығы — 47 тайпа болады екен. Ал, іргелі (аталық) руларды жинақтап пайымдағанда Ұлы жүзде — 109 ру, Орта жүзде — 87 ру, Кіші жүзде — 77 ру, жүзден тыс — 36 ру, барлығы 309 іргелі (аталық) ру болады.

Қазақ этноқұрылымын пайымдау барысында тарихи қалыптасқан, өзгермейтін, яғни, статтық сипат алған нақтылы ру-тайпалар мүмкіндігінше толық қамтылды. Бұл орайда, шежірелік деректердің ең жиі қайталанатын үлгілері негізге алынды. Демек, жоғарыда көрсетілген ру-тайпалық құрылым-жүйенің басқа да шежірелік нұсқалары бар екенін әсте жоққа шығара алмаймыз. Ондай нұсқалардың болуын бір ғана фольклордың табиғатына телумен шектелуге де болмас. Қазақ халқы XVIII, XIX, XX ғасырлар аясында отаршылдық экспансия, соғыс, ашаршылық, репрессия, эмиграция сияқты қасіреті жойқын кезеңдерді бастан өткергені белгілі. Осындай нәубеттер салдарынан біртұтас қазақ ұлтының қомақты бөлігі бас сауғалап, әлемнің қырықтан астам елін паналауға мәжбүр болды. Талай әулет-аталар жойылып кетті. Іргелі ру-тайпалардың өзі өрт шалған тоғайдай селдіреп қалды. «Аздың атасы бір» дегендей, тағдыр талқысына түскен әулеттердің, аталардың, рулардың селдіреп-шашыраған өкілдері бір-біріне сүйеніш болып, бас біріктіріп, тіршілік құруына тура келді. Осылайша ел басына түскен тарихи ауыртпашылық қазақ халқының іштегі және сырттағы этноқұрылымына да елеулі өзгерістер енгізді. Шежіре деректерінің, әсіресе, шежірелік аңыз-әңгімелердің әр тарапты болуына қатысты осы сияқты сыр-себептерді де қаперде ұстаған абзал.

Қазақтың қара өлеңі еске түседі:

«Көк жүзін бұлт торласа жауын болар,
Құба жон жоқ қарасаң тауың болар.
Жайылған айлық жерге ағайын ел,
Күн туса бір-ақ уыс қауым болар».

Ендігі бір айрықша назар аударатын мәселе, қазақ руларының сандық көрсеткіштеріне қатысты. Сөз жоқ, қазақ рулары жоғарыда көрсеткендей 309-дан әлдеқайда көп. Біз тек іргелі (аталық) руларды ғана атап көрсетуді мақсат еттік.

Осы орайда, қазақ рулары өзара іргелі (аталық) рулар, кіші рулар және сіңісті рулар ретінде сараланып, әрқайсысының өзіндік айырым-өселері болатынын атап өткен жөн. Әдетте, іргелі рулардың генеалогиялық ақпарат-дерегі белгілі бір тайпамен

сабақтасып, түпкі тегі көбінесе байырғы автоэтнонимдермен (Үйсін, Арғын, Алшын деген сияқты) ұштасып жатады. Ал, кіші рулар немесе екінші буын, үшінші буын... рулар деп, әдетте, іргелі рулардан тарайтын, яғни, іргелі рулардан енші алып шыққан руларды айтады. Олардың генеалогиялық тегі тікелей іргелі рулардан бастау алып отырады. Сіңісті рулар болса, атауы айтып тұрғандай, әр түрлі жағдайға байланысты іргелі ру-тайпа құрамына сырттан қосылғандар. Сондықтан да даңғайыр шежірешілер әдетте шежіре таратып отырғанда әрбір ру туралы «бұл іргелі ру», «бұл аталық ру», «бұл кіші ру» немесе «бұл сіңісті ру» деп айырып айтып отырады (А. Меңдалыұлы. *Адай*. — Алматы, 2002. 15-бет).

Әрине, іргелі рулардың, кіші рулардың және сіңісті рулардың арасындағы қарым-қатынас «аға баласы», «қара шаңырық иесі», «жолы үлкен», «ноқта ағасы», «еншілес» сияқты жөн-жобалармен, жол-жоралармен реттеліп, оның өзі алуан түрлі салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен бекемделе түсетін болған.

Осы орайда, іргелі, кіші және сіңісті рулар сыртында жүзден тыс рулардың да бар екенін, шежіре деректерінде олардың саны 14 болғанын атап өткен жөн. Жоғарыда атап көрсеткендей олар: ноғай (ноғай-қазақ), қырғыз, құрама, қараша, қорасан, қырғызалы, баршылық, барлас, дүрмен, көлеген, қалпақ, қият, моғалтай, ноғайлы рулары. Бұл рулар іргелі рулардан енші алып шықпай, қилы-қилы тарихи үдерістер барысында жасақталғандықтан, олар да іргелі рулар санатына қосылды. Бұлайша жіктеудің, белгілі дәрежеде, шарттылығы болғанымен, жалпы қазақ қоғамындағы іргелі рулардың жасақталу заңдылығына сәйкес келетіндігі ескерілді. Сөйтіп, ісі қазақта үш жүзден астам (309) іргелі рудың құрылымдық жүйесі алғаш рет айғақталып отыр.

11. Енші институты

Тілдің жады берік. Тіл — алыс заманалар қойнауындағы ақиқатты ұрпақтан-ұрпаққа айнытпай жеткізетін тарихи деректер қоймасы. Қазақ тілінде «енші» деген сөз бар және одан туындайтын алуан мағыналы сөздер күні бүгінге дейін қолданылады. Мәселен, «енші», «еншідей», «еншіле», «еншілену», «еншілес», «еншісі бір», «еншілестік», «еншілестіру», «еншілі», «еншісіз», «енші алды», «енші берді», «еншіге тиді», «еншісі бөлек, ені басқа», «бөлінбеген енші», т.б. (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том*. — Алматы, 1978. 366-367-беттер; *І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. — Алматы, 1977. 162-163-беттер).

Осынау сөздердің, сөз тіркестерінің бірыңғай материалдық игіліктер мен әдет-ғұрыптық нормаларға қатысты айтылуы және сол мән-мағынасында қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік-құқықтық қатынастарды айғақтауы назар аудартады. Жай ғана назар аудартып қоймайды, сол қоғамдық өмірді, әсіресе, оның материалдық игіліктерін (мал-мүлік, қоныс-өріс, жер-су) реттейтін аса маңызды тетіктердің бірі енші институты болғанын пайымдатады. Ақиқаты да солай. Қазақтың дәстүрлі көшпелі өмір-салтымен орайлас дүниеге келген ру-тайпалық жүйені,

оның жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз сияқты ішкі құрылымдарын әлеуметтік үйлесімге келтіріп отыруда енші институтының рөлі айрықша болған.

Тарихи-этнографиялық мағлұматтарға ден қойғанда қазақтың дәстүрлі қоғамын әлеуметтік үйлесімге келтіріп отыру үшін еншінің негізгі үш түрі әдет-ғұрыптық құқық (обычное право) деңгейінде орныққанын, сөйтіп, жалпы этникалық нормаға айналғанын байқауға болады.

Бірінші, енші — балаларға ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкі, қалдыратын мұрасы.

Екінші, бөлінбеген енші — кез келген қазақ жанұясының жолаушылап келген қонаққа беретін сый-сыбағасы (тамақ, жатын орын, малының жем-шөбі).

Үшінші, еншілес болу — тұтас ру аясындағы әулеттер мен аталардың қандастуыстас болуына немесе болмауына қарамастан мақсат-мүдделерін бір ету және материалдық игілікке (негізінен төрт түлік малға, қоныс-өріске, жер-суға) ортақ болу дәстүрі.

Енді, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы еншінің осы үш түрін әрі қарай саралай түсу қажет.

1. Қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі әдет-ғұрып қағидасы бойынша ер балалар жеке үй болып бөлініп шыққанда ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкін «енші» деп атайды. «Еншісіз ұл, кәдесіз қыз болмайды» деген қазақ мәтелі осы дәстүрге орай айтылған. Еншінің көлемі ата-ана дәулетіне, мүмкіндігіне орай әр түрлі болады. Енші бөлу барысында ата-ананың ұйғарымы заң, оған қайшы келетін бөгденің билігі жүрмейді. Ата-ана қайтыс болған жағдайда енші бөлу билігі ер балалардың үлкеніне беріледі.

Өмір болған соң, әр түрлі жағдайлар болуы мүмкін: әке өліп, шешесі ғана қалуы; ер балалар үйленбей тұрғанда, яғни, бөлек отау құрмай тұрғанда ата-анасы бірдей қайтыс болуы; ата-анасы қайтыс болғанда соңында ағайынды бірнеше ер бала қалып, олардың үлкендері үйленген, кенжесі әлі үйленбеген болуы; ата-ананың ер баласы болмай, тек қызы (қыздары) ғана болуы немесе мүлде перзентсіз болуы... деген сияқты. Мұның бәрінің қазақ арасында қалыптасқан жөн-жобалары мен жол-жоралары бар және мұндай жағдайлар ет жақын ағайындар арасында болғандықтан, әдетте, дау-дамайсыз, сыртқы төреліктің араласуынсыз, өзара мәмілемен шешіліп отырған.

Қазақ дәстүрінде бірнеше әйел алған адам әрбір әйелін оңаша үй немесе оңаша ауыл етіп ұстап, олардың мал-мүліктерін де оқшаулап беретін үрдіс болған. Мұндай жағдайда да әр әйел мен одан туған балаларға тиесілі енші мүмкіндікке қарай бөлінген. Алайда, ұл балалар енші алып, бөлек үй болып шыққанға дейін мал-мүлікті жарату тек қана әкенің (отағасының) еркінде болған. Яғни, әрбір әйел оңаша үй болып отырғанымен, олардың мал-мүлкі біртұтас дәулет болып есептеліп, оған отағасы билік жүргізген (*ҚРОМТА (ЦГИА), 64-қор, 1-тізім, 4236-іс, 49-парақтың қос беті*).

Шежіре дерегінде найман ішіндегі бағаналының төрт босағасының бірі атанған Бабырдың (қазақтың белгілі қаламгері Камал Смайыловтың арғы атасы) жеті әйелі болған, одан 25 ер бала көрген. Сол Бабыр жеті әйеліне Ұлытаудың бөктерін айналдыра жеті қыстау салдырып, қыс түскен соң, солтүстіктегі қуандық, керейлердің,

шығысындағы қаракесек, тама, тарақтылардың, онтүстігіндегі ошақтылардың, батысындағы қыпшақ, тоқал арғын, шөмекейлердің жақсы-жайсандарын соғым басына шақырады екен. Шақыратын қонақтары Ұлытаудың қай тұсынан келетін болса, сол тұстағы әйелінің қыстауына түсіретін көрінеді. Бұл мысалдан, отағасы ретінде Бабыр жеті әйелінің де мал-мүлкіне басие екені айқын байқалады (*Тарақты Ақселеу. Балталы, бағаналы ел аман бол. – Алматы, 1993. 173-бет*).

Әдетте, қыз балаға енші берілмейді. Алайда, қыз ұзатылғанда еншіден олқы соқпайтын жасау берілетін кездер болады. Ұзатылатын қыздың жасауы, көп жағдайда, күйеу жағынан келетін қалыңмал мөлшерінен артықтау түсіп жатады. Бұл түсінікті де, қыздың ата-анасы «біржола босаға аттап, жатжұрттық болып бара жатқан перзентіміз барған жерінде жасымасын» деп, шашылып-төгіледі. Оның үстіне «қалыңмал» деген рәсімнің өзі, атауы айтып тұрғандай, ұзатылатын қыздың жасауын жабдықтайтын мал деген мағынаны білдіреді. Былайша айтқанда, қыз беруші жақтың жасауы мен қыз алушы жақтың қалыңмалы қосылып, бас құраған екі жастың бірден үй болуына, сойтіп, ел қатарына қосылуына себепші болған. Бұл – жеке адамдар үшін ғана емес, тұтас қазақ қоғамының тұрақтылығы мен әлеуетіне тұғыр болған өміршең дәстүр. Ұзатылған қыз, дәстүр бойынша, араға біраз уақыт салып, көбінесе перзентті болған соң, арнайы төркіндеп келетін болған. Осы жолы қыз бала ата-анасының үйінен еншілік үлеске татитын мал-мүлік алып кете алған. Оны қыздың «кәдесі» немесе «қалауы» деп те атайды. Әлгі, «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды», «Асыққан қыз алты жылда, жетіскен қыз жеті жылда төркіндейді» деп келетін мәтел сөздер ұзатылған қыздың төркіндеу рәсіміне орай айтылған.

2. Бөлінбеген енші, яғни, қонақтың еншісі қазақтың дәстүрлі өмір-салтында және сол өмір-салтпен орайлас қалыптасқан ру-тайпалық жүйеде ел-жұрттың біртұтас этножаралым (этноорганизм) болуын ойластырудан туындаған айнымас әдет, бұлжымас қағида, қатал тәртіп. Мұндай тәртіп болмаса, табиғаты қуаң сайын далада желдей жүйткіп, судай сырғыған көшпелілердің ел болып тұтасуын, ұлт болып ұйысуын былай қойғанда, қарапайым тіршілік құрудың өзі қиынға соғар еді. Бөлінбеген енші дәстүрі бойынша кез келген қазақ жолаушылап келе жатып кез келген қазақтың үйіне қонуға, қонақасын ішіп-жеуге, мініс көлігін дилап аттануға хақылы болған. Яғни, кез келген қазақ жолаушысы кез келген қазақтың үйінде бөлінбеген еншім бар деп, сеніммен босаға аттай алған. Ондай жолаушыдан тамақ ақы, жамбас ақы, мініс көлігіне берілетін жемшөп ақы алынбаған. Керісінше, жолаушы түскен үйінен оң шырай, ықыласты күтім көре алмаса, ол жолаушы биге жүгініп, сол үйден айып-шам алуға хақылы болған («*Алаш. Қазақ. Жүз*» тарауындағы «*Алаштың енші бөлуі*» тақырыпшасын қараңыз; *Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. – Алматы, 1967. 44, 63-беттер; Билер сөзі. Құрастырған Т. Кәкішев. – Алматы, 1992. 75-76-беттер*).

Бөлінбеген енші дәстүрі туралы белгілі тарихшы-этнограф Ж.О. Артықбаев былай дейді: «Бұл құбылысты әлеуметтік байланыс түрінде қарастырсақ тендессіз дүние. Руына, жүзіне, ұлысына, атасына еш көңіл бөлмей, тұтас қазақ, немесе жалпы Алаш елін бір алтын дінгекке байлайтын құбылыс. Әлеуметтік жағынан бай демей, кедей демей барлық қазақты тең ұстайтын, тең мүмкіндік беретін, кедей бай-

дың төріне шығатын, байды кедей үшін шығынға қалдыратын әлеуметтік ортаны қалыптастыратын қағида» (Ж.О. Артықбаев. *Этнос және қоғам. XVIII ғ.* — Қарағанды, 1995. 144-бет).

3. Еншілестік дәстүрі бойынша жанұялар мен әулет-аталар қандас-туыстас болу-болмауына қарамастан, белгілі бір ру аясына топтасып, дәлірек айтқанда, белгілі бір ру аясына кірігіп, мақсат-мүдделерін ортақтастырған. Мақсат-мүдде ортақ болған соң, сол руға тиесілі төрт түлік мал да, қоныс-өріс те, жер-су да өзінен-өзі ортақ болған.

Ру аясындағы еншілестік материалдық игіліктің ортақтығын ғана айғақтап қоймаған, ең бастысы, еншілестер біртұтас әлеуметтік жаралым ретінде бірі үшін бәрі, бәрі үшін бірі жауапкершілікті терең сезінген. Мұны әркім айнымас әдет (заң), бұзылмас қағида деп біліп, қоғамдық өмірдің кез келген жағдайында басшылыққа алып отырған. Мұндай әдет-ғұрып сақталмаған жағдайда ру аясындағы әртекті әулет-аталардың ешқашан ұжымы жараспайтынын, бірлік-берекесі болмайтынын әркім-ақ жақсы түсінген. Қазақ руларының бірыңғай қандас-туыстастардан құралмайтынын, ру аясындағы әулет-аталардың әдетте әртекті болып келетінін, сол себептен де қазақ рулары әсте қандас-туыстастар одағы емес, ең алдымен, қоғамдық-әлеуметтік және саяси одақ екенін кезінде Н.А. Аристов, А.Н. Харузин сияқты ғалым-зерттеушілер тап басып, атап көрсеткен (Н.А. Аристов. *Опыт... // «Живая старина» журналы. III-IV шығарылым.* — С.-Петербург, 1894. 393-бет; А.Н. Харузин. *К вопросу о происхождении киргизского народа.* — «Этнографическое обозрение» журналы. — Москва, 1895. № 3, 59-бет). Сондықтан да Қазақ даласында Ресей отаршылдығы бел алғанға дейін еншілестік дәстүрі әдет-ғұрыптық заң деңгейінде қоғамдық өмірді ретті етудің ең пәрменді тетігі болды. Мұның айқын да бұлтартпас айғақтары қазақтың шежірелік деректерінде, шешендік сөздерінде, әсіресе, билердің төрелігінде жан-жақты көрініс тапқан.

Өкініштісі, осы уақытқа дейін енші институты, әсіресе, ру аясындағы жеке адамдардың, жанұялардың, әулет-аталардың еншілестігі арнайы зерттеп-зерделеу объектісі болмай келді. Енші мәселесін сөз еткен еңбектерде ата-ананың балаларына енші бөлуі немесе бөлінбеген енші туралы мысал-деректер ғана этнографиялық деңгейде көрініс тауып отырды. Ал, қазақтың дәстүрлі қоғамын жарастықты етуде мейлінше пәрменді рөл атқарған ру аясындағы еншілестіктің тарихи мән-маңызына мүлде назар аударылмады десе де болады. Мұндай ахуалдың сыр-себепін қазақ халқының отаршылдық тұзағына түсуімен байланыстырудың қисыны бар. Ресей отаршылдығы қазақ қоғамының дәстүрлі ру-тайпалық құрылымынан бастап этноаумақтық байланыстарына дейін, билік жүйесінен бастап қоғамдық қатынастарына дейін түбегейлі өзгерістерге түсірді. Әсіресе, ХІХ ғасырда сыртқы күштің зорлығымен жүзеге асқан әкімшілік және сот реформалары (1822, 1867-1868, 1886-1891 жж.) қазақтың дәстүрлі этноәлеуметтік институттарын күйретіп жіберді.

Патшалық Ресейдің 1822 жылғы 22 шілдеде жарияланған Сібір қазақтары туралы Жарғысында қазақ халқының дәстүрлі қоғамдық-әлеуметтік құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізілді. Яғни, қазақтардың ру-тайпалық жүйеге негізделген дәстүрлі қоғамдық-әлеуметтік құрылымы және оның ғасырлар бойы шындала

қалыптасқан әдет-ғұрыптық нормалары Сібір қазақтары туралы Жарғыдан кейін түбірлі өзгеріске түсе бастады. Әсіресе, елдік пәтуа-бірлік пен мемлекеттік тұтастыққа негіз болған енші институты күйреп түсті. Бұдан былай рубасылар ру аясындағы ел-жұртқа еншілестері ретінде, Абай айтқандай «жетпегенін жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп», камқорлықпен және өздік жауапкершілікпен қарай алмайтын болды. Керісінше Сібір қазақтары туралы Жарғыдан кейін жаңадан жасақталған қоғамдық-әлеуметтік құрылым бойынша 50-70 жанұя бір ауыл, 10-12 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ болып, олардың әкімшілік тізгінін ұстаған ауылнайлар (старшындар), болыстар, аға сұлтандар ендігі жерде өз қарауындағы ел-жұрттың бұрынғыдай камқоршысы емес, қарсыластары тұрғысында қызмет атқаруға мәжбүр бола бастады («Орта жүз» тараушасындағы «Тоқсан би» тақырыпшасын қараңыз). Былайша айтқанда, ұлттық-мемлекеттік мүддені бір жолға салып отыратын хандық билік жойылып, отаршылдық жүйенің қоғамдық-әлеуметтік құрылымы үстемдік құрған кезде, сол жүйенің ауылнай, болыс, аға сұлтан сияқты қызметшілері өзінен-өзі Ресей империясының сойылсоғары болып шыға келді (Сырымға, Исатайға, Махамбетке кімдердің қарсыласқанын елестетсе де болар). Мұның тыпыр еткізбейтін тетіктері — жаңадан әкімшілік-аумақтық бөліктерді құру, ол бөліктерге полицейлік және сот биліктерін орнату, салық түрлерін белгілеу, діни-идеологиялық шаралар жүргізу сияқты 320 ережеден тұратын Жарғыда мұқият ескерілді (1822. Июль 22. № 29172. Высочайше утвержденный Устав о сибирских киргизах // А.И. Левшин. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы, 1996. 399-428-беттер).

Осы Жарғыдан кейін-ақ қазақ қоғамындағы дәстүрлі өмір-салттың шырқы бұзыла бастады. Экожүйеге әбден бейімделіп, ғасырлар сынынан өткен өмір сүрудің көшпелі үлгісі тоқырау кезеңіне тап болды. Былайша айтқанда, осы кезеңнен бастап көшпелі өмір-салттағы қазақтар табиғат заңдылығына емес, Ресей отаршылдығы зорлап таңған жүйеге мойын ұсынуға мәжбүр болды. Қазақ даласы облыс, округ, уезд, болыс, ауыл сияқты әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінді. Округ құзырындағы жерлерді «аға сұлтандардың рұқсатынсыз пайдалануға, ол жерлермен көшіп-қонуға тиым салынды» (ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты. Қор-37, іс-272, парақ-72).

Мұндай жағдайдан кейін дәстүрлі қазақ қоғамындағы «Күн ортақ, ай ортақ, көш жолы ортақ», «жер Құдайдікі», «қара жерге халық ие, қара халыққа хан ие» деп келетін киелі ұстанымдар күнгірт тартты.

Ресей империясының отаршылдық мүддесін жүзеге асырушылар қазақ халқының дәстүрлі ру-тайпалық жүйесі мен сол жүйеге орайласа қалыптасқан потестарлы-саяси құрылымын жоймайынша қазақ қоғамына толық үстемдік етіп, билік жүргізудің мүмкін емес екенін жақсы білген. Мұндай пиғыл-ниетті Ресей Мемлекеттік Кеңесінің мүшесі, Сырдария облысында әскери губернатор (1883-93), Түркістан генерал-губернаторы және әскери округінің қолбасшысы (1903-08) қызметтерін атқарған Н.И. Гродеков ашық жазған: «1867 жылғы заң бойынша... іргелі руларға бір рубасының билік жүргізуі саяси тұрғыда зиянды деп есептелді, сондықтан да қазақ руларын ыдырату үшін көшпелі ел-жұртты болыстар мен ауылдарға

бөлшектеп жіберу көзделді. Осындай мақсатпен 1867 жылы болыстар құрылып, оған мүмкіндігінше әр түрлі рудың адамдары топтастырылды» (*Н.И. Гродеков. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Бірінші том. — Ташкент, 1889. 13-бет*).

Яғни, 1867-1868 жылғы Уақытша Ережеден кейін қазақ халқының дәстүрлі ру-тайпалық жүйесі мен сол жүйеге орайласа қалыптасқан потестарлы-саяси құрылымы бұрынғыдан бетер қожырап, ендігі жерде ру-тайпа аясынан еншісі окшау ру бөліп шығару үрдісі мүлде мүмкін болмай қалды. Яғни, көшпелі өмір-салттың және сол өмір-салтқа орайлас қалыптасқан Қазақ хандығының әлеуметтік-құқықтық негізі болып табылатын енші институты мен оны үйлестіріп отыратын билер билігін (билер сотын) жою — Ресейдің отаршылдық жүйесін Қазақ даласына орнықтырудың ең тиімді жолы болды. Мұны, әлгі Н.И. Гродеков айтқандай, Ресейдің отаршылдық саясатын жүргізушілер қапысыз түсінді және ерекше жытқырлықпен жүзеге асырды. Ол үшін, ең алдымен, көшпелі өмір-салтқа кепіл болатын жерге деген бүкілхалықтық иелікті жойып, сол арқылы енші институтын керексіздендірсе болды, дәстүрлі қазақ қоғамының өзінен-өзі қожырайтынын және олардың ұжымдық (корпоративтік) рухы мен әлеуеті күйрейтінін жақсы білді. Мұндай ұстаным Ресей үшін әскери күш жұмсаудан гөрі әлдеқайда тиімді және анағұрлым нәтижелі еді. Осылайша, қазақ халқы алғаш рет Ресей отарындағы ел ретінде ресми түрде жерге деген иеліктен айырылды. Уақытша Ереженің 210, 211, 230-баптарында былай деп атап көрсетілді:

«210. Қазақ жайылымындағы жерлердің бәрі мемлекеттік болып табылады және қазақтарға қоғамдық негізде беріледі.

211. Жеке меншік жер иеленуші болып тек патша ағзам тарапынан сыйға алған жерлер және иелігі акті бойынша заңдастырылғандар саналады.

230. Ресейден қоныс аударушы орыстарға, Сібір қалаларына орнығатын адамдарға белгіленген жеңілдіктер беріледі» (*Материалы по истории политического строя. 1-том. — Алматы, 1960. 323-340-беттер. Аударма Ж.О. Артықбаевтың «Қазақстан тарихы» атты оқулық-нұсқалығынан алынды. — Астана, 2003. 193-бет*).

Бұл Ережеге мойын ұсынбағандарды бұзақы-қылмыстылар ретінде әскер күші аяусыз қырғынға ұшыратты. Ал, елі мен жері үшін басын бәйгеге тіккен есіл ерлер әскери соттың үкімімен ату жазасына кесілді, Сібірге айдалды, абақтыда өмірлері өксіді. Қазақтың желдей еркін рухтағы атпал азаматтары, Мәди Бәпиұлы айтқандай: «Қызығын көре алмадым атқан таңның!» — деп, абақтының тар қапасында күңіренді. Ең сұмдығы, Ресейдегі саяси, әлеуметтік және идеологиялық платформалардың өзгергеніне қарамастан, қазақ халқының тарихи мүддесін аяққа таптаған 1868 жылғы Уақытша Ережедегі негізгі ұстанымдар 1991 жылға дейін еш өзгерместен қатаң сақталды. Бұл ретте, Уақытша Ережені қазақ халқының тарихи тағдырындағы қасірет қамыты деуге болады. Ғасырдан астам уақытқа созылған жойдасыз зорлық пен әділетсіздік қазақ халқының төлтума сапасына өлшеусіз зиян келтірді... Әрине, өткенге салауат, мұндайда болашағынан үміті бар ел тарихи зардаптан арылуды ұлттың ұлы мұратына айналдыруы қажет...

Түптеп келгенде, отаршылдық мүдде орнықтырған қоғамдық-әлеуметтік құрылым мен диктатуралық режим үстемдік құрған ортада дәстүрлі енші институты-

ның сақталып қалуы мүмкін емес еді. Осылайша, жеті атаға толған әулет-аталардың іргелі рудан енші алып, өз алдына дербес ру болып шығатын дәстүрі тоқтады. Сөйтіп, қазақ ру-тайпалары өзгермейтін, яғни, өз аясынан ру бөліп шығара алмайтын, статтық сипат ала бастады. Мұнан әрі әкімшілік-аумақтық бөліктердің отаршылдық мүдде тұрғысынан жүйеленуі ру аясындағы еншілестіктің қоғамды жарастырып отыратын қызметін мүлде қажетсінбейтін болды. Сөйтіп, қазақ қоғамындағы жеке адамға, жанұяға, әулет-атаға мұнан былай ру-тайпа пана болуын тоқтатып, енді оларға патшалық Ресейдің әкімшілік-отаршылдық басқару жүйесі орнықтырған бюрократиялық-құқықтық құрылымдар бақылаушы бола бастады. Нәтижесінде, бұрын «руластарымен бірге у ішетін» қазақ, енді сол руластарының үстінен арыз-шағым жазып, отаршыл әкімдерге жағынуды әдетке айналдырды. Бұл жағдайды дәл аңғарған Қошке Кеменгерұлы: «Приказ ашылғанда-ақ үлкен рулар таралып, ру арасына жік түсті. Сол жік 1868 жылы «Уақытша Положениеден» кейін мүлде алшақ кетті. Бұл «Положение» бойынша болыстық қоғам жер ыңғайына қарай кетіп, кейбір болыстықтар сиырдың бүйрегіндей әр рудан құралып, әр рулар тозғындап кетті», — деп атап көрсетті (*Қ. Кеменгерұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1996. 53-бет*). Ресей отаршылдары орнықтырған әкімшілік жүйесінің әлеуметтік-этникалық ахуалға тигізген жойдасыз зардаптарын М.Ж. Көпейұлы да атап көрсеткен: «Біздің қазақ бұл Россияға қараған соң, «болыс» деген, «ауылнай» деген шықты. Сонда: «болыс болдық», «ауылнай болдық» дегендерге заманындағы қариялар айтады екен:

«Болыс

«Болыс болдым дегенше,

«Ауылнай

Орыс болдым десейші!

«Ауылнай

Ауылнай болдым дегенше,

Ауыл айналған ит болдым десейші!» —

дейді екен. Сонан соң бұл болыс, ауылнайлық сайлауменен болатұғын болды, ол сайлау шарменен болатұғын болды. Сонан соң жұрт құрып, су түбіне кете бастады, су түбіне сол кеткеннен әлі кетіп бара жатыр» (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ тарихы. Шығармалары. 8-том. — Павлодар, 2006. 290-бет*).

Ұлт тағдыры жаттың құзырына тап болғанда этностың іштен іритін әмбебап заңдылығы қазақ қоғамын да аз уақыт аясында індеттей жайлап үлгерді. Бұл ретте, дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық жүйені жарастырып отыратын еншілестік институты сияқты тегеурінді тетіктер отаршылдық жүйенің ең алғашқы құрбаны болуы заңды еді. Іргелі ру аясынан кіші рудың енші алып, жеке ру болып бөлініп шығу дәстүрінің мүлде тоқтай бастағанына алғаш рет В.В. Радлов назар аударды және Ресей отаршылдығына байланысты дендеп бара жатқан бұл үрдіс түптің-түбінде қазақ қоғамын аздырып-тоздырып, қайыршылыққа алып келетінін атап көрсеткен болатын. Көреген ғалымның айтқаны айдай келгеніне тарих куә (*В.В. Радлов. К вопросу об уйгурах. — СПб., 1893. 72-73-беттер*).

Отаршылдық билік үстемдік құрған соң қазақ ру-тайпаларының ішіндегі бірлік-пәтуаның берекесі кетіп, быж-тыж болған қасіретті халін ұлы Абай қан жылап отырып жазған: «Байды қадірлейін десен, бай жоқ... ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр...

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ. Біреулер к...не құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі шығып, мырза болып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр...

Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ...

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, амалға елдің бәрі де есті...

Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік?!» (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. — Алматы, 1995. 174-175-беттер).

Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары хатқа түсе бастаған кезеңде (XIX ғ.) енші институты, әсіресе, ру аясындағы еншілестік дәстүр тарихтың еншісіне айналып үлгерген еді. Оның үстіне, XX ғасырға дейінгі жинақталған тарихи деректер негізінен эмпирикалық-констатациялық сипатта болып, қазақ халқының дәстүрлі қоғамы туралы объективті ғылыми көзқарас орныға қоймады. Ал, XX ғасырда маркстік-лениндік идеология үстемдік құрып, қазақтың дәстүрлі қоғамын танып-түсінуде формациялық даму мен таптық күрес теориясы әмбебап әдіснама тұрғысында басшылыққа алынды. Нәтижесінде, қазақ халқының дәстүрлі өмір-салтындағы шаруашылық-экономикалық негіз бен мәдени-рухани төлтумалық атаулыны танып-түсінуде жансақ детерменистік жорулар бел алып жатты. Мұндай ой-тұжырымдар ғылыми-теориялық еңбектердің «алтын арқауына» айналды. Әсіресе, таптық көзқарасты әдіснамалық тірек еткен «қоғамтанушылар» көшпелі өмір-салтта жекелік меншіктің мейлінше шартты болатынын, еншілестіктің өзі, ең алдымен, ұжымдық меншікке негізделген қоғамдық тәртіп пен норма екенін, ондай қоғамдық тәртіп пен норма көшпелі өмір-салттағы тіршіліктің табиғи мұқтаждығынан туындайтынын елестетмеді немесе елестетуді мүмкін болмады. Себебі, дәстүрлі өмір-салттың объективті ақиқатын ашып көрсетуге талпынғандар ғылыми тұрғыда метафизикалық догматизмді күйттеушілер ретінде шеттетіліп, саяси тұрғыда ескілікті көксеуші ұлтшылдар ретінде қатаң жазаға ұшырады. Басқасын былай қойғанда, мыңды айдаған байды «қанаушы тап» дегенде, сол малды бағып-қағып жүргендер әлгі байдың балалары немесе немере-шөбере ағайындары екені қаперге алынбады. Былайша айтқанда, әкесі қанаушы тап, баласы қаналушы тап болуы мүмкін емес екені мүлде ескерілмеді. Ол былай тұрсын, мыңды айдаған бай әрі кетсе он шақты малдың ғана өнімін тұтынып, еті мен сүтін қажетіне жарата алатынына, қалған малдың барша өнімі еншісі бір ру аясындағы адамдардың игілігі болатынына мән берілмеді. Ал, төрт түлік мал мезгілінде сауылмаса, күзелмесе, қырқылмаса, басбілгі етілмесе, ол малдың әсте өсіп-өнбейтіні, бірі желінсау (мастит) болып, екіншісін құрт тесіп, келесісі жабайыланып кететіні, ақыр аяғында азып-тозып, індет жайлаған малдың құрып бітетіні аян. «Қарамаса қатын кетеді, бақпаса мал кетеді» деген мәтел сөз өмірлік тәжірибеден туған. «Бәлен деген байға бәленбай мың жылқы бітіпті, бәленбай мың қойы болыпты» деген ұғымның мейлінше шартты екені, шын мәнінде ол бай малға ғана ие емес, сол малды бағып-қағып жүрген барша еншілес-

терінің жанашыр басыесі де екені, әсіресе, кеңес заманында туындаған зерттеу еңбектерде көпе-көрнеу бұрмаланды (*«Орта жүз» тараушасындағы «Бәсентіін ішіндегі апай-бөрілер» тақырыпшасын қараңыз*).

Қысқасы, көшпелі өмір-салттағы шаруашылық-мәдени типтің төл болмысы, сол шаруашылық-мәдени типпен орайлас дүниеге келген ру-тайпалық жүйе, ол жүйе қалыптастырған өмір-салт, ең соңында, сол өмір-салтты үйлесімді етуге қызмет ететін әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жора, жөн-жоба сияқты аса өзекті мәселелер идеологияланған тұрпайы (вульгарный) социологиялық зерденің қалыбына кептелді. Әрине, мұндай ахуалда, дәстүрлі қазақ қоғамын ретті етудің ең пәрменді тетігі болған еншілестік институты туралы объективті ақиқатты айту былай тұрсын, бұл, мәселені тілге тиек етудің өзі мүмкін емес еді. Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарына қатысты тарихи дерек көздерінде ру аясындағы еншілестік туралы материалдардың жоққа тән болуында және еншілестік институтының ғылыми тұрғыда зерделене қоймауында осы сияқты тарихи сыр-себептер бар.

Жалпы, еншілестік институтын Қазақ хандығы жасақталу барысында дүниеге келген ең сәтті әлеуметтік-саяси реформа деуге болады. Қазақ хандығының жасақталуы аса күрделі тарихи жағдайда жүзеге асқаны белгілі. Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда жұртындағы әлеуметтің теңіздей толқып, судай сапырылысуы барысында Қазақ хандығының аясына топтасқан ру-тайпалар да мейлінше алашабыр болатын. Осынау тарихи зобалаң заманның ең айқын айғағын, күні бүгінге дейін, бір ру-тайпаның бірнеше түркі тектес (басқа да) халықтар құрамында ұшырасуынан да аңғаруға болады (*«Ел болудың алғышарттары», «Тектес-аттас ру-тайпалар» тараушаларын қараңыз*). Алтын Орда жұртынан шаңырақ көтерген хандықтар арасында Қазақ хандығы, негізінен, көшпелі өмір-салтты тіршілік тірегі еткен бірден-бір ел еді. Әрине, көшпелі өмір-салттың әлеуметтік-саяси тұғыры ру-тайпалық жүйе екені аян. Былайша айтқанда, ру-тайпалық жүйе көшпелі өмір-салттағы ел-жұрттың өмір сүру қалыбы болатын. Міне, осындай жағдайда алашабыр ел-жұртты хандық аясына ұйыстырып, бір мақсат-мүддеге жұмылдыру үшін қапысыз ойластырылған идеялар мен сол идеяларды жүзеге асыратындай тегеурінді тетіктер керек еді. Бұл ретте, Қазақ хандығын жасақтауға мұрындық болған ақылмандар тарихи тәжірибелерге табан тірей отырып, мейлінше сәтті кадамдар жасай алды. Мәселен, алашабыр ру-тайпалардың түбі бір туысқандық сезімдерін оятатын «Алаш баласы» идеясы, хандық аясына топтасқан ел-жұрттың ру-тайпалық жүйесін жаңаша жіктеу, мұнан әрі, қоғамдық өмірдің үйлесімін орнықтыратын әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жора, жөн-жоба нормалары сияқты әрекет-шараларды алдымен атаған абзал (*«Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз*).

Осындай әрекет-шаралардың аясында көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың әлеуметтік жарасымы мен рухани үйлесімін қалыптастыруда еншілестік институты ең бір сәтті де оңтай үлгі бола алды. Еншілестік рәсімі бойынша әрбір ру хандық аясындағы біртұтас әлеуметтік-саяси құрылым болып есептелді. Ол рудың құрамындағы әулет-аталардың әртектілігіне қарамастан, сол ру қоғамдық өмірдің кез келген ахуалына біртұтас этножаралым ретінде жауап беретін болды. Мұның өзі ру аясындағы адамдардың ұжымдық санасы мен ынта-ықыластарын біртұтас тандырып, кез келген субъектінің өмірін мазмұн-мағынаға кенелтті. Өйткені, ру

аясындағы кез келген адам өзінің еншісі бір руын қаншалықты пана тұтса, өзі де соншалықты сол рудың намысын жыртатын еді. Былайша айтқанда, ру аясындағы кез келген адам жаттан зәбір көрсе, мұның өзі тұтас рудың намысын қозғаған. Дәл сол сияқты, ру мүддесі жолында сол рудың кез келген адамы ойланбастан басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы былай депті: «Россия қол астына кіргенше қазақтың тіршілік істері ру ынғайынша еді... Малың рудікі еді. Құнды туысқандары ғана емес, ру болып төлеуші еді. Айыптаса ру болып айыптаушы еді. Қысқасы, ру намысы, ру пайдасы болып жоқталушы еді» (А. Байтұрсынов. *Ақ жол*. — Алматы, 1991. 291-бет). Бұл ретте, қазақтың дәстүрлі қоғамында айтылатын «У ішсең руыңмен» дейтін ұстаным ру аясындағы еншілестер үшін өмірлік декларация сияқты еді. Еншілес болу арқылы белгілі бір ру аясындағы әулет-аталар қандас-туыстастықтарының әртектілігіне қарамастан бірден мүдделестерге, тағдырластарға айналып отырды. Мұндай ахуал, әсіресе, Қазақ хандығы жаңа жасақтала бастаған алашапыран кезеңде, шашыранды әулет-аталардың белгілі бір ру аясына топтасу ынтасын оятты. Сөйтіп, Қазақ хандығы жасақталар тұстағы алашабыр ел-жұрттың ұйысып-тұтастана түсуін жеделдетті. Осы орайда, XIV-XVI ғасырларда ғана Ұлы далада құйындай ұйытқып, қаңбақтай жөңкілген түркі ру-тайпаларының бірі — бұхар-шағатайлық, екіншісі — бұлғар-татарлық, үшіншісі — моғол-қалмақтық, төртіншісі — араб-парсылық жазу мәдениеті мен сөз қолданымын жатсынбағаны тарихтан мәлім. Яғни, аз ғана уақыт аясында тілі мен ділі дара қазақ этносының тұлғаланып шыға келуіне, өзге де әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге қоса, еншілестік институтының да әсер-ықпалы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Ең мәндісі, еншілестік институты қазақ арасында жеке тұлға туралы, ол тұлғаның қоғамдағы орны туралы, сол қоғамның саяси жүйесі туралы, сондай-ақ, қоғам мен мемлекет (хандық) арасындағы байланыс туралы төл таным-түсініктің қалыптасуына себепші болды және ондай таным-түсінік арқылы әрбір қазақ тек түркі халықтарының арасында ғана емес, әлемдік өркениет аясында да өзінің толғума болмысын терең сезіне алды. Мұның өзі, түптеп келгенде, дәстүрлі қазақ мемлекеттігінің тұғырын бекемдей түсуге оң ықпал етті. Қысқасы, осы сияқты ой-тұжырымдарға ден қою үшін қазақтың дәстүрлі қоғамындағы іргелі (аталық) рудан кіші рудың енші алып, бөлек шығатын рәсімін саралаңқырап айта түсу қажет. Өйткені, жоғарыда атап өткендей, XIX ғасырда сыртқы өктем күштің зорлығымен жүзеге асқан әкімшілік және сот реформаларынан (1822, 1867-1868, 1886-1891) кейін қазақ арасында жеті атаға толған әулет-аталардың іргелі рудан енші алып, өз алдына дербес ру болып шығатын дәстүрі тоқтағаны аян. Отаршылдық жүйе орнықтырған әкімшілік-аумақтық құрылымдар қазақ ру-тайпаларының жаңа рулар жасақтау мүмкіндігін мүлде шектегені, ендігі жерде ру-тайпалар өзгермейтін, статтық сипат алғаны да атап көрсетілді. Былайша айтқанда, соңғы екі ғасыр (XIX, XX) аясында қазақ қоғамы сыртқы өктем күш орнықтырған әкімшілік-аумақтық құрылымдар аясында ғұмыр кешкенін көз көрді. Яғни, бір жағынан — жаңа рудың жасақталуы мен еншілестік институты қоғамдық қажеттілік болған кезеңнің шалғайлануы, екінші жағынан — хатқа түскен айғақ-деректердің тапшылығы, үшінші жағынан — шежірелік және фольклорлық деректердің ғылыми айналымға түсе қоймауы, төртінші жағынан — идеологияланған жаңсақ жорулардың бел алуы, т.б. осы тектес себептердің салдарынан іргелі,

толысқан ру аясындағы әулет-аталардың енші алып, жеке ру болып бөлініп шығу рәсімі осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыда сараланбай келді. Сөйтіп, дәстүрлі қазақ қоғамын жарастықты еткен ең негізгі фактор — жаңа рудың жасақталуы мен сол ру аясындағы әулет-аталардың еншілес болу рәсімі ғылыми зерде аясынан тыс қалып отырды. Осы тұрғыдан келгенде, көнекөз шежірешілердің айтуындағы сипаттамалық (описательный) мағлұматтар бірден-бір құнды дерек болуға тиіс. Бұл ретте, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданынан Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), осы облыстың Ұлытау ауданынан Тай Тілегенұлы (1900-1985), Қызылорда облысының Қазалы ауданынан Қызылбай Қарабалаұлы (1896-1985), Қостанай облысының Жанкелдин ауданынан Ахметхан Әбіқайұлы (1903-1986), Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданынан Алшын Меңдалыұлы (1894-1978) сияқты даңғайыр шежірешілер айтқан мағлұматтарды жинақтап, ру-тайпа аясындағы жеті атаға толған әулет-атаның қалай енші алып шығатын рәсімін келтіре кеткен жөн.

Көшпелі өмір-салттағы әулет-аталар аз уақыт аясында өркен жайып, тез толысып отырған. Мұндайда, іргелі (аталық) ру аясындағы аралары жеті атаға толған әулет-аталардың бас көтерерлері ел ішіндегі беделді адамдарға сөз салып, жеке ру болып шыққысы келетіндерін, осыған орай, тиісті еншілерінің бөлінуін емеурін ететін болған. Әдетте, іргелі рудың басие адамдары өз аясындағы әулет-аталардың енші алып, оңаша рулы ел болып шығуын, өсіп-өркендегендіктің белгісі ретінде, мерей-мәртебе тұтқан. Сондықтан да енші алып шығуға емеурін білдірген әулет-атаның жай-жапсарын, олардың бас көтерер адамдарын, қоныс-тұрақтарын, мал-жандарын бажайлап барып, рұқсат еткен. Ол үшін төңіректегі жеті рулы елдің билері шақырылып, әулет-атаны жеке ру етіп шығару рәсімі жасалған. Жеті рудың билері бас қосқан соң, жеке ру болғысы келген атаның басие адамдарына: «Еліңнің сөзін сөйлер биің бар ма? Еліңе қорған болар батырың бар ма? Еліңді асырар байың бар ма? деген үш сұрақ қоятын болған. Егер бұл сұрақтардың жауабы жеті бидің көңілінен шықса, яғни, әлгі сұрақтарға орай аттары аталатын билердің, батырлардың, байлардың қабілет-қарымдарына жеті бидің көңілі толса, мұнан әрі енші алып, жеке ру болып шығудың киелі рәсімдерін жасауға рұқсат етілген. Әрине, жай ғана рұқсат етіліп қоймаған. Алдымен, енші беруші іргелі рудың басие адамдары мен енші алып шығатын әулет-атаның басие билері, батырлары, байлары жиналып, ел болуға, бірлік-пәтуаға қатысты мәміле-кеңес құратын болған. Өткен-кеткен өмірдің ұлағатты істерін өнеге етіскен. Сонан соң, тілек-баталарын берген. Мұнан әрі, алдын ала дайындалған боз бие немесе ақ түйе сойылып, іргелі ру мен енші алып шығатын рудың басие адамдары анттасып, сойылған құрбандықтың қанына бармақ батырысқан. Қанға бармақ батыру барысында «Тегіміз бір, намысымыз ортақ!» «Тірлігімізде шығар биігіміз бір болсын, өлсек жатар орнымыз бір болсын!» «Өркеніміз өсіп, өрісіміз кеңейсін!» «Тәңірім бірлік-пәтуаны нәсіп етсін!» — дегендей тілектер айтылған. Бұл екі арада қанға бармақ батырысқан кісілердің алдына ала арқан тасталып, бұл арқаннан енші алып, жеке ру болып бөлініп шыққан жақтың адамдары ғана аттап өтетін болған. Міне, осы сәттен бастап, ала арқан аттағандар еншісі бөлек ру болып есептелген. Қазақ тіліндегі «Біреудің ала жібін аттамаған», «Ала жіп аттамау» деп келетін тұрақты тіркестердің астарында, осындай рәсіммен байланысты, «біреуге жаттық мінез көрсетпеген» дегендей де мағына бар.

Жеті атаға толған әулет-атаның еншісін бөліп, жеке ру етіп шығару рәсімі мұнымен шектелмеген. Мұнан әрі бөлек шыққан рудың құрамына енгісі келетін немесе енуі қажет деп есептелген бөгде жанұялар, сіңісті әулет-аталар хабарланып, жана рудың қоныс-тұрақтары жарияланып, ен-таңбалары айғақталған. «Қазақтың ескі рулық жігінде ата, аталастық негізгі орынға ие. Бір кісіден тараған аталас қауым жеті атаға жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, бұдан былайғы жерде қыз алып, қыз беруге болады деп, баталасып отырған. Аталастық, туыстық жік осы жерден тоқтап, енді қыз алысуға көшкен қауым жеке-жеке ру болып есептелген» (І. Кеңесбаев. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. — Алматы, 1977. 202-бет).

Дәстүр бойынша, жана рудың құрамындағы әулет-аталар қандас-туыстастығымен алыс-жақындығына қарамастан, міндетті түрде еншілестер болып есептелген. Яғни, ру аясындағы адамдардың мақсат-мүдделері бір деген сөз. Мұнан былай өмірдің қызығын да, шыжығын да бірлесіп қарсы алған. Бірі үшін бәрі, бәрі үшін бірі жауапты болған. Сондықтан да әрбір адам өз қара басының намысынан гөрі ру намысын жоғары қойған. Дәл сол сияқты, ру да өз аясындағы әрбір жеке адамның жоғын жоқтап, намысын қорғау арқылы рулық беделі мен мәртебесін асқақтата алған. Мұндай жағдайда, әрбір жеке адамның қабілет-қарымы (абыздың көрегендігі, бидің ақылы, батырдың ерлігі, балуанның күші, шешеннің тапқырлығы, өнерпаздың шабыты, ұстаның шеберлігі, зергердің мініскерлігі, тігіншінің ісмерлігі, жұлдызшының білгірлігі, сыншының зеректігі, атбегінің бапкерлігі, аншының мергендігі, т.б.), ең алдымен, рудың мерей-мәртебесін көтерген. Міне, осы сияқты этноәлеуметтік рухтың тұтастығы арқасында ру аясындағы ат жалын тартып міне алатын ер адамдар жаппай жасақ-жауынгерге айналған. Рудың ұраны шақырылғанда кеудесінде жаны бар еркек атаулының жаппай атқа қонатыны да сондықтан. Бәлкім, көшпелілер тарихындағы даңқты әскери жорықтар мен ұлы жеңістердің сыр-себебі ретінде осындай қасиеттерді де қаперге алып отырған жөн болар.

Ру аясындағы еншілестер ұдайы бір-біріне қарайлас-тілеуқор болып, оның өзі толып жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жора, жөн-жоба түрінде бекемделіп отырған. Мәселен, бірлесіп қарашығын көтеру, жылу жинау, асар жасау, ағайыншылық көрсету, қарайлас болу, қызыл көтеру, қолқабыс ету, ерулік беру, сыбаға сақтау сияқты дәстүр түрлері, ең алдымен, ру аясындағы ұжымдық сезім мен жауапкершілікті шыңдап, корпоративтік рухты асқақтата түсудің ұрымтал тетіктері болған. Сондай-ақ, жаугершілікте түскен олжа, барымта-сырымтамен келген мал, ат бәйгесі, палуан күресі, ақындар айтысы, әнші-күйшілер бәсекесі кезінде берілетін сый-сияпаттар мен тарту-таралғылар әдетте сол рудың бас көтерер үлкендеріне жол-жоралғысымен, жөн-жобасымен үлестіріліп отырған. Әрине, өмір болған соң үнемі олжа салатын жағдайлар бола бермейтіні аян. Бұл ретте, ру аясындағы өлім-жітімнің, ас-тойдың, айып-пұлдың, құн-өтемнің, алым-салықтың, жасау-жабдықтың шығын-салмағын міндетті түрде бүкіл ру болып, қала берді бүкіл тайпа болып көтеретін болған (*Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. — Алматы, 1967; А. Жүнісұлы. Пәниден бақиға дейін. — Алматы, 2001; Я. Құмарұлы. Қазақтың салт-дәстүрі. — Үрімжі, 2006; С. Кенжахметұлы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы, 2004; С. Кенжахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. — Алматы, 2007*).

Осының бәрі, ру аясындағы еншілестердің намыс-мүддесі бір екенін, мұның өзі қандас-туыстастар арасындағы намыс-мүддеден гөрі әлдеқайда маңыздырақ екенін пайымдатады. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мәтел сөз ру аясындағы ауылдас-еншілестер мүддесінің ағайын мүддесінен гөрі мәндірек болғанын айғақтайды.

Жаңа рудың қоныс-тұрағы, әдетте, енші берген іргелі рудың қоныс-тұрағымен жапсар болған. Өйткені, жаңадан ру жасақтау оңай болғанымен, жаңадан қоныс-тұрақ таба қою оңай емес. Оның үстіне, аралары жеті атаға толып, жеке ру болып бөлек шықты демесе, күні кеше ғана мал-жаны аралас-құралас, мақсат-мүдделері бір болған ағайын-туғандар бір-бірінен кіндік үзіп, алыстап кетуге құлықты бола қоймаған. Сондықтан, жаңадан жасақталған ру, әдетте, енші берген іргелі румен қоныс-тұрағы қоңсылас, төрт түлігі өрістес болып отырған. Қазақтың «Іргеден енші бөлу» деп келетін сөзі осындай жағдайға байланысты айтылған.

Жаңадан жасақталған рудың таңбасы да, малына салынатын ені де, қалыптасқан дәстүр бойынша, енші берген іргелі рудың ен-таңбасын негізге ала отырып, қосымша белгілер қосу арқылы пішінделетін болған. Мұның өзі, бір жағынан — енші алып шыққан рудың қандай іргелі ру-тайпамен тектестігін білдірсе, екінші жағынан — жаңа рудың дербестігін де айғақтаған (*«Ен-таңбалар мен ұрандар» тараушасын қараңыз*).

Толысқан іргелі рудан кіші рудың енші алып, бөлек шығып отыратын үрдісін орыс этнографы Н.А. Аристов біршама таратынқырап жазған және әрбір ру аясындағы әулет-аталардың бірынғай қандас-туыстастар бола бермейтінін де тап басып, дәл аңғарған. Алайда, сол рулар аясындағы әртекті әулет-аталарды ұйыстыратын, оларды ұжымдық жарасымға келтіретін еншілестік рәсіміне мүлде мән бермейді. Яғни, бұдан Н.А. Аристов тұсындағы қазақ қоғамында еншілестік дәстүрі өзінің тарихи мән-мазмұнын толық көмескілеп үлгергенін аңғаруға болады (*Н.А. Аристов. Опыт... // «Живая старина» журналы. III-IV шығарылым. — СПб., 1894. 393-бет*).

Тарихи айғақ-деректерге ден қойғанда, жаңа рудың жасақталуы, яғни, іргелі ру аясынан кіші рудың енші алып шығуы үнемі мамыражай жағдайда, ылғи бейбіт мәмілемен өтіп отырмағаны да байқалады. Әрбір әулет-атаның жеті буын (ұрпак) аясында тез толысып, рулы елге ұласуы, мал-мүліктің молаюы, әдетте, өріс-қоныстың тарылуына себепші болып отырған. Сондай-ақ, енші бөлісерде ұжымшыл, шаруақор, әлеуметтік белсенділігі жоғары әулет-аталарға таласып қалатын кездер де аз болмаған. Тіптен, бір кіндіктен тараған ағайындардың басы көп болса, екіден-үштен бөлектеніп еншілесетін кездері де жиі кездеседі (*«Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Сары Бөкенбай» тақырыпшасын қараңыз*). Немесе, енші бөлу кезінде тоқал балалары мен сіністі әулет-аталарды кемсітетін, таршылық танытатын жағдайлардың да мысалы аз емес (Мәтел сөздер: «Тоқалдан туған томар бас құл», «Екі қатынның баласы екі рулы ел», «Бәйбіше Құдай бұйрығы, тоқал иттің құйрығы», т.б.). Алайда, енші бөлісіне бола ру мен рудың арасы суып, мүлде ірге ажыратып кеткен оқиғаны қазақ тарихы білмейді (*«Орта жүз» тараушасындағы «Алтай», «Бағаналылардың әсер еншілесуі» тақырыпшаларын, «Ұлы жүз» тараушасындағы «Қосы батырдың енші бөлуі» тақырыпшасын, «Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Қаракесек», «Қаржас» тақырыпшаларын қараңыз; Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 9-11, 130-134-беттер*).

Айрықша атап өтуді қажет ететін жағдай, жанадан жасақталған ру «енді бір Тәңірден басқаға мойын ұсынбаймын, мұнан былай өз еркім өзімде» деген пиғылға ешқашан бой алдырмаған. Керісінше, ру санатына қосылу, ең алдымен, қоғамдық өмірде әлеуметтік-саяси статусқа ие болу деген сөз. Нақтыланқырап айтқанда, әрбір әулет-ата дербес ру болғанға дейін іргелі ру аясында ғана жауапкершілік сезінсе, енші алып, жеке ру болып бөлініп шыққан соң, ол руға тұтас елдік істерден шет қалмау жауапкершілігі жүктелген. Яғни, Қазақ хандығының аясында енші институтының орнығуына байланысты ру-тайпалар арасында өзара теңдік нормалары қалыптаса бастаған. Бұл ретте, әрбір ру-тайпаның өз ішінен еншісі бөлек ру бөліп шығаруы, мұндай үрдіске іргелі рудың да, енші алып шығатын кіші рудың да ынтылы болуы, сөз жоқ, қазақ қоғамындағы руаралық үйлесім-жарасымды пайымдатады. Өз алдына еншісін алып, ен-таңбасын айғақтап, ұранын сайлаған әрбір ру міндетті түрде елдік істерге мойын ұсынып отырған (жаугершілік кезінде қол-қосын шығару, жұт немесе індет кезінде қарашығын көтеру, өрт немесе зілзала кезінде жылу жинау, «Күн ортақ, ай ортақ, көш жолы ортақ» қағидасына бағыну, нөқта ағалық дәстүрді мойындау, алқалы жиындарға би шығару, елдік әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, жөн-жобалар мен жол-жораларды сақтау, т.б.). Мұндай рәсімдердің қай-қайсысы да әрбір рудың өзара құқықтық теңдігін орнықтыра түскен. Рас, кейбір рулардың ішінен әйгілі тұлғалар көбірек шығып, ол рудың даңқы ел-жұрт арасына кеңірек жайылуы мүмкін. Алайда, мұндай жағдай бір руға екінші рудың өктемдік көрсетіп, тізе батыруына, әсте, себепші болмаған. Рулар арасындағы әлеуметтік-саяси теңдік пен жарасымды би-шешендер мүлтіксіз қадағалап отырған. Олар ру-тайпалық жуандықты емес, әділдік пен парасаттылықты ең басты құндылық ретінде кие тұтқан. Бұл ретте, «Ердің құны — екі ауыз сөз» қағидасы, бір жағынан — би-шешендердің ел ішіндегі ықпалының күштілігін білдірсе, екінші жағынан — олардың әлеуметтік мәміле мен жарасымды идеал тұтқандығын пайымдатады (*Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. — Алматы, 1967; Ел аузынан. Құрастырушылар Б. Адамбаев, Т. Жарқынбекова. — Алматы, 1989; Қазақтың ата заңдары. Бас редакторы және «Бағдарлама» жетекшісі Ұлттық Ғылым академиясының академигі С.З. Зиманов. III, IV томдар. — Алматы, 2004, 2005*).

Ойдың орамын нақтылы мысалмен бекемдей түсуге болады. Орта жүз арғын ішіндегі шұбыртпалы руы Арқаның оңтүстік алабын, Балқаш көлімен шектескен өңірді қоныс тұрақ еткен. Бетбақдаламен жапсарласып жатқан бұл өңірдің ел-жұрты қысқа қарай Сырмен Шу өзендерінің бойын қыстап, жаз шыға арқа төсін жайлап отырған. Шұбыртпалы Ағыбай батырдың (1802-1885) тірі кезі болса керек. Сол Ағыбай батырдың жақын інісі Әйеке Бекежанұлы (1839-1880) Сыр бойындағы Шиелі өңірінің болыс сайлауына түсіп, сайлау барысындағы бәсекелестікте қыпшақ Әлмембет Тұрсынбайұлы (1829-1909) деген кісі Әйекені атып өлтіреді. Інісінің қаралы хабары жеткен соң Арқадан ат сабылтып Ағыбай батыр келеді. Дәстүр байынша жоқтау айтылады. Әйеке болыстың барша қадір-қасиеті мен тек-тамырын асқақтата танытатын бұл жоқтауды қыпшақтан шыққан әйгілі ақын Бұдабай Қабылұлы (1848-1911) шығарып берсе керек.

Содан, Әйеке болыс жерленеді, үші мен жетісі беріледі. Сол кезде арғынның бас көтерерлері жиылып келіп, Ағыбай батырға сөз салады: «Ер намысы — ел намысы. Арысымыздың өлімі елдігімізге сын. Әйекенің рухы тынышталсын десеңіз рұқсатыңызды беріңіз, үш қыпшақтың қанын төгуге бел будық!» — депті.

Сонда, Ағыбай батыр ұзақ ойланып отырып, бір мезгілде: «Келін келсінші, Әйекені тағы да бір жоқтасыншы!» — депті. Сол жерде сұңғыла сарын сұңқылдап, Әйекенің қадір-қасиетін ұлықтап, естіген пендені тәубесіне келтіргендей болып жоқтау айтылады. Жоқтау айтылып біткенде Ағыбай батыр шәулі қырандай бойын жиып, еңсесін тіктеп: «Менің Әйекемді бір қыпшақ өлтіріп, бір қыпшақ тірілткен екен, дау осымен бітсін!» — деген екен. Мұнысы, Әйекені атқан Әлмембеттің де, Әйекеге жоқтау шығарған Бұдабайдың да қыпшақ тайпасынан екенін айтқаны еді дейді. Ол кезде шұбыртпалының ішінде Ағыбай батырдан асып әрекет ететін ешкім жоқ. Осылайша арғын мен қыпшақ арасындағы ушығып кеткелі тұрған бүліншілікке тиым болып еді дейді (*Дерек беруші Өскенбекұлы Бидәулет (1907-1974), Ағыбай батырдың шөбересі, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Тоқтар Арын. — Алматы, 1990. 66-79-беттер*).

Өмір болған соң ру-тайпалар арасындағы жалғыз-жарым тентек-шодырлардың бірде тату, бірде қату мінез-қылығымен көрінуі табиғи құбылыс. Алайда, қазақтың дәстүрлі қоғамында ру мен рудың, тайпа мен тайпаның арасы көрместей болып суысып кеткен жағдайды тарих білмейді. Олай болуы мүмкін де емес. Өйткені, қарға тамырлы қазақтың туысқандық жүйесі — бір жағынан, бірлік-пәтуаны ең ұлы құндылыққа балап отыратын ру-тайпа басшылары — екінші жағынан тегеурінді ықпал етіп, ел ішіндегі қырбайлықтың ушығып кетуіне әсте жол бермеген.

Демек, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы ру-тайпаларды өзара өрелестіріп, оларды бір-бірінен не артық, не кем етіп көрсету үрдістері өмір шындығына сай келмейді (*Т.И. Сұлтанов. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). — Москва, 1992. 51-бет; Б. Кәрібаев. XV-XVI ғғ. Дешті қыпшақ тайпалары. — «Алаш» журналы, 2005. № 2, 30-39-беттер*). Жалпы, ру, тайпаралық пәтуасыздық пен берекесіздікке отаршылдық жүйе енгізген әкімшілік және сот реформалары (XIX ғ.) себепші болғанын бажайлап-пайымдай білген абзал.

Ой-жосықты былайша түйіндеуге болады: қазақтың дәстүрлі қоғамында әрбір рудың, әлеуметтік-саяси құрылым ретінде мемлекеттік істерге араласуы, өзінен-өзі рулар арасындағы теңдікті қалыптастырған. Сонымен бірге, ру-тайпалық жүйеде төменнен жоғарыға дейінгі немесе жоғарыдан төменге дейінгі потестарлы-сатылы сабақтастықтың сақталуы да саяси тұрақтылық пен әлеуметтік пәтуа-бірлікке кепіл болып отырған. Мұны терең сезініп, елдік істерге белсенді араласқан рулардың қашанда мерей-мәртебелері жоғары болған. Бұл ретте, енші институты дәстүрлі қазақ қоғамын ретті етудің ең бір әмбебап және тегеурінді тетігі ретінде ден қойдырады.

12. Туысқандық жүйе

Бір шындықтың басы ашық, кез келген адам қоғамының іргетасы ер мен әйелдің жұптасуы арқылы қалана бастайды. Бұл үрдісті әрбір жаңа буын ұрпақтың үздіксіз жалғастырып отыруы адам қоғамының ғұмырын одан әрі ұзартуға кепіл болмақ. Бір мысал еске түседі. Тарихтан белгілі, 1940 жылы Қытай қазақтары үрке көшіп,

Үндістан асқан. Осы сүргіннің бел ортасында болған белгілі дінтанушы Халифа Алтай мынандай естелік айтып еді: «Алғаш Алтайдан көшкенде 36 мың адам едік, содан 1941 жылы Үндістанға 3039 адам ғана жеттік. Тағы бір жыл өткенде екі мыңға тарта адам өліп кетті. 1942 жылы 1150 адам тірі қалдық. Содан, алты жылға дейін бірде-бір әйел баласы құрсақ көтермеді. «Тұқымымыздың құрыған жері осы болды-ау!» — дедік. Тура жетінші жылы дегенде алғашқы бала туды. Өмірден түңіліп, өлімге бойсұна бастаған біздер үшін жас нәрестенің «іңгәсі» үміт жаршысындай болып естілді».

Дәл осындай нәубетке Иранға ауған қазақтар да тап болған. Бұл жөнінде Иран жерінде туып-өскен қазақтың белгілі шығыстанушы ғалымы Ислам Жеменей былай дейді: «Иран қазақтары 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түркіменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстік шекарасындағы шағын қала Гомишан және Саллақ ауылына барып табан тіреген... Кәмпеске мен қолдан жасаған ашаршылықтың зардабынан мал-мүлік, баспана, туыс-туғандары мен ел-жерден айырылған аталарымыз жоқтан бар жасауға әрекет етеді... Жаңа ортаның табиғатына да үйренісе алмай бастапқы жылдары қазақтар арасында өлім-жітім көбірек болады. Яғни, әрбір он кісінің алтауы қазаға ұшырап жатқан... Ақсақалдардың айтуына қарағанда жас демей, кәрі демей жаппай «тәб» (қыздырма) ауруына шалдығып, іші ісініп көз жұма берген. Экология зардабына ұшыраған. Сөйтіп, қала төңірегіндегі жұмыстардан бас тартып, Горган, Бәндәршах және Гүмбез-Қауыс қалаларына көше бастайды. Алайда, көп ұзамай жаңа бір пәлекеттің тығырығына шалдыққандарын сезеді. Ол — жаңа қоныста ер мен әйелдің бедеу болып қалуы еді. Осылайша күндер айларға, жылдарға ұласып, бес жылдан кейін үміт сәулесі ояна бастайды. Бірақ та, дүниеге келген сәбилер шетінеп кете береді. Үмітсіз — шайтан демекші, әйтеуір он жыл өткен соң дүниеге келген сәбилер күнделікті тіршілікке дағдыланып, отбасылық ұрпақты жалғастыру арманы жүзеге аса бастаған» (И. Жеменей. *Иран қазақтары*. — Алматы, 2007. 3-4-беттер).

Бұл мысалдардың аңғартары — ұрпақ сабақтастығы үзілсе, социум да жойылады дегенге саяды. Тек ұрпақ сабақтастығы арқылы ғана адам қоғамы ұдайы өзін-өзі жасақтап отырмақ. Яғни, ер мен әйелдің жұптасуына бірыңғай био-физиологиялық құбылыс тұрғысында қарау жеткіліксіз. Бұл мәселе, адам қоғамын танып-түсіну-де іргелі мән-маңызға ие әлеуметтік феномен ретінде де зерделенуге тиіс.

Ұрпақ сабақтастығы туралы танымның немесе генеалогиялық зерденің қалыптасуы, ең алдымен, адамдардың қоғамдық статусының орнығуына, әсіресе, өздік және өзгелік дәулеттің саралана бастауына тікелей байланысты. Генеалогиялық зерде арқылы әрбір адам белгілі бір этножаралымның өкілі екенін біліп қана қоймайды, сонымен бірге, сол этножаралым аясындағы өзіндік орнын анықтауға да бағдар жасай алады. Этножаралым аясында генеалогиялық орны жоқ кез келген субъект өзінен-өзі тексіз немесе жат элемент болып есептелген. Әсіресе, ру-тайпалық жүйені өмір сүрудің үлгі-тәсілі еткен көшпелілер ортасында тексіз болу қоғамдық өмірдің табиғи үйлесіміне жат жаралым ретінде қабылданған.

Ер мен әйелдің жұптасуы барысында өсіп-өнген ұрпақтың өзара байланысы, яғни, адам қоғамының әлеуметтенуі туысқандық жүйені (система родства) құрай-

ды. Әдетте, туысқандар өзара байланысқа түсу барысында бір-бірін нақтылы атаулармен, яғни, туысқандық терминдермен айғақтайды. Туысқандық терминдер, біріншіден, өз алдына оқшау құрылымы бар тілдік белгі (языковой знак) болып табылады, екіншіден, әлеуметтік жүйе аясындағы адамдардың синхронды және диахронды байланыстарын да айғақтай алады. Міне, осы қасиеттері басым болғандықтан да бұл мәселе әрі лингвистикалық, әрі этнографиялық тұрғыда зерделеніп келеді. Лингвистер туысқандық терминдерді фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық, семантикалық, салыстырмалы-тарихи немесе компаративтік тұрғыда зерделейді. Ал, этнологтар болса, туысқандық терминдер мен әлеуметтік-экономикалық ұйымдар арасындағы байланыстардың мән-мағынасын ашып көрсетуден қояды. Бұл мәселелер туысқандық жүйе және туысқандық терминдер жүйесі (системы терминов родства) тұрғысында қарастырылады. Осы орайда, туысқандық жүйе мен туысқандық терминдер жүйесінің арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екенін де атап өткен жөн. Мұндай ұғымдардың біріншісі (туысқандық жүйе) туысқандық қарым-қатынастың мәні мен болмысын білдірсе, екіншісі (туысқандық терминдер жүйесі) туысқандық қарым-қатынастың үлгі-атауын білдіреді. Былайша айтқанда, туысқандық жүйе — әлеуметтік туысқандық қарым-қатынастар жүйесінің тарихи қалыптасқан үрдісін білдірсе, туысқандық терминдер жүйесі — әлеуметтік туысқандық қарым-қатынастың аталымдық үлгісін (наименование) білдіреді (*В.А. Попов. Тетраидность и тетраидная теория // Алгебра родства. 1-шығарылым. — Санкт-Петербург, 1995. 93-бет*). Бұл ретте, туысқандық терминдерді лексикалық-семантикалық және этнографиялық тұрғыда саралап-сипаттау арқылы туысқандық жүйенің де, туысқандық терминдер жүйесінің де мән-мазмұнын жан-жақты ашып көрсетудің мүмкіндігі мол.

Туысқандық жүйе мен туысқандық терминдер жүйесін зерттейтін ғылым саласы «иденетика» деп аталып жүр. Ғылыми бағыт ретінде, иденетика — туысқандық феноменіне қатысты лингвистикалық және этнологиялық саралаулардың синтезі. Егер, генетика адамның (биологиялық жаралым ретінде) ұрпақ өрбіту үдерісін зерттесе, иденетика адамдық «меннің» даралану немесе қалыптасу үдерісін зерттейді. Туысқандық жүйені өзінің барша тарихи болмысымен, феномендік қасиетімен танып-түсіну үшін өзара шендесіп жатқан екі салаға ден қою қажет. Бірінші — биологиялық сала, екінші — әлеуметтік сала. Осы салаларды шендестіре зерделеу арқылы туысқандық жүйенің нақтылы, объективті, табиғи, мәтіндік және нышандық (символдық) мән-мазмұны ашыла түседі. Адам туралы ғылымның жуан ортасынан ойып тұрып орын алған туысқандық феноменінің таңбалық белгісі этнология болса, сол туысқандық феноменіне қатысты этнологияның тиісті бір саласы биологиямен, биологияның тиісті бір саласы социологиямен, социологияның тиісті бір саласы психологиямен, психологияның тиісті бір саласы лингвистикамен, ең соңында, лингвистиканың тиісті бір саласы қайтадан этнологиямен шендесіп жатқанын пайымдауға болады (*Г.В. Дзибель. Феномен родства. Прологомены к иденетической теории // Алгебра родства. 6-шығарылым. — Санкт-Петербург, 2001. 19-бет*).

Кез келген қоғамды біртұтас қалпында танып-түсіну үшін, сол қоғамда қалыптасқан туысқандық қарым-қатынастың немесе туысқандық жүйенің тарихи-әлеуметтік астарына мән беру керек. Мұндай ұстаным, әсіресе, дәстүрлі қоғамға (дәстүрлі мәдениетке) қатысты айрықша мәнді. Бұлай болуы түсінікті де, себебі, белгілі бір қоғам аясындағы ұрпақтың өсіп-өнуі саналы қарым-қатынас түрінде жүзеге асады. Яғни, адам қоғамындағы ұрпақтың өсіп-өнуі белгілі бір норма мен тәртіпке бағынады. Ондай норма мен тәртіп қоғамдық үрдіске айналады. Одан әрі сол қоғамдық үрдіс әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жоба, жол-жора, ырым-кәде, нышандық атау секілді ұғымдар түрінде көрініс табады. Сөз жоқ, мұның бәрі де қоғамдық жүйе мен шаруашылық жүйесінің өзара ықпалдасуы арқылы мүмкін болатын құбылыс. Демек, белгілі бір қоғамдағы ұрпақтың өсіп-өну заңдылығы өзінен-өзі әлеуметтік сипат алып, әлеуметтік заңға (әдетке) айналады. Мұндай құбылысты орыс зерттеушісі Н.М. Гиренко «туысқандықтың әлеуметтік жаралымы» («социальный организм родства») деп атаған (*Н.М. Гиренко. Система терминов родства и система социальных категорий. – «Советская этнография» журналы. 1977, № 1*). Белгілі бір адам қоғамындағы ұрпақтың өсіп-өнуін (популяционное воспроизводство) тек қана биологиялық немесе физиологиялық үдеріс ретінде қарау бір жақтылық болады деуіміздің мәнісі де осында. Яғни, туысқандық жүйенің ұрпақ жалғасына қатысты биологиялық қыры жалпы адамзатқа ортақ табиғи үдеріс болса, туысқандық қарым-қатынасқа қатысты әлеуметтік қыры әрбір этностың төлтума қасиеттерін айғақтайды.

Туысқандық жүйе, туысқандық терминдер, туысқандық терминдер жүйесі – бұлар пәнаралық (междисциплинарный) мән-мазмұны бар мәселелер. Алғаш рет Солтүстік америкалық этностардың туысқандық байланыстары туралы қалам тартқан Л.Г. Морган (1818-1881) еңбектерінен бастап, күні бүгінге дейін бұл тақырыптың ізі суыған емес. Керісінше, тақырып аясы кеңейіп, ғылыми мән-маңызы тереңдей түскені байқалады. Бұл ретте, тек қана осы проблеманың тарихнамасына жеке кітап арналғанын және библиографиясының өзі жеке том құрайтынын айтса да болар (*Г.В. Дзибель. Феномен родства. Прологомены к иденетической теории // Алгебра родства. 6-шығарылым. – Санкт-Петербург, 2001. 49-бет; М.А. Решетов. Историческая вариативность половозрастной структуры и система родства // Алгебра родства. 4-шығарылым. – Санкт-Петербург, 1999. 104-бет*).

Алайда, туысқандық феноменіне қатысты зерттеу еңбектер қаншалықты молайғанымен, дүниежүзі этностарының бәрінің бірдей туысқандық жүйесін барша қадір-қасиетімен айқындап беретіндей әмбебап «кілт» әзірше табыла қойған жоқ. Табыла да қоймас. Өйткені, жер бетіндегі адам қоғамы алуан типті. Бұлай болуы, белгілі бір экожүйеге бейімделген әрбір этножаралымның төлтумалығына байланысты табиғи құбылыс. Демек, белгілі бір этностың туысқандық жүйесі туралы жүргізілген зерттеуге әсте әмбебаптық сипат беруге болмайды. Әрбір жеке тұлға бітім-болмысының ешкімге ұқсамайтыны сияқты, әрбір этнотиптің де тарихи-әлеуметтік өмір-салтына орайлас қалыптасқан туысқандық жүйесі төлтума қасиеттерімен сипатталады. Мәселен, Л.Г. Морганның «малайлық», У.Риверстің «ирокездік», М.В. Крюковтың «австралиялық» («дравидтік»), т.б. этнотиптерге қатысты зерттеу еңбектері туысқандық жүйе мен туысқандық терминдер жүйесін айқындап берудің биік өре-

дегі үлгілері екеніне ешқандай күмән жоқ. Бірақ, олар айқындаған үлгі (модель) басқа этнотипке әсте тәнік бола алмайды. Осы орайда, белгілі бір нақтылы этнотиптің туысқандық жүйесі туралы зерттеулер ғана емес, жалпы адам қоғамына және соның аясындағы туысқандық феноменіне қатысты зерттеулер де, ең әспеттегенде, әдістемелік және әдіснамалық бағдар тұрғысында ғана мән-маңызға ие екенін атап өткен жөн. Яғни, Л.Г. Морганның типологиялық жүйесі де, М. Хайдеггердің феноменологиялық онтологиясы да, Н.Луманның соцкибернетикасы да, М.М. Бахтиннің әдеби-философиялық жорулары да, Э. Гофманның драматургиялық социологиясы да, Н. Алленнің тетраидтік (төрттік) теориясы да, Г.В. Дзибельдің этнолингвистикалық және иденетикалық синтезі де, т.б., түптеп келгенде, нақтылы этнотиптің туысқандық жүйесін саралап беруімен құнды емес, жалпы туысқандық феноменінің адам қоғамындағы мән-маңызын айқындауымен және қалай айқындаудың жолын көрсетуімен бағалы.

Ой-жосықты бұлайша өрбітудің мәнісі бар. Өзге де этнотиптер сияқты қазақ халқының да туысқандық жүйесі төл сипаттарымен айғақталады және дәстүрлі қоғамдық қатынастарды танып-түсінуде айрықша маңызды. Бұл ретте, дәстүрлі қазақ қоғамындағы туысқандық атаулар, таңбалар, ұрандар, киім үлгілері, тулар (жалаулар, байрақтар) сияқты семиотикалық айғақтардың бәрі де туысқандық қарым-қатынасқа қызмет ететін ерекше жүйе болып табылады. Мұндай семиотикалық айғақтар арқылы қазақтар өздерінің әрі ру-тайпалық даралығын, әрі қазақтық этножаралым ретіндегі біртұтастығын айқын сезінген. Яғни, қазақ халқының туысқандық жүйесі мен туысқандық терминдері ғасырлар қойнауынан бастау алып, ізін көмескілеместен бүгінгі күнге жеткен тарихи айғақ-дерек ретінде айрықша құнды. Байырғы замандағы және орта ғасырдағы көшпелі ру-тайпалардың этникалық, әскери-саяси, әлеуметтік-мәдени жаралымдарын (образование), сол замандардағы әлеуметтік институттардың ахуалын бүгінгі қазақтардың туысқандық жүйесімен шендестіре бажайлау арқылы тарихи-типологиялық ой-тұжырымдарды да орнықтыра түсуге болады. Әсіресе, туысқандық атау-терминдерді тұғырлық лексика (базисная лексика) тұрғысында зерделеу арқылы алыс қияндағы замандармен сабақтастықты айғақтап, түптілдік (протоязык) қыртыстарды аршудың да мүмкіндігі мол екенін атап өткен жөн. Мәселен, қазақ тіліндегі қатын-қалаш, бала-шаға, құдаанда, абысын-ажын, ерлі-зайып, жекжат-жұрағат, т.б. деп келетін қос сөздердің екінші сыңарын түсіндіріп беру кім-кімді де тосылтып тастайтыны аян. Осы орайда, тек туысқандық атау-терминдер ғана емес, жалпы қазақ тіліндегі қос сөздердің мән-мағынасын бойлап зерттеуге айрықша мән беру қажет-ақ. Лингвист-компаративистердің еңбегін еш етпейтін мұндай зерттеу өрістері, түптеп келгенде, қазақ тілінің ғасырлар тұңғығынан бастау алатын текті тарихын айғақтап, мерей-мәртебесін асқақтата түсері хақ.

Қазақтың туысқандық жүйесіне төлтума сипат дарытатын тегеурінді тетік ретінде, ең алдымен, жеті атаға дейін, яғни, жеті буын ұрпақ алмасқанға дейін қыз алыспайтын дәстүрді бөле-жарып айтуға болады. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін ұстанатын қазақтан басқа этностың жер бетінде бар екенін біз біле алмадық. Мұндай

дәстүрдің орнығуына себепші болған тарихи екі алғышартты алдымен атап өткен жөн. Біріншісі — адамдарды тектендіруге, яғни, тұқымын жақсартуға (евгеникаға) байланысты, екіншісі — көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамын әлеуметтік-саяси және мәдени-рухани біртұтас жаралым етуді көздеуден туындаған ұстаным. Бұл ұстанымдардың екеуі де, түптеп келгенде, эпикалық көшпелі өмір-салттағы дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырып, қазақ этносын біртұтас жаралымға айналдыруға мейлінше нәтижелі ықпал еткен тетіктер бола алды (*Эпикалық көшпелі өмір-салттың төл сипаты «Алғы сөзде» атап көрсетілді*).

Бірінші алғышартқа (евгеникаға) орай ойды сабақтай түсу қажет. Көшпелілердің адам жаратылысына қатысты болсын, жан-жануарлардың бітім-қасиетіне қатысты болсын асыл тектілерге (асыл тұқымдыларға) ұдайы айрықша мән беріп отыруы олардың табиғатпен қойындасқан өмір-салтына, шаруашылық-мәдени типіне байланысты. Бұл үрдісті қалыптастыруда олар мейлінше мол өмірлік тәжірибе жинақтап, эмпирикалық жолмен-ақ өздерінің эвгеникалық (тектілікке ұмтылу) зердесін таңқаларлық биікке көтере алған. Тарихи деректерде тіркелгендей, айшылық жерге тың жортатын тарландар, қабырғадан қар кешкенде мыңқ етпейтін атан түйелер, қыстың көзі қырауда тебіндеп жайыла алатын ғұнның кер сиырлары, құйрығына құшақ жетпейтін қазақы қойлар, міне, мұның бәрі де ғасырлар бойғы селекциялық тәжірибенің нәтижесі (*Н.Я. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. 1-том. — Москва-Ленинград, 1950. 47-бет; Сиуңну. Хан кітабынан. Аударған, алғы сөзін жазған және құрастырған Қойшығара Салғараұлы. — Алматы, 1998. 32-бет; Ә. Бөкейхан. Таңдамалы. Овцеводство в Степном крае. — Алматы, 1995. 153-191-беттер*).

Дәстүрлі қазақ қоғамында адам сапасына да айрықша мән берілген. Әсіресе, адамның қоғамдық-әлеуметтік өресінен гөрі, оның шыққан тегіне, ата-бабасындағы әйгілі тұлғаларға бірінші кезекте ден қойып, оған басымдық сипат беріп отырған. Осы орайда, нақтылы айғақ-мысалдар келтіре кетуге болады.

- Ат болатын құлынның
Бауыры жазық келер.
Адам болар баланың
Маңдайы жазық келер.
- Әкенде жоқ арғымақ,
Шешенде жоқ арғымақ,
Саған оңай болып па
Биік жардан қарғымақ.
- Кісі болар жігіттің
Кісесінен танылар.
Кісі болмас жігіттің
Мүшесінен танылар.
- Қошқар болар қозының
Маңдайлары дөң болар.
Адам болар жігіттің
Төнірегі кең болар.

- Ұлың өссе,
Ұлы үлгілімен ауылдас бол.
Қызың өссе,
Қызы үлгілімен ауылдас бол.
- Қасқа айғырдың баласы
- Қасқа тумаса да, төбел туады.
- Тамырына қарай бұтағы,
Тегіне қарай ұрпағы.
- Тегінді білгеннен үрікпе,
Тексізге айналғаннан қорық.

(Мақал-мәтелдер. Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Балтабай Адамбаев. – Алматы, 1996).

- Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің?! *(Асанқайғы).*
- Айырдан туған жампоз бар
Жүгін нарға салғысыз.
Арғымақтан туған будан бар
Күнінде көрінім жерді алғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз *(Шәлкиіз).*
- Елден елді аралап,
Текіден текті саралап,
Беглердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.
Сынға толса сияғы,
Әлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гауһар бағасы.
Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді хош таптырып.
Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы
Артылып туса өзімнен *(Ақтанберді).*

- Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалыңмалы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.
Жаман қатын алғаның —
Төркініне бара алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Онды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның.
Таудан аққан тас бұлақ,
Тасыса құяр теңізге,
Қанша малды болса да,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса,
Жақсыдан жаман туса,
Тартпай қоймас негізге (*Бұқар жырау*).
- Толарсақтан саз кешіп,
Токтамай тартып шығуға,
Қас үлектен туған кәтепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бүйткен бұл іске! (*Махамбет*).

Бұл мысалдардың қай-қайсысынан да дәстүрлі қазақ қоғамында адам сапасының, адам тектілігінің ең негізгі құндылық екенін терең сезінушілік айқын аңғарылады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «текті жердің адамы», «тегі жақсы», «текті жігіт», «асылдың қиығы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылына тартқан», «тегіне тартқан», т.б. деп келетін тұрақты тіркестер де тектілікті мұрат тұтқан халық талғамына айғақ («Ұлы жүз» тараушасындағы «Бәйдібек пен Нұрилла», «Қыдыр дарын, Бақ қонған Нұрилла» тақырыпшаларын, «Орта жүз» тараушасындағы «Ақсақтың алтауы» тақырыпшасын және «Кіші жүз» тараушасындағы «Бекпембеттің би келіні» тақырыпшасын қараңыз).

Осы орайда, қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспайтын дәстүрін тек қана ұлтты ұйыстыруға, тек қана қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды орнықтыруға бағытталған тетік десек, ол — шындықтың бір беті ғана болар еді. Шындықтың екінші беті — қан жаңартуға, тұқым жаңғыртуға, сол арқылы ұрпақты тектендіруге бағытталған өмірлік

тәжірибенің көрінісі. Бұл мәселеге ел қамын, ұрпақ болашағын ойлаған даналар айрықша мән беріп, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің қылдай ауытқымауын әрі қырағылықпен, әрі қаталдықпен қадағалап отырған. Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың аралары төрт-бес ата болғанына карамастан, олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі елдіктің шырқын бұзатын ауыр қылмысқа баланып, қатал жазаға ұшырайтыны да содан. Олардың өлім жазасына бұйырылып, тағдырдың қатал талқысына тап болғаны тарихтан белгілі. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін қазақ елдің бірлік-пәтуасы мен адам сапасына көлеңке түсіретін істі аяусыз айыптаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жеті атаға дейін қыз алыспаудың екінші алғышарты — қазақ халқын біртұтас этножаралымға (этноорганизм) айналдыруды көксеуден тұрындаған ұстаным екені айтылды. Бұл ой-тұжырымның да орамын тарқата түсу қажет.

Сөз жоқ, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қазақ қоғамындағы туыскандық байланыстар аясының мейлінше кеңеюіне бірден-бір себепші болған. Нәтижесінде, дәстүрлі қазақ қоғамының кез келген қазағы келесі бір кез келген қазақпен туыскандық байланысының бар екенін жақсы білген. Сондықтан да әрбір қазақ өз елінің кез келген шалғайында өзін еркін сезініп, кез келген үйден өзінің туысқанын табатынына кәміл сенген. Бұл сияқты үрдіс, ең алдымен, эпикалық көшпелі өмір-салтта тек қана ұжымдық жарасымды, тек қана жалпы этникалық деңгейдегі үйлесімді мұрат тұтуға байланысты қалыптасқан. Егер Қазақ даласының батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі мындаған шақырымға созылған байтақ алап екенін қаперге алсақ, онда әлгіндей туыскандық байланыстың бар екені және ондай байланыстан әрбір қазақтың хабардар болуы былайғы жұрт үшін қиялға бергісіз өтірік сияқты көрінуі мүмкін. Бұл жерде, кімнің қалай ойлайтынында біздің шаруамыз жоқ, ал дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдар арасында мейлінше тығыз туыскандық байланыстың болғаны анық және ондай туыскандық байланыстан әрбір қазақтың хабардар болғаны да шығар күндей шындық. Түптеп келгенде, бұл — әлеуметтік-саяси құрылымы ру-тайпалық жүйеге негізделген көшпелілер қоғамының феномені. Мұндай ортада туыскандыққа қатысты ақпараттық кеністіктің (информационное поле) үстемдік құруы — қоғамдық өмірді реттеудің тетігі ғана емес, сонымен бірге, сол қоғамдағы әрбір адамның өмірлік мұқтажы да. Бұл ретте, көшпелі өмір-салттағы әрбір қазақ нақтылы қандас туысқандарын білудің сыртында, рулық, тайпалық және жүздік деңгейдегі туыскандық байланыстарды да терең біліп, ол байланыстарды бекемдейтін шежірелік деректерден де (аңыз-әңгімелер, тарихи айғақ-деректер, әйгілі тұлғалардың туыскандық байланыстары, құда-андалық қарым-қатынастар, т.б.) хабардар болып отырған. Сол деректер арқылы әрбір қазақ бірін-бірі нағашы-жиен, құда-анда, төркін-туысқан, жекжат-жұрағат тұтып, бір-бірімен шұрқыраса табысып, шүйіркелесе танысып кететін болған. Яғни, қазақ үшін рулық, тайпалық, жүздік құрылымдар туыскандық бағдар берушілік қызмет атқарса, шежірелік деректер туыскандық байланыстарды өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты деңгейінде нақтыландыра түсіп отырған. Яғни, қазақтың дәстүрлі туыскандық жүйесі қазақ этносының біртұтастығын қалыптастыруда тегеурінді тетіктердің бірі болған деп қорытынды жасаудың қисыны бар (*«Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз*).

(Тарих сынынан өткен мұндай тәжірибені жаһандану (глоболизация) үйіріміне түскен бүгінгі қазақ қоғамының мүддесіне сай пайдалану мүмкіндіктерін елеп-ескеруге де болар еді және оның шапағаты тиетініне де еш күмән болмаса керек).

Туысқандық жүйе — қазақ халқының тарихи тағдырында айрықша орны бар әлеуметтік-этникалық құндылық. Бір тыңдарға жалпылама сөз болып көрінетін осы ой-тұжырымның астарына тереңірек үнілсе, қазақ халқы үшін туысқандық жүйе адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын ретке келтіріп отыратын және адамдарды парасаттандыра түсетін, сол арқылы қазақ қоғамын **біртұтас этноәлеуметтік туысқандар одағына** айналдыра алатын мейлінше тегеурінді тетіктердің бірі екенін аңғаруға болар еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси құрылыс және сол әлеуметтік-саяси құрылысқа негіз болған этноқұрылымдар (жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз, халық), ең алдымен, өзара туысқандық байланыстар арқылы бекемделіп отырған. Бұл ретте, қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспайтын дәстүрі, біріншіден, өзінен-өзі ру мен рудың, тайпа мен тайпаның, жүз бен жүздің өзара құда-андалы, нағашылы-жиенді, төркін-тумалас, жекжат-жұрағат болуын қамтамасыз етсе, екіншіден, мұндай туысқандық байланыстар алуан түрлі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен, жол-жорамен, жөн-жобамен, ырым-кәдемен дәріптеліп отырған. Мұндай аса күрделі қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас шежірелік ақпарат арқылы **ұлттың ұлы бірлік идеясы** ретінде тұтас этностың жадына айналған. Әлбетте, этножаралымды тұтас-тандыруға бағытталған мұндай үрдісті тарихи феномен ретінде мойындауға тура келеді. Ой орамын бірер мысалмен орнықтыра түсу қажет.

Ұлттың ұлы бірлік идеясынан туындаған шежірелік деректер бойынша Орта жүздегі исі найман атаулы Ұлы жүздің Әлпеш деген қызынан өрбиді. Дәл сол сияқты, Орта жүздегі қалың арғынның түп аналары Кіші жүздің үш қызы екені айтылады (*«Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Әлпеш» тақырыпшасын, сондай-ақ «Орта жүз» тараушасындағы «Арғын-Мейрамсопы» тақырыпшасын қараңыз*).

Осы сияқты шежірелік дерекке қанық әрбір найман адамы бүкіл Ұлы жүзді, әрбір арғын адамы бүкіл Кіші жүзді нағашы жұртым деп білген. Жай ғана біліп қоймаған, кез келген найман адамы Ұлы жүздің кез келген адамын, кез келген арғын адамы Кіші жүздің кез келген адамын нағашы тұтып, дәстүр бойынша жиендік жасап, еркін-ерке мінез-қылық көрсетіп, ондай мінез-қылыққа Ұлы жүздің де, Кіші жүздің де кез келген адамы мағұрланып, нағашылық жол-жорасы мен жөн-жобасын мүлтіксіз сақтап отырған. Әрине, мұндай дәстүрге илану былай тұрсын, бірден ақылға сиғыза қоюдың өзі оңай емес. Бірақ, ақиқаты солай.

Көрнекті ақын Қадыр Мырза-Әли былай дейді: «Қостанайдың Күнтимес деген жеріне бардық. Шындығында Шоқанның туған жері — сол Күнтимес. Көкшеде туды дегені қате, бекер. Біз Шыңғыстың қыстауының іргетасын көрдік. Бір шалдар келді. Жөн-жосық сұрады. Қазақтың әдеті ғой. Қасымдағылар мені: «Қадыр Мырзалиев. Ақын», — деп таныстырды. Оған онша мән бере қойған жоқ.

— Қай ауылдың баласы? — деп үстемелеп сұрады.

— Батыс жақтан. Алшынның баласы! — деді.

Шалдардың көзі шуақтанып:

— Ой, құда бала келіп қалыпты ғой, ойбай жүр, мал соямыз! — деді. «Құда бала» деп тұрғаны Сырым батырдың (1723-1802) әпкесін алғанын қуалап отыр.

Қазаққа қалай таң қалмайсың? «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деген осы (*Сөзмерген. Қадыр Мырза-Әлимен сұхбат. Сұхбаттасқан Көпен Әмірбек. — «Жалын» журналы, 2007. № 4*).

Деректің мәнін аша түсу қажет. Оқиға ХХ ғасырдың соңын ала болған. Яғни, кеңестік идеология тепкісінің астында қазақы дәстүрдің әбден солғын тартқан кезі. Оқиға кейіпкерлерінің бірі — шалдар Қостанай облысынан. Келесісі — Қадыр Мырза-Әли Орал облысынан. Аралары екі мың шақырымдай жерде туып-өскен адамдар. Бірін-бірі көріп-білмеген. Оның үстіне Қадыр Мырза-Әли қазақтың Кіші жүзінен болса, қарттар — Орта жүзден. Бұлардың бір-бірін жақын тұтып, шұрқырасып, қонаққа шақырысуына дәнекер тұлға — Сырым батыр ХVIII ғасырда ғұмыр кешкен адам. Міне, таза қазаққа тән туысқандық феноменін осы тұрғыда бажайлап түсінуге болады.

Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамындағы туысқандық жүйе дегеніміз жеке адамдар арасындағы қандас-туысқандық ғана емес, тұтас этноқұрылымдық деңгейлердегі (жанұя, әулет, ата, ру, тайпа, жүз, халық) қандас-туысқандық тұрғысында зерделенуге тиіс. Нақтыланқырап айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамындағы кез келген адам (субъект) өзінен басқа кез келген этноқұрылыммен де және сол этноқұрылым аясындағы кез келген адаммен де туыстас болып, оның өзі нақтылы шежірелік ақпаратпен бекемделіп отырған (*«Қарға тамырлы қазақ» тараушасындағы ақын Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың дерегіне назар аударыңыз*). Әлгі, қазақ ортасында ру-тайпалық құрылымдар мен сол құрылымдар арасындағы туысқандық байланыстарды білмейтін адам өзін ескексіз қайыққа мінгендей сезінген деуіміздің мәнісі осында (*«Елтану мектебі» тараушасында*). Яғни, көшпелі өмір-салттағы әрбір қазақ үшін шежірелік ақпаратқа жүйрік болу — өмірлік мұқтаждыққа, тіршілік құрудың қажетіне айналған.

Қазақ халқының тұтас этникалық деңгейде қандас-туыстастар болып қалыптасуына себепші болған — жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүріне қатысты тағы да бір факторды айта кету қажет. Бұл дәстүр байынша әрбір қазақ еркегінің не шешесі, не әйелі, не келіні өзінен басқа ру-тайпадан болып шығады. Өйткені жеті аталық уақыт аясында өсіп-өнген ұрпақтан жаңа бір ру қалыптасып отырған (*«Еңші институты» тараушасын қараңыз*). Яғни, кез келген қазақ тікелей өз басы арқылы немесе етжақын ағайынтумалары арқылы өзінен-өзі исі қазақтың этноқұрылымдарымен туысқандық байланысқа түседі деген сөз. Ондай байланыстар, міндетті түрде, алуан түрлі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен, жол-жорамен, жөн-жобамен, ырым-кәдемен дәріптеліп, екі жақ үшін де мерей-мәртебе саналған. Түптеп келгенде, қазақ халқын не тілінде, не ділінде, не өмір-салтында айырым-өзгешелігі жоқ, біртұтас этножаралымға айналдырған ғажайып тетік ретінде осы факторларды мойындауға тура келеді.

«Мен Ұлы жүзді сөз етпесем де болады, өйткені олар барлық жағынан өздерінің сібірлік және орынборлық қазақ бауырларына ұқсас» (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. 1 том. — Алматы, 1961. 401-бет. Аударма біздікі*).

«Қазақтардың байтақ далада ғұмыр кешетініне қарамастан, тілдік жаралымы соншалықты біртұтас, Каспий теңізі мен Өр Ертіс (*аралары 3 мың шақырымнан астам – А. С.*) қазақтарының тілінен диалектілік айырмашылықты да аңғару мүмкін емес. Олардың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, мінез-бітімі біртектес және өзге де түркі халықтарынан айқын дараланып көрінеді. Сондай-ақ, олар өздерінің қазақ халқына жататынын және сол халық құрамындағы тарам-тарам туысқан ру-тайпалардың өкілі екендіктерін терең сезінеді (*В.В.Радлов. Из Сибири. Страницы дневника. – Москва, 1989. 250-бет. Аударма біздікі*).

«Қазақстанның төрт құбыласына да орналасқан қазақтардың қан жүйесінің тұтастығын көреміз» (*О. Смағұлов. Бір тамшы қанда да халық тарихының ізі бар. – «Заман-Қазақстан» газеті. 28 наурыз, 1997*).

Демек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы туысқандық жүйе деген, түптеп келгенде, әрбір жеке адамды тұтас этножаралыммен сабақтастыратын, жай ғана сабақтастырып қоймай, әрбір жеке адамға этностың бір мүшесі екенін терең сезінтетін, сол арқылы жалпы этникалық туысқандық жүйені әркімнің жақсы білуін өмірлік мұқтаждыққа айналдыратын, нәтижесінде «қарға тамырлы қазақ» деп аталатын біртұтас этнос аясындағы барша тіршілік-әрекетті (*жизнедеятельность*) реттеп отыруға тегеурінді ықпал ететін және әлеуметтік қатынастардың барлық деңгейлері мен типтеріне бірдей қатысы бар этноақпараттық кеңістік болып табылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында адамдар, жанұялар, әулеттер, аталар, ру-тайпалар, жүздер арасында некелік-жанұялық, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси қарым-қатынас барысында көп салалы, көп қыртысты туысқандық жүйе қалыптасқан және осыған орай алуан түрлі туысқандық-жақындық аталым-терминдер орныққан. Адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсуі барысында (*векторный режим*) туысқандық-жақындық терминдер, әдетте, қаратпа сөз немесе өздік атау (*вокатив*) тұрғысында немесе үшінші жақтағы біреудің туысқандық деңгейін анықтау үшін қолданылады. Мәселен, айтушының (*эго*) етжақын айтылушыны (*альтер*) атауы — баба, ата, әже, әке, апа, аға, жеңеше, әпке, нағашы, жезде, қайным, т.б.; айтушының айтылушыны әрі нақтылап-айырып, әрі қадір-құрмет тұтып атауы — Алма жеңеше, Оспан аға, Ұмсын тәте, Нұрлан жезде, Кемел нағашы, т.б.; дәстүрлі этикетке байланысты айтушының айтылушыны бодау сөз (*эвфемизм*) түрінде атауы — Би аға, Сері қайным, Салжігіт, Молда қайнаға, Әнші жеңеше, Сылқым жезде, Зергер нағашы, т.б.; себеп-салдарлық (*окказионалды*) тұрғыда айтылатын сыйластық, мүдделестік, құрмет тұтушылық және жақын тартушылық атауы — дос, достым, ақсақал, ағасы, інім, інішек, балақай, тамыр, құрдас, құрбым, қарындас, қарағым, қарғам, шырағым, қалқам, туысқан, бауырым, қызым, балам, замандас, жеңгей, апай, бәйбіше, отағасы, азамат, жолдас, көрші, құда, нағашы, жиен, молдеке, батыреке, байеке, т.б.; айтушының үшінші жақтағы біреуге қатысты туысқанын атауы — Кемел нағашымның жиенінен туған жиеншары, Нұрлан жездемнің бөлесінің бажасы, Нұрлан жездемнің бөлесінің бажасынан туған қыздың баласы, Қармыстың бауыздау құдасы — Қайраттың нағашы апасынан туған жиен бала, т.б...

Міне, осы сияқты туысқандық-жақындық атау-терминдер қазақ тілінде мейлінше мол және алуан салалы, көп қыртысты болып келеді. Сондықтан, туысқандық атау-терминдерді айтушы, көп жағдайда, туысқандық қарым-қатынас құрылымы-

ның бас тұлғасы болып отырады. Былайша айтқанда, туысқандық атау-терминдерді, көп жағдайда, айтушыға қатысты бажайлап түсінуге болады. Рас, кейде айтушы белгілі бір адамның туысқандық деңгейін айқындау үшін сол адамның үшінші бір адамға қатысты туысқандық байланысын тарата түсіндіруіне тура келеді. Мәселен, жоғарыда атап көрсеткендей, «Қармыстың бауыздау құдасы – Қайраттың нағашы апасынан туған жиен бала» деген сияқты.

Туысқандық атау-терминдер есімдік атаулар мен әлеуметтік титулатуралар сияқты белгілі бір субъектіні даралап көрсететіні аян. Бұл ретте, туысқандық терминдер, негізінен, айтушы мен айтылушының өзара байланысы арқылы ғана белгілі бір мән-мағынаға ие болатыны назар аударады. Мәселен, «әке» терминін сол айтылушы әкенін баласы ғана қолдана алады. Яғни, әрбір туысқандық терминдерді келесі бір туысқандық терминмен шендестіру барысында олардың мән-мағынасы айқындала түседі. Алайда, осы тұста, айтушы мен айтылушының өзгеруіне байланысты туысқандық терминнің де өзгеріп отыратынын атап өткен жөн. Мәселен, туысқандық терминді айтушы адамға (А) айтылушы адам (Ә) нағашы болса, сол адам (Ә) туысқандық терминді айтушы келесі бір адам (Б) үшін жиен болуы мүмкін. Яғни, бірінші айтушы адам (А) үшін айтылушы адам (Ә) нағашы ретінде айғақталса, екінші айтушы адам (Б) үшін сол айтылушы адам (Ә) жиен ретінде айғақталады. Туысқандық терминдерге қатысты мұндай комбинациялар мен вариацияларды тізбелеу мейлінше көп орын алар еді және ондай тізбелеуді соза беру шарт емес. Бұл жерде, туысқандық терминдерді тізбелеп атап шығудан немесе желі (схема), кесте (таблица), кілтбелгі әріптер (код) сияқты шартты белгілермен көрсетуден гөрі сол терминдер айғақтайтын адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын бажайлау әлдеқайда мәндірек. Яғни, туысқандар арасында қалыптасқан этикалық нормаларды айқындау, сол этикалық нормаларға орай орныққан салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, жол-жораны, жөн-жобаны, ырым-кәдені саралап көрсету анағұрлым маңызды. Түптеп келгенде, қазақтың туысқандық жүйесін де, туысқандық терминдер жүйесін де өзгеден даралап көрсете алатын, сөйтіп, төл сипатын айқындап беретін ең бір ұрымтал тетік осы болса керек. Сондықтан да біз қазақтың туысқандық жүйесі мен туысқандық терминдер жүйесін танып-түсіну үшін және айқындап көрсету үшін қазіргі иденетикалық зерттеулерде кеңінен қолданылып жүрген желі (схема), кесте (таблица), кілтбелгі әріптер (код) сияқты тәсілдерден саналы түрде бас тарттық.

Осы орайда, иденетикалық зерттеулерде жиі қолданылатын тәсіл ретінде орыс этнологы Ю.И. Левин ұсынған кодты атап өтуге болады. Бұл код бойынша туысқандық байланыстар әріппен белгіленеді. Мәселен, орыс тіліндегі «родитель» – Р, «дитя» – Д, «супруг» – С, айтушы адам «эго» – Э, айтылушы ер адам болса «мужчина» – м, айтылушы әйел адам болса «женщина» – ж, айтылушының жасы үлкен болса – (+), айтылушының жасы кіші болса – (–) деген сияқты. Осы код, яғни, кілтбелгі әріп бойынша орысша «отец» – Рм, «брат матери» – ДмРРж, «младшая сестра отца» – ДжРРм, «старший брат» – +ДмРЭм, «сын старшего брата» – Дм+ДмР, «сын брата старше говорящего» – +ДмДмР, т.б. түрінде белгіленеді (Г.В. Дзибель. *Феномен родства. Прологомены к иденетической теории // Алгебра родства. 6-шығарылым. – Санкт-Петербург, 2001. 10-бет*).

Ю.И. Левин ұсынған бұл кілтбелгіні пайдаланбауымыздың бірнеше қисыны бар. Біріншіден, Ю.И. Левиннің бұл коды қандас туыстастардың сабақтастығын айғақтайтын белгі ғана. Яғни, туысқандар арасындағы әлеуметтік байланыстар мен қалыптасқан нормалардың табиғатын ашып бере алмайды. Екіншіден, қазақ дәстүрінде «өз жұрты», «нағашы жұрты», «қайын жұрты» бойынша алты-жеті буынға дейінгі ұрпақты айырып атайтын ондаған-жүздеген туысқандық терминдерді кілтбелгі әріптермен белгілеу, онсыз да күрделі туысқандық терминдер жүйесін одан әрі күрделендіре түсетіні айқын байқалады. Үшіншіден, Ю.И. Левин ұсынған кілтбелгі әріптер айтушыны бейнелеуден басталмайды, керісінше, айтылушыны (альтер) бейнелеуден басталып, кері қарай жорылады. Бұл да ұғымды ауырлата түсетін фактор. Содан да болу керек, Ю.И. Левиннің тәсілін жетілдіру мақсатымен М.В. Крюков туысқандық қатынасты білдіретін кілтбелгі әріптердің жанына бағдарсызықша (стрелка) қоюды ұсынған. Төртіншіден, Ю.И. Левиннің коды бойынша әрбір кілтбелгі әріп генеалогиялық ретті ғана білдіреді. Сөз жоқ, туысқандық жүйе феноменін барша қасиетімен танып-түсіну үшін, тек қана генеалогиялық ретті білумен шектелуге болмайды (Ю.И. Левин. *Об описании системы терминов родства*. — «Советская этнография» журналы. 1970, № 4; М.В. Крюков. *Система родства китайцев (эволюция и закономерности)*. — Москва, 1972).

Осындайда ел аузындағы бір әңгіме еске түседі. Екі аттылы жолаушылап келе жатса керек. Бірі — мосқалдау ер адам да, екіншісі — бойжеткен қыз екен дейді. Бұл жолаушыларды көрген ауылдың бір жеңілауыз жігіті тұрып: «Пай-пай, мына қыздың астындағы жорғасын-ай, қасындағы келіскен жолдасын-ай!» — деп мысқылдапты.

Сонда, жолаушы қыз: «Әй, жігіт-ау, әй, жігіт! Сөздің білсең мәнісін, андап сөйле аңысын! Бұл жігіттің шешесі менің шешемнің қайын енесі, сонда мен бұл жігіттің неменесі?!» — деген екен. Осы сөзді естіген ауыл жігіті андамай айтып қалған сөзінен қысылып, жолаушылардан кешірім сұрапты. Сөйтсе, жолаушылап келе жатқан қос аттылы әкесі мен қызы екен дейді.

Тағы да бір мысал келтіруге болады. Баяғыда бір келіншектің алты қайнағасы бар екен. Олар — Өзенбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойшыбай, Лөкетбай, Қайрақбай деп аталса керек. Бірде, келіншек өзенге су алуға бара жатып, қамыс арасынан қойға шапқан қасқырды көреді. Сол жерде, келіншек қасқырды жасқап үркітіп жібереді. Сонсоң, қасқыр тартқан қой арам өліп қалмас үшін, үйге асыға жүгіріп келіп: «Сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлыма жейін деп жатыр екен, қынаманы жанымаға жанып алып, дереу бауыздамаса, маңыраманың арам өліп қалуы мүмкін!» — депті.

Келіншектің мұнысы, дәстүр бойынша қайнағаларының атын атап қоймау үшін өзенді — «сарқырама», қамысты — «сылдырама», қойды — «маңырама», қасқырды — «ұлыма», лөкетті — «қынама», қайрақты — «жаныма» деген бодау сөздермен (эвфемизм) жеткізгендегісі. Әрине, келіншек бұл бодау сөздерді дәл сол жерде ойынан шығармаған. Бұл оның келіндік жөн-жобасын сақтау барысында сөздік қорына әбден сіңген және ондай бодау сөздерге төңірегіндегілердің де құлағы үйренген...

Бұл мысалдардың аңғартары: туысқандық терминдер тек қана генеалогиялық сабақтастықты білдіріп қоймайды, сонымен бірге, адамдар арасындағы алуан түрлі қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас нормаларын да айғақтай алады дегенге сая-

ды. Былайша айтқанда, қазақтың туысқандық жүйесі мен туысқандық терминдер жүйесін бажайлау арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастың алуан түрлі үлгіде регламенттелгенін пайымдауға болады. Яғни, қазақтар туысқандық қарым-қатынас барысында қоғамдық-әлеуметтік нормаға айналған алуан түрлі салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, жол-жораны, жөн-жобаны, ырым-кәдені айнытпай сақтап отырған. Ең ғажабы, мұндай қарым-қатынастың кез келген үлгісі жалпы этникалық аяда дәріптеліп, адамдарды өзара жарастыратын, адам тіршілігін мән-мазмұнға кенелтетін, сол арқылы адам өмірін мәнді де сәнді ететін өміршең үрдіске айналған.

Әлгі, туысқандық терминдерді желі (схема), кесте (таблица), кілтбелгі әріптер (код) арқылы беру, әсте, мән-мағыналық қасиеттерін ашып бере алмайды деуіміздің негізгі себебі де осы тұрғыда. Сондықтан да, туысқандық терминдерді лексикалық элемент ретінде түзе отырып, оған мүмкіндігінше этнографиялық сипаттама беру көзделіп отыр («*Туысқандық атаулар жүйесі*» тараушасын қараңыз). Осы орайда, қазақтың «өз жұрты», «нағашы жұрты», «қайын жұрты» деп келетін туысқандық қарым-қатынас дәстүрі туысқандық атау-терминдер жүйесін саралап көрсетудің негізгі бағдар-саласы болып табылады. Туысқандық терминдерді түзу барысында айтушы немесе айғақтаушы адам (эго) мен айтылушы немесе айғақталушы адамның (альтер) жынысы, ұрпақаралық деңгейлері, тікелей және жанама (латеральды) туысқандық байланыстары, генеалогиялық санаттары (ранг), туысқандар арасындағы міндеттер мен тиымдар сияқты мәселелер лексикалық-семантикалық және этнографиялық тұрғыда сараланатын болады. Туысқандық терминдерді бұлайша түзу, бір қарағанда, сипаттамалық (описательный) немесе формалды-сараптамалық (формально-аналитический) үлгі сияқты көрінгенімен, әрі қарай дамыта зерттеу қажет болса, бұл ұстаным туысқандық жүйенің де, туысқандық терминдер жүйесінің де, сондай-ақ, туысқандық есімдердің де (имена родства) қыр-сырын тереңірек танып-түсінуге негіз болатынына кәміл сенеміз (*Келесі «Туысқандық атаулар жүйесі» тараушасын қараңыз*).

13. Туысқандық атаулар жүйесі

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Дәстүрлі қазақ қоғамында туысқандық жүйе деген, әрбір жеке адамды тұтас этножаралыммен сабақтастыратын, жай ғана сабақтастырып қоймай, әрбір жеке адамға этностың бір мүшесі екенін терең сезінтетін, сол арқылы жалпы этникалық туысқандық жүйені әркімнің жақсы білуін өмірлік мұқтаждыққа айналдыратын, нәтижесінде «қарға тамырлы қазақ» деп аталатын біртұтас этнос аясындағы барша тіршілік-әрекетті реттеп отыруға тегеурінді ықпал ететін және әлеуметтік қатынастардың барлық деңгейлері мен типтеріне бірдей қатысы бар этноақпараттық кеңістік екені ілгерідегі тараушада біршама сараланды («*Туысқандық жүйе*» тараушасын қараңыз). Мұндай ой-тұжырымды орнықтыра түсу үшін дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан нақтылы туысқандық атау-терминдер кең көлемде қамтылып, олардың әрқайсысының мән-мазмұны алғаш рет сипаттамалық-этнографиялық (описательный)

сательно-этнографической) тұрғыда сараланып отыр. Мұндай түзілімді «Түсіндірмелі туысқандық терминдер» («Референтивные термины родства») деп те атайды.

2. Қазақ тіліндегі туысқандық атау-терминдер, негізінен, айтушы адамның өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты бойынша тектеледі. Бұл — қазақ халқының таным-түсінігіне орныққан, салт-дәстүріне тән үрдіс. Ғылыми еңбектерде туысқандық-жақындық атауларды әр түрлі жүйемен саралайтын тәжірибелер бар. Мәселен, ағайын-туған, құда-анда, жекжат-жұрағат, неке-некелес, тамыр-таныс, дос-жаран, жолдас-жора, ашына-көңілдес, көрші-қолаң, әріптес-мүдделес, кәсіптес-қауымдас, кемелес-бауырлас (братство по кораблю), жорықтас-жортуылдас, саптас-сапарлас, елдес-еншілес, т.б. деген сияқты. Ал, қазақ ғалым-зерттеушілерінің арасында туысқандық-жақындық атауларын ағайын жұрты бойынша, нағашы жұрты бойынша, неке құруға байланысты, құдалыққа байланысты деп жіктейтін немесе ұрпақ деңгейлері бойынша (баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, шөбелек) жіктейтін үрдіс те бар (*Х. Арғынбаев*).

Қалай болғанда да, туысқандық-жақындық атау-терминдер жүйесі «айттым — бітті, кестім — үзілдімен» шешілетін проблема емес. Бұл тақырып арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жан-жақты саралап, кең аяда этнографиялық-этимологиялық талдаулар жасап, сипаттамалық-сараптамалық (описательно-аналитический) тұжырымдар жасауды қажет етеді. Біздің мақсат: туысқандық атау-терминдер жүйесін шежірелік дәстүрдің аясында ғана зерделеу, яғни, шежіре тарату мәдениеті, ең алдымен, адамдардың туысқандық-жақындығын айғақтайтын, сол арқылы елдік-ұлттық тұтастықты орнықтыруға ықпал ететін тегеурінді тетік екеніне назар аудару. Сол себепті, біздің тарапымыздан туысқандық атау-терминдерді халық ұғымына орныққан үрдіс бойынша (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) саралау әдісі таңдалып отыр.

3. Туысқандық атау-терминдерді өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты бойынша саралаудың, белгілі дәрежеде, шарттылығы бар екенін де атап өткен жөн. Мәселен, күйеу (бай), әйел (жұбай), жеңге, бөле, жиен, келін, жезде, құда, құдағи, құдаша, балдыз, бажа, т.б. сияқты атау-терминдердің қай жұртқа тиесілі екені кім-кімді де тосылып тастайтыны аян. Осы орайда, туысқандық атау-терминдерді жіктеп-жүйелеу барысында, айтылушы адамның қай жұртқа қатысы бар адам екенін ең негізгі белгі (критерий) ретінде басшылыққа алып отырмыз. Мұндай ұстанымның өзіндік қисыны бар. Айталық, бажалардың, әдетте, әулет-аталары немесе рулары бөлек болып келеді. Бір әулеттегі ағайынды екі жігіттің келесі бір әулеттегі апалы-сіңлілі екі қызға үйленуі, сөйтіп, ағайынды екі жігіттің бір-бірімен бажа болуы сирек ұшырасатын оқиға. Бұл ретте, бұрын бірін-бірі танымайтын адамдарды бір-біріне бажа етіп, туыстастыратын дәнекер — бірге туған апалы-сіңлілі адамдар. Былайша айтқанда, бірге туған апалы-сіңлілі адамдардың күйеулері бір-біріне бажа болады. Демек, бажаны қайын жұртқа жатқызу қисынды. Қайын жұрттан басқа жұртқа жатқызудың қисыны да жоқ. Өйткені, айтушы мен айтылушының (яғни, бажалардың) арасындағы дәнекер адамдар (бажалардың әйелдері) қайын жұрттың өкілдері. Сол себепті, бажаны қайын жұрт бойынша жіктеу қисынды. Бұл жерде, «жұрт» ұғымы «ру» ұғымымен әсте шендестірілмеуі керек.

Сондай-ақ, жиенді алайық. Жиен – айтушы адамның не әпкесінен, не қарындасынан, не сінлісінен туған бала. Яғни, жиенді (руы бөлек болса да) өз жұртына жатқызу қисынды. Өйткені, айтылушы адамға (жиенге) қатысты бірден-бір дәнекер адам айтушы адамның не әпкесі, не қарындасы, не сінлісі ғой. Ал, әпке, қарындас, сінлі дегендер айтушының өз жұртының өкілі екені аян. Осы орайда кейбір зерттеушілердің жиенді нағашы жұртқа жатқызуында жаңсақтық бар деп білеміз (*Х. Арғынбаев. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. 58-бет; С. Кенжеахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы, 2006. 197-бет*). Неге десеңіз, жиен айтушы адамның шешесіне қатысты субъект емес, айтушы адамның не әпкесіне, не қарындасына, не сінлісіне қатысты адам. Олай болса, жиеннің қай жұртқа қатысты екенін айқындауда, айтылушы адамға (жиенге) қатысты жалғыз дәнекер айтушы адамның не әпкесі, не қарындасы, не сінлісі екені алдымен ескерілуге тиіс. Сондықтан да туысқандық-жақындық атау-терминдерді жіктеп-жүйелеу барысында осындай ұстаным басшылыққа алынды.

Осы орайда, қазақ дәстүріндегі «өз жұрты», «нағашы жұрты», «қайын жұрты» деп келетін атау-терминдерге тірек болып тұрған «жұрт» сөзі назар аударады. Қазақ тілінде «жұрт» сөзі мынандай мағыналарда қолданылады:

а) Көшіп кеткен елдің, ауыл-үйдің орны, елсіз көннің орны, киіз үй тігілген жер. Бұл мағынада «жұрт жаңғыртты», «қара жұрт», «сары жұрт» тіркестері қолданылады.

б) Ел, халық, әлеумет. Бұл мағынада «дүйім жұрт», «жұрт аяғы сиреді», «жұрт қатарлы», «өз жұрты», «нағашы жұрты», «қайын жұрты» тіркестері қолданылады. Яғни, «жұрт» сөзі қандас туысқандарды ғана айғақтап қоймайды, сонымен бірге, белгілі бір әлеуметтік ортадағы мүдделестерді, қауымдастарды және жамағайындарды да айғақтайтыны айқын аңғарылады. Жамағайын – етжақын туысқандардың дәнекер болуы арқылы жамалған (қосылған) туысқандар деген мағына береді. Мәселен, жиенге дәнекер болатын етжақын туысқан – айтушының не әпкесі, не қарындасы, не сінлісі. Яғни, жиен – айтушының әпкесі, қарындасы немесе сінлісі арқылы пайда болған жамағайын (жамалған ағайын). Осы тұрғыдан келгенде де, туысқандық атау-терминдерді жұрт бойынша (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) жіктегенде, айтылушыға дәнекер болатын адамның қай жұртқа қатысы бар екеніне алдымен мән берудің қисыны бар. Демек, бұл жерде туысқандық атау-терминдердің дәстүрлі таным-түсінікке сай үш жұрт бойынша жіктелуі ең басты белгі-ұстаным (критерий-принцип) ретінде басшылыққа алынып отыр. Қазақ халқының туысқандық жүйесіндегі аталмыш жұрттардан (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) басқа жұрт жоқ. Рас, қазақ тілінде «жат жұрт» деген сөз бар. Алайда, жат жұрттың адамдарына қатысты, әдетте, туысқандық атау-терминдер қолданылмайды. Олай болса, зерттеліп отырған объектінің де болмысына тән жору өз жұртына, нағашы жұртына, қайын жұртына қатысты болса керек.

4. Туысқандық атау-терминдер, әдетте, айтушы адам арқылы айғақталып отыратыны белгілі. Бұл ретте, айтушы мен айтылушының жынысына немесе жасына орай туысқандық атау-терминдердің де әр түрлі болып құбылып айтылатыны қаперде болды. Мәселен, белгілі бір айтушы адамға (А) келесі бір айтылушы адам (Ә) жиен болса, басқа бір айтушы адам (Б) үшін әлгі айтылушы адамның (Ә) нағашы болуы мүмкін деген сияқты...

5. Туысқандық атау-терминдер адамдар арасындағы қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани және моральдық-этикалық қарым-қатынастың да айғағы. Бұл үрдісті қазақ «Адамның күні адаммен» деп, мақал түрінде түйіндеген. Сондықтан да туысқандық атау-терминдерді сипаттау барысында туысқандар арасында орныққан салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, жол-жораны, жөн-жобаны, ырым-кәдені мүмкіндігінше атап көрсетуге мән берілді. Осы орайда, туысқандар арасындағы моральдық-этикалық және әлеуметтік қарым-қатынастарды айғақтайтын мақал-мәтелдер мүмкіндігінше кеңірек қамтылды.

Міне, осындай ұстанымдар бойынша тұңғыш рет қазақтың үш жүздей туысқандық атау-терминдеріне, оның ішінде айтушыны және айтылушыны айғақтайтын атау-терминдерге, сондай-ақ, айтушының айтылушыға қатысты өзін айғақтайтын сәйкес атау-терминдеріне (соотносительный термин для эго), айтушының айтылушыға қатысты өздік атауына және айтушының айтылушыға қатысты тергем атауына (эвфемизм) сипаттама беріліп отыр.

Сонымен, қазақ адамының өз жұртына, нағашы жұртына және қайын жұртына қатысты айтылатын туысқандық атау-терминдер...

ӨЗ ЖҰРТЫ:

Абысын — айтушының (әйел адамға қатысты) қайын інісінің әйелі. Абысынға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау (соотносительный термин для эго) — **ажын**. Абысынға қатысты ажын айтатын өздік атау — **абысыным, абысын келінім**, тергем атау, бодау сөз немесе сыпайы сөз (эвфемизм) — **абысын келін** (яғни, күйеуінің келіні екенін меңзегені).

Әдетте, абысын-ажындар апалы-сіңлідей тату, сырлас болады. Бұрын келін болып түскен ажын кейінгі абысынына ауыл-елдің жай-жапсарын түсіндіріп, кіммен қандай қарым-қатынас жасаудың толып жатқан жол-жораларын, жөн-жобаларын жалықпай үйретеді. Абысын-ажындардың татулығы әулеттің ғана емес, бүкіл ауыл-елдің жарастықты болуына кепіл.

Мақал-мәтелдер: Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп; Абысын ағарып алдыма шықпасын, қарайып артымда қалмасын, т.б. Тұрақты сөз тіркестері: Абысын-ажындай ауыз жаласқан (яғни, тату болған деген мағынада), Абысын-ажындай шүйіркелескен, т.б.

Байырғы түркі тілінде «абысын» («абсин») сөзі «өзімсіну», «бөтен үйге ие болу», яғни, қазақы ұғыммен айтқанда «өзге үйдің түтінін түтету» деген мағына береді (*Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-Турк. З-А.М. Әуезованың аудармасы. — Алматы, 2005. 258-бет*). Монғол тілінде күйеулері ағайындас әйелдердің жасы үлкені — «ажин», жасы кішісі — «авьсан» деп аталады (*М. Сұлтандин. Сөз төркіні. — «Қазақ әдебиеті» газеті, 1981, 12 маусым*).

Аға (бауыр) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) бірге туған жасы үлкен бауыры (ер адамға қатысты). Ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **іні, бауыр** (ер адамға қатысты), **қарындас** (әйел адамға қатысты). Ағаға қатысты іні мен қарындас айтатын өздік атау — **ағам, бауырым**, тергем атау — **аға, ағатай, ахке**.

Әр жанұяның үлкен баласы сол жанұяда әке-шешеден кейінгі жолы үлкені. Оның айтқанын өзінен кейінгі інісі, қарындасы бұлжытпай орындауға міндетті. Осыған сай жасы үлкен аға мен әпке де өздерінен кейінгі бауырларын еркелетіп, оларға тілеуқор болып, қамқорлық көрсетеді. Ағаны жасы кіші іні-қарындастары құрмет тұтып, сыйлап өтуге міндетті. Бауырлар өмірдің қуаныш-қайғысын тең бөліседі.

Аға мен іні арасындағы бауырмалдық қарым-қатынас немерелес, шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас ағайындардың арасында да сақталады. Яғни, **немере іні, шөбере іні, шөпшек іні, ағайын іні** атау-терминдеріне де қатысты.

Мақал-мәтелдер: Ағасы бардың — жағасы бар, інісі бардың — тынысы бар; Ағаның үйі — ақ жайлау; Аға — бордан, іні — зордан; Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сінлі өсер; Жаман да болса ағамыз, жақсыны қайдан табамыз; Жеңгем жаман болса да жағам жақсы, өзім жаман болсам да ағам жақсы, т.б.

Ажын — айтушының (әйел адамға қатысты) қайын ағасының әйелі. Ажынға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **абысын**. Ажынға қатысты абысын айтатын өздік атау — **ажыным, ажын жеңгем**, тергем атау — **ажын, ажын жеңге** (яғни, күйеуінің жеңгесі екенін меңзегені).

«Ажын» атауы көнерген сөз. Сондықтан да ағайын адамдардың әйелдері бірін-бірі «абысын» деп те атай береді. Ауызекі сөзде «абысын-ажын» қос сөзі «ағайын адамдардың әйелдері» деген мағынада қолданылады (Осы тараушадағы «Абысын» атауын қараңыз).

Анда — ер адамдардың бір-бірімен қан араластыру арқылы дос болуы, яғни, андалас болуы. Андаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **анда**. Андаға қатысты анда айтатын өздік атау — **андам**.

Байырғы замандардан бастау алатын анда дәстүрі қазақ арасында бертін келгенше сақталған. Қазақтың қария сөзінде Абылай хан (1711-1781) мен жоңғар нойаны Әмірсананың (1722-1757) анда болғаны айтылады. Дәстүр бойынша анда болатын адамдар қымызға қандарын араластырып, бөліп ішетін болған немесе бармақтарын тіліп, тілген жерлерін тиістіру арқылы қан араластырған. Сонан соң, бойларындағы бес қарудың бірін айырбастасқан. Тарихи деректерде андалар бірін-бірі әкеден кейінгі жақын адамдармыз деп есептеген. Бірі үшін бірі ойланбастан жанын қиған. Байырғы жазбаларда скифтің екі анда жауынгерінің бірі жау қолына түскенде, екіншісі андасын құтқару үшін екі көзін ойдыртуға келісім бергені айтылады.

Түсіпхан Мағзиев жырлаған «Қабанбай батыр қиссасы» атты тарихи жырда Қабанбай батырдың ауырып жатқанын естіген анда досы Дәулетбай батыр суыт жетеді. Дәулетбай келген бетте Қабанбайдың садағасы болайын, оған жабысқан дерт маған дарысын деп, айқайды салып ауылды үш рет айнала шауыпты дейді:

«Ауылды үш айналып шауып шықты,

Алам деп садағасын өзінше ұқты:

«Қабана келген пәле маған келсін,

Болайын садағасы құрбан тоқты!»

Қазақ дәстүрінде адам айналу, үй айналу, ауыл айналу — жаман ырым. Айналған нысанның немесе тірі жанның барша жамандығы сол айналушының бойына дариды деген наным-сенім болған. Дәулетбай да Қабанбайдың бойындағы дертті өз бойына қабылдап алып, досының сауығып кетуін ниет еткен. Яғни, қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі бойынша, андалас болудың, дос болудың мәні өлімнен де жоғары тұр деген сөз.

Қазақ тілінде «құда-анда» сөзінде құда болу арқылы қан араластыру деген мағына бар. Монғол тілінде әбден сенген адамын «анд» деп атайды. Қазақ тілінде де бір-біріне сенген, серт байласқан адамдарды «анттас», «андалас» дейді. Ал, қазақ тіліндегі «ант» сөзі монғол тілінде «андгай» деп аталады. Бұл мысалдардан «анда» сөзі мен анда болу дәстүрінің байырғы түркі-монғол заманынан бастау алатынын аңғаруға болады.

Ата — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесінің әкесі. Атаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Атасына қатысты немересі айтатын өздік атау — **атам**, тергем атау — **ататай, аттай, әтәй**.

Қазақтың туысқандық қарым-қатынас дәстүрінде ата мен әже айрықша құрмет-қасиетке ие адамдар. Ата, әже болған адамдарға бүкіл әулеттегі жасы кішілер тік тұрып қызмет көрсетуге, айтқанын екі етпей орындауға міндетті. Немере-шөбере көрген ата мен әже әулеттің, ауыл-үйдің жарасымын келтіріп, татулығына дәнекер болып, ұрпақ амандығы мен кісілікті болуын тілеп отырады.

Мақал-мәтелдер: Ата — бәйтерек, бала — жапырақ; Атаңа не қылсаң, алдына сол келер; Атаң өлсе өлсін, атанды көрген өлмесін; Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі; Атадан бала туар, ата жолын қуар; Атадан жақсы ұл туса — қар үстіне от жанар, атадан жаман ұл туса — ат үстінен ит қабар, т.б.

Әже — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесінің шешесі. Әжеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Әжесіне қатысты немересі айтатын өздік атау — **әжем** (*Осы тараушадағы «Ата» атауын қараңыз*).

Әйел (қатын, зайып, жар, жұбай, қосақ) — айтушының (ер адамға қатысты) әйелі (қатыны, зайыбы, жары, жұбайы, қосағы). Әйелге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу** (бай, жұбай, жар, ер, қосақ). Әйелге қатысты күйеу айтатын өздік атау — **әйелім, қатыным, зайыбым, жарым, жұбайым, қосағым, алғарым, тергем атау — бәйбіше, шешесі, біздің үйдегі, әлгі, балалардың шешесі...**

Әйелді ерекше қадірлеу, сыйлау, көмек көрсету, әсіресе, күйеуінің қорған болуы — қазақ халқының қалыптасқан дәстүрі. Әйел де өз тарапынан ер адамды, әсіресе, өз күйеуін «ел қорғаны», «от басының қамқоры», «түздің адамы» деп, ерекше қадір-қасиет тұтып, үй жұмысына араластырмайды. Күйеуі үй жұмысына араласса, әйелі намыстанатын болған.

Мақал-мәтелдер: Асыл әйел — әрі еркек, әрі әйел; Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді; Әйел жолы — жіңішке; Байдың атын қатын шығарады, қатынның атын жетім шығарады; Ерін баққан қатын, елін де бағады; Ерін сыйлаған әйел, елін де сыйлайды; Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық;

Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жақсы еркек жаман әйелді түзете алмайды; Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас; Жақсы болса жан серігің қатын болар, аға-іні — бәрінен жақын болар; Жақсы қатын — ырыс, жаман қатын — ұрыс; Қатыны жоқ үй — жетім; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады; Алғаның жақсы болса үй сыртынан дүбірлет, алғаның нашар болса күні бұрын сыбыр ет; Еркекке елі мен жары қымбат, әйелге ері мен ары қымбат, т.б. (*Осы тарау-шадағы «Күйеу» атауын қараңыз*).

Әке — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесі, балалы болған ер адам. Әкеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **бала** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Әкесіне қатысты баласы айтатын өздік атау — **әкем, әкей**, тергем атау — **әке, көке, тәте**. Ауызекі сөзде «ата-ана» атауы «әке-шеше» деген мағынада қолданылады.

Әке — жанұяның басыесі, қамқоры, ақылшысы. Қазақ дәстүрінде әкеге балалары айрықша сый-құрмет көрсетіп, оны кие тұтады. Ал, әке көтерген шаңырақ, әке аттаған босаға кейінгі ұрпақты желеп-жебеп тұратын ең қасиетті, ең киелі орын. Дәстүрлі тәрбие көрген әрбір қазақ адал да парасатты болу арқылы, азаматтық істерге мұрындық болу арқылы өзін әке аманатын орындаушы, әке рухын сыйлаушы ретінде сезінеді.

Әке-шешеге қатысты мақал-мәтелдер: Әке қарғысы — оқ, шеше қарғысы — бөк; Әке — асқар тау, шеше — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ; Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без; Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер; Жақсы әке жаман балаға қырық жыл ризық, т.б.

Әмеңгер — айтушының (ер адамға қатысты) қайтыс болған ағасының немесе інісінің әйелі. Сондай-ақ, күйеуі қайтыс болған әйел үшін де қайын ағасы мен қайын інісі әмеңгер болады. Әмеңгерге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **әмеңгер** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Әмеңгер адамға қатысты әмеңгері айтатын өздік атау — **әмеңгерім**, тергем атау — **әмеңгер жеңгем** (ағасының әйеліне қатысты), **әмеңгер келінім** (інісінің әйеліне қатысты), **әмеңгер қайын ағам** (күйеуінің ағасына қатысты), **әмеңгер қайын інім** (күйеуінің інісіне қатысты). Ауызекі сөзде әйел әмеңгерін ер адам «**жесірім**» деп атайтын да дәстүр бар.

Әмеңгерлік (левират) қазақтың дәстүрлі қоғамында қалыптасқан үрдіс және ру-аралық жарасым мен ұрпақ бақытының кепілі болған. Дәстүр бойынша, балаларды жетімсіретпеу үшін ер адам әмеңгеріне үйленуге, әйел адам әмеңгеріне тұрмысқа шығуға міндетті болған. Әмеңгерлік дәстүр әулеттес, аталас адамдар арасында да сақталған. Қазақ шежіресінде әмеңгерден өсіп-өнген аталар мен рулар мейлінше жиі ұшырасады.

Мақал-мәтелдер: Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді; Балалы үйрек көлден кетпес, балалы әйел елден кетпес; Әмеңгердің де әмірі бар; Ат өлсе — тері мұра, аға өлсе — жеңге мұра, т.б.

Әпке (апа) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) бірге туған жасы үлкен бауыры, әпкесі (әйел адамға қатысты). Әпкеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **іні** (ер адамға қатысты), **сіңлі** (әйел адамға қатысты). Әпкеге қатысты іні мен сіңлі айтатын өздік атау — **әпкем, тәтем, апам, апайым**, тергем

атау — әпеке, әпше, әйе, апатай, аптай, апай, ағатай. Кейбір қыз баланы әке-шешесі еркелетіп, еркекшора етіп тәрбиелесе, оны сонынан ерген іні-сіңлілері «ағатай» деп атайтын да дәстүр бар.

Мақал-мәтелдер: Апамды кім алса, жездем сол; Гүл өссе — жердің көркі, қыз өссе — елдің көркі; Жібекті түте білмеген жүн қылады, қызды күте білмеген күн қылады; Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды; Апасы киген тонды сінлісі де киеді; Есік көргенді алма, бесік көргенді ал; Шешесін көріп қызын ал, қарысын көріп бөзін ал; Шыққан қыз шиден тысқары, т.б.

Баба — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) төртінші буындағы әкесі. Айтушының бабаға қатысты өзін айғақтайтын сәйкес атау — **шөпшек**. Баба-сына қатысты шөпшегі айтатын өздік атау — **бабам** (*Осы тараушадағы «Жеті ата», «Жеті ұрпақ» атауларын қараңыз*).

Бауыр — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) бірге туған ағасы, інісі, әпкесі, қарындасы, сінлісі. Бауырға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **бауыр**. Бауырға қатысты бауыр айтатын өздік атау: ер адамның ер адамға қатысты атаулары — **бауырым, ағам, інім**, ер адамның әйел адамға қатысты атаулары — **бауырым, апам (әпкем), қарындасым**, әйел адамның ер адамға қатысты атаулары — **бауырым, ағам, інім**, әйел адамның әйел адамға қатысты атаулары — **бауырым, апам (әпкем), сінлім**.

Бәйбіше — айтушының (ер адамға қатысты) бірінші үйленген әйелі. Айтушы адамның екінші, үшінші, төртінші... әйелдері де күйеулерінің бірінші әйелін «бәйбіше» деп атайды. Яғни, күндестер үшін күйеулерінің бірінші үйленген әйелі — бәйбіше. Сондай-ақ, жасы үлкен, егде тартқан әйелді былайғы жұрт құрмет тұтып, ізет көрсетіп «бәйбіше» деп атайтын да дәстүр бар. Бәйбішеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, бай, жар, жұбай, ер**. Бәйбішеге қатысты күндестердің өзін айғақтайтын сәйкес атау — **тоқал, үлкен тоқал (бірінші тоқал), ортаншы тоқал (екінші тоқал), кіші тоқал (үшінші тоқал)**. Егер көп әйелді адамның тоқалы екеу болса, онда, бірінші тоқал — «үлкен тоқал», екінші тоқал — «кіші тоқал» деп аталады. Бәйбішеге қатысты күйеуі айтатын өздік атау — **бәйбішем, үлкен әйелім**, тергем атау — **бәйбіше, шешесі, үлкен шешесі, балалардың үлкен шешесі**.

Дәстүр бойынша бәйбішенің жолы үлкен, күйеуіне де, күндестеріне де сыйлы, ықпалды болады. Сол себепті де, әулеттің тіршілік-тынысына басалқылық жасап, жол-жораны, жөн-жобаны, ырым-кәдені бәйбіше қадағалап отырады.

Мақал-мәтелдер: Мал — бәйбішенікі, бай — тоқалдікі; Сыланайын десем байдан қорқам, сыланбайын десем тоқалдан қорқам; Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер, тоқалы күшті болса, бәйбіше байдан безер; Күн құйрығында күміс жылтырайды, оны бәйбіше сұрайды; Бәйбіше — Құдай бұйрығы, тоқал — иттің құйрығы; Үйінде екі сиырың болса, айран болар, екі қатының болса, ойран болар, т.б.

Бәйбіше шеше — айтушы адам (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) тоқалдың баласы болса, әкесінің бәйбішесі ол үшін «бәйбіше шеше» болады. Бәйбіше шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **тоқалдың баласы**. Бәйбіше шешеге қатысты тоқалдың баласы айтатын өздік атау — **бәйбіше шешем, үлкен шешем, тергем атау — шеше, апа, үлкен апа, би апа...**

Бөле — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің әпкесінен немесе сінлісінен туған бала. Бөлеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **бөле**. Әдетте, бірге туған апалы-сінлілі адамдардың балалары бір-біріне **қарын бөле** болса, немерелес, шөберелес апалы-сінлілі адамдардың балалары бір-біріне **немере бөле, шөбере бөле** болады. Бөлелер жасы үлкенін аға, әпке тұтып, жасы кішілерін іні, қарындас, сінлі тұтып, бірін-бірі «**бөле ағай**», **бөле әпке**», «**бөле іні**», «**бөле қарындас**», «**бөле сінлі**» дейтін де дәстүр бар. Олардың бір-біріне деген туысқандық сезімдері бірге туған бауырлардан кем болмайды. Бөлеге қатысты айтушы айтатын өздік атау — **бөлем**.

Мақал-мәтелдер: Бөлем, бөлем үшін өлем; Қазақ сұраса келе қарын бөле болып шығады; Бөлемісің, бөлені көре тұра өлемісің, т.б.

Жезде — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әпкесінің күйеуі. Жездеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **балдыз** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Жездеге қатысты балдызы айтатын өздік атау — **жезем, жездекем, тергем атау — жезде, жездеке**.

Дәстүр бойынша жезде мен балдыз бірін-бірі мейлінше жақын тұтып, сыйласып, өзара әзіл-қалжындары жарасып өтеді. Балдызы жездесіне ағасындай еркелесе, жездесі балдызына інісіндей, қарындасындай қамқор болып жүреді.

Мақал-мәтелдер: Әкенің ең жақсысы жездедей-ақ; Жезде қартайса жиен болады; Күйеудің атымен күл тасы, жезденің атымен жер жырт; Жақсы жеңге шешедей, жақсы жезде әкедей, т.б.

Жеңге — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) ағасының немесе жасы үлкен ағайын туысының әйелі. Жеңгеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **қайын іні, қайны** (ер адамға қатысты), **қайын сінлі** (әйел адамға қатысты). Жеңгеге қатысты қайын іні мен қайын сінлі айтатын өздік атау — **жеңешем, тергем атау — жеңеше, жәже**.

Жеңге қайын інісі мен қайын сінлісін ерекше жақын тұтып, сырласып, сыйласып өтеді. Егер, қайын інісі мен қайын сінлісі жас болса, жеңгесі оларға шешедей қамқор болады. Дәстүр бойынша жеңгесі қайын інісі мен қайын сінлісінің атын атамай, оларға, ер бала болса — Салжігіт, Ақсері, Төрем, Мырзажігіт деп келетін, қыз бала болса — Еркежан, Шашбаулым, Сырғалым, Айым, Күнім дегендей мейлінше жағымды ат қойып алады.

Мақал-мәтелдер: Қыздың сырын жеңгесі білер; Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан; Ат өлсе — тері мұра, аға өлсе — жеңге мұра; Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді; Жақсы жеңге шешедей, жақсы жезде әкедей, т.б.

Жеті ата — айтушы ер адам — бірінші ата, **әке** — екінші ата, **ата** — үшінші ата, **ұлы ата (арғы ата)** — төртінші ата, **баба** — бесінші ата, **ұлы баба (арғы баба)** — алтыншы ата, **түп ата** — жетінші ата. Яғни, қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі бойынша әр буын (әр ұрпақ) бір атаға баланып отырады. Аралары жеті атаға толған ұрпақ дәстүр бойынша өзара қыз алысып, еншісі бөлек ру болып бөлініп шыға алатын болған. Яғни, жеті атадан әрідегі буындарды туысқандық атау-термин бойынша атауда еш мән-мағына болмайды. Сондықтан да даңғайыр шежірешілер жеті атаға дейінгі бу-

ынды туысқандық атау-терминмен атағанымен, одан әрі «бәленшекеңнің әкесі түгеншекең» немесе «бәленшекеңнен түгеншекең туған» деп, есім-атау бойынша таратады. Ата-текті таратқанда жетінші атаның «түп ата» аталуында осындай қисын бар. Осы орайда, кейбір этнографиялық жазбаларда кездесетін туысқандық атау-терминдердің он бес, жиырма атаға дейін аталуын халық дәстүрінде жоқ, қисынсыз дерек деп білген абзал.

Әдетте, ата қуалау дәстүрі ер адамдардың сабақтастығы арқылы айғақталады. Әйел адамның да жеті атасын тарататын дәстүр бар. Мұндайда, әйел адамның өзінен әрі қарай тек қана әкелік буындар есепке алынады. Қазақтың жеті ата тарататын үрдісі, ең алдымен, жеті атаға дейін қыз алыспайтын дәстүрдің қоғамдық-әлеуметтік нормаға енуімен тікелей байланысты. Ал, мұндай дәстүрдің өз кезегінде этносты ұйыстырушы, ең бір, пәрменді тетік болғаны, бола да беретіні аян («Туысқандық жүйе» тараушасын қараңыз). Қазақ арасында «жеті ата» ұғымы мен «жеті» санының киелі сипатқа ие болуы да осындай сыр-себептерге байланысты. Бұған қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдері жарқын айғақ бола алады. Тұрақты тіркестер: жеті ата, жеті мыс, жеті жұрт, жеті ру, жеті ұрпақ, жеті қазына, жеті қат көк, жеті қабат жер, жеті ғалам, жеті дария, жеті су, жеті қараңғы, жеті ықылым (жеті мыңжылдық), жеті түн, жеті нан — құдайы, жеті тылсым, жеті шәріп, жеті жарғы, жетісін беру, жеті дұшпан, жеті басты айдаһар, жеті басты дәу, т.б. Мақал-мәтелдер: Жеті атасын білген ұл — жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген — құйрығы мен жалын жер; Жеті атасын білмеген ержетесіз, жеті ғасырын білмеген ел жетесіз; Жеті атасын білмеген — мүртет; Жеті атасын білмеген — жетімдіктің салдары, т.б. («Енші институты» тараушасын қараңыз).

Жеті ұрпақ — айтушы (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) — бірінші ұрпақ, бала — екінші ұрпақ, немере — үшінші ұрпақ, шөбере — төртінші ұрпақ, шөпшек — бесінші ұрпақ, шөбелек — алтыншы ұрпақ, немене — жетінші ұрпақ. Мұнан әрі сегізінші ұрпақты — немелтай, тоғызыншы ұрпақты — шобелтай, оныншы ұрпақты — жүрежат, он бірінші ұрпақты — туажат, он екінші ұрпақты — жекжат, он үшінші ұрпақты — жұрағат, он төртінші ұрпақты — қаймана дейтін де дәстүр бар. Әдетте, жетінші ұрпақтан әрі қарай туысқандық атау-терминдер бойынша емес, есім бойынша тарату дәстүрі қолданылады.

Қазақ үшін ұрпақ сабақтастығы — тіршілік негізі, өмірдің ең үлкен құндылығы. Мақал-мәтелдер: Жалғыз ұлы бар кісінің шығар-шықпас жаны бар, екі ұлы бар кісінің пышақ сырты жалы бар, үш ұлы бар кісінің Қорасанда қолы бар, Бұхарада малы бар, төрт ұлы бар кісінің аспаннан салған жолы бар; Артында қызы қалғанның — ізі қалғаны, артында ұлы қалғанның — өзі қалғаны; Бай күйігі — етекте, бала күйігі — жүректе, т.б.

Жиен — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) қызынан туған бала. Жиенге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — нағашы ата (ер адамға қатысты), нағашы апа, нағашы шеше (әйел адамға қатысты). Айтушының (ер адамға қатысты) ағасы, інісі, әпкесі, қарындасы, ұлы, қызы жиен үшін нағашы аға, нағашы іні, нағашы әпке, нағашы сіңлі, нағашы қарындас болады. Жиенге қатысты нағашылары айтатын өздік атау — жиенім, тергем атау — жиен балам, жиен шырағым, жиен қарағым...

Қазақ дәстүрінде нағашылы-жиендер бір-біріне мейлінше жақын, туысқандық сезімде болады. Қазақ шежіресінде нағашысына сіңіп, өз алдына бөлек ата болған жиендер туралы дерек мейлінше мол. Жиен нағашысының алдында еркін-ерке болса, нағашысы жиеніне қамқор, тілеуқор болып отырады.

Нағашылы-жиендердің арасында әзіл-қалжың мол болады. Әсіресе, жиен нағашы жұртының кем-кетігін батыра сынаудың неше түрлі үлгілерін қолданады. Бірақ, жиеннің сөзін ауырсыну дәстүрге жат.

Ұлы Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанайұлы мен Әріп Тәнірбергелі нағашылы-жиенді болып келеді. Сонсоң да олар өмір бойы бірімен-бірі өлеңмен қағысып, өнерлерін жарыстырып, туысқандық сезімдерін ұтқыр әзіл-қалжыңмен айғақтап отырған. Соның бір мысалы, әл үстінде жатқан Әріптің көңілін сұрай келген Көкбай былай депті:

«Халінді келіп едім білейін деп,
Бір ауыз қалжың айтып, күлейін деп.
Кеше гөр, жиен едің, катем болса,
Жатырсың ба ақыретке жүрейін деп?» —
Сонда, Әріп былай деп жауап қайырыпты:
«Халімді сұрай келген Көкбаймысың,
Өліп қалсам артымнан жоқтаймысың?
Кешпесем, Көкбай, сенің айтқаныңды,
Өлген соң сүйегімді соттаймысың?!
...Кетемін дүниені саған тастап,
Осымен к...ті қысып тоқтаймысың?!» (Н. Айтұлы. *Ұмытпаңдар мені*. — «Егемен Қазақстан» газеті, 2006. 13 маусым).

Бұл мысалда нағашылы-жиендердің бір-біріне деген туыстық сезімі, қадірлес баынасы, жарастықты әзілі, жауаптасу сөздерінің астарынан сезілетін қимас көңілдері айқын аңғарылады. Мұның бәрін былайғы жұрт жазбай танып, өмірдің жарастықты салт-дәстүрі ретінде қабылдайды. Түптеп келгенде, мұндай туыстық қарым-қатынас қоғамдық өмірдің жарастықты, кісілікті болуына қызмет етеді.

Жиен нағашысының үйінен кез келген үш қалағанын (мал-мүлік) сұрамай алып кете алады. Мұндай қылық дәстүр бойынша «жиенқұрық» деп аталады. Нағашы жағына жиен өмір бойы еркелеп, қырық серкеш даулап өтеді. Мұнысы, онайлықпен табыла қоймайтын малды атап, жиендік еркелікпен қиғылық салғандағысы. Серке — сирек бітетін мал, әдетте бір отар қойды бастайтын бірер ғана серке болады. Нағашысы мыңғырған малды болып, жиеніне үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, отар-отар қой айдатуы мүмкін. Алайда, қырық серкені аяқ астынан таба қою онайлыққа соқпайды.

Нағашы жұртына келген жиен еркелеп, әбден мауқын басқан соң, еліне қайтарында нағашылары қалағанын беріп, күндік жерге дейін шығарып салатын дәстүр болған.

Мақал-мәтелдер: Жиен ел болмас, желке ас болмас (жиеннің басқа рудан екенін меңзегені); Жиен ел болар, малы болса, желке ас болар, жалы болса; Жерде қал-

майды, жиенде қалады; Нағашысымен күрессе, жиені жығылар; Жиен назасы жаман; Балалығың ұстаса, нағашыңа бар, жігіттің ұстаса, қайныңа бар; Нағашы — бәйтерек, жиен — қотыр тайлақ (жиеннің нағашыға еркелейтінін айтқаны); Өзі жаман туады, нағашысынан көреді; Жиен мыңнан, күйеу жүзден үлкен; Жиен келді дегенше жеті бөрі келді де; Жиенге тарынғанның қолы қалтырайды; Қыздан туғанның қиығы жоқ, т.б.

Жиен аға — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әпкесінен туған жасы үлкен ер адам. Жиен ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы іні**. Жиен ағасына қатысты нағашы інісі айтатын өздік атау — **жиен ағам**, тергем атау — **жиен аға, аға, ағатай** (*Осы тараушадағы «Жиен», «Нағашы» атауларын қараңыз*).

Жиен апа (жиен әпке) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әпкесінен туған жасы үлкен әйел адам. Жиен апаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы іні** (ер адамға қатысты), **нағашы сінді** (әйел адамға қатысты). Жиен апасына (жиен әпкесіне) қатысты нағашы інісі мен нағашы сіндісі айтатын өздік атау — **жиен апам, жиен әпкем**, тергем атау — **жиен апа, жиен әпке, апа, әпке, әпше** (*Осы тараушадағы «Жиен», «Нағашы» атауларын қараңыз*).

Жиен келін — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) не қызынан, не әпкесінен, не қарындасынан, не сіндісінен туған ер баланың әйелі. Жиен келінге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы апа (нағашы әпке)**. Жиен келінге қатысты жиен келіннің күйеуінің нағашы жұрты айтатын өздік атау — **жиен келін**.

Жиен күйеу — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) не қызынан, не әпкесінен, не қарындасынан, не сіндісінен туған қыздың күйеуі. Жиен күйеуге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы апа (нағашы әпке)**. Жиен күйеуге қатысты жиен күйеудің әйелінің нағашы жұрты айтатын өздік атау — **жиен күйеу**.

Жиен қарындас — айтушының (ер адамға қатысты) не әпкесінен, не қарындасынан туған жасы кіші қыз. Жиен қарындасқа қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы аға**. Жиен қарындасқа қатысты нағашы ағасы айтатын өздік атау — **жиен қарындасым**.

Жиен сінді — айтушының (әйел адамға қатысты) не әпкесінен, не сіндісінен туған жасы кіші қыз. Жиен сіндіге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **нағашы апа, нағашы әпке**. Жиен сіндіге қатысты нағашы апасы (нағашы әпкесі) айтатын өздік атау — **жиен сіндім**.

Жиен шар — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) қызынан туған баланың баласы, яғни, жиеннен туған бала (атау ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Айтушының жиен шарға қатысты өзін айғақтайтын сәйкес атау — **үлкен нағашы ата** (ер адамға қатысты), **үлкен нағашы әже** (әйел адамға қатысты). Жиен шарға қатысты нағашылары айтатын өздік атау — **жиен шарым**, тергем атау — **жиен балам, жиен шырағым, жиен қарағым...**

Жиен шар мен нағашы жұртының арасындағы қарым-қатынас та жиен мен нағашы жұртының арасындағы қарым-қатынастай болады. Қазақтың туысқандық

дәстүрінде жиеншардан туғандар — «көгеншар», одан туғандар — «дегеншар» деп аталып, тіптен, одан кейінгі туған буындар да түп нағашыларын ауызға алып, жиендік мінез-қылық көрсетіп отыру дәстүрі қалыптасқан. Ол былай тұрсын, шежірелік дерекке сүйеніп, ру мен рудың, тайпа мен тайпаның, жүз бен жүздің денгейінде де қазақ бірін-бірі нағашы-жиен тұтып отыратын дәстүр бар (*«Қарға тамырлы қазақ» және «Туысқандық жүйе» тараушаларын қараңыз*).

Келін — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) баласының немесе жасы кіші ағайын туысының әйелі. Келінге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **қайын ата**, **ата** (келіннің күйеуінің әкесі), **қайын ене**, **ене** (келіннің күйеуінің шешесі), **қайын аға** (келіннің күйеуінің ағасы немесе жасы үлкен ағайындары), **қайын ана** (келіннің күйеуінің әпкесі немесе жасы үлкен ағайын әпкелері). Келінге қатысты қайын атасы, қайын енесі, қайын ағасы, қайын апасы айтатын өздік атау — **келінім**, тергем атау — **келін шырағым**, **келін қарағым**, **қызым**, **балам...**

Қазақ дәстүрінде келін ата-енесін әке-шешесіндей сыйлап, олардың балаларын бауырларындай жақсы көріп, келін болып түскен шаңырағын кие тұтып, келін болып түскен әулет-атаның намысын қорғап өтеді. Ибалы, тәрбиелі, ақылды, іскер, қонақжай келінді ата-енесі де өз қызындай жақсы көріп, мақтан тұтады, мерейленіп отырады. Келін алдында ата-ененің де үлгі-өнеге көрсетіп, жеңіл-желпі мінезден тиылып отыруы — парыз.

Келіннің шыққан жұрты, яғни, туған әке-шешесі мен ағайын-туыстары оның өзі үшін «төркін», «төркін жұрты» деп аталады. Әдетте, олар қызым еді деп, қызы келін болып түскен үйдің ішкі жай-жапсарына, әулет ісіне араласпайды. Үнемі сырттай тілеуқор болып, бір-біріне құдалық сыйластықтарын білдіріп отырады. Егер, өмір болған соң, қызының келін болып барған жерінен зәуде бір зәбір-жапа көргенін, орынсыз қорланғанын естісе ғана ата-ана бейтарап қалмай, байыппен, байбалам салмастан, мән-жайды білуге тырысады. Соның өзінде, алдымен қызына басу айтып, ата-енесімен тіл табысуына мүдделі болып отырады. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» деген мәтел тегін айтылмаған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ақ некелі жарынан айырылысу мейлінше сирек болатын шетін оқиға. Қызы ұзатылған жерінен қайтып келген әке-шешенің мысы кұрып, дәрмені таусылып, бетке салық, сүйекке таңба дейтіндей қорынған күй кешеді.

Әдетте, жас келін өзі келін болып түскен үйдің, әулет-атаның үлкен-кішісін бірдей сыйлап, оларды өзі қойып алған атпен атайды. Мәселен, күйеуінің үлкен әкесін «үлкен ата», әжесін «әже» десе, күйеуінің әкесін «ата», «кіші ата» дейді. Ал, күйеуінің ағаларын немесе жасы үлкен ағайындарын «аға», «үлкен аға», «жақсы аға», «ахкем» десе, күйеуінің інілерін немесе жасы кіші ағайын інілерін «салжігіт», «мырза жігіт», «мырзажан», «тетелес», «ортаншым», «кенжем» деп атайтын болған. Сол сияқты, күйеуінің әпкелерін «апа», «тәте» деп, кейде оларды күйеулерінің аттарымен «бәлендегі қыз», «түгендегі қыз» деп те атайды. Жас келін күйеуінің қарындас-тарын айрықша жақын тұтып, оларды «еркежан», «еркем», «шырайлым», «кекілдім» деп еркелеткен. Дәл осындай тергем атаулармен жас келін өзінің күйеуімен неме-

релес, шөберелес, аталас ағайын-туыстарын да, олардың әйелдерін де атап, неше түрлі ұрымтал, тапқыр есімдер қойып алатын болған. Мұндай дәстүрге жас келіннің беріктігі соншалық, тіптен, ата-анасымен, қайын ағаларымен, қайныларымен, қайын апаларымен аттас адамдардың да атын атамай, «үлкен атам аттас», «ахкем аттас», «жақсы ағам аттас», «салжігіт аттас», «сырбаз апам аттас» деп атаған. Ол былай тұрсын, қайын жұртындағы жақын адамдардың Сарыбай, Бүркітбай, Сегізбай, Күшікбай, Көрпебай, т.б. деп келетін есімдері аталып кетпес үшін сарыны – шикіл, бүркітті – қыран, сегізді – екі төрт, күшікті – иттің баласы, көрпені – жуырқан деп атайтын да дәстүр бар.

Мақал-мәтелдер: Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан; Жақсы жерге түскен келін – келін, жаман жерге түскен келін – келсап; Қызым, саған айтам, келінім, сен тында; Келелі сөзді келін де айтады; Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық; Келіннің өзі түскендей, баланың өзі өскендей; Келін жаман емес, келген жері жаман; Келінсіз үй кеберсіген шөлмен тең; Келінің жаман болса ұлыңнан көр, күйеуің жаман болса қызыңнан көр; Келіннің құлағына алтын сырға; Келіннің сөзі кетпендей, баланың сөзі батпандай; Жақсы ұлың құрдасындай болар, жақсы келін сырласындай болар; Әр елден келін келер, әр түрлі ырым келер; Келін – қайын ененің топырағынан жаралған (*бұл мәтелде жігіт өзінің шешесіне ұқсас қызға үйленетіні меңзелген, яғни, белгілі психосараптамашы З. Фрейдтен (1856-1939) бұрын дәстүрлі қазақ қоғамында пайымдалған өмірлік тәжірибе*).

Күйеу (бай, жұбай, жар, ер) – айтушының (әйел адамға қатысты) күйеуі (байы, жұбайы, жары, қосағы, ері). Күйеуге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау – **әйел (қатын, зайып, жар, жұбай, қосақ)**. Күйеуге қатысты әйел айтатын өздік атау – **күйеуім, байым, жарым, жұбайым, қосағым, тергем атау – отағасы, әкесі, көкесі, біздің кісі, балалардың әкесі, апам баласы, біздің үйдегі...** Тергем атаудың бұлайша көп болатыны, қазақ дәстүрінде ерлі-зайыптылар мүмкіндігінше бірін-бірі атымен атамаған. Мұның өзі ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сый-құрметіне қоса, киелі сипаты бар дәстүрге айналған. Сондықтан да ер адам, әдетте, әйелі көрініп жүрсе – «бәйбіше», «шешесі-ай», «шешесі» деп тіл қатса, әйелі жоқта балаларына – «шешен қайда?», «шешене айт», «шешенді шақыр» немесе балалары атайтын атаумен «апаң қайда?», «апатайыңды шақыр», «тәтеңе айт» дейтін болған. Ал, әйелі де, балалары да жоқ жерде – «біздің үйдегі», «біздің әлгі», «балалардың шешесі» деген тергем атауларды қолданған.

Мақал-мәтелдер: Еркек – бас, әйел – мойын; Ер жігіт өмірінде үш ақ үй, үш кара үй тігеді; Еркек көп болса – отын жоқ, қатын көп болса – су жоқ; Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ; Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық; Жақсы еркектің ішінде алтын ерлі ат жатады, жақсы әйелдің ішінде алтын айдарлы ұл жатады; Жар қадірін білмесең, жалғыздық берер жазанды; Үш айлығын ойламаған еркектен без, үш күндігін ойламаған әйелден без; Қара қазан, сары баланың тілеуін тіле; Еркекке елі мен жары қымбат, әйелге ері мен ары қымбат, т.б.

Күндес – айтушының (әйел адамға қатысты) күйеуінің екінші, үшінші... әйелі. Яғни, күндестер – күйеулері бір әйелдер. Күндеске қатысты айтушының өзін айғақ-

тайтын атау — күндес. Күндеске қатысты күндес айтатын өздік атау — күндесім. Үлкен әйелге (бәйбішеге) қатысты кіші әйел (тоқал) айтатын тергем атау — үлкен кісі, бәйбіше. Кіші әйелге қатысты үлкен әйел айтатын тергем атау — кіші әйел, кіші қатын, тоқал.

Мақал-мәтелдер: Күндес — күнде өш; Күндестің күні де күндес, күлі де күндес; Тоқалы күшті болса, бәйбіше байдан безер; Үйінде екі сиырын болса, айран болар, екі қатының болса, ойран болар; Кіші қатын — кісі қатыны; Бәйбіше — Құдай бұйрығы, тоқал — иттің құйрығы; Бәйбішеге малын берер, тоқалға жанын берер; Екі қатынның баласы екі рулы ел; Күндесті болғанша, күнің басқа болсын; Күндес көргеннің қызын алма, т.б.

Кіндік шеше — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) туғанда кіндігін кескен әйел. Кіндік шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **кіндік бала** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Кіндік шешеге қатысты кіндік бала айтатын өздік атау — **кіндік шешем, кіндік шешей**, тергем атау — **шешей, апасы**.

Дәстүр бойынша кіндік шешені кіндік бала айрықша сыйлап, құрмет тұтып, сыйсыбағадан, әсте, құр қалдырмайтын болған. Кіндік баланың бойына біткен қылық-қасиетті кіндік шешеге теліп отыратын да үрдіс бар. «Бала кіндік шешеге тартады» дейтін мәтел сөз де осындай наным-сенімге орай айтылған. Өз кезегінде кіндік шеше де кіндік баласын бауырына тартып, «бұл менің балам» деп өзімсініп отырады.

Сирек те болса, өмірлік жағдайға байланысты нәрестенің кіндігін ер адам кессе, оны «**кіндік әке**» деп атайды.

Қарындас — айтушының (ер адамға қатысты) бірге туған жасы кіші бауыры (әйел адамға қатысты). Айтушының қарындасқа қатысты өзін айғақтайтын сәйкес атау — **аға** (ер адамға қатысты). Қарындасқа қатысты аға айтатын өздік атау — **қарындасым**, тергем атау — **шырағым, қарғам, қарағым, еркежан**.

Аға мен қарындас арасындағы бауырмалшыл қарым-қатынас немерелес, шөберелес, шөпшектес, әулеттес, аталас ағалы-қарындастар арасында да сақталады. Яғни, **немере қарындас, шөбере қарындас, шөпшек қарындас, аталас қарындас** атау-терминдеріне де қатысты.

Мақал-мәтелдер: Аға — қарындастың қорғаны; Ағасы бардың жағасы бар; Бар қарындас жақында болмасын, жоқ қарындас алыста болмасын (яғни, жақын маңға ұзатылған қыздың барған жеріндегі үй-ішілік ащы-тұшы ахуалдың әке-шеше құлағына тез жетіп, алаңдататынын айтқаны. «Жоқ қарындас...» дегені, тумаса да туғандай болып кететін адамның жақын жүргенін қалағаны); Қадір білмес қарындас-тан қаймана қазақ артық (*Осы тараушадағы «Әпке» атауын қараңыз*).

Қыз (бала) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) қыз баласы. Қызға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **әке** (ер адамға қатысты), **шеше** (әйел адамға қатысты). Қызға қатысты әке мен шеше айтатын өздік атау — **қызым, балам**, тергем атау — **балам, қарағым, қарғам, жарығым, шырағым...**

Қазақ дәстүрінде қыз баланы «қонақ», «жолы жіңішке» деп, айрықша әлпештеп, еркелетіп, бетінен қақпай өсірген. Қыз баланың көңіліне қаяу түсіретіндей жағдайдың қандайы болса да жұртшылықтың наразылығын тудырып отырған. Осы

салт жалпы әйел затына деген қарым-қатынас нормасының орнығуына негіз болған (*Осы тараушадағы «Ұл» атауына қараңыз*).

Немере — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) ұлынан туған бала, яғни, баласының баласы (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Айтушының немереге қатысты өзін айғақтайтын сәйкес атау — **ата** (ер адамға қатысты), **әже** (әйел адамға қатысты). Немереге қатысты ата мен әже айтатын өздік атау — **немерем, немере ұлым** (ер адамға қатысты), **немерем, немере қызым** (әйел адамға қатысты), тергем атау — **балақайым, қарағым, қарғам, шырағым, жарығым** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты).

Мақал-мәтелдер: Ата өліп бала қалса, мұратына жеткені, бала өліп ата қалса, арманы іште кеткені; Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің; Атаңа не қылсан, алдына сол келер, т.б. (*Осы тараушадағы «Жеті ұрпақ» атауын қараңыз*).

Немере аға — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесімен бірге туған адамның ағасы немесе інісі және ағайынды екі адамның балаларының жасы үлкені. Яғни, айтушыға немерелес жасы үлкен ер адам. Немере ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере іні** (ер адамға қатысты), **немере қарындас** (әйел адамға қатысты). Немере ағасына қатысты немере інісі мен немере қарындасы айтатын өздік атау — **немере ағам**, тергем атау — **кіші әке, үлкен аға, әже** (әкесінің ағасына қатысты), **кіші аға, көке, ағатай** (әкесінің інісіне қатысты).

Немере аға мен немере іні-қарындас арасындағы туысқандық қарым-қатынас шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас ағалы-інілі, ағалы-қарындасты адамдардың да арасында сақталады. Яғни, **шөбере аға, шөпшек аға, ағайындас аға** атау-терминдеріне де қатысты (*Осы тараушадағы «Аға» атауын қараңыз*).

Немере апа (немере әпке) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесімен бірге туған адамның әпкесі, қарындасы немесе сінлісі және бірге туған екі адамның балаларының жасы үлкені (әйел адамға қатысты). Яғни, айтушыға немерелес жасы үлкен әйел адам. Немере апаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере іні** (ер адамға қатысты), **немере сінлі** (әйел адамға қатысты). Немере апасына қатысты немере іні мен немере сінлі айтатын өздік атау — **немере апам, немере әпкем**. Тергем атау немере апаларының қылық-қасиеттеріне орай әр түрлі аталады — «**ақ апа**», «**үлкен апа**» (әкесінің әпкесі болса), «**кіші апа**» (әкесінің қарындасы болса), т.б.

Немере апа мен немере іні, немере апа мен немере сінлі арасындағы туысқандық қарым-қатынас шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас апалы-інілі, апалы-сінлілі адамдардың да арасында сақталады. Яғни, **шөбере апа, шөпшек апа, ағайын апа** атау-терминдеріне де қатысты.

Немере қарындас — айтушының (ер адамға қатысты) әкесімен бірге туған адамның жасы кіші қызы немесе қарындасы. Яғни, айтушыға немерелес жасы кіші әйел адам. Немере қарындасқа қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере аға**, тергем атау — **еркежан, қарғам, қарағым, шырағым...**

Немере қарындас пен немере аға арасындағы туысқандық қарым-қатынас шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас ағалы-қарындасты адамдардың да арасында сақ-

талады. Яғни, шөбере қарындас, шөпшек қарындас, ағайын қарындас атау-терминдеріне де қатысты.

Немере іні — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) әкесімен бірге туған адамның баласы. Яғни, айтушыға немерелес жасы кіші ер адам. Немере ініге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **немере аға** (ер адамға қатысты), **немере апа** (әйел адамға қатысты). Немере ініге қатысты немере аға мен немере апа айтатын өздік атау — **інішек, қарағым, қарғам, шырағым, еркетай** (*Осы тарау-шадағы «Іні» атауын қараңыз*).

Немере іні мен немере аға, немере апа арасындағы туысқандық қарым-қатынас шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас ағалы-інілі немесе апалы-інілі адамдардың да арасында сақталады. Яғни, **шөбере іні, шөпшек іні, ағайын іні** атау-терминдеріне де қатысты.

Өгей әке — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) тумаған әкесі. Яғни, айтушының туған әкесі өліп, шешесінің келесі тұрмысқа шыққан адамы немесе айтушыны асырап алған ер адам — өгей әке. Өгей әкеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **өгей бала, киімді бала** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты), **өгей ұл** (ер адамға қатысты), **өгей қыз** (әйел адамға қатысты). Өгей әкеге қатысты өгей бала айтатын өздік атау — **өгей әкем, тергем атау — әке, көке, ағатай, ахке**.

Қазақ дәстүрінде бала асырап алуға әрбір жанұя құлықты болған, яғни, басқа бастың қосылуын Тәңірдің сыйына балаған. Әдетте, бала асырап алуды әрбір жанұяның басие отағасы шешкен. Асырап алатын бала ер бала болса қолына асықты жілік ұстатып, қыз бала болса тоқпақ жілік ұстатып, сонан соң болашақта ана орнына ана болатын адамның, яғни, отағасының не бәйбішесінің, не тоқалының төсін иіскеткен. Егер, асырап алатын бала жас нәресте болса, болашақта ана орнына ана болатын адамның етегінің астынан өткізген. Мұнан әрі, ауыл-үйдің дуалы ауыз қадірлі адамы тілек айтып, бата беретін болған.

Дәстүр бойынша, асыранды баланы алаламай, бетінен қақпай, сол жанұяның балаларымен тең дәрежеде тәрбиелеп өсіріп, еншілес еткен. Көп жағдайда, «көңіліне келеді» деп, өз балаларынан бұрын соның жағдайын ойлаған (*«Енші институты» тараушасын қараңыз*). Қазақ шежіресінде әулет-атаның даңқын шығарған асыранды балалар туралы, олардың өркен жайған ұрпағы жайында ұшырасатын дерек мейлінше мол. Әдетте, мұндай үрдісті көшпелі өмір-салттағы әрбір әулет-атаның әлеуетті болуды көксейтіндігімен байланыстырудың қисыны бар (*«Кіші жүз» тараушасындағы «Адай», «Нұрдан жаралған адай», «Үшкіл таңба» тақырыпшаларын қараңыз*).

Өгей шеше — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) тумаған шешесі. Яғни, айтушының туған шешесі өліп, әкесінің келесі үйленген адамы немесе айтушыны асырап алған әйел — өгей шеше. Өгей шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **өгей бала** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты), **өгей ұл** (ер адамға қатысты), **өгей қыз** (әйел адамға қатысты). Өгей шешеге қатысты өгей бала айтатын өздік атау — **өгей шешем, тергем атау — шеше, апа, апатай, тәте**.

Мақал-мәтелдер: Тапқан ана емес, баққан ана; Өгей ана бауырмал, көрде жатып қол бұлғайды, т.б.

Өз жұрты — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) өзіне тікелей туысқандық қатысы бар ағайын-тумаларының, аталастарының, руластарының және жамағайындарының жиынтық атауы. Өз жұртына қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **ұрпақ, нәсіл, тумалас, сүйектес**. Өз жұртына қатысты ұрпағы айтатын өздік атау — **өз жұртым, ата жұртым, ағайын жұртым, шыққан елім, қара орманым** (бұл сөздер ер адамға да, әйел адамға да қатысты), **төркінім** (әйел адамға қатысты).

Мақал-мәтелдер: Жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты — күншіл, нағашы жұрты — сыншыл, қайын жұрты — міншіл; т.б.

Сінлі — айтушының (әйел адамға қатысты) бірге туған жасы кіші бауыры (әйел адамға қатысты). Сінліге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **әпке**. Сінліге қатысты әпке айтатын өздік атау — **сінлім**, тергем атау — **еркежан** (*Осы тараушадағы «Әпке» атауына қараңыз*).

Тоқал — айтушының (ер адамға қатысты) бірінші үйленген әйелінен (бәйбішесінен) кейін үйленген екінші, үшінші, төртінші... әйелдері. Тоқалға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, бай, жұбай, жар, ер**. Тоқалға қатысты күйеуі айтатын өздік атау — **тоқалым, кіші әйелім, үлкен тоқалым, ортаншы тоқалым, кіші тоқалым**, тергем атау — **шешесі, кіші шешесі** (*Осы тараушадағы «Бәйбіше» атауын қараңыз*).

Тоқал шеше — айтушы адам (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) бәйбішенің баласы болса, әкесінің тоқалы ол үшін тоқал шеше болады. Тоқал шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **бәйбішенің баласы**. Тоқал шешеге қатысты бәйбішенің баласы айтатын өздік атау — **шеше, апа, кіші апа...**

Ұл (бала) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) ер баласы. Ұлға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **әке** (ер адамға қатысты), **шеше** (әйел адамға қатысты). Ұлға қатысты әке мен шеше айтатын өздік атау — **ұлым, балам, тергем атау — балам, қарағым, шырағым, жарығым...**

Ата-ана өз баласының дені сау, жүрегі таза, ниеті түзу, адал, адамгершілік-парасаты мол, көпшіл, салт-дәстүрді сақтайтын, ата-баба рухын кие тұтатын етіп тәрбиелеуді парыз санайды. Бала да өз тарапынан ата-анаға мәңгі қарыздар сезімде болып, жақсы қылық-қасиеттерімен көрінуді ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтеудің бірден-бір жолы деп біледі.

Мақал-мәтелдер: Бала — адамның бауыр еті; Балаң болса — шок болсын, шок болмаса — жоқ болсын; Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар; Бала көңілдің гүлі, көздің нұры; Бала ханнан үлкен, ашамай нардан үлкен; Ер бала он үште отау иесі; Мал балада қалады, бай далада қалады; Ұл туғанға — күн туар; Ұл — қоныс, қыз — өріс; Ұлынды ұлықтыға жұмса; Ұяты жоқ ұл жаман, қылығы жоқ қыз жаман; Болымдының баласы он бесінде баспын дейді, болымсыздың баласы жиырма бесінде жаспын дейді; Бойдақты ұлым бар деме, бұқаны малым бар деме, т.б.

Шеше (ана, апа) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесі, балалы болған әйел адам. Шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын

сәйкес атау — **бала** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Шешесіне қатысты баласы айтатын өздік атау — **шешем, анам, тәтем, апам, тергем** атау — **шеше, апа, апатай, тәте**.

Шеше (ана) — бала бақыты үшін, жанұяның бірлік-берекесі үшін ең мейірімді, ең құрбаншыл жан. Дәстүрлі тәрбие көрген әрбір қазақ шешені айрықша қастерлеп, кие тұтады.

Мақал-мәтелдер: Анаңды аркалап Меккеге үш барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың; Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада; Алып анадан туады, ат биеден туады; Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады, т.б.

Шөбере — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) үшінші ұрпағы, яғни, немереден туған бала (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Шөбереге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **ұлы ата, арғы ата** (ер адамға қатысты), **ұлы әже, арғы әже** (әйел адамға қатысты). Шөбереге қатысты ұлы ата мен ұлы әже айтатын өздік атау — **шөберем, шөбере ұлым** (ер адамға қатысты), **шөберем, шөбере қызым** (әйел адамға қатысты), тергем атау — **балақайым, қарағым, шырағым, жарығым** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты).

Іні (бауыр) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) бірге туған жасы кіші бауыры, інісі (ер адамға қатысты). Ініге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **аға, бауыр** (ер адамға қатысты), **әпке** (әйел адамға қатысты). Ініге қатысты аға мен әпке айтатын өздік атау — **інім, бауырым, серігім**.

Іні мен аға арасындағы қарым-қатынас немерелес, шөберелес, шөпшектес, тіптен, аталас ағайындар арасында да сақталады. Яғни, **немере іні, шөбере іні, шөпшек іні, ағайын іні** атау-терминдеріне де қатысты.

Мақал-мәтелдер: Би болмақ ініден, биікке шықпақ баладан; Жаман ініге аға болма, жаман тонға жаға болма; Інісі содырлы болмай, ағасы қадірлі болмайды; Үлкен бастар, кіші қостар, т.б.

НАҒАШЫ ЖҰРТЫ:

Нағашы аға — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің ер бауырлары, яғни, ағасы мен інісі (тағасы). Нағашы ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Нағашы ағаға қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы ағам**. Нағашы аға тарапынан жиендерінің жынысын айырып атау қажет болса «**жиен іні**», «**жиен қарындас**» деп айтатын да дәстүр бар.

Нағашы апа (нағашы әпке) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің апасы (әпкесі) немесе сінлісі. Нағашы апаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен**. Нағашы апаға қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы апам (нағашы әпкем)**. Нағашы апа тарапынан жиендерінің жынысын айырып атау қажет болса «**жиен іні**», «**жиен сінлі**» деп атайтын да дәстүр бар.

Нағашы ата — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің әкесі. Нағашы атасына қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Нағашы атасына қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы атам**.

Нағашы әжем — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің шешесі. Нағашы әжеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Нағашы әжеге қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы әжем**.

Нағашы жезде — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің апасының (әпкесінің) немесе сінлісінің күйеуі. Нағашы жездеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен, жиен балдыз**. Нағашы жездеге қатысты жиен балдыз айтатын өздік атау — **нағашы жездем**.

Нағашы жеңге — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің бауырының әйелі, яғни, ағасы мен інісінің әйелдері. Нағашы жеңгеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен**. Нағашы жеңгеге қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы жеңгем**.

Нағашы жұрты — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің шыққан жұрты, елі. Яғни, айтушының шешесінің төркіні — ағайын-тумалары, аталастары, руластары және жамағайындары. Нағашы жұртына қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен** (ер адамға да, әйел адамға да қатысты). Нағашы жұртына қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы жұртым, нағашыларым, ана жұртым**.

Мақал-мәтелдер: Жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты — күншіл, нағашы жұрты — сыншыл, қайын жұрты — міншіл; Үйдің жақсы болмағы — ағашынан, жігіттің жақсы болмағы — нағашыдан (*Осы тараушадағы «Жиен» атауын қараңыз*).

Нағашы келін — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің бауырынан (ағасынан немесе інісінен) туған ұлдың әйелі. Нағашы келінге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен қайын аға, жиен аға** (ер адамға қатысты), **жиен қайын апа, жиен апа** (әйел адамға қатысты). Нағашы келінге қатысты жиен аға (жиен қайын аға), жиен апа (жиен қайын апа) айтатын өздік атау — **нағашы келінім**.

Нағашы күйеу бала — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің бауырынан (ағасынан немесе інісінен) туған қыздың күйеуі. Нағашы күйеу балаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен қайын аға** (ер адамға қатысты), **жиен қайын апа** (әйел адамға қатысты). Нағашы күйеу балаға қатысты жиен қайын аға, жиен қайын апа айтатын өздік атау — **нағашы күйеу балам**.

Нағашы қарындас — айтушының (ер адамға қатысты) шешесінің бауырынан (ағасынан немесе інісінен) туған қыз бала. Нағашы қарындасқа қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен аға**. Нағашы қарындасқа қатысты жиен аға айтатын өздік атау — **нағашы қарындасым**.

Нағашы өгей шеше — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің өгей шешесі. Яғни, айтушының нағашы шешесі қайтыс болған соң, нағашы атасы үйленген келесі әйел немесе айтушының шешесін асырап алған әйел — нағашы өгей шеше. Нағашы өгей шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен**. Нағашы өгей шешеге қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы өгей шешем**.

Нағашы сінді — айтушының (әйел адамға қатысты) шешесінің бауырынан (ағасынан немесе інісінен) туған қыз бала. Нағашы сіндіге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен апа, жиен әпке**. Нағашы сіндіге қатысты жиен апа айтатын өздік атау — **нағашы сіндім**.

Нағашы тоқал шеше — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) нағашы шешесінің үстіне үйленген нағашы атасының екінші, үшінші, төртінші... әйелдері. Нағашы тоқал шешеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен**. Нағашы тоқал шешеге қатысты жиен айтатын өздік атау — **нағашы тоқал шешем**.

Нағашы іні — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) шешесінің бауырынан (ағасынан немесе інісінен) туған ер бала. Нағашы ініге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жиен аға** (ер адамға қатысты), **жиен апа** (әйел адамға қатысты). Нағашы ініге қатысты жиен аға, жиен апа айтатын өздік атау — **нағашы інім**.

ҚАЙЫН ЖҰРТЫ:

Бажа — айтушының (ер адамға қатысты) жұбайының әпкесі немесе сіндісінің күйеуі. Бажаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **бажа**. Бажаға қатысты бажа айтатын өздік атау — **бажам**. Бажаларды жастарына қарай «үлкен бажа», «ортаншы бажа», «кіші бажа» деп айырып атайтын да дәстүр бар.

Мақал-мәтелдер: Бажа бажаны көрсе, басы қышиды; Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату, т.б.

Балдыз — айтушының (ер адамға қатысты) жұбайының інісі немесе сіндісі. Балдызға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жезде**. Балдызға қатысты жезде айтатын өздік атау — **балдызым**.

Мақал-мәтелдер: Балдыз балдан тәтті, т.б.

Балдыз келін — айтушы (ер адамға қатысты) жұбайының інісінің әйелі. Яғни, айтушының балдызының әйелі. Балдыз келінге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жезде**. Балдыз келінге қатысты жезде айтатын өздік атау — **балдыз келінім**.

Қайын аға (қайнаға) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының ағасы. Қайын ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын ағаға қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **қайын ағам, қайнағам**. Айтушы жұбайының ағасымен немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас ер адамды да «қайын аға» деп атайтын дәстүр бар.

Қайын апа — айтушы (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының әкесінің әпкесі немесе қарындасы және бірге туған әпкесі. Қайын апаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын апаға қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **қайын апам**. Айтушының жұбайының әкесімен немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас әйел адамды да «қайын апа» деп атайтын дәстүр бар.

Қайын ата — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының әкесі. Қайын атаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала**.

(ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын атаға қатысты күйеу немесе келін айтатын өздік атау — **қайын атам, атам**.

Қайын әже — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының әкесінің шешесі. Қайын әжеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, немере күйеу, немере күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, немере келін, немере келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын әжеге қатысты немере күйеу немесе немере келін айтатын өздік атау — **қайын әжем, ұлы енем**.

Қайын бике — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының ағасының әйелі. Қайын бикеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын бикеге қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **қайын бикем**. Айтушы жұбайының немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас жасы үлкен әйел туысқандарын да «қайын бике» деп атайтын дәстүр бар.

Қайын ене (қайын ана, қайын шеше) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының шешесі. Қайын енеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын енеге қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **қайын енем, енем**.

Қайын жеңге — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының ағасының әйелі. Қайын жеңгеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Қайын жеңгеге қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **қайын жеңгем, қайын жеңешем**.

Қайын жұрты — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының туған ел-жұрты. Яғни, айтушының жұбайының (күйеуінің немесе әйелінің) ағайын-туыстарының, аталастарының, руластарының және жамағайындарының жиынтық атауы — **қайын жұрт**. Қайын жұртқа қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу** (ер адамға қатысты), **келін** (әйел адамға қатысты). Қайын жұртқа қатысты күйеу немесе келін айтатын өздік атау — **қайын жұртым**.

Мақал-мәтелдер: Жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты — күншіл, нағашы жұрты — ыншыл, қайын жұрты — міншіл; Өз жұртың — күншіл, нағашы жұртың — шыншыл, қайын жұртың — міншіл; Жаман күйеу қайынсақ; Нағашым бай, қайным бай, қайтіп жарлы қылсын Құдайым-ай; Қайындағы күйеу — қарғылы төбет; Жақсы жерге келген келін — келін, жаман жерге келген келін — келсап; Қатын алма, қайын ал; Ата-ананың жақсылығын ауырсаң білерсің, қайын жұрттың жақсылығын қыдырсаң білерсің, т.б.

Қайын сінді — айтушының (әйел адамға қатысты) жұбайының қарындасы. Қайын сіндіге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жеңеше, жеңге**. Қайын сіндіге қатысты жеңеше айтатын өздік атау — **қайын сіндім**, тергем атау — **еркежан, еркем, шырайлым, кекілдім...** Айтушы жұбайының немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас қарындастарын да «қайын сінді» деп атайтын дәстүр бар.

Қайын іні (қайны) — айтушының (әйел адамға қатысты) жұбайының інісі. Қайын ініге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жеңеше, жеңге**. Қайын

ініге қатысты жеңеше айтатын өздік атау — **қайын інім, қайным**. Айтушы жұбайының немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас інілерін де «қайын іні», «қайны» деп атайтын дәстүр бар.

Құда — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) баласының (ер адамға да әйел адамға да қатысты) жұбайының әкесі, атасы, ересек туыстары (ер адамға қатысты). Құдаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **құда** (ер адамға қатысты), **құдағи** (әйел адамға қатысты). Құдаға қатысты құда мен құдағи айтатын өздік атау — **құдам**. Құдаластардың етжақын ағайын туыстары да құда жақтарының ер адамдарын «құда» деп атай береді.

Қазақ дәстүрінде «бас құда», «бауыздау құда», «бел құда», «бесік құда», «қарсы құда», «жанама құда», «құданың құдасы», деп айтылатын да атау-терминдер бар. **Бас құда** — ең сыйлы, ең жасы үлкен, ең жолы үлкен құда. **Бауыздау құда** — алғаш құда түскен, құдалық сөйлескен, балалардың жұптасуына дәнекер болған адам. Дәстүр бойынша, құда болу үшін қыз әкесіне болашақ күйеу баланың етжақын адамдары алғаш сөз салып, құдалық рәсімін жасайтын болғандықтан, оларды бауыздау құда дейді. Бас құраған екі жастың туған әке-шешелерін де «бауыздау құдалар» деп атайтын дәстүр бар. **Бел құда** — әлі тумаған, іштегі балаларын атастырған ата-аналар, әке-шешелер бір-біріне «бел құда» болады. **Бесік құда** — бесіктегі ұлы мен қызын атастыратын ата-аналарды, әке-шешелерді «бесік құдалар» деп атайды. **Қарсы құда** — құдандал болғандар құдалықтарын одан әрі орнықтыра түсу үшін немесе сүйек жаңғыртып, туыстастықтарын бекемдей түсу үшін бір-бірімен қыз алысып, қыз беріссе, оларды «қарсы құдалар» дейді. **Жанама құда** — құдандал болған адамдардың жамағайындарын да «жанама құда» деп атап, жақын тұтады. **Құданың құдасы** — атауы айтып тұрғандай, айтушының құдасы басқа бір адаммен де құда болса, сол адам айтушы адам үшін «құданың құдасы» болады. Олар да өзара қадірлес болып, бірін-бірі «Құданың құдасы — құнан қойдың сорпасы» деп әзілдеп, сыйлап отырады.

Мақал-мәтелдер: Жақсы құда құрдасындай, жақсы құдағи сырласындай; Қойдың басы — құданың асы; Құда болғанша хал-жайын сұрас, құда болған сон, қолда бармен сыйлас; Құданы Құдай қосады; Құда — Құдайдың аты; Құда шын досындай болсын, құдағи сырласындай болсын; Алыс жермен құда болсаң, түйе-түйе ас келер, жақын жермен құда болсаң, түйе-түйе сөз келер; Құдалық белгісі — сый, қоныс белгісі — ши; Құдасымен Құдай ұрған араз болады; Құдандалының малы бір, анық достың жаны бір; Жаман құданды өкпелетсең, жақсы құданның көңілі қалады; Атасы басқаны Құдай қосады, үйірі басқаны нөқта қосады; Екі бай құда болса, арасында жорға жүреді, екі жарлы құда болса, арасында дорба жүреді, бай мен жарлы құда болса, айрылыса алмай зорға жүреді; Жабыны жауға мінбе жалы бар деп, жаманмен құда болма малы бар деп, т.б.

Құда бала — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) күйеу баласының немесе келінінің ағасы, інісі, ағайын-туыс балалары. Құда балаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **құда** (ер адамға қатысты), **құдағи** (әйел адамға қатысты). Дәстүр бойынша, құдандалы адамдардың немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас жасы кіші жігіт-желендері де құдалар үшін «құда бала» болады.

Құдағи — айтушы (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) баласының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының шешесі, әжесі. Құдағиға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **құда** (ер адамға қатысты), **құдағи** (әйел адамға қатысты). Құдағиға қатысты құда мен құдағи айтатын өздік атау — **құдағиым**. Құдаластардың етжақын ағайын-туыстары да құда жақтарының әйел адамдарын «құдағи» деп атай береді (*Осы тараушадағы «Құда» атауын қараңыз*).

Құдаша — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) күйеу баласының немесе келінінің жасы кіші әйел туыстары. Құдашаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **құда** (ер адамға қатысты), **құдағи** (әйел адамға қатысты). Құдашаға қатысты құда мен құдағи айтатын өздік атау — **құдашам**. Дәстүр бойынша, құдандалы адамдардың немерелес, шөберелес, әулеттес, аталас жасы кіші әйел туыстары да құдалар үшін «құдаша» болып, әзіл-қалжыңдары жарасып отырады. Әсіресе, ерлі-зайыптылардың туған аға-інілері немесе туыстас аға-інілері құда жақтың жасы кіші әйел туыстарын құдаша тұтып, әзілдесіп, тіптен, көңіл жарастырып, бас құрап кететін кездері де жиі кездеседі. Мұндай жағдай қазақтың «Құдаша» әнінде дәл бейнеленген:

«Келші, келші, бермен келші, құдаша,
Бір сөз айтам көңіліңе ұнаса.
«Кетші әрі» деп, ұрса ма деп, зәрем жоқ,
Не де болса шығып кетші оңаша.

Дедім-дағы қысып қалдым көзімді,
Жерге тастап кете ме деп сөзімді.
Елжіреген жас жүректе зәре жоқ,
Сабыр ет деп, тоқтатамын өзімді».

Мақал-мәтелдер: Құдашамен құда ойнар, қошақанмен бөрі ойнар; Құдашадан Құдай ұрған құр қалар, т.б.

Немере балдыз — айтушының (ер адамға қатысты) жұбайының інісінің балалары. Немере балдызға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **жезде**. Немере балдызға қатысты жезде айтатын өздік атау — **немере балдызым, балдызым**.

Немере қайын аға (немере қайнаға) — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының немере ағасы. Немере қайын ағаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Немере қайын ағаға қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **немере қайын ағам, немере қайнағам**, күйеу айтатын тергем атау — **ағасы, келін айтатын тергем атау — аға, жақсы аға, үлкен аға, ахке...**

Немере қайын бике — айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының немере әпкесі (немере апасы). Немере қайын бикеге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау — **күйеу, күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, келін бала** (әйел адамға қатысты). Немере қайын бикеге қатысты күйеу мен келін айтатын өздік атау — **немере қайын бикем**.

Немере қайын сінлі – айтушының (әйел адамға қатысты) жұбайының немере қарындасы. Немере қайын сінліге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау – **жеңеше, жеңге**. Немере қайын сінліге қатысты жеңеше айтатын өздік атау – **немере қайын сінлім, тергем атау – еркежан, еркем, шырайлым, кекілдім...**

Немере қайын іні – айтушы (әйел адамға қатысты) жұбайының немере інісі. Немере қайын ініге қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау – **жеңеше, жеңге**. Немере қайын ініге қатысты жеңеше айтатын өздік атау – **немере қайын інім, немере қайным**.

Үлкен қайын ата – айтушының (ер адамға да, әйел адамға да қатысты) жұбайының әкесінің әкесі. Үлкен қайын атаға қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау – **күйеу, немере күйеу, немере күйеу бала** (ер адамға қатысты), **келін, немере келін, немере келін бала** (әйел адамға қатысты). Үлкен қайын атаға қатысты немере күйеу немесе немере келін айтатын өздік атау – **үлкен қайын атам, ұлы қайын атам**.

Үшінші тарау. Қазақтың қария сөздері

Аңыз ақиқаттың жаңғырығы

Алаш. Қазақ. Жүз.

Ұлы жүз

Орта жүз

Кіші жүз

Жүзге кірмейтін ру-тайпалар

Үшінші тарау

Қазақтың қария сөздері

14. Аңыз ақиқаттың жаңғырығы

Алдымен, тақырыпқа тікелей қатысы бар атау-ұғымдардың жай-жапсарын бажайлап алу қажет. Бұл ретте, «шежіре», «шежіре сөзі», «шежіре дерегі», «шежірелік деректер», «шежірелік аңыздар», «қария сөздер» деп келетін атау-ұғымдардың өзара мағыналас екенін, белгілі дәрежеде синонимдік мәнде қолданылатынын атап өткен жөн. Ауызекі сөзде айтыла беретін мұндай атау-ұғымдарды жинақтап, «шежірелік деректер» деуге де болады.

Әдетте, шежірелік деректер адам әулетінің жаралуы туралы, ел-жұрттың пайда болуы жайында, сол ел-жұрттың құрамындағы ру-тайпалардың қалыптасуы жөнінде, олардан шыққан әйгілі тұлғалардың өнегелі өмірбаяны хақында, ел-жұрттың тіршілік-тынысы мен елеулі оқиғаларына қатысты миф, аңыз (предания), әпсана (легенда), хикая (быличка, былина), жағдаят (бытовые сказы), өлең, жыр, толғау, шешендік сөздер, топонимдік аңыздар, мақал-мәтелдер, т.б. түрінде айтылады. Яғни, шежірелік деректер жанрлық тұрғыда көп құрамды болып келетінін байқаймыз. Осы орайда, әрбір шежірелік деректі жанрлық сипаттарына байланысты шежірелік миф, шежірелік аңыз, шежірелік әпсана, шежірелік хикая, шежірелік жағдаят, шежірелік өлең, шежірелік жыр, шежірелік толғау, шежірелік шешендік сөздер, шежірелік топонимдік аңыздар, шежірелік мақал-мәтелдер, т.б. деп жіктеп, олардың төл ерекшеліктерін саралап тануға да болады. Алайда, осынау жанрлар шоғырын жинақтап, «шежірелік деректер» деп атай отырып ой өрбітудің өзіндік қисындары бар.

Біріншіден, зерттеліп отырған еңбегімізде шежірелік деректерге фольклорлық жанрлар тұрғысында емес, тарихи деректеме (источник) тұрғысында мән беріліп отыр. Яғни, шежірелік деректердің фольклорлық сипатынан гөрі тарихшылдық сипатына көбірек назар аударылмақшы.

Екіншіден, қазақ фольклортануында (фольклористикасында) шежірелік жанрлардың төл сипаттары айтарлықтай сараланған (*М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959; С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Шығармалар. Алтыншы том. — Алматы, 1964; Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985; М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974; Б. Адамбаев. Шешендік өнер. — Алматы, 1999; С. Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984; М.І. Әбдуов. Шежіренің*

жанрлық сипаты. — Қарағанды, 1998; А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. — Астана, 2002).

Кез келген фольклорлық мұра сияқты, шежірелік деректер де ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап отырады. Яғни, шежірелік деректерге, әсіресе, оның байырғы үлгілеріне құбылу, түрлену, көп нұсқалы болу үрдісі тән. Нақтыланқырап айтқанда, шежірелік миф, аңыз, әпсана, хикая сияқты жанрлар фольклорлық тарихи циклденуге көбірек бейім. Мәселен, белгілі бір сюжет пен мотивтің әр кезеңдегі тарихи тұлғаларға телінуі, немесе, бірнеше сюжет пен мотивтің бір адамға қатысты баяндалуы, оның өзі уақыт тұрғысынан да, мекен-тұрақ тұрғысынан да құбылып, кіріге түрленуі (контаминациялануы, шендесуі) сияқты белгілер фольклорлық циклденудің айқын айғақтары болып табылады. Осы орайда, шежірелік деректер неғұрлым байырғы болған сайын оның діни-мифологиялық сипаты басымдау болып, циклдену үрдісі айқын аңғарылып отырса, неғұрлым бергі заман айғақталған сайын генеалогиялық және тарихи-әлеуметтік сипаты нақтылана түсетінін атап өткен жөн. Яғни, шежірелік деректерді пайымдау барысында оның мазмұндық тінін көктей өтіп жатқан мифтік-жоралық, яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-монғолдық және алаштық-қазақтық қыртыстарды айыра білудің мән-маңызы айрықша зор. Түптеп келгенде, шежірелік деректерді қазақ тарихына қатысты деректеме ретінде пайдалану үшін қаперге алатын негізгі ұстаным да осы болуға тиіс («Қазақ шежіресіндегі уақыт табы» тараушасын қараңыз).

Шежірелік деректер өзінің молдығымен де, тарихилығымен де, жанрлық әр алуандығымен де, ең бастысы, қазақ халқының төл тарихына қатысты дерекшілдігімен де аса мәнді рухани құбылыс ретінде назар аударады. «Қазақ халқы кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан ауызға айтылып келген... естіген сөздерін ұмытпай келе жатқандарына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қарт, қариялары бар жастарға, біздерден өсиет. Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөзін ұғып қалсын. Осыдан «Естуің болмаса да ескің болсын» деген екен. Олардың сөздерін өздерінше аударып-төңкермей сол күйі тындап алу керек» (Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). Аударғандар Б. Төтенаев, А. Жолдасов. — Алматы, 1992. 90-бет).

Осы уақытқа дейін шежірелік деректерге фольклорлық мұраның бір айғағы ретінде жол-жөнекей назар аударылғаны болмаса, арнайы жиналған да, зерттелген де емес. Шежірелік деректер, ең алдымен, қазақ халқының тарихи білім-білігінің, сауаттылығының, төл тарихына мейлінше қанықтығының және мерей-мәртебе тұтуға әбден лайықты рухани құндылығының жарқын айғағы ретінде зерделенуге тиіс. Шежірелік деректерді рухани айналымға түсіру арқылы қазақ тарихын анағұрлым байытып, тереңірек пайымдаумен бірге қазақ халқының жан-жүрегін асқақ сезімдерге келтуге болады.

Шежірелік деректердің тінінде ата-тек таратуға қоса, алуан түрлі этногенеалогиялық және тарихи-ақпараттық сюжеттер мен мағлұматтар тоғысып жататын болғандықтан, оның жанрлық болмысы да мейлінше күрделі болып келеді. Мұның өзі, шежірені дерек көзі ретінде пайдалану үшін, басқа типті дерек көздеріне де

қанық болуға қоса, сол шежірелік деректердің ішкі жанрлық табиғатын жыға тани-тын зердені де қажет етеді. Тек, сонда ғана, шежірелік деректер аясындағы алуан түрлі жанрлық сюжеттер мен айғақтардан тарихи шындықтарды сүзіп алуға болады. Мұндай дайындықсыз, белгілі бір, хронологиялық қабаттардың ақпараттық-сюжеттік айғағы болып табылатын шежірелік деректерден шындықты түстеп тану оңай емес.

Міне, осындай ерекшеліктерді ескере отырып, шежірелік деректерді жалпы сипаттары бойынша жіктеп көруге болады.

1. Мифтік мазмұндағы шежірелік деректер. Мұнда жалпы әлем дүниесінің жаратылуы, сонан соң тіршілік иелерінің, соның ішінде адам әулетінің пайда болуы, адам әулетінен әр түрлі ел-жұрттың таралуы, сол ел-жұрттар аясынан ру-тайпалардың өрбуі, ол ру-тайпалардың қалай аталу себептері сияқты сюжеттер мен мотивтер негізгі мазмұндық желіні құрап отырады (*«Қазақтың қария сөздері» тарауындағы шежірелік деректерді қараңыз*).

Мифтік мазмұндағы шежірелік деректердің ең басты ерекшелігі ретінде кез келген құбылыс пен жаралымның қалай пайда болу себептері баяндалатынын алдымен айтуға болады. Яғни, шежірелік деректердің себеп-салдарлық мазмұны оның мифтік сипатын айқын айғақтап отырады. Осы орайда, мифтік мазмұндағы шежірелік деректерде дүние-тіршіліктің біртұтастықта баяндалып, адам мен жан-жануар атаулының өзара тілдес-тағдырлас болып отыратынын да негізгі ерекшеліктердің бірі ретінде атап өткен жөн (*«Алаш. Қазақ. Жүз» тараушасындағы «Тәңірдің ғұмыр-жас бөлуі» деген тақырыпшаны қараңыз*). Сондай-ақ, мифтік мазмұндағы шежірелік деректерге діни таным-түсініктермен астасқан оқиғалар мен себеп-салдарлық жорулар да негізгі арқау болып отырады. Мұны, әсіресе, дүние-тіршіліктің жаралуына, түрлі ел-жұрттардың пайда болуына қатысты айтылатын мифтерден, аңыздардан, әпсаналардан, хикаялардан айқын аңғаруға болады. Түптеп келгенде, аңызға айналған генеалогия немесе мифологиялық сипаттағы генеалогиялық аңыздар халықтың арман-аңсарының, мақсат-мүддесінің, ой-ниетінің айғағы ретінде зерделенуге тиіс (*«Алаш. Қазақ. Жүз» тараушасындағы шежірелік деректерді қараңыз*).

2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежірелік деректер. Бұл тақырыптағы шежірелік деректер қазақ халқын жасақтаған ру-тайпалардың қалай пайда болғанын, қайтіп қалыптасқанын, нақтылы қандай тарихи тұлғалардан өрбігенін баяндайды. Яғни, Қазақ хандығының жасақталуына байланысты жаңадан жіктелген ру-тайпалардың жай-жапсары, белгілі бір ру-тайпа құрамындағы аталар мен кіші рулардың қалай сіңісті болғандығы, іргелі рулардан кіші рулардың енші алып шығуы сияқты оқиғалар шежірелік деректердің негізгі арқауы болып отырады. Байырғы тайпалардан (үйсін, арғын, алшын, қаңлы, қыпшақ, қоңырат, найман, т.б.) тікелей өрбіген деп келетін аталар мен рулар туралы айтылатын шежірелік деректер, әдетте, қиял-ғажайып оқиғалармен астасып, аңыздық, әпсаналық, кейде мифтік, хикаялық сипат алып басталады да, ондай оқиғалар берідегі нақтылы рулар жайына ойысқанда өмірлік шындыққа ұласып жатады. Мұндай шежірелік деректерден ел-жұртты ұйыстыруға бағытталған пиғыл-ниет байқалып, ұлттың ұлы бірлік идеясы айқын аңғарылып отырады. Осы орайда, Қазақ хандығы жа-

сақталу барысында қалыптасқан берідегі аталар мен рулар туралы шежірелік деректердің тарихи шыншылдығы және өзгермей айтылатындығы айрықша назар аударады. Қазақ халқының тарих сахнасына шыққаннан бергі бес-алты ғасырлық тарихын арқау ететін мұндай шежірелік мағлұматтардың тарихи деректемелік мән-маңызы айрықша зор («Қазақтың қария сөздері», «Шежірелік айғақтар» тарауларындағы деректерді қараңыз).

3. Нақтылы тарихи тұлғаларға қатысты шежірелік деректер. Уақыт тұрғысынан алып қарағанда нақты тұлғалар туралы айтылатын қазақ шежіресіндегі деректердің тарихи ауқымы мейлінше кең. Қазақ арасында болған поляк революционері Адольф Янушкевичтің естелік сөзі еске түседі: «Орынбай домбырасын қағып-қағып жіберіп, дүниенің басынан – Адам ата мен Хауа анадан түсіп, мына отырған сұлтандарға тағзым еткендей, аты шыққан арғы аталардың әрқайсысын бір-бір көтеріп тастады. Содан, Нұх кемесіне мініп топан судан өтті де, Арараттың биігінен бүкіл інжіл тарихын шолып өтті. Жолшыбай барлық оқиғаларды, тіпті, Вавилон Навуходоноссорын да, Египеттің перғауындарын да қалдырмай сүзіп шықты. Сағат бойы толассыз жырлап, Ниагар сарқырамасындай арындап келіп, ақыры ол аман-сау Мұхаммедтің өзіне де жетті-ау. Соңғы он ғасырды құшағына алып дуылдатқан бұл жыр исламизм қаһармандарының басына құйылып, бүкіл қазақ даласына толықси жайылар ма еді...» (А. Янушкевич. *Күнделіктер мен хаттар*. – Алматы, 1979. 83-бет).

А.Янушкевич айтса айтқандай қазақтың шежірелік деректеріндегі ең көп мағлұмат нақтылы тарихи тұлғалар туралы болып келеді. Ондай деректер уақыт тұрғысынан жүздеген, тіптен, мыңдаған жылдық кезендерді қамтыса, мекен-тұрақ тұрғысынан алыс-жақын ел-жұрттармен сабақтасып жатады. Мұның жарқын айғағы ретінде Ескендір Зұлқарнай (Александр Македонский), Құрыш батыр (Кир), Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, Әзіреті Әлі, Оғыз қаған, Қорқыт ата, Әзірет Сұлтан (Ахмет Иассауи), Шыңғыс хан, Жошы хан, Ер Сайын (Бату хан), Кетбұға, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, Ақсақ Темір, т.б. сияқты әйгілі тұлғалар туралы айтылатын тарихи аңыз-әңгімелерді айтуға болады. Яғни, сахара жұрты, көшпелі қазақтар Еуразияның соңғы екі-үш мың жылдық тарихын қария сөздеріне арқау етіп отырған деуге болады.

Көрнекті фольклортанушы Сейіт Қасқабасов әйгілі тұлғалар туралы ел аузында айтылатын тарихи аңыз-әңгімелерге хронологиялық тұрғыда ден қойып, оларды б кезеңге бөліп қарастырған: «...а) оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар (оларға Қорқыт, Ахмет Иассауи және Арыстан алып туралы әңгімелерді енгізуге болады, VIII-XII ғғ.); ә) монғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар (Шыңғыс, Жошы, Тоқтамыс, Темір есімдеріне байланысты әңгімелер, XIII-XV ғғ.); б) Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар (Жәнібек, Асанқайғы, Жиреншелер жайындағы әңгімелер, XV-XVII ғғ.); в) қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар (Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай аттарына қатысты әңгімелер, XVIII ғ.); г) Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты туған аңыздар (XVIII-XIX ғғ.); д) XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс ту-

ралы баяндайтын аңыздар (С. Қасқабасов. *Қазақтың халық прозасы*. — Алматы, 1994. 126-127-беттер).

Нақтылы тарихи тұлғалар туралы шежірелік деректерде, әдетте, сөз болатын тұлғаның шыққан тегі, ру-тайпасы, әулет-атасы, өскен ортасы туралы айтылып алады да, одан әрі сол тұлғаның өміріндегі елеулі оқиға әңгіменің негізгі арқауы ретінде баяндалады. Ондай әңгімелердің қай-қайсысы да адам сапасын дәріптейтін ғибратты да тағылымды оқиғаларды арқау етіп отырады. Әсіресе, Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңдерде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың халыққа қорған болуда, ұлтты ұйыстыруда, елдік қадір-қасиеттерді орнықтыруда көрсеткен құрбаншыл ерліктері, өнегелі істері шежірелік деректердің алтын арқауына айналған. Мәселен, қыпшақ Наурызбай би туралы айтылатын шежіре дерегінде елдің саяси-әлеуметтік ахуалы да, сыртқы өктем күштің ауыр салмағы да, халық болмысындағы жөн-жоба, жол-жора, әдет-ғұрып, қағида жолы да, ең бастысы, адамдардың кісілік-парасаты да айқын көрініс тапқан. Мұндай мысалдар кез келген елдің тарихын нұрландарып, мазмұнын байытатынына күмән болмауға тиіс (*«Орта жүз» тараушасындағы «Қыпшақ Наурызбай би» тақырыпшасын қараңыз*).

Қазақ тарихын нақтылы тарихи тұлғалардың өмір дерегімен байыта түсуде, яғни, қазақ тарихын «адамдандыруда» әйгілі тұлғалар туралы алуан түрлі сыр шертетін шежірелік деректер өзінің көл-көсір молдығымен де, шыншылдығымен де, ғибрат-тағылымымен де айрықша құнды дерек көзі болып табылады.

4. Этнотопонимдер туралы шежірелік деректер. Қазақ хандығының тарихы ру-тайпалардың жаңаша жіктелуімен, жүздік бөліктердің қалыптасуымен, осыған орай, әрбір ру-тайпаның қоныс-тұрақтарын белгілеумен тікелей байланысты болып келеді. Бұл — көшпелі ел-жұрттың өмір-салтынан туындаған табиғи үрдіс. Көшпелілер үшін жер — тек мекен-тұрақ қана емес, ең алдымен, берекелі өмір-тіршіліктің бірден-бір кепілі, күнкөрістің қайнар көзі. Былайша айтқанда, жер — көшпелілердің ең негізгі «енбек құралы». Бойлық бойынша жүздеген-мыңдаған шақырымдық байтақ алапты көктей өтіп, табиғи белдеулердің қыр-сырына қанық болатын және сол кеңістік аясында шытырман оқиғаларды бастан кешетін көшпелілердің жер туралы, атамекен жайындағы таным-түсініктері мейлінше киелі сипат алған, олардың жан-жүрегін алапат асқақ (трансцендентті) сезімдерге бөлеген. Туған жердің тау-тасы, өзен-көлі, орман-тоғайы әрбір көшпелінің өмірбаяндық айғағына айналған.

Содан да болу керек, Қазақ даласындағы ең мол ұшырасатын жер-су атаулары нақтылы әулет-аталар мен ру-тайпаларға тікелей қатысты болып келеді. Яғни, әрбір этнотопонимдік атаулардың тарихын ел-жұрттың әлеуметтік өмірбаяны деуге де болады. Қазақ хандығы жасақталар тұстағы ру-тайпалық құрылымның жаңадан жүйеленуі, олардың қоныс-тұрақтары мен көш жолдарының саралануы, іргелі (аталық) рулардан кіші рулардың енші алып шығуы, қалмақ шапқыншылығынан кейін жаудан арылған атамекенге ел-жұрттың қайта қоныстануы, Ресей отаршылдығы енгізген әкімшілік-аумақтық бөліктерге байланысты толассыз туындаған жер дауы сияқты ел өміріндегі елеулі оқиғалар этнотопонимдік аңыз-әңгімелердің негізгі мазмұндық арқауына айналған. Бұл ретте, этнотопонимдерге байланысты айтыла-

тын шежірелік деректер де қазақ халқының тарихын нақтылы айғақ-мысалдармен байыта түсетін деректемелік мән-мазмұнға ие («Орта жүз» тараушасындағы «Арғын — сүйіндік — күліктердің атамекені» тақырыпшасын, сондай-ақ «Қазақ этнопонимдері» тараушасын қараңыз).

5. Мақал-мәтел түрінде айтылатын шежірелік деректер. Қазақ ру-тайпаларының, әулет-аталарының тек-тамыры, қоныс-тұрағы, кәсіп-харекеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, жөн-жобалары, мінез-құлықтары сияқты өмірдің өзіндей алуан түрлі қасиеттері мақал-мәтел түрінде айтылып, халық жадына орныққан. Мұндай мақал-мәтелдердің көптеген нұсқалары ел тағдырына елеулі ықпал еткен тарихи оқиғалармен сабақтасып жатады. Типтік оқиғалар мен құбылыстарды тап басып, дәл бейнелейтін қасиеттеріне бола ру-тайпалар мен әулет-аталар туралы айтылатын мақал-мәтелдерді ең бір ақпараты мол шежірелік деректер санатына жатқызуға болады.

Міне, қазақтың шежірелік деректерін жалпы сипаттары бойынша шартты түрде осылай жіктеп отырмыз. Шартты болатыны, бұл жіктеуден жанрлық та, тақырыптық та немесе хронологиялық та ұстанымның басшылыққа алынбағаны айқын байқалады. Яғни, бұл жерде шежірелік деректердің деректемелік сипаттарына бірінші кезекте мән беріліп отыр деген сөз.

Жалпы алғанда, шежірелік деректерге этносты жасақтаудың, ұлтты ұйыстырудың идеологиясы тұрғысында қарауға болады. Бұл ретте, шежірелік деректердің бәрінде дерлік исі қазақтың бір атадан өрбітілуін ұлттың ұлы бірлік идеясы туындатқан саналы (осознанный) шарттылық тұрғысында қабылдаған абзал. Мұндай саналы шарттылық әулет-аталар мен ру-тайпалардың түпкі бастау тегін таратуға қатысты айтылатын шежірелік деректерде тіптен айқын байқалып отырады. Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы, ең алдымен, сахара төсінде судай сапырылысқан әулет-аталар мен ру-тайпалардың жаңаша жүйеленуі, жаңаша жіктелуі арқылы ғана мүмкін болған тарихи құбылыс екені аян. Сол судай сапырылысқан жұртшылықты ұйыстыруға бірден-бір негіз болған идеологиялық-ақпараттық алғышарт ретінде байырғы үйсін, қаңлы, кердері, арғын, алшын, қыпшақ, найман, қоңырат, т.б. сияқты тайпалардың атауына нақтылы автоэтнонимдік мазмұн дарытылып, «адамдандырылғанын» да пайымдау қиын емес. Бұған қазақтың кез келген әулет-атасы мен ру шежіресінің 19-22 буыннан тұратынына қарамастан, бәрінің дерлік байырғы үйсінмен, қаңлымен, кердерімен, арғынмен, алшынмен, қыпшақпен, найманмен, қоңыратпен, т.б. кіндіктесіп жататыны айқын айғақ бола алады. Ал, 19-22 буын дегеніңіз, көп болса соңғы бес-алты ғасырдың аясындағы ұрпақ екені этнологиялық зердеге аян.

Осы тұста, «шежірелік шарттылық» деген ұғымды «шежірелік қиял» немесе «шежірелік өтірік» деген мағынамен астастыруға әсте болмайтынын атап өту қажет. Бұл ретте, шежіре деректері неғұрлым байырғы заманға бойлаған сайын нақтылы шындықтың қалай болғанын тәптіштеуден гөрі тарихи үрдістің нәтижесін айғақтауға бейім болып келеді. Былайша айтқанда, байырғы замандарға қатысты шежірелік деректер типтік нақтылықты тәптіштемейді, типологиялық жалпылықты қорыта айғақтайды. Бұл жолда шартты мотивтерді, тіптен, қиял-ғажайып оқиғаларды сол типологиялық үрдісті айғақтаудың құралына айнал-

дырып отырады. Мәселен, қазақ шежірелерінің тарихи құрылымы Адам атадан — Қазаққа дейінгі, Қазақтан — үш жүздік бөлікке дейінгі, үш жүздік бөліктен — нақтылы ру-тайпа мен әулет-атаға дейінгі кезеңдерге жіктелуін типологиялық қорытындылаудың айқын айғағы деуге болады. Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі саяси-әлеуметтік аласапыранда қазақ этносының қалай жасақталғаны «Алаштың үш жүзі», «Қазақтың қайдан шыққаны турасынан бұрынғыдан қалған сөз» деп аталатын шежірелік деректерде де тарихи шындық типологиялық қорыту тәсілімен айғақталған («Қазақ. Алаш. Жүз» тараушасын қараңыз). Ең ғажабы, қазақтың кез келген шежіресі мифтік-жоралық, яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-монғолдық деректердің қою тұманын жарып өтіп, не Алашты, не Қазақты даралап алады да, исі қазақ баласын бір кіндіктен өрбітіп отырады. Міне, қазақтың шежірелік деректеріндегі «ұлттың ұлы бірлік идеясы» дегенді де, сол идея дүниеге келтірген «шежірелік шарттылық» дегенді де осы тұрғыда пайымдаған абзал.

Шежірелік деректер арқылы қазақ халқы өз тегін өзі тектеп, ұлт ретінде қалыптасуын өзі баяндап отырады. Осы орайда, шежіре деректерін лингвистикалық, археологиялық, этноантропологиялық, демографиялық, этнографиялық, т.б. деректермен де салғастыра зерделеп отырудың мәні зор. Яғни, өзге типті дерек көздерімен шежірелік деректерді салғастыру барысында осы уақытқа дейін эпикалық әсірелеу (идеализация) тұрғысында зерделеніп келген фольклорлық материалдарды нақтылы өмір шындығының жаңғырығы тұрғысында тануға болады. Сонда, шежірелік деректердің тарихшылдығы да айқындала түспек.

Жалпы фольклорлық ақпараттың, соның аясында шежірелік деректердің де тарихи тіні мейлінше тұрақты. Ол ғасырларды, тіптен, мыңжылдықтарды көктей өтіп, халық жадынан берік орын алады. Осы ретте, шежірелік деректерді кешенді түрде саралау барысында белгілі бір кезеңдегі ру-тайпалардың өзара қарым-қатынасын, олардың бір-біріне кірігуін немесе бір-бірінен ажырауын, ондай үрдіске себепші болған тарихи алғышарттарды, сондай-ақ, әр заманда тыңнан қатталған оқиғалар мен кейіпкерлерді бажайлай білу қажет. Онсыз шежірелік деректердің парқын тануда, сол шежірелік деректерді тарихи айғақ-мағлұмат ретінде тұтыну да қиын. Яғни, салыстырмалы тарихи тәсілге біліктілікпен сүйенбей тұрып, шежірелік дерекке көзсіз сенген негативизм өзінен-өзі этногенездік танымды қарабайырлайды.

15. Алаш. Қазақ. Жүз

АЙ-АТА МЕН АЙ-АПА. Жер бетінде ең алғаш жаралған адам Ай-ата мен Ай-апа екен. Бұл екеуі жер жаралған кезде лай су болып ағып жүріпті. Күндердің бір күнінде тау шатқалынан Тәңірі жаратқан қалыпқа лай су толыпты. Қалыпқа толған лай суды тоғыз ай, тоғыз күн бойы күннің нұры қыздырып, желдің лебі кептіріпті. Сол мезгілде қалыптағы лайға жан кіріп, Ай-ата мен Ай-апа орнынан тұрыпты. Содан, Ай-ата мен Ай-апа қосылып, олардан өрбіген ұрпақ рулы елге ұласыпты дейді.

Ай-ата мен Ай-апа топырақтан жаралғандықтан, содан бері өлген адам жер қойнына көміліп, қайтадан топыраққа айналатын болыпты. Әрбір дүниеге келген адам шыр етіп туғанда жаралған жерінің топырағы бұрқ ете қалады екен. Кейін, бұйырған ғұмырын жасап, дүние салғанда, қай жердің топырағынан жаралса сол жерге көмілу нәсіп болмақ. Қазақтың өлген адам туралы «топырақ тартты», «топырақ бұйырды» дейтіні, сөйтіп мәйіт үстіне бір шымшым топырақ салатыны сондықтан. Ал, дүниеге келетін нәрестенің ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн болатыны, тау шатқалындағы қалыпқа түскен лай да күн мен желге тоғыз ай, тоғыз күн қақталған соң ғана бойларына жан кіргендіктен еді дейді (*Дерек беруші Тай Тілегенов (1900-1985 жж.), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

АҚЖОЛДЫҢ СЕГІЗ ҰЛЫ. Қазақтың үш жүзі Құтаннан туған Ақжол, Алшын, Үйсін есімді үш ұлдан өрбіген. Осылардың Ақжолынан сегіз ұл дүниеге келіпті. Олардың төртеуі бәйбішеден — Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат. Қалған төртеуі тоқалдан — Керей, Уақ, Тарақты, Төлеңгіт. Тоқалдан туған төрт ұл бәйбіше балаларына қызмет көрсететін болыпты. Керей үй сыпырады екен, сол себепті таңбасы — шілік. Уақ көш-қон кезінде ауыл үйін тігеді екен, сол себепті таңбасы — бақан. Тарақты жылқы бағып, еру аттардың жал-құйрығын тарап баптайды екен, сол себепті таңбасы — тарақ. Ал, Төлеңгіт болса ел шетін торып, күзетте жүреді екен, сол себепті таңбасы — найза болыпты (*Дерек беруші Ахметжан Әбіқаев (1903-1986), даңғайыр шежіреші, Қостанай облысы, Амангелді ауданы; Н.А. Аристов. Заметки... — «Живая старина» журналы, III-IV шығарылым. С-Петербург, 1896. 372-бет*).

АЛАША, АЛАШ, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖҮЗ. Қазақтардың пайда болуы Сыр бойына ноғайлардың қоныстана бастаған кезінен басталады. Ноғайлар мен орыстар бұрын бір-бірімен жауығып жүреді екен. Бірде орыс жағының елшілері ноғайларға бейбіт мақсатпен келіпті. Елшіліктің құрамында орыс кінәздері жіберген 30 жауынгер мен олардың әйелдері де болса керек. Мұның мәнісі, орыс кінәздері өтініш етіпті: «Егер, татар (ноғай) ханы да өз жағынан 30 жауынгерді әйелдерімен шығарып, екі жақтың өзара араласқан жауынгерлерін шекараға қоныстандырса, олардан жартылай орыс, жартылай татар тайпасы құралар еді, сөйтіп, екі елдің арасындағы жауығушылық тыйылар еді» деп. Бұл ұсыныс татар ханына өте ұнайды да келісімін береді. Тек 30 жауынгердің орнына 30 құлды жанұяларымен бірге жібереді. Құлдардың ішінде ақыл-қайратымен көзге түскен Алаша және Алаш есімді ағайынды екі жігіт болыпты. Содан, татар құлдары мен орыс жауынгерлері межелі жерге келе жатып, жолда бір қоналқаға тоқтағанда Алаша мен Алаш: «Түнде орыстар ұйықтап жатқанда қырып тастайық», — деп жолдастарын үгіттейді. Жолдастары келісім береді де, түнде ұйқыдағы орыстарды құлдар оп-оңай қырып салады. Сөйтіп, олар өз алдарына бөлек тайпаға айналады. Алашаны — хан, Алашты — би етіп сайлайды. Бұл екеуінен басқа, қара қылды қақ жарған бір әділ қазы болады екен. Оны әділдігіне бола тайпаластары «біздің қазымыз қазы-ақ қой» деп мадақтайтын болса керек. Содан, жүре келе тайпаластары оны «Қазақ» деп атайтын болыпты. Қазақтың беделінің зорлығы соншалық, бара-бара бүкіл тайпа «қазақ» деп аталып, өздерінің ханы Алашаның

есімін ұранға шығарыпты. Кешікпей-ақ қазақ тайпасы өсіп-өркендеп, 3 ордалы елге айналады. Олардың біріншісі — Ұлы жүз, екіншісі — Орта жүз, үшіншісі — Кіші жүз деп аталады... (Бұл аңызды 1898 жылы маусым айының 26-сы күні Қазалы уезіне қарасты Мақпал болысындағы № 6 ауылдың қазағы — 78 жасар соқыр қарт Тәңірберген Жайлаубайұлы деген кісіден А.Д. Нестеров жазып алған. А.Д. Нестеров жинаған басқа да материалдармен бірге «Прошлое приаральских степей в преданиях киргиз Казалинского уезда» деген тақырыппен 1900 жылы «Записки Восточного отдела Российского археологического общества» басылымының XI томы, IV шығарылымы, 95-105-беттерінде жарияланды. Аударма біздікі).

АЛАШТЫҢ ЕНШІ БӨЛУІ. Қазақтың қария сөзінің айтуында Алаштан — Ақарыс, Жанарыс, Беқарыс деп аталатын үш ұл болған. Иісі қазақ осы үшеуінен өрбіген. Алаш қартайған шағында үш ұлын шақырып алып, қолындағы дәулетін балаларына енші етіп бөліп бермекші болады. Ол үшін бүкіл мал-мүлкін тең етіп төртке бөледі де, соның үш бөлігін үш ұлына береді. Қалған төртінші бөлікті тағы да үшке бөліп, үш ұлының еншісіне қосымша үлестіреді. Балалары мұның мәнісін сұрайды. Сонда, Алаш отырып өсиет сөз айтады: «Алғашқы бөліктер әрқайсының өз еншілерің. Ал, соңғы берілген қосымша бөлік «бөлінбеген енші» деп аталады. Оның иесі — үйлеріңе келетін Құдайы қонақ атаулы. Сондықтан, бұдан былай жолаушылап жүрген адам босаға аттаса, оның төсек-тамағы мойындарыңда болады. Себебі, әрқайсында сол жолаушының бөлінбеген еншісі бар деп біліңдер. Жолаушы қонақ әрбір үйдегі өзінің бөлінбеген еншісіне лайық сый-құрмет көрмесе, сол үйдің иесі ата салтын сақтамаған, аманатын ақтамаған адам ретінде ат-шапан айыбын тартатын болсын! Бұл сияқты жөн-жоба мен жол-жоралғының мәнісі — көш-қонды тіршілік тірегі еткен ел-жұрт бір-біріне қарайлас болса ғана алаңсыз өмір сүре алады дегенге саяды. Өйткені, бүгін сенің үйіңе бір жолаушы қонақ болса, ертең сен басқа біреудің үйіне қонақ боласың. Мұндайда, ел-жұртты тек бөлінбеген енші ғана жарастыра алады. Сондықтан, бөлінбеген енші иесі қазаққа мәңгілік мұра болсын!».

Алаштың осы өсиетін «мен қазақпын» дейтіндер күні бүгінге дейін сақтап келеді. Қазақтың ен даланы еркін кезіп, әр үйді өз үйіндей жайлайтыны осыдан болса керек (Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Ж.О. Артықбаев. Этнос және қоғам. XVIII ғ. — Қарағанды, 1995. 144-бет; А.И. Мякутин. Юридический быт казахов. — Павлодар, 2006. 17-бет; Материалы по казахскому обычному праву. — Алматы, 1948. I том, 243-бет).

АЛАША ХАН ҒӘМ ОНЫҢ БАЛАСЫ ЖОШЫ ХАН ТУРАСЫНДА ҚАЗАҚ АРАСЫНДА БАР СӨЗ. Алаша хан жасында алапес болған соң өзіне жүз кісі нөкер беріп, шаһардан қуып жіберген екен, «алапесің жазылғанша мұнда келме» деп. Неше жерді аралап, аяғында қазақ жеріне келген екен. Оны мұнда бек құрмет көрсетіп қонақ қылыпты. Содан кейін қазақ арасында тұрып қала беріпті. Біраз-ақ қазақтар ол ақылды ер болған соң, өзін жақсы көріп, хан қойыпты. Алаша хан өзі мықты, ер хан болыпты. Оның уақытында қазақ айналасындағы жауларының бәрін жеңісіпті,

жалғыз атын айтса дірілдеп қорқатын етіп. Қазақ ханының ерлігі, күштілігінің данқы алысқа кетіпті. Мұны Алаша ханның әкесі Бұхар ханы да естіді. Әкесі баласының мұндай болғанына қуаныш қылып, көруге құштар болып, мынау деген жігіттен жүз жігіт жібереді, «барып Алаша ханды тауып, Бұхарға шақырып кел» деп. Онан-мұнан сұрап, Алаша ханды іздеп жүріп, ақырында тауып, әкесінің хатын беріпті. Бұл хатта әкесі өзінің сағынғанын айтып, кел деп шақырған екен. Алаша хан барамын деп айтса да, жүре қоймайды. Өзін іздеп келген жүз жігіт Алашаның құрмет қылып сыйлағанына бек шат болып жата береді. Ақырында мүлде сонда тұрып қалады. Ол кезде Бұхар ханы бұлардан ешбір хабар таппай тағы бір жүз жігіт іздеуге жібереді. Бұлар да келіп, іздеп тауып шақырып еді, Алаша хан онда да бармай қалды. Келген екінші жүз кісі де мұнда тұрып қала берді. Алаша хан өлгеннен кейін қазақ үшке бөлінді, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып. Бұрын келген жүз жігіт Ұлы жүз аталған. Онан соң келгені Орта жүз аталған, онан соңғы келгені Кіші жүз аталған (*«Дала уалаяты газеті»*. 1897. № 18. Бұл аңызды О. Әлжанов Атбасар уезі бағаналы қазақтарының арасынан жазып алған. Бұл — қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау ауданына қарасты өңір; *«Дала уалаяты газеті»*. Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құрастырушы Ү. Сұбханбердина. — Алматы, 1989. 396-397-беттер).

АЛАШТЫҢ ҮШ ЖҮЗІ. Есте жоқ ескі заманда Сыр бойында отыз екі баулы (рулы) елді билеген Қызыларыстан атты хан болса керек. Күндердің бір күнінде Қызыл арыстанның жорықта олжа болған әйелінен ерекше бір ұл бала туады. Баланың тұла бойы алапес болса керек. Қызыларыстан хан баласының алапес болып туғанын жаман ырымға балап, Бетбақтың шөліне апарып тастайды (аңыздың келесі бір нұсқасында Сырдың суына ағызып жібереді). Тағдыр жазып алапес балаға перзенттен зарығып жүрген бір пақыр тап болып, асырап алады. Бала ақылына қайраты сай жігіт болып ержетеді. Төңірегіне данқы жайылып, Алаша атанады.

Алашаның данқы Қызыларыстан ханға да жетеді. Содан, хан өзінің қараша биі Қотанмен ақылдасқан екен (аңыздың кейбір нұсқасында Майқы бидің де аты аталады), Қотан би: «Нағыз ер болса, елге қорған, жұртқа пана болар, ордаға шақырайық», — деп, Үйсін деген үлкен ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырады. Үйсін Алашаны іздеп тауып, таныс-біліс болған соң, сонда қалып қояды. Келесі жылы Қотан би Ақжол (Болат деп те айтылады) деген баласының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырса, олар да қайтпапты.

Сөйтіп, Алашаға келіп қосылған үш жүз жігіт үлкен күшке айналып, төңірегіне ықпалын жүргізіп, өсіп-өнеді. Алаша хан болып, қарауындағы ел Алаш жұрты атанады. Алаш жұрты өсіп-өне келе Үйсін бастаған жүз жігіттің әулеттері — Ұлы жүз, Ақжол бастаған жүз жігіттің әулеттері — Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіттің әулеттері — Кіші жүз болып белгіленеді. Қазақ арасында күні бүгінге дейін айтылатын «Алаш — Алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда, Алаша хан болғанда» деп басталатын қария сөз сол заманнан жетсе керек (*Дерек беруші Ахметхан Әбіқайұлы (1904-1986 жж.), халық ақыны, Қостанай*

облысы, Жангелдин ауданы; Г.Н. Потанин. *Очерки Северо-Западной Монголии. II шығарылым.* — СПб., 1881. 148-149-беттер; Сонда. *IV шығарылым.* — СПб., 1883. 368-бет; *Қазақ шежіресі. Шежірені түзіп, ғылыми дәйектерін жазған Жарылқап Бейсенбайұлы.* — Алматы, 1994. 12-13-беттер).

АЛАШТЫҢ ҮШ ҰЛЫСЫ. Ерте заманда отыз неше елді билеген Қызыларыстан деген хан болады. Ханның өз айналасында бес жүз түтін төлеңгіті болыпты, Ол өзінің төлеңгіті мен жасақтарын бастап соғыс-жорықтарға барып, ырғын олжа, көптеген тұтқындар алып отырған екен.

Бір жорықта Қызыларыстан ханға асқан сұлу бір қыз тұтқын болыпты. Сонсон, бұл қызды хан әйел етіп алыпты. Кейін бұл әйел жүкті болып бір ұл табады. Әлгі ұлдың тұла бойы түгел ала болады. Мұны жамандыққа жорып, қалай жоғалтуды ақылдасқанда ханның бәйбішесі: «Бұл баланы суға тастандар», — дейді. Бәйбішенің айтқаны бойынша баланы Сырдарияның суына апарып тастап жіберіпті. Мұны балық аулап жүрген бір кедей қария көріп, ұстап алады да бағып бала қылады.

Сонымен, ала бала ержетіп, асқан ақылды әрі батыр жігіт болыпты. Ала бала ел ішінде «Алаш» деп аталып, атағы жайылады. Мұны хан естіп, ордаға әкелдірмек болады. Бірақ ханның қасындағы Майқы деген адам: «Бұл баланы ордаға әкелмей, қасына жүз жігіт беріп, өз еркіне жіберу керек», — деп кеңес береді. Хан бұған мақұл болады. Бұған алғашында Үйсін деген жігіт жүз жігітпен барып қосылады. Келесі жолы Болат деген жігіт жүз жігіт бастап барып тағы қосылады. Үшінші жолы Алшын бастаған жүз жігіт және барып қосылады. Сонымен олар жорықтар жасап, төңірегіндегі елдерді бағындырады.

Кейін бұлар бас қосып жиын ашып, Алашты ақ киізге отырғызып хан көтеріпті. Сонан барып әлгі ала бала «Алаш хан» аталыпты. Үш жүз жігіттен қазақтың үш жүзі тарапты. Яғни, Үйсін бастаған жүз жігіт — Ұлы жүз, Болат бастаған жүз жігіт — Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіт — Кіші жүз болыпты. Сондықтан да қазақтар: «Атамыз — Алаш, атымыз — қазақ, үш жүздің ұрпағымыз», — дейді (*Дерек беруші Қазылқан Өмірбайұлы, жазып алған Сәйпіл Әштарұлы, Шығыс Түркістан, Шыңжаң өлкесі, Шіңгіл ауданы*).

ӘЗ-ЖӘНІБЕКТИҢ ҮШ ҰЛЫСЫ. Әз-Жәнібек хандық құрған кезінде бас бектікке Байқұтанды, бас батырлыққа Болантайды таңдапты дейді. Сонан соң, қол астындағы ру-тайпалардың бектері мен батырларын жинап, елді үш ұлысқа бөледі де, ол ұлыстарын Ақкелімбет, Сарыкелімбет, Қаракелімбет деп атайды. Әрбір ұлысқа хан өкілі есепті датқасын, уәзір есепті тұтқасын, қорған болар даруғасын, мөр иесі басқағын және биі есепті ноқта ағасын белгілейді.

Ақкелімбет ұлысының датқасы үйсіннен, тұтқасы шапыраштыдан, даруғасы дулаттан, басқағы қанлыдан, ноқта ағасы жалайырдан белгіленеді де, бұл ұлысты Ұлы жүз деп атайды.

Сарыкелімбет ұлысының датқасы арғыннан, тұтқасы найманнан, даруғасы керейден, басқағы қыпшақтан, ноқта ағасы тарақтыдан белгіленеді де, бұл ұлысты Орта жүз деп атайды.

Қаракелімбет ұлысының датқасы алшыннан, тұтқасы жаппастан, даруғасы адайдан, басқағы тамадан, ноқта ағасы табыннан белгіленеді де, бұл ұлысты Кіші жүз деп атайды.

Ақкелімбет ұлысына Балқаштың оңтүстігінен бастап, Жетісу, Нарынқол, Арыс, Сырдария алабын бөледі. Сарыкелімбет ұлысына Байкөл мен Арканнан бастап Аралға дейінгі алапты бөледі. Ал, Қаракелімбет ұлысына Арал, Қызыр (Каспий), Қара теңіздің алабын бөледі.

Әз-Жәнібектің осынау шешіміне ел-жұрт риза болып, бірлік-пәтуа үшін құрбандыққа шалынған боз биенің қанына бармақ батырысып, елдің игі жақсылары көңіл жарастырып отырғанда, сол игі жақсылардың бірі: «Уа, Жәнібек, елдің қамын, жердің жайын тамыршыдай тап басып, халықтың қамын ойлаған ниетінді дүйім жұрт құп көріп отыр. Жақсы істің қайыры халқыңа бұйырсын. Енді, осындай шешімге нендей себеп түрткі болды, соны айтшы?» — деп сұрапты. Сонда Әз-Жәнібек: «Қыздан тарайтын Ақбай, Жанбай, Бекбай ұрпағы бас біріктіріп, киіз туырлықты қазақ атандық. Сол үш арыстың аты атаусыз, жері иесіз, ұрпағы тексіз болмасын деген ниет қой», — деп жауап қайырған екен.

Содан былай Ақкелімбет ұлысы — Ұлы жүз — Ақарыс, Сарыкелімбет ұлысы — Орта жүз — Бекарыс, Қаракелімбет ұлысы — Кіші жүз — Жанарыс деп аталып еді дейді (*Дерек беруші Башар Әрінұлы (1889-1972 жж., Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы).*

БАУЫР. Жаугершілігі мол, қатал заман болса керек. Бір әйелдің күйеуі, сонынан ерген жалғыз інісі және ержеткен баласы хан алдында ауыр қылмысқа батып, үшеуі бірдей өлім жазасына бұйырылыпты дейді. Мұны естіген байғұс әйел зар жылап хан алдына келеді, өлердегі сөзін айтып, сауға сұрайды. Әйелдің шырқырап сұраған өтініш-зарына құлақ асқан хан рахым етіп: «Жарайды, сені жалғыз қалдырмайын, сен үшін бұл үшеуінің біреуінің кінәсін кештім. Қайсысын жаныңа жақын тұтсаң, соның қол-аяғын шешіп, алып қайтуына рұқсат!» — депті.

Әйел ойланбастан інісінің қол-аяғын шешіп, алып шығады. Сонда, не Құдай қосқан жарын, не өзегін жарып шыққан баласын құтқарар деп ойлап отырған хан әйелдің бұл ісіне таң қалып: «Жар дегендегі жалғыз жарыңнан бұрын, бауыр етің балаңнан бұрын, түтін-тірлігі бөлек інінді құтқарғаның қалай?» — деп, мәнісін сұрайды.

Әйел іркілместен: «Хан-ием, Құдай қосқан қосағым мен бауыр етім баламның бәрінен де қымбат екенін жақсы білемін. Жүрегім езіліп, аяғымның басына түскендей. Алайда, күйеуім мен балам бар болғанда — сүйінудің, жоқ болғанда — күйінудің не екенін біліп барып, жарық жалғанмен қоштасқалы тұр. Ал, інім болса бар болып — сүйініп, жоқ болып — күйініп көрмеген жас еді, жалғыз еді. Тәңірім рақым етсе, күйеу де, бала да болар, бірақ, бір құрсақтан шыққан бауыр табылмас!» — деген екен.

Әйелдің ақыл-парасатына тәнті болған хан сол жерде райынан қайтып, үш айыптыға да кешірім жасапты дейді (*Дерек беруші Ахметхан Әбіқайұлы (1903-1986), даңғайыр шежіреші, Қостанай облысы, Торғай өңірі; М. Ниязбеков. Біз қалай туысымыз? — Алматы, 1992. 10-11-беттер).*

БҰЛ ҚАЗАҚ ҚАЙ УАҚЫТТА «ҮШ ЖҮЗ» АТАНҒАН? Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, он сан Ноғай бұлгенде, Орманбет би

өлгенде, Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлініпті. «Ала тайдай бүлдірді», — деген сөз содан қалыпты. Сол замандарда Қондыкер (Қондекер), Құбаш (Қобан), Қотан (Құтан), Қоғам дегендер болыпты. «Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы — Майқы би» деген болыпты. «Тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі» дейді.

Қырық ханның бірі болған Қызыларыстан деген хан сол уақыттарда Бұхарада тұрып, уақытында Бұхараны түгел билеп: «Осы күнгі бір өзінде он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол Қызыларыстан жасатқан екен!» — деседі. Бәйбішесінен бала болмай, Қызылаяқ деген бір елді шауып, ат көтіне салып келген бір қызға хан аяқ салып, онан бір бала туып, сауысқанның аласындай ала туып — «аяқ салыпты» деп неке қидырмай алғанын айтады — бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандығын іштарлық қылып, күндеп:

— Бұл баланды «балам» деп сақтама, көзін жоғалт, карашығын батыр! Мынау өскенде, жұртыңды ала қылып, ала тайдай бүлдіреді! — деген соң, хан қырық жігітке бұйырыпты:

— Мына баланы да, тапқан шешесін де Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріндер, өлсе, өлсін; өлмесе өз бетімен қаңғып, күнін көрсін! — деп, жер аударыпты.

— Зынһар қайтып, бұл жұртты мына қатын мен бала көрмесін, сендер де көрмеңдер! — депті.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алабына келіп, жан сақтап, күнелтіпті. Бала өз асын өзі алып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі жоқ болып, бетімен қаңғып кетіпті... Дәл он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге октай кез болып, бір ауыз тіл қатыпты. Бала қала беріпті, Үйсін үйге барған соң Майқы биге айтыпты:

— Бүгін далада ағаштың көлеңкесінде отырған баланы көрдім. Ай дейін десем аузы бар, күн дейін десем көзі бар, көрген кісі бір қасық сумен, қызығып, жұтып жібергендей, құсбегі пішіп тіккен томағадай құнысып тұрған бір бала. Өзінде Әзірейілдің анық бір түгі бар, маңайына жан батып бара алмаса керек. Жалғыз-ақ айыбы тілі жоқ екен! — деді.

Майқы би өзі ақсақ, өмірі арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке салдырмайды екен, жаяу кісіге тартқызады екен:

— Сенің мына айтуыңа қарағанда, баяғы сағымнан пайда болған Шыңғыстың шын ұлын да көріп едім. Мынау сонан соңғы жалғанға жалғыз қара болып келген жан екен! Мені арбаға мінгізіп, барындар, көрейін! — деп барыпты. Бала Майқы биді көрген соң, ұшып түрегеліп:

— Ассалаумағалейкум, хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы! — деп сәлем беріпті. Майқы би:

— Әлейкумассалам, әмсе аман бол! Болайын деп тұрған ұл екенсің! Қолына алып, қайырып салушың жоғынан тұр екенсің! Кел, балам, қасыма мін! — деп, арбасына мінгізіп, үйіне алып келіп:

Төрткүл ошақ қаздырып,
Төбел бие сойдырды,
Төменгі елді шақырды.

Жорға бие сойдырды,
Жоғарғы елді шақырды.
Ала бие сойдырды,
Аймақ елді шақырды.

«Ердің ері, егеудің сынығы!» — деп, баласы Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып берді:

— Қаратаудан әрмен қарай асындар! Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір, Айдаһарлы, Құдайберді деген жерлер бар. Сол жерлерге барып, ірге теуіп, салық салындар. Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қарашы боласындар. «Хан әділ болса, қарашысы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді!» — деген, — деп, батасын беріп, жүргізіп жібереді.

Бұл жорықшылар Алатаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жерлеріне келіп, ұйқы бөліп, жылқы алады. Күймені бұзып, қызды алады. Көш елді көш-жөнекей шапты, еру елді отырған жерінде шапты... Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды бола бастады. Сатусыз дүние алған соң, қалыңсыз қатын алған соң, ел болмасына немене, жұрт болмасына немене?! Бұлардың мұндай болғанын баяғы Қызыларыстан хан естіпті. Қотан, Қоғам, Құндыкер, Құбаш, Майқы билерге кісі салыпты, елші жіберіпті:

— Менің баламды жігіт-желең беріп, желіктіріп жібергені не қылғаны?! Баламды өзіме қайтарсын! — деп, — алып келіп берсін, менен қалағанын алсын! — деп.

Сонан соң бұлар Қотанұлы Болатты жіберді:

— Сендер барып, шақырып кел! — депті.

Бұлар келген, бұрынғы келгендер:

— «Қайт!» — деген сөзді бізге айтпа, өздерің де қайтпа! Ат бестісінде қартаятын, жігіті жиырма бесінде қартаятын; тауықтан басқа құсы жоқ, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ; еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын; тымақты тақияға айырбастап, пышақты қасыққа айырбастап; тәлімі бидайдың нанын жегенге, ожаумен көженің суын ішкенге құтыратұғын; тигтей бөдененің біте санын жегенге күпті болатұғын; сарттың жаз болса, тұзын, қыс болса, отыны мен көмірін тасығаннан басқа көретұғын қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды?! — деген соң:

— Рас-ау, рас!

— Рас-ау, рас! — деп, шақыра келгендердің өзі де қайтуды керек қылмады дейді.

Қызыларыстан қайта-қайта кісі жібере берген соң, Қоғамұлы Алшынды қосып, жүз жігітке бас қылып, тағы жіберді, он үш ақсақал қосты. «Есеп саны үш жүз он үшке жетсе, дүниежүзі жиылса, бетіне шыдамайды деген», — деп. «Үндемесе де Бабыр еңбегі, үйден шықпаса да Бабыр еңбегі» дегендей, белгілі ақсақал шал жатып жұмысты бітіріп, жайлап жатқандай аңыз да бар. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» атанған кісі осы болса керек. Бұлар:

— Енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірелік! — деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлайды. Оған «Алаша хан» деп ат қойды.

Бастапқы бір келген жүз жігіт, оның бастығы — Үйсін, Ұлы жүз Үйсінді атап:
— Түп қазығы — салықшысы, жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын! — депті.

Ортаншы келген жүз жігіт, оның басшысы — Болатқожа.

— Бұл Орта жүз тосқауылшы, орта буында жүрсін, ханның бақташысы болсын!
— деп, «Орта жүз — Ақжол» атады.

— Соңғы келген жүз, оның бастығы — Алшын.

— Беті қайтпайтын, жаужүрек, жан қадірін білмейтін бұлар кезеуілші болып, қарсы алдында жүріп, жауға шабатын болсын! — деп, «Кіші жүз — Алшын» деп ат қойды.

Қазақтың «Үш жүз» атанған жері осы. Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген аталарының да аты болған, «Алаш» деген де аталарының аты болған. «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген атын ұранға қойып: «Жауға шапқанда: «Алаш, Алаш!» — деп шабындар! «Алаш» дегенді, әкең де болса, ұрып жыға беріндер!» — деп, бата қылысыпты.

«Кеше Алаш — Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, Үш жүздің баласы — қазақ емес пе едік!» — деп айтылатын сөз содан қалған.

Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып, көзге көрініп, ауызға ілінген емес, өз алдына отау тіккен емес. Әр жұртқа қонсы, бұратана болып жүрген ел. Енді бұл үш жүз басын қосып, ел болып, жұрт болып, кейінгі шақырып жатқан Қызыларыстан Майқы биге баруды қойып, ұмытып, өз алдына хан сайлап, жұрт болды. Ішкені — жылқының сүті, сапырулы сары қымыз, жегені — қазы-қарта, жал-жая, жылқының еті Құдайдың құтты күні; құшқаны — сұлу қыз, келіншек, бұлар да орнығып тұрып алды...

Бетпақ шөлінде «Таңбалы Нұра» деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Үш жүздің баласы, қазақтың таңбаларында талас болса, сол тастан барып қарасады: «Алаша ханның тұсында басылған таңба», — дейді. Мұнан бұрын сағымнан пайда болған Шыңғыс хан да тоқсан екі баулы қыпшаққа таңба үлестірген, ұран қойып берген екен деседі (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10 том, — Павлодар, 2007. 319-323-беттер; М.Ж. Көпейұлы хатқа түсірген бұл аңыз-әңгімені осы қалпында Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында тұратын шежіреші Ахмет Әбдікұлының (1881-1976) айтуында да естідік*).

ЖАЙЫЛХАН. Қазақтың көп айтылатын қария сөзінің бір парасы Жайылхан туралы болып келеді. Шежіре бойынша Әнес сахабадан туған балалардың бірі Жабал деп аталады. Сол Жабалдан исі мұсылман тараса керек.

Жабалдың Мағаз деген баласы болыпты. Мағаздан — Смайыл туған. Смайылдың үлкен әйелінен — Естек, Ноғай, екінші әйелінен — Қырым, үшінші әйелінен — Ақшолпан, Қурай туған. Ақшолпаннан — Жайылхан туады. Сол Жайылхан көрде туыпты деген сөз бар.

Ақшолпан батыр адам болса керек, жорық жолында жүріп, ғажам деген елдің бір ару қызымен көңіл қосады да, елге алып келеді. Елге келген соң, Ақшолпанның ғажам әйелі жүкті болып, айы-күні толғанда, босана алмай, баладан қайтыс бола-

ды. Ақшолпан сүйіп қосылған жарын ақ жуып, арулап жерлейді. Жерлеу рәсімі жасалып болған соң, «Туған жері мен елін қиып, бір мен деп етегімнен ұстаған жарым еді, өзім оңаша қалып арыздасайын!» — деп, Ақшолпан қабір басында қалады.

Содан, Ақшолпан мұңға батып, марқұм болған жарына тілек-дұғасын бағыштап отырса қабір астынан шырқыраған баланың дауысы естіледі дейді. Дереу қабыршыларды шақырып, әлгінде ғана көтерген дене топырақты қайта аршытып қараса, шаранасына оралған нәрестенің тыпырлап жатқанын көреді. Сол жерде Ақшолпан ғажам әйелінің толғақтан талықсығанын өлді деп жерлеген білместікке өкіне жүріп, нәрестені көрден көтеріп алады. Марқұм анасы ұрпағын өмірге келтірген соң жан тәсілім берсе керек.

Ақшолпан көрде туған перзентіне өсіп-өнсін деген тілекпен Жайыл деп ат қояды. Әке тілегі қабыл болып, Жайыл ержеткен соң, бүкіл ел-жұрты оны хан көтереді. Содан былай ол Жайылхан атанады.

Шежіре жүзінде Жайылханнан — Майқы, Мүйтен туған. Майқыдан — Өзбек, Жахан туған. Жаханнан — Келмек, Айырқалпақ туған. Келмектен — Қарақырғыз, Сарықырғыз туған. Айырқалпақтан — Қазақ, Созақ туған. Қазақтан — Алаш, Ұлыс (Наурыз) туған. Алаштан — Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) туған деп айтылады.

Қария сөздің құлақ естіген бір нұсқасы осы, ақиқаты Тәңірге ғана аян (*Дерек беруші Алшын Меңдалыұлы (1894-1978), даңғайыр шежіреші, Маңғыстау облысы, Шетпе кенті, Жыңғылды ауылы*).

ЖЕТІ ҚАЗЫНАНЫҢ БІРІ. Тәңірі адамның тәнін саздан илеп жаратыпты. Сонсоң адамның тәнін саздан илеген жерде қалдырып, өзі адам тәніне ұялататын жанды алып келуге кетіпті. Кетерінде, адамды күзетіп отыруды итке тапсырады. Ит адамды күзетіп отырады.

Бір мезгілде, қайдан сап ете қалғаны белгісіз, жын пайда бола кетеді. Сол жерде жын адамды көріп, оның тәнін аздырғысы келеді. Бірақ, ит адамды қорып, жын қанша ұмтылса да, оны адамның жанына жолатпай қояды. Сонда жын аяқ астынан қақаған аяз түсіреді. Сол кезде иттің үстінде жүн болмайды екен, жалаңаш терісімен суыққа шыдай алмай қатып қалады. Сөйтіп, жын адамға жақындап, оның тәніне үшкіріп-үшкіріп жібереді. Адамның күнәға бататыны, ауру-сырқауға шалдығатыны осыдан болып еді дейді.

Мұнан соң, Тәңірі жанды алып келіп, оны адам тәніне ұялатады. Сонда Тәңірі адам тәніне жынның жамандық дарытып кеткенін біледі. Біледі де, жынды қарғап-сілейді. Бірақ, жын дарытқан жамандықтан арылуды адамның өз еркіне қалдырады. Ал, адам үшін азапқа түскен иттің денесіне қорған болатын жүн бітіріп, бұдан былай адамның қажетін өтеп жүретін жеті қазынаның бірі еткен екен дейді (*Дерек беруші Жайық Бектұров (1912-1998), белгілі қаламгер, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Қызылағаш ауылы; Бұл аңыздың бір үлгісі «Астраханский вестник» журналының 1894 жылғы № 1351 санында жарияланған*).

КӨК-АПА. Алғашқыда жер бетінде Көк-апа деген жалғыз әйел болыпты. Оның күн көрісі жалғыз көк сиырының сүті екен. Сол көк сиырын сауып, сүтінен қаймақ түсіріп, қаймағынан май шайқап, артылған сүтінен құрт-ірімшік жасап күнелтіпті. Қолы бос кезінде топырақтан балшық илеп, одан әр түрлі заттар жасайды екен. Бір күні ықыласы түсіп, балшықтан бір ұл, бір қыз жасайды. Сонсоң, өзінен-өзі елегізіп отырып: «Жападан-жалғыз басым көк сиырдың сүтін де тауыса алмаймын, егер балаларым болса мына рәсуа болып жатқан сүт-қаймақты ішіп, маған ермек болар еді-ау», — деп мұңайыпты. Сол кезде Көк-апаның көз алдында тұрған балшық балаларға тіл бітіп: «Апа, мен бар емеспін бе?! Апа-ау, мен ше?!» — деп жарыса сөйлеп қоя беріпті. Сөйтсе, балшық балалардың жасалғанына тоғыз ай, тоғыз күн болып, күн мен жел қағып, бойларына жан кірген екен дейді. Көк-апаның қуанышында шек болмайды.

Күндер айға, айлар жылға ұласып өте береді. Көк сиырдың сүтін қорек қылған ұл ержетеді, қыз бойжетеді. Ұл аң-құс аулап, «Балшық батыр» атаныпты. Қыз кесте тоқып «Балшық бике» атаныпты. Содан, күндердің бір күнінде бозбала мен бойжеткеннің бір-біріне көздері түсіп, ықыластары ауып үйленеді. Көп кешікпей үбірлі-шүбірлі болып, олардан өрбіген ұрпақ рулы елге айналыпты.

Уақыт өте келе Балшық батыр қартайды. Балшықтан жаралғандықтан қартайса да ыстыққа күймей, суыққа тоңбай, ылғи жалаңаш жүреді екен. Сонысына бола ұрпақтары «Жалаңаш баба» деп атайтын болыпты. Жалаңаш баба өзінің ұрпағына үнемі ақыл-кеңес беріп, тарыққанда көмек көрсетіп отырыпты.

Күндердің бір күнінде көк жүзін қалың бұлт торлап, нөсер жаңбыр жауады. Қалың тасқын болып, сел жүреді. Ел-жұрт лайсаң селге қарқ болып, қысылғаннан «Жалаңаш баба, өзің пана бола көр!» — деп жалбарыныпты. Сонда Жалаңаш баба зор қайрат көрсетіп, селді белшесінен кешіп жүріп, тасқын нөпірінен ел-жұрттың дүние-мүкәмәлін құтқарып қалған екен. Бірақ, сол аласапыранда өзінің де балшықтан жаралған денесі езіліп, селмен араласып жоқ болады. Ал, жаны аққу болып көкке ұшып кетіпті. Аққуды көрген ел-жұрт: «Ақ қаз! Қаз-ақ!» — деп шулапты. Содан былай жалаңаш бабадан өрбіген ұрпақ «Қазақ» атаныпты (*Дерек беруші Тай Тілегенов (1900-1985 жж.), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

КӨМЕКБАЙ БИДІҢ СӨЗІ. Найман ішіндегі қызай руының Шеру деген атасынан — Бике, Бітік атты екі ұл туған. Бұлардан тараған ұрпақ негізінен Шығыс Түркістанды қоныс етеді. Осы Бике, Бітік ұрпағының арасында жұртқа қадірлі Көмекбай қажы деген би болған. Ол кісінің ғұмыр кешкен кезі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы.

Бірде ағайын арасындағы дау-дамайға төбе би болған Көмекбай қажы айтар сөзін: «Атамыз қазақ: «Жоғарыдан келген Ақсүгір, төменнен келген Қарасүгір, ойдан-қырдан басымызды құраған Құдайға шүкір!» — деген екен», — деп бастапты (*Дерек беруші Ахмат Жүнісов (1926-1998 жж.), белгілі жазушы, этнограф, Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданы; Н. Мыңжани. Қазақтың мифтік аңыздары // Б. Қасейұлы. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. — Шинжиаң халық баспасы, 1996. 14-15-беттер;*

Ұзын-ырғасы осы тектес аңызды 1972 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының тумасы Тай Тілегеновтың (1900-1985) айтуында да хатқа түсірдік).

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ ТУРАСЫНАН БҰРЫНҒЫДАН ҚАЛҒАН СӨЗ. Ноғайдың Батый деген ханы Россияда жүргенде өзінің бір Алаша деген, бір атақты әскер басшысын бас қылып күншығыс жаққа, ноғайларға, белгісіз жаңа жайды барып қарап, біліп келіндер деп жүз жігіт жіберіпті. Бұл жіберген жігіттер іздеп барған жағын барып көрсе, бұл жақ кең, бай һәм жүріп-тұруға бостандық, ыңғайлы екен.

Бұл келген жігіттерді бұл жайында бұрыннан орнығып тұрған халықтар қуанысып күтіп алыпты. Қашан бұлардан олар біздің қол астымызға қарап, алым төлеңдер деп сұрағанда көп қарсыласпастан айтқандарына ықтияр болыпты. Жігіттер бұлардың мұнысы жаққан соң Батыйға қарамастан өз алдына хан болмаққа ойланьпты. Батый өзіне қараған халықты реттеп жөндеймін деп әуре болып жүріп, жіберген жігіттерін ойламастан ұмытып кетіпті. Бір жыл өткеннен кейін жіберген жігіттері есіне түсіп, бұл жақтағы жайдың мәнісін біліп кел деп һәм бұрынғы жіберген жүз жігіттен хабар біліп кел деп тағы да бір жүз жігіт жіберіпті.

Бұл соңғы келген жүз жігіт бұл бөтен жайды көп уақытқа шейін іздеп жүріп, бұл жайдағы тұрғын адамдардың көрсетуі бойынша, ақырында бұрынғы келген жүз жігіттің тұрған орнын тауып алыпты. Әуелгі жүз жігіт бұларды Батыйға қайтып барма, бәріміз бірігіп, бұл жақтағы халықты қараталық деп көндіріп алыпты.

Батый бұлардың қайтқанын күтпестен тағы да жүз жігіт жіберіпті. Бұлар да қайтпастан тұрып қалыпты.

Бұл қосылған үш жүз батыр дем алмастан соғысып, өздерінің халқын көбейтпекке жиһат қылыпты. Батыйдың тұрған ордасы алыс болған соң мұндағы халық бөлек-бөлек, ала һәм момын болған себепті соғыстан адамдарға қаратып алуға ыңғай болған еді. Бұлар өздерінің күшіне сеніп, бөлек хан болуға ойланьп, халықты көбірек соғысып қаратып алып уа бұл қаратқан халықты бір жерге жинап, һәм өздері де бұларға бірігіп бір халық болмаққа ойланған еді.

Біраз уақытта соғысушы адамдар һәм бұларға қараған халықтар бір жерге жиналып, қосылып бір халық болған еді.

Бұл келген жігіттер өздері оларға бас болып, қасындағы елді шауып, керуендерді талап ала беріпті. Ноғайлардың бұл ханының жауынгер адамдардан манайындағы халықтар мал-басынан қатты қорқады екен. Әр елден қылмысты болып қашып келген қашқындар бұларға келіп тығылар екен. Бұл ханға қараған адамдар өздерін қазақ деп атайды, яғни, бос жүрген еркін ерлер деген сөз болады. Әуелгі жүз жігітті бастап келген басшының құрметі үшін, қазақтарды алаштың жұрты деп атақ қылыпты. Ақырында алаштың жұрты көбейген соң үшке бөлініпті. Әуелгі жүздің тұқымы оңтүстікке қарай көшіп кетіп, «Ұлы жүз» атаныпты. Екінші жүздің тұқымы тұрған орнында қалып, «Орта жүз» атаныпты. Соңғы жүздің тұқымы күнбатысқа қарай кетіп, «Кіші жүз» атаныпты (*«Дала уалаятының газеті», 1894, № 26. Аңызды айтушы поручик Бекметов; «Дала уалаятының газеті». Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құрастырушы Ү. Сұбханбердина. — Алматы, 1989. 540-541-беттер).*

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ДЕРЕКТЕРІ. Біздің бұл қазақта құлақ естіген жерде уақ Нүрекен байдан бұрын қажыға барған кісі жоқ...

Онан соң қажыға барған — күлік Самай менен Баянауланың ескі хазіреті «Байжан хазірет» атанған кісі.

Үшінші барған кісілер: тобықты Құнанбай... Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нүрпейіс хазірет, Досжан халфс бар дейді.

Мұнан бұрын қазақ бүйтіп бас қосып, қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр тараптың қасқа-жайсаңы — көрген таңырқарлық болыпты... Қазақ бай-ғұстың салпиған тымағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң, көрген қызығып сұқтана бастайды ғой.

Ноғай далилі мен сарт далилі таласыпты. Ноғай далилі:

— Бұлар Масковтік, мен Масков кісісімін, — деп.

Сарт далилі:

— Бұлар Бұхартил, мен Бұхартил кісісімін, — деп.

Сонан соң екі шарифтің шайхылары, шарифтары бұлардан сұрапты:

— Сіздер маковтіксіздер ме, жоқ, бұхартілісіздер ме? — деп.

Сонда қажы басы Құнанбай екен. Ол кісі сөйлепті:

— Біз масков-сасковінді де білмейміз, бұхартілі-сұхартілінді де білмейміз. Тіріміздің билігі — «Алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі — «Алла» ұранды қожада. Жайылуы мал сықылды, жусауы аң сықылды — бетімен өскен қазақ деген жұрт боламыз, — депті.

— Қазақ деген жұрт болады екен-ау! — деп, аң-таң қалысыпты.

Тарих ақтарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. Күптені жоқ біреу айтыпты:

— Бұл табылса, Бағдат шарифте «Имам Ағзам кітапханасы» бар, сонан табылады, — деп.

Сонан, Бағдат шарифке кісі жіберіп, бұлар өз ішінен Кіші жүз Досжан халфені жіберіпті. Барған кісілер: «Табылды, қазақ деген жұрт Әнес сахабадан өсіп-өрбіген екен», — десіп, нұсқа көшіріп алып келіп, сонан бұл жүз жиырма кісі ортасынан расход шығарып, «Қазақ тәкиесі» деген тәкие салдырып: «Мұнан былай қазақтан келген қажы осында түсетұғын болсын», — деп, Құнанбай атына жаздырып, тәкие салыпты...

Әнестен — Жабал, Құрақ. Онан — Мағаз, Мұрат. Онан — Бұхарбай, Сейіл. Онан — Ақшолпан, Қурай. Онан — Аламан, Алаш. Алаштан — Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан — сегіз арыс түрікпен. Жайылханнан — Майқы. Майқыдан — Өзбек, Сыбан. Сыбаннан — Айырқалпақ, онан — Қазақ пен Созақ. Созақтан — Қарақалпақ. Қазақтан — Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.

Көзімен көріп, қолымен ұстаған ешкім жоқ. Айтушылардың айтып, Әнестің өзінде бір нұсқада «Алаш» деп айтады. Не қылса да, «Алаш» деген де атаның аты, «Қазақ» деген де атаның аты. Қайсысы бұрын, қайсысы соң, ол жерін бір Алла біледі... (Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 218-221-беттер).

ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ (бірінші аңыз). Шыңғыс қағанның жүз қатыны бар еді. Қатындарын бір-бір әтек еркек бағыпты. Қағаннан басқа еркек кіндікті мандарына жолай алмапты. Алайда ең жас тоқалына біреу келіп түнейтін секілденеді. Кімнің ашына болып жүргені беймағлұм. Сақауылдар бұл сұмдықты қағанға баяндайды. Ол: «Тоқалыма келген ердің арқасына білдірмей белгі салып жіберіндер», — дейді.

Шыңғыс қаған ертенінде барлық еркектерді шешіндіріп тексерсе, бояу із ұлының арқасына жағылыпты. Қаған баласын өлтіруге обалсынып, тірі жан баспайтын бетпақ далаға апарып, қаңғытып жіберіпті.

Бір күні сол бала ұйықтап жатып, ояна келсе, қасында бір сұлу күлімдеп тұр екен. Сұлу: «Сіз неліктен жапан далада жалғыз жүрсіз?» — дейді. Төре: «Мен әкемнің алдында жүзіқара болып жазада жүрген адаммын. Ал, сіз бекзат, қайдан жүрсіз?» — дейді. Сұлу: «Мен көктен түскен перизатпын. Сіздің мехнат шегіп жүргеніңізге жаным бек ашып, етегіңізден ұстап, жамағатыңыз болуға тәуекел еттім», — дейді.

Бұл екеуі осылайша отасып дәурен сүріп, ұрпақ сүйеді. Сол әулеттен қазақ ұлты тараған. Қазақ баласы төбесін көктен (Тәңірден) жасырып тақия киіп жүретіндігі — Тәңірі тұқымдас екендігінің анық белгісі-мыс.

ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ (екінші аңыз). Бір күні Шыңғыс хан ең жас тоқалымен көңіл қосқысы келеді. Сонда тоқалы: «Өткен түнде де келіп қонған едіңіз ғой?» — депті. «Жоқ!» — дейді абдыраған хан. Бөгде біреу төсекте иемденсе керек. Қаһарлы хан «Ол, антұрған, бүгін келсе арқасына жақ» деп тоқалының қолына қара бояу ұстатыпты.

Хан азанда келіп сыр тартса, әлдекім түнде тағы да жамағатының мазасын алған көрінеді. Шыңғыс хан ордадағы шынжыр балақ, шұбар төс бектерден бастап, шеріктеріне дейін шешіндіріп іздесе де күнәкар табылмапты. Бірге туған аталас ақсүйектерді тексеріп жіберсе, бояу өзінің кенже ұлының арқасына жағылған екен. Хан: «Күнәкардың кеудесін қақыратып тіліп, ғауырын кесіп, өкшесін шауып, жан жуымайтын жапан далаға апарып тастандар», — деп жарлық етіпті.

Жендеттер көз жасы көл болған міскінді ғаурытының үрпін кесіп, өкшесінің терісін сыдырып, шапанының кеудесін қақ тіліп, иенге тастап кете береді.

Арада көптеген жылдар өткеннен кейін хан «баламның өлі-тірісін біліп келіңдер» деп он екі руының үш өкілін сапарға шығарыпты. Ол үшеуі келсе, бала әлдеқашан үйленген, аман-есен екен.

«Көк Тәңірден жаралған әкем көріп қояды деп бәйбішемнің басын ақ матамен бүркеп тастаймын», — депті ол. Және де «Үшеуің елге қайтсаң хан әкем бізді құртады» деп оларды жібермей, сол жерге мекендетіпті. Осылайша адамдар көшіп келе беріп он екі руға толыпты. Бұл — он екі керей, қазақтың негізгі тайпасы. Артынан наймандардан үш рет елші жіберсе, олар да елге қайтпапты. Бұлардан қазақтың тоғыз тулы найман тайпасы шығыпты.

Қазақтың қара шапан киетіні қараңғы түнде арқасына қара күйе жағылғандықтан. Шапанның алды айқара ашық болатыны пышақпен тілінген (*монғол шапаны-*

ның алды бітеу, түймелері оң жақ қолтықтан төмен — Аудармашы). Май өкшесіне пышақ тигізгендіктен темір нәлілі биік өкшелі саптама етік киетін болыпты. Ұлдарын тегіс сүндеттейтін жосын содан қалыптасыпты дейді (*Бірінші аңызды айтушы Г. Гендэнпил, 1922 жылы туған, ұлты монғол. Бұл аңыз 1989 жылы Ұланбатырда жарық көрген «Монғол халық мифологиясы» атты кітапта жарияланған.*

Екінші аңызды Қобда аймағындағы өлкетану мұражайының директоры М. Амгалан жинаған. Бұл аңыз 1912 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Легенды и сказки Центральной Азии, собранные графом А.П.Беннигсенем» атты кітапта жарияланған.

Екі аңыз да А.Тойшанұлының аударуында мына кітапта жарық көрген: «Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. III том. — Алматы, 2006. 148-150-беттер.

Бұл аңыздармен сарындас, үндес аңыздар қазақ арасында да айтылады. Ел аузындағы сондай аңызды арқау ете отырып, көрнекті ақын Иран-Ғайып Оразбай драмалық дастан жазған).

ҚАЛАЙ ЖАРАЛҒАН?

Сиыр судан жаралған,
Түйе күннен жаралған,
Жылқы желден жаралған,
Қой көктен жаралған,
Ешкі тастан жаралған,

Адам жерден жаралған. (Дерек беруші Кәлек Құмақайұлы (1930 ж.), белгілі сыбызғышы, Монғолия, Баян-Өлгей аймағы, Тұлба сұмыны).

ҚАЛША ҚАДЫР МЕН АҚ ҚАЗ. Есте жоқ ескі заманда Қазақ даласының төсінде өткен бір жорықта Қалша Қадыр деген қолбасшы батыр белгісіз кеселге душар болып, жолда қалса керек. Шілінгір ыстық пен аңқасын кептірген шөлден Қалша Қадыр өлім халіне келеді. Сол кезде әлдеқайдан бір ақ қаз ұшып келіп, Қалша Қадырға қанатымен су себелейді. Осы сәттен бастап батыр есін жиып, бойына әл бітеді. Ал, ақ қаз болса перінің қызы екен, тамаша сұлу бойжеткеннің кейпіне келіп, Қалшамен көңіл қосады.

Кейін бұлардан тараған ұрпақ ақ қаз болып келген қыздың құрметіне «қаз-ақ» деп аталып, қазақ атауы содан қалған екен (*Дерек беруші Омар Хаймолдин (1910 ж.), Шығыс Қазақстан облысы, Шұбартау ауданы; Бұл аңызды алғаш хатқа түсірген И.И. Крафт. Сборник узаконений о киргизах Степных областей (Хронологический перечень грамот). — Оренбург, 1898; К.М. Федоров. Закаспийская область. — Ашхабад, 1901. 54-57-беттер).*

НАҒАШЫЛЫ-ЖИЕНДІ. Қазақта «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой, Орта жүзді қамшы беріп, дауға қой, Кіші жүзді найза беріп, жауға қой» деген сөз бар.

Бір жылы қазақтың көрнекті режиссері Асқар Тоқпанов жұмыс сапарымен Қарақалпақстанның Тамды ауданына келеді. Кезінде Қазақстан жері болған бұл өңір кеңес заманында саяси есептермен Өзбекстанға берілгенімен, қазақтар өздерінің атамекенінде отырып қалған. Содан да болар, мұндағы ел-жұрттың туысқандық тамыры Қазақстанның барлық тарабымен жалғасып жататын әдеті.

Сол кезде Тамды өңіріне танымал Әбілтай Дәрменұлы деген айтқыр да тапқыр кісі болады екен. Түп нағашылары Ұлы жүз болса керек. Сол кісі Асқар Тоқпановты көргенде нағашы тұтып: «Е-е, әлгі «қолына қауға беріп, малға қой» деген атаның ұрпағы екенсің ғой!» — деп әзілдепті.

Сонда Асқар Тоқпанов: «Әбеке, қолыңызға найза беріп жауға қойғанда, алған жеріңіз осы ма, күйіп-жанып барамыз ғой, мына құм суырған қу далада!» — деп, іле қарымта жауап қайырыпты.

Мұндай тапқыр жауапқа риза болған Әбілтай ақсақал «көрдіндер ме менің нағашымның қандай екенін» дегендей, төңірегіне мағұрлана қараған екен (*Дерек беруші Жүсіп Әлқожаұлы (1931), өлкетанушы, қаламгер, Өзбекстандағы Бұхара облысы, Тамды ауданы, Қақпақтас елді мекенінде дүниеге келген*).

ҚҰМАЛАҚШЫ ҚАЗАҚ. Баяғыда Қазақ деген бір құмалақшы болыпты. Құмалақ салып, төңірегіндегі ел-жұрттың әжетін ашып, жоқ-жітігіне, тілек-қалауына болжау айтады екен. Айтқаны айнымай келеді дейді. Бұған риза болғандар рахметін айтып, сыбаға-сарқыт береді. Құмалақшы Қазақ соны қанағат етіп, құба-төбел тірлік құрып жүреді.

Күндердің бір күнінде құмалақшы Қазақтың әйелі әлденеден тарылып, күйеуіне реніш білдіреді: «Алдымен өзінді жарылқап алмайсың ба?! Шынымен болжампаз болсаң, Қыдыр мен Бақтың қайда жүргенін болжап, көзіне түспеймісің. Шапағаты тиіп, біз де бір жарып қалармыз!» — депті.

Мұндай ой құмалақшы Қазақтың қаперіне келмеген екен. Сол жерде әйеліне: «Сөзіңнің қисыны бар-ау!» — деп, құмалағын тартып жіберсе, Қыдыр мен Бақ ұлыстың ұлы күні таң ата ауыл шетінен көрінетінін құмалақ қолмен ұстатқандай етіп көрсетіп беріпті дейді. Осыдан кейін құмалақшы Қазақ ұлыстың ұлы күнін сарыла күтумен болады.

Содан, ұлыстың ұлы күні де келіп жетеді. Құмалақшы Қазақ көрер танды көзімен атқызып, көкжиек құланиектенгеннен-ақ елеңдеп, ауыл шетіне шығады. Бір мезгілде, құмалақтың көрсеткені айнымай келіп, көз ұшынан бір-екі қарайған көрінеді. Құмалақшы Қазақ елбіреп қарсы жүреді. Көз көрім жер жақындағанда зер салып қараса, екі қарт адам дейді. Бірінің қасы көзін жапқан, желмаяның үстінде мүлгіп келеді, екіншісі одан жастау, желмаяны жетектеп келеді екен.

Құмалақшы Қазақтың естігені бар-ды: Қыдыр атаның қасы көзін жауып тұрады екен; зәуде бір көзін ашқанда кім көзіне түссе болды, Бақ соның басына қонады екен; әлгі «Қыдыр дарымай Бақ қонбайды» деген сөз осы қасиетке орай айтылған екен деп.

Құмалақшы Қазақ жолаушы қарттарға жақындап келіп: «Армысыз, Қыдыр ата!» — деп сәлем береді. Тосын дауысқа елең еткен Қыдыр ата қасын көтеріп, құмалақшы

Қазаққа қарайды да, «Бар бол, балам!» — деп сәлемін алады. Сол жерде Қыдырдың құмалақшы Қазаққа көзі түсуі мұң екен, Бақ та іле-шала дарып, басына қонады.

Қыдыр ата сұрайды: «Менің Қыдыр екенімді қайдан білдің?» — деп. Құмалақшы Қазақ құмалақ салып білгенін айтады.

Қыдыр ата тағы да сұрайды: «Құмалағыңның тасы нешеу?» — деп. Құмалақшы Қазақ құмалағының тасы қырық бір екенін айтады.

Сонда, Қыдыр ата: «Енді сенің басына қонған бақ тепкілесен кетпейді. Тек, бұдан былай құмалағыңның қырық келсе де, қырық біріншісі келмесін!» — деп жүріп кетіпті.

Құмалақшы Қазақ соңынан «Неге олай дедіңіз?» деп дауыстаған екен, Қыдыр ата: «Қателеспеу бір Тәңірдің ғана қолынан келеді!» — деп жүре беріпті (*Дерек беруші Башар Әрінұлы (1899-1972), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы*).

ОҒЫЗ ҚАҒАН. Оғыз елден ерекше сипатта туылады. Анасының уыз сүтін бір-ақ рет емеді де, қайта ембей қояды (*Балаға тіл бітіп, анасы Тәңірге құлшылық етсе ғана емшек сүтін еметінін айтқан — А. С.*). Күн санап өседі. Қырық күнде атпал азамат болады. Түрі өзгеше жаратылған: өң-түсі көкшіл, еріндері шоқтай қызыл, көздері алқызыл, шаштары, қастары қап-қара, өнебойын түгел түк басқан. Сирағы бұқаның сирағындай, белі бөрінің беліндей, иығы кішіктің (бұғының) иығындай, кеудесі аюдың кеудесіндей. Ес білген соң жылқы бағады, атқа мініп аң аулайды.

Жылдар өтіп ержетеді, жігіт болады. Сол заманда бұл арада қалың орман өсіп тұрған, өзен мен көлде жүрген аң мен ұшқан құс та көп еді. Орманда бір алып қият (*Қияпат — А. С.*) өмір сүреді. Ол мал мен адамды жалмайтын жыртқыш екен. Елге орасан зор зиян келтіреді. Оғыз сол жыртқыштың көзін жоюды ойлайды. Бір күні аңға шығады. Найзасын сайлап, жебе-садағын, қылыш-қалқанын асынады. Бір бұғыны аулайды да, тал-шыбықпен ағашқа таңып кетеді. Оғыз бір аюды аулап, оны да алтын белбеуімен ағашқа таңады. Ертеңіне келсе, бұғыны да, аюды да алып кетіпті. Оғыз сол ағаштың түбінде тұрады. Қият келіп қалқанын сүзгілейді. Оғыз найзамен түйреп өлтіреді. Қылышпен басын кесіп алады. Кейін келіп қараса, бір сұңқар Қияттың ішін үнгіп жеп жатқанын көреді. Оғыз сұңқарды садақпен атып өлтіреді.

Бір күні Оғыз бір жерге келіп, Тәңірге жалбарынып отырады. Кенет қараңғылық қаптайды да, көктен бір жарық түседі. Күннен нұрлы, айдан арайлы... Оғыз қаған қасына таяп барып, жарықтың ішінде бір қыздың отырғанын көреді. Ай мен күндей ару. Маңдайында шоқтай жайнаған меңі бар. Сұлулығы сонша, күлсе Көк Тәңірі де күледі, жыласа Көк Тәңірі де жылайды. Оғыз көріп есінен танады. Ғашық болып қалады. Ақыры тілегіне жетеді. Әйелі жүкті болып, ай-күні толған соң босанады. Үш ұл табады. Тұңғышына Күн, ортаншысына Ай, кенжесіне Жұлдыз деп ат қояды.

Оғыз қаған тағы да аңға шығады. Көлдің ортасында өсіп тұрған бір түп ағашты көреді. Қуысында бір қыз отыр екен. Асқан сұлу. Көздері көк аспаннан да көк. Шашы теңіз суындай толқиды. Тістері тізіп қойған маржан секілді. Оғыз қағанның

жүрегіне шок түседі. Ғашық болып, ақыры тілегіне жетеді. Бұл қыз да жүкті болып, ай-күні толған соң, қол-аяғын бауырына алады. Үш ұл табады. Тұңғышына Көк, ортаншысына Тау, кенжесіне Теңіз деп ат қояды. Онан соң Оғыз батыр думанды той жасайды. Ел-жұртын шақырады. Қырық үстел, қырық ұзын орындық шаптырады. Жұрт алуан-алуан тамақ жейді, шұбат пен қымыз ішеді. Тойдың аяғында Оғыз қаған жар салып, былай дейді: «Мен сендерге қаған болдым, қолдарыңа садақтарың мен қалқандарыңды алыңдар, бізге таңба болсын бұлан, көк бөрі болсын ұран. Темір найзалар бейне ормандай боп, түзде жосып жүрсін құлан. Ақсын дария толқындаған. Күн — жалау, Аспан — қорған болсын».

Сөйтіп, Оғыз қаған төңіректің төрт бұрышына жарлық шашады. Әмірін жазып, елшілерін жөнелтеді. Онда: «Мен Хигулердің қағанымын. Енді жер жүзін билеуім керек. Сендердің маған бағынуларыңды сұраймын. Кімде-кім тілімді алатын болса, оған тарту тартып, дос тұтамын. Тілімді алмағандарға терімді төгіп, шерік сайлап барып жауласамын. Шеріктерім кез келген жерде жауын жойып жібереді», — дейді. Осы кезде оң жақта Алтын қаған атты бір қаған бар еді, ол Оғыз қағанға елші жіберіп, қыруар алтын-күміс, жақұт, інжу-маржан тарту етіп, бағынатынын білдіреді. Оғыз онымен достасады. Сол жақтағы Рұм дегеннің қалың қолы, көптеген қаласы бар еді. Ол Оғыз қағанның жарлығын қабылдамайды. Оғыз жорыққа аттанады. Туын көтеріп, қолын бастап шығады. Қырық күн жол жүріп, Мұзтау деген таудың етегіне жетеді. Күркелерін тігіп ұйқыға батады.

Таң атқанда Оғыз қағанның күркесіне күн сәулесіндей бір жарық түседі. Сол жарықтан түгі көк, қою жалды бір арлан бөрі көрінеді. Ол тіл қатып: «Ей, Оғыз, сен Рұмға қарай жаза жорығына аттаныпсың, мен саған жол бастайын», — дейді. Оғыз қаған күркелерін жиып, жүріп кетеді. Әскерлерінің алдында көк түкті, көк жалды бір арлан бөрі жол бастап бара жатады. Бірнеше дөңнен асқан соң бөрі тоқтайды. Оғыздың әскері де тоқтайды. Сол арада Еділ деген бір дария бар екен. Сол өзеннің жағасындағы Қаратаудың етегінде шайқас басталады. Сұрапыл соғыс ұзаққа созылады. Еділ дариясының суы қызыл жоса қанға боялады. Оғыз қаған жеңіп, Рұм қағаны қашады. Оғыз оның елін бағындырады. Қыруар олжаға батады. Рұм қағанның Орысбек деген туысы бар еді. Орысбек ұлын тау басындағы терең өзеннің ортасындағы қаланы қорғауға жұмсайды да, ұлына: «Қаланы күзет, соғыс аяқталғанша, маған қаланы сақтап бер», — дейді. Оғыз қаған сол қалаға жорыққа аттанады. Орысбектің ұлы Оғыз қағанға мол алтын-күміс тарту етеді де: «Сен менің қағанымсың. Әкем бұл қаланы маған тапсырған және қаланы күзетіп, соғыс аяқталғанша сақтап бер деген. Егер, әкем ашуланса, менің күнім не болмақ? Мен жарлығыңды орындауға мақұлмын. Сенің бақытың — біздің бақытымыз, біздің тұқымымыз — сенің үрім-бұтағың. Тәңірі саған күллі әлемді бұйырып тұр. Менің басым да, бақытым да сенікі. Мен саған тарту-таралғы беріп тұрмын, достықтан таймаймын», — дейді. Жігіттің сөзі қағанға ұнайды.

«Маған көп алтын тарту етіпсің, қаланы жақсы сақтапсың», — дейді Оғыз. Сол үшін оған «Сақлап» деп ат қояды. Онымен дос болады. Сонан соң Оғыз қаған әскерін

бастап, Еділ дариясына келеді. Еділ дариясы өте үлкен екен. Оғыз қаған: «Еділдің суын қалай кешіп өтеміз?» — дейді. Шеріктерінің арасында Ұлық Ордабек деген бек бар еді. Асқан ақылды кісі болатын. Дария жағасындағы қалың ағашты кестіреді де, сал жасатып Еділ дариясынан өткізеді. Оғыз қаған сүйсініп күледі де: «Сен енді осында бек бол, атың Қыпшақ болсын», — дейді. Тағы да ілгері жүреді. Оғыз көк түкті, көк жал арлан бөріні тағы көреді. Көк бөрі Оғыз қағанға: «Енді шеріктеріңмен бұл арадан аттан. Елің мен бектеріңді баста, мен саған жол көрсетейін», — дейді.

Таң атқанда Оғыз қаған шеріктерінің алдында арлан бөрінің жол бастап бара жатқанын көріп, сүйсінеді де ілгері кетеді. Оғыз қағанның мінгені шұбар айғыр екен. Өте жақсы көретін. Бір күні осы айғыр жоғалады. Бір асқар тау бар еді. Ақ бас шыңдары мұз құрсанған суық тау. Сондықтан Мұзтау деп аталатын. Оғыз қағанның аты осы тауға қашып кеткен. Қаған бұған қатты қайғырады. Шеріктерінің арасында еңгезердей ержүрек, батыр бек бар еді. Ештеңеден тайсалмайтын. Талай соғысты бастан кешірген. Осы бек атты іздеп тауға барады. Оғыз қағанның айғырын тауып алып қайтады. Мұз құрсанып, қар жамылып келген бекке Оғыз қаған сүйсініп күледі де: «Сен осындағы бектерге бас бол, сенің атың енді Қарлық болсын», — деп, көп асыл қазына тарту етеді де, өзі ілгері жүріп кетеді.

Жол үстінен еңселі үй кезігеді. Қабырғасы алтыннан, түндігі күмістен, есігі темірден жасалған. Есігі құлыптаулы, кілті жоқ. Шеріктердің ішінен бір ұста бар еді. Аты — Төмүр Дуқағұл. Оған Оғыз қаған: «Сен осы арада қал да, есікті аш. Сонан соң ордаға кел», — деп бұйырды. Оған Қалаш деп ат қояды.

Тағы бір күн арлан бөрі жүрмей тұрып қалады. Оғыз қаған да тоқтайды. Күрке-лерін тігеді. Бұл шөбі шұрайлы, жазық жер екен Шүршіт деп аталатын. Халқы көп ұлы жұрт еді. Жылқысы, сиыры, алтын-күмісі, меруерт-маржаны қисапсыз. Шүршіт қағаны Оғыз қағанға қарсы тұрып, соғыс басталады. Садақ жаудырып, қылышпен шайқасады. Оғыз қаған Шүршіт қағанды жеңіп, басын кеседі. Ел-жұртын бағындырады. Оғыз қағанның әскерлеріне, нөкерлеріне, еліне түскен олжаның көптігі сонша — артып алып кетуге ат, қашыр, өгіз жетпейді. Шеріктердің арасында асқан ақылды, шебер кісі бар еді. Аты — Бармақлұғ Жосұн білліг аталатын. Сол шебер бір арба жасайды. Арбаға жансыз олжалар тиеледі. Олжа малды жегіп, арбаны сүйретеді. Нөкерлер мен жұрт мұны көріп, таң қалысады. Тағы да арба шабады. Арбалар жүргенде «қанға-қанғалап» жүреді. Сондықтан оларды «қанға» деп атайды. Оғыз қаған арбаларды көріп, күледі де: «Мал олжа қанғамен жансыз олжаларды сүйресін. Қанғаны мәңгі есте сақтау үшін, ұста, сенің атың Қанқалұқ болсын», — дейді.

Содан кейін Оғыз қаған көк түкті көкжал бөрінің бастауымен Синду, Таңғыт, Шам жаққа шеру тартады. Көп соғыс, талай шайқастардан кейін оларды өзінің еліне қосып алады. Түстік жақта Барқан деген жер бар еді, асқан бай және өте ыстық жер. Онда ан мен құс құжынап жүретін. Алтын-күміс, асыл қазына мол. Адамдарының өң-түсі қап-қара. Бұл жерді Масар деген қаған билейтін. Оғыз қаған оған шабуыл жасайды. Қырғын соғыс болады. Оғыз қаған жеңеді. Масар қаған қашып кетеді. Оғыз қаған бұл жерді өзіне қаратады. Достары сүйсінеді, жаулары күйінеді. Оғыз қаған мол байлыққа батады, қыруар малға ие болады. Оларды өз еліне тасып алып кетеді.

Оғыз қағанның қасында ақ сақалды, күміс шашты, ақылы шалқар қарт бар еді. Ол әділ, ізгі ниетті уәзір болатын. Аты ұлығ Түрік. Бір күні осы кісі түсінде бір алтын

садақ және үш күміс оқ көреді. Алтын садақ күн шығыстан күнбатысқа тартылған. Үш күміс оқтық үш терістікке қаратылған. Уәзір оянады да, түсінде көргенін Оғыз қағанға айтады: «Ей, қағаным, сенің өмірің ұзақ болғай. Ей, қағаным, тұтқан жолың түзу болғай! Көк Тәңірі түсімде аян берді маған: «Кең байтақ жерін ұрпағына бөліп берсін», — деп саған». Оғыз қаған ұлығ Түріктің сөзіне дән риза болады. «Айтқаның келсін», — дейді. Ертеңінде балаларын шақырып алып: «Ей, ұлдарым, аң аулауға көңілім ауып тұр. Бірақ қартайып, қайратым келмейді. Күн, Ай, Жұлдыз үшеуің күншығысқа барындар. Көк, Тау, Теңіз үшеуің күнбатысқа барындар», — дейді. Сонымен үш ұл күншығысқа, үш ұл күнбатысқа аттанады. Күн, Ай, Жұлдыз көп аң, құс аулайды және жолдан бір алтын садақ тауып алып, әкелеріне әкеп береді.

Оғыз қаған сүйінеді, күледі. Алтын садақты үшке бөліп сындырады да: «Ей, үш аға, бұл садақ сендердікі болсын. Сендер — садақсындар, оқты көкке жеткізе атындар», — дейді. Көк, Тау, Теңіз де көп аң, құс аулайды және жолдан үш күміс оқ тауып алады да, әкелеріне әкеліп береді. Оғыз қаған сүйінеді және қуанады. Оларды үш ұлына бөліп беріп: «Ей, үш іні, бұл оқтар сендердікі болсын. Садақ оқты атады. Сендер де оқ секілді кезелулі тұрындар!» — дейді. Сонан соң Оғыз қаған зор құрылтай шақырады. Нөкерлерін, ел-жұртын жинайды. Олар келеді, кеңес болады. Оғыз қаған ордада. Оң жағына қырық құлаш дінгек орнатқызады. Оның жоғарғы жағындағы ұшына бір алтын тауық ілдіреді. Дінгектің түбіне бір ақ қой байлатады. Сол жағына қырық құлаш дінгек орнатқызады. Басына бір күміс тауық ілдіреді де, түбіне бір кара қой байлатады. Оң жаққа боз оқтар отырады. Сол жаққа үш оқтар отырады. Қырық күн, қырық түн той болады. Ішеді, жейді, мәз-мейрам болысады. Сонан соң Оғыз қаған ұлдарына жерін бөліп беріп тұрып: «Ей, ұлдарым, мен көп өмір өткіздім, шайқастарды да көп көрдім. Садақпен сансыз оқ аттым. Айғыр мініп, бел астым. Жауларымды жылаттым, достарымды қуанттым! Тәңірі борышын өтедім. Жұртымды сендерге тапсырдым!» — дейді (*Тарихи деректер негізінде әңгімелеген А. Нұрғали. — А. Нұрғали. Қазақтың ілкі тектерінің дәстүрлі мәдениеті. — Алматы, 2000; Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. 1-том. Бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 76-91-беттер; А.Н.Кононов. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. — Москва-Ленинград, 1958. 40-59-беттер; Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева. — Алматы, 2001. 305-310-беттер; Оғыз-наме // Ертедегі әдебиет нұсқалары. — Алматы, 1967. 72-77-беттер; Оғыз-наме. Махаббат-наме. Мәтінді қазақ тіліне аударғандар Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев. — Алматы, 1986).*

ТӘҢІРДІҢ ҒҰМЫР-ЖАС БӨЛУІ. Тәңірі дүние-тіршілікті жаратқан соң, кеудесінде жаны барлардың ғұмыр-жастарын белгілепті дейді. Алдымен Адамға:

— Ей, пендем, мен саған отыз жас ғұмыр бұйырттым, тіршіліктің қызығын көр! — депті.

Тәңірдің шапағатына Адам риза болып, тағзым етеді. Кезек есекке келеді. Тәңірі оған:

— Есек, қызығынан қиындығы көп ғұмыр бұйыртамын. Жегенің жантақ болсын, жатағың шақат болсын, арқаннан жүк арылмасын, желкеңнен таяқ арылмасын... Ғұмырың елу жыл болсын! — депті.

Сонда, Есек ішегін тартып, бақырып қоя беріпті:

— О, Жаратқан Ием, осынша ұзақ азапты ғұмырдан құтқара көріңіз! Мүмкін болса, ғұмыр-жасымды қысқартсаңыз екен!

— Жарайды, жиырма жыл өмір сүр! — депті Тәңірі.

Сол жерде Тәңірдің айтқанын естіп тұрған Адам:

— О, Жаратушым, сыйдың қадірін білмеген есектің қалған отыз жылын маған бұйыртсаңыз екен! — депті.

Тәңірі кеңдік жасап:

— Бұйырттым! — дейді.

Сол кезде ғұмыр-жас белгілеудің кезегі итке келеді. Тәңірі оған:

— Сенің жегенің сүйек-саяқ болсын, жалайтының шалшық болсын, жатын орның көлеңке болсын, қоритының қотан болсын, серігің аспандағы ай болсын, қарайғанға үрумен өмірің өтсін... Мен саған қырық жыл ғұмыр бердім! — депті.

Мұны естіген ит азарда-безер болып, ұлып қоя береді:

— О, Жаратқан, мұншама азапты ғұмырдан құтқара көріңіз! Тым болмаса, жасымның жартысын шегерсеңіз екен!

— Жарайды, дегенің болсын, саған жиырма жыл ғұмыр бұйырттым! — депті Тәңірі.

Мұны естіп тұрған Адам тағы да Тәңірге жалбарынып, иттен артылған жиырма жасты сұрап алады.

Келесі кезек маймылға келеді. Тәңірі оған:

— Маймыл, сенің өмірің қорынумен өтсін, қолыңнан ештеңе келмесін, жағыну салтың болсын, жалтақтау қалпың болсын... Мен саған қырық жыл ғұмыр бұйырттым! — дейді.

Мұны естіген маймыл да шыр-пыр болып:

— О, Жаратқан, қорлықпен өтер ғұмырдың керегі не?! Мейіріміңізді түсіріп, жасымды шегере түссеңіз екен! — депті.

— Жарайды, саған да жиырма жыл ғұмыр болсын! — дейді Тәңірі.

Адам бұл жолы да Тәңірге қол қусыра жалбарынып, маймылдан қалған жиырма жылды сұрап алады.

Осылайша Адамның ғұмыр-жасы жүз жыл болыпты. Сол жүз жылдың алғашқы отыз жылының мұңсыз-қамсыз қызық дәуренмен өтетіні Адамның өзіне лайықты жасы болғандықтан екен; одан кейін алпысқа дейінгі отыз жыл ғұмырдың ауыр еңбекпен өтетіні есектен артылған жастың әсері болса керек; алпыстан сексенге дейін жиған-тергенін итше абалап қорып, көрінгенмен ырылдасып отыратыны, оған қоса қатарлары сиреп, өзімен-өзі ай санаумен уақыт өткізетіні иттен алған жиырма жылдың әсері көрінеді; ал, сексеннен ары қарайғы жиырма жылда өзінен-өзі қорынып, бойдан дәрмен кетіп, қолынан ештеңе келмей, жалтақтаумен ғұмыр кешетіні маймылдан дарыған жиырма жылдың әсері еді дейді (*Дерек беруші Сейіт Кенжахметұлы (1939), белгілі қаламгер, этнограф, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел өңірі, «Сарықона» ауылы; Бұл аңыздың өзгешелеу бір үлгісі «Астраханский вестник» журналының 1894 жылғы № 1338 санында жарияланған*).

ҰЛЫС КӨЖЕ. Есте жоқ ескі заманда Қазақ деген қарияның Алаш, Ұлыс есімді екі ұлы болса керек. Бәрі де жазудан ғой, Алаштан — Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс есімді үш бала туыпты да, Ұлыс бұл дүниеден ұрпақсыз өтіпті.

Күндердің күнінде Ұлыс әбден қартайып, жарық жалғанмен қоштасар шағына жетеді. Сонда, Ұлыс өзімен бір туған бауыры Алаш пен оның балаларын шақырып алып соңғы өсиет-тілегін айтады.

— Тағдыр маған ізімді жалғастырар ұрпақ сыйламады, — дейді Ұлыс. — Енді сендер Қазақ атамыздан қалған байтақ далаға өркен жайып, өсіп-өнсе екен деп тілеймін. Сендерге Жаратқан Ием жар болсын. Дүниеден көшер алдында өздеріңе аманат етсем бе деген өсиет-тілегім бар. Мен дүние салған соң, жыл сайын менің өлген күнімді естеріңе алып, рухымды жаңғыртып отырғандарыңды қалаймын. Жай ғана еске алып қоймай, жеті тағамның басын қосып, құдайы көже жасап, жеті атаның ұрпағына дәм таттырып, мені дұғаларыңа қосып отырсаңдар екен. Сонда, менің де атым ұмыт болмай, Ұлыс атым ұрпақ аузында жүрер еді. Айтайын деген өсиет-тілегім сол.

Осындай өсиет-тілегін айтқан Ұлыс қария көктемнің күні мен түні теңескен шақта дүние салады. Бірге туған бауыры Алаш пен оның балалары Ұлыс қарияның өсиетін бұлжытпай орындайды. Сөйтіп, көктемдегі күн мен түннің теңесер шағын «Ұлыстың ұлы күні» деп атау, ал, құдайы көжені «Ұлыс көже» деп атау исі қазаққа рәсім болыпты дейді. Қазіргі «Наурыз» деп жүргеніміз сол Ұлыс бабаның жанама атауы болса керек (*Дерек беруші Тай Тілегенов (1900-1985 жж.), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы; Шежіре // Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1936-папка; Серікбайұлы Байбота. Тіл ұшындағы тарих. — Алматы, 2003. 253-254-беттер.*

ҮШ АРЫС АНАСЫНЫҢ ЖЕРІК АСЫ. Қазақтың үш жүзі тарайтын үш ұлды табарында анасы үш нәрсеге жерік болыпты дейді. Ұлы жүз — Ақарысты көтергенде малға жерік болыпты. Орта жүз — Бекарысты көтергенде балға жерік болыпты. Кіші жүз — Жанарысты көтергенде бөрінің бауырына жерік болыпты (*Дерек беруші Рахмадия Өтебаев (1902-1989 жж.), халық ақыны, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы).*

ҮШ ЖҮЗ ЖІГІТТІҢ ҰРПАҒЫ. Ханның баласы алапес болып ауырса керек. Алайда хан алапес баласын елден бөлектемей, қолында ұстай беріпті. Сонда, былайғы жұрт: «Қара халықтан алапес болса, оны ел-жұрттан бөлектейді, бұл дәстүрді ханның сақтамайтыны қалай?» — десіпті. Хан бұл сөзге құлақ асып, алапес баласының жанына жүз кісі қосады да бөлек жібереді. Алапес бала бөлек кетерінде шешесімен қоштасуға келген екен, шешесі де жүз кісі қосып беріпті. Мұнан соң алапес бала әжесімен қоштасуға келсе, әжесі де жүз кісі қосып беріпті. Міне, осы үш жүз кісіден исі қазақ халқы құралса керек (*Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. — Горно-Алтайск, 2005. 368-бет).*

16. Ұлы жүз

БӘЙДІБЕК ПЕН НҮРИЛА. Қыдыр дарып, бақ қонған Нұрила қызға бірде түсінде әулиелердің бірі аян беріп: «Кімде-кім алғаш білегіңнен қос қолдап ұстаса, тағдыр қосқан жарың сол болады», — депті. Нұрила қыз ояна кетсе түсі екен, түс те болса ырым көріп, көкейіне түйіп алады.

Бәйдібек бидің есігінде жүрген Нұрила қыз күндердің бір күнінде қауға тартып тұрып құдыққа құлап кетіпті. Шыңырау құдықтан Нұрила қыз өз бетімен шыға алмай тұрып қалады.

Сол кезде ел аузына іліккен Бәйдібек би қанша күтуші-қызметшісі болса да, өзі мінетін атын өзі баптап, өзі суарады екен. Әдеттегідей атын суарайын деп келсе, құдық түбінде дірдектеп тұрған Нұриланы көреді. Бәйдібек би дереу қауға тастап, Нұриланы саумалдай көтеріп, жақындай бергенде білегінен қос қолдап ұстап шығарып алады. Нұрила алғысын айтып, қымсына бұрылып жөніне кетеді.

Осы жолы Бәйдібек бидің Нұрилаға көзі түсіп, көңілі ауып еді дейді. Арада біраз уақыт өтіп, Нұрила бойжеткен кезде Бәйдібек би некесін қидырып, Сарықыз бәйбіше мен Зеріптің үстіне үшінші әйелі етіп алады (*Дерек беруші Рахметолла Толқынбекұлы (1914 ж.), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы*).

ДУЛАТТЫҢ НҰРЫ. Албан, Суан, Дулат — үшеуі Шымкенттің ар жағында «Ата-жар» деген жерде енші алысады. Дулаттың балалары мықтылау болса керек, сондықтан Албан мен Суан Дулаттан бөлінеді. Албан мен Суан Қазығұрттың ар жағында, ал, Дулат Сайрамсу мен Ақсудың ортасындағы «Кіндік төбеге» келіп қоныстанады. Бір күндері Албан малдарын көріп келу үшін, астына атын мініп төбенің басына шыкса, Дулаттың ауылының үстіне аппақ нұр (буалдыр) жауып тұрғанын көреді. Содан, Албан ауылына шауып келіп, Суанға: «Түбі барлық билік, бақ Дулатқа ауады білем, түбі онымен бірге тұруымыз қиындау болар», — депті. Сонымен, екеуі ойласып, алысыраққа қоныс аударуға келіседі де, Алматы, Жаркент жаққа көшіп кетеді. Ал, Дулат сол «Кіндік төбеде» мекендеп қала беріпті (*Дерек беруші Сәлімбай Ахметов, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы. Бұл аңызды Сәлімбай Ахметов 1941 жылы Бағысбай Молдажігітұлының айтуында хатқа түсірген; Суан. Құрастырған Сұлтанбек Ешмұхамбетов. — Алматы, 1993. 17-18-беттер*).

ЕКЕЙ МЕН ЕСҚОЖА ЕНШІЛЕС. Шежіре деректерінің бірінде Ұлы жүз Шапыраштыдан — Шам (Ыстық), одан — Малды, Желді, Қалды есімді үш бала туады. Малдыдан Екей, Еміл есімді екі бала туған.

Шапырашты дүние салғанда Емілдің балалары есейіп, шаруаға қолғанат болып қалса керек. Ал, Екейдің балалары кенжерек туғандықтан оң-солын тани қоймаған жастау еді дейді.

Сол кездегі күндердің бір күнінде Екей мен Емілге Бұхар жағынан бір жас жігіт келіп сіңісті болады. Алғашқы күннен-ақ Екейдің жасаңдау балаларына бас-көз болып, бара-бара оларға ағасындай бауыр басып кетеді. Бұл жағдайды байқап жүрген Екей бір күні ағайын-тумаларын жинап, мал сойып, әлгі Бұхар жақтан келген жігітке

асықты жілік ұстатып, жұртшылыққа көйлекті баласы болғанын айтып, өз балаларымен еншілес етеді. «Балаларыма қамқорлық жасап, ес болып жүрсін» деп, атын Есқожа қояды.

Осы Есқожадан — Алтынай, одан — бүкіл шапыраштыға ұран болған әйгілі Қарасай батыр туған.

Кейін Қарасай батыр үйленіп, отау құрғанда әкесі Алтынай: «Біздің тегіміз Бұхар жақтан келген түрікпен еді, бір баланның атын Түркімен қой, тым болмаса ұрпақ жадында ұмытылмай жүрсін», — депті.

Әке өсиетін орындап, Қарасай батыр өзінен туған балаларына Өтеп, Көшек, Түркімен деп ат қойған. Әйгілі Саурық, Сұраншы батырлар осы Түркіменнің ұрпақтары (*Дерек беруші С. Бегалин. Жамбыл. Ғұмырнамалық роман. — «Жұлдыз» журналы, 1996. № 3. 29-бет*).

ЖАРЫҚШАҚ. Нұрила қыз Бәйдібек биге тұрмысқа шыққан соң көп кешікпей дүниеге бір ұл келеді. Есімін Тілеуберді деп қояды. Нұриланьың ерекше жаралған парасат-пайымын бағалап үйленген Бәйдібек би Тілеуберді дүниеге келген соң, бұл шаңырағына одан сайын көңіл бөлетін болады.

Бәйдібек бидің Нұрилаға көңіл бөлгенін Сарықыз бәйбіше қызғанып, мінез көрсете бастайды. Нұриланы бұрынғыдай есікте жүрген күңі сияқты ұстап, орынсыз кінә тағып, тіптен қол жұмсайтын болады. Тілеуберді дүниеге келген соң, Сарықыз бәйбіше қызғанышын одан сайын үдете түседі. Ел ісімен көбінесе ат үстінде жүретін Бәйдібек бидің көзі тайса болды, Нұриланьың басынан таяқ, құлағынан қаңқу кетірмейтін болып алады. Сарықыз бәйбішенің ержеткен тоғыз ұлы болса да, Бәйдібек би бар мұрасын тоқалдан туған Тілеубердіге бұйыртатындай көріп, бара-бара бесіктегі бейкүнә нәрестені қарғап-сілейтін болады. Қит етсе болды, Нұриланьың қазан-ошағын шашып, әбігер етеді. Ең арғысы түн баласында да тыныштық бермей, қарамал болып үйге сүйкеніп, Нұрила мен Тілеубердіні шошытады.

Бір күні Сарықыз бәйбіше жеті түнде тұрып, қолына пышақ алып, Нұриланьың үйінің сыртына келеді де, әдеттегідей қара мал болып үйді сықырлата сүйкенеді. Сонда, әбден төзім-шыдамы таусылған Нұрила: «Хайуан болсаң өрісің кеңейсін, адам болсаң мазасын алған жалғыз ұлым Тілеубердінің құзырында бол!» — деп дауыстайды. Бұл сөзді естісімен, онсыз да ашудан булығып жүрген Сарықыз бәйбіше: «Ә-ә, салдақы, енді менің үрім-бұтағыма тіл тигізейін дедің бе!» — деп, есікті бір теуіп үйге кіріп келеді де, қолындағы пышақты бесікте жатқан Тілеубердіге сермеп қалады. Қаранғыда жұмсалған пышақ бесіктегі баланың шекесіне тая тиіп, бала шар ете қалады. Жанталасқан Нұрила Сарықыз бәйбішенің екінші рет пышақ жұмсауына бөгет болып, қолындағы пышақты жұлып алады. Сол бетінде Сарықыз бәйбішенің шектен шыққан мына қылығына қатты назаланған Нұрила: «Жүзге жетпе, жүзге жетсең күзге жетпе!» — деп қарғыс айтады.

Осы бір сойқанды түнде Нұриланьың аузынан шыққан екі ауыз қарғыс сөздің салқыны Сарықыз бәйбішенің балаларына тиіп еді дейді. Сарықыз бәйбішенің тоғыз ұлы тоғыз шаңырақ болып отырғанда, Балабөгеннің аңғарынан сел жүріп, ауылды шайып кетеді. Тоғыз ұлы бірдей бала-шағасымен суға қарық болады. Тек қана

Байтоқты деген баласының Ұшан атты келіншегі төркіндеп кетсе керек. Сол Ұшаннан туған Сарыүйсін ғана Сарықыз бәйбішенің ұрпағын жалғайды. Бірақ, оның ұрпағы да онша өсіп-өнбейді.

Нүриланың баласы Тілеубердінің шекесіне тайып тиген Сарықыз бәйбішенің пышағынан кейін баланың жас еті тез бітіп, жазылады. Бірақ, Тілеубердінің шекесі жарық сияқты ағарып, тыртық болып бітеді. Осыған байланысты Тілеубердіні төңірегі Жарықшақ деп атап кетсе керек.

Жарықшақтан (Тілеуберді) — Албан, Суан, Дулат тарайды. Бұларды қараүйсін деп те атайды (*Дерек беруші Рахметолла Толқынбекұлы (1914), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы*).

ЖӘКЕЛ МЕН ШОҚАЙ. Ұлы жүз ыстының ішіндегі қоңыр деген атасынан өрбіген ағайынды Жәкел мен Шоқай есімді екі азамат көздері тірісінде-ақ исі қазаққа мәлім болған. Жетісуға Қоқан хандығы ықпалын жүргізіп тұрған заманда Жәкел мен Шоқай датқа атанған. Күні бүгінге дейін ел аузында айтылатын: «Төмен барсаң — Жәкел мен Шоқай бар, жоғары барсаң — қырық мың қойлы Тоқай бар» деген сөз, бұл екі кісінің әйгілі тұлғалар болғанын аңғартады. Бұған Майкөт ақынның:

«Сұрасаң руымды ысты еді,
Жәкел, Шоқай ыстының ұстыны еді.
Ел үшін бар асылын аямайтын,
Ер борбай жанған оттың ұшқыны еді», —

деген өлеңі дәлел.

XX ғасырдың бас кезіндегі асырасілтеу заманында Жәкелдің сағанасын қопарылғышпен жарып құлатқан. Аман қалған бір қабырғасының сұлбасы көпке дейін құламай тұрған. Қабір зақымдалған соң, мәйітті ауыстырып жерлемек болғандар Жәкелдің мәйітінің бұзылмай сақталғанын көріп таң қалған. Орнын ауыстырып жерлеген соң, арада біраз уақыт өткенде Жәкелдің аяғы қабірден шығып жатқан. Мұнан соң мәйітті үшінші рет қайта жерлеген.

Жәкелдің ағасы Шоқай датқаның кесенесі Саудақентте тұр.

Бұл екі атаның да ұрпақтары өсіп-өнген.

ҚАҢЛЫ. Қазақстанның оңтүстігіндегі Шыршық, Арыс, Бадам өңірін қанлы тайпасы ертеден қоныстанып келеді. Байырғы ғұндармен, үйсіндермен қатар қанлылар да Қазақ сахарасын отан етіп, Жетісуда, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойында, Қаратау мен Сырдария өлкесінде, Арал теңізінің жағасында мейлінше мол жарқын белгілер қалдырған.

Қанлыдан шыққан Қазанғап ақынның айтуында Дүрбін мерген туралы тамаша бір аңыз бүгінгі күнге жеткен. Байырғы заманнан ұрпақ жадында сақталған бұл тарихи әңгіме «Еңсегей туралы жыр-аңыз» деп те айтылады. Есте жоқ ескі заман болса керек, қырдағы елдің басыелік ететін ханы өліп, кімді хан қоярын білмей, ел-

жұрт қатты дағдарыста болады. Сонда, ошарылған ел-жұрттың алдына бір ақ жаулықты ана шығып, ақыл айтады: «Талабы бар ерлердің бәрі садақ тартсын, кімнің садағының оғы сағымға ілінсе, соны хан көтеріңдер», — дейді. Хан болуға лайық уәжге жұртшылық тоқтайды. Сол жерде талаптанған ерлердің бәрі де бірінен соң бірі садақ тартады. Бірақ, ешбірінің оғы сағымға байланбайды. Сонда, жанағы ақ жаулықты ана: «Менің Дүрбін деген мерген балам бар еді, тауда аң аулап жүр, соны шақырып әкеліңдер, бәлкім соның атқан оғы сағымға тоқтар. Аң қызығын балам қимағандай болса, мына жүзігімді көрсетіңдер», — деп, қолындағы жүзігін шешіп береді.

Елдің жөн білетін адамдары, атақты билері Дүрбінді шақырып келуге аттанады. Шешесі айтқандай аң қызығына берілген Дүрбін шақырушылардың сөзіне алғашқыда құлақ аса қоймаған екен, шешесінің белгіге беріп жіберген жүзігін көрген соң, бармақшы болады. «Бірақ, мен жанды нәрсеге мінбеймін, маған күйме керек», — деп шарт қояды.

Ел-жұрт Дүрбіннің шартын ырым тұтып, күйме-арба жасап алып барады. Дүрбін күйме-арбаға мініп келе жатқанда арбаны жасаған шебердің жол-жөнекей аяғы мертiгіп, ол да арбаға мініп жетеді. Содан, ел-жұрттың көз алдында Дүрбін садақ тартады. Садағының оғы сағымға сіңіп, ілініп қалады. Ел-жұрт бір ауыздан Дүрбінді хан көтереді.

Содан бері Дүрбін мінген күйме-арбаны қаңғырлап жүретін дыбысына бола «қаңқа» деп атайды. Ал, арбаны жасаған кісіні де, арбаға мінген кісіні де «қаңқалы» деп атайтын болады. Бара-бара «қаңқалы» сөзі біраз өзгеріп, «қаңлы» сөзіне айналады, мәнісі — «арбалы» деген сөз.

Бүгінде қазақ арасында «Хан жоқ болса қаңлыдан көтер», «Қаңлы елінде хан бар, кәделі елде қаңлы бар», «Қаңлыны арбаға ханмен бірге отырғыз» деп айтылатын мәтел сөздер сол бір алыстағы заманнан жеткен болар. Қазанғаптың бұл әңгімесінен байырғы қаңлы елінің өз алдына саяси одақ жасап, тіршілік құрғанын аңғаруға болады (*Дерек беруші Әлкей Марғұлан (1904-1985), академик, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы; Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр аңыздар. — Алматы, 1985. 62-63-беттер*).

ҚОСЫ БАТЫРДЫҢ ЕНШІ БӨЛУІ. Шежіре дерегінде Ұлы жүз дулат ішіндегі шымыр руының бір атасы Бекболат ұрпағы болып тараса, сол Бекболаттан — Қырымбет, одан — Сәмбет туған. Сәмбеттің бірінші әйелінен — Бектеміс, екінші әйелінен — Байқонды, Құлболды, Жолбатыр, үшінші әйелінен — Қосы, Елке, Мосы туады. «Әке — балаға сыншы» деген, Сәмбет «Өзге ұлдарым бір төбе, Қосым бір төбе» деп отырады екен. Десе дегендей, қалмақ шапқыншылығы кезінде Қосы исі қазақтың намысын қорғаған әйгілі батырлардың бірі болған. Қазақтың шежіреші-есепшілерінің айтуында Қосы батыр 1670 жылы дүниеге келіп, 1760 ұлу жылы тоқсан жасында дүние салған. Қосы батырға Талас өзенінің алабындағы Шаңқұдық деген жерден топырақ бұйырған.

Қосы батыр төрт әйел алған адам. Бірінші әйелінен — Атымтай, екінші әйелінен — Қадірберді (ертерек қайтыс болған), Берсүгір, Үшінші әйелінен (қалмақ) — Араша, төртінші әйелінен (әмеңгері) — Қойайдар, Жылқыайдар есімді балалары болған.

Батыр сексеннен асып, отыра бастаған кезінде, балаларына енші бөліп беру үшін алқалы жиын жасап, торқалы той өткізеді. Содан елдің игі жақсыларының алдына балаларын шақырып, еншіге не қалайтындарын сұрайды ғой.

Сөз кезегі ағалық жол бойынша Қосы батырдың тұңғышы Атымтайға беріледі. Атымтай: «Мен анамнан ертерек жетім қалып едім. Сол арманда кеткен шешемнің ошағын өшірмей, ел қатарына қосылайын, алдыма мал салсаңыз деген тілегім бар», — дейді.

Атымтайдан кейінгі баласы Берсүгір отырып: «Көшіп-қонып жүрген елге байлық та, батырлық та, билік те таңсық болмас. Мен жер емшегін еметін егіншілік кәсіпке ден қойып отырмын. Маған бір құлақ тоған алып беріңіз. Сонсоң, ағам Құдайбердіден жастай жетім қалған Шынқожаның да парыз-қарызы мойнымда екенін ескеріп, екінші тілегіме де құлақ ассаңыз екен. Ата жолын кие тұтып, шаңырақ сыйлап өскен елдің баласымыз ғой, «Өлім барда — қаза бар» деген, күндердің күнінде дәм-тұзыңыз таусылып, бұл фәниден озар болсаңыз кара шаңырағыңызды, сауыт-сайманыңызды маған мұра етсеңіз екен. Мен де өз кезегімде ұрпақтан ұрпаққа аманат-мұра етер едім», — дейді.

Мұнан кейін сөз алған Араша: «Менің анам қалмақ еді, көзіме айтпаса да, сыртымнан айтатын «күңнің баласы», «қалмаққұл» деген сөздерден құтылайын, маған мал бермей-ақ, еншіме билік берсеңіз болады», — дейді.

Сөз кезегі Қойайдарға келгенде: «Маған да мал бермей-ақ қойыңыз, осы тойда бәйгеге шапқан шабандоз балалар атымды ұранға шығарып «Қойайдарлап» шапсын, еншіме сол ұранды беріңіз», — депті.

Ең соңынан сөз алған кенжесі Жылқыайдар болса: «Менің атыма затым сай болсын, маған жылқыдан көбірек беріңіз», — деген екен.

Қосы батыр сөзге келместен, балаларының тілегін орындап, жиналған дуалы ауыздардың батасын алып еді дейді (*Дерек беруші Арғынбай Бекбосынұлы (1937 ж.), Қосы батырдың жетінші ұрпағы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қарасу ауылы*).

ҚЫДЫР ДАРЫП, БАҚ ҚОНҒАН НҮРИЛА. Шежіре сөздің бірінде Нүрила (Домалақ ана, Домалақ ене) әу баста Бәйдібек бидің есігінде жүрген күні еді дейді. Сол кезде байлық-дәулеті шалқыған, сән-салтанаты келіскен Бәйдібек бидің бір балуаны болады екен. Атан жілік алып балуан өзінің бойына біткен қара күшті мақтан тұтатын даңкеуделеу болса керек. Бір күні қымызға қызып, дөңбекшіп жатып: «Осы ілуде бір адамдарға Қыдыр дарып, Бақ қонады деуші еді, сол Қыдыр мен Бақ мендей біртуарға ұшыраспай қайда жүр екен», — деп ойлайды. Жай ойлап қоймайды, Қыдыр мен Бақтың қайда жүргенін білу үшін сол ауылдағы айтқаны айдай келетін құмалақшыға салып-ұрып жетеді. Жеткен соң, көңілге түйген арманын айттып, қоярда-қоймай құмалақ аштыртады.

Сонда, құмалақшы құмалақты жайып жіберіп: «Қыдыр — қасы көзін жапқан қарт, Бақ — жас жігіт екен. Қыдыр анда-санда қасын көтеріп қарағанда көзі кімге түссе, Бақ соның басына қонады білем. Туар айдың үш жаңасында Қыдыр мен Бақ осы ауылдың желкесіндегі Қырдан көрінеді. Сол кезде өнерінді көрсетіп, Қыдыр мен Бақтың назарын өзіңе аударсаң бақытты боласың», — депті.

Содан, туар айдың үш жаңасы болады. Балуан әрі ойлап, бері ойлап, Қыдыр мен Бакты өзіне қарату үшін, атан түйенің арқасына тас теңдейді де, ауыл желкесіндегі төбенің баурайына барып, әлгі атан түйені тас-масымен көтеріп әрі-бері жүреді ғой.

Бір мезгілде құмалақшы айтқандай, төбенің басынан Қыдыр мен Бақ көрінеді. Бақ етектегі түйе көтерген балуанды көріп, танданысын ірке алмай: «Қыдыр ата, мына бір етектегі жігітке қараңыз, атан түйенің арқасына тас теңдеп, түйені тас-масымен көтеріп жүр!» — депті.

Сонда, Қыдыр ата қалың қасын көтеріп, етекке көз салыпты да: «Мақтаған жігітін мына бір тезек терген қыздың қай жағында еді?» — деп сұрапты. Сөйтсе, дәл сол кезде етекте Нұрилла қыз тезек теріп жүрсе керек. Қыдыр атаның көзі Нұриллаға түсуі мұң екен, дереу Бақ барып басына қонады. Тезек теріп жүргенде Қыдыр дарып, Бақ қонған соң Нұрилла қыздың әулиелік қасиеті басталып еді дейді (*Дерек беруші Аубай Байғазыұлы (1937 ж.), Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылы*).

НҮРИЛЛАНЫҢ БАТАСЫ. Бәйдібек бидің бәйбішесі — Сарықыз, екінші әйелі — Зеріп, кіші әйелі — Нұрилла (Домалақ ана, Домалақ ене) деген кісілер болған. Сарықыз бәйбішелік жолын арқа тұта ма, жоқ әлде табиғаттың бойына дарытқан қасиеті ме, әйтеуір, төңірегіне қатал, адуын мінезімен танылады. Әсіресе ақыл-парасаты кемел Нұриланы Бәйдібек биден қызғанып, қисынсыз жерде мінез көрсетеді екен.

Бірде Нұрилла тезек теріп үйіне қайтып келе жатса, алдынан Сары (Сарықыз) бәйбіше шығып, қамшы жұмсай бастапты. Сары бәйбішенің Нұриланы жазықсыз зәбірлеп жатқанын көрген келіні Сыланды (Иісті) жүгіріп шығып араша түседі. Адуын бәйбішенің сермеген қамшысына арқасын тосып, Нұриланы қорғаштайды.

Осы оқиғадан кейін Сыландыға риза болған Нұрилла: «Ағарып алдыма түспе, қарайып соңымнан қалма», — деп батасын береді.

Дуалы ауыз, қасиетті Нұриланың батасы қабыл болып, Сыландының ұрпағы өсіп-өнеді. Бірақ, көптігі жөнінен Нұриланың ұрпағынан асқан емес. Бұлай болуы Нұриланың: «Ағарып алдыма түспе, қарайып соңымнан қалма», — деген батасына байланысты еді дейді.

Жалмамбеттің екінші әйелі Сыландыдан — Ысты, одан — Ойық, Тілік, Сызық туған. Ойықтан — Аузыүсіген (Зорбай), Қызылқұрт, Көкшекөз (Орбай), Сәтек туған. Тіліктен — Ыстық, Мұса, Қоңыр (Байқоңыр), ал Сызықтан — Қызылдиқан, Қарадиқан туған.

Сыланды ананың сүйегі Балабөген басына жерленген.

Жалмамбеттің кіндігінен тараған шапырашты, ысты, ошақты аталарын жинақтап «Ақүйсін» деп те атайды.

ОТЫЗ ҰЛДЫ ОЙСЫЛ НЕМЕСЕ СІРГЕЛІ ҰРПАҚТАРЫ. Бірінші нұсқа. Ойсыл отыз ұлды болыпты. Хан Жәнібектің уақытында әрі дәулетті бай, әрі өте зорлықшыл болған екен. Олардың ішінде Бораш мырзаның домбырашылық өнері басым болыпты. Бораш әрі балуан, батыр болыпты. Ол хан Жәнібектің қызына ғашық болып, сөз байласып, кездесіп жүреді. Бір күні қыздың екіқабат екені де білінеді. Бұл ұнамсыз жағдай Жәнібек ханның құлағына шалынып, ол ашуланып, қыздың шешесін алдына шақыртып алады да:

— Сенің басыңды кесемін, қызыңа неге ие болмайсың? — дейді.

Оған ханның бәйбішесі:

— Хан ием, сіздің қолыңыздағы қаншама уәзір мен жасауылдар батыр да палуан денелі Бораштың бетін қайтара алмағанда, менің қолымнан не келеді? — деген сұрақпен жауап беріпті.

— Бас уәзірді шақырындар! — деп айқайлайды хан.

Жәнібектің бас уәзірі жағалбайлы руынан шыққан кісі екен. Бас уәзірі Қырғиқабақ та ханның қызына іштей ғашық болып жүреді екен. Хан осы уәзіріне:

— Елдің аузына қақпақ бола алмайсың. Бұдан Борашқа қызымды беріп құтылайын ба, қайтеміз? — дегенде, ол:

— Үш күнге мәулет бер, мен ойланып, жауабын берейін, — дейді. Үш күннің ішінде өз ойынша бас уәзір бір іс жоспарын жасайды да, хан алдына кіріп:

— Тақсыр, хан ием, Борашқа қыз беруге болмайды. Біріншіден, сіз хан тұқымысыз, ол қара. Екіншіден, зорлықшыл отыз ұлды Ойсылмен құдаласып, қандай жетістікке кенелемін дейсіз. Одан гөрі оларды үрім-бұтақтарымен қоса көздерін құрту керек. Ол үшін қызымды беремін деп дәмелендіріп, өтірік той жасаңыз. Отауларды қатар-қатар, бір-біріне тіркеп, қырық отау тіккізіп, олардың ішінен ор қаздырып, босағаларына екі жендеттен қойыңыз. Күтуші жігіттер құда балаларды отауларға біртіндеп кіргізсін. Сол кезде екі жендет олардың басын кесіп тастай берсін, — дейді.

Жәнібек хан сөзді мақұл көреді де, Ойсылдың бір баласы ту ұстаушы Тұрымбетті өлімге қимай, көп уақыт жүретін ұзақтау сапарға жұмсайды. Сөйтіп, «Борашқа қызымды беремін», — деп, Ойсылды бар балаларымен қоса тойға шақырады. Оның алдында ғана Бораш алшын руынан Қыдырбай деген дәулетті кісінің қызына үйленген көрінеді. Сол жас қатыны, өзінің үстіне тоқал түсіртетін бұл құдалық жолына ырзалық бермей, өкпелеп жүреді. Бораш ханның қызына қалайда некелесіп қосылуды көздейді де, наразы қатынын төркініне апарып тастайды.

Ойсылдың бауыры Үйсілдің жеті ұлы бар екен. Олар:

— Хан сендермен құда болуға қалай келісім беріп отыр? Сонда, амалсыздан қызының сырын ашық жария еткені ме? Бұл ақылға қонбайды. Тойға бармандар, хан қиянат жасайды, — дейді.

— Сендердің бос үгіттеріңе сеніп, басымызға кеп тұрған бақытты тебеміз бе? — деп, Ойсыл балаларының біреуі де оларды тыңдамай, тегіс тойға барады. Болашақ құда балаларды сақадай сай қаруланған жігіттер күтіп алып, қолтықтап, тігілген ақ отауларға біртіндеп кіргізеді. Екінші бір күшті жігіттер аттарды байлап, үзенгілерді сылдыр еткен дауысын шығармай, кесіп тастай береді. Соңында жеті-сегізі суық тірлікті байқап, қашып аттарына мініп үлгереді. Сол уақытта алдын ала дайындап қойған найзаларды найзагерлер алады да соңынан қуады. Үзенгісі жоқ тұлпарларға мініп, Ойсыл балалары ойдағыдай шайқаса алмай, көпшілігі опат болады. Олардың ауылына хан жасағы келіп, жас балалар мен екіқабат қатындарына дейін жаусатып салады. Сол кездегі отыз ұлды Ойсыл ұрпақтарының қырылған жері «Өлікті» деп аталады.

Әйел затынан хан мен оның жасауылдарының киімін тігетін, он саусағынан өнері тамған «алтын қайшылы» шебер әйел — Әзбике деген қатын ғана аман қалады. Ойсылдан ұрпақ қалдырмауға бекінген ханның оған мән бермеуінің себебі — Әзбикенің бедеу атанып, бала көтермегенінен екен.

Хан қызының толғағы келіп, ұл туады. Жібек жөргекке орап, далада малдың жатқан жерінен көң ашып, баланы соған жасырып, Әзбикеке хабар етеді. Әзбике анамыз баланы бауырына басып, емізіп еміренгенде, бедеу атанған анамыздың емшегінен өз-өзінен сүт шығады. Оң жақта отырған қызының екіқабат боп қалған жағымсыз ісінен кейін Жәнібек хан намыстанып көшіп, Ертіс басы Қарадеңгейге барып, сол жақта хандық құрады.

Тұрымбет батыр алыс сапардан оралып келсе, бауырларына хан Жәнібек қырғын келтіріпті. Тек Жәнібек батырдың қызынан туған Бораштың баласы ғана Әзбикенің қолында қалыпты. Ол баланы ел-жұрттан жасырып, көңге көміп, ылғи інірде емізіп баға береді екен. Содан «көң, көң, көң, інір, інір, көңір» деп жүріп, бала «Көңірдек» атанып кетеді. Бұрын бедеу атанып, енді ғана қос анарынан сүт шыққан «алтын қайшылы» Әзбике Тұрымбетке қосылып, Нан және Нау деген екі ұл перзент көреді. Кейбір шежірелерде Науды «Манат» деп атаған жері де бар.

Әрі-бері өткен жолаушы Тұрымбеттің үйінде ойнап жүрген үш баланы көріп: «Мынау бейшаралардан да үш таңба қалыпты ғой», — деп айтады екен. Сонда Көңірдек, Нан, Нау үшеуі «Үштаңбалы» аталады. Тұрымбет Жәнібек ханның туын ұстаушы болғандықтан ел-жұрт Тұрымбеттен туған Наудың үрім-бұтағын «Тутаңбалы» деп атап кетіпті. Шешесі Әзбике «алтын қайшылы» шебер атанғандықтан оның Нан деген баласының ұрпағынан қайшылы руы тарапты. Кей деректерде қайшылы Әзбикені «Қайшылыбике» деп те атайды.

Бораш батырдың төркініне кеткен қатынынан ұл бала туып, оның атын Құбасай қояды. Ол кей әңгімелерде Құтабай деп те аталады. Құбасай дегені алпамсадай палуан боп өседі. Он екі жасқа толып, балиғатқа жетіп, додаға түскенде, одан серкені алатын жан шықпайды. Ақыры алшын жағалбайлылар намыстанады да, Қыдырбайға: «Сен елмен бол, иә болмаса жиеніңмен бол!» — депті. Содан Құбасайдың алдына құлынды қырық биені салып, еліне қайтарады. Сонда бала:

— Мұнша көп малды алдыма салмаңыз. Жол торыған ұры мен қарақшы кездесе, малымды аламын десе қайтемін? — деп сұрайды.

— Байұлымын десең ешкім тиіспейді, — депті атасы. Сонда Құбасайдың лақап аты Байұлы боп тарап кетеді. Ол уақытта биенің қымызын жолда азық етеді екен. Сондықтан да нағашы жұрты құлындар биені еміп қоймасын деп, құлындарының мұрынына сірге өткізіп, мұрындық салып береді. Құбасай еліне келіп, Тұрымбеттің үш баласына аман-есен қосылады. Бұрынғы үштаңбалы енді «Төрттаңбалы» боп атанады.

Көңірдектен — Уылдырық, Буылдырық деген екі бала болады. Дәулет бітіп, ақ отау тігіп отырған Уылдырық ұрпағы — Ақкөңірдек атанса, кедейлеу болған Буылдырық ұрпағы — Қаракөңірдек атанып кетеді.

Құбасайға нағашылары тарту еткен құлындарының біреуі жүйрік болып шығады. Оның жүйрік сіргелі тай деген атағы тарап, «сіргелі, сіргелі» деп жүріп, Ойсылдың өсіп келе жатқан жалпы әулеті «Сіргелі» аталып қалады (*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры: Ш. 90; Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева*).

Екінші нұсқа. Жүзге бөлінгенге дейін, үйсін аталған жұрт Шыңғыс хан заманына дейін де бір ұранды ел болыпты. Ол кезде қаңлы-сіргелі бір топ, жалайыр бір топ

болса керек. «Үйсін» атанған қаңлы-сіргелі және дулат, албан, суан тобына Майқы би басшы еді дейді.

Ескі шежіреде Шыңғыс хан: «Үйсін Майқы биге таңбаң сүргі болсын», — депті. Бұл «сүргі» не «сірге» таңбаны кейін сіргелілер иеленгеніне қарағанда, олар қара шаңыраққа ие болса керек.

Қазақ құрамындағы сіргелілер Ахмет-Сіргелі деген кісінің ұрпақтары. Ахмет-Сіргелінің Ойсыл деген ұлы болған. Осы Ойсылдың 30 ұлы болады. Олар мыналар: Әліхан, Түнке, Бақырған, Арыстан, Бораш, Жарас, Жанас, Тұрымбет, Жалмамбет, Өтеп, Қорқыт, Шолақ, Байгел, Әмірбек, Тыныбек, Шыныбек, Нұрбек, Нұрымбет, Құлымбет, Қосақбай, Алшымбай, Қыдырбай, Жұрымбай, Байымбет, Жарымбет, Сырымбет, Садық, Сыдық, Төлеп.

Ойсылдың бұл отыз ұлы заманында әрі батыр, әрі зорлықшыл болған екен. Отыздың біреуі Бораш мырза хан Жәнібектің қызына көңілі кетіп, онымен көңілдес болыпты. Хан қызы екіқабат болып қалады. Бораш мырзаға тимек болады. Бораш мырзаның айттырып алған қатыны алшын Қыдырбайдың қызы екен. Бораш мырза қатынын төркіндетіп жіберіп, ханның қызын айттырады. Жәнібек хан қызын Бораш мырзаға беруге ойланады. Сонда уәзірі Қырғиқабақ: «Хан қараға қызын бермес, одан гөрі құдалық той жасап, тоқсан тоғыз отау тіктіріп, ең ақырғы үйден ор қазып, екі жендетті қойып, барлығын қырып жіберу керек», — дейді. Ханға бұл сөз мақұл келіп, Ойсылдың бала-шаға, қатын-қалашын — барлығын қырып жібереді. Хан үйіндегі тігінші болып жүретін алтын қайшылы Избике аман қалады. Бұл әйел Ойсылдың отыз ұлының біреуінің әйелі екен. Сол кезде Тұрымбет батыр ту бегі болса керек. Жау шыға ма деп қарауыл болып жолға шығып кеткен, сол тірі қалады. Жорықта жүрген Арыстан батыр, сол аман қалады.

Хан қызы түнде толғатып ұл табады. Жаурап өлмесін деп көңге көміп қояды да, алтын қайшылы Избикеге хабарлап, баланы алдыртып, асыратады. Атын көңге көмілгендіктен «Көңірдек» қояды.

Хан Жәнібек үйсіндерден қорқып қашып, Ертіс басы Қарадөңге барып хандық қылады. Сондағы отыз ұлдың қырылған жері «Өлікті» атанады.

Жауға жорыққа аттанып кеткен Арыстан батыр қайтып келеді. Кейін алшындар мен дулаттардан қол алып барып хан Жәнібекті өлтіреді.

Мұнан соң, Тұрымбет батыр әменгерлік жолымен алтын қайшылы Избикені алады. Содан екі бала болады: бірінің аты — Манат, бірінің аты — Нан. Алтын қайшылы Избике үш баланы асырап өсіреді. Манат ту бегі Тұрымбетке қарап «Тутаңбалы» атанады. Нан шешесіне қарап «Қайшылы» атанады.

Бұл кезде Бораштың төркіндеп кеткен қатыны ұл табады. Атын Қобысай (Құбасай деп те атайды) қояды. Қобысай он екі жасқа келген соң нағашысы алшын Қыдырбай көп мал беріп, оны өз жұртына жібереді. Елге келген соң Қобысай үйленіп, екі бала көреді: бірінің аты — Ақсиық, бірінің аты — Қожасиық.

Ақсиықтан — Елібай, Жаңабай, Айтбозым — үш ата тарайды.

Қожасиықтан — Батыр, Жайдақ, Қарабатыр, Байжігіт, Шалдар тарайды.

Хан қызынан туған Көңірдектен — Ақкөңірдек, Қаракөңірдек тарайды.

Тұрымбет батырдың балалары Манаттан — Тутанбалы, Наннан — Қайшылы тарайды.

Ойсылдың отыз ұлының бірі Жанастан – Ысты тарайды.

Ойсылдың отыз ұлының келесі бірі Жарымбеттен – Досманбет, одан – Шапырашты тарайды (*Дерек белгілі түріктанушы ғалым Құлмат Өмірәлиевтің (1930-1985) қолжазбасынан алынды. Деректі жеткізуші білікті шежіреші Зайыр Сәдібекұлы (1930), Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы; З. Сәдібекұлы. Біз (Қазақ) Қас Сақпыз. – Шымкент, 2007. 52-53-беттер).*

ОШАҚТЫ. Шежіредегі қария сөздің айтуы бойынша Ұлы жүздің анасы Жұпар бәйбіше ұйықтап жатса, шаңырақтан түскен нұрға бойы балқып, жүкті болыпты. Айы-күні жетіп, дүниеге бір ұл бала келеді. Жұпар алғашқыда сырт көзден жасқанып, баланы жерошаққа жасырып жүреді. Осыдан баланың есімі Ошақты аталып еді дейді.

Ұлы жүздің нокта ағасы, яғни, жолы үлкені – жалайыр. Жалайырдан кейінгі жолы үлкені – ошақты. Жалайыр жоқта жол ошақтыға беріледі (*Н.И. Гродеков*).

ӨТЕЙДІҢ ҰРАНҒА ШЫҒУЫ. Шежіре дерегінде Албаннан – Шыбыл, Сары есімді екі бала туған. Осының Шыбылынан – Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Ботый, Бойдақ, Өтей есімді бес бала туады.

Шыбыл өз балаларының ішінен Ботыйды ел арасына келіп молдалық жасап жүрген саудагерге: «Баламның сауатын ашып бер», – деп жанына қосады. Саудагер еліне қайтар кезде Ботыйды өзімен бірге ала кетеді. Араға біраз уақыт салып, баласы Ботыйды алып келу үшін Шыбыл жолға шығады. Шыбылдың арнайы жолға шығуына Ботыйдың жас кезінен аурушандығын шешесінің уайымдай беруі де себепші болса керек.

Бәрі де жазудан ғой, жол үстінде малға тиген жолбарысқа Шыбыл қарсы шығып, мерт болады. Артынша аурушан баласы Ботый да қайтыс болып, елге қаралы хабар жетеді.

Арада үш-төрт ай уақыт өткенде Шыбылдың жүкті болған әйелі босанып, ұл бала табады. Содан ел-жұрт келісіп, екі бірдей арысымыздың орны өтелді деп, баланың атын Өтей қояды.

Өтей ағасы Қоңырбөріктің қолында тәрбиеленіп, ержетеді. Күндердің бір күнінде Қоңырбөрік өзіне тете ағасы Қызылбөрікке: «Мына Өтей есейіп қалды, еншісін белгілесек қайтеді», – деп ақылдасады. Қызылбөрік болса: «Өтей үйленсін, сонан соң көрерміз», – деп, іштарлық жасағандай сынай танытады. Бұған ренжіген Қоңырбөрік: «Өтей менің қолымда болған соң іштарлық жасап отырсың ғой, Тәңірдің жазған несібесі бар шығар, мені Өтейден Құдай бөлмесе адам бөле алмайды, ұрпағымның руы – Қоңырбөрік, ұраны – Өтей болады», – дейді.

Қоңырбөріктің сөзі періштенің құлағына шалынып, ұрпағы өсіп-өніп, Қоңырбөрік деп аталатын рулы елге айналады да, Өтей есімі ұранға шығады (*Дерек беруші Инақын Ақшалұлы (1909 ж.), Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы, Қарадала*).

САРЫҮЙСІН. Бәйдібектің бәйбішесінің есімі Сарықыз екен. Сарықыз десе дегендей, ақсары, шегір көз адам болыпты. Бәйбішелік жолына лайық әміршіл, аду-

ын мінезді еді дейді. Сарықыз бәйбішеден Бәйдібек тоғыз ұл көріпті. Бәйбіше ауылы атанып, ақарлы-шақарлы ел болып отырады екен.

Бірде, ел жазылып жайлауға шыққан кезде, Сарықыз бәйбішенің ауылы да тау бөктеріндегі шүйгін шатқалды өрлеп барып қоныс етеді. Таулы жердің жауын-шашыны мол. Бір күні жойқын нөсер жауып, таудан сел жүріп, Сарықыз бәйбішенің балаларының ауылын сел шайып кетеді. Тоғыз ұлы бірдей бала-шағасымен опат болады. Тек қана Байтоқты деген баласының Ұшан атты келіншегі төркіндеп кетіп аман қалады. Ұшанның жанына ерген Сарықыз бәйбішенің қызы, яғни, Байтоқтының қарындасы Алтын да аман қалса керек.

Ұшанның аяғы ауыр екен, төркіндеп жатып босанады. Әжесі сияқты шикіл сары ұл туады. Оған Мырзақаз деп ат қояды. Мырзақаздың емшектегі кезінде Ұшан қайтыс болып, Алтын қыз Мырзақазды сүт беріп асырайды. Бір әулеттен қалған жалғыз тұяқ — Мырзақазды Алтын «Сыйлықсары» деп мәпелесе, нағашы жұрты «Сарыүйсін» деп еркелетеді. Ақыры нағашы жұртының аузы дуалы болып, Мырзақаз есейе келе ел ішіне Сарыүйсін деген атпен танылады.

Сарыүйсіннен (Мырзақаз) — Жақып пен Қалша туады. Жақыптан — Баба, Жаулантай, Жанай, Солтанқұл, ал Қалшадан — Қайқы, Сопы туып, олардың да ұрпақтары өсіп-өнген.

СУАН. Суан өте ірі, кеуделі адам болған екен. Ат үстінде екі тізесі аттың құлағын қағып отыратын көрінеді. Бұл алып адамды тек бөрте қызыл ат ғана көтереді екен. Жоңғарлармен көрші отырғандықтан, жылқыларына тыныштық болмапты. Бір жолы сондай бір қарбалас кезде Суанбайдың жылқысын жоңғарлар айдап кетіпті. Жасы жетпіске таман келіп қалған қарт жол жүруді ауырсынып, өзі бір шатқалда қалып, өзінің басына киіп жүрген ақ қалпағын Хоңтажыға жібереді. Баратын сарбазға былай депті:

— Хоңтажыға айт: «Мынау — Суан батырдың қалпағы. Өзі келе алмады. Өзі үшін бұл қалпақ келді. Иіскесе тарқар шері», — дерсің. Хоңтажы еріксіз иіскер. Сонда оның басына бүкіл мынау Алатау құлайды, кара орман күңіренеді. Жетісудың жеті өзені басып-жаншып есін шығарады. Иіскет, қызығын көр. Бір ескертетінім: Хоңтажыға жеткенше қалпақтан айырылып қалма. Бар, жолың болсын. Әумин!» — дейді.

Көкірегі әлі басыла қоймаған сарбаз Хоңтажыға келді. Алдына келіп жүгінді. Суан батырдың айтқан сөзін бұлжытпай айтты. Хоңтажы Суанның қалпағын қолына ұстады. Ары-бері көрді. Көрді де айтты:

— Бұл өзі адам ба, мына қалпақ сұмдық қой. Мынау қалпақ па, жоқ әлде түндік пе?! — деді танданып. Содан кейін қасиетті қалпақты иіскеді. Иіскеуі мұң екен, көзі шарасынан шықты. Езуінен су ақты. Екі қолы ербендей бастады. Өзінің нөкерлерінің атын атады. Үй іші қорқып, Хоңтажыға су шашты. Есі кірді. Хоңтажы есін жиып:

— Мына суан жігітінің малын тегіс қайтарындар. Көзі барының көзін, көзі жоғының төлеуін үш еселеп беріндер! — деді. Сарбаз барлық малды айдап, таудың ішінде жатқан Суан батырға келді. Батыр ұйықтап жатыр екен. Оятып бар мән-жайды айтты. Бұлар ауылына келсе, бәйбішесінің үйі жоқ. Бәйбішесі Досбағыс, Жанбағыс

деген екі ұлын алып, Тәшкеннің түбіне қарай көшіп кетіпті. Себебі: «Суан өлді, енді бізді өлтіреді», – депті. Кіші әйелі: «Суаннан жаным артық емес, Байтүгейден, Тоқарыстаннан жаным артық емес», – деп қалыпты. Ташкенді бетке алып кеткен екі баласы мен әйелін Суан іздемепті (*Шежіреші Иса Дәуітұлының жазбасынан; Суан. Құрастырған Сұлтанбек Ешмұхамбетов. – Алматы, 1993. 19-20-беттер*).

СЫРЫМБЕТ ҚЫРҒЫНЫ. Талдықорғанның Текелісіндегі Таусырымбетті қоныстап отырған жалайырларға 1916 жылы казак-орыстар салған ойран күні бүгінге дейін ел есінде. Патшалық Ресейдің әйгілі «Июнь жарлығына» Таусырымбеттегі жалайырлар да наразы болып, «жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, өздерінше қам-қарекет жасайды. Жазықбай батыр ат жалын тартып мінер ер-азаматтарды жинап, казак-орыстар тарапынан болуы кәдік шабуылға тойтарыс беруге дайындалады. Байбөрлі ұста бастаған қолы іс білетін жігіттер қару-жарақ соғумен айналысады.

Осы жағдай Талдықорған, Қапал төңірегіне шоғырланған казак-орыстарға мәлім болып, Биденко және Андрей (Қара Андрей) деген атамандар бастаған 270 солдат бір түнде Таусырымбеттегі ауылды қоршауға алады. Содан, ауылдағы 71 ер-азаматты іріктеп алып, оларды бала-шағаларының көзінше қойдай иіріп тұрып атады. Жазықбай батыр мен Байбөрлі ұста бастаған 11 адамды Гавриловканың түрмесіне алып барып, оларды азаптап өлтіреді. Осы 11 адамның ішінен айдауға кесіліп, аман қалған Жазықбай батырдың Биболат деген баласының айтуында Жазықбай батыр мен Байбөрлі ұстаның мойындарына тесік тақтай кигізіп, қолдарын керіп, алақандарынан қызған темір өткізген. Сонсоң, қол-аяқтарынан бастап қылышпен шауып отырып өлтірген. Кейін Байбөрлінің қол-аяғы мен басы жоқ денесін Досымбек деген туысы жерлейді. Ал, Жазықбай батыр өлерінде бар күшін жинап: «Ата жауда кеткен кегім жеті ұрпағыма аманат!» – деп ышқына дауыстап барып көз жұмып еді дейді.

Осы оқиғаны Таусырымбеттің жалайырлары шежіре сөзіне қосып, күні бүгінге дейін айтып отырады (*Дерек беруші Сахан Бектасұлы, Талдықорған қаласы; «Жетісу шұғыласы» газетінің 1987 жылғы 5, 12, 17 қараша айындағы сандарында Сырымбет қырғынына қатысты материалдар басылды*).

СІРГЕЛІ. Қазақтың қария сөзі бойынша Үйсін мен Ойсыл (Ойсын деп те атайды) ағайынды болса керек. Ойсылда отыз ұл болыпты. Сол отыз ұлдың ішінде Бораш есімді баласы жарамды болып ержетіп, әз-Жәнібек ханның қызметінде жүреді екен. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деген емес пе, ханның Алтынай есімді қызы мен Бораш екеуі бірін-бірі ұнатып, көңіл жарастырып жүреді. Күндердің бір күнінде бұл оқиға ханның құлағына жетіп, әз-Жәнібек: «Хан етегін қара басты, алтынға жез араласты», – деп қатты қорланады. Сөйтіп, Бораштың көзін жоймаққа бел буады. Бораш болса ел-жұртқа танымал, жағымды жігіт. Оның үстіне отыз ағайынды. Хан осының бәрін ойластыра келе, ел жазылып жайлауға қонғанда, оңашалау бір қалтарысқа қырық үй тіктіріп, Борашты бас етіп, үзеңгілес серіктерімен бірге қонаққа шақырады. Ойында ештеңе жоқ Бораш өзінің нөкер жігіттерімен бірге ханның шақырған жеріне келеді. Аттарынан түсіп, қару-жарақтарын тастап, белдерін шешіп, қонақ үйлерге

жайғасады. Осы кезде ханнан арнайы тапсырма алған әскер сау етіп келе қалып, Бораһ бастаған жігіттерді қырып салады. Бұл қырғынды ел-жұртқа жаудың ісі деп қауесет таратады.

Осы оқиғадан кейін хан дегеніне жетіп көңіл демдегенімен, ханның қызы Алтынай жүкті еді дейді. Болар іс болған соң Алтынай қайғысын ішке жұтып, сыртқа сырын шашпай, көзден таса жүріп, ай-күні жеткенде оңаша босанады. Содан, бала қырқынан шыққанша хан сарайының сыртындағы көң қорада сақтайды.

Сол кезде ойсылдан шыққан Тұрымбет деген бір ісмер адам хан сарайында қызметте жүреді екен. Алтынай жасырын тапқан баласын қырқынан шыққан соң құндақтап, Тұрымбетке: «Сендердің қандас бауырларың еді», — деп әкеліп береді. Тұрымбет ісмердің өзінде де екі бала болса керек. Үшінші баласы етіп Бораһ пен Алтынайдың арасынан туған баланы да асырап алады. Бұл үш баладан өсіп-өнген ұрпақ кейін «Үштанбалы» атанған.

Енді сіргелі тайпасының қалай жаралғанына келейік. Ойсылдың Бораһы хан қызы Алтынаймен көңіл жарастырып жүргенде өзінің некелі әйелі болады екен. Ол әйелі алшын Қыдырбай дегеннің қызы болса керек. Ол Бораһ қайтқан соң жыл уақытына дейін аза тұтып, сонсоң төркіндеп қайту үшін Құбасай деген жалғыз баласын ертіп еліне келеді. Сол келгеннен елінде қалып қояды. Түбі ойсыл Құбасай алшын ішінде ержетеді, әкесінің өзіндей болмаса да көзіндей жігіт болады. Жақсы болып өсіп келе жатқан жиеніне деген Қыдырбайдың да ықыласы ерекше болса керек.

Күндердің күнінде Қыдырбай жиені Құбасайға батасын беріп, еліне қосылуына рұқсат етеді. Көшінің басы болсын деп алты ақ бас атан шығарып, жиеннің жолы деп сіргеленген тайларымен қырық қысырақты алдына салады.

Содан, Құбасай көшкен елдей болып Қазығұрт өңіріне жетеді. Ел-жұртымен табысып өркен жаяды. Нағашысынан алып келген сіргелі тайлары бар қырық қысырақ қырық үйір жылқы болады. Сол сіргелі тайларды меңзеген былайғы жұрт Құбасайдың өсіп-өнген ұрпағын «Сіргелі» деп атайтын болады (*Дерек берушілер: Әулетай Жолдасбекұлы (1920 ж.), Алматы қаласы; Ә. Шілтерханов. Сіргелі. — «Ана тілі» газеті, 1994, 14 шілде. Шежіре дерегінде Кіші жүз байұлының шын есімі Қыдырбай екені де, сондай-ақ «Сіргелі» атанған Құбасайдың нағашысының есімі де Қыдырбай екені назар аударады).*

ҰЛЫ ЖҮЗ. Шежіре деректерінің бір үлгісінде Ақарыс атанған Ұлы жүздің түп атасы Кейкі еді дейді. Кейкіден — Төбей туса керек. Төбейден — Майқы, Қоғам, Мекіре, Қойылдыр есімді төрт бала туады. Осы төрт ұлдың Қоғамынан — Қанлы мен Шанышқылы туған. Мекіре мен Қойылдыр ұрпағы тәжік, түркімен, ауған, иран арасына сіңген дейді. Майқыдан — Бақтияр, Бақадыр туған. Бақадыр ұрпағы да ауған, иран арасына сіңіп кеткен. Ал, Бақтиярдан — Үйсін мен Ойсыл туған.

Ойсылдан — Сіргелі болып тарайды.

Үйсіннен — Жансақал, Ақсақал туған. Жансақалдан — Жалайыр туған. Жалайырдан — Сарыманақ, Шуманақ туған. Сарыманақтан — Арықтыным, Байшегір, Сиыршы, Балғалы, Қайшылы, Күшік тараса, Шуманақтан — Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе, Сыпатай өрбіген.

Үйсіннің бір баласы Ақсақалдан – Айдарлы, Сақалды туады. Бұл екеуі егіз туып еді дейді. Жаугершілік заманында Сақалды Орта жүз құрамындағы керей ішіне барып, сонда бір қызға үйленіп тұрып қалады.

Айдарлыдан – Асан, Қараша туады.

Қарашадан – Бәйдібек, Байдолла туады. Байдолладан – Шақшам, одан – Атым, Сары, Имам, Жәнібек, Қазақбай, Қара туған.

Бәйдібектен – Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ туған.

* * *

Ел ішіне кең тараған шежіре сөздің екінші бір үлгісін де келтіре кету қажет. Бұл үлгі бойынша Кейкіден – Төбей, одан – Бәйтерек пен Бақтияр туады.

Бәйтеректен – Қоғам, одан – Қаңлы мен Шанышқылы (Қатаған) туады.

Бақтиярдан – Қотан, одан – Үйсін, одан – Майқы, одан – Ойсыл мен Үйсіл туады. Ойсылдан – Сіргелі туған. Үйсілден – Сақал, одан – Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарак) туады.

Жансақалдан – Жалайыр туған.

Ақсақалдан – Қараша би, одан – Байдулы мен Бәйдібек туған.

Байдулыдан – Шақшам туады.

Бәйдібектен – Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ туған.

Байтоқтыдан – Сарыүйсін туған.

Жалмамбеттен – Шапырашты, Ысты, Ошақты туады.

Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат туған.

* * *

Диқанбай батырдың айтуымен ертеректе (XIX ғ.) хатқа түскен шежіре дерегі бойынша қазақтың түп атасы – Алаша. Алашадан – Жаншора, Байшора, Қарашора есімді үш ұл туады. Үш жүздің қазығы осы ағайынды үш кісі.

Байшорадан – Жұманбай, одан – Киікбай, одан – Төбей, одан – Майқы би туған. Майқы биден – Бақтияр, Қаңлы, Қырықжүз, Мыңжүз деген төрт бала туған. Сөйтіп, төрт рулы елге ұласқан. Ең үлкені Бақтиярдан – Үйсін мен Сіргелі туады. Үйсіннен – Ақсақал мен Жансақал (Жалайыр) туады. Ақсақалдан – Қараша бек, одан – Бәйдібек туады.

Бәйдібектің бәйбішесінен – Сарыүйсін, үлкен тоқалынан – Жалмамбет, кіші тоқалынан – Жарықшақ туады. Жалмамбеттен – Шапырашты, Ысты, Ошақты туған. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат туған (*Аристов*).

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ АҢЫЗ-ӘПСАНАЛАРЫ. Ұлы жүз қазақтары өздерін байырғы монғол жұртының үйсіндерінен өрбітеді, түп атасын Шыңғыс ханның замандасы Майқы би деп есептейді.

Қазақ халқының пайда болуы туралы және үш жүздің құрамына өздерінің қалай қосылғандары жайында олардың түсінігі мейлінше күңгірт. Біреулері қазақты Есіл

даласын кезіп жүрген ноғайдан тарапты дейді. Енді біреулері қазақтың түп тегінде ру-тайпа дегеннің болмағанын, олардың дала кезіп жүріп шеген дейтін кәпір елдің қыздарына үйленетінін, содан, ноғайлар мұсылман болғанымен, әйелдері кәпір болып, екі діндегі жұрттардың қосылуынан қазақ халқының жаралғанын айтады. Түптеп келгенде, осы аңыздың астарында түркістандық әсер-ықпалдың бар екенін, қазақтардың өздері де солардың сөзіне ден қоятынын атап өткен жөн; бұлай деп өзбектер де айтады, осы сөзді біз Қапалдан да естідік. Келесі бір аңыз, тәрізі, орта-азиялық мұсылмандардың діни ықпалынан туындаған болу керек. Мұхаммед ғалайссаламның сахаба жолдасы Орта жүздің түп атасы еді дейді. Жебірейіл (Гавриил) періштенің аян беруі арқылы пайғамбар өзінің көп кешікпей фани жалғанмен қоштасатынын, сонсоң пейіштің төрінен мәңгі-бақи орын алып, хор қыздарының ықыласына бөленетінін біліп, дос-жарандарын шақырады және оларға осы жайды айтып, тіршілікте көңілдерін қалдырған сәттері болса кешірім өтініп арыздасады. Мұны естіген дос-жарандары: «Сен Алланың досы емессің бе, бізге жасаған қылдай қиянатың жоқ!» — деп, зар еңіреп қоя береді. Тек, Оққаша деген бір сахаба ғана пайғамбарға наразылық білдіріп, кезінде бәлен деген қаланы қоршауға алғанда жазықсыз жонынан қамшымен тартып жібергенін айтыпты. Мұхаммед шын-нында да қателігін есіне түсіріп, қарымтасына арқасын тосады. Сол жерде Әбубәкір, Омар, Осман, Әлі бастаған шариярлар мен ақсүйектер Оққашадан сауға сұрап шырпыр болады. Оққаша ешкімнің сөзіне құлақ аспайды, жұртшылықтың қарғап-сілегенін де тындамайды, қамшысын қолына алып, Алланың сүйікті құлының ту сыртына келеді де, арқасын ашуды сұрайды. Пайғамбар көйлегін шешеді. Оққашаға да керегі сол екен: пайғамбардың арқасына Құдайдың мөрі басылғанын, оны сүйген өлімді пенде дозақ отына күймейтінін білуші еді дейді. Пайғамбардың жалаңаш арқасын қамшымен ұрудың орнына Оққаша басын иіп, бір сүйеді де жайына кетеді. Алайда, пайғамбардың көңіліне кірбің ұялатып, жұртшылықты назаландырғаны үшін Құдай Оққаша мен оның ұрпағына көшпелі өмір сүріп, көшелі сөзді жұбаныш етуді, қарындарының аш болмауын, иіндерінің жалаңаш болмауын нәсіп еткен екен. Сол Оққашадан үйсіннің түп атасы мен ел-жұрты тарайды.

Сонымен бірге, олар Ұлы жүз үйсіннің түп атасы ретінде, Майқыдан көп бұрын өмір сүрген, Төбей дегенді де айтады. Аңыз бойынша, Төбейде төрт ұл болған — Қойылдыр, Мекірен, Майқы және Қоғам. Қойылдырдан қатағандар тарайды, олар кейін өзбек халқы жаңадан жасақталған кезде (XV-XVI ғғ.) сол елдің негізгі руы болды. Мекіреннен өрбігендер., Майқыдан тараған — осы үйсіндер. Ал, Қоғам болса — қаңлылардың түп атасы. Майқыдан — Абақ туады. Абақтың бәйбішесінен — Бәйдібек туады, тоқалынан... және күнінен..., Бәйдібектің үлкен ұлы — Сары., екінші ұлы — Жорықшы, сондай-ақ, әулие атанған екінші әйелінен де бала болған. Жорықшыдан үш бала туған: біріншісі Албаннан — албандар, екіншісі Дулаттан — дулаттар, үшіншісі Суаннан — суандар тарайды. Мекіре... түп атасы, одан екі бала: Шуманақ пен Сырманақ. Албаннан екі бала: Сары мен Шыбыл. Сарыдан екі бала: Сүйеркүл мен Таубасар. Шыбылдың балаларының аты., ал, Майқыдан өрбіген ұрпақты жинақтап — Абақ дейді. Үйсін атауы болса, негізінен үйсіндерге қатысты болғанымен, қария сөздердің қартында исі Ұлы жүзді қамти айтылады. Ұлы жүз

ортасында үйсіндердің монғолдарға дейін жеке ел болғаны, олардың Майқы биі Шыңғысты хан көтерген жиынға қатысқаны айтылады.

Ал, енді, қазақ халқының құрамына үйсіндердің қалай қосылғаны жөнінде мынандай сөз бар: Алтын Орда мен Шағатай ұлыстары ыдыраған соң, ішкі ырың-жырың салдарынан тайпалардың да бірлік-пәтуасы қожырай бастады, биліктің тізгінін ұстап, қоғамның қамын ойлайтын басие болмай қалды, әр ру өзімен-өзі болып кетті, сол кезде ел-жұрт Есіл даласына жиналып...

Көнекөз қарттардың айтуы бойынша, ол кезде жартылай отырықшы ел-жұртқа қарағанда өмір-салттары бөлекшелеу болған соң, сахара көшпелілерін жинақтап «ноғай» деп атайтын. Ноғайлы, өзбеклі... атаулары содан.

Шынында да... «ит» деген мағына беретін «ноғай» атауын көшпелілерге өз тумаластары бергенін бажайлау қиын емес, Өзбек ханның тұсында Алтын Ордада, Тарма-Шырын ханның тұсында Шағатай ұлысында мұсылманшылықты қабылдағандар... байырғы наным-сенім мен әдет-ғұрып ұстанатындарды итке теңеген ғой.

Қырғыздардың, наймандардың және Қырым ноғайларының арасында пұтқа табынушылық әлі күнге дейін өз күшінде, оларға әзірше уақыттың құзыры әсер ете қойған жоқ. Үш жүзден құралған... ел-жұрттың кейінгі тарихи тағдырына қатысты қария сөз былай дейді: Еңсегей бойлы Ер Есімге дейін (1636 ж) үш жүздің бірлік-пәтуасы жарасып, бір ғана ханның құзырында болды. Шу өзенінің сыртындағы... үйсіндер хан ордасына жақын манды қоныс етті, тіптен, ханның өзімен қонылас еді. Ал, қатағанның хан Тұрсыны кезінде, онымен тізе қосқан үйсіндер Ташкентті алды (*Ш.Ш. Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. — Алматы, 1984. 273-276-беттер*).

ШАПЫРАШТЫ. Бірінші аңыз. Бірде Бәйдібек би жанына сенімді серіктерін ертіп, сайланып шығып саят құрады. Аң-құсы жыртылып-айырылатын қалың жынысты кешіп келе жатса, гүр-р еткен жолбарыс дауысы естіледі. Бес қаруын сайланып шыққан жігіттер дереу тақым қағып, із кессе, уыздай байталды жығып, етін еңсере жеп жатқан жолбарысты көреді. Жас етке сылқия тойған жолбарысты аңшы жігіттер қаумалап жүріп соғып алады да, «үйіріңмен үш тоғыз» деп Бәйдібек бидің алдына көлденең тартады. Түз шерісіне Бәйдібек бидің де көңілі толып, жетектегі атқа өңгертеді. Аңшылықтың дәстүрі бойынша аң патшасын соққан соң, әрі қарай аң аулауды тоқтатып, ауылға бет түзейді.

Бәйдібек бастаған топ сарыала жолбарысты салақтатып бір ауылдың тұсынан өтеді. Сол кезде бұлардың соңына жаулығы желбіреген бір әйел ілеседі. Өкшелеп қалмай келе жатқан әйелді байқаған Бәйдібек тізгін тартып жөн сұрайды. Сонда әлгі әйел: «Мырзалар, айып болмаса, мына жолбарыстың бауыры мен жүрегін беріп кетсеңіздер», — дейді. Бәйдібек сөзге келместен әйелдің тілегін қабыл алып, жігіттеріне жолбарыстың жүрегін мен бауырын алдыртып бергізеді. Әйел алғысын айтып кері қайтады.

Сол жерде Бәйдібек бір жігітін жұмсап, жансыздап білдіртсе, әлгі әйел қоңырат ішіндегі Қызылби атанған Мелдебидің Тәуіркөз деген бәйбішесі екен. Жолбарыстың жүрегін мен бауырын жеп, жерігін басқаны белгілі болады.

Бұл оқиғаны Бәйдібек бір сыр көріп, көкейіне түйеді. Көп кешікпей Қызылбидің бәйбішесі Тәуіркөздің босанып, қыз тапқанын, оған Жұпар деп ат қойғанын естиді.

Содан, Тәуіркөз белін бекітіп, бала қырқынан шығып, бесікке салынған кезде Бәйдібек би барша жөн-жоралғысымен, сән-салтанатымен Қызылбидің үйіне келіп түсіп, бесік құда болғысы келетін ниетін білдіреді. Бәйдібек өзінің сұлу Зеріп деп атанған екінші әйелінен туған Жалмамбет (Жәлменде) дейтін баласына Жұпар қызды қалап, Құдай қосқан құда болғысы келетінін айтады.

Сонда, Қызылби ойланып отырып Бәйдібекке: «Бәйдібек, бұл ниетіңнің қандай себебі, нендей негізі бар?» — деп сұрапты. Бәйдібек: «Себебі де, негізі де біреу-ақ, Тәуіркөз бәйбішенің жерігін өзім қандырып, ырым көріп едім», — депті. Сонда Қызылби: «Е-е, баламның тіні менікі болғанмен, ділі сенікі екен ғой», — деп оң шырай танытыпты.

Арада он шақты жыл өткенде ата-аналарының ақ баталарын алып, Жалмамбет пен Жұпар қосылады. Бәйдібек ауылына келін болып түскен Жұпар қазақтың жанама ат қоятын дәстүрімен Мапырашты атаныпты дейді.

Кешікпей Мапырашты жүкті болып, арыстай бір ұл табады. Ауылдың дуалы ауыз бір қарты нағашы әжесінің жолбарыс жүрегіне жерік болғанын ырым көріп, баланың есімін анасы Мапыраштыға ұйқастыра Шапырашты деп қояды. Шапырашты ержүрек, батыр болып даңқы шығады.

Шежіре дерегінде Шапыраштыдан — Малдыстық, Желдыстық, Қалдыстық аталары өрбіген.

Малдыстықтан — Айқым, одан — Қайдауыл, Қалқаман туған. Желдыстықтан — Екей, Ескожа туған. Екейден — Жәрімбет, Бәйімбет, ал Ескожадан — Алтынай, Шуаш туған. Қалдыстықтан — Асыл, Шыбыл туған. Асылдан — Көрпе, Өмір, ал Шыбылдан — Ораз, Байыс, Иманша, Исақ, Сары туған.

Ел ішіндегі шежірелердің келесі бір үлгісінде Шапыраштыдан — Ыстық, одан — Күрт, одан — Абадан, одан — Бөрлі, одан — Тұранбай, одан — Ұран, одан — Бес, одан — Шам туыпты дейді. Шамнан — Малды, Қалды, Желді деген үш ұл туған. Бұл үшеуінен өрбіген ұрпақты ел аузында «Үш Ыстық» деп те атайды. Мұнан әрі шежіре бойынша Малдыдан — Екей, Еміл туған. Екейден — Жәрімбет, Бәйімбет туған. Емілден — Ерен, одан — Ерман, Қошиман, Алысай туған.

Қалдыдан — Айқым, одан — Қайдауыл, Сейітқұл, Қалқаман туған.

Желдіден — Шыбыл мен Асыл туған.

Екінші аңыз. Бәйдібек би үш некелі болса керек. Бірінші әйелі Сары бәйбішеден — Байтоқты (кейбір деректерде Сарыбай) туып, одан өрбіген ұрпақ Сарыүйсін атанған. Екінші әйелі Зеріптен — Жалмамбет, одан — Шапырашты, Ошақты, Ысты туған. Үшінші әйелі Нұриладан (бұл кісіні ел-жұрт қадірлеп Домалақ ене деп атаған) — Тілеуберді (жанама аты Жарықшақ), одан — Албан, Суан, Дулат туған.

Атадан балаға жеткен қария сөздің айтуы бойынша, Бәйдібек би екінші әйелі Зеріптен перзент көріп, есімін Жалмамбет деп қояды. Жалмамбет ержеткенде текті жерді тандап жүріп, қоңырат Қызылби (шежіре деректерінде Мелдеби деп те айтылады) деген кісімен құда болып, оның Мапырашты деген қызын келін етіп түсіреді (кейбір шежіре дерегінде Мапырашты лақап аты, шын аты Жұпар еді, кейде Миранш еді деп те айтылады).

Күндердің бір күнінде Бәйдібек би қосшыларын ертіп, аң аулау үшін салбурынға шығады. Бәйдібектің қостап шыққан салбурыны сәтті болып, қанжыға майланып, қайтуға қамданған күні қансонар түседі. Аңсақ жігіттер: «Құдай сәтін салып тұр ғой, бір сонарлап, төніректі шолып қайтайық», — деген соң, Бәйдібек серіктерінің сөзін жықпай атқа қонады. Кешікпей-ақ, өзіне ғана сеніп жортқан жалғыз арланның сонарға мәрдей болып түскен ізі кезігеді. Аңшылар: «Иә, сәт!» — деп шоқыта жөнеледі. Сонар күнгі іздің мойны қашық болмайтын әдеті ғой, әне-міне дегенше қасқырдың да бойы көрінеді. Айтса айтқандай, өзіне-өзі сенген есік пен төрдей көкшулан екен, ұзақ жүгіріп, жігіттерді біраз әуре-сарсаңға түсіріп барып әрең соқтырады.

Содан, аңшылардың мінген аттары қырауытып, ауылға кештетіңкіреп оралады. Ас-су қамдалғанша жігіттер көкшулан арланды союға кіріседі. Сол кезде көрші-қолаңның бір қыз баласы келіп, сыпайы ғана тілмен қасқырдың бауырын сұрайды. Мұндай тосын қылықты жігіттер елей қоймаған екен, сол жерде Бәйдібек би: «Баланың меселін қайтарма», — деп, қасқырдың бауырын алдыртып береді. Сонсоң жігіттерінің біріне иек қағып, «байқашы, қайтер екен» деп, ізіне салып жібереді. Сөйтсе, жерігін басу үшін қасқырдың бауырын алдыртып отырған Бәйдібек бидің келіні Мапырашты екен дейді. Мұны Бәйдібек би бір сыр етіп, «Е-е, Тәңірім, қайырын бере гөр!» — деп, көкейіне түйіп қояды.

Арада біраз уақыт өткенде Мапыраштың айы-күні жетіп, дүниеге бір ұл бала келеді. Баланы Бәйдібек би алдыртып қараса, бір көзі ашық, келесі көзі қысық және алақанында шеңгелдеп қысқан қан бар екен дейді. Сол жерде Бәйдібек би: «Ниет-тілегім қабыл болған екен, баланың аты Шапырашты болсын!» — депті.

Шапырашты туған соң, жолдасы түспей Мапырашты қайтыс болыпты. Мұны естіген Қызылби: «Бәйдібектен кіндігімді үзбеймін», — деп ниет білдіреді. Содан Мапыраштының сінлісі Қарашашты Жалмамбет балдыздай алады. Қарашаш Шапыраштыны бетінен қақпай, ешкімнен кем қылмай өсіреді. Шапырашты дүйім жұртқа даңқы жайылған батыр болады.

Жалмамбет пен Қарашаштың арасынан — Ошақты, Ысты туған.

Үшінші аңыз. Бәйдібек бидің ортаншы әйелі Зеріптен туған жалғыз ұлдың есімі — Жалмамбет. Жалмамбет ақыл тоқтатып, оң-солын танып, жасы отызға жақындағанда қоңырат Мелдебидің (Қызылби деп те атайды) үлкен қызы Жұпарға үйленеді. Жұпарды биязы мінезіне орай ауыл адамдары Мапырашты (кейбір шежіреде Миращ деп те аталады) деп атап кетеді. Жұпар келін болып ұзатылғанда өзімен сырлас болып өскен Сыланды деген қыз бірге келсе керек.

Күндердің бір күнінде Бәйдібек би аңға шығып, олжалы оралады. Арнайы қазылған аран-орға жолбарыс түскен екен, соны тұмылдырықтап тірідей алып қайтса керек. Жолбарысты арылдатып-күрілдетіп аңшылар ауыл шетіне жақындағанда, Жұпарға тілеуқор, сырлас бір келіншек алдарынан шығып, тізе бүгіп тағзым етеді де, Бәйдібек биден сыралғы-сауға сұрайды. Сол жерде Бәйдібек сөзге келмес-тен серіктеріне жолбарысты жеткіздіртіп береді.

Мұның мәнісі, Жұпар жолбарыс жүрегіне жерік екен дейді. Жұпар жолбарыс жүрегін жеп жерігін басады.

Содан, айы-күні толып, Жұпар арыстай бір ұл табады. Бірақ, жолдасы түспей өзі дүние салады. Жұпар өлер алдында енесі Зеріпке айтқан өтініші ескеріліп, «Мапыраштының көзі ғой, анасын еске салып жүрсін» деп, баланың есімін Шапырашты қояды. Анасыз қалған Шапыраштыны Зеріп пен Сыланды қамқорлықтарына алады.

Баланың Шапырашты атануы, туғанда бір көзі бір көзіне атысып, шапыраштанып туған екен дейтін де сөз бар.

Шапырашты ерекше жаужүрек, батыр, зерделі болып өсіп, жұрт аузына ілінеді. Кейін ұрпағы өсіп-өніп, рулы елге айналғанда, ұлы аналары Жұпар (Мапырашты) жолбарыс жүрегіне жерік болғандықтан, бүкіл шапырашты елінің киесі — қызылшұбар жолбарыс болады (*Дерек берушілер: Аубай Байғазыұлы (1937 ж.), Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылы; Әбдірахман Ілебайұлы (1917-1991 жж.), Алматы облысы, Қарасай ауданы; Бәйдібек баба — Алып бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. — Алматы, 2000. 81-бет*).

ЫСТЫ. ОШАҚТЫ. Бәйдібек бидің екінші әйелі сұлу Зеріптен — Жалмамбет туған. Жалмамбеттің бірінші әйелі қоңырат ішіндегі әйгілі Қызылбидің (Мелдеби) қызы — Жұпар. Осы Жұпар ұзатылғанда өзімен бірге бірнеше күтуші қыздар еріп келсе керек. Солардың ішінде ақылына көркі сай Сыланды есімді бір қыз болады. Кейін осы қызды Жалмамбет ұнатады да, бәйбішесі Жұпардың ризашылығымен екінші әйелі етіп алады.

Сыланды үнемі таза киініп, үстіне иіс май сеуіп жүретін кербез жан болса керек. Осы қасиетіне бола Сыландыны Бәйдібектің кіші әйелі Нүрилла (Домалақ ене) «иісті келін» деп еркелетеді екен. Дуалы ауыз Нүриланың қас-қабағын баққан төңірегінде Сыландыны «Иісті» деп атап кетеді. Сыланды алғаш құрсақ көтеріп, ұл тапқанда тілеуқор енесі Нүрилла баланы жерге түсірмей етегіне орап алып, өзінің емшек сүтімен ауыздандырып: «Ұрпағың өсіп-өркендесін, өзің сияқты иісті болсын!» — деп тілек айтыпты. Осы «иісті» сөзіне орай Жалмамбеттің Сыландыдан өрбіген ұрпағы «Ысты» атанып кетіп еді дейді.

Жалмамбет үшінші әйелі Тұмаршаға бәйбішесі Жұпар дүние салған соң үйленіпті. Тұмарша Жұпардың сінлісі болса керек. Жасы келіп қартайған кезінде де шашына ақ түспеген Тұмаршаны төңірегінде Қарашаш деп атап кетеді.

Жалмамбеттің үшінші әйелі Тұмаршадан — Ошақты туады. Ошақтыдан — Атшабар, одан — Байдалы (Байыл), Тасжүрек (Ақназар), Аталық, Қоңыр туған (*Дерек беруші Жұмағұл Қуанышбекұлы Насырхан (1951 ж.), Жамбыл облысы, Талас ауданы*).

17. Орта жүз

АБАҚ АНА ЖӘНЕ КЕРЕЙЛЕР. Абақ Ұлы жүз үйсін ішіндегі Сарымырза деген кісінің қызы екен. Керейдің немересі Дана бидің баласына Абақ тұрмысқа шығады. Шымыр атты бір бала дүниеге келген соң, Абақтың күйеуі қайтыс болыпты. Жесір қалған Абаққа сол кездің әменгерлік жолымен Уақтың немерелері сөз салады. Алай-

да сөз салғандарға Абақ жолын беріп, Керейдің шаңырағын құлатпай, түтінін түтетіп отыратындығын айтады. Осыдан кейін Уақ ұрпақтары Абақты шетқақпайлап, қағажу көрсете бастайды. Содан, әбден шыдамы таусылған Абақ төркініне көшіп кетеді. Төркіні Абақты құшақ жая қарсы алып, әлпештеп ұстайды. Әсіресе жиені Шымырды Ұлы жүз елі еркелетіп, бетінен қақпай өсіреді. Бұл кезде тоқтасқан Сарымырза қарт Шымырға алабөтен бауыр басып, ел ішіндегі той-томалақ бас қосуларда жанынан қалдырмай өзімен бірге алып жүреді. Мұндайда Сарымырзаның ықыласы түскен балаға сырт көздің де назары ауып: «Бұл қай балаңыз?» — деп сұраса, Сарымырза: «Менің ашамайлы керейім ғой», — деп жауап беретін көрінеді.

Шымыр нағашысынан жақсы тәрбие алып, ел аузына ілінген азамат болып, ұрпағы өсіп-өнген бір арыс елге айналған. Алайда, «Шымыр» аты ұмыт болып, нағашысы Сарымырзаның дуалы аузымен айтылған сөзді былайғы жұрт та қайталап, «Ашамайлы Керей» деп атап кетіп еді дейді. Сөйтіп, одан тараған кейінгі ұрпақтары да «Ашамайлы Керей» атанып кетеді.

Абақ бәйбіше бетіне қарап отырған жалғыз баласы Шымырды жас кезінде оқу оқытып, білім беруді арман етеді. Сол кезде үйсін елінде арғы тегі не түрік, не өзбек Нәзір деген молда болған екен. Абақ бәйбіше баласы Шымырды қолынан жетелеп Нәзірге алып келеді. Нәзір молда мән-жайды сұрап алған соң былай дейді: «Ислам дінінің шариғаты бойынша жас әйелдің некесіз жүруіне болмайды, міндетті түрде некелесуі керек. Күйеуі жоқ некесіз отырған жас әйелдің қолынан тамақ ішу де харам. Тіптен, ондай әйел су алған бұлақтың етегінде отырған елдің сол бұлақ суымен дәрет алуына да болмайды, дәреті бұзылады. Сондықтан біреумен некелесуің керек, сонсоң ғана баланды Құдай жолымен тәрбиелеуге болады».

Нәзір молданың мұндай пәтуасынан кейін Абақ ана әрі ойланып, бері ойланып келеді де: «Моллеке, мен мынандай бір ойға келдім. Мен төркін жұртымда отырмын, сөз салатын әменгерімнің жоқ екенін білесіз. Сондықтан перзентімнің болашағы үшін өзіңіздің етегіңізден ұстасам ба деген ойға келдім. Алайда, бір шартым бар, Сізбен некелескен соң тапқан ұрпақты «Керей» деп атауға мақұл болсаңыз ғана некелік парызыма тоқтаймын», — деген тілегін білдіреді. Абақ ананың бұл тілегін Нәзір молда қабыл алып некелеседі.

Абақ пен Нәзірдің арасынан туған бала «Керей» деп аталады. Кейбір шежіре дерегінде Керейдің өңі қара болған соң, оны Қарақожа (Құттықожа) деп те атаушы еді дейді. Ержете келе Керейдің қадірі артып, төңірегі Қара би деп атап еді деген де сөз бар.

Міне, осы Керейден (Құттықожадан, Қарақожа) — Майқы туады. Бұл Шыңғыс хан заманындағы Майқы би емес. Майқының кейінгі ұрпақтарынан он екі ата абақ керейлер тарап еді дейді.

Ел аузындағы «Абақ Керей мен Ашамайлы Керей енелес» деген сөз осыған байланысты айтылған дейді.

Абақ тарихта болған адам. Күйеуінің есімі Көшебе. Өмір сүрген кезеңі XVII ғасырдаң орта тұсы. Сол кезде орыс-монғол арасында жүрген елшілердің бірі Абақты көріп, «Көшебенің бәйбішесі Абақ ханым» («Кошубаева жена князина Обакай») деген дерек қалдырған. Ел аузында «Көшебелі көп керей көше алмайды сыбансыз»

деген сөз күні бүгінге дейін айтылады. Мұнысы, Көшебенің бәйбішесі Абақтан өрбіген керейлердің көп екенін, ал керей ішіндегі сыбандар аз болғанымен әлді ата болғанын айтқаны.

Шежірешілер абақ керейлердің ХХ ғасырда 78 ата болып өсіп-өнген іргелі тайпа екенін тарата айтады (*Дерек беруші Ахмет Жүнісұлы (1926-1998), белгілі жазушы, этнограф, Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданы; Абақ керей. — Күйтің. Іле халық баспасы, 1994. 12-13-беттер; Русско-монгольские отношения. 1636-1654. Сборник документов. — Москва, 1974).*

АБЫЛАЙ ХАН, ЖӘПЕК БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЛДАН-СЕРЕН. Қалмақ ханы Қалдан-Серен қапысын тауып Абылай ханды қолға түсіргенде атығай руынан шыққан Жәпек батыр да бірге тұтқындалыпты.

Абылай ханның қолға түскенін естісімен Қалдан-Серен оны өзінің хан шатырына алып келуді әмір етеді. Жанында Жәпек батыры бар Абылай шатырға кіргенде Қалдан-Серен жолбарыс терісін жапқан алтын тақта отыр екен дейді. Кекке бұлығып жүрген қалмақ ханы Абылайды көрген бетте көзі шатынап, қаны басына теуіп: «Шарышымды өлтірген сенбісің?!» — баж-бұж етсе керек.

Біреудің алдында түрегеп тұрып жауап беруді ар санаған Абылай хан үнсіз қалады. Сол кезде Жәпек батыр: «Қалдан қалмақтың ханы болса, сен қазақтың ханысың, Абылай! Төмендеме, хан ием, менің үстіме отыр!» — деп, Абылайдың алдына тізерлей етпеттеп жата кетіп еді дейді. Сонда ғана, өзін ашуға жеңдіріп отырғанын сезген Қалдан-Серен нөкерлеріне қарап иек қағады. Нөкерлері дереу төрге күлте жал жарғақ бөстек төсейді. Абылай хан бөстекке тізе бүгіп жайғасқан соң, еңсесін тіктеп: «Шарышты, ұзында өшім, қысқада кегім болған соң өлтіргенім жоқ. Мен халқымның айтқанын орындаушы ғанамын. Онан соң, қапылыста емес, қан майданда, тіленіп шыққан жекпе-жекте өлтірдім. Мен оны өлтірмесем, ол мені өлтіретін еді. Соғыстың шарты сол емес пе еді!» — дегенде, Қалдан-Серен төмен қарап, басын изей беріпті дейді (*Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Мұсатай Ғалым. Алтынның сынығы. — Қарағанды, 2004. 157-170-беттер).*

Жәпек батыр туралы Шоқан Уәлиханов келтіретін дерекке жоғарыдағы шежірелік аңыз негізінен үндес. Шоқан жазбасы бойынша Абылай хан қапылыста қолға түскенде, оның жанында Жәпек батырдан басқа бірнеше биі болған. Кейін Абылай хан тұтқыннан босанғанда Жәпек батыр өз баласын аманат ретінде (кепілдікке) қалмақ қолында қалдырған. Бұл бала қалмақ қолында жүріп ерлігімен және аңшылығымен жұрт аузына ілініп, Сары-қазақ атанған (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. I том. — Алматы, 1961. 221-222-беттер).*

Мағжан Жұмабаевтің «Батыр Баян» поэмасында мынандай жолдар бар:

«Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек.
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,
Такаппар, Қошқарұлы ер Жәнібек.

Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,
 Жолдасы Абылайдың батыр Жәпек.
 Сырттан, бәсентиін ер Сырымбет.
 Осындай өңшең көкжал жиылысты,
 Күңіреніп жолбарыстай «жау қайда» деп».

Жәпек батырдың ерен ерліктері Бұхар жыраудың, Құлыкеұлы Шал ақынның жыр-толғауларында, І. Есенберлиннің «Жанталас» романында жан-жақты суреттелген. Сөз орайында, көрнекті ақын Иран-Ғайып «Жәбек-Шаған» атты драмалық дастан жазғанын атап өткен жөн.

АЙДАБОЛ, ҚАРЖАС – ЕМШЕКТЕС. Шежіре деректерінің бірінде Арғыннан – Дайырқожа, одан – Қарақожа туыпты дейді. Қарақожаның бәйбішесінен – Мейрамсопы туады. Мейрамсопының бәйбішесі Нұрпиядан (кейде Нұркия, Әргүл деп те айтылады, бұл кісі Кіші жүз Шоға бидің деп, кейде Досбай бидің қызы еді деп келетін дерек бар) – Қуандық, Бегендік, Шегендік, Сүйіндік туған. Нұрпия ұзатылғанда салтанатын арттыру үшін екі жігіт, бір қыз еріп келеді. Екі жігіттің бірі – Жалықбас, екіншісі – Қамбар деп аталады. Ал, қыздың есімі – Қарқабат екен. Жалықбас пен Қамбар ұрпағы арғын ішіндегі жалықбас, қамбар бұтағы болып кеткен. Қарқабат қызды Мейрамсопы тоқалдыққа алып, одан – Болатқожа (Қаракесек) туған.

Келесі бір шежірелік нұсқада Нұрпия ұзатылғанда оған жеңгесі және күтушілікке бір жігіт, бір қыз еріп келіпті дейді. Күтуші қыздың есімі Қарқабат екен. Кейін Мейрамсопы Нұрпияның жеңгесіне де, Қарқабатқа да үйленеді. Сөйтіп, Нұрпиядан – Қуандық, Сүйіндік, Нұрпияның жеңгесінен – Бегендік, Шегендік, Қарқабаттан – Болатқожа (Қаракесек) туып еді дейді.

Көшкіншілік-үркіншілік кезінде Мейрамсопыдан туған Қуандық пен Сүйіндік бір бала тауып алады. Балаға екеуі таласып, бір пәтуаға келе алмайды. Сөйтіп, шешесі Нұрпияға жүгінеді. Нұрпия ана асық қаржыландар (иіріндер) депті. Қуандық жасының үлкендігіне, мінезінің адуындығына бағып, «алшы түссе де, тәуке түссе де, бүк түссе де, шік түссе де менікі» деп отырып алыпты. Сүйіндік шешесіне шағынып: «Апа-ау, осындай да қиянат бола ма екен?» – десе, Нұрпия шешесі: «Балам, бұйырғаны болар, асықтың омпа деген бесінші жағы да бар емес пе?» – депті. Содан, асықты қаржып жібергенде омпа түсіп, бала Сүйіндікке бұйырып, сол баланың Қаржас атануы осыдан еді дейді.

Бұл кезде Сүйіндіктің әйелі жас босанып отырса керек, Айдабол деген баласы бар екен. Жас ана Айдабол мен Қаржасты қатар емізіп өсіріпті. Әлгі, «Айдабол, Қаржас – емшектес» деген сөз содан қалған дейді (*Дерек беруші Башар Әрінулы (1889-1972), Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; Нұрмұхамедұлы Смахан төренің шежіресі де пайдаланылды. – «Жұлдыз» журналы, 2003, № 3).*

АЛТАЙ. Бұл – ел ішінде ертеден айтылып келе жатқан қария сөз. Шежіре бойынша Орта жүз арғын ішіндегі жуан аталардың бірі – қуандық. Заманында

қырықтан астам болыс құраған іргелі ру. Сол Қуандықтың бәйбішесінен — Қарпық, Темір (Бөрші), Өмір (Темеш), Есен, Қарт — бес ұл туған. Тоқалынан — Алтай жалғыз туған. Әлгі, «Арғын болсаң — алтай бол» дегізіп жүрген Алтай осы. Соған қарағанда, Алтайдың өзінде де, одан тараған ұрпағында да жақсы қасиеттер мол болған болу керек. «Халық айтса — қалт айтпайды» деген рас сөз, әйтеуір, көз көрген алтай балаларының ішінде нокта үзіп, қотан бұзғандары ұшырасқан емес.

Қуандық өз кіндігінен туған балаларына енші бөліп бермей тұрып дүние салса керек. Содан, бұл міндетті балалардың үлкені Қарпық қолға алып, енші бөліскенде бәйбіше балалары бірыңғай болып, әрі Алтайдың тоқал шешеден туғандығын басынды ма екен, әйтеуір, Алтайға деген енші мәз болмапты дейді. Бұған Алтай наразылық білдіріп: «Ата дәулеті тең бөлінсін, бұйырған еншіні дәстүр бойынша асық иіріп анықтайық», — депті. Қарпық отырып: Мақұл, тек алшы түссе де менікі, тәуке түссе де менікі, бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі!» — деп, асықты иіріп жібергенде, омпы түскен екен. Қарпық бұған да тоқтамастан: «Омпы түссе де менікі!» — деп, қияс мінез танытады.

Сонда, Алтай қатты түңіліп: «Тәңірім саған күнімді түсірмесін!» — деп, орнынан тұрып кетеді. Сол кеткеннен мол кетіп, Ереймендегі қанжығалы Ішпек байға келіп, жылқышы болады. Бұл Ішпек байдың лақап аты «Қанжығалы» екен, қалың қанжығалылар содан тараған деген де сөз бар. Ішпек байға жиырма мың жылқы біткен. Жиырма мың жылқыға жиырма қос сайлап, жиырма қосағасын белгілеп бақтырады екен. Малдың жай-күйін жақсы білетін Алтай көп кешікпей Ішпек байдың көзіне түсіп, қосағасы болады.

Мал тегін адамға бітпейді ғой, Ішпек бай қыс демей, жаз демей, айына бір рет жиырма мың жылқының жиырма қосағаларын қонаққа шақырып, мал сойып, сыйқұрмет көрсетеді екен. Сонда, өзге қосағалар байдың құрметіне мәз болып жатқанда, Алтай өзін мейлінше байсалды ұстап, көрпе төселмеген жерге отырмайды дейді. Қымыз ұсынса, бірден бас қоймай, қосағалардың үлкеніне жағалатады дейді. Жатар кезде өзге қосағалар астыға бір киіз, үстіге бір киіз тастаса болды, жата-жата кетеді екен де, Алтай болса басына ер-тұрманын жастанып ұйықтайды дейді. Ет пен қымызға тойған өзге қосағалар тұяқ серіппей ұйықтаса, Алтай түнімен екі-үш рет тұрып, атының орнын ауыстырып арқандайды дейді. Ертесіне Ішпек бай: «Алтай, шырағым, жұрт — жаңа, жер — от, атыңды түнде несін ауыстырып арқандап жүрсін?» — деп сұрайды ғой. Сонда, Алтай отырып: «Е-е, Ішеке, жылқы жарықтық көңілдің малы емес пе, түнде ауыстырып арқандап, сауырын сипап қойса, күндіз арқаланып сергек жүреді», — деп жауап береді екен дейді.

Осының бәрін Ішпек бай бір сын етіп, Алтайдың тегін жігіт еместігіне ден қойып жүреді.

Күндердің бір күнінде Ішпек байдың үйіне Алтай шақыртпай келіпті дейді. Мәнжайды сұраған екен, Алтай отырып: «Ішеке, «Жаман айтпай — жақсы жоқ» деген, ауыртпашылықтың алдын алайын деп арнайы келіп отырмын. Биыл қыс ақсүйек жұт болады. Бұл өңірдің аяқты малы аман қалмайды. Сондықтан, жылқыдан басқа малдың бәрін қар бекісімен сойып, етін есік-терезесі берік қораға қатырып жинау керек. «Бір үй ашықса — бүкіл ауылды жұтатады, бір ауыл ашықса — бүкіл елді жұта-

тады» деген, ертең малы қырылып, ашыққан ел сізді сағалайды. Ал, жылқы малын маған сеніп тапсырсаңыз, Алтай, Тарбағатай жағына алып кетер едім. Орманды алап қой, қары күрпек, ықтасыны мол, бір аман қалса, сол өңірден аман қалар!» — депті.

Ішпек бай түнере ойланып отырып, жұттың белгілерін сұраған екен, Алтай іркілместен: «Биыл ең төлшіл құс — бозторғай атаулы жалқы жұмыртқадан салды; шөп буыны ерте қатты; маусымда шешек ататын бұдыр мия гүлдемеді, гүлдемеген соң бұршақ қабына дән бітпеді; жыл құстары жылдағыдан ерте қайта бастады; ай жиі қораланатын болды; жылқы біткен жарау тартып, шілде айында ыққа қарап жусайтынды шығарды; айғырлардың жал-құйрығы ұйысып қалды; бөгелек сиреп кетті...» — деп, жұттың он бір белгісін айтып береді. Сонда, Ішпек бай еңсесін тіктеп: «Бір сұмдық боларын мен де сезгем, бірақ, жұт белгісін алтыдан асыра алмап едім. Айтқаныңның қисыны бар, тәуекел, дегенің болсын, қарап отырып қырылғанша әрекет етіп көрейік!» — деген екен.

Содан, Алтай бүкіл жылқышыларды қамдап, жолға әбден сайланып алып, Ішпек байдың қалың жылқысын Алтай, Тарбағатай жағына қарай беттетеді.

Айтқанындай, сол жылы Арқада ақсүйек жұт болады. Күзде төпеп жауған қарлы-жаңбыр көксоқта болған қалпында сақылдаған сары аязға ұласып, жер бетін көк-ала мұз құрсап тастайды. Мал біткен қырылып, ел-жұрт күйзеліске ұшырайды. Ашыққандар Ішпек байдың ауылын сағалайды. Сөйтіп, жүдеп-жадаған ел өлдікталдық дегенде көктемге ілігеді ғой.

Көктемге іліккенмен, жиналып көшетіндей, желпініп қонатындай жағдай жоқ. Көң-қораның төңірегінен ұзап шыға алмай, көгі қылтиған алқапқа киіз үйлер тігіледі. Ішпек бай болса үйге бойы сыймай, үй сыртындағы қырға шығып, ертеден кара кешке дейін күннің шығысына — Алтай, Тарбағатай жаққа телміріп қараумен болады. Еш белгі жоқ.

Бір күні, әдеттегідей, Ішпек бай үй сыртындағы төбенің басында отырса, үлкен қызы Аққоян келіп, тамақ ішуге шақырыпты. Сонда, Ішпек бай шығыс жаққа қадала қараған қалпы: «Балам, менен гөрі көзің өткірлеу ғой, қарашы, бірдеңе қарандай ма қалай?» — депті. Аққоян қарап жіберіп: «Ата, сүйінші, бір аттылы келе жатыр, атқа отырысы Алтай ағамның отырысы сияқты!» — дейді. Бұл сөзді естігенде Ішпек байдың өңі жадырап, зарыға күткені жеткендей қуанып, елбіреген қалпы: «Шырағым, шынымен Алтай ағаң болса, сүйіншіңе сол Алтай ағанды саған қостым!» — деген екен.

Расында, келе жатқан аттылы Алтай болып шығады. Соңында жер қайысқан жылқы, бір басы екеу болып, байтақ алапқа жан бітіргендей қаптап келеді дейді. Мұны көрген ел-жұрттың қуанышында шек болмайды.

Содан, Ішпек бай айтқан сөзінде тұрып, қызы Аққоянды Алтайға қосады. Бастарына үй тігіп, бауырларына қазан асып, алдарына мал салып, қойшы-қолаңына дейін бөліп беріп, бір күнде Алтай мен Аққоянның ауылы деген дәрежеге келтіреді.

Сол Аққоян дүниеге Әліке, Байдалы, Сайдалы деген үш перзентті келтірген соң, қайтыс болады. Аққоянның жылы берілген соң, әкесі Ішпек бай: «Алтайдан кіндігімді үзбеймін!» — деп, оған Тоққоян деген екінші қызын қосады. Тоққояннан — Мойын, Кенжеқара туады.

Күні бүгінге дейін алтай руының ішіндегі ел-жұрттың «Аққоянбыз» немесе «Тоққоянбыз» деп отыратыны, сол қай шешелерінің ұрпағы екенін айырып меңзегендіктен (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), фольклоршы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы*).

АЛТЫНШАШТЫҢ ТҮСІ. Шежіре деректерінің бірінде Орта жүз Жанарыстан — Ақтамқожа, одан — Ойбас, одан — Қыпшак, одан — Сүлімалып, одан — Ақкөбік, одан — Мүйізді Сары абыз, одан — Құлтан, Қара, Сары болып өрбиді. Осылардан тараған ұрпақты Құлтанқыпшак, Қарақыпшак, Сарықыпшак деп атайды.

Қарадан — Қобыланды батыр, одан — Тоқтар би туған. Тоқтардан — бес бала — Бұлтын, Торы, Көлденен, Ұзын, Қарабалық туады. Осы бес баланың анасы Алтыншаш келін болып түскен соң түс көріпті. Түсінің мәнісін түсіне алмай атасына жорытады: «Ата, түнде бір қолайсыз түс көрдім. Түсімде бір биік таудың басына шығып дәрет сындырыппын. Дәретім бес тарау болып таудың етегіне қарай ағып кетті, арғы шетіне көзім жетпеді», — депті.

Сонда атасы: «Ой, балам-ай, бұл қорқынышты түс емес, қуанышты түс қой! Аман болсаң, сенен бес бала туады екен. Сол бес баланың ұрпағы осы дүние бұзылып біткенше бес сала ел болып өсіп-өніп кете береді екен», — депті.

Айтса айтқандай, бүгінгі исі қазақ арасына жайылған бес таңбалы қыпшак Алтыншаштың бауырынан өрген ұрпақ (*Дерек беруші Асылбек Таибаев, Қостанай облысы. Бұл кісі шежіре деректерін жинаумен 1935-1977 жылдар арасында айналысқан; Ақылбек Шаяхмет. Есте қалар ел тарихы. — Қостанай, 2005. 27-28-беттер*).

АЛПЫС АЛТЫ АТА ҚОҢЫРАТ. Қоңырат тайпасының қомақты бір бөлігі өзбек халқының құрамында екені белгілі. Өзбектердің арасына кең тараған шежірелік дерек бойынша қоңырат тайпасының түп тегі Қоңырат ата (Қоңыр-би) еді дейді. Қоңырат ата бәйбішесінен төрт перзент көріп, олардың өсіп-өнген ұрпақтары сол балаларының атымен уақтаңбалы, қостаңбалы, айылды (айынлы), қанжығалы деп аталатын бір-бір атаға ұласқан. Қоңырат ата қартайған шағында тоқалынан бір ұл көріп, оны «қартайғанда Тәңірдің берген тартуы ғой» деп отырады екен. Сол себепті одан өсіп-өнген ұрпақ «Тартулы» («Тартпалы») аталып кетеді. Бұлардың бәрін жинақтап «Алпыс аталы қоңырат» деп атайды.

Алпыс аталы қоңыратты шежірешілер былай тартады:

Уақтаңбалыдан — ашамайлы, баймақты, тарақты, шанышқылы, қазаяқты, шөмішті, қайшылы, ысқылы, қиғашты, жылантаңбалы, балғалы, қарақоңырат, боғажелі, оюлы, хандекті, ырғақты, абақты, көсеулі деп аталатын 18 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он сегіз ата уақтаңбалы» деп атайды;

Қостаңбалыдан — төленгіт, тілеумет, қарақаспақ, қал, бармақ, құлабы, сауырбұзар, замбыры, құса, отырақы, құшағұр, бәндікүшік, ақпышак, шал, мәуліш, қарақалпақ деп аталатын 16 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он алты ата қостаңбалы» деп атайды;

Қанжығалыдан — ұлыс, шұлық, құйын, қарақұрсақ, малтақа, қолдаулы, қарабура, досқа, топқара, көртоғай, ноғай, желкілдек, ғәлі, қара деп аталатын 14 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он төрт ата қанжығалы» деп атайды;

Айылдыдан — қауға, шұран, бесбала, топар, қашай, қарақалпақ, айтаңбалы, тоқсарай, қара, қажыбасша, түркімен-айылды, ақтана деп аталатын 12 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он екі ата айылды» деп атайды;

Тартулыдан — тоғыз, мөңке, майдатопа, шопак, абақты, ор деп аталатын 6 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Алты ата тартулы» деп атайды (*Дерек беруші Фазыл Акбарұлы (1908 ж.), Шерабад қаласы; Б.Х. Карамышева. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. — Москва, 1976. 86-93-беттер*).

Жалпы өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қоңырат тайпасының ішкі құрылымына, рулар құрамына ден қою арқылы, сондай-ақ, ол рулардың қазақ арасындағы көріністерін саралау арқылы қазақ халқының ұлт болып ұйысу үрдісіне қатысты мол да мазмұнды мағлұмат табуға болады. Осы тұрғыда өзбек халқының құрамындағы қоңырат тайпасы туралы жазылған кейбір зерттеу еңбектерге оқырман назарын аударма кеткен жөн (*Н.В. Ханьков. Описание Бухарского ханства. — СПб., 1843. 58-60-беттер; Н.Ф. Ситняковский. К генеалогической таблице узбекского рода кунград. — Известия Туркестанского отделения Русского географического общества. — VII том. — Ташкент, 1907. 28-29-беттер; Материалы по районированию Средней Азии, 1-кітап. Территория и население Бухары и Хорезма, 1-бөлім. — Бухара-Ташкент, 1926. 175-187-беттер; Осы көрсетілген еңбек: 2-кітап, 2-бөлім. 97-98-беттер; Х.Дониеров. Узбек халқининг шажара ва шевалари. — Ташкент, 1968. 87-88-беттер; Т.Нафасов. Топонимы Кашкадарьинской области (авторевф. канд. дисс.). — Ташкент, 1968; Л.К. Задыхина. Узбеки дельты Амударьи. — Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. 1 том. — Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1945-1948. — Москва, 1952. 338-339-беттер*).

АРҒЫН — МЕЙРАМСОПЫ. Шежіре дерегі бойынша Арғынның Аргүл есімді бәйбішесінен — Қотан, Ботан деген екі ұл туыпты дейді. Ботан жастай шетінейді. Қотаннан — Мейрамсопы жалғыз туса керек.

Мейрамның қалыңдығы алшын руының ішіндегі Құдасбай (кейде Шоға би, Досбай би деп те атайды) деген кісінің Нұрпия (кейде Нұрфая, Нұркия, Әргүл деп те атайды) есімді қызы екен. Нұрпияның шешесі ертерек қайтыс болып, жеңгесінің қамқорлығын көріп өседі. Сол жеңгесі Нұрпия ұзатыларда «Еркежанға шешесінің жоқтығын білдірмеймін» деп бірге еріпті және өзімен бірге түйенің басын ұстайтын Қарқабат есімді жетім қызды да ала жүріпті. Сол кезде ел басына ауырлық түсіп, жаугершілік заман болып, аралас-құралас қиындап кетсе керек. Нұрпияның жеңгесі мен еріп келген Қарқабат қыз елдеріне қайта алмай, сол елде қалады. Арада біраз уақыт өтеді. Сонда Нұрпия Мейрамға қолқа салып: «Елден бір мен деп еріп келген көзкөргендерім ғой, үшеуіміз бір босағада болайық. Жеңгеме ағамның төсі тиді ғой, басқаға қимаймын, өзіннің адам қылғаныңды қалаймын. Еріп келген жетім Қарқабатты да шеттетпей бауырыңа бассан екен. Сіз жалғыз жігітсіз, ұрпағыңыз өсіп-өнсін. Мен өз тарапымнан еш уақытта тарлық жасамаймын», — деп сөзін өткізеді.

Мейрамсопы Нұрпиядан — Қуандық, Сүйіндік, Нұрпияның жеңгесінен — Бегендік, Шегендік, Нұрпияға еріп келген Қарқабаттан — Болатқожа (Қаракесек)

есімді балалар көріп, олардың өсіп-өнген ұрпақтары бір-бір іргелі руға айналған (*Дерек беруші Әлжаппар Әбішев (1907-2001 жж.), Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы*).

АРҒЫН – СҮЙІНДІК – КҮЛІКТЕРДІҢ АТАМЕКЕНІ. ...Біздің қазақ бұл Сарыарқаға келіп, ие болғаны Абылай хан заманынан аз-ілгері. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай (Бөкенбай), қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жау қолында оққа ұшып өліп, сөйтіп алған жері еді.

Баянаула тауында Жасыбай асуы, сол Жасыбай қазақтың батыры, қалмақпен атысып, оққа ұшып, сол өлген жеріне қойылғаннан «Жасыбай» атанған. Қызылтаудың бауырында «Қалмақ қырған» деген жер – қалмақтың қазақтан ақырғы қырылған қырылысы. Жасыбай оққа ұшқан жолы ер Олжабай бас болып аттанып, қалмақты сол жерде қойдай қамап, иіріп қойып қырып, сонан «Қалмақ қырған» атанған. Сонан соң қайтып қалмақ бұл Арқаны көре алған жоқ.

Мен өз атым – Жүсіп, қырық тоғыз жаста отырмын. Әкем аты – Көпей, жылы – барыс еді, жетпіс үш жасында, барыс жылы өліп, Баянаулаға қойылды. Оның әкесі – Ақжігіт, қырық тоғыз жасында өліп, Көкшетау бауырында «Шортан қарағай», «Қыздың қарасуы» деген жерге қойылды. Оның әкесі – Бесім, қартайып өліп, Ұлытауда Бес саланың өре басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудан теріскей жағына қарай ағатұғын сайларды «Бесімнің бес саласы» деуші еді, тірі күнінде өзінің қоныс қылған жері болғаны үшін. Оның әкесі – Тілеуімбет. Осы Тілеуімбет деген кісі он бес баласын соңынан ертіп алып, қара қалмақ Қаттысыбанмен соғысып, он бес ұлдың ең үлкені Аспантай алдымен оққа ұшып, онан соңғысы Амантай, ол да оққа ұшып, «Бірімізден-біріміз қалмаймыз!» – деп, бәрі сол жолы қырылған.

Сонда, Орманшы Бапке, Тайлақтың Тайлағы батыр кісі екен, қалмақтың қалын тобын қак жарып келіп, он бестің үшеуін алып шығып, сары атты Сексен батыр, астында сары аты бар, бір жүкті түйені жүгімен алып шығыпты. Ол түйенің жүгінде бесік бар екен, кебеже бар екен. (Бесіктегі балалардың) бірінің аты – Қойтан. Жүкті түйені алып қашып жүргені: «Осы екі бала жау қолында қалады-ау!» – деп, бұларды жаудан айырып алу үшін, түйені жетелей қашып, келген қалмақтарды қайта қуып, сөйтіп құтқарған екен. Егер Тайлақ батыр мен Сексен батыр болмағанда, Тілеуімбет деген кісіден тұқым қалмаса керек. Сол Бесім деген кісіден өсіп-өнген нәсілден келіп, мен мұны сөйлеп тұрмын.

Ұмытпай жүргенім, осындай ата-бабам қалмақтан не үшін қырылды? Кейінгі үрім-бұтағыма жер-су алып беремін деп қырылды. Жалғыз менің ата-бабам емес, жер-суға таласып, көп қазақ қырғын тапты. Сол себепті бұл Сарыарқа біздің қазаққа «атасының құны» болып, олжа болып еді. Біреу біреуге: «Соңынан қалмастай атаңның құны бар ма еді?» – дейді ғой. Сондай-ақ «атамның құны» болғаны үшін, жерсудан айырылып, қаңғып, қоныссыз жүргеніме ішім күйіп, өлсем ойымнан кетер емес...

Мың сөзден — бір сөз. Ата-бабасының қаны қойдың қанындай ағып, алып берген жерінен үрім-бұтақ балалары көзінің жасын төге-төге қаңғып кете берді де, бет-аузы түксиген, басы қуықтай бүріскен, к...ті ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт иесіз жатқан жердей иелене берді (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ тарихы. Шығармалары. 8-том. — Павлодар, 2006. 286-288-беттер*).

АШАМАЙЛЫ ЖӘНЕ АБАҚ КЕРЕЙЛЕР. Керейлер жөнінде шежіре сөзінде мынандай да дерек бар. Ашамайлы деген кісінің екі ұлы және бір қызы болыпты. Ұлдарының есімі Сибак, Қараби екен. Бұлардан тараған ұрпақ керей ішінде «Ашамайлы керейлер» деп аталады.

Ал, Ашамайлының қызына (кейбір шежіреде Қарабидің қызы деп те айтылады) Ұлы жүз Сарыүйсіннен шыққан Абақ деген жігіт үйленіп, Ашамайлының қолында тұрып қалса керек. Сол Абақтың ұрпағы өсіп-өніп, іргелі елге айналып, одан — Жәнтекей, Жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарбас, қарақас, көнсадақ атты он екі ата құралып еді дейді. Бұлардың бәрін жинақтап «Абақ керейлер» дейді (*Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Орынбор, 1911. 54-55-беттер*).

Ел ішіне кең тараған шежіре нұсқасында керей тайпасын абақ және ашамайлы деген екі атаға бөледі. Абақтан — Жәдік, Жәнтекей, Шеруші, Қарақас, Молқы, Көнсадақ, Ителі, Шұбарайғыр, Жастабан, Сарбас, Меркіт, Шимойын атты он екі ұл туып, он екі рулы елге айналса керек. Ал, Ашамайлыдан — Сибан, Балта, Көшебе, Ақсары, Күрсары (Құлсары), Семенәлі, Тұралы, Нарымбет, Ақымбет, Самай деп аталатын он ұл туып, он рулы елге ұласқан дейді.

БАҒАНАЛЫЛАРДЫҢ ЖЕР ЕНШІЛЕСУІ. Орта жүз найман ішіндегі бағаналы руы Ұлытау төңірегін ертеден, Жошы хан заманынан бермен қарай қоныстанып келе жатқан ел. Бағаналылардың ең бір өсіп-өніп, толысқан кезі ХІХ ғасырдың орта тұсы. Елдің өріс-қонысы тарылып, шатаса берген соң, жер еншілесу үшін бағаналының төрт босағасы атанған — Кәдір би, Сандыбай, Бабыр және Шегір төртеуі бас қосады.

Билікті Кәдір биге жүктеген екен, алайда, ол ағайынның көңіліне қарап, «өздерін айта берсеңдерші» депті. Сонда Шегір отырып: «Екі Кеңгірді сары-сарғалдақ пен жырық алсын (мұнысы Сары Кеңгір мен Қара Кеңгірді Сандыбай мен Кәдір би алсын дегені), екі Жездіні ибеске мен жұртшы алсын (мұнысы Үлкен Жезді мен Бала Жездіні Бабыр елі қоныстансын дегені), Ырғайлы өзені мен Байқоңыр өзенін ақтазға беріндер (мұнысы өзін айтқаны)», — депті.

Сонда Кәдір би: «Оу, Бозжорға-ау (Шегірді осылай атайды екен), мұның не?!» — дейді. Бұған Шегір: «Қалағаныңды өзің ал, тастағаныңды ініңе бер», — деп жауап қайырыпты. Мұнан әрі ағайын адамдар бір-бірінің қас-қабағына қарасып, бітімге келісіп еді дейді.

Осы биліктен кейін: «Ұлытауды жаратуын Тәңір жаратқан, бөлуін Шегір бөлген» деген сөз қалған (*Дерек беруші Шайхыбасар Қожбанұлы (1905 ж.), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

БАЙҒОЗЫ БАТЫР. Ресейден қашқан торғауыттарды өкшелей қуған шабуылдан кейін, қазақтар ашық далада дамылдап жатса керек. Қазан көтеріліп, жылқының сүр еті асылып, торсықтардағы құрт езіліп, ұзақты күнге әл болар таңғы тамақтың ішілер кезі екен. Керіп тастаған еңселі шатыр ішінде Абылай отырады. Келесі бір шатыр арғын ішіндегі шақшақ руынан шыққан, өзімшілдігімен жұртқа мәлім Жәнібек батырдікі. Батыр насыбайын атып, ой үстінде үнсіз түнеріп отырыпты. Бір кезде қазақтың жас жігіті астындағы атын сау аяндатып, төніп келген бетінде: «Жәнібек батыр, шақшаңыздан ауыз тигізіңіз!» — деп, ат үстінен қол созады. Мұндайға лып ете қалатын Жәнібек пе, жан-ау деп мойын бұрып қарамайды да. Қарау былай тұрсын, жақтырмаған шырай танытып, түнерген қалпында шақшасын алады да, сары сақтиян етігіне тық-тық соғып, асықпай бипаздап насыбайын атып, шақшаны қайтадан қалтасына салып қояды.

Кешікпей-ақ ханның дабылы қағылып, әр ру өздерінің белгі туларының астына жинала бастайды. Алдыға өңшең сауыт құрсанып, қарқаралы дулыға киген, садағы мен жебелі қорамсақтары салпылдаған батырлар шығып, ханды қоршай тұрысады. Жорық жолында хан кеңесі осылай құрылатын. Бір пәтуға келген келісім бойынша, дұшпанның күші қаншалықты басым болғанымен, қазір шабуылға аттанулары керек. Ол үшін алдын ала шолғыншы шығарып, торуылдап қайтуға ебі бар жігіттер шақырылады. Осы кезде бірінші болып әлгінде Жәнібектен шақша сұрайтын жас жігіт шығады.

Жалақтап тұрған шолғыншы жігіттер кешікпей-ақ жау жатағын торуылдап қайтады. Жәнібек батыр олардан: «Жаудың қарасы қалай екен?» — деп сұрайды. Сонда, әлгі шақша сұрайтын жігіт суырылып шығып: «Көп те емес, аз да емес», — деп жауап береді.

Ұрыста тұрыс бола ма, соғыс басталып кетеді. Қалмақтар он мың болса керек. Қазақтарды жайпап, тықсырып, әрі-беріден соң, өкшелей қуып береді. Әсіресе, қара түндей түнерген, қара ат мінген қапсағай қалмақ туын желбіретіп қуып, қазақтарды жеткенін-жеткенінше баудай түсіріп келеді дейді. Осынау аласапыран шегіністің жуан ортасында Жәнібек те келе жатса керек. Бір мезгілде ол: «Япыр-ау, мына дүлейді тоқтататын бір қазақтың тумағаны ма!» — деп айқайды салады. Сонда, әлгі шақша сұрайтын жігіт атының ауыздығын шірей тартқан қалпы жалт бұрылып, қайқайып тұра қалады да, садағын қолға алады. Керілген адырнадан зың етіп ұшқан жебе қалмақты қалбаң еткізіп, аттан жұлып түсіреді. Алапат тегеурінмен атылған жебе одан әрі бұлындай ұшып, көзден ғайып болады. Оғының қалмақтан өтіп бұлындай ұшқанын көрген жас батыр: «Мына дүлей Құдайдың терісін жамылып алғаннан сау ма?» — деп қынжылған екен.

Туы жығылып, батыры өлген дұшпанның есі шығып, еңсесі түседі. Қазақтар осы сәтті пайдаланып, бел ала ұрыс салып, қалмақтарды түре қуып, дұшпаннан күшін асырған екен. Сонда қара атты қалмақты түсірген Байғозы батыр деп аталатын жас жігіт Жәнібек батырға жақындап келіп: «Батыр, шақшадан ауыз тиетін кез енді келді-ау деймін!» — депті.

Таракты руынан шыққан Байғозы батыр алғаш рет осындай ерлігімен көзге түседі. Содан бастап оның есімі дүйім жұртқа әйгілі болған екен (*Ш.Ш. Уәлиханов.*

Бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1961. 222-223-беттер. Аударма біздікі).

БАЙЖІГІТ. Орта жүз Найманнан – Белгібай, одан – Сүйінше, одан – Төлегетай, одан – Қытай, одан – Қаракерей, одан – Байторы, одан – Мейрам, одан – Байыс туыпты дейді шежіре сөздің бір парасы. Байыстың төрт түлігі сай, мыңғырған бай болса керек. «Мал баққанға бітеді» дегендей, Байыс байдың түлігінің бас-көзі – қалың жылқысының бабын тапқан Тоқтарқожа деген жылқышысы болыпты. Тоқтарқожа білікті жылқышылығына қоса көктегі жұлдызды түгендеген есепші еді дейді.

Бір жылы, ауа райының қас-қабағын бағып жүретін Тоқтарқожа қыстың қатты болатынын, ақсүйек жұттың жақындап келе жатқанын Байыс байға ескертеді. Жай ескертпейді, алдын ала қамданып, тебіні кемшін малдарын жұмсатып, қалың жылқыға Тоқтарқожаның өзі бас-көз болып, қары күрпек жылы жаққа қарай қос-тап жайып кетеді.

Айтқанындай сол жылы ақсүйек жұт болады. Ел күйзеліп көктемге әзер ілігеді. Сол кезде дала төсін қайыстырғандай, бір басы екеу болып, Байыс байдың қалың жылқысын жайылмалата жылжытып Тоқтарқожа да жетеді ғой. Елдің аузы аққа, тақымы атқа тиіп, мәре-сәре болысып қалады. Тоқтарқожаға ел-жұрт алғысын жаудырып, ризашылығын білдіреді.

Сол кезде Байыс байдың бойжете толысқан Мақта деген қызы болады екен. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, Мақта қыз бен Тоқтарқожа бір-бірімен көңіл жарастырып жүрсе керек. Бұл жағдайға Байыс бай да көңіл білдіріп, батасын беріпті дейді.

Осы Мақта мен Тоқтарқожадан Байжігіт деген бала туған. Байжігіттен – Тоғас, Мәмбет, Жұмық атты үш ұл туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтары «Байжігіт» деп аталатын рулы елге айналған (*Дерек беруші Кәдірбек Сегізбаев (1941 ж.), Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы*).

БАЙЫСТЫҢ ЖОРУЫ. Шежіре бойынша найман тайпасы терістанбалы (кейде елата деп те атайды), сарыжомарт (кейде ергенекті деп те атайды) және төлегетай деп аталатын үш сала рулар бірлестігін құрайды. Осылардың Төлегетайынан – Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай, Аталық (кейде Кенже деп те атайды) тараса, Қаракерейден – Байторы, одан – Мейрам, одан – Байыс туып еді дейді.

Сол Байыс ата дәстүріне берік, жолы түзу адам болса керек. Бірде, Ұлыстың ұлы күні келіп, әз әулие Қыдыр ата даритын жебеуші күн деп, ел-жұрт жақсы ниетте болады. Сол күні Байыс баба күйеу баласы Тоқтарқожа мен қызы Мақтаға: «Түнде жақсы тілек тілеп, мал күзетіндер», – дейді.

Ата сөзін парыз санайтын екі жас мал күзетіп отырғанда, түн ортасында қотандағы қой үркеді. Тоқтарқожа мен Мақта қой отарына жақындаса бір көк қошқар мойнына ошақ іліп алып, босана алмай жүр екен. Сол жерде ерігіп отырған екі жас көк қошқарды сойып, етін асып жейді.

Ертеңінде Байыс баба күйеу баласы мен қызын шақырып алып: «Не көріп, не білдіңдер, Ұлыс күні бір жақсылықтың нышаны болуға тиіс еді, жасырмай айтыңдар!» – дейді.

Күйеу мен қыз болған оқиғаны жасырмай айтып береді. Сонда Байыс баба: «Қошқардың етін жеген сендердің ұрпақтарың малды, мынды айдаған бай болады екен. Ал, қошқар мойнындағы ошақты менің Сарымның (кейде Сарымырза деп те атайды) босағасына сүйеген екенсіңдер, оның ұрпағы өсіп-өніп, іргелі ел болады екен!» — деп жорыпты.

Байыс бабаның жоруы қате кетпепті, солай болғанын көз көріп отыр (*Дерек беруші Тұрсынқұл Төлекұлы (1924 ж.), Шығыс Қазақстан облысы, Мақаншы ауданы*).

БАТА ДАРЫҒАН БЕКАРЫС. Қазақта «Орта жүзге алты қожаның батасы дарып, алты арыс ел болған» деген сөз бар. Бекарыс екі әйел алған адам екен, екеуінің де пұшпағы қанамай, перзентке зарығып жүреді екен. Күндердің бір күнінде Жанарыстың үйіне бір емес, екі емес, сап түзеген алты қожа қатар келіп, қонақ болыпты. Мұны жақсы ырым көрген Бекарыс:

«А, Тәңірім берді ғой,
Көз жасымды көрді ғой,
Әулиелер келді ғой!
Сыйынбасам маған серт,
Қолдамасаң саған серт,
Сарт болсаң садағам кет!» —

деп, алты қожаға алты қара қой сойып, тік тұрып күтіп, жайылып жастық, иіліп төсек болады. Сый-құрметке әбден риза болған алты қожа аттанарда: «Алты ұлға ата бол!» — деп баталарын беріпті. Сол баталары қабыл болып, Бекарыстың бәйбішесінен төрт ұл, тоқалынан екі ұл дүниеге келеді. Сөйтіп, бәйбішеден туған балалар — Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа деп, тоқалдан туған балалар — Есімқожа, Досымқожа деп аталады.

Қарақожадан — Арғын, Аққожадан — Найман, Ақтамбердіқожадан — Қыпшақ, Дарақожадан — Қоңырат, Есімқожадан — Керей, Досымқожадан — Уақ туып, ұрпақтары өсіп-өнген іргелі елге айналып еді дейді (*Дерек беруші Кәдіркей Садуақасұлы (1898-1981 жж.), Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 13-14-беттер; Бұл деректің нұсқасы «Қазақстан әйелдері» журналының 2000 жылғы № 3 санында жарық көрген Сағын Бәкішұлының «Жанарыс: шежіре бастауы» атты мақаласында да келтірілген; Ескерту ретінде, кейбір шежірелерде «Жанарыс» деп Орта жүзді атайтынын айта кеткен жөн. Біз қараған шежірелердің басым көпшілігінде Орта жүз «Бекарыс» деп аталады*).

БӘСЕНТИІН ШІНДЕГІ АПАЙ БӨРІЛЕР. Орта жүз арғын ішіндегі бәсентиін руының құрамында апай-бөрі атасы бар. Осы атаға қатысты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлынан жеткен деректің тарихи-этнографиялық мән-маңызы назар аударарлық. Мәшекең былай дейді: «Керекуге жиырма шақырым жерде «Құрман тұзы» деген тұз бар. Сол Құрман қыпшақ екен, өзі мейлінше бай болған екен: жылқысының есеп санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты. Салт атты, сабау қамшылы бір

бөрі тонды, бөрте атты жігіт келіп, бала болыпты. Малға шын жаны ашып қарағандықтан, жылқы билігі сонда болыпты. Байдың жалғыз баласы сері болыпты, он жігітпен жүреді дейді. Жазғытұры бие құлын төгіп жатқанда, бай баласы жылқы аралапты. Жаңа туып жатқан қара құлынды сойып, терісін ала беріпті:

— Осы жүрген он біріміз де бір түсті қылып, қара құлын жарғақ киеміз! — деп.

Бөрі тонды, бөрте атты жылқышы мұны көрген соң, іші күйіп жылап, долданып байға келіпті:

— Бай, маған батаңызды беріңіз, бұл малға менің иелігім болмады. Мына қорлықты көріп жүргеннен өлгенім артық! — деп.

Көне, бай жалынып-жалпайып тоқтата алмапты:

— Мен риза. Құдай риза, осы жылқының қақ жартысын ал! — депті.

Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батанды бер! — дей беріпті.

— Жоқ, балам, сен дәнеме алмай кетсең, бата да бермеймін, ризалығым жоқ! — депті.

— Олай болса, бір теңбіл көк сәуірік бар, үйірінде бес байталы бар. Соны үйірімен берсеңіз, шын батаңызды бергеніңізді сонан білемін! — депті.

— Уай, шырағым, маған құт болған, қыдыр болған «Көбікті көктің» тұқымы еді. Өзімнің аузымды көбікті саумалға тигізген жануарым еді. Мал қадірін білмеген қу жалғызға болғанша, мал қадірін білетұғын сенде балғаны жақсы! — деп, батасын берген екен.

Байдың батасын алып, алты тұяқ жылқымен Ертістің бер жағына өтіп, Апай деген жесір қатынның қызын алып, онан бес бала туады: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыбалды, Жаңбыршы. Малы да, басы да өсе бастайды (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 40-41-беттер*).

Бұл мысалдан, «байдың малы» деген ұғымның мейлінше шартты екені, шын мәнісінде, ол бай малға ғана ие емес, сол малды бағып-қағып жүрген барша еншілестерінің де басиесі екені байқалады.

БІРМАНАҚ. Ұлы жүз жалайыр тайпасы өз ішінде сырманақ және шуманақ деп аталатын екі аймақтық тармаққа бөлінеді. Кейбір шежіре деректерінде бірманақ тармағының да болғаны айтылады. Жаугершілік кезінде Бірманақ батыр жау қолына түсіп, тұтқын болып жүріп, сол елдің қызына үйленеді. Одан — Қосай, Қосымбет деген екі бала көреді. Күндердің бір күнінде Бірманақтың жасы жетіп, дүние саларында балаларына: «Тарақ таңбалы елдерінді табыңдар!» — деп өсиет айтады.

Әке аманатын орындаған Қосай мен Қосымбет еліне оралады. Елге келген соң Қосайды Шуманақтың ұлы Андас, ал Қосымбетті Сырманақтың ұлы Байшегір паналатады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағы жалайыр тайпасының ішінде күшік (қосай) және арықтыным (қосымбет) аталары деп аталады.

Ел ішінде осы қария сөздің келесі бір үлгісі де айтылады. Шуманақ Ахметқожадан — Маңғытай, Барақ деген екі ұл туып еді дейді. Маңғытайдан — Андас, Барақтан — Наркелді туады. Наркелдіден — Қосай, Қосымбет деген екі бала туады. Наркелді ертерек дүние салып, жастай жетім қалған Қосайды шуманақ Андас асырап алады да, Қосымбетті сырманақ Байшегір асырап алады. Андас Қосайды «Күшік» деп, Байшегір Қосымбетті «Арық» деп еркелетеді екен.

Содан, Қосай да, Қосымбет те ержетіп, үйленеді, балалары туып, ел қатарына қосылады. Қосымбеттің қызы арғынға ұзатылып, Әлмембет деген баласы туған соң, күйеуі қайтыс болады да, Әлмембетті жетектеп төркініне қайтып келеді. Қайтып келгенде аяғы ауыр екен, кешікпей тағы да бір перзентті болып, оның атын Тыным қояды. Уақыт өте келе Әлмембет өзінің шыққан тегі арғынға кетеді де, Тыным болса нағашы атасы Байшегірдің бауырында қалып қояды. Осылайша, Байшегірдің қолында өсіп-жетілген Қосымбет (Арық) пен Тынымның ұрпақтары бір-біріне етене болып, жалайыр ішіндегі арықтыным атасын құрайды (*Дерек беруші Рахметолла Толымбекұлы (1914), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы, Мұқыры ауылы; Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хақында. — Алматы, 2000. 80-83-беттер*).

ҒАБДУШКІР ХАЗІРЕТ. Орта жүз найман тайпасының төрт төлегетайынан өрбіген аталардың бірі — қаракерей. Шежіре дерегінде Қаракерейден — Байыс, одан — Шүрентай, одан — Тума, одан — Ақша, одан — Қарабас, одан — Ерназар, одан — Орыс, одан — Көтібақ, одан — Жәментік болып өрбитін бір буын бар. Жәментіктен — Кене, Ақтай, Қарашолақ, Қасен, Сағит, Данияр, Жақия, Мұхаммади туған. Кезінде осы Жәментік балалары Бұхара-шәріфтен ғұлама ғалым Ғабдүшкір хазіретті, арнайы барып, жол-жоралғысын жасап, көшіріп әкелген. Қазақстанның Семей, Жетісу өңірінен, Қытай жеріндегі Тарбағатай, Үрімші (Үрімжі) аймағынан шыққан өз заманының небір зиялы, білімдар адамдары осы Ғабдүшкір хазіреттің алдын көрген. Солардың арасында Шайық молда, Қазы молда (Рахманқұл), Ғабдыкеш молда, Хамитқан қари, Бекбай молда, Әйкежан молда, Мұқаш молда, Мұхаметкәрім молда (Қызыл молда), Ұлықпан молда есімдері күні бүгінге дейін ұрпақ аузында зор құрметпен аталады. Ғабдүшкір хазіретті Бұхара-шәріфтен алып келген Жәментік балаларының бірі Қасен болса, одан — Нұғман болыс, одан — Ғабдыкеш молда, одан — қазақтың әйгілі әншісі, қоғам қайраткері Әмина Нұғманова (1929-2007) туған.

Ғабдүшкір хазіреттің алдын он бір жасында көріп, тағылым алғандардың бірі — Нұрқия апа. Бұл кісінің шыққан жұрты найман қаракерей ішіндегі тума атасынан. Сол Нұрқия апа айтады: «Он бір жасымда Ғабдүшкір атамның үйінде тұрып оқыдым. Ақ пен қызылдар (*XX ғасырдың бас кезіндегі орыстар — А. С.*) кезек атысып жатқан кезде, бір күні қызылдар келе жатыр деген суық хабар жетті. Ауылдың ер адамдары жан сауғалап тау-тасқа, орман-тоғайға жасырынды. Өйткені, ол кездің ағы болсын, қызылы болсын ер адамдарды көрсе болды атып тастайды да, әйелдер мен бала-шағаны қорлап кетеді. Ғабдүшкір атам бала-шаға, әйелдер арасында отырып қалды. Содан, атам мешітте намаз оқып отыр еді, үш салт атты орыс келді де, айшайға қаратпай Ғабдүшкір атамды алдына салып, қойша айдап жөнелді. Біз көз жасымыз сорғалап қарап тұрмыз. Ауыл іргесінен шыға бере әлгі орыстардың біреуі қылышын жарқ еткізіп, атамды шауып жіберді. Біз Ғабдүшкір атамыздың құлап бара жатып «Аһ, Алла!» — дегенін естідік. Міне, мен осыны көрдім!»

Ғабдүшкір хазіреттің бейіті Мақаншы — Науалы тас жолының бойындағы Қарағаш мешітінің маңында (*Дерек беруші Әмина Нұғманова, көрнекті әнші, қоғам қайраткері, Шығыс Түркістан, Шыңжан өлкесі*).

ДҮЗЕЙ. Ел аузында «Дүзейлер жүзге жетпес, жүзге жетсе күзге жетпес» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы, қаракесек руының бір бұтағы кәрсеннен тарайтын дүзей тұқымының аздығын айтқаны. Бұл жөнінде дүзейден шыққан ақын Тұңғышбек Дәлмағамбетұлының (XIX-XX ғғ.) өлеңі бар:

«Кәрсенның ең үлкені Дүзей екен,
Тау жайлап, Қареспені күзейді екен.
Бай болып басқа кәрсен көп өскенде,
Дүзейлер өспей қалған ала бөтен.

Туысқан дүзейлермен аралбайлар,
Қозыбақ, Есен, Аман, Таңабайлар.
Қонысбай, Баймұрат пен Құлназар да
Ел болды төрт-бес ауыл тауды жайлар».

(«Мақал-мәтелдер» тараушасындағы «Дүзей, жүзге жетпе, жүзге жетсең, күзге жетпе» деген мәтелді қараңыз; Бұл аңыз тоқал арғын (кіші арғын) ішіндегі шақшақ атасынан өрбіген Дүзей әулетіне де қатысты айтылады).

ЕР ЖӘНІБЕККЕ АНАСЫНЫҢ БЕРГЕН БАТАСЫ. Абақ керей ішіндегі жәнтекпей руынан шыққан ер Жәнібек (белгісіз – 1792 ж.) алғаш бес қаруын асынып, нағашы атасы Қазыбек би берген көк дөненге мініп, жауға аттанарда анасынан бата сұрапты. Сонда анасы:

«Мен саған не айтамын,
Қамырығымды басып,
Артымда белгі қалса екен деймін.
Қызығынды көрсетіп,
Алдында алса екен деймін.
Саған тілек тілесем,
Әмсе жолы болса екен деймін.
Оқ алдыңнан тисе,
Анаңның сүтін ақтағаның.
Оқ артыңнан тисе,
Анаңның қарызын жүктегенің.
Әуелі қосынды тап,
Онан соң досынды тап.
Сен үшін тілеген тілегім қабыл болсын.
Бақытың жанып, жолың болсын!» —

деп бата беріпті (*Дерек беруші Кәлек Құмақайұлы (1930 ж.), белгілі сыбызғышы, Монғолия, Баян-Өлгей аймағы, Тұлба сұмыны).*

ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БЕРГЕН БАТАСЫ. Он екі ата абақ керейдің ішіндегі жәнтекей руынан шыққан әйгілі батыр Жәнібек Бердәулетұлының анасы қаз дауысты Қазыбек бидің туған қарындасы болған. Ел аузындағы қария сөздерге қарағанда Қазыбек би жиені Жәнібекке жас кезінен-ақ назар аударып, болайын деп тұрған болмысын танып, қамқор болып жүреді екен.

Бірде жолаушылап келе жатқан Қазыбек би қарлы далада қарайып көрінген жылқышылардың қосын көреді де, ат басын бұрады. Жақындап келсе, қостың қасында түнімен жылқыны қарауылдап келіп, дамылдап жатқан жиені Жәнібекті көреді. Жәнібектің үстінен қос көкжал қасқыр әрі-бері секіріп ойнап жүрсе керек. Сол жерде Қазыбек би: «Бәсе, жиенім тегін болмады, киесі қос бөрі екен ғой!» — деп, іштей сүйсініп, жақындай түседі. Ат дүбірінен Жәнібек те оянып, қос бөрі көзден ғайып болады.

Нағашысын көріп, қуаныштан елбіреп орнынан тұра берген Жәнібекке Қазыбек би: «Шырағым, қолыңды жай, батамды берейін!» — дейді. Жәнібек дереу еңсесін тіктеп, бір тізерлей отырып қолын жаяды. Сонда, Қазыбек би:

«Аруақты батыр боларсың,
Алысқан жауды аларсың.
Елінді ел етерсің,
Ежелгі жерге жетерсің.
Егіз бөрі тұрғанда,
Екіленбей не етерсің.
Басыңа бақыт ұялап,
Даңқынды Тәңірім көтерсін.
Қол бастасаң жолың киелі болсын,
Ел бастасаң сөзің киелі болсын!» —

деп бата береді. Ел тарихына жүйрік көнекөз қарттардың бәрі де Қазыбек бидің Жәнібекке берген батасы қабыл болған деп отырады. Жәнібек бүткіл он екі ата абақ керейдің ұранына айналған. Абақ керейдің ұраны мен таңбасын белгілеп, іргелі ел еткен де Жәнібек еді деп отырады сөз ұстаған көнекөз қарттар (*Дерек беруші Рахмадия Өтебаев (1902-1989 жж.), халық ақыны, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы*).

ЖИДЕБАЙДЫҢ КИЕСІ. Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектен (Болатқожадан) — Ақша, Түйте туған. Ақшадан — Бошан, Түйтеден — Майқы, Манас туған. Майқыдан — Әлтеке, Сарым туған. Әлтекенің бәйбішесінен — Өтеген, тоқалынан — Есболай, Дос, Әлмұрат туған.

Дос қалмақ шапқан заманның әйгілі батыры болған. Жасы сексенге таянғанда Қожаназар деген баласы екеуі қалмақтың қолына түсіп, «бірінді олжа етеміз, бірінді босатамыз» деп шарт қойғанда, Дос батыр өзі жау қолында қалып, баласы Қожаназарға сауға алып берген. Сол Қожаназардан әйгілі Жидебай батыр туған. Жидебай батырдың нағашысы, аруағы риза болсын, тарақты Байғозы батыр.

Жидебай батырға әйгілі Қаракерей Қабанбай батыр батасын беріп, содан кие дарыған деген сөз бар. «Батыр біткеннің батыры Достың ұрпағы деп, төрт алмажайымның біреуін саған байладым, жолашарың болсын!» — депті Қабанбай батыр. Онысы қызыл алтайы түлкі болса керек. Сол қызыл алтайы түлкі Жидебай батырға кие болып дарып еді дейді.

Заманында Абылай ханмен үзеңгілес жүріп, небір қиын-қыстау жорықтарды бастан өткерген Жидебай батыр өзінің ғажайып жершілдігімен, алдағыны болжағыштығымен қазақ қосындарына көп шапағатын тигізген.

Жидебай батыр жеті әйел алып, бала-шағасы өсіп-өніп, жасы жүзден асқанда дүние салған. Топырақ бұйырған жері Қарағанды облысына қарасты Шет ауданындағы Нұра өзенінің бойы (*Дерек беруші Ғабдіман Игенсартов (1902-1976), халық ақыны, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 37-38-беттер*).

ЖІЛІК ҰСТАҒАН ОРЫНБАЙ. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі — кәрсөн (қарсұн). Кәрсөннен — Есенаман, Наурызымбет, Дүзей (Жүзей) тарайды. Есенаманнан — Қыдыр батыр туған. Жаугершілік заманда Қыдыр батырдың бесіктегі баласы қалмаққа олжа болыпты.

Содан Қыдыр батыр баласын жоқтап, қалмаққа тыным бермей, әр аттанған сайын қалмақ балаларын қойдай тізіп алып келе беріпті. Бұған шыдамаған қалмақ жағы арнайы елші жіберіп: «Біздің балаларымызды Қыдыр батыр қайтарсын, біз де олардың балаларын қайтарайық», — депті.

Сол кезде, Қайып төренің де баласы қалмақтарға олжа болып, ұмыта алмай жүреді екен. Хабарды естігенде ол да Қыдыр батырмен бірге аттанады.

Қыдыр батыр мен Қайып төре қалмақ балаларын алып барып еліне қосады. Қалмақтар: «Біз қазақтардан жалғыз-ақ баланы олжа етіп едік. Сол бала қазір қаратан болып ойнап жүр. Қолына асықты жілік ұстатып орталарыңа жіберейік, бала қайсыңа барса, соның аларсын», — дейді. Сонда, бала Қыдыр батырдың қасына келіп отыра қалып еді дейді. Сол баланы Қыдыр батыр Орынбай деп атап, алып қайтады. Кейін Орынбай үйленіп, Нүрпей, Өмірзақ, Қаракұла, Құлыншақ, Тобышақ деген бес ұл көреді. Ал, олардан тараған ұрпақ өсіп-өніп рулы елге айналған (*Дерек беруші Омар Ақбергенұлы (1902-1994), Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; М.Ж.Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 33-бет*).

КӘРСӨННІҢ АТЫ ЖҮЙРІК, ТОҚАНЫҢ ИТІ ЖҮЙРІК. Бұл сөздің де өзіндік мәні бар. Кәрсөн — арғын ішіндегі қаракесек руының бір бұтағы. Мекені Тоқырауын өзенінің бойы. Төңірегінде Бұғылы, Тағылы, Қызыларай, Ақшатау сияқты Арқаның шақатты қызыл таулары бар. Әрине, ол таулардың ит-құсы көп. Малдың сүмесімен күн көрген ел төрт түлігін аман өсіріп, ит-құстан қорғау үшін жүйрік ат ұстайды. Әсіресе, ойдағы малға шауып, қыратты тауларды паналайтын қасқырды еркін қайырып, жасқап отыратын жүйрік ат кәрсөндар үшін өмірлік қажеттілік болған. Сондықтан да кәрсөнның аты жүйрік келеді.

Ал, «Токаның иті жүйрік» дейтіні, тоқалардың мекені негізінен Нұра өзенінің бойы. Нұра бойы әдетте жазан, шұбарлы болып келеді. Қарағаны қаулап, тобылғысы сыңсып өскен шұбарлы далада әсіресе түлкі көп болады. Көздің жауын алып өріп жүрген қара пұшпақ, қызыл жон, сырқынды қу түлкіні ұстау үшін шалымды тазы керек. Тоқалар болса қазақы тазының небір асыл тұқымдарын мәпелеп ұстайтын болған. Кезінде Нұра бойының «Аққасқа», «Сарқасқа» деп аталатын құмай тазылары Қоянды жәрмеңкесі арқылы байтақ қазақ даласына, тіптен одан да тысқары жерлерге тараған.

Мәтел сөз осындай жағдайларға орай шыққан.

КЕРЕЙ АТАСЫ – ҚАРАБИ. Ел аузындағы шежіре сөздің бірінде Дана деген биден Керей туып еді дейді. Керей ел көзіне ертерек түскен, ақылына дәулеті сай адам болыпты. Алайда, Керей жігіт шағында қайтыс болып, жаңа қаз басқан баласы жетім қалады. Керейдің жетім баласын ашамайға мінгізіп жүргенде көз көргендер «Керей мырзаның ашамайлы баласы ғой» дейді екен. Содан, ол бала ел ішінде «Ашамайлы Керей» атанып кетеді.

Ашамайлы Керей үш әйел алып, олардан он жеті бала көріпті. Солардың ішінде кіші әйелінен Қараби жалғыз туыпты. Қарабиден Абақ туыпты. Абақтан он екі ата абақ керейлер өрбиді.

Ел аузындағы «Керей атасы – Қараби» деген сөздің айтылу себебі осыдан еді дейді (*Абақ керей. – Күйтің, 1994. 13-бет*).

КЕРЕЙ ЕР ЖӘНІБЕК. Керей ер Жәнібек біртоға, бұйығы адам болса керек. Ол кез қазақ қалмақпен шабысқан заман екен. Жәнібек ешкімге айтпастан жауға аттанып, жолшыбай қойшысының отарынан бір бозқасқаны ұстап, былай деп тілек тілепті дейді:

«Құрсаулы тұрған жауға жолықтыр,
Құрулы тұрған мылтыққа жолықтыр!
Ер сасқандай, етек басқандай,
Абылай сарт көтін атқандай
Бәлеге жолықтыр!
Осы топта көзге көрсет, Құдай!
Көрсетпесең, ал, Құдай!»

Жәнібектің тілегі қабыл болып, осы сапарында қалмақтың сегіз батырын алып, ер Жәнібек атанып, Төле би батасын беріп, Абылай оң тізесіне отырғызған екен (*Нұрмұхамедұлы Смахан төренің шежіресінен. – «Жұлдыз» журналы. 2003, № 3*).

КЕРЕЙ МЕН УАҚ. Уақтың әкесі Жаубасар еді дейді. Жаугершілікте Жаубасар мерт болып, әйелі Керейдің әкесі Ожыбайға (Дана би деп те айтылады) тиіпті. Сөйтіп Керей мен Уақ ағалы-інілідей болып Ожыбайдың бауырында өсіпті. Әлгі, Керей мен Уақтың өсіп-өнген ұрпағының күні бүгінге дейін өзара етене, қоңсылас болып

келе жатуының мәнісі осыдан еді дейді (*Дерек беруші Қойшығара Салғараұлы (1939), Қостанай облысы, Торғай өңірі, Көкалат ауылы*).

КЕР-КЕРЕЙ. Ел аузындағы аңыздардың бірінде «керей» сөзінің мағынасы «кер» (баран, қоңыр) сөзіне байланысты шығып еді дейді. Бір кісінің жеті баласы болса керек. Олардың жетеуі де қара-қоңыр болыпты да, олардан тараған ұрпақты «керейлер» деп атап кетіпті (*Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1992. 37-бет*).

КӨТЕН. Шежірелік деректердің бір нұсқасында Орта жүз қоңырат ішіндегі Жаманбай атасынан – Құрбан туады. Оның алты баласының бірі Көтен деп аталады. Құрбан қартайып, жасы тоқсанға жақындағанда балалары әкесінің көңілін аулап, елден қыз айттырып, мол етіп қалыңмалын беріп, бір қыз алып беріпті дейді.

Құрбан осы қыздан перзентті болып, оған «атамыз қартайғанда Құдай берді» деп келіндері қуанып, қайын атасынан сүйінші сұрайды. Сонда Құрбан: «Сүйінші алуларың қашпас, әкенікі – некүмән, шешенікі – хақ деген, алдымен баланы барып көріңдер, егер менен туғаны рас болса, көтенінің жиегі болмас, жамбасында алақандай қалы болар», – депті.

Келіндері жаңа туған нәрестені барып көрсе, Құрбан атасының айтқандары айнамай келіп тұр дейді. Осыдан кейін Құрбанның алты баласының кенжесі «Көтен» деп аталып кетсе керек (*Дерек беруші Бейсенбай Жарылғап (1949 ж.), белгілі қаламгер, Шымкент облысы, Отырар ауданы; А.Әбдіраманұлы. Халық данасы – Сары би және қоңырат руларының шежіресі. – Алматы, 1992. 66-67-беттер*).

КӨТЕНШІ МЕН КӨКТИҢҰЛЫ. Шежірелік аңыздардың келесі бір нұсқасында Орта жүз Қоңыраттың Нағанай есімді баласынан – Мелдеби, Орынби, Жығалымырза (Жағалымырза) есімді үш бала туыпты. Осылардың ішіндегі Мелдебидің Құндызай есімді бәйбішесінен – Құдайберген (Көтенші), Жезбике есімді тоқалынан – Тәңірберген (Көктіңұлы) туады.

«Әке – балаға сыншы» деген, Мелдеби өз балаларын еркелеткенде Құдайберген туралы: «Бұл – көтеніне сенген бәйбішенің баласы ғой, «Көтенші» десе де жарасады», – дейді екен. Ал, Тәңірберген туралы: «Бұл – көш-қон кезінде туып, жөргегі көктен болып еді, оны «Көктіңұлы» десе келіседі», – деп отырады екен. Дуалы ауыз Мелдеби осылай деген соң, былайғы жұрт та Құдайбергенді – Көтенші деп, Тәңірбергенді – Көктіңұлы деп атап кетсе керек (*Дерек беруші Смағұл Қарабекұлы (1894 ж. – белгісіз), Қарағанды облысы, Шет ауданы; А. Әбдіраманұлы. Көрсетілген еңбек. – 63-64-беттер; Е. Кәрібайұлы. Қоңырат шежіресі. – Алматы, 1992. 6-7-беттер*).

Белгілі ақын, сөз төркінін зерттеуші Байбота Серікбайұлы қоңырат шежіресінің бастауында аталатын Нағанай, Алтый, Сырғалы. Мелдеби сияқты есімдерді «Монғолдың құпия шежіресі» және Рашид-ад-Диннің «Жамиғ-ат-тауарих» атты еңбектеріндегі тарихи тұлғалармен шендестіріп, Нағанайды – Дэй, Алтыйды – Алчи, Сырғалыны – Чирха, Мелдебиді – Мэнлиг деген жорамал айтады (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы, 2003. 296-304-беттер*).

КӨШЕБЕ МЕН СИБАН. Шежіре нұсқаларының бір парасы бойынша Орта жүздегі керей тайпасының ашамайлы бұтағынан өрбіген рулардың бірі — көшебе. Сол көшебе руына түп ата болған әйгілі адамдардың бірі — Бағлан би («Қазақ этно-топонимдері» тараушасындағы «Бағлан» атауын қараңыз). Бағлан биден — Фархат, одан — Танаш би туған. Шежіре деректерінің бір үлгісі Танаш бидің 16 ұлының болғанын айтады. Айша есімді бәйбішесінен 15 ұл — Балға, Балта, Едіге, Ермен, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қанатар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр туған. Танаш бидің Манас есімді інісі жаугершілікте өледі де, оның Сәлиман деген әйеліне әмеңгерлік жолымен үйленіп, одан — Тарышы туады. Сонда, Танаш биде Тарышымен 16 бала болған.

Танаш би өзінің үлкен баласы Балғаны Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуға үйлендірген. Балға мен Ғалиядан Әзім есімді жалғыз ұл туған. Әзім туған соң көп ұзамай Танаш бидің бәйбішесі Айша да босанып, бір ұл тауыпты. Ел жайлауға көшіп жатқан кез болса керек, баланың атын Көшебе деп қояды.

Дәл осы тұста Танаш бидің інісі Апбас батырдың әйелі Бәтиха да босанып, ол да бір ұл тауыпты. Оның атын Жайлаубек қояды.

Ырымшыл қазақ, Әзімнен кейін екі шешесінің бірдей босанғанын жақсылыққа балап, Әзімге жеңгелері «Сыйлы бала», «Сыйбала» деген жанама ат қойып алады. Сол жанама есім, еркелете атау барысында, «Сибан» болып кетеді. Ашамайлы керейдің сибан руы осы Сибанның (Әзімнің) өсіп-өнген ұрпақтары. Сөз орайында, Көшебенің Омбы қаласындағы қорымға жерленгенін айта кеткен жөн (*Дерек беруші Сермағамбет қажы Сейітахметұлы (1925), даңғайыр шежіреші, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы; Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Бір әулеттің тарихы. — Петропавл, 2003. 11-12-беттер*).

ҚАҚСАЛ. Орта жүз Арғыннан — Мейрамсопы, одан — Шегендік, одан — Қақсал туыпты деп келетін шежіре дерегі ел ішінде көбірек айтылады.

...Ел-жұрттың көшіп-қонып жүретін заманы екен. Сондай бір абыр-сабыры көптеу көш-қон кезінде Шегендіктің бәйбішесі босанып, арыстай бір ұл бала дүниеге келеді. Дәл сол күні жауын-шашын болып, ол да бір жағынан берекені алынқырап тұрса керек. Көш үстінде асығыс құрылған қамсау күрке, сол күркенің панасында босанған ана, жарық дүниеге келген нәрестенің інгалаған үні, жаялық-жөргегін қамдаған қатын-қалаш, абыр-сабыр сәт... Жас босанған ана есеңгіреп жатып нәрестенің қамын ойлайды, жас шаранасының тәніне алғаш тиетін жөргек-жаялықтың жылы болғанын қалап: «Анау отқа қақ сал», — дейді әлсіз ғана. Қазақтың ат тергейтін дәстүрі бойынша сиырдың ақ жапасын немесе ақ сөңке болып қураған тезекті «қақ» деп атайтын әдеті. Сол жердегі әйелдердің бірі: «Мына бейбақ баласының атын «Қақсал» деп жатыр ғой!» — деп іліп әкетеді. Енді біреулер Мейрамсопыдан: «Қақсал деген немереңіз дүниеге келді!» — деп, сүйінші сұрап та үлгереді. Сонда Мейрамсопы: «Мейлі, Қақсал болса, Қақсал болсын, аман өсіп, ақ шал болсын!» — деп тілек айтыпты дейді.

Кейін Қақсал ержетіп, әулеті ұлғайған кезде Қозғанмен еншілес болады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағының «қақсал-қозған» деп қатар аталатыны содан дейді. Шежіре бойынша қақсал руы өз ішінде әлдеберді, селебе, сәти, сары деп аталатын төрт атаны құрайды.

Сөз орайында, қақсал руынан шыққан әйгілі тұлғалардың бірі — қазақтың көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаев екенін айта кеткен абзал (*Дерек беруші Сейітжан Әбенұлы, даңғайыр шежіреші, Ақмола облысы, Астрахан ауданы*).

ҚАРАБАЛЫҚТЫҢ ҚОЖАЛАРЫ. Ертеректе қыпшақ ішіндегі көлденең мен қарабалық бұтағының игі жақсылары бас қосып: «Осы ылғи төре тұқымынан хан қоя береміз бе, қара қазақтың баласы да тақтан құлап қалмас», — деп, қарақыз атасынан шыққан Мәметек Жауқашарұлы деген беделді кісіні ақ киізге көтеріп, хан сайлапты. Хан сайланған соң, елдің жақсы-жайсаңы отырып: «Уа, хан-ием! Құдайға шүкір, ханымыз бар, биіміз бар, еліміз бар, еріміз бар. Мал-жанымыз, жер-суымыз, бәрі көңілдегідей. Енді бізді Алланың ақ жолына салатын пір керек. Соны тауып алмаймыз ба?» — десіпті.

Сонда ханның бас уәзірі Қосет батырдың ұлы Құдайсүгір би: «Пірді мен табайын, малдың төрт түлігінің құтын жиып беріндер», — депті.

Кешікпей-ақ, төрт түліктің бурасын, айғырын, бұқасын, қошқарын, текесін Құдайсүгір бидің алдына салады. Сол кезде жапсарлас жаппас елінде Бұхарадан дін оқуын оқыған Марал деген ишан жүрсе керек. Құдайсүгір би жанына қырық кісіні ертіп, төрт түлік малдың құтын алдына салып айдап, Өлкейек өзенінің бойында Марал ишанды тауып сәлем береді.

Марал ишан: «Уа, мүсәпірлер, сапар оң болсын!» — дейді.

Сонда Құдайсүгір би: «Уа, тақсыр! Жаратқан иеміз әуелі бір нұр жаратты деп еді, сол нұрдан жер жаратты деп еді, оған жолдас болсын деп ай мен күн жаратты деп еді, сол жерде Қаратауды ықтап келсін деп ел жаратты деп еді, сол елге пана болсын деп хан жаратты деп еді, халыққа әділдік айту үшін би жаратты деп еді, ақырында Құдайға тура бастап баратын пір жаратты деп еді. Сол пір деп алыстан Сізді іздеп келіп отырмыз. Жолымыздың оны Сізден болсын!» — депті.

Марал ишан жолаушыларды бірнеше күн қонақ қылып, сөздері жарасып, қонақтар аттанарда: «Сіздерге пір болуға жарайды», — деп Аққожа деген он екі жасар баланы береді. Осы Аққожа қарабалық ішіне сіңіп, имам болып, одан — Тұрсынбай туады. Тұрсынбайдан — Еруәлі, одан — Серәлі ақын туады. Серәліден — қазақтың белгілі ақыны, жорналшысы Мұхаметжан туған. Қарабалық арасына қожа тұқымы осылай пайда болған (*Ақылбек Шаяхмет. Есте қалар ел тарихы. — Қостанай, 2005. 123-125-беттер*).

ҚАРАТАЙ ЕЛІ. Қазақстанның шығысында, Алтай алабының Қотанқарағай өңірінде Шабанбай жайлауы деген жер бар. Бұл жайлауды ертеден бері найман ішіндегі қаратай атасы мекен етеді. Жердің жаннатындай Шабанбай жайлауын қоныс еткен елдің еңсесі биік. Осыған орай айтылса керек, ел аузында «Шабанбайдай жер қайда, Қаратайдай ел қайда!» — деген сөз бар.

Қазақтың ауызша тарихы (ҚАТ) бойынша тоғыз таңбалы Найманнан – Елата (Елтай), Тоқпан, Белгібай туады. Осылардың Белгібайынан – Төлегетай, Сүгірші, Шүйінші туған. Бұлардың ішінде Сүгіршіден – Бағаналы, Балталы, Ергенекті туған. Ергенектіден – Саржомарт, Бура, Көкжарлы туған. Соның Көкжарлысынан – Қаратай, Жәрке, Андағұл, Тілеуберді, Қайқыберді, Тәңірберді, Құдайсүгір есімді жеті ұл туған.

Қаратай жоңғар шапқыншылығы кезіндегі аласапыран заманда өмір сүрсе керек. Себебі, тарихи деректерде ХХ ғасырдың орта тұсында Қаратайдың сегізінші ұрпағы дүниеге келіп үлгерген. Сөз орайында, белгілі жазушылар Оралхан Бөкей мен Әлібек Асқар Қаратайдың жетінші-сегізінші ұрпағы болып келетінін айта кетуге болады. Қаратайдың өзінің қоныс еткен жері Арқадағы Атасу, Манақа өзендерінің бойы болған. Бұл өзендер Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет (Ақадыр) аудандарының жерімен ағады. Күні бүгінге дейін шұбыртпалы Ағыбай батырдың бейітін орай ағып жатқан өзенді жергілікті халық Қаратайдың Қараталы деп атайды.

Кейін Қаратай әулеті тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты Шар өзенінің бойын қоныс етеді. Шар өзені Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті, Жарма, Шар, Жаңа Семей аудандарының жерін көктей ағып өтеді. ХVІІІ ғасырдың соңына қарай Қаратай әулетін қаракерейлер ығыстырып, шығысқа қарай, Ертіс бойына серпіліп қонады. Демек, Шабанбай жайлауын қаратайлар ХVІІІ ғасырдан бергі кезеңде қоныс етіп келеді деп топшылауға болады. Жалпы, жоңғар шапқыншылығынан кейін қазақ ру-тайпаларының қоныс орнықтыру жайына Қаратай әулетінің дерегі жарқын мысал бола алады (*Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Устькаменогорский уезд. IX том. – С.-Петербург, 1905. 1-5-беттер*).

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЙРАН ТАУ. Ресей отаршылдығы енгізген әкімшілік жүйесінің пәрменімен 1824 жылы Қарқаралы дуаны (сыртқы округі) құрылады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ру-тайпалық құрылымның шырқы бұзылып, ел ішінде наразылық туады. Халық бұқарасын Абылай хан тұқымы, Қасымның үлкен ұлы Саржан сұлтан басқарады. Алайда, патша әкімшілігінің Омбыдан шығарған қарулы күшіне Саржанның қолы төтеп бере алмай шегінуге мәжбүр болады. Бұл толқудан кейін Қарқаралы басы патша әскерінің тірек мекеніне айналады. Жергілікті халықтың өрісі тарылып, Қарқаралының шұрайлы алқаптарын патша әкімшілігі билеп-төстей бастайды. Ол кезде Қарқаралының Үлкенкөл, Төрқара, Шымқора, Жауыртоған сияқты оты-суы мол орманды алқаптарын қаракесек руының ішіндегі бес ата әлтөбет атасы қоныстайды екен. Бірте-бірте әлтөбеттер ата қоныстарынан ығысып, мал-жанның тынысы тарыла бастайды. Тіптен, қоныс дауы кезінде елдің бас көтерер азаматы Балғазы Байбатырұлы мерт болады. Ақыры, әбден шарасы таусылып, туған жерден күдер үзген әлтөбет руының біраз бөлігі оңтүстікке қарай ығыса көшуге мәжбүр болады ғой. Сонда, елмен бірге көшіп бара жатқан ақын Күдеріқожа Көшекұлы туған жермен былай деп қоштасқан екен:

«Қарқаралы қайран тау,
 Тиюші еді пайдаң тау,
 Наурыз-науша берген тау.
 Басыңнан малым кетпеген,
 Үстінен боран өтпеген,
 Мың бас біткен құтты тау.
 Өмір бойы іздесем,
 Табылмас сендей сүтті тау.
 Ағашың әйбат көрінген,
 Жемісің жерге төгілген,
 Жарықтығым қайран тау.
 Кетейін деп кетпедім,

Төңірегім толған жау. *(Дерек беруші Ахметбек Әрінұлы (1914), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нүркен атындағы кеңшар).*

ҚОҢЫРАТ. Қоңырат тайпасының бастау тегі туралы алуан түрлі шежірелік аңыздар бар. Солардың ішіндегі ең бір жиі айтылатын нұсқасын келтіруге болады. Қария сөздің айтуында Қоңыраттан — Байбөрі, Құлтай, Шыныбай, Байсары, Дарақожа туыпты дейді. Осылардың Дарақожасынан басқасының ұрпағы Жиделібайсын жерінен табан аудармаған қалпы өзбек ішіне сіңіп кетсе керек. Дарақожадан — Ұзынсопы, одан — Нағанай туады. Нағанайдың өз кіндігінен туған отыз ұлы және асықты жілік ұстатып асырап алған Емен, Семен деген екі киімді баласы болыпты. Жаугершілік заманда осы отыз екі баласы өле-өле келіп, Жұпар деген бәйбішесінен (Қалампыр деген тоқалынан деп те айтады) туған Жығалымырза (Жағалымырза), Мелдеби, Орынби деген үш баласы ғана аман қалады екен. Бұл үш бала ержетіп, Жығалымырза Жезбике деген төренің (қалмақтың деп те айтады) қызына үйленеді. Жезбикеден Құлшығаш (Ақмырза деп те атайды) деген бір ұл көрген соң Жығалымырза дүние салады. Жалмырза өлерінде: «Менің інім Мелдеби Түркістанның биі еді, жаман айтпай жақсы жоқ деген, олай-былай болып кетсем, әмеңгерің сол Мелдеби болсын!» — деп өсиет етеді.

Содан, Жалмырза дүние салып, «жетім балалы жесір әйел» дегендей, Жезбике Түркістандағы Мелдебиге ұшырасқанша арада екі-үш жыл өтіп кетеді. Бұл екі арада, Жалмырзамен аталас Қараменде деген бір жігіт болады екен, сол Қараменде Жезбикені құлай жақсы көріп, қыр соңынан қалмай жүріп, ақыры көңіл қосады. Қараменде мен Жезбике арасынан бір ұл туып, оның атын Қаракөсе қояды. Оның өсіп-өнген ұрпағы қазір рулы ел.

Күндердің күнінде Жезбике мен Қараменденің Түркістанға жолы түседі. Шаһарға келген соң, Жезбике алғашқы күйеуі Жығалымырзаның өсиеті бойынша Мелдебиді іздейді. Бір күні ел көп жиналған жерге келсе, қоңыраттың босаға таңбасы басылған бір ат тұр дейді. Аттың иесін күтеді. Әлден уақытта аттың иесі де келеді. Ол өзінің қайнысы Мелдеби екен, сол жерде Жезбике мән-жайды

бүкпей айтып береді: «Жазу осылай болды, Қараменде де алысың емес, енді қалай шешсең де, сенің дегенің болады», — дейді.

Мелдеби біраз күн ойланып, Қарамендені басқа біреуге үйлендіреді де, елге қайтарады. Бұл кезде Мелдебидің Құндызай деген бәйбішесі болады екен, сол Құндызайдың үстіне әменгерлік жолымен Жезбикеге үйленеді.

Жезбикенің қадамы құтты болып, бұрын бала көтермей жүрген күндесі Құндызай да, Жезбикенің өзі де қатар жүкті болады. Сөйтіп, Мелдебиді Тәңір жарылқап, бәйбішесі Құндызай мен тоқалы Жезбике бір күнде босанып, екеуі де ұл бала табады. Құндызайдан туған баланың есімін Құдайберген деп, Жезбикеден туған баланың есімін Тәңірберген деп қояды. Екі әйелінің бір мезгілде босанғанын сырттай байқап жүрген Мелдеби бәйбіше баласының күтімі дұрыс екенін, тоқалдың шетқақпайлау болып, баласының жамбасына көк шөп төселгенін байқайды. Жай ғана байқап қоймай, Мелдеби: «Көтеніне сенген бәйбішенің баласын «Көтенші», көк шөпті жөргек еткен тоқалдың баласын «Көктің ұлы» десе де болар!» — депті. Кейін Құдайбергеннен өсіп-өнген ұрпақтың — «Көтенші», Тәңірбергеннен өсіп-өнген ұрпақтың — «Көктіңұлы» атанып кетуі содан еді дейді. Енді, Нағанайдың Орынби деген үшінші баласы бар еді ғой. Сол Орынбидің Сүйеніш деген бір баласы болады. Сөйтіп, Нағанайдың үш баласының Жығалымырзасынан — Құлшығаш, Мелдебиінен — Тәңірберген (Көктіңұлы), Құдайберген (Көтенші), Орынбиінен — Сүйеніш туған. Нағанайдың осы немерелерінен он екі ата қоңырат тайпасы тарайды. Осы орайда, шежіре дерегінің ел ішінде ең бір жиі айтылатын нұсқасын келтіре кетудің артықтығы жоқ. Жығалымырзадан — Құлшығаш, одан — Таз, Түгіскен, Дүйсенбі, Өтеулі, Жортпас туады. Құлшығаш ұрпағы енші бөліспеген. Сондықтан да өз алдарына қоңырат тайпасының еншісі бөлек бір атасы болып таратылады. Мелдебидің Тәңірбергенінен — Қара (Алғи), Абат (Жабат) туады. Мелдеби баяғы Қарамендеден туатын Қаракөсені де жатсынбай, Тәңірбергенмен еншілес етіп өсірсе керек. Содан да болу керек, көптеген шежіреде Қаракөсені Тәңірбергеннің баласы ретінде таратады. Міне, осы ұрпақтар өсіп-өніп, өзара енші бөліскен кезде алты атаға жіктелген. Қарадан туған Аққойлы мен Қарасирақтың еншісі бір болып, өз алдарына бір ата құраған. Абаттан — Оразкелді, Байыс, Тайыс, Бағыс (Боғыс), Көккөз деген бес ұл туған. Осылардың Оразкелдісі өз алдына еншісі бөлек бір ата құрайды. Байыс пен Тайыс ұрпағы еншілес бір ата болып, «Байлар» деп аталады. Бағыс (Боғыс) ұрпағы болса, өз алдарына «Жандар» деген атпен бір ата құрайды. Сол сияқты, Көккөзден туған Тоқболат ұрпағы да өз алдарына еншісі бөлек бір ата болады. Енді, Тәңірбергеннің (Көктіңұлының) киімді баласы Қаракөсе еді ғой. Қаракөсе ұрпағы да өз алдына еншісі бөлек бір ата құрайды.

Мелдебидің Құдайбергенінен (Көтеншіден) өрбіген ұрпақтар қоңырат тайпасының үш атасын құрайды. Құдайбергеннен — Сұпы, Мақы туған және төре қызы Сұқсырханым деген тоқалына еріп келген Досымқұл есімді киімді баласы болған. Сұпыдан тараған ұрпақ, оның шөбересі Саңғылдың атымен қоңырат тайпасының сегізінші атасын құрайды (Сұпы — Мүлкаман — Сарықұл — Саңғыл). Бұлай болатыны, Сұпыдан тараған ұрпақтың бәрі де Саңғылмен еншілес болып еді дейді. Ал,

Мақыдан тараған ұрпақ енші бөліскенде Аманбай, Жаманбай деген немере-шөберелерінің атымен қоңырат тайпасының тоғызыншы және оныншы аталарын құраған (Мақыдан — Қара (Құдайберді), одан — Жаулыбай, Аманбай, Сүттібай, Суынбай, Аққошқар, Байқошқар; Жаулыбайдан — Қоңырсопы, Жаманбай). Құдайбергеннің (Көтеншінің) тоқалы Сұқсырханымға еріп келген киімді баласы Досымқұлдан өрбіген ұрпақ «Жетімдер» деген атпен қоңырат тайпасының он бірінші атасын құрайды. Нағанайдың үш баласының бірі Орынбиден — Сүйеніш, одан — Жолдыбай, одан — Игілік туған. Игіліктің момындығын меңзеп жеңгелері «Божбан» деп атайды екен. Осы Игіліктен өрбіген ұрпақ «Божбан» деген атпен қоңырат тайпасының он екінші атасын құрайды. Міне, Сыр мен Сарыарқаны көктей жайлаған, Ақмешіт пен Ташкентті бойлай қоныстанған он екі ата қоңырат тайпасы туралы ел аузындағы қария сөздің бір нұсқасы осылай баяндалады («Орта жүз» тараушасындағы «Алтыс алты ата қоңырат», «Көтен», «Көтенші мен көктіңұлы» тақырыпшаларын, «Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Қоңырат» тақырыпшасын және «Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Қоңырат» тақырыпшасын қараңыз).

ҚҰДАЙ. ЖҰМАҚ. ТОЗАҚ. Абай мен Мәшһүр-Жүсіп бір-бірінің аты-жөніне сырттай қанық болса да, әлі жүздесіп, көріспеген кездері болса керек.

Бірде, тобықты еліне жолы түскен Мәшһүр-Жүсіп арнайы сәлем беру үшін Абай ақынның үйіне келеді. Босағадан аттай берген Мәшһүр-Жүсіпке Абай тосын сауал қойыпты:

— Ақынның данқы өзінен қырық күн бұрын жетеді деген, атыңа қанық едім, затыңды көрейін, айтшы кәне, Құдай қайда, жұмақ пен тозақ қайда?! — деп.

Сонда Мәшһүр-Жүсіп мүдірместен:

— Абайдың Құдайы қайда екенін білмеймін. Менің Құдайым кеудемдегі жүрегімде. Ал, жұмақ пен тозақ әркімнің өз үйінде, қатының ақылды болса — жұмақ, ақымақ болса — тозақ! — деп жауап қайырыпты.

Абай есті сөзді естігеніне риза болған шыраймен: «Мәшһүр десе дегендей екенсің!» — деп, қолын алып, төрін ұсыныпты дейді (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), даңғайыр шежіреші, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы*).

ҚҰЛАН ҚЫПШАҚ. Тоқсан екі баулы қыпшақтың бір тармағы құлан қыпшақ деп аталады. Шежіре деректерінде қыпшақтың Домбауыл деген батыры су перісінің қызына үйленіпті дейді. Су перісінің қызы: «Ешқашан менің аяғыма қарамайсың», — деп шарт қойса керек. Сол шартқа келісіп, уәде берген Домбауыл батыр бірде төсектен тұрарда жанындағы жарының аяғына көзі түсіп кетеді. Су перісінің аяғы қаз табан еді дейді. Мұны сезіп қалған су перісінің қызы: «Біздің бірге болуымызды тағдыр жазбады», — дейді де көзден ғайып болады.

Су перісінің қызы бұл кезде Домбауыл батырдан жүкті еді дейді. Күндердің күнінде су перісінің қызы босанып, арыстай ұл табады. Ол ұлды құланның қағына жөргектеп, Домбауыл батырдың босағасына әкеліп тастайды. Осы баладан өрбіген ұрпақтың құлан қыпшақ атануы содан еді дейді.

Ұлытауда Домбауылдың дыңы деп аталатын, тастан өрілген шошақ мола бар (*Дерек беруші Ахметжан Әбіқаев (1903-1986 жж.), халық ақыны, Қостанай облысы*).

ҚҰЛТАЙБОЛАТ. Абақ керей ішінде құлтайболат деген ата бар. Бұл ата туралы шежіре деректерінде бірнеше түрлі аңыз-әңгіме кездеседі.

Бірінші, құлтайболат абақ керейдің он екі атасының бірінен тарайды дейді. Яғни, Абақтан (Нәзір деп те айтылады) – Құтты, одан – Майқы, одан – Ермен, одан – Изен, одан – Құттыберді (Ақсопы деп те атайды), одан – Бағаналы, одан – Байлау, одан – Жиеншора, одан – Құлтайболат туып еді деп келеді.

Екінші, құлтайболатты он екі ата абақ керейдің бір атасы дейді. Мұндай шежірелердің бірінде шимойын руын, екіншісінде сарыбас руын, келесісінде жастабан руын абақ керейдің он екі атасының құрамына кіргізбейді.

Үшінші, Жұртбай би (XIX ғ.) елге сөзін өткізіп тұрған кезде он екі ата абақ керейдің құрамынан құлтайболатты шығарып, жәнтекей құрамына еншілес (алмандас деп те айтады) етіп қосып еді дейді. Сөйтіп, құлтайболаттың орнына абақ кереймен қоңсылас отырған ашамайлы керейдің ұрпағы шимойынды он екі атаның бірі етіп абақ керейдің құрамына қосса керек.

Төртінші, құлтайболат атасы жәнтекей руынан өрбіген деп келеді. Құлтайболаттың орнында он екі ата абақ керейдің бірі шимойын дейді.

Бесінші, Құлтайболат Жәнтекейдің бәйбішесі Мәулімнің әкесі бөлек, шешесі бір бауыры екен дейді. Құлтайболаттың әке-шешесі жастай өліп, жетім қалады да, тұрмыстағы әпкесі Мәулімнің бауырында, жездесі Жәнтекейдің тәрбиесінде өсіпті. Сондықтан, құлтайболат атасын шежірешілердің бір парасы жәнтекей деп те, абақ керейдің бірі деп те таратуды қателік деп санамайды.

Алтыншы, Жәнтекейден туған Кенжәлі есімді баланы нағашысы қыпшақ Қасқа батыр асырап алыпты дейді. Кейін Қасқа батыр дүние салған соң, жетім қалған Кенжәлі өз еліне қайтып келіп, Токбике деген қызға үйленеді. Токбикеден Тілеумет деген бала көреді. Тілеуметтен – Құлтай, Болат деген екі ұл туса керек. Кейін осы екі баладан өрбіген ұрпақ Құлтайболат атанып кетеді.

Жетінші, Абақтың (Нәзірдің) жетінші ұрпағы Байлаудан – Бердішора туады. Бердішораның қызынан туған баланың аты Жиеншора болса керек. Осы Жиеншорадан – Тілеумет, одан – Құлтай, Болат деген екі бала туып, олардан өрбіген ұрпақ Құлтайболат атанып еді дейді. Бұл шежірені таратушылар Құлтайдан – Байқожа, Шынқожа, Қожаберген деген балалар туған, ал Болаттан – Өтеген, Сасық (Бердікен) туып еді деп отырады (*Дерек беруші Асқар Татанайұлы, Шығыс Түркістан, Шыңжан*).

ҚЫДЫРАЛЫ, ҚҰЛШАН. Шежіре бойынша Найманнан – Белгібай, одан – Сүйініш, одан – Төлегетай, одан – Қытай туады. Қытайдан – Төртуыл, Қаракерей, Матай, Садыр туып, әкеден ертерек жетім қалады да, үлкен әкесі Төлегетайдың тәрбиесінде болады. Содан «Төрт төлегетай» атанса керек.

Төрт төлегетайдың Матайынан – Қолдас (Қаптағай), Аталық, Тәнеке атты үш ұл туса керек. Қолдас XVII ғасырда ғұмыр кешкен, жауға «Қапта-қапта!» – деп көп

шапқандықтан Қаптағай атанған. Ерен ерлігіне тәу еткен қалың найман Қаптағайды ұранға шығарған. Қаптағайдың ұрпағы қазір рулы елге ұласқан.

Сол қаптағайдың ішінде қыдыралы, құлшан, қара, бікен деп аталатын аталар бар. Осы аталарға қатысты ел ішінде «Бікенге қонғанша — тікенге қон, қараға қонғанша — далаға қон, бұл екеуіне қонғанша — қыдыралы, құлшанның көшіп кеткен жұртына қон» деген сөз айтылады.

Мұның мәнісі қыдыралы, құлшан елі көшерде жұртына сірне пісіріп, шокқа көміп кетуді дәстүр етсе керек. Онысы — жол соқты болған жолаушыға, өкше ізді басып көшкен елге шапағатымыз тисін деген ниеттен болса керек.

Қыдыралы би болған адам. Лепсі уезінде 1807 жылы дүние салған. Оның немересі Тәнекенің батырлығымен даңқы шыққан, Кенесары бастаған көтеріліске қатысқан. Қыдыралының Барлыбек деген ұрпағы Жетісуда ең алғаш жоғары білім алғандардың бірі. Қыдыралының тағы бір ұрпағы ел құрметіне бөленген Маман бай, Тұрысбек, Есімбек қажылар. Бұл әулетке әйгілі ақын Сара келін болып түскен.

ҚЫПШАҚ. Әйгілі тарихшы Рашид-ад-Дин өзінің «Жамиғ-ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбегінде мынандай аңыз келтіреді: «Оғыз ит-барақ тайпасымен арада болған шайқаста жеңіліс тауып, Қосөзен ортасындағы аралды паналайды. Сол арада күйеуі соғыста өлген бір екіқабат әйел болса керек, айы-күні жетіп, ағаш қуысын пана тұтып босанады. Мұны естіген Оғыздың жаны ашып, «Бұл әйелдің күйеуі жоқ болғандықтан, одан туған нәрестені мен бала етейін» дейді. Шынында да ол баланы өзінен туғандай етіп асырап, оны Қыпшақ деп атайды. «Қыпшақ» атауы түркінің «қабық» сөзінен туындаған — «өзегі шіріген ағаш» деген мағына береді. Барша қыпшақ осы баладын өрбіген» (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. 1-том. Бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 84-бет*).

Бұл аңыз дәл осы нұсқасында Әбілғазы баһадүр ханның «Түркімен шежіресі» атты еңбегінде де қайталанады (*А.Н. Кононов. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. — Москва-Ленинград, 1958. Мәтіннің 295-300-беттері*).

ҚЫПШАҚ НАУРЫЗБАЙ БИ. Шежіре бойынша қазақ арасындағы бес таңбалы қыпшақтың бірі Қарабалықтан — Қарсақ, Шоманақ, Жолыншы, Жолжақсы, Танабұға туған. Осы танабұға атасының ішінде жұрт аузына ілігіп, төңірегіне шапағаты көп тиген адам — Қазыбайұлы Наурызбай би. Наурызбайдың әкесі Қазыбай да қарабалық қыпшақ ішінде сөзі жерге түспес би болған адам. Әйгілі Тарақұлы Өске ақын осы Қазыбайдың тәрбиесін көрген. Сөз орайында, «Бес ғасыр жырлайды» кітабында Қазыбайдың есімі «Қазы» болып жаңсақ жазылып кеткенін атап өтсе аруақ риза болады.

Заманында Наурызбай би қазақтың әйгілі билері Досболмен, Балғожамен бастас болған. Балғожа би — Ыбырай Алтынсариннің атасы. Наурызбай би туралы Өске ақын: «Алашта Наурызбайдың ақылы артық», — десе, Мұхамеджан Сералин: «Өтіпті би Наурызбай деген нар да», — дейді. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» кітабында Наурызбай бидің өлеңдерін мысалға келтірген.

Ресейдің отаршылдық саясаты XIX ғасырда қарқын алып, қалың қазақтың шырқы бұзыла бастағанда Арқадағы қыпшақ жұрты да екіге бөлініп, бір бөлігі Сыр бойын

паналауға мәжбүр болған. Ағайын-туғанның тірідей айырылысуы онай ма, қазақ үшін қасіреттің зоры сол ғой. Сыр қыпшақтары қайғы жұтып күңірене берген соң, елдің Досбол би бастаған бас көтерерлері Қыр қыпшақтарына хат жазыпты дейді:

«Дұғай сәлем айтамын,
 Қанқожа мен Балқожа,
 Сөзіме құлақ сал қожа.
 Шүйіншәлі, Қарпық бай,
 Қазыбайұлы Наурызбай,
 Жадында болсын бір Құдай.
 Ой қыпшақ пен қыр қыпшақ,
 Бәрін жисаң бір қыпшақ.
 Сол қыпшақтың ішінде,
 Дуа тиген бір қыпшақ.
 Мінген аты топышақ,
 Жал-құйрығын жайқалтып,
 Шалқып жүрген сол бір шақ.
 Қоныс болар деменіз,
 Орыстың салған қаласы.
 Осында жатып қорқамын,
 Орыс болып кетер деп,
 Сол жақта қазақ баласы.
 Басымызды қосалық,
 Ұзын судың бойынан,
 Бір жақсылық тосалық,
 Онан жақсылық болмаса,
 Қатын-бала қамы үшін,
 Басқа жаққа босалық.
 Дәм бұйырып сіз келсеңіз,
 Төсек пен төр сіздікі,
 Есікте орын біздікі.
 Егер тілді алмасаң,
 Айтқан сөзге көнбесең,
 Қазулы көр сіздікі!..»

Бұл хатқа Наурызбай би былай деп жауап қайырады:

«Досбол би хат жазыпты біздің елге,
 Біздің ел Сарыарқада, шалқар көлде.
 Сырлаған сарттың тамын мақтай бермей,
 Досбол би, өзің келші осы шенге.
 Орыс жүр осы күні Сырды айналып,
 Салуға Сырға дуан ыңғайланып.
 Салғалы Сырға дуан он жыл болды,
 Кімің тұр соғысуға оңтайланып?..»

Баяғы мынау орыс күйінде тұр,
Бұл күнде Ақмешіттің түбінде тұр.
Жалайыр, үйсін, дулат, найман, қыпшақ,
Жылына үш шабылып құрып отыр.
Бұл сөзге өзіңіз де түсінерсіз,
Тегінде жан емессіз білімдерсіз.
Жылына зекетім деп үш қинайды,
Орыстай осы күні сарт та дінсіз...»

Ел қамы, халық тағдыры деп, бұрынғының адамдары осылайша басын тау мен тасқа соққандай күй кешкен.

Сол Наурызбай бидің ел ішінде болған кісі өліміне байланысты құн дауында жасаған төрелігі күні бүгінге дейін ұрпақ жадында. Қыпшақтың Шашамбай деген белгілі адамы жалпақ жатқан арғын-қуандық ішіндегі сайдалылардың қолынан жазым болса керек. Ол кезде сайдалылардың бетке ұстары ақ патшаның таққа отырар салтанатына қатысқан Аққошқар деген кісі болған. Аққошқарға қырық мың жылқы біткен деген сөз бар.

Құн дауының бір жағында Шыңғыс төре мен сайдалы Аққошқар болса, екінші жағында правитель Мұқан, Қазыбайдың Наурызбайы, алтыбас Балқожа, Шегеннің Қазыбегі қатарлы басты адамдар болады. Жиналған екі жақ пәтуаласып, билік айтуға Аққошқар мен Наурызбайды шығарады. Сонда Аққошқар би: «Ай, Наурызбай, дауысың қоңыр қаздай саңқылдап құлағыма жетуші еді. Мұның билігін сен айт!» — дейді.

Бұл сөзге Наурызбай би: «Сіздің ел ақсақалдың айтқанын тындамай, аяқасты қылатын жұрт деп естіп едім. Бұзылып кететін билікті айтпаймын!» — деп жауап беріпті.

Сонда Аққошқар отырып: «Аққошқар айтпайтұғын, айтса — айтқанынан қайтпайтұғын. Аққошқар іс қылмайтұғын, іс қылса — елі тындайтұғын. Билігінді айта бер», — деп жолын береді.

Билік айтудың жолы берілген соң Наурызбай: «Орыстың заңы бойынша айтайын ба? Құранға сүйеніп айтайын ба? Әлде, қазақтың қағидасымен, ата-баба жолымен айтайын ба?» — деп сұрайды.

Бұл сұраққа Аққошқар: «Ата-баба жолымен жүрейік», — деп жауап берсе керек. «Онда, Сізден сұрайтын сөзім бар», — дейді Наурызбай.

«Сұра!» — депті Аққошқар.

«Сұрасам, жақсы аттың құны не болады?» — дейді Наурызбай.

«Төрт бесті», — дейді Аққошқар.

«Жақсы иттің құны не болады?» — дейді Наурызбай.

«Екі көкжалдың терісі», — дейді Аққошқар.

«Ер жігіттің құны не болады?» — дейді Наурызбай.

«Екі жетім қыз», — деп жауап береді Аққошқар.

Осы сұрақ-жауаптан кейін Наурызбай би: «Шашамбайды алты алаш білмесе де, Орта жүздің баласы тегіс білуші еді. Оның құны қырық байтал және бір қалмақ қызы болсын!» — деп кесімін айтады.

Аққошқар бұл билікке еш қарсылықсыз келісіп еді дейді.

Алайда, елдің біразы Аққошқардың жақ ашпастан келісе кеткен қылығына наразы болып: «Билікті өзін айтпай Наурызбайға неге бердің?! Берген екенсің, неге көндің?!» — деп сөз шығарса керек.

Сонда жасы сексеннен асып қалған Аққошқар:

«Әділ биге жүгінсең,
Шегеннің Қазыбегіне жүгін!
Жүйрік биге жүгінсең,
Қазыбайдың Наурызбайына жүгін!
Балқожа да би екен,
Бірақ, түйесі түнде боталаған би екен!

Наурызбай маған сауал қойғанда, мағынасын түсінбеген екенсіңдер. Орыс заңымен айт десем, ел ағасының біреуін тандап алып, итжеккенге айдатпақ ниеті болды. Бұл жаза өліммен тең емес пе?! Құранға сүйен десем, оның «Бахара» сүресінде «Өлген адамың үшін сен де соған теңдес бір адамын өлтір» деген аят бар. Біреуімізді Шашамбайға теңеп, беліне ілген семсермен жарып тастауға дайын отырды. Ол «Құранға» сүйенсе де мені жеңетін еді. «Құран» — Құдай сөзі. Наурызбайдың киесі бар адам екен. Мен жауап сөз айтсам, шайнап тастайтындай болып, екі иығында екі жолбарыс шабынып тұрды!» — деген екен.

Сол жолы Наурызбай би қырық үш дауға билік айтып, ел-жұрттың ризашылығына бөленіп еді дейді (*Дерек берушілер Өтеміс Қалабаев, Асылбек Ташбаев, Қостанай облысының тумалары; Ақылбек Шаяхмет. Есте қалған ел тарихы. — Қостанай, 2005. 155-166-беттер*).

ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша қыпшақ ішіндегі аталардың бірі Торыдан — Әлпейіс, Құлпейіс, Көкмұрын, Шашты есімді төрт бала туған. Осылардың Әлпейісінен — Қитаба, одан — Еділ, Шоғал, Бессары, Қара, Қайыпберді, Қосай, Сарытымақ, Ақпан, Сарыкөт есімді тоғыз бала туады. Бұл тоғыздың ішіндегі Қарасынан — Мәзберлі, Көшкінші туған. Көшкіншіден — Көшімқұл, Көшімбет, Тәңірқұл, Сырымбет, Құрманәлі, Құрмантай туады. Осы алты баланың үлкені Көшімқұлдан — Избасар, Қозыбақ, Жиенәлі туған. Бұлардың үлкені Избасардан — Байтума, Маман туады. Маманнан он бала — Бостыбай, Бәйтәлі, Жантәлі, Рак, Берді, Сейітқұл, Жылкелді, Байқадам, Қосқадам, Қарамысық туған.

Маманның он баласының ішінде Сейітқұл көзі ашық, көкірегі ояу, көпке қайырымды болып ержетіпті. Ол кез, әрісі Қарадан өрбіген ұрпақтың, берісі Маман әулетінің Хиуа хандығының құзырындағы кезі екен. Ханның шаш ал десе бас алатын Қыстаубай атты шабарманы болыпты. Қазақтар оны Тоқымқаққан Қыстаубай дейді екен. Сол Қыстаубай бірде Сейітқұлдың ауылын шауып, екі жақтан да біраз адам шығын болады. Ұрыс кезінде Қыстаубайдың Сейдахмет деген баласы Сейітқұлдың садағының оғынан қаза табады.

Осы оқиғадан кейін Сейітқұл тыныштықтың болмайтынына көзі жетеді де, бір түнде ауыл-аймағымен қотарыла көшеді. Алғашқыда із жасыру үшін Сырға бет алады да, сонсоң көштің басын солтүстікке қарай бұрып, Торғайға жеткенде тізгін тартады.

Торғайға келген соң, Сейітқұл Түркістанда көргенін істеп, ағайын-туғанды жұмылдырып, Қабырға өзенінің бойына егін салады. Еңбегі берекелі болып, аз уақытта ағайын-туған ес жинап үлгереді. Санаулы жылда халық саны 400 шаңыраққа жетіп, Сейітқұл ауылы атанады.

Жаңалық жата ма, Сейітқұлдың даңқы әрі-бері ағылған керуеншілер арқылы Тоқымқаққан Қыстаубайға жетеді. Баласының өлімі ішіне шемен болып қатып, кектеніп жүрген Қыстаубай қапысыз қамданып келіп, Сейітқұлдың ауылын шабады.

Қыстаубай Сейітқұлдың ауласына ат ойнатып кіріп келгенде, Сейітқұл бесін намазына ұйып тұр еді дейді. Еш іркілместен ұмтылған Қыстаубай Сейітқұлды қылышпен шауып өлтіреді де, ауылдың еркек-әйелін тегіс қырып, келген жағына тартып отырады.

Бұл 1830 жылы болған оқиға. Сейітқұл 1770 жылы дүниеге келіп, алпысқа қараған шағында қаза балған.

Осы оқиға кешікпей Сыр бойындағы қалың қыпшақ жұртына мәлім болып, сонда атақты Досбол би сол кезде исі қазаққа даңқы жайылған Сегізсері Баһрамұлына өтініш жасайды: «Мына Хиуа ханының баскесері Тоқымқаққан Қыстаубайдың қорлығы өтіп болды. Сыр елінің малын тартып алып, қыз-келіншектерін олжалағаны өз алдына, енді ел ішіне ойран салуды шығарды. Елміз ғой, бір амалын табайық!» – дейді.

Сегізсері бұл жайды бұрыннан естіп, зығырданы қайнап жүреді екен. Досбол бидің сөзінен кейін тәуекелге бел буады.

Бірде Қыстаубай мыңға тарта қолымен әдеттегідей Сыр елін тонауға шыққанда, Сегізсері де сайланып отырған қолымен қарақшыларды Сырдың «Жөлек» деп аталатын тұсында қарсы алады. Қырғын соғыс басталып кетеді. Екі жақ та өліспей беріспейтіндей тіресе соғысып, адам шығыны көп болады. Сол кезде Сегізсері айқайды салып: «Уа, Қыстаубай, жазықсыз қан төгілмесін, бар кінә бір сенде, шық бермен жекпе-жекке!» – дейді.

Сол жерде жекпе-жек басталып, Сегізсерінің мерейі үстем болып, Қыстаубайдың қол-аяғын байлап, халықтың қолына беріпті. Әбден кектенген көпшілік Қыстаубайдың құлақ-мұрнын шұнтитып кесіп, көзін ойып, азаптап өлтіреді.

Бұл жөнінде Сегізсерінің ерлігін суреттейтін ақын Нұржан Наушабайұлының мынандай өлеңі бар:

«Он жеті жаста қол жинап,
Жанына сарбаз құрыпты.
Қыстаубайдай залымды,
Алысқанда бүріпті.
Бұрап жығып байлапты,
Өлім торын сайлапты.

Ел шошынған жауыздан
 Жүрегі ердің таймапты.
 Еркіне шықпай қоймапты,
 Ер намысын жоймапты.
 Алсын деп кегін бұл сұмнан,
 Беруді жұртқа ойлапты.
 Аяқ-қолын тас қылып,
 Дүлейді байлап-матаған,
 Кегінді бұдан алшы деп,

Лақтырып алға тастаған» *(Дерек беруші Қорған Әмірғазин, қыпшақ Сейітқұлдың аталас ұрпағы, Қостанай облысы, Амангелді ауданы).*

МҰҢАЛ МЕН ЖАНАТ ҰРПАҒЫ. Абақ керейдің он екі атасының бірі жәдік болғанда, сол жәдік өз ішінде — итемген, мұңал, мәлік, жанат деп аталатын аталарға бөлінеді. Осы аталардың ішінде Мұңал мен Жанат ұрпақтары өзара тағдырластар болып келеді.

Шежіре сөзінің айтуында, жаугершілік заманда Мұңалдың кіндігінен тараған балалары жау қолынан қаза тауып, тек қана Барды деген баласының Сандық деген әйелінен туған Еділ, Едіге атты екі баласы тірідей жау қолында кетеді. Бұл оқиғадан кейін Мұңалдың мүжіліп, қайғыдан шөгіп кеткенін көріп, Жанаттан туған Құсайынұлы Бәке батыр жау артынан іздеп барып, Еділ мен Едігені алып қайтады. Келген соң, әмеңгерлік жолымен жесір отырған Сандыққа үйленеді. Бәке батыр мен Сандықтың арасынан Көшебай, Атан, Тайлақ атты балалар туған. Бұл балалардың ағалары сияқты болып Еділ мен Едіге де Бәке батырдың бауырында өседі.

Күндердің бір күнінде жасы жеткен Жанат қайтыс болып, кіші тоқалы Назбикеге қайнысы Мұңал үйленеді. Мұңал мен Назбикенің арасынан Байыс туады.

Мұңал мен Жанат ұрпақтарының бәрі де өсіп-өнген. Шежіре таратушы көнекөз қарттар Еділ мен Едіге атты екі ата мен Көшебай, Атан, Тайлақ атты үш атаның әкелері бөлек, шешелері бір екенін айтып отырады. Сондай-ақ, Мұңалдың балалары Байыс пен Бардының да шешелері бөлек екені шежіре сөздерде айтылады.

НҰРБАЙДЫҢ ҰРАНЫ — «ШЕЖЕКӨЗ». Орта жүз арғын ішіндегі қуандықтан өрбіген рулардың бірі — алтай. Шежіре дерегі бойынша Алтайдың бәйбішесінен — Алсай, тоқалынан — Нұрбай туып, бұлардың ұрпағы да бір-бір атаға ұласқан.

Алсай батыр болса керек. Жауға шабарда «Шежекөз» деп аталатын ақ сауыт киеді екен. Бірде жау тұтқиылдан соқтығып, Алсайдың осы шежекөз ақ сауыты жауға олжа болыпты дейді. Батыр осы шығынды көңіліне алып, қатты қорынса керек. Ағасының өкінішін қас-қабағынан таныған Нұрбай бір күні атқа қонып, қалмақ олжа еткен ақ сауытты алып қайтыпты. Содан, Нұрбай ұрпағының ұраны «Шежекөз» болып еді дейді *(Дерек беруші Башар Әрінұлы (1889-1972), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 25-26-беттер).*

ОЖЫҚ КӨШСЕ ОРЫНЫНА ШАПБАС ҚОНАДЫ. Абақ Керей ішінде ителі руына қатысты осындай сөз бар. Мұның мәнісі, он екі ата абақ керейдің бір атасы Шеруші болса, одан — Шақат, Айтуған, Сарт туған. Шақаттан — Одырай, Шапбас (Шақа), Айтуғаннан — Ожық, Сарттан — Ұзынмылтық (Құтымбет), Құрман, Бақыт (Есет), Саңырау (Үсет) туған.

Осылардың ішінде Одырай он ұлымен Сыр бойында көшіп жүргенде шапқыншылыққа ұшырап, біраз шаңырағы Бадақшан жағына ауа көшіп барады да, сол жаққа орнығып қалады.

Ал, Ожық бір атадан жалғыз болғандықтан жасы кіші Шапбасты бірге бол деп, өз жанынан қалдырмайды. Бұлардан тараған ұрпақтың кейін де іргелері ажырамаған. Осыдан келіп, «Ожық көшсе орнына Шапбас қонады» деген сөз орныққан (*Дерек беруші Қаржаубай Сартқожаұлы (1947 ж.), белгілі түркітанушы, Монғолия, Баян-Өлгей аймағы, Дэлүн сұмыны*).

ОҢҒЫТ-УАҚ. Шыңғыс ханнан әрегіректегі заманда бүгінгі уақ тайпасы оңғыт-уақ деп аталыпты. Ата жұрты Қытай қорғанының солтүстік қапталында болған екен. Сол жерде Оңғыт-қақпа, Теңдік дейтін қалалары да болыпты. Оңғыт-уақ жұртына Алақұш деген кісі хан болып тұрған кезінде Шыңғыс хан шабуыл жасап, ұлысты иелігіне қаратады.

Қазақтың қария сөзі уақтардың арғы тегін Жаубасар, Қамбар, Ер Көкше, Ер Қосай батырлардан өрбітеді. Жаубасар мен Ер Қосай уақ елінің ұранына шыққан (*Дерек беруші Молдақан Әбікенұлы, Қостанай облысы, Қарасу ауданы*).

ОРТА ЖҮЗ ШЕЖІРЕСІ. Жанарыстың екі қатыны болыпты, бірде-бірінің пұшпағы қанамай: «Бізге көру күн қайда, Жас иісті баланы-ай!» — деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез болып, қона қалыпты.

— Ой, Құдай-ай, берді ғой! Бала беретін әулиелер келді ғой! Сыйынбасам, маған серт, қолдамасаң, саған серт! Сарт болсаң, садағам кет! — деп, алтауына алты қой сойыпты, — кір-қондарыңды жудыр, аттарыңды тынықтыр! Осы қойлардың етін жеп тауыспай, жібермеймін! — депті.

Сонда қожалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейіліне риза болып:

— Осы алтауымыз да атымызды бердік. Алты ұлға ата боласың! — деп, баталарын беріпті. Аттары: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Смағұлқожа, Қосымқожа.

Сонан соң қатындар буаз бола бастап, бәйбішеден — төртеу, тоқалдан — екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Қарақожадан — Арғын, Аққожадан — Найман, Ақтамбердіқожадан — Қыпшак, Дарақожадан — Қоңырат. Тоқалдан туған — Смағұлқожа, Қосымқожа: біреуінен — Керей, біреуінен — Уақ.

Естіген құлақтың жазығы жоқ, Арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауып: «Бұл қалай?» — деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты «Тарақты» қойылып: «Төре

жокта тарақты төре болуға жарайды», — деген де сөз бар. «Ит жаманы — барақ-ты, ел жаманы — тарақты», — деген де сөз бар. «Қыздан туғанның қисығы жок», — деп, «Арғын балаларына Тарақты — нокта ағасы болған», — деседі. Орта жүз тарақтымен қосылып, «Жеті арыс ел» аталған.

Арғынның бәйбішесінің аты — Аргүл бәйбіше. Мұнан — Құтан, Бұтан деген екі ұл туған. Бұтан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған. Құтаннан — Мейрамсопы жалғыз.

Сұрасаң арғы атамды, — ер Құтан-ды,
Сұлтаны Бекәзизден ол бата алды.
Мейрам ұлы, Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды.

Уақ Жарқын би Көтеш ақыннан сұраған екен: Бұл ақындық ата-бабаңызда бар ма еді, нағашы тегіңізде бар ма еді?» — деп. Сонда Көтеш ақын айтқан екен:

«Қазақта Арғын аға болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз — ақын Құтан,
Өзгеден өлеңге ұстын болса керек», — деп.

Осындай сөздерден біздің Құтан деген бабаларымыз болғанын білеміз. «Бұқарекен айтыпты», — деген бір сөз бар:

«Бәрімізді сұрасаң,
Құтан байдың баласы.
Арғындардың сабасы,
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дауасы».

Арғынның тоқалының аты — Момын. Бұл Момыннан — Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан — «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан — «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан — «Ұшыбай» ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Арықсопы, Нәдірсопыдан үрім-бұтақ, жұрағат жоқ. Арғын бабамыз жүз алты жасында бір тоқал алған, аты — Айнакөз. Онан туған баланың атын Тәнбіссопы қойған. Тәнбіссопыдан — Үсенбай, Елемес. Елеместен — Ерман. Бұл Ерманнан — Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан — Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжүрек. Аманжолдан — Көшей. Көшейден — Шақшақ батыр. Шақшақ ұлы — Қошқар. Қошқарұлы — Жәнібек батыр. «Өр Жәнібек» аталған...

Мейрамсопының қайыны — алшын Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен:

– Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін! – деп, Нұрфаяның ағасының қатыны – жеңгесі еріпті.

Түйенің басын жетектеуге бір жетім еріпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Ат үстінен келіп:

Жолшыбай түзге отырған кім болды? – деп, қараса, біреуінің сідігі тонды бір қарыс айырып жіберген екен.

Түнде қойынында жатқан қалыңдығы Нұрфаядан сұраса:

– Ол Қарқабат еді. Отыра қалып күрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді, – депті.

Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайын сінлісін ертіп келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Сонан соң Нұрфая:

– Ағамның төсі тиген жеңгем еді, басқаға қимаймын! – деп, – өзің ал! – деп, Мейрамның өзіне алғызыпты.

– Мына күнді де өзің ал, жатыры асыл, өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы – өлсек, тірілсек, бір жерде болайық! – деп, оны да алғызыпты.

Нұрфаяның өзінен – Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен – Бегендік, Шегендік туады. Күннен – Болатқожа туады. Бесеуі де өсіп-өніп, «Бес Мейрам» аталған – осылар. Күннің аты Қарқабат екен. Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне (суық) су, табанына сыз тигізген жоқ екен. Суға түскен сайын:

– Ой, көсегең көгерсін! – деп, алғысты көп айтады екен

Бұрынғының: «Алғыс түбі – ақ май, Қарғыс түбі – қара қан», – дейтіні сондайды көргендіктен айтқан (*Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. – Павлодар, 2007. 7-10-беттер*).

СЕГІЗ БАУЛЫ КЕРЕЙ. Алтай өңірінде ХІХ ғасырда ғұмыр кешкен керей Мәми шежірешінің айтуы бойынша керей тайпасы – Шеп, Сеп, Байлау, Қойлау, Изен, Жусан, Елдей, Көлдей атты сегіз атадан тарап, сегіз баулы ел болған. Бұл деректің бір назар аудартар тұсы – сол сегіз атаның есімдері VII-VIII ғасырлардағы қытай жылнамаларында кездеседі. Сондай-ақ, Жоңғариядағы телі тайпасының құрамында қазірге дейін сегіз атаның ұрпақтары ұшырасады. VII ғасырдың бас кезінде сегіз баулы (ата) керейлер Шығыс Түркі қағанатының үстемдігіне қарсы күреседі. 607 жылы Шептің ұрпақтарын бастаған Керін Еркін хан болып, оған Изен Баға-қаған деген ат беріледі. Баға-қағанның ордасы Боғда тауының етегінде шаңырақ көтерген. Кейін Баға-қаған түркінің Жору-қағанын жеңіп, Құмыл, Қарашар жерлерін иеленеді. Баға-қағаннан кейін оның баласы Хілей-қаған таққа отырады. «Таң патшалығының көне тарихында» Хілейдің әкесі Кердің (Гер) мықты хан болғаны айтылады (*Дерек беруші Қаржаубай Сартқожасұлы (1947 ж.), белгілі түркітанушы, Монғолия, Баян-Өлгей аймағы, Дэлүн сұмыны; Абақ керей. – Күйтің. Іле халық баспасы, 1994. 9-бет*).

ТАРАҚТЫ. Қара (Қарақожа) деген кісі үш әйел алған адам екен. Бірінші әйелінен Нұржан деген қыз туған соң, ол әйелі баладан тоқтап қалыпты. Содан, екінші әйеліне үйленіп, одан — Арғын, Найман, Қыпшак, Қоңырат туыпты. Үшінші әйелінен — Керей мен Уақ туады.

Қараның бірінші әйелінен туған қызы Нұржан бойжетіп ұзатылады. Алайда, көп кешікпей күйеуі жаугершілікте мерт болып, Нұржан өз үйіне қайтып келеді. Осы кезде Қараның көптен бала көтермей жүрген бәйбішесі жүкті болып, дүниеге Тарақты келеді. Сөйтіп, Тарақтының тәрбиесін негізінен Нұржан әпкесі көтереді. Әлгі, «Тарақты қыздан туған» дейтін қауесет осы жағдайға байланысты айтылса керек.

Күндердің күнінде Қара қартайып, дүние салар алдында балаларының үлкені Арғынды шақырып алып өсиет айтады: «Әкесінің күшін, анасының сүтін сарыққан кенжем Тарақтыны, балаларымның үлкені деп, саған тапсырамын, Тәңірінің алдына барғанда тағдырын сенен сұраймын!» — депті. Арғын әке аманатына адал болыпты. Қазақтың қария сөзінде арғын мен тарақты тайпаларының етене болып айтылатыны содан.

Кейін Тарақты ержеткенде, Қараның кенжесі ретінде, қара шаңыраққа иелік етіп, исі Орта жүзге ноқта ағасы болады.

Шежіре бойынша Тарақтыдан — Айт (Ақдана), одан — Әлім (Әлімқожа), одан — Алда (Аллаберді), одан — Қармыс туады. Яғни, бес ата бойында ылғи бір баладан жалғасып отырыпты. Қармыстан — Әлі, Сары, Әйтей, Қосанак, Қарашие (Көгедей), Келіс (Әлеуке), Алакөз, Шәуке, Апай, Тоқтауыл, Қыдыр, Жәші туған. Он екі ата тарақты дейтін осылар. Қармыс үшінші әйеліне үйленгенде іште келген балаға Бөгежін деп ат қойыпты. Оның да өсіп-өнген ұрпағы тарақты руының он үшінші атасы болып есептеледі. Кезінде жеті болыс ел болған Бөгежін ұрпағы негізінен Шығыс Түркістанда.

Тарақтыдан әйгілі Наймантай, Байғозы сияқты батырлар, Тұяк, Бек сияқты шешендер, Тышқанбай (Қарқаралыда), Мәделбек (Ташкентте), Шілмәмбет (Созақта) сияқты аға сұлтан, болыс, билер, Ыбырай Жақаев, Ұлбала Алтайбаева сияқты екі мәрте еңбек ерлері, Әміре Қашаубаев, Рахия Қойшыбаева сияқты жезтандай әншілер, Спатай Сүлейменов сияқты Отан соғысының батыры, Балтабай Адамбаев, Бүркіт Ысқақов, Медеу Сәрсекеев, Өмір Кәріп, Яхуда Амандықов сияқты ақын-жазушылар шыққан (*Дерек беруші Балтабай Адамбаев (1919-1990), фольклоршы-ғалым, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы; Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хақында. — Алматы, 2000. 153-бет*).

ТОБЫҚТЫ ЖАПАЛ. Шежіре бойынша Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі — тобықты. Тобықтыдан — Мұсабай, Көкше, Дадан туды. Мұсабайдан — Толымқожа (Жамантобықты), Сүйірбас, Құлық туған. Сүйірбастан — Әлі, Сары, Қожаберген туған. Осы Қожаберген қазақ пен қалмақ арасындағы соғыста қалмақтың Ұлалы деген батырының қолынан мерт болып, әйелі Таңсұлуды қалмақ батыры олжалап кетеді.

Бұл кезде Таңсұлудың аяғы ауыр екен. Қалмақ еліне келген соң, айы-күні жетіп, бір ұл бала табады. Оның атын Жапал қояды. Содан, Таңсұлу «қалмақтардың бірі көз салмасын» деп, өз танауын өзі кесіп, өңін бұзып, «пұшық күн» атанып жүреді. Сөйтіп жүріп Жапалды тәрбиелеп, өсіреді. Жапал он сегізге толғанда, сырттай көздеп жүрген бір бәйге атқа мінгізіп, елге аттандырып жібереді.

Жапал елге аман-есен жетіп, әкесінің інісі Сарыны тауып, өз әулетіне қосылды. Содан, арада біраз уақыт өткенде қапысыз дайындалып, Сары ағасы бастаған қалың қолмен қалмақ батыры Ұлалының ауылын шабады. Қалмақ арасында пенде болып жүрген Таңсұлуды құтқарып, елге алып келеді.

Бұл оқиғаны халық ақыны Шәкір Әбенев (1901-1994) «Таңшебер-Жапал» атты поэмасына арқау еткен.

ТОҒАНШЫ КӨНШЕН. Абақ керейдің он екі атасының бірі шерушінің ішіндегі ұзынмылтығынан шыққан Көншен Қияқбайұлы деген кісі болған. Бұл кісі судың тілін, жердің бедерін білетін әйгілі мұрап еді дейді. Көншен тауды белдеулей орама арық қазып, етектегі бұлақ суын таудың басына шығарады екен. Сол Көншен кезінде Қалба тауынан бастап Қаба, Буыршын, Алтай (Сарсүмбе), Көктоғай, Шыңғыл аймағына дейінгі аралыққа 28 тоған байлатыпты. Содан халық «Тоғаншы Көншен» атап кетіп еді дейді.

ТОҚСАНБАЙДЫҢ ТОҒЫЗЫ. Орта жүздің ноқта ағасы тарақты тайпасы он екі ата болғанда, соның бір атасы – сары. Сол Сарының үлкен ұлы Жауқашар батыр болған, шұбарала ту ұстаған, есімі ұранға шыққан. Жауқашардың бір баласы – Әкімбек, одан – Шағаман, Құяс туған. Шағаманнан – Арыстанбай, Тоқсанбай туған. Арыстанбай Тойлық деген қызға үйленіп, одан – Сегізбай, Шомақ атты екі ұл көрген соң, жаугершілікте қаза болады. Тойлық әмеңгерлік жолымен қайнысы Тоқсанбайға тиген. Тоқсанбай мен Тойлықтың арасынан – Сегізбай, Шомақ, Найманбай, Қаптағай, Жантелі, Жанкісі атты алты ұл туған.

Кейін Тоқсанбай өзінің ертеректе айттырып қойған қалыңдығы Ақсұлуға үйленеді. Ақсұлудан – Берсүгір, Қожамсүгір, Әбдісүгір атты үш ұл туған.

Тоқсанбайдың тоғыз ұлынан өрбіген ұрпақты шежірешілер «Тоқсанбайдың тоғыз» деп отырады. Бұл ата, негізінен, Аягөз өңірін қоныстанған.

ТОҚСАН БИ. Орта жүздің ашамайлы керейінен шыққан Тоқсан биді 1830 жылы Еменалы болысының биі етіп сайлайды. Тоқсан би ақыл-парасатымен ел-жұрттың құрметіне бөленеді. Бұл кез Ресей ықпалының күшейіп, отаршылдық ындынының бел алып, Қазақстанның солтүстігіндегі ел-жұрттың тынысы тарыла бастаған тұсы болса керек. Әсіресе, керей мен уақ тайпалары түрткі көріп, атамекендерінен ығыса бастайды. Ашамайлы керейдің көшебе, сибан сияқты рулары жердің жұмағындай туған жерлерін қимай, өңмендеген өктем орыстармен арада небір қанды қақтығыстар болады.

Осының бәрін көзі көріп, көңілі тіксінген Тоқсан би биліктен өз еркімен бас тартады. Мұны естіген керей-уақтың Есенай Естемісұлы, Тастан Мендібайұлы,

Төбей Барлыбайұлы сияқты ел қамын ойлаған игі жақсылары жиналып келіп: «Би аға, қазіргідей қысылтаяң заманда ел тағдырынан өзіңізді оқшаулап, билікті тастағаныңыз қалай?! Көп болып сауға сұрай келдік, райыңыздан қайтыңыз!» — дейді.

Сонда, Токсан би:

— Уа, ағайын, мен би болған соң халқыма пайдам тие ме деп едім. Бақсам, жақсы би болу үшін, алдымен, патша жандаралдарының көңілін табуым керек екен. Олардың көңілін табу үшін би басыммен халқымды өзім қорлап, өзім зорлап, өзім тонауым керек екен. Бұлай би болғанша, бордай тозсам етті! Бұрынғыдан қалған аталы сөз бар, «Аққумен істес болсаң — көңілің пәк болады, қаршығамен істес болсаң — тамағың тоқ болады, қарғамен істес болсаң — шоқығаның бөк болады» деген. Енді қалған ғұмырымда озбыр орыспен істес болып, бөк шоқымай-ақ өтейін. Осы сөздің дұрыстығына көзім жетіп, билікті тастап отырмын!» — деген екен (*Дерек беруші Сермағамбет қажы Сейітахметұлы (1925), даңғайыр шежіреші, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы; Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Бір әулеттің тарихы. — Петропавл, 2003. 26-бет*).

ТӨЛЕГЕТАЙДЫҢ ТӨРТ НЕМЕРЕСІНІҢ ТҮСІ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегінде Найманның шөбересі Төлегетайдан — Қытай, одан — Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл есімді төрт ұл туған. Қытай жаугершілікте мерт болып, артында қалған төрт ұлы Төлегетайдың бауырында өседі. Содан бұлар «Төрт Төлегетай» атанған.

Төлегетайдың төрт немересі ержетіп, оң-солын таныған кездердің бірінде төртеуі бірдей түс көріп, көрген түстерін атасына келіп жорытса керек.

Алдымен үлкен немересі Қаракерей: «Мен түсімде шет-шегі жоқ қалың орманға кіріп кетіп, содан жол таппай адасып жүр екенмін», — дейді. Сонда атасы: «Ә, бәре-келді, балам! Түсің қандай жақсы еді. Ұрпағың қара ормандай көп болады екен!» — деп риза болыпты. Төлегетайдың бұл жоруы айнымай келген. Қазір Төлегетай әулетінің жарымына жуығын Қаракерей ұрпақтары құрайды.

Мұнан әрі Матай: «Мен түсімде алтын ер-тұрманды сәйгүлік ат мініп, көш бастап келе жатыр екенмін», — деп көрген түсін айтып беріпті. «Сенің де түсің жақсы екен! — дейді атасы риза болып. — Түсінде тұлпар мініп, көш бастасаң, ұрпағың сән-салтанатты болып, даңққа бөленеді екен». Төлегетайдың бұл айтқаны да шындыққа айналып, Матайдың үлкен ұлы Қаптағай батыр исі найманның ұранына шықты.

Түс айту кезегі Садырға келгенде: «Мен түсімде ақбоз атқа мініп, қару-жарак асынып, жорыққа аттанып бара жатыр екенмін», — депті. «Ұрпағың есесін ешкімге жібермейтін батыр болады екен. Тек, жаугершілікке, үркіншілік-көшкіншілікке ұшырап, шығын көп болмаса неғылсын!» — деген екен Төлегетай. Бұл жору да теріс кеткен жоқ. Садыр ұрпақтары жоңғар шабуылының үнемі өтінде болды. Үркіншілік-көшкіншілікке көп ұшырады. Шығын да аз болған жоқ.

Ең соңында Төртуыл түсін айтады: «Мен түсімде жылқы бағып жүр екенмін. Өрістегі қысырақтың үйірін бір-біріне қоса алмай, қиналып жатып оянып кеттім», — депті. Сонда Төлегетай: «Қап, әттеген-ай! Мал-бастан кенде болмассың. Бірақ,

ұрпақтарында тұрақты қоныс болмай, әр жаққа бытырап кететін болдындар-ау!» — деп өкініш білдірген екен. Төлегетайдың бұл жорамалы да айна-қатесіз дәл келген. Әрідегі жоңғар шапқыншылығы кезінде төртуылдар қан майданның бел ортасында болды. Одан беріде төртуылдар қақ жарылып, Ресей мен Қытайға қарап, негізінен Зайсан, Шәуешек маңына шоғырланды. Шәуешектегі қазақ-дүнген көтерілісін басуға шыққан Маншынның жазалаушы әскері 1864 жылы Қатынсудың бойында төртуылдың үш мың шанырағын қанға бөктіріп, қынадай қырып кетті. Ал, 1962 жылы Қытай-Ресей шекарасының шебін бұзып өтіп, ата жұрты Қазақстанға лап қойған қазақтар негізінен осы төртуылдар болатын.

Аңыз бен ақиқат шежіре деректерінде осылай шендеседі (*Дерек беруші Қабдеш Жұмаділов (1936 ж.), Шығыс Түркістан. Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы; Қ. Жұмаділов. Ұрпағы ұлықтаған. — «Егемен Қазақстан» газеті, 2003. 23 қыркүйек*).

ТӨЛЕК БАТЫРДЫҢ БАТАСЫ. Орта жүз найман ішіндегі бағаналы руы негізінен Ұлытау төңірегіне қоныстанған. Сол бағаналыларды ұйыстырып, ел етуге көп қажыр-қайрат жұмсаған төрт адамның есімі ұрпақтарының арасында күні бүгінге дейін зор құрметпен аталып, «Бағаналының төрт босағасы» деп отырады. Олар: Кәдір би, Сандыбай батыр, Бабыр әулие және Шегір шешен.

Осылардың ішінде Сандыбай (1740-1815) ерекше батырлығымен аты шыққан адам. Оның әкесі Төлек батырдың қартайған шағы болса керек. Бағаналы Барлыбай елге иелік етіп тұрған кезінде, қалмақтан кек қайтару үшін қалың қол жинап жорыққа аттаныпты. Осы көппен бірге он алты жасар Сандыбай да жасырын аттанып кетіпті. Мұны естіген Төлек батыр артынан қуып жетіп, баласы Сандыбайға «Қайт, әлі жассың!» — деп үш рет айтыпты. Сандыбай алған бетінен қайтпапты. Сонда баласының тоқтамасын білген Төлек: «Балам, болмадың ғой, енді қолыңды жай, батамды берейін», — депті. Төлектің сондағы берген батасы мынау еді дейді:

«Балам, жауға бармас болар,
Барса, жаудан қашпас болар.
Балам, жау қолына түспес болар,
Түссе де шынын айтпас болар.
Балам, жаудан өлмес болар,
Өлсе де адамшылық арын бермес болар.
Балам, амандығыңды Тәңірге тапсырдым,
Адамшылығыңды өзіңе тапсырдым!»

Сандыбайдың үш әйелі болған. Біріншісі — Аппақ, екіншісі — Туғанай, үшіншісі — туған ағасы Қоңырбай қайтыс болған соң алған әменгері Құндызай.

Сандыбайдың балалары: Дүзенде — 6 ұл, Кенесбайда — 2 ұл, Шүртейде — 5 ұл, Ерденде — 7 ұл, Берденде — 3 ұл, Байұлында — 1 ұл, Кеңбейілде — 11 ұл болған. Барлығы 35 немере ұл. Сандыбай балаларының ішіндегі ең даңқтысы Ерден болған.

Ерден Екінші Александрдың таққа отыру тойына барған. Шоқан Уәлиханов ден-саулығына байланысты Атбасар округіне аға сұлтан болудан бас тартқан соң, бұл орынға Ерден аға сұлтан болған (1862). Ерден өз кезінде Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа Шоңманұлы, Шөже ақын, Жанак ақын, Орынбай ақын, Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Кенесары Қасымұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ақан-сері, Досбол шешен сияқты сахараның әйгілі адамдарымен бастас, сыйлас болған.

Ерден жас кезінде нағашысы қаржас Шорманның Мұсасына сәлем бере барыпты. Қайтарда Мұса жиенін құрметтеп шығарып салып келе жатса, алдынан Шоқай би кездесіпті де, амандық-саулықтан кейін Ерденді меңзеп: «Мына сұмырай бөрік, сұп басың кім?» — депті. Мұса мән-жайды айтып, Ерденді таныстырады.

Қоштасар кезде Ерден Шоқай биге жүзін бұрып: «Ағасы, осы ит қалай жүзеді?» — деп сұрапты. Шоқай би бөгелместен: «Е, малтып жүзеді де», — дейді. Осы сөзді күткендей Ерден: «А-а, ендеше малти беріңіз», — депті де жүріп кетіпті.

Сонда Шоқай би: «Апыр-ай, мен қателестім-ау, иттің қалай жүзетінін өзінен сұра десемші. Мынаның аруағы кара бұлттай өсіп барады екен, түбі жай болмас!» — деген екен.

Бағаналы Аймырза би Ерденнің үйіне кіріп келе жатса іргеден ит үріп, сүрініп кетіпті. Сонда үйде отырғандардың бірі: «Апыр-ай, Айкеңнің де сүрінетін кезі болады екен-ау!» — деп астарлай қағытса керек. Осы сөзді естуі мұң екен, Аймырза би сол жерде:

«Таң екенін кім білер,
Ағара бастап атпаса.
Күн екенін кім білер,
Қызарып барып батпаса.
Ит екенін кім білер,
Балағыңнан тартпаса.
Ерденнің босағасы екенін кім білер,
Біреу сүрініп, біреу жығылып жатпаса!» —

деген екен. Сол жерде Аймырза би төрге шығып жайғасқанша, Ерденнің иек қағуымен, Айкеңнің иығына шапан жабылып, құрмет көрсетіліп еді дейді.

Шауыпкел батырға 1880 жылы берілген аста Ақан-серінің Құлагері — бірінші, Ерденнің Сағымсарысы — екінші, Есенеңнің Байшұбары — үшінші болып келіпті. Бәйге аттары 60 шақырымға айдалған аламан жарыс болса керек.

Сандыбай батырдың інілері делінетін Шоқай мен Салықбай жаугершілік кезінде жетім қалған Жырықтың ұрпағы еді дейді. Осы екі баланы Төлек батыр бауырына салып, өз балаларымен еншілес етіп өсірген. Төлек батыр мен Жырық шөберелес болып келеді.

Сандыбайдың кара шаңырағы Қасқабайдың Қасенінде қалған. Сандыбайдың бір баласы — Байұлы, одан — Қасқабай, одан — Қасен туады. Қасен Кеңес өкіметінің

қыспағы кезінде (жиырмамыншы жылдардағы тәркілеу кезінде) Қытайға өтіп кеткен. А. Мин мен Р. Петровтың «Қара Ертіс» романындағы Жырық Қасен – осы Қасқабайдың Қасені. «Жырық» – арғы аталарының есімі. Жырықтың ұрпағы бұл күнде рулы елге ұласқан.

Сандыбайдың тікелей ұрпағы – әйгілі академик Айтмұхамед Абдуллин (*Дерек беруші Шайхыбасар Қожбанұлы (1905 ж. - белгісіз), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

ТҰРСЫН ХАННЫҢ ТӨРТ ҚЫЗЫ. Еңсегей бойлы Ер Есімнің ел қамын ойлап атқа мінген кезі Қазақ хандығының басындағы ең бір алаңы көп, аласапыран шақ болған. Қазақ даласының қос бүйірінен құба қалмақ пен кара қалмақтың найзасы шаншудай қадала бастаған кез. Оңтүстіктегі Бұхара, Ферғана, Самарқанд билеушілері де достықтан гөрі жаулық жасауға бейім болатын. Ібір-Сібірдегі Көшім иелігіндегі жұртпен де жаз жайлауда жамырап табысып жататын елдің арасы алшақтай бастаған заман.

Осындай қиын-қыстау кезеңде Есім хан сол кезде Ташкентті билеп тұрған Тұрсын ханға сенім артып, уәде байласады. «Сен, Тұрсын хан, елдің Бұхара, Самарқанд жақ жапсарына айбар бол, мен ұзын аққан Ертіс суының басынан кіріп, аяғынан шығайын. Сөйтіп, елдің іргесін орнықтырып қайтайын», – дейді Есім хан. Осы пәтуаға Есім хан мен Тұрсын хан ант берісіп, бата қылысады.

Марқасқа жырау айтқандай, Есім хан ашу үстінде Тұрсын ханды ант аттағаны үшін өлімге бұйырған. Бүкіл дүн-дүниесін бөліске берген. Сол кезде Тұрсын ханның бойжетіп отырған Айбике, Нұрбике, Қоңырбике, Дәулетбике есімді төрт қызы болады екен. Олардың күтуші нөкер қыздары да біраз болса керек. Тұрсын ханның сол төрт қызын күтуші нөкерлерімен қосып Есім хан өзінің жорықтас серіктеріне олжа етеді. Айбике мен Нұрбике Орта жүз қаракесек жігіттеріне, Қоңырбике нөкерлерімен тобықты жігіттеріне, Дәулетбике есімді қос қыз нөкерлерімен қыпшақ және арғын ішіндегі тоқа жігіттеріне бұйырады. Уақыт өте келе Тұрсын ханның осы төрт қызынан өрбіген ұрпақ төрт рулы елге ұласқан.

Осы аңыз дерегін тарихи құжаттар да растайды. Қайып хан (1716-1719) Қазанның губернаторы Петр Салтыковқа 1718 жылдың 10 қаңтарында жазған хатында былай дейді: «Тәңірдің жазуымен Тұрсын хан дүние салды, мал-жаны талауға түсті...» (*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы, 1961. 21-бет*).

Күні бүгінге дейін арғын мен қыпшақ ішіндегі тұтас аталар Тұрсын ханның қыздарының есімімен Нұрбике, Айбике, Қоңырбике, Дәулетбике елі деп аталады.

УАҚ ІШІНДЕГІ «ЕРГЕНЕК» ТАҢБАЛЫЛАР. Орта жүз найман тайпасының ішінде қаракерей руынан өрбіген аталардың бірі – сарыжомарт. Сары бай-мырза болғандықтан «Сарыжомарт» атаныпты. Сарыжомарттың бәйбішесінен – Қаратай, тоқалынан – Байдалы, Жансары, Баржаксы, Шәйкөз туған. Асыранды баласы – Бура.

Сарыжомарттың Торқа деген тоқалы шұғылдау қимылдайтын кісі болса керек. Бірде Сарыжомарт батыр жорықта жүргенде «Осының-ақ жорық-жортуылы бітпеді-ау!» – деп, төрт ұлын ертіп, төркініне көшіп кетеді. Төркін жұрты уақ екен.

Содан, Сарыжомарт жорықтан оралып, жағдайды білген соң, тоқалын балашағасымен көшіріп алу үшін жолға шығады. Сол жолда Сарыжомарт қатты сырқаттанып, қайтыс болады. Өлерінде жанындағы серіктеріне аманат етіп, төрт баласына: «Менен туғандары рас болса ергенек таңбасын ұмытпасын!» — деп, өсиет-сәлемін айтыпты.

Уақ ішінде ергенек таңбалы аталар осылай пайда болған деп отыратын бұрынғылар (*Дерек беруші Ислам Зікібаев (1936-2002), көрнекті ақын, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Өрнек ауылы; Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 209-бет*).

ҮКІ ДАРЫҒАН СӘМЕНБЕТ. Орта жүздің бір арысы абақ керейдің ішіндегі ең бір өсіп-өнген рулардың бірі — жәнтекей. Шежіре сөздің айтуында Жәнтекейден — Шүйіншәлі, Сүйінбай, Сүйіндік деп аталатын үш ұл туған. Бұлардан тараған ұрпақты «Үш Жәнтекей» дейді. Осылардың Сүйінбайынан — Самұрат, Сәменбет, Құты, Бөкес, Төлеке деп аталатын бес ұл туған. Осы бес ұлдың ішінде ақылы мен дәулетіне төңірегі тәнті болғаны Сәменбет екен.

Сәменбет үш әйел алып, олардан он бір ұл сүйіпті. Бірінші әйелі Сұқсырдан — Есенбай, Есентай, Атантай туады. Екінші әйелі Тасбикеден — Ақша, Бөрте, Елбай, Жаман, Қаржау, Сары туады. Үшінші әйелі Баданнан — Байымбет, Қазыбек туған.

Береке дарып өсіп-өнген Сәменбет әулеті туралы ел аузында «Үкі дарыған Сәменбет» деген сөз бар. Мұның мәнісі, Сәменбеттің үшінші әйелі Бадан босаға аттаған соң түс көрсе керек. Түсінде шаңырағына сары үкі ұя салып, ұядағы қос балапан қос анарын солқылдатып еміп жатыр екен дейді.

Бадан осы түсін жақсы ырымға балап, ел ішіндегі дуалы ауыз тілеуқор біреуге жолын беріп, жорытқан екен: «Сәменбет әулетінің құты сары үкі болып, өзің ел жақтайтын екі ұл көресің», — депті. Айтқанындай Баданнан — Байымбет, Қазыбек атты екі ұл туған (*Г.Н. Потанин дерегінде Байымбетті — Исағасы деп атаған*). Байымбет ел-жұртты ұйытқан дуалы ауыз, табиғатпен тілдес жорушы, айтқаны кәте кетпейтін есепші болыпты. Ал, Қазыбек болса ел шетін жауға бастырмаған батыр болған (*А.Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. — Астана, 2002. 305-324-беттер; Г.Н. Потанин. Избранные сочинения в трех томах. — Павлодар, 2005. 61-бет*).

ШАҚШАҚТЫҢ БАТАСЫ. Орта жүз арғын ішіндегі тоқал арғынның (кіші арғын) бір атасы шақшақ деп аталады. Шақшақ өмірде болған адам. Сол Шақшақ қартайған шағында батасын бермекші болып балаларын шақырады. Сонда Дүзей деген бір баласы батыр, бетті екен, «Ей, сол алжыған шал не айтар дейсің», — деп келмепті. Бұған Шақшақ назаланып: «Дүзей, күзге жетпе, күзге жетсең, жүзге жетпе!» — депті. «Ата қарғысы — оқ» дегендей, сол жылы Дүзей күзге жетпей дүние салыпты. Ал, одан өрбіген ұрпақтың да өсімі аз болды (*Бұл аңыз арғын ішіндегі қаракесектен тарайтын дүзей атасына қатысты да айтылады*).

ШҰБАРАЙҒЫР. Орта жүз абақ керей тайпасынан тарайтын іргелі рулардың бірі — шұбарайғыр. Шежіре дерегі бойынша абақ керейдің Жаната деген жігіті қалмақ-

тардан шұбарайғыр бастаған бір үйір жылқы айдап қайтыпты. Сол шұбарайғырдың үйірі құт болып, өсіп-өніп, Жаната бас құрап, елге танылған екен. Жанатадан тараған ұрпақ рулы елге айналып, олардың «Шұбарайғыр» атануы содан еді дейді.

Г.Н.Потанин еңбегінде шұбарайғырдан — балта, қабыл, төлек, өгіз аталары өрбіген. Ал, Н.А. Аристовтың еңбегінде шұбарайғырдан — балта, қанымбике, бөлек, құланшаш аталары тарайды (Г.Н. Потанин. *Очерки Северо-Западной Монголии. 2-шығарылым. — СПб., 1881; Н.А. Аристов. Заметки... — «Живая старина» журналы. 3-4-шығарылым. СПб., 1896).*

Шұбарайғыр руы негізінен Қара Ертістің сол жағалауын қыстап, жазға қарай Сауыр мен Көксүмбе (Көксүне) тауларының салқын сабат алқаптарын жайлаған. 1886 жылғы Бүкілресейлік халық санағының мәліметі бойынша шұбарайғыр руы 1000 түтін болған.

ШҰБАРАЙҒЫР БАЛТА БАТЫР. Орта жүз абақ керей 12 арыс ел болғанда, соның бірі — шұбарайғыр. Сол шұбарайғыр руының ішіндегі аталардың бірі — балта.

Балта батыр адам болыпты. Кейбір шежіре дерегі Балтаны былай таратады: Абақтан — Құтберді, Аллаберді, Асанберді деген үш ұл туады. Осылардың Құтбердісінен — Жаппас, одан — Кенел, одан — Жаната, Жәрке туады. Жанатадан — Шотпан, Тоғыз туады. Жәркеден — Өтеқұл, Меңлі, Балта туады.

Балтаға мыңғырған мал, аста-төк байлық бітсе де, бір кемшілігі — жалғыз қызы Қарашаштан өзге өз кіндігінен баласы болмапты. Содан да болар, еркекшора болып өскен Қарашаш үнемі ат үстінде, жылқышылар арасында, әкесінің малын бағатын бақташыларды аралап, саят құрып жүреді екен. Күндердің бір күнінде Балта батыр малын амандап келе жатса, анандайдан қолдарына бір-бір сойыл ұстаған бес жаяу адамды көреді. «Иен түзде жаяу-жалпы жүрген бұлар кім болды екен?!» — деп, танданып әрі сескенген Балта беліндегі күміс бауыр садағын алып, әлгілерге таяп келеді де: «Уай, жаумысың, елмісің?» — деп сұрайды, айғайлап. Сонда, әлгі бес жігіт: «Ойбай, батыр аға! Жау емеспіз, елміз. Жаудан қорлық көріп, көп жылдан соң ел шетіне іліккен бейбақпыз!» — дейді. Сонан соң өз жайларын баяндайды.

— Осыдан біраз бұрын елімізді жау шауып, үш жүздей жігіт тұтқынға түскен едік. Содан, өле-өле қалған алпыс жігіт амалдап қашып шықтық. Жаудан құтылсақ та, көп айларға созылған ұзақ жол азабы мен аштықтан бәрі өлді де, қалғаны осы бесеуіміз. Тіріміз өлгеніміздің етін жеп, көктен торғайды, жерден шегірткені қорек етіп, ел шетіне іліккенде әуелі өзіңізге кезіктік, батыр! Құдайдың мұнысына да шүкір! — деп көз жастарын төгіп, қуанады. Сонда Балта:

— Енді, қайтпек ойларың бар? — деп сұрайды.

— Біз енді, ұлы жоққа ұл, қызы жоққа қыз болмақпыз, — дейді, олар. Сәл ойла-нып қалған Балта:

— Онда, маған бала болындар! — дейді. Бес жігіт те ризалық білдіріп, Балтаның сөзін құп алады.

Сол жерде Балта: «Бұлар Тәңірімнің маған киімшең берген баласы болар! Бірақ, бірінің етін бірі жеп, көктен торғай, жерден шегіртке теріп қорек еткен бұлардың

бойындағы арамдығын тазартайын. Бұрынғылар «адам бойындағы арамдық балық сорпасына үш тойса жоғалады» деуші еді ғой деп ойлайды да, бес жігітті «Биттікөл» деген көлге алып келеді. Бұл көл толқыған кезде балығы жағаға шығып, үйдей болып үйіліп қалады екен. Жігіттерге сол балықты көрсетіп:

— Сендер осында, мына балықты қорек етіп, тынығып жата беріндер. Пәлен күннен кейін өзім келіп алып кетемін, — дейді де, үйіне қайтады.

Содан, Балта батыр уәделі күнінде Биттікөлге келсе, бес жігіт жоқ. Көл жағасында жылқы малының сүйегі үйіліп жатыр, анандай жерде құрақ шөппен бұрап ескен арқанмен тұсалған жалғыз шұбар сәуірік тұр дейді. Аң-таң болған Балта маңайдан із шалып қарағанда, жігіттерді сырттан келген аттылы адамдардың айдап кеткенін байқайды. Сонан соң, үйіне келіп, қару-жарағын асынып, сенімді тұлпарына мінген Балта тірі жанға жөнін айтпастан аттанып, әлгі ізді бойлап, бес жігіттің артынан қуады.

Балта батыр содан көп жүрді ме, аз жүрді ме, ол Тәңірге ғана аян, бір уақытта ақбоз үйлі үлкен ауылдың үстінен шығады. Ауыл сыртынан келіп сұрастырса — бұл жәнтекелердің ауылы екен. Сол күндері мұнда алыс-жуықтағы елдің игі жақсылары бас қосып отырса керек.

Тағы да байқақтап тұрса — қонақтардың ас-суын тасысып, қызмет істеп жүрген әлгі бес жігіт көзіне шалынады. Сонсоң, ауылдың басты адамдарына тілдесіп: «Мына бес жігіт менің тауып алған олжам еді. Жоғалтып алып, осы ауылдан таптым. Рұқсат болса — бес жігітімді ертіп қайтайын!» — дейді.

Ауыл адамдары көнбей: «Біз бұл жігіттерді бере алмаймыз. Малымыздың басына балап жүрген шұбар айғырымыздың үйірін ұрлап сойып жеген айыбы бар. Сондықтан, бұл енді сіздің емес, біздің олжамыз болмақ!» — деседі. Балтаның: «Сол жылқыларыңды екі-үш еселеп мен-ақ төлейін, жігіттерімді беріндер!» — деген сөзіне де көнбейді. Сонда, «мені бұлар жалғыз деп басына ма, жоқ әлде, көптігіне мастанып тасына ма?!» — деп ашуланған Балта:

— Онда күшпен тартып аламын! Шығындар жекпе-жекке! — дейді де, жалғыз өзі ұран шақырып, ауыл үстіне ат ойнатады. Сол жерде, керейдің жақсы-жайсандары Балта батырды сабырға шақырып:

— Балта, ел намысын қорғап жүрген батырсың. Бекер, босқа ағайынның қанын төгу жарамайды. Екі жақтың да айтқан уәжін тындап отырмыз. Осы жерде бірінді-біріңе жығып берсек, араларыңа жік түсіп, өмір бойы араздасып кетерсіңдер. Ежелден келе жатқан ата дәстүрі бар. Елмен-елдің бірлік-пәтуасын келтіретін қыз екені аян. Ендеше, Балта батыр, жалғыз қызыңды осы ауылға беріп құда бол. Бес жігітті бала болдырып, сен ал! Сөйтіп, бәрің де татуласыңдар! — деген бәтуалы сөз айтады. Балта бұл сөзге келісіп:

— Мақұл, қисынды сөздің қиюын қашырмайын. Келесі жылы қызымды ұзатып алып қайтыңдар! — деп уақытын белгілеп, уағда байласады. Сөйтіп, құда болысып, бес жігітті үйіне әкелген Балта бұл хақында бәйбішесіне де, Қарашашқа да айтпайды. «Басқа бас қосылса құт» деген, әлгі бес жігітке Балта батыр бес жерден қыз айттырып алып беріп, бес отау көтереді. Осылайша күн артынан күндер өте береді.

Бірде, Қарашаш бозбалаша киініп, жылқылардың үйірлерін аралап, саят құрып, түзде сейілдеп келе жатса, бір топ аттылы жолаушылар кезігеді. Амандасып жөн

сұрасқан олар Қарашаштан Балта батырдың ауылына барар жолды көрсетіп жіберуін сұрайды. Сонда Қарашаш:

— Ауылда не шаруаларыңыз бар еді? — деп жөн сұрайды. Жолаушылар:

— Балта батыр құдамыз еді. Былтыр Қарашаш деген қызына құда түскенбіз. Уағдалы уақыты болды. Батырдың ұйғарымы бойынша күйеу бала ұрын келе жатыр, — деп, мән-жайды жасырмай баяндап береді.

Мұны естіп, сенер-сенбесін білмей есеңгіреп қалған Қарашаш тез бойын жиып:

— Жөн екен, оңынан болсын! — деп, жол көрсетіп жібереді. Әке ұйғарымына қарсы келмегенімен, сол жерде Қарашаштың көңіліне көлеңке түсіп, «апыр-ай, әкемнің бір ауыз сөз айтып, тым болмаса емеурін білдірмегені қалай!» — деп, көңілі жабырқап қалады.

Содан, «Уәде — Құдайдың аты» деген, Балта батыр «отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап» дегендей, жалғыз қызы Қарашашты жәнтекей еліне ұзатады. Алпыс түйеге ақ отау, алтын-күміс жиһазын арттырып, шаңырағына құлы мен күңін мінгізіп, жылқыдан Қарашаштың қалаған малын айдатып аттандырады. Көштің беті түзелген кезде Қарашаш аттың басын бұрып әкесіне қайырылып келеді де, көңіліндегі өкпесін айтады: «Әке, айтпасам көкірегімде өксік кететін сияқты, шешем екеуіңіз мені «қыз» деп айтып көрмеп едіңіздер. Мен де сіздерге ұл орнына ұл, қыз орнына қыз болып едім. Ақыры мені бес қашқын жігітке айырбастап, сыртымнан тон пішкен екенсіздер. Лақ құрлы құным болмады. Жүрегіме шемен болып қатқан өкінішім де, өкпем де осы. Айтарым — алдым өркенді, артым өркенсіз болсын!» — деп, астындағы атын сарыала қамшымен бір тартып жүріп кетеді.

Қарашаштың назалы тілегі бос кетпейді, жәнтекей еліне келін болып түскен соң, сол елдің келін-кепшігі қойдай қоздап, өзінің де құрсағы құр болмай, ел-жұрттың іргесі кеңейіп сала беріп еді дейді.

Ал, Балта батырдың «киімді балалары» атанған бес жігіт болса, Қарашаштың қарғысына ұшырады ма, жоқ әлде, басқа бір нәубет келді ме, әйтеуір, бірінен соң бірі баудай түсіп, бесеуі де бақилық болады. Олардың бес қатыны да жесір қалады. Содан, Балта батыр бұрынғы-соңғының жолы деп, қалыңмалын өзі өтеген бес жесірді бөтенге кіріптар етпеу үшін бесеуіне де етегін тигізіп, әйелі болдырады.

Осылайша, тағдырдың жазуымен Балта батыр бес тоқалдың бесеуінен де перзент көрген. Олардың өсіп-өнген ұрпақтары шешелерінің атымен Бәбіше, Байбура, Қанымбике, Мұрат, Жүзік деп аталады. Шұбарайғыр ішіндегі бұл аталарды жинақтап «Бес жам шұбарайғыр» деп атайтын да дәстүр бар. Онысы «бес жамағайын», яғни, «бес жамалған ағайын» деген мағынада. Бес жамнан әйгілі Қожаберген батыр шығып, оның есімі исі шұбарайғырдың ұранына айналған.

Сөз орайында, Балта батырдың қыздай алған бәйбішесінен де балалар болғанын айта кеткен жөн. Олар — Баубек, Жирен, Қоныс, Тышқан. Бұлардан да өсіп-өнген ұрпақ баршылық (*Дерек беруші Рысбек Зұрғанбайұлы (1962), белгілі ақын, журналист, Монғолиядағы Баян-Өлгей аймағының Ноғон-нұр сұмынында туған*).

18. Кіші жүз

АДАЙ. Қазақтың қария сөздерінің бірінде Кіші жүз Алшыннан – Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туғаны айтылады. Осылардың Қыдырқожасының Жәнби деген әйелінен – Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақтысиық туады да, Тотан деген тоқалынан – Ысық, Мысық, Сасық және ертерек шетінеген екі баласы бар, бесеуі туыпты дейді. Осы екі әйелдің үстіне Қыдырқожа өзінің ауылындағы қайтыс болған Аманқожа дегеннің жесіріне үйленіп, ол әйелінен Таз туады.

Қыдырқожа малды болған адам, соған орай былайғы жұрт «Байеке», «Бай» деп атап, ұрпағының «Байұлы» атанып жүргені содан.

Қыдырқожа (Бай) өзінің Қанбибі деген қызын Атақожа деген бастасының Елтай деген баласына ұзатады. Елтай, Ештай – ағайынды екі жігіт, елге қорған болғандай қайратты ерлер болса керек. Жаугершілікте екеуі де мерт болыпты. Бұл кезде Қанбибі екіқабат еді дейді. Ауыл-ел Елтайдың өлімін қалай естіртеміз деп тосылғанда, Орта жүздің Еспенбет деген бір беделді адамы «Дүниеге нәресте келсін, сонан кейін естіртелік» депті. Мұны Қыдырқожа мақұл көріпті.

Айы-күні жеткен соң, Қанбибі босанып, ер бала табады. Оған Еспенбет би Адай деп ат қояды. Қанбибі белін бекітіп, шираған соң, күйеуі Елтайдың жаудан қаза болғанын естірткенде Қанбибінің жүрегі жарылып өліп кетіпті. Содан, қызылшақа кезінде тұлдыр жетім қалған Адайды Таздың шешесі бауырына салып емізеді. Бір ананы тел емгендіктен, Байұлының басқаларына қарағанда Адай мен Таздың бір-біріне жақын болатына содан.

Байұлының ішінде Адайды қыздан туған жиен деп келетін әңгіменің бір парасы осылай (*Дерек беруші Алшын Меңдалыұлы (1894-1978), даңғайыр шежіреші, Маңғыстау облысы, Шетпе кенті, Жыңғылды ауылы*).

АҚСЕРКЕНІҢ ТЕРІС БАТАСЫ. Кіші жүз он екі ата байұлы бірлестігінің құрамындағы тайпалардың бірі – таз. Шежіре бойынша Таздан – Абай, Қабай. Абайдан – Жастабан, Шарға. «Сегіз арыс шарға» атанған Шарғаның сегіз баласының бірі – Ақсерке. Ақсеркеден – Жарас, Құлымбет туады.

Қария сөздің айтуында Ақсерке дәулетті, бай болған адам екен. Байлықтың өзі адамның ниетіне бітеді деген сөз рас болса керек. Ақсерке мыңғырған малын бағып-қағатын малшылардан «аттың майы» дегенді сұрамайтын мырза адам болыпты.

Бірде, Ақсеркенің баласы Жарасты біреулер қоздырып, намысына тиіп, «шынымен әулеттерің мырза болса, мына жалы жер сызып жүрген ақ жал қара айғырды қонақасыға сойшы, көрейік» деп қойт-қойттайды ғой. Жарас та қызуқанды жігіт болса керек, сол жерде айғырға бұғалық салдыртып, шыңғыртып отырып бауыздатып тастайды. Ақ жал қара айғыр Ақсерке әулетінің кие-құты, малының басы екен. Сондай қасиетті жануарды пышаққа шалған баласы Жарасқа Ақсерке қатты ренжіп, теріс батасын беріпті.

«Ата қарғысы – оқ» деген, сол Жарастың ұрпағы өсіп-өнбеген. Кеңес заманындағы аласапыранда Жарастан тарайтын аз ғана ұрпақ Ауғанстан ауып кеткен (*Дерек беруші Түрікбен Сұлтанұлы, Ақтөбе қаласы*).

АЛШЫН. Кіші жүз ру-тайпаларын жинақтап «Алшын» деп атау шежіре сөзінде жиі ұшырасады. Ауызекі шежіре сөзінің түпкі текке қатысты дерегі, әдетте, көп нұсқалы (көп вариантты) болып келеді. Мұндай шежіре деректерінің ең жиі қайталанатын, яғни, ел ішіне ең кең тараған нұсқасын негізге алудан басқа амал жоқ. Шежіре дерегі қаншалықты көп нұсқалы болса да, сол көп нұсқалардың бәрінің түпкі идеясы бір жерден шығып жатады. Ол — ұлтты ұйыстыруға бағытталған ұлы бірлік идеясы. Сондай идеяның айқын бір айғағы — исі Кіші жүз ру-тайпаларын бір ғана Алшыннан өрбітетін шежіре дерегі.

Ел ішіне кең тараған шежірелік баян бойынша Кіші жүз Жанарыстан (Бекарыс деп те атайды) — Ораш, одан — Мөңке, одан — Шаншар, одан — Тұлпар, одан — Токпан, одан — Алау, одан — Алшын туады. Алшыннан — Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туыпты-мыс.

Алшынның бірінші баласы Нәдірқожадан — Қаракесек туады. Сол Қаракесектен өрбіген ұрпақ ішінде тайпа дәрежесіне көтерілгендері: шекті (жаманак), төртқара (қарамашак), қарасақал (айнық, тегінболат), қаракесек (ұланак), кете (бозаншар, тойқожа, түменқожа), шөмекей. Бұл алтауын жинақтап «Әлімұлы» дейді. («*Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар*» тараушасындағы «*Кетебике*» тақырыпшасын қараңыз).

Алшынның екінші баласы Қыдырқожаға мал көп біткен адам екен, сонысына орай былайғы жұрт оны «Бай» деп атап, одан өрбіген ұрпағын да «Байұлы» деп кеткен. Сол Қыдырқожадан — Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бактысиық туған. Сұлтансиықтан — Байбакты, Алаша, Масқар, Тана, Қызылқұрт туады. Қыдырсиықтан — Ысық, Жаппас, Беріш, Таз, Есентемір, Шеркеш туады. Осыларға қыздан туған Адай қосылып, «Он екі ата — байұлы» болады («*Кіші жүз*» тараушасындағы «*Адай*» тақырыпшасын қараңыз).

Алшынның үшінші баласы Сәдірқожадан — Арғымақ, одан — Телеу, Рамадан, Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы туған. Бұл жетеуін жинақтап «Жетіру» деп атайды.

Міне, «Алты ата — әлім», «Он екі ата — байұлы», «Жеті ата — жетіру» дейтіні осылар (*Дерек беруші Алшын Меңдалыұлы (1894-1978), даңғайыр шежіреші, Маңғыстау облысы, Шетпе кенті, Жыңғылды ауылы*).

Ел ішіне кең тараған келесі бір шежіре дерегінде сәл өзгешелік бар. Онда Кіші жүз Жанарыстан — Ораш, одан — Мөңке би туып еді деп келеді де, Мөңкеден — Арғымақ пен Алау туған дейді. Арғымақтан — жеті ата жетіруды өрбітеді. Алаудан — Алшын, Одан — Қыдыуыр тентек туған дейді. Қыдыуырдан — Қыдырқожа, Қадырқожа туады. Қыдырқожадан — он екі ата байұлын өрбітсе, Қадырқожадан — байсары, әлім, шөмен бұтақтары таратылады («*Лақап немесе жанама этнонимдер*» тараушасындағы «*Қаракесек*» тақырыпшасын қараңыз).

АТАҒОЗЫ БАТЫР. Шежіре бойынша Кіші жүз Адайдан — Құдайке, Келімберді. Құдайкеден — Қосай, Тәзіке. Қосайдан — Байбол, Әйтей, Бегей, Тіней, Бәли, Сүйіндік. Осылардың Байболынан — Есембет, Есенғұл, Мәмбетқұл (Шалбар), Жұлдыз. Бұлардың Есенғұлынан — Есек, Еміл, Өрөзек, Нұрбай, Қоныр. Бұл бесеудің Нұрбайынан — Айдарлы, Айтқұл, Бәйнеке. Осы үшеудің Айтқұлынан әйгілі

Атағозы батыр туады. Шежірешілер жыл қайырып, бармақ бүгіп санап отырып Атағозының 1704 жылы туып, 1794 жылы дүние салғанын айтады. Батырдың сүйегі Ескі Бейнеуде Бекет ата мешітінен батысқа қарай он шақты шақырым жүргенде кездесетін керей таңбалары түскен қорымға жерленген. Заманында «Қайтсем топтан торай шалдырмаймын деп, елімді жауға алдырмаймын деп, түн ұйқымды төрт бөліп, тоғыз оянып, тоқсан толғанып шығамын» деген Атағозы батыр бастаған адайдың Шотан, Есек, Бердібек, Тәнірберген сияқты қырық жігіті елге жайлы қоныс іздеп, Маңғыстаудың ойына алғаш тұяқ іліктіріпті дейді. Адайларды Үстіртке қоныстандыруда Атағозы батырдың қажыр-қайраты мен ерлік істері туралы ел есінде сақталған аңыз-әңгіменің ұшы-қиыры жоқ.

...Атағозы батыр көршілес Хорезм хандығының Құттықсейіт деген шонжарымен біліш (дос) болған. Біржолы Құттықсейіт Атағозыны қонаққа шақырып сыйлайды, бірақ арам ойын ішіне сақтап, батырды өлтіруге ниеттенеді. «Атағозыны ауылынан қайтар жолда өлтіріндер», — деп, он шақты адамына тапсырма береді.

Содан, Атағозы батыр еліне қайтып келе жатқанда алдынан қаптап шыға келген адамдарды көріп, қылышына қол салса, қылышы суырылмайды. Түркімен біліші түнде қынабына желім құйып тастаған екен. Батыр «Ер Қосай бабам қайдасың!» — деп ақырып жіберіп, жұлқи тартқанда қылыш та қынабынан босанады. Сол жерде қылышын жаландатып, қамалап келіп қалған қарақшыларға қарсы шабады. Әдісімен айласы, айбаты мен қайраты мысын басқан жаулары бұған ештеңе істей алмайды. Қарсы келгендердің бірін жаралап, бірін мерт еткен соң, Атағозы батыр Құттықсейіттің ауылына қайтып оралып келеді де, ат ойнатып тұрып былай дейді: «Әй, Құттықсейіт, анау қырдың астында сенің қарақшыларыңның өлгені өліп, өлмегені өлімші болып қалды. Барып жинап ал. Сенің жауыздығыңа басқаларды күйдірмеймін. Бірақ, екеуміз тағы да кездесеміз. Алладан тілегім сол!» — деп, жүріп кетеді.

Айтқанындай, Атағозы батыр мен Құттықсейіт хан бастаған қазақ-түркімен жасақтарының келесі бір қақтығысында Құттықсейіт мерт болған...

...Байбақты Сырым батыр мен алаша Байсал би құда болыпты. Байсал баласына Сырымның қызын айттырып, қалыңмалын төлеп, Байсалдың баласы Сырым ауылына ұрын барып жүреді де, жеме-жемге келгенде қызды алмайтын болып шығады. Байсал: «Балам қызыңды алмаймын дейді, қалыңға берген малымды қайтар», — дейді. Сырым малды қайтармайды. Содан, екеуі айтысып, Нұралы ханға жүгінбекке жолға шығады. Жолда келе жатып Сырым құдасына: «Екеуміздің хан алдына барып, дауласып жатқанымыз жарамас, хан сарайы келімді-кетімді жер ғой, елге дабыра қылып, өсек-аян тудырып қайтеміз. Одан да әділдігін ел мойындаған адай Атағозы батырға барып жүгінейік, ара ағайын әділдігіне өзіннің де көзің жетер», — дейді. Байсал бұл сөзге келіседі, сөйтіп, екеуі Атағозының ауылына келіп түседі.

Атағозы бұларды күтіп алады. Екі жақты да тындап болған Атағозы: «Шырағым, Байсал, балаң үш жылдай қалыңдық ойнаған болса, онда саған мал тимейді, қаласаң келінінді аласың, қаламасаң жөнінді табасың», — депті. Екі би де Атағозының кесіміне риза болып ауылдарына аттанып кетіпті...

Бұл хабар Нұралы ханға жетіп: «Алаша мен байбарақтың арасындағы дауға Атағозы қалай кіріседі?! Атағозы алдыма келсін, жауабын берсін!» — деп бұйрық етеді.

Ханның шақыруымен Атағозы ордаға келеді. Хан:

— «Әй, Атағозы, ойда орысты, қырда қазақты қоймай олжалап жүрсең де, өзін бойыңа шыр бітпеген қатпа екенсің ғой, — деп кекетіпті. Сонда Атағозы:

— Қаралы үйде қарасын жеген қатын семіреді, әділетсіз елде қарашасын сорған хан семіреді дегенді білмеуші ме едіңіз? Мен — қайткенде топтан торай шалдырмаймын, халқымды сырт дұшпанға алдырмаймын деп, түнімен тоғыз оянып, тоқсан толғанып шығамын, мен арық болмағанда, кім арық болады, — деп жауап береді.

Хан Атағозыға айбынды батыр, азулы биге лайық қонақасы бергізіп, астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып, құрметтеп аттандырыпты дейді (*Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941), белгілі қаламгер, білікті сәулетші, Маңғыстау облысының Тиген ауылынан; С. Назарбекұлы, Ж. Жылқышыұлы. Қазақ халқының шежіре тарихы. 1-том. Адай тайпасы. — Алматы, 2006. 106-108-беттер).*

БАРАҚ БАТЫР МЕН ҚЫДЫР ҒАЛАЙССАЛАМ. Таманың ішінде барақ, бұзау, жалпақ (бақ), есенқарағай, дәулеткелді аталары күні бүгінге дейін бір-бірімен қыз алыспайды. Таманың бұл аталары алғашқыда Ақтөбе жағында тұрып, алдымен Барақ пен Бұзау, кейінірек туыстарын іздеп, артынан Жалпақ оңтүстіктегі Сыр бойына келген екен. Бұл кезде Абылай үш жүзге хан сайланып, Қазақ елінің астанасы Түркістанды қайтарып алу мақсатында жүреді. Қазақтың үш жүзінен жасақ жинайды. Абылай ханның Түркістан ман Сайрамға жасаған жорығы сәтті аяқталады. Бұл жорыққа Кіші жүзден тама тайпасының жасақтары да қатысып ерлік көрсетеді. Осылардың қатарында Барақ, Бұзау, Жалпақ батырдың ерлігіне Абылай хан риза болып, оларға «сүйерге алға» Сыр бойынан қыстау, Қаратаудың күнгеінен жайлау бөліп береді.

Қаратаудың Суындық асуынан асатын жерде «Бақтың бауы» деген алап бар. Басы таудан басталып, Сауранның түбінен өтіп, Сырға құятын өзенді Бақтың өзені дейді. Жалпақ сарғыш реңді, жалпақ жауырынды, аса қарулы, әсіресе, ат үстінен алдырмайтын батыр адам болыпты. Оның шын аты Бақ екен, жеңгелері денесіне қарап «Жалпақ» деп атап кеткен.

Бірде Жалпаққа Қыдыр ғалайссалам кездесіп: «Қолыңды жай батамды берейін!» — дейді. Абылай ханның ерекше құрметіне көңілі тасып, мастанып жүрген Жалпақ оны елемей: «Жайыңа жүр, дуана!» — деп жүріп кетеді.

Қыдыр ғалайссалам Жалпаққа екінші рет кездесіп, тағы да «Қолыңды жай, батамды берейін!» — дегенде, ашуланған Жалпақ найзасын сілтемекші болады. Сол кезде өзінен-өзі найзасының күл-паршасы шығады. Қыдыр үшінші рет кездескенде Жалпақ бұл жолы да оң шырай бермейді. Сонда Қыдыр ғалайссаламды жетелеп жүретін Бақ (Бақыт) қолын теріс жайса, Қыдыр ғалайссалам: «Ұрпағың аз болсын!» — деп, көзден ғайып болыпты дейді.

Бұл күнде Созақ өңірін қоныстайтын Жалпақ ұрпағы шынында да шағын әулет қана (*Дерек беруші Пернебай Дүйсенбин (1943), белгілі жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы; Пернебай Дүйсенбинге дерек беруші Сүлеймен Тәбірұлы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы).*

БӘЙІМБЕТ МЕРГЕН. Шежіре бойынша Адайдан – Құдайке, Келімберді туады. Құдайкеден – Тәзіке, Қосай, Келімбердіден – Құнанорыс, Ақпан, Балықшы, Бұзау, Тобыш, Мұңал туған.

Адай немерелерінің кенжесі Мұңалдан бес бала – Жаулы, Шоғы (Қырықмылтық), Әли, Бәйімбет, Алаоғлан (Алақұнан). Осылардың ішіндегі Бәйімбеттің екі әйелі болыпты. Бәйбішесінің аты – Жауыз, Тоқалының аты – Талшын екен. Күндердің бір күнінде Жауыз бәйбіше дертті болып, төсек тартып жатып қалады. Бәйімбет аңшы, мерген адам болса керек. Бірде аң атып, дамылдап отырса ысылдап, ышқынған ащы дауыс естіледі. Дыбыс шыққан жаққа қараса шиыршық атқан қара жылан басын көтеріп, зәрін шашқалы тұр дейді. Бәйімбет «жатып өлгенше, атып өлейін» деп, садағын тартып жібереді. Жылан құлап түседі.

Содан Бәйімбет үйіне келгенде, өңіндегі үрейді сезген кіші әйелі Талшын мәнжайды сұрайды. Бәйімбет болған жайды айтып береді. Мұны естіген сырқат бәйбішесі Жауыз төсектен басын көтеріп алып: «Мені тездетіп оққа ұшқан жыланға жеткіз, көрген түсім бар еді, дертіме сол жылан дауа болады!» – дейді. Бәйімбет бәйбішесінің тілегін орындап, өлген жыланға алып келеді. Бәйбішесі сол жерде жыланды жеп қояды.

Осыдан кейін Жауыз бәйбіше ауруынан құлан-таза айығып кетеді. Сөйтсе, әлгі жылан Жауыз бәйбішенің жерік (талғақ) асы екен ғой. Көп кешікпей айы-күні жетіп, бір ер бала табады. Атын Қарабатыр деп қояды. Келер жылында сүтімен көтеріп, тағы да бір бала табады. Оның атын Алтыбас қояды.

Бәйімбеттің кіші әйелі Талшыннан – Аллаберді, Сабытай деген екі бала туған. Бәйімбет ұрпағының бәрі де кісіге есесін жібермейтін баһадүрлер болған (*Дерек беруші Исабек Аташұлы (1911 ж.), Маңғыстау облысы; С. Көрпетегі. Сабытай батыр. – «Маңғыстау» газеті, 1994. 9 сәуір).*

БЕКЕТ АТАНЫҢ ТӘУБЕГЕ КЕЛУІ. Әйгілі батыр, әулие, ағартушы, сәулетші Бекет ата Мырзағұлұлының (1750-1813) іс-әрекеті мен қадір-қасиеті туралы ел аузында күні бүгінге дейін қилы-қилы әңгімелер айтылады.

Бекет он төрт-он бес жасына дейін жоқшылықтың тауқыметін тартады. Бір ауылға келсе, ақбоз үйлердің маңында жайылып тұрған ақбоз атты көреді. Еңбектеп келіп, шідерін шешіп, атқа жайдақ мініп, қаша жөнеледі. Мұны үй қасында жүрген балалар байқап қалса керек. Олар дереу үйдегілерге хабар беріп, екі атты кісі Бекетті іздетіп қуа жөнеледі ғой. Бұлардың жетсе жазым қылатыны белгілі. Бекет сасады. Сонда: «Уа, жасаған, жоқшылық қанша қысса да қия жүрісімнің соңы осы болсын, құтқара көр!» – деп, Аллаға жалынып тілек етеді.

Бір белден асып Бекет тоқтайды. Жігіттер де жетеді. Келсе қара ала аттың қасында бір бозбала тұр. Қуғыншылар әрі қарайды, бері қарайды, атын танымайды. Содан: «Із біздікі, ат сіздікі болды. Біз жаңылыс қуыппыз, кешір, інішек!» – деп екі аттылы кейін қайтады.

Бекет атқа мініп, жолдағы бір судан өте бергенде су ішінен әуелі бір саусақ, сон соң бес саусақ, біраздан кейін қырық саусақ көрінеді. Бекет таң қалады. Бір құдіреттің қуғыншыдан құтқарғанын да сезіп, су ішінен көрінген мына ғаламатты

сол құдіреттің белгісі деп ойға батады. Сол жерде: «Бір саусақ — бір құдіретті ұмытпа, бес саусақ — бес уақыт намазынды қаза қылма, қырық саусақ — қырық парызынды біл дегені-ау!» — деп жориды да, тәубаға келіп, бұдан былай тұрмыс тапшылығын көрсе де кісінің ала жібін аттамайтын болған екен (*Дерек беруші Ілия Жақанов (1936), көрнекті жазушы, композитор, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Ақтоғай ауылы*).

БЕКПЕМБЕТТІҢ БИ КЕЛІНІ. Еділ-Жайық арасындағы Нарын құмының Сасықтау деген алабын ХІХ ғасырдың бас кезінде қоныс-тұрақ еткен Бекпембет (Бекмұхамбет) би ақыл-парасатының молдығымен төңірегіне қадірі артқан адам болыпты. Сол Бекпембет би: «Алып — анадан туады. Болашақ келінімнің ата данқына емес, адамдық қалпына көңілім толсын», — деп, Шолтыр деген баласына өзі қалыңдық тандапты дейді. Бекпембет бидің тандағаны — қызылқұрт тайпасының беделді адамы, өзінің бастасы Сәрет бидің ақылына көркі сай Балым (кейбір деректерде Балжан деп те аталады) деген қызы болса керек. Бір-бірінің қадірін білетін қос би ықылас-пейілдерін жарастырып, кешікпей-ақ құдалықтың жол-жорасын бастап та жібереді.

Содан, мерзімді уақыты жетіп, Сәрет бидің қызы Балым ұзатылады. Ұзатыларында Балым ел-жұртымен қоштасып жүріп: «Атағым шықпайтын жерге бара жатырмын!» — деп сыңсу айтыпты дейді. Кейін осы сөз Бекпембет бидің құлағына жетеді ғой. Сонда, ақылды би келінінің зердесіне көңілі толып: «Келінім ақыл-парасаты сай би болады екен. «Атағым шықпайды» дегені, өз аты аталмай, менің атымның шылауында қалып, «Бекпембеттің би келіні» атанып өтетінін мензеген болар. Тәңірім ниетін қабыл етсін!» — депті. Дуалы ауыз бидің айтқаны айдай келіп, Сәрет бидің қызы кешікпей-ақ «Бекпембеттің би келіні» атанып, жасы ұлғайған кезінде де ел-жұрт «Бекпембет ауылындағы би бәйбіше» дейді екен.

Бекпембеттің сол би келіні Балымнан әйгілі Мақаш (Мұхамеджан, 1830-1904) хакім (правитель) туған. Мақаш Шолтырұлы өз кезінде Орынбор қаласындағы Неплюев кадет корпусында оқып (1844-1851), Бөкей хандығынан кейін құрылған Каспий жағалауындағы Бірінші және Екінші округтерде отыз жылдай хакім болған. Жай қатардағы хакім болып қалмай, Ресей билеушілерінің алдына елі мен жерінің тағдырына қатысты мәселелер қойып, қайыр-шапағаты мол істерге мұрындық бола білген. М.Ш. Бекмұхамбетовтың жазба мұралары Санкт-Петербург қаласындағы Салтыков-Щедрин кітапханасы мен Ресей ҒА Шығыстану институтының профессор И.Н. Березин қорында сақтаулы (*Дерек беруші Рахмет Иманғалиев (1933), Атырау облысы, Теңіз ауданы, Дәшін ауылы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері; Р. Иманғалиев. Бекпембеттің би келіні. — «Ана тілі» газеті, 1994. 4 тамыз*).

БЕРІШ. Ел ішінде жиі айтылатын шежіренің бір үлгісінде беріш тайпасын былай шығарады: Жанарыстан — Алшын, одан — Алау батыр, одан — Қыдуыр, одан — Сәдірқожа, Нәдірқожа, Қыдырқожа, Қадырқожа, Асанқожа, Алқожа. Осылардың Алқожасынан — Беріш.

Қария сөздің айтуында, бірде Алқожа әулетіне жау шауып, сол соғыста Алқожа өліп, екіқабат әйелі жауға олжа болып кетеді. Сол әйел есебін тауып, жаудан қашып шығып, қайнағасы Қадырқожаға келіп паналайды. Келген соң, ай-күні толып босанып, ұл бала табады. Осы баланы Қадырқожа «Менің бауырымның іште қалған беріші ғой» деп жүріп, сол баланың аты «Беріш» болып кетеді.

БЕС ЕСТЕК. Шежіре сөзінің айтуында Тәуке ханның баласы – Сәмеке (Шахмұхаммед) ханның (белгісіз – 1738 ж.) тұсы болса керек. Сәмеке ханның Орта жүздегі іргелі тайпаларға билігін жүргізіп, ордасын Түркістанда ұстап тұрған кезі еді дейді. Ел іргесі тынышсыз болып тұрған заман. Еділдің құба қалмақтары орысқа арқа сүйеп, елдің тынышын алып болмаған соң Әбілқайыр хан мен Сәмеке хан тізе қосып, екі дүркін (1723, 1726 ж.ж.) жорық жасайды. Екінші жорықта Аюке ханның баласы Серен Дондық хан бітімге шақырып, содан екі жақ та «бесіктегі бала ат жалын тартып мінгенше соғыспайық» деп келісіп, қанға қол батырып анттасады. Осы бітімнен кейін Сәмеке хан бастап барған Орта жүздің біраз шаңырағы «ақтабан шұбырындыдан ес жиғанша» деп, Кіші жүздің жерінде тұрып қалады.

Сол тұрып қалғандардың ішінде Орта жүздің қаракесегінен шыққан Балта (Балтас) батыр да бар еді дейді. Кешікпей-ақ бұлар ағайын елмен қыз алысып, қыз берісіп, мидай араласып кетеді. Тіптен, тілі мен ділі бір, тағдырлас-қоңсылас естектермен (башқұрттармен) де құда-андалы болып, ауылы аралас, қойы қоралас дегендей заман болады.

Содан, арада біраз уақыт өтеді. Балта батыр қартайды. Мұнда келген соң туған балаларының өзі атқа мініп, ел қамын ойлайтын жасқа келеді. Бұл кезде орыстар құрығын алысқа сермеп, қалмақ демей, башқұрт демей, қазақ демей өктемдігін үдете түседі. Ақыры сол өктемдікке шыдамай, Еділ бойының құба қалмағы – қалың торғауыт қиянда жатқан Алтай сыртындағы ата қоныстарына түріле көшеді ғой. Шежіре сөзінде «шанды жорық» деп аталатын бұл көш қалмақтарға қайырсыз болған. Алтайға әрбір он қалмақтың бірі ғана ілікті деген сөз бар.

Шанды жорық кезінде қазақ пен қалмақ арасында жойқын ұрыстар болған. Сондай ұрыстардың бірінде қалмақ жағынан шыққан ақ сауытты батырға қарсы екі күн бойы қазақтар жағынан ешкім шықпай қойса керек. Соғыс шарты бойынша «ер кезегі үшке дейін», жекпе-жекке қазақ жағынан үшінші күні ешкім шықпаса, онда Кіші жүздің Әжібай биі мен Арал батыры бастаған әскер қалмақ көшіне тиіспей, өткізіп жіберулері керек. Бұл, әрине, сүйекке таңба. Осындай сын сәтте, баяғы Сәмеке ханмен келетін Балта батырдың баласы Қармыс батыр Әжібай бидің батасын алып, Арал батырдың қара сауытын киіп жекпе-жекке шығады. Жекпе-жекте Қармыс қалмақ батырын өлтіреді. Мұнан кейін қазақ әскерлері бел алып, қалмақтарды көп шығынға ұшыратады.

Сол күннің кешінде қазақ қосындары дамылдап жатқан алапты Әжібай би мен Арал батыр аралап, соғыстан кейінгі жағдайды көзбен көрмек болады. Содан, қалың қосынды аралап келе жатса, оңашалау тігілген бес шатырды көреді. Орталарында жалғыз мосыға ілінген шөңкенің астында жалпылдап от жанып жатыр дейді. Жақындап келіп жөн сұраса, бүгінгі жекпе-жекте жеңіске жеткен Қармыс батыр бастаған бес жігіт. Бесеуі де «сен тұр, мен атайын» дегендей атпал азаматтар. Өре түре-

гелісіп, үлкендерге сәлем береді. Жөн сұраса келсе, бірі естек, бірі түркімен, бірі ноғай, екеуі қазақ, аласапыран заманда тағдырлас болып, Кіші жүздің ішінде жүргендерін айтады.

Сол жерде дуалы ауыз Әжібай би: «Елмен бірге от кешіп, оққа оранған сендерді бұлай бөлектеуге болмас. Бүгіннен бастап бүкіл әулеттеріңмен бесеуің де бас біріктіріп, «Бес естек» деген ру болындар, қалаған жерлеріңнен қоныс алындар», — деген екен.

Әжібай бидің аузынан шыққан бата сөз қабыл болып, бес жігіттің әулеті бас біріктіріп, «Бес естек» деген ру құрайды. Шежіре бойынша Кіші жүз әлім, оның ішінде — ақ кете, оның ішінде — бес естек болып келеді де, сол бес естек өз ішінде — аққоян, түрікпен, жаман, балта (балтас), сары деген аталарға бөлінеді. Аққоянның негізі — естек, Түркіменнің негізі — түркімен еді дейді. Бұл екеуінің әулеттеріне Ақтөбе мен Орскінің арасынан қоныс беріледі. Ол жер күні бүгінге дейін «Қосестек» деп аталады. Ал, Жаманның негізі — ноғай, Балта мен Сарының негізі — Орта жүз ішіндегі қаракесек руынан еді дейді. Бұл үшеуіне Ойыл өзенінің алқабындағы «Төсағаш» деген жерден қоныс тиеді. Олардың ұрпақтары күні бүгінге дейін Ойыл алқабын қоныс етеді.

Осынау, шежіре сөзімен жеткен деректе бес естек руының ішіндегі балта мен сары аталары назар аударады. Кіші жүздегі бес естек руының ішіндегі балта мен сары аталары өздерін қаракесек руына жатқызып, шежіре сөзін «қаракесек, оның ішінде — әлім, оның ішінде — ақ кете, оның ішінде — бес естек» деп таратады.

Орта жүз арғын, оның құрамындағы қаракесек руының ішінде де балта, сары (сарым) деп аталатын аталар бар.

Кіші жүздің де, Орта жүздің де ішіндегі балта мен сары аталары күні бүгінге дейін өзара қыз алыспайды. Ең таңқаларлығы, Кіші жүздің де, Орта жүздің де ішіндегі балта мен сары аталарының ұрпақтары өздерінің жүздерінің бөлектігіне қарамастан күні бүгінге дейін туысқандық сезімдерін суытпаған, қарым-қатынастарын үзбеген.

Орта жүздің шежіресі бойынша Балтадан — Итқара, Қараша, Қаратай, Толыбай, Қазгелді, Қазыбай, Мамырбай, Қотыр, Жамбы туған.

Кіші жүздің шежіресінде Балтадан — Жакып, Жүсіп, Қармыс, Қарамырза, Қарамерген, Тағыберді, Тәңірберді туған.

Бұл дерекке қарағанда Балта батырдың бірнеше әйелі болған сияқты. Ол әйелдерінің бір бөлігі бала-шағасымен Орта жүзде, келесі бір бөлігі бала-шағасымен Кіші жүзде өсіп-өнген деп болжам жасауға болады.

Балта батырдың Ақтөбедегі де, Қарағандыдағы да ұрпақтары бабаларының Сәмеке ханмен үзенгілес болғанын, содан қартайып дүние салғанда сүйегінің Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жеткізілгенін айтады (*Дерек берушілер: Серік Жақыпов (1941 ж.), Қарағанды облысы, Шет ауданы, Орта жүз қаракесек руының ішіндегі балта атасынан; Сансызбай Қуатов (1949 ж.), Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кіші жүз, бес естек руының ішіндегі балта атасынан; В.И. Колесник. Последнее великое кочевье. — Москва: РАН, 2003; С. Жақыпов. — Астана: Атамұра, 2006).*

ДҮЙСЕН БАЙ. Жағалбайлы ішіндегі Мәлікжан деген атада Дүйсен деген бай болған. Сарысу мен Шу өзендерінің аралығында көшіп жүрген Кіші жүзде одан

бай адам болмаған. Бетпақдала Жиделісінің жоғарғы жағында Пішпежон деген жер бар. Сол жерге көктемде көшіп келгеннен кейін Дүйсен бай біраз ерулеп алған соң, құнан мен дөнендерін піштіртеді екен. Көктем сайын 200-300 пішпені осы жерде бағып, шілде түсер алдында жайлауға айдап шығатын болған. Бұл жердің күні бүгінге дейін «Пішпежон» деп аталуы содан қалған. Содан біраз жерде «Дүйсен құдығы» деген жер бар. Дүйсеннің түйесі мен жылқысы бір қаққа келіп, бір-екі күн су ішкенде қақ орта түсіп қалатын көрінеді. Дүйсеннің малшылары да ауқатты тұрыпты. Оларға Дүйсен өз әулетінің адамындай енші бөліп береді екен.

Дүйсенде алты ұл болған. Елге қадірлі бай жасы ұлғайған кезде бала-шағасын шақырып алып: «Мен бүгін Алланың аманат жанын тапсырғалы отырмын. Менің алақанымды қайсың жалайсың?» — депті. Қарт кісінің алақанын жалауға ешкімнің зауқы соқпайды. Содан Дүйсен келіндеріне қарайды. Олар да ұмтыла қоймайды. Балалары мен келіндерінің мұнысына қапа болған бай бәйбішесіне алақанын жаяды да: «Мынаған күл сал!» — дейді. Сол жерде алақанына салынған күлді жентектеп, жанып тұрған отқа салып жібергенде лау етіп жанған көк жалын аспанға көтеріліп, шаңыраққа жетеді. «Еңбекпен жиған дәулет күлмен кетеді деген осы, — деп ренжіген Дүйсен, — Үлкен қара сабаның аузын аш та, қатты-қатты піс!» — деп бәйбішесіне бұйырады.

Бәйбішесі жақтырмай, орнынан шүйіліп тұрып, сабаны піскен кезде, одан бір көкала шүрегей ұшып, шаңырақтан шығып кетеді. «Үйрек қалай қарай ұшқанын қарандар!» — дейді Дүйсен жабырқаулы үнмен балаларына қарап.

«Батысқа қарай кетті!» — дейді далаға шығып келген бір баласы. Сонда Дүйсен: «Онда дұрыс болған... Ол үйрек менің қыдырым еді. Шығысқа қарай ұшқанда алсай Жаймаға баратын еді. Батысқа қарай ұшқаны жөн. Енді ол Мамаға түстеніп, Жүндібайға қонақтағалы кетті. Өзімізден ұзамағанына Құдайға шүкір!» — деп, көңілін демдегендей болады.

Айтса айтқандай, осыдан кейін салт басты, сабау қамшылы Мама батырға аяқ астынан мал құралып, дәулет біте бастайды. Мамадан — Байқотан туады, одан — Арғынбай би, одан — Өксікбай би туған. Арғынбай да, Өксікбай да үш жүзге белгілі адамдар болды. Ал көкала шүрегей қонақтаған алшын Жүндібай, айтса айтқандай, мейлінше дәулетті болған адам. Жүндібайдан — Отыншы, Өлке, Мақан туады. Отыншы — ірі бай болды, Өлке — аты аңызға айналған жомарт болды, Мақан — жауырыны жер иіскемеген палуан болды. Бұлардың ұрпақтары осы күнде Жамбыл облысының Сарысу ауданын қоныстанып отыр (*Дерек беруші Пернебай Дүйсенбин (1943), белгілі жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы; Пернебай Дүйсенбинге дерек беруші Дулат Шалқарбаев (1923), жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы*).

ЖАҒАЛБАЙЛЫ МЫҢЖАСАР БАТЫР. Ел арасында Кенесары, Наурызбай қозғалысына қатысқан жағалбайлы Мынжасар батырдың хикаясы көп айтылады.

Кенесары, Наурызбай бірде Сарысу бойын жайлаған Кіші жүз еліне келіп, ел билерімен ақылдасып, батырларын жиып, Қоқанға елші жіберетіндігін айтады. Мақсаты — Қоқан хандығын орыс патшасына қарсы көтеру. Билер бұл сөзді мақұл көреді. Он екі адамнан құралған елшіні Саржан төре бастап баратын болады. Сол

он екінің бірі болып — Мыңжасар батыр қосылады. Мәміле үстінде Кенесары Мыңжасардың өрелі дітіне риза болып: «Батыр, не датың бар?» — дейді.

Мыңжасар тұрып: «Еркін өскен ер едім, тілімді бөгеме. Тіліме бостандық бер, хан ием!» — дейді.

«Дегенің болсын, батыр!» — дейді Кенесары.

Сонымен Саржан төре бастаған елшілерді Қоқан ханы ерекше күтіп қарсы алады. Ертең келіссөз болады деген түні бір себептермен Наурызбай мен Мыңжасар бір бөлек үйге түнейді. Ал, Қоқанның арамза бектері Саржан төрені жігіттерімен сол түні қырып салады. Содан, Наурызбай мен Мыңжасарды келіп бас салады. Тұлғасы зор Мыңжасар Қоқанның жігіттерін түгел жайпап, жеті түнде жанталасып Наурызбайды аман алып шығады.

Кенесары бұл сұмдық қайғыға қатты күйзеледі. Келер жылы Саржан төреге ас береді. Сол аста Кенесары Мыңжасар батырға мойын бұрып тебірене сөйлеп: «Мына Наурызбай әрі інім, әрі балам еді, осыны аман жеткіздің маған. Осы сөздің мәнісін білдің де? Әкеміз Қасымның бәйбішесі Наурызбайдың шешесін өзінің үстіне өзі алып берді ғой. Наурызбай туа сала шешесі қайтыс болып кетті. Шырылдаған шақалақ Наурызбайды біздің үйдегі бәйбіше шешеміз Күнімжан бауырына басып еді, емшегі иіп сүті шығып, емін-еркін емізіп, уызына жарытты. Наурызбай керек еді маған. Сүйенер найзам, қарыма ілер семсерім, алдымдағы айбарым емес пе, бұл! Сен маған Наурызбайымды сыйладың. Не десем екен, боқ дүние бұл сыйға тең келе ме? Әй, батыр, көңіл үшін үш айғырдың үйірін бердім!» — дейді.

«Жоқ, — дейді Мыңжасар батыр, — хан ием, мен әлі отау құрғаным жоқ. Қыз таңдап жүрмін. Таңдаған қызымды алып бересің!»

«Бұл сөзің де жөн екен, батыр. Қыз таңда. Орындармын тілегіңді!» — деп Кенесары дән риза болады.

Ал, бұл күндері Кенесары, Наурызбай Нұра, Құланөтпес бойындағы тінәлі, темеш елдерінен қол жиып, Ұлытауға қарай өтетін болады. Бұл елдердің ірісі Кейкіл бимен тілдеседі. Орыс патшасына қарсы күресетін мәмілені айтады. Кейкіл өз жігіттерінен жасақ беремін деп уәде етеді. Кейін Кенесары, Наурызбай Ұлытауда үлкен жиын жасағанда Кейкілдің жасағы келмей қалады. Кенесары бұл істен секем алып, Мыңжасар батырды бас қылып екі жүз сарбазын жібереді. Олар барса Кейкілдің жігіттері Ақмола дуанын қорғауға кетті деген жауап естиді. Бұл опасыздықтың сырын білген соң Мыңжасар батыр елге тиіспей, тек қана Кейкіл байдың жер қайысқан жылқысын қуып кетеді.

Арада екі күн өткен соң бұларды бір топ жігіт қуып жетеді. Бір ақбоз атты әдемі бозбала Мыңжасар батырдың алдына келіп: «Мен Кейкілдің он ұлының бірімін. Міне, біз бәріміз тұрмыз. Малымызды қайтар, өліспей беріспейміз!» — дейді.

Мыңжасар батыр: «Әкең сатқын! Түп-түқияныңмен құртам!» — деп ақырады.

Әлгі бозбала: «Жекпе-жек!» — дейді.

Сол кезде Мыңжасар батырдың бір жігіті алға ұмтылады да: «Маған кезек беріңіз!» — дейді.

Сөйтіп, екі жігіт найзаласа кетеді. Екеуі біраз арпалысады. Бір кезде Кейкілдің баласымын деген жігіттің дулығасы ұшып түседі. Қараса, найзаласып жүрген жігіт

емес, қос бұрымы білектей-білектей бұланай қыз! Шайқас тоқтайды. Мыңжасар батыр қыздың сұлулығына тәнті болып, не дерін білмей таң қалып тұрып қалады.

Қыз тіл қатады: «Мен жеңілдім батыр, әкем Кейкілдің он ұлының ішіндегі жалғыз қызы мен едім, жария болдым. Ендігі шешімді азаматтық арыңызға тапсырдым!» — деп, қыз Мыңжасар батырға иіліп ізет көрсетеді.

Мыңжасар батыр да бұл сөзден кейін ойланбастан қалың жылқыны қайта айдап, Кейкілдің ауылына келеді. Сонда Мыңжасар батырдың мәрттігіне риза болған Кейкіл ағынан жарылып: «Аз қазақ көп орыспен қалай соғыса алады, босқа қырылармыз деп, дуанға қашқанымыз рас еді. Енді, малым да, жаным да сенікі, батыр! Тінәлі, темештің жасағын бердім түгел!» — дейді.

Мыңжасар батыр Ұлытауда жатқан Кенесары алдына үлкен олжамен оралады.

Бір көңілді отырыста Мыңжасар батыр: «Хан ием, қыз тандап жүрмін деп едім. Сол қызды таптым!» — дейді.

«О, батыр, кімнің қызы екен, ол?!» — деп сұрайды Кенесары.

«Кейкіл бидің қызы, есімі Мөлдір, хан ием!» — дейді Мыңжасар.

Содан, Кенесары, Наурызбай Кейкіл биге құда түсіп, Мыңжасар батырға Мөлдір сұлуды алып береді.

Осы Мөлдірден — Әділ, Ақкүшік туады.

Күндердің күнінде Мөлдір дүниеден қайтады. Бестау деген жерден топырақ бұйырып, басына күмбез орнатады. Сонда Мыңжасар батырдың көңілі босап: «Ә-ә, Мөлдірім, мына опасыз жалған саған көптік, маған жоқтық етті-ау!» — деген екен.

Ақыры, Кенесары, Наурызбайдың орыстармен бір шайқасында Мыңжасар батыр Балқаштың жағасындағы Мыңарал төңірегінде мерт болады. Сүйегі сол қаны төгілген жерге қойылады. Соңында қалған Әділден ұрпақ бар, Ақкүшіктен ұрпақ жоқ (*Дерек беруші Ілия Жақанов (1936), көрнекті жазушы, композитор, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Ақтоғай ауылы; Қарабура. Құрастырған І. Жақанов. — Алматы, 2007. 411-412-беттер*).

ЖАНАЛЫ БИ МЕН ДӘДЕН БИДІҢ ӘЗІЛІ. Адайдың келімбердісінен, оның ішінде қосайынан шыққан Жаналы би өз заманында елге сыйлы болған, әділ билігімен, тапқыр шешендігімен танылған, діни сауаты кемел адам болыпты. Сол Жаналымен таз тайпасынан шыққан Дәден би құрдас, ілік-шатыс әзілдері жарасқан адамдар екен. Бірде Дәден би сөз бастапты:

— Жәке, Құдайкеге ештеңе айтпаймын, келімберді жөнінде бір сұрағым бар. Осы құнанорыс қашан дөнен болады, ақбота қашан тайлақ болады, жарыларың қашан бүтін болады?! — дейді.

Дәден бидің әзілге бұрып меңзеп отырған құнанорысы да, ақботасы да, жарысы да адай ішіндегі рулар екені мәлім. Мұны біліп отырған Жаналы би:

— Шамалап әзілдесенші, жеңіліп қалсаң өзіңе сын болады ғой, — деген уәжге Дәден би тоқтамайды.

— Жауабың болса бере бер! — деп, тіл мен жағын түгендеп, қайрап қоймайды. Сонда Жаналы би еңсесін тіктеп:

– Ал, Дәден би тында! Жантайларың тікейгенше, жастабандарың қартайғанша, бессарыларың алтыға толғанша, таздарыңның басына шаш шыққанша біздің балалар да жайлап жетпес пе екен, – депті.

Жаналының жантай, жастабан, бессары деп отырғаны таз тайпасының ішіндегі рулар екені белгілі. Құрдасының ұтқыр жауабына дән риза болған Дәден би жеңілгенін мойындап, қолын алыпты дейді (*Дерек беруші Айнахан Есет, белгілі журналист, ақын, Маңғыстау облысы; Адай ата. Екінші кітап. – Алматы, 2006. 114-115-беттер*).

ЖАППАС. Кіші жүз байұлы тайпасының құрамындағы он екі атаның бірі – жаппас.

Жаппастың шешесі Тобан бибі тоқал болып босаға аттаса керек. Келін болып түскен үйінің бәйбішесі адуын адам екен дейді. Тобан бибі Жаппасты табарда ауыл-ел көшіп жатыпты. Адуын бәйбіше жаппа тігіп беріпті де, Тобан бибіні жұртқа тастап кетіпті. Содан, жаппаның астында туған соң баланың атын Жаппас қойып еді дейді (*Дерек беруші Шәміл Мәмбетов (1940 ж.), Ақтөбе облысы*).

ЖАРТЫАЙ ЖҰРТЫ. Кіші жүз жетіру ішінде бидас дейтін ата бар. Шежіре бойынша Бекарыс – Манғытай – Алшын – Алау батыр – Қыдыуар – Нәдірқожа – Жетіру – Керейт – Ақсақал – Бозаншар – Қоспанбет – Сандаулы – Көпек – Дулат – Таз – Бидас болып таратылады. Осы бидас жаугершілік заманда қалмақтан қыз олжалап, оған үйленеді. Кешікпей-ақ әйелінің аяғы ауырлайды. Сол күндердің бірінде ел ішін кезген көріпкел бақсы Бидасқа жолығып: «Әйеліңнің ішіндегі бала иә алып туар, иә шалып туар, түбінде атың аталмай, елің соның аузына қарар», – депті.

Десе дегендей, кешікпей-ақ ұл бала туады, Есімін Жартыай қояды. Ержете келе Жартыай батыр болады, ел аузына ілігеді.

Көріпкел бақсы айтқандай, кейінгі ұрпақ Бидас есімін, әдетте ауызға алмайды. «Қай елсің?» деген сұраққа «Жартыай керейтпіз, оның ішінде қарасымыз» дегендей жауап береді. Ауызекі сөзде «жарыаймын», «бес жарыаймын», «е, жартыаймысын», «жартыай елі», «жартыай жұрты» деген сөз орамдары жиі айтылады.

ЖЕТІРУ БІРЛЕСТІГІ. Ел ішінде айтылатын шежіре деректерінің бір парасы бойынша Кіші жүз Ордаштан – Мөңке би, одан – Сармырза, одан – Қоғам, одан – Алшын батыр, одан – Арғымақ пен Алау батыр (шын аты Тұлпар болса керек) туып еді дейді.

Арғымақтан – Телеу мырза, Рамадан, Сәдір, Нәдір туады.

Алау батырдан – Қыдуар (Қыдуыр) тентек, Құдияр, Сәду (Жағалбайлы) туады.

Қария сөздің айтуында, Құдияр жігіт болып қалған кезінде Алау батырға кез болып, «Құддыс шаһарынан едім, пайғамбар әулетіненмін» деп жөнін айтыпты. Алау батыр бұл баланы «таза тұқымнан екен» деп, өзіне бала етіп алады. Кешікпей жақсы жердің қызын алып беріп, бір шаңырағы етіп ұстайды. Сол Құдиярдан – Керейт туады.

Сөйтіп жүргенде Алау батырға Сәду деген бір бала тағы да кез болып, «тайым деген елден едім» деп бала болыпты. Сәду жігіт болып өсе келе бойын түзеп, маса-

ты шұлғанып мәсі киіп, мауыты шапанға елтірі жаға салдырып, бақсы-балгер болып ел аралап кетіпті. Сөйтіп жүріп, ел сыйлаған малы көбейіп, бай болыпты. Былайғы жұрт оның жағалы шапанын меңзеп «Жағалы бай» дейді екен. Бара-бара «Жағалбайлы» атанып кетеді.

Алау батыр киімді балаларын қызықтағанымен, өз кіндігінен перзент жоқ еді дейді. Содан, күндердің бір күнінде Тәңір жарылқап, үлкейген шағында бір ұлды болып, атын Қыдуар қояды. Жасы ұлғайғанда зарығып көрген Қыдуарды Алау батыр бетінен қақпай өсіреді. Оның «Қыдуар тентек» атануы да осыған байланысты еді дейді.

Алау батырдың ағасы Арғымақтың бел баласы Телеу мырза болса, Рамадан, Сәдір, Нәдір үшеуі киімді балары болса керек. Арғымақ өлгеннен кейін бұл үшеуін «ағамның ықыласына бөленді ғой» деп, Алау батыр өз қамқорлығына алады. Бірақ, Қыдуар тентек Рамадан, Сәдір, Нәдір үшеуіне күн көрсетпейді. Ақыры үшеуі де шыдай алмай, Арғымақтан туған Телеу мырзаға барып, пана табады. Кейін бұл үшеуі де бас құрап, үй болып, бір-бір әулетке ұласады. Сәдірден — Тама мен Табын туады. Нәдірден — Кердері туады.

Заман өте келе Телеу, Рамадан, Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы ұрпағы өсіп-өніп, әрқайсысы бір-бір рулы ел болады, одан тайпаға ұласады. Сөйтіп, бұлардан «Жетіру» бірлестігі құралады (*Дерек беруші Теңізбай Үсенов, даңғайыр шежіреші, Қызылорда облысы, Арал ауданы*).

ЕСЕНТЕМІР. Қазақтың қария сөзінде Алшынның Сыр бойын қоныстап қалған Байқожа деген немересі ауыл-аймағымен жаугершілікке ұшырайды. Сол жаугершілікте Байқожа өз кіндігінен туған Ата, Қалпақ, Естай деген балаларымен бірге жау қолынан қаза табады. Осылардың ішінде Атаның Темір деген баласы ғана тірі қалады. Темір бүкіл әулеттегі жетім-жесір қалғандарды ертіп, атасы Қыдырқожаның (Байұлы) қолына көшіп келеді. Малы көп болған соң «Бай» атанған Қыдырқожа Темірге жылқысын бақтырады.

Бір жылы қыс қатты болып, Темір қалың жылқымен бірге ығып кетеді. Боран басылған соң Қыдырқожаның жігіттері мал амандауға шығады. Алайда, Темірді де, ол бағып жүрген қалың жылқыны да таба алмайды. Аяқ жетер жерге сұрау салады, бірақ еш дерек болмайды. Ел-жұрт Темірден де, жылқыдан да күдер үзе бастайды.

Содан, қар кетіп, жер көгеріп, ауыл-ел желпініп жайлауға шыққан күндердің бірінде көкжиектен мұнартып шаң көтеріледі. Жау ма, дос па деп үрпиіскен ауыл-үйдің адамдарынан оқшаулау шығып Қыдырқожа да көз тігеді. Әлден уақытта белгілі болады, жер қайысқан қалың жылқы ауылға беттеп келеді, қалың жылқыны бастап алпамсадай Темір ат үстінде келе жатса керек. Сонда, көңілі өскен Қыдырқожа «Темірім есен екен ғой!» — деп дауыстап жіберіпті. Темірдің «Есентемір» атануы осыдан еді дейді (*Дерек беруші Мереке Құлкенов, 1951 жылы туған, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылы*).

КЕЛІНБЕРДІ. Адайдың әйелі бірінші перзенті Құдайкені тапқан соң көпке дейін бала көтермепті. Содан, Құдайке ержетіп, жігіт болып үйленеді. Сол кезде ғана

Адайдың әйелі келінімен бір мезгілде жүкті болып, екінші перзенті дүниеге келеді. Мұны «аяғы құтты келіннің ырзығы» деп ырым көріп, баланы Келінберді (Келімберді) деп атап еді дейді (*Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941 ж.), көрнекті сәулетші, белгілі қаламгер-ақын, Маңғыстау облысы, Тиген ауылы*).

КЕТЕ. Кіші жүзде шежіресі ең көп нұсқалы болып келетін тайпалардың бірі — кете. Сол шежірелердің бір нұсқасы Алаш — Алау — Алшын — Қыдуыр тентек деп таратылады. Қыдуырдан — Кәдірқожа (Қадырқожа, Нәдірқожа деп те атайды), одан — Қаракесек туыпты дейді. Қаракесек ержеткенде әкесі Кәдірқожа өзімен бастас бір байдың Ханбибі деген қызына құда түседі. Бірақ, Қаракесек ұрын бармай тұрғанда, Ханбибі оң жақта отырып, басқа біреуден екіқабат болып қалады. Оған қарамай, құдалардың сыйластығы мықты болғандықтан, Ханбибіні Қаракесекке алып береді. Ханбибі келін болып түскен соң көп ұзамай бір ұл тауып, атын «Байсары» деп қояды. Ел ішінде «Атасыз туған Байсары» деген сөз осы жағдайға орай айтылған дейді.

Байсары үш жасқа толғанда Ханбибі қайтыс болады. Жылын берген соң, Ханбибінің әкесі «Марқұм қызымды ұятты күндерінде жерге қаратпап еді, құданан кіндік үзбеймін», — деп, кіші қызы Қағаз сұлуды Қаракесекке қалыңсыз ұзатыпты. Қағаз сұлу мен Қаракесектің арасынан — Әлім, Шөмен туады.

Қаракесектің осы үш ұлы — Байсары, Әлім, Шөмен ержетеді. Сол кезде үлкені Байсарыға жетіру ішіндегі кердеріден Кетебике деген сұлуды құда түсіп, алып береді. Байсары мен Кетебикеден — Бозанша (Бозаншар деп те атайды), Майлыбай батыр туады. Бұл балалар жігіт болып ержетеді. Сол кезде бір жаугершілікте Байсары мен Майлыбай батыр қалмақтармен арада болған соғыста мерт болады.

Содан, жалғыз қалған Бозанша өзі талап қылып үйленіп, әйелінен Адамқожа деген бала көреді. Жаугершілік заман ғой, бірде елінен көз жазып қалған, түбі — байұлы, Сәду деген бала Бозаншаны паналап, оған өкіл бала болады. Уақыт өте келе былайғы жұрт Адамқожа мен Сәдуді айырмай, екеуін де Бозаншаның балалары деп атайтын болады. Шежірешілер Бозаншадан өрбіген ұрпақты «Байсары кете» деп атайды.

Шежіреде Бозанша ұрпағы былай таратылады:

Бозаншадан — Адамқожа, Сәду;

Адамқожадан — Сары, Қара (Қарадан тұқым жоқ);

Сарыдан — Асан, Жанбақты, Құлсын (Құлыс);

Сәдуден — Сайдан (Сәбден), одан — Ожырай;

Ожырайдан — Мырза, Бәйімбет. Бұлардан өрбіген ұрпақты «Ожырай кете» деп атайды.

Шежіре дерегі айтады: Ожырай туған соң, оның әкесі Сайдан қайтыс болады. Содан, оның жесір қалған әйеліне (Ожырайдың шешесіне) әменгерлік жолымен Сары үйленеді. Сары үйленген соң одан Асан мен Жанбақты туады. Бірде Сары би жолаушылап келе жатып, көштен түсіп қалған баланы тауып алады. Оны үйіне алып келіп, қолына асықты жілік ұстатып, өзіне бала етіп алады. Атын «Құлсын» деп қояды. Шежіреге Сарының балалары деп Асанды, Жанбақтыны, Құлсынды енгізетіні содан. Кейін келе Құлсыннан өрбіген ұрпақ «Құлыс кете» деп аталады.

Енді, Байсары өлген соң жесір қалған Кетебикеге келейік. Байсары өлгенде Кетебике екіқабат екен. Кешікпей бір ұл бала туады. Баланың атын «Тегіннен келген бала ғой» деп, «Тегінболат» қояды.

Содан, «жесір қатын, жетім бала атандырмаймын» деп, әменгерлік жолымен Кетебикеге Әлім үйленеді. Кетебике мен Әлімнен бір ұл туып, оның атын «Тойқожа» қояды. Кейін Тойқожаның өсіп-өнген ұрпақтары «Ақ кете» аталады.

Жазмышқа дауа жоқ қой, бір күні Әлім де қайтыс болып, тағы да әменгерлік жолымен Кетебикеге Шөмен үйленеді. Кетебике мен Шөменнің арасынан Түменқожа туады. Түменқожа ұрпағы «Қара кете», «Шөмекей кете» деп қатар атала беретін болады.

Шежіре сөзінде «Сойырғас кете» туралы да айтылады. Оны былай таратады: Байсарыдан – Адамқожа, одан – Сары, одан – Асан, одан – Қарпық, одан – Құдайназар, одан – Сойырғас. Осы Сойырғастың өсіп-өнген ұрпағы «Сойырғас кете» деп аталады.

Міне кете тайпасы осылай қалыптасса керек. Бұлардың бәрін жинақтап «Алшынның кетесі» дейді (*Дерек беруші Теңізбай Үсенбаев, даңғайыр шежіреші, Қызылорда облысы, Арал ауданы; Кете тайпасы туралы қосымша деректер білгіңіз келсе «Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын, «Тектес-аттас ру-тайпалар» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын, «Кіші жүз» тараушасындағы «Бес естек» тақырыпшасын, «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРАТОҚАЙ. Кіші жүз беріш тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі – қаратоқай. Шежіре бойынша Беріштен – Байбақты, Байсейіт. Байсейіттен – Қитас, Тілес. Тілестен – Қаратоқай, Бөкен туады.

Жаугершілік заман болса керек. Ағайынды Қаратоқай мен Бөкен екеуі іргелес екі ауыл болып отырады екен. Бірде, Бөкен ауылына тұтқиылдан жау шауыпты деген суық хабар жетеді. Хабарды ести сала Қаратоқай да жігіттерін ертіп жетсе, ауыл ойрандалған, адам атаулы қырғын тапқан. Содан, өлгендерді жер қойнына тапсырып, қалған-құтқан дүние-мүлікті жинастырып жүргенде, қазан астынан Бөкеннің бес-алты айлық баласы Өтеғұл шығады. Қаратоқай інісі Бөкеннен бір тұяқтың қалғанын дәтке қуат етіп, ауылына қайтып келе жатса, тоғай арасынан бала арқалаған әйелді көреді. Ат басын бұрып, жақындап келсе, інісі Бөкеннің әйелі болып шығады. Жау тосын шабуыл жасағанда бес жасар баласы Ақсарыны қолынан жетелей қашып, тоғайға сіңіп кетсе керек.

Тағдырдың жазуына шара жоқ. Қаратоқай інісі Бөкеннен қалған Ақсары мен Өтеғұлды өз тәрбиесіне алып, келініне әменгерлік жолымен мұралық етеді. Одан – Саназар, Қошетер деген екі бала көреді.

Осылайша Қаратоқайдың бәйбішесінен – Андағұл, Байқожа, Айтқожа туса, тоқалынан – Саназар, Қошетер туған. Бұларға қоса, інісі Бөкеннен қалған Ақсары мен Өтеғұл да Қаратоқайдың бауырында өскендіктен, бұлардың бәрінің де өсіп-өнген ұрпақтары өздерін «қаратоқаймыз» дейді.

Шежіре дерегінде Қаратоқай Есет батырға келіп қосылып, ақылшысы болып еді дейді. Даңғайыр шежірешілер осы дерекке сүйене отырып, Қаратоқайдың 1625 жылы туғанын шамалайды. Ал, Қаратоқайға топырақ бұйырған жер деп Қарабала мешітінің төңірегін атайды (*«Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Жеті баулы беріш» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚЫДЫР ДАРЫҒАН САНАЗАР. Ел жадындағы шежіренің дерегінде адай ішіндегі Саназар бай былай тектеледі: Адайдан — Құдайке, одан — Қосай, одан — Бәли, одан — Есберді (Ескелді), одан — Қайып, одан — Қожаберді, одан — Айсы, одан — Зорбай, одан — Жанай, одан — Әлі, одан — Саназар.

Келесі бір шежіреде былай таратылады: Адай — Келімберді (Келінберді) — Тобыш — Ораз — Жайық — Әлмембет — Зорбай — Жанай — Әлі (Ғали) — Саназар (*Алшын Меңдалыұлы. Адай шежіресі. — Алматы, 2002. 16-60-беттер*).

Әлінің бейіті Шетпеден он шақты шақырым жердегі Қамысбай қорымында. Әлінің тамын Дораұлы Жылқыбай деген шебер салып еді дейді.

Қария сөздің айтуында Әлінің баласы Саназар бірде Қаратаудың шүйгін шатқалымен келе жатып ағаш бұтағында ілулі тұрған көнекті көреді. Көнекті алып қараса, ішінде сүті бар екен. Саназар бір жағы таңсық көріп, бір жағы таңдай жібіту үшін әлгі көнектегі сүттен ішеді. Сөйтсе, көнектегі сүт Қыдыр атаның құты екен ғой. Сол жерде Саназарға Қыдыр атаның құты дарып, адай ішіндегі асқан бай болып еді дейді (*Д. Саймағамбетов, Т. Отаралиев. Елдіктің сара жолына соқпақ тартқан. — «Жаңа өмір» газеті, 1991. 5 қыркүйек*).

ҚЫДЫР ДАРЫҒАН ҚОЖАС. Таманың қошқарбай атасынан шыққан Қожас деген кісі өте бай екен. Көзі тірісінде «қара суы қатық болған Қожас» атанған. Бір жылы ақсүйек жұт болып, тігерге тұяқ қалмайды. Сонда Қожас үйдің алдындағы бір төбеге шығып, батысқа қарап ойланып отырады екен. Бірде Токтарбай деген бәйбішесі жақындап келіп: «Ау, отағасы, істер шараң бар ма? Мына балалар нәр сызбағалы үш күн болды. Не істейміз?» — депті. Сонда Қожас: «Онда қара қазанға су толтырып, анау жатқан көгенді соған сал!» — дейді. Бәйбіше отағасының айтқанын істейді. Таңертең тұрып қазанның қақпағын ашса, судың бетінде қап-қара болып екі елі май қатып қалған екен. Содан, үй-іші екі-үш күн бойы майды талғажау етіпті.

Мұнан соң тағы да аштық қыса бастайды. Қожас бұл жолы да бәйбішесіне айттып, келесі бір көгенді қазанға салдыртады. Таңертең қараса, қазан іші айранға толып қалыпты. Үй-іші мәре-сәре болып қалады.

Сол күні түс ауа үйге желмаямен үш жолаушы келіп түседі. Олар келгеннен-ақ, Қожастың жүрегі әлденені сезгендей алабұртады. Сонда Қожас балаларына дауыстап: «Шырақтарым, анау желіні жеткен жеріне дейін тартып қойындаршы», — депті.

Үйдегі үш қонаққа қатық ұсынып, қолдан келгенше құрмет көрсетеді. Жатарда қонақтарға жайлы етіп төсек салдыртады.

Содан, ертеңінде таңертең тұрса қонақтардың үшеуі де орындарында болмайды. Далаға шығып қараса желі толы ыңыранған түйе дейді. Сонда Қожас: «Е-е, үйіме

келіп қонған қыдырларым екен ғой!» – депті (*Дерек беруші Пернебай Дүйсенбин (1943), белгілі жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы; Пернебай Дүйсенбинге дерек берген М. Амангелдиев, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы*).

НОҒАЙЛАР. Алтын Орданың шаңырағы шайқалып, оның аясындағы ел-жұрт бірнеше хандыққа бөлініп кеткенде, сол жұрттан шаңырақ көтерген хандықтардың ең еңселісі Ноғай ордасы болған. Арал-Сыр атырабынан бастап, Қап (Кавказ) тауына дейінгі байтақ алапты жайлаған ноғайлардың сол кезде Жем мен Сыр өзендерінің арасындағы ордасы «Алтуыл» деп аталған. Кейбір шежірешілер оны Жембойлық ордасы деп те атайды. Қазақтармен қойындасып жатқан бұл орданы заманында Ноғай ордасының ұлы ханы Мамайдың алты ұлы билеген. Әлгі «Алтуыл ордасы» деген атауы содан болса керек.

«Аруақ арты жын болар» дегендей, кейін сол Ноғай ордасы шілдің қиындай шашырап кеткен. «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бұлгенде» деген сөз сол аласапыран заманды меңзеген. Бұл аласапыранда қалың ноғай Қырым мен Қобан (Кубань) жағына ығысып, Есім ханның тұсында Алтуыл ордасы қазақтарға қосылған. Ноғайлардың Қырым мен Қобан жағынан түрткі көрген бір жұқанасы Нұралы хан билік құрып тұрған тұста Кіші жүзге келіп тағы да қосылады. Кіші жүз құрамындағы қазіргі ноғай-қазақ деп жүргеніміз солар. Егер сол ноғайлардың ноғай аталғанға дейінгі тегін тектесең, бүгінгі қазақ руларымен арасы одан сайын жақындаса түседі. Ноғай-қазақтар өз ішінде – қояс, үйсін, қазанқұлақ, қостанба деп аталатын аталарға бөлінеді (*Дерек беруші Алшын Меңдалыұлы (1894-1979), даңғайыр шежіреші, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Жыңғылды ауылы*).

НҰРДАН ЖАРАЛҒАН АДАЙ. Шежіре деректерінің бір парасы бойынша Кіші жүз Бекарыстан өрбіген алшынның ішінде Қыдыр деген бай болыпты. Қыдырдың байлығында қисап болмаған соң жұрт оны «Бай» деп атайды екен. Сол әдетпен Қыдырдан тараған ұрпақ «Байұлы» аталып еді дейді.

Байдың (Қыдырдың) Жанби, Ұлжан есімді екі әйелі болса керек. Жанбиінен туған Қанбибі есімді қызы болыпты.

Бір күні бойжеткен Қанбибі жақын құрбыларымен сейіл құрып сыртқа шығады. Табиғаттың толыса құлпырған кезі болса керек. Сейіл-серуен құрған қыз-келіншек бір гүл-құрағы жайқалған бұлақ басына келіп дамыл алады. Сол жерде Қанбибінің көзі ілініп кеткен екен, әлденеден тұла бойы шымырлай балқып оянып кетеді. Көзін ашып байқаса, көктен саулап құйылған нұр іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын балқытып жатыр екен дейді.

Осы нұрдан Қанбибінің бойына перзент бітіп, айы-күні толған соң босанады. Жай босанбайды, бойына әкесіз бала біткен соң, жасырын босанады да, баланы құндақтап қыр астына апарып тастайды.

Ертеңіне серуендеп түзге шыққан Бай жылап жатқан құндақтаулы балаға тап болады. Баланы үйге алып келіп, Әспенбет деген көріпкелді шақыртады. Әспенбет баланы көріп, «Атыңды шығарар арысың осы болар» деп батасын береді. Бұған қуанған Бай ұлаң-асыр той жасап, баланың атын Адай қояды.

Бұл кезде Байдың әйелі Ұлжанның Таз деген баласы емшекте екен. Ұлжан Адайды да бауырына алып, Таз екеуін бірге емізіп өсіреді. Әлгі, «Адай мен Таз емшекте» дейтін сөздің мәнісі осы (*Дерек беруші Өскенбаев Мұрат (1904-1979), күйші-композитор, Маңғыстау облысы, Ерғалиев ауданы*).

Жалпы адай тайпасының нұрдан жаралғаны жөніндегі аңыз-әңгіме көптеген шежіреде кездеседі. Айтылу үлгілері де алуан түрлі (*Қ.Сыдықов. Ақын жыраулар. – Алматы, 1974. 124-128-беттер*).

Келтірілген аңыз-әңгіменің желісі әйгілі ақын Қашаған Күржіманұлының (1841-1929) «Адай тегі» атты жырымен үндес (*ҰҒА. Ғылыми кітапхана. 398-папка, 79-87-беттер*). Бұл жырда Қанбибінің нұрдан жүкті болуы былай суреттеледі:

«...Ұйықтап көзі ілінсе,
Шымырлаған бір нәрсе,
Тұлабойға білінді.
Төмен қарай жүгірді,
Құрсағына кідірді.
Қанбибі шошып оянды,
– Не болды? – деп, – Ой, Алла-ай!
Жан-жағына қарады.
Қарап тұрса нәрсе жоқ,
Көңілін қасірет қамады.
Хазірет Қызыр пайғамдар,
Қыдырып жүрген күн екен,
Одан кәмила болынып,
Қүдіретке жолығып,
Біздің асылымыз содан жаралған».

ОТАРБАЙ ӘУЛИЕНІҢ ЖАЙ ТАСЫ. Тама ішіндегі жөгі руынан шыққан Отарбай әулие жас кезінде мергендікпен айналысыпты. Бір жолы елдің бір шарапатты қариясы: «Отарбай шырағым, осы қобыздағы бұлақтан үнемі құландар су ішеді, ішінде ерекше тарғыл құлан бар. Өте сезімтал, саққұлақтанып тұрады. Соны атсаң бауырында тығылған тасы бар. Сол тас саған киелі шарапат береді», – депті.

Отарбай құланды бірнеше күн аңдып, бұлақ басынан атып алыпты. Ішін жарып, бауырын қараса, шынында да тас бар екен. Отарбай тастың қасиетін бойына сіңіріп, шарапатын күшейтіп, құрғақшылық жылдары жаңбыр жаудырып, жаугершілік кезінде қарды борандатып, дұшпанын адастырып кететін көрінеді. Үлкендер Отарбай әулиенің күн жайлататын жай тасы деп атапты. Отарбай әулие өлгеннен кейін ұрпақтары жай тасты жібекпен тыстап, былғары қалтада ұстайды екен.

Кеңес өкіметі қожа-молда, әулие-әмбилерді қудалай бастағанда, Отарбай әулиенің ұрпақтары жай тастан қалай айырылып қалғанын өздері де білмейді (*Дерек беруші Пернебай Дүйсенбин (1943), белгілі жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы; Пернебай Дүйсенбинге дерек беруші Талас Алтайбаев, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы*).

СЕГІЗ АРЫС ЖАРЫ. Он екі ата – байұлы, оның ішінде – адай, оның ішінде – жары ең бір өсіп-өнген ру. Шежіре бойынша Адай – Келімберді – Мұнал – Жаулы – Жары болып таралып келеді де, Жарының бәйбішесінен – Дәулетәлі, Кеше, Жетімек, Мете туса, тоқалынан – Тоқтамыс, Бектеміс, Базар, Назар туады. Адай руының негізін құраған «Сегіз арыс жары» дейтініміз осылар. «Жарының түйе қарағаны да үй толтырады», «Жары көп пе, тары көп пе» деп келетін мәтел сөз жарылардың өсіп-өнгендігін меңзегені.

Әрине, сегіз ұл кімнен тумаған, сегіз ұлды кім таппаған. Осы орайда жарылардың өсіп-өнуіне кепіл болған олардың бірлік-пәтуасы еді деп келетін қария сөз бар.

...Бірде Жары баба алыс жолға аттанса керек. Кешікпей-ақ, соңынан қуғыншы жетіп, «Ауылың бұзылып жатыр, тез жетпесеңіз болмас!» – деген жайсыз хабар айтады. Жары амал жоқ ат басын кері бұрып, ауылына келсе, бәйбішесінен туған тентек-шора кенжесі Мете садақ тартып жүріп, тоқалдан туған бесінші кенже ұлды өлтіріп алыпты.

Жары болған жайды көзі көрген соң, қатты ширығып, тоқалдан туған батыр ұлы Тоқтамысқа: «Тоқтамыс! Шап анау Метенің басын!» – деп бұйырыпты. Әке сөзі – серт, Тоқтамыс ойланбастан қылышқа қолын ұсына бергенде, шешесі баласының қолына жабысып: «Отағасы, кеше ғана ұлың тоғыз еді, жазым болып бірі өлді, сегізі қалды. Енді өзін біреуін жазым етсең жетеуі қалады. Одан әрі ұлдарың тумаластарын өлтіртіп қарап отыра ма? Олар да кек қайырады. Сөйте-сөйте тұқымын құриды. Сабыр ет, сабаңа түс! Ұрпағым өссін десең, енді бәйбіше ауылы, тоқал ауылы дегенді жоғалт. Бәйбішенің бір ұлы мен тоқалдың бір ұлын жұптап отырып, балаларыңды бөлінбейтін еншілес, айырылмайтын қонсылас ет. Сонда, ұрпағың өсіп-өніп, артың абырой-атақтан кенде болмас!» – деген екен.

Жары орынды айтылған уәжге тоқтап, Дәуітәлі мен Тоқтамысты, Кеше мен Бектемісті, Жетімек пен Базарды, Мете мен Назарды бөлінбейтін еншілес, айырылмайтын қонсылас етіп еді дейді.

«– Бақ, қайда барасың? – Бірлік-пәтуасы жарасқан жерге барамын!» – деген сөз рас, тағдырдың қызығы мен қиынын жұбы жазылмай қарсы алып келе жатқан жарылардың өсіп-өнген ұрпағы мұның айқын айғағы (*Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941 ж.), көрнекті сәулетші, белгілі қаламгер-ақын, Маңғыстау облысы, Тиген ауылы*).

ТАЗДЫҢ АРЫСТАРЫ. Кіші жүз он екі ата байұлы бірлестігінің құрамындағы таз тайпасы өз ішінде үш аталық (іргелі) арыстан құралған. Шежіре жүзінде ол былай таратылады: Таздан – Абай, Қабай. Абайдан – Жастабан, Шарға. Қабайдан – Абдал. Осы Жастабан, Шарға, Абдал үшеуін, бұрынғының даңғайыр шежірешілері «аталық үш арыс» деп даралап атап алады.

Сонсоң, Жастабан ұрпақтарын «Үш арыс жастабан» деп, Шарға ұрпақтарын «Сегіз арыс шарға» деп, Абдал ұрпақтарын «Алты арыс абдал» деп, шежірені әрі қарай тарататын болған.

Жастабанды үш арыс дейтіні, Жастабаннан – Байсары, Сүйірбас, Тілес деген үш бала туған, олардың өсіп-өнген ұрпағы үш рулы елге (арысқа) ұласқан.

Шарға ұрпақтарын сегіз арыс дейтіні, Шарғадан – Ақсерке, Жақсыбай, Жолым, Асан, Сырлыбай, Күңбас, Жиеншарға, Жантайшарға туған. Бұлардың да ұрпағы өсіп-өніп, сегіз рулы елге ұласқан.

Абдал ұрпақтарын алты арыс дейтіні, Абдалдан – Ес, одан – Арғынияз (Арықнияз деп те атайды), одан – Шонтықұл мен Құлай. Шонтықұлдан үш бала – Өтес, Жапақ, Мәмбетқұл. Құлайдан да үш бала – Көшей, Келдібай, Нұрым (Кішкене деп те атайды). Міне, осы Шонтықұл мен Құлайдан туған алты баланың өсіп-өнген ұрпағын «Алты арыс абдал» дейді.

Таз шежіресінің мұнан басқа да үлгілері бар. Біз ел ішіне кең тараған бір ғана үлгісін келтірдік.

ТАМАНЫҢ ТҰҢҒЫШЫ БУРА. Тама жаугершілік заманда жұртта қалған мылқау қызға үйленіп, ол қыздың есімін Жамалы деп атапты дейді. Жамалыдан – Бура, Құлай есімді екі ұл, Баян есімді бір қыз туыпты.

Тұңғышы Бура ерекше қайратты, жүректі, денелі болса керек. Бірде бес жасар Бура өзінен көп үлкен баламен күресіп, алып соқса, анасы Жамалының қуанғаннан тілі шығып, «Бурам! Бурам!» – деп дауыстап қоя беріпті дейді.

ТҮРКІМЕН АДАЙ. Қазақта екі кісі Ер Қосай атанған. Бірі – Орта жүз уақ тайпасынан шыққан Ер Көкшеұлы Ер Қосай. Екіншісі – Кіші жүздің адайынан шыққан Құдайкеұлы Ер Қосай.

Шежіре қуалағанда Құдайкеұлы Ер Қосайдың өмір сүрген заманы XV-XVI ғасырлардың жапсары болса керек. Осы кезде адайлар Сырдария мен Әмудария бойында көшіп-қонып жүреді екен. Ауыл-елдің бас көтерер айбары да, ақылшысы да Қосай болыпты. Жұрт оны ақыл-парасаты мен қабілет-қайратының артықтығына бола «Ер Қосай», «Жолды Қосай», «Би Қосай», «Көреген Қосай» деп құрметтеген. Сол кезден жеткен «Қырық жігіт болып жолға шықсаң, бір жолдасың Қосай болсын» деген сөз күні бүгінге дейін айтылады.

Қосай ауылы жаз болса Сырға қарай көшіп, қыс айларында Әмудің солтүстігін қыстап қайтып жүреді екен. Бір жылы көктемде Әмуден өтерде Қосайдың көші мал-мүлкімен, үш баласы, алты немересімен ұйыққа тап болып суға кетеді. Жасы алпысқа келіп қалса да қайраты қайтпаған Қосай жағаға жалғыз шығады.

Сол кезде жапсар жатқан түркімен ішінде Сары деген батырмен Қосай қияметтік дос екен дейді. Тағдырдың жазуымен қара басы сопайып қалған Қосай досына Сары батыр түркіменнің Оғылменді деген қызын айттырып алып береді. Сол түркімен қызына қосылған соң қосайдың кіндігінен Байбол, Бәлі, Тіней, Сүйіндік, Әйтен, Бегей атты алты бала туады. Осы алтауынан өрбіген ұрпақ «Түркімен адай» деп аталады. Адайлар өз ішінде бұл алты баладан өсіп-өнген ұрпақты айырып атау үшін «Алты Қосай» деп те атайды.

Қосайдың алты баласының бірі Сүйіндіктен тараған ұрпақ өз алдына бір ауыл болғанда көшіп-қонуға ерініп, бір орында сары жұрт болғанша ұзақ отырады екен. Содан, былайғы жұрт оларды «Жаман адай» деп атап кетіп еді дейді.

Ер Қосайға Нүкіс қаласынан шығысқа қарай 24 шақырым жер жүргенде кездесетін Бестөбе деген жерден топырақ бұйырған. Басына ұрпақтары көрнекті күмбез-белгі орнатқан.

Түркімен адайдан қазақтың белгілі ақыны Нұрым Шыршықұлы (1831-1908) шыққан (*Дерек беруші Сырым Мұханбетұлы, Атырау облысы, Исатай ауданы, Чапаев ауылы*).

ҰРАНҒА ШЫҚҚАН БАЙБАРАҚ. Байбарақ Құдайкеұлы XVIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақтың әйгілі батыры. Шыққан тегі – Кіші жүздің алаша руынан.

Ел жадында сақталған шежіре дерегінде Байбарақ батыр 14 жасында қалмақтардың қолына түсіп, бес жылдай тұтқында болып еді дейді. Тұтқында жүріп бірнеше рет қашып шықпақшы болып, қолға түсіп, қатаң жазаға ұшырайды. Бірақ, туған еліне оралу ниетінен қайтпайды. Жас жігіттің өжеттігіне қызыққан қалмақтар «басыңа үй тігіп, алдыңа мал салып, тандаған қызыңа үйлендірейік, біздің адамымыз бол» деп үгіттейді. Байбарақ көнбейді. Сонда қалмақ батыры жас жігіттің қайсарлығына сүйсініп: «Еліңе жіберсем маған қандай алғыс айтар едің?» – деп сұрапты.

Бұл сұраққа Байбарақ іркілместен: «Көрген қорлық, тартқан азабымның есесін қайтару үшін, «Байбарақ!» – деп ұрандап келіп, елінді бір шауып кетер едім!» – деген екен.

Қалмақ батыры өзіне-өзі сенімді болса керек, «Ажалыңа асыққан ер болсаң сөзінде тұр, бердім бостандық!» – деп, Байбаракты босатып қоя берген екен.

Содан, Байбарақ батыр еліне жетіп, ес жиған соң, қол жинап жауға аттанбақ болады. Ол кезде алаша руының ұранға шыққан батыры Сейтімбет деген кісінің тірі кезі екен. Ата салтын аттамай, Байбарақ батыр арнайы ат басын бұрып келіп Сейтімбет батырға уәжін айтады: «Батыр, рұқсатыңызды сұрай келдім, қалмаққа берген уәдем бар еді «елінді «Байбарактап» келіп бір шабармын» деген. Соның қарты келіп тұрған сияқты. Сіздің ұраныңызға бір мәрте тыным берсем ренжімес пе екенсіз», – депті.

Сейтімбет батыр Байбарактың меселін қайтармай, батасын беріп шығарып салып еді дейді. Сол бетінде Байбарак батырдың қолы қалмақ батырының ауылына жетіп, «Байбарак! Байбарак!» – деп ұран шақырып келіп шабуыл жасайды ғой. Қаннен-қаперсіз жатқан қалмақ ауылының шәт-шәлекейі шығады. Атқа мініп үлгерген қалмақ батырын Байбарак жекпе-жекке шақырады.

Бір-біріне «не өлім, не өмір» деп ұмтылысқан қос батыр ұзақ қаржасады. Ақырында Байбарак батырдың күші басым шығып, қалмақ батырын аттан аударып түсіреді. Сол жерде Байбарак батыр найзасын жауының өңменіне тіреп тұрып тіл қатады: «Ерге мәрттік жарасқан, сен мәрттік етіп, мені өлімнен құтқарып, басыма азаттық беріп едің. Мен де қидым жаныңды. Бір ғана шартым бар, тұтқындағы бауырларымның жанына сауға, басына бостандық бересің!» – депті.

Сол жерде қос батыр серттесіп, уәделерінде тұрысқан екен.

Осы оқиғадан кейін Байбарак батырдың есімі алаша руының ұранына шығып еді дейді. «Жақсы көпке ортақ» деген, он екі ата байұлының ішіндегі сұлтансиық руының ұраны да «Байбарак» (*Дерек беруші Аманғосов Смағұл (1914 ж.), Атырау қаласынан; Кенжалиев Исатай. «Байбарак» ұраны қалай пайда болды? – «Ана тілі» газеті, 1997. 14 тамыз*).

ҮШКІЛ ТАҢБА. Он екі ата байұлынан тарайтын іргелі рулардың бірі — адай. Бұл рудың ұраны — Бекет, таңбасы — садақ (*оқ, тіл, таңба, мосы, қазаяқ, құсаяқ деп те атайды*). Жебенің ұшына ұқсаған таңбаны ел ішінде «ортасы тілік үшкіл таңба» деп те атайтын жағдайлар кездеседі. Осыған байланысты ел ішінде айтылатын әңгіме бар.

Ертеде Бай (Байұлы, Қыдыр) деген кісінің балалары енші бөлісіпті дейді. Еншіні Байдың адуын бәйбішесі бөліп, әр баласының таңбасын қоса атап отырыпты. Осы кезде, өзгеден саяқтау жүретін, тентек мінезділеу бала Адай жүгіріп келіп: «Апа, менің де таңбамды аташы» дегенде, адуын бәйбіше үш саусағымен бұтының арасын сүйкей нұсқап «Міне, сенің таңбаң!» — деген екен. Сол жерде бәйбішесінің қимылын көзі шалып қалған Бай: «Әй, бәйбіше-ай, бүкіл ырыс-құтың Адайға кетті-ау!» — депті дейді.

Десе дегендей, бір мүшел айналғанда адайлар 600 шаңырақ болса керек. Шынында да он екі ата байұлының ішіндегі ең бір өсіп-өнген ата — адай. Ал, Байдың бәйбішесінің борбайын үш саусағымен нұсқаған ишарасы кейін ортасы тілік үшкіл таңба болып белгіленетіні содан қалып еді дейді. (*Дерек беруші Есенғали Раушанов (1957), қазақтың көрнекті ақыны, Қарақалпақстан, Хожелі*).

ШЕКТІ. Әлім, оның баласы Жаманақ — мал біткен адамдар болыпты. Үйір-үйір жылқыны бір-бірлеп ұстап, оларға жеке-жеке таңба басуды қиынсынып, өтіп бара жатқан таңбасыз жылқының санына қайнап тұрған май шашады екен. Ыстық май жылқының терісін күйдіріп, түгін сыдырып, сорғалай ағады. Кейін, жылқының май күйдірген жеріне шектей шұбатылған тыртық таңба пайда болады. Жаманақтың «Шекті» аталуы осыдан еді дейді.

ШЕРКЕШ ҰРПАҚТАРЫ. Шағырай, Шенеш, Шеркеш үшеуі бірге туған ағайындар болса керек. Шағырай батыр болыпты, үйленбеген жас жігіт кезінде жаугершілікте, елі мен жері үшін соғысып жүріп мерт болады. Артында тұқым жоқ болса да, аты ұмытылмасын деп, Шағырайдың атын ұранға шығарады. Исі шеркештің ұранының «Шағырай» болуы содан.

Шенеш жасы жетіп қайтыс боларында, Шеркешті шақырып: «Менің бес балам саған аманат, көз болып жүр», — деп тапсырыпты. Шенештің бес баласы именшектеу болып өседі. Шеркештің балалары олардан жастау болса керек. Шеркешке мал біткен, дәулетті адам болыпты. Батыр аңқау, ер әңгүдік деген бар емес пе, бірде Шеркештің ауылының үстімен құлан үйірі өтеді. Түз тағысы көз алдарында құлдыраңдап бара жатқанын көріп шыдай алмай, ауылдың ат жалын тартып мінетіндері жапатармағай қуа жөнеледі. Сонда, Шенештің бір баласына ат жетпей қалып, желіде тұрған биені міне шабады ғой. Ол көк бие Шеркештің малының басы екен. Құланды қуып жүргенде сол көк бие зорығып өледі. Сонда, Шеркеш: «Әй, қырылғырлар-ай, он қос жылқыдан мінетін ат таппадыңдар ма, малымның құтынан айырдыңдар-ау!» — деп налыпты дейді. «Ата қарғысы — оқ» деген, содан көп кешікпей елге жау шауып, соғысқа аттанған Шенештің бес баласы бірдей опат болады. Бұл хабарды естігенде Шеркеш: «Ағамның бес баласын өзім қарғап өлтірдім-ау, есіл бауырым-ай, тұқымсыз қалдың-ау!» — деп күйзелген екен дейді.

Арада біраз уақыт өткенде Шеркештің бәйбішесі қуанышты хабар айтады: «Тұр, басыңды көтер, қайғырма, ағаңнан тұқым қалды, бір келіннің аяғы ауыр екен!» —

дейді. Айтқанындай, айы-күні жетіп, Шенештің келіні арыстай егіз ұл табады. Олардың бірінің атын — Қосым, екіншісінің атын — Досым қояды. Осыдан кейін Шеркеш басқа келіндеріне әменгерлеріне қосыла беруге рұқсатын береді.

Қосым мен Досым ержеткен соң Шеркеш: «Қосым мен Досым бөлек қос болсын!» — деп, еншісін бөліп, бөлек ауыл етіп шығарады. Бөлек шығарарда дәстүр бойынша боз биені сойып, бірлік-пәтуа үшін бармақтарын қанға батырғанда Шеркеш тұрып: «Қосым аға баласы, жолы үлкен. Бұдан былай менің алпыстағы ұрпағым Қосымның алтыдағы ұрпағына сәлем беретін болсын! Бес Шеркештің ағасы Қосым болсын!» — деп өсиет етеді. Күні бүгінге дейін жөн білетін шеркеш баласы бұл өсиетті бұзған емес.

Қосымнан — Мырза, Шора тарайды. Ал, Досым шежіреге кірмей қалған, ол бала кезінде жаугершілікте қолды болып кетеді. Бірақ, Досымға қатысты мынандай бір қария сөз бар. Шеркеш ішіндегі қылыш-кестен атасынан өрбіген Балпық деген кісінің алты бірдей баласы жау қолынан қаза табады. Балпық сол кезде сексенде екен. Бала күйігі оңай ма, өзі қол бастап барып, қалмақ елін шабады. Сонда жау елінде тұтқын болып жүрген бір бала кезігеді де: «Ата, мен қазақпын, жау қолында қалдырмай, елге ала кетіңізші!» — деп шырылдайды. Балпық баланы елге алып келіп, қолына асықты жілік ұстатып, бәйбішесінің омырауын иіскетіп, өзіне бала етіп алады. Сонсоң, қылыш-кестен әулетіне тілекші болсыншы деп, атын «Тілекші» қояды. Шеркеш ішіндегі қылыш-кестен-тілекші аталарының жай-жапсары осындай. Қазір баяғы жау қолында кететін бала Досымның ұрпағы тілекшілер екеніне бірде-бір шеркеш күмәнданбайды.

Қосымнан — Мырза, Шора туады. Шора туғанда көргендер таң қалыпты дейді: «Ана құрсағына осындай ұзын бала да сияды екен ғой!» — деп. Бала құрсақта екі бүктетіліп емес, үш оралып жатқан ғой. Содан, оның әуелгі аты «Үшора» болады, жүре келе «Шора» болып кетеді.

Шора өсе келе бойы мейлінше ұзын болып, жеңгелері оны «Қатынқы кара» дейді екен. Сол атау алдымен «Кәтенке» болып, бара-бара «Кәтеней» атанып кетеді. Шеркеш ішіндегі кәтеней атанып жүрген ру сол Шораның ұрпақтары (*Дерек беруші Пернебай Дүйсенбин (1943), белгілі жазушы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы; Пернебай Дүйсенбинге дерек беруші Елтай Дүйісов, Атырау облысы, Мақат ауданы*).

19. Жүзге кірмейтін ру-тайпалар

АБАҚ КЕРЕЙДІҢ ТӨРЕЛЕРІ. Қазақ пен қалмақ арасындағы ұзақ уақытқа созылған қанды соғыс басылып, қазақ өзінің елдік еңсесін көтере бастаған кезде, яғни, XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында абақ керейдің игі жақсылары бас қосып, «төресіз ел, төбесіз жер болмас, төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды, исі қазақтың арыстарымен терезесі тең ел екеніміз рас болса, абақ керейге де өз төресі керек» деген тоқтамға келеді. Сөйтіп, Тауасар мен Шегетай билер бастаған он жеті адамды Әбілпейіз төреге жұмсап, бір баласына қолқа салады.

Әбілмәмбет ханның екінші баласы Әбілпейізден – Қанқожа, Жолшы (Жошы), Бопи, Ағадай, Ақтай, Көгедай, Жабағы, Сәмен есімді баладар туған. Осылардың ішінде Көгедай, Жабағы, Сәмен есімді үш ұлы қырғыз қызы Тұмар ханымнан туған.

Абақ керейдің атынан арнайы келген елшілердің сөзіне құлақ асқан Әбілпейіз Тұмар ханымнан туған үш ұлын кешіктірмей көшіртіп береді. Сол кезде Көгедай 16 жаста, Сәмен 14 жаста, Жабағы 8 жаста болса керек.

Содан, болашақ ел иесі боларлық төре тұқымын қалың абақ керей құшақ жайып қарсы алып, 1788 жылы Көкпектіде ұлы дүбір жиын өткізеді. Осы бас қосуда Көгедайды ақ киізге отырғызып, иісі абақ керейдің ханы етіп көтереді. Ал, Сәменді – қарақас, молқы, Жабағыны – шұбарайғыр руларына төре етіп сайлайды.

Бұл кезде абақ керей Қытай өкіметіне қарасты болған. Қытай өкіметі ел сайлаған ханды ресми мақұлдауы қажет. Осындай талапқа байланысты 1790 жылы Көгедай хан абақ керейдің жантекей Барлыбай, шеруші Шубас, қарақас Биқан, молқы Жанторы сияқты атақты адамдарын ертіп Пекинге келеді де, Қытайдың өкімет басшыларына жолығады. Қытай жағы елшілерді жылы қабылдап, Көгедайға «гун» деген шен береді. Абақ керейді өз алдына хандық ретінде мойындағаны үшін, ол елге жыл сайын 81 ат салық төлеп тұруды міндеттейді. Сол үшін Қытай жағы жыл сайын 81 атқа арнап сары қайыстан жасалған нокта жіберіп тұрады. Сондықтан да бұл салықты абақ керейлер «сарноқтаның аты» деп атаған.

Әбілпейізден тараған ұрпақтың абақ керей ішінде төрелік құрғандары мыналар: Көгедай Әбілпейізұлы 1788-1833 жылдар, Әжі (Жанқозы) Көгедайұлы 1833-1877 жылдар, Қасымқан Әжіұлы 1877-1890 жылдар, Жеңісқан Қасымқанұлы 1890-1912 жылдар, Әлен Жеңісқанұлы 1912-1934 жылдар.

Бұл төрелердің бәріне де Қытай өкіметі тарапынан «гун», «уаң», «жунуан» деп аталатын атақ-лауазым беріліп отырған (*А. Татанайұлы. Тарихи дерек, келелі кеңес. – Үрімжі, 1987. 80-88-беттер*).

АБЫЛАЙ ХАН ЖӘНЕ БӘСЕНТИІН ШАБАНБАЙ. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы «Жеті момын» атанған рулардың бірі – бәсентиін. Бәсентиін руынан Токтауылұлы Малайсары, Өмірұлы Жасыбай, Сәмекұлы Сырымбет сияқты исі қазаққа әйгілі батырлар шыққан. Орыстар ығыстырғанға дейін бәсентиін руының жаз жайлауы Ертіс өзенінің шүйгін алқаптары болса, қыс қыстауы қазіргі Павлодар облысының Ақсу қаласы мен Ақтоғай ауданының арасындағы қорықты алап болған.

Күні бүгінге дейін Павлодар облысына қарасты Май ауданының Бескөл ауылынан он шақты шақырым жерде «Абылай» деп аталатын жер бар. Бұл жер, заманында бәсентиіннің ең әйгілі байы Шабанбайдың жайлауы болған, осы жайлауда Абылай ханды 500 әскерімен қарсы алып, құрмет көрсеткен.

Абылай ханның қалмақтарды тықсырып, қытай әскерімен қақтығысып келе жатқан жорық сапары болса керек. Жанында жалын атқан 500 сарбазы бар, жолай бәсентиін руының ішіндегі күшік-кенжебай атасынан шыққан әйгілі бай, 12 мың жылқы біткен Шабанбайдың көшіне ұшырасады. Абылай хан сән-салтанаты келіс-

кен көшке сүйсіне қарап тұрып қалады. Сонда, ел ішінің жағдайына құлағы түрік жүретін Шабанбай Абылай ханды танып, астындағы атын жүгіртіңкіреп келіп сәлем береді. Жай сәлем бермейді, жайылып жастық, иіліп төсек болып, сый-құрметінің дайын екенін айтады. Жорықтан қажып келе жатқан хан байдың ықыласын хош көреді. Сол жерде Шабанбай көшті доғарып, дереу үйлерді тіктіріп, сойыс малдарын қамдатып, құдық қаздыртып, хан бастаған қалың әскерді қапысыз күтеді. Мұнымен де тынбайды, Абылай хан аттанарда ханға лайық сый-сыяпат деп, қырық арғымақты тарту етеді. Оның сыртында «жорықта жүрсіндер ғой» деп, 500 жауынгерге біркелкі қаракөк ат жетектетеді.

Абылай хан осы көрген сый-құрметті көкейінде сақтап жүріп, кейін бір жорықтағы олжаны бөліскен кезде Шабанбайды арнайы атап, бір ұл, бір қыз бергізіп еді дейді. Шабанбайдың Көтісбай деген баласы – ұлды, Сүгір деген баласы – қызды алады.

Сөйткен Шабанбайдың есіл дәулеті кейінгі ұрпақтарына бұйырмады десе де болады. Орыс отаршылары қазақ жеріне баса-көктеп кіріп, «қасірет белдеулерін» («горькая линия») тартып, ата жұртты өз меншігіндей бөліске салған кезде Шабанбай да өріс-қонысынан жұрдай болып шыға келеді. Қараойдың байтақ шұңқырын толтырып жататын мыңғырған малы қолға ұстаған мұзша еріп, аз уақытта тып-типыл болады.

Бұл жөнінде бір мысал еске түседі. Шабанбайдың Қожаберген деген шөбересі Көртоғайды қоныстанып отырғанда әйгілі Шөже ақын сол үйге ат басын бұрып келіп, қонақ болыпты. Сонда, сояр малы жоқ Қожаберген сыйлы қонаққа кеспе-көже беріп еді дейді. Шөже сияқты ақын мұндайға үндемей қалмайтыны белгілі. Сол жерде:

«Батыры Абылайдың оқ шайнаған,
Шабанбай жиырма екі қос жылқы айдаған.
Бұл кезде дуа кетіп, дәулет бітіп,
Ұрпағы артындағы боқ шайнаған.
Арғы атаң бай Шабанбай көше берген,
Көш-жөнекей Абылайға мүше берген.
Үйіне мейман болып қонып едім,
Қонаққа Қожаберген көже берген», —

деп өлең шығарып кетсе керек (*Дерек беруші Зейтін Ақышев (1911-1991), белгілі жазушы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы*).

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҰРПАҚТАРЫ. Шежіре және жазба деректер бойынша Абылай хан он екі әйелінен қырық қыз, отыз ұл сүйген (*Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. III том. — Алматы, 1964. 486-бет*). Атап айтқанда: қарақалпақ бегі Сағындықұлы Шауқабайдың қызы Сайман ханымнан — Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім; Қашғар бегі Кенже сарттың қызы Бабақ ханымнан — Шеген, Рүстем, Оспан, Сыздық, Әбітай, Әбділда; Қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошумерген ноянның қызы Топыш ханымнан — Қамбар, Қасым; Сарғалдақ қожанын

қарындасынан — Тоқ, Қасым, Арық; Атығай-Қарауылдың қызы Тоқта ханымнан — Сығай, Тоғай, Сүйік, Әли, Құлан, Тоғым; Өріс сұлудан (тұтқын қыз) — Шама; басқа әйелдерінен — Ғұмар, Байыр, Жәңгір, Сыпатай, тағы басқалары (*Дерек беруші Уәлиханов Шота (1932 ж.), Абылай ханның бесінші ұрпағы, көрнекті сәулетші, белгілі қаламгер. Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Сырымбет ауылы*).

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінде Абылай хан ұрпақтары айрықша қызмет атқарған. Ел қамы, халық тағдырына қатысты тағдырлы істерге мұрындық болып отырған. Олардың бірде-бірінің ғұмыр шежіресінде пендешілік күйкілікті танытатын шежіре дерегі кездеспейді. Абылай хан әулетінің рухының биіктігі сонша, ұлт тағдыры сынға түскен шақтарда олар керек болса қандас-ем-шектес ағайындарының мұң-мүддесін тәрк етіп, елдің қамын ең киелі мұраты ете білген. Абылай хан кіндігінен өрбіген ұрпақтың ғұмыр шежіресіне ыждағатпен ден қойған адам олардың барша тағдыр-талайының ұлт тағдырымен біте қайнасып жатқанына куә болар еді. Егер тарихқа жеке тұлғаның өмірі арқылы үңілер болсақ, онда, сөз жоқ, Абылай хан әулетін қазақ халқына қалтқысыз қызмет еткен өңшең жақсылар мен жайсандар деп мойындауға тура келеді.

БАБ-АТАНЫҢ ҚАБЫЛАНЫ. Шежіре деректерінде Исхақ-бабты Баб-Ата деп те атайды. Исхақ-бабтан Аққорған қожалары өрбіген деп айтылады. Сол Исхақ-бабтың Баб-ата деп аталатын кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ ауданына қарасты Жартытөбе ауылының маңында екені айтылады.

Баб-ата кесенесі туралы күні бүгінге дейін ел аузында айтылатын аңыз бар. Қалмақ шапқыншылығы кезінде Баб-ата кесенесі әдейі қиратылады. Төңірегіндегі ел-жұрт та жаудың тегеурініне шыдамай тоз-тозы шығып босып кетеді. Содан, арада біраз заман өтіп, жаудың беті қайтып, тыныштық орнап, ел-жұрттың басы қайта құралған кезде Баб-атаның басын жанадан қарайтпақшы болады ғой. Сөйтсе, Баб-атаның қай жерге жерленгенін ешкім білмейді. Жұртшылық кесенені қай жерден көтерудің мәнісін білмей дал болады. Сонда көпті көрген бір қарт кісі: «Баб-атаның қай жерде жерленгенін білудің бір ғана жолы бар. Түнде сол жерге барып жасырынып жатып, бақылау керек. Таң таянған кезде, Шолпан жұлдызы туғанда, Исхақ-бабтың қабірінің үстіне қабылан пайда болады. Қабылан тұрған жерді белгілеп алса, сол жерде жерленген болып шығады», — дейді.

Жұртшылық мақұл көріп, ақсақалдың айтқанын істеп, түнде сол манды бақылауға алады. Айтқанындай таң сыз бере қабылан пайда болады. Сол жерді белгілеп алып, ертеңінде қабылан тұрған жерді қазса Баб-ата сағанасына кіретін есіктің үстінен түседі. Ішіне кірсе, жерленген екі кісінің сүйегі мен Исхақ-бабтың туы және найзасы тұр дейді. Содан, қабірдің анық Исхақ-бабтікі екеніне көзі жеткен жұртшылық, кешікпей-ақ кесене тұрғызады (*Дерек беруші Зікірия Жандарбек (1953), белгілі түркітанушы, Оңтүстік Қазақстан облысы; З. Жандарбек. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. — Алматы, 2002. 66-67-беттер*).

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ. Жүздік құрылымға кірмейтін төре тайпасына қатысты шежірелік айғақ-деректер негізінен қазақ хандары туралы, олардың әрекет-тірліктері

жайында болып келеді. Осы орайда қазақ хандарын және олардың хандық құрған уақыттарын хронологиялық реті бойынша көрсете отырып, кейбір пайымдауларды атап өту қажет.

Тарихтың нақтылы мағлұматтары да, шежіре деректері де қазақ хандарының түпкі тегін әйгілі Шыңғыс ханнан бастайды. Шыңғыс ханнан — Жошы хан, одан — Тоқай-Темір, одан — Өз-Темір, одан — Қожа, одан — Бәдіғұл (Бәдікұлан), одан — Өріс (Орыс хан, Ұрыс хан). Қазақтың хан-сұлтандары осы Өріс ханның кіндігінен өрбіген ұрпақ болып келеді.

Осы орайда, Өріс ханды тек генеалогиялық айғақ тұрғысында ғана емес, қазақ мемлекеттігінің басында тұрған алғашқы тарихи тұлға ретінде тануға да болады. Ақ Ордаға дейін Қазақ даласындағы ру-тайпалар бір мемлекет аясына топтасып, біртұтас саяси-әлеуметтік жаралым болып көрген емес. Әрідегі ғұн, сак, түркі заманының басын ауыртпай-ақ қояйық. Одан берідегі Хазар, Бұлғар, Ауар, Түркеш, Қарлық, Оғыз, Қыпшақ, Қимақ, Қарахан, Салжұқ, Керей, Найман, Қарақытай, Моғол мемлекеттері Қазақ даласының әр шалғайынан бой көтеріп, сол даладағы өмір-салты мен тіл-ділі тектес ру-тайпалардың тұтастануын тежеп келген еді. Ал, Ақ Орда болса негізінен бүгінгі қазақ жерін тұтастай қамтыған, сол жерді қоныс еткен ру-тайпалардың басын біріктірген, сөйтіп олардың этникалық тұтастануына негіз болған ең алғашқы ортағасырлық мемлекет болды. Тарихи ақиқат шындықтың қисыны солай. Өріс хан 1367 жылы Ақ Орданың тағына отырды. Астанасы Сығанак болды. Хандық құрамындағы ру-тайпалар тегіс дерлік бүгінгі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар еді. Ақ Орда хандығының аумағы да (территориясы да) негізінен бүгінгі Қазақстан жерін қамтыды. Тіптен, XV ғасырда Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек те сол Өріс ханның шөберелері болатын. Яғни, шежіре дерегінде Өріс — Құйыршық — Барақ — Әз Жәнібек хан деп, сол сияқты Өріс — Тоқтақия — Болат — Керей хан деп таратылады. Сондай-ақ, кейбір шежіре деректерінде Тоқтақияның бір баласы Құтылығ-Бұқа еді, одан — Құттужақ, одан — Барақ (кейбір деректерде Құйыршық), одан — Жәнібек деп те таратылады. Қазақ хандығының Ақ Ордадан бастау алатынын Жалайыр Қадырғали Қосымұлы да айқын жазып қалдырған: «Бұ Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі», — дейді (Р.Г. Сыздыкова. *Язык «Жами ат-тауарих» Жалаури.* — Алматы, 1989. 229-бет).

Тарихи деректердің біраз нұсқасы Өріс ханды Тоқай-Темірден емес, Орда-Еженнен өрбітетінін де айта кеткен жөн. Яғни, Шыңғыс ханнан — Жошы хан, одан — Орда-Ежен, одан — Сартақай, одан — Күйінші, одан — Баян, одан — Сасы-Бұқа, одан — Ерден, одан — Шымтай, одан — Өріс хан болып келеді.

Яғни, бұл екі түрлі деректің бірі — Өріс ханды Тоқай-Темірден өрбітсе, екіншісі — Өріс ханды Орда-Еженнен өрбітеді. Екі деректің де тоғысар жері — Өріс ханның Шыңғыс хан ұрпағы екендігі. Бұл екі түрлі деректі де орнықтыра түсетін тарихи мағлұматтар мейлінше мол және қисындары да әр алуан. Демек, ақиқатын саралау арнайы зерттеу жұмыстарын қажет етеді.

Алайда, қазақтың қария сөздері де, шежіре деректері де көп жағдайда Өріс ханды Орда-Еженнен емес, Тоқай-Темірден бермен қарай тарататынын атап өткен жөн. Бұл ретте, жеке адамдардың жазба деректерінен гөрі халық жадына орныққан ше-

жіре деректері өзінің молдығымен де, аңыз- әңгімелерінің қисынымен де көбірек назар аударады.

Жазбаша және ауызша жеткен деректер бойынша Өріс ханнан – Тоқтақия мен Құйыршық туады. Тоқтақиядан – Болат (Әніке-Болат), одан – Керей хан туған. Ал, Құйыршықтан – Барак, одан – Әз Жәнібек (Әбусағит) хан туған. Сонда, Қазақ хандығының алғаш шаңырағын көтерген Керей хан мен Жәнібек хан Өріс ханның шөберелері болып келеді. Мұнан әрі қазақ хандарын және олардың хандық құрған уақыттарын көктей шолып өтуге болады.

Осы орайда, қазақ хандарының туған-өлген және хандық құрған жылдарының тарихи дерек көздерінде алуан түрлі болып кездесетінін, бұл мәселеге қатысты күні бүгінге дейін тарих ғылымында түбегейлі орныққан пікірдің жоқ екенін атап өту қажет. Өйткені, Қазақ хандығының тарихын объективті ақиқат қалпында жазу барысында нақтылы хронологиялық деректердің мән-маңызы айрықша зор болатыны аян. Әрине, бұл мәселе әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді.

Демек, қазақ хандарының туған-өлген және хандық құрған жылдарын көрсету барысында объективті себептерден туындайтын шарттылықтардың, тіптен даулы тұстардың да болуы заңды.

КЕРЕЙ ХАН – әйгілі «алтын ұрықты» Шыңғыс ханның тоғызыншы ұрпағы. Туған жылы белгісіз, өлген жылы тарихи деректерде 1473-74 жылдар деп шамаланады (*Т.И. Султанов. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингис-хана. – Алматы, 2001. 145-бет*).

Өрісі Алтын Орда ұлысының, берісі Ақ Орда мен Көк Орда хандықтарының мемлекет жасақтаудағы ұлы дәстүрін өнеге тұтқан, сөйтіп Қазақ хандығының аз уақыт аясында еңсе көтеруіне тегеурінді ықпал ете білген аса дарынды мемлекет қайраткері осы Болатұлы Керей хан.

Әйгілі тарихшы Дулат Мұхаммед Хайдар өз заманындағы, өзі ғұмыр кешкен ортадағы саяси-әлеуметтік ахуалдың ең беделді білгірлерінің бірі екеніне күмән жоқ. Әсіресе, қазақ қоғамының жай-жапсарына қанық болған адам. Дулат Мұхаммед Хайдардың куәландыруы бойынша Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хан билігінен жырылып шығуы 1456 жыл. Бұл жырылып шығу Керей мен Жәнібектің қара бастарын сауғалап қашып шығуы емес, қара ормандай қалың жұртты соңынан ертіп, дербес хандық құруға бел буған тарихи ұлы қадам болатын. Мұндай ақиқат уәжге тоқтау арқылы Керей ханның билік құрған заманы 1456 жылдан басталады десе қисынды. Ал, ресми хандық құрған кезеңіне қатысты тарихи және шежірелік деректердің басым көпшілігі 1458-1473 жылдар аралығын сөз етеді.

ЖӘНІБЕК ХАН. Ата дәстүрі бойынша Керей хан аға баласы да, Жәнібек хан іні баласы. Демек, Жәнібек ханның жолы кіші. Оның хандық билік тізгініне Керей ханнан кейін ие болуында ең алдымен осындай қисын бар. Қазақ жұртының дербес ел болып, Қазақ хандығының еңсе көтеруі жолында Керей хан мен Жәнібек хан есімдерінің ұдайы қатар аталуында туысқандық жарасымнан да бұрын, далалық мемлекет басқару дәстүрінде орныққан аға жолы мен іні жолының қатаң сақталатын рәсімін аңғаруға болады. Түркі Қағанатынан бастау алатын бұр рәсімнің Қазақ хандығындағы әдетке (заңға) айналуы мемлекеттіктің тарихи сабақтастығын зерделетеді.

Тарихи деректерде Жәнібек ханның туған жылы белгісіз. Белгілісі — әкесі Барак ханның 1428 жылы өлгені. Яғни, Жәнібек хан 1428-29 жылдардан бұрынырақ дүниеге келген. Хандық құрған кезеңі 1473-1480 жылдар аралығы. Яғни, 1480 жылы дүниеге салған.

Жәнібек хан қазақ жұртының басын қосып, ордасын орнықтырғаны үшін, ежелден қалыптасқан ата дәстүріне адалдығы үшін, ең бастысы, жаңадан мемлекет жасақтауда елді ұйыстыратын ұлағатты істер мен жөн-жобаларға ұйытқы бола білгені үшін халық оны Әз Жәнібек деп ардақ тұтты. Жәнібек ханның арты да жақсы болды. Оның кіндігінен өрбіген ұрпағы да ата данқын еселеп, аруақ рухын асқақтата білді. Осындайда атап өткен жөн: Қасым хан, Мамаш хан, Тайыр хан, Бұйдаш хан, Қожаш хан, Тоғым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Болат хан, Әбілмәмбет хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Кенесары хан, ғұлама ғалым Шоқан, Алаш көсемі Әлихан, дәулескер күйшілер Дәулеткерей, Жантөре, Арынғазы, ғажайып әнші-композитор Мұхит, дарынды сәулеткер Шота, міне, мұның бәрі де Әз Жәнібектің бауырынан тараған ұрпақ, қазақ халқының біртуар аяулы тұлғалары.

МҰРЫНДЫҚ ХАН. Мырза Дулат Мұхаммед Хайдардың жазуында Керей ханның бала-шағасы көп болған. Сол көп балаларының үлкені — Мұрындық (Бұрындық). Мұрындықтың туған-өлген жылдары белгісіз. Хандық құрған кезеңі 1480-1511 жылдар аралығы.

Көнеден келе жатқан жөн-жоба, әдет (зан) бойынша Керей ханнан кейін хандық биліктің тізгіні аға баласы ретінде Мұрындыққа тиесілі болған. Солай деп Мырза Мұхаммед Хайдар да жазады (*Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. — Алматы, 2003. 306-бет*). Алайда, Қазақ хандығының шаңырағын көтерісіп, туын қадасқан тұтқа ретінде жол Жәнібекке берілген. Мұрындық даланың жазылмаған заңы — жөн-жобаға тоқтаған. «Әдет — әдет емес, жөн — әдет» дейтін мақал сөз осындай қисында айтылған. Қазақтың қария сөздері, шежіре деректері осылай дейді.

Мұрындық ең бір күрделі кезеңде хандық құрды. Жаңадан ұйыса бастаған ел-жұрт, жаңадан қалыптаса бастаған қоныс-тұрақ, осының бәрін бірде ақылмен, бірде күшпен шешу, әрине, алдымен ханның қара басына қатысты аса жауапты істер болғаны аян. Мұндай жауапкершілікті Мұрындық хан ойдағыдай атқара алды деуге болады. Ол хандық құрған кезде Созақ, Сығанақ, Сауран қалалары Қазақ хандығының иелігіне көшіп, ел іргесі бекемдене түсті.

Осы орайда, Қазақ хандығының аз уақыт аясында еңсе көтеруінде елдік рухтың да мейлінше белсенділігі шешуші факторлардың бірі болғанын айрықша атап өткен жөн. Тарихтан мәлім, Еуразия қос құрылығында мерей-мәртебесі өзгеден биік болған Алтын Орда сияқты Ұлы Ұлыс (Великая Держава) XV ғасырдың алғашқы ширегінде қожырай бастады. Нәтижесінде 20-жылдары — Сібір хандығы, 30-жылдары — Қазан хандығы мен Қырым хандықтары, 40-жылдары — Ноғай ордасы, одан соң көп кешікпей Қажытархан (Астрахань) хандығы бөлініп шықты. Сөйтіп, Алтын Орданың ара-дара болған киелі жұртында, Еділдің шығыс алабындағы Ұлы Далада көшіп-қонып жүрген ел-жұрт шаңырақ иесі болып қалды. Алтын Орданың асығы алшысынан түсіп тұрған салтанатты шағы әлі де болса сол көшіп-қонып жүрген ел-жұрттың жадынан

өше қоймаған. Өшудің орнына өрши түсіп, күні кешегі даңқты күндер елесі әр шаңырақтың астында эпикалық жырға ұласып, «Ел айырылған» күйі болып күніреніп, әр жүректің шер-күйігін одан әрі қозғап, әр көкіректің намысын одан әрі қоздыра түскен. Әсіресе, шежіре көкірек қарттар күні кешегі Ұлы Ұлыстың даңқты хандарын бармақ бүгіп отырып таратып, оның тікелей ұрпақтарын өз орталарынан нұқып көрсеткенде, кеудесінде жаны бар сахара жұртының қандай күйге түсетінін елестетудің өзі қиын шаруа. Мұндайда, тарихтың жаңғырығы сияқты қасаң деректерді сұдай сапыра бермей, тарихтың өз болмысынан туындайтын психология мен сол тарихтың кейіпкері болған ұрпақтардың жан-жүрегіне де үніле білу қажет. Ендігі тарих ғылымы үшін бұл болатын аспект те осы болса керек.

Міне, осындай шақта Керей мен Жәнібек шілдің қиындай шашыраған ел-жұрттың басын қосып, Ұлы Ұлыстың қисайған шаңырағын қайта түзету үшін тәуекел деп Тәңірге сиынып, серпіліп атқа қонды. Халықтың да күткені сол болатын. Сағара төсі қазандай қайнап, құйындай ұйытқып жөнелді. Аз уақыт аясында тұтас ру-тайпалар қотарыла қозғалып, Ұлы Даланың көшпелілері он мындап, жүз мындап жаңадан еңсе көтерген Қазақ хандығы шаңырағының астына топтаса бастайды. Олардың жан-жүрегін ру-тайпалық намыс емес, елдік рух баурап алады. «Кез келген шақта, — деп жазды Ибн Рузбихан, — Мұрындық хан Қазақ ұлысының әр тарабына «Атқа қонындар!» — деп бұйрық жолдаса болды, сол сәтте-ақ төрт жүз мың қорамсақты баһадүр самсап шыға келеді, олардың әрқайсысы өндірдей он жауынгерге татиды. Ал, мал-мүлкінің молдығы соншалық, қазақтардың басым көпшілігі Атымтай жомарттың өзін қайыршы санатына қосар еді». Мұндай дерекке айрықша ден қойып, сол кездегі алыс-жақын елдердің ахуалымен шендестіре зерделесе, онда сол деректің қадірі артып, ақиқат шындық айқындала түседі (*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя).* — Аударған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған Р.П. Джалилова. Редакциясын басқарған А.К. Арендс. — Москва, 1976. 92-93-беттер).

Иә, мұндай деректің айтарынан аңғартары мол. Байыптап ден қойған жанға Алтын Орда ұлысының ата жұртындағы мұрагері Қазақ хандығы болғанын, сол Алтын Орда ұлысының ұлы рухы Қазақ хандығын жасақтаушыларға дем бергенін, сөйтіп елдің ұйысу үдерісі бүкілхалықтық құлшынысқа ұласқанын пайымдау қиын емес. Бір сәт тарихи ақиқатты ой көзімен көктей шолуға болады. Санаулы-ақ жылдар ішінде Орта Азияда Қазақ хандығының ең қуатты мемлекет болып шыға келуі, адам саны жағынан қазақтардың ең үлкен ұлт болып қалыптасып үлгеруі, мұнан әрі, алдында ғана Қытай мемлекетінің өзіне тізе бүктіріп, Мин императоры Чжоу Цичжэнді (1436-1450) тұтқындаған Жоңғар хандығы сияқты қаһарлы мемлекетке қарсы тұруы, екі ғасырға созылған қанқасап соғыста Қазақ хандығының үстем шығуы, соғыс барысында Ресей мен Қытай тарапынан жүргізілген арам пиғылды аққаптал саясатқа төтеп беруі, сөйтіп ұлттық үрдісі мен елдік салтын сақтап қалуы, ойлай білетіндер үшін Қазақ хандығының тақырдан пайда бола салған мемлекет еместігін, бұрынғы сақ, ғұн, түркі заманынан, кейінгі Алтын Орда заманынан бермен қарайғы ұлы дәстүрдің сабақтастығын үзбеген ел екенін, сондықтан да хандық

шанырағы көтерілісімен аз уақыт аясында мемлекет жасақтаудың ұлы дәстүрі халық жадында жаңғырып сала бергенін пайымдатса керек.

Осы тұрғыдан келгенде Қазақ хандығының ілкімділікпен еңсе көтеріп кетуі ең алдымен халықтың тарихи рухының оянуынан деп тұжырым жасасак, мұның өзі қазақ хандарының қадір-қасиетіне еш көленке түсірмейді.

Сөз жоқ, Мұрындық та елі үшін еңіреп туған ұлы хандардың бірі. Алайда, хан тағында отыз жылдан астам уақыт отырып, қартайған шағында босаңсығаны да рас. Көзінің тірі кезінде-ақ ел билігінің тізгінін Қасым ханның өз қолына алғаны да рас. Ең соңында, Мұрындық хан жат жерге ұзатылған қызының қолына барып, дүние салғаны да рас.

ҚАСЫМ ХАН. Әз Жәнібек ханның бауырынан тоғыз ұл өрген: Еренжі, Махмұд, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар (Қанбар), Тыныш, Сөк (Өсеке, Ұсынак, Үсен), Жәдік (*Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)*). — Алматы, 1969. 42-бет).

Тарихи деректердің қисыны бойынша Қасым хан 1445-46 жылдар шамасында дүниеге келіп, 1518 жылы дүние салған. Хандық құрған кезі 1511-1518 жылдар аралығы (Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. — Алматы, 2003. 306, 308-беттер). Қасым ханға топырақ Сарайшық қаласынан бұйырған. Өкініштісі, 1580 жылы Сарайшық қаласын орыстар басып алған соң, ондағы Алтын Орда кезінен бастап хандар жерленген киелі қорым (пантеон) талауға түсті. Тіптен, орыс казактары хандардың сүйегін көрден шығарып, қорлауға дейін барды (*В.В. Бартольд. Сочинения*. — Москва, 1966. 4-том, 395-бет).

Қазақ даласы деп аталатын байтақ мекен алғаш рет Қасым ханның тұсында біртұтас қазақ халқының атамекені болып орнықты. Бұл — Қасым ханның ұлы қасиеттерінің арқасында мүмкін болған тарихи белесті оқиға еді. Қасым хан бүкіл саналы ғұмырын ұлтты ұйыстыруға, елді орнықтыруға сарып етті. Әсіресе, Шайбан әулеті Шығыс Дешті Қыпшаққа билігін жүргізуді доғарған соң, көшпелі ру-тайпалар өздерінің түпкі қанына тартып, Қазақ хандығына лек-легімен келіп қосылғаны белгілі. Мемлекеттің ішкі құрылымын жасақтау, ру-тайпаларды жаңадан жіктеп жарастыру, олардың мекен-тұрағы мен көш-қонын белгілеу, мұның бәрі бір пәтуға келу үшін елдік жөн-жоба мен әдет-заң жүйесін орнықтыру сияқты келелі істер негізінен Қасым ханның тұсында жүзеге асты. Бұл ретте, оның аса тегеурінді реформатор болғаны еш күмәнсіз ден қойдырады. Сондықтан да оның ел үшін еткен еңбегі мен төккен терін халқы қастерлеп, сол жолда ел-жұртты ұйыстыратын үлгі-өнегесін «Қасым салған қасқа жол» деп тәу етті. Сол жол, сол үлгі-өнеге, сол жөн-жоба тарихтың небір зобалаңында қазақтың қазақтық қалпын сақтап қалуына себепші болды. Бұл — әсіре сөз емес.

МАМАШ ХАН. Қасым хан дүние салған соң, оның бел баласы Мамаш сұлтан тақ иесі болды. Мамаштың туған жылы белгісіз. Өлген жылы 1521-22 жылдар деген дерек бар. Хандық құрған кезені 1518-1522 жылдар аралығы болмақ (*Т.И. Султанов. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана*. — Алматы, 2001. 176-бет).

Тарихи деректер бойынша XVI ғасырдың 20-50-жылдар аралығы Қазақ хандығы үшін сыны мол, толқымалы кезең болды. Оның сыртқы және ішкі себептері бар:

біріншіден, қазақ пен ноғай арасына жарықшақ түсіп, іргелерінің сөгіле бастауы, екіншіден, моғол, өзбек хандықтарымен арадағы қанды шарпысулар, үшіншіден, шығыстан күзгі бұлттай түнеріп ызғары мен ызбарын таныта бастаған қалмақ-ойраттар (Жоңғар хандығы) тегеуріні, төртіншіден — Қазақ даласына әр тараптан шоғырланған ру-тайпалардың әлі де болса этникалық кірігуі мен жарасым табу үдерісіндегі табиғи қиындықтар, міне, осының бәрі ел-жұртты алакөңіл етіп, Қазақ хандығының шаңырағын шайқалтып-ақ жіберген. Аз уақыт аясында (1518-1538) бес хан бірін-бірі алмастырады. Мамаш хан осындай сыны мол кезеңге тап болған алғашқы хан еді.

Әрине, тарихтың бұйыртқан сыбағасынан қашып құтылу ешкімнің маңдайына жазылмаған. Бұл ретте, Мамаш ханның да, одан кейінгі хандардың да жеке басының қадір-қасиетіне бәлен деп баға беру қиын шаруа. Уақыт зобалаңын бір ғана пенденің қадір-қасиетімен парықтаудың да қисыны жоқ. Мамаш ханның жорық жолында, шайқас үстінде түтігіп өлуінің өзі біраз жайды аңғартса керек.

ТАЙЫР ХАН. Әйгілі Әз Жәнібек ханнан туатын тоғыз ұлдың бірі — Әдік сұлтан. Тайыр хан осы Әдік сұлтанның бел баласы, ұлдардың ішіндегі ең үлкені. Тарихи дерек көздерінде Тахыр хан немесе Таһир хан деп те аталады.

Ілгеріде өткен Керей, Жәнібек, Мұрындық, Қасым хандардың тегеурінді қимылдары, аз уақыт аясында Қазақ хандығының ширақ еңсе көтеруі және байтақ мекенді иемденіп үлгеруі төңірегіндегі ел-жұрттың қызғанышын ғана емес, қорғаныс-қарсылығын да қоздырған. Мұның сыртында Қазақ хандығының өз ішінде де ру-тайпаға билігін жүргізіп, әлденіп үлгерген сұлтандар арасында бәсеке-бақастық өрши бастаған. Тайыр хан болса мұндай ахуалда икемділіктің орнына тоңмойындық танытып, ел-жұрттың бірлік-пәтуасын қожыратып алады. Нәтижесінде, қазақ пен шайбан әулетінің, қазақ пен моғолдың, қазақ пен қалмақтың арасында әр түрлі қақтығыстар болып, көп жағдайда қазақтар есе жіберіп, ұтылыста қалып отырды. Ханнан күдер үзген ел-жұрт бас сауғалап, төңірегіндегі тілі мен ділі жақын хандықтардан пана іздейтін болды. Ақырында Тайыр ханның төңірегінде тірек болар қазақ рулары сиреген кезде, Атбасы деген жерге көшіп барып, қырғыздарға билігін жүргізумен шектелген. Бұл жөнінде Мырза Мұхаммед Хайдар былай дейді: «Ал, Таһир (Тайыр) ханға келер болсақ, сол кезде оның адамы екі жүз мың болды. Оның бақытты күндері құрдымға кеткен еді, әрі әскері он лектен (миллион) екі жүз мыңға дейін азайды. Ол өте қатал әрі ашушаң болды... Содан адамдардың бәрі (Тайыр ханнан) жан-жаққа қашып кетті. Сөйтіп, оның жанында баласынан басқа ешкім де қалмады. Бұл екеуі де қашып қырғыздарға барып қосылды (*Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. — Алматы, 2003. 418-бет*).

Тайыр ханның туған жылы белгісіз. Тарихи деректерде 1532 жылы дүние салып, қырғыз жерінен топырақ бұйырғаны айтылады. Хандық құрған кезеңі 1523-1532 жылдар аралығы.

БҰЙДАШ ХАН. Әз Жәнібек ханнан туған тоғыз ұлдың бірі — Әдік. Осы Әдік сұлтанның үлкен ұлы Тайыр хан болса, төртінші ұлы — Бұйдаш. Тайыр ханнан кейін билік тізгіні Бұйдашқа тиеді. Хандық құрған кезеңі — 1533-1559 жылдар аралығы. Туған жылы белгісіз, ал дүние салуы 1559 жылдың күзі екені анық. Заманының аума-

лы-төкпелі қиындығына карамастан, Бұйдаш хан бұрынғы өткен ұлы хандардың үлгі-өнегесін берік ұстанып, жорық үстінде, қан майданда ұрыс салып жүріп шәйіт болған. Ол кезде Қазақ хандығының қоржыны ауып, шаңырағы шайқалып, байтақ мекеннің әр шалғайынан басынған жау сес көрсетіп, ел-жұрттың берекесі кетіңкіреп тұрған-ды. Әсіресе, оңтүстік өңірдің сауда жолдары мен сулы-нулы жерлері үшін қазақ пен өзбек, қазақ пен моғол арасындағы шарпысулардың ушыққан кезі. Осындай шақта Бұйдаш хан қалың қолды бастап, жанына жиырмадан астам етжақын сұлтан бауырларың ертіп, Мауереннахр (Сырдария мен Амударияның арасы) бойын тыныштандыру үшін атқа қонады. Сайрам маңына жеткенде Наурыз Ахмет ханның баласы, Ташкенттің билеушісі Дәруішханның самсаған әскерімен беттесіп, қанды шайқас басталады. Осы соғыста «Бесұлды» атанған Әдік сұлтанның кіндігінен өрбіген 24 сұлтан шейіт болады. Солардың ішінде қол бастап шыққан Бұйдаш хан да ерлікпен қаза табады (*Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991. 240-бет*).

Қадырғали би Қосымұлының айтуында Бұйдаш хан ұлы хандар санатындағы адам болған. Алайда, ел басынан бақ ауып тұрған аласапыран заманда көкейдегі көп арманын жүзеге асыра алмай шерменде болып ғұмырын тауысқан.

АХМЕТ ХАН. Қадырғали би Қосымұлы да, В.В.Вельяминов-Зернов та Қазақ хандығының бұлғақты жылдарында таққа отырған хандардың біразын «келте хандар» дейді. Бұл сөздің мағынасы таққа отырған хандар билігінің қысқа мерзімін ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге билік өресінің келтелігін де аңғартады (*В.В.Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Екінші бөлім. — СПб., 1864. 275-бет*). Осындай келте хандардың бірі Ахмет хан болған. Тарихи деректерде Ахмет хан есімінің Ақмет, Өзбек (*Қадырғали би Қосымұлы*), Қожа Махмет (*В.В.Вельяминов-Зернов*) болып әр түрлі жазылатынын сөз орайында айта кеткен жөн.

«Алтау ала болса — ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса — төбедегі келеді», «Бөлінгенді бөрі алады», «Бақыт қайда барасың? Бірлік-пәтуасы жарасқан жерге барамын!». Бұл — тарихтың тағылымды сөзі, еңселі ел болудың бірден-бір жолы. Қазақ хандығы XVI ғасырдың 20-50-жылдарында ең алдымен өз ішіндегі бірлік-пәтуасын қожыратып алды. «Тентек өзін дәуге балады, жантақ өзін бауға балады». Ел қамы, халық тағдырына қатысты ортақ істерден гөрі, «бас-басына би болған өңшең қиқымдар» (Абай) көбейді. Шаруасы қалқайған сұлтан атаулы өздерін ханға балады. «Сол кезде уалаятта өңшең бір келте хандар болды. Олар ел-жұртқа мағлұм-мәшһүр болмады», — деп жазды Қадырғали би Қосымұлы (*Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991. 240-бет*). Бұл, сөз жоқ, Тайыр, Ахмет, Тоғым сияқты хандарға қатысты айтылған сөз.

Шежіре дерегі бойынша Ахмет хан — Жаныш сұлтанның бел баласы, Әз Жәнібек ханның немересі. Ахмет ханның туған жылы белгісіз, өлген жылы шамамен 1535 жыл. Хандық құрған кезеңі 1534-1535 жылдар. Тарихи деректерде ноғай бегі Сейдақпен арада болған соғыста Орақ мырзаның қолынан қаза тапқан (*В.В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Екінші бөлім. — СПб., 1864. 275-бет*).

ТОҒЫМ ХАН. Әз Жәнібек ханнан туған тоғыз ұлдың ең кенжесі — Жәдік сұлтан. Осы Жәдік сұлтанның тұңғышы — Тоғым хан. Тоғым ханның туған жылы белгісіз. Хандық құрған кезі — 1535-1537 жылдар.

Қазақ хандығының асқақ рухты айбынды кездерін қалпына келтіру үшін Тоғым хан жанын да, қанын да аямастан жалтақсыз әрекет етіп бақты. Бірақ, «Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, Болса егер қабырғалы халқы оның» деп ақын айтқандай, хандықтың шырқы бұзылып, бірлік-пәтуасы қожырап тұрған шақта Тоғым ханның да әрекет-тірліктері оң нәтиже бере қоймады. Бұл ретте, Тоғым ханның ең бір тегеурінді қимыл-әрекеті ретінде қазақ пен қырғыздың қарулы қолын топтастырып, өзбек пен моғолдың біріккен әскеріне қарсы тұруын айтуға болады. Шығыны жойдасыз көп сұрапыл шайқас 1537 жылы шілде айының 27-сі күні Ыстықкөлдің шығыс жағында Сан-Таш деген жерде болды. Осы соғыста Тоғым хан мен оның үзеңгілес серігі болған 37 сұлтан қаза тапты. Бұған қоса Тоғым ханның «тоғыз сары» деп аталатын өндірдей тоғыз ұлы да шейіт болды. Қазақ-қырғыз бен өзбек-моғол арасындағы Сан-Таш шайқасының қандай қанды қырғынға ұласқанына осы деректің өзі-ақ айғақ болса керек.

Сан-Таштағы соғыста Тоғым хан бастаған қол жеңіліс тапқанымен, байтақ жатқан Қазақ даласындағы ел-жұрт үшін бұл соғыс өмірлік сабақ болды. Елдің ендігі тағдыры тек қана тас-түйін бірлікте екені әр қазақтың көкейіне өшпестей болып орнықты. Бұл соғыс қазақ халқының мысын басып, меселін қайтара алған жоқ, керісінше ашу-ызасын шақырып, жігерін жанып, намысын оята түсті.

ХАҚНАЗАР ХАН. Әз Жәнібек ханның немересі, Қасым ханның ұлы Хакназар (Ақназар) ханның туған жылы белгісіз. Белгілісі — әкесі Қасым ханның 1518 жылы дүние салғаны. Демек, Хакназар хан 1518-19 жылдарға дейін дүниеге келген. Ел тағдырына қатысты істерге ертерек араласып, Бұйдаш, Ахмет, Тоғым хандардың тұсында-ақ Қазақ хандығының көрнекті тұлғасына айналып үлгерген.

Соңғы кездердегі ғылыми-зерттеу еңбектердің тұжырымдары бойынша Хакназар хан Бұйдаш хан дүние салған соң таққа отырып, 1559-1580 жылдар аралығында хандық құрған (*М.Х. Абусейтова. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. — Алматы, 2001. 198-бет*).

Хакназар ханның алысты болжағыш саяси көрегендігі туралы, мемлекет мүддесін нақтылы өмір талабымен ұштастыра білетін іскерлігі жөнінде тарихи еңбектердің дерегі бірауызды болып отырады. Байтақ Қазақ даласы Хакназар хан тұсында саяси-әлеуметтік біртұтастыққа қол жеткізіп, көрші мемлекеттермен мейлінше ұтымды байланыс орнады. Қазақ хандығының батыс шекарасы Еділ мен Жайық өзендерін қамтып, Ноғайлы жұртындағы қалың маңғыт қазақ руларының қатарын толықтырды. Хакназар хан оңтүстіктегі қырғыздарға қазақпен бірдей хандық өкімін жүргізсе, солүстігіндегі Сібір хандығы мен солтүстік-шығыстағы қалмақтарға тегеурінді тойтарыс берді. Ал, шығыстағы Моғолстан мемлекеті Қазақ хандығына қарсы екі-үш рет бас көтергеннен кейін быж-тыжы шығып, мүлде ел болудан қалды. Елді ұйыстырып, еңсесін көтеру жолында Хакназар ханның ойы ауқымды, ісі тегеурінді болып отырды. Нәтижесінде әлі де болса байтақ Қазақ даласының шет-шалғайында шашырап жүрген туыстас ру-тайпалар өз ордасына

оралып, хандықтың қарым-қуаты бұрынғыдан анағұрлым нығая түсті. Қазақ қауымы өзінің ұлттық-этникалық болмысын біржолата даралап, Еділ мен Жайықты еңдей жайлап, Қызылқұм мен Сыр бойын көсіле қыстайтын болды. Ал, Түркістан мен Сауран сияқты ақарлы-шақарлы қалаларға қайтадан жан кіріп, сауда-саттығы мен қол кәсібі ел-жұрттың мұқтажын өтей бастады. Осындай ахуал Қазақ даласында көшпелі өмір-салт пен отырықшылықтың бірін-бірі толықтыратын үйлесімді қалпын орнықтырып, ел-жұрттың еңсесін көтеріп, салтанатшырайын келістірді. Ру-тайпалардың арасы туысқандық қарым-қатынасқа негізделген салт-дәстүрмен, жөн-жорамен реттеліп, қазақ қоғамы парасаттана бастады. Осы орайда, айрықша атап өтуді қажет ететін жағдай — Хакназар хан тұсында бір орталыққа бағынған саяси-әлеуметтік билік бұрынғыдан анағұрлым бекемдене түсті. Байтақ жатқан Қазақ даласы үш әкімшілік-аумақтық аймаққа бөлініп, ол аймақтар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп аталды. Мұның өзі, түптеп келгенде, мемлекеттік билікті нығайтып қана қойған жоқ, сонымен бірге қазақ ұлтының төлтума болмысын қалыптастыруға да айрықша ықпал етті (*В.В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Екінші бөлім. — СПб., 1864. 334-бет; Ал. Нестеров. Прошлое Приаральских степей в преданиях киргиз Казалинского уезда // Записки Восточного отделения археологического общества. 12-том. 4-шығарылым. — СПб., 1900. 0104-0105-беттер; В.П. Юдин. Анықтама-мақала — Статьи-справки // Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). — Алматы, 1969. 243-бет).*

ШЫҒАЙ ХАН. Әз Жәнібек ханнан туған тоғыз ұлдың кенжесі Жәдік болса, сол Жәдік сұлтаннан Шығай хан туады. Шығай ханның туған жылы белгісіз, өлген жылы тарихи деректердің басым көпшілігінде 1582 жыл деп көрсетіледі. Яғни, хандық құрған кезі 1580-1582 жылдар аралығы.

Жасы ұлғайып, сексенді алқымдағанда таққа отырған Шығай хан халық жадында Баба сұлтаннан кек қайтарған хан ретінде құрметпен аталады. Ол барлық саналы өмірін немерелес бауыры Хакназар ханмен бірге өткеріп, байтақ Қазақ даласының әр шалғайында нелер рухты шақтарды бастан кешкен (*В.В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Екінші бөлім. — СПб., 1864. 323-бет).*

Сол Хакназар хан Ташкент билеушісі Баба сұлтанның қолынан қаза тапқаннан кейін, Шығай хан немерелес бауырының кегін қайтару үшін тегеурінді әрекетке кіріседі. Бұл ниетін жүзеге асыру үшін баласы Тәуекелді жанына ертіп, Бұхардың әйгілі ханы Абдоллаға келеді. Шығай ханның бұл қадамы оның талай қанды шайқастарды бастан кешкен қаһарман ғана емес, сонымен бірге тәжірибелі саясаткер екенін де аңғартады. Шағатай әулетінен өрбіген Баба сұлтан өз әкесі Халел сұлтаннан, үлкен әкесі Наурыз Ахметтен бермен қарай Шайбан ұрпағымен қырқысуда болатын. Өз кезегінде Шайбанның немересі Абдолла хан да Баба сұлтанды ата жауына балайтын. Міне, осындай ахуалда Шығай ханның келе қалуы, тегін келмей Шайбан әулетінің ата жауына қарсы одақтасуды ниет етіп келуі Абдолла ханның көңілін көкке көтереді. Шығай мен Тәуекелге Ходжентті сыйға тартады. Сөйтіп, ата жауы Баба сұлтанға қарсы Шығай ханмен тізе қосып күресуге бел буады. Хакназар ханды өлтірткен Баба сұлтанға қарсы Шығай ханның да атарға оғы болмайтын. Ниет бір болған соң, 1582 жылы Абдолла хан мен Шығай хан тізе қосып,

Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығына аттанады. Осы жорықта Шығай хан қайтыс болып, сүйегі Бұхара маңындағы Күміскент (Құмышкент) деген жерге қойылады.

ТӘУЕКЕЛ ХАН. Қазақ хандығының Шығай ханнан кейінгі бәсиесі де, мұрагері де Тәуекел еді. Тәуекел хан таққа отырысымен ата жауы Баба сұлтанды Сауранда қолға түсіріп, басын кесіп, кесілген басты Абдолла ханға беріп жібереді.

Тәуекел хан билік құрған кезде оңтүстіктегі қалалы өңірлердің есебінен Қазақ хандығының іргесі едәуір кеңейеді. Бірде дипломатиялық икемділік көрсете жүріп, енді бірде әскери оралымдылықтың арқасында Тәшкент, Асы (Түркістан), Әндіжан, Ақси, Самарқанд сияқты қалаларды Қазақ хандығының иелігіне қаратады. Шығыстан бас көтере бастаған жоңғар-қалмақтардың (ойраттардың) қомағай ындынына тегеурінді тойтарыс беріп отырады. Тәуекел хан тұсында Ресеймен арада елшілік байланыс орнап, мемлекет аралық ресми хат-хабар алмасу қалыптасады.

Осының бәрінде де бұрынғы өткен еңселі хандар мен қағандардың дәстүріне бағып, елдің шеті мен жаудың бетінде Тәуекел ханның өзі жүреді. Содан да болар, Тәуекел хан фәни жалғанмен тақ үстінде отырып қоштасқан жоқ, Самарқанд пен Бұхара қалалары үшін болған қанды шайқаста қатты жараланып, кешікпей дүние салады.

Тәуекел ханның хандық билік құрған кезі 1583-1598 жылдар аралығы.

ЕСІМ ХАН. Тәуекел хан дүние салған соң, оның інісі Есім сұлтан Қазақ хандығының тағына отырады.

Есім ханның хандық билікке ие болуы кездейсоқтық емес еді. Мұрагерлік жолымен келсе де, ақыл-қайратына жүгінсе де, сол кезге дейін қазақ халқы үшін еткен еңбегі мен төккен терін сараласа да, хан болуға бірден-бір лайық адам Есім сұлтан болатын. Қазақтың «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп ерлігіне сүйінетін адамы да, «Есім салған ескі жол» деп даналығын тәу ететін адамы да осы Есім хан еді.

Есім ханның хандық құрған тұсында Жоңғар хандығы қаһарлы күшке айналып үлгерген. Күні кешелер дүниені тітіреткен Шыңғыс хан ордасының сол қанаты осы жоңғарлар болатын. Әлемдік билікке ұмтылған ашкөздіктен кейін Монғол империясы шілдің қиындай шашырап, ата жұртының өзінен де береке-бірлік қашқан. Екі-үш ғасырға созылған осынау ара-дара аласапыраннан кейін тірліктің негізі бірлікте екеніне көздері жетіп, XVI-XVII ғасырлар жапсарында Монғолияның батыс аймағынан Жоңғар мемлекетінің іргесі қаланды. Мұндай шешуші қадамға ұйытқы болған билеушілердің бірі Қара Құланың баласы Батыр қонтайшы (1635-1653) Жоңғар хандығының еңсесін көтеріп кетті.

Жоңғар хандығының қазақтар үшін қаһарлы күш болатын себебі, олар да өмір-салты бір салт атты көшпелілер еді. Сол кезге дейінгі мыңдаған жылдық тарихта шығысында Қытайды, батысында Еуропаны ықтырып келген көшпелілер мекенінен іргелес екі мемлекеттің — Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының тарих сахнасына шығуы, әсіресе, Ресей мен Қытайды бейтарап қалдырмады. Олар қайтсе де осынау тау суындай екпінді екі мемлекетті бір-біріне айдап салып, ғасырлар бойы бүйірлеріне қадалған «шаншудан» құтылуды ойластырды. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы қулық-сұмдықтары жөнінен Ресей мен Қытай бірінен-бірі асып түсті. Әсіресе, Ресей жоңғарлармен елшілік байланыс орнатып, отты қарулармен астыр-

тын жабдықтап, оларды қайтсе Қазақ хандығымен арандатудың неше түрлі зымиян шараларын жасады. Ресей патшалығы ойластырған осы шаралардың ішінде Жоңғар мемлекетінің торғауыт, дүрбіт, хошауыт сияқты іргелі тайпаларына Еділ бойынан қоныс беруі қазақ пен қалмақ арасындағы жүз жылдық соғыстың отын тұтатуға себепші болды. Екіге бөлінген жоңғар-қалмақтың ортасында керіліп жатқан Қазақ даласы кешікпей-ақ қанды шайқастар алаңына айналды. Осынау ғасырдан астам уақыт аясындағы қантөгіс салдарынан салт атты көшпелілердің үш мың жылдық өркениеті біржола күйреп, сол өркениеттің соңғы тұяғы — Қазақ хандығының Ресей патшалығына бодан болғаны, ал жоңғарлардың ата жұртынан жойылып кеткені тарихтан аян.

Міне, осы сияқты жойқын өзгерістің, қатерлі дауылдың алғашқы дүмпуімен Есім хан беттесті. Қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы алғашқы шайқастарының бірі Ыстықкөл үшін болған еді. Бұл соғыста әскерді Есім ханның өзі бастады.

Жоңғар-қалмақтың тегеурінін сезген Есім хан Бұхарадағы, Тұрфандағы, Қашғардағы, Қырғыздағы ел-жұртпен тіл табысуда икемділік көрсетті. Ташкент қаласында қырғыздың Көкім биінің құрметіне әйдіңгер күмбез соқтырды. Есім хан өз інісі Күшік сұлтанның қызын Тұрфан билеушісі Абд ар-Рахимге беріп, өзі оның қызына үйленді. Сөйтіп, жоңғар-қалмақ шабуылына табанды қарсылық көрсетуге жағдай жасай білді. Ол батыстағы ноғайлармен, шығыстағы моғолдармен тіл табысып, 1618-1620 жылдары қалмақтардың «төрт ойрат» одағына күйрете соққы берді. Нәтижесінде, қалмақтың Шоқыр және Мергентемен тайшылары бастаған ру-тайпалары қазақтарға келіп қосылды. Кейін қазақ билеушілері оларды шығыс ойраттарға қарсы күресте ұрымтал пайдалана білді (*А. Исин. Біз — қазақ, қалмақ және қарақалпақ. — «Абай» журналы, 2006. № 1. 36-41-беттер*).

Тек сыртқы саясатта ғана емес, елдің ішкі жағдайында да Есім хан орнықтырған жөн-жоралар, тәртіп-талғамдар аз емес. Түптеп келгенде, «Есім салған ескі жол» деген сөздің мәні де Есім ханның тұсында жасалған далалық заңдарға байланысты айтылған. Қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын дау-шардың шешімдері осы кезде сараланды. Мұның өзі кейін Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысына» негіз болып, қазақ халқының мәдени-рухани және салт-дәстүр қалыптарының төлтумалығын шындай түсуге ықпал етті. Әсіресе, жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған заңдары Есім ханның шын мәнінде ірі мемлекет қайраткері екенін көрсетеді.

Қай кезде де ел бағына біткен ақылды басшы өз тұсындағы әрекет-тірліктің игі нәтижесін келер күндерге ұластыра білген ғой. Опасыз жалғанға аз күнгі қонақ екенін жақсы білген Есім хан да өзінен кейінгі тақтың мұрагерін от пен судан өткізіп, қапысыз дайындағандай. Ол — Есім ханның өз кіндігінен туған Жәңгір болатын.

Есім ханның хандық билік жүргізген уақыты туралы дерек әр тарапты. Ондай деректердің басым көпшілігінде Есім ханның 1598-1645 жылдар аралығында хандық құрғаны айтылады. Ал, кейбір жазба деректерде Тұрсын ханды өлтірген соң көп кешікпей 1628 жылы Есім ханның да қайтыс болғаны атап көрсетілген (*Т. Султанов. История Казахского ханства. — Алматы, 2003. 89-бет*).

ЖӘНГІР ХАН. Есім ханнан соң Қазақ хандығының тағына Жәңгір хан (1645-1652) отырды. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола «Салқам Жәңгір» деп атаған. Таққа отырмай тұрып-ақ оның ғажайып ерлігі жалпақ қазақ арасы былай тұрсын, көрші елдерге де аңыз болып тараған. Бұл орайда Жәңгір ханның 1644 жылы 600 жанкешті сарбаздарымен жоңғардың 50 мың әскеріне қарсы тұрып, жеңіске жетуі жалпы соғыс тарихында сирек кездесетін оқиға екенін айта кеткен жөн. Жер жағдайын сәтті пайдаланып, тау кезеңіне ұрымтал бекінген Жәңгірдің санаулы-ақ сарбазы жоңғардың 50 мың әскеріне қасқайып қарсы тұрады. Аз қолды таптап өтпек болып, қиын қияға ұмтылған дұшпан әскері 10 мыңдай адамын шығындайды. Осы кезде, жорыққа аттанарда жаушы арқылы хабар салған Жәңгірдің сәлеміне құлақ асып, іле атқа қонған алшын Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен жоңғар жауынгерлерінің ту сыртынан тиеді. Бұл соғыста күйрей жеңілген жоңғарлар көпке дейін үлкен қайрат көрсете алмайды.

Қазақ пен жоңғар-қалмақ арасындағы жағдайды қапысыз бақылап отырған Ресей патшалығы көшпелі екі елдің арасындағы өшпенділік отын осы кезде одан әрі үрлей түсіп, жоңғарларға Сібір арқылы отты қару сата бастайды. Отты қарумен жарақтанған жоңғарлар 1652 жылы қазақтарды ойсырата жеңеді. Осы соғыста Жәңгір хан қаза табады.

Хан ордасын Түркістан қаласында ұстау Жәңгір хан тұсында орныққан үрдіс.

ТӘУКЕ ХАН. Жәңгір хан өлгенде оның балалары Тәуке мен Апақ жастау болатын. Содан да болар, 1680 жылы Тәуке хан таққа отырғанға дейін Қазақ хандығының тізгіні Жәңгірмен мүдделес сұлтандардың қолында болды. Ел билігіне жастайынан көзі қанып өскен Тәуке хан (1680-1718) таққа отырысымен ел бірлігіне тірек болатын шараларды батыл жүзеге асыра бастайды. Бұл орайда, Тәуке ханның ел үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі, елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, төңірегінде анталаған көп дұшпанға бел алдырмағаны. Екіншісі, елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнықтыруы.

Сыртқы саясатта тәуке хан қазақ елінің терезесін көрші елдермен тең ұстады. Ресей патшалығымен елшілік алмасып, екі жаққа да пайдалы сауда істерін жүргізуге ден қойды. Түрік сұлтаны мен қызылбас (парсы) шахы туралы «олардың менен несі артық» деп, өзінің ақыл-парасаты мен хандығының күш-қуатын өрелестірді.

Тәуке ханның шын мәнінде сарабдал ел басшысы, ақылды реформатор ретінде танылғанын атап өткен жөн. Әсіресе, әскери стратегиясы мен тактикасы жөнінен салт атты көшпелілердің сан ғасырлық соғыс және қорғаныс тәжірибесін одан әрі шындай түсті деуге болады.

Тәуке ханның ел ішіндегі тәртіпті реттеуге қатысты жүргізген саяси-құқықтық шаралары қазақ тарихында «Тәукенің Жеті жарғысы» деген атпен белгілі. Шын мәнінде Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқының этникалық болмысымен санасу арқылы, шаруашылық-мәдени типін ескеру арқылы және елдің географиялық орналасу ерекшелігіне орай жасалған мемлекеттің саяси-құқықтық заңы болатын. «Жеті жарғы» арқылы далалық демократия, дәлірек айтқанда, көшпелілер демократиясы өзінің ұзына тарихында шырқау биікке көтерілді. Бұған дейінгі үш

мың жылдық тарихта хан мен қағанды Тәңірге балап келген халық өзі тап болатын бақты да, сорды да сол хан мен қағанның қылық-қасиетінен көріп келсе, Тәукенің «Жеті жарғысынан» кейін біртұтас қазақ халқы өз тағдырының тізгіні өз қолында екенін сезінді. Халық өз ішіндегі тәртіп пен сыртқы қорғанысқа ең алдымен өзі жауапты екеніне мойын ұсынды. Тәуке хан мұндай демократиялық үрдіске «Билер кеңесін» құру арқылы қол жеткізді. Тәукенің төңірегіндегі Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты әйгілі билер халық өкілі болғандықтан, ой-әрекеттерін өрелестіретін шешуші сәттерде ханға тегеурінді ықпал ете алды. Себебі, мемлекеттің заң шығаратын, шешім қабылдайтын билігі билердің қолында болса, ханның міндеті сол шыққан заң мен қабылданған шешімді мүлтіксіз жүзеге асыру болды. Рас, бұл жерде заң шығару, шешім қабылдау ісіне хан мүлде араласпайды деген ұғым тумайды. Тәуке хан енгізген демократиялық биліктің икемділігі сонда, ел тағдырына қатысты істе тек қана ақыл мен қайратқа алдымен жол беріліп отырды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, Махамбет ақын, Сүйінбай ақын сияқты ұлы тұлғалардың тіреп тұрған әскері болмаса да, шалқып жатқан дәулеті болмаса да, қарсы келген ханға қасқайып тұрып сын айтып, кемшілігін бетіне шыжғырып басқандай ететіні, ең алдымен, халқының сөзін сөйлеп, халқына арқа сүйегендіктен. Даланың бұл сияқты демократиялық үрдісі ел ішінен шын мәнінде дана бидің, тапқыр шешеннің, көреген қолбасшылардың сұрыпталып шығып отыруына себепші болды. Әрине, мұндай үрдістер көшпелілер қоғамы Тәуке ханға дейінгі өзінің ұзына тарихында мүлде құралақан болып еді деп, ауызды қу шөппен сүртудің қисыны жоқ. Тәуке ханның трихи еңбегі, өзіне дейінгі сан ғасырдың өмір тәжірибесін, көшпелілердің демократиялық үрдістерін жинақтап қорыта келіп, елдің бірлік-пәтуасына қызмет ететін тетікті таба білуінде. Сондықтан да халық оның есімін «Әз Тәуке» деп қас-терлеп атады.

БОЛАТ, СӘМЕКЕ, ӘБІЛМӘМБЕТ, ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДАР. Тәуке хан дүние салған соң Болат хан (1718-1726) таққа отырды. Бұл Тәуке ханның бел баласы еді. «Жақсыдан жаман туар бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз» дегендей, ханның аты Болат болғанымен, заты болжыр болды. Дәл осы Болат ханның тұсында орталық хандық билік әлсіреп, әр жүздің өз ханы дербес билікті күйттеген жаман дәстүр бел алады. Дәл осы Болат ханның тұсында Жоңғар хандығы өзінің ең жойқын шабуылын жүзеге асырып, қазақ халқы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұрынды. Бұл қазақ халқының басына қасірет бұлтын үйірген, ең бір жойқын қырғынға ұшыратқан, елді ата жұртынан бездірген сұрапыл кезең еді.

1718 жылғы Аякөз түбінде қазақ пен жоңғар итжығыс түскен қанды қырғыннан кейін Жоңғар хандығы шешуші шайқасқа қапысыз дайындалады. 1723 жылы Қазақ даласын әйгілі «ақ мешін» жұты шарпыды. Сол жылдың ерте көктемінде жұттан тұралап шыққан елге жоңғардың 70 мың әскері тұтқиылдан лап қойды. Бұл шабуылдың жалпы әскери басшылығы жоңғар ханы Суан Рабданның інісі Шона Дабаға сеніп тапсырылды. Шона Даба Қазақ даласын тұтастай жайпап өту үшін 70 мың әскерін жеті шепке бөліп, олардың бір мезгілде әрі ширақ, әрі аяусыз қимылдауына жарлық берді.

Бірінші шепті Суан Рабданның өзі бастап, Іле өзенінің батысын бетке алды.

Екінші шепті Суан Рабданның баласы Қалдан Серен бастап, Балқаш көлі арқылы Қаратауға беттеді.

Үшінші шепті Суан Рабданның інісі Құлан Бату бастап, Алтай мен Еміл арқылы Көкталға шүйлікті.

Төртінші шепті Суан Рабданның немересі Әмірсана бастап, Нұра өзенінің алқабын сыдырып өтті.

Бесінші шепті Қалдан Сереннің 18 жасар ұлы Серен Доржы бастап, Шелек өзеніне шеру тартты.

Алтыншы шепті Қалдан Сереннің тағы бір ұлы Лама Доржы бастап, Ыстықкөл өңіріне құдиды.

Жетінші шепті Суан Рабданның ағайыны Даба Доржы бастап, Шу бойын қыстап шыққан қалың елге қырғидай тиді.

Жоңғарлардың осынау сүргін шабуылы қазақ халқының үштен екісін қырып жіберді. Бұл сияқты ұлы шығын қазақ халқының мұнан кейінгі ғасырларда беттескен нәубеттеріне себепші болумен бірге, сол нәубеттерге қарсы тұру қабілетін солғындатты.

Жоңғарлардың 1723 жылғы ірі жеңісінен кейін Қазақ хандығының оңтүстік-шығыс өңірі жаудың иелігінде қалды. Орта жүз бен Кіші жүздің көшпелі өміріндегі аралас-құралас үзілмегенімен, өз алдарына бөлек-бөлек хандарын көтеріп алды. Әз Жәнібектен туатын Жәдік сұлтанның ұрпағы Тәуке болғанда, сол Тәукенің бір баласы Сәмеке еді. Міне, осы Сәмеке Орта жүзге хан болып (1726-1734), Ордасын Түркістанда ұстады. Қазақ жауынгерлерінің басын құрап, жоңғарлардың шабуылына қарсылық көрсете жүріп, сыртқы саясатта Ресейге арқа сүйеуге пейіл болды.

Сәмекеден кейін Орта жүздің ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет (1734-1771) болды. Тарих сахнасына Абылай (Әбілмансұр) сұлтан шыққанға дейін Әбілмәмбет айта қаларлықтай тегеурінді қимылдармен көзге түсе алмады. Бұл кезде Әскен (Әжі) сұлтанның баласы Әбілқайыр Кіші жүзге хан болып (1731-1748), Ресей патшалығының қол астына қарау жөнінде ант қабылдап (1731) үлгерген. Рас, ол кездегі қазақ халқының тарихи тағдыры қыл үстінде тұрғаны ақиқат еді. «Ақтабан шұбырындыда» тоз-тозы шыққан Қазақ хандығының байтақ мекенін жоңғар-қалмағы бар, Бұхар мен Хиуасы бар, Қытай мен Ресейі бар тұс-тұстан анталап, пышак үстінен бөлісіп алуға әзір еді. «Қашқан жауға қатын ер» дегендей, ең арғысы Еділ қалмақтары мен башқұрттар да балақтан тартып, берекені кетіріп тұрған кез. Осындай қиын-қыстау кезеңде Әбілқайыр ханның ықпал етуімен Орта жүзден он екі би мен сұлтан, Кіші жүзден он екі би мен сұлтан шығып, Ресей патшалығына бодан болуға мойын ұсынды. Қазақ халқының қоң еті ойылғандай болып, байтақ жатқан Кіші жүз елі жат жұртқа бодан болып кете барды.

Әбілқайыр тарихи әдебиеттерде Қазақ хандығының негізін салған Әз Жәнібектен тарайтын Өсек сұлтанның ұрпағы Әскен (Әжі) сұлтанның баласы деп жазылып жүр. Қазақ хандығының дәстүр-талабы бойынша Өсектің ұрпағы қазақ сұлтандарының кіші буыны деп есептеліп, оларға хан тағына мұрагер болу құқы берілмеген.

Ауызша шежіре де, тарихи деректер де Барақ сұлтанның Әбілқайырды өлтіру себебін, өлтірген соң билер талқысында ақталып шығу себебін осыдан деп айтады (*В. В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Часть вторая. — СПб, 1864. 368-370-беттер*).

Сол кездегі төре тұқымын бір адамдай білетін Шоқан Уәлиханов Әбілқайырдың тегін басқаша таратады. Шоқан бойынша: Барақ хан, одан — Жәнібек, одан — Сүйік (ең кіші баласы), одан — Бөлкей-Қоян, одан — Батыр, одан — Айшуақ сұлтан, одан — Ырыс, одан — Хажы сұлтан, одан — Әбілқайыр хан. Әбілқайырдың тұсына Шоқан: «1730 жылы ол Русияға табыс болған, 1748 жылы өлген» деп жазған (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений. 3-том. — Алматы, 1964. 185-бет*).

Ресейге бодандықты мойындап, Кіші жүзге хан болатын Әбілқайырды 1748 жылы Қабырға өзенінің бойында Барақ сұлтан өлтірген соң, Әбілқайыр кіндігінен өрбіген Нұралы (1748-1786), Ералы (1791-1794), Есім (1795-1797), Айшуақ (1797-1805), Шерғазы (1805-1824) сияқты ұрпақтары бірінен соң бірі таққа отырып келіп, ақыры ХІХ ғасырдың бас кезінде хандық тізгіннен біржолата айырылды. Ресей патшалығына Кіші жүздің бодан болуы, әсіресе, ішкі Бөкей ордасының құрылуы орыс отаршылдары үшін көшпелілерге билігін жүргізудің саяси-әлеуметтік сынақ алаңы сияқты болды. Бөкей ордасына Бөкей (1801-1815), Шығай (1815-1823), Жәңгір (1823-1845) хан болды.

АБЫЛАЙ ХАН. Қазақ халқының бағына ХVІІІ ғасырдың отызыншы жылдарында тарих сахнасына Абылай (Әбілмансұр) шықты. Әйгілі «ақтабан шұбырындыдан» кейін қазақтың хан-қара, би-төре, бай-батырлары ел болудың жалғыз ғана жолы күш біріктіру екеніне көз жеткізген. Көз жеткізіп қана қоймай, ашынып атқа қонып, ақырып жауға аттанғандай болып бас қосқан. Нәтижесінде, 1726, 1727, 1729, 1730 жылдары үш жүздің де ішінен тіленіп шыққан жауынгерлердің күшімен жоңғарларға есінен тандыра бірнеше дүркін соққы берілді. Қазақ халқының халық болып қалуына кепіл болған әйгілі шайқастар Бұланты, Сілеті өзендерінің бойында, Қарасире (Қарасиыр емес) алабында, Аңырақай даласында өтті. Бұл жеңістердің ақырын қайырлы етуді ойлап, ел ұжымының баянды болуын көксеген қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты дана билері осы жылдардың бірінде Қарасире мен Сарысу өзенінің арасында тұрған киелі жартасқа үш жүздің таңбасын бастыртты. «Таңбалы тас» аталып кеткен осынау қасиетті белгі Қарағанды облысындағы «Сарысу» кеңшарының орталығынан 35 шақырым, Қызылжар станциясынан 10 шақырым жерде тұр. Таңбалы тастан 4 шақырым жерде Кіші жүзден шыққан Қабанбай батырдың сүйегі жерленген соң «Қабанбай қорымы» аталып кеткен қалың зират бар. Таңбалы тастың оңтүстік-батысынан Қалмаққырылған деп аталатын өзен ағады.

Жоңғар-қалмақтың жүз жылға созылған қанды жорығына біржолата тойтарыс берілген осынау сыны мол кезеңде тарих сахнасынан Абылай хан (1711-1781) көрінді. Абылай ата даңқын жамылып немесе мұрагерлік жолын бұлдап көрінген жоқ. Ол елі үшін қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, қан майданда қанды көбік жұтып жүріп ерен ерлігімен танылды, ақыл-парасатымен мойындалды. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет 1739 жылы өз еркімен хан тағынан түсіп, Жасыбай көлінің жағасында ақ киіздің шетін ұстасып, Абылайды хан көтерді. Қазақтың ауызша тарихы — шежіре дерегі осылай дейді. Дәл сол жылы Қалдан Серен Қытаймен бітімге келіп, Қазақ

даласына қайтадан шабуыл жасауға қамданған кезде Абылай елдің амандығын ойлап, Ресейге ант беру үшін 1740 жылы Орынборға келеді.

Рас, жазба деректерде, әсіресе, Ресейдің ресми құжаттарында Абылайдың хан болған мерзімін Әбілмәмбет өлетін 1771 жылдан бастайды. Бұл түсінікті де, Ресей отаршылары үшін Абылай сияқты ақылына қайраты сай адамды хан деп мойындамау, сол арқылы тақтан дәмелі төрелердің қолтығына су бүркіп, алауыздық тудыру негізгі мақсат болатын. Демек, аққаптал саясат ұстанған жат жұрттың саяси-дипломатиялық тәсіліне иланып, тарихи шындықты тәрк етудің еш қисыны жоқ.

Тарихи шежірелік деректер бойынша Абылай хан — Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы. Шыңғыс ханның бір баласы — Жошы, одан — Тоқай-Темір, одан — Өз-Темір, одан — Қожа, одан — Бадақ-Ұлан, одан — Өріс хан, одан — Құйыршық хан, одан — Барақ хан, одан — Әз Жәнібек хан, одан — Жәдік, одан — Шығай хан, одан — Есім хан, одан — Жәңгір хан, одан — Уәли сұлтан, одан — қаншер Абылай сұлтан, одан — Көркем Уәли, одан — Абылай (Әбілмәнсұр) хан болып келеді (*Әбілғазы Баһадүр хан бойынша*).

Абылай хан өзінің бүкіл саналы өмірін, ақыл-ойы мен қажыр-қайратын қазақ халқының ерлік мұратына сарқа жұмсады. Бұл жолда ол өзінің алдында өткен Мөде (Боғда), Бұмын (Елтеріс), Күлтегін, Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке қағандар мен хандар сияқты, алмағайып заманның қиын-қыстау сәттерінде ұдайы жеке басымен үлгі-өнеге бола білді. Бұл ретте, оны көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы десе де болады. Қазақ халқының елдік тұтастығы мен дербестігін сақтап қалуда сіңірген еңбегі жөнінен Абылай ханның алар орны айрықша.

Абылай заманы тек қана сыртқы жаудың басқыншылық саясатының қабындап тұрған кезі емес еді. Ел басына түскен ауырлық-тауқыметтің одан да үлкен себебін жалпы адамзаттық дамудың шеңберінде қарастырып, жүйелердің (системалардың) шарпысуынан іздеген жөн. Түптеп келгенде, Еуразияның Ұлы Даласында мыңдаған жылдар бойы теке тірес күй кешкен отырықшылар мен көшпелілер арасындағы бәсеке-бақастық XVIII ғасырда өзінің шырқау шыңына жетіп еді. Нәтижесінде, көшпелілер жеңілді. Жоқ, жеңілген көшпелілер емес, жеңілген көшпелілер ұстанған жүйе болатын. Технократтық даму бел алды. Бейнелеп айтқанда, қалың жауға қаймықпай қарсы шабатын Алпамысты қолында тапаншасы бар шибұт самогоншы тырс еткізіп атып тастайтын заман туды. Бұл — ерлік пен әділдіктің өлуі еді. Салт атты көшпелілер өркениетінің басынан бақыт құсы осылай ұшты. Олар тарих сахнасына ат ойнатып шығып, ат үстінен түспеген қалпында тарихтың еншісіне айналды.

Абылай хан көз жұмған соң Қазақ хандығы өзінің бір орталыққа бағынған билігінен айырылып, біртұтас қазақ халқын Ресей империясы бөлшектеп билеуге көшті. Абылайдан кейін таққа отырған Уәлидің (1781-1819) сөзі Орта жүздің өзіне бірде өтіп, бірде өтпейтін болды. Уәлиден соң ел тізгінін қолына алған Айғаным хандық мөрге көз жасы тамып жатып дүниеден өтті.

КЕНЕСАРЫ ХАН. Қасымұлы Кенесары хан (1802-1847) — Қазақ хандығының соңғы ханы, ұлт азаттық көтерілістің әйгілі басшысы. Ол төре тұқымынан. Атасы — қазақтың атақты ханы Абылай. Арғы аталары Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайды. Абылайдың бір әйелі — қалмақтың Хочу-мерген ноянының қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары осы Қасым сұлтанның баласы.

1822 жылы Ресей өкіметі Кіші жүз бен Орта жүздегі хандық билікті жойып, аға сұлтандық билік жүйесін енгізді. Сөйтіп, Ресей империясы қазақ халқының саяси-әлеуметтік тұтастығын әлсірету арқылы елдің ішкі өміріне сұғына араласып, өз үстемдіктерін ашық жүргізе бастайды. Ресейдің отаршылдық өктемдігіне қарсы шыққан Кенесары хандық басқару жүйесін қалпына келтіруге күш салады. Ол өз ойын Ресейдің жергілікті әкімшілігіне және Ресей патшасының тікелей өзіне де жеткізеді. Бірақ, патша өкіметі Кенесарының талаптарын орындаудан бас тартады. Сөйтіп, Кенесары алға қойған мақсатын күшпен жүзеге асыру үшін бел шеше кіріседі.

Ел мүддесі жолында басын бәйгеге тіккен Кенесары көтерілісін жер-жерден қолдаушылар көп болған. Өйткені, патша әкімшілігі қазақтардың шұрайлы жерлеріне ауыз салып, бекіністер орнатып, аз уақыт аясында көшпелі елді дәстүрлі өмір-салтынан жаңылдырып, жергілікті халықты әлеуметтік ауыртпашылыққа ұрынта бастайды. Оның үстіне патша өкіметі енгізген алым-салықтың ауыртпашылығы да халықты дінкелетіп жібереді. Осының бәрі қазақ халқының наразылығын күшейтіп, Кенесары бастаған көтерілісті жан-жақты қолдауға итермелейді. Көпшіліктің қолдауымен Кенесары 1841 жылы Қазақ хандығының ханы болып сайланады.

Кенесары хан қазақ халқының саяси-әлеуметтік дербестігін сақтау үшін, әсіресе, патша өкіметі зорлықпен тартып алған жерлерді заңды иесіне қайтару жолындағы күресте әскери күш жасақтап, бұл жолда көшпелілердің тарихи тәжірибесіне сүйенеді. Сөйтіп, өз әскерлерін жүздікке, мындыққа бөліп, жүзбасылар мен мыңбасыларды тағайындайды. Әскери жүйенің қатаң тәртібін қалыптастырады.

Кенесары хан жүргізген сыртқы саясаттың басты мақсаты тәуелсіз Қазақ хандығын қалпына келтіру болды. Ол осы мақсатын жүзеге асыру үшін тарихи тағдырлары ортақ, мәдени-рухани болмыстары тектес Орта Азия халықтарынан өзіне қолдау іздеп, ел басшыларын өз жағына тартуға күш салады. Хиуа мен Бұхар әмірлеріне елшілер жіберіп, байланыс орнатады. Орта Азия мемлекеттерімен сауда көлемін ұлғайтып, олардан өздеріне қажетті қару-жарақ, оқ-дәрі алып тұрады.

Кенесары хан ел ішінің жағдайын жақсарту мақсатында біраз әлеуметтік-саяси шараларды да қолға алады. Ол енгізген алым-салық саясаты шарифат жолына негізделіп, мал өсіретін аймақтардан зекет, егіншілікпен айналысатын аймақтардан ұшыр жинау тәртібін орнатады. Халықтан алым-салық жинауды арнайы тағайындалған жасауылдар жүзеге асырады.

Әрине, отты қарумен құрсанған патшалық Ресейдің әскеріне көшпелі өмір-салтағы халық жасақтарының төтеп беруі мейлінше қиын еді. Соған қарамастан, Кенесары өзінің аса дарынды қолбасшы екенін танытып, орыстың әскери күштеріне бірнеше рет ойсырата соққы берді, олардың бекіністерін талқандады.

Көп жылға созылған күрестен негізгі күші әлсіреген Кенесары хан Ресей әскерінің қысымымен 1846 жылы Орта жүзден Ұлы жүз қазақтарының жеріне ығысуға мәжбүр болады. Мұнда келген соң қырғыз манаптарына ұсыныс жасап, оларды Қоқанға қарсы бірігіп соғысуға шақырады. Бірақ, Орман мен Жантай бастаған қырғыз манаптары орыстың генерал-губернаторы Капцевичтің ықпалынан шыға алмай, Кенесары ханның ұсынысын қолдамайды. Қолдау былай тұрсын, Капцевичтің айдап салуымен Кенесарыға қарсы шығады.

Ақыры, Ресей әскери күшінің дем беруімен болған Кекілік тауындағы қазақ-қырғыз арасындағы қақтығыста Кенесары хан қолға түсіп, қаза табады. Кенесарының тәуелсіздік жолындағы табанды күресі де және осы жолда тек қана туыстас түркі халықтарының күш біріктіруінен оң нәтиже күтіп, әрекет етуі де оның көреген саясаткер, кең қарымды әскери қолбасшы екенін айқын аңғартады.

Қазақ халқының соңғы ханы Кенесары туралы ойдың орамын Мағжан ақынның лебізімен түйіндеудің қисыны бар:

«...Сол кеткеннен Кенекем кете барды,
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын,
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар — тулақ, ел арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада,
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында,
Шөккен қарт күн шығысқа түзеп бетті,
Көп заман талмай-тозбай тау басында,
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті.
Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кенедей енді неге ер тумайды?!
Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
Дариға, жүрегімді дерт улайды!»

Қазақ хандығының ұзына тарихы, түптеп келгенде, ел болу жолындағы күрестің тарихы. Бірде шарықтап, бірде құлдырағанына қарамастан, Қазақ хандығы дәу-

рен сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық төлтумалығын біржолата орнықтырып үлгерді. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы ұлт ретінде өзінің мәдени-рухани және моральдық-этикалық қалыптарын даралап алды. Дәл осы кезеңде Тәңірдің өзі тілеулес болғандай арқалы өнер түрлері асқақ рухты төлтума болмысын қалыптастырды. Бұл орайда, қазақ мәдениетінің дара болмысына айғақ болатын сөз өнерін, музыка өнерін және қолөнерін айрықша атап өткен жөн. Асанқайғыдан бастап Махамбетке дейінгі, Жиреншеден бастап Сырымға дейінгі тау суындай тасқындап, таңғы шықтай мөлдіреген сөз өнері, арқалы поэзиясы ұлт рухын асқақтатқан рухани игілікке айналды. Қазақ хандығы тұсында бес мыңдай күй, он мыңдай ән өнері дүниеге келіпті. Ән мен күйдің тілін түсініп, оның туындау себебіне құлақ түрген жан ұлттың дыбысқа айналған шежірелі тарихына куә болар еді. Тағы да, сол Қазақ хандығы кезінде сақ, скиф, ғұн замандағы қолөнері қайта жаңғырып, алтын үзікті, күміс құрсаулы киіз үйлер жасала бастады. Баяғы скифтердің даналық өрнегі (звериный стиль) деп жүрген ғажайып өнер ғасырлар тұңғышынан қайта оралғандай болып, көшпелі қазақтардың күнделікті тұтынатын заттарынан бастап, молалық құрылыстарына дейін жаңғырған сапасымен, төлтума болмысымен көріне бастады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, ең алдымен, қоғамдық-әлеуметтік өмірді реттеуге қызмет етті. Материалдық және рухани мәдениеттің қандай түрі болсын тек қана қоғамдық-әлеуметтік өмірдің сұранымына орай дүниеге келіп отырды. Бұл ретте, дәстүрлі өмір-салттағы қазақтар өнер деңгейінде өмір сүре алды деуге де болады. Тарих талқысында «мың өліп, мың тірілген» (*Жұбан Молдағалиев*) қазақтың күні бүгінге дейін қазақ болып жер басып жүргені осынау арқауы берік рухани мәдениетінің арқасы.

КЕРЕЙТ ҚОЖА. Тәуке исі қазаққа хан болып сайланғаннан кейін біраз жыл өткенде «Күлтөбе» деген жерде үш жүздің басын қосқан әйдіңгер жиын болыпты. Осы жиында үш жүздің баласына айтқаны дауа болатын пірді белгілемек екен. Сол үшін әр жүзден лайық деген бір-бір адам алып келіп, солардың ішінен біреуін «пір» деп әйгілемек болса керек.

Ұлы жүзден Төле би — Мағзам деген қожаны, Орта жүзден қаз дауысты Қазыбек би — Сайд (Сейтпенбет) деген қожаны алып келіпті. Ал, Кіші жүзден Әйтеке би ешкімді әкелмей, пір болуға лайық адамды Түркістан мешітінен кезіктірермін деген ойда болыпты. Сол оймен Түркістан мешітінің бас имамы Ақтансопыға жолығып: «Тақсыр, мен пір болуға лайық адам іздеп жүр едім», — деп мән-жайын айтыпты. Сонда имам Ақтансопы: «Менде оқып жүргендердің бәрі бала, саған қандай пір керек еді?» — дейді. Әйтеке: «Тақсыр, маған сақау емес, тілі бар, соқыр емес, көзі бар, ақсақ емес аяғы бар пір керек!» — деп жауап беріпті. Бұл сөзді имам Ақтансопы «Е, іздегені — аузы дуалы, көзі көреген, аяғы шалымды адам болды ғой» деп іштей жориды да, балаларды сыртқа шығарады.

Далаға шыққан балаларды Әйтеке би біраз барлап тұрыпты да: «Маған анау айдары бар баланы берсеңіз болады», — деп, бір тандаған баласын көрсетіпті. Бұл — Кіші жүз керейт ішіндегі ақсақал аталығынан шыққан Мүсірәлі деген бала еді дейді.

Бұған Ақтансопы таң қалып: «Әйеке, бұл баланы қалай тандап алдыңыз?!» — деп сұрақ қояды. Сонда Әйтеке: «Тақсыр, бұл баланың басында шырақ жанып, екі иығында екі жолбарыс тұр екен!» — деп жауап беріпті.

Ертеңінде үш жүздің жақсы-жайсаңы пір тандайтын алқалы жиын басталады. Жиынды қарақалпақ Сасбұға деген би бастайды. Мән-жай айтылған соң, пір болуға лайық-ау деген адамдар сынға түседі. Оларға үш шарт қойылады.

Бірінші шарт бойынша, пір болады деген адам бір уыс мақтаны үрлеп жандыруы керек. Ұлы жүзден келген Мағзам-қожа мақтаны үрлеген екен, шала жанып, қара күйе күйінде қалады. Орта жүзден келген Сайд-қожа үрлегенде мақта шала жанып, шоқ күйінде қалады. Кезек Кіші жүзден келген Мүсірәліге тигенде, үрлеген мақтасы лап етіп, күл болып ұшып кетеді.

Екінші шарт бойынша, сынға түскендердің алдына меңсіз қара сиыр алып келіп, оның ішіндегі бұзаудың түр-түсі мен еркек-ұрғашы екенін анықтау керек болады. Ұлы жүздің Мағзам-қожасы: «Еркек қызыл қасқа бұзау», — дейді. Орта жүздің Сайд-қожасы: «Ұрғашы қызыл қасқа бұзау» дейді. Ал, Кіші жүзден Мүсірәлі болса: «Сиырдың ішінде ұрғашы шым қызыл бұзау бар, ұшында ағы бар құйрығы мандайына түсіп жатыр екен», — депті. Сол жерде сиырды сойып қарағанда Мүсірәлінің айтқаны келеді.

Үшінші шарт бойынша, лаулап жанып тұрған отқа түсіп, бір дұға қайырып болған соң, оттан күймей шығуы керек екен. Сонда, Мүсірәлі тілек айтып: «Отқа мен түсіп шығайын, егер мен күймей-жанбай шықсам, менің қожа ағаларым да түсіп шыққан есебінде болады. Өйткені, қожалардың отқа түскенде күймей-жанбай шығатын қасиеттерін білуші едім. Сондықтан, ағаларым сақалдарын күйелемей-ақ қойсын», — дейді. Бұл тілекті қарақалпақ Сасбұға би қабыл алып, Мүсірәлі отқа түсіп шығады. Отқа түсіп шықса еш жері күймеген. Тек, етегінің екі-үш жеріне шоқтың дағы түсіпті дейді. Мұның мәнісін сұрағанда, Мүсірәлі: «Қайсыбір күні түйенің ық жағынан өткенімде, зәрі шашырағандай болып еді, мына шоқ қарыған дақтар сол зәр тиген жерлер болу керек», — деген екен.

Содан, үш шартты мүлтіксіз орындаған Мүсірәліні дүйім жұрт пір деп мойындайды. Сол жерде қарақалпақ Сасбұға би: «Кіші жүздің Мүсірәлісі пір болуға лайық екен. Енді пір болғанын дәлелдесін. Ол үшін жеті өлікке жан бітіріп, олармен бір-бір ауыз тілге келсін», — дейді. Сонда Мүсірәлі: «Тапсырма солай болса, мен орындайын», — деп, қабірде жатқан жеті өлікке жан бітіріп, олармен бір-бір ауыз тілге келеді. Мүсірәлінің бұл хикметіне жиналған жұрт қайран қалып, оған қол беріп, бір пәтуаға келіп, пір тұтқан екен. Содан бастап Мүсірәліні «Сопы-әзіз» деп құрметтеп, «Керейт-қожа» деп атап кетеді. Мүсірәлінің өсіп-өнген ұрпағының «Керейт-қожа» аталуының себебі осыдан еді дейді (*Дерек беруші Теңізбай Үсенбаев (1935), даңғайыр шежіреші, Қызылорда облысы, Арал ауданы; Т. Үсенбаев. Қазақ шежіресі. Бірінші том. — Алматы, 2006. 48-50-беттер*).

ҚАЛМАҚ. Қазақ арасындағы ру-тайпалардың басым көпшілігінде «қалмақ» деп аталатын әулет-ата деңгейіндегі этнотүзілімдер кездеседі. Мұның тарихи сыр-себебі түсінікті: қазақ пен қалмақтың (ойраттың) түп тегіндегі этноаумақтық жапсарластық; әрісі Түркі Қағанаты (VI-VIII ғғ.), берісі Шыңғыс хан жорықтары (XIII ғ.)

кезінде түркі-монғол ру-тайпаларының судай сапырылысқан аралас-құраластығы; екі ғасырға созылған (XVI-XVIII ғғ.) қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс барысында тұтас ауыл-аймақтың тұтқынға түсіп, ел ішне сіңісіп кетуі; сондай-ақ, қазақ пен қалмақтың өмір-салтындағы, шаруашылық-мәдени типіндегі тектестік; тіптен, қыз алысып, қыз беріскен қандастық, т.б. Қазақ арасындағы ру-тайпалар құрамындағы «қалмақ» деп келетін этнотүзілімдердің тарихи қалыптасуының негізгі сыр-себептері осылар және бұл себептердің қай-қайсысы да этникалық жаңа түзілімдерге тұғыр болатындай тегеурінді факторлар.

Кезінде Рашид-ад-Диннің «Ойрат тілі монғол тілі деп есептелгенімен, олардың тілі монғолдың басқа тайпаларының тілінен бөлек» дейтіні немесе қазақ фольклоры мен шежірелік аңыз-әңгімелерінде қазақ-қалмақ тілдерінің бір-біріне түсінікті болып келетіні — қазақ пен қалмақтың этномәдени жақын болғанын білдіреді (*Қазыбек пен Қоңтажы // Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. — Алматы, 1967. 101-109-беттер*).

Әрі-беріден соң, көптеген ғалым-зерттеушілердің найман, керей, меркіт, қоңырат, төленгіт, сақа, тараншы, алтай, т.б. көптеген ру-тайпаларды біресе түркіге, біресе монғолға теліп, енді бірде түркі-монғол деп шендестіріп, шешуі шие дау-дамайға ұрынуларының да бір себебі осында болар деп пайымдаудың қисыны бар.

Қазақ арасында «қалмақ» этнониміне қатысты фольклорлық-шежірелік деректердің айтары да, аңғартары да мол.

Бұқар жырау:

«Қалмақ алсаң мәһу бір зайып,
Сүйегінді жоғалтпас», — дейді (*Бес ғасыр жырлайды. Бірінші том. — Алматы, 1984. 114-бет*).

Үмбетей жырау:

«Баянаула, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ
Арасы толған көп қалмақ», — дейді (*Бес ғасыр жырлайды. Бірінші том. — Алматы, 1984. 85-бет*).

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы:

«Батырлар аттанысқа барған екен,
Қалмақты олжа қылып алған екен.
Сол қыздар мұнда келіп бала тапқан,
Ана боп бәрімізге бөлек заттан.
Байлары біртін-біртін өлгенінде,
Өз мирасын үйретті Тәңірі айтқан», — дейді (*М.Ж. Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. Екінші том. — Алматы, 2003*).

Құрбанғали Халит:

«Алаш — Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда
Қазақ, қалмақ, ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған», —

деп келетін қария сөзді келтіреді (*Қ. Халид. Тауарих хамса. — Алматы, 1992. 55-бет*).

Қазақта «Қатын алсаң — қалмақ ал» деп келетін нақыл сөз бар.

Фольклорлық айғақ осындай болғанда, тарихи дерек тіптен жойдасыз мол. Басқасын былай қойғанда, Қазақ даласына қалмақтардың Абылай-кит, Қызылкеніш сарайы сияқты буддалық ғибадатханалар тұрғызуы, ол ғибадатханалардың тұсауке-сер рәсіміне Зая-Пандита сияқты ғұламаның келуі, Қазақ даласының тау-тасында будда бейнелерінің, буддалық мінәжат жазуларының, таңбаларының, оба-белгілерінің, жер-су атауларының мол ұшырасатыны да талай сырды аңғартса керек. Түптеп келгенде, бұл — қазақтың төл тарихына тікелей қатысы бар, арнайы зерттеуді қажет ететін бөлекше толымды тақырып.

Демек, қазақ ру-тайпаларының құрамында «қалмақ», «қара қалмақ», «құба қалмақ», «қызыл қалмақ», «тоты қалмақ», «қыз қалмақ», «бала қалмақ», т.б. деп келетін ру-ата түзілімдерінің ұшырасуын тарихи үдерістердің айғақ-нышаны ретінде зерделеген абзал.

Қазақ шежірелеріндегі қалмақ бұтағы ХХ ғасырдың соңына қарай жеті-сегіз атаға ұласты. Мәселен, Тоты қалмақтан тараған қазақтың белгілі ғалымы Ақжан Машан шежіресі былай түзілген: Тоты — Байтемір — Машан — Жақсыбек — Ақжан — Ақжанның баласы — Ақжанның немересі — Ақжанның шөбересі (*Ж. Артықбаев. Сарыарқа шежіресі. — «Орталық Қазақстан» газеті, 2000. 1 қараша*).

ҚАРҚАРАЛЫ ТӨРЕЛЕРІ. Қарқаралы алабын қоныстанған төрелердің ұрпағы Бөкейханнан басталады. Ол заман қаз дауысты Қазыбек атамыз бастап Сыр бойынан Арқаға көшкен қалың қаракесектің Қарқаралы өңіріне қоныстана бастаған кезі болса керек. Алғашқыда Қарқаралы сияқты оты-суы мол, орман-тоғайлы құтты қонысқа әулет-аталар таласып қала береді. Жер дауы деген оңай ма, ағайын арасына салқындық түсетіндей ахуал болады.

Сол кезде, елге қорған болып, жұрт қамын ойлап жүретін шекшек Нұралы деген батыр болады екен. Сол Нұралы батыр ел-жұрттың жай-жапсарын бақылап отырып, бір күні: «Қой, мұнымен көсегеміз көгермес, төбесіз жер болмас, төресіз ел болмас деген, бұларға төрелік етер бір төреші әкелмесе болмас!» — деп, Жетісуға аттанады. Содан, Жетісудағы Ондан сұлтанның ұрпағы Барақ төреге барып: «Еліме бас ие болу үшін бір баланды бер!» — деп қолқа салады. Сол жолы Барақ төре қадірлес, бастас досының тілегін орындап: «Бөкейімді берейін, Тәңірдің алдына барғанда жай-күйін сенен сұраймын, өз балаңдай көр, ол да сені жатсынбас!» — деп, баласы Бөкейді беріп жіберген екен. Ахаңның (*Байтұрсыновтың — А. С.*) есептеуі бойынша бұл оқиға 1748 жылы болса керек. Сол Бөкей ел-жұртты сүттей ұйытып, көп еңбек сіңіргенін халық күні бүгінге дейін есінен шығарған жоқ. Халық оны «Бөкей

хан» деп атап кеткен. Осы тұста бір айта кететін гәп, халық Бөкейді хан деп мойындап, айтқанын екі етпегенімен, патша өкіметі сол Бөкейді өлерінен үш-ақ жыл бұрын, яғни, 1816 жылы ғана хандығын мойындап, ресми бекіткен қағазын жібереді.

Бөкей бес әйел алып, олардан он бір ұл көрген екен. Олар: Қаксал, Шыңғыс, Батыр, Бөрі, Уәли, Есім, Тәуке, Сұлтанғазы, Әбілғазы, Әлеке, Әбет. Бөкей 1819 жылы 85 жасында дүние салыпты. Бөкейден соң халық оның екінші баласы Шыңғысты хан көтереді. Арада бес жыл өткенде жаңа мизам (ереже) болып, Қарқаралы дуанына Шыңғыстың үлкен ұлы Тұрсын аға сұлтан болып сайланады. Халық ол кісіні «Хан Жамантай» деп атап кеткен. Тәрізі «Жамантай» дегені жеңгелері қойған лақап аты болса керек. Хан Жамантай өзіне ақыл қосар қазылыққа қара халықтан баяғы Нұралы батырдың баласы Жаманбай мен Ортау баласы Үрдебайды тандаған. Хан Жамантайдан кейін Бөкейдің тағы бір немересі — Тәуке баласы Құсбек төре аға сұлтан болды.

Сөз орайында айта кеткен жөн, Бөкейдің Батыр деген баласынан — Мырзатай, одан — Нұрмұханбет, одан — алаштың ардақты көсемі Әлихан Бөкейханов туған (*Дерек беруші Ахметбек Әрінұлы (1914), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нүркен атындағы кеңшар*).

ҚОЖА. Қазақтың жүздік құрылымына кірмейтін тайпалардың бірі — қожа. Жүздік құрылымға кірмегенімен, сол жүздік құрылым ішіндегі рулардың бәрінің дерлік құрамында қожа әулеті бар. Мәселен, Ұлы жүзде — шапыраштының қожасы, албанның қожасы, Орта жүзде — алтайдың қожасы, тобықтының қожасы, тарактының қожасы, Кіші жүзде — таманың қожасы, адайдың қожасы, жағалбайлының қожасы, т.б. дегендей.

Қазақтың үш жүзінің құрамындағы тайпалар ішіне қожалардың (басқа да жүзге кірмейтін ру-тайпалар сияқты) шашырай сіңіп кетуінің алғышартын қазақ ұлтының ұлт болып ұйысуына байланысты, сол ұлт аясындағы әлеуметтік топтардың қалыптасуына байланысты, ең бастысы, қазақ мемлекеттігінің жасақталу кезеңіндегі саяси-әкімшілік реформаларға байланысты бел алған үрдістер тұрғысында қарастырған жөн.

Қазақ хандығы еңсесін көтеріп, мемлекеттігін орнықтырып, қазақ ұлты өзінің этникалық даралығын қалыптастыру барысында билік жүйелерінің, заң қағидаларының, салт-дәстүрлердің, наным-сенімдердің, мәдени-рухани төлтумалықтың, әсіресе, ортақ тілдің қоғам өмірімен етене бірлікте шындалғаны аян. Мұндай үрдіс өз кезегінде қоғам өміріндегі әлеуметтік топтарды да даралап, олардың міндет-мақсаты мен өзіндік орнын айқындай түсетіні де белгілі. Бұл ретте, шежірелік және этнографиялық деректердің қай-қайсысы да қазақ арасындағы қожалардың негізінен діни-ағартушылық қызмет атқарғанын және олардың ақсүйектік статусы төрелермен тең дәрежеде болғанын айғақтайды. Өздерін халифтерден тараған ұрпақпыз деп есептейтін қожалар өздерінің тек-тұқымын таза сақтау үшін қаралармен қан араластырмай, тіптен, өлім жазасы мен тән жазасынан, соғысқа қатысу мен салық төлеуден қалыс қалып отырған. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» қожалар

мен төрелер бір дәрежеде болып, оларға қара халықпен салыстырғанда жеті есе артық құн белгіленген. Ал, Қазақ даласында Ресейдің отаршылдық ықпалы бел ала бастаған кезде дін өкілдерін саяси мақсат жолына да ұрымтал пайдаланды. Мұның айқын айғағын 1797 жылы Кіші жүздегі Айшуақ хан басқарған хан кеңесінің құрамына патшалық әкімшіліктің ұсынуымен (О.А.Игельстром) Орынбор мүфтилігінің мүфтиі М.Хусейіновтың кіруінен аңғаруға болады (*«Ислам» энциклопедиясы. — Алматы, 1995. 98-бет; Н.Г. Аполлова. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII — начале XIX в. — Москва, 1960. 410-бет*).

Мұндай артықшылықтар жергілікті ру-тайпалардан шыққан билік иелері мен сауатты зиялылардың қожа санатына қосылу ынтасын оятты. Нәтижесінде, қазақ қоғамында XVI-XVII ғасырлардың өзінде-ақ қожалардың тектік құрамы әр түрлі болғанымен, олардың әлеуметтік-саяси статусы дараланып үлгерді (*Сайдаққожа Жүсіпұлы. Қазақ тайпаларының тарихы. — «Ана тілі» газеті, 1993. 15-сәуір*).

XVIII-XIX ғасырлар аясында қазақ арасындағы билік жүйесі Ресей империясының ықпалында болды да, қожалардың бұрынғы әлеуметтік-саяси статусы солғын тартты. Енді бұрынғыдай халифтер мен Шыңғыс хан кіндігінен тарағандар ғана «төре-қожа» деп аталып қоймай, сонымен бірге Ресей империясының мемлекеттік құрылымдарында қызмет ететіндерді де, соның ішінде орыс ұлықтарын да төре санатына қосу дәстүрге айналды. Сөйтіп, қазақ қоғамындағы ақсүйектер әулетінің рулық-тектік құрамы алашабырлана бастады.

Қожалар Қазақ хандығына дейін де, Қазақ хандығы құрылған соң да ақсүйектер санатында болып, негізінен діни-ағартушылық жолды ұстанды. Осы орайда, қазақтың дәстүрлі тәңіршілдік наным-сенімі мен сопылық наным-сенімнің өзара кірігуі барысында сахара төсінде Тәңірлік-исламдық діннің қазақтық нұсқасы қалыптасқанын атап өткен жөн. Көшпелі өмір-салт жағдайындағы тіршілік мұқтаждығы Тәңірлік және исламдық танымды өзара жарастырып (симбиоз) қана қойған жоқ, ең бастысы, қазақ қоғамының ретті болуына оң ықпал етіп, қазақ халқын дегдарландыра түсті. Былайша айтқанда, Тәңірлік-исламдық жарасым қазақ халқының парасаттылық тұғырын одан әрі бекемдеп, этнотөлтумалықты одан әрі орнықтыра түсті. Әрине, бұл мәселе өз алдына арнайы зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі.

Шежіре деректерінің бірінде — қожалар VIII ғасырда Орта Азияны жаулауға келген арабтардың ұрпақтары ретінде көрініс тапса, келесісінде — Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың төрт шарияры (халифтері) — Әбубәкірдің, Омардың, Османның және Әлінің (Али ибн Абу Талибтің) ұрпақтары болып келеді. Тіптен кейбір шежірелерде қожалардың әулеті төрелермен де, қазақтың жүздік құрамындағы ру-тайпалармен де сабақтасып жатады. Қожа шежірелерінің бұл сияқты әр үлгіде болуының бірнеше себептері бар.

Қожалар ақсүйектер тобына жататын болғандықтан негізінен өз араларында, сонсоң төрелермен қан араластырып отырған. Сондай-ақ, қожалар исі түркілік, соның ішінде қазақ ру-тайпаларының да бай-бағлан, білікті-беделді әулеттерімен қыз алысып, қыз берісіп, құда-андалы болуға тыйым салмаған. Керісінше; былайғы жұртқа, яғни, қарасүйекке тұрмысқа шыққан қожа қызының еркек

кіндікті ұрпағы «сайд» («сайид») деп аталып, олардың да қожалық құруына, тіптен, ақсүйектер санатында болуына жол ашылған. Мұның өзі қазақ арасында билік-беделін орнықтырғысы келген қарасүйектердің ынтасын оятып, оларды қожалармен құда-андалы болуға мүдделі етіп отырған (*В.В. Бартольд. Сочинения. II том, I-бөлім. — Москва, 1963. 284-бет*). Кейбір деректерде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың қызы Фатима мен Әлінің арасынан Хасан мен Хұсайнның туғаны, Хасаннан тараған ұрпақтың — «шариф», Хұсайннан тараған ұрпақтың — «сайид» деп аталғаны жазылған (*Ислам. Энциклопедический словарь. — Москва, 1991. 294-бет*). Сондай-ақ, Әлінің бір баласы Мұхаммед ибн ал-Ханафийа мен өзге де үш халифтен тараған ұрпақтың — «миан» деп аталатыны да айтылады (*Қ. Халид. Тауарих хамса. Аударғандар Б. Төтенаев, А. Жолдасов. — Алматы, 1992. 39-бет*). Қожаларға қатысты шежіре деректерінде пайғамбардың көзін көргендердің — «сахаба» деп аталатынын, сахабаны көргендердің — «таббе», таббені көргендердің — «таббеми», таббемиді көргендердің — «баб», бабтың көзін көргендердің — «ата» деп аталатынын да сөз орайында айта кеткен жөн.

Алтын Орда ыдыраған соң, одан кейін Орта Азиядағы судай сапырылысқан ру-тайпалар ұлттық-этникалық даралықтарын орнықтыра бастаған аласапыран кезеңде, Қазақ хандығын жасақтасқан басқа да ру-тайпалар сияқты, қожалар да өздерінің генеалогиялық тек-тамырын жаңаша түзген. Дәлірек айтқанда, жаңа шанырақ көтерген Қазақ хандығының әкімшілік-саяси мүддесіне сай ру-тайпалық жүйе жаңаша түзілген кезде бұл үрдістен қожалар да шет қалмаған.

Қазақ даласында Ресей отаршылдығының бел алуына байланысты әр жүзге жеке-жеке хандар билік жүргізе бастаған кезде төрелердің де, қожалардың да генеалогиялық тұтастығы бөлшектене бастады. Кешікпей-ақ, қазақ арасында «Ұлы жүздің төресі мен қожасы», «Орта жүздің төресі мен қожасы», «Кіші жүздің төресі мен қожасы» деп келетін генеалогиялық ақпарат кеңістігі қалыптасып үлгерді.

Кейін жүздік деңгейдегі хандық билік те мүлде жойылған кезде төрелер мен қожалардың генеалогиялық тұтастығы одан әрі бөлшектеніп, енді «дулаттың төресі мен қожасы», «албанның төресі мен қожасы», «қоныраттың төресі мен қожасы», «қыпшақтың төресі мен қожасы», «әлімнің төресі мен қожасы», «таманың төресі мен қожасы», т.б. деп келетін үрдіс қалыптасты. Жай ғана қалыптасып қойған жоқ, қожалар сол ру-тайпалармен қыз алысып, қыз берісіп, қан араластырып, еншілес болып, тіптен ұран-таңбасын қабылдап, біте-қайнасып кетті. Қазіргі қазақ шежірелерінің біразындағы ру-тайпалар атауына «қожа», «сопы», «сайд» атауларының қосақтасып жүруінде осындай да сыр-себептер бар.

Кеңестік билік үстемдік құрған заманда би, бай, қожа, молда, төре атаулы айрықша саяси-идеологиялық қыспақты бастан кешті де, олардың жергілікті ру-тайпа құрамына сіңісіп кету үрдісін бұрынғыдан да жеделдете түсті.

Осындай жағдайлардың нәтижесі болу керек, қожалардың бірізді шежіресі жоқ. Қолда бар шежірелердің қай-қайсысында да қожалар өздерінің түп-тамырын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның халифтерінен таратқанымен, бұл шежірелердің Орта Азияға араб үстемдігі жүргізіле бастаған кезеңнен көп кейін түзілгені жөнінде және ондай шежірелердің өн бойында жасандылықтың мол екені туралы

нақтылы айғақ-деректер бар (В.В. Бартольд. *История культурной жизни Туркестана // Сочинения. II том, 1-бөлім. — Москва, 1963. 276-бет; П.П. Иванов. Хозяйство джуйбарских шейхов. К истории феодального землевладения в Средней Азии в XVI-XVII вв. — Москва-Ленинград, 1954. 48-49-беттер; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 10-бет).*

Сөз орайында қожалар туралы шежіренің ел ішіне кең тараған үш-төрт үлгісін келтіре кетуге болады. Сол шежірелердің ең бірінші кезекте назар аударуға лайық нұсқасы қожа әулеттерінің өздері түзген «Насаб-нама» деген атпен белгілі шежірелік деректер. Әзірше, қожалар түзген «Насаб-нама» нұсқаларын салғастыра зерделеген ғалым Зікірия Жандарбек екенін атап өткен жөн. Зікірия Жандарбектің пайымдауы бойынша Әлінің баласы Хұсайннан тараған сайидтар Орта Азияда зор беделге ие болып, олардан Қылышты қожалар, Сабылт қожалар өрбіген. Заманында сайид қожалар Алтын Орданың исламдануына елеулі ықпал еткен. Бұл әулет өкілдері халық арасында «қоңырат қожалары» деп те аталады. Олар негізінен Өзбекстанның Ташкент қаласында, Қазақстанның Сарыағаш, Арыс аудандарында тұрады. Ал, қазақ арасындағы «қырықсадақ» және «иқан» деп аталатын қожалар өздерін Омар ибн Хаттабтан таратады. Еділ бойы мен Қобанды (Кубаньды) қоныс еткен қожалар өздерін әрісі Хакім-ата Сүлеймен Бақырғаниден, берісі Абу Бакр Сыддықтан таратады. Сондай-ақ, Орта Азиядағы түркі халықтарының ішінде өздерін Мұхаммед ибн ал-Ханафийадан өрбітетін қожалардың төрт әулеті айтылады. Олар: Аққорған қожалар, Қарахан қожалар, Дуана (Диуана) қожалар және Хорасан қожалар. Бұлар өздерін Мұхаммед ибн ал-Ханафийа ұрпақтары Абд ар-Рахим-бабтан, Абд ал-Жалил-бабтан, Исхақ-бабтан өрбігенбіз деп есептейді. Атап айтқанда, Аққорған қожалар — Исхақ-бабтан (Қожа Ахмет Иассауи осы әулеттен шыққан дейді), Қарахан қожалар — Исхақ-бабтың ағасы Абд ар-Рахим-баб Сатұқ Бұғра Қара ханнан (Қарахан мемлекетін билеуші әулеттер), Дуана қожалар — Исхақ-бабтың інісі Абд ал-Жалил-бабтан, Хорасан қожалар — Абд ал-Жалил-бабтың баласы Сұлтан Хусейннен таратылады. Кезінде бұлардың ұрпақтары Қазақстанның Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарын, Өзбекстанның Ташкент, Қарши, Жизак, Ферғана облыстарын, Қырғызстанның Ош облысын мекен еткен (З. Жандарбек. *«Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. — Алматы, 2002. 20-21-беттер*).

Қожаларға қатысты шежірелердің екінші нұсқасы бойынша қожалардың біразы арғы тегін Аюби Жәміштен (Ямиц) бастайды. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың немере інісі Әлінің баласы Хұсайннан тараған сайд қожалардың аз ғана тобы Мекке мен Мединеде, ал басым көпшілігі Орта Азия мен Қазақстанда деп есептелінеді. Қазақ арасындағы қожалар негізінен Шәмші Ахмет және Шейх Бұзырық деп аталатын үлкен екі тармаққа бөлінеді. Шәмші Ахметтен — Қорасан қожа, Қырықсадақ қожа, Диуана қожа, Бақсайыс қожа, Ақ қожа, Жүсіп қожа, Сайид (Сейіт) қожа, Түркімен қожа, Қылышты қожа тарайды. Ал, Шейх Бұзырықтан — Қожа Ахмед Иассауи, Арыстанбаб тараған (*«Ислам» энциклопедиясы. — Алматы, 1995. 98-бет*).

Қожалар туралы шежіренің ел ішіне кең тарған үшінші бір үлгісі ретінде білікті шежіреші Сайдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарада жарық көрген «Қазақ

тайпаларының тарихы» атты еңбегін жатқызуға болады. С. Жүсіпұлы бұл кітабында қожаларды арабтың сайд руынан шыққандар мен басқа да дін уағыздаушы әр түрлі рулардан құралған тайпа дейді. Сайд руынан өрбігендер қазақ арасында Ақ қожа, Диуана қожа, Қылышты қожа, Қырықсадақтар деп аталады. Ал, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар әулетінен тараған қожалар – қорасан бұтағына жатады. Қорасан бұтағынан – құрбан, жақып, қылауыз рулары өрбіген. Қазақ арасындағы бақсайыс қожалар болса, олар Шыңғыс хан кіндігінен тарап, кейін қожа тайпасына кірген. Сондай-ақ, жүсіп қожалардың түп тегі отырарлық түркі Жүсіп ибн Ысқақ дамолдадан бастау алып, одан – Ұлан қожа, Қасым қожа, Құлтай қожа, Қарақан қожа, Көдей қожа өрбіген. Қожалардың тағы бір бұтағы – түркеш руынан шыққан Әбілмұрад Түркімени сопыдан өрбіген. Бұлар түркімен қожаларды құрайды.

Мұнан әрі Сайдаққожа Жүсіпұлы өзінің шежірелік еңбегінде Бұқар жыраудың қожалар туралы айтқан мынандай сөзін келтіреді: «Төрелердің Бақсайыс аталуы олардың Шайбани ұрпақтарымен бақталастығынан туған. Олардың қожа тайпасына енуі XVII ғасырда Тәуке хан кезінде қалыптасты. Шыңғыс ұрпақтары билікке таласып, бақталастығын қоймаған соң, екі ұлысты татуластыру мақсатымен жаңадан қожа тайпасын құрды. Тәукенің бұл шешімі өте дұрыс болды. Екі ұлыстың көпшілік бөлігі жаңа құрылған қожа тайпасының құрамына кірді. Кейін келе бұл тайпаның құрамына жергілікті тайпалар арасында қожа аталып жүрген топтар кіріп толыға түсті... Жаңа тайпаның құрамына Жошының Орыс ханнан тарайтын ұрпақтары мен Мөңке ұрпағы енген жоқ. Олар өз алдына төре аталатын ұлыс құрады» (*Сайдаққожа Жүсіпұлы. Қазақ тайпаларының тарихы. — «Ана тілі» газеті, 1993. 15-сәуір*).

Ел ішіне кең тараған шежіренің төртінші бір нұсқасы қазақ арасындағы қожаларды төрт әулеттен таратады. Олар: Аққорған қожалар (Ысқақ баб әулеті), Диуана қожалар (Әбдірахман баб әулеті), Қорасан қожалар (Әбдіжәліл баб әулеті), Сайид қожалар (Хұсайын әулеті немесе Арыстан баб әулеті деп те аталады).

Осы төрт әулеттен тараған қожалардың бәрі де өздерінің түп төркінін арабтың құрайыш тайпасынан бастайды. Тарата айтқанда: Құрайыштан – Мәлік, одан – Тахир, одан – Ғалыб, одан – Лауи, одан – Қағаб, одан – Қалаб, одан – Құссы, одан – Ғабдұлманап болып өрбиді.

Ғабдұлманаптан – Хашим, Ғабдұлшамс есімді екі бала болған.

Хашимнен – ҒабдұлмұтАллаб, одан – Ғабдолла, Әбутәліп, Апбас есімді үш бала туған. Осылардың Ғабдолласынан – Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар туса, Әбутәліптен – Хазірет Әлі туған.

Хазірет Әліден – Хасен, Хұсайын (Сайит қожа әулеті), Мұхаммед Ханафийа туған (Ханифа деп те аталады).

Хұсайыннан – Бақсайыс (Хазірет Сайит Камаладдин) туған.

Бақсайыстан – Мұзафар, Абдулла, Абылхан, Өтеш, Тікеш есімді бес бала туған.

Мұзафардан – Сейдұл Ғазин Бадран (Бадрин), одан – Жамаладдин, одан – Сейдул Хашим, одан – Мырза шах, одан – Мирхалид шах, одан – Сейіт Ғұдда шах, одан – Хазірет Мірхалид шах, одан – Хадім Ғұлама Бұхари Шейхұл машайық, одан – Сейд әулие қожа, одан – Құлмұхаммед қожа, одан – Әкірам қожа, одан – Абрар қожа, одан – Мұхтар, одан – Сұлтан туған.

Абылханнан (Бақсайыстың баласы) — Жүсіп, одан — Түркімен, одан — Момын, Сарғалдақ есімді екі бала туған.

Момыннан — Саяқ (Саяқып), одан — Бекқожа, одан — Күнқожа, одан — Бердіқожа, одан — Әуез, одан — Омархан, Самархан есімді екі бала туған. Омарханнан — қазақтың әйгілі жазушысы Мұхтар Әуезов туған.

Сарғалдақтан — Қожахмет, одан — Айғаным (Айнамгүл) туған. Бұл Айғаным дегеніміз — әйгілі Абылай ханның келіні, Уәлидің кіші әйелі, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың әжесі болмақ.

Өтештен (Бақсайыстың баласы) — Шәріп, одан — Мырзахан, одан — Құлмұхаммед, одан — Имам хақ (Ақ қожа), одан — Иман, одан — Сүгірәлі, одан — Есқожа, одан — Ержан, одан — Базарбай туған.

Мұхаммед Ханафийадан (Хазірет Әлінің баласы) — Мұхаммед Бақи, одан — Ғали Мұса Риза, одан — Имам хазірет, одан — Садыр баб туған.

Садыр бабтан — Ысқақ баб (Аққорған қожа), Әбдірахман (Диуана қожа), Әбдіжәлел баб (Қорасан қожа) есімді үш бала туған. Сөз арасында айта кету керек, Әбдіжәлел бабтың төртінші ұрпағы, яғни, шөпшегі — Нүрилла (Домалақ ене) есімді қыз. Ұлы жүз ішіндегі түпкі аталардың бірі болып саналатын Бәйдібекке тұрмысқа шыққан Нүрилла ақыл-парасатымен ел-жұртқа қадірі артып, Домалақ ене атанған дейді шежіре дерегі.

Әбдірахымнан (Садыр бабтың баласы) — Ғабдул баб, одан — Есқожа баб, одан — Қарға баб, одан — Мәжін баб, одан — Хорасан баб, одан — Хасен баб (Қабаж), одан — Ыбырахым ата туған.

Ыбрахым атадан — Хазірет Қожа Ахмед Иассауи және Ысмайыл ата туған.

Ысмайыл атадан — Ысқақ қожа, одан — Ғазиз қожа, одан — Мұхаммедсейіт қожа, одан — Хасан ата, одан — Уах ата, одан — Уахит ата, одан — Қызғаныш ата, одан — Бақи шейх, одан — Ғата шейх, одан — Шейх баба, одан — Жармұхамбет, одан — Бозмұхамбет, одан — Күшік шейх туған (*Дерек беруші Төлекұлы Тұрсынқұл (1915 ж.), Шығыс Қазақстан облысы, Мақаншы ауданы*).

Қожаларға қатысты шежірелік нұсқалардың осы төрт нұсқасымен шектелуге болады. Бұл нұсқалардан әр түрлі тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси ахуалдарға байланысты қазақ арасындағы қожалардың рулық-этникалық құрамының ұдайы алашабырланып отырғанын айқын аңғаруға болады. Әсіресе, қазақ арасындағы басқа ру-тайпалармен қан араластыру, сіңісті болу үдерісі ұдайы жүріп отырғанын пайымдау қиын емес. Яғни, қазақ арасындағы қожалардың тектік жаралымын бірыңғай арабтардан өрбіген еді деп қарастыру бір жақты тұжырым болмақ.

Сол сияқты, «қожа» атауының мән-мағынасын бірыңғай дін уағыздаушылар тұрғысында қарастырудың да қисыны жоқ. Осы уақытқа дейін жинақталған тарихи-этимологиялық деректер бойынша «қожа» сөзінің арабтық-парсылық атау ретіндегі мән-мағыналарына қоса, түркі тіліндегі төл атау ретінде де өзіндік мән-мағыналары айғақталып отыр.

«Қожа» сөзінің мән-мағыналарын Москвадан 1991 жылы жарық көрген «Ислам» энциклопедиялық сөздігі былай саралайды:

1. Орта ғасырдағы Египетте (Мысырда) бай парсылар мен шетжұрттық көпестерді «қожа» деп атаған. Саманидтер (IX-X ғғ.) және Ғазнауилер (X-XII ғғ.) мемлекеттерінде уәзірлерге ұлы (бұзырық) қожа лауазымы (титул) берілген. Осман империясында сұлтандардың тәрбиешісін де, сарай кітапханашысын да, әтекттерді де «қожа» деп атаған. Үнді сұлтандығында қожа немесе жахан атаулары жоғары қызмет иелерінің лауазымы болған. Осман империясында (XVI-XX ғғ.) шенеуніктер тобының (класының) атауы – көптік жалғауда «хбаджаған» делінген. Қазіргі Түркияда кәсіпқой дін иесіне де, сондай-ақ ұстазды құрметтеп атағанда да «қожа» сөзін қолданады. Бірқатар араб елдерінде ең алдымен мұсылман емес саудагерлерді, сол сияқты жалпы мұсылман еместерді құрметтеп хбаджа (хубаджа) дейді.

2. Орта Азияда XX ғасырдың бас кезіне дейін өздерін төрт халифтен, яғни, Әбубәкірден, Омардан (ең алдымен), Османнан және Әліден (Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың қызы Фатимадан басқа әйелдерінің туған ұрпақтан) тарағанбыз деп есептейтіндерді құрметтеп қожа дейтін болған.

3. Абд ал-Халик ал-Ғиджубани негізін салған сопылық ұжым мүшелері хбаджаған деп аталған. Кейін (XIX ғасырға дейін ғана) осы сопылық ұжымдағылармен тектес билеушілердің бірнеше әулеті хбаджаған деп аталған.

4. Үнді имаилит-низариттерінің қауымдастығы қожа деп аталған. Сондай-ақ, бұл қауымдастықтың Занзибарда, Африканың шығыс жағалауында, Гиндикушта, Орта Азияның біраз аймақтарында, Шығыс Иранда және Парсы бұғазының маңында тұратын мүшелері де қожа деп аталған.

5. Индия тұрғындарының арасында негізінен исмаилит-назириттер тобына жататын сүнниттер, шиит-имамиттер қожа деп аталған (*Ислам. Энциклопедиялық сөздік. – Москва, 1991. 280-бет*).

Енді, «қожа» атауының түркі тілдеріндегі төл мән-мағынасы туралы айтылған деректерге назар аудару қажет:

1. Ахмед Йүгінеки (XII-XIII ғғ.) өзінің «Ақиқат сыйы» («Ғибатул-хақайық») атты кітабында «қожа» сөзін «қарт», «қария» мағынасында қолданады: «Йигит хожа блур, йаңы ескирур» (*Ахмед Йүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1995. 30-бет*). Бұл жыр жолын Берікбай Сағындықұлы: «Жас қартаяды, жаңа ескіреді», – деп мағынасын сақтай отырып аударған (*Ахмед Йүгінеки. Көрсетілген еңбек. 54-бет*).

2. Ортағасырлық парсы тарихшысы Рашид-ад-Дин өзінің «Оғызнама» атты еңбегінде: «Түркі тілінде қарт адамды қожа деп атайды, өйткені қожа сөзі арабтың да, парсының да сөзі емес, ақиқатында түркі сөзі», – дейді (*Рашид-ад-Дин. Оғуз-наме. – Баку, 1987. 32-бет*).

3. Білікті шежіреші Сайдаққожа Жүсіпұлы өзінің «Қазақ тайпаларының тарихы» атты еңбегінде былай дейді: «Қожа тайпасы үш жүзге кірмейтін тайпалар ішіндегі ірі топтардың бірі. Бұл тайпа әр түрлі құрама рулардан құралған. Қожа деген сөз араб тілінен аударғанда «ағартушы» деген мағынаны білдіреді. Ал, парсылар билеуші әмірлерді қожа деп атаған. Сондай-ақ, оқыған оқымыстыларды жергілікті халық қожа деп құрметтеген. Ол оқымысты-ағартушылардың арасында жергілікті тайпалардан шыққандар да болған» (*С. Жүсіпұлы. Қазақ тайпаларының тарихы. – «Ана тілі» газеті, 1993. 15-сәуір*).

4. Қырғыз халқының әйгілі «Манас» эпосында «қожа» сөзі рубасылардың құрметті атауы ретінде, сондай-ақ адамдар кие тұтатын антропонимдер тұрғысында қолданылады (*Абдығаны Шериев. «Кожо» деген ким? — «Кыргыз маданияты» газеті, 1991. 13 маусым*).

5. Тіл төркінін біліктілікпен зерттеуші, белгілі ақын Байбота Серікбайұлы тарихи және тілдік қыруар дерекке сүйене отырып мынандай тұжырым жасайды: «Қазіргі араб тілінде «қожа» (хаваджа, хуваджа) сөзінің мұсылман еместерге қарата айтылатынынан-ақ біз бұл сөздің төркіні араб сөзі емес екендігін аңғара аламыз. Яғни, түркінің «қожа» сөзі парсы тілі арқылы араб тіліне ауысқан деп болжам жасауға болады» (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. — Алматы, 2003. 359-бет*).

Қазақ тілінде «қожа» сөзі дін өкілі тұрғысындағы мағынасына қоса, үй иесі, жанұя (семья) басы деген, сондай-ақ белгілі бір ұжымның, қауымның, қазіргіше айтқанда белгілі бір мекеменің, кәсіпорынның, шаруашылықтың басыесі (бастығы) деген мағынаны да білдіреді (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. — Алматы, 1982. 246-бет*).

Қазақ арасындағы қожалардың қоғамдағы орны мен тегі жөнінде И.Г.Георги былай дейді: «Олардың билеушілері (дворянство) көп, сол билеушілердің төменгі сатысындағыларын қожа деп атайды, ал ортаңғы сатыдағылар — би, жоғарғы сатыдағылар — сұлтан деп аталады. Олардың қожалары өздерін түркістандықтар немесе басқа халықтар сияқты Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардан өрбітпейді, алайда жаратылыс-болмыстары адал болып келеді (*И.Г. Георги. Описание всех в Российском государстве обитающих народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей. 2-бөлім. — СПб., 1976. 121-бет*).

Қазақ арасындағы қожалар туралы келесі бір дерек те назар аударады. «Қазақ даласында көршілес азиялық мемлекеттерден шыққан қожалар шұбырып жүреді», — дейді Ш.Ибрагимов (*Ш. Ибрагимов. О муллах в киргизской степи // Материалы для статистики Туркестанского края. Н.А. Маевтің редакциялауымен шыққан жылдық басылым. III басылым. — СПб., 1874. 353-бет*).

Бұл деректер қазақ арасындағы қожа руының этникалық тек-тамыры жөнінен алашабырлығын, қоғамдағы орны жөнінен діни-ағартушылық қызмет атқарғанын және ақсүйектер санатында болғанын аңғартады. Яғни, Қазақ хандығының жасақталуына орай ру-тайпалардың жаңаша жүйелену үдерісі («Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз) қожаларды да қазақтың дербес тайпасы ретінде тарих сахнасына шығарды. Бұл ретте, қазақ халқының этнотөлтумалығы мен этноділінін қалыптасуы барысында қожалар ұйытқы тайпалардың бірі болғанын айрықша атап өткен абзал. Ал, «қожа» атауы болса түркілік және араб-парсылық ұғымдардың тоғысуы арқылы қазақ арасында дербес тайпалық жаралымды білдіретін мән-мағынаға ие болған.

ҚҰРАМА. Қазақ халқының құрамындағы жүзге кірмейтін рулардың бірі — құрама. Қазақ құрамалары негізінен Қазақстанның оңтүстігін мекендеп, жер шаруашылығымен айналысуға машықтанған отырықшылар. Құрамалардың басым көпшілігі Өзбекстандағы Шыршық, Ангрэн өзендерінің бойына қоныстанған.

Бүкілресейлік санақ мәліметі бойынша Ташкент уезінде 1897 жылы 17 мың құрама болса, 1917 жылы құрамалардың саны 53 мың адамға жеткен. Тіптен, 1939 жылғы санақ кезінде құрамалар өздерін өзбектен бөлек, жеке халық ретінде тіркеген. Алайда, 1959 жылғы санақта құрамалар өзбек ұлтының өкілі ретінде тіркеуге алынды.

Тарихи деректерде «құрама» атауы XV ғасырдан белгілі болғанымен, құрамалардың дербес ру болып ұйыса бастауы XVII-XVIII ғасырларда қазақ пен қарақалпақ халықтары тап болған жоңғар шапқыншылығына және соның салдарынан туындаған саяси-әлеуметтік ауыртпалықтарға байланысты екенін Н.А.Аристов атап көрсеткен. Әсіресе жоңғар әскерін басқарған Себан Рабданның (Цеван Рабтан) Оңтүстік Қазақстан өңіріне жасаған қанды жорықтары, одан кейін Қалдан Серен мен Шона Лоузан әскерлерінің шанды жорықтары біраз қазақтарды өзбек пен сарт жеріне ығысуға мәжбүр еткені белгілі. Осы сияқты тарихи нәубеттен шашыраған қазақтар бас құрап, тіршілік құру үшін жер шаруашылығымен айналысып, өздерін әр түрлі рулардан құралғандықтан «құрамамыз» деп атаған. Құрамалардың құрамында Ұлы жүзден – үйсін, дулат, сиқым, қыбырай (дулат ішіндегі бір ата), жалайыр, балғалы (жалайыр ішіндегі бір ата), қаңлы, шанышқылы, сіргелі, тутанбалы (сіргелі), Орта жүзден – найман, бағаналы (найман ішіндегі ру), арғын, қанжығалы (арғын ішіндегі ру), ашамайлы (керей), Кіші жүзден – жаппас, шөмекей, табын, тама, жағалбайлы, рамадан, жетіру сияқты ру-тайпа өкілдерінің болуы мұның айқын айғағы (*М. Тынышбаев. История казахского народа. – Алматы, 1993. 183-бет*).

Құрамалар негізінен қазақ руларынан құралғанымен, басым көпшілігінің өзбекке тән болып кетуі де тарихи жағдайларға байланысты. 1780 жылы Жүніс-қожа Ташкентке билігін жүргізе бастағанда құрамалар соның құзырында болды. Одан кейін құрамалар Қоқан хандығына қарады. Соның бәрінде де өздерін қазақ тектес субэтнос ретінде сақтай білген құрамалар этнокірігудің ұлы заңдылығына бағынып, бірте-бірте өзбектенуге мәжбүр болған жайы бар. Ал, Қазақстандағы құрамалар күні бүгінге дейін өздерін қазақ ұлтының дербес руы ретінде сезінеді.

ҚЫРҒЫЗ. Қазақ арасында қырғыз руы бар. Соның ішінде Сарыарқа қырғыздарының шежіре білетіндері «Қырғыздар арғын арасына келіп сіңгелі жеті ұрпақ дүниеге келіпті» деп отырады. Арғын тайпасының ішіндегі қырғыздар өздерін «қаракесектің қырғыздары», «алтай-сайдалының қырғыздары», «атығайдың қырғыздары», «қарауылдың қырғыздары» деп айырып атайтын дәстүр қалыптасқан.

Арғын қуандық ішіндегі алтай-сайдалы қырғыздары туралы айтылатын шежірелік аңыз-әңгімелер да бар. Есім ханның заманы болса керек. Қырғыз елінің байманаптарының бірін жазым еткен үш жігіт бойтасалап жүріп, Арқадағы алтай-сайдалы еліндегі бір тойға тап болыпты. Сол тойда қырғыз жігіттерінің бірі балуан күресінде жығып, екіншісі көкпарда салым салып, үшіншісінің қоңыр аты бәйгеден келіп, көзге түседі. Содан ел ағалары назар аударып, жөн сұраса, қырғыз жігіттері: «Шерік, Дейіт, Темір деген ағайындылар боламыз, түбіміз қырғыз, сіздермен туысамыз ба деп келіп едік» дейді.

Сонда алтай-сайдалының үлкендері отырып: «Елге ел қосылса құт, елден ел айырылса жұт, сендер біздің елге Құдай айдап келген болдыңдар. Енді біздің елден кетпендер, өлсек-тірілсек бірге болайық, сырттан жау келсе ұйымдасып бірге қарсы тұрайық. Сендер біздің ұрпағымыздан зәбір көрмейсіндер!» — деп, қырғыз жігіттерінің бастарына үй тігіп, алдарына мал салып, қоныстануына жер берсе керек. Кейін осы үш жігіттің өсіп-өнген даңқын естіп, артынан іздеп келген Құсшы, Жүнді деген бауырлары да ағаларының қасында қалып қойып еді дейді. Қазақ арасында өз алдына бөлек ру болып танылған қырғыздардың ішіндегі шерік, дейіт, темір (қоңырат), құсшы және жүнді аталарының тарихы шежіре сөзінде осылай айтылады. Бұл аталар күні бүгінге дейін өзара қыз алыспайды.

Арқа қырғыздары төңірегіне мейлінше сыйлы, арғынның кез келген руына күйеусініп, қадірін арттырып отырады. Олардың арасынан исі қазақтың мерей-мәртебесін көтерген бай да, батыр ба, би-шешен де, әнші-күйші де, зергер-ұста да, аңшы-мерген де шығып баққан.

Осындайда қария сөзге айналған бір деректі келтіре кетуге болады.

Арқадағы шерік қырғыздардан шыққан Қазылық деген атақты бай болған. Бір өзі 80 нар түйені қомдатып, Ақмола, Ташкент, Піспек (Бішкек), Тоқпақ арасына керуен тарттырады екен. Қазылық байдың мекені қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Қызылтау, Ақтау деп аталатын оты-суы мол құнарлы өңір. Бұл өңірге Орта жүздің таракты, қаракесек, тоқа, сайдалы сияқты руларының қоныстары жапсарлас. Бірде Қазылық бай өзінің бастасы таракты Мәтімұсаұлы Сейдімбек деген кісіні соғым басына шақырыпты. Сейдімбек өзінің сынына толатын серіктерімен келеді. Қазылық бай жайылып жастық, иіліп төсек болып, айрықша сый-құрметпен күтеді. Сөз арасында өзінің Орта жүзге күйеулігін базына етіп, әзіл-қалжыңға да кезек беріп отырады.

Осындай жарастықты отырыс барысында Қазылық бай дауысын шығарыңқырап: «Қонақтар аңсап жүрген болар, сарайлары ашылсын, енді қымыз әкеліндер!» — дейді. Арқаның алты ай қысында қысырақ байлап, қымыз ішіп отыру, әрине, қолы ұзын байларда ғана болатын үлкен салтанат. Айтқанша болмайды, сарыала тегененің ернеуін сүйіп қымыз келеді. Байдың сылқым тоқалы білегіндегі топсалы күміс білезігін жарқылдатып, мүйіз ожаумен қымызды құлаштап сапыра бастайды. Сол кезде Қазылық бай болар-болмас жымыып алады да, жүзін Сейдімбекке қаратып: «Сейдеке, осы сіздер биелеріңізді сауып отырсыздар ма?» — деп, елеусіздеу сұрақ қояды. Ойында ештеңе жоқ Сейдімбек: «Жоқ-ә, біздің ел шөп буыны қатып, қымыз шыңылтыр тартқан соң, биелерін ағытып жібереді. Жай сұрадың ба?» — дейді. Қазылық бай тағы да болар-болмас жымыып алып: «Жай әншейін, биелеріңізді ағытып жіберсеңіздер, көктемде ашытқылық қымызды қайдан алады екен деп, ойлап отырғаным ғой», — депті. Мұнысы, әрине, «мен болсам қоры үзілмейтін баймын, сен болсаң, ашытқылық қымызды мен сияқты байдан аласың» дегендей емеурін әзіл екенін отырғандар бірден түсініп, кейбіреуі мырс-мырс күліп те жібереді.

Сонда Сейдімбек тұғырдағы шәулі бүркіттей сілкіне бұрылып: «Ай, Қазылық, сенің әкең — Қалыбай еді, оның әкесі — Алтай еді, оның әкесі — Сағым еді, оның әкесі — Шерік екенін білесің ғой. Сол Шерік ала байталға мініп, ала шапанын киіп, Алатаудан шығып, Арқаға бас сауғалап келгенде ашытқылық қымызын қанжығасына бөктеріп келіп пе еді! Оны бізден алмағанда, қайдан алдың!» — деген екен.

Қазылықтың күткені де осындай сөз болса керек, мәз бола күліп, орнынан тұрып: «Сейдеке, тілеп алған аурудың емі жоқ, айып менен, әзілімнің ұшығы өзіме тиерін аңдамай қалдым!» — деп келіп, құндыз жаға ішігін Сейдімбектің иығына жауыпты дейді (*Дерек беруші Жолкен Дүйсенов, 1925 жылы туған, руы қырғыз, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; Д. Бөкенайұлы. Арқа қырғыздарының шежіресі. — Астана, 2004*).

ПАЙҒАМБАРДЫҢ АМАНАТЫ. Бірде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар сахабаларының ортасында отырып: «Бізден төрт жүз жыл кейін келетін ұрпағыма қалдыратын аманатым бар, соны жеткізіп берушілер бар ма?» — дейді. Көпшілік үндемей қалады. Тек Салмани Фарсы ғана: «Мен жеткізуге уәде берейін. Бірақ, оны қайдан және қалай табамын?» — дейді. Сонда Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Салмани Фарсыға бір орамалға түйілген кітапшаны (кейбір аңыз үлгілерінде құрма дәні деп те айтылады) беріп: «Мына кітап оның қолына жеткізілуге тиіс. Ол бұл жерде емес, Шығыста Йасы деген шаһардан кезігеді. Аманатты бала өзі сұрайды, есімі — Ахмет», — дейді.

Содан Салмани Фарсы кітапты алып, пайғамбардың аманаты екенін айтып, балаларына тапсырады. Осылайша көздің қарашығындай сақталып, баланың баласына ауыса келе, кезек Салмани Фарсының ұрпағы Арыстан-бабқа жетеді. Арыстан-баб аманат тапсырылатын Ахметті іздеп Шығыстағы Йасы еліне келеді. Пайғамбарымыз айтқандай, Арыстан-бабқа бір бала ұшырасып: «Ата, аманатымды беріңіз!» — дейді. Арыстан-баб қойнындағы кітапты алып, Ахметке табыс етеді. Кейбір аңыз нұсқасында тілінің астына сақтаған құрма дәнін алып, Ахметке береді. Сол Ахмет деген бала Алланың сүйген құлы Қожа Ахмет Иассауи еді дейді (*Дерек беруші Зікірия Жандарбек (1953), белгілі түркітанушы, Оңтүстік Қазақстан облысы; З. Жандарбек. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. — Алматы, 2002. 140-бет*).

СӘМЕННІҢ ЖАЙ ТАСЫ. Алтай, Тарбағатай, Сауыр өңіріндегі найман, керей тайпаларына XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап Әбілмәмбет ханнан тарайтын ұрпақ төрелік билігін жүргізген. Сол төрелердің бірі Сәмен Әбілпейізұлы Алтай, Тарбағатай өңіріндегі елге сөзін өткізген қадірлі адам болыпты.

Әбілмәмбет ханның екінші баласы Әбілпейіздің қырғыз әйелі Тұмар ханымнан Көгедай, Жабағы, Сәмен атты үш ұл туып, осы үшеуіне ел билету үшін абақ керей елі XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында көшіртіп алған.

Көгедай әулеті он екі ата абақ керейге билігін жүргізген. Бұл әулет Алтай аймағына, Жеменей ауданы мен Алтай қаласына тараған.

Жабағы әулеті Қаба, Жеменей, Тарбағатай аймағына, Еренқабырға, Боғда тауларының өңіріне тараған.

Ал, Сәмен әулеті Алтай, Тарбағатай аймағына, Көктоғай өңіріне, Баян Өлгий төңірегіне тараған.

Көгедай, Жабағы, Сәмен төрелерден тараған ұрпақ өсіп-өніп, ХХ ғасырдың соңында олардың жетінші, сегізінші буындары дүниеге келді.

Осы төрелердің ішінде Сәменнің әулиелік қасиеті ел арасында әлі де аңыз болып айтылады. Ол кісінің кісесіндегі оқшантайында көк қайрақ жүреді екен дейді. Сәмен көк қайрағын шығарып, бәкісін жаныса болды, көк жүзіне бұлт ойнап шығып, нөсер жауын жауады екен. Сондай-ақ, Сәмен ел ішін аралап жүріп қонақ болған үйіне ықыласы ауса да оқшантайынан көк қайрағын шығарып, бір сипап қоятын әдеті болыпты. Мұнан кейін ықыласы ауған шаңыраққа бақ қонып, береке дарып, ауру-сырқауы болса жазылып, балаға зар болып жүрсе бала көріп, сол әулет өсіп-өнеді екен. Мұндай қасиетіне тәнті болған былайғы жұрт Сәменнің көк қайрағын «Сәменнің жай тасы» деп кие тұтатын болған.

Сәменнен — Құдияр, Қожамжар (Өжеке), Жанияр, Данияр, Мәмеке, Әлдеке, Оспатай, Райымбек, Бақтияр, Молдияр, Дәулетжар деген балалар туған.

СУНАҚ. Қазақ халқының құрамындағы жүздік бөлікке кірмейтін тайпалардың бірі — сунақ. Атадан балаға ауызша және жазбаша жеткен шежіре деректерінде «сунақ» атауын «суннит» сөзімен байланыстырады. Ислам дінінің шариғат жолдарын таратушы сунниттер «сунақ» этнонимінің қалыптасуына себепші болған дейді. Сунниттер өздерінің діни ұстанымын «Құдай — бір, пайғамбар — хак, сунна — ақ» деген ұран сөздермен бекемдеген. Содан, алғаш Сыр бойына келген исламның суннит жолындағы миссионерлерін жергілікті халық «Нағыз сунналар екен!», «Сунна-ақ екен!» — деп жүріп, «сунақ» атап кетсе керек. Ал, олардың қоныс-тұрағын «Сунаққорған» деп атап еді дейді (*Ж. Ержанов. Сунаққорған. — «Парасат» журналы, 1991. № 6. 20-21-беттер*).

Тарихтан аян, VII ғасырдың алғашқы жартысында-ақ орнығып үлгерген ислам діні және ол дінге ұйытқы болған араб тайпалары кешікпей-ақ «Дін үшін қасиетті соғыс!» ұранын жариялап, салыстырмалы түрде аз ғана уақыт аясында, шығысында Қытай шекарасынан бастап, батысында Францияның оңтүстігіне дейінгі, солтүстігінде Орал тауларынан бастап, оңтүстігінде терістік Африкаға дейінгі байтақ аумаққа ислам дінінің ықпалын жүргізіп үлгерді. Араб халифатының әскерлері VII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орта Азияға дендей еніп, 650 жылы Хорасанда, 751 жылы Тараз қаласының іргесінде күш-қуаттарының басымдығын айғақтай білді.

Ислам дінінің аз уақыт аясында Африка, Азия, Еуропа сияқты үш құрлықты бірдей шарпып үлгеруін тек қана әскери күштің тегеурініне телумен шектелуге болмас. Бұл жолда ислам миссионерлерінің қайраткерлігі, қабілеттілігі, тіптен, қиян шалғайларға дін тарату жолындағы құрбаншыл тақуалығы әскери күштің әрекетінен артық болмаса, әсте, кем соқпаған (*Э.Г. Филимонов. Ислам в СССР. — Москва, 1983. 3-4-беттер*).

Қазақ арасындағы сунақтар өздерінің түп тегін Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) әйелі Айшаның әкесі Әбу Бәкір есімімен байланыстырады. Әбу Бәкір күрейіш (курайшит) тайпасының құрамындағы тайм руынан шыққан белгілі көпес. Тегі жөнінен Мұхаммед пайғамбармен (с.ғ.с.) тайпалас. Ислам дініндегі орны жөнінен «Алланың елшісі (мұрагері)» атанған көрнекті тұлға. Мұсылмандардың Мединеден Меккеге баратын ең алғашқы қажылық сапарын бастап барушы да, Медине мешітінде намаз оқуға жетекшілік етуші де, осы Әбу Бәкір. Сол себепті де, намазға тұрғанда төрдегі хлеует орынға Әбу Бәкір тұрып, одан төменгі орында күйеу баласы Мұхаммед (с.ғ.с.) тұрған. Қазақ арасында күні бүгінге дейін күйеу баланың қайын жұрт төріне шықпай, төмендеу отыратын дәстүрі осы рәсімнен жұғысты болған.

Қазақ құрамындағы қожа тайпасы сияқты, сунақ тайпасының арасында да ата-текті тарату дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып қана қоймаған, сонымен бірге, айрықша ыждағаттылықпен жазбаша шежірелер де жүргізіліп отырған. Ондай шежірелерді «насабнама» деп, сол шежірені жүргізушілерді «насабшы» деп атаған. «Насеб» – араб тілінде «туысқандық байланыс», «тек», «тектік» деген мағына берсе, «наме» деген сөз парсы тілінде «хат», «шығарма» деген мағынада қолданылған (*Ислам Жеменей. Парсыша-қазақша сөздік. – Алматы, 2003. 408, 412-беттер*).

Сунақтардың ауызша және жазбаша жеткен шежіресі бойынша Әбу Бәкір мен Сунақатаға (Хисамиддинге) дейін 16 ата. Атап айтқанда: 1. Әбу Бәкір; 2. Әбділдә (ӘбдіАлла – Сұлтан Мұхаммад). Мұндағы «ӘбдіАлла» сөзі «Құдайдың құлы» деген мағына берсе, «Саид» деп Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көзін көрген көсемді, билеушіні, «Сұлтан» деп Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көзін көрмеген, бірақ ақсүйек тұқымнан шыққан билеушілерді атаған. Сұлтан Мұхаммад Әбу Бәкірұлы болса 637-638 жылдары Мысырда билеуші өкіл (наместник) болған (*И.И. Трофимов. Хронологическая таблица мусульманских династий. – Ташкент, 1897*); 3. Әзірет – Ақсұлтан; 4. Сұлтан – Қасым; 5. Сұлтан – Кәп (Кәһп); 6. Сұлтан – Мәулүт-Шайық; 7. Мүлкиша; 8. Шабур – Мәлік; 9. Сүлеймен – Мәлік; 10. Мансур – Мәлік; 11. Піржан – Мәлік; 12. Әбділ – Мәлік; 13. Қайсар – Мәлік; 14. Қайым (Каюм) – Мәлік; 15. Әбділлә – Мәлік; 16. Сунақата – Хисамиддин (*Асамиддин, Асамаддин, Үмей Хисамутдин Сахиби, Нихая, Талламан Сакнакия*).

Сөз орайында, араб тілінде «мәлік» сөзі «билеуші», «патша» деген, ал «мәулен» («маулану») сөзі «ие», «кожа», «жарылқаушы» деген мағына беретінін айта кеткен жөн (*Н.Д.Оңдасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том. – Алматы, 1989. 167, 176-беттер*).

Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Сунақатадан – Мәулене Сүлеймен деген бір ұл және Бибі Мүслима деген бір қыз туған. Мәулене Сүлейменнен – Шайқы Әмір Қарашқы (Шорнақата), Мәулене Зиедин, Әбіләзиз Шайық деген үш ұл туған.

Осы үшеуінің Шайқы Әмір Қарашқысынан – Қайғақ, Бүзіріката, Нұрбай туады. Мәулене Зиединнен – Мәулүт Шайық, Әбіләзиз Шайықтан – Піржан Шайық.

туады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтары сунақ тайпасының ішіндегі іргелі алты руды қарайды. Олар: қайғақ, бессары, аташ, қалмырза, тоқпан (тоқман), сиық деп аталады.

Осы алты рудың ішіндегі Қайғақ деп отырғаны – Шайқы Әмір Қарашқының (Шорнақата) баласы. Бессары – Мәулене Зиединнің ұрпағы. Атап айтқанда: Мәулене Зиедин – Мәулүт Шайық – Саид Әмәт Қошқы – Саржан Шайық – Сүйіндіката (Мүйіздіата) – Сұлтан Бақыр – Баянбай – Найманбай – Тәңірқұл – Қадырқұл – Құдайқұл – Нұрмұхаммед – Бессары болып тарайды. Аташ та Нұрмұхаммедтің екінші баласы. Қалмырза – Әбділәзиз Шайықтың ұрпағы. Атап айтқанда: Әбділәзиз Шайық – Піржан – Күнжаппар – Асан Шайық – Садуақас – Осман Шайық – Қалмырза болып тарайды. Тоқпан да осы Осман Шайықтың баласы.

Сунақ құрамындағы сиық руын шежіре дерегі «жоғарыдан қосылған ата» деп, бөлек таратады.

Шежіреші қарттардың айтуында, Қазақ хандығы еңсе көтеріп, оның құрамындағы ру-тайпалар ретке келіп, еншілестік тәртібі (институты) енгізілген кезде, қалың сунақ бір тайпа ел ретінде жоғарыдағы алты руға жіктелген дейді. Яғни, сунақтар осы алты атамен еншілес болған (Дерек беруші Жамил Ержанов (1933), даңғайыр шежіреші, ғалым-дәрігер, Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы).

ТАҒАНБАЙДЫҢ ТӨРТ ҰЛЫ. Ертеректе Кіші жүз төрелерінің ішінде Тағанбай сұлтанның Ешімбай, Сарыбай, Мақанты, Селімбай есімді төрт ұлы болыпты. Тағанбайдың ауыл-елі башқұрттармен жапсар болса керек. Үлкен ұлы Ешімбай әкесінің қарсылығына көнбей, башқұрт қызына үйленетін болыпты. Бұған ашуданған Тағанбай: «Жетпей желкең қиылсын, халқың қаныңа қарық болсын!» – деп теріс батасын беріп, өз ұлысынан қуып жібереді. «Ата қарғысы – оқ» деген, қайын жұртында жүрген Ешімбай бірде саятшылық кезінде аттан құлап мерт болады. Сол құлаған жерінен қан аралас жер майы (мұнай) атқылайды. Кейін бұл жер мұнай өндірісінің ошағына айналып, ол жерге қала орнап, сол қала Ешімбай деп аталады. Башқұртстандағы әйгілі мұнайлы қала Ешімбайдың атауы осыдан шығып еді дейді.

Тағанбайдың екінші ұлы Сарыбай ержетіп, енші алғанда Тобыл өзенінің шүйгін алқабын қоныстайды. Оның ауылының көшіп-қонып жүретін жерлері «Сарыбай қонысы» деп аталады. Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай кен өндірісінің атауы да сол бұрынғы Сарыбай қонысы деген атауға байланысты қойылыпты дейді.

Тағанбайдың үшінші ұлы Мақантының ауылы Жайық (Орал) өзенінің бойындағы тау бөктерін қоныстайды екен. Содан, бұл тауды былайғы жұрт Мақанты тауы деп атап кетеді. Кейін Мақанты тауынан қоры мол темір кені табылып, кен көзін орыстар игере бастаған кезде Мақанты тауы Магнитная деп аталады да, бірте-бірте тау етегінен бой көтерген қалаға Магнитогор аты беріледі. Бұл қала қазақтың қалың қорым-зиратының үстіне салынған. Күні бүгінге дейін

Челябі (Челябинск) облысының қазақтары Магнитогорды бұрынғы әдетпен Мақанты деп атайды.

Тағанбайдың төртінші, кенже ұлы Селімбай да ел-жұртқа қадірі мол, көрнекті адам болыпты. Оның қоныс еткен жері қазақтар мен башқұрттардың арасын бөліп ағатын Мияс деген өзеннің бойы еді дейді. Ол кезде қазақ пен башқұрттың арасында дау-дамай, барымта-сырымта, ұрыс-керіс жиі болып тұрса керек. Алайда, Селімбайдың ақыл-парасатының арқасында түбі бір туыстас қазақ-башқұрт арасы бірте-бірте жарасым тауып, қыз алысып, қыз берісіп, екі ел тату-тәтті өмір сүре бастайды. Қазағы да, башқұрты да Селімбайды қадір тұтып Селеби деп атап кетеді. Тек өзін ғана емес, ол қоныс еткен Мияс өзенінің бойы да «Селеби қонысы» деп аталады. Кейін орыстар осы жерге салған бекінісін де Селеби (Челяби) деп атап, ол атау бірте-бірте осы күнгі Челябинск қаласының атауына айналады.

Күндердің күнінде төрт ұлдың әкесі Тағанбайдың да жасы жетіп, дүние салады. Балалары әкелерін арулап жер қойнына тапсырады. Содан, арада біраз уақыт өткенде Тағанбай қабырының дене топырағы өзінен-өзі дүмпііп көтеріліп, жотаға айналады. Мұндай құдіретке қайран қалған былайғы жұрт әлгі жотаны Тағанбай (Тағанай) деп атап кетеді. Қазіргі Тағанай жотасының атауы осыдан шығыпты дейді (*Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сборник документов и материалов. – Алматы, 1964. 169-бет; Ю.Г. Бошняков. Ресей Федерациясы Челябинск облысының жеріндегі қазақтардың ру-тайпалық құрамы мен орналасуы. – «Сарыарқа» журналы, 1992. № 1).*

ТӨЛЕНГІТ. Қазақ арасындағы жүзден тыс тайпалардың бірі – төленгіт («Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасын қараңыз).

Әр кезде пікір білдірген ғалым-зерттеушілер (А.И. Левшин, Н.А. Аристов, А.Н. Харузин, А.П. Чулошников, М.П. Вяткин, О.Т. Молчанова, В.Ф. Шахматова, Х.М. Әділгереев, Е. Қойшыбаев, т.б.) төленгіттердің этникалық атауы мен тегі Саян-Алтай тау алаптарын ертеден қоныс еткен толонко (долоньге) тайпасынан бастау алатынын айтады. Төленгіттер VII ғасырда Орхонның батыс жағын, Қанқай (Хангай) тауының алабын қоныстанып, кейін қазақ, қырғыз, тыба, алтай халықтарының құрамына сіңісті болған. Қазір төленгіттердің үлкен шоғыры Ресейдің Таулы-Алтай автономиялық облысындағы Ұлыашан (Улачан) және Қосағаш (Кашагач) аудандарында тұрады.

Қазақ арасында төленгіттердің этноәлеуметтік сипат алып, бірте-бірте өз алдына ру-тайпалық өреге көтерілуі Қазақ хандығының нығаюымен, қазақ мемлекеттігінің орнығуымен байланысты. Хан-сұлтандар әлеуметтік-саяси билікті ширатып, ел тағдырының тізгінін бекемдей түскен сайын олардың төленгіттерге деген мұқтажы да артып отырған. Бұл ретте, төленгіттер төрелік биліктің әлеуметтік әлеуеті мен сән-салтанатын ұқсатар қызметші ғана емес, сонымен бірге хан-сұлтандар пәрменінің жүзеге асуын да қадағалайтын болған. «Төленгіттер деп төре маңына жинақталатын, төренің қамқорлығындағы топты айтады. Олар малдарына төре таңбасын басады, төренің ұранын шақырады, бейбіт уақытта төренің

шаруашылығын қарап, жаугершілікте ең сенімді жауынгерлерге айналады», — дейді белгілі этнолог Ж. Артықбаев (*Ж. Артықбаев. Этнос және қоғам. — Қарағанды, 1995. 79-бет*).

Шежіре деректері қазақ арасындағы алғашқы төлеңгіттердің жаугершілік кезінде монғол-қалмақ руларынан қолға түскен жауынгерлер екенін айтады. Қазақ хандығының кемелденуіне байланысты төлеңгіттер қатарын қазақ арасынан шыққан жалғыз-жарым адамдар ғана емес, тұтас әулет-аталар да толықтырып отырған. Шежірелерде «арғын төлеңгіт», «қыпшақ төлеңгіт», «жалайыр төлеңгіт», «жаппас төлеңгіт», «қызылқұрт төлеңгіт», т.б. деп келетін таратымдардың кездесетіні сондықтан.

Тарихи-шежірелік деректерде қазақ арасындағы төлеңгіттердің пайда болуының үш түрлі себебі айтылады. Бірінші — жаугершілік, жұт, індет сияқты нәубеттер салдарынан қожырап-шашыраған әулет-атаның әбден кедейленген жанұялары күнкөріс үшін әлді хан-сұлтандарды сағалаған. Сөйтіп, бірте-бірте сол хан-сұлтанның әулетіне сіңісіп кеткен. Екінші — кейбір мал-жаны өсіп-өнген байлар хан-сұлтандарды пана тұтып, оларға өз еріктерімен қосылып отырған. Үшінші — ел ішінде айыпты болып, жазаға тартылатындар да хан-сұлтандарды сағалап, бірте-бірте сіңісіп кететін болған (*Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII — нач. XIX в. // Материалы по истории Казахской ССР (1785-1826 гг., IV том). — Москва-Ленинград, 1940*).

С. Броневский Сібір қазақтарының төрелері туралы жазбасында төлеңгіттенген бұқарлықтарды, ташкенттіктерді, қарақалпақтарды, башқұрттарды, қалмақтарды атап өтеді (*Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сборник документов и материалов. — Алматы, 1964*).

А. Харузин төлеңгіттерді төре қол астындағы құлдар мен олардың ұрпақтары дейді. Бұл жерде, дәстүрлі қазақ қоғамындағы құл мен отырықшы елдердегі құлдың арасында әлеуметтік тип ретінде айтарлықтай айырмашылығының бар екені қаперді болуға тиіс. Көшпелі өмір-салттағы тіршіліктің корпоративті үлгісі (әулеттік, аталық, рулық, тайпалық) бойынша адамды толық бас еркінен айыратын құлдықтың болуы мүмкін емес. Өйткені, көшпелі өмір-салттағы өмір-тіршіліктің негізі болып табылатын ру-тайпалық жүйе тек мақсат-мүдде ортақтастығы арқылы ғана пайда болатын әлеуметтік құбылыс. Бұл — көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық жүйенің ең басты ерекшелігі («У ішсең — руыңмен»). Былайша айтқанда, сол қоғамдағы адамдардың өмір сүру үлгісі. Дәстүрлі көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың кез келген бөгде адамдарды, тіптен, әулеттер мен тұтас руларды өз құрамына сіңіріп ала қоюының негізгі сыры да осында.

Рас, дәстүрлі қазақ қоғамында «құлдарды», «күндерді» құнға төлеу ету, бәйгеге тігу, жасауға қосып жіберу сияқты үрдістердің болғаны белгілі. Алайда, сол «құлдар» мен «күндердің» барған жерінде де әулет-ата, ру-тайпа мүшесі болып, онда да келген елімен мақсат-мүддесін ортақтастырып, қосылған руының таңбасы мен ұранын алып, тіптен сол рудың көрнекті бір бұтағына ұласып кететін мысалдар қазақ шежіресінде мың-сан. Бұл ретте, ұзатылған қыздың жасауына қосып жіберген Кіші

жүздің қызы Қарқабаттан Орта жүздегі 26 болыс болған қаракесек руының тарағанын, Қарқабат есімі сол рудың ұранына шыққанын, ол рудан Қазыбек би, Алшынбай би, Тәттімбет күйші, Мәди әнші сияқты қазақтың әйгілі перзенттері дүниеге келгенін айтса да болар.

Қазақ хандығының XVIII ғасырдан бастап Ресей ықпалына тап болуы, кешікпей-ақ хандық биліктің жойылуы, осыған байланысты хан-сұлтан ықпалының солғын тартуы төлеңгіттердің дербес ру-тайпа болып жіктеле түсуіне себепші болды. Сөйтіп, төлеңгіттер өздерінің әлеуметтік-ұжымдық қалыптарын нығайта отырып, қазақ халқының жүзге жатпайтын тайпасы ретінде шежірелік ақпаратқа енді.

ТӨРЕ. Түркі тектес халықтар арасында ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша саяси-әлеуметтік билікке ие болған ру-тайпаларды төрелер деп атап, оларды ақсүйектер санатына қосқан. Төре сөзі байырғы түркі тілінде «төр иесі» (төр + ие), яғни, «билік иесі» деген мағынада қолданылған (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 580-бет*).

Түркі тектес көшпелілер қоғамында билік жүйесіне белгілі бір рудың сұрыпталып шығуы, ол ру ішінен таққа лайық адам таңдалғанда ағалық жолдың сақталуына алдымен мән берілуі — ертеден қалыптасқан дәстүр, айнымас әдет (заң), бұлжымас жөн-жора. Түркі Қағанатының тағына ие болу мәртебесі әйгілі қолбасшы Күлтегінге ұсынылғанда, Күлтегін өзінің жасының кіші екенін уәж етіп, жасы үлкен Білгені таққа отырғызады. Сол сияқты қытайдың әулеттік шежіресі «Суй кітабында» байырғы түркілердің салт-дәстүрі, жөн-жорасы жөнінде мынандай дерек бар: «Тобо тақта он жыл отырып, аурудан қайтыс болды. Ол өлерінің алдында ұлы Ианлоға былай деді: «Ең нағыз туыстық әке мен баланың арасындағы туыстық екені белгілі. Бірақ, менің ағам осы жақындықты тәрк етіп, тақты маған берді. Мен өлгеннен кейін сен тақты аған Даболианға беруің керек» (*Н.Я. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. — Москва-Ленинград, 1950. I том. 234-бет; Жүгінім Қ. Салғараұлының аудармасы бойынша беріліп отыр: Түріктер. Жыужандар. — Алматы, 1999. 39-бет*).

Сол сияқты, оғыздар Кіші Азияға қоныс аударған соң біразға дейін шарифат заңына қоса өздерінің төрелік құқықтарын қатар жүргізіп отырған. Мұның өзі азаматтық сот істерінде, сарай рәсімдерінде, сұлтанды таққа отырғызу кезіндегі шүлен тарату дәстүрінде, ру-тайпа басшылары сұлтанның оң тізесіне немесе сол тізесіне бөлініп отыру үрдісінде, ту мен таңба белгілерінде, ең арғысы мүшелі табақ тартып, дәм беру барысында лайықты сыбағаларының белгіленуіне дейін айқын көрініс тапқан (*В.А. Гордлевский. Государство Сельджукидов Малой Азии. — Москва-Ленинград, 1941. 57-бет; Ага Каррыев, В.Т. Мошкова, А.Н. Насонов, А.Ю. Якубовский. Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в XIII-XIX вв. — Ашхабад, 1954. 155-бет*).

Байырғы заманнан бастау алатын мұндай дәстүрді қазақ халқы жадына берік сақтап, жазылмаған заңға айналдырған және оны қоғамдық өмірдің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік бірлік-берекесіне кепіл ете білген. Қазақ хандығының ұзына тарихында сұлтаннан басқаның хан болған кезі жоқ (*С.З. Зиманов. Общественный строй казахов первой половины XIX века. — Алматы, 1958. 184-бет*).

Ресей империясы қазақ арасындағы хандық билік жүйесін ыдыратқан соң, әлі де отаршылдық бұғауына түсе қоймаған Ұлы жүз бен Орта жүздің ру-тайпалары өздерін басқарту үшін төре руынан шыққандарды арнайы ұлықтап шақырған мысалдар шежіре дерегінде мол ұшырасады. Кейін Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ арасында толық бел алған кезде орыс ұлықтарын да «төре» деп атайтын дәстүр қалыптасты. Яғни, халық жадында сақталған байырғы дәстүр бойынша, орыс болғандығына қарамастан, саяси-әлеуметтік билік басындағылар «төре» деп аталды.

«Төресіз ел болмас, төбесіз жер болмас», «Қожаны көрсең Қыдыр тұт, төрені көрсең қадір тұт», «Төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды», «Тіріміздің билігі «Арқар» ұранды төреде, өліміздің билігі «Алдияр» ұранды жожада», «Төре — төр иесі» деп келетін қазақтың мақал-мәтелдері, біріншіден, төрелердің саяси-әлеуметтік билік мәртебесіне ие тайпа екенін білдірсе, екіншіден, «төре» атауының «билік иесі» деген мағынасын орнықтыра түседі.

Орталық Азиядағы түркі тектес халықтар арасында саяси-әлеуметтік билік тізгіні Шыңғыс хан әулетінің қолына көшкен соң, байырғы дәстүр бойынша, бұл әулет те төрелер санатына жатқызылды. Сөйтіп, қазақ арасында жүзге жатпайтын, жүздік генеалогия құрылымынан тыс тайпалардың бірі төре болып қалыптасты. Қазақ төрелері өздерінің түп тегін әйгілі «алтын ұрықты» Шыңғыс ханнан өрбітеді. Өз алдына дербес ел болған біртұтас Қазақ хандығының тізгіні төреден сайланған ханның ғана қолында болды. Қазақ хандығының мемлекеттік біртұтастығы және оған бір орталықтан хандық биліктің жүргізілуі XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін сақталып келді.

Ел өміріндегі саяси-әлеуметтік өзгерістерге және Ресей мен Қытай сияқты іргелес елдердің өктем ықпалына байланысты қазақ төрелері XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап жүздік бөліктерге жіктеліп, олардың барша тағдыры белгілі бір жүздің аясындағы ахуалмен біте қайнасып жатты.

Ұлы жүз төрелері, негізінен, Абылай хан мен Әбілмәмбет ханның ұрпақтары болды.

Тарихи деректерде Ұлы жүзге XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Жолбарыстың хан болғаны айтылады (*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. — Алматы, 1961. 36, 62, 120, 128, 129-беттер*).

Шежірелік деректер бойынша Ақназар ханның Ташкентке хан болатын немере інісі Тұрсын Мұхаммедтен Абдолла туады. XVIII ғасырдың бас кезінде жүздер бойынша хандық билік жүргізіле бастағанда Абдолла Ұлы жүзге хан болды. Абдолладан — Әбілқайыр мен Жолбарыс туады. Ұлы жүзге Абдолладан кейін оның баласы Жолбарыс хан болды. Абдолланың Әбілқайыры болса 1711 жылы Қарақұмда өтетін құрылтайда бүкіл қазақ әскерінің ханы — мүкәддама лашкари болып сайланды. Оны М.Тынышбайұлы «қарт Әбілқайыр» деп даралап атайды (*М. Тынышбаев. Киргиз-казаки в XVII и XVIII веках // История казахского народа. — Алматы, 1993. 167-бет*).

Ұлы жүзге XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Абылай ханның балалары Әділ, Сүйік және олардың балалары билік жүргізе бастады.

Орта жүз төрелерінің басым көпшілігі Әбілмәмбет ханның, Абылай ханның, Сәмеке ханның және Барақ пен Көшек сұлтанның ұрпақтары. Бұл хан-сұлтандар әулетінің ішінде әр түрлі нәубет салдарынан сіңісті болған Шайбан тұқымы Көшім мен Тоқтамыс ұрпағы да кездеседі.

Кіші жүздің төрелері — Әбілқайыр ханның, Қайып ханның және Сәмеке ханның ұрпақтары. Бұл үш хан да қазақ төрелерінің кіші буынына жатады. Себебі, Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Әз Жәнібек (Әбусағит) ханның үлкен ұлы Қасым хан болса, ортаншы ұлы Сөктің (Ұсынақ, Үсен, Өсеке) ұрпағы — Әбілқайыр хан, кіші ұлы Жәдіктің ұрпағы — Қайып хан мен Сәмеке хан.

Қазақтың елдік дәстүрінде, әсіресе, хандық-сұлтандық билік дәстүрінде ағаның, аға баласының жолы қашанда жоғары болып отырған. Мұның өзі ел өміріндегі билік жүйесінің, белгілі дәрежеде, ретті болуына да ықпал еткен. Әз Жәнібектің ортаншы және кіші балаларынан өрбіген ұрпақтарын төрелердің кіші буынына жатқызатыны да сондықтан.

Жалпы, сандық жағынан келгенде қазақ құрамындағы төрелердің үлес салмағы 1-1,5 пайыз мұғдарында (*Ж. Артыкбаев. Казахское общество: традиции и инновации. — Астана, 2003. 40-бет*). Алайда, қазақ халқының ұлт болып ұйысып, ел болып еңсе көтеруі жолында төрелік билік жүйесінің негізінен жағымды рөл атқарғаны аян. Тарихтың сындарлы сынынан өткен төрелік билік жүйесінің қалыптасқан дәстүріне қазақ хандары да табан тіреп, оның барша жетістігін өз елінің ерекшеліктеріне орай жерсіндіре пайдаланды.

Қазақ арасындағы төре әулетінің қазақтануы, яғни, өздерін қазақ ұлтының өкілімін деп тану сезімі, түптеп келгенде, қазақтың басқа да іргелі ру-тайпаларымен бір мезгілде қатар қалыптасты. Қазақ хандығы құрылған кезде Шыңғыс хан әулетінен өрбіген ұрпақ та түбегейлі қазақтанып, «төре» деп аталатын тұтас тайпа қалыптастырып үлгерген еді және олар Қазақ хандығын жасақтасқан ұйытқы тайпалардың бірі бола білді. Жалпы қазақ этносының ұзына тарихында төре тайпасының ұлттық мүдде жолында ең алдыңғы шептен табылған құрбаншыл, пассионар тайпа болғанына айрықша құрметпен қараған абзал. Арғы тарихты былай қойғанда, қазақ халқының дербес ұлт ретінде тарих сахнасына шығуына мұрындық болған Керей мен Жәнібектен бастап, ең соңғы Кенесары ханға дейін, төрелер — мемлекеттіктің символы, елдіктің кепілі, ұлттық қасиеттердің ұйытқысы болғаны ақиқат. Сөз жоқ, бұлай болуы төре тайпасының артықшылығы да, кемшілігі де емес, тіптен түпкі тегі Тәңірдің нұрынан жаралған деп келетін мифтік нанымды кие тұтқандықтан да емес, керек десеңіз, биліктің бал шырынына қызығып, астындағы тағы мен басындағы бағын қимағандықтан деудің де қисыны жоқ. Төре тайпасының пассионар (құрбаншыл) болуындағы басты себеп — байырғы заманнан бастау алатын мемлекет жасақтаушылық дәстүрдің халық жады мен болмысында берік сақталғандығынан. Гәп — қазақ төрелерінің Шыңғыс хан кіндігінен тараған ұрпақ болғандығында емес, мәселе — көшпелі өмір-салт пен көшпелілер қоғамының төрелік билік институтын қалыптастыруында, ол институттың этнокіріктірушілік және қоғамдық өмірді реттеушілік сипатында. Осы орайда, Қазақ

даласында қалыптасқан ру-тайпалық жүйенің потестарлық биігіне ұдайы төрелік (хандық, сұлтандық) биліктің ұйытқы болып отырғанын, мұның өзі төлтума сипаттағы мемлекеттік жүйе қалыптастырудың алғышарты болғанын аңғартады. Яғни, көшпелілер қоғамында белгілі бір ру-тайпа төрелік статуска ие болғысы келгендіктен төре болмайды, қоғамдық сұраныс төрелік институтты саяси-әлеуметтік сұрыптаулардан өткізіп барып дүниеге келтіреді. Одан да нақтыраңқырап айтқанда — қоғамның саяси-әлеуметтік толғағы белгілі бір ру-тайпаны билік сатысына сұрыптап шығарады. Бұл ретте, түркі тектес көшпелілердің ұзына тарихы ру-тайпа аралық сұрыпталудан тұрады деуге болады. Бұған қазақ тарихындағы елі мен жері үшін басын бәйгеге тіккен хан-сұлтандардың әрекет-тірліктері мен ғажайып адамдық сапасы жарқын айғақ. Сондықтан да «былайғы жұрт ханды тақсыр хан ием немесе тақсыр патшам деп, хан жұбайын ханым деп, ал хан тұқымын сұлтан деп ұлықтаған» (*И.Г. Георги. Описание всех в Российском государстве обитающих народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежды и прочих достопамятностей. 2-бөлім. — СПб., 1776. 135-бет*).

Тарихи деректерге ден қойғанда Қазақ даласындағы қаңлы, үйсін, ашина, оғыз, дулат, қыпшақ, арғын, найман, керей, алшын, ноғай, жалайыр, қоңырат, маңғыт сияқты ру-тайпалардың да әр кез-кезенде, әр аяда төрелік институттың тізгінін ұстап, олар да өз кезінде, өз ортасында ел-жұртты ұйыстыруға қызмет еткенін, яғни, төрелік билік құрғанын атап өткен жөн.

Патшалық Ресей өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру үшін алғашқы кезде хан-сұлтандарды ұлықтаған саясат ұстанды. Н.Н.Крафттың дерегі бойынша, 1759 жылы Үкімет сенаты қазақ сұлтандарының мерей-мәртебесі жөнінде арнайы мәселе қарап, сұлтандардың — княздермен (князь), мырзалардың — дворяндармен өрелескендігі жөнінде шешім қабылдаған (*АВПР — Архив внешней политики России, ф. Киргиз-кайсацкие дела, 1756. д. 8, л. 5.*).

Әрине, бұл алдамшы саясат болатын. Кешікпей-ақ, Қазақ даласында Ресей отаршылдығы бел алып, хандық билік жүйесі біржола жойылды. Одан соң, біртұтас қазақ ұлты бөлшектеніп, аға сұлтандық билік жүйесі орнады. Аға сұлтандық биліктің басына қарадан шыққандар да сайланатын болды. Сөйтіп, төрелік билік жүйесі бірте-бірте тарих еншісіне айнала бастады. Ал, Кеңестік тоталитарлы-репрессиялық заманда төрелер қоғамның ең зиянкес әлеуметтік типі ретінде аяусыз жаза мен қудалауды бастан кешті.

Отаршылдық деген, қарапайым тілмен айтқанда, бір елдің тағдырын басқа бір елдің өз мүддесі тұрғысынан шешуі. Демек, қазақ қоғамында Ресей отаршылдығы үстемдік құрған кезеңде төрелік билік институтының болуы мүмкін емес еді. Ал, Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты бір мезгілде жүзеге асқан жоқ, саяси және әскери әрекеттердің ең бір шектен шыққан кісәпір тәсілдерін қолдану барысында бірте-бірте жүзеге асты. Нәтижесінде, бұл үрдістің бас қарсыласы болған төре тайпасы репрессиялық саясаттың нысанасына айналды да, билік институты деңгейіндегі төре тайпасының тұтастығы бірте-бірте ыдырауға мәжбүр болды. Бұл үрдіс, әсіресе, ХІХ ғасырда бел алды. Бұрынғы билік институтының басындағы төрелердің

тайпалық біртұтастығы ыдырап, алдымен «Ұлы жүздің төресі», «Орта жүздің төресі», «Кіші жүздің төресі» болып бөлшектенсе, бара-бара «дулаттың төресі», «албанның төресі», «арғынның төресі», «керейдің төресі», «әлімнің төресі», «таманың төресі» болып одан әрі ыдырай түсті. Сөйтіп, төрелердің ру-тайпалық құрылымы дәл осы қалпында қазақ халқының шежірелік жадына орнықты.

Төрелік биліктің ыдырауына байланысты төрелердің нақтылы шежірелік деректерін мысалға келтіруге болады. Бұл ретте, Қазақ хандығына бір орталықтан билік жүргізу дәстүрі Тәуке ханнан кейін, яғни, Ресей отаршылдығының ықпалына байланысты, қожырай бастағанын атап өткен жөн. Әйгілі Салқам Жәңгірден — Тәуке хан, Уәли сұлтан, Бақи сұлтан туады. Тәуке ханнан — Болат хан, одан — Әбілмәмбет хан, одан — Әбілпейіз сұлтан, одан — Бопы сұлтан туған. Осы Бопы сұлтанның ұрпағы Семей уезіне төрелік етті. Ал, Әбілпейіздің ұрпағы (Көгедай — Ажы — Қасымхан — Жеңісхан — Әлен) болса, Монғолиядағы абақ керейлерге төрелік жүргізді. Әбілмәмбеттің бір баласы Болат болса, одан — Сәтемір, одан — Құдайменде, одан — Әкім болып тарайды. Бұл ұрпақ Қарқаралы уезінің төрелері болды. Тәуке ханның бір баласы Сәмеке хан болса, одан — Есімхан, одан — Құдайменде, одан — Қоңырқұлжа. Төрелердің бұл буыны Ақмола уезіне төрелік етті.

Сол сияқты, Салқам Жәңгірдің бір баласы Бақи сұлтан еді ғой. Бақидан — Ибақ, одан — Сұлтанбет туған. Сұлтанбеттен — Орыс, Иман, Үкібай, Тортан, Ботай, Ботакөз, Матай, Шаншар, Құлтай, Құлшық, Қараш деп аталатын он бір ұл туған. Осылардың ұрпағы Павлодар уезіндегі ру-тайпаларға жеке-жеке билік жүргізген. Мәселен, күні бүгінге дейін орыс ұрпағын — Маралды төрелері, Иман ұрпағын — Күрлеуіт қыпшақ төрелері, Үкібай ұрпағын — Қызылқак, Сілеті төрелері, Тортан ұрпағын — Жарымбет қыпшақ төрелері, Матай ұрпағын — Ақтілес бәсентиін төрелері, Құлтай ұрпағын — Жолаба қыпшақ төрелері, Құлшық ұрпағын — Сағал қыпшақ төрелері, Қараш ұрпағын — Құлтай қыпшақ төрелері деп отырады (*Т.А. Еңсебаев. Қанжығалы шежіресі. — Павлодар, 2004. 16-бет*).

Мұндай мысалдарды исі қазақтың ру-тайпалары мен оларға сіңісіп кеткен төрелерге және қожаларға қатысты келтіре беруге болады. Алайда, ол шарт емес. Мәселе отаршылдыққа байланысты енгізілген билік жүйесінің төрелік билікті ыдыратуына және бірте-бірте ығыстыруына қатысты болып отыр. Ең ғажабы, төре тайпасы биліктен ығысып, үш жүз аясындағы ру-тайпалардың арасына сіңісіп кетсе де, өздерінің төре тайпасынан екенін бір сәт ұмытқан да емес, қаншалықты замана тауқыметін тартса да шыққан тегінен бас тартқан емес. Бұлай болатыны, ру-тайпалық жүйе қазақ халқының ғұмыр-тарихы, ұлттық болмысы. Оны ұмыту — қазақ халқының өзін-өзі ұмытуы деген сөз. Яғни, ұлттың мәңгүрттенуі арқылы жойылуы дегенге саяды.

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ТӨРЕЛЕРІ. Жалпы қазақ жүздерінің төре бөлісуі XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының біртұтас Қазақ хандығын бөлшектеуге, ыдыратуға орай жүргізген саясатымен тікелей байланысты.

Ұлы жүз төрелері негізінен Абылай хан (1711-1781) кіндігінен тараған ұрпақтар болып келеді. Абылай ханның он екі әйелінің бірі қарақалпақтың Шуақбай

Сағындықұлы деген бегінің қызы — Сайман ханым. Сайман ханымнан — Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім атты төрт ұл туған.

XVIII ғасырдың соңына қарай Қазақстанның шекаралық аймақтарында Ресей мен Қытайдың ықпалы күшейіп, бұл елдермен арадағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас ел басшыларынан дипломатиялық іскерлік-көрегендікті қажет еткен. Міне, осындай сын кезеңде Абылай хан өзінің Әділ деген ұлын Қытайға аманат ретінде жіберген (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений. I том. — Алматы, 1961. 428-бет*).

Абылай ханның табанды әрекеті мен ақыл-парасатына риза болған Қытай боғдыханы Әділге сый-сыяпат көрсетіп, еліне қайтарады. Әділ осы сапарында Жетісу өңіріне тұрақтап, Ұлы жүздің сұлтаны атанады. Елге сыйлы болып, әділ төрелік жүргізіп, үрім-бұтағы өсіп-өнген Әділ сұлтан 1815 жылы Ташкент маңында дүние салған.

Әділ сұлтаннан — Абылай (лақап аты Құлан), Ғали, Ералы, Нұралы, Бегалы, Тыналы, Төлек, Мамырхан, Тәуке, Қайып, Көшен, Сейілхан атты ұлдар туған. Әділ сұлтанның кіндігінен тараған ұрпақ Ұлы жүздің дулат, албан, жалайыр, шапырашты, суан сияқты ру-тайпаларына билік жүргізіп, төрелік құрған. Ол кезде Ұлы жүздің шекаралық өңірінде қытайдың әсер-ықпалы едәуір болып, ел билеу ісінде төрелер Қытай мемлекетінің саясатымен санасып отыруға мәжбүр болған. Әсіресе Текес өзенінің бас-аяғын көсіле қоныс етіп, Құлжа аймағымен тіршілік-тынысы кіндіктес болған албан тайпасы жыл сайын Қытай еліне 60 ат жіберіп тұрған. Қалыптасқан дәстүр бойынша Қытай елі салық атына арнап жыл сайын 60 қайыс нокта жіберіп тұратын болған. Осыған байланысты қазақтар салық аттарын «сарыноктаның аты» деп атаған. Мұндай салық түрлерін Қытай елі кезінде шекаралық өңірдегі абақ керей, найман тайпаларына да салып отырған.

Ұлы жүз төрелерінің ішіндегі ең бір атақтысы, ақыл-парасатымен ел-жұртқа әйгілісі — Әділ сұлтанның Нұралы деген баласынан туған немересі Тезек төре болған. Ұлы жүз Ресей бодандығына өткенге дейін Тезек төре ел басқару ісінде Қытайдың шен-шекпеніне ие болып, штаб офицерінің көкшар шенін алған. Саяси-әлеуметтік ахуалға жүйрік Тезек төре Ұлы жүздің Ресей қол астына өтуі кезінде белсенділік танытып, сол үшін полковник шенін алған. Кейін, 1850 жылы Ұлы жүздің аға сұлтаны болып тағайындалды.

ХАНАФИЙАНЫҢ ҮШ ШАРТЫ. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың әрі немересі, әрі күйеу баласы Хазірет Әлі Рұм патшалығымен болған соғыста сол елдің патшасының қызы Ханафийамен жекпе-жекке шығып, белдесуіне тура келеді. Сол белдесуде Әзірет Әлі патша қызын жеңіп, шарт бойынша өзіне пенде етіп елге алып келеді. Елге келген соң пайғамбардың алдына жүгіндіреді. Сонда, Ханафийа қыз Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға мынандай үш шарт қояды: «Бірінші — мені қазірден бастап мұсылман дініне қабылдайсыз, екінші — мені жеңген Хазірет Әліге некелеп қосасыз, үшінші — менен туған ұл бала Сіздің атыңыз бен менің атымды қатар алып жүретін болады», — дейді. Пайғамбар қыздың айтқан шарттарының бәрін де қабыл алады. Содан, Ханафийа Әліге қосылады. Олардан ұл бала туып, оның атының Мұхаммед Ханафийа атануы содан еді дейді. Қазақ шежірелерінде көптеген қожа

әулеттері осы Мұхаммед Ханафийадан өрбітіледі (*Дерек беруші Зікірия Жандарбек (1953), белгілі түркітанушы, Оңтүстік Қазақстан облысы*).

ХҰСЕЙН ҚОЖАНЫҢ ҚҰДІРЕТІ. Шежіре деректерінде Абд ал-Жалил-бабты Хорасан-ата деп те атайды. Жұртшылық күні бүгінге дейін Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданына қарасты Қожакент ауылының маңындағы құм ішінде тұрған мазарды Хорасан-атаның мазары деп есептейді. Аңыз бойынша бұл мазарға Абд ал-Жалил-баб пен оның баласы Хұсейн қожа жерленген. Күні бүгінге дейін мазарға келушілер алдымен Хұсейн қожаға, сонан соң оның әкесі Хорасан-атаға зиярат жасайды. Мұның мәнісі, Хұсейн қожаның ілімі әкесі Хорасан-атаның ілімінен жоғары еді дегенді айтады.

Хұсейн қожа бірде әкесі Абд ал-Жалил-бабтың таң намазы парызын Қағбаға барып оқып жүргенін байқайды. Байқайды да, әкесіне: «Ау, Ата, Сізді күн сайын әуре қылмай, намазыңызды осында оқитын етіп Қағбаны көшіріп алып келейін», — дейді. Сонда, Хорасан-ата баласының ілімін сынамақшы болып: «Ол болар ма екен, шамаң жетсе байқап көр», — дейді. Сол жерде, Хұсейн қожа: «Онда, қараңыз!» — дегенге қараса, Қағбаның аспанда қалықтап тұрғанын көреді. Хорасан-ата дереу Қағбаның жерге түскен көлеңкесінің кескінін сызып алып, қайтадан орнына көшіріп алып баруын сұрайды.

Содан, Хорасан-ата Қағбаның көлеңкесі түскен жерге Қағба кескініне ұқсатып мешіт салады. Сонсоң, баласының ілімі өзінің ілімінен жоғары екенін жұртшылыққа жария етіп, алдымен баласы Хұсейн қажыға, содан кейін ғана өзіне зиярат жасауды өсиет еткен екен (*Дерек беруші Зікірия Жандарбек (1953), белгілі түркітанушы, Оңтүстік Қазақстан облысы; З. Жандарбек. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. — Алматы, 2002. 67-бет*).

Төртінші тарау. Шежірелік айғақтар

Тектес-аттас ру-тайпалар

Лақап немесе жанама этнонимдер

Сіңісті аталар мен рулар

Қазақ этнотопонимдері

Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар

Мақал-мәтелдер

Ен-танбалар мен ұрандар

Төртінші тарау

Шежірелік айғақтар

20. Тектес-аттас ру-тайпалар

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымында тектес-аттас ру-тайпалар мейлінше жиі ұшырасады. Яғни, белгілі бір ру-тайпаның бөлшегі басқа бірнеше ру-тайпа құрамында да кездесе береді деген сөз. Дәл сол сияқты, белгілі бір ру-тайпа бөлшегінің мүлде басқа ұлттың (халықтың) құрамынан ұшырасуы да жиі байқалатын құбылыс. Мұның айғақ-мысалдары осы тараушада алғаш рет кең көлемде түзіліп, мүмкіндігінше тарихи-генеалогиялық түсініктеме беріліп отыр.

2. Бір ру-тайпаның бөлшектеніп, басқа бірнеше ру-тайпаның құрамына, тіптен, басқа ұлттардың арасын а сіңіп кетуі, сөз жоқ, тарихи тегеурінді оқиғалардың салдарынан болатын құбылыс. Түркі тектес халықтардың ұзына тарихында болған мұндай тегеурінді оқиғаларды төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші — байырғы сақ-ғұн заманынан бастап, Түркі қағанатына дейінгі кезең (б.з.д. VIII — б.з. VI ғғ.). Екінші — Түркі Қағанатынан бастап, Шыңғыс хан шапқыншылығына дейінгі кезең (VI-XIII ғғ.). Үшінші — Шыңғыс хан шапқыншылығынан бастап, Алтын Орданың ыдырауына дейінгі кезең (XIII-XVI ғғ.). Төртінші — Алтын Орданың ыдырауынан бастап, бүгінге дейінгі кезең (XVI-XX ғғ.). Бұл кезеңдерде түркі тектес ру-тайпалардың қай-қайсысы да бірде ұйысып, енді бірде ыдырап, бірде дербес ел болып, енді бірде жаттың жетегіне ілесіп, жиырмаға тарта мемлекеттік жаралымдар (дәулет, ұлыс, қағанат, ел, хандық, сұлтандық, орда...) аясында күрделі этносұрыптауларды бастан өткерді. Мұның айқын айғақтары әрісі түркі тектес халықтардың, берісі қазақ халқының құрамындағы тектес-аттас ру-тайпаларға қатысты тарихи-шежірелік деректерде сайрап жатыр. Яғни, қазақ халқының тарихы мен этногенезін сөз еткенде тектес-аттас ру-тайпалардың тағдырын айналып өту мүмкін емес.

3. Алтын Орда жұртында бөлініп-жарылып қалған ру-тайпалардың басын қосып, Қазақ хандығын жасақтау мейлінше күрделі этносаяси жағдайда өткені аян. Осы орайда, хандық басқару жүйесін қалыптастыру үшін, ең алдымен, судай сапырылысқан ру-тайпалардың құрылымын ретке келтіріп, жаңаша жіктеу объективті қажеттілік болған. Тектес-аттас ру-тайпалардың қалыптасуына қатысты тарихи алғышартты осындай қисындармен сабақтастырған жөн. Бұл тұрғыдан келгенде,

қазақ халқының ру-тайпалық және жүздік құрылымдары этникалық даралықты емес, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөліктерді айғақтайтыны айрықша ден қойдырады. Ал, Қазақ хандығының аясында толып жатқан алашабыр ру-тайпалардың жарастықты өмір сүруі деген мәселеде — еншілес болу, би сайлау, нокта ағалар таңдау, қарашанырақ иелерін белгілеу, рубасыларының балаларын алмастыру, ру араластыру, ұран-танбаларды айғақтау, көш жолдарын ортақ ету сияқты институттанған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, жол-жоралар мен жөн-жобалар қоғамдық өмірдің ретті болуын қамтамасыз еткен.

4. Қазақтың ру-тайпалық құрылымында тектес-аттас ру-тайпалардың жиі ұшырасуы, сөз жоқ, кез келген ру-тайпалық жаралымның (образование) бірыңғай қандас-туыстастардан құралмағандығын айғақтайды. Яғни, қазақтың әрбір ру-тайпалық жаралымы, әсте, этникалық даралықты білдірмейді деген сөз. Қазақтың ру-тайпалық құрылымы, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөліктерді айғақтауының да, сондай-ақ, ру-тайпа атауында этнодаралықтан бұрын бағдар берушілік сипатының басым болатындығының да сыр-себебі осында. Бұл — тарихи факт, бұлтартпайтын айғақ. Олай болса, рушылдық, жүзшілдік, жікшілдік деген «дерттің» де алдамшы сезім, аңғал түйсік екенін мойындауға тура келеді. Бұл ретте, қазақ халқының этнотұтастығын қамтамасыз ететін тетіктерді қапысыз ойластырған Қазақ хандығын жасақтаушы қайраткерлердің ақылмандығы ұдайы құрметпен тағзым етіп отыруға лайық.

Сонымен, тектес-аттас ру-тайпалар...

АБАҚ. 1. Орта жүз құрамындағы керей тайпасы өз ішінде абақ керей және ашамайлы керей болып екі тармаққа бөлінеді.

2. Шежірелік деректерде Ұлы жүз өз ішінде Бақтияр — Қотан — Үйсін — Майқы болып тарап келеді де, Майқыдан Ойсыл мен Үйсіл есімді екі бала туады дейді. Үйсілден — Сақал, одан — Ақсақал мен Жансақал туады. Осы Ақсақалды «Абақ» деп, Жансақалды «Тарақ» деп атайтын дәстүр бар.

3. Өзбек арасындағы қоңырат (уақтаңбалы) тайпасының құрамында абақ (абақлы) руы бар.

АБДАЛ. 1. Кіші жүз таз тайпасының құрамындағы рулардың бірі абдал деп аталады.

2. Түркімен халқының құрамында абдал руы бар.

3. Өзбек халқының құрамындағы лоқай тайпасының ішінде абдал руы бар.

4. Қырғыз халқының құрамындағы сарыбағыш тайпасының ішіндегі бір ру абдал деп аталады.

5. Башқұрт құрамындағы таз (тазлар) руы өз ішінде абдал, шарғы және жастабан деген үш атаға бөлінеді.

Абдал атауын байырғы эфталдармен (эфталиттер) сабақтастыратын ғалымдар да бар (*А.Ю. Якубовский*).

Сөз орайында түркімен абдалдары ХІХ ғасырға дейін Маңғыстау алабын, Үстірт үстін қоныстанып, қазақтың таз тайпасымен қоңсылас болғанын айта кеткен жөн.

6. Ұлы жүздегі жалайыр, ысты, албан, Орта жүздегі керей (ашамайлы) тайпаларының құрамында таз аталары бар.

7. Таз руы тыба халқының құрамында да бар.

АДАЙ. 1. Кіші жүз құрамындағы он екі ата байұлының бір атасы адай деп аталады.

2. Бұхар хандығы кезінде Қорғантөбе төңірегінде, сондай-ақ Балжуан бектігінде қазақтың Кіші жүзінің адай, әлім, балықшы табын руларынан 800 шаңырақ болғаны жөнінде дерек бар (*Н. Февралев. Правобережная полоса Пянджа и Аму-Дарьи от Калыванч до Керки. — «Военный сборник», СПб., 1895. № 10. 427-бет*). Бұл рулар Вахш алабы мен Таирсу өзенінің төменгі сағасын қыстаса, басқа маусымда Теректітау мен Әлімтай шатқалын қоныс еткен.

Негізінен қазақтың Кіші жүзіне жататын бұл рулардың біразы Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі аласапыранда Ауғанстанға қарай ығысып, бұрынғы 4 мыңдай адамнан (800 шаңырақ) не бары 490 шамасында адам қалған (*Материалы по районированию Средней Азии, кн. 1. Территория и население Бухары и Хорезма, ч. 1. — Бухара, Ташкент, 1926. 247-бет*).

Тәжік, өзбек арасында адайларды «мұғал адай» деп атайтын дәстүр бар. Зерттеушілер мұның себебін адайлардың XV-XVIII ғасырлар аралығында Жетісудың батыс өңірінде Моғолстанда болуымен байланыстырады (*В.В. Востров, М.С. Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX в.). — Алматы, 1968. 86-87-беттер*).

3. Саха (якут) құрамында адай руы бар (*Б.О. Долгих. Родовой и племенной состав народов Сибири в XVII веке. — Москва, 1960. 365, 542-544-беттер*).

АЙТ. 1. Ұлы жүз албан тайпасының ішінде айт руы бар. Шежіре дерегінде Албан — Сары — Сүйменді — Айт болып тарайды.

2. Ұлы жүз дулат тайпасының ішіндегі жаныс руынан өрбіген аталардың бірі — айт (Жаныс — Шегір — Құлпайыз — Айт).

3. Кіші жүз әлім бірлестігінің жаманақ (шекті) тайпасынан өрбіген айт атасы бар (Шекті — Орыс — Бөлек — Айт).

4. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы төртқара тайпасының құрамында да айт атасы бар (Төртқара — Жансүгір — Торым — Айт).

Шекті мен албан, дулат таңбаларындағы ұқсастықтың сыр-себебі айт руының шекті, төртқара, албан, дулат тайпаларының құрамына шашырай сіңісіп кетуінен болу керек.

АҚБУРА. 1. Орта жүздегі арғын тайпасының құрамында ақбура руы бар.

2. Мажарстан (Венгрия) қыпшақтарының арасында ақбура (ағбура) руы бар.

АҚКЕРМЕН. 1. Ұлы жүз суан тайпасының құрамындағы аталардың бірі — ақкермен (Суан — Досбағыс — Ақкермен).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы жағалбайлы тайпасының ішінде де ақкермен атасы бар (Жағалбайлы — Таз — Ақкермен).

АҚҚОЙЛЫ. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының ішіндегі сиқым руынан жәнібек, әлібек, мақпал деп аталатын үш ата тарайды. Шежіре дерегі осылардың жәнібегін — карақойлы, әлібегін — аққойлы деп атайды.

2. Ұлы жүз ысты тайпасының ішіндегі тілік руынан өрбіген аталардың бірі — аққойлы.

3. Орта жүз қоңырат тайпасының ішіндегі көктің ұлы (Тәңірберген) руынан өрбіген аталардың бірі — аққойлы.

4. Аққойлы деп аталатын ру-тайпалар түрік, түркімен, өзбек, карақалпақ елдерінде бар.

5. Тарихи деректерде XV ғасырдағы Ирак әміршілерінің түркі тектес аққойлы тайпасынан болғаны баяндалады. Шығыстың ғұлама ойшылы, Батыс Иранның Казерун уалаятына қарасты Дауан қыстағында 1427 жылы дүниеге келіп, 1502 жылы Шираз қаласынан топырақ бұйырған Ғұламаһи Дауани өзінің «Жалали этикасы» атты еңбегін аққойлы руынан шыққан Ирак әміршісі Сұлтан Хасанбек баһадүрға арнаған. Ғұламаһи Дауани еңбектеріне ұлы Абайдың да ден қойғаны мәлім.

АҚСАРЫ. 1. Орта жүз керей тайпасының құрамындағы ашамайлы керейлердің балта бұтағынан өрбіген бір ата ақсары деп аталады.

2. Орта жүз арғын ішіндегі тобықтының бір бұтағы ақсары деп аталады.

3. Өзбек ішіндегі лоқай тайпасының құрамында ақсары руы бар.

АҚША. 1. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген бір ата — ақша.

2. Орта жүз уақ ішіндегі бір ата ақша деп аталады.

3. Ұлы жүз сіргелі тайпасының қаракөңірдек бұтағынан өрбитін аталардың бірі — ақша.

4. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы ботбай руының ішінде де ақша атасы бар (Ботбай — Шағай — Есенгелді — Ақша).

5. Ұлы жүз суан тайпасының ішіндегі тоқарыстан бұтағынан өрбіген аталардың бірі — ақша.

АҚЫНАЙ. 1. Кіші жүз тама тайпасының құрамындағы бір ата — ақынай.

2. Қырғыз ішіндегі сару тайпасының құрамында ақынай атасы бар. Қырғыздың шежірелік дерегі бойынша ақынайлар қырғыз ішіне сіңісті болған қазақтар дейді.

АЛАМАН. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамында аламан атасы бар.

2. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамында да аламан атасы бар (Сіргелі — Батыр — Есболай — Дүкенай — Аламан).

АЛАТАУ. 1. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамында алатау атасы бар (Жалайыр — Сырманак — Қайшылы — Бейсембек — Алатау).

2. Орта жүз арғын тайпасының құрамында да алатау атасы бар (Арғын — Қуандық — Беріш — Алатау).

3. Кіші жүз құрамындағы төртқара, рамадан тайпаларының ішінде де алатау аталары бар (Төртқара — Ораз — Алатау; Рамадан — Алдаркөсе — Алатау).

АЛАША. 1. Кіші жүз құрамындағы он екі ата байұлының ішіндегі іргелі рулардың бірі — сұлтансиық. Шежіре деректері бойынша Сұлтансиықтан — Асқар, Масқар, Алаша, Тана деп аталатын төрт ата өрбіген.

2. Түркімен ру-тайпаларының ішінде аға баласы болып саналатын салыр (салор) тайпасының құрамында қараман, сарық деп аталатын рулар бар. Осы қараман, сарық руларының ішінде алаша атасы бар.

3. Анатолиядағы (Кіші Азия) түріктер арасында XVI ғасырда алаша (халачлу) руының көшіп жүргені жөнінде дерек бар (*Д.Е. Еремеев. Этногенез турок. — Москва, 1971. 88-бет*).

4. Мажарстан қыпшақтарының арасындағы рулардың бірі алаша деп аталады.

Бату ханның тегеурінінен ығысқан Қотан (Котян) ханға ілесіп, 1239 жылы Мажарстанға келген 60 мыңдай қыпшақ жасағының рулық атаулары мен қазақ эпостарындағы ру-ата атауларының арасындағы сәйкестіктер назар аударады: таш — таз, елөд — алат, онд — ындыс, қонд — қондыкер, тайтен — тотан, т.б. (*С. Қондыбай. Есен-қазақ. — Алматы, 2002. 280-бет*).

5. Қырым татарларының құрамында да алаша руы бар.

АЛБАН. 1. Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың бірі — албан.

2. Албандар өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарының да құрамында бар.

АЛТАЙ. 1. Орта жүз арғын ішіндегі қуандық тайпасының бір тармағы алтай деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Қуандықтан — Алтай, Қарпық, Есен, Қарт, Бөріш, Темеш туады. Бұл аталар негізінен Қарағанды, Ақмола облыстарының жерін мекен етеді.

2. Орта жүз арғын құрамындағы сүйіндіктен өрбіген айдабол атасының ішінде де алтай-қарпық бұтағы бар.

3. Орта жүз қыпшақ тайпасының көлденең бұтағынан тарайтын аталардың бірі — алтай.

4. Ұлы жүз құрамындағы қаңлы тайпасынан өрбіген алтай атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Қаңлыдан — Бұлақ, одан — Қожай, одан — Алтай тарайды.

5. Кіші жүз байұлының құрамындағы адай тайпасының тінейінен тараған аталардың бірі алтай деп аталады.

АЛШЫН. 1. Кіші жүз руларының жиынтық атауы — алшын. Шежіре дерегінде Кіші жүз Бекарыс — Ордаш — Мөңке — Шаншар — Тоқпан — Тұлпар — Алау — Алшын болып таратылады.

2. Орта жүз арғын ішінде он екі ата атығай руының бір атасы бағыстың әйтiмбет әулетiне ертеден сiңiсiп кеткен Кiшi жүздiң алшындары бар. Шежіре дерегі бойынша бағыс ішіндегі алшындар өздерін әлімұлынан өрбіген Малтабар, Жапақ аталарынан бері қарай таратады. Жапақтан — Жазық, одан — Күсеміс, Төлеміс, Ханты болып өрбіген.

Атығай-бағыс ішіндегі алшындар Абылай ханның төңірегінде болып, XVIII-XIX ғасырларда Қызылағаш деген жерді қоныс еткен.

3. Қырғыз халқының құрамында алақшын (алашын, алшын) руы бар.
4. Ноғай халқының құрамындағы іргелі бір ру алшын деп аталады.
5. Өзбек халқының ішінде де алшын руы бар. Олар темас руының құрамындағы ата болып есептеледі.
6. Қазан татарларының құрамында да алшын руы бар.

АРҒЫН. 1. Орта жүз құрамындағы іргелі тайпалардың бірі — арғын.

2. Ұлы жүз құрамындағы қанлы тайпасының ішінде арғын деп аталатын ата бар. Шежіре деректері бойынша Қанлы — Бұлақ — Қожай — Алтай — Қанкөжек — Байқоңыр — Келдібек деп таратылып келеді де, Келдібектен — Ербота (Сарықанлы) мен Сарбота (Қарақанлы) туған, осылардың Сарботасынан — Бәйдек, одан — Арғын туған дейді.

3. Монғол халқының құрамында арғын руы бар.

4. Саха (якут) халқының құрамында арғын тайпасымен, сондай-ақ арғын тайпасының ішіндегі сүйіндік, бегендік, шегендік руларымен аттас рулар бар (*Э.К. Пекарский. Словарь якутского языка. I-III том. — Москва, 1958*).

5. Ноғай халқының құрамында да арғын руы бар.

6. Өзбек-лоқайлардың да құрамында арғын руы бар.

7. Хақас халқының құрамындағы қызыл тайпасының ішінде арғын руы бар. Олар ұлы арғын және кіші арғын болып екіге бөлінеді (*В.Я. Бутанаев. Этническая история хакасов XVII-XIX вв. — Москва, 1990*).

8. Арғындар құрама руының да құрамында бар.

АСАН. 1. Ұлы жүз құрамындағы дулат, сіргелі тайпаларының құрамында «Асан» деп аталатын аталар бар (Дулат — Ботбай — Шағай — Байкүшік — Асан; Дулат — Сикым — Қарақойлы — Тоғатай — Мұрат — Асан; Сіргелі — Тутанбалы — Жоламан — Малай — Асан). 2. Орта жүз керей тайпасының құрамында да асан атасы бар (Керей — Ашамайлы — Танаш — Сақал — Асан). 3. Кіші жүз құрамындағы таз, ысық, кете, керейт, табын тайпаларының ішінде де асан аталары бар (Таз — Абай — Шарғы — Асан; Ысық — Ақсары — Асан; Кете — Қаракете — Сары — Асан; Керейт — Саужайлы — Көне — Дулат — Асан; Табын — Шөмішті (Бозым) — Асан).

АТАҚАРА. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — атақара (көңірдек руының ішіндегі ақкөңірдек бұтағынан өрбиді).

2. Ұлы жүз албан тайпасының құрамында да атақара атасы бар (Албан — Қыстық — Аққыстық — Атақара).

АШАМАЙЛЫ. 1. Орта жүз құрамындағы керей тайпасы өз ішінде абақ керей және ашамайлы керей болып екі тармаққа бөлінеді.

2. Өзбек халқының арасындағы қоңырат (уақтаңбалы) тайпасының құрамында ашамайлы руы бар. Сондай-ақ марка руының құрамында да ашамайлы атасы бар. Марка руы өз ішінде мынандай 16 атадан тұрады: қарақыпшақ, сарықыпшық, ұяс, салын, ашамайлы, көпсары, қыпшақ, қойсопы, найман, қостаңбалы, шал, әзпатша, елік, қаратаңбалы, т.б.

Осылардың ішіндегі қыпшақ пен найман қазақ халқының Орта жүзіндегі іргелі тайпалар болса, ашамайлы — керей тайпасының бір тармағы. Ал қарақыпшақ пен сарықыпшақ — қыпшақ тайпасының, көпсары — таракты тайпасының құрамындағы рулар.

3. Қарақалпақ халқының арасында да ашамайлы руы бар.

4. Ноғай халқының құрамында (қара ноғай ішінде) ашамайлы руы бар.

ӘЖІКЕ. 1. Орта жүз арғын ішінде қуандықтан тарайтын темеш, тінәлі руларының құрамында әжіке атасы бар.

2. Ұлы жүз шапырашты руының ішінде әжіке атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Шапырашты — Ыстық — Құрт — Абадан — Ұран — Тұранбай — Бөрлі — Бес — Шам — Желді — Асыл — Батыр — Өмір — Әжіке болып өрбиді.

Орта жүз қуандық руы мен Ұлы жүз шапырашты руының жаз жайлауы Сарыарқаның апайтөсіндегі Есіл, Нұра өзендерінің алқабы, Қорғалжын көлінің шұратты жағалауы, Көкшетаудың қарағайлы алабы болғаны туралы тарихи жазба деректер бар (*ҚР ОМА, 345-қор, 1803-іс, 1862-жыл, 456-бет*). Бұл жөнінде орыстың тарихшы-этнографы И.Г.Андреев (1743-1801) былай деп жазған: «Үйсін-шапырашты болысының басшысы Қойсоймас Қараша. Оның қол астында 1500 шаңырақ бар, малға бай, жылқысы жетерлік» (*И.Г. Андреев. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. — Алматы, 1998. 77-бет*). Мұндағы Қойсоймас Қараша дегені ағайынды екі адам болған. Қазақ дәстүрінде ат-атағы қатар шыққан ағайынды адамдардың ауылелі осылай қатар атала береді. Кейде әкелі-балалылардың да қатар аталатын әдеті бар. Шежіре дерегі бойынша шапырашты Қарасай батырдан — Түркімен, одан — Жарылғап, одан — Қойсоймас пен Қараша би өрбиді. Абылай ханның бел баласы Әділді Ұлы жүзге төрелік еткізту үшін қалап алатын (1774) Қараша би осы. Тағы да бір құнды дерек орыс зерттеушісі П.П. Румянцевтің еңбегінде кездеседі: «Батыс Кәстек өңірінің жұрты Шапырашты руынан шыққан Қарасай батырдың ұрпақтарын құрайды. Қазір Қарасай руы Ақмола облысының жерін қоныс етеді. Қарасайдың бейіті Көкшетау уезінің Айыртау деп аталатын өңірінде (*П.П. Румяцев. Материалы Семиреченской области. Верненский уезд. — СПб., 1913. 122-бет*).

Яғни, әжіке атасының Ұлы жүз бен Орта жүз құрамында ұшырасуы бертін келгенше шапырашты мен қуандық тайпаларының жапсар қоныстануынан деп жорамалдауға болады. Олай дейтініміз, тек қана әжіке атасы емес, сонымен бірге атығай-қарауыл ішіндегі қараша, көшек, өтеп, түрікпен, Құдайберді, таңатар, жарылқап, шоңай, жайық, қанай аталары сол қалпында шапырашты Қарасай батыр ұрпақтарының да арасында кездеседі.

Осы орайда, Сарыарқада Саурықкескен (Бұландыда), Ыстышапқан, Шаңқанай, Шобан-Қарасай, Шапыра, Төлеміс-шок, Түркімен-қамыс, Қоныс бейіті, Көшек, Қалқаман-Мамыр, Қараша, Қарасай (Бурабайда), Дәулет (Зерендіде), Мапыраш (Көкшеде), Асыл-қарағай, Тілеу-қарағай, Болпаш-көл, Болай-қарағай, Үйсін-шапқан, Айдар-шок (Шортандыда), Жаныс-көл, Жаныс-қарағай, Айдар-қамыс деп аталатын жер атаулары кездессе, бұлардың көбісі Ұлы жүз ішіндегі, әсіресе, шапырашты тайпасының ішіндегі аталардың немесе белгілі тарихи тұлғалардың атаулары мен есімдері екені айрықша назар аударады.

Бұл мысалдар казак ру-тайпаларының көш жолдарын, қоныс-тұрақтарын аңғартып қана қоймайды, сонымен бірге жүздік бөліктердің әсте этникалық бөлік емес, алдымен әкімшілік-аймақтық бөлік екенін аңғартады.

ӘЛІМБЕТ, БӘЙІМБЕТ, ҚЫРЫҚМЫЛТЫҚ. 1. Кіші жүз байұлы құрамындағы адай тайпасының ішінде әлімбет, бәйімбет, қырықмылтық аталары бар.

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы төменгі шекті руының ішінде де әлімбет, бәйімбет, қырықмылтық аталары бар.

ӘЛІМҰЛЫ. 1. Кіші жүз құрамындағы тайпалық одақтың бірі әлімұлы деп аталады.

2. Өзбек арасында әлімұлы деп аталатын рулар бірлестігі бар (*адай тайпасына берілген түсініктемені қараңыз*).

3. Мажарстандағы қыпшақтар құрамындағы бір ру әлімұлы деп аталады.

БАҒАНАЛЫ. 1. Орта жүз найман тайпасының ішінде бағаналы руы бар. Олар негізінен Ұлытау төңірегін қоныс етеді.

2. Өзбек арасындағы жүз тайпасының құрамында бағаналы руы бар. Олар негізінен Сурхан, Гиссар алқаптарына қоныстанған.

БАҒЫС. 1. Орта жүз уақ тайпасының құрамындағы рулардың бірі — бағыс.

2. Орта жүз арғын ішіндегі он екі ата атығай руының бір атасы — бағыс.

3. Қырғыз халқының құрамындағы іргелі рулардың бірі — бағыс.

БАЙБАҚТЫ. 1. Кіші жүз байұлының сұлтансиығынан тарайтын тайпалардың бірі — байбақты.

2. Кіші жүз он екі ата байұлының ішіндегі бір тайпа беріш болса, сол беріш тайпасы өз ішінде байбақты, байсейіт болып бөлінеді.

БАЙЖІГІТ. 1. Ұлы жүздің сіргелі тайпасынан өрбіген рулы елдің бірі байжігіт деп аталады. Шежіре деректерінде Байжігіттен — Амалдық, Көшімбет, Келімбет, Оразымбет аталары тарайды. Байжігіт руы негізінен Шымкент облысын мекендейді.

2. Орта жүз найман тайпасының құрамындағы қаракерей руынан өрбіген аталардың бірі байжігіт деп аталады (Қаракерей — Байторы — Байжігіт). Шежіре деректері бойынша Байжігіттен — Жұмық, Тоғас, Мәмбет болып тарайды. Абылай заманында (XVIII ғ.) қалмаққа қарсы соғыста қол бастаған әйгілі Қабанбай батыр мәмбет атасының ұрпағы.

3. Он екі ата абақ керейдің ішіндегі жастабан руынан өрбіген аталардың бірі байжігіт деп аталады.

БАЙҰЛЫ. 1. Кіші жүз құрамындағы ру-тайпалар бірлестігінің бірі он екі ата байұлы деп аталады.

2. Башқұрт құрамында байұлы беп аталатын ру бар (*Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1897. 132-бет*).

3. Ноғайлар құрамында байұлы деп аталатын ру бар (*Ногайско-русский словарь. — Москва, 1963. 490-бет*).

4. Саха (якут) құрамында байага (байаға, байұлы) деп аталатын ру бар (*Э.К. Пекарский. Словарь якутского языка. 1-том. — Москва, 1958. 341-бет*).

БАЙЫС. 1. Ұлы жүз шапырашты, дулат тайпаларының құрамында «Байыс» деп аталатын аталар бар (*Шапырашты — Шыбыл — Байыс; Дулат — Жаныс — Жанту — Байыс*).

БАҚАЙ. 1. Кіші жүз таз тайпасының құрамында бақай руы бар.

2. Қырғыздардың құрамында да бақай руы бар. Қырғызстандағы бір ауыл «Бақай» деп аталады.

БАЛҒАЛЫ. 1. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — балғалы. Шежіре дерегі бойынша жалайыр ішіндегі Сырманактан — Ерғазы, одан — Балғалы болып өрбиді. Балғалы руының ұраны — Қабылан, таңбасы — тарақ.

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішінде рамаданнан өрбіген аталардың бірі балғалы деп аталады.

3. Өзбек халқының құрамында да балғалы руы бар.

БАЛТАЛЫ. 1. Орта жүз найман тайпасының терістанбалы бұтағынан өрбіген рулардың бірі — балталы.

2. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының ішінде балталы атасы бар (*Жалайыр — Сырманак — Балғалы — Құлымбет — Тоқырауық — Балталы*).

БАРҚЫ. 1. Орта жүз арғын, оның ішінде — қуандық, оның ішінде — сайдалы, оның ішінде — барқы деп аталатын ата бар. Сайдалылар негізінен Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына шоғырланған. Абылай ханның үзенгілес серігі әйгілі Нияз батыр, дәулескер күйші-композитор Тоқа Шоңманұлы осы сайдалы руынан.

2. Меркіт руына берілген деректі (4) қараңыз.

БАРЛАС. 1. Қазақ арасында жүзге кірмейтін барлас руы бар. Шежіре дерегінде барластар XIII ғасырдағы монғол жорығына дейін найман ішіндегі бағаналы руымен аталас болып, Ұлытау төңірегін қоныс еткен. Монғол шапқыншылығы кезінде барластар Сырдария бойына қоныс аударған. Кейін бұлар дүрмен-барлас атанды. Әйгілі Әмір Темір осы дүрмен-барластан шыққан адам (*Қазақ шежіресі. Түсініктеме жазып, шежірені түзген Жарылғап Бейсенбайұлы. — Алматы, 1994. 103-бет*).

2. Өзбек халқының арасында да барлас руы бар. Бұхар хандығы кезінде барластар негізінен Хисар бектігіне шоғырланған. Соның ішінде Қашқадария алқабындағы Шахрисябзде барластар көп болған.

В.В. Бартольдтің айтуы бойынша, XIV ғасырда Мауереннахрда (Қосөзен — Амудария мен Сырдария алаптары) билік жүйесі қайта құрылып, мемлекеттің әскери күші түркі-монғол тайпаларының қолына көше бастайды. Осы кезде Сырдария

алқабына жалайырлар иелік етіп, Ходжент бас қаласы болады. Ал, барластар Қашқадария алқабын иемденіп, Шахрисябзді бас қаласы еткен (*В.В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана. — Сочинения. Т. II, ч. I. — Москва, 1963. 236-264-беттер*).

Кейін өзбек үстемдігі бел алған тұста, бір кездері Темірдің құзырында болған барластар ығысып барып Үндістандағы Агра және Дели қалаларының маңына тұрақтаған (*Н.Г. Маллицкий. Учебное пособие по географии Таджикистана (курс родиноведения), ч. I. — Ташкент-Самарканд, 1929. 63-бет*).

БЕГЕНДІК. 1. Орта жүз арғын тайпасының құрамында бегендік руы бар.

2. Түркіменнің теке тайпасының құрамындағы бір ру бегендік (бегендык) деп аталады (*Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1897. 141-бет*).

БЕРІШ. 1. Кіші жүз байұлының ішіндегі бір тайпа беріш деп аталады.

2. Мажарстан қыпшақтарының арасында береш (беріш) деп аталатын ру бар.

БЕССАРЫ. 1. Кіші жүз беріш тайпасының құрамындағы аталардың бірі — бессары.

2. Кіші жүз есентемір, шеркеш тайпаларының құрамында да бессары аталары бар (Есентемір — Тағаберді — Бессары; Шеркеш — Шуман — Бессары).

3. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы еміл руының ішінде де бессары атасы бар.

4. Қарақалпақ құрамындағы қытай руының ішінде бессары атасы бар.

БИДАЙШЫ. 1. Ұлы жүз құрамындағы албан, қаңлы тайпаларының құрамында бидайшы аталары бар (Албан — Сары — Сүйменді — Айт — Бидайшы; Қаңлы — Қарақаңлы — Қараманас — Бидайшы).

БОЗЫМ. 1. Ұлы жүз албан тайпасының құрамындағы рулардың бірі бозым деп аталады (Албан — Сары — Сүйменді — Бозым). Шежіре дерегі бойынша бозымнан — сары, шобал (олжай), жаншық аталары өрбіген.

2. Кіші жүз құрамындағы табын тайпасының ішінде бозым деп аталатын ру бар. Шежіре деректерінің бір үлгісінде бұл бозымнан — айдар, қожантай, қожабай, таушан, қараманке аталары өрбіген.

Кіші жүз жетіру құрамындағы табын тайпасы өз ішінде ағым және бозым деп аталатын екі тармаққа бөлінеді. Осылардың ағымын — көсеулі, бозымын — шөмішті деп те атайды. Бұл — табын еліне түскен келіндердің дәстүр бойынша иба сақтап қойған жанама атаулары болуы мүмкін. Немесе, осы аталардың енші алып шыққанда таңдаған таңбалары «көсеу», «шөміш» деп аталуы да ғажап емес.

3. Орта жүз арғын, найман, керей тайпаларының құрамында да бозым аталары бар.

БОЛАТ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы қарабатыр руының ішінде болат атасы бар (Қарабатыр — Ақбан — Болат).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы табын тайпасының ішінде де болат атасы бар (Табын — Шөмішті — Қайырқожа — Қаражан — Балық — Болат; Табын — Тарақты — Ақдәулет — Дәулетай — Болат).

3. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы шөмекей тайпасының ішінде де болат атасы бар (Шөмекей — Бозғыл — Қайқы — Болат).

БОРАНШЫ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы елібай руынан өрбіген аталардың бірі — бораншы.

2. Орта жүз найман тайпасының құрамында да бораншы атасы бар (Найман — Саржомарт — Қаратай — Бораншы).

БҰЗАУ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — бұзау.

2. Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамында да бұзау атасы бар (Қаңлы — Қарақаңлы — Омбай — Бұзау).

3. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы адай тайпасының ішінде де бұзау атасы бар (Адай — Келімберді — Бұзау).

ДУЛАТ. 1. Ұлы жүз құрамындағы іргелі тайпалардың бірі — дулат.

2. Қалмақ құрамында доглут (дулат) руы бар (*И.А. Житецкий. Астраханские калмыки. — Астрахань, 1892. 114-122-беттер*).

3. Түркімендер құрамында дуйлат (дулат) руы бар (*М.Н. Галкин. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. — ЗИРГО, этнография. Том 1. СПб., 1867. 6-7-беттер*).

4. Тұңғыс-манжұр халықтарының құрамында да дулар (дулат) руы бар.

5. Дулаттар құрама руының да құрамында бар.

ДҮЗЕЙ. 1. Орта жүз арғын ішіндегі тоқал арғынның (кіші арғын) бір бұтағы шақшақтан тарайтын дүзей атасы бар.

2. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руының бір бұтағы кәрсөннен тарайтын ата дүзей деп аталады.

ЕЛАМАН. 1. Ұлы жүз құрамындағы дулат, сіргелі тайпаларының құрамында «Еламан» деп аталатын аталар бар (Дулат — Жаныс — Жайылмыс — Қыбырай — Еламан; Дулат — Жаныс — Жантен — Еламан; Сіргелі — Жайдақ — Өтеміс — Елібай — Еламан; Сіргелі — Қарабатыр — Жақсыкелді — Еламан).

2. Кіші жүз шеркеш, жаппас тайпаларының құрамында да еламан аталары бар (Шеркеш — Қояс — Еламан; Жаппас — Қаракөз — Қалқаман — Еламан).

ЕЛТЫНДЫ. 1. Ұлы жүз суан тайпасының құрамындағы аталардың бірі — елтынды (Суан — Бекарыстан — Елтынды).

2. Орта жүз найман тайпасының құрамында да елтынды атасы бар (Найман — Терістанбалы — Бағаналы — Қызылтаз — Елтынды).

ЕРГЕНЕКТИ. 1. Найман тайпасының ішіндегі сарыжомарт, бура, көкжарлы аталарынан өрбіген ұрпақты жинақтап ергенекті деп атайды. Бұл аталардың таңбалары «ергенек» таңба деп аталады.

2. Орта жүз уақ тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі «Ергенекті» (жусан) деп аталады.

3. Ноғай халқының құрамында (қара ноғай ішінде) ергенекті руы бар.

ЕРСАРЫ. 1. Орта жүз керей тайпасының ашамайлы бұтағынан өрбитін сибан руының ішінде ерсары атасы бар.

2. Орта жүз найман тайпасының құрамында да ерсары атасы бар (Найман – Төлегетай – Қаракерей – Ерторы – Ерсары).

ЕСІМ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының көңірдек бұтағынан өрбіген аталардың бірі – есім.

2. Ұлы жүз ысты тайпасының құрамында да есім атасы бар (Ысты – Ойық – Ауызүсіген – Есім).

3. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы жағалбайлы тайпасының ішінде де есім атасы бар (Жағалбайлы – Мырза – Манатау – Есім).

ЖАБАҒЫ. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішіндегі тама тайпасының құрамында жабағы атасы бар.

2. Жетіру бірлестігінің ішіндегі кердері тайпасының құрамында да жабағы атасы бар.

ЖАҒАЛБАЙЛЫ. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тайпа жағалбайлы деп аталады.

2. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген айдабол руының құрамында жағалбайлы бұтағы бар.

3. Жағалбайлы этнонимі башқұрттарда – ягалбай, өзбектерде – ягалбай, қарақалпақтарда – жағалбай, қырғыздарда – жағалбай (жағалмай), түркімендерде – ягалтай деп аталады (*Р.Г. Кузеев. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история, расселение. – Москва, 1974. 143-бет*).

Қырғыз ішіндегі жағалбайлылар мұңғұш тайпасының құрамында.

3. Жағалбайлылар құрама руының да құрамында бар.

ЖАЙЫЛМЫС. 1. Ұлы жүз дулат, сіргелі тайпаларының құрамында «Жайылмыс» деп аталатын аталар бар (Дулат – Жаныс – Жанту – Жайылмыс; Сіргелі – Байжігіт – Тілеуқабыл – Көшімбет – Жайылмыс).

2. Орта жүз найман тайпасының ішінде де жайылмыс атасы бар (Найман – Төлегетай – Кетбұқа – Есіркеп – Жайылмыс).

ЖАҚА. 1. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қаракесек руының ішінде жақа атасы бар.

2. Өзбек ішіндегі лоқай тайпасының құрамында да жақа руы бар.

ЖАҚАЙЫМ. 1. Кіші жүз әлім тайпасының құрамында жақайым руы бар.

2. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қаракесек руының ішінде жақайым (жақай) атасы бар (*Н.А. Аристов*).

3. Өзбек халқының құрамындағы лоқай руының ішінде жақайым (жақай) атасы бар.

ЖАЛАЙЫР. 1. Ұлы жүз құрамындағы іргелі тайпалардың бірі — жалайыр.

2. Орта жүз керей тайпасының ашамайлы тармағына жататын көшебе руының бір атасы жалайыр деп аталады.

3. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген шаншар руының құрамында да жалайыр бұтағы бар.

4. Өзбек, монғол, қарақалпақ (балғалы руының құрамында), башқұрт, ноғай, құмық, татар, қырғыз, бұйрат (бурят) халықтарының құрамында да жалайырлар бар.

5. Меркіт руына берілген деректі (4) қараңыз.

6. Жалайырлар құрама руының да құрамында бар.

Жалайырлар Бұхар сарайындағы тақтың сол қанатына отыратын болған (*Т.И. Султанов. Опыт анализа традиционных списков 92 «племен иланий» // Средняя Азия в древности и средневековье. — Москва, 1977. 168-бет*).

ЖАМАНАҚ. 1. Кіші жүз әлім тайпалық одағының ішіндегі әулетті аталардың бірі жаманақ (шуманақ) деп аталады.

2. Орта жүз арғын ішінде де жаманақ (шуманақ) атасы бар.

ЖАНЫС. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы бір ру жаныс деп аталады.

2. Орта жүз арғын, оның ішінде қаракесек, оның ішінде түйтеден өрбіген бір ата жаныс деп аталады.

3. Кіші жүз шөмекей тайпасының құрамындағы бір ата жаныс деп аталады. Атап айтқанда: Шөмекей — Көнек — Қыдырымбет — Алшағыр — Көпсек — Бегісай — Болысай — Жаныс болып өрбиді.

ЖАРЫҚШАҚ. 1. Ұлы жүз Бәйдібектен өрбіген бір ата жарықшақ деп аталады. Шежіре деректерінің бірінде Бәйдібектен — Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ туады. Байтоқтыдан — Сарыүйсін, Жалмамбеттен — Шапырашты, Ошақты, Ысты, Жарықшақтан — Албан, Суан, Дулат туып еді дейді.

2. Өзбек халқының арасындағы он алты рудан тұратын түркімен-жүз тайпасының уақтаңбалы бұтағына жататын бір ру жарықбас деп аталады.

ЖАСТАБАН. 1. Орта жүз он екі ата абақ керейдің бір атасы — жастабан.

2. Орта жүз найман тайпасының ішіндегі төлегетайдан тарайтын бір ата — жастабан.

3. Кіші жүз байұлының ішіндегі таздан тарайтын бір ата — жастабан.

4. Кіші жүз ішіндегі жетіру құрамындағы бір ру — жастабан.

5. Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қоңырат тайпасының бір бұтағы тартулыдан (тартпалыдан) тарайтын аталардың бірі — жастабан деп аталады.

6. Түркімен халқының құрамындағы түркімен-жүз руының ішінде жастабан атасы бар.

7. Башқұрт құрамындағы таз (тазлар) руы өз ішінде абдал, шарғы және жастабан деген үш атаға бөлінеді.

ЖӘДІГЕР. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы жайдақ руынан өрбіген аталардың бірі – жәдігер.

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы қаракесек (ұланак) тайпасының ішінде де жәдігер атасы бар (Қаракесек – Пұсырман – Жәдігер).

ЖӘДІК. 1. Орта жүз ішіндегі он екі ата абақ керейдің бір атасы – жәдік.

2. Орта жүз ашамайлы керейдің ішінде де жәдік атасы бар (Ашамайлы – Балта – Жәдік).

3. Орта жүз қоңырат тайпасының көтенші бұтағынан өрбитін аталардың бірі – жәдік (Көтенші – Жетімдер – Сұрқиік – Жәдік).

4. Орта жүз қыпшақ тайпасының құлан қыпшақ руынан өрбитін аталардың бірі – жәдік.

5. Кіші жүз ішіндегі шөмекей тайпасы өз ішінде аспан – баршы – боқай – андасейіт болып өрбиді. Осылардың ішіндегі андасейіт құрамындағы аталардың бірі жәдік деп аталады.

6. Кіші жүз шөмекей тайпасының бозғыл руынан өрбіген аталардың бірі жәдік деп аталады. Атап айтқанда: бозғыл – қаратамыр – жолақай – ойым – жәдік деп таратылады.

7. Кіші жүз масқар тайпасының масақ бұтағынан өрбіген аталардың бірі – жәдік.

8. Кіші жүз жағалбайлы тайпасынан өрбіген аталардың бірі – жәдік (Жағалбайлы – Таз – Бескүрек – Жәдік).

9. Ұлы жүз ішіндегі ботбай руының бір атасы – жәдік.

10. Ұлы жүз шапырашты тайпасының шыбыл бұтағынан өрбіген аталардың бірі – жәдік.

Қазақ хандығының негізін салушы Жәнібек ханның бір баласының есімі де Жәдік.

ЖЕМЕНЕЙ. 1. Орта жүз найман тайпасының ішінде жеменей руы бар.

2. Кіші жүз адай тайпасының құрамында да жеменей руы бар.

ЖЕТІРУ. 1. Кіші жүз ішіндегі тайпалар бірлестігі жетіру деп аталады.

2. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының ішінде жетіру атасы бар.

3. Өзбек халқының құрамындағы құрамалар ішінде жетіру бұтағы бар.

4. Башқұрт ішіндегі іргелі тайпалардың бірі жетіру деп аталады. Башқұрт жетіруы да қазақ жетіруы сияқты тама, табын, рамадан, керейт, кердері, жағалбайлы, телеу деп аталатын рулар бірлестігін қамтиды (*Р.Г. Кузеев. Происхождение башкирского народа. – Москва, 1974. 116-бет*).

5. Сондай-ақ, қарақалпақ, түркімен, қырғыз халықтарының құрамында да жетіру рулары бар.

Сөз орайында, Түркі Қағанаты заманында жетекші тайпалардың бірі ретінде сйеянто (сір, қыпшақ) тайпасының да тарих сахнасына көтерілгенін (627 ж.), «сйеянто» атауы қытай тілінде «жетіру» (сйе — жеті, янто — ру, тайпа) деген мағына беретінін де айта кеткен жөн (*Қ. Сартқожасұлы*).

ЖИЕНБЕТ. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тана, табын тайпаларының құрамында жиенбет руы бар (Тана — Біртоған — Жиенбет; Табын — Ағым (Тарақты) — Амандәулет — Жиенбет).

2. Орта жүз қоңырат тайпасының көтенші бұтағынан тарайтын рулардың бірі жиенбет деп аталады (Көтенші — Мақы — Байқошқар — Жиенбет).

3. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы жаныс, шымыр руларының ішінде де жиенбет аталары бар (Жаныс — Жарылқамыс — Жиенбет; Шымыр — Бекболат — Жиенбет (Бокқайнат).

4. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамында да жиенбет атасы бар (Жалайыр — Сырманак — Байшегір — Жиенбет).

5. Ноғай, башқұрт, ғағауыз халықтарының құрамында да жиенбет руы бар.

ЖҮЗ. Жүз деп аталатын рулық топтар қазақ, өзбек, түркімен халықтарының арасында кездеседі. Мәселен, қазақ жүздері, түркімен жүзі, өзбек жүзі, қытай жүзі, хисар жүзі, т.б. деп аталатын рулық топтар бар. Қазақ үш жүздік ру-тайпалық топтарға бөлінген. Түркімен жүздер он алты руды құрайды. Олар өз ішінде сегіз-сегіз рудан бақтанбалылар және жылантанбалылар деп бөлінеді. Бақтанбалыларға — қазаяқты, көзтанбалы, қазақ, жарықбас, көсеулі, балғалы, әліпті, балташ рулары жатады. Ал, жылантанбалыларға — балақұр, қоса, патас, қарға, жорға, жас, тарақты, ерші рулары жатады.

Тәжікстан мен Өзбекстандағы жүздер негізінен Гиссар мен Сурхан алабын қоныстанған, ұдайы қоңыраттармен қоңсылас болған. Сондай-ақ, Зарабшан мен Сырдария өзендерінің арасында да жүз рулары жиі кездеседі (*Х. Доннеров. Узбек халкининг шажара ва шевалари. — Тошкент, 1968. 83-84-беттер*).

Хисардағы жүз әулетінің негізін салған Күлік бидің шөбересі Фазыл би 1749 жылы Ұратөбенің хакімі болған (*А. Мухтаров. Очерки истории Уратюбинского владения в XIX в. — Душанбе, 1964. 18-бет*).

Жалпы өзбектер мен тәжіктер арасындағы жүз рулары X-XI ғасырлардың өзінде-ақ Қазақстанның оңтүстігінен (Сығанак, Қаратау) бөлініп, салжұқ бірлестігіне қосылғанын, кейін 1723 жылғы қазақ арасындағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталатын ауыр жылдары Сырдариядан өтіп бас сауғалаған рулардың бірлестігі екенін көптеген деректер орнықтыра түседі. Күні бүгінге дейін жүз руларының ескі көз қарттары «Біздің арғы тегіміз Арқа жұрты» деп отырады. Олар Арқа деп Сырдарияның солтүстік алабын атайды.

Осы орайда айрықша атап өтерлік мәселе, күні бүгінге дейін өзбек, қырғыз арасында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп жеке ру-тайпалар бірлестігін емес, қазақ — өзбек — қырғыз халықтарын атайды (*Х. Доннеров. Узбек халкининг шажара ва шевалари. — Тошкент, 1968. 86-бет*). Білікті этнолог ғалым Б.Х. Карамышева былай дейді:

«Ескікөз қариялардың аузынан: «Қазақтар — Ұлы жүз, өзбектер — Орта жүз, ал қырғыздар — Кіші жүз» деген сөзді жиі естиміз» (Б.Х. Карамышева. *Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана*. — Москва, 1976. 227-бет).

ЖЫЛКЕЛДІ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — жылкелді.

2. Ұлы жүз суан тайпасының құрамында жылкелді атасы бар (Суан — Байтүгей — Жылкелді).

3. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы жаппас тайпасынан өрбіген аталардың бірі — жылкелді (Жаппас — Қалқаман — Жылкелді).

ИТЕМГЕН. 1. Он екі ата абақ керейдің ішіндегі бір ата — итемген.

2. Найман ішіндегі бір ата — итемген.

3. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы жайдақ руының ішінде де итемген атасы бар.

4. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы байбақты тайпасының ішіндегі бір ата итемген деп аталады (Байбақты — Батақ — Итемген).

КЕЛІМБЕТ. 1. Ұлы жүз құрамындағы дулат, сіргелі тайпаларының ішінде «Келімбет» деп аталатын аталар бар (Дулат — Ботбай — Құдайқұл — Келімбет; Дулат — Жаныс — Оймауыт — Қаракелімбет, Сарыкелімбет; Сіргелі — Байжігіт — Көшімбет — Келімбет; Сіргелі — Тутаңбалы — Жоламан — Келімбет).

КЕРДЕРІ. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тайпалардың бірі — кердері. Кердерілер өз ішінде — смайыл, шағыр деп аталатын іргелі екі руға бөлінеді.

2. Қарақалпақ ішіндегі мүйтен тайпасының құрамында да кердері руы бар.

3. Кердерілер құрама руының да құрамында кездеседі.

КЕРЕЙ, КЕРЕЙТ. 1. Орта жүз құрамындағы алты арыс елдің бірі — керей.

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы іргелі тайпалардың бірі — керейт.

3. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген айдабол руының құрамында керей атасы бар.

4. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген шанашар атасының ішінде де керейлер бар.

5. Ұлы жүз қаңлының ішінде керей деп аталатын бір ата бар.

6. Орта жүз құрамындағы уақ тайпасының ішінде керей руы бар (И.И. Крафт. *Сборник узаконений о киргизах степных областей*. — Оренбург, 1898. 14-16-беттер).

7. Кіші жүз жетіру бірлестігіне жататын табын тайпасының ішінде жаманкерей руы бар.

8. Орта жүз найман тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі қаракерей деп аталады.

9. Қырғыз, өзбек, тәжік, түркімен, башқұрт, алтай, ноғай, Қырым татары, ғағауыз, монғол, қалмақ, саха, қарақалпақ, тыба, тұңғұс, манжұр, хақас халықтарының құрамында да керей, керейт деп аталатын рулар бар.

Өзбекстан мен Тәжікстандағы керейлер өздерін семіз тайпасының құрамына жатқызады. Ал, қазақ арасында Орта жүз найман тайпасының құрамында семіз руы бар. Өзбек пен тәжік арасындағы семіздер XV ғасырда шайбан әулетімен бірге көшіп барғаны жөнінде дерек бар. Өзбек керейлері авхали тайпасының құрамында кездеседі (*А.А. Куна. Очерки Шахрисебского бекства. — ЗИРГО. Т. VI. — СПб., 1880. 217-218-беттер*).

Сондай-ақ, өзбектің кенегес тайпасының құрамында абақлы және ашамайлы деп аталатын екі ата бар. Қазақ керейлерінің абақ және ашамайлы деген екі тармаққа бөлінетіні мәлім.

Ноғай халқының құрамындағы керейттер ақ ноғайлар ішінде кездеседі.

Түркімен керейлері (герейлі) болса Сумбара және Чандыра алқаптарын ертеден қоныс еткені тарихи деректерде келтіріледі (*С.П. Поляков. Этническая история Северо-Западной Туркмении в середине века. — Москва, 1973. 39-бет*).

10. Түркімендердің жәуміт тайпасына қарайтын огурджалы руының ішінде керей (гирей) бұтағы бар. Сондай-ақ, ноғай арасындағы керейлер — керейт, башқұрт құрамында — гирей, алтай құрамында — кэргит, сахалар құрамында — киркей, хара, монғол қалмақтарының құрамында — керет, өстектер (остяк) құрамында — киргеев деп аталады.

11. Хакас-Минусин аймағындағы хонгор және хонгорай этносаяси бірлестігінің құрамында да керей руы бар (*В.Я. Бутанаев, И.И. Бутанаева. Эне-Сай кыргыздары: фольклор және тарых. — Бишкек, 2002. 154-бет*).

Енесай қырғыздарының Исар ұлысындағы керейлер 1703 жылы Жоңғарияға қотарыла көшіп кеткен (*В.Я. Бутанаев. Хакасско-русский историко-этнографический словарь. — Абакан, 1999. 44-бет*).

12. Меркіт руына берілген деректі (4) қараңыз.

13. Керейттер құрама руының да құрамында кездеседі.

КЕТЕ. 1. Кіші жүз құрамындағы тайпалардың бірі — кете (ақ кете) деп аталады.

2. Кете руы астрахандық ноғайлар мен түркімендердің де құрамында бар.

КӨБЕК. 1. Кіші жүз әлім бірлестігінің ішінде телеу тайпасынан өрбіген аталардың бірі көбек деп аталады.

2. Арғын — бегендік ішінде де көбек деп аталатын ата бар.

КӨКІРЕК. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі ботбай болса, ботбай ішіндегі аталардың бірі — көкірек.

2. Дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі шымырдың ішінде де көкірек атасы бар.

КӨПСАРЫ. 1. Орта жүз он екі ата таракты тайпасының құрамындағы бір ру — көпсары. Шежіре дерегі бойынша «көпсары» Сары деген кісінің лақап аты. Ұрпағы өсіп-өнген соң көпсары аталып кеткен.

2. Өзбек, тәжік халықтарының арасында марка руының құрамындағы он алты атаның бір атасы көпсары деп аталады.

КӨТЕН. 1. Ұлы жүз албан тайпасының ішінде көтен руы бар.

2. Орта жүз қоңырат тайпасының ішінде де көтенші руы бар.

3. Орта жүз тобықты руының ішіндегі бір ата — көтен.

4. Кіші жүз беріш ішіндегі бір ру көтен деп аталады.

5. Сөз төркінін зерттеуші, белгілі ақын Байбота Серікбайұлы Монғолиядағы түркі тайпасы қотан (хотон) мен қазақ арасындағы көтен руының арасында сабақтастық бар екенін айтады (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. — Алматы, 2003. 328-329-беттер*).

КӨШЕЙ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы ру — көшей. Шежіре бойынша көшей руынан өте, тілеу, жанай аталары тарайды.

2. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ішінде де көшей атасы бар. Шежіре бойынша Шапырашты — Есқожа — Қарасай — Көшей болып тарайды.

3. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы көшей атасы Жалайыр — Шуманақ — Орақты — Көшей болып тарайды.

4. Орта жүз арғын тайпасының кіші арғын (тоқал арғын) бұтағы Тәнбісопы (Өткірсопы) — Елемес — Есенбай — Ермен — Шағыр — Аманжол — Шақшак деп таратылады. Осы Шақшактан өрбіген аталардың бірі — көшей.

5. Кіші жүз байұлы бірлестігінің ішінде таз тайпасынан өрбіген аталардың бірі — көшей (Таз — Қабай — Абдал — Құли — Көшей).

6. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы рамадан және керейт тайпаларының ішінде де көшей аталары бар (Рамадан — Көрқаба — Көшей; Керейт — Сужайлы — Көне — Дулат — Таз — Көшей).

КӨШЕК. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — көшек.

2. Ұлы жүз қатаған тайпасының құрамындағы шанышқылы руының ішінде де көшек атасы бар (Шанышқылы — Бектау — Күртік — Көшек).

ҚАБАҚ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — қабақ (Сіргелі — Байұлы — Жайдақ — Жылысай — Итемген — Қабақ; Сіргелі — Байұлы — Қарабатыр — Бура — Шоқан — Қабақ).

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің ішінде де қабақ атасы бар (Әлім — Шекті — Орыс — Бөлек — Айт — Қабақ).

3. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы жағалбайлы тайпасының ішінде де қабақ атасы бар (Жағалбайлы — Мырза — Болатқожа — Қабақ).

ҚАЗАҚ. 1. Ноғай халқының құрамында (ақ ноғай ішінде) қазақ руы бар (*А.Н. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. — Москва-Ленинград, 1940. 132-142-беттер*).

ҚАЙҚЫ. 1. Ұлы жүз құрамындағы дулат, Сарыүйсін тайпаларының ішінде «Қайқы» деп аталатын аталар бар (Дулат — Аққойлы — Қайқы; Сарыүйсін — Жакып — Қайқы).

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы шөмекей тайпасының ішінде де қайқы атасы бар (Шөмекей — Бозғыл — Қайқы).

ҚАЙШЫЛЫ. 1. Ұлы жүз үйсін құрамындағы ойсылдан тарайтын сіргелі тайпасының ішінде үш таңбалы қайшылы атасы бар.

2. Ұлы жүз жалайыр тайпасынан тарайтын сырманақ бұтағының ішінде қайшылы атасы бар.

3. Өзбек халқының құрамында да қайшылы руы бар.

ҚАҚСАЛ. 1. Орта жүз арғын құрамындағы шегендіктен өрбіген рулардың бірі — қақсал.

2. Орта жүз сүйіндік тайпасының құрамындағы айдабол руының ішінде қақсал атасы бар.

ҚАЛҚАМАН. 1. Ұлы жүз шапырашты, албан, дулат тайпаларының құрамында «Қалқаман» деп аталатын аталар бар (Шапырашты — Қалды — Айқым — Қалқаман; Албан — Шыбыл — Қоңырбөрік — Қалқаман; Дулат — Жаныс — Жанту — Жайылмас — Қыбырай — Қалқаман).

3. Кіші жүз тана, жаппас, кете тайпаларының құрамында да қалқаман аталары бар (Тана — Шаңқан — Қалқаман; Жаппас — Қаракөз — Қалқаман; Кете — Тойқожа — Қараш — Қалқаман).

4. Қарақалпақтың қолдаулы, қытай тайпаларының құрамында да қалқаман руы бар.

ҚАНЖЫҒАЛЫ. 1. Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі іргелі ру — қанжығалы. Қанжығалылар негізінен Ақмола облысының Ерейментау ауданының жерін мекендейді. XVII-XVIII ғасырлардың әйгілі батыры Бөгенбай Ақшаұлы осы рудан.

2. Орта жүз арғын құрамындағы сүйіндіктен өрбіген айдабол атасының ішінде қанжығалылар бар.

3. Орта жүз арғын құрамындағы қаракесектен өрбіген шаншар атасының ішінде де қанжығалылар бар.

4. Өзбек халқының құрамындағы қоңырат тайпасы өз ішінде бес тармаққа бөлініп, олар — қостаңбалы, уақтаңбалы, қанжығалы, айылды (айынлы), тартулы деп аталады. Бұлардың барлығы бірігіп 66 ата қоңыратты құрайды. Солардың ішіндегі қанжығалы руынан 14 ата тарайды. Оларды «Он төрт ата қанжығалы» деп атайды (*«Орта жүз» тараушасында келтірілген «Алпыс алты ата қоңырат» атты шежірелік дерекке қараңыз*).

5. Тәжік халқының құрамындағы қоңырат руының ішінде де қанжығалылар бар.

6. Қырғыз ішіндегі сары қыпшақ құрамында қанжығалы руы бар. Олар кезінде Ферғана, Әндіжан аймағын қоныс еткен (*К.Ш. Шаниязов. К этнической истории узбекского народа. — Ташкент, 1974. 152-бет*).

7. Қанжығалы руы қарақалпақ құрамында да бар.

ҚАҢЛЫ. 1. Ұлы жүз құрамындағы байырғы тайпа — қаңлы.

2. Орта жүз найман тайпасының құрамында қаңлы атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Сарыжомарт (Ергенекті) — Бура (Бақанас) — Шеге — Дүрбеуіл — Бөге — Қаңлы болып таратылады.

3. Қаңлылар өзбек, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, түркімен, алтай, саха, ноғай, Қырым татары, ғағауыз халықтарының құрамында бар. Өзбек халқының арасындағы қаңлылар қатаған тайпасының құрамындағы ру болып есептеледі. Қырғыз шежіресінде Манасты хан сайлауға қатысқан рулардың бірі қаңлы (қаңқай) екені айтылады (*С. Закиров. Қырғыз санжарасы. — Бишкек, 1996. 256-бет*). Қарақалпақ арасындағы қаңлылар өздерін қыпшақтың бір бұтағы ретінде таратады. М. Қашқари еңбегінде де қаңлылар қыпшақтың құрамындағы ру ретінде көрсетілген. Қырымдағы ноғайлардың бір бұтағы болып есептелетін қаңлылар — кангли-аргакли, ирхан-кангли (юхан-кангли) деп аталады. Саха халқының құрамындағы қаңлылар өздерін «қаңғалас» деп атап, түркі бабаларының Сырдария бойынан келгенін айтады (*Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1897. 339-бет*).

4. Тарихи еңбектерде қаңғар этнонимінің печенек (бесене) тайпасына балама атау екені, бұлар қазіргі қаңлылар екені айтылады (*С.П. Толстов. Древний Хорезм. — Москва: ММУ баспасы, 1948. 23-бет; К.М. Байпаков. Взаимодействие оседлого и кочевого населения как фактор развития этнических процессов. — Вестник АН КазССР, 1987. № 8. 23-бет*).

5. Тарихшы К. д' Доссон Сыр бойы қаңлыларының (қайы қаңлы) XIII-XIV ғасырларда монғол шапқыншылығынан ығысып барып, Кіші Азияда Осман империясының іргесін қалағанын айтады (*К. д' Доссон. От Чингизхана до Тамерлана. — Алматы, 1996. 147-бет*).

6. Сырдарияның төменгі сағасында IX-X ғасырларда құрылған оғыз конфедерациясының құрамына енген жергілікті ру-тайпалардың бірі қаңғар (қаңлы) деп аталған (*С.Г. Агажанов. Огузская проблема и задачи ее изучения // Тюркологический сборник. — Москва, 1975. 10-11-беттер*).

7. Қаңлы этнонимі әр түрлі этникалық топтармен сабақтаса аталуы мейлінше жиі ұшырасады. Мәселен, ақ қаңлы, ал қаңлы, алпыс қаңлы, алтыорақ қаңлы, ақыл қожа қаңлы, ашамайлы қаңлы, әлпіне қаңлы, әлсейіт қаңлы, баба қаңлы, бадырақ қаңлы, бажанақ қаңлы, бақа қаңлы, балғалы қаңлы, бобақ қаңлы, бой қаңлы, бордақ қаңлы, бошмақ қаңлы, бұзаушы қаңлы, дип қаңлы, еділ қаңлы, еңке қаңлы, ерезен қаңлы, жайтаңбалы қаңлы, жаңабай қаңлы, жарықбас қаңлы, жуансан қаңлы, жүректау қаңлы, жылқаш қаңлы, жылқышы қаңлы, ирхан қаңлы, йухан қаңлы, катта қаңлы, кичик қаңлы, көк қаңлы, көктүнлі қаңлы, қайы қаңлы, қантекті қаңлы, қаңлы-қатаған, қаңлы-қыпшақ, қаңлы-найман, қараша-қаңлы, қаңлы-оғыз, қара қаңлы, қараманас қаңлы, қаспан қаңлы, қат қаңлы, қашулар қаңлы, қаялты қаңлы, қаясты қаңлы, қимақ қаңлы, қожа қаңлы, қос таңбалы қаңлы, қуақай қаңлы, құйысқанды қаңлы, құмырсқа қаңлы, құрғалы қаңлы, құстаңбалы қаңлы, қызыл қаңлы, қыпшақ қаңлы, қыр қаңлы, миям қаңлы, ноғай қаңлы, оғыз қаңлы, омақ қаңлы, омыртқа қаңлы, орманшы қаңлы, пышақты қаңлы, сайысқан қаңлы, сары қаңлы, таза қаңлы, тайыт қаңлы, тапа қаңлы, тарақты қаңлы, тоғанай қаңлы, төртұлы қаңлы, шанышқылы

қаңлы, шоқпар қаңлы, шөмішті қаңлы, шүнек қаңлы, ырғақты қаңлы, іргенекті қаңлы, т.б. (*Ә. Қайдар. Қаңлы. — Алматы, 2004. 61-62-беттер*).

Қаңлы этнонимінің бұл сияқты әр түрлі ру-тайпалармен, мекен-тұрақтармен сабақтаса ұшырасуы, сөз жоқ, қаңлылардың байырғы заманда-ақ дараланып шыққан іргелі де ықпалды этникалық жаралым екенін білдіреді. Сонымен бірге түркі тектес (басқа да) этностардың тарихи қалыптасуы жолында қаңлылардың әсер-ықпалының айрықша болғанын да аңғартады. М. Қашқаридің «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» деуінде осындай мән болса керек (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Үшінші том. — Алматы, 1998*).

ҚАРА. 1. Орта жүз найман, қоңырат тайпаларының құрамында «Қара» деп аталатын ата бар (Найман — Саржомарт — Көкжарлы — Қара; Қоңырат — Көктіңұлы — Қара).

2. Кіші жүз құрамындағы байбақты, шеркеш тайпаларының ішінде де қара атасы бар (Байбақты — Батақ — Итемген — Қара; Шеркеш — Жауқашты — Қара).

ҚАРАБАС. 1. Ұлы жүз суан, сіргелі тайпаларының құрамында қарабас аталары бар (Суан — Бағыс — Қарабас; Сіргелі — Батыр — Есназар — Шорман — Қарабас; Сіргелі — Ақкөңірдек — Жантоқ — Қожамберді — Қарабас).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы кердері тайпасының ішінде де қарабас атасы бар (Кердері — Смайыл — Құлтай — Қарабас).

ҚАРАКЕМПІР. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — қаракемпір (жақсыкелді).

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы төртқара тайпасының ішінде де қаракемпір атасы бар (Әлім — Төртқара — Оразкелді — Қаракемпір).

ҚАРАКЕСЕК. 1. Орта жүз арғын құрамындағы іргелі рулардың бірі — қаракесек.

2. Кіші жүз алты ата әлім ішінде қаракесек тайпасы бар. Шежіре дерегі бойынша Әлім «Қадырқожа», «Қаракесек» деп те аталады. Әлім үш әйел алып олардан өрбіген ұрпақ алты тайпаға ұласқан. Атап айтқанда: Әлімнің Токсұлу (Құба деп те атайды) деген бәйбішесінен — Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық (Тегінболат) туған; Токсұлу қайтыс болған соң Әлім Құттыбике (Қағаз деп те атайды) деген балдызына үйленіп, одан — Ұланақ (Сасықбай, кейін Қаракесек атанған) туған; ал Кетебике деген жеңгедей алған әйелінен — Тегінболат, Тойқожа туған. Бұл екеуінің өсіп-өнген ұрпағы шешелерінің атымен «Кете» атанып кеткен (*Әлім-қаракесекке қатысты алуан түрлі шежіренің келесі бір үлгілерін «Лақап немесе жанана этнонимдер» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасынан және «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасынан қараңыз*).

3. Қырғыз халқының құрамындағы солты тайпасының бір тармағы «Қаракесек» және «Дөйт» деп аталады. Осы орайда әлім-қаракесек ішіндегі шөмекейлердің ұраны да «Дөйт» екенін айта кеткен жөн.

4. Өзбек және тәжік халықтарының құрамында қаракесек руы бар. Шежіре дерегі бойынша қаракесек руы лоқай тайпасының құрамындағы бір ру болып есептеледі. Ал, лоқай тайпасының тек-тамыры жөнінде ғалым-зерттеушілер әр түрлі пікірде.

Ғалымдардың бір парасы лоқайлар Амударияның оң қанатынан ығысып, XVI ғасырда Шайбани ханмен бірге Тәжікстанның оңтүстігіне қоныстанған Дешті қыпшақ рулары еді дейді (*А. Борис. Путешествие в Бухару. Ч.3. — Москва, 1849. 367-бет; Д.Н. Логофет. На границах Средней Азии. III кітап. — СПб., 1909. 53-бет; А. Панков. Население Таджикистана // Таджикистан, сборник статей. — Ташкент, 1925. 90-бет; А.П. Хорошин. Сборник статей, касающихся до Туркестанского края. — СПб., 1876. 512-бет*).

Лоқайлардың тек-тамыры туралы келесі бір ой-тұжырым — лоқайлар XIII ғасыр басында Шыңғыс хан әскерімен бірге Орта Азияға келіп еді, сондағы әскербасыларының бірінің есімі Лоқай еді дегенге саяды (*С.Г. Азаров, О.И. Бригс. Овцеводство Таджикистана. — Москва, 1930. 62-бет; Ф.И. Ильютенко. Басмачество в Локае. — Москва-Ленинград, 1929. 28-бет; Г.Г. Хитенков. Локайская лошадь // Конские породы Средней Азии. — Москва, 1937. 222-бет*).

Ғалым-зерттеушілердің тағы да бір тобы лоқайлардың шығу тегін қарлұқтармен байланыстырады және Орта Азияны арабтар жаулап алғанға дейін лоқайлар Амударияның оң қанатын қоныстанушы еді дейді (*Материалы по районированию Средней Азии. Кн.1. Территория и население Бухары и Хорезма, ч.1. — Бухара. Ташкент, 1926. 198-бет; М.Е. Массон. К истории происхождения локайской лошади // «Известия ТаджФАН СССР». — 1949, № 15. 53-бет*).

Нақтылы айғақ-деректерге жүгінген зерттеу еңбектердің басым көпшілігі лоқайлар Дешті қыпшақтың ру-тайпаларымен тамырлас екенін, әсіресе, мәдени-рухани болмыстары қазақтарға мейлінше жақын екенін атап көрсеткен. Мәселен, лоқай тайпасының құрамындағы тіркеуге алынған 155 рудың 69-ы түркі тілдес көшпелілер болса, соның 38-і жалпы қазақ құрамындағы рулармен аттас екені, ал 28 ру Орта жүздің арғын, найман, керей, қыпшақ тайпаларының құрамында бар екені анықталған (*Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. — «Живая старина», вып. III и IV, 1898. 358-368-беттер; Б.Х. Карамышева. К вопросу о происхождении локайцев. — «Советская этнография», 1952. № 4. 11-29-беттер; Б.Х. Карамышева. Узбеки-локайцы Южного Таджикистана, вып.1. Историко-этнографический очерк животноводства в дореволюционный период. — Труды Института истории, археологии и этнографии АН Таджикской ССР. Т.28. — Душанбе, 1954. 121-159-беттер*).

Жоңғар шапқыншылығы заманында Орта жүз арғындардың Сырдария бойында, Нұрата мен Самарқандқа дейін көшіп-қонып жүргені, дәл осы кезеңде Кіші жүз рулары да Бұхара және Хиуа хандықтарының шекарасына дейін ығысқаны тарихтан аян. Әсіресе, 1723 жылғы аласапыраннан кейін Орта жүз руларының біраз бөлігі Сырдарияның солтүстігіне серпілсе, енді бір бөлігі оңтүстіктегі Самарқанд атырабына қарай ығысуға мәжбүр болған (*А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, ч. II. — СПб., 1832. 69-70-беттер; В.В. Востров,*

М.С.Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX в.). — Алматы, 1968. 69-бет). Нәтижесінде, көшпелі ру-тайпалар сандық құрамы жағынан молайғанда дербес рулардың түпкі тайпадан бөлініп шығатын, ал сандық құрамы селдірегінде түпкі тайпаға қайта кірігетін дәстүрі бойынша жаңа ортаға келген қазақтың ру-тайпалары да бастарын біріктіріп, өзара кірігіп, жаңа этникалық топ құраған. Мұның айқын бір айғағы — XVII-XVIII ғасырлардан жеткен жазба деректердің бәрінде лоқай тайпасының құрамындағы қазақ рулары өздерінің түп тегін қатағандар еді деп атап көрсеткен (*Ханство Кундуз. Из донесения д-ра Лорда, члена экспедиции капитана Бернса, от 25 июля 1838 г. — Сборник географических и статистических материалов по Азии. Вып. XV. — СПб., 1885. 273-бет).*

ҚАРАҚАЛПАҚ. 1. Орта жүз арғын құрамындағы қанжығалы руының ішінде қарақалпақ атасы бар (*М.Ж. Көпейұлы*).

2. Түркі тілдес халықтардың бірі — қарақалпақ.

ҚАРАҚАС. 1. Орта жүздегі он екі ата абақ керейлер құрамында қарақас руы бар.

2. Мажарстандағы қыпшақтар құрамында да қарақас (қарақаш) руы бар.

3. Тыба халқының құрамындағы іргелі тайпалардың бірі — қарақас (*Н.Ф. Катанов*).

ҚАРАҚОЙЛЫ. 1. Ұлы жүз дулат ішінде қарақойлы руы бар. Шежіре дерегі бойынша дулаттың бір бұтағы Ботбай болса, одан — Қоралас, одан — Қарақойлы өрбиді.

2. Ұлы жүз дулаттың бір бұтағы Сиқымнан — Жәнібек, Әлібек, Мақпал есімді үш ата тараса, шежіре дерегінде осылардың Жәнібегін — қарақойлы, Әлібегін — аққойлы деп те атайды.

3. Ұлы жүз ысты тайпасының ішіндегі тілік руынан өрбіген аталардың бірі — қарақойлы.

4. Орта жүз қыпшақ құрамында да қарақойлы атасы бар.

5. Кіші жүз жетіру ішіндегі табын тайпасының құрамында бозым деп аталатын ру бар. Шежіре деректерінің бірінде бозым руынан — қайырқожа, тоқсиық, асан, қарақойлы деп аталатын төрт атаның өрбитіні айтылады. Бұл аталарды жинақтап «Төртуыл» деп те атайды.

6. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы керейт тайпасының ішінде де қарақойлы атасы бар (Керейт — Саужайлы — Көне — Дулат — Асан — Қарақойлы).

7. Қарақойлылар ру-тайпалық деңгейде түрік, түркімен, өзбек, қарақалпақ елінде бар:

8. Шығыс Хорасан мен Хисардан бастап Бадахшанға дейін XV ғасырда 4-5 мың шаңырақ қарақойлылар көшіп-қонып жүрген. Бабырдың айтуында билік басына аққойлылардың шығуына байланысты бұл қарақойлылар Ирак пен Әзірбайжаннан ығысып келген (*Бабур-наме. Записки Бабур. М. Сальенің аудармасы. — Ташкент, 1958. 40-бет*).

ҚАРАҚЫПШАҚ. 1. Орта ғасырдағы қыпшақ тайпалық бірлестігінің бір тармағы.

2. Қазақтың Орта жүзінің құрамындағы қыпшақ тайпасының бір бұтағы, яғни, рулар бірлестігі «қарақыпшақ» деп аталады. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі

Қыпшақ – Сүлім алып – Ақкөбік – Мүйізді Сары абыз деп келеді де, сол Сары абыздан – Қарақыпшақ, Сарықыпшақ, Қытайқыпшақ, Торықыпшақ, Құланқыпшақ аталарын өрбітеді. Қарақыпшақтан – Тойбастар, Тоқтар би, Ойбас батыр туады. Осылардың Тоқтар биінен – Көлденең, Қарабалық, Торайғыр, Бұлтың, Ұзын туып еді дейді. Қарақыпшақ рулар бірлестігін құрайтын аталар осылар. Ойбас исі Орта жүз қыпшақтарының ұранына шыққан.

3. Башқұрттардың құрамында қарақыпшақ руы бар.

4. Қырым татарларының құрамында да қарақыпшақ руының болғаны жөнінде дерек бар (*А.И. Маркевич. Географическая номенклатура Крыма как исторический материал. – Симферополь, 1928. 11-бет*).

5. Шыңжан (Шығыс Түркістан) қырғыздарының құрамында да қарақалпақ руы бар.

ҚАРАСИРАҚ. 1. Ұлы жүз ошақты тайпасының құрамындағы аталық руының ішінде қарасирақ атасы бар.

2. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамында да қарасирақ атасы бар (Қоңырат – Көктіңұлы – Қара – Қарасирақ).

ҚАРАТОҚА. 1. Орта жүз арғын ішіндегі қуандық тайпасынан – қарпық, одан – мәмбет, көзей, тінәлі рулары өрбісе, осылардың көзейінен тараған рулы ел қаратоқа (тоқа) деп аталады.

2. Кіші жүз байұлының құрамындағы беріш тайпасының бір атасы қаратоқай деп аталады.

ҚАРАШ. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамында қараш руы бар.

2. Кіші жүз адай тайпасының құрамында тобыштан тарайтын бір ата қараш деп аталады.

ҚАРАШОР. 1. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек (болатқожа) тайпасынан өрбіген түйте атасының бір бұтағы қарашор деп аталады.

2. Көршілес қырғыз елінде қарашора руы бар.

ҚАРҚАРА. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі – қарқара (Сіргелі – Қаракөңірдек – Сәмен – Қарқара).

2. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы сиқым, жаныс руларының ішінде де қарқара аталары бар (Сиқым – Шуылдақ – Қарқара; Жаныс – Шегір – Кедейабыз – Назар – Қарқара).

3. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы рамадан тайпасының ішінде де қарқара атасы бар (Рамадан – Алатау – Қарқара).

ҚАРПЫҚ. 1. Орта жүз арғын құрамындағы қуандық тайпасының бір руы қарпық деп аталады.

2. Кіші жүз байұлының ішіндегі адай тайпасының тінейінен өрбіген аталардың бірі қарпық деп аталады.

ҚАТАҒАН. 1. Ұлы жүз құрамындағы іргелі рулардың бірі — қатаған («Қазақ этнонимдері» тараушасындағы Қатаған топониміне берілген түсініктемені қараңыз).

2. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамында да қатаған атасы бар (Қоңырат — Көтенші — Досымқұл — Есқара — Шүйіліш — Жетімдер — Мәметек — Қатаған).

3. Өзбекстанның Ташкент, Ходжент, Самарқанд төңірегінде тұратын іргелі тайпа — қатаған.

4. Өзбек пен тәжік халықтарының арасындағы іргелі тайпа — лоқай өздерінің түп тегін қатаған деп есептейді.

5. Қырғыз халқының құрамында да қатаған руы бар. Шежіре дерегі бойынша қатаған руы арқалық қырғыздарының ішіндегі оң қанат қырғыздарының құрамында. «Манас» жырында қатаған руы туралы былай дейді:

«Башкы уругу катаган,
Қырғыздан чыгып ушул ел,
Баары да бир атадан» (Манас. Бірінші бөлім. 2-кітап.

— Фрунзе, 1958. 104-бет).

6. Ноғай халқының құрамында да қатаған руы бар.

7. Ауғанстанның солтүстігіндегі Құндыз, Тасқорған аймағында да қатағандар бар.

8. Қатағандар құрама руының да құрамында бар.

ҚИЯТ. 1. Шежіре дерегі бойынша қазақ арасында жүзге кірмейтін қият руының болғаны және олардың іргелі ру-тайпалар құрамына сіңісті болып кеткені айтылады. Әсіресе қият пен қоңырат тайпаларының ертеден қалыптасқан құда-андалық (фратриялық) дәстүріне қатысты дерек мол. Әлішер Науаи өз еңбектерінде қият пен қоңырат тайпаларының арасында құда-андалық дәстүрдің ертеден қалыптасқанын, ал хан тұқымының әдетте қият пен қоңырат тайпаларынан қыз алуды мәртебе санайтынын жазады.

2. Ұлы жүз құрамындағы қатаған (шанышқылы) руларының құрамында қият атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Қатағаннан — Айырылмас, одан — Бектау, одан — Балық, одан — Қият болып өрбиді.

3. Өзбек, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, башқұрт халықтарының құрамында қият руы бар.

4. Монғолдың тайджұт тайпасы өз ішінде қият-үркін және қият-бөржігін деп аталатын екі руға бөлінеді (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. I том. Бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 79, 105, 153, 177-беттер*). Әйгілі Шыңғыс хан қият-бөржігін руынан шыққан.

ҚОЖА. 1. Қазақтың жүздік құрамына кірмейтін тайпалардың бірі — қожа. Жүздік құрамға кірмейтініне қарамастан, қазақ руларының бәрінің дерлік құрамында қожа әулеті бар.

2. Түркі тілдес халықтардың біразының құрамында қожалар бар. Олар «кожа» этнонимін сақтағанымен, тұрғылықты халықпен біте қайнасып, тілі мен дәстүрін қабылдап, сіңісіп кеткен. Мәселен, Орта Азияны аудандастыру комиссиясы 1924 жылы өзбек тілді қожалардың Пашхурд алқабында — 1100 адам екенін, Сурхан мен Құмқорған өзендерінің бойында — 220 адам екенін есепке алған (*Материалы по районированию Средней Азии. Кн. 1. Территория и население Бухары и Хорезма, ч. 1. — Бухара, Ташкент, 1926. 267-бет*).

Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы іргелі тайпалардың бірі қоңырат. Сол қоңырат тайпасының бір тармағы — қостаңбалы құрамындағы бәндікүшік руының ішінде қожа атасы бар.

Түркімен-шайқылары (шейх) өздерін бірінші халиф — Абу-Бәкірден өрбіген қожалардың бір бұтағымыз деп есептейді (*К. Атаев. Некоторые данные по этнографии туркмен-шейхов // Труды института истории, археологии и этнографии АН Туркменской ССР. Т. VII, сер. этногр. — Ашхабад, 1963. 75-76-беттер*).

Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы сейід руы өздерін Әлі мен Фатимадан (Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың қызы) өрбіген қожалардың бір бұтағымыз деп санайды.

ҚОЖАМБЕРДІ. 1. Ұлы жүз сіргелі, дулат тайпаларының құрамында қожамберді аталары бар (Сіргелі — Қарабатыр — Жақсыкелді — Қожамберді; Дулат — Жаныс — Жанту — Жайылмыс — Қожамберді).

2. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы жаппас (алтын) тайпасының құрамында да қожамберді атасы бар (Жаппас (Алтын) — Шұңғыр — Бұйра — Қожамберді).

ҚОҢЫР. 1. Ұлы жүз ысты тайпасынан екі іргелі ру — ойық, тілік тарайды. Тіліктен тарайтын аталардың бірі — қоңыр.

2. Ұлы жүз ошақты тайпасының құрамында да қоңыр (қойназар) атасы бар.

3. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамында да қоңыр атасы бар (Сіргелі — Шалдар — Жандос — Қоңыр).

4. Кіші жүз құрамындағы табын, кете тайпаларының құрамында да қоңыр аталары бар (Табын — Шөмішті (Бозым) — Қарақойлы — Қоңыр; Кете — Ақкете — Тұрсынбай — Қоңыр).

ҚОҢЫРАТ. 1. Орта жүз құрамындағы іргелі тайпа — қоңырат.

2. Қоңыраттар өзбек, қарақалпақ, түркімен, қырғыз, Қырым татары, ноғай, т.б. халықтардың құрамында бар (*Н.И. Веселовский, Н.А. Аристов, А.П. Чулошников, В.В. Решетов, Н.А. Баскаков, т.б.*).

3. Меркіт руына берілген деректі (4) қараңыз.

Кейбір тарихи деректер қоңыратты Ұлы жүзге жатқызады (И.И. Крафт).

А.И.Левшиннің жазуында қоңырат тайпасының қомақты бөлігі Орта жүздің құрамынан бөлініп шығып, Ұлы жүзге қосылған (*А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы, 1996. 290-бет*). Ал, қазақтың шежірелік деректерінде керісінше қоңырат тайпасының бір кездері Ұлы жүз құрамында болғаны айтылады.

ҚОҢЫРБӨРІК. 1. Ұлы жүз албан өз ішінде сары, шыбыл деген екі атаға бөлінсе, осылардың шыбылынан — қызылбөрік (бөтей), қоңырбөрік (өтей), бойдақ аталары өрбіген.

2. Кіші жүз байұлының құрамындағы он екі атаның бірі Сұлтансиық болса, одан — Алаша, одан — Тоқберлі, одан — Қоңырбөрік өрбіген деп таратады шежіре дерегі.

ҚОСАЙ. 1. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы екей руынан өрбіген аталардың бірі — қосай.

2. Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамында да қосай атасы бар (Қаңлы — Сарықаңлы — Сыбаным (Ешкілі) — Қосай).

3. Орта жүз қоңырат тайпасының көтенші бұтағынан өрбіген аталардың бірі — қосай (Көтенші — Жетімдер — Сұрқиік — Қосай).

4. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы адай тайпасының ішінде де қосай атасы бар (Адай — Құдайқұл — Қосай).

ҚОСТАҢБАЛЫ. 1. Кіші жүз он екі ата байұлының құрамындағы беріш тайпасынан өрбіген аталардың бірі қостаңбалы деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Беріш — Байсейіт — Қитас — Жайық — Есенқұл — Ноғай болып тарайды. Ноғайдан — Қояс, Үйсін, Қостаңбалы, Қазанқұлақ есімді төрт ата өсіп-өнген.

2. Өзбек, тәжік халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасының бір тармағы қостаңбалы деп аталады.

3. Ноғай халқының құрамында да (қара ноғай ішінде) қостаңбалы руы бар.

ҚОТАН. 1. Шежіре деректерінде арғыннан өрбіген түпкі аталардың бірі Қотан екені айтылады. Жанақ ақын:

«Арғынның түп атасы — ақын Қотан,

Өлеңге бізден ұста болса керек», — дейді. Бұл сөзді Көтеш ақын айтыпты деген де сөз бар. Әйгілі Бұқар жыраудан:

«Бәрімізді сұрасаң
Қотанбайдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дауасы», —

деген сөз жеткен (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 14-бет*).

Тарихи еңбектерде Қотанның XIV ғасырда ғұмыр кешкен ақын екені атап көрсетілген (*Қазақстан тарихы. II том. — Алматы, 1998. 237-бет*).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбасындағы:

«Сұрасаң арғы атамды, ер Қотан-ды,
Сұлтанбек Әзіден ол бата алды», —

деп келетін өлең жолдарына ден қойсақ, онда Ахмет Иассауидің көзін көрген, батасын алған Қотан XIII ғасыр аясында ғұмыр кешкен адам болып шығады. Бұл кез-

де арғын, қыпшақ, ноғай, маңғыт сияқты тайпалық бірлестіктерге Қотанның хан болғаны тарихи деректерден белгілі. Монғол астанасы Қаракорымда 1235 жылы құрылтай болып, онда «Батыс жорығына» аттану жөнінде шешім қабылданады. Осы шешім бойынша 1236 жылы жойқын шайқастардың бірі Еділ-Ақтөбе жайылмасында болып, қыпшақ көсемі Бачман күйрей жеңіледі де, Қотан хан 40 мың шаңырақ болатын ордасын бастап Мажарстанға өтіп кетеді. Мажарстанда Төртінші Беламен тіл табысып, католик дінін қабылдаған Қотан хан мажар (венгр) магнаттарының арасындағы күндестіктің құрбаны болады (*Л.Н. Гумилев. Древняя Русь и Великая Степь. II том. — Москва, 1997. 64-65-беттер*).

Орыс жылнамаларында айтылатын Қотан (Котян) ханның ғұмыр кешкен уақытына қатысты деректерге сын көзімен қараған абзал (*Г.В. Носовский, А.Т. Фоменко. Введение в новую хронологию. Какой сейчас век? — Москва, 2001; Солардікі: Русь и Рим. Правильно ли мы понимаем историю? III және V томдар. — Москва, 2001*).

Қазақ арасында айтылатын Қотан мен орыс жылнамаларындағы Котян, қытай шежірелеріндегі Юитань, монғол жазбаларындағы Удан, араб-парсы деректеріндегі Хотан атауларын тарихи-этнологиялық тұрғыда шендестіре қарастырып көруге болады.

2. Араб тарихшылары Ибн-Халдун мен Ан-Новари орта ғасырдағы Батыс Қыпшақ бірлестігіндегі он бір тайпаның бірі қотан екенін, олар Днепрдің шығыс бетін қоныс ететінін айтады.

3. Кіші Бұхарада қотан (хотын) деп аталатын рулы ел бар.

4. Шығыс Түркістандағы (Батыс Монғолия) Қотан қаласында қотан (қотын, хотон) деп аталатын монғолданған түркілер бар. Олардың құрамындағы жеті атаның бірі масқар деп аталады. Қазақ шежіресінде Кіші жүздің байұлы өз ішінде қыдырсиық, байсиық, сұлтансиық деген үш тармаққа бөлінсе, осылардың сұлтансиығынан өрбіген аталардың бірі — масқар.

5. Монғолияның солтүстік-батысындағы Усу және Қобда аймақтарында түркінің монғолданған бір руы қотын (қотан, хотон) деп аталады. Бұлар негізінен монғолдың дүрбіт (дәрбэт) тайпасының құрамына сіңісті болған. Бұл қотындардың құрамындағы сүйек-аталардың құрман, өзбек, жас, қазақ, құдайберді, жұпар, жалпақ, шабай деп аталатынын кезінде Г.Н. Потанин, Б.Я. Владимирцев, А.Н. Самойлович, С. Бадымқатын сияқты ғалым-зерттеушілер атап көрсеткен.

В.В. Радлов, А. Вамбери, Н.А. Аристов, Г.Н. Потанин, Б.Я. Владимирцев сияқты белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қотандар (хотондар) туралы біраз мағлұмат берілген (*В.В.Радлов. Письмо из Сибири. — Москва, 1989. 100-101-беттер; А. Вамбери. Путешествие по Средней Азии. — СПб., 1874; Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1896. 349-бет; Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. — СПб., 1881. 99-бет; Б.Я. Владимирцев. Работы по истории и этнографии монгольских народов. — Москва, 2002. 99-124-беттер*). Бұл ғалымдардың деректері бойынша қотандардың (хотондардың) саны XX ғасырдың бас кезінде 300-400 шаңырақ болғаны айтылады.

Қотандардың тіліне, наным-сеніміне және фольклорына ден қойғанда, түркі тілдес халықтардың арасында қазақтармен етене жақын екені аңғарылады. Мәсе-

лен, салыстыру тұрғысында қотандар мен қазақтар арасында «Саусақтар тәжікесі» деп айтылатын фольклорлық-этнографиялық бір ғана мысалды келтіре кетуге болады.

Қотандар былай дейді:

«Бас бармақ айтыпты: ұрұ алалы (ұрлық қылалық).

Сұқ саусақ айтыпты: мал алыб кэлэр (мал алып келейік).

Ортан қол айтыпты: қайдан алыб кэлэлы (қайдан алып келеміз?)

Аты жоқ қол айтыпты: эсы чикса, қаптат (иесі шықса қайтеді?)

Шынашақ айтыпты: ант ышиб кутлалы (ант ішіп құтылайық)» (Б.Я. Владимирцев. *Көрсетілген еңбек. 116-бет*).

Қазақтар былай дейді:

«Бас бармақ айтыпты: ұрлық қылайық.

Сұқ саусақ айтыпты: қылсақ қылайық.

Ортан қол айтыпты: Құдайды қайтеміз?

Аты жоқ қол айтыпты: Құдай не істер дейсің?

Шынашақ айтыпты: Қара койды сояйық, қан-жынына тояйық».

Белгілі ақын Байбота Серікбайұлы монғолданған қотан (хотон) мен қазақ арасындағы көтен руларының арасында сабақтастық бар екенін айтады (Б. Серікбайұлы. *Тіл ұшындағы тарих. — Алматы, 2003. 328-329-беттер*).

- ҚОШҚАР.** 1. Орта жүздегі арғын тайпасының құрамында қошқар руы бар.
2. Орта жүздегі қыпшақ тайпасының құрамында қошқар руы бар.
3. Мажарстандағы қыпшақтардың құрамында да қошқар (кочкар) руы бар.

- ҚУАНДЫҚ.** 1. Орта жүз арғын құрамындағы іргелі ру қуандық деп аталады.
2. Өзбек ішінде лоқай тайпасының құрамындағы іргелі ру қуандық деп аталады (А.Н. Аристов).

Білікті этнолог Б.Х. Кармышева лоқай руларының 155 атауын келтіре отырып, оның 69-ы өзге түркі тілдес халықтар құрамында кездесетінін жазса, белгілі ғалым-этнолог Ж.Артықбаев «осы 69-дың 38-і қазақ руларының атауларына келеді, оның ішінде 28-і Орта жүз атанған руларға, әсіресе, арғынға сәйкес келеді» дейді (Ж. Артықбаев. *Лақай — қазақы бәйтеректің бір бұтағы. — «Ақиқат» журналы, 1999. № 5*). Мұндай дерек қазақ ру-тайпаларының көршілес түркі тілдес халықтармен этногенетикалық байланыстарын бажайлауға бағдаршы болуға тиіс.

Лоқайлар негізінен Бұхараның шығыс алабын қоныс еткен.

- ҚҰБА.** 1. Орта жүз найман ішінде үшқұба бұтағы бар.
2. Орта жүз қыпшақ ішінде құба қыпшақ дейтін бұтағы бар.
3. Кіші жүз ішіндегі шөмекей руы Бөзғыл, одан — Келдібай, одан — Әлдерлі, одан — Келімбет, одан — Өтебай, одан — Құба болып тарайды.
4. Башқұрт ішінде құбақан руы бар.
5. Өзбек ішінде қобан руы бар.
6. «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жырында:

«Нәсілі Сарыбайдың ноғай емес,

Оның тегі Күндікер құбан жұрт деп», — деген жолдар бар (*Каз. фольклор в собр. Г.Н. Потанина. — Алматы, 1972. 229, 242-беттер*).

7. Орыс деректеріндегі Куман, Кубань атаулары да құба этнонимімен тамырлас болу керек.

Байырғы түркі тілінде «қабушақ» деген сөз қуыс ағаш деген мағына береді (*Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969. 399-бет*).

Зерттеушілер қабушақ — қыпшық — құба — кубань — кумань атауларының арасында тектестік барын айтады. Аңыз бойынша жаңағы қауашақ (қабушақ, қобышақ) — қуыс ағашты жаугершілік кезінде Оғыз бегінің бір әйелі паналап, сол ағаш қуысында босанса керек. Қауашақ ағашта туғаны үшін баланың атын Қыпшақ қойыпты. Қыпшақты Оғыз қағанның өзі тәрбиелеп, есейген соң Еділ мен Дон арасын билеткен екен (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. — Москва-Ленинград, 1952. 1-том, 1-кітап. 84-бет*).

Орыстың «полый» деген сөзі «іші қуыс» деген мағына береді (*С.И. Ожегов. Словарь русского языка. — Москва, 1953. 507-бет*). Яғни, орыстың «половцы» деген сөзі «қыпшақ» этнонимімен мәндес екені назар аударады. Бұл екі сөз де іші қуыс ағашты білдіреді.

Сондай-ақ, «куман» сөзі де қу ағаш деген мағынаны білдіретінін В.В. Радлов та айтады. «Ман» сөзі «адам» деген мағынаны білдіреді дейді.

ҚҰЛБОЛДЫ. 1. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндік тайпасынан — тоқшора, оразгелді, қаржас аталары өрбіген. Осылардың оразгелдісінен — маймақ, одан — құлболды аталары тарайды.

2. Орта жүз арғын құрамындағы бәсентиін руының ішінде де құлболды атасы бар.

3. Ұлы жүз дулаттың бір тармағы Жаныстан — Жарылқамыс, одан — Бәйімбет (Қасқарау), одан — Бұқар, одан — Құлболды өрбіп, рулы ел болып отыр.

Құлболды аталарының қазақ арасындағы әр жүз ішінде кездесуі олардың қандас туыстастығынан да бұрын, ислам дініне мойын ұсына бастаған кезенді басымырақ аңғартады. Яғни, «Бір Аллаға құл болды» деген сенімге берілуден туындаған есім болса керек.

ҚҰРАМА. 1. Қазақ арасындағы жүзге жатпайтын рулардың бірі — құрама.

2. Өзбек, тәжік халықтарының құрамында да құрама рулары бар.

ҚҰРБАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы батыр руының ішіндегі аталардың бірі — құрбан.

2. Орта жүз қоңырат тайпасының көтенші бұтағынан өрбитін аталардың бірі — құрбан (Көтенші — Мақы — Жаманбай — Құрбан).

ҚҰРМАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының үкібай бұтағынан өрбіген аталардың бірі — құрман.

2. Ұлы жүз шанышқылы, албан, ошақты тайпаларының құрамында да құрман аталары бар (Шанышқылы – Бектау – Құрман; Албан – Сары – Сүйменді – Бозым – Жаншық – Әлмерек – Құрман; Ошақты – Аталық – Құрман).

3. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы масқар, шеркеш тайпаларының ішінде де құрман аталары бар (Масқар – Құттықадам – Құрман; Шеркеш – Жауқашты – Құрман).

ҚЫДЫРӘЛІ. 1. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі – қыдырәлі.

2. Орта жүз найман ішіндегі қаптағай руынан өрбіген аталардың бірі қыдырәлі деп аталады.

ҚЫЗЫЛБӨРІК. 1. Ұлы жүз албан тайпасының шыбыл бұтағынан өрбіген жолболды, молболды руларын жинақтап «Қызылбөрік» («Боти») деп атайды.

2. Кіші жүз байұлы тайпалар бірлестігінің құрамындағы алаша тайпасының ішінде қызылбөрік атасы бар.

3. Өзбек арасындағы қатаған тайпасының құрамында қызылбөрік руы бар.

ҚЫЗЫЛҚҰРТ. 1. Ұлы жүз ішіндегі Ыстыдан – Жауатар, одан – Ойық, Тілік, Сызық туады. Осы аталардың ішінде Ойықтан – Қызылқұрт, Ауызүсіген (Зорбай), Көкшекөз (Орбай) туған.

2. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы жаныс руының ішінде қызылқұрт атасы бар.

3. Орта жүздегі он екі ата абақ керейдің бір атасы шұбарайғыр болғанда, одан – Шотбан (Толым, Тоғыз), Қалпе, Өтекүл атты үш бала туған. Осы үш атаның ұрпақтары Балта, Қалпе, Тоғызак, Қабыл, Бәйбіше, Байбура, Қанымбике, Түзік, Сарыкөз (Есімбет), Қызылқұрт (Досымбет), Бөлек, Мұрат деп аталатын рулар қалыптастырған. Яғни, шұбарайғыр ішіндегі он екі рудың бірі қызылқұрт деп аталады.

4. Кіші жүздің байұлы өз ішінде он екі атаға бөлінсе, соның ішінде сұлтансиық деп аталатын бір бұтағынан байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт тайпалары тарайды. Дәулескер күйші Құрманғазы Сағырбайұлы осы қызылқұрттан.

5. Кіші жүз ішіндегі жетірудан тарайтын тама тайпасы өз ішінде әліп, жөгі деп аталатын екі атаға бөлінеді. Осылардың әлібінен өрбіген аталардың бірі қызылқұрт деп аталады.

6. Қырғыз халқының құрамындағы сару тайпасында жетіару руы бар. Сол жетіару руының құрамындағы аталардың бірі қызылқұрт деп аталады.

ҚЫПШАҚ. 1. Орта жүз құрамындағы іргелі тайпа – қыпшақ.

2. Ұлы жүз албан ішіндегі бір ата қыпшақ деп аталады.

3. Орта жүз арғын ішінде қаракесектен өрбіген шаншар руының құрамында да қыпшақ бұтағы бар.

4. Орта жүз арғын ішінде сүйіндіктен өрбіген айдабол руының құрамында да қыпшақ бұтағы бар.

5. Қыпшақ рулары түрік, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай, хақас, Қырым татары, тыба, монғол, түркімен, құмық, ноғай, қарашай, қарайым, балқар, т.б. халықтардың құрамында бар (Н.А. Баскаков. *Тюркские языки*. — Москва, 1960. 133, 136, 188-беттер; З.Ш. Навширванов. *Предварительные заметки о племенном составе тюркских народностей, пребывавших на юге Руси и в Крыму* // «Известия Таврического общества истории, археологии и этнографии». III том. — Симферополь, 1929. 83-бет; С.М. Абрамзон. *Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи*. — Фрунзе, 1990. 43-бет; Т.А. Жданко. *Очерки исторической этнографии каракалпаков (родо-племенная структура и расселение в XIX — начале XX в.)*. ТИЭ, жаңа серия. IX том. — Москва, 1950. 37-бет; А.Д. Гребенкин. *Узбеки* // «Русский Туркестан», II шығарылым. — Москва, 1872. 59, 100-беттер; Л.П. Потапов. *Этнический состав и происхождение алтайцев*. — Ленинград, 1969. 23-24-беттер, т.б.).

6. Мажарлар (венгрлер) құрамындағы іргелі тайпа қыпшақ деп аталады.

А.Н. Бернштам жаңаша жыл санауға дейінгі I ғасырда Қытай дерегінде кездесетін «цзюеше» немесе «цзюйше» тайпаларын қыпшақтар дейді (А.Н. Бернштам. *Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии*. — Советская этнография. № 6-7. 1947. 154-бет). Бұл пікірге С.Г. Кляшторный қарсы (С.Г. Кляшторный. *Кипчаки в рунических памятниках*. — Тюркология. — Ленинград, 1986). Ал, С.М. Ақынжанов болса, қытай деректерінде қыпшақтардың «се» немесе «сир» деп аталғанын айтады (С.М. Ақынжанов. *Кипчаки в истории средневекового Казахстана*. — Алматы, 1989). Татар ғалымы «қыпшақ» этнонимін «құба сақ» сөзімен шендестіреді (Лексемь агадир (агафирс), акацир и мишар в системе тюркских этнонимов. — Тюркология, 2004, № 5. 97-бет).

ҚЫРҒЫЗ. 1. Түркі тілдес ұлттардың бірі қырғыздар.

2. Қазақ арасында қырғыз деп аталатын рулар бар. Олардың көбірек шоғырланған өңірлері — Қарағанды, Жезқазған, Ақмола, Көкшетау аймағы. Бұл өңірлердегі қырғыздардың көпшілігі Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы рулар ішіне дербес аталар болып сіңісіп кеткен. Атап айтқанда: жана қырғыз, бай қырғыз бұтақтары — қарауыл, атығай ішіне, естек қырғыздар — қаракесек ішіне сіңісті болған.

3. Орта жүз уақ тайпасының құрамында қырғыздың сарыбағыш тайпасынан тараған ұрпақтар кездеседі.

4. Кіші жүз әлім ішінде де қырғыз руы бар.

5. Қазақ арасындағы төлеңгіттер ішінде қырғыздың құсшы атасы бар.

6. Өзбек, тәжік, ноғай, хақас халықтарының арасында қырғыз рулары кездеседі.

7. Монғол елінің Көнсуқөл аймағын мекендейтін түркілермен туыс тайпалардың бірі дарқыт деп аталады. Сол дарқыт тайпасының құрамында қырғыз руы бар.

ҚЫРЫҚ. 1. Қазақ ру-тайпаларының құрамына сіңісті болған рулардың бірі — қырық (Н.А. Баскаков. *Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь*. — Москва-Ленинград, 1940. 132-140-беттер; Г.П. Васильева. *Этнографические данные о происхождении туркменского народа*. — Москва, 1964. 2-бет; Д.Е. Еремеев. *К семантике тюркской этнонимии* // «Этнонимы» жинағы. — Москва, 1970. 140-бет;

Т.А. Жданко. Очерки исторической этнографии каракалпаков. Родоплеменная структура и расселение в XIX — начале XX века. — Москва-Ленинград, 1950. 39, 45-беттер; Т.И. Султанов. Опыт анализа традиционных списков 92 «племен иалатийа» // Средняя Азия в древности и средневековье. — Москва, 1977. 165-176-беттер).

Тарихи деректерде мың, жүз, қырық руларының өзара туыстас екені, оларды жинақтап «марқа» деп атайтыны, XIX ғасырда Зарабшанның оңтүстік-шығысын, Гиссар мен Балх тұсындағы Амудария бойын, сондай-ақ Хиуа хандығы мен Қоқанды қоныстанғаны айтылады (*Т.И. Султанов. Көрсетілген еңбек*).

2. Қырық руы ноғай, түркімен, қарақалпақ және Анадолы күрдтерінің құрамында да бар.

ҚЫРЫҚМЫЛТЫҚ. 1. Кіші жүз ішіндегі он екі ата байұлының құрамындағы іргелі тайпалардың бірі адай болса, одан өрбіген мұңал атасынан — шоғы, одан қырықмылтық бұтағы тарайды.

2. Орта жүз арғын ішіндегі бір ру қырықмылтық деп аталады. Қырықмылтық руынан баймақара, жаманқұл, олжақұл, бұқты аталары өрбіген (*Н.А. Аристов. Заметки. — СПб., 1896. 362-бет*).

3. Орта жүз найман ішіндегі бір ата қырықмылтық деп аталады.

ҚЫРЫҚСАДАҚ. 1. Кіші жүз масқар тайпасының құрамында қырықсадақ руы бар.

2. Ұлы жүз шанышқылы руының құрамында қырықсадақ атасы бар.

3. Қарақалпақтар арасындағы кендеклі руының ішінде бір ата қырықсадақ деп аталады.

4. Өзбек ішіндегі лоқай тайпасының құрамында да қырықсадақ атасы бар.

ҚЫТАЙ. 1. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының ішіндегі бір ру қытай деп аталады. Қазақ шежіресі бойынша қыпшақ тайпасы өз ішінде қара қыпшақ, сары қыпшақ, қытай қыпшақ, құлан қыпшақ болып бөлінеді. Г.Ф. Миллер өзінің «Сібір тарихы» атты еңбегінде қыпшақты өз ішінде құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сағал қыпшақ, торайғыр қыпшақ, мажар (мадьяр) қыпшақ деп бөледі.

2. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының ішінде де қытай руы кездеседі (*Материалы по киргизскому землепользованию. IX том. 1905. 56, 156-беттер*).

3. Қырғыз халқының құрамындағы сол канат руларының бірі қытай деп аталады.

4. Өзбек, тәжік халықтарының құрамындағы жүз тайпасының іргелі бір тармағы қытай-жүз деп аталады. Олар негізінен Санзар мен Сырдария өзендерінің алқабын қоныстанған (*Б.Х. Карамышева*). Осы орайда, өзбек пен тәжік құрамындағы қытай руын мекен-тұрақтарына және басқа рулармен бірігуіне байланысты мәнжулі қытай, шеруші қытай, қайшылы қытай, аралбай қытай, қазаяқты қытай, екішейх қытай, қайын қытай, т.б. деп айырып атайтын дәстүрдің барын да айта кеткен жөн.

5. Солтүстік Кавказдағы ноғайлардың құрамында (ақ ноғай ішінде) қытай руы бар (*Н.А. Баскаков*).

6. Башқұрт, қарақалпақ, Қырым татары, ғағауыз халықтарының құрамында да қытай руы бар.

7. Қазақстанның шығысындағы ұлы халық қытай (ханьжэнь) деп аталады. Орхонның жазба ескерткіштерінде қытайды «табғаш» деп атаған.

8. Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» («Диуани лұғат-ат-түрік») атты еңбегінде қытай тайпасын атайды.

ЛАҚ. 1. Қыпшақ ішіндегі бір ру лақ деп аталады. Қыпшақ тармақтарының бірі Қазақстанда торы қыпшақ деп аталады. Шежіре бойынша Торыдан – Әлпейіс пен Құлпейіс туған. Әлпейістен – Қитабан мен Түйішке туған. Түйішкеден – Қарамойын мен Лақ туған.

2. Кавказда лақ деп аталатын халық бар.

МАДИЯР. 1. Кіші жүз ішіндегі он екі ата байұлының ішіндегі бір ата мадияр деп аталады.

2. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының ішінде «бес таңбалы қыпшақ» атанған ұзын, торы, бұлтын, көлденен, қарабалық деп аталатын аталар бар. Солардың ішіндегі бұлтың атасынан Биболат, одан – Ағыс, одан – Шуақ, одан – Өріс (Орыс), одан – Төбет, одан – Мадияр болып өрбиді. Келесі бір шежіре дерегі бойынша Бұлтыңнан – Өріс, Бегіс туады. Өрістен – Төбет, Құлатай, Мадияр туады. Ал, Бегістен – Жоламан, одан – Есенгелді, Әбілқасым туған.

3. Орта жүз арғынның бір бұтағы – «кіші арғын» немесе «тоқал арғын» ішінде де мадияр атасы бар. Бұлар негізінен Торғай өңіріндегі Қоңыраулы өзенінің бойын қоныстанған.

4. Венгрлер өздерін мадияр (мажар) деп атайды.

5. Ноғай халқының құрамында да мадияр (мажар) руы бар.

МАЙҚЫ. 1. Орта жүз арғынның мейрамынан өрбіген қаракесек руының ішіндегі бір ата майқы деп аталады.

2. Он екі ата абақ керейдің Құттықожасынан Майқы туған.

3. Шыңғыс ханның замандасы Майқы би.

МАЛАЙ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы тутанбалы руының ішінде малай атасы бар.

2. Ұлы жүз дулат және Сарыүйсін тайпаларының құрамында да малай аталары бар (Дулат – Шымыр – Бекболат – Шілмәмбет – Ноғай – Малай; Сарыүйсін – Жақып – Қайқы – Жанберді – Малай).

3. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы сүйіндік руынан өрбіген аталардың бірі – малай (Сүйіндік – Оразкелді – Мәжік – Малай).

МАҢҒЫТАЙ. 1. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамындағы көтенші тармағынан тарайтын бір ру маңғытай деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Қоңырат – Нағанай – Мелдеби – Көтенші – Сұлы – Мүлкаман – Қаба (Бәйімбет) – Маңғытай болып өрбиді.

Қарақалпақстандық шежіреші Ақбала Әмірқанұлының жазуында Едіге мен Ақсақ Темірдің соғысынан кейін шашыраған маңғыт және қытай рулары бірігіп маңғытай болып, қоңырат тайпасының құрамындағы саңғылдарға қосылған дейді (*«Ана тілі» газеті, 1992. № 49. 10 желтоқсан*).

2. Кіші жүз шөмекей руының ішіндегі бір ата маңғытай деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Шөмекей – Көнек – Қыдырымбет – Алшағыр – Көпсек – Меңісай – Сапақ – Қошқаралы – Маңғытай болып өрбиді.

3. Кіші жүз әлім тайпалар бірлестігінің құрамында да маңғытай атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Әлім – Айнық – Сарбас – Бақтыберлі – Медет – Маңғытай болып өрбиді.

4. Шежіреші Сайдақожа Жүсіпұлы 1875 жылы Бұхарада жарық көрген «Қазақ тайпаларының тарихы» атты кітабында Ноғайлы ұлысының құрамында маңғытай руының болғанын, сондай-ақ маңғытай атауының маңғыт және қытай руларынан құралғанын жазған (*«Ана тілі» газеті, 1992. № 31. 6 тамыз*).

5. Ұлы жүз жалайыр тайпасының шуманақ бұтағынан өрбіген рулардың бірі – маңғытай.

6. Енесай тыбаларының ішінде де маңғытай (мингаты) руы бар.

7. Өзбек, тәжік, ноғай халықтарының құрамында маңғыт руы бар.

8. Меркіт руына берілген деректі (4) қараңыз.

В.В.Бартольдтың жазуы бойынша «маңғыттар бір кездері Шығыс Азияны мекендеген монғол тектес халық» (*В.В. Бартольд. Сочинения. V том. – Москва, 1968. 212-бет*). Маңғыттардың Алтай мен Қырым арасындағы түркі тілдес халықтар құрамында ұшырасуы монғол үстемдігінің салдары болса керек.

Тарихи деректерде қытай руы қыпшақ және найман тайпаларының құрамында, сондай-ақ қырғыз халқының құрамында кездеседі. Зерттеуші В.Я.Сидихменов «Қытай: өткеннің баяны» деген еңбегінде «қытай» сөзінің қазіргі ғылыми еңбектерде қолданылып жүрген қидандар екенін және Манжүрия (Маньчжурия) мен Еренқабырға (Тянь-Шань) ортасындағы байтақ алапта 916-1125 жылдары жасаған Ляо мемлекетінің құрамында қидан жұртының болғанын жазады (*В.Я. Сидихменов. Китай: Страницы прошлого. – Москва, 1987. 261-бет*).

Бұл деректі Әбілез Шәріпұлы одан әрі дамытып, X ғасырдың бас кезінде қара қидандардың Қытайда Ляу патшалығын құрғанын, олардың парсы деректерінде «қара қытай», араб деректерінде «қара қидан», қытай деректерінде «хи чидан» деп аталатынын, кейін осы қара қидандар Қарахан мемлекетіне өктемдігін жүргізіп Батыс Ляу мемлекетін құрғанын, сөйтіп астанасын Самарқанд еткенін жазады (*Ә. Шәріпұлы. Іле. – «Шалқар» газеті, 1992. № 29. 7 тамыз*).

Кезінде профессор Сәрсен Аманжолов та әр түрлі рулар одағынан құралған қоңырат тайпасының құрамына ноғайдың маңғыт және саңғыл руларының қосылып, таңбасын алғанын жазған болатын (*С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского народа. – Алматы, 1959. 15-бет*).

Сөз төркінін зерттеуші ақын Байбота Серікбайұлы «Монғолдың құпия шежіресіндегі» «мангуд» атауының қазақша «маңғыт» екенін, ал «-ууд» монғол тілінде көптік жалғауы екенін жазады (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы, 2003. 320-бет*).

Махмұт Қашқари түркі тайпаларының қатарында хытай (қытай) тайпасын да атап өтеді (*М. Қашқари. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993. 10-бет*).

МАСҚАР. 1. Кіші жүз байұлы бірлестігінің ішіндегі сұлтансиықтан өрбіген рулардың бірі – масқар.

2. Масқар руы башқұрт, монғол халықтарының құрамында да бар. Шығыс Түркістандағы (Батыс Монғолия) Қотан қаласында қотан (қотын, хотон) деп аталатын монғолданған түркілер бар. Олардың құрамындағы жеті атаның бірі «Масқар» деп аталады.

МАТАЙ. 1. Найман тайпасының ішіндегі іргелі ру матай деп аталады.

2. Арғын – бәсентиін ішінде де матай атасы бар.

МӘМБЕТ. 1. Ұлы жүз сіргелі және албан тайпаларының құрамында мәмбет аталары бар (Сіргелі – Жайдақ – Жәдігер – Тәте – Мәмбет; Албан – Шыбыл – Қызылбөрік – Жолболды – Керейкұл – Мәмбет).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы кердері тайпасының ішінде де мәмбет атасы бар (Кердері – Жабағы – Құсбек – Мәмбет).

МЕРКІТ. 1. Орта жүз абақ керейлер құрамындағы бір ру – меркіт.

2. Қырғыз халқының құрамында меркіт руы бар.

3. Өзбек халқының құрамындағы қоңырат (уақтаңбалы) тайпасының бір бұтағы болып саналатын балғалы руының ішінде меркіт атасы бар.

4. Ішкі Монғолияда Шыңғыс ханның ордасын күзетіп, тағзым ету рәсімін XIII ғасырдан бері бұлжытпай орындап келе жатқан дарқыт деп аталатын ру бар. Жалпы саны бес жүздей жанұя. Тәңір дінін ұстанады. Жеті-тоғыз атаға дейін өзара қыз алыспайды. Бұйрат (бурят) ғалымы Цебен Жамсырыновтың айтуында сөйлеу тілі қазіргі монғол тілінен бөлек. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен дерек бойынша дарқыт руы кезінде Шыңғыс ханды қорғаған кішікті әскерлерінің ұрпақтары көрінеді.

Осы дарқыт руының құрамында барқы, жалайыр, қоңырат, маңғыт, меркіт аталары бар.

МҮЛКАМАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі – мүлкаман (Қаракөңірдек – Сақ – Ноғайшора – Мүлкаман).

2. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамында да мүлкаман атасы бар (Қоңырат – Көтенші – Сопы – Мүлкаман).

МЫҢ. 1. Ноғай, өзбек халықтарының құрамында мың руы бар.

2. Қазақтың кейбір шежірелерінде түпкі тектердің бірі ретінде мың атасы аталады.

НАЗАР. 1. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы жаныс, шымыр руларының құрамында «Назар» деп аталатын аталар бар (Жаныс – Байыс – Назар; Жаныс – Шегір – Кедейабыз – Назар; Шымыр – Темір – Арықжігіт – Назар).

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы шекті, кете тайпаларының ішінде де назар атасы бар (Шекті — Орыс — Бөлек — Бұжыр — Назар; Кете — Адамқожа — Назар).

НАЙМАН. 1. Орта жүз құрамындағы іргелі тайпа — найман.

2. Орта жүз арғын құрамындағы сүйіндіктен өрбіген айдабол руының ішінде найман (қызай, бағаналы, бура) бұтағы бар.

3. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген шаншар руының құрамында да найман (бура) бұтағы бар.

4. Наймандар өзбек, тәжік, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, алтай, Қырым татары, ғағауыз, монғол сияқты халықтардың да құрамында бар.

Наймандардың біраз бөлігі XVIII ғасырға дейін Термез төңірегін қоныраттармен қатар қоныстанған. Алайда, сол кездегі саяси-әлеуметтік аласапыранға байланысты наймандар алдымен Балх, сонсоң Зарабшан аймағына ығысуға мәжбүр болған (*А.Д. Гребенкин. Узбеки. — Русский Туркестан. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. — Москва, 1872. 81-бет; Абдурахман-и Тали. История Абулфейз-хана. А.А. Семеновтың аудармасы. — Ташкент, 1959. 42-43-беттер*).

Өзбек арасындағы наймандар өздерін марка руының ішіндегі бір ата ретінде таратады.

5. Монғол, бұйрат халықтарының құрамында да найман руы бар (*Ц.Б.Цыбendamбаев. Бурятские исторические хроники и родословные. — Улан-Удэ, 1972. 189-бет*).

НАУРЫЗ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы қайшылы руынан өрбіген аталардың бірі — наурыз.

2. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы беріш және жаппас тайпаларының құрамында да наурыз аталары бар (Беріш — Байсейіт — Жайық — Нарыз; Жаппас — Қаракөз — Қалқаман — Наурыз).

НОҒАЙ. 1. Ұлы жүз дулат ішіндегі шымыр руының құрамында ноғай атасы бар. Шымыр руы өз ішінде бекболат, шынқожа, темір деген үш бұтаққа бөлінеді. Осылардың Бекболатынан — Шілмәмбет, одан — Қырғызалы, Құли, Ноғай тараған. Келесі бір шежіре дерегі Шілмәмбет — Шілмән, Жаулыбай, Анлақұл, Құдайқұл, Сәлік, Құли, Ноғай деп те таратылды.

2. Ұлы жүз албан ішінде де ноғай атасы бар. Албан өз ішінде айт, бозым болып екі атаға бөлінсе, осылардың Бозымынан — Жаншық, Таз (Шобал), Сарыбай тарайды. Мұнан әрі Таздан — Бозак, Ноғай атты екі ата өрбіген.

3. Орта жүз қоңырат тайпасының ішінде көтенші бұтағының құрамындағы бір ата ноғай деп аталады.

4. Орта жүз арғын тайпасының ішінде қылды-ноғай деп аталатын бір ата бар.

5. Орта жүз найман тайпасынан тарайтын қаракерей руының ішінде «ноғай ауылы» деп аталатын бір әулет бар. Шежіре дерегі бойынша қаракерей Қабанбай батырдан — Үмбетей, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтоқ, Дойнак, Әлі есімді жеті ұл туса керек. Қабанбайдың кенжесі Әлі өсіп-өнген ауыл болған. Сол Әлінің

бәйбішесі Қарқарадан – Садырбай, Жақас, Пұсырман туған. Жақасқа мыңғырған мал біткен. Әсет ақын: «Он жеті мың жылқы бар Жақас байда», – дейді. Осы Жақастың Алқар деген қызына Қарқара жәрменкесінен шыққан ноғай саудагері үйленеді де, сол елде тұрып қалады. Олардың үрім-бұтағы өсіп-өніп, «ноғай ауылы» атанып, қаракерей қожағұл ішіне сіңіп кеткен (З. Сәнік, Б. Садықан. *Қаракерей Қабанбай. – Алматы, 1991*).

6. Кіші жүз он екі ата байұлының ішіндегі беріш тайпасының құрамында ноғай деп аталатын ру бар. Кейбір шежіре дерегі ноғай-қазақ деп он екі ата байұлының бір атасын атайды.

Үлкен Ноғайлының XVI ғасырда Жем мен Сырдария аралығынан құрылған бір ордасы Алтуыл (Жембойлық) деп аталған. Кейін Ноғай ордасы ыдыраған кезде Алтуыл ордасының халқы толық дерлік қазақ халқының құрамына кірді. Қазақ шежіресіндегі ноғай-қазақтар осылар. Тарихи деректерде Ішкі орда (Бөкей ордасы) құрылғанда (1801) оның құрамындағы ру-тайпалар ішінде 620 шаңырақ ноғайлар (ноғайлылар) болғаны айтылады.

7. Кіші жүз әлім ішінде де ноғай атасы бар. Шежіре дерегі бойынша Әлімнен – Ұланақ, одан – Есіл, одан – Үңгіт, одан – Жақау тарайды. Жақаудың төртінші әйелінен Ноғай туып еді дейді (Ж. Дәуренбекұлы, С. Құттыбайұлы. *Алты ата әлім. – Алматы, 1992. 15-16-беттер*).

8. Ноғай – Кавказдағы халық атауы. Қарашай, шеркеш, дағыстан, шешен, ингуш халықтарының арасында шашырап тұрады. Тарихи тағдырдың жазуы солай болды. 1985 жылғы санақ бойынша ноғайлар 65 мың. Ноғайлар өздерінің этнонимін Алтын Орда билеушісі Ноғай ханның есімінен алған.

9. Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қоңырат тайпасының бір тармағы болып саналатын қанжығалының ішінде ноғай руы бар.

Ноғайлар туралы Сайдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарада жарық көрген «Қазақ тайпаларының тарихы» атты кітабынан дерек келтіре кеткен жөн: «Ноғайлар XVII ғасырда Ноғай ұлысының соңғы ордасы Аштархан хандығы құлаған соң қазақ жеріне келген. Діні, тілі ұқсас олар қазақ тайпаларымен араласып кетті. Ноғайлардың Ширбан аталған тобы Орта жүздің қоңырат тайпасының, Мамай-Герлик деп аталатын бөлігі жағалбайлы тайпасының құрамына енген. Ол сол тайпалар құрамында ноғай, ноғайлы атымен аталып жүр» («Ана тілі» газеті, 1993. 15 сәуір).

Ноғайлар туралы С.А.Плетнева былай дейді: «Түптеп келгенде Ноғай ордасы негізінен XIII ғасырдың орта тұсында Алтын Орда құрамына қосылған половецк жұртының ұрпақтары болатын» (С.А. Плетнева. *Кочевники Средневековья: поиски исторических закономерностей. – Москва, 1982. 140-бет*).

Бұл мәселе жөнінде академик В.М. Жирмунский былай дейді: «Ноғай ұлысының шығыс қанаты... тәрізі, қазақтың «Кіші жүз» деп аталатын құрамына сіңісті болып кеткен» (В.М. Жирмунский. *Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. 489-бет*).

Ноғай ордасы және ноғай этнонимі туралы түйінді пікірді профессор Мұхтар Құл-Мұхаммед айтқан: «Біздіңше Шыңғыс хан заманынан келе: Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Өзбек ұлысы, Хулагу әулеті деп ұлыс атын билеушілер атына қарата қою үрдісі бойынша Ноғай хан негізін салған мемлекет атауы Ноғай ордасы делініп,

ал ұлыс аты Ноғай болып қалыптасқан сияқты. Мұның тағы бір дәлелі Шыңғыс хан дәуірі мен оның шежіресіне қатысты дерек көздерінде «ноғай» деген ру, тайпа атауы мүлде кездеспейді. Бұл ұлыс аты Ноғай хан заманынан кейін ғана хатқа түсе бастаған» (М. Құл-Мұхаммед. Мөңке би. Аңыз бен ақиқат. — «Егемен Қазақстан» газеті, 2003. 18 қараша).

ОЙБАС. 1. Орта жүз қыпшақ тайпасының құрамында ойбас атасы бар.

2. Өзбек, тәжік халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасының бір тармағы айылданың (айынны) ішінде ойбас атасы бар.

ОЙМАУЫТ. 1. Ұлы жүз ішінде жаныс руының құрамында оймауыт руы бар.

2. Қарақалпақ ішіндегі кенегес тайпасының құрамындағы сегіз рудың бірі оймауыт деп аталады.

ОРМАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының жайдақ руынан тарайтын аталардың бірі — орман.

2. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы сүйіндік руының ішінде де орман атасы бар (Сүйіндік — Оразкелді — Мамық — Орман).

3. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы шеркеш тайпасының ішінде де орман атасы бар (Шеркеш — Қыран — Орман).

ОРЫС. 1. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы шыбыл руының ішінде орыс атасы бар.

2. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамында да орыс атасы бар (Сіргелі — Батыр — Есболай — Маса — Орыс).

ОШАҚТЫ. 1. Ұлы жүз құрамындағы іргелі тайпа — ошақты.

2. Өзбек халқының құрамында ошақты руы бар. Шежіре деректерінде өзбек ішіндегі үйсін тайпасынан ошақты, көзтаңбалы, ергенекті, қатаған, көшші тарайды.

ӨТЕМІС. 1. Ұлы жүз албан, сіргелі, дулат тайпаларының құрамында өтеміс аталары бар (Албан — Құртқамай — Өтеміс; Сіргелі — Жайдақ — Өтеміс; Дулат — Жаныс — Жанту — Өтеміс).

РАМАДАН. 1. Кіші жүз ішіндегі жетіру құрамындағы рулардың бірі рамадан деп аталады.

2. Орта жүз ішіндегі найман тайпасынан өрбіген рулардың бірі бағаналы болса, сол бағаналы ішіндегі Сарғалдақ атасынан — Рысай, одан — Қарымсақ, одан — Түктібай, одан — Баянсары, одан — Рамадан болып өрбиді.

3. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген айдабол руының құрамында да рамадан атасы бар.

4. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген шаншар руының құрамында да рамадан атасы бар.

5. Өзбек құрамында да рамадан руы бар.

САҚАУ. 1. Ұлы жүз албан тайпасының құрамында сақау атасы бар (Албан – Шыбыл – Қызылбөрік – Жолболды – Сақау).

2. Орта жүз арғын, керей тайпаларының құрамында да сақау аталары бар (Арғын – Сүйіндік – Оразкелді – Мамық – Орманшы – Сақау; Керей – Абақ керей – Меркіт – Сақау).

3. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы шеркеш тайпасының ішінде де сақау атасы бар (Шеркеш – Қоныс (Қояс) – Сақау).

САРЖЕТИМ. 1. Орта жүз арғын тайпасының «Кіші арғын» («Тоқал арғын») деп аталатын бұтағынан өрбіген аталардың бірі – саржетім. Шежіре бойынша Арғын – Тәнбісопы (Өткірсопы) – Елемес – Есенбай – Ермен – Шағыр – Саржетім болып таратылады.

2. Орта жүз қоңырат тайпасының орынби бұтағынан өрбіген аталардың бірі – саржетім. Шежіре бойынша Қоңырат – Нағанай – Орынби – Досымқұл – Есқара – Шүйкеш – Сұркіік – Саржетім (Жетімдер) болып таратылады.

Арғын саржетімнің де, қоңырат саржетімнің де 12 атадан құралуы назар аударды (М.С. Муканов. *Этническая территория казахов в XVIII начале – XX веков.* – Алматы, 1991. 14-бет; Ж. Бейсенбайұлы. *Қазақ шежіресі.* – Алматы, 1994. 129-бет).

САРЫ. 1. Қазақ арасындағы албан, қыпшақ, қоңырат, арғын, байұлы, жетіру, найман сияқты тайпалар мен тайпалық одақтар арасында «сары» деп аталатын ру жиі кездеседі.

2. Мажарстандағы қыпшақтардың құрамында сары (шары) руы бар.

3. Ұлы жүз шапырашты, албан тайпаларының құрамында сары аталары бар (Шапырашты – Шыбыл – Сары; Албан – Сары).

4. Орта жүз қоңырат және таракты тайпаларының құрамында да сары аталары бар (Қоңырат – Көтенші – Досымқұл – Есқара – Шүйіліш – Жетімдер – Сұркіік – Сары; Таракты – Айт – Әлім – Алда – Қармыс – Сары).

САРМАНТАЙ. 1. Орта жүз арғын ішінде қуандықтан өрбіген рулардың бірі – сармантай.

2. Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қатаған тайпасының шешке руынан өрбіген аталардың бірі сармантай деп аталады.

САРЫБАҒЫС. 1. Орта жүз уақ тайпасының құрамындағы іргелі ру – сарыбағыс.

2. Қырғыз халқының құрамындағы іргелі ру да сарыбағыш деп аталады.

САРЫҮЙСІН. 1. Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың бірі – Сарыүйсін.

2. Сарыүйсін руы өзбек, қырғыз халықтарының құрамында да бар.

СЕМІЗ. 1. Орта жүз найман тайпасының бір тармағы семіз найман деп аталады.

2. Өзбек, тәжік халықтарының құрамында семіз рулары бар. Семіздер негізінен Күләб аймағына қоныстанған. Қазақ даласындағы қоңырат, жүз, лоқай,

кесемір, қатаған, дүрмен сияқты руларымен бірге семіздер де XV ғасырдан бастап Мауереннахрға қарай ығыса бастаған. Шежіре дерегі бұл ру-тайпалардың қоныс аударуын Шайбани ханмен байланыстырады.

СИҚЫМ. 1. Ұлы жүз дулат ішіндегі іргелі рулардың бірі сиқым деп аталады.

2. Орта жүз арғын, оның ішінде қаракесек, оның ішінде түйтеден өрбіген бір ата сиқым деп аталады.

СИЫҚ. Сиық атауымен қазақ арасында ру-тайпа кездеспегенімен, «сиық» форманты жалғану арқылы аталатын ру-аталар жиі кездеседі. Мәселен:

1. Орта жүзде қыпшақ тайпасының ұзын деп аталатын тармағынан өрбіген аталардың бірі ақырсиық деп аталады.

2. Орта жүз найман тайпасының ішіндегі сарыжомарт руынан өрбіген аталардың бірі алсиық деп аталады. Сондай-ақ, байсиық ру да осы найман тайпасының құрамына кіреді.

3. Орта жүз уақ тайпасының ішіндегі тоқтамыс руының құрамында да байсиық деп аталатын ата бар.

4. Кіші жүздің он екі ата байұлына ұйытқы болған үш сиық — сұлтансиық, қадірсиық, баксиық деп аталады. Бұл үш сиыққа шеркеш, шенеш, ысық, масқар, алаша, тана, асқар-байбақты, әлке-қызылқұрт деп аталатын сегіз ру жатады. Осы байұлының құрамында сарысиық атасының да бар екенін айта кеткен жөн.

5. Кіші жүз жеті ата — жетіру тайпалар бірлестігінің құрамындағы табын тайпасынан тарайтын бозым тармағының ішінде тоқсиық деп аталатын ата бар.

6. Ұлы жүздің ойсыл бұтағынан өрбіген рулардың ішінде аксиық, қожасиық аталары бар.

7. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы сиқым руы да «сиық» атауымен тамырлас екені назар аударады. Егер ондай тамырластық тарихи-генеалогиялық тұрғыда дәлелденер болса, онда қазақ ру-тайпаларының ұлт болып ұйысу үрдісі Түркі Қағанаты заманынан бастау алатынына ден қоюға болар еді.

8. Жүзден тыс құрылымдардың бірі сунақ тайпасының құрамында да сиық руы бар.

Қысқасы «сиық» атауы қазақ елінің қалыптасу үдерісімен сабақтас, құпия сыры мол атау екені күмәнсіз.

СИЫРШЫ. 1. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — сиыршы. Бұл ру жалайырдың қарашаңырақ иесі болып саналады.

2. Ұлы жүз албан тайпасының құрамында сырымбет атасы бар. Шежіре дерегінде сырымбет сиыршы руынан өрбіген бір ата ретінде таратылады.

3. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі ботбай болса, сол ботбай ішіндегі аталардың бірі — сиыршы.

СОҚЫР. 1. Орта жүздегі қыпшақ тайпасының құрамында соқыр руы бар.

2. Мажарстандағы қыпшақтардың құрамында да соқыр (сокор) руы бар.

СҮЙІНДІК. 1. Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі сүйіндік деп аталады.

2. Орта жүз қыпшақ тайпасының ішіндігі қытай бұтағының құрамында сүйіндік атасы бар.

3. Ұлы жүз албан ішіндегі айттан өрбіген бір ата сүйіндік деп аталады.

4. Кіші жүз байұлы тайпасының ішіндегі адай руының бір атасы — сүйіндік (жаман адай).

5. Сондай-ақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек, түркімен, башқұрт, сақа халықтарының құрамында да сүйіндік рулары кездеседі. Мәселен, түркіменнің теке тайпасының құрамында суюнджик (сүйіндік) руы бар (*Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1897. 142-бет*). Өзбек ішіндегі сүйіндік руы лоқай тайпасының құрамында кездеседі. Ал, башқұрт ішіндегі сүйіндік руы табын бірлестігіне жатады.

СІРГЕЛІ. 1. Ұлы жүз ойсылдан өрбіген тайпа сіргелі деп аталады. (*«Қазақтың қария сөздері» тарауындағы «Ұлы жүз» тараушасына берілген сіргелі туралы аңызды қараңыз*).

2. Орта жүз ергенекті найман, қыпшақ, қоңырат, ашамайлы керей, уақ тайпаларының құрамында да сіргелі руы бар.

3. Кіші жүз телеу тайпасының да құрамында сіргелі атасы бар.

4. Ноғай халқының құрамында да үштаңбалы сіргелі руы бар. Қазақ шежіресінде он сегіз ата сіргелінің бір атасы «Үштаңбалы» деп аталатыны мәлім.

СЫРЛЫБАЙ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — сырлыбай (қаралар).

2. Ұлы жүз ысты тайпасының құрамында да сырлыбай атасы бар (Ысты — Ойық — Көкшекөз — Сырлыбай).

3. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы жаныс руынан өрбіген аталардың бірі сырлыбай деп аталады (Жаныс — Оймауыт — Қаракелімбет — Сырлыбай).

4. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы таз тайпасының ішінде де сырлыбай атасы бар (Таз — Адай — Шарғы — Сырлыбай).

СЫРЫМБЕТ. 1. Ұлы жүз құрамындағы шапырашты, жалайыр тайпаларының ішінде «Сырымбет» деп аталатын аталар бар (Шапырашты — Айқым — Құдайқұл — Сырымбет; Жалайыр — Сырманак — Сиыршы — Сырымбет).

2. Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы байбақты тайпасының ішінде де сырымбет атасы бар (Байбақты — Батақ — Сырымбет).

ТАБЫН. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішіндегі тайпалардың бірі — табын.

2. Өзбек, тәжік, башқұрт халықтарының құрамында да табын руы бар.

ТАЗ. 1. Ұлы жүз ішіндегі албан тайпасының бозым тармағынан өрбіген бір атасы таз (шобал) деп аталады.

2. Ұлы жүз ішінде Ошақтыдан — Атшабар, одан — Байдалы (Байыл), Тасжүрек (Ақназар), Аталық, Қоңыр аталары өрбіген. Осылардың ішіндегі Тасжүректен — Солақай, Сейіт, Токтауыл, Қарсақ, Бөлек, Төлеу, Қараман, Қайқы, Таз, Тілеуқабыл, Кенже, Ошат туған. Кейбір шежірелерде Тасжүректен — Қосақ, Солақай, Сейіт, Токтауыл, Қараман, Келмембет, Бөлек, Тілеу, Қайқы, Тас, Таз, Кенже туған деп таратылады.

3. Шежіре дерегінде Ұлы жүз Ыстыдан — Жауатар, одан — Ойық, Тілік, Көкшекөз, Аузыүсіген, Сәйтк. Осылардың ішіндегі Аузыүсігеннен — Есім, Малай, Таз, Құланшы туған. Таздан — әлмембет, сарыкемпір аталары өрбіген. Сондай-ақ, Ысты — Жауатар — Ойық — Аузыүсіген (Зорбай) — Таз деп келетін де шежіре дерегі бар:

4. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы күшік руының ішінде таз деп аталатын бір ата бар.

5. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамында да таз атасы бар (Сіргелі — Шалдар — Шақаман — Таз).

6. Орта жүз ашамайлы керей ішінде таз руы бар (Ашамайлы — Шибай — Танаш — Таз).

7. Орта жүз арғын, оның ішінде Қаракесектен (Болатқожадан) — Ақша, одан — Бошан туады. Бошаннан туған бес ұлдың бірі Таз деп аталып, өз алдына бір ата болып кеткен.

8. Орта жүз найман ішінде ақтаз руы бар. Шежіре дерегі бойынша ергенекті (сарыжомарт) найманнан өрбитін аталардың бірі бағаналы болса, одан — шегелек, одан — ақтаз атасы тарайды. Сондай-ақ, Найман — Төлегетай — Төртуыл — Таз деп келетін де шежіре дерегі бар.

9. Кіші жүз ішінде он екі ата байұлының бір атасы таз деп аталады.

10. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тама тайпасы өз ішінде әліп, жөгі болып бөлінеді. Әліптен өрбіген аталардың бірі кенжебай. Сол кенжебай ішіндегі аталардың бірі таз (ақпан) деп аталады.

11. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы керейт, жағалбайлы тайпаларының ішінде де таз аталары бар (Керейт — Саужайлы — Көне — Дулат — Таз).

12. Қырғыз еліндегі іргелі тайпалардың бірі сарыбағыш болса, сол сарыбағыш тайпасының құрамындағы рулардың бірі таздар деп аталады.

13. Тазлар деп аталатын ру башқұрттардың да құрамында бар.

14. Өзбек ішінде кесәмір тайпасының құрамындағы рулардың бірі таз деп аталады.

15. Мажарстанда кіші қыпшақтар құрамында тазлар деп аталатын ру бар.

16. Монғол ішінде Гоби шөлін мекендейтін таз руы бар (*Г. Вамбери. История Бохары или Трансоксонии с древнейших времен до настоящего. — СПб., 1873. 2-бет*).

17. Алтайлықтар арасында Бий өзенінің бойын XIX ғасырда таз тайпасы қоныс еткен (*В.В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. — СПб., 1888. 1-том. 922-бет*).

18. Түркімен ішіндегі жәуміт тайпасының құрамында таз руы бар (*М.Н. Галкин. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. — ЗИРГО, этнография. Том I. — СПб., 1867. 8-9-бет*).

19. Башқұрт халқының құрамындағы табын бірлестігінің ішінде де таз руы бар.

20. Үдегей (удэгей) ішінде таз деп аталатын субэтникалық топ бар. 1979 жылғы санақ бойынша Ресейдің Приморье өлкесінде — 191 адам, Ольгин ауданында — 174 адам, Михайловка кентінде (село) — 115 адам өздерін таздар санатына жатқызған (*Р.А. Агеев. Какого мы роду-племени? — Москва, 2000. 287-бет*).

Заманында Уссури өзенінің бойын ен жайлаған қытайлар мен манжурлардың (маньчжурлардың) ықпалын көп көрген таздардың тілі қытай тілінің солтүстік диалектісіне жуық. Алайда, таздардың этнографиялық болмысында түркілік белгілер басым. В.К. Арсеньев таз атауы қытай тілінде «та-цзы» — «тұрғылықты», «жатжұрттық», «бөтен» деген мағына береді дейді (*В.К. Арсеньев. Сочинения. Т.5. — Владивосток, 1948. 215-бет*).

Дерек орайында, түркі халықтарының ішінде тыбалар (тувалар) күшігенді «таз» («тас») деп атап, оны кие тұтатынын, алтайлар өздерінің байырғы сенімдері бойынша бас құдай Үлгеннің шешесін Тазқаан (Тазқаған) деп атайтынын айта кетуге болады. Қазақтар күшігенді тазқара деп те атайды. Байырғы түркілік наным-сенімде қаракұс (яғни, киеліқұс) — аспан нышаны. Ал, Геродот байырғы сак, скиф жұртын «алтын қорыған қаракұс елі» дегені белгілі.

ТАЙЛАҚ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамында тайлақ атасы бар (Сіргелі — Байұлы — Жайдақ — Жылысай — Тусынай — Тайлақ).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы телеу тайпасының ішінде де тайлақ атасы бар (Телеу — Самат — Тайлақ).

ТАМА. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішіндегі тайпалардың бірі тама деп аталады.

2. Ұлы жүз ішіндегі албан тайпасының бір бұтағы қоңырбөрік болса, сол қоңырбөріктен өрбіген бір ата тама деп аталады.

3. Орта жүз ішіндегі найман тайпасынан өрбіген рудың бірі бағаналы. Осы бағаналыдан бері жалғасын тапқан буындар Ақбай — Сабыл — Бектас — Иманәлі — Шүрешек — Тоқболат — Мұқыш — Сарғалдақ — Рысай — Қарымсақ — Түктібай — Баянсары болып келеді. Баянсары екі әйел алған. Бірінші әйелінен — Дамыр, Дәндір, екінші әйелінен — Рамадан, Тама туады. Ұрпақтары өсіп-өнген.

4. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген айдабол руының құрамында да тама бұтағы бар.

5. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген шаншар руының құрамында да тама бұтағы бар.

6. Ноғай халқының құрамында да тама руы бар.

7. Башқұрттар арасында да тама (тамиян) руы бар.

8. Тамалар құрама руының да құрамында бар.

ТАНА. 1. Орта жүз уақ, оның ішінде сибанқазы — бәймен — еренші бұтағынан өрбіген бір ата тана деп аталады.

2. Кіші жүздің байұлы өз ішінде он екі атаға бөлінсе, соның ішінде сұлтансиық деп аталатын бір бұтағы алты атадан құралады. Сол алты атаның бірі тана деп аталады.

ТАҢАТАР. 1. Ұлы жүз ошақты, сіргелі, дулат, албан тайпаларының құрамында «Таңатар» деп аталатын аталар бар (Ошақты — Қоңыр — Таңатар; Сіргелі — Елібай — Бораншы — Таңатар; Дулат — Сикым — Қусирақ — Таңатар; Албан — Сары — Сүйменді — Айт — Таңатар).

ТАРАҚТЫ. 1. Орта жүздің нокта ағасы — тарақты тайпасы. Шежіре деректерінің бірі тарақты тайпасын арғынмен туыстырады. Келесі бір деректерде тарақтыны өз алдына Орта жүздің бір арыс елі дейді (*М.Ж. Көпейұлы*). Енді бір деректе тарақты тайпасы жүзге кірмейтін тайпалар санатына қосылады.

Орта жүздің нокта ағасы тарақты болса, Ұлы жүздің нокта ағасы — жалайыр, Кіші жүздің нокта ағасы — табын. Осы үш жүздің нокта ағаларының таңбалары бірдей — «тарақ» таңба. Яғни үш жүздің де нокта ағаларының әлеуметтік-саяси орындарының бірдейлігі аңғарылады.

2. Орта жүз құрамындағы уақ тайпасының ішінде тарақты атасы бар (*И.И. Крафт. Сборник узаконений о киргизах степных областей. — Оренбург, 1898. 14-16-беттер*).

3. Орта жүз арғын құрамындағы сүйіндіктен өрбіген айдабол атасының ішінде тарақты атасы бар.

4. Ұлы жүз туралы шежірелердің бірі Бақтияр — Қотан — Үйсін — Майқы болып тарап келеді де, Майқыдан Ойсыл мен Үйсіл есімді екі бала туады дейді. Үйсілден — Сақал, одан — Ақсақал мен Жансақал туады. Осы Ақсақалды — «абак» деп, Жансақалды — «тарақ» деп атайтын дәстүр бар.

5. Өзбекстанның Сухандария облысында «жүз түркімендер» деп аталатын бір рулы ел тұрады. Жүз түркімендері өз ішінде уақтанбалы, жылантанбалы болып екі атаға бөлінеді. Уақтанбалыдан — қазаяқты, көзтанбалы, көсеулі, балғалы, қазақ, жарықбас, әліпті, баташ аталары тарайды. Жылантанбалыдан — патас, қарға, жорға, ерші (егарчи), балақұр, құса, жас және тарақты аталары тарайды.

6. Өзбек ішіндегі қоңырат (уақтанбалы) тайпасының құрамында да тарақты атасы бар.

7. Қарақалпақ елінің құрамындағы қият, кенегес руларының ішінде де тарақты аталары бар.

ТЕКЕ. 1. Ұлы жүз жалайыр, шапырашты, қаңлы тайпаларының құрамында «Теке» деп аталатын аталар бар (Жалайыр — Орақты — Теке; Шапырашты — Асыл — Өмір — Теке; Қаңлы — Қарақаңлы — Тоғызбай — Теке).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы табын тайпасының ішінде де теке атасы бар (Табын — Көсеулі (Бегім) — Теке).

3. Түркімен халқын жасақтаған іргелі тайпалардың бірі — теке.

ТЕЛЕУ. 1. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тайпалардың бірі — телеу.

2. Башқұрт халқының құрамындағы табын тобының ішінде телеу руы бар.

3. Ноғай халқының құрамында да телеу руы бар.

Қазақ, башқұрт, ноғай халықтарының құрамындағы телеу руларының таңбалары бір.

4. Қарақалпақ халқының құрамында телі руы бар. Шежіре дерегі бойынша Ақшолпан ханшайым мүйтен тайпасының Барша, Байлар деген екі баласын тәрбиелеген. Мүйтен тайпасы осы екі баладан өрбіп, Ақшолпан есімін ұран еткен дейді. Байлар ішіндегі екі ата самат және телі деп аталады. Осы орайда, қазақ арасындағы шежіреде телеуден тарайтын аталардың бірі де самат деп аталатынын атап өткен жөн (*Т.А. Жданко. Очерки исторической этнографии каракалпаков. — Москва-Ленинград, 1950. 54-55-беттер*).

5. Өзбек құрамаларының ішінде де телеу руы бар.

6. Таулы алтайлар (ойраттар) құрамында теле, телес, телеут деп аталатын рулар бар.

7. Қырғыз халқының құрамындағы шеклі бірлестігінің бір тармағы төлес деп аталады.

8. Тыба халқының құрамында да теле руы бар.

9. Телеулер құрама руының да құрамында кездеседі.

Теле тайпасын байырғы теле тайпасымен сабақтастыратын ғалымдар да бар (*Т.А. Жданко, Қ. Сартқожасұлы*).

ТЕМЕШ. 1. Орта жүз арғын құрамындағы қуандық ішіндегі рулардың бірі — темеш.

2. Орта жүз сүйіндік тайпасының құрамындағы айдабол руының ішінде темештер бар.

ТОБЫТ. 1. Ұлы жүз сіргелі (ойсыл) тайпасының құрамында тобыт атасы бар.

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы шөмекей тайпасының ішінде де тобыт атасы бар (Шөмекей — Асан — Тобыт).

ТІЛЕУ. 1. Ұлы жүз құрамындағы ошақты, сіргелі тайпаларының құрамында тілеу аталары бар (Ошақты — Тасжүрек — Тілеу; Сіргелі — Шалдар — Тілеу; Сіргелі — Жайдақ — Өтеміс — Тілеу).

2. Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы шекті (жаманақ) тайпасының ішінде тілеу атасы бар (Шекті — Мәку — Бөлек — Айт — Тілеу).

ТІНЕЙ. 1. Орта жүз найман тайпасының құрамында тіней руы бар. Шежіре бойынша бағаналы — шегелек — ақтаз — тіней деп таратылады.

2. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамындағы бір ата тіней деп аталады. Шежіре бойынша нағанай — орынби — мақы — қарақұдайберді — жаулыбай — жаманбай — құрбан — тіней болып тарайды.

3. Орта жүз қыпшақ тайпасының құрамында да тіней атасы бар (Қыпшақ — Қарақыпшақ — Ұзын — Алтыбас — Тіней).

3. Кіші жүз адай тайпасының құрамында да тіней атасы бар (Адай — Құдайке — Қосай — Тіней).

ТОҚА. 1. Орта жүз арғыннан тарайтын қуандық ішіндегі бір ата тоқа (қаратоқа) деп аталады. Тоқалар Ұлы жүзде — жалайыр, Орта жүзде — арғын, найман; Кіші

жүзде — адай, шөмекей тайпаларының құрамында кездеседі («Қазақ этнотопонимдері» тараушасындағы «Қарнақ» топонимін қараңыз).

2. Кіші жүз әлімұлының ішінде шөмекейден тарайтын бір ата тоқа деп аталады. Бұл Тоқадан — Бескем, Естен (Есқара), Қармыс ұрпақтары өрбіген. Негізінен Ырғыз бойын қоныс етеді.

3. Тоқа руы өзбек, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, ноғай халықтарының да құрамында кездеседі.

ТОҚСОБА. 1. Кіші жүз ішіндегі он екі ата байұлының бір атасы сұлтансиық болса, сол сұлтансиық ішіндегі Әлікеден — Саба туады. Келесі бір шежіреде Сұлтансиық — Асқар — Байбақты — Байжен — Тоқсоба болып өрбиді. Енді бір шежіре дерегінде тоқсобаны байбақты бірлестігіне жатқызады да, Тоқсобадан — Сапы, Сапар, Сапалақ, Топан, Көзімбет туады дейді. Тағы да бір шежіреде Тоқсобадан — Сапар, Сапалақ, Топан, Көзімбет, Сабыршы, Шыбалақ (Шосбалақ), Жақсымбет тарайды.

Ал, М.Тынышбаев келтіретін деректе Байбақтыдан — Батақ, Жанбақты, Тынбақты туады. Бұлардың Батағынан — Әйтiмбет, Қара туады. Әйтiмбеттен — Шолан, Ақберді. Қарадан — Тоқсоба, Сүгір, Бұғанай, Жаманбайбақты, Жарас. Сөз орайында, Әйтiмбеттің Шоланынан — Дат, одан — әйгілі Сырым батырдың туғанын айта кеткен жөн.

2. Орта жүз қыпшақ тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — тоқсоба.

Шежіре деректері бойынша Орта жүз қыпшақ тайпасы мен Кіші жүз тана тайпасының арасында генеалогиялық байланыстың барын байқауға болады. Мәселен, М.Тынышбаев шежіресіндегі Байбақтыдан туды делінетін Тыныбақ ел ішіндегі шежіренің бір нұсқасында Тананың әкесі деп айтылады. Яғни, Байбақты — Тыныбақ — Тана болып келеді де, Танадан — Асан, Бессары, Сүгір туған дейді. Осылардың Асаны — құбақыпшаққа, Сүгірі — қарақыпшаққа хан болғаны, ал Бессарысы — қыпшақ ішінде өсіп-өнген бір ата екені де мәлім. Сондай-ақ, орыстың жылнамалық деректерінде қыпшақтың әйгілі ханы Кончак (Қонжак, Құлыншак, Қонжық) болса, Сол Кончактың атасы Сарханның (Сарыханның) туған інісі — Сүгір. Сархан мен Сүгір өз кезінде елдің отырықшы болуына, қала салуына көп күш жұмсаған тарихи тұлғалар. Мұндай деректер қыпшақ пен тана тайпаларының арасындағы тарихи-генеалогиялық байланыстың бар екенін айқын айғақтайды.

3. Қарақалпақ ішіндегі қыпшақтардың құрамында да тоқсоба атасы бар. «Тоқсоба» атауы қарақалпақ қыпшақтарының ұранына шыққан.

4. Башқұрт құрамындағы қарақыпшақтардың да ұраны — «Тоқсоба» (*Р.Г. Кузеев. Происхождение башкирского народа. — Москва, 1974. 178-бет*).

5. Мажарстан қыпшақтарының арасында тоқсоба (токсобо) руы бар.

6. Ноғай мен Сібір татарларының құрамында да тоқсоба руы бар.

7. Америка зерттеушісі П.Б. Голден Түркештер құрамында тухс (тухси) тайпасының болғанын айтады (*Ю.А. Зуев. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. — Алматы, 2002. 156-бет*).

8. Мәмлүк әмірі Бибарыстың (Байбарыстың) тұсында (XIII ғ.) қыпшақ тайпасының шежіресі жазылғанын, оның құрамында тоқсоба, иета, бурджоглы, бурлы, кангуоглы, анджоглы, дурут, карабароглы, джузнан, карабиркли, котян, т.б. рула-

рының бар екенін Ан-Нувайри жазып кеткен. Осы деректі мұсылман зерттеушілері Ибн Халдун мен Абу Хайан да қайталайды. Ибн Халдунның «тоқсоба тайпасы татарлардан шыққан» деген дерегі назар аударады (*В.Г. Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, собранных В.Г. Тизенгаузенем. Т. 1. — СПб., 1884. 540-542-беттер*).

Қазақ арасында байбақты тайпасының да, оның құрамындағы тоқсобалардың да ұраны — Дәуқара. Бұл тоқсобалар кезінде Бөкей хандығының құрамында болды. Мекені — Еділ мен Жайық бойы, қыстаулары — Аққопа, Кемпірсай алабына орналасқан. Орыс жылнамасында тоқсобалар мекені Еділ мен Днепр арасы екені айтылады (*Московский летописный свод конца XV в. — Москва, 1949. 56-бет*).

М.Қашғаридің «Диуани лұғат-ат-түрік» кітабында қыпшақ одағына қаңлы, суан (сувар), қарабөрік, тоқсоба (тухси), жеміс (жалайырдың бір бұтағы), бөрлі, т.б. ру-тайпалардың енгені айтылады.

Орыс кінәздеріне қарсы күрескен половшыларға (қыпшақтар, құмандар) тоқсобалар басшылық еткен (*Л.А. Дмитриев. История первого издания «Слово о полку Игореве» (Материалы и исследования). — Москва-Ленинград, 1960. 195-бет*).

Тарихи деректерде «тоқсоба» атауының әр түрлі үлгіде жазылып келгенін айта кеткен жөн. Орыс деректерінде — тоқсобич, тускович, мұсылман деректерінде — тугсоба, тоқсоба, Түркештер құрамындағы тайпа ретінде — тухси, тухс, қазақтар мен башқұрттардың шежіресінде — тоқсоба түрінде кездеседі. «Тоқсоба» атауын «тоғыз ру» деген мағынамен шендестірген Н.А.Баскаковтың пікірі ден қойдырады. Сондай-ақ, юэчжи-кушан патшаларының теңгелеріндегі таңбалардың, түркі-аштақтар (қатын әулеті) таңбасының, түркеш-тухси теңгесіндегі таңбалардың, едіз тайпасы таңбасының, Киев Русінің негізін қалаған рюриктер әулеті таңбасының, сондай-ақ қазақ хандары таңбасының өзара ұқсастықтары да назар аударады.

ТОРЫ. 1. Қыпшақ тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — торы.

2. Жалайыр тайпасының құрамында да торы (тури) руының бар екенін Рашид-ад-Дин жазады (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. — Москва, 1952. I том. Бірінші кітап. 93-бет*).

ТӨЛЕНГІТ. 1. Қазақ халқының құрамындағы жүзге жатпайтын ру (бірлестік) — төленгіт.

2. Таулы алтайлар (ойраттар) құрамында да төленгіт руы бар.

ТӨРТҚАРА. 1. Кіші жүз ішіндегі әлімұлының бір тармағы төртқара деп аталады.

2. Орта жүз найман ішіндегі матай руының бір тармағы қаптағай болса, сол қаптағайдан өрбіген бір ата төртқара деп аталады.

3. Орта жүз найман ішіндегі елата бұтағынан өрбіген аталардың бірі төртқара деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Елата — Серікбай — Кетбұға — Ақтана — Боқбасар — Шоқай — Көшпес — Төртқара болып тарайды.

Кіші жүз ішіндегі төртқара Орта жүздің керей тайпасымен таңбалас. Таңбалары — айқыш (*И. Гродеков, Э. Мейер, С. Аманжолов*).

ТӨРТУЫЛ. 1. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі сүйіндік болса, шежіре деректерінің бірі Сүйіндіктен — Суғаншы, одан — Шоманақ, Мәжік есімді екі бала туған дейді. Мәжіктің Малай және Жәдігер деп аталатын екі баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап төртуыл деп атайды.

2. Орта жүз Найманнан — Белгібай, одан — Төлегетай, одан — Қытай, одан — Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл есімді төрт перзент дүниеге келіп, төрт рулы елге айналып еді дейді шежіре дерегі. Осы Төлегетайдан өрбіген ұрпақты жинақтап «төрт төлегетай» немесе «төртуыл» деп те атайды.

3. Шежіре бойынша Кіші жүз жетіру ішіндегі табын тайпасының құрамындағы бозым руынан — қайырқожа, тоқсиық, асан, қарақойлы деп аталатын төрт атаның өрбитіні айтылады. Осы аталарды жинақтап төртуыл деп те атайды.

4. Мажарстанда кіші қыпшақ құрамында да төртуылдар бар.

5. Өзбек ішіндегі лоқай тайпасының құрамында кездесетін рулардың бірі де төртуыл деп аталады (*А. Н. Аристов*).

УАҚ. 1. Орта жүз құрамындағы бір арыс ел уақ деп аталады.

2. Кіші жүз шөмекейлердің ішіндегі бір ата уақ деп аталады. Атап айтқанда: Шөмекей — Көнек — Қыдырымбет — Алшағыр — Көпсек — Меңісай — Сапақ — Қошқаралы — Маңғытай — Бұқарбай — Уақ болып өрбиді.

3. Орта жүз арғын құрамындағы сүйіндіктен өрбіген айдабол атасының ішінде уақ деп аталатын бұтақ бар.

4. Орта жүз арғын құрамындағы қаракесектен өрбіген шаншар атасының ішінде уақтар бар.

5. Түркіменнің ерсары тайпасының құрамында уақ руы бар (*М. Н. Галкин. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. — ЗИРГО, этнография. 1-том. — СПб., 1867. 6-10-беттер*).

Шежіре деректерінде түркіменнің Гөзлі атасы қазақ қызына үйленіпті-міс. Кейбір шежіре нұсқаларында Әз-Жәнібектің қызына үйленіп еді делінеді. Осы Гөзлі атадан Омар ата, Нұр ата, Уақ (Убақ) ата туады (*С. П. Поляков. Этническая история Северо-Западной Туркмении в средние века. — Москва: ММУ баспасы, 1973. 78-бет*).

Осы орайда, мынандай деректі де келтіре кету қажет: шежіре деректері бойынша уақ тайпасының құрамында сарман, сарыбағыс, жауғашты, байназар, әлімбет, бидалы, жансары, баржаксы, шәйкез, сіргелі, т.б. аталардың бары белгілі. Осы аталар қазақтың басқа ру-тайпалары мен көршілес түркі халықтарының құрамында да кездесетіні назар аударады. Мәселен, Кіші жүз шеркеш тайпасының құрамында — жауғашты; Орта жүз арғын тайпасының құрамында — байназар, әлімбет; найман тайпасының құрамында — бидалы, жансары, баржаксы, шәйкез (ергенекті наймандар); Ұлы жүзде — сіргелі; қырғыздың құрамында — сарыбағыс; татардың құрамында — сарман, өзбектің құрамында — уақ танбалы, т.б. деп аталатын ру-тайпалар мен аталар бар. Шәкәрім қажының уақ тайпасы туралы «ұсақ ата жиылған болар» деген пікірінде тарихи қисын болу керек. Сондай-ақ, уақ тайпасының құрамына қарап, Қазақ хандығы жасақталу барысында ру-тайпалардың жанадан жіктеліп, жаңаша жүйеленгенін айқын аңғаруға болады. Бұл ретте, уақ тайпасының ішкі құрылымы ең бір орнықты дәлел бола алады.

ҰЗЫН. 1. Орта жүз қыпшақ тайпасының бір тармағы ұзын деп аталады.

2. Өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қоңырат тайпасының бір бұтағы болып есептелетін қостаңбалы руының ішінде ұзын атасы бар.

ҮЙСІН. 1. Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған байырғы тайпалардың бірі үйсін деп аталады. Ауызекі сөзде үйсін атауы Ұлы жүздің ру-тайпаларының жиынтық атауы ретінде де қолданылады.

2. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы он екі ата атығай және қарауыл руларының ішінде үйсін деп аталатын аталар бар. Шежіре дерегі бойынша он екі ата атығайлар мыналар: құдайберді, бәйімбет, баба, моныс, бабасан, бағыс, ақкиік, құлансу, қойлы, есентаңырық, майлыбалта, жауғаш. Осылардың ішіндегі бабасан, бағыс руларының құрамында үйсін атасы бар. Бұлар ХІХ ғасырда Бабасан-Бағыс болысы атанып, Көкшетау төңірегін қоныс еткен (*ҚР ОММ – Орталық Мемлекеттік мұрағат. 345-қор, 1-түзім, 1436-іс; Т. Садуақасов. Ел мен жер. – Алматы, 2003. 180-бет*).

«Батыс Кәстек өңірінің жұрты Шапырашты руынан шыққан Қарасай батырдың ұрпақтарын құрайды. Қазір қарасай руы Ақмола облысының жерін қоныс етеді. Қарасайдың бейіті Көкшетау уезінің Айыртау деп аталатын өңірінде» (*П.П. Румянцев. Материалы Семиреченской области. – СПб., 1913. 17-бет*).

«Аталас үш ру: саурық, баспан және құдайберді... (Көшек пен Танатар) бұрынғы көшіп-қонып жүрген Қараөткел (Ақмола уезі) және Арқа (Қарқаралы уезі) сияқты жерлерді ұмытпаған... № 145 қауымға (община) басие болған соңғы рубасылардың бірі – Атығай, Қарасайдың немересі... Қарасай руы ерте кезден-ақ қазіргі Ақмола облысының төңірегін қоныс еткен, аңыз бойынша Қарасайдың бейіті Көкшетау уезінің Айыртау алқабында» (*П.П. Румянцев. Верненский уезд. – СПб. 104, 120, 122-беттер*).

«Шапырашты Қарасай батырдан – Түркімен, одан – Жарылғап, одан – Қойсоймас пен Қараш туады. Абылай ханнан баласы Әділ сұлтанды Ұлы жүзді билету үшін қалап алатын (1774 ж.) осы Қараш батыр. Күні бүгінге дейін Орта жүз арғын тайпасынан тарайтын атығай, қарауыл руларының ішінде шапырашты Қарасай батырдың ұрпағы – Қараша, Көшек, Өтеп, Түркімен, Құдайберді, Танатар, Жарылғап, Шонай, Жайық, Қанай аталарының ұрпақтары бар» (*Шежіре дерегін берушілер – Абай Байкенжин, Дәурен Асқаров, Көкшетау төңірегінен, 1974*).

Көкшетау төңірегіндегі Шобан-Қарасай, Саурықкескен, Ыстышапқан, Шаңқанай деп аталатын қоныстар, Мапырашты, Шапыра деп аталатын жайлаулар, Қарасай, Дәулет, Асылқарағай, Тілеуқарағай, Болайқарағай, Түркіменқамыс, Үйсіншапқан, Төлемісшөк, Айдаршөк, Көшек деп аталатын жұрттар, сөз жоқ, осы атығай ішіндегі үйсін руының тарихына тікелей қатысы бар этнотопонимдер.

3. Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі қаржас (олжакелді) деп аталады. Осы қаржас руының ішінде үйсін атасы бар. Шежіре деректерінде үйсінге ұзатылған қаржас қызы жаугершілік заманда үйсін күйеуінен туған Нарынбай, Түгелбай деген екі баласымен төркіндеп келіп қалып қойыпты дейді. Нарынбайдан – Қаржасбай, одан – Омар, одан – Имаммәлік туған (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. 23-бет*).

4. Кіші жүз он екі ата байұлының ішіндегі беріш тайпасының құрамындағы ноғай бұтағынан (ноғай-казак) өрбіген аталардың бірі үйсін деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Беріш – Байсейіт – Қитас – Жайық – Есенқұл – Ноғай болып келеді де, Ноғайдан – Қояс, Үйсін, Қостанбалы, Қазанқұлақ есімді төрт ата өрбиді.

5. Ақтөбе облысының Ойыл ауданында өздерін ертеден бері Кіші жүз құрамындағы румыз деп есептейтін үйсіндер бар (*Н.И. Веселовский. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. – СПб., 1877. 94-бет*).

6. Өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, Қырым татарлары, ұйғыр (Қашғар), ноғай, ауған халықтарының құрамында да үйсін руы мен аталары бар. Ноғай халқының XVI ғасырда өмір сүрген әйгілі ақыны Мүсеке Мақайбиұлы үйсін руынан шыққан. Ноғай халқының құрамындағы үйсіндер өз ішінде алтынқожа үйсін, балықты үйсін, қараторы үйсін, емсиық үйсін деп аталатын төрт атаға бөлінеді (*Н.А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты*). – Москва-Ленинград, 1940. 132-142-беттер).

7. Қырғыз халқының құрамындағы солты тайпасының бір тармағы үйсін (усон) деп аталады. Солты тайпасының келесі бір тармағы болып саналатын қаракесек руының ішінде Сарыүйсін атасы бар. Сондай-ақ, Бағышындағы қалша атасынан өрбіген әулетті де жинақтап үйсін деп атайды.

8. Тарихи деректерде орыс халқының қалыптасуына да үйсін тайпасының ықпалы болғаны айтылады. Белгілі тарихшы, білікті қытайтанушы Н.В. Кюнер былай дейді: «Байырғы Усунь мемлекеті алғашқыда Цинлян мен Дуньхуан арасында болды. Ертеректе Олос тұрғындары өздерін лаоцянь (байырғы цяндар немесе тибеттіктер) деп атаған. Осы жерден (олар) қоныс аударып, Чигуге жеткен. Одан соң Цинлунге (Луковое тауы немесе Памир) қоныс аударған.

Сол кезден бастап Цинлунде үйсіндердің болғаны жөнінде дерек жоқ, оның есіне олостар алғаш рет Ула жотасының (Ула-лин немесе Орал жотасы) батысынан көріне бастайды. Демек, Ула-лин дегеніміз – Цинлунның солтүстік батыс сілемі болғандықтан, олостар өзінен-өзі қоныс аударған үйсін тайпасы болып шығады. Мұның дәлелі айқын» (*Н.В. Кюнер. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – Москва, 1961. 69-бет*).

«Олостар Касакәлердің (қазақтардың, Қазақстанның) батыс аймағында пайда болды» (*Н.В. Кюнер. Көрсетілген еңбек. 96-бет*).

Қытайдың әйгілі тарихшысы Сыма Цянь (Сы ма Чиан) Қытайдың солтүстігіндегі халықтарды сюнну, дунху және сушэнь деп үш этникалық топқа бөледі. Мұнысы бүгінгі ғылыми пайымдағы түркі тілдес, монғол тілдес және тұңғыс тілдес деп келетін бөліктермен үндес. Қытайлардың сюннуларды, қидандарды, кумонейлерді, усундерді, хундарды түркі тайпалары ретінде танитыны тарихтан аян. Осы түркі тайпалары әрбір тарихи кезеңде сяньюни, сюньюй, сюнну, шань-жун, шуньвэй, гуйфан, сяньюнь деп әр түрлі аталып отырған. Бұл жөнінде Тан заманының тарихшысы Сыма Чжэнь (713-742) сюннулардың Тан және Юй императорлары тұсында шаньжун немесе сюньюй деп аталғанын, Инь әулеті тұсында гуйфан деп аталғанын, Чжоу әулеті тұсында сяньюнь деп аталғанын, ал Хань әулеті тұсында сюнну деп аталғанын жазады.

9. Мажарстанның Қарсақ аймағындағы мадиярлар құрамында да үйсіндер бар.

10. Үйсін — б.з.д. II — б.з. VI ғасырлар аралығында көшпелі тайпалар одағынан құрылған мемлекет атауы. «Үйсіндер Ферғананың шығыс-солтүстігінде 2 мың ли (шақырым) жерде тұрады. Көшпелі мемлекет, мал жайып көшіп жүреді. Салт-дәстүрлері хундарға ұқсас. Садақ тартатын бірнеше түмен әскері бар, олар шеттерінен жаужүрек келеді», — дейді қытай тарихшысы Сыма Цянь (Сы ма Чиань. Б.з.д. 145 немесе 135 — 86 жылдар арасында өмір сүрген) өзінің «Тарихи жазбалар» атты еңбегінің хундарға арналған тарауында. Үйсін мемлекетінің қанат жайған мекені Қазақстанның Жетісу өңірі, Балқаш көлі, Шу мен Талас өзендерінің бойы, Қырғызстанның солтүстік-шығысы, Ыстықкөл төңірегі, сондай-ақ Қытайдың Іле аймағы болғаны, Чигу (Қызыл аңғар) қаласын астана етіп, жазғы ордасын Өрте-кеске (Қытайдың Текес, Монғолкүре ауданы) тігетіні, түтін саны — 120 мың, жан саны — 630 мың, әскер саны — 188 мың 800 салт аттылар болғаны тарихи деректерде келтірілген (*Бань Гу. Ханьнама — Хань шу. II том. — Пекин, 1997; Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. I кітап. — Шинжаң ұлттық баспасы, 1998; Үйсін туралы зерттеу. — Үрімжі, 1987*).

Орталық Азия тарихында алғаш рет Хун империясымен иықтас бой көтеріп, мемлекеттік жүйе қалыптастырған — осы Үйсін мемлекеті.

Үйсін мемлекетін жасақтауға қатысқан тайпалық одақтарды сөз еткенде, бүгінгі қазақ халқының құрамындағы бір ғана үйсін тайпасымен шектелуге болмайды. Олай болған жағдайда ежелгі үйсіндердің мемлекеттік жүйе қалыптастырғаны өзінен-өзі даулы болар еді. Бұл ретте, үйсін тайпасы мемлекеттік жүйе қалыптастыруда ұйытқы тайпа болды десе қисынға келеді. Жалпы түркі әлемінің тарихы дегеніміз — түптеп келгенде, тайпалар арасындағы үстемдіктің өзара алмасу тарихы болып шықпақ. Көшпелі өмір-салтта әр түрлі нәубетке байланысты (шабатын жау, келетін індет, болатын жұт) тайпалар арасындағы әлеуеттіліктің бірде дәуірлеп, бірде әлсіреп отыруы табиғи құбылыс. Осыған байланысты мемлекеттік биліктің басына әр кезде әр түрлі ру-тайпалар шығып отырған. Бұл — түркі көшпелілерінің ұзына тарихын танып-түсінудегі қаперде болатын әдіснамалық алғышарт болса керек. Мәселенің бұлайша парықталуы өткен өмірдің объективті жорылуына ғана себепші болып қоймайды, сонымен бірге түркі әлемінің бүгінгі және болашақтағы тағдырына да шапағатын тигізуге тиіс.

ҮШТАҢБАЛЫ. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы байырғы рулардың бірі «Үштаңбалы» деп аталады. Әбу-л-Хайр Фазлаллаһ ибн Рузбеханның дерегі бойынша үштаңбалылар бұрын Ноғай ордасының құрамында болып, кейін найман, қыпшақ, үйсін, сіргелі сияқты ру-тайпалар Кавказдың солтүстігіне қоныс аударғанда олардың қатарында үштаңбалылар да болған (*С.К. Ибрагимов. «Михман наме-и Бухара» Рузбехан как источник по истории Казахстана XV-XVI вв. — Алматы, 1960. 144-бет*).

2. Қарақалпақ ішіндегі қият тайпасының құрамында үштаңбалы руы бар.

3. Өзбек ішіндегі лоқай тайпасының құрамында да үштаңбалы руы бар және таңбасы қазақ құрамындағы үштаңбалы руының таңбасына ұқсас.

ХАНГЕЛДІ. 1. Ұлы жүз албан тайпасының құрамындағы рулардың бірі — хангелді. Шежіре дерегінде албан тайпасы негізінен сары және шыбыл деп аталатын

екі тармақтан тұрады. Сарыдан — Сүйерқұл, Сүйменді туған. Сүйерқұлдан — Шоған, Досалы, Қожамбет, Жарты есімді төрт бала және қызы Әлжаннан — Сырымбет, Шағыр, Алман (Аламан), Хангелді есімді төрт бала туып, бұлар «Сегіз сары» деп аталатын рулар шоғырын құраған.

2. Қырғыздың мұндыз, шерік тайпаларының құрамындағы жолболды, күшчі руларының ішінде хангелді атасы бар.

ШАҚА. 1. Ұлы жүз суан тайпасының құрамындағы аталардың бірі — шақа (Суан — Қанбағыс — Төрелік — Қасаболат — Шақа).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тама тайпасының ішінде де шақа атасы бар (Тама — Жөгі — Назымабыз — Шақа).

ШАҚАМАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы шалдар руынан өрбіген аталардың бірі — шақаман.

2. Ұлы жүз албан және шапырашты тайпаларының ішінде де шақаман атасы бар (Албан — Қызылбөрік — Молболды — Шақаман (Шағаман); Шапырашты — Еміл — Шақаман (Шағаман)).

ШАҚШАҚ. 1. Орта жүз арғын (кіші арғын) ішіндегі белгілі аталардың бірі — шақшақ. Қазақтың әйгілі батыры Қошқарұлы Жәнібек тарханның (1693-1752) үлкен әкесі — Шақшақ.

2. Орта жүз сүйіндік тайпасының құрамындағы айдабол руының ішінде де шақшақ атасы бар.

ШАНЫШҚЫЛЫ. 1. Ұлы жүз құрамындағы іргелі рулардың бірі — шанышқылы. Шежіре деректерінің бірінде Ұлы жүз Ақарыстан тараған ұрпақтардың бірі — Кейкіби, одан — Төбей тарайды, Төбейден — Майқы, Қоғам, Мекіре, Құйылдыр туған, осылардың Қоғамынан — Қаңлы мен Шанышқылы туып еді дейді.

2. Шанышқылы деп аталатын аталар қырғыздың — чекір, саяқ, қарақалпақтың — қандықты, өзбектің — лоқай және қоңырат деп аталатын руларының құрамында кездеседі.

ШӘЙКӨЗ. 1. Орта жүз қоңырат, найман, уақ тайпаларының құрамында «Шәйкөз» деп аталатын аталар бар (Қоңырат — Көктіңұлы — Шәйкөз; Найман — Саржомарт — Шәйкөз; Уақ — Ергенекті — Шәйкөз).

2. Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы керейт тайпасының ішінде шәйкөз атасы бар (Керейт — Саужайлы — Көне — Дулат — Таз — Байдос — Шәйкөз).

ШЕКТІ. 1. Кіші жүз алты ата әлімнің ішіндегі жаманақ тайпасынан өрбіген руларды жинақтап шекті деп атайды.

2. Орта жүз арғын тайпасының бір бұтағы жетімомын деп аталады. Жетімомын ішінде «жоғары шекті» және «төменгі шекті» тармақтары бар (М. Мұқанов).

3. Ноғай халқының құрамында (қара ноғай ішінде) шекті (шеклі) руы бар.

ШЕРКЕШ. 1. Кіші жүз байұлының ішіндегі бір тайпа шеркеш деп аталады.

2. Мажарстан қыпшақтарының арасында черкес (шеркеш) деп аталатын ру бар.

3. Черкес (шеркеш) деген атауы бар халық Кавказда, Түркияда, Сирияда, Иорданияда өмір сүреді. Кавказ шеркештері өздерін адыге деп те атайды. Бұлардың тілі мен мәдениеті қабардаларға жуық. Қазақ шеркештерінің құрамындағы қылыш руы Кавказ шеркештерінің де құрамында бар екенін Семенов-Тянь-Шаньский жазады.

4. Саха құрамында сергечч (шеркеш) деп аталатын ру бар (*Э.К. Пекарский. Словарь якутского языка. Т.2. — Москва, 1958. 274-бет*).

5. Өзбек ішіндегі лоқайлар құрамында да шеркеш (серкеш) атасы бар.

ШЕРУШІ. 1. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамындағы жаманбай тармағынан өрбіген бір ру ноғай деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Ноғайдың үлкен баласы Шерушінің ұрпағы өз алдына бір ата болып өрбіген.

2. Орта жүз керейдің бір тармағы он екі ата абақ керейлер болса, сол он екі атаның бірі шеруші деп аталады.

ШИКІЛ. 1. Ұлы жүз ішіндегі албан тайпасының құрамындағы бір ру — шикіл.

2. Қарлық (760-940) этникалық қауымдастығының құрамындағы бір ру шикіл деп аталған. Батыс Түркі Қағанаты ыдыраған соң оның жұртында Қарлық (Солтүстік Тянь-Шань, Жетісу), Оғыз (Сырдария аяғы, Арал маңы), Қимақ-Қыпшақ (Ертіс бойы, Орталық Қазақстан), Хазар (Еділ аяғы мен Солтүстік Кавказ), Ұйғыр қағанаты (Орталық және Солтүстік Азия), Қырғыз қағанаты (Оңтүстік Сібір) мемлекеттері құрылды. Осылардың ішінде қарлұқтар үш тайпадан құралды: бұлақ, шикіл, тастық.

3. Қарахан мемлекетінің (942-1137) құрамында да шикіл тайпасы болды. Қарахан мемлекетінің негізін қалаған Сатұқ абд ал Керім Боғра хан (Бура хан) шикіл тайпасынан шыққан. Осы Боғра ханның тұсында (915-955) ислам діні ресми түрде қабылданды.

4. Кіші Азиядағы түрік халқын жасақтасқан оғыз, қыпшақ, қарлық, ұйғыр, құман, хазар, ағашері сияқты ру-тайпалармен бірге шикіл (чигиль) руы да болды (*Д.Е. Еремеев. Этногенез турок. — Москва, 1971. 94-бет*).

Махмұт Қашқари түркі тайпаларының ішінде «жігіл» («шикіл») тайпасының болғанын да атап өтеді (*М. Қашқари. Түбі бір түркі тілі. — Алматы: «Ана тілі» газеті, 1993. 10-бет*).

Тарихи деректерде аталатын чигл, жігіл, шикіл, шыбыл этнонимдерінің өзара байланысы мен сабақтастығы арнайы зерттеуді қажет етеді.

ШОҚАН. 1. Ұлы жүз сіргелі тайпасының құрамындағы аталардың бірі — шоқан.

2. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы шымыр руының ішінде де шоқан атасы бар (Шымыр — Бекболат — Жиеш — Жәнкебай (Жанабай) — Шоқан).

3. Орта жүз қоңырат тайпасының бір бұтағы көтеншінің ішінде де шоқан атасы бар (Көтенші — Мақы — Жаманбай — Ноғайлы — Шоқан).

ШОР. 1. Орта жүз арғын құрамындағы қаракесек ішінде шор атасы бар. «Қаракесек қарашормыз, Құдайдан да зормыз» дейтін мәтел сөз осы шор атасына қатысты айтылған.

2. Оңтүстік Сібірдегі түркі тектес халықтардың бірі — шорлар. Олар өз ішінде — карашор, сарышор, ұзыншор руларына (сүйек) бөлінеді.

Назар аударарлық бір дерек: қазақ арасындағы қаракесектер туралы «Қазан тепкен қаракесектер» деген сөз айтылса, шорлар арасындағы карашорлар туралы «Қазан төңкерген карашорлар» деген сөз айтылады (*Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. — Горно-Алтайск, 2005. 937-бет*).

ШУМАНАҚ. 1. Ұлы жүздің нөқта ағасы жалайыр тайпасы өз ішінде шуманак, сырманак, бірманак деп аталатын үш тармаққа бөлінеді.

2. Орта жүз қыпшақ тайпасының ішінде «бес таңбалы қыпшақ» деп аталған ұзын, торы, көлденен, бұлтың, қарабалық рулары бар. Осылардың ішінде көлденен руынан өрбіген аталар қараспан, шуманак деп аталады (*М. Тынышбаев*).

3. Орта жүз арғын тайпасының құрамында да шуманак атасы бар (Арғын — Сүйіндік — Оразкелді — Мамық — Шуманак).

ШЫБЫЛ. 1. Ұлы жүз албан тайпасы өз ішінде сары және шыбыл деп аталатын екі атаға бөлінеді.

2. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы іргелі аталардың бірі шыбыл деп аталады.

3. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамында да шыбыл атасы бар.

4. Қырғыз ішіндегі басыз руының құрамында шыбыл руы бар.

ЫРҒАҚТЫ. 1. Орта жүз арғын құрамындағы қаракесек руының ішінде ырғақты бұтағы бар.

2. Орта жүз қоңырат құрамында да ырғақты руы бар.

3. Қарақалпақ ішіндегі іргелі рулардың бірі ырғақты деп аталады.

4. Өзбек ішіндегі қоңырат тайпасының құрамында тартулы (тартпалы) руынан тарайтын ырғақты атасы бар.

5. Ноғай халқының құрамында (ақ ноғай ішінде) ырғақты руы бар (*Н.А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. — Москва-Ленинград, 1940. 132-142-беттер*).

ЫСТЫҚ. 1. Ұлы жүз ысты тайпасының құрамындағы аталардың бірі — ыстық (Ысты — Жауатар — Тілік — Ыстық).

2. Кіші жүз құрамындағы жаппас, табын тайпаларының ішінде де ыстық аталары бар.

21. Лақап немесе жанама этнонимдер

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Қазақ шежіресіндегі ру-тайпалар мен жүздер атауының бәрі де белгілі бір адамнан бастау алып, сол адамның есімі тұрғысында таратылып отырады. Бұл — шежіре біткеннің төл табиғатынан туындайтын қасиет. Өйткені, қалыптасқан дәстүр бойынша шежіре атаулыда ұрпақ сабақтастығы сақтала отырып таратылуы шарт.

Яғни, шежірелік түзілімдер мен аңыз-әңгімелердің (кария сөздердің) бәрінде дерлік этноним атаулыны (автоэтноним, аллоэтноним) белгілі бір адамның есімі тұрғысында баяндау, былайша айтқанда, адамдандыра баяндау – шежіре атаулының төл сипаты. Мұндай ерекшелік, шежірелік аңыз-әңгімелерді фольклорлық жанр ретінде даралап көрсете алар белгілердің бірі болуға тиіс.

2. Ру-тайпалар мен жүздердің атаулары шежірелік деректерде адам есімі тұрғысында көрініс тапқан соң, мұндай үрдіс сол ру-тайпалар мен жүздердің лақап немесе жанама атауларына да жұғысты болуы заңды. Осы орайда, қазақ шежірелерінде әулет-атаға, ру-тайпаға қатысты жиі ұшырасатын лақап немесе жанама атаулардың (этнонимдер деуге де болады), негізінен, Қазақ хандығы жасақталғаннан кейінгі кезендерге айғақ болуы назар аударады. Яғни, лақап немесе жанама атаулар, біріншіден, Қазақ хандығының аясына топтасқан ел-жұрттың жаңаша жүйеленіп, жаңаша жіктелген ру-тайпалық құрылымының іштей реттеле бастағандығына айғақ. Екіншіден, ру-тайпалар мен жүздердің қандас-туыстас даралықтарынан гөрі, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөліктерді білдіретін сипатының басым болып келетіні сияқты, лақап немесе жанама атауларда да бағдар берушілік, айғақтаушылық сипаттың басым екені айқын байқалады. Мәселен, «абақ керей», «ашамайлы керей», «алты ата қуандық», «он екі ата байұлы», «бәйбіше арғын», «тоқал арғын», «бес мейрам», «бес таңбалы қыпшақ», «ергенекті найман», «қызай найман», «сегіз арыс адай», «Сырдың қара қаңлысы», «Сырдың сары қаңлысы», «Сыр және қыр шектілері», «Тоғыз таңбалы найман», «Үш қарасақал» деген сияқты. Бұл ретте, ру-тайпалардың лақап немесе жанама атаулары, ең алдымен, Қазақ хандығының аясындағы этноқұрылымдық және әкімшілік-басқару жүйесінің үйлесім-ретке келуін айғақтайтын мәнді фактор ретінде ден қойдыруға тиіс.

3. Қазақ ру-тайпаларына қатысты лақап немесе жанама атаулардың пайда болуы жөнінде айтылатын шежірелік әңгімелер мейлінше мол. Ондай аңыз-әңгімелер, әдетте, халықтық этимология тұрғысында баяндалып, себеп-салдарлық сипатта болып келеді. Мәселен, «ағаш қуысында (қобысында) туғаны үшін баланың атын Қыпшақ қойыпты» немесе «жаудан қанжығасы бос қайтпайтын болған соң, былайғы жұрт батырды Қанжығалы атап кетіпті» деген сияқты.

Осы орайда, «ты», «ті», «лы», «лі» сияқты жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған ру-тайпа атауларының басым көпшілігі лақап немесе жанама атаулар болып келетіні назар аударады. Мәселен, тобықты, қанжығалы, балталы, бағаналы, таракты, ошақты, т.б.

4. Лақап немесе жанама атаулар, әдетте, белгілі бір ру-тайпаның ішкі этноқұрылымын, мекен-тұрағын, кәсіп-харекетін, ұрандарын, ен-таңбаларын, мінез-құлықтарын айғақтайды. Яғни, лақап немесе жанама атауларда, міндетті түрде, дерек берушілік сипат болады деген сөз. Оған шежірелік айғақ ретінде мән берілудің де сыр-себебі осында.

Сонымен, лақап немесе жанама этнонимдер...

АБАҚ КЕРЕЙ. Орта жүз керей тайпасы өз ішінде «Абақ керей» және «Ашамайлы керей» деп аталатын екі тармаққа бөлінеді. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі

бойынша он екі ата абақ керейге мына рулар жатады: жәнтекей, жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарыбас, карақас, көнсадақ.

АҚНАЙМАН. Шежіре дерегінде Найманның қартайғанда көрген баласы Белгібай мен әулие келіні Ақсұлудың арасынан Сүйініш туған. Сүйініштен — Төлегетай, одан — Қатай (Қытай), одан — Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай туады. Осылардың Қаракерейінен — Айрам, Мейрам, Тұзақшы туса, Мейрамынан — Байторы, Ерторы туған. Байторыдан — Байыс, Балқыбек, Жалқыбек туады. Байыстан — Сары, оның бәйбішесінен — Жолымбет, Бәйімбет, Жолболат туған. Жолымбеттен — Ажы, Назар, Ажықұл, Рак, Қыдыр, Құсмұрат (Адырқұл), Арызбак (Арызқұл) есімді жеті ұл тарайды. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағын жинақтап «Жеті жолымбет» дейді.

Міне, осы жеті жолымбеттің Арызбағы жас кезінде жоғалып кетіп, Арғынның қолына тап болады. Арада біраз жыл өткенде ұзынқұлақтан жеткен сөз бойынша Жолымбет жоғалтқан баласын Арғыннан тауып, қазыға жүгінсе, Арғын: «Өзімнің аппақ Найманым!» — деп, бауыр басып қалған баланы біразға дейін бермей әурелепті. Арызбақтан өрбіген ұрпақтың Ақнайман атануы содан еді дейді. (*Дерек беруші, Тұрлыбаев Елтай, 1931 жылы туған, Өскемен қаласы*).

Шежіре дерегінің келесі бір нұсқасында Жолымбеттің бойына батырлық пен әулиелік қатар дарыған екен дейді. Ол кез қоқандардың қоқандап тұрған заманы болса керек. Бір жаугершілікте Жолымбеттің жеті ұлының бірі — Қуансейіт деген екі-үш жасар кенже баласы қоқандардың қолында кетеді. Арада біраз уақыт өткенде Жолымбет қапысыз дайындалып, баласын алып қайту үшін қоқандарға салмағын сала барады ғой. Барса, қоқандар Қуансейітке бауыр басып қалса керек, «бұл өз баламыз, сендер жақтан бала алғанымыз жоқ» деп сырғақтатады дейді. Сонда, Жолымбет екі жақтың билігін ұстағандарды жинап, солардың алдында белуарына дейін шешініп жіберіп, жонындағы меңін санатыпты дейді. Сонсоң, «менің баламның да арқасында дәл осындай мең болмаса, сөзімді қойдым» деген екен. Сол жерде баланың көйлегін түріп қарағандар әкелі-балалының меңдерінің ұқсастығын көріп, амалсыздан баланы қайтаруға мойын ұсынады. Баласымен сағынып табысқан Жолымбет Қуансейітті «Бұл менің ақ найманым емес пе!» — деп көтеріп алыпты. Қуансейітке «Ақнайман» деген лақап аттың жамалу себебі осыдан еді дейді.

Ақнайманнан он ұл туған. Олардың өсіп-өнген ұрпағы рулы ел (*Қ. Ілиясұлы. Ақнайман. — «Әдебиет айдыны» газеті, № 13, 2008*).

АҚСАҚТЫҢ АЛТАУЫ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектен (Болатқожадан) өрбіген аталардың бірі — Шаншар. Шаншар абыздың Қызданбике, Айбике, Нұрбике есімді үш әйелі болған екен («*Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар*» тараушасындағы «*Нұрбике*» тақырыпшасын қараңыз). Осылардың Айбикесінен — Келдібек, Тыныбек, Есіркеп, Жәнібек туады. Бұл төртеуінің ішіндегі Келдібегіне кезінде Бегімысық (Бегімсиық деп те атайды) деген әулие сәуегейлік айтып: «Екі беті толған мең, екі емшегі сүйретпедей толық, бір аяғы ақсақ қызға үйленсең, тұқым-тұяғыңнан құтты да туады, сүтті де

туады, ханға бергісіз би де туады», — депті. Ол кез жаугершілік заман болса керек. Бірде жаудан үркіп келе жатқан керей Ақымбеттің көшіне ілескен қызды көреді (*Кейбір шежіреде Кіші жүз елінің көші екені айтылады*). Ел есіндегі қария сөздің айтуында бұл қыздың тегі тарақты руынан еді дейді. Есімі Тоқмейіл болса керек. Қыздың түр-тұлғасы Бегімысық әулиенің айтқанына дөп келеді. Келдібек сол қызға үйленіп, одан — Асан, Үсен, Бадана (Балапан деп те атайды), Бөдене, Сәдібек, Қазыбек есімді алты ұл көреді. Міне, осы алты ұлдың өсіп-өнген ұрпақтарын шешелерінің кемшін аяғын мегзеп «Ақсақтың алтауы» дейді.

Бегімысық әулиенің айтқаны келіп, Келдібектен туған Қазыбек те, одан туған Бекболат та, одан туған Тіленші де, одан туған Алшынбай да, одан туған Бәпи де, одан туған Мәди де исі қазаққа белгілі айтулы тұлғалар болды (*Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. — Павлодар, 2007. 23-бет*).

АЛТЫ АЛАШ. Қазақ халқын құраған тайпалық одақтың жиынтық атауын «Алты Алаш» дейді. Тарихи деректер бойынша «Алты Алаш» атауы «қазақ» этнонимінің жанама атауы ретінде Қазақ хандығы құрылған кезеңде орныға бастады. Одан бұрын «Алты Алаш» атауы жалпы түркілік ру-тайпалар бірлестігін білдіретін болған.

Қазақ халқының ел болып еңсе көтеруіне айғақ болатын белгі — Сарысу өзенінің Телікөлге құяр тұсында тұрған Таңбалы тас. Бұл тасқа Қазақ хандығына ұйытқы болған ру-тайпалардың таңбасы басылған. «Бетбақдалада «Таңбалы шұбар» деген жер бар, — деп жазады Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. — Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Қазақтың таңбалары талас болса, үш жүздің баласы сол тастан барып қарасады. Алаша ханның тұсында басылған таңба деседі. Мұнан бұрын сағымнан пайда болған Шыңғыс хан да тоқсан екі баулы қыпшаққа таңба үлестіріп, ұран қойып берген екен деседі» (*Бұланты шайқасы. — Жауапты редакторы — Ж.О. Артықбаев. — Қарағанды, 1998. 23-бет*).

Таңбалы тасқа 1895 жылы дәрігер Л.Кузнецов пен тілмәш Қ.Бекхожин Ақмоладан арнайы келіп, таңбаларды хатқа түсірген. Таңбалы тасқа «Қара Найман, Алшын, Арғын, Қаракесек, Қойсын, Табын. Молда Қаршыға Әмір. Құдайым құрмет қылайын алтауыңа» деп жазылған. Ә.Х.Марғұлан бұл жазуда аталған ру-тайпаларды «Алты Алаш» тайпалық одағымен байланыстыра қарастырады. Атап айтқанда, Қойсынның (Үйсіннің) Ұлы жүз атынан, Табынның Кіші жүз атынан, Арғынның Орта жүз атынан екенін, сондай-ақ Қаракесек тобымен қосылғанда Алты Алаш елінің іргелі тайпалары болып шығатынын жазады (*А.Х. Марғулан. Мир казаха. — Алматы, 1977. 37-бет*).

Таңбалы тас туралы Қ.И.Сәтпаев былай деп жазады: «Жезқазған ауданында, Сарысудың төменгі ағысында, Таңбалы Нұра деген жерде, Тасбұлақ деген қайнар басында, өзеннен шығысқа қарай 20 шақырым жерде құлама жартас бар, соның бетінде қазақ халқының құрамына енген түгелге жуық ру мен тайпалардың таңбалары салынған. Халықтың аңызы бойынша дәл осы жерде, Тасбұлақ қайнарында рулардың қазақ деген жаңа елді құрамыз деген алғашқы тарихи жиналысы болған. Сол кеңестің шешімі бойынша жартас бетінде кеңеске қатысқан ру-тайпалар рулық таңбаларын салған (*К.И. Сәтпаев. Избранные труды. Т.5. — Алматы, 1970. 46-бет*).

Осы тарихи басқосуда Ұлы жүз атынан үйсінге «Жалау», Орта жүз атынан арғынға «Көз», Кіші жүз атынан алшынға «Найза» таңбасы беріліп, тасқа қашалады. (*«Алаш» атауына қатысты «Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз*).

АЛТЫ АРЫС ШАҒАЙ. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі ботбай болса, сол ботбай руы өз ішінде Құдайқұл, шағай, бидас, қоралас, көкірек деп аталатын бес атаға бөлінеді. Осылардың Шағайынан — Байкүшік, Есенгелді, Кішкентай деген үш ұл туған. Бұл үшеуінің әрқайсысынан екіден — алты бала болған. Олар: Байкүшіктен — Асан мен Тайлақ, Есенгелдіден — Ақша мен Қожай, Кішкентайдан — Жанқойлық пен Есенбай. Міне, Шағайдың осы алты немересінен өрбіген ұрпақты «Алты арыс шағай» деп атайтын дәстүр бар.

Ботбай руының шағай атасынан Сәмен, Сыпатай сияқты әйгілі батырлар шыққан.

АЛТЫ АСПАН. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Кіші жүз Шөмекейден — Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл есімді төрт ұл туған. Осылардың Аспанынан — Еспенбет, Құлшар, Құйыт, Бақтияр, Мәмбет, Қият есімді алты ұл туып, олардың өсіп-өнген ұрпақтары бір-бір атаға ұласқан. Шежіре сөзде бұл аталарды жинақтап «Алты Аспан» деп атайтын дәстүр бар.

АЛТЫ АТА ҚУАНДЫҚ. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз Арғыннан — Мейрамсопы, одан тұңғышы — Қуандық туып еді дейді. Қуандықтан — Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш, Ағыс, Қалқаман деген алты бала туып, бұлардың әрқайсысы рулы елге ұласқан. Қуандық кіндігінен тараған осы ұрпақты жинақтап «Алты ата Қуандық» деп атайды.

АЛТЫ АТА НОҒАЙ-ҚАРАУЫЛ. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — қарауыл. Қарауыл ішіндегі өсіп-өнген аталардың бірі — ноғай. Шежіре бойынша Қарауыл — Бөлекей — Құлымбет — Бектауыл — Ноғай болып таратылады. Ноғайдан — Аман, Қарсақ, Сайыс, Саспақ, Есенгелді, Жиенбек туған. Осы алтауынан тараған ұрпақ «Алты ата ноғай-қарауыл» деп аталған.

АЛТЫ АТА ТӨЛЕМІС. Ұлы жүз шапырашты өз ішінде малдыыстық, желдіыстық, қылдыыстық деп аталатын үш рулар бірлестігіне бөлінсе, осылардың желдіыстығы өз ішінен асыл және шыбыл руларына бөлінеді. Шежіре дерегінде Асылдан — Орынбет, Әжіке, Түнқатар (Таңатар) туады. Осылардың Түнқатарынан — Өмір, одан — Бұзаушы, Төбет, Құллан, Жанай, Теке, Төлеміс туған. Бұлардың Төлемісінен — Бәйет, одан — Келдімұрат, Бардымұрат, Байсенгір, Қарасенгір, Наурызбай деген бес бала туған. Ел аузында Бәйет пен одан туған бес баласын қосып «Алты ата төлеміс» деп атайтын дәстүр қалыптасқан.

АЛТЫ КІШКЕНЕ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Кіші жүз Әлімнен — Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық (Қарасақал), Ұланақ

(Қаракесек), Тегінболат (Қарасақал), Тойқожа (Ақкете) деп аталатын алты ата тарайды. Осылардың Жаманағынан – Шынғыс, Өріс (Уәріс), Баубек туған. Өрістен – Есенәлі, Айдарбек, Бөлек туған. Есенәліден – Палуан, Кішкене туған. Кішкененің бәйбішесі Қоңырдан – Жиеней, Жолшора, Асан, Үсен, тоқалы Құланбикеден – Құрманай, Құттық туған. Осы Кішкенеден туған алты баланың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Алты Кішкене» деп атайды.

АЛТЫ ҚОСАЙ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Кіші жүздің адай тайпасынан құдайке, келімберді деп аталатын іргелі (аталық) екі ру тарайды. Осылардың Құдайкесінен екі бала – Қосай, Тәзіке туады. Қосайдан – Байбол, Әйтей, Бегей, Тіней, Бәли, Сүйіндік есімді алты ұл туған. Осы алтауының өсіп-өнген ұрпағын жинақтап, «Алты қосай» деп атайтын дәстүр бар.

Алты қосайдың үлкені Байболдан – Есембет, Есенғұл, Мәмбетқұл (Шалбар), Жұлдыз есімді төрт бала туған. Бұл төртеуінен өсіп-өнген ұрпақ «Төрт байбол» деп аталады.

АЛТЫ ШЕРУШІ. Орта жүз абақ керей ішіндегі шеруші руына қатысты шежіре дерегі бойынша Шерушінің әмеңгерлік жолымен үйленген әйелінен (Жәдіктің бәйбішесі) – Күнтуған, Айтуған есімді екі бала туған. Айтуғаннан – Ожық, Жаппас, Тұл, Тұлға туған. Шерушінің осы ұрпағы алты ауыл болып өсіп-өніп, Қобда бетін қоныс еткен. Содан, былайғы жұрт оларды «Алты шеруші» деп атап кеткен.

АШАМАЙЛЫ КЕРЕЙ. Орта жүз керей тайпасы өз ішінде «Абақ керей» және «Ашамайлы керей» деп аталатын екі тармаққа бөлінеді. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша ашамайлы керейге мына рулар жатады: көшебе, сибан, тарышы, аббас, хансадақ, балта, балға.

ӘЖІБАЙ. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – қанжығалы. Шежіре бойынша Қанжығалыдан – Есен, Абыз, Шомақ, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары, Қарабұжыр, Қаратілес туған. Осы тоғызының өсіп-өнген ұрпағын «Әжібай» немесе «Сары әжібай» деп атайтын дәстүр бар.

ӘЛІМҰЛЫ. Кіші жүз құрамындағы шөмекей, қаракесек, кете, шекті, төртқара, қарасақал тайпаларын жинақтап «Әлімұлы» деп атайды.

БАЙТҮГЕЛ. Ұлы жүз суан тайпасының құрамындағы елтынды, жылкелді руларын жинақтап «Байтүгел бұтағы» деп атайды.

БАЙҰЛЫ. Кіші жүз құрамындағы адай, жаппас (алтын), беріш, таз, есентемір, тана, байбақты, масқар, шеркеш, ысық, алаша, қызылқұрт тайпаларын жинақтап «Байұлы» деп атайды.

БАУЫР БОШАН. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – қаракесек. Шежіре бойынша Қаракесектен (Болатқожадан) – Ақша, Түйте,

Үкібай туыпты дейді. Ақшадан — Бошан, одан — Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат туады. Осылардың ішіндегі Жанту, Таз, Байбөрі, Манат төртеуінің өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Бауыр бошан» деп атайды (*Осы тараушадағы «Бес бошан», «Сырт бошан» тақырыпшаларын қараңыз*).

БӘЙБІШЕ. Кіші жүз алты ата — әлім бірлестігінің ішіндегі тайпалардың бірі — айнық (қарасақал). Айнықтан — Сарыбас жеке туған. Айнық дүние салған соң оның Ырысты деген әйеліне әменгерлік жолымен Тегінболат (қарасақал) үйленген. Тегінболаттан — Шінгір, Пұсырман туған. Шінгірдің бәйбішесінен — Құдайменде, тоқалынан — Жарболды, Батан, Бұли туады. Осылардың ішінде, бәйбішеден туғандықтан, Құдайменденің ұрпағын «Бәйбіше» деп атайды. Құдаймендеден — Андабай, Қазым, Ырсай туған.

БӘЙБІШЕ АРҒЫН. Орта жүз Арғынның екі әйелі болыпты (кейбір шежіре деректерінде үш әйелінің болғаны айтылады). Бәйбішесі — Ергүл, тоқалы — Момын. Ергүлден — Мейрам, одан — Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа (Қаракесек) туады. Арғынның бәйбішесі Ергүлден туған осы бес баланың өсіп-өнген ұрпағын жинақтап «Бәйбіше арғын» деп атайтын да дәстүр бар (Осы тараушадағы «Жеті момын» тақырыпшасын және «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Момын» тақырыпшасын қараңыз).

БЕЙІСТІҢ БЕСЕУІ. Орта жүз арғын тайпасының жеті момын тармағынан өрбіген рулардың бірі — бәсентиін. Шежіре дерегі бойынша бәсентиін руы өз ішінде ақмайдан, бекмайдан, тоқмайдан, актілес, күшік, қарабұжыр, апай, бөрі, сырым деп аталатын аталарға бөлінеді. Осылардың Ақмаңдайынан — Көкшекөз, одан — Бәйімбет, одан — Бейіс туған. Бейістен — Таз, Бөкі, Шоқай, Өтен, Матай деп аталатын бес бала. Бейістің осы бес баласынан өсіп-өнген ұрпақты «Бейістің бесеуі» деп атайды.

БЕС АТАНЫҢ БАЛАСЫ. Орта жүз қоңырат тайпасының ішіндегі сары, сапар, божбан, саңғыл, маңғытай аталары еншілес болғандықтан, бұларды жинақтап «Бес атаның баласы» деп атайды. Бұл Қазақ хандығы жаңа жасақтала бастаған кездегі құрылым (еншілестік) болу керек. Кейін ру іргесі кеңейген кезде (шамамен XVII-XVIII ғғ.) әрқайсысы өз алдына еншісі бөлек жеке ру болып шығып, өз ұрандары мен ен-таңбаларын белгілеп алғаны байқалады.

БЕСАУЫЛ. Ұлы жүз шанышқылы руының ішінде «Бесауыл» деп аталатын ата бар. Шежіре бойынша Шанышқылы — Бектау — Күрпік — Мықтай — Қармыс — Бәймен болып тарап келеді де, Бәйменнен — Қанай, Жиекбай, Құдайқұл, Көшек, Малай туады. Бәйменнің осы бес баласынан тараған ұрпақты «Бесауыл» деп атайды.

БЕС БАЙЫС. Найман тайпасының бір бұтағы Қаракерейден — Байторы, одан — Мейрам, одан — Байыс өрбіген. Шежіре дерегі сол Байысқа — сыбан, шүрентай,

сары, байжігіт (мақта), мәмбетқұл (қыржы) аталарын жатқызып, «Бес байыс» деп атайды. Келесі бір шежіре дерегінде бес байысқа – мұрын, сыбан, ақымбет, байжігіт, қыржы аталарын жатқызады. Тағы бір шежіре дерегінде бес байыс санатында – сарымырза, ақымбет, сыбан, мәмбетқұл, шүрентай аталары аталады. Шежіре деректерінде байжігіт атасының Байысқа жиен болып келетіні, оның ұрпағы «Мұрын байжігіт» деп аталатыны да айтылады. Қалай болғанда да, Байыс ұрпағын жинақтап «Бес Байыс» деп атайтын дәстүрдің бары рас.

Осы орайда, ел ішіне кең тараған қария сөзді келтіре кеткен жөн. Найманның бір бұтағы қаракерей болғанда, сол Қаракерейден – Байторы, Ерторы, Байторыдан – Мейрам, Айрам, Мейрамнан – Байыс, Балқыбек туған.

Енді, «Бес байыс» атанудың жайына келейік. Байыс үш әйел алған адам. Бірінші әйелі – Жүзбике (Ақбике деп те атайды). Ерлі-зайыптылар бірін-бірі атымен атамайтын дәстүр бойынша Байыс бәйбішесі Жүзбикені мұрындылау болғаны үшін «Мұрын» деп атап кетсе керек. Байыс осы Жүзбике бәйбішесінен – Сарымырза (Сары), Мақта есімді екі перзент көрген. Сарымырза ұрпағының «Мұрын» аталуы содан дейді.

Байыс екінші әйеліне әмеңгерлік жолымен үйленеді. Інісі Балқыбек ертерек қайтыс болып, келінін әмеңгерлікке алады. Одан – Мәмбетқұл (Қыржы) есімді бір ұл туады (*Осы тараушадағы «Қыржы» тақырыпшасын қараңыз*).

Байыс атқа мініп жүрген кезінде Бұхара қаласында біраз жыл бек болса керек. Сол кезде бір өзбек қызына үйленеді. Содан, ел ішінің жағдайына байланысты Байыс Қаратауға қайтатын болады. Сонда, өзбек қызының ата-анасы «сахарада көшпелі өмірге көндіге алмайсың ғой» деп, қызын алып қалады. Байыс аттанарда өзбек қызы аяғының ауыр екенін емеурін етіп: «Мырза, ата-ананың талабын аттай алмадым. Жазу осылай болды, енді маған не айтасыз?» – дейді. Сонда Байыс тұрып: «Не айттайын, ұл тапсаң атын Байғана қой. Азамат болсын десең, тегін ұмыттырма. Қыз тапсаң оның жөнін өзің біл», – деп жүріп кетеді.

Сол өзбек қызынан ұл туып, атын Байғана қойып, бозбала болған шағында әкесі Байысқа жібереді. Жалғыз жібермейді, өзбек қызы екінші күйеуінен тапқан Әмірсана деген ұлын: «Не көрсендер де бірге болыңдар», – деп қосып жібереді. «Әкеңнің көзі еді» деп, кезінде Байыс киген тақияны белгі-айғақ ретінде Байғананың қоржынына салады.

Байыс Байғананы ерекше қуанышпен қарсы алып, ұлан-асыр той жасайды. Ал, Байғананың жанына еріп келген інісі Әмірсанаға да ықылас көрсетіп, «Сені де жатсынбаймын, Байғанаға атшы бол, сол үшін бұдан былай есімің «Болатшы» болсын!» – деген екен. Кейін Байыс дүние салғанда шаңырағы Байғанада қалған. Күні бүгінге дейін «Бес байыс» балалары Байғана ұрпағын «Қарашанырақ иесі» деп, құрмет тұтады.

«Бес байысқа» қатысты қария сөз әрі қарай жалғасады. Байыстың тоқтаса бастаған кезі болса керек. Бірде, жолаушылап келіп, үйінің іргесіне жақындаса бәйбішесі Жүзбике бесік жырын айтып отыр дейді. Байыс қалт тұра қалып құлақ түреді. Сондағы Жүзбике бәйбішенің айтып отырғаны:

«Қартайғанда Құдай берген Шүрегей,
 Шүрегейім уыз ем де күле ғой.
 Құлағыңа бесік жырын құяйын,
 Қыраным боп ержеткенде түлегей.
 Көз сұғынан, тіл дертінен сақтанып,
 Елеусіз ғып қойдым әдейі ат тауып.
 Шүрегейім түйедей боп ержетер,
 Ықыласым бір Тәңірден ақталып.
 Кіндікті елдің баласы да боларсың,
 Көш созылтып, ен жайлауға қонарсың.
 Ел шетіне жер қайысқан қол келсе,
 Ту көтеріп, тұлпар мініп шабарсың.
 Талай-талай ер, данышпан ұл туып,
 Төрт құбылаң кеңі берер құлпырып.
 Әлди-әлди, Шүрегейім — бірегей,
 Ну орманның басы болар бір шыбық!»

Бесік жырдың соңғы қайырымын жақсылыққа жорып, «Ну орманның басы болар бір шыбық» деген сөзді іштей қайталаған қалпы үйге кірген Байыс: «Ау, бәйбіше, қартайғанда кәрі боз жорға шыққан ба? Туманның бауы берік болсын!» — дейді қуанышын жасыра алмай. Сонда Жүзбике бәйбіше: «Бала таппақ — бізден, талайы — Тәңірден, бақ сыйлау — сізден болсын!» — деген екен. Сол жерде екеуі де «Аумин!» — десіп тілек қосады.

Сөйтсе, «Шүрегейім!» — деп бесік жырына қосып отырған баланың жайы былай екен. Жүзбике бәйбіше екінді намазын оқу үшін ауыл іргесіндегі қарағайды құлдап барып, қарасу жағасында дәрет алып отырса, қамыс арасынан ораулы жөргек көрінеді. Ашып қараса қызылшақа нәресте. Сол жерде аузын үріп, аяғын сыпырып, камзолына орап, үйге алып келеді де, абысын-ажындары мен келіндерін жинап, жарысқазан ырымын жасайды. Шүрегейге деген Жүзбикенің аналық ықылас-мейірімі ерекше болады. Оны «Қамыстан тапқан Шүрегейім, Шүрентайым!» — деп еркелетіп жүріп, есейе келе «Шүрентай» атанып кетеді.

Сонда, «Бес байыс» дегеніміз: Байыстың бәйбішесі Жүзбикеден туған Сарымырза (Сары) — бір, әменгер тоқалынан туған Мәмбетқұл (Қыржы) — екі, өзбек тоқалынан туған Байғана мен Болатшы — үш, төрт, Қамыс арасынан тауып алған Шүрегей (Шүрентай) — бес болады. Байыс әулетінің құты болған Жүзбике бәйбішенің ықыласына бөленіп, қанатының астын паналаған басқа да ұрпақтар бар. Оларды қосса «Бес байыс» дегеніңіз — сыбан, қыржы, ақымбет, болатшы, шүрентай, байғана болып, оған Мақта (Мақпал деп те атайды) қыздың ұрпағы (Мақта байжігіт) қосылып, жеті-сегіз болып кетеді. Қалай болғанда да, қазақ басқа бастың қосыла бергенін теріс көрмеген халық қой (*Дерек беруші Жақыпбек Кәріпбайұлы (1863-1972), жүз тоғыз жас жасаған даңғайыр шежіреші, Абайдың 100 жылдығында өткен шежірешілер байқауының жүлдегері, Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы, Тарбағатай ауылы; Сапар Өзбекұлы. Мұра. — Алматы, 1992. 18-23-беттер*).

Байыс руы ноғай халқының құрамында да бар.

БЕСБАЛА. Орта жүз найманның сарыжомарт (ергенекті) бұтағынан тарайтын аталардың бірі — бағаналы. Шежіре бойынша Бағаналыдан — Ақтаз, Қызылтаз, Шегедек. Осылардың Шегедегінен — Әлібек, Қуандық. Қуандықтан — Сүйіндік (Бесбала), Шоштан. Сүйіндіктен — Бидалы, Қара, Салақ, Сарман. Ағайынды Сүйіндік пен Шоштанның жас айырмашылығы алшақ болса керек. Содан, Сүйіндіктің төрт баласы мен Шоштан бір-біріне тете, қарайлас болып өседі де, былайғы жұрт оларды жинақтап «Бесбала» деп атап кетеді. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағы «Бесбала» деген атпен шегедек ішіндегі бір атаны құрайды.

Келесі бір шежіре дерегі бойынша найман ішіндегі Бағаналыдан — Ақбай, одан — Сабыл, одан — Бактөс, одан — Иманәлі, одан — Шегедек туған. Шегедектен — Шоштан, Қуандық, Сүйіндік есімді үш бала туады. Осылардың Сүйіндігінен — Бидалы, Сапақ, Қараман, Сарман, Шорман (Ерман) есімді бес бала туған. Сүйіндіктің осы бес баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бесбала» деп те атайтын дәстүр бар.

БЕС БЕТТІҢ БАЛАЛАРЫ. Ұлы жүздің ішіндегі он екі ата жалайырдан өрбіген аталардың бірі — Сиыршы. Шежіре деректері бойынша Сиыршының азан шақырып қойған есімі Байкөбен болса керек. Сиыршыдан бес ұл туған. Олар — Жақсымбет, Тоқымбет, Сырымбет, Жолымбет, Шәлімбет. Есімдері бірыңғай «бет» болып аяқталғандықтан, Сиыршының бес баласынан өрбіген ұрпақты «Бес беттің балалары» деп атайтын үрдіс қалыптасқан.

БЕС БОЗҒЫЛ. Шежіре бойынша Кіші жүз Шөмекейден — Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл есімді төрт бала туған. Осылардың Бозғылынан — Қарақожа (Қаратамыр), Қайқы, Келдібай, Сарыбай, Торыбай туған. Бозғылдың осы бес баласынан өсіп-өнген ұрпақты «Бес Бозғыл» деп атайды.

БЕС БОШАН. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек тайпасынан өрбіген аталардың бірі — Ақша болса, одан — Бошан, одан — Таз, Бәйбөрі, Жанту, Манат, Машай деген бес бала туып, олардың ұрпақтары өсіп-өнген. Міне, осы Бошанның бес баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бес Бошан» деп те атайды (*Осы тараушадағы «Бауыр бошан», «Сырт бошан» тақырыпшаларын қараңыз*).

БЕС БӨКЕЙ. Орта жүзге хан болған Барақұлы Бөкей бес қатын алып, олардан он ұл көрген. Осы бес анадан өрген он ұлдың ұрпағы «Бес Бөкей» деп аталады.

Бөкей ханның бес әйелінен туған балаларының дерегі былай таратылады:

Бірінші әйелін қалмақты шапқанда алып келіпті. Одан — Көксал, Шыңғыс;

Екінші әйелі — қарақалпақ қызы екен. Одан — Тәуке, Уәли, Есім;

Үшінші әйелі — төре қызы. Одан — Әлекбай;

Төртінші әйелі — Сәмеке ханның қызы екен. Одан — Батырхан, Бөріхан. Батырханнан — Мырзатай, одан — Нұрмұхамед (Мықан), одан — алты алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов туған;

Бесінші әйелі — қалмақтың Жал деген ханының қатыны екен, соғыс кезінде Жалды өлтіріп, қатынын олжалапты. Одан — Сұлтанғазы. Абылғазы (*Смахан төре Нұрмұхамедұлының шежіресі пайдаланылды.* — «Жұлдыз» журналы, 2003. № 3).

БЕСҚАРА. Орта жүз ашамайлы керейдің тарышы руынан өрбіген аталардың бірі — бесқара. Шежіре бойынша Керей — Ашамайлы — Шимойын — Танаш — Тарышы — Смайыл (Ысмайыл) — Күрсары (Құлсары) — Есенәлі — Құдайберді деп таратылады. Осы Құдайбердінің қара өнді болып туған бес баласы бір тойда әр түрлі өнерлерімен көзге түсіп, «Бесқара» атанып еді дейді.

БЕСҚОЗЫ. Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндік тайпасының ішіндегі рулардың бірі — айдабол. Шежіре деректерінің бірінде Сүйіндіктен — Оразгелді, одан — Мамық, одан — Құлболды, одан — Айдабол, одан — Аққозы, Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, Байғозы туған. Айдаболдың осы бес баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бесқозы» деп атайды.

М.Ж.Көпейұлының шежіресінде Сүйіндіктен — Суғаншы, одан — Шуманак, одан — Құлболды, одан — Айдабол болып таратылады.

Айдабол атасынан Тайкелтір би, Қосжетер мерген, Олжабай батыр, Секербай би, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Марғұлан сияқты тарихи тұлғалар шыққан.

БЕС МЕЙРАМ. Орта жүз арғынның бір бұтағы Мейрам болса, сол Мейрамның бәйбішесінен өрбіген балалар Қуандық, Сүйіндік, Шегендік, Бегендік, Қаракесек (Болатқожа) деп аталып, әрқайсысы өз алдына іргелі руға айналған. Туыстас осы бес руды жинақтап «Бес Мейрам» деп те атайды.

БЕС ОРЫС. Он екі ата абақ керейдің ең бір өсіп-өнген атасы Жәнтекей болса, ол өз ішінде Шүйіншәлі, Сүйінбай, Сүйіндік деп аталатын үш атадан құралады. Осылардың Сүйінбайы көк көз, сары кісі болғандықтан, былайғы жұрт ол кісіні орыс деп атап кетеді. Сол Сүйінбайдан — Самұрат, Сәмебет, Құты, Бөкес, Төлеке деген бес бала туған. Шежіре сөзінде осы бес бала ұрпағы жинақталып «Бес орыс» деп те аталады.

БЕС ТАҢБАЛЫ ҚЫПШАҚ. Орта жүз қыпшақ тайпасының құрамындағы ұзын, торы, көлденең, бұлтың, қарабалық руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Бес таңбалы қыпшақ» деп атайды. Шежіре дерегі бойынша Қыпшақтан — Сүлім алып, одан — Көбек алып, одан — Мүйізді, одан — Сары абыз, одан — «бес таңбалы қыпшақ» атанған Ұзын, Торы, Көлденең, Бұлтың, Қарабалық туған.

Шежіре дерегінің келесі бір нұсқасы Қыпшақ — Ақтансопы — Құлан-қытай — Сүлім алып — Мүйізді Сары абыз — Тоқтарбай — Қобыланды — Бөгенбай — Қаншошай — Қарадөң — Қарамерген деп келеді де, осы Қарамергеннен бес таңбалы қыпшақты өрбітеді. Бұл деректегі адамдардың басым көпшілігі қазақ фольклорындағы (жыр, ертең, аңыз) белгілі кейіпкерлер екені назар аударады.

БЕСТӨЛЕК. Шежіре бойынша Орта жүз абақ керей ішіндегі Шерушіден – Айтуған мен Сарт туады. Сарттан өрбіген аталардың ішіндегі Төлектен – Қарабас, Қадыр, Жолжаксы, Бисары, Жанжаксы туған. Осы бесеуінің өсіп-өнген ұрпағы «Бестөлек» деп аталады.

БЕС ШАМ ШАПЫРАШТЫ. Ұлы жүз Бәйдібек биден өрбіп, тайпаға ұласқан елдердің бірі – шапырашты. Шежіре дерегі бойынша Шапыраштыдан – Шам (Ыстық) туған. Шамнан – Малды, Желді, Қылды (Қалды) деген үш ұл туыпты. Бұл үшеуін Малдыыстық, Желдіыстық, Қылдыыстық (Қалдыыстық) деп те атайды.

Малдыдан – Екей, Еміл (Есқожа) туған. Желдіден – Асыл, Шыбыл туған. Ал, Қылдыдан – Айқым туған. Яғни, Шамның немерелері – Екей, Еміл, Асыл, Шыбыл, Айқым бесеуінен өрбіген ұрпақты «Бес Шам Шапырашты» дейді. Шежіре деректерінде бұл бес ата «Бес асыл» немесе «Бес таңбалы шапырашты» деп те аталады.

БЕС ШАМ ШҰБАРАЙҒЫР. Уақыт өткен сайын ұрпақ өседі, ел іргесі кеңейеді, бір кездегі аталастардың арасы алшақтай береді. Мұндайда ел-жұрттың пәтуабірлігін сақтап қалу үшін көреген рубасылары «аталарды араластыру» рәсімін жасап отырған. Мұндай рәсім әрбір ру-тайпа ішінде сирек те болса қажеттілігіне орай жасалып отырған.

Осындай «аталарды араластыру» рәсімін ХІХ ғасырдың орта шенінде шұбарайғыр руының Өсер Қабыланұлы деген биі өткізген.

Бұрын Орта жүз абақ керей тайпасының ішіндегі шұбарайғыр руы «Бесқасқа» атанған аталас бес бөліктен құралады екен. Олар: 1. Балта, қалпе; 2. Сарыкөз, қызылқұрт, бөлек. 3. Қабыл. 4. Байбура, бәйбіше, түзік, қанымбике. 5. Мұрат, тоғызак. Міне, осы аталардың рулық тұтастығын бекемдеу үшін Өсер би «аталарды араластыру» рәсімін өткізіп, жаңадан бес топқа жіктейді. Олар: 1. Балта, бәйбіше. 2. Қалпе, мұрат, сарыкөз. 3. Байбура, түзік, қызылқұрт. 4. Қанымбике, бөлек. 5. Қабыл.

Өсер бидің ақылымен тынған істен соң ел ішінің береке-бірлігі жарасады, оған ел-жұрт риза болып, содан былай шұбарайғыр руын «Бес шам» («Бес жам») деп атайтын болған дейді (*Дерек беруші Қаржаубай Сартқожаұлы (1947), белгілі тарихшы, Монғолияның Баян-Өлгей аймағында туған*).

БЕС ШЕРКЕШ. Кіші жүз Байұлынан (Қыдырқожа) – Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақтысиық болғанда, осылардың Қыдырсиығынан өрбіген балалардың бірі – Шеркеш. Шеркештен – Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Досым (Қылыш, Кескен, Тілес). Осы бесеуінен тараған ұрпақты жинақтап «Бес шеркеш» деп атайды. Бұлардың ішіндегі Қосымы Шеркештің асырап алған киімді баласы болса керек. Алайда, Шеркештің ықыласы ауып, еншілес еткендіктен исі шеркештер Қосым ұрпағын аға тұтып, төрге отырғызады. Ел аузында «Қосым шеркеш емес, кәтеней қосым емес» деп айтылатын мәтел сөз де Қосымның Шеркешке асыранды бала болғанын айғақтай түседі. Осы мәтелдегі Кәтеней деп отырғаны да асыранды бала. Шежіре бойынша Қосымнан – Бекбасар, Марас туған. Марастан – Мырзамбет туған. Мырзамбеттен – Жанғабыл, Сатыбалды, Сары, Қоңыр, Кәтеней деп тараты-

лады. Бұл бесеуінен өрбіген ұрпақты «Қосым шеркеш» деп айырып атайтын дәстүр бар. Кейбір шежіре дерегінде Қосымнан — Кәтеней, Мырзамбет, Жайымбет туыпты немесе Қосымнан — Мырза, Шора туыпты деп те айтылады.

БУРА ҚЫПШАҚ. Шежіре дерегінде кара қыпшақ ішіндегі Көлденең атасынан — Кара, одан — Қаткен, одан — Саптық, одан — Биқашты, Мимық туады. Биқаштыдан жеті бала — Ақбура, Науша, Жалаңтөс, Шоңқа, Берді, Тінібек, Тасқор (Стамғазы). Осылардың Ақбурасы туралы бұрыннан айтылып келе жатқан сөз бар.

Биқаштының бәйбішесінің бойына Ақбура біткенде түйе етіне жерік болыпты. Сол кезде көрші ауылда екі өркеші баладай ақ бура болады екен. Жерік бәйбішенің көзі соған түседі. Бура иесіне Биқашты сұрағаныңды берейін деп сөз салса, бура иесі «малымның айбары» деп бермепті. Бәйбішенің аңсары ақ бураға ауып, жерігі қозып мазасы кетеді. Содан, шарасы таусылған Биқашты бір түнде ақ бураны ұрлап сойып, сүйегі мен терісін жым-жылас етеді. Іле жоқшылар шығып, ауыл-үйді аралап жүріп, ақ бураның жілік етінде кеткен тобығын тауып алыпты. Мал иесі тобықты айғақ етіп, мойындатпақ болғанда, Биқашты: «Кәне, айғағыңды көрсетші» деп, қолына алған тобықты әрі-бері аударып-төңкеріп қарап отырыпты да, аузына салып жұтып жіберіпті дейді.

Жоқшылар биге жүгініп, болған гәпті айтады. Сонда Биқашты: «Осыны да сөз деп айтады екен-ау, түйе тобығы былай тұрсын, қой тобығын жұтып көрсінші, ұрлық жасадым деп мен-ақ мойныма алайын» деген екен. Бұған айтар уәж болмай қалады.

Содан, Биқаштының бәйбішесі айы-күні жетіп босанғанда, баланың атын Ақбура қойып еді дейді.

Бұл күнде Ақбура ұрпағы «Бура қыпшақ» деген атпен рулы елге айналған (*Ахметжан Әбіқаев (1903-1986), дерек беруші, Торғай өңірінің тумасы; Ақылбек Шаяхмет. Есте қалар ел тарихы. — Қостанай, 2005. 30-31-беттер*).

БҰЙДАЛЫ. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ішіндегі бір ата Екей деп аталады. Екей — Жамбыл Жабаевтың тоғызыншы атасы. Екейдің бәйбішесінен Жарымбет, Бәйімбет туса, тоқалы Алтынай деген кісіден Әнет, Жиет туған.

Алтынай сылқым, сұлу болса керек, мұрынына зере (алтын сақина) салып жүреді екен. Осындай сылқым-серілігіне бола Алтынайды абысындары «бұйдалы келіншек» деп атайтын болған. Алтынайдың балалары — Әнет пен Жиеттен өсіп-өнген ұрпақтың «Бұйдалы» аталуы осыдан еді дейді.

БІРМАНАҚ. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы сиыршы (байкөбен) руын «Бірманақ» деп те атайды.

ЕРГЕНЕКТІ НАЙМАН. Орта жүз найман ішіндегі саржомарт, бура, көкжарлы аталарынан өрбіген ұрпақты таңба белгісіне орай «Ергенекті найман» немесе «Үш ергенекті» дейді. Ергенекті найманның таңбасы «ергенек» деп аталады, ұраны — Қаптағай.

ЕРГЕНЕКТІ УАҚ. Орта жүз уақ тайпасының ішіндегі Жантелінің бір баласы ергенекті найманның қызына үйленіп, одан тараған ұрпақ «Ергенекті уақ» деп атанған.

ЕРМЕН УАҚ. Орта жүз уақ тайпасының құрамындағы шоға, сарман, еренші, сіргелі, сарыбағыс, тоқтамыс, әлімбет, байназар руларын жинақтап «Ермен уақ» деп атайды.

ЕСТІЛЕР. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — сиқым. Шежіре бойынша Сиқымнан — Мырзасейіт, Байсейіт (Шуылдақ), Токсейіт (Қусирақ), Буас, Құлсейіт, Ақылбек, Құттыбай туады. Осылардың Мырзасейітінен — Аққойлы, Қарақойлы туады. Қарақойлыдан — Есбол, Есенгелді, Қара, Тоғатай туады.

Шежірелердің келесі бір нұсқаларында Сиқымнан — Жәнібек (Қарақойлы), Әлібек (Аққойлы), Мақпал туады. Әлібектен — Есбол, Ескелді (Есенгелді), Қара туады. Осылардың Есболы мен Ескелдісінің өсіп-өнген ұрпағын «Естілер» деп атайтын дәстүр қалыптасқан.

ЖАЛАЙЫР. Ел ішіне кең тараған шежіре бойынша Ұлы жүздің ноқта ағасы жалайырды былай таратады: Ақарыс, одан — Ыбырайым, одан — Кейкі, одан — Төбей би, одан — Майқы, одан — Бактияр, одан — Ойсыл мен Үйсін туыпты дейді. Үйсіннен — Абақ (Ақсақал) пен Тарақ туады. Тарақтан — Қабылан туады. Жалайырымыз осы — Қабылан. «Жалайыр» жүре келе таңылған лақап, жанама аты. Кейбір шежірелерде Жалайырдың шын аты Жансақал екен, Құдайберген екен деп те айтылады. Алайда, ең бір көнекөз шежірелердің басым көпшілігі Қабыланды «Жалайыр» деп атайтынын құлаққағыс ете кету парыз.

Қария сөздің айтуында Қабылан ерекше қайратты, ержүрек адам болыпты. Бірде аңшы-саятшы серіктерімен сайланып құлан аулауға шығады. Құлан аса жүйрік түз тағысы, қосақ атпен шығып, оның өзінде тоспалап қумаса оңайлықпен алдырмайды. Осындай бір шақта тоспада тұрған Қабыланның тұсына бір үйір құлан келіп қалыпты. Тың тұрған ұшқыр атына Қабылан қамшы басып қалған екен, жебедей заулаған бетінде құлан үйірінің ортасына бір-ақ кіріпті. Садақ тартуға, не шалма тастауға мұршасы болмай қалған Қабылан қапталдаса берген құлан айғырынын кекілін уыстай ұстап тартып қалғанда, құлан айғырының жалы таспадай сыдырылып, шоқтығына жеткен екен. Осыдан кейін Қабыланды былайғы жұрт «Жалайырған» деп жүріп, ақырында «Жалайыр» атанып кетіп еді дейді.

Келесі бір шежіре сөзінде болашақ қалыңдығының ауылына ұрын келген Қабыланды қайын жұрты сынамақ болып, үйірін қызғанатын бір асау айғырды ұстап әкелуге жұмсапты. Қабылан амалдап келіп, айғырға бұғалық салған екен, асау айғыр аспанға шапшып әлек болыпты. Сонда, Қабылан арқанды саумалап келіп, айғырдың жалынан тартып қалғанда, жалы шоқтығына дейін айырылып кетіп еді дейді. Осыдан кейін Қабыланды қайын жұрты «Жалайыр» деп атап кетеді де, бірте-бірте лақап атына айналады.

«Жалайыр» атауына қатысты тағы да бір қария сөз бар. Бәйдібектің тұңғышы Албан – батыр адам екен. Сол Албан бірде: «Аға баласы Қабыланнан (Жалайырдан) енші алам, еншіме бас етіп Шұбар тұлпарын қалаймын!» – депті. Шұбар тұлпарды Қабылан малының басына балайды екен. Бірақ, Албанның да ата жолымен салған қолқасын аяқсыз қалдыра алмай: «Албан қалаған еншісін алсын, тек, Шұбар тұлпар нокта көрмеген шу асау еді, қайсымыз құрықсыз ұстасақ, сонымызға бұйырсын!» – депті Қабылан.

Албан батыр «е, жарайды» деп бірден келіседі. Қабыланның қалың жылқысы Жиделітүбек деген жерге иіріледі. Албан батыр Садақкер деген сенімді атына мініп, Шұбар тұлпарды жылқы ішіне тықсыра қуып келіп, жалына қолды салып қалады ғой. Асау тұлпар екі рет шыңғыра шапшып, екі рет тізесін бүгіп, үшінші ретте Албанның қолынан шығып кетеді.

Кезек Қабыланға келеді. Қабылан Жайдақкер деген атына мініп, ол да Шұбар тұлпарды тықсырып келіп, кекілдігіне қолды салып қалады. Шұбар тұлпар бұл жолы да ширыға шапшып, екі көтеріліп, екі рет тізе бүгеді. Үшінші рет шапшығанда Қабылан сілкі тартып қалады. Сонда, Шұбар тұлпардың жалы шоктығына дейін сыдырылып түссе керек. Осылайша, Шұбар тұлпардың жалын айырған соң, Қабыланның лақап аты «Жалайыр» болып кетіп еді дейді (*Дерек беруші Толқымбекұлы Рахметолла (1914), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы, Мұқыр ауылы; С. Мұқанов. Халық мұрасы // Таңдамалы шығармалар. 15-том. – Алматы, 1979. 25-бет; Қ. Салғараұлы. Қазақтың қилы тарихы. – Алматы, 1992. 189-190-беттер; Р. Толымбекұлы. Жалайыр. – Алматы, 2000. 11-бет; С. Бектасұлы. Шежіре сыры. Қолжазба*).

Жалайыр тайпасынан шыққан әйгілі батырлар – Орақ, Сыпатай, Андас, Тәттібай, Тілеуғұл, Төке, шешен-жыраулар – Қабан, Керімқұл, дана билер – Ескелді, Балпық, Жолбарыс, Айту, Байтұрбай, Жәлменде, ақылман әулиелер – Асансиық, Қоғыл, Құлжабай, әйгілі құсбегі – Шора, ғалым мен өнердің, еңбек пен ерліктің майталмандары – Қадырғали Қосымұлы, Пышан, Қалқа, Бақтыбай, Қанабек Байсейітов, Нұрмолда Алдабергенов, Жазылбек Қуанышбаев, Матай Байсов, Бақтыораз Бейсекбаев, Еділ Ерғожин, т.б. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ халқының мерей-мәртебесін көтерген әйгілі тұлғалар.

ЖАЛАЙЫР СИЫРШЫ. Ұлы жүз ішіндегі жалайыр тайпасынан өрбіген он екі атаның бірі – сиыршы деп аталады. Сиыршының азан шақырып қойған есімі Байкөбен еді дейді.

Сол кезде исі қазақ Сыр бойында көшіп-қонып жүретін болса керек. Бірде жапсарлас жатқан қарақалпақ жігіттерімен арада жер дауы, жесір дауы дегендей себептерге байланысты қақтығыста Байкөбеннің Әлімбай деген бауыры мерт болыпты.

Көп кешікпей бауырының құнын даулау үшін 19-20 жасқа жаңа іліккен Байкөбен бір топ жолдастарымен атқа қонады. Қарақалпақтар іргелес ел ғой, межелі жерге Байкөбен бастаған топ қас қарая жетеді. Ауыл-елге бойлап кірмей, қозы өрісіндей жерден тізгін тартып тоқтайды да, қалың көкпек пен алаботаның түбіртегіне лаулатып от қояды.

Сол жерде Байкөбен жігіттеріне отты әр жерден үзбей жағып отыруды тапсырып, өзі қарақалпақтармен тілдесуге жүріп кетеді.

Елдің іргесінен жұлдыздай жыпырлап жанған қалың отты көріп, қарақалпақтар да үрпиісіп тұрса керек. Байкөбен екпіндей келіп тіл қатады: «Уа, жарандар, төсекте басымыз, төскейде малымыз қосылған ағайын ел едік. Сол ағайынның көңілі қаралы, жүрегі жаралы жағы мені арнайы жұмсап: «Болса да қолы қанға тиген қарақалпақтар ғой, арысымыздың құнын осы түнде алдымызға салмаса, сені де қоса өлтірсін, қалғанын сонан соң көрелік!» — деп отыр. Алар болсаңдар басымды алыңдар, болмаса, арысымыздың құнын алдымызға салыңдар!» — дейді.

Қарақалпақтар көп созбаламайды. «Ердің құны елдің намысын қозғаған екен-ау, сырты түкті, іші боқты малды қимағанмен болмас!» — деп, қотандағы сиырды түре айдап Байкөбеннің алдына салып берсе керек.

Байкөбенге сол кезден бастап Сиыршы деген лақап есім телініп еді дейді (*Дерек берушілер: Рахметолла Толқымбекұлы (1914 ж.), Алматы облысы, Көксу ауданы; Ораз Исмаилов (1940 ж.), Алматы облысы, Ескелді ауданы*).

ЖАМАН АДАЙ. Шежіре бойынша Адайдан — Құдайке, Келінберді туады. Құдайкеден — Тәзіке, Қосай туады. Қосайдан — Байбол, Тіней, Әйтей, Бегей, Бәли, Сүйіндік туған. Осылардың ішіндегі Сүйіндіктен өрбіген ұрпақты «Жаман адай» деп атайды.

Бұлай аталу себебі, Сүйіндік Қосай батырдың сексеннен асқанда көрген кенжесі екен. Содан ауыл-үй адамдары Сүйіндікті көргенде, бір жағы еркелетіп, бір жағы тіл-көзден аман болсын деп: «Өй, шалдың қартайғанда көрген жаман баласы», — дейді екен. Мұндайда Қосай батыр: «Жаман болса жаман болсын, тіл мен көзден аман болсын», — дейтін көрінеді. Бара-бара «Жаман Адай» атауы Сүйіндіктің лақап атына айналады. Жүре келе «Жаман Адай» атауы Сүйіндіктен өсіп-өнген ұрпаққа телініп айтылатын болады (*«Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар» тараушасындағы «Оғылмеңді» тақырыпшасын қараңыз*).

ЖАМАН ТОБЫҚТЫ. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — тобықты. Шежіре бойынша Тобықтыдан — Рыспетек, Дәулетек (Жуантаяқ). Рыспетектен — Мұсабай, Көкше, Дадан. Мұсабайдан — Төлінқожа, Сүйірбас. Төлінқожа табиғатынан жуас, қорғаншақ, әйленкес адам болыпты. Содан, төңірегі оны «Жаман» деп атайды екен. Төлінқожадан өсіп-өнген ұрпақтың «Жаман тобықты» атануы осыдан еді дейді.

ЖАРЫҚШАҚ. Шежіре дерегі бойынша Бәйдібек бидің үш әйелі болса керек. Бәйбішесі — Сарықыз, екінші әйелі — Зеріп, кіші әйелі — Нүрила (Домалақ ана) есімді кісілер екен. Осылардың ішінде Нүриланьың ақыл-парасаты кемел, Қыдыр дарып, Бақ қонған жан болыпты.

Нүрила Бәйдібек биге тұрмысқа шыққан соң, дүниеге Тілеуберді есімді бала келеді. Өзге әйелдерінен балалары бола тұра Бәйдібектің ықыласы Тілеубердіге айрықша ауады.

Осы жағдайды табиғатынан адуын жаратылған Сарықыз бәйбіше қызғанып, мінез көрсетіп, бірде ашу үстінде қолындағы пышақты сермеп қалғанда Тілеубердінің шекесін тіліп кетсе керек. Жас баланың жаралы шекесі тез жазылғанымен, пышақ ізі жарық сияқты ағарып, тыртық болып бітеді. Осыған байланысты Тілеубердіні төңірегі Жарықшақ деп атап кетіп еді дейді.

ЖЕЛДІ ЫСТЫҚ. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы асыл, шыбыл руларының өрбіген ұрпақты жинақтап «Желді ыстық» деп атайды.

ЖЕТІ БАУЛЫ БЕРІШ. Кіші жүз он екі ата байұлының бір атасы — беріш. Шежіре бойынша Беріштен — Байбақты, Байсейіт. Байбақтыдан — Асылбас, Шақай, Құсылбас. Байсейіттен — Қитас, Тілес.

Осы ұрпақтардың Асылбасынан — Себек, Жаңбыршы. Шақайдан — Есен, Женет. Құсылбастан — Жанай, Жанбике. Жанайдан — Күлеш. Жанбикеден — Бегіс. Қитастан — Жайық, Есенғұл. Тілестен — Қаратоқай, Бөкен.

Осы ұрпақтардың өсіп-өніп, енші алып шығып, өз алдарына ата болғандары: Себек, Есен, Күлкеш, Бегіс, Жайық, Есенғұл, Қаратоқай. Бұларды жинақтап «Жеті баулы беріш» деп атайды.

ЖЕТІ БАУЛЫ ТАНА. Кіші жүз байұлы тайпалар бірлестігінің құрамындағы тана тайпасынан — шаңқан, біртоғаш деп аталатын екі іргелі ру тараса, сол екеуінен өрбіген жиембет, қараман, қалқаман, қарақұнан, асан, бессары, әліке (әдік) деп аталатын жеті кіші руды жинақтап «Жеті баулы тана» деп атайды.

ЖЕТІ КӨКЖАРЛЫ. Қазақтың қария сөзінің айтуында Найманның қартайғанда көрген баласы Белгібай болса, Сол Белгібайдың екінші әйелі Токсұлудан — Сүгірше, одан — Қарабек, Толымбек туады. Қарабектен — Бағанас (Бақы), Тоғанас (Тоқы) туған. Осылардың Тоғанасынан — Жәрке, Жәрімбет, Жарты, Қаршыға, Қаратай, Андағұл, Андабек есімді жеті бала туады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Жеті Көкжарлы» деп атайды. Жеті Көкжарлылар кезінде Алтай алабы мен Ертіс бойын қоныс етіп, сегіз болыс ел болған (*Дерек беруші Тұрлыбаев Елтай, 1929 жылы туған, Өскемен қаласынан*).

Келесі бір шежіре дерегі жеті көкжарлыны Тоғанастан (Тоқыдан) емес, Бақанастан (Бақыдан) өрбітеді. Бақыдан (Бақанастан) — Тілеуберді, Тәңірберді, Қайқыберді үшеуі туыпты дейді. Тілеубердіден екеу — Өтеміс, Баба, Тәңірбердіден төртеу — Мұнайтпас, Андағұл, Жәрке, Жәрімбет, Қайқыбердіден біреу — Қаратай. Міне, Бақының осы жеті немересінен өрбіген ұрпақты жинақтап «Жеті көкжарлы» деп атайды. Сөз орайында, осы нұсқадағы шежіре үлгілерінің көбірек кездесетінін атап өткен жөн (*Осы тараушадағы «Сары. Бура. Көкжарлы. Ергенекті уақ» деген тақырыпшаны қараңыз*).

ЖЕТІ МОМЫН. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы атығай, қарауыл, қанжығалы, тобықты, бәсентиін, саржетім, шақшақ руларын жинақтап «Жеті мо-

мын» деп атайды. Шежіре дерегі бойынша бұл жетеуінің анасы Момын деген кісі болса керек.

Ел ішіне кең тараған шежіренің келесі бір нұсқалары бойынша Арғын — Қодан — Ақжол (Дайырқожа) — Қарақожа деп келеді де, Қарақожаның бәйбішесі Ергүлден — Мейрам, тоқалы Момыннан — Қарасопы, Бәсентиін, Ақсопы (Кенжесопы) туып еді дейді. Қарасопыдан — Атығай, Қарауыл, Бәсентиіннен — Әйти, Байымбет, Жанай, Ақсопыдан — Қанжығалы, Тобықты туса керек. Момынның бауырынан өрбіген соң осы жетеуінің ұрпағы «Жеті момын» деп аталып кеткен дейді.

ЖЕТИРУ. Кіші жүз құрамындағы тама, табын, жағалбайлы, телеу, кердері, керейт, рамадан тайпаларын жинақтап «Жетіру» деп атайды.

ЖЕТИСУДЫҢ ҚАРА ҚАҢЛЫСЫ. Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамындағы ерзен, қаспан, еңке, танта, оразымбет, бақа руларын жинақтап «Жетісудың кара қаңлысы» деп атайды.

ЖЕТИ ШЕРУШІ. Абақ керейдің он екі атасының бірі шеруші болғанда, ол өз ішінде — ожық, шапбас, ұзынмылтық, құрман, бақат, саңырау, одырай деп аталатын жеті атаға бөлінеді. Бұлардың бәрі де өсіп-өніп бір-бір рулы елге айналған. Ата таратушылар шерушіні сөз еткенде «Жеті шеруші» деп отыратыны содан.

ЖУАНТАЯҚ. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — тобықты. Шежіре бойынша Тобықтыдан — Рыспетек, Дәулетек (Жуантаяқ) аталары тарайды. Дәулетектің мінезі шадыр, ұрыншақ адам болыпты. Бір тойда Дәулетек әдеттегідей дау шығарып, қарсыластарының бірін жуан таяқпен ұрып жықса керек. Осыдан кейін былайғы жұрт Дәулетекті «Жуантаяқ» деп атап, бұл атау жүре келе одан өсіп-өнген бүкіл әулет-атаға телініп кетеді. Төңірегіндегі әулет-аталарға жуантаяқ атасының жасаған өктемдік-зорлығы жөнінде шежірелік аңыз-әңгімелер көп. Сондай аңыз-әңгімелердің бірі дадан тобықтыларға қатысты. Абылай ханның кіші ұлы Шама сұлтанды жуантаяқ атасы «елімізге басие болсын» деп, қалап алған. Осыдан кейін жуантаяқтар Шама сұлтанды бетке ұстап, шұрайлы жайылымдарды ен жайлау үшін, дадан тобықтыларды Балқаштың солтүстігіндегі Қотанбұлақ өңіріне қарай ығыстырып жіберіп еді дейді.

ЖУСАН УАҚ. Орта жүз уақ тайпасының құрамындағы бидалы, жансары, баржақсы, шайкөз руларын жинақтап «Жусан уақ» деп атайды.

КӨКБҰЛАҚ — ИТЕЛІ. Абақ керейдің бір атасы Ителінің шын аты Көкбұлақ болса керек. Сол заманда Ұлы жүз елінде үш жүзге сауын айтқан әйдінгер ас беріліпті. Бұл асқа Көкбұлақ та өзіндік жөн-жоралғысымен дайындалып, қырық түйеге саба теңдеп жетсе ас тарқап кетіпті дейді. Батырлығы бар Көкбұлақ сол жерде «мені тоспайтындарың бар, асқа несін шақырдыңдар» деп ренжіп, қырық түйеге теңдеп алып келген қымызды көлге төгіпті. Мұны көрген жұрт «мынау бір ит қой, ақты суға

төккені несі» деп жағаларын ұстапты. Содан бері қарай Көкбұлақ әулеті «Ителі» атанып кетіп еді дейді.

КӨКТИҢҰЛЫ. Орта жүз қоңырат тайпасының құрамындағы байлар, жандар, аққой, оразкелді, тоқболат, қаракөсе руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Көктіңұлы» деп атайды (*«Орта жүз» тараушасындағы «Алпыс алты ата қоңырат», «Көтен», «Көтенші мен көктіңұлы», «Қоңырат» тақырыпшаларын және «Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Қоңырат» тақырыпшасын қараңыз*).

КӨШЕБЕ. Орта жүз ашамайлы керейдің ішіндегі ең бір өсіп-өнген ата — көшебе (*Шежірелік дерегін «Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Бағлан» тақырыпшасынан қараңыз*).

Шежіре деректерінің келесі бір үлгісінде ашамайлы керей Танаш бидің 16 ұлы болғаны айтылады. Бәйбішесі Айшадан — Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қанатар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр. Тоқалы Сәлиманнан — Тарышы туған.

Айша бәйбіше ел жайлауға көшіп келе жатқанда босанып, баласының атын «Көшебе» деп қойып еді дейді. Көшебеден — Жауынгер, Жәдігер, Жанкөрпе, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауқашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жанкелді деген 15 ұл туған. Әлгі, «Көшебелі көп керей...» деп басталатын мәтел сөз осыған байланысты айтылған (*Көшебеге қатысты келесі бір шежіре үлгісін «Мақал-мәтелдер» тараушасындағы «Көшебелі көп керей, көше алмайды сибансыз» деген мәтелден қараңыз. Сондай-ақ, «Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Сибан» тақырыпшасын да қараңыз*).

КІШКЕНТАЙ БОТБАЙ, ШОҢ БОТБАЙ. Шежіре бойынша Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі ботбай болса, сол ботбайдан бес ата тарайды: Құдайқұл, шағай, бидас, қоралас, көкірек. Осылардың Шағайынан — Байкүшік, Есенгелді, Кішкене туған. Бұлардың алғашқы екеуі — Байкүшік пен Есенгелдіден тараған ұрпақты «Кішкентай ботбай», ал Кішкенеден тараған ұрпақты «Шоң ботбай» деп атайтын дәстүр қалыптасқан.

КІШІ АРҒЫН. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы шақшақ, саржетім руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Кіші арғын» немесе «Тоқал арғын» деп атайды. Шежіре дерегі бойынша Шақшақ пен Саржетімнің анасы Айнакөз деген кісі болса керек (*Осы тараушадағы «Тоқал арғын» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАЛДЫ ЫСТЫҚ. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы айқым руынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Қалды ыстық» деп атайды.

ҚАНЖЫҒАЛЫ. Арғынның немересі Толыбай деген кісі малға кедей болса да, сөзге бай, әрі қапысыз сыншы болыпты. Жұрт оны «Толыбай сыншы» деп қадір тұтады екен. Шайбан әулетінен шыққан Әбілқайыр хан тұтасып жатқан ноғай,

қазақ, өзбек жұртына билігін жүргізіп тұрғанда, осы Толыбай сыншы ханның сенімді серігі болыпты. Бейбіт күндерде Әбілқайыр хан қадірлес-сыйластығының белгісі ретінде мойын жабар жыға сауытын Толыбай сыншыға кигізеді екен. Үргеніш шаһарында болған бір ірі тойға барғанда жинаған жамиғат қайсысының хан екенін ажырата алмай, Әбілқайырға да, Толыбайға да қошемет көрсетіп, тағзым етіпті. Сонда, ханның бас уәзірі дулығалы тәж киген Әбілқайыр хан екенін, ал ханның жығасын киген Толыбай сыншы — ханның кеңесші бегі екенін айтады. Мұны естіген жамиғат: «Е-е, мына ханжығалысы ханның кеңесші бегі екен ғой», — деп, содан Толыбай сыншыны «Ханжығалы — Қанжығалы» десіп кетеді.

Толыбай сыншыдан — Ішбекбай, одан — Есен, Бозым туып, олардың ұрпағы өсіп-өркендеп, іргелі елге айналып, олардың «қанжығалы» аталуы содан болса керек (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), Ақмола облысы, Ерейментау ауданы*).

ҚАНЖЫҒАЛЫ ЖЕТІРУ. Орта жүз арғын ішіндегі қанжығалы руында Ішпек, Піспек есімді екі бай болған. Ұрпағы өсіп-өнген. Ішпек балаларының бірі — Қармыс болса, одан — Бозым, одан — Есен туған. Есеннен ер бала болмай, оның есесіне жеті қыз көрген. Жеті қызын жеті жерге ұзатып, әрқайсысынан бір-бір бала асырап алған. Сол жеті жиеннен өрбіген ұрпақ қанжығалы ішінде «Қанжығалы жетіру» деп аталады.

ҚАРАКЕМПІР. Шежіре бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Болатқожадан (Қаракесек) — Ақша, одан — Бошан, одан — Таз, одан — Бұлбұл туған. Былайғы жұрт Бұлбұлдың бәйбішесін — Құбакемпір, тоқалын — Қаракемпір деп атаса керек. Қаракемпірден — Тәңірберді, Қожамжар, Ағым, Кенже, Кетік, Кенжесағыл туған. Бұлардан тараған ұрпақты жинақтап «Қаракемпір» деп атайды.

ҚАРАКЕСЕК. Шежіре деректерінде Орта жүз арғыннан — Мейрамсопы, одан — Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа (Қаракесек) тарайды дейді.

Мейрамсопы қайтыс болғаннан кейін артында қалған балалары ата жолымен енші бөліспекші болса керек. Сонда Қуандық үлкендігін бетке ұстап: «Өзіме бір сыбаға, алты балама алты сыбаға, қалған төртеуіңе бір сыбаға», — дейді. Мұндай енші бөліске Сүйіндік, Бегендік, Шегендік іштей риза болмаса да, аға сөзіне қарсы келмей, үнсіз қалыпты. Сөйтсе, ерке өскен кенже Болатқожа: «Жоқ, мұндай бөліске риза емеспін, әке ортақ, әкеден қалған дәулет ортақ, сондықтан мал-жан мен қоныс-тұрақты қылдай етіп бөліп, ол бөліктерді ата дәстүрі бойынша асық иіріп отырып еншілейміз», — депті. Қуандық бұл жолы да кеудеге салып: «Олай болса, бүк түссе де, шік түссе де, тәуке түссе де, алшы түссе де менің айтқаным болсын», — деп құлжа сақаны иіріп кеп жібергенде, сақа омпасынан түсіп еді дейді. Бірақ, Қуандық бұған да тоқтамай, өз қалауын қайталап отырып алыпты. Сонда Болатқожа ашуланып: «Құдай саған күнімді түсірмесін, несібемді өз жолыммен табамын!» — деп кермедегі атының құйрығын шорт кесіп Қуандықтың үйінің босағасына тастапты да, беті ауған жағына жүріп кетіпті.

Болатқожаның қайырылмай кететін бірбет мінезін білетін Қуандық іле алты ұлын атқа кондырып: «Мейрамның балалары енші бөлісе алмапты деген атқа қалар жайым жоқ, көнсе өзін, көнбесе өлігін алып келіндер!» — деп, іле соңынан аттандырып жібереді.

Осының бәрін көзі көріп, көңілі тіксінген Қарқабат ана (Болатқожаның шешесі) ара ағайынға жүгініп, Аллаберді биге қолқа салыпты: «Мал ашуы — жан ашуы деген, жалғызымды майып етуі кәдік, қолдан келсе бітістіріп, қолдан келмесе ара түсіп қайтыңыз!» — деп.

Қарқабат ананың зар күйіне құлақ асқан Аллаберді би өкше ізге түсіп қуып жетсе, Қуандықтың балалары шынында да Болатқожаны қаумалай тықсырып, көптігін көрсетіп жүрсе керек. Болатқожа болса арқасын бір бейітке тіреп, сол бейіттің кесегін опырып алып, Қуандықтың балаларына құлаштай сермеп, жолатпай тұр екен дейді.

Кейін Болатқожаның осы тірлігі ел ішіне жайылып, кесек атып аман қалғаны үшін «Қаракесек» атанып кетеді.

Қаракесектер арғын ішіндегі іргелі (аталық) ру, кезінде 25-26 болыс болған. Қазақ халқының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани тағдырына белсене араласқан, сол жолда аса дарында біртуар перзенттерін тарих сахнасына шығара алған құрсағы құнарлы іргелі рулардың бірі — қаракесек.

Кіші жүз ішінде де «қаракесек» деп аталатын тайпалар бірлестігі және «қаракесек» («ұланақ») деп аталатын тайпа (ұланақ) бар. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегі бойынша Кіші жүз Жанарыстан (Бекарыс деп те атайды) — Ораш, одан — Мөңке би, одан — Арғымақ, Алау туған. Арғымақтан — Телеу, Рамадан, Жағалбайлы, Тама, Табын, Кердері, Керейт туып, бұлар «Жетіру» деп аталатын тайпалар бірлестігін құраған. Алау батырдан — Алшын, одан — Қыдыуыр тентек туған. Қыдыуырдан — Қыдырқожа, Қадырқожа (Қадырбай, Қыдырбай деп те атайды) туған. Қыдырқожа аса бай болған адам екен, содан лақап аты «Бай» («Байұлы») болып кетсе керек. Сол Қыдырқожаның (Байұлының) Жанбибі деген бәйбішесі қайтыс болған соң, балдызы Зәуреге үйленген. Осы екі анадан өрбіген ұрпақ «Байұлы» деп аталатын тайпалар бірлестігін құрайды.

Ал, Қадырқожаның лақап аты «Қаракесек» екен. Сол Қадырқожаның бәйбішесі Тоқсұлудан — Байсары туған. Тоқсұлу дүние салған соң, балдызы Қағазға үйленіп, одан — Әлім, Шөмен туған. Осылардың Әлімінен — Жаманақ (Шекті), Қарамашак (Төртқара), Қарасақал (Айнық, Тегінболат), Ұланақ (Қаракесек), Кете (Бозаншар, Тойқожа, Түменқожа), Шөмекей туған. «Алты ата — әлім» деп көбінесе осылай таратады.

Енді, осылардың Ұланағы неге атасының есімімен «Қаракесек» аталуына келейік. Қария сөздің айтуында Қаракесек өзінің немересі Ұланақты бауырына салып, оны «Сасықбайым», «Күлтелі сасығым» деп еркелетеді екен. Ұланақ та өз әкесі Әлімді мойындамай, атасы Қаракесектің баласымын деп өссе керек. Күндердің күнінде Қаракесек қайтыс болып, Ұланақ шаңырақ иесі болып қалады. Былайғы жұрт бұл шаңырақты бұрынғы әдетпен «Қаракесектің үйі» деп атай береді. Бара-бара Ұланақты да «Қаракесек» деп атайтын әдет қалыптасады. Ұланақтың «Қаракесек» аталуының себебі осыдан еді дейді. Күні бүгінге дейін әлім

ішінде «Әлімнің үлкені де – Қаракесек, кішісі де – Қаракесек» деп айтылатын мәтел сөздің мәнісі осында болса керек (*«Кіші жүз» тараушасындағы «Бес естек» тақырыпшасын және «Тектес-аттас ру-тайпалар» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРА КЕТЕ. Кіші жүз Алшыннан өрбіген ұрпақтардың бірі Қаракесек (Нәдірқожа) болса, одан – Байсары, Әлім, Шөмен туған. Осылардың Байсарысынан – Майлыбай, Бозаншар деген екі бала туған. Майлыбайдан тұқым жоқ. Бозаншардан – Ожырай туған. Одан тараған ұрпақты әжесі Кетебикенің атымен «Қара кете» деп атайды. Байсары ертерек дүние салып, Бозаншар жастай жетім қалса керек. Бұл жөнінде айтылатын өлең-жыр бар:

«Бітеді қамыс қатар еменменен,
Бір туған Байсары, Әлім, Шөменменен.
Бозаншар әкесінен жастай қалып,
Қайғының қарнын тіккен тебенменен», –

деп айтылады (*«Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРА ҚАҢЛЫ. Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамындағы тоғызбай, онбай, еңке, қоспан, қараманас руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Қара қаңлы» деп атайды.

ҚАРАҚҰРСАҚ. Найман тайпасының бір бұтағы Қаракерейден – Байторы, одан – Мейрам, одан – Байыс туып еді дейді. Байыс бауырынан өрбіген бес баланың бірі – Байжігіт. Байжігіттің бірінші әйелінен – Арыс (Алыс), Төке туады. Осы Арыс пен Төкеден тараған ұрпақты «Қарақұрсақ» деп те атайды (*«Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Мақта» тақырыпшасын және осы тараушадағы «Бес байыс» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРАҚЫЗ ҚЫПШАҚ. Шежіре дерегінде бес таңбалы қыпшақтың бірі Қарабалықтан – Қарсақ, Шоманақ, Жолыншы, Жолжақсы, Танабұға туады. Осылардың ішіндегі Шоманақтан – Тауқұрыш жалғыз туыпты. Тауқұрыш көзге қораш бәкене кісі болыпты. Содан да болу керек, біразға дейін үйлене алмай, жүріңкіреп қалыпты. Сол кезде Ұлы жүз үйсін ішінде Беген, Шеген деген байлығымен де, батырлығымен де ат-атағы жайылған ағайынды кісілер болады екен. Осылардың Шегенімен Шоманақ дос болса керек. Бірде Шеген досына Шоманақ қолқа салып: «Аған Бегеннің бойжеткен қызы бар екен, менде ержеткен ұлдың барын білесің, құда болайық та», – дейді. Шеген досының ниетін құп алады.

Содан, арада Шегеннің өзі жүрген соң, болашақ құдалар жол-жорасын жасасып, құйрық-бауыр асасып, төс қағысқан құда болысады ғой.

Алайда, артынан Шоманақтың баласының көзге қораштығын құдалар жағы естіп-біліп, Бегеннің қызының көңілі пәс болып, ұзатылу рәсімі созыла береді.

Амалы таусылған Шоманақ тағы да Шеген досына салмақ салып, мән-жайды айтады. Сонда Шеген: «Ақ батаны бұзғанға мен риза емеспін, жігіт жиып әкеліп, қызды алып қашсын, мен қозғалмасам, ешкімнің жұмысы болмайды», — деп ақыл береді.

Шоманақ досы Шегеннің айтқанын істейді. Үйсін Бегеннің қызы келін болып Шоманақтың босағасын аттайды.

Кейін ауыл-үйдің адамдары Шоманақтың келінін реңіне қарап Қарақыз атап кетеді. Сол Қарақыздың бауырынан өрбіген ұрпақ бұл күнде рулы ел — Қарақыз қыпшақ деп аталады (*Дерек беруші Қойшығара Салғараұлы (1939), Қостанай облысы, Торғай өңірі, Көкалат ауылы*).

ҚАРАСАҚАЛ. Шежіре дерегі бойынша Кіші жүз Алшыннан өрбіген ұрпақтың бірі — Қаракесек (Нәдірқожа). Қаракесектен — Байсары, Әлім, Шөмен туады. Осылардың Әлімінен — Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Қарасақал (Айнық, Тегінболат), Ұланақ (Қаракесек), Кете (Бозаншар, Тойқожа, Түменқожа), Шөмекей туған. Бұларды жинақтап «Алты ата — әлім» дейді. Осылардың ішіндегі Айнық пен Тегінболатты «Қарасақал» деп атауының себебі бар.

Қазақ-қалмақтың соғысып жүретін заманы болса керек. Күндердің бір күнінде қалмаққа кеткен есесін қайтару үшін қазақ ханы қол жинап, жорыққа аттанады. Қазақ қолы жау жатағына келсе, қалмақ жағы да құлағдар болып, сайланып, бекініс жасап алыпты дейді. Қазақ жауынгерлеріне оқ жаудырып, қорғанға жолатпайды. Екі жақ бірнеше күн қаржасып, ақыры амалы таусылған қазақ қолы кері қайтпақшы болады. Сонда, ағайынды Айнық пен Тегінболат батырлар ханға сөз салып, әскерді бір күн кідіртуін өтінеді. Батырлардың бір ойлағаны бар шығар деп хан келісімін береді.

Содан, Айнық пен Тегінболат батырлардың ақылымен қазақтың қалың қолы еліне қайтқандай болып, жорық жабдығын жинастырып, қалмақ қорғанының маңынан дүрк көтеріліп кетіп қалады. Сол күннің түнінде Айнық пен Тегінболат бастаған әндем жігіттер қалмақ қорғанының ішіне кіріп, қақпасын ашады. Қақпаның ашылуын күтіп тұрған қазақ жауынгерлері де лап қойып, қалмақтарға ойран салып еді дейді.

Жау жеңіліп, олжа бөлісі басталғанда, қазақ ханы: «Осы жеңісіміз әлгі қара сақалды екі батырдың арқасында болды ғой, сондықтан, олжаның басы сол екеуіне тартылсын!» — депті. Айнық пен Тегінболаттың «Қарасақал» аталуы осыдан кейін еді дейді.

Шежіреде Айнықтан — Сарыбас жеке туған. Айнық өлген соң оның Ырысты деген әйелін әменгерлік жолымен Тегінболат алған. Бұл екеуінен Шінгір мен Пұсырман туған. Міне, осы Сарыбас, Шінгір, Пұсырман үшеуінен өрбіген ұрпақты жинақтап «Үш қарасақал» деп атайды (*«Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРАТАЙ. Орта жүз найман тайпасының сарыжомарт (ергенекті) тармағынан өрбіген аталардың бірі — қаратай. Шежіре дерегі бойынша Қаратайдың әуелгі аты

Қайыпберді еді дейді. Бір тойда ат бәйгесіне қара тай мініп шапқан Қайыпберді торғайдай ұшып бірінші келсе керек. Сонда, жиналған жұрт: «Мына қара тайға мінген бала кім? Мына қара тайың кім?» – деп сұрасқаннан, Қайыпберді «Қаратай» атанып кетеді.

Қаратай өсіп-өнген ата. Тарихи деректерде қаратай атасының бір кездері Арқаны қоныстанғаны, дәлірек айтқанда Қарағанды облысындағы Ортау, Қызылтау деп аталатын өңірден ағатын Атасу, Манака өзендерінің бойын мекен еткені айтылады. Содан, бірте-бірте шығысқа қарай жылжып, алдымен Түндік өзенінің, одан соң Шар өзенінің алқаптарын жайлап, Қаратайдың бесінші-алтыншы ұрпағының тұсында Өр Алтай бауырына келіп тұрақтаған (*Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область, Устькаменогорский уезд. IX том. – С.-Петербург, 1905. 1-5-беттер*).

ҚАРАҰЙСІН. Шежіре дерегінде Ұлы жүз Бәйдібек биден – Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ есімді үш ұл туған. Осылардың Байтоқтысынан тараған ұрпақты Сарыүйсін деп атайды. Себебі, бұл ұрпақ Бәйдібек бидің бәйбішесі Сарықызға тартып, өңшен ақсары болып туып еді дейді.

Бәйдібек бидің кіші әйелі Нұриладан (Домалақ анадан) Жарықшақ туған. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат тарайды. Бұларды Сарыүйсіннен айырып атау үшін жинақтап «Қараүйсін» деп те атайды.

ҚАРЖАС. Қазақтың қария сөзінің айтуында Арғынның ұрпағы Мейрамсопы жыл сайын Бұхараға керуен тартып, көзкөрген сарттармен сауда жасасып қайтады екен. Сондағы бір сарт саудагерінің жалғыз қызымен Мейрамсопы көңіл жарастырып, ол қыз жүкті болып қалса керек. Сонда Мейрамсопы сарт қызына ағынан жарылып: «Сенің босануыңды күтіп жатар жағдай жоқ, Арқаға қыс келіп қалды, керуен жолға шығуы керек. Жаным ұяда болса, сені келер жазда алып кетемін. Оған дейін аман-есен қол-аяғыңды бауырына алып, ер бала таба қалсаң, мен – кәрі, сен – жассың ғой, баламыздың атын Кәріжас қой», – дейді.

Қыз көнеді. Мейрамсопы еліне келіп, сол жылы қыста дүние салады. Өлерінде бәйбішесі Нұрпияға сырын ашады: «Өзіңе деген аманат-өсиетім болсын, Бұхарада бәлен деген сарт саудагерінің жалғыз қызы менен жүкті болып еді. Егер ұл туса, есімі Кәріжас болуға тиіс. Сол баланы сартқа пенде етіп қалдырмай, елге алып кел», – дейді.

Нұрпия бәйбіше Мейрамсопының сөзін екі етпейді. Арнайы барып, Кәріжасты алып келіп, мәпелеп өсіреді.

Арада көп жылдар өтеді. Ұрпақ ержетеді. Оларға енші бөліп, оңаша шығарар мезгіл келеді. Нұрпия өзінен туған Қуандық пен Сүйіндікке: «Кәріжасты әкелерің көре алмай арманда кетіп еді, аруаққа шет болмай, еншіні тең бөліндер», – депті.

Сонда табиғатынан адуын Қуандық: «Мақұл, ата салтымен асық иіріп қаржасайық, алшы түссе де менікі, тәйке түссе де менікі, бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі!» – деп шатақ шығарса керек.

Мұндай қиянатқа Кәріжас жасы кіші болған соң үндемейді, Ал, Сүйіндік болса әжесі Аргүлге (Арғынның бәйбішесі) шағымданып: «Әже-ау, осындай да қиянат бола ма екен, құдайлығын айтсаңызшы, Кәріжас екеуміздің ата мұрасынан шет қалғанымыз ба?!» — деп шырылдапты. Сонда, Аргүл әжесі сабырмен ғана: «Балам, бағынды сынап көр, асықтың әлгі төрт жағынан басқа омпта деген бесінші жағы болады. Кәріжас екеуің сол омпаны бөліссендер, ешкімнен кем болмайсындар», — депті.

Айтқанындай, Сүйіндік асықты үш дүркін иіреді, үшеуінде де асық омпта түседі. Сөйтіп, ата мұрасы тең бөлініп, Сүйіндік пен Кәріжас еншілес болған екен.

Кәріжастың есімін былайғы жұрт жүре-келе Қаржас деп атайтын болып еді дейді.

Қаржастың есіміне қатысты шежіре дерегінде «Енші бөлісерде асық қаржасты-руға байланысты Қаржас атанып кеткен» дейтін де сөз бар (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), Ақмола облысы, Ерейментау ауданы*).

Келесі бір шежіре дерегі бойынша Кіші жүз ішінде Ақшахан деген байдың Бибігүл деген қызына қалмақтың бір мықты батыры қызығып, маза бермейді екен. Бибігүл қалмаққа барғысы жоқ дейді. Сонда Ақшахан: «Мына Орта жүзде Мейрамсопы деген жезден бар. Ұлпая деген бәйбішесі біздің елдің қызы. Балалары жетілген әлеуетті. Сол жездене барсаң, маған айбар, саған пана болар», — деп ақыл береді.

Бибігүл әке сөзіне құлақ асып, жездесі мен апасына келеді. Бұл кезде Мейрамсопы шау тартып қалса керек. Бірақ, жаугершілігі көп мазаң заманда арнайы іздеп келген балдызы Бибігүлді өз панасына алып, қамқор болады. Мейрамсопының мұндай ықыласын жөн көрген Ұлпая бәйбіше ақыл қосады: «Бізді арқа тұтып келді ғой, енді басқа біреуге кіріптар етпей-ақ, өз бауырыңа бас, мен қызғанбаймын», — дейді. Сөйтіп, Мейрамсопы балдызы Бибігүлді тоқалдыққа алады.

Көп кешікпей, Бибігүл арыстай бір ұлды дүниеге келтіреді. Мейрамсопы бұған қатты қуанып: «Бұл, бір кәрі мен бір жастың ортасынан туған бала ғой, аты «Кәріжас» болсын», — дейді.

Содан, күндердің бір күнінде Мейрамсопы қатты ауырып, дүние салады. Дүние саларында Ұлпая мен Бибігүлді шақырып алады да: «Ұлпая, мен олай-былай болсам, әулеттегі үлкен сенсің. Мына Бибігүл әлі жас қой, егер ерге шығамын десе немесе еліме қайтамын десе бетінен қақпа, еншісін толық етіп шығарып сал. Ал, Кәріжасымды өзін алып қалып, мейіріміңе бөле, қиямет күнінде сенің қолыңнан алатын болайын!» — деп өсиет айтады.

Мейрамсопының өсиеті бұлжымай орындалады. Бибігүл еншісін алып, еліне қайтады. Ұлпаяның бауырында өскен Кәріжас ержеткен кезде ағасы Сүйіндікпен еншілес болады. Сол Кәріжастың өсіп-өнген ұрпағы қазір «Қаржас» атанып, рулы елге ұласып отыр (*Дерек беруші Кәрімтай Өкпенұлы (1930), даңғайыр шежіреші, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Бұл деректі Кәрімтай ақсақал әкесі құралпылас Айтпай ақсақалдан естінті. Айтпай өз әкесі Барлыбайдан естінті. Барлыбай үлкен әкесі әйгілі Саққұлақ биден естінті. Бұлардың бәрі де қаржас руының адамдары*).

ҚОҢЫРАТ. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз Жаншорадан — Қарақожа, одан — Нағанай туыпты-мыс. «Қоңырат» Нағанайдың лақап аты екен. Олай болатыны,

Нағанай өзінен туған балаларымен бірге үнемі қоңыр аттарға мініп жүрсе керек. Содан, былайғы жұрт оларды «қоңыр аттылар» деп атайтын болған. Кейін рулы елге айналғанда «қоңыр аттылар» деген жанама атау «қоңырат» болып, ру атына шыққан (*Дерек беруші Ақжол Мұхамбетұлы, 1920 жылы туған, Кентау қаласынан. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. — Алматы, 1992. 139-140-беттер; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 46-бет; Ж. Бейсенбайұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1994; А. Әбдіраманұлы. Халық данасы — Сары би және қоңырат руларының шежіресі. — Алматы, 1992. 62-бет*).

ҚОРАЛАСТЫҢ ОН ЕКІ АРЫСЫ. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі ботбай болса, сол ботбай руы өз ішінде құдайқұл, шағай, бидас, қоралас, көкірек деп аталатын бес атаға бөлінеді. Осылардың ішіндегі Қораластан — Жанат, одан — Қалыбай, одан — Қарақойлы мен Қарақосай туған. Қарақойлыдан алты бала — Есен, Ырыс, Мәмбетай, Бекшора, Қауғаяқ, Шауқар. Қарақосайдан алты бала — Итім, Сарым, Мырза, Бура, Тамай, Қосан. Міне, Қарақойлы мен Қарақосайдан туған осы он екі баланың өсіп-өнген ұрпағын «Қораластың он екі арысы» деп атайды.

Шежіре дерегінде қораласты ботбай ішіне сіңісті болған ру дейді.

ҚҰБАКЕМПІР. Шежіре бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Болатқожадан (Қаракесек) — Ақша, одан — Бошан, одан — Таз, одан — Бұлбұл туған. Былайғы жұрт Бұлбұлдың бәйбішесін — Құбакемпір, тоқалын — Қаракемпір деп атаса керек. Құбакемпірден — Күшік, Алдияр, Шаншар, Үсен, Құдайберді туған. Бұлардан тараған ұрпақты жинақтап «Құбакемпір» деп те атайды.

ҚҰНАНОРЫС. (*Сегіз арыс адайдың бір арысы — құнанорыс туралы «Мақал-мәтелдер» тараушасындағы «Уа, Құдайым, Рысқұлдың жолын бер!» мәтелін қараңыз*).

ҚЫДЫРСИЫҚ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегінде Кіші жүз Алшыннан — Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туыпты дейді. Осылардың Қыдырқожасынан (Байұлы) — Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақтысиық туған. Бұл үшеуінің ішіндегі Қыдырсиығынан — Ысық, Жаппас, Беріш, Таз, Есентемір, Шеркеш туған. Осы алтауын жинақтап «Қыдырсиық» деп атайды.

ҚЫЗАЙ НАЙМАН. Орта жүз найман тайпасының құрамындағы рулар бірлестігін «Қызай найман» деп атайды. Шежіре дерегі бойынша найман ішіндегі бір ата — Төлегетайдан (Төлекытай) — Қаракерей, Садыр, Матай, Аталық (Төртуыл) туған. Осылардың ішіндегі Аталық батырдың Шағыр деген баласы Ұлы жүз Бәйдібек бидің тоқалы Домалақ анадан туған Жарықшақтың Ұлдай (Айқыз, Қызай деп те атайды) деген қызына үйленіп, одан тараған ұрпақ шеше есімімен Қызай атанып кеткен.

Шежіре дерегі бойынша Шағырдан — Дербіс, Бегімбет, Итемген, Меңіс туған. Дербістен — Дәуіш, Алпысбай туған. Бегімбеттен — Сасан, Хасен, Шатан, Қастей

туған. Меңістен — Алты туған. Бұл аталардың үрім-бұтағы негізінен Шығыс Түркістанда — Шыңжан өлкесінде өсіп-өнген. Кезінде Шыңжан қызайлары 19 болыс ел болған (*итемген — 1, меңіс — 14, дербіс пен безімбет — 4 болыс*).

ҚЫЗЫЛБӨРІК ПЕН ҚОҢЫРБӨРІК. Шежіре дерегінде Ұлы жүз албан тайпасының — шыбыл, сары деп аталатын екі бұтағы бар. Осылардың Шыбылынан — Боти (Қызылбөрік), Бордақ (Қоңырбөрік), Өтей есімді үш бала туған.

Шыбылдың үш баласының алғашқы екеуі — Ботидан — Жолболды, Молболды туады да, Бордақтан — Құртқа, Мамай туады. Бала кездерінде тете өскен балалардың Молболдысы мен Жолболдысына қызыл матамен тысталған, Құртқа мен Матайға қоңыр матамен тысталған бөрік тігіп берсе керек. Қазақтың дәстүрі бойынша бұл балалар үйге келген сыйлы қонақтардың астарына көрпе салып, қолдарына су құйып дегендей қызмет жасайды. Содан тамақ үстінде қонақтар әлгі елгезек балаларға ет асатарда баскиімдерінің түсіне қарап «Мә, Қызылбөрігім», «Мә, Қоңырбөрігім» дейді екен. Осыдан барып, қазақтың ат тергеу салты бойынша балалардың жеңгелері де Жолболды мен Молболдыны — «Қызылбөрік», Құртқа мен Мамайды — «Қоңырбөрік» деп атайтын болады. Бұлай атау бара-бара біржолата орнығып кетіп еді дейді (*Инақын Ақшалұлы, 1909 жылы туған, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы, Қарадала ауылы*).

ҚЫРЖЫ. Найман тайпасының бір тармағы қаракерейдің ішіндегі аталардың бірі — байыс. Шежіре дерегінде «Бес Байыс» атанған Байыстың бес баласының ең кішісі Қыржы деп аталады. Қыржының шын аты Мәмбетқұл болса керек. Мәмбетқұл кенже болған соң ба екен, жастайынан әр нәрсеге қыржындап өкпелеп, қырсық мінезді болып өседі. Содан жеңгелері оны Қыржы деп атап кетеді. Жүре келе Мәмбетқұл аты ұмыт болып, «Қыржы» жұрт атайтын есіміне айналып кетеді.

Шежіре аңызы бойынша, Қыржы есейген кезінде де тентектігін үдетіп, ел арасының бірлік-пәтуасына салқыны тиген соң, ауыл ақсақалдары Қыржының қолаяғын төрт ағасына байлатып, түйеге таңғызып, мал-жанымен ел шетіне шығартып тастатады. Бұл — қазіргі Ақсуат, Көкпекті аудандарының шетіндегі Кіндікті деген жер болса керек. Сол Кіндіктідегі Қыржы ұрпағы бұл күнде рулы ел (*Осы тараушадағы «Бес байыс» тақырыпшасын және «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Мұрын» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚЫРЫҚ ҚАСҚА. Қазақтың кара шежіресінде керей мен уақ тайпалары ұдайы қатар аталады. Бұл жөнінде бұрыннан келе жатқан қария сөз бар. Әрідегі Нұх пайғамбардан бастап, Орта жүздің көп қожасының бірі Қасымқожаға дейінгі аруақтарды мазалап қайтеміз. Берідегі Жаубасардан — Ақбалтыр, Уақ есімді екі бала туса керек. Жаубасар өлгенде Уақ іште қалған бала екен. Жаубасардың жесіріне әмеңгерлік ғұрып бойынша Ысмағұлқожадан туатын Ошбай үйленеді. Ошбайдан Керейдің туатыны белгілі. Осылайша Керей мен Уақ бір шаңырақ астында Ошбайдың баласы болып бірге өседі. Уақтың әкесі Жаубасар екені, шешесіне Ошбайдың

жеңгедей үйленгені жасырын болмайды. Ошбай да Уақты бетінен қақпай еркін, ерке өсіреді. Есейе келе Уақ батырлығымен ауызға ілігіп, жауға шапқанда «Жаубасарлап» ұран салатын болады. Бірақ, ұраны басқа болса да, бір ұяда өскен Керей мен Уақтың да, олардан тараған ұрпақтарының да араларына сызат түскен емес.

Шежіре бойынша Уақтан — Қамбар туады. Жырда айтылатын Қарақасқа атты Қамбар осы. Қамбардан — Ер Көкше, одан — Ермен, Жусан туады. Ерменнен — Ер Қосай, одан — Алшағыр, одан — Қызылшар, Қылды туады. Қылдыдан алты бала — Қарамұрын, Көкше, Келдібек, Жақан, Қойбағар, Берлібек туған. Қылдының осы балалары да өсіп-өніп, өңшен «сен тұр, мен атайын» дейтіндей батырлар көп шыққан соң, былайғы жұрт оларды «Қырық қасқа» деп атайтын болған. Қылдының ұрпағының «Қырық қасқа» атануының себебі сол.

Сөз орайында, әйгілі Баян батыр да Қылдымен бір туған Қызылшардың ұрпағы екенін айта кетуге болады. Қызылшардан үш бала — Сибан, Жандал, Сибанғазы туады. Осылардың жандалынан — Шұға, Еренші деген екі бала туған. Шұғадан үш бала — Бәйімбет, Елкіс, Мүлкіс туады. Мүлкістен — Баян батыр туған (*Дерек беруші Ахметжан Әбіқаев (1903-1986), Торғай өңірінің тумасы; Ақылбек Шаяхмет. Есте қалар ел тарихы. — Қостанай, 2005. 24-26-беттер*).

МАЛДЫ ЫСТЫҚ. Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы екей, еміл руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Малды ыстық» деп атайды.

ОЙДАЛЫ ҚАЗАҚТАР. Кезінде Амудария мен Сырдарияның төменгі сағасындағы Қонырат, Қожелі, Көне Үргеніш, Шымбай, Төрткүл сияқты елді мекендер Бесқала деп аталған. Қазіргі географиялық белгіде бұл өңір Хорезм ойпаты делінеді. Кезінде қазақтың Кіші жүзінің барлық жиырма бес атасы осы алапты қоныс еткен. Оларды осынау топырағы құнарлы, қысы жұмсақ ойпатты табан аудармай қоныс еткені үшін «Ойдалы қазақтар» деп атаған. Амударияның сол қанатын он екі ата байұлы мен жетіру ұрпақтары қоныс етсе, Аралдан бастап Тамды, Бұхара, Науайыға дейінгі жалпақ жатқан Қызылқұмды алты ата әлім ұрпағы жайлаған. Қазақтың Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би, Жанқожа батыр, Базар жырау, Ерімбет ақын сияқты әйгілі тұлғаларының Қызылқұмға кіндік қаны тамып қана қоймаған, маңдай терлері де сіңіп баққан.

ӨКІРЕШ НАЙМАН. Қазақтың шежірелік аңыздары бойынша Найманның Тоқпан деген ұлы жаугершілікте қайтыс болып, енді ұрпақсыз өтемін-ау деп өкіріп жылап жүргенде туған баласының есімі — Белгібай. Осы Белгібайдан өрбіген ұрпақтың жанама атауы — өкіреш найман (*«Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар» тарауындағы «Әлпеш» деп аталатын тақырыпшаны қараңыз*).

ӨР АЛТАЙ. Орта жүз арғын ішіндегі іргелі тайпалардың бірі қуандық болса, сол қуандықтан өрбіген рулардың бірі — алтай.

Шежіре дерегінде Алтайдың Әйбике (кейде Аққоян деп те аталады) есімді бәйбішесінен — Алсай, Нұрбай, Қареке, Мойын, Сайдалы туады. Осы бесеуінің өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Өр Алтай» деп те атайды.

САҢЫРАУ. Орта жүз абақ керей ішіндегі іргелі рулардың бірі шерушіден – айтуған мен сарт аталары тарайды. Шежіре бойынша Айтуғаннан – Ожық, Шапбас және бір бала. Сарттан – Құттымбет (Ұзынмылтық), Құрман, Бағат туған. Осы алтауының өсіп-өнген ұрпағы «Саңырау» деп аталады.

САРЖОМАРТ. БУРА. КӨКЖАРЛЫ. ЕРГЕНЕКТІ УАҚ. Шежіре дерегінде Найманның қартайғанда көрген баласы Белгібай мен оның екінші әйелі Тоқсұлудан Сүгірше туған. Сүгіршеден – Қарабек, Толымбек туса, Толымбектен – Саржомарт (Сары) туады.

Көшпелі елдің үш жауы бар – шабатын жау, тиетін індет, болатын жұт. Бір жылы ақсүйек жұт болып, ел күйзелгенде, тоғыз таңбалы найманға Сары бес жүз бие сойып беріп, содан былай Саржомарт атанып еді дейді (*Дерек беруші Елтай Тұрлыбаев (1929), Өскемен қаласынан*).

Келесі бір шежіре дерегі басқаша айтылады. Найманның қартайғанда көрген баласы Белгібайдың екінші әйелі түркімен Арлауыт бидің қызы Ақбаршадан – Сүгірше туып еді дейді. Сүгіршеден – Төлеген, одан – Ұлан батыр мен Қарақожа туады. Ұлан батырдың ұрпағы Ауғанстанда дейді. Қарақожадан – Толымбек, Қарабек туған. Толымбектен ұрпақ жоқ. Қарабектен – Сарман, Сармантай, Сары туады. Жаугершілікте Сарман мерт болып, соңында Бақы, Бақанас деген егіз баласымен Алтыншаш жесір қалады. Алтыншашқа әмеңгерлік жолымен Сары үйленіп, Бақы мен Бақанасты өз тәрбиесіне алады.

Күндердің күнінде елде жұт болып, халық күйзеліске ұшырайды. Сонда, ашаршылыққа ұшыраған тоғыз таңбалы найманға Сары 100 жылқы таратып, содан былай «Сарыжомарт» атанып кетіп еді дейді.

Ол кездің жаугершілігі көп болса керек. Сарыжомарт бір жолы ұзақ сапар жорыққа аттанады. Сонда, Сарыжомарттың тоқалы уақ қызы Торқа сұлу ауылға сауда жасай келген сарттардың «балаларыңды Үргенішке алып барып оқытамыз» деген сөзіне нанып, қайнағасынан қалған егіз ұл – Бақы мен Бақанасты керуенге ілестіріп жібереді.

Бұл оқиғаны жорықтан қайтқан Сарыжомарт естігенде қатты қапаланады. Содан, ағасынан қалған қос тұяқты іздеп жолға шығады. Сөйтіп, көп қиыншылықты бастан кеше жүріп, балаларының бірін Үргеніштен, екіншісін Бұхарадан табады. Осы сапарда көмектесіп, қолдау көрсетіп, Бақыны тауып берген кісіге көкжал арғымақ тарту етіп, Бақанасты тауып берген кісіге қара бура сыйлапты. Кейін, Бақы ұрпағының «Көкжарлы» («Көкжалды» дегеннен шыққан) атануы, Бақанас ұрпағының «Бура» атануы содан еді дейді.

Сарыжомарт ағасының балаларын ертіп елге келген соң, тоқалы Торқа сұлуға деген реніші басылмай, оның аяғының ауырлығына қарамастан төркініне апарып тастайды. Төркініне келген соң Торқа босанып, бір ұл табады. Ұлдың атын Уақ қояды. Уақ нағашы жұртында жүріп ержетеді, үйленеді, әулетті болады. Қазақтың ата-текті ұлықтайтын дәстүрі бойынша Уақтан тараған ұрпақ өзінің шыққан тегі мен таңбасын сақтап қалады. Сөйтіп, уақ тайпасының ішіне «Ергенекті уақ» деген атпен сіңіп кетеді. Ергенекті уақтар күні бүгінге дейін Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай, Бородулиха аудандарын мекен етеді.

САРЫ. Ұлы жүз албан тайпасының құрамындағы шоған, досалы, қожанбет, жарты, айт, бозым, қыстық руларын жинақтап «Сары бұтағы» деп атайды.

САРЫ-БӨКЕНБАЙ. Ұлы жүз жалайыр тайпасының бір бұтағы шуманақ ішіндегі күшік (қосай) руынан жабысқақ, таз, қарасақал, самбақ, сары, бөкенбай аталары тарайды. Осылардың ішінде сары мен бөкенбай аталары еншілес болғандықтан «Сары-Бөкенбай» деп бір ата есебінде аталады.

САРЫ КЕДЕЙ, ҚАРА КЕДЕЙ. Шежіре бойынша Кіші жүз Шөмекейден – Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл туады. Аспанның алты баласының бірі – Еспенбет. Одан – Жантін, Тоқымбет, Бұғанай есімді үш бала туған. Осылардың Тоқымбетінен – Айтқұл, Айтқожа, Менлік, Қоңыртау, Төлес, Сарыбай туған. Бұлардың Айтқұлдан – Есім, Жәнібек, Қарабас туған. Жәнібектен – Кедей туған. Осы Кедейдің Сары бәйбішесінен – Түрке, Жомарт, Пұсырман туған. Олардың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Сары Кедей» дейді. Кедейдің екінші әйелі Қара бәйбішеден (арғын қызы) – Қосқұлақ, Қойшыбай, Байқара, Сәден туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Қара Кедей» дейді.

САРЫ ҚАҢЛЫ. Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамындағы миялы (миям), омыртқа, әлсейіт, ақбарак, ешкілі (сұлтаным), шокпарлы руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Сары қаңлы» деп атайды.

САРЫҮЙСІН. Қазақтың қария сөздерінің бірінде Ақарыс атанған Ұлы жүздің түп атасы Кейкі, одан – Төбей, одан – Майқы, одан – Бақтияр, одан – Үйсін, одан – Ақсақал, одан – Айдарлы, одан – Қараша, одан – Бәйдібек тарап еді дейді. Бәйдібектен – Байтоқты (Сирақты), Жалмамбет, Жарықшақ есімді үш ұл туыпты. Осы үшеуінің Байтоқтысынан Мырзақаз жалғыз туады. Жалғыз болатыны, мүлде жас нәресте кезінде әкесі Байтоқты да, анасы Ұшан да дүние салып, жетім қалған Мырзақаз әкесі Байтоқтының туған қарындасы Алтынның бауырында өседі. Алтын Мырзақазды мәпелеп өсіріп, Сарықыз әжесі сияқты ақсары болғаны үшін «Сыйлықсары» деп атайды екен. Ал, Мырзақаздың нағашы атасы болса, жиенінің жетімдігін ескеріп, ішіне тартып, «Сарыүйсін» деп еркелететін болса керек. Ақыры нағашы жұртының аузы дуалы болып, Мырзақаз өсе келе «Сарыүйсін» атанып кетеді.

СЕГІЗ АРЫС АДАЙ. Шежіре деректерінде Адайдан – Құдайке, Келімберді деген екі бала туады. Құдайкеден – Тәзіке, Қосай деп аталатын екі бала туса, Келімбердіден – Ақпан, Құнанорыс, Балықшы, Бұзау (Жеменей), Тобыш, Мұнал деп аталатын алты бала туған. Міне осы Құдайке мен Келімбердіден туған сегіз баланың өсіп-өнген ұрпақтары шежіре сөзінде «Сегіз арыс адай» деп аталады.

СЕГІЗ АТА МЫРЗАМБЕТ. Орта жүз арғын ішіндегі қуандықтан өрбіген тоқа руының құрамындағы аталар «Сегіз ата Мырзамбет» деп аталады. Атап айтқанда,

Токадан – Түнқатар, Бесім, Токтауыл, Сары, Молқы, Құлымбет туған. Осылардың Бесімінен – Сарықожа, Қарашора, Есенаман, Барғана, Айтқожа, Сатыбалды аталары тарайды. Олардың ішінде Сарықожадан – Жасыбай, Марқа туады. Жасыбайдан – Мырзамбет, Қалмамбет туған. Мырзамбеттің бәйбішесінен – Күшікбай, Ескене, Досқана, Естемес, Балапан, тоқалынан – Дулат, Таймас, Тәстен есімді сегіз бала туған. Бұлардан өрбіген ұрпақты «Сегіз ата Мырзамбет» дейді.

Мырзамбеттің тоқалынан туған Дулат, Таймас, Тәстен үшеуінің ұрпағын ел ішінде «Үш қоңыр» деп те атайды.

Мырзамбеттің інісі Қалмамбеттің кіндігінен бала болмаған. Содан ағасының Күшікбай, Ескене есімді балаларын бауырына салған. Қалмамбет ел ісіне көп араласқан, елді ұйыстыруға көп қызмет еткен қайраткер тұлға болған. Сүйегі Түркістанға жерленген.

СЕГІЗ ЖАНАТ. Орта жүздің алты арысының бірі керей тайпасы өз ішінде абақ керей, ашамайлы керей болып екіге бөлінгенде, осылардың абақ керейі он екі атадан құралып, олардың әрқайсысы бір-бір руға айналып кеткен. Сол он екі ата абақ керейдің бірі – жәдік деп аталады. Шежіре бойынша Жәдіктен – Итемген, Мұңал, Сегіз Жанат атанған – Қостай, Қыдыр, Тілеке, Байқазан, Байыс, Бұқай, Тоқай, Мамай туған. Соңғы сегіз атаның шешелері бір – Жанат есімді ана екен.

СЕГІЗ ЖҮЙЕ СЕЙІТҚҰЛ. Кіші жүз төртқара (қарамашақ) тайпасының ішіндегі өсіп-өнген аталардың бірі – сейітқұл. Шежіре бойынша Төртқарадан туатын төрт баланың бірі – Қараш, одан – Токпан, одан – Сейітқұл туады. Сейітқұлдан – Сейітпенбет, Төлес, Ақша, Жалаң, Дүйсеней, Матай, Түркімен, Қожамқұл деген сегіз ұл туған. Осылардың өсіп-өнген ұрпағын жинақтап «Сегіз жүйе сейітқұл» деп атайды.

СЕГІЗ САРЫ. Ұлы жүз албан тайпасының құрамынан бір бұтақ болып өрбіген рулар бірлестігін «Сары» дейді. Шежіре дерегінде Сарыдан – Сүйерқұл туған. Сүйерқұлдан – Шоған, Досалы, Қожамбет, Жарты есімді төрт ұл және қызы Әлжаннан төрт ұл (жиендері) туады. Осы сегіз баладан өсіп-өнген ұрпақты жинақтап «Сегіз сары» деп атайды.

СЕГІЗ СӘЛМЕМБЕТ. Орта жүз абақ керей ішіндегі іргелі рулардың бірі жәнтейден – сүйінбай, шүйіншәлі, сүйіндік аталары тарайды. Шежіре бойынша Сүйінбайдан – Сәлмембет, Құлманбет, Самұрат, Құты, Бекеш, Төлеке туса, Шүйіншәліден – Ботақара, Барак туған. Сүйінбай мен Шүйіншәліден туған сегіз балаға үлкені Сәлмембет басие болып, бір әулет құрағандықтан «Сегіз сәлмембет» атанған.

СЕМІЗ НАЙМАН. Найман тайпасының бір бұтағы Қаракерейден – Байторы, Ерторы туыпты дейді. Осылардың Ерторысынан – Байсиық туады. Байсиықтың бірінші әйелінен – Меңлібай, Төбет, екінші әйелінен – Жанғұлы, Жаңбыршы, үшінші әйелінен – Қарамолда туған. Бұл бесеуінің өсіп-өнген ұрпағын «Семіз най-

ман» немесе «Бес байсиық» деп те атайды (*Осы тараушадағы «Бес байыс» тақырыпшасын қараңыз*).

СИБАН. Орта жүз ашамайлы керейден өрбіген аталардың бірі — сибан (*Шежірелік деректерін «Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Бағылан» тақырыпшасынан және «Мақал-мәтелдер» тараушасындағы «Көшебелі көп керей, көше алмайды сибансыз» мәтелінен қараңыз*).

Шежіре дерегінің келесі бір үлгісінде ашамайлы керей Танаш би өзінің үлкен ұлы Балғаға Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуды алып береді. Ғалиядан — Әзім деген бала туады. Осы Әзім туған соң көп ұзамай ел жайлауға көшіп келе жатқанда Танаш бидің әйелі Айша босанып, бір ұл табады. Көш үстінде туған соң оның атын «Көшебе» қояды. Сол көш жайлауға жеткенде Танаштың інісі Апбастың Бәтиха деген әйелі де босанып, ол да бір ұл тауып, оның атын «Жайлаубек» қояды.

Осы оқиғадан кейін елдің бәрі Әзімнің «арты құтты болды, іле-шала екі шешесі де ұл тапты» деп қуанады. Содан, Әзім өсе келе жеңгелері оны «Сыйлы бала», «Сыйбала» деп атап жүріп, еркелеткенде «Сибан» дейтін болыпты. Бірте-бірте «Әзім» аты ұмыт болып, ел-жұрты оны «Сибан» деп атап кетеді. Одан өрбіген ұрпақтың да «Сибан» аталуы содан дейді.

СИҚЫМНЫҢ ТӨРТ СЕЙІТІ. Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — сиқым. Шежіре бойынша Сиқымнан — Жәнібек, одан — Құттыбай, одан — Бабасейіт, Құлансейіт, Токсейіт, Байсейіт, Жолсейіт туған. Бабасейіт ұрпағын — тоғатай, борас атасы, Байсейіт ұрпағын — шуылдақ атасы, Құлансейіт пен Токсейіт ұрпағын — қусирақ атасы, Жолсейіт ұрпағын — бағлан атасы деп атайды. Шежіре сөзінде «Сиқымның төрт сейіті» дейтіні осылар.

СҰЛТАНСИЫҚ. Шежіре дерегінде Кіші жүз Алшыннан — Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туыпты дейді. Осылардың Қыдырқожасынан (Байұлы) — Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақтысиық туған. Сұлтансиықтан — Байбақты, Алаша, Масқар, Тана, Қызылқұрт туады. Осы бесеуін жинақтап «Сұлтансиық» деп атайды.

СЫРДЫҢ ҚАРА ҚАҢЛЫСЫ. Ұлы жүз қаңлы тайпасының ішіндегі тоғызбай, онбай, тоғанбай, бақа, бадырақ, кара руларын жинақтап «Сырдың кара қаңлысы» деп атайды.

СЫРДЫҢ САРЫ ҚАҢЛЫСЫ. Ұлы жүз қаңлы тайпасының ішіндегі ақбота, ақынқожа, телқожа, омыртқа, миям руларын жинақтап «Сырдың сары қаңлысы» деп атайды.

СЫРМАНАҚ. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы арықтыным-байшегір, балғалы, күшік (қосай), қайшылы руларын жинақтап «Сырманақ» деп атайды.

СЫР ЖӘНЕ ҚЫР ШЕКТІЛЕРІ. Шежіре дерегі бойынша Әлімнен туған алты баланың ұрпағы өсіп-өніп, алты ата әлім атанып, алты рулы елге айналған. Сол алты баланың ең үлкені Жаманақтан (кейін Шекті атанып кеткен) – Шыңғыс, Өріс, Баубек есімді үш ұл туған. Өрістен – Есеналы, Айдарбек, Бөлек деген балалар туып, өсіп-өнген.

Күні бүгінге дейін Шыңғыс, Есеналы, Айдарбек ұрпақтары Арал өңірін, Қазалы төңірегін мекен етеді. Бұларды «Сыр шектісі» дейді. Кейде «Кішкене шекті» деп те атайды.

Ал, Баубек пен Бөлек ұрпақтары Шалқар төңірегін, Мұғалжар өңірін мекен етеді. Оларды «Қыр шектісі» дейді. Қыр шектілері жаз айларында шырқай көшіп, Жайық жағалауын тама, жағалбайлы елдерімен қатар жайлайтын болған.

СЫРТ БОШАН. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі қаракесек болса, шежіре дерегі бойынша Қаракесектен (Болатқожадан) – Ақша, Түйте, Үкібай туыпты дейді. Ақшадан – Бошан, одан – Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат туған. Осылардың Машайынан – Бәйімбет, Бораншы туады. Бұл екеуінен тараған ұрпақты «Сырт бошан» деп атайды.

«Сырт бошан» аталатыны, бұл аталардан даңқты батырлар көп шығып, олар ағайынның амандығы мен тыныштығы үшін үнемі елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде сырттап жүреді екен. «Сырт бошан» атануы содан дейді (*Осы тараушадағы «Бес бошан», «Бауыр бошан» тақырыпшаларын қараңыз*).

ТЕРІСТАҢБАЛЫ НАЙМАН. Орта жүз найман тайпасының құрамындағы балталы, бағаналы руларынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Терістанбалы найман» деп атайды.

ТОҒЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН. Шежіре деректерінің басым көпшілігі тоғыз таңбалы найманды былай таратады: Орта жүз Бекарыстың төртінші баласы Семізбұға еді, одан – Жұртбай, одан – Сары, одан – Шал, одан – Қаптағай, одан – Найман, Найманбай, Наймантай туған. Найманнан – Белгібай, Одан – Сүйініш, Сүгірше, Өтеген туады. Осылардың Сүйінішінен – Төлегетай, одан – Қытай (Қатай), одан – Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл туған. Қытай ертерек өліп, оның төрт баласы Төлегетайдың бауырында өскендіктен, бұлар «Төрт Төлегетай» атанған (*Кейбір шежіре деректері Сүйініштен Өтеген туып еді, Сүйініш жастай қайтыс болып, Өтеген Матайдың бауырында өсіп еді дегенді айтады*).

Найманның Белгібайынан туған екінші бала Сүгірше делінді ғой. Сол Сүгіршеден – Көкжарлы, Бура, Саржомарт тарайды. Бұларды «Үш Ергенекті» деп атайды. Онысы ергенек таңбаларының бірдейлігіне орай айтылған сөз. Кейбір шежіре деректері Сүгіршеден – Бағаналы, Балталы, Ергенекті туған екен дейді. Келесі бір шежіре дерегінде Сүгіршіден – Қарабек, Толымбек туса, Толымбектен – Саржомарттың (Сары) туғаны айтылады.

Найманның Белгібайынан туған үшінші бала – Өтеген, одан – Асан, одан – Қарауыл, одан – Жасық, одан – Құдас болып өрбиді. Өтеген ұрпақтары Шығыс

Қазақстандағы Самар ауданын мекендейді, кезінде бір болыс ел болған. Бұл атадан Байқадам атты әйгілі би шыққан.

Қазақтың қария сөзінде Найманның Әлпеш есімді ақылды келіні туралы көп айтылған. Найман қарттың барлық балалары жаугершілікте қырылып, өзі жалғыз қалғанда, сол Әлпеш келіні атасын Гүлше деген қызға үйлендіріп, дүниеге Белгібай келіп еді, содан Әлпеш Белгібайды он алтыға келгенше күтіп, оған әмеңгер қайнысы ретінде қосылып, Найман қарттың ұрпағы өсіп-өнген деп келетін әңгіме белгілі.

Енді, Найман қартайғанда үйленген Гүлше қыз бар емес пе? Сол Гүлше, Найман дүние салған соң Найманның немере інісі Елатаға (Елтай) әмеңгерлік жолымен қосылады. Елата мен Гүлшенің арасынан — Серікбай туады. Серікбайдан — Келбұға, Кетбұға атты екі ұл туған. Келбұғадан — Балталы, Кетбұғадан — Бағаналы тарайды (*Кейбір шежіре деректері Балталыны да, Бағаналыны да Кетбұғадан таратады*).

Әлпеш ананың өсиеті бойынша төрт буынға дейін Найман ұрпағы енші бөліспей, ұжымын жарастырып бірге болыпты. Алайда, жас өсіп, жарлы байып дегендей, елдің ауқымы ұлғайған соң, амалсыз енші бөлісіп, қоныс айырысқан. Қалың найманның еншісін бөлу билігі жас та болса ақылы кемел Кетбұғаға беріліпті. Кетбұға тоғыз найманға енші бөліп, таңба таратады.

Алғашқы төрт таңбаға Төлегетай әулеті — Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл ие болады. Одан кейінгі үш таңбаны — Көкжарлы, Бура, Саржомарт иеленіп, олар «Үш Ергенекті» атанады. Мұнан әрі, Серікбайдан туған Келбұға мен Кетбұғаға таңба жетпей қалып, олар бір ағасының таңбасын жылқының сол жағына басады да, содан «Терістанбалы» аталады.

Міне, қазақтың «Тоғыз таңбалы найман» дейтіні осыдан қалған.

Найман ұрпақтарының еншісін дау-дамайсыз бөліп, таңбаларын белгілеп бергені үшін Кетбұға исі найманға нокта ағасы болып еді дейді (*Дерек беруші Шайхыбасар Қожбанұлы, 1905 жылы туған, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

ТОҚАЛ АРҒЫН. Шежіре сөзінің басым көпшілігі Орта жүз Арғыннан — Қодан, одан — Ақжол (Дайырқожа) туған екен деп басталады. Ақжолдың бәйбішесінен — Қарақожа, тоқалынан — Сомдық туады. Сомдықтан — Саржетім, Шақшақ туған. Тоқалдың бауырынан өрбігендіктен Саржетім мен Шақшақ ұрпақтарын «Тоқал арғын» немесе «Кіші арғын» деп атайды.

ТОҚАРЫСТАН. Ұлы жүз суан тайпасының құрамындағы мұрат, тұрлымбет, бердіке (шару), баубек, орыс руларын жинақтап «Тоқарыстан» деп атайды.

ТОҚСАНБАЙДЫҢ ТОҒЫЗЫ. Шежіре дерегі бойынша Орта жүздің нокта ағасы он екі ата тарақтының бір атасы — сары. Сарыдан — Жауқашар, Жақсыберлі, Сойылғас, Жарылғас туған. Бұлардың Жауқашары жаумен санасып соғыспайтын ерен батыр болған. Исі тарақтыда Жауқашар атының ұранға шығуы содан. Сол Жауқашардан — Әкімбек, одан — Шағман, Құяс туған. Шағманнан — Арыстанбай, Тоқсанбай есімді екі ұл туған. Жауқашардың шаңырағы мен туы осы шөберелері Арыстанбай мен

Тоқсанбайға бұйырып, содан бұлардан тараған әулет «қара шанырақ иесі» атанған. Исі сары тарақтылар бұлардың алдынан кесе көлденен өтпейді.

Арыстанбай жиырмадан жаңа асқан шағында жаугершілікте мерт болған. Арыстанбайдың артында Тойлық деген әйелінен Сегізбай, Шомақ есімді екі бала қалған. Арыстанбайдың інісі Тоқсанбай ата дәстүрімен жесір қалған жеңгесі Тойлыққа үйленіп, ағасының көзі – Сегізбай мен Шомақты өз баласындай етіп тәрбиеленген. Тоқсанбай мен Тойлықтың арасынан – Найманбай, Қаптағай, Жантелі, Жанкісі деген төрт ұл туған.

Бұларға қоса, Тоқсанбай өзінің қыздай алған бәйбішесі Ақсұлу деген кісіден – Берсүгір, Қожамсүгір, Әбдісүгір деген үш ұл көрген.

Сонда, Тойлықтан туған алты ұл (оның екеуі – Сегізбай, Шомақ – Арыстанбайдың балалары) мен Ақсұлудан туған үш ұл – барлығы тоғыз ұлға Тоқсанбай басыелік етіп, тәрбие берген. Міне, осы тоғыз ұлдан өсіп-өнген ұрпақты ел ішінде «Тоқсанбайдың тоғызы» деп те атайды.

Тоқсанбайдың тоғызы негізінен Абыралы өңіріндегі Шұбар деп аталатын жерді мекендейді. Жақын қоңсыласы найман ішіндегі қаракерейден өрбіген тұманшы атасы. Ел-жұрттың қоныс-тұрағы сөз болғанда «тарақты-тұманшы» деп қосақтап айтатын дәстүр содан болса керек (*Дерек беруші Ахметқазы Нұрғазыұлы, Семей қаласы*).

ТӨРТ АҚША. Ұлы жүз суан тайпасының ішіндегі тоқарыстан бұтағынан өрбіген аталардың бірі – орыс. Орыстың азан шақырып қойған аты – Елгезек. Орыстан – Мырзакелді, Ханкелді. Ханкелдіден – Ақша, одан – Естемес, Есдәулет, Бекболат, Байтілеу туған. Ақшаның осы төрт баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төрт ақша» деп атайды. Шежіре дерегінде Естеместен – үш бала, Есдәулеттен – он үш бала, Бекболаттан – он бес бала, Байтілеуден – жеті бала болған.

ТӨРТ АСЫЛ. Ұлы жүз шапырашты тайпасы өз ішінен малдыыстық, желдіыстық, қылдыыстық деп аталатын рулар бірлестігіне бөлінсе, осылардың желдіыстығы өз ішінен асыл, шыбыл деп аталатын екі руға бөлінеді. Шежіре бойынша Асылдан өрбіген – әжіке, кеней, теке, төлеміс аталарын бөлектеп «Төрт асыл» деп атайды.

ТӨРТҚАРА. Кіші жүз алты ата әлім ішіндегі тайпалардың бірі – төртқара (қарамашақ) деп аталады. Шежіре деректерінде әлім Қарамашақтан – Оразгелді, Ораз, Жаншүкір (Жаншұқыр), Қараш есімді төрт ұл туған. Бұл төртеуі жастай жетім қалып, «Төртқара» деген атқа ие болған. Бұл төртеуінен – Тоқпан, Аппак, Қасым, Торым, Бакшақ, Мазы, Келтеқара, Құлман, Құлтас, Ақкиіз, Қаракісі, Сейітқұл, Шобан, Тәлтекем, Қонысбек, Қаракемпір деп аталатын аталар өрбіген. Ұрпақ қуалап есептегенде бұл аталардың өмір сүрген кезеңі XVI-XVII ғасырлар аясына сәйкес келеді. Төртқаралардың мекен еткен жерлері – Сырдың төменгі сағасы, Қызылқұм іші, Ырғыз бен Өт өзендерінің бойы.

Келесі аңызда бір елде аруақтарға ас беріліп жатыр еді дейді. Дәмнің үлкені ет түсіріліп, табақ тартылар кезде көкжиектен төрт қарайған көрінеді. Сонда бір ақса-

қал тұрып: «Ау, ағайын, «Қырықтың бірі — қыдыр» деген, сәл сабыр етейік, мына төрт қарайған жолаушының батасы қабыл болар», — депті.

Содан, әлгі төрт қарайған жақындап келгенде төрт бала болып шығады. Қарамашақтың төрт баласының «Төртқара» атануы осыдан еді дейді.

Орта жүз найман ішінде де төртқара деп аталатын шағын ата бар. Бұл ата найман ішіндегі матай руының бір тармағы қаптағайдың құрамында. Бұлардың таңбасы да әлім төртқара таңбасымен бірдей — айқыш, ашамай таңба. Орта жүз керейдің таңбасы да айқыш.

ТӨРТ МЕРКІТ. Орта жүз ішіндегі он екі ата абақ керейлердің бір атасы — меркіт. Меркіт ішінде алманбет, құлсары, шағыр, лепес атты төрт ата бар. Осы төрт атадан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төрт меркіт» деп атайды.

ТӨРТ САРБАС. Орта жүз ішіндегі он екі ата абақ керейдің бір атасы — сарбас. Шежіре дерегі бойынша абақ Керейдің шаңырағы, кенжесі болғандықтан осы Сарбаста қалған. Сарбастың ұраны — «Сартоқай». Сарбастан — Ырыс, Шегір, Жанай, Жалтыр есімді төрт бала туған. Осы төртеуінен тараған ұрпақты жинақтап «Төрт Сарбас» дейді.

ТӨРТ ТӨБЕ ҚЫПШАҚ. Ресей отаршылдығы бел алған ХІХ ғасырдың бас кезінде Сарыарқадағы басқа да ру-тайпалар сияқты, қыпшақтардың да бір бөлігі Сыр бойына қарай қоныс аударған. Сыр бойы қыпшақтары алғашқыда Қоқан хандығының құзырында болып, төрт әкімшілікке бөлінген. Осы әкімшілік бөлікке бас ие адамдарға датқа атағы берілген. Олар: Досбол датқа, Бала би датқа, Тұрсынбай датқа және Тұрғанбай датқа.

Сыр қыпшақтары төрт датқа басқарған төрт әкімшілік бөлікке бөлінуіне байланысты «Төрт төбе қыпшақ» деп аталған.

ТӨРТ ТӨЛЕГЕТАЙ. Шежіре дерегі бойынша Найманнан (Ақсопыдан) — Белгібай, одан — Сүйініш, одан — Төлегетай туады. Сонда, Төлегетай — Найман қарттың шөбересі.

Сол Төлегетай ұрпағының өсіп-өнуін армандап, өзінен туған жалғыз ұлының есімін Қытай (Қатай) деп қояды. Қытай жаугершілік кезінде мерт болып, артында Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл есімді төрт бала қалады. Осы төрт бала атасы Төлегетайдың бауырында өскендіктен, былайғы жұрт оларды «Төрт Төлегетай», кейде «Төлегетайдың төрт бөрісі» деп атап кетеді.

ТӨРТУЫЛ. Төртуыл деген жанама атаумен аталатын рулар казак ру-тайпаларының құрамында көптеп кездеседі.

Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі сүйіндік болса, шежіре бойынша Сүйіндіктен — Оразкелді (Суғаншы), одан — Шоманақ, Мәжік есімді екі бала тарайды. Мәжіктің Малай және Жәдігер деп аталатын екі баласынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төртуыл» деп атайды.

Келесі бір шежіре дерегінде арғын Мейрамсопының бәйбішесі Нұрфаядан — Куандық, Сүйіндік, бір токалынан — Бегендік, Шегендік, Қарқабат есімді екінші токалынан — Болатқожа (Қаракесек) туады.

Мейрамның осы бес баласына бірдей мейірімін төккен Нұрфая бәйбіше Сүйіндік, Бегендік, Шегендік және асыранды баласы Олжакелді төртеуін еншілес етіп, осы төртеуінен өрбіген ұрпақ «Төртуыл» деп аталған дейді.

Сондай-ақ, шежіре деректері бойынша Орта жүз Найманнан — Белгібай, одан — Сүйініш, одан — Төлегетай, одан — Қытай (Қатай), одан — Қаракерей, Садыр, Матай, Аталық есімді балалар туып, төрт рулы елге айналған дейді. Осы Төлегетайдың төрт ұлынан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төртуыл» деп те атайды.

Тағы да бір шежіре дерегінде Кіші жүз жетіру ішіндегі табын тайпасының құрамындағы рулардың бірі бозым деп аталады. Бозымнан — Қайырқожа, Токсиық, Асан, Қарақойлы аталары тарайды. Бұл аталардан өрбіген ұрпақты жинақтап «Төртуыл» деп те атайды.

Ұлы жүздің ноқта ағасы атанған жалайыр тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі — сиыршы. Сол сиыршы ішіндегі аталардың бірі — майкөбен. Шежіре бойынша Сиыршыдан — Байкөбен, Майкөбен туған. Майкөбеннен — Мамық, одан — Орманшы, Құлболды, Жанболды, Қаржас туады. Осы төртеуінен өрбіген ұрпақты жинақтап «Төртуыл» деп атайды...

Жалпы, қазақ ішіндегі «төртуыл» деп аталатын рулардың немесе аталардың шежіре дерегінде көбінесе төрт ұрпақтан өрбіп отыратынын аңғару қиын емес. Демек, «төртуыл» атауы «төрт ұл» немесе «төрт ауыл» сөздеріне орай қалыптасуы бек мүмкін.

ТӨРТ ШОЛАН. Кіші жүз байұлының бір тармағы сұлтансиықтың ішінде байбақты руы бар. Байбақтының ішінде Әйтiмбеттің Шоланы деген батыр болған. Бұл — әйгілі Сырым Датұлының үлкен әкесі. Шоланнан — Есенбай, Түркеш, Байторы, Дат деген төрт бала туған. Осы төртеуінің өсіп-өнген әулетін жинақтап «Төрт Шолан» деп те атайды.

ТӨРТ ШӨМЕН. Шежіре бойынша Кіші жүз Алшынның Қаракесегінен (Нәдірқожа) — Байсары, Әлім, Шөмен туған. Осылардың Шөменінен — Шөмекей, Дөйт, Түменқожа туады. Дөйттен тұқым жоқ. Шөмекейден — Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл туған. Осы төртеуінен өрбіген ұрпақты жинақтап «Төрт шөмен» деп атайды.

ТҮРКІМЕН АДАЙ. Шежіре дерегінде Адайдан — Құдайке мен Келімберді, Құдайкеден — Тәзіке мен Қосай, Қосайдан алты бала — Байбол, Тіней, Әйтей, Бегей, Бәли, Сүйіндік туған. Осы Қосайдан туған алты баланың ұрпағын «Түркімен адай» деп атайды. Ал, Сүйіндіктен өрбіген ұрпақты оқшаулап «Жаман адай» деп атайтын да дәстүр бар (*Осы тараушадағы «Жаман адай» тақырыпшасын және «Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар» тараушасындағы «Оғылмеңді» тақырыпшасын қараңыз*).

ҰЗЫНМЫЛТЫҚ. Орта жүз абақ керей ішіндегі іргелі рулардың бірі шерушіден — айтуған мен сарт аталары тарайды. Шежіре бойынша Сарттан туған Құттымбет аңшылықты кәсіп еткен адам болса керек. Аңға үнемі ұзын мойын пілтелі мылтықпен шығады екен. Содан Құттымбетті былайғы жұрт «Ұзынмылтық» деп атап кетеді. Бұл атау кейін келе Құттымбеттің өсіп-өнген ұрпағына да телінген.

УАҚ. Ел аузында сақталған қария сөз бойынша Орта жүз Бекарыстан (кейбір шежірелерде Жанарыс деп те айтылады) — Сарманай туған. Сарманайдан — Қоянбай, Жарғақ туады. Қоянбайдан — Керей, Жарғақтан — Уақ туады. Анығында, Керей Жарғақтың баласы еді деген сөз бар. Ағасы Қоянбайда бала болмаған соң, бауырына салған екен дейді.

Жарғақтан туған Уақтың азан шақырып қойған аты Көкше (Ерлан деп те атайды) болса керек. Көкше аса қайратты, батыр болып ержетеді. Ол кездің жаугершілігі көп, мазан заман екен. Көкше ерлігімен ел аузына ілініп, «Көкшенің қолының уы бар, сол улы қолы сермелген жауы жайрап қалады екен, қолының уы у-ақ!» — деген лақап тарайды. Содан, Ер Көкше аты ұранға шығып, өзін былайғы жұрт Уақ деп атап кетіп еді дейді.

Шежіре бойынша Уақтан (Ер Көкшеден) — Қосай, одан — Көлдей, одан — Елдей, одан — Дарқан, одан — Құдайберген, одан — Серікбай, одан — Қазулы, одан — Жусан, одан — Изен, одан — Жұмыр туған. Уақтан бастап Жұмырға дейінгі он атадан ылғи жалғыз ұл туып отырған. Жұмырдан — Сарман, Шұға деген екі бала туады. Сарманнан — Қаракөз, Көкшекөз туған.

Қаракөздің өсіп-өнген ұрпағы Қазақстанды мекен етеді. Көкшекөзден — Қасаболат, одан — Қасым, Наурызбай, Қалқаман, Дәулет есімді төрт бала туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағы Шыңжан (Қытай) мен Байөлке (Монғолия) аймағында.

Шыңжанда туып-өскен Қайсабай ақынның өлең шежіресінде мынандай жолдар бар:

«Баласы Қасаболат — Қасым екен,
Бұл уақ Көкшекөздің нәсілі екен.
Ілесіп абақпенен бірге ауып,
Алтайды артқы ұрпағы еткен мекен».

Енді, Жұмырдан туған екі баланың бірі — Шұға бар емес пе? Сол Шұғадан — Сарбаян, Сарбағыс, Серкелі, Байымбет, Мұрат туған. Бұлардың да өсіп-өнген ұрпағы Шыңжан мен Байөлкеде көптеп кездеседі (*Дерек беруші Ережеп Өсерұлы (1923), Шығыс Түркістан, Тарбағатай аймағы, Еміл өзенінің бойы; И. Ырғайбайұлы. Уақ шежіресі. — Шыңжан. Тарбағатай аймақтық баспасы, 1995. 23-24-беттер*).

ҰСТА ҚЫПШАҚ. Бес таңбалы қыпшақтың бірі қарабалық болғанда, шежіре сөзінде сол Қарабалықтың бес баласының бірі — Жолжақсы деп айтылады. Жолжақсыдан — Жантілес туады. Жантілес темірден түйін түйетін ұста болса керек.

Бірде ауыл-ел көшіп, ұста дүкеніндегі құрал-саймандарын Жантілес те түйеге теңдеп, көш сонынан ілесіп келе жатса, алдынан екі бала шығыпты да «ата, екеуімізге кездік соғып беріңізші» деп жалыныпты. Жантілес балалардың сөзіне құлақ асып, сол жерде түйесін шөгеріп, көрігін құрып, төсін қойып, екі балаға да кездік соғып беріпті. Сонда, екі бала қуанып, риза болып: «Өн-өс, көркей-көбей, тілегіміз Тәңірдің құлағына шалынсын!» — депті де көзден ғайып болыпты.

Бұл күнде Жантілестің өсіп-өнген ұрпағы «Ұста қыпшақ» деген атпен рулы елге ұласқан (*Ақылбек Шаяхмет. Есте қалар ел тарихы. — Қостанай, 2005. 61-бет*).

ҮШ ЕРГЕНЕКТІ. Орта жүз найман тайпасының құрамындағы көкжарлы (бақы), бура (бақанас), саржомарт руларын жинақтап «Үш ергенекті» деп атайды.

ҮШ ИТЕЛІ, БЕС КҮЙІК. Орта жүздің бір арыс елі керей ішіндегі он екі ата абақ керейдің бір атасы ителі деп аталады. Шежіре бойынша Ителіден — Ақбақты, Тыныбек, Күйік деп аталатын үш ата тарайды. Осылардың ішінде өсіп-өнген атасы Күйіктен — Тоқтақұл, Дәулет, Елтоқ, Бесшал (Едіге), Қалматай атты бес бала туып, олардың өзі бір-бір рулы елге ұласқан.

Ел аузындағы шежіре сөзде «Үш ителі, бес күйік» деген сөз тіркесі ителінің осынау өсіп-өнген ұрпағына орай айтылған.

ҮШ ҚАРАҚАС. Он екі ата абақ керейдің бір атасы — қарақас. Қарақастың шын аты Сидалы болса керек. Қасы қара, қою болғандықтан былайғы жұрт «Қарақас» атап кетіп еді дейді.

Қарақас өз ішінде Байым, Қосым, Назар деген үш атаға бөлінеді. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Үш Қарақас» деп те атайды.

ҮШ ҚАРАКЕСЕК. Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек, шұбыртпалы, қамбар руларын қосып, «Үш қаракесек» деп атайды.

ҮШ ҚАРАСАҚАЛ. Кіші жүз әлім тайпасының ішіндегі сарыбас, пұсырман, шіңгір руларын жинақтап «Үш қарасақал» деп атайды.

Шежіре дерегі бойынша Кіші жүз ішіндегі Қаракесектің бірінші әйелі Токсұлудан — Байсары, екінші әйелі Қағаздан — Әлім, Шөмен туады. Осылардың Әлімінен — Айнық, Тегінболат туған. Айнықтан — Сарыбас, Тегінболаттан — Пұсырман, Шіңгір туған. Айнық дүниеден ертерек өтіп, оның жесірін әменгерлік жолымен Тегінболат алады да, бір шаңырақ астында Сарыбас, Пұсырман, Шіңгір үшеуі бірге өседі. Осы үшеуінен өрбіген ұрпақты жинақтап «Үш қарасақал» деп атайды (*Осы тарау-шадағы «Қарасақал» тақырыпшасын қараңыз*).

ҮШ МЫРЗА. Ұлы жүз жалайыр тайпасының бір бұтағы шуманак ішіндегі мырза руынан тарайтын бәйдек (бәйбіше), аман, әліке аталарының өсіп-өнген ұрпағын «Үш мырза» деп атайды.

ҮШ ОЛЖАЙ. Шежіре деректерінде Орта жүз арғын ішіндегі Тобықтыдан – Рыспетек, Дәулетек (Жуантаяқ) туады. Рыспетектен – Мұсабай, одан – Сүйірбас, одан – Сары, одан – Кішік (Күшік), одан – Әнет, одан – Бақай, одан – Олжай туған. Олжайдан – Ырғызбай, Жігітек, Боқкөт есімді үш бала туған. Осы үшеуінен өрбіген ұрпақты «Үш олжай» деп те атайды.

Ырғызбайдан – Өскенбай, одан – Құнанбай, одан – Абай туған.

ҮШ СИЫҚ. Алшын деген жалпы атаумен белгілі Кіші жүз рулары өз ішінде он екі ата байұлы, алты ата әлім, жетіру болып бөлінеді. Осылардың он екі ата байұлына (кейбір шежіре деректерінде одан да көп) ұйытқы болған шеркеш, шенеш, ысық, масқар, алаша, тана, асқар-байбақты, әлке-қызылқұрт деп аталатын сегіз руды шежіре деректері «Үш сиық» деп атайды. Ол үш сиықты өз ішінде сұлтансиық, қыдырсиық, бақсиық деп таратады.

Байұлының құрамындағы мұнан басқа беріш, есентемір, таз, алтын, жаппас, адай рулары үш сиыққа кіргізілмейді. Яғни, үш сиыққа жатпайтын бұл рулар байұлының құрамына Қазақ хандығы ел болып ұйыса бастаған кезде қосылған болу керек.

ҮШ ТАҢБАЛЫ. Ел ішіне кең тараған шежіре деректерінің бірінде Ұлы жүз ішіндегі шапырашты, ысты, ошақты руларын Жалмамбеттен өрбітеді. Жалмамбеттің бәйбішесі Мапыраштан – Шапырашты, тоқалы Қарашаштан – Ысты мен Ошақты туған делінеді.

Кейін Шапырашты, Ысты, Ошақты үшеуінің үрім-бұтағы өсіп-өніп, әрқайсысы жеке-жеке рулы елге айналып, бөлек-бөлек таңба белгілегеніне қарамастан, атасы бір болғандықтан оларды жинақтап «Үш таңбалы» деп атайды.

Шапыраштының таңбасы – ай, Ыстының таңбасы – шылбыр, Ошақтының таңбасы – тұмар.

ҮШ ТОҚАЛ. Ұлы жүз шапыраштыдан өрбіген аталардың бірі – Екей, одан – Жарымбет туған. Жарымбет төрт әйел алған. Бірінші әйелінен – Ақтөбет, Бертіс, екінші әйелінен – Қосай, үшінші әйелінен – Әлти, төртінші әйелінен – Баянай туған.

Бәйбіше балалары – Ақтөбет пен Бертіс ертерек аяқтанып, ұрпағы ертерек есейеді. Ал, бұлардан кейінгі үш тоқалдың балалары кенжелеп өсіп, бір-біріне ес болып, тетелес ержетеді. Осыдан барып, бірыңғай өскен Әлти, Қосай, Баянай еншілес болып, олардан өрбіген ұрпақ «Үш тоқал» деп аталып кеткен.

ҮШ ТӨБЕТ. Шежіре бойынша Кіші жүз Шөмекейден – Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл туған. Осылардың Аспанынан – Еспенбет, одан – Жантін, Тоқымбет, Бұғанай туған. Еспенбеттің осы үш баласының өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Үш төбет» деп атайтын дәстүр бар.

ШАПЫРАШТЫНЫҢ ҮШ ЫСТЫҒЫ. Ұлы жүз шапырашты тайпасы өз ішінде үш рулар бірлестігіне бөлінеді. Оларды малдыыстық, желдіыстық және қылдыыс-

тық деп атайды. Малдыыстыққа — екей, еміл (ескожа) рулары, желдіыстыққа — асыл, шыбыл рулары, қылдыыстыққа — айқым руы жатады.

ШӨМЕН КЕТЕ. Шежіре дерегінде Кіші жүз Алшынның Қаракесегінен (Нәдірқожа) — Байсары, Әлім, Шөмен туған. Осылардың Шөменінен — Шөмекей, Дөйт, Түменқожа туады. Дөйттен ұрпақ жоқ. Түменқожадан — Қара, Сары туған. Осы екеуінен тараған ұрпақты жинақтап «Шөмен кете» деп атайды (*«Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар» тараушасындағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз*).

ШУМАНАҚ. Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы андас, мырза, карашапан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай руларын жинақтап «Шуманак» деп атайды.

ШЫБЫЛ. Ұлы жүз албан тайпасының құрамындағы жолболды, молболды, құртқа, мамыр, қалқаман, жарман руларын жинақтап «Шыбыл» деп атайды.

ЫСЫҚ. Кіші жүз он екі ата байұлының ішіндегі тайпалардың бірі — ысық. Байұлының Бақтысиығынан бала болмай қызының баласын асырап алып, «қыздың баласы ыстық болады» деп жүріп, ол баланың аты «Ысық» болып кетіп еді дейді.

Келесі бір шежіре дерегінде Бақтысиықтан — Жаппас пен Ысық туғаны айтылады. Жаппас Алтын деген ананың бауырында өскендіктен «Алтын-Жаппас» атанып кетіп еді дейді.

22. Сіңісті аталар мен рулар

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Қазақ жүздері мен ру-тайпаларының құрамындағы сіңісті аталар мен рулар тарихын зерттеу, түптеп келгенде, қазақ халқының ұлт болып ұйысу тарихын зерттеу болып шығар еді. Бұл ретте, сіңісті аталар мен рулар туралы мейлінше мол ұшырасатын шежірелік деректер Қазақ хандығының жасақталуына, қазақ ұлтының қалыптасуына және сол жолда хандық аясындағы ру-тайпалық құрылымдардың жаңаша жіктеліп, жүйеленуіне қатысты аса құнды айғақ-мағлұмат болып табылады.

2. Қазақ ру-тайпаларының құрамында сіңісті аталар мен рулардың жиі кездесуінде өзіндік сыр-себептер бар. Біріншіден, Қазақ хандығы жасақталу барысында шашыранды ел-жұрттың жаңадан ру-тайпалық жүйе құрауы, өзінен-өзі, іргелі рулардың құрамына шағын әулет-аталардың сіңісті болуы арқылы жүзеге асып отырған. Екіншіден, көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың қоғамдық-әлеуметтік орны мен әлеуеті, ең алдымен, мал-жанның көптігіне байланысты бағаланатын ортада әрбір ру-тайпа адам басын көбейтіп, мал басын молайтып, іргесін кеңейтіп отыруға айрықша мүдделі болған. Үшіншіден, әулет-аталар мен жеке адамдар еншілестік

дәстүрі бойынша сол ру-тайпаның тең құқықты мүшесіне айналып отырған («Енші институты» тараушасын қараңыз). Көшпелі өмір-салттағы тіршілік-қарекеттің ұжымдық сипаты, осыған байланысты қалыптасатын ұжымдық мақсат-мұраттың біртұтастығы, өзінен-өзі, әлеуметтік теңсіздікке жол бермеген. Содан да болу керек, дәстүрлі қазақ қоғамында жеке тұлғаның қабілет-қарымы мен адамдық сапасы айрықша бағаланып, ондай тұлғалар үлгі-эталон ретінде қоғамдық өмірдің ұдайы іштей шындалып отыруына тегеурінді ықпал еткен. Былайша айтқанда, көшпелі өмір-салтта жеке тұлға шыққан тегіне немесе сіңісті болғандығына қарамастан, оның адамдық сапасы ұдайы алға шығып отырған. Мәселен, Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қанжығалы руының бір атасы – алдаберді, бәсентиін руының бір атасы – жұмағұл. Осы екі атаның да түпкі тегі асықты жілік ұстатып, асырап алған жетім балалар болғанына қарамастан, алдаберді атасы барша қанжығалылар үшін қарашаңырақ иесі болса, жұмағұл атасы барша бәсентиіндер үшін қарашаңырақ иесі. Яғни, сол рулар ішіндегі ең жолы үлкен, сыйлы аталар. Мұндай айғақ-мысалдар мың-сан.

Осындайда шешендік сөздер де еске түседі.

Төле би:

«Қой асығы демендер,
Қолыңа жақса сақа ғой.
Жасы кіші демендер,
Ақылы асса аға ғой».

Жалаңбас батыр:

«Атамды сұрасаң – жетесіз,
Анамды сұрасаң – некесіз.
Өз тұсымда өзім болдым,
Жетемді сұрап не етесіз?!»

Бөкеш би:

«Айтатын сөзім тағы бар,
Сүйір тілді жігіттің
Сөзге біткен жағы бар.
Менің айтқан сөзімді
Жібермей желге қағып ал.
Өзі болған жігіттің
Тегін сұрап не етесің?
Атасы үшін кеми ме –
Тағдырдың берген бағы бар».

Торайғыр шешен:

«Бақытты адам қаласа,
Қар үстіне от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрғақ қидан су тамар.
Жақсы туған баланың,
Атасы жаман болса да,

Төрде отырып сый табар.

Жаман туған баланың,

Атасы жақсы болса да,

Түйе үстінен ит қабар». (*Шешендік сөздер. Құрастырған Б. Адамбаев. – Алматы, 1967. 59, 98, 137-беттер*).

3. Тарихтан белгілі, қазақ пен ноғай, қазақ пен өзбек, қазақ пен қырғыз, қазақ пен түркімен, қазақ пен башқұрт, қазақ пен қарақалпақ, қазақ пен қалмақ сияқты қоңсылас-туыстас халықтардың арасы бірде тату, бірде қату дегендей, мейлінше тығыз этникалық аралас-құраласта болған. Тату кезде қыз алысып, қыз берісіп, алысқа ұзатылған қызбен бірге ұбақ-шұбақ қосшы-күтуші дегендері ілесіп кетіп отырған. Ал, қату кездерде жауынгерлердің тұтқынға түсуі, ақ үйлі аманаттар алмасуы сияқты жағдайлар жиі-жиі болып тұрған. Мұндайда, әсіресе, көшпелі өмір-салттағы қазақ арасына тап болған өзге ел адамдары тез сіңісіп кететін болған. Бұған қазақ халқының ру-тайпалық құрылымында күні бүгінге дейін ноғай, естек (башқұрт), түркімен, қырғыз, қырғызалы, мамадайыр, сабаншы, тоты, ақмоншақ, көкмоншақ, құсшы, сарт, жетімдер деп келетін тұтас аталар мен рулардың ұшырасатыны айқын айғақ.

Осы орайда, қазақ ру-тайпаларының құрамындағы сіңісті аталар мен рулардың шыққан тегі ұдайы жария қалпында сақталатынын және шежірелік түзілімге өзгеріссіз қосылатынын айрықша атап өткен жөн. Мұның сыр-себебі, біріншіден, дәстүрлі таным-түсінік бойынша ата-тек атаулыны кие тұтушылық байырғы заманнан бері қалыптасқан айнымас әдет («Сүйек қосу» тараушасын қараңыз). Екіншіден, еншілес болу арқылы белгілі бір ру-тайпа арасындағы адамдар арасында әлеуметтік-құқықтық теңдік сақталған. Қазақтың жер дауына, жесір дауына, ер дауына, мал дауына қатысты мейлінше мол ұшырасатын шежірелік және фольклорлық материалдарында белгілі бір ру-тайпа аясындағы адамдардың бірі үшін бәрінің, бәрі үшін бірінің жауапты болып отыратыны да содан.

4. Сіңісті аталар мен руларға қатысты шежірелік деректер Қазақ хандығын жасақтау барысында жүзеге асқан саяси, әлеуметтік және этникалық күрделі үдерістерді танып-түсінуде тарихи нақтылы айғақ ретінде айрықша құнды. Сондай-ақ, көшпелі өмір-салттағы дәстүрлі қазақ қоғамында этносты ұйыстыруға бағытталған еншілестік, қоңсыластық, сүйектестік сияқты немесе сүйек ұстатып бала асырап алу, руаралық жарасымға кепіл болу үшін бала алмасу, әулет-аталарды араластыру, ақ үйлі аманаттар алмасу тәрізді институттанған үрдістер де осы сіңісті аталар мен рулар туралы жеткен шежіре деректерінде айқын көрініс тауып отырады. Сіңісті аталар мен рулар туралы материалдарға шежірелік айғақ ретінде мән берілудің де сыр-себебі осында.

Сонымен, сіңісті аталар мен рулар...

АБАҚ КЕРЕЙДІҢ ТӨРЕ-МАТАЙЫ. Көшпелі қазақ дәстүрінде жеті атаға толып, өсіп-өнген ел таңбасын таңдап, ұранын сайлап, боз биені сойып, түпкі тегіне адалдығынан айнымас үшін бармақтарын қанға малып, пәтуаласады да, одан әрі ала жіпті аттап бөлек ру болып шығады. Бөлек ру болған соң ол елдің тізгін ұстар

бас иесі, сөзін ұстар би-шешені, қорған болар батыры болуы қажет. Осынау, есте жоқ ескі заманнан қалыптасқан дәстүр бойынша Шыңғыс хан үстемдігінен бергі кезеңде ел иесі – төрені Шыңғыс әулетінен тандайтын тәртіп қалыптасқан. Бұл тәртіп Қазақ хандығы құрылғаннан кейін одан әрі өріс алып, әр рудың өз төресі болуы дәстүрге айналған. Ел аузындағы шежіре сөздерде төре шақырту, төреден елге ие болатын бала сұрау, кейін сол төрелердің келген румен сіңісіп кетуі, сөйтіп жаңа бір аталардың өрбіп жататын жайлары жиі кездеседі. Соның бір айғағы төре-матайлардың тарихы.

Қалмақ шапқыншылығы бір жайлы болып, қазақ халқы елдік іргесін орнықтырған соң, XVIII ғасырдың соңына қарай өзге рулар сияқты абақ керейдің ішіндегі жәдік руы да Әділ төреге арнайы кісі жіберіп, елді билету үшін бір ұрпағын сұратады.

Сөз орайында Әділ төренің шыққан тегіне тоқтала кеткен жөн. Шежіре дерегінде әйгілі Абылай хан (1711-1781) он екі әйел алып, одан қырық қыз, отыз ұл көргені айтылады. Сол он екі әйелдің бірі қарақалпақтың Шуақбай Сағындықұлы деген бегінің қызы – Сайман ханым болған. Сайман ханымнан Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім атты балалар туған. Осылардың ішіндегі Әділді Қытайға аманат ретінде жіберген (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений. 1-том. – Алматы, 1961. 428-бет*). Қытайдың боғдыханы Абылайдың бұл әрекетіне риза болып, Әділге сый-құрмет көрсетіп елге қайтарады. Осы Әділ Жетісу өңіріндегі ел-жұрттың шақыртуымен келіп, Ұлы жүздің сұлтаны атанған. Әділ сұлтан 1815 жылы Ташкент түбінде дүние салған.

Міне, абақ керейдің ішіндегі жәдік руының ақсақалдары ел билету үшін кезінде осы Әділ төреге кісі салып төре сұратқан. Бұл тілекке құлақ асқан Әділ төре өзінің Көкек деген баласын жібереді. Көкек досжар болып көңілі жарасқан Басықара деген жігітті өзімен бірге көшіріп алып келеді. Басықараның шыққан тегі найман тайпасының ішіндегі матай руынан болса керек. Кейін Көкек пен Басықараның ұрпақтары да іргелерін ажыратпай, бір-бірімен аралас өсіп-өнген. Сөйтіп, бұлар абақ керейдің ішіндегі төре-матай деп аталатын бір руға айналған. Ұрандары – Әділ.

Төре-матайдан шыққан Өжеке (Қожамжар) батыр кезінде Шығыс Түркістандағы, Алтай өңіріндегі қазақтардың намысын қорғап, ел іргесінің орнығуына зор үлес қосқан.

XX ғасырдың жуан ортасында өткен саяси-әлеуметтік өзгерістерге дейін Әділ төренің билік жүргізген ұрпақтары мыналар: Көкек Әділұлы – 1790-1855 жылдар; Әбділда Көкекұлы – 1855-1880 жылдар; Оспан Әбділдаұлы – 1880-1903 жылдар; Закария Оспанұлы – 1903-1918 жылдар; Сағдолла Закарияұлы – 1918-1946 жылдар; Қибатай Сағидоллаұлы 1946-1949 жылдар.

АДАЙ ІШІНДЕГІ БӘЙІМБЕТ, ӘЛМЕМБЕТ, ҚЫДЫРША АТАЛАРЫ. Кіші жүз адай тайпасының арасына тап болған орыс баласын адайлардың бірі асықты жілік ұстатып, бәйбішесінің төсін иіскетіп, бала етіп асырап алады. Есейген соң үйлендіріп, басына үй тігіп, бауырына қазан салып, еншісін бөліп беріп, бөлек шығарады. Қазір сол орыс баланың өсіп-өнген ұрпағы адай тайпасының құрамындағы бәйімбет деп аталатын бір ата болып отыр.

Осыдан бес-алты буын бұрын керуеншілерден қалып қойған қожаның екі баласын адай тайпасының ішіндегі Әлмембет деген кісі бала етіп асырап алады. Қазір сол қос қожа баладан өсіп-өнген ұрпақ өздерін адай тайпасының ішіндегі бес әлмембет атасының біріміз дейді.

Дәл осы сияқты, кезінде Маңғыстау жерінен көшпей қалған түркіменнің бір әулетін адайлар жатсынбай, іштеріне тартып, қамқорлық көрсетсе керек. Уақыт өте келе қыз алысып, қыз берісіп, қазақтың тілі мен ділін бойларына сіңірген түркімендер біржола қазақтанып кеткен ғой. Қазір олардың өсіп-өнген ұрпағынан жөн сұрасаң: «Кіші жүз адаймыз, оның ішінде қыдырша атасы боламыз», — деп жауап береді (*И. Байнекеев. Бұрынғы мен бүгінгі. — «Ана тілі» газеті. 19 қараша, 1998 жыл*).

АҚМОЛДА. Ұлы жүз ысты тайпасынан тарайтын тілік руының ішінде ақмолда атасы бар. Шежіре дерегі бойынша бір кездері алты татар жігіті ысты ішіне келіп, тұрақтап қалыпты дейді. Осылардың Ақмолда деген біреуі тілік руынан тарайтын қоңыр атасының қызына үйленеді. Сол Ақмолдадан өрбіген ұрпақ тілік руының ішіндегі бір ата болып отыр.

АҚТАЗ. Найман бағаналы руының ішінде ақтаз деп аталатын ата бар. Ақтаз туралы М.Ж.Көпейұлы: «Ақтаз деген бір бала ғайыптан келіп, еншілес болған екен. Мұнан — Әжім, Жұмық, Тіней, Сейіт, Балықшы, Қармақшы», — деп жазады (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 41-бет*).

Шежіре деректерінің енді бірінде Ақтаздан — Бодана, Тіней, Сейіт, Қотан туады (*Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хақында. — Алматы, 2000. 180-бет*).

АЛЖАН. Ұлы жүз албан тайпасы өз ішінде шыбыл және сары деп аталатын екі іргелі руға бөлінеді. Осылардың сарысынан сүйерқұл және сүйменді (таубұзар) аталары тарайды. Шежіре дерегі бойынша Сүйерқұлдан — Шоған абыз, Досалы, Қожбанбет, Жарты деген төрт ұл және Әлжан (Алжан) деген бір қыз туған. Әлжан бойжеткен соң елге сіңісті болған Мәмбет деген арғын жігітіне тұрмысқа шығып, одан — Сырымбет, Шегір, Аламан, Хангелді есімді төрт ұл көрген. Осы төрт ұлдың өсіп-өнген ұрпағы албан ішіндегі «Әлжан» («Алжан») деп аталады.

Алжан туралы ел ішінде айтылатын тағы да бір аңыз-әңгіме бар. Жаугершілік кезде ата-анасы мен ағайын-туғанынан көз жазып қалған жеті бала болыпты. Бұлардың шыққан түбі туралы «Орта жүз арғын екен», «Түркістан қожасы екен» дегендей әр түрлі сөз айтылады. Сол жеті бала ел кезіп жүргенде екеуі қайтыс болады. Қалған бесеуінің бірі — Қойшыаға деген бала Орта жүз найман ішіндегі қызай атасын паналайды. Екіншісі — Әлмен деген бала дүнген ішіне сіңеді. Үшіншісі — Лұқман деген бала саудагерлерге ілесіп, өзбектердің Әндіжан деген жеріне кетеді. Қалған екеуі — Мәмбет пен Үмбет деген балалар сарт (ұйғыр) ішінде жүреді.

Сол кезде, албанның сарысы, оның ішінде сүйерқұлынан шыққан Шоған абыз деген ел-жұртқа сыйлы кісі болады. Бірде Шоған абыз жолаушылап келе жатып,

сарттың қозыларын бағып жүрген Мәмбетке ұшырасады. Мәмбет елпілдеп келіп, Шоған абызға сәлем береді. Сол жерде Шоған абыз баламен сөйлесіп, мән-жайға қанығып, оның бойынан жақсы қасиет танығандай болады да: «Маған бала боласың ба, қарағым?» — деп сыр тартады. Мәмбеттің де Шоған абызға ықыласы ауып: «Қаласаныз бала болайын, ата!» — дейді. Сонда, Шоған абыз: «Қарағым, тәнінде қандай белгің бар?» — деп сұрапты. Мәмбет: «Жауырынымда алақандай қалым бар еді», — деп жауап береді. Шоған абыз: «Мәмбет қарағым, мен келе жатқан мына алдымдағы ауылда ертең үлкен жиын болады, ас беріледі. Сол жерге сен де кел. Сонсоң, менің көп кісілермен бірге отырған бір сәтімде «көкелеп» келіп, құшағыма жығыл. Арғы жағы дұрыс болар», — дейді.

Зерделі Мәмбет айтқанды бұлжытпай орындайды. Шоған абыз көптің ортасында отырғанда, Мәмбет «көкелеп» келіп, құшағына жығылады. Сол жерде Мәмбетке малын бақтыртып қойған сарт та отырса керек. Екі жақ Мәмбетке таласып қалады. Шоған абыз айтады: «Бір аласапыран жаугершілікте көз жазып қалған балам еді», — дейді. Сарт болса: «Жоқ, өз балам!» — деп, ол өндірішекттейді.

Содан, бұлар қалыс ағайынға жүгінеді. Қалыс ағайынның биі сұрақ қояды: «Балам дейтіндей тәнінде қандай белгісі бар?» — деп. Сарт жауап бере алмай қалады. Шоған абыздың да күткені осы төрелік екені белгілі: «Жауырынында алақандай қалы болу керек, егер жоқ болса, онда мына сарттың баласы болғаны!» — дейді. Отырғандар Мәмбеттің көйлегін көтеріп қалғанда, алақандай қалы айқын көрінеді. Сөйтіп, Шоған абыз Мәмбетті «балам» деп, ауылына алып қайтады.

Мәмбет Шоған абызға аз уақытта бауыр басып кетеді. Өзі де елгезек, зейінді бала болған соң, Шоған абыз оны үнемі жанына ертіп, бетінен қақпай өсіреді. Мәмбетке қаратып айтқан әр сөзін «ал, жаным өйте ғой», «ал, жаным, бүйте ғой» деп бастап, әкелік мейіріміне бөлеп отырады. Содан, Мәмбеттің атын атамай, «ал, жаным» деп атай берген соң, былайғы жұрт та оны «Алжан» атап кетеді.

Арада шамалы уақыт өткенде ағасы Мәмбетті (Алжанды) іздеп, Үмбет те келген болатын. Шоған абыз оны да шеттетпей, әулетіне қосып, өз балаларымен тең етіп өсіреді. Кейін, Мәмбет пен Үмбет ержеткен кезде, өз балаларымен бірге оларға да енші бөліп беріп, бастарына үй тігіп, алдыларына мал салады.

Сөйткен Алжан (Мәмбет) мен Үмбеттің ұрпағы өсіп-өніп, албан ішіндегі көрнекті аталардың біріне айналады. Шежіре бойынша Шоған абыздан — Тұрымжан (Тұғыжым), Дәулен (Дәуім) және киімді балалары Алжан (Мәмбет), Үмбет деп таратылады.

Тұрымжаннан — Асан, Үсен. Дәуленнен — Айдос, Төле. Алжаннан — Аламан, Қиғылық, Шағыр, Сырымбет. Бұлардың алғашқы екеуі — бәйбішеден, соңғы екеуі — тоқалдан.

Үмбеттен — Шажа. Үмбет ертерек өліп, оның Солтана деген әйеліне (Шажаның шешесі) әмеңгерлік жолымен Бірімбет (Досалыұлы) үйленген. Бірімбет пен Солтанай арасынан Құлсадақ, Жансадақ туған. Сонда, Шажа, Құлсадақ, Жансадақ үшеуі енелес болады.

Шажа екі әйел алған адам. Бірінші әйелінен — Тінібек, Жәнібек, Қалматай. Екінші әйелінен — Қалке, Жәдік.

Кейін бала-шаға ержетіп, енші бөлісерде, әкелері бөлек Құлсадақ пен Жансадақ Шажаны шеттетіңкіреп, көптігін көрсетіп, еншіні дұрыс бермепті. Бұған өкпеленген Шажа Орта жүздегі арғын нағашыларына барып, еншіні сол жақтан жұрт таң қалатындай етіп алып қайтыпты деген сөз бар. Шажаны нағашылары айрықша ықыласпен қарсы алып, ұлан-асыр той жасап, қайтарында «жиенімізді ұмытпай жүрейік» деп, бір өзеннің атауын Шажаның атымен атапты дейді. Күні бүгінге дейін Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жерінен ағатын бір өзен Шажағай деп аталады. Бұл өзеннің бойын қоныс еткен ел-жұрттың аузында «Ұлы жүздің Шажа деген бір қадірлі адамы нағашы жұртына қонақтап келгенде дүние салыпты, содан өзен «Шажағай» атаныпты» деген де сөз бар (*Дерек беруші Жәлел Айдарханұлы Қалдыбаев, даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы*).

АЛТАЙДАҒЫ «АТАҢ АУЫЛЫ». Исі көшпелі қазақ арасында, оның ішінде Алтай аймағында ХІХ ғасырдың бас кезінен бастап Бұхара, Хиуа, Қоқан жағынан қожа молдалары, Қазан, Уфа, Москва, Петербург жағынан татар молдалары қазақ даласына ағылып келе бастады. Патшалық Ресейдің өкімет орындарынан арнайы тапсырма алып келген миссионер молдалар да аз болмайтын. Бұлардың қай-қайсысын да ислам дініне ниеті беріліп кете қоймаса да құлағы үйренген қазақ халқы жақсы қабылдады. Тіптен, ел басы хандардан бастап, рубасыларына дейін бір-бір молда ұстауды дәстүрге айналдырады. Бара-бара билік тізгінін ұстағандар мешіт салдырып, қажыға барып, молдалармен сүйек болып, ислам дінін ел билеудің бір құралына айналдырады. Әйгілі Бөкей ханның баласы Жәңгір ханның (1801-1845) әйелі Кіші жүзге ислам дінін орнықтыруға айрықша ықпал еткен Қарауылқожаның қызы болатын. Орта жүздегі төре Шынғыс, аға сұлтан Құнанбай сияқты ықпалды адамдардың да қожа, татар молдаларын ұстап, мешіт салдыртқандары белгілі.

Қазақ арасына келген қожа мен татар молдалары ел ішінде айрықша сый-құрметке бөленіп, текті жерлерден қыз алып, ұрпақ өрбітіп, сол молдалық құрған руынын бір атасына айналып отырған. Күні бүгінге дейін жөн сұрасқанда «атығайдың қожасымыз», «каракесектің қожасымыз» немесе «таманың қожасымыз» дегендей сөздерді жиі естуге болады.

Қожа молдалары мен татар молдаларының Алтай аймағына орныға бастауы да ХІХ ғасырдың бас кезі. Шежіре сөздің айтуында ХІХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Бұхарадан сауда жасай шыққан Шаһмансұр атты қожа Мұхаммет Мұһмин деген баласын ертіп Алтай өңіріне келеді. Бұлар жергілікті жұрттың діни адамдарға зәру екенін және олаға ерекше сый-құрметпен қарайтынын көріп-біледі де, сауданы қоя тұрып, діни насихатқа алдымен ден қояды. Сөйтіп жүргенде екі-үш жыл уақыт өтіп кетеді. Жергілікті халықпен де үйренісіп, тіл табысып алады.

Содан, бір жағы жергілікті халық қалаған соң, бір жағы өздерінің көңілі де хош көрген соң Шаһмансұр қожа баласы Мұхаммет Мұһминді керей ішінде қалдырады да, өзі Бұхарасына кері қайтады. Сол кезде Мұһминнің жасы жиырмада еді дейді.

Ел ішінің жай-жапсарына көз қанықтырған Мұһмин жалғызсырамайды, сол елдегі беделді төре Қожамжар (Ежекен) Сәменұлына арқа сүйеп, молдалығын жасап,

балаларды оқытып, ел аузындағы ортанқолдай бір азаматқа айналады. Бара-бара бас құрап, тамыр жайып, Қобда мешіті мен Алтайдағы Сармешітті салдырып, медресе ашып, шарифат жолымен шешім айтып, қазылық құрады. Сол кезде билік құрған «төрт би-төренің» алдынан шешім таппай қайтқан даулы істерді Мұһмин молданың дін жолымен тындырғаны жөніндегі әңгімелер ел ішінде әлі күнге айтылады.

Кейін Мұһмин молда тоқтасып, ақсақалды сары тісті болып, немере-шөбере сүйген кезінде керей жұрты ол кісіні қадірлеп, хазірет деп атап, оның ақарлы-шақарлы ауылын «Атаң ауылы» дейтін болған.

Сол Мұхаммет Мұһмин молданың ұрпағы абақ керейдің ішінде тұтас бір әулет-атаға айналып, ХХ ғасырдың соңына қарай алтыншы буыны өсіп-өнді. Әр буынан бір-бір атаны қуалап отырса Мұхаммет Мұһминнің ұрпағын былай таратуға болады: Мұхаммет Мұһмин, одан — Махсұм қажы, одан — Иамлиха, одан — Бәкен, одан — Кәжек, одан — Ынтымақ.

Мұхаммет Мұһминнің өз кіндігінен — Мұхамметуәли, Әбеуәли, Мұхамметсалих, Халидолла, Әбіш, Ахмет, Мұхамметғали (Махсұм қажы) деп аталатын балалар туған.

АСТЕМІР-ҚАРСАҚ. Шежіре дерегінде Орта жүз найман ішіндегі Бағаналыдан — Ақбай, одан — Сабыл, одан — Бактөс, одан — Иманәлі, одан — Шүрешек, одан — Тоңболат, одан — Баскөнек, одан — Сарғалдақ, одан — Оразай, одан — Дәуелі болып таратылады. Жаугершілік заманда Дәуелінің баласы Жақан қалмақтан бір әйел, бір еркекті қолға түсіріпті. Қалмақ әйелін Жақанның ағасы Жаңабай сауғаға сұрап алып, өзіне некелейді. Жаңабайдың қалмақ әйелінен Шымыр туған. Шымырдан — Қайдауыл, Смайыл (етікші) туады. Бұлардың ұрпағы Атбасар жағында. Ал, қолға түскен қалмақ еркегіне Астемір деп ат қояды. Жүре келе Астемір қазаққа сіңісіп, тілін үйренген соң, қазақ қызына үйленеді. Одан Қарсақ деген бір ұл бала көреді. Сол Астемір, Қарсақтан өрбіген ұрпақ бұл күнде бір ата болып, «Астемір-Қарсақ» атанып отыр.

БАБА СЕБЕК. Кіші жүз беріш тайпасы өз ішінде — есенқұл, қаратоқай, жайық, жаңбыршы, себек, бегіс, есен деген іргелі руларға бөлінеді. Кейбір шежіре нұсқалары беріш тайпасының құрамында — себек, есен, бегіс, күлкеш (күлкіш), қаратоқай, жайық, есенқұл руларын атайды. Осылардың ішіндегі себектің ата-тегін қуалап таратса, Беріш, одан — Байбақты, одан — Әсілбас, одан — Себек болып келеді. Себек өз ішінде — андағұл, бөрібас, сары аталарына бөлінеді.

Шежіре дерегі бойынша Сары батырлығымен танылған адам. Сол Сары батырдың Мәжі деген баласы бір соғыста түркімендердің қолына түседі. Ол жақта түркіменнің Оразымбет деген жігіті өз еліне жеккөрінішті болып, сыйыспай жүреді екен. Сол жігіт Мәжімен тіл табысып, ақыры екеуі тұтқыннан қашып шығады. Елге келген соң Оразымбетке Мәжі өзінің қарындасын қосады. Оразымбеттің шыққан тегі түркіменнің баба руынан екен. Содан, Оразымбеттен өрбіген ұрпақ беріш тайпасының ішіндегі «Баба себек» деп аталатын атасын құраған.

Қаламгер Ә. Ғабдуллиннің: «Тағдыр айдап қазақ жұртынан табылған Мәлі мен Сүйіннің, Оразымбет пен Жүсіптің (Юсуптың) ұрпақтары өсіп-өркендеген, құнарлы

топыраққа тамыр тартқан теректей жапырақ жайған. Беріш тайпасының ішінде ноғай қазақ, баба себек, бесқасқа күлкеш, құлмәлі жайық, бессары есенғұл деп аталатын рулы елдер бар. Дұшпанмен жауласа білген ата-баба жатпен жақындасып, бауырласа да алған. Шаңырақты түйеге мініп келген құл мен күң, құл базарынан сатып алынған бала, жаудан түскен тұтқын, елінен безген қашқын шетқақпай кемсіту тауқыметін тартпаған... (Оларға) ақыл-қабілетіне қарай қоғамдық ортадан орын берген», — деген сөзі тарихи ақиқат (*Ә. Ғабдуллин. Саржала. — Атырау, 1995. 29-бет; Осы тараушадағы «Бесқасқа беріш» тақырыпшасын қараңыз*).

БӘСЕНТИІН ЖҰМАҒҰЛ МЕН ҚАЛҚАМАН ЕНШІЛЕС. Орта жүз арғынның жеті момынынан тараған рулардың бірі бәсентиін болғанда, сол бәсентиін ішіндегі іргелі аталардың бірі — ақмайдан. Қазақтың қария сөзінде Ақмайданнан — Көкшекөз, одан — Бәйімбет, одан — Жаманай, одан — Ырысбек, одан — Шақабай, одан — Жәнібек батыр туған.

Жәнібек қалмақтармен көп шайқасып, бергенінен алғаны көп батыр болған. Кезекті бір жорығында қалмақтан екі қыз алып келіпті. Оның бірін өзі тоқалдыққа алып, одан Сорыпкел, Манамбай атты балалар туған. Жәнібек батыр олжа қыздың екіншісін, өзімен немерелес Байқожаға байлаған. Байқожаның әкесі — Қойсары, оның әкесі — Жаманай. Байқожаның Жұмағұл есімді жалғыз баласы және Қалқаман есімді асыранды баласы болады екен. Байқожа қалмақтың олжа қызын осы асыранды баласы Қалқаманға қосып, басына отау көтеріп беріп, өзінің жалғыз баласы Жұмағұлмен еншілес еткен. Сөйтіп Байқожаның қара шаңырағына асыранды баласы Қалқаман ортақ болған. Осы күні Қалқаманның өсіп-өнген ұрпағынан кімсің десен, «Бәсентиін ішінде қойсарымыз» дейді. Міне, осыдан кейін бұл қазақты айырып көр! (*Дерек беруші Қазыбек Нұралын (1924), қанжығалы қарт Бөгенбайдың тікелей ұрпағы, Екібастұз қаласынан; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 50-51-беттер*).

БЕСҚАСҚА БЕРІШ. Кіші жүз беріш тайпасының құрамындағы рулардың бірі — күлкеш (қүлкіш). Шежіре дерегі бойынша Күлкеш Істемірде (Стерлитамак) оқу оқып, заманында абыз атанған адам екен. Сол Істерліден оралғанда жанына Жүсіп (Юсуп) деген башқұрт жігітін ертіп келеді. Күлкеш шетте жүргенде тап болған қиынқыстау күндерде Жүсіптің көп шапағаты тисе керек.

Елге келген соң Күлкеш өзінің ағайыны Себектің інісі — Жаңбыршының қызына құда түсіп, Жүсіпті үйлендіреді. Жаңбыршының қызынан Жүсіп бес ұл көреді. Олар өңшең қасқа ат мініп жүретін көрнекті азаматтар болып ержетеді. Жүсіптің осы бес ұлының өсіп-өнген ұрпақтары «Бесқасқа беріш» деп аталады (*Осы тараушадағы «Баба себек» тақырыпшасын қараңыз*).

ЕСҚОЖА. Ұлы жүз шапырашты тайпасы өз ішінен малдыыстық, желдіыстық, қылдыыстық деп аталатын үш рулар бірлестігіне бөлінсе, осылардың малдыыстығы өз ішінде екей, еміл, есқожа деп аталатын үш руға бөлінеді. Шежіре дерегі бойынша Есқожаның шыққан тегі түркімен болса керек, жаугершілік заманда Емілдің

жанұясына келіп қосылыпты дейді. Еміл жас жігіт кезінде дүние салып, соңында Жайық, Алысай деген екі бала қалады. Содан, Емілдің жесіріне Ескожа үйленіп, Жайық пен Алысайды өз балаларындай етіп тәрбиелеп өсіреді. Кейін, Ескожа тағы төрт әйелге үйленіп, олардан – Шағаман, Тоғызтоқпақ, Төретұқым, Шуаш, Алтынай деген балалар туған.

Шежіре таратушылар, әдетте, Емілдің де, Ескожаның да өсіп-өнген ұрпақтарын қосып, «Ескожа ұрпағы» деп атайтын дәстүр қалыптасқан.

ЖАЛЫҚПАС. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектен – Ақша, Түйте, Шұбыртпалы, Шекті туады. Ақша мен Түйте бәйбіше балалары болса, Шұбыртпалы мен Шекті жаугершілік кезінде сауғалап алған қыздан туып еді дейді. Бұл қызды қолға Сүйіндік түсірсе керек. Қаракесек ағасы Сүйіндіктен қолқалап алып үйленеді.

Сондай-ақ, қаракесек ішіндегі еншісі бөлінбеген аталардың бірі – жалықпас. Қария сөздердің айтуы бойынша, алшын Зортымақтың асына үш жүздің жақсы-жайсаңы жиналып, аламан бәйгеге бір тұлдыр жетім бала тігіліп еді дейді. Бәйгеде Қаракесектің Сағымсары деген аты бірінші келіп, жетім бала Қаракесекке бұйырады. Сол жерде Қаракесек олжа балаға асықты жілік ұстатып, оң тізесіне отырғызып, құлағына: «Әулетіме жалықпай қызмет ететін бол – Жалықпас, Жалықпас, Жалықпас!» – деп үш рет айқайлап, өзіне бала етіп алады.

Қаракесек елге келген соң Жалықпастың білегін тоқалына ұстатып, омырауын иіскеттіріп, «бұл енді сенің мұндас балаң болады» депті (*Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Н. Дүкенбаев. Жалықбас руының шежіресі. – «Алаш» журналы. № 1 (16). 2008. 31-36-беттер*).

ЖАМАНАҚ – ӨРІС. Шежіре бойынша Кіші жүз әлім бірлестігінің ішіндегі жаманақ (шекте) тайпасынан төрт іргелі ру тарайды. Олар: шыңғыс, баубек, өріс, мәку (қалу). Осылардың ішінде мәку туралы айтылатын қария сөз бар.

...Қазақтың бақуатты бір байы үш жүзге сауын айтып, әкесіне ас береді. Бұл асқа Жаманақ балаларының үлкені Шыңғыс баратын болады. Содан, Шыңғыс жол жүріп келе жатып, бір жерлерге келгенде намаз оқу үшін кідірістейді. Кідірген жерінде ағаш өсіп тұр екен, жақындап келсе сол ағаштың көленкесінде бір бала ұйықтап жатыр дейді. Шыңғыс намазын оқып болған соң, баланы оятып, жөн сұрайды. Бала: «Әке-шешем де, жанашыр ағайын-туысым да жоқ, тұлдыр жетіммін. Кімді пана тұтарымды білмеймін», – дейді. Шыңғыс баланы аяп, атына мінгестіріп ала кетеді.

Екінді кезінде ас беретін ауылға жақындағанда Шыңғыс баладан: «Егер басқа қамқор болар ешкімің болмаса, маған іні болсаң қайтеді?» – деп сұрайды. Бала: «Атым – Мәку, сіздей ағам болса, арманым болмас еді», – деп ағынан жарылады.

Шыңғыс: «Олай болса, екеуіміз былай келісейік. Мен анау алдымызда көрінген ауылға асқа бара жатырмын. Осы жерден түсіп, сен де сол ауылға өз бетіңмен барып, қонатын бол. Сонсоң, ертең асқа жиналған елге: «Жаманақ деген кісінің баласы едім. Шыңғыс, Баубек, Өріс деген ағаларым бар еді. Біраз жыл бұрын ауылымызды қалмақ шауып, мен жастай жау қолында кетіп едім. Содан қашып құтылып,

елге келе жатқан бетім осы. Араларыңызда менің ағаларымды білетіндеріңіз жоқ па? Қадірлі әлеумет, бауырларыммен табысуға көмектессеңіздер екен!» — деп сұрау сал. Сол кезде, мен де бір шеттен: «Уа, жамағат! Сонау бір жылы қыли көз қалмақ ауылымызды тосыннан шауып, мал-жанымызды олжалап кеткенде, көптің ішінде Мәку деген інім де бар еді. Егер, тірі болса, ержетіп елін табатындай болып еді. Қазақтың қай түкпіріне сұрау саларымды білмей жүруші едім. Осындай сәттен үміт етіп, сұрау салып тұрмын. Іштеріңізде Мәку деген баланы білетіндеріңіз жоқ па?! Болса, қуанышты хабар айтып, сүйінші сұраңыздар!» — деп жар саламын. Бірақ, көптің ішінен біреу-міреу «ініңнің қандай белгісі бар еді» деп сұрап қалуы мүмкін ғой. Сонда айта қоятындай бойында бір белгі бар ма?» — деп сұрайды. Мәку сол жерде көйлегін түріп жіберіп, арқасындағы алақандай қалын көрсетеді. Бұған Шыңғыстың көңілі толады. Содан, Шыңғыс пен Мәку келісім сөздерін бекемдеп, екеуі екі бөлініп, жүріп кетеді.

Ертеңінде ас беріледі. Уәде бойынша ас беріліп жатқанда Шыңғыс пен Мәку, әрқайсысы өздерінше жар салып, бірі інісін, екіншісі әкесі мен ағаларын іздеп жүргендерін айтып, хабар таратады. Ол хабар бірден-бірге әп-сәтте тарап, ақырында жұртшылық жар салып жүргендерді бір-бірімен табыстырады. Айтқанындай, әлдекім Шыңғыстан: «Ініңнің қандай белгісі бар еді?» — деп сұрайды. Шыңғыс інісінің арқасында алақандай қалының бар екенін айтып, оған сол жерде көптің көзін жеткізіп, інісін бауырына басады. Сөйтіп, Шыңғыс Мәкуді еліне ертіп келіп, ауыл-аймақты жинап, ұлан-асыр той жасайды. Мәку мінез-құлқымен де, ақыл-парасатымен де жаңа тумаларына да, ағайын адамдарына да жағады. Женгелері оның арқасындағы қалды мензеп, «Қалу» деп жанама ат қойып алады. Бара-бара бүкіл ел-жұрт солай атайтын болады. Мәку ержеткен соң, ағайындардың демеп-қолдауымен үйленіп, балалы-шағалы болады.

Шежіре дерегінің бір үлгісі бойынша Мәкуден — Бөлек, одан — Тілеу, Қабақ туыпты дейді. Келесі бір шежіреде Мәкуден — Бөлек, одан — Айт, Бұжыр (бұл екеуі бәйбішеден), Ақмалай, Олжабай, Шағатай, Бұғыбай, Жаңабай (бұл бесеуі Жәкей деген тоқалынан, сондықтан оларды жинақтап «Бес жәкей» деп те атайды). Тағы да бір шежіре дерегінде Мәкуден — Бөлек, одан — Жалғасбай, одан — Үсен, Сауқым туып еді дейді. Бұлардың ұрпақтары ХХ ғасырдың бас кезінде Арал теңізінің «Шенгелтүбек» деген жерін жазда жайлап, күз түсе Үргеніш, Мойнақ жағына көшіп кетіп жүреді екен. Кейін ел дәулеті тәркіленіп, апалаң-топалаң заман болған соң, Мәку ұрпағы Шенгелтүбекті жайлауын тоқтатты дейді (*Дерек беруші Тілепалды Досақұлы (1929), даңғайыр шежіреші, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы*).

ЖЕТІ ЖІГІТ. Үш атадан өсіп-өнген қазақ ошақтың үш бұтындай бір ел болып жүрген заманда Қасен ханның тұқымынан шыққан Асанқайғы деген ақылгөй болады екен. Сол Асанқайғы елге жайлы қоныс іздеп жүріп, Бұқарадан әрі жатқан Жиделі-Байсын деген жерге жеткенде тізгін тартыпты. Сол жерден елге хабар айттындар деп, жеті жігітті кері аттандырыпты.

Ол кез қазақ жұртының жаугершілікте жүрген кезі екен. Жеті жігіттің жеткізген сәлеміне мойын ұсынар мұршалары болмапты. Шабарман жеті жігіт болса оңтүстік-

ке кері қайтқысы келмей, қазақ арасында қалып қояды. Содан, жеті жігітті қазақтың үш жүзінің рулары өзара бөлісіп, сүйек ұстатып, жүзге қосып, еншілес етіпті. Сонда, Қанлы мен Шанышқылыны — Ұлы жүз, Керей мен Уақты — Орта жүз, Табын мен Телеуді — Кіші жүз алып қалады. Ал, Тама иесіз қалады. Енді Тама кімге бұйырады дегенде, үш жүздің игі жақсылары «жүйрік жарыстырайық, қай жүздің аты озып келсе, Тама соған бұйырсын» деп пәтуаласады. Жүйрік жарысында Кіші жүздің құла аты озып келіпті. Содан Тама Кіші жүзге бұйырып, еншілес болған екен (*Дерек беруші Башар Әрінулы (1889-1972), Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданынан; Г.Н. Потанин. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. — «Живая старина» журналы, 1916. 61-бет).*

КЕНЖЕҚАРА. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — қуандық. Қуандықтан өрбіген рулардың бірі — алтай. Алтай ішіндегі аталардың бірі — кенжеқара (*Кенжеқара туралы «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасының «Аққоян» деген тақырыпшасын қараңыз).*

КЕРЕЙ МЕРКІТ НЕМЕСЕ ТӨРТ МЕРКІТ. Орта жүз он екі ата абақ керейдің бір атасы меркіт болғанда, сол меркіт ішіндегі «Төрт меркіт» деп аталатын алмамбет, құлсары, шағыр, лепес аталары туралы ел ішінде айтылатын қария сөз бар.

Ертеректе Орта жүз ішінде өзбек қожаларынан шыққан Тоқтар, Толым атты екі жігіт бала сүндеттеп жүреді екен. Осы екі жігіттің бірі — Тоқтар найман ішіндегі қаракерей Байыстың Мақта есімді қызына үйленіп, араларынан туған Байжігіт есімді бала сол елге сіңісті болады. Ал, Толым болса абақ керейдің ішіне тұрақтап, қыз алып, одан Меркі, Меркіт есімді екі перзент көреді. Кейін есейе келе Меркі саудамен айналысып, Шығыс Түркістанға барған бір сапарында ұйғыр қызына үйленеді де, сол жақта тұрып қалады. Ұйғырлар арасындағы қазіргі долан (жауырын), мәкіт аталатын аталар осы Меркінің ұрпақтары еді дейді.

Ал, абақ керейдің ішінде қалған Меркіт болса, ол сол керей ішіндегі бір қызға үйленіп, одан — Құлсары, Алмамбет деген екі ұл, Аққозы деген бір қыз көреді. Аққозы бойжеткен кезде Үргеніштен келген бір салт жігітке тұрмысқа шығады. Одан — Шағыр, Лепес атты екі ұл туады. Осы екі ұлдың жас кезінде әкелері қайтыс болып, жетім қалған балалары — Шағыр мен Лепес меркіттің ішіне сіңіп кетеді. Кейін олардан тараған ұрпақ өсіп-өніп, төрт меркіттің шағыр, лепес атты екі атасын қалыптастырады.

Төрт меркіттің қалған екеуі — Алмамбет пен Құлсары туралы да шежіре аңызы бар.

Баяғы Шыңғыс хан заманында меркіттер жеңіліс тауып, тоз-тоз болған елдің бір бөлігі керейлерге келіп қосылады. Меркіттерді бастап келген басие азамат керейлермен тіл табысып, керейдің тізгін ұстағандарымен анда болып, керейден қыз алады. Сол қыздан Алмамбет, Құлсары есімді балалар туып, олардан өрбіген ұрпақ кейін Шағыр мен Лепес ұрпақтарына қосылып «Төрт меркітті» құрайды.

Меркіттердің абақ керей ішінде іргелі ата болып кетуіне Жәке Қойтанұлы, Дәмежан Кешубайұлы, Баймолда Қарекеұлы сияқты адамдар ақыл-парасатымен көп еңбек сіңірген.

ҚАНЖЫҒАЛЫ АЛДАБЕРДІ. Шежіре дерегі бойынша арғын ішіндегі Қанжығалыдан (Толыбай сыншыдан) — Ішпек, одан — Қармыс, одан — Бозым, одан — Әжібай, одан — Ақтамақ, одан — Қара, одан — Жәдігер, одан — Мәмбетбай болып тарайды. Осы Мәмбетбай туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы былай дейді: «Қараның қара шаңырағы — Жәдігерде. Жәдігердің қара шаңырағы — Мәмбетбайда. Мәмбетбай төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, бір келімсек жігітті бала қылып асырап алып, атын Аллаберді қойған. Өзінің екі баласын былай қойып, қара шаңырағына ие қылған» (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 47-бет*).

Қанжығалы ішінде Аллабердіден тараған ұрпақ өз алдына бір ата құрайды.

ҚАНЖЫҒАЛЫ ЖЕТІРУ. Орта жүз арғын ішіндегі қанжығалы руынан өрбіген аталардың бірі — есен. Шежіре дерегінде Есеннен ұл тумаған, жеті қыз туған. Сол жеті қызы кезегімен ұзатылып, перзент болғанда, әрқайсысынан бір-бір баладан асырап алып отырған. Олар ержеткенде үйлендіріп, өз баласындай әрқайсысына лайықты енші бөліп берген. Есеннің жеті жиен баласы — Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқандай, Есіркеп, Нияз, Жолымбет деп аталады. Бұлардан туған ұрпақты жинақтап «Жетіру» деп атайды (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. 46-бет*).

ҚАРАУЫЛҒА СІНГЕН ҮШ БАЛА. Орта жүз арғын ішіндегі тайпалардың бірі — атығай. Негізгі мекені Көкшетау, Қызылжар өңірі. Атығай он екі ата. Соның бір атасы Қалқаштан — Құдайберді, Бәйімбет туған. Бұл екі атаның үрім-бұтағы негізінен Алакөл-Салпық төңірегін мекен етеді.

Осы Құдайберді атасынан әйгілі Зілқара Байтоқұлы шыққан. Бұл Көкше өңірінде ұзақ жыл дуанбасы болып, полковник шенін алған (1852) адам. Заманында Зілқара әйгілі Біржан салмен араласып, Арыстан, Орынбай сияқты ақындардан марапат өлеңдер естіген.

Бұл өңірде екінші бір Зілқара болған. Ол — керей Зілқара Жанкісұлы. Бұл кісі де сал-серілік құрған әйгілі адам. Бірде серілік құрып жүріп, досы Байтоқаның үйіне қонақ болып жатқанда әйелі ұл тауып, содан Байтоқа баласының атын Зілқара қойса керек.

Осы Зілқара Байтоқаұлынан Әлібек батыр туған. Бірде найман ішіндегі бағаналы руынан үш жігіт қашып келіп, Әлібек батырдан пана сұрайды. Әлібек батыр елінен зорлық көріп келген бағаналының үш жігітін бауырына тартып пана болады.

Кейін Әлібек батыр әлгі үш жігіттің біреуіне асықты жілік ұстатып ырымын жасап, өзіне бала етіп алады. Бұл жігіттен — Кенжекей, одан — Қажынабай, одан — Қабылзайыт, Дулат деген балалар өсіп-өніп, бұлар атығай ішіндегі «Зілқара балалары» атанған.

Бағаналы елінен келген үш жігіттің екіншісін Әлібек батыр өзімен ағайын жұмық Кәртайға береді. Бұл жігіттен — Жабағы, Ералы туған. Жабағыдан — Ескен, Рамазан. Ералыдан — Қайролла, одан — Нұрлан, Жаманқара, Бекеш, Нұралы. Ескеннен — Қалымтай. Рамазаннан — Зейнолла, Есенжол, Аманжол болып өрбіген. Бұларды «Жұмық балалары» деп атайды.

ҚАРАША. Шежіре деректері бойынша Орта жүз қоңырат ішіндегі көтеншіден тарайтын рулардың бірі қараша деп аталады. Шежіреші Сайдаққожа Жүсіпұлы 1875 жылы Бұхарада басылып шыққан «Қазақ тайпаларының тарихы» атты кітабында: «Қараша тайпасы XVIII ғасырдың соңында Цин (Қытай) қағанаты Жоңғар хандығын жаулап алған соң, жоңғар Қарашын (Гуранты Доржи) батырмен бірге қазақ жеріне келген жоңғарлардан құралған. Олар бертін келе қазақ ұлысымен араласып кетті. Жергілікті қазақ тайпалары оларды Қарашын батырдың атымен Қарашалар деп атай бастаған. Қараша тайпасы Ақмешіт, Түркістан, Ташкент уалаяттарында тұрады», – деп жазған (*«Ана тілі» газеті, 1993. 15-сәуір*).

Онамастикаға біліктілікпен ден қоя білген белгілі ақын Байбота Серікбайұлы шежіреші Сайдаққожа Жүсіпұлы жазған Қарашын (Гуранты Доржи) 1755 жылы Цин (Қытай) әскерімен бетпе-бет соғысқан қалмақтың әйгілі қолбасшысы Гээрцзан Доэрцзи (Галдан Доржи) болу керек деген жорамал айтады. Шежіре дерегінде Қарашадан туған Кейден батырдың айдаһармен шайқасуын тотемдік танымның жаңғырығы ретінде қарастырып, қытай халқы кие тұтатын құбыжық айдаһар сол халықтың өзін бейнелейтін қиял-ғажайып ертегілік сипат алған дейді (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы, 2003. 326-327-беттер*).

ҚАРЖАС. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы рулардың бірі шегендік пен қуандық деп аталады. Шежіре деректері бойынша ел-жұрт арасының жақындығын баянды ету үшін Қуандықтың Олжакелді деген баласын Шегендік асырап алады. Олжакелдіден – Қаржас туып, Қаржастың ұрпағы рулы елге айналған (*Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы*).

ҚОРАЛАС. Шежіре дерегі бойынша Ұлы жүз Дулаттың қызы оң жақта отырып жүкті болып, қой қорада босанса керек. Содан баланың атын Қоралас қойыптымыс. Қоралас Дулаттың бауырында өсіп, сол елдің рулы еліне айналған дейді.

Келесі бір шежіре дерегінде Ұлы жүздің дулат тайпасында Ботбай деген бай болыпты дейді. Ботбайдың Қалдықұл деген қызы Аппақ ишанның жанына еріп жүрген Алдияр деген жігітпен қосылады. Бір жаугершілікте Алдияр қаза тауып, одан соң көп кешікпей Қалдықұл де дүние салады. Арттарында қалған Қоралас деген бала нағашы әжесінің қолында өседі. Осы Қоралас ержетіп, бас құраған соң дүниеге Қарақойлы және Қарақосай деген екі перзент келеді. «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деген емес пе, заты бөтен болса да, Қарақойлы мен Қарақосайдың ұрпағы Ботбай әулетіне есеп болып, қоралас қожа руы солардан өсіп-өрбіген екен дейді (*М. Жылқыайдаров. Қазақтың жүздері мен рулары. – «Жас алаш» газеті, 1995. 14қаңтар*).

ҚҰЛТАЙ-БОЛАТ. Орта жүз абақ керей ішінде Жусан – Жапбас – Жабай болып тарайтын аталар бар. Келесі бір шежіре Керей – Арыстанбек – Ақылбай (бәйбішесі Абақ) – Байтайлақ – Құттыберді – Жапбас – Жабай деп таратады. Жабайдан – Көнсадақ пен Құлтай-Болат аталары өрбіген. Шежіре дерегі бойынша Жабай өзінің Шора деген қызын жәнтекей ішіндегі Шүйіншәлі деген кісінің Барақ деген баласына ұзатады. Шора мен Барақтың арасынан Құлтай және Болат деген екі бала

туады. Жаугершілікте Барақ мерт болып, Жабай өзінің қызы мен оның балаларын қолына көшіріп алады. Сөйтіп, Құлтай мен Болаттың өсіп-өнген ұрпағы «Құлтай-Болат» деген атпен Жабайдан тарайтын бір ата санатына қосылған.

Сөз орайында, Құлтай мен Болатты Керей – Арыстанбек – Ақылбай (бәйбішесі Абак) – Байтайлақ – Құттыберді – Бағаналы – Байлау – Жиеншора – Құлтай және Болат деп тарататын шежіренің де бар екенін айта кеткен жөн. Бұл шежірелердің қай-қайсысы да құлтай-болаттың жиен ата екенін растайды.

ҚЫБЫРАЙ-БЕСТЕРЕК. Ұлы жүз ысты тайпасының ішінде қыбырай-бестерек атасы бар. Шежіре дерегі бойынша бір кездері алты татар жігіті ысты ішіне келіп тұрақтап қалыпты дейді. Осылардың Ақмолда деген біреуі тілік руының ішіндегі қоңыр атасынан қыз алып, одан өрбіген ұрпақ «Ақмолда» атасы атанып кетеді.

Ал, татар жігіттерінің қалған бесеуі болса жұптарын жазбай, Бұрылдай өзенінің бойына орнығып, олардан тараған ұрпақ ысты тайпасының құрамындағы «Қыбырай-Бестерек» атасын құраған.

ҚЫРҒЫЗАЛЫ. Орта жүз қоңырат ішіндегі көтеншіден өрбіген рулардың бірі қырғызалы деп аталады.

Шежіріші Сайдаққожа Жүсіпұлы 1875 жылы Бұхарадан бастырып шығарған «Қазақ тайпаларының тарихы» атты кітабында былай деп жазады: «Қазақ қырғызалылары – қырғыз халқының солты тайпасының бір бөлігі. Олар XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жеріне келген. Бертін келе қырғыз-солтылары қазақ тайпаларымен араласып кетті. Қырғыз-солты сол кезден бастап қазақтың қырғызалы руы атала бастады. Қырғызалының бір бөлігі Орта жүздің қоңырат тайпасының құрамына бертін келе енген. Қырғызалылардың әдет-ғұрыптарында, тіл ерекшелігінде аздап қырғыз-солтыларға тән қасиет сақталған. Жүзге кірмейтін қырғызалылар Ақтөбе маңын мекендейді (*«Ана тілі» газеті, 1993. 15-сәуір*).

ҚЫСТЫҚ. Ұлы жүз албан тайпасы өз ішінде шыбыл және сары деп аталатын екі іргелі руға бөлінеді. Осылардың сарысынан сүйерқұл және сүйменді (таубұзар) аталары тарайды. Шежіре бойынша Сүймендіден (Таубұзар деп те атайды) – Айт, Бозым туған. Айттан – Жанбаба, Абата, Сүйіндік, Маматайыр деген төрт ұл және Қарашаш деген бір қыз туады. Кейбір шежіре дерегінде Қарашаш Сүймендіден туып еді дейді.

Қарашаш бойжеткен кезде бір төренің Есқожа деген баласына айттырылып, дәстүр бойынша төре бала ұрын келеді. Содан, Қарашаштың ұзатылар мерзімі белгіленіп, ел-жұрт қамданып отырғанда төре бала қайтыс болды деген хабар жетеді. Жаугершілік заман болса керек, кейін жесірін іздеп келушілер де болмайды. Сөйтіп, төре жігітінен жүкті болған Қарашаш айы-күні жетіп бір ұл табады. Балаға «Жиенқұл» (Жиенбай, Байжиен деп те атайды) деп ат қойып, оны Қарашаштың ағалары бауырларына салып өсіреді. Алайда, бала өсе келе төңірегіндегілер оны «Қыстық» деп атап, сол ат бүкіл ел-жұртқа жайылып кетеді.

Кейін Жиенқұл (Қыстық) ержетіп, үйленіп, одан өсіп-өнген ұрпақ албан ішіндегі іргелі рулардың біріне айналады.

Қыстықтан (Жиенқұлдан) – Ақназар мен Токназар (Тоқтамыс деп те атайды) туады. Ақназардан тараған ұрпақты «Аққыстық», Токназардан тараған ұрпақты «Қарақыстық» деп атайтын дәстүр қалыптасқан.

МӘКУ. Шежіре бойынша алты ата әлім ішіндегі тайпалардың бірі – шекті (жаманак). Жаманактан – шыңғыс, өріс, баубек, мәку (калу) – төрт ата тарайды. Осылардың ішінде Мәку жаугершілік заманда Шыңғысты паналаған жетім бала еді дейді.

МӘТІ, МӘЛІ. Кіші жүз он екі ата байұлы, оның ішінде – жары, оның ішінде – тоқтамыс руында мәті деп аталатын ата бар. Дәл сол сияқты, он екі ата байұлы, оның ішінде – жайық руында мәлі деп аталатын ата бар. Ел жадында сақталған қария сөзде де, шежіре баянында да, тарихи деректерде де Мәті мен Мәлі Иранның шахы Нәдірдің (1688-1747) Нәдірше деген баласынан туған немерелері еді дейді. Нәдір шахтың шыққан тегі түрік, оның ішінде аусары (афшар) тайпасының қырықұл руынан болса керек. Заманында аусарлар Сыр бойын қоныс етіп, содан Батыс Түркі қағанаты ыдырағаннан кейінгі аласапыранда Маңғыстауға, одан Еділ бойындағы Хазарияға, одан Әзірбайжанға, одан Хорасанға ығысуға мәжбүр болған (*Ә.Кекілбаев*).

Иран жерінен ауғандар мен түріктерді тазарту жолында тынымсыз күрес жүргізген Нәдір 1736 жылы таққа отырған соң Индияға, Орта Азияға, Кавказ сыртына жорықтар жасап, ақыры Хорасанда 1747 жылы қастандық құрбаны болады. Кешікпей-ақ, бүкіл Нәдір әулеті быж-тыж болып, ұрпағы Хиуа базарына құлдыққа сатылады. Нәдірдің баласы Нәдіршеден туған үш немересі – Мәті, Мәлі есімді екі ұлы және бір қызы осы Хиуаның құл сататын базарына тап болады. Мәтіні адай ішіндегі Тоқтамыстың Доспамбет деген кісісі алып, үйіне келген соң Таңсық деген тоқалының бұтынан өткізіп, өзіне «көйлекті бала» етіп алады.

Мәті көзінің тірісінде-ақ адай ішіндегі ең бір сыйлы адамдардың біріне айналып, көріпкел-әулиелігімен, әсіресе, емшілік қасиетімен көптің құрметіне бөленеді. Адайлар арасында «Мәті – аурудың келді сәті» деген мәтелдің күні бүгінге дейін айтылуы соның айғағы. Мәтіге Каспий теңізінің солтүстік-шығысындағы Тасорпа құдығының батыс бетінде екі шақырымдай жерден көрінетін төбе басынан топырақ бұйырған (*С.Назарбекұлы*).

Қазір тоқтамыс руының ішінде Мәтінің өсіп-өнген ұрпағы өз алдына бір атаны құрайды. Шежіре қуалағанда Мәтінің сегізінші-тоғызыншы ұрпағы дүниеге келген. Солардың бірі қазақтың көрнекті сәулетшісі, қаламгер ақын Сайын Назарбекұлы.

Нәдір шахтың екінші немересі Мәлі беріш ішіндегі Тұмаш деген адамның қолына түсіп, оны өз балаларымен еншілес етеді. Бұл жөнінде Халел Досмұхамедұлы былай дейді: «Махамбет беріш руынан, жайық арасынан. Махамбеттің атасы Өтеміс, Өтемістің атасы – Құлмәлі. Мәлі деген кісі жауда қолға түскен тұтқын екен. Беріш Тұмаш деген адамның балалары еншілес қылып алған. Өзін-өзі қызылбастың Нәдірше деген патшасының тұқымымын дейді екен. Құлмәлі деген бұл күнде Гурьев уезінде Тайсойған деген жерде бір бөлек ел. Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де, әулие де шықты деп қазақтар ұлықтайды».

Енді, Нәдір шахтың немере қызы бар емес пе, сол қызды адай ішінде Қожаберген деген бір ауқатты адам алып, одан Жаманке, Дос деп аталатын екі перзент көреді.

Бұлардың да өсіп-өнген ұрпағы өз алдына бір-бір ата болған жайы бар (*Х. Досмұхамедұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1998. 32-бет; Ә. Кекілбайұлы. Шандоз. — Алматы, 2003. 175-179-беттер; С. Назарбекұлы. Мәлі мен Мәті. — «Таң-Шолпан» журналы, 2005, № 5. 122-129-беттер*).

НАЙМАН БАЙЖІГІТ. Орта жүз найман тайпасының ішіндегі байжігіт атасы туралы ел ішінде айтылатын қария сөз бар.

Ертеректе өзбек қожаларынан шыққан Тоқтар, Толым есімді екі жігіт Орта жүз ішінде бала сүндеттеп жүреді екен. Бұл екі жігіттің бірі — Толым абақ керейдің ішіне тұрақтап, сол елден қыз алып, араларынан Меркіт деген бала туып, оның ұрпағы рулы елге айналып еді дейді.

Ал, өзбек қожаларынан шыққан екінші жігіт — Тоқтар болса найман ішіндегі қаракерей Байыстың Мақта есімді қызына үйленіп, араларынан Байжігіт, Жанжігіт есімді екі бала туады. Кейін Тоқтар (Тоқтарқожа) тоқтаса келе Жанжігіт деген баласын ертіп, өзінің туған жері Үргенішке кетеді. Сол кеткеннен олар қайтып оралмайды. Ал, мұнда қалған Байжігіт болса найман ішінде жүріп қаракерейдің бір қызына үйленіп, өсіп-өніп, рулы елге айналады.

Байжігіттен — Жұмық, Тоғыс, Мәмбет аталары өрбіген.

НАЙМАНЫҢ ЕРШЕН МЕН НОҒАШ АТАСЫ. Орта жүз найман тайпасының ішінде «Үш ергенектінің» (саржомарт, бура, көкжарлы) бірі көкжарлы руы болса, шежіре дерегінің бір үлгісі бойынша Көкжарлыдан — Қаратай, Жәрке, Андағұл, Тілеуберді, Қайқыберді, Тәнірберді, Құдайсүгір туады. Осылардың Қаратайынан — Беске, одан — Дәулет, одан — Досқұлы, одан — Қисық, одан — Құттықадам, Көкі, Едіге, Айтқұл, Ұзақ, Шалғымбай туған. Қисықтан туған осы алты ұлдың ішінде бір ғана Көкіде он сегіз ұл болыпты. Сол он сегіз ұлдың ішіндегі Ершен мен Ноғаш туралы айтылатын қария сөз бар.

Ол заманның жорық-жортуылы, барымта-қарымтасы көп болса керек. Бірде жаудан түскен олжаны бөліскенде Көкі: «Мен мал алмаймын, жан аламын», — деп, қабағы түскен Ершен деген қалмақ баласы мен көзі қарақаттай жаудыраған қазақ баласы Ноғашты қалап алыпты. Өзі кең пейілді Көкі, балалы-шағалы болса да, Ершен мен Ноғашты өз балаларындай мәпелеп өсіріп, ержеткен соң: «Менің бөлтек балаларыма селтек қыздарың бар ма?» — деп жүріп, екеуін де үйлендіреді, бастарына отау көтеріп, бауырларына қазан салады. Құдайдың құдіретімен деседі, осы екі жігіттен едәуір ұрпақ тарап, өз алдарына бір-бір ата болып, іштерінен өткір тілді ақын да, әділ би де, ауқатты бай да шықты, сөйтіп көкжарлының абыройын асырмаса, ұятқа қалдырған кездері болған емес.

Шежіре бойынша Ершеден — Қанжарбай (Қотан), одан — Үйткенбас (Қамбар), Шотай туған. Ал Ноғаштан — Мәнекей, Жалбаған, Көдебай туған (*Дерек беруші Бошай Кітапбаев (1924), даңғайыр шежіреші, соғыс ардагері, Еңбек Ері, қоғам қайраткері, Шығыс Қазақстан облысы, Қотанқарағай ауданы, Қызылқайың ауылы*).

ӨНГІТ. Ел ішіне кең тараған шежіре дерегінде Кіші жүз он екі ата байұлының бір атасы жаппас болса, осы жаппас тайпасы өз ішінде алты атаға бөлінеді. Олар:

сумұрын (шылауын), қалқаман, қаракөз, қияқты, шалтақ, өңгіт (үңгіт). Осылардың ішінде өңгіт атасына қатысты ел жадында сақталған қария сөз бар.

Ертеректе өңгіт деген рудың ішінде Түнқозы деген атақты бай болыпты. Бірде, сол Түнқозының Жаубасар деген баласы ауыл-елдің бір көрнекті адамының баласымен бірге аңға шығыпты. Жаубасар бүркітін алып, жанындағы серігі тазысын ертіп шығады. Содан, аң аулап жүргенде күтпеген оқиға болады. Жаубасардың бүркіті көзіне ештеңе шалынбаған соң, тазыға түсіп, оны бүріп өлтіреді. Бұған қатты қапаланған Жаубасардың серігі сол жерде бүркіттің мойнын бұрап жіберіп, мерт қылады. Қыран бүркітінен айырылған Жаубасар да ашу үстінде жанындағы серігін қылышпен шауып тастайды...

Болған оқиғаны Жаубасар жасырынып келіп, әкесі Түнқозыға айтады. Түнқозы бай: «Мұның арты жақсы болмас, өлген баланың әкесі ықпалды адам. Сондықтан, менің Сыр еліндегі Қаракөз деген досымды паналай тұрғаның жөн болар», — деп ақыл береді.

Жаубасар әке ақылы бойынша Сыр еліндегі Қаракөз биге келіп, болған жағдайды ашық айтып береді. Қаракөз би оң шырай танытып қамқорлығына алады. Содан, сол үйдің бір баласындай болып, қызмет жасап жүреді. Жаубасардың жөн-жобаға жүйрік азаматтығына, істің орайын келтіргіш қажыр-қайратына, әсіресе, жауырыны жерге тимейтін палуандығына риза болған Қаракөз би үлкен ұлы Сушақтан туған немере қызы Кенжебикені оған қосады.

Кенжебикеге қосылған соң арада біраз уақыт өткенде Жаубасар ойлайды: «Қаракөз бидің жақсылығын елеусіз қалдырып, бұлайша жүре бергенім жарамас. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмас» деген, Құдай қосқан қосағым Кенжебикенің де жүзін жерге қаратпайын. Өз еліме барып, қазақтың жөн-жоба, жол-жорасы бойынша әкемнің құда болып келуін ұйымдастырайын», — деп. Осындай ниетпен Жаубасар өз еліне жасырын келіп, әкесіне жолығады. Әкесі Түнқозы: «Ниетің дұрыс, шырағым. Бірақ, сенің қолыңнан қаза тапқан жігіттің әкесі әлі райынан қайтқан жоқ. Әйтеуір, «Сенің балаң өлсе, арулап жерледің, мен болсам баламның сүйегін де таба алмай отырмын» деп, теңдік бермей отырмын. Мұндағылар үшін сен де өлген адамсың. Сондықтан, әзірше бой тасалай тұрғаның жөн. Қаракөз досыма осы жағдайды жеткіз. Ата-бабаның жөн-жобасы мен жол-жорасын білмей отырғаным жоқ, көзге түспейін деп отырмын. Мына, бір дорба алтын-күмісті баласының «сүт ақысы» деп қолына ұстатарсың», — деп, баласы Жаубасарға бір дорба алтын-күміс ұсынады.

Жаубасар әке ақылын жөн көреді. Сөйтіп, Қаракөз бидің елінде жүре береді. Арада біраз уақыт өткенде ағасымен бірге болу үшін Жаубасардың Байғонды, Кенжебай, Андағұл, Темір дейтін інілері де көшіп келеді. Олар да сол елден қыз алып, тамыр жая бастайды.

Жаубасардың туыстары келіп қосылған соң Қаракөз би ұлан-асыр той жасап, күйеу баласының ата-тегін ел-жұртқа жария етіп, Жаубасарға арнайы енші береді.

Осылайша, жаппас тайпасы бұрын бес ата болса, Жаубасар бастаған өңгіттер алтыншы ата болып орнығып қалады. Шежіре бойынша жаппас тайпасының ішіндегі бес ата өңгіттер (жаубасар, байғонды, кенжебай, андағұл, темір) осы бес ағайынды жігіттерден өсіп-өнген.

Жаппас ішіндегі өңгіттердің байғонды, жаубасар, кенжебай аталары өзара қыз алыспайды. Ал, бұл үшеуімен андағұл, темір аталары бертін келе қыз алысатын болған. Мұның себебі, байғонды атасынан шыққан, ХІХ ғасырда өмір сүрген Күрсі деген кісі (Байғонды — Тоқа — Зорбай — Қылыш — Күрсі) Андағұлдан тараған Жақсылық деген кісіге кейін өтерсің деп, көп мал мен қаржы береді. Кейін өтеуге Жақсылықтың жағдайы келмейді. Осыдан барып, Күрсі: «Арамыз жеті атаға толды, енді қыз алысайық», — деп ұсыныс жасап, Ыбырай; Сүлеймен деген балаларына Андағұлдың қыздарын алып береді. Осылайша, бес ата өңгіттер арасында өзара қыз алысып, қыз берісу басталады.

Шежіре бойынша, әр буынды 20-25 жылдан есептегенде өңгіттердің жаппас тайпасына қосылуы шамамен ХVІ-ХVІІ ғасырлар болып шығады (*Дерек беруші Битілеу Байділдаев (1924-2000), даңғайыр шежіреші, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шөгірлі ауылы*).

САҚАЛДЫ АБАҚ. Қазақтың қария сөзі бойынша Ұлы жүз Үйсіннің Жансақал, Ақсақал дейтін екі баласы болып, осылардың Ақсақалынан — Айдарлы мен Сақалды туады. Бұл кез ауыртпашылығы көп, жаугершілік заман болса керек. Сондай қиыншылықта Сақал нағашы жұртын сағалап, Орта жүз керей ішіне барып, сонда бір қызға үйленіп тұрып қалып еді дейді. Кейін Сақалдан тараған ұрпақ он екі ата абақ керейдің құрамына кіріп, «Сақалды абақ» атанады.

СЕГІЗСАМАЙ. Орта жүз найманның төлегетай тармағынан тарайтын рулардың бірі — қожамбет. Қожамбет ішіндегі бегімбет атасын «Сегізсамай» деп атайды. Шежіре дерегі бойынша Бегімбет өз елінде кісі өлтіріп, нағашысы Еспенбетке қашып келеді. Еспенбет оны бауырына тартып, үш әйел алып береді. Бегімбеттің үш әйелінен — Кенже, Қисық, Жігіт, Жетіген, Аталық, Тоған, Темірші, Мажа деген сегіз бала туған. Осылардың өсіп-өнген ұрпағы «Сегізсамай» деп аталады.

СУАН ҚҰДАЙБЕРДІ — ДУАН. Ұлы жүз суан тайпасының байтүгей бұтағынан өрбіген аталардың бірі — Құдайберді. Ел ішіне кең тараған шежіре үлгісі бойынша Суан — Байтүгей — Жылкелді — Аққабак — Құдайберді деп таратылады. Құдайбердіден — Мәтек, Аманқұл, Ақбура, Дуан деген балалар болған дейді. Осылардың ішіндегі Дуан туралы айтылатын қария сөз бар.

Бірде, Құдайберді ауыл сыртындағы жотада отырса, бір жаяу келе жатады. Құдайбердінің адам жаратындай қабаған иттері болады екен. «Ойпырым-ай, мына кісіні жазым етеді-ау», — деп, үйдегілерге дауыстаса, ешкім шыға қоймапты. Сөйткенше болмайды, әлгі жаяу үйге кіреді. Иттер болса, бастарын көтеріп қарайды да, танитын адамды көргендей қайта жатып қалады.

Бұл жайға танданған Құдайберді үйге келсе, бір диуана бала екен. Жөн сұраса қожаның тұқымы болып шығады. Құдайберді диуана баланы үйіне қондырып, әңгімелесіп, біраз қасиеттерін байқап, оған көңілі толады. Көңілі толған соң, «сен маған бала бол» дейді. Бала келіседі. Содан, Құдайберді ел-жұртты шақырып, диуана баланың қолына асықты жілік ұстатып, атын «Дуан» деп қойып, өзіне бала етеді.

Дуан жақсы жігіт болып ержетеді. Сол кезде Құдайберді өзінің Мәтек дейтін баласынан туған немере қызын Дуанға қосып, отау шығарады.

Осылайша, Дуан Құдайбердінің бір баласы болып, өсіп-өнеді, ұрпағы әулетке, одан атаға ұласады. Күндердің бір күнінде, Дуанның немере-шөберелерінің бірі Бауас деген елге сыйлы қарияның тұсында дуан жағының бір адамының қолынан Құдайберді жағының біреуі қаза табады. Болар іс болған соң, реніш-даудың салмағы Бауасқа түседі. Сонда Бауас бір бозқасқаға бата жасатып, даудың тізгінін ұстап келгендерге табақ тартады. Табаққа екі асықты жілік, екі ортан жілік, қос бүйрек және қолқасымен жүрек салдыртып: «Табақты танып жеңдер!» — деп қонақтардың алдына қояды.

Қонақ болып отырған қарсы жақтың үлкені Төле деген кісі екен. Бауасқа қарап тіл катады: «Сенің көкейіндегі көмбе оңайлықпен таптырмаушы еді, бұл табақты қандай есеппен қойып отырғаныңды қайдан білеміз!» — дейді. Сөзге Бердіқұл қажы араласады: «Бәрекелді, мына табақ мән-жайды өзі айтып тұрған жоқ па?! Атам Құдайберді Дуанға асықты жілік ұстатып, балам деп еді ғой. Сол Дуанның ұрпағы мына Бауастың екі асықты жілік, екі ортан жілік салғаны «Екінің бірі емес пе едім!» — дегені. Қолқа-жүрек пен қос бүйрек салғаны, «Қолқа-жүрек, қос бүйрегің емес пе едім!» дегені деп жорыпты. Сонда Бауас: «Беу, Бердіқұл-ай, сен болмасаң, қадірімді біліп, осылай жоритын кім бар!» — деп жылап жіберіпті.

Осыдан кейін Құдайберділер өзара ақылдасып: «Атамыздың назасы тиер! Бұдан былай Құдайберді мен дуан арасына дау жүрмейтін болсын!» — десіп, қол жайып, төс қағысып пәтуаласқан екен (*Дерек беруші Сейіт Қадыров (1945), Алматы облысы, Талдықорған қаласы; Суан. Құрастырған Сұлтанбек Ешмұхамбетов. — Алматы, 1993. 46-47-беттер*).

ТӘҢІРБЕРГЕННІҢ КИІМДІ БАЛАСЫ – КӘРІМ. Шежіре дерегі бойынша Кіші жүздің адай тайпасы құдайке, келімберді деген екі бұтақ болғанда, осылардың Құдайкесінен екі бала — Қосай мен Тәзіке туған. Қосайдан алтау — Байбол, Әйтей, Бегей, Тіней, Бәли, Сүйіндік. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағын «Алты қосай» деп атайды. Осылардың Тінейінен — Арық, Таңат, Рыс, Шолақ туған. Арықтан — Тәңірберген батыр мен Құдайберген туған.

Тәңірберген батыр көп әйел алса керек. Бәйбішесінен — Сейтімбет, Қылыш, бірінші тоқалынан — Бұйрабас, Түгелбай, екінші тоқалы қалмақ әйелі Бекбикеден — Алтынбек, Сеңгірбек, Темір, Әжібек (Әжімбек, Әжібай деп те атайды), үшінші тоқалы Сарайшықты шапқанда қолға түскен қалмақ қызы Шөжептен — Әлібек, Жәнібек, төртінші тоқалы ноғай әйелінен — Темірбек, Тата туған. Осы балаларынан басқа Тәңірбергеннің Кәрім есімді киімді баласы болған. Кәрім өте қажырлы әрі жүректі болса керек. Кәрімнен туған Бегайдар, Қозыайдар, Жылқайдар деген үш баласы да әкесі сияқты қарымды болып өседі. Өсе келе Тәңірбергеннің өзге балаларына күш көрсетіп, өктемдік жасай бастайды. Осыны байқап жүретін Тәңірберген енші бөлерде Бегайдарды — Сейтімбетке, Қозыайдарды — Қылышқа, Жылқайдарды — Бұйрабасқа еншілес етіп бөліп жіберіп еді дейді. Сөйтіп, әке ақылы әулеттің бірлік-берекесін келтіріп, жарастықты өмірге себепші болыпты (*Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941), белгілі қаламгер, дәстүрлі сәулетші, Маңғыстау облысы, Тиген ауылы*).

ТОНБОЛАТ. Шежіре дерегінде Орта жүз найман ішіндегі Бағаналыдан — Ақбай, одан — Сабыл, одан — Бактөс, одан — Иманәлі, одан — Шегедек, Шегелек, Шүрешек, Шәуешек деген балалар туған. Осылардың ішінде Шүрешекте ер бала жоқ екен, Зейнеп есімді жалғыз қызы болыпты. Сол Зейнеп оң жақта отырып, бір ұл тауыпты. Бұл кезде Шүрешек жорықта жүрсе керек. Оң жақта отырып балалы болғанынан қысылған Зейнеп, ауыл көшкенде баласын жұртқа тастап кетіпті. Дәл сол тұста жорықтан оралған Шүрешек ескі жұртқа соғып, тонның арасында жылап жатқан баланы тауып алады. Баланы үйіне алып келіп, әйелінің бауырына салады. Күзгі жұрттағы тонның арасынан тауып алғандықтан, балаға Тонболат деп ат қояды. Кейін сол Тонболат ержетіп, үйленіп, одан — Байкөнек, Баскөнек деген екі бала туады. Бұл екеуінен өсіп-өнген ұрпақ бұл күнде «Тонболат» деп аталатын бір ата болып отыр. Баскөнектен — Мұқыш, одан — Сары, Сарғалдақ, Сарамық деген үш бала туған. Осылардың Сарамығынан тараған ұрпақ заманалық жағдайларға байланысты кезінде өзбек арасына сіңіп кеткен. Басқа ұрпақтар күні бүгінге дейін тонболат атасының аясында.

ШЕКШЕК. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі — таңас. Шежіре бойынша Таңастан — Тымырысқа, Сары. Тымырысқадан — Жансүйер, Қырғызбай, Бөтей. Бөтейден — Батыр (Шор), одан — Тұрсынбай, Құрманбай, Жарылғап, Түнқатар, Баят, Дүйсенбай, Шекшек. Осылардың ішіндегі «Шекшек» атанған ата Бөтейдің Баты деген қызынан туған жетім балалардың (Есенаман, Шұңқырша) ұрпақтары еді дейді.

ШӨПТЕМІС. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі қаракесек болса, одан — камбар, майқы, бошан, таңас аталары тарайды. Шежіре бойынша Бошаннан — Байбөрі, одан — Олжашы, Жүгіней, Темірәлі, Көшім, Шөптеміс туған. Осылардың ішінде Шөптеміс сүйіндік ішіндегі айдабол руына ұзатылған қыздан туып еді дейді. Қыз қайтыс болып, жиені Шөптемісті Байбөрі өз бауырына алады. Шөптемістен өрбіген ұрпақ бошан ішіндегі бір ата болып есептеледі.

ШҰБАРАЙҒЫР. Найман ішіндегі қызай руының жігіттері барымталап айдап келген жылқыны бөліскенде Тілеке деген жас жігітке үлес тимепті. Осыған өкпелеген Тілеке барымта жылқының ішіндегі шұбар айғырды мініп, нағашы жұрты абақ керейлерге келіп қосылыпты. Сөйтіп, Тілекеден тараған ұрпақ абақ керей ішіндегі «Шұбарайғыр» атанып кеткен дейді.

Шежіре бойынша Абақ — Жусан — Мағыналы — Байлау деп таратылады. Байлаудан — Жәдік, Жәнтекей, Шеруші, Тілеке (Шұбарайғыр) аталарын өрбітеді.

23. Қазақ этнопонимдері

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Жер бетінің кез келген атауы (топоним), ең алдымен, сол өңірге деген адам әрекеті мен қатынасының айғағы болып табылады. Яғни, жер бетінің кез келген

атауында тарихи-әлеуметтік сипат бар деген сөз. Бұл ретте, ономастиканың арналы бір саласын құрайтын этнотопонимдердің этностар тарихы мен тағдырына қатысты берер мағлұматы айрықша мәнді. Сол себепті де, қазақ этнотопонимдеріне арнайы тарауша арналып, сөздік түзіліп отыр. Мүмкіндігінше әрбір атауға этнотарихи және географиялық түсініктеме берілді.

Қазақ этнотопонимдері мейлінше көп және Қазақстан аумағында ғана емес, одан тысқары өңірлерде де молынан ұшырасады. Сондықтан да сөздікті түзу барысында қазақ этнониміне, оның ішінде жүздерге, тайпаларға, іргелі (аталық) руларға, кіші руларға және сіңісті руларға қатысты көрнекті атауларды (макротопонимдерді) қамтуға алдымен мән берілді (*Қазақ рулары өз ішінде іргелі (аталық) ру, кіші ру және сіңісті ру болып бөлінетіні туралы «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасында айтылған*).

2. Көшпелі өмір-салт Ұлы Дала (Қазақ даласы деуге де болады) тұрғындары үшін ұзақ уақыт бойы тиімді өмір сүрудің бірден-бір оңтай үлгісі болды. Содан да болу керек, Еуразия ойкуменасындағы эпикалық көшпелі өмір-салт жаңаша жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықтарда бастау алып, осы заманның XX ғасырында сол Қазақ даласында аяқталды (*Эпикалық көшпелі өмір-салттың ерекшелігі «Алғы сөзде» айтылды*).

Көшпелі өмір-салт, ең алдымен, ұжымдық акция. Яғни, адамдардың мақсат-мұрат ортақтастыруы. Бұған мүмкіндік беретін бірден-бір әлеуметтік-саяси үлгі (модель) ру-тайпалық жүйе еді. Бұл ретте, мәңгілік көктемге ілесіп, бойлық бойынша тербеле көшіп-қонып жүретін ру-тайпалар үшін жер-су атаулары ең мәнді тарихи айғақ болып табылады. Әсіресе, этнотопонимдер ру-тайпалардың тарихына, этногенезіне, өмір-салтына, көш-жолдары мен қоныс-тұрақтарының аумақтық қалыптасу үрдістеріне, өзге ру-тайпалармен немесе басқа ел-жұрттармен арадағы этникалық байланысқа қатысты мейлінше құнды дерек көзі ретінде ден қойдырады. Сонымен бірге, кейбір этнотопонимдердің ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталуы, ал сол этнотопонимге себепші болған этностың мүлде жойылып кетуі немесе басқа бір мекенге қоныс аударуы жиі байқалатын үрдіс. Әрісі жалпы түркі халықтарының, берісі қазақ халқының ру-тайпаларына қатысты этнотопонимдер Еуразия қос құрлығында жұлдыздай шашылып жатыр. Уақыт сынына төтеп берген мұндай этнотопонимдер, сөз жоқ, тарихтың тегеурінді оқиғаларына айғақ бола алады.

Жалпы топоним атаулыға, соның аясында этнотопонимдерге тарихи, географиялық, этнологиялық, лингвистикалық және саяси тұрғыда мән берудің қажеттілігі де осындай сыр-себептерге байланысты айқындалады. **Осы орайда, өзінің өткен тарихын құрметтейтін және болашағына үмітпен қарайтын әрбір халық, әрбір мемлекет ономастика мәселесімен айналысатын атқару орындарына мейлінше пәрменді заңдық құқық беріп отыруға тиіс.**

3. «Қазақтар өздерін қоршаған ортаға, жер-су атауларына ыждағаттылығы жөнінен «мәдениетті» дейтін адамдарға қарағанда анағұрлым сергек болып келеді» (*Н. Зеланд. Киргизы. Этнологический очерк // Записки Западно-Сибирского отд. РГО. Кн. 7, вып. 2. — Омск, 1885. 1-78-беттер*).

«Менің өте таң-тамаша болатыным, қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал, жағрафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге қиын соғатын

жердің белгілерін айырып, соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді» (Қ. Халид. *Тауарих хамса (Бес тарих)*. — Алматы, 1992. 304-бет).

4. Қазақ этнотопонимдерін түзу барысында жалпы түркілік этнонимдер мен топонимдерді зерттеуге елеулі үлес қосқан К. Риттер, Н.А. Аристов, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Э.М. Мурзаев, М.З. Закиев, И.М. Мизиев, А.В. Жучкевич, И.Н. Лезина, А.В. Суперанская, С.М. Абрамзон, О.Т. Молчанова, М.Н. Мелхеев, С.А. Атаниязов, Д. Исаев, К. Абдумуратов, Ш.Ж. Жапаров, А.И. Алиев, Г.Ф. Саттаров, С. Аманжолов, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә. Қайдаров, Ә. Нұрмағамбетов сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектері назарда болды. Сондай-ақ, қазақ ру-тайпаларына қатысты жер-су және елді мекен атаулары мүмкіндігінше тарихи-географиялық, тарихи-этнологиялық еңбектерден сүзілді. Әсіресе, әр кезде басылып шыққан географиялық карталар мұқият қаралды. Қазақстан аумағындағы этнотопонимдерді тіркеуге алуда тікелей өз тарапымыздан да ұдайы мән беріліп келгенін айтуға болады.

Сонымен, қазақ этнотопонимдері...

АДАЙ — Қостанай облысының Қамысты ауданындағы елді мекен.

Ресейдің Тула қаласынан оңтүстікке қарай 70 шақырым жерде «Одоев» деп аталатын уездік қала болған (М. Тынышбаев).

Украина жерінен ағатын Сула («сулы» сөзінен шығуы мүмкін) өзенінің бір сағасы Адай (Удай) деп аталады.

Кіші жүз Байұлы бірлестігінің құрамындағы тайпалардың бірі — адай («Кіші жүз» тараушасындағы «Адай» тақырыпшасын және «Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасын қараңыз).

АДАЙКӨЛ — Қостанай облысының Қамысты ауданындағы көл. Тобыл өзенінің алабында.

АДАЙҚҰМ — Қостанай облысына қарасты Қамысты ауданының жеріндегі көлшікті-құмдауыт алап.

АДАЙ ЖАЙЛАУЫ — Қазақстанның батыс өңіріндегі Тайсойған құмының шығысында, Ойыл, Сағыз өзендерінің бойында керіліп жатқан байтақ алап. Бұл жер ХХ ғасырдың бас кезіне дейін Адай жайлауы деп аталған. Адай жайлауы Гурьев округін бейнелейтін ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі географиялық карталарда көрсетілген.

АДАЙ КҮЗЕУІ — Каспий теңізінің шығысында Қарынжарық құмы мен Жем өзенінің арасында керіліп жатқан байтақ алап. Адай күзеуі Гурьев округін бейнелейтін ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі географиялық карталарда көрсетілген.

АДАЙТӨБЕ – Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы қыстау.

АЙБИКЕШАППАҚ – Қарқаралы тау сілемдеріндегі жота. Мыржық жотасының солтүстік-шығысында, биіктігі 608 метр.

Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі – Шаншар. Осы Шаншардың үшінші әйелі Айбикеден өрбіген ұрпақты айбике-шаншар деп атайды.

АЙДАБОЛ – Ақмола облысының Зеренді ауданындағы көл. Зеренді көлінің оңтүстігіндегі осы Айдабол көлінен Аршалы өзені басталады.

Ақмола облысының Зеренді ауданында Айдабол деп аталатын кент (поселка) бар. Іргесі ХХ ғасырдың бас кезінде (1908) қаланған.

Ақмола облысына қарасты Зеренді ауданының жеріндегі Жабай көлінің сол қапталында жатқан, Құмкөлдің оңтүстік-шығысындағы алқап Айдабол деп аталады.

Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндік руынан өрбіген аталардың бірі – айдабол.

Айдабол өз заманында аузы дуалы би болған адам. Шежіре деректерінде Сүйіндіктен – Оразгелді, одан – Мамық, одан – Құлболды, одан – Айдабол, одан – Аққозы, Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, Байқозы туған делінеді. Бұларды жинақтап «Бесқозы» деп атайды. Осылардың Жанқозысынан өрбіген ұрпақ арасында Тайкелтір би, Қосжетер мерген, Олжабай батыр, Секербай би, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Марғұлан сияқты тарихи тұлғалар исі қазаққа мәшһүр.

М.Ж. Көпейұлының шежіресінде Сүйіндіктен – Суғаншы, одан – Шуманак, одан – Құлболды, одан – Айдабол болып таратылады.

ХХ ғасырдың бас кезіне дейін айдабол руы Ақбеттау, Далба деп аталатын екі болыс ел болған.

АЙҚЫМ – Алматы облысының Қарасай ауданындағы елді мекен. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ішінде айқым руы бар.

АЙПАРА – Алматы облысының Алакөл ауданындағы елді мекен. Ақмола облысының Сілеті ауданындағы тау да Айпара деп аталады.

АЙТУ – Алматы облысының Қаратал ауданындағы елді мекен. Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында Айту деп аталатын құдық бар. Үстірттің орта тұсында.

АҚКЕТЕ – Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы қоныс. Бозашы түбегінің оңтүстік бөлігінде.

Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы тойқожа бұтағының құрамындағы айдар, әлімбет руларын жинақтап «ақкете» деп те атайды.

АҚҚОШҚАР – Павлодар облысына қарасты Павлодар ауданының жеріндегі көл. Қызылорда облысының Жалағаш ауданында да Аққошқар деп аталатын елді мекен бар. Арғын, қыпшақ тайпаларының құрамында аққошқар атасы бар.

АҚМАЙДАН – Павлодар облысына қарасты Ақсу ауданының жеріндегі көл. Ертіс өзенінің сол жағалауында.

Арғын ішіндегі бәсентиін руының құрамында ақмайдан, бекмайдан, тоқмайдан аталары бар.

АҚМАҢҒЫТ – Қарақалпақстандағы Нүкіс қаласының іргесіндегі, Амударияның бір саласы Кегейлі өзенінің бойындағы елді мекен.

АҚСАРЫ – Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы жер атауы. Орта жүз ашамайлы керейдің бір тармағы – ақсары керейлер.

АҚТІЛЕС – Павлодар облысына қарасты Қашыр ауданының жеріндегі көл. Арғын ішіндегі бәсентиін руының құрамында ақтілес атасы бар.

АҚШАТАУ – Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының жеріндегі тау. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектің қыздай алған бәйбішесінен Ақша, Түйте есімді екі ұл туған. Ақшатаудың атауы Қаракесектің үлкен ұлы Ақшаға қатысты қойылған дейді. Ақшаның өсіп-өнген ұрпағы күні бүгінге дейін осы өңірді қоныс-тұрақ етеді.

АҚЫЛБЕК – Павлодар облысына қарасты Ертіс ауданының жеріндегі алап. Арғын – сүйіндік – құлболды ішінде ақылбек атасы бар.

АЛАКҮШІК – Қаратау жотасының оңтүстік-шығысындағы Боралдай тау сілемінің биік шоқысы.

Шежіре бойынша Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы сыйқым руынан тараған аталардың бірі – алакүшік. Яғни, сиқым ішіндегі «Төрт сейіттің» бірі Байсейіт болса, одан – Борас, Тоғатай туған. Борастан – Небосын, одан – Бақалай, одан – Тәніркүл, Алатай, Алакүшік деген үш ұл туған. Алакүшіктен – Құдайберді, Ақшора, Айтуар, Боқаш, Есқара туады. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтары сиқым руының ішіндегі алакүшік атасын құрайды.

Дулат тайпасының қомақты бөлігі XVIII ғасырда Ташкент төңірегінен көшіп, Қаратау, Жетісу, Шымкент, Сайрам, Әулиеата аймағына қоныс аударғанда, Небосын Борасұлы да өз әулетін бастап келіп, Ақсу мен Арыс өзендері қосылатын өңірді қоныстанады. Күні бүгінге дейін Небосыннан өрбіген ұрпақ осы өңірлерді құтты мекен етіп отыр.

АЛАН – Маңғыстау мен Үстірт өңірінде «Сүмбітемір-Алан», «Қоңыр-Алан», «Алан қала» деп аталатын жерлер бар (С. Қондыбай. *Маңғыстаунама*. – Алматы, 2006. 11-бет). Сондай-ақ, Үстірттің ортаңғы бөлігіндегі бір құдық та Алан деп аталады.

АЛАҮЙСІН – Шығыс Түркістандағы өзен (Алұсын).

Шежіре дерегінде үйсін руларын таратқанда Байтоқты (Сирақты) тұқымы — Сарыүйсін, Жалмамбет тұқымы — алүйсін, Жарықшақ тұқымы — қараүйсін еді деп келеді («*Лақап немесе жанама этнонимдер*» тараушасындағы «Сарыүйсін», «Қараүйсін» атауларын қараңыз).

АЛАШ — Алтайдағы Кемчик өзеніне сол жақ қапталынан қосылатын арналы сағалардың бірі. Кемчик өзені мен Ұлы-Кем өзендері тоғысатын тұстан белгілі Енесай өзені басталады. Алаш өзені Төлес (Телец) көлінің шығысында 70 шақырымдай жерден бастау алады (*М. Тынышбаев*).

Павлодар облысына қарасты Ақтоғай ауданының жерімен ағатын Алаш өзені бар, Байсымақ өзенінің оң саласы. Алаш өзені Бағылан көліне құяды.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Хорезм округінің Ханки ауданында — Алаша, Хазар-асп ауданында — Алаш-бай, Гүрлен ауданында — Алаш-мираб, Қашқадария округінің Қассан ауданында — Алаш-боло деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Арменияның Ван көлі маңындағы байырғы қала Алаш-керт деп аталған.

«Алаш» атауы қазақтың дәстүрлі ұғымында «қазақ» этнонимінің синонимі ретінде қолданылады («*Ел болудың алғышарттары*» тараушасын қараңыз).

АЛАША — Түркіменстанға қараған Каспий жағалауындағы Шелекен (Челекен) түбегінің оңтүстігінде орналасқан елді мекен (Аладжа).

Маңғыстау облысының Түпқараған ауданындағы бір құдық Алаша деп аталады.

АЛАШАЛЫ — Босфор бұғазының шығысындағы, Қара теңіз жағалауындағы елді мекен (Аладжалы).

АЛАШАН — Ішкі Монғолияда Алашан (Хэлашань) деп аталатын тау сілемі мен шөл дала бар.

АЛАШИЯ — Кипр аралының байырғы атауы. «Алашия» сөзі байырғы грек тілінде «Алаш мекені», «Алаш отаны» деген мағына береді (*Ч. Лаукотка. Развитие письма. — Москва, 1950. 74-бет*).

АЛАШ ҮСТІРТІ — Ресей Федерациясына қарасты Тыба Республикасының жеріндегі Батыс Саян тау сілемдері. Бұл тау сілемдерінен ағатын ең бір арналы өзен — Сүткөл (Сут-Холь).

АЛБАН — Алматы облысының Райымбек ауданындағы бейіт, қорым.

Ұлы жүз құрамында албан деп аталатын тайпа бар.

АЛТАЙ — Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2 мың шақырымдай алапты алып жатыр.

Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында іргетасы 1974 жылы қаланған Алтай кенті бар. Сондай-ақ, осы облыстың Күршім ауданында екі елді мекен Алтай деп аталады.

Ақмола облысының Шортанды ауданындағы ауыл Алтай деп аталады.

Орталық Қазақстанда Ерейментау сілемінің батыс қапталындағы биік шоқы Алтай деп аталады. Биіктігі 1013 метр.

Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданының жеріндегі алап Алтай деп аталады.

Алматы облысының Сарқант ауданында Алтай деп аталатын өзен және Жамбыл ауданында бейіт-қорым бар.

Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы төбе Алтай деп аталады.

Қызылорда облысының Қазалы ауданында Алтай деп аталатын теміржол бекеті бар. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 6 шақырым жерде.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық руынан өрбіген іргелі аталардың бірі — алтай. Шежіре деректері Қуандықтан — Алтай, Қарпық, Есен, Қарт, Бөрші (Темір), Темеш (Өмір) туған деп таратады. Алтай руы негізінен Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданының, Қарағанды облысындағы Нұра, Жаңаарқа аудандарының жерін қоныстанған.

АЛТАЙСОР — Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданындағы сортаң көл.

АЛТЫН — Байкал маңындағы жер атауы.

Астрахань қаласының маңында, Еділ өзенінің сол қапталында «Төрт-Алтын» деп аталатын алқап бар.

Днепр өзенінің оң жағалауында Алтын деп аталатын станса және оған жақын маңда Алтын селосы бар.

Кіші жүз құрамындағы тайпалардың бірі — жаппас (алтын).

АЛШЫН — Қарағанды облысының Шет ауданындағы тау және сол тау бөктеріндегі қыстау. Алшын тауының биіктігі 700 метрдей.

Қостанай облысының Денисов ауданында да Алшын (Алшановка) деп аталатын елді мекен бар. Бұл жерде күні бүгінге дейін Кіші жүз руларының адамдары тұрады.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында Алшын деп аталатын қыстау бар.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Орта-Зарабшан округінің Кермине, Хатыршы, Нарпай аудандарында, Бұхара округінің Багауетдин ауданында, Самарқанд округінің Ақдария ауданында, Қоқанд округінің Бағдат ауданында, Қашқадария округінің Қассан ауданында Алшын деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Қазақтың шежірелік дәстүрінде Кіші жүздің байұлы, әлімұлы, жетіру тайпалық бірлестіктерін жинақтап алшын деп атайды.

АПАЙ – Павлодар облысына қарасты Павлодар ауданының жеріндегі Ертіс өзенінің ортаңғы ағысындағы арал.

Орта жүз тарақты тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – апай.

АПАЙУАҚ – Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы елді мекен.

Арғын ішіндегі тарақты, бәсентиін руларының құрамында апай аталары бар. Уақ – Орта жүздегі іргелі тайпа.

АРАЛБАЙ – Қостанай облысы Жангелдин ауданына қарасты бұрынғы «Қызыләскер» кеңшарының (совхозының) орталығы, аудан орталығы Торғайдан 45 шақырым жерде.

Ұлытаудан бастау алатын шағын өзендердің бірі Аралбай деп аталады. Аралбай батырдың бейіті осы өзеннің бойында («*Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар*» тараушасындағы «*Айсары*», «*Таңсұлу*» тақырыпшаларын қараңыз).

Орта жүз арғын, оның ішінде қуандық, оның ішінде алтайдан өрбіген аталардың бірі – аралбай. Аралбайлардың көбірек шоғырланған жері – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы.

АРАЛБАЙ АРЫҚ – Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданының жеріндегі арық. Бұл өңірде 1872 жылы Байұзақ болыстығы құрылған. Болыстықтың халқын негізінен Кіші жүз табын тайпасының адамдары құраған. Аралбай арығы осы болыстықтың қарауындағы №6-әкімшіліктің иелігінде болған (*Ежегодник: Материалы для статистики Туркестанского края. – СПб., 1872. 115-116-беттер*).

АРҒАНАТЫ – Орталық Қазақстанның Ұлытау төңірегіндегі тау сілемі. «Арғын – ата» сөздерінің кірігуінен пайда болған деген болжам бар (*М. Тынышбаев*).

АРҒЫН – Алтай тауларындағы асу, кезең.

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданына қарасты Үлкен Қараой көлінің оңтүстік-батысындағы алап (жұрт, қоныс) Арғын қонысы деп аталады.

М. Қашқари Тараз бен Баласағұн қалаларының ортасында Арғу қаласының бар екенін жазады. С.Г.Кляшторный бұл өңірді «Арғу елі» («страна Аргу») дейді (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Бірінші томы. – Алматы, 1997. 157-бет; С.Г. Кляшторный. Древнетюркские рунические памятники. – Москва, 1964. 122-135-беттер*).

Араб тарихшысы Ибн-Халдун (XIV ғ.) өзінің «Китаб ульбар» («Айғақ кітабы») атты еңбегінде Арғын көлі мен Арғын тауы табиғаттың сегізінші белдеуінде жатқанын жазады. Бұл – Балқаш көлі мен оның оңтүстік алабына сай келеді (*Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – Алматы-Москва, 1935. 33-34-беттер*).

Ташкент іргесінде Арғын деп аталатын елді мекен бар.

Өзбекстанның оңтүстігіндегі Сангардак өзенінің төменгі сағасындағы қыстау (кишлак) Арғын деп аталады. Бұл қыстау Кеңес өкіметі орнағанға дейін Бұхар хандығының құрамындағы Денау бектігіне қараған. Амудария өзенінің жоғарғы сағасын мекен еткен ел-жұрттың XIV-XV ғасырлардағы саяси-әлеуметтік өмірінің тізгіні арғындардың қолында болған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Ташкент округінің Ташкент ауданында Арғын деп аталған шаруашылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Амур өзеніне құятын арналы сағалардың бірі Арғын (Аргун) деп аталады.

Обь өзенінің оң қапталында, Томск қаласының солтүстігінде XX ғасырдың бас кезіне дейін Арғын болыстығы болған (*Г.Ф. Миллер. История Сибири. II том. К.Н. Сербина құрастырған карта. — Москва, 2000*).

Екінші Менлі-Герей ханның әмірімен 1740 жылы Қырым хандығы 48 қазылыққа (кадилик) бөлінгенде, бір қазылығы Арғын деп аталған (*Туманн. Крымское ханство. — Симферополь, 1991. 29-бет*).

Қырымның таулы өңіріндегі елді мекен (кадиликлер) Арғын деп аталады (*Туманн. Көрсетілген еңбек*).

Кавказдағы Санджу өзеніне құятын арналы сағалардың бірі Арғын (Аргун) деп аталады.

Шешен-ингуш жеріндегі қала, теміржол стансасы Арғын (Аргун) деп аталады.

Армениядағы Ереван қаласының маңында Арғын-бар (Арегуни-бар) қаласы болған. Армян тілінде «арег» сөзі «күн» деген мағына береді. Арғын тайпасының таңбасы «көз таңба» немесе «күн таңба» деп аталады.

Армениядағы Севан көлінің батыс жағындағы тау сілемі Арғын (Арегуни) деп аталады. Севан көлінің байырғы атауы — Көкше (Гокча).

Кавказ тауларының солтүстігінде (Шешенстанда) Арғын деп аталатын шатқал бар.

Таврия губерниясында (Қырым) Арғын деп аталатын елді мекен бес рет кездеседі (*Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. — СПб., 1897. 128-бет*).

Монғолияның Хотогойту (монғолданған түркілер) аймағындағы елді мекеннің (хошуу) Арғын деп аталатынын Г.Н. Потанин жазады (*Г.Н. Потанин. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып.2. — СПб., 1881. 23-бет*).

Тәжікстан мен Қытай арасындағы Қаракөл көлінің маңында Арғын-тау (Аргут-таг) деп аталатын тау бар.

Әзірбайжанның Қазак ауданында Арғын деп аталатын өзен бар.

Әзірбайжанның Қазак ауданында Арғын деп аталатын қала бар.

Ресейдің Владимир, Пенза, Орлов, Рязань, Москва облыстары мен губернияларында Аргуновка, Аргино, Аргун деп аталатын елді мекендер жиі кездеседі.

Еуропаның шығысынан Аттиланың бел баласы Одоакр У Арғын қағанатын құрған. Қағанат жері Ғұнар (Hungari) деп аталған. Кейін, 820 жылы бұл өңірде Ағын графтығы құрылып, 930 жылы Наварра корольдігінің жаулап алуына байланысты Арғын корольдігі деп аталды.

Испанияның солтүстік-шығысындағы Эбро өзенінің алабы Арагон деп аталады. Германияда Аргон, Аргенау деп аталатын жерлер бар.

Эгей теңізінде Лесбос аралының оңтүстік-шығысындағы аралдар Аргун деп аталған. Жаңаша жыл санауға дейінгі 406 жылы Пелопонесс соғысында афиналықтар мен спарталықтардың арасында болған теңіз шайқасында Аргун аралдарының маңында спарталықтардың күйрей жеңілгенін Плутарх (б.з.д. 431-404) жазады (*Плутарх. Избранные жизнеописания. — Москва, 1987. Т.2. 12-бет*). Бұл шайқаста Аргун аралдарының маңында спарталықтардың болғанын Ксенофонт та тәптіштеп жазған.

Ұрым (Византия) заманында Тигр өзенінің бас жағында, қазіргі Диарбакир қаласының маңында Аргон қаласы болған.

АРҒЫН АРЫҒЫ — Сырдария өзенінің оң жағасынан бастау алатын арықтардың бірі, бұрынғы Скобелев болысының 11 шақырым жерін қиып өткен (*Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдарьинская область. Перовский уезд. — Ташкент, 1912. 80-81-беттер*).

АРҒЫНБАЙ — Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы ауыл орны. Көкпекті өзенінің аңғарында.

Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қазыбек тауының оңтүстік шығысынан бастау алатын бұлақ.

АРҒЫНКӨЛ — Орал облысының солтүстік-батысындағы көл. Бұл көл ХІХ-ХХ ғасырлар жапсарында Орал уезінің Қараоба болыстығына қарасты № 7 әкімшілік ауылдың иелігінде болған. Болыстықтың халқы негізінен кердері тайпасының адамдарынан құралған (*Материалы по киргизскому землепользованию. Уральский уезд. — Орынбор, 1905*).

АРҒЫН КҮМІС ЗАУЫТЫ — Ресейдің Чита облысында Арғын (Аргун) өзенінің сол жақ саласы — Уруленгуй (Урулюнгуй) жағасындағы күміс кеніші. Осы кеніш маңында ХІІІ ғасырдың қорған-қалашығы бар (*Г.Ф. Миллер. История Сибири. I том. — Москва, 1999. 509-512-беттер; С.В. Киселев. Город на реке Хирхира. — Древнемонгольские города. — Москва, 1965. 23-60-беттер*).

АРҒЫНӨТКЕЛ — Ақмола облысындағы (бұрынғы Атбасар уезі, Кентүбек болысы) жер атауы, өткел.

АРҒЫНҚАЗҒАН — Алматы облысына қарасты Балқаш ауданындағы Жиделі өзенінің оң жағалауындағы қоныс.

АРЫС — Оңтүстік Қазақстан облысының жерімен ағатын өзен. Қаратау мен Талас Алатауының аралығындағы Шақпақ бұлағынан бастау алатын Арыс өзені Сырдарияға құяды. Ұзындығы 400 шақырымдай. Арыс өзенінің басты салалары — Ақсу, Бадам, Қабылсай, Жабағылысай, Боралдай.

Қызылорда облысының Сырдария ауданына қараған Бетбақдала шөлінің батысындағы тұзды көл де Арыс деп аталады.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала, ірі теміржол стансасы да Арыс деп аталады. Арыс қаласы Шымкент қаласынан батысқа қарай жүргенде 79 шақырым жерге орналасқан.

Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Бетбақдала жазығында Арыс деп аталатын құдық бар.

Қазақтың рулық-этникалық танымында тұтас бір тайпаны құрайтын рулар бірлестігін, сондай-ақ тұтас бір жүзді құрайтын тайпалар бірлестігін де арыс деп атайды. Мәселен, Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек, қаржас руларын жинақтап «Алты арыс арғын» деп атайтын да дәстүр бар. Сонымен бірге, Ұлы жүз құрамындағы тайпалар бірлестігін — Ақарыс, Орта жүз құрамындағы тайпалар бірлестігін — Бекарыс, Кіші жүз құрамындағы тайпалар бірлестігін — Жанарыс деп жинақтап атайтын дәстүрдің бары да белгілі.

АСА (АСЫ) — Жамбыл облысына қарасты Жамбыл ауданының орталығы. Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай жүргенде 28 шақырым жерде. 1941-42 жылдары ірге көтерген.

Аса — Талас өзенінің сол жақ саласы. Жамбыл облысындағы Жуалы, Жамбыл, Талас аудандарының жерімен ағады. Ұзындығы 253 шақырым. Сондай-ақ, осы облыстың Жамбыл ауданындағы ауыл, аудан орталығы және теміржол бекеті де Аса деп аталады.

«Ас» сөзімен басталатын топонимдердің жиі ұшырасуы назар аудартып, тарихи деректерге ден қойдыртады.

М. Қашқари (ХІ ғ.) түркі-тоғызғыздардың ішінде ас-кісі (ас-кіші) тайпасының бар екенін, олардың мекені Алтай мен Балқаш арасы екенін жазады. Дәл осындай дерек Ибн-Хордарбех жазбаларында да (847-848 ж.ж.) кездеседі. Ал, Ибн-Саид ал-Мағриби (1214-1274 ж.ж.) болса Кавказдағы халықтардың батысында қаса жұрты болса, шығыс жағында ас-кісі (аз-кіші), абхаз, алан жұрттары бар екенін жазған (*И.М. Мизиев. История рядом. — Нальчик, 1990. 90-91-беттер*).

Сөз орайында «ас» сөзін тірек еткен топонимдердің Алтай тауы мен Карпат тауларының аралығындағы 6-7 мың шақырымға созылған байтақ алапта жиі ұшырасатынын айта кету қажет. Ассы (Яссы) — Молдавиядағы қала. Қырымда Биік-ас (Биюк-ас), Кіші-ас (Кичик-ас) деп аталатын жерлер бар. Ал, Кавказ төңірегінде Асжак, Аселі (Ас-фалі), Асбазар деп келетін топонимдер жиі ұшырасады. Балқарлардың Чегем шатқалындағы ортағасырлық қаласы Асқала деп аталған. Балқарлар мен қарашайларды көршілес осетиндер бұрын астар деп атаған (*Клапрот, В.Ф. Миллер, Н.Г. Волкова*).

Гректің әйгілі географы Страбон еңбегінде Яксарт (Сырдария) бойындағы көшпелі скифтердің ішінде асы (асии), ассиак, аттасии тайпаларының бар екені атап көрсетілген. Жаңаша жыл санаудың I ғасырында ақын Лукиан астардың скифтерге жататынын, Танаис пен Меотид алабын мекендейтінін жазған. Сол сияқты

Птолемей де ас-саи тайпасының Танайс пен Меотид алабын мекендейтінін айтқан.

Қытай деректеріне сүйенген авторлардың (*Н.А. Аристов*) пікірі бойынша ас тайпасы дегеніміз — үйсін дегенге саяды. Бұл орайда, Л.Н. Гумилевтің жорамалына ден қойсақ, I ғасырдың соңына қарай ғұндар жүргізген қанды жорықта қол-аяғы кесілген соң қасқыр асырап алатын бала ғұндардың ұрпағы да, одан өрбіген ас тайпасы ғұнның бір бұтағы болып шығады. Кейін ғұндардың батысқа қарай қотарыла көшетіні тарихтан мәлім. Яғни, Страбон, Плиний, Птолемей сияқты байырғы (антикалық) авторлар жазатын тайпалардың ассиак, аттасии, асии деп аталуының бір сыры осында дегендей қорытынды жасауға болады. Мұндай ойдың жосығын басқа да тарихи деректер орнықтыра түседі. Мәселен, ас-кісі тайпасы X ғасырда Ертіс алабынан бой көрсетсе, XII ғасырда Солтүстік Кавказдан, XIV ғасырда Қырымнан, Дарьял қақпасынан бой көрсетеді.

Ғұн қолбасшысы Аттила туралы көзбен көргенін хатқа түсірген авторлардың бірі Приск ғұнның жаужүрек батырлары Басиха мен Курсиханың Кавказ асуларынан асып жорық жасағанын, ал қайтарда Дербент қақпасы арқылы жүріп өткенін жазады. Бұл деректі Прокопий Кесарийский одан әрі сабақтайды. Ол 527 жылғы жазбасында Дарьял қақпасын ғұндардың 507-508 жылдары иеленгенін атап көрсеткен. Бұл деректердің тағы бір аңғартары — ғұндар мен скифтердің, байырғы авторлар жазғандай, өмір-салттары ғана ұқсас емес, сонымен бірге этнотілдік туыстастығын да аңғару қиын емес. Әрине, бұл — арнайы саралауды қажет ететін басқа мәселе.

Скандинавия мифологиясында құдайлардың ішіндегі ең жолы үлкені Один — астардың әкесі болып есептеледі. Астардың тұрағы көкте. Ол тұрақ Асгард деп аталады (қазақ тіліндегі «асқар тау», «асқар биік» деп келетін тұрақты тіркестер еске түседі). «Үлкен Эдда» дерегінде астар Один, Лодур және Хенир үшеуінен тарайды. Ал «Кіші Эдда» дерегінде астардың Азиядан шыққаны, олар Боранның балалары Один, Вили және Ве үшеуінен өрбитінін айтады.

Жалпы герман тайпаларының арасында ас культінің христиандық дүниетанымға дейін пайда болғанын бажайлау қиын емес. Бұл ретте, «ас» сөзіне қатысты атаулардың фонетикалық немесе орфоэпиялық сыр-сипатын саралай бастаса әңгіме әрі ұзарып, әрі басқа арнаға ойысып кете ме деп тартынамыз.

Орыстың Ипатьев, Воскресенск, Троицк, Киев жылнамаларындағы 1116 жылғы жазылымында кінәз Ярополк Владимировичтің половцылар (қыпшақтар) жеріне жасаған жорығы, сол жорықта астардың (яс) қызылшырайлы қыздарын олжалап қайтқаны айтылады. Орыс жылнамаларында, сондай-ақ Андрей Боголюбскийдің ас қызына үйленгені, одан Юрий есімді ұл көргені жазылған. Әкесі дүние салған соң, көзтүрткі болған Юрий Киевтен Солтүстік Кавказға қашып келіп, қыпшақ пен хазар арасындағы нағашыларын паналайды (*П. Бутков*). Мұнда келген соң Юрий Грузия патшасы Георгий үшіншінің қызы Тамараға үйленеді және есімін Георгий деп өзгертеді. Бірақ, Георгийдің (Юрийдің) ғұмыры ұзақ болмайды, Тамарамен 1185-1187 жылдар отасқан соң дүние салады. Жесір қалған Тамара болса, екінші рет ас патшасының баласы Давид Сосланға тұрмысқа шығады.

Кавказ төңірегіндегі астар жөнінде арабтың әйгілі географтары Ибн-Саид пен Абу-л-Фида (XIV ғ.) жазады. Сондай-ақ, әйгілі Әмір Темірдің астармен соғысы туралы деректер Шереф ад-Дин Йезди мен Низам ад-Дин Шами жазбаларынан да кездеседі (*Г. Тизенгаузен*).

Г.Рубрук Дон бойындағы қыпшақтарды монғолдардың ақ-ас деп атағанын жазады. Қыпшақтардың ең үлкен толқыны 1237 жылы Қотан ханның бастауымен Венгрияға жеткені тарихтан белгілі. Осы оқиғаға орай Серб архимандриті Рувариц жазған деректерде көшпелі қыпшақтардың (половцылардың) басым көпшілігі астар болғанын келтіреді.

Тарихи деректердің тағы бірінде Ноғайдың Теке және Жеке есімді екі баласының бір-бірімен жауласқаны, сонсоң Жекенің жеңіліп, Дунай бойындағы астар еліне қашып барғаны айтылады (*Г. Тизенгаузен*). Осы орайда, профессор Ю. Немет келтіретін этнотопоним — Ас-Куман (Ясскунок, Ясс-Куман) атауының тарихи сыр-себебін бажайлауға болады.

Қазақ жеріндегі «ас» деп басталатын этнотопонимдер осы сияқты тарихи деректерді санада жаңғыртады (Аспантау, Асы жайлауы, Асы (Ассы) өзені, Аспара өзені, Аспара жұрты, Аса өзені, Аса елді мекені, Ассеке ойпаты, Астана — Ақтөбедегі байырғы қала атауы, Астана — Шығыс Түркістанның Турфан жағындағы зиратқорым атауы, т.б.).

АСАУ — Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы қыстау.

Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы табын тайпасының ішіндегі бір ата асау деп аталады. Бұлар әйгілі Барақұлы Асау батырдың (1763-1846) өсіп-өнген ұрпақтары.

АСПАНТАУ — Тянь-Шань деп аталып жүрген таудың қазақша дәстүрлі атауы. Қытай тілінде Тянь-Шань сөзі Аспантау атауымен мағыналас. Орта және Орталық Азияда сілемдене орналасқан Аспантаудың солтүстік және солтүстік-батыс жоталары Қазақстан мен Қырғызстан жерінде, оңтүстік-батыс сілемдері Өзбекстан мен Тәжікстан жерінде, шығыс сілемдері қазіргі Қытай жерінде орналасқан. Екі жарым мың шақырымдай байтақ алапқа созылған Аспантаудың ең биік шыңдарының бірі — Хан-Тәңірі сеңгірінің биіктігі 7 мың метрдей.

АСПАРА — Жамбыл облысындағы Қарағаты өзенінің оң жақ саласы. Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен бастау алады. Ұзындығы 109 шақырым.

Жамбыл облысының Меркі ауданында Аспара деп аталатын ауыл бар. Меркі кентінен солтүстік-шығысқа қарай жүргенде 43 шақырым жерде. Сондай-ақ, осы ауданның жерінде Аспара деп аталатын көне қаланың орны бар.

Жамбыл облысының Шу ауданында Аспара деп аталатын ауыл және теміржол бекеті бар.

Моғолдың шорас тайпасынан шыққан Шах Махмұд бен Мырза Фазыл шорас өзінің өмірбаяндық еңбегінде (*XVII ғасырдың екінші жартысы*) Аспара топонимін атайды (*Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. — Алматы, 1969. 374-бет*).

АСПАРА АСУ – Жамбыл облысына қарасты Меркі ауылының оңтүстік-шығысына қарай 56 шақырым жүргенде Қырғыз жотасында кездесетін асу.

АСЫ – Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы өзен.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты ауылдық әкімшілік округ орталығы да Асы деп аталады.

АСЫ ЖАЙЛАУЫ – Іле Алатауының шығыс сілеміндегі биік таулы жайлау. Алматы облысына қарасты Еңбекшіқазақ ауданының жеріне орналасқан. Теңіз деңгейінен 2380-2410 метр биіктіктегі ұзындығы 15-17 шақырым, ені 7-8 шақырым болатын шүйгін алап.

АСЫ САҒА – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл. Аудан орталығы – Есік қаласының шығысында 145 шақырым жерде Асы өзенінің сол жақ жағалауына орналасқан.

АТЫҒАЙ – Ресейдің Иркутск облысындағы елді мекен (Атагай). Қарағанды облысының Ақадыр өңіріндегі тау. Ең биік шоқысы 671 метр. Тау шоқыларының аласалауы Балаатығай деп аталады.

Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен, Лебяжье және Ертіс аудандарындағы көлдер, Екібастұз қалалық әкімдігіне қарасты теміржол бекеті Атығай деп аталады.

Атығай – Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі.

АУСАР – Маңғыстау облысының Шетпе кентінен шығысқа қарай жүргенде 7-8 шақырым жердегі аңғарлы алқап. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде. Сондай-ақ, осы облыстың Маңғыстау ауданында Аусары деп аталатын қыстау да бар.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі – Аусар. Махмұт Қашқарида – афшар, Әбілғазыда – ұшар, Жалайыр Қадырғалида – аушар деп жазылған.

АЧИНСК (АЛШЫН) – қала (*М. Тынышбаев*).

АШАМАЙЛЫ – Қостанай облысына қарасты Әуликөл ауданындағы бұрынғы болыстық жердің атауы.

Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы асу Ашамайлы деп аталады. Құлан аулынан оңтүстік-шығысқа қарай 21 шақырым жүргенде Қырғыз жотасының солтүстік бетінде кездеседі.

Кеңес өкіметі орнаған соң Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Самарқанд округінің Жаңа-Қазан-Арық ауданында Ашамайлы деп аталған шаруашылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Орта жүз құрамындағы керей тайпасы өз ішінде абақ керей және ашамайлы керей болып екі тармаққа бөлінеді.

ӘЙЕТ – Қостанай облысының жеріндегі өзен.

Қыпшақ тайпасының құрамында әй (әйет, әйле) руының Қазақ хандығы құрылғанға дейін болғаны байқалады. Әйет руы кезінде қазіргі Қостанай облысының жеріндегі Әйет, Тоғызак өзендерінің бойын қоныс етіп, Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі этникалық жіктелу кезінде башқұрттарға қосылған. Қостанай облысындағы Әйет өзені, Әйет боксит кен орны, Ресейдің Челябинь облысындағы Әй (Ай) өзені, Свердлов облысындағы Әй және Әйле (Аят) көлдері қыпшақ тайпасының құрамындағы әйет руының атауымен байланысты топонимдер болса керек. Башқұрт шежіресінде қыпшақ тайпасының құрамында әйет руы аталады (*Р.Г. Кузеев*).

ӘЛІБАЙ – Павлодар облысына қарасты Май ауданының жеріндегі алап.

Шығыс Қазақстан облысының Қотанқарағай ауданындағы бір ауыл Әлібай деп аталады. Зыряновск қаласынан оңтүстікке қарай 50 шақырым жерде.

Қыпшақ – бұлтың ішіндегі бір ата әлібай деп аталады.

ӘЛІМ – Батыс Қазақстан облысының Ақжайық және Жанақала аудандарындағы елді мекендер.

Кіші жүз құрамындағы тайпалар бірлестігі әлім деп аталады.

ӘЛІМБЕТҚҰДЫҚ – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі құдық.

Арғын құрамындағы қуандық, сүйіндік руларының ішінде, сондай-ақ, қырғыз руының ішінде әлімбет атасы бар.

ӘЛІМ ҚЫСТАУ – Ресейдегі Ноғай ауданына қарасты елді мекен, бұрынғы Ленин ауданының солтүстігінде орналасқан (Алим қыслав).

БАҒАНАЛЫ – Ұлытау өңіріндегі елді мекен және тау.

Қостанай облысына қарасты Әулікөл ауданында да Бағаналы деп аталатын елді мекен бар.

Ақмола облысына қарасты Жарқайың ауданының жерінде «Бағаналы» деп аталатын бейіт, қорым бар.

Оңтүстік Қазақстан облысында Бағаналы тауы бар. Қазығұрт жотасының батыс бөлігінде, биіктігі 875 метр.

Кеңес өкіметі орнаған соң Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Нарпай аудандарында Бағаналы деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Орта жүз найман ішіндегі рулардың бірі – бағаналы.

БАҒЛАН – Ресейдің Қорған облысына қарасты Половинка ауданындағы кент, қалашық. Қазіргі атауы – Звериноголовка.

Орта жүздің ашамайлы керейлері өздерінің түп атасын Бағлан би деп біледі. Шежіре бойынша Керейден – Менліқаған, одан – Арыстанбек, Асланбек. Арыстанбектен – Наурызхан, одан – Ғали (Ашамайлы), Меркіт. Ғалидан – Бағдат батыр, одан – Тәбей, Көбей. Тәбейден – Әзізбек, Бабай. Әзізбектен – Тұрсынхан, одан – Жарғақ, Балдақ, Қоянбай. Жарғақтан – Қажыхан, одан – Әлимұхамед, одан – Уызбек, Уызхан, Уызбай. Уызбектен – Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан – Бағлан би туған. Бағлан бидің бейіті Бағлан (Звериноголовка) кентінің іргесінен ағатын Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоғайында. Бағлан кенті ірге тепкен жерде 1928 жылға дейін Бағлан жәрменкесі болған.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архат, Фархат, Сармұрат туған. Фархаттың Гүлэндам есімді әйелінен – Танаш, Апбас, Манас туады. Танаш би Алтын Орда заманында Мамай, Тоқтамыс, Ақсақ Темір сияқты тарихи адамдармен үзеңгілес жүрген көрнекті тұлға болған кісі. Танаш бидің 16 ұлы болған. Қазіргі ашамайлы керейлердің басым көпшілігі осы Танаш бидің бауырынан өрбіген ұрпақ (*Дерек беруші Сермағамбет қажы Сейітахметұлы (1925), даңғайыр шежіреші, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы*).

БАЙБАҚТЫ – Ақтөбе қаласының іргесінен ағатын өзен.

Ақтөбе облысының Қызылқоға ауданында Байбақты деп аталатын кен орны, жайлау, құдық бар.

Кіші жүздің ішіндегі он екі ата байұлынан өрбіген аталардың бірі – байбақты. Байбақты өз ішінде байжиен, батақ болып бөлінеді. Атамекендері Еділ мен Жайық өзендерінің аралығы. Ұраны – Дәуқара, таңбасы – бақан. Байбақты руынан Жауғашты, Мәлке, Күшпен, Дәуімшар, Жомарт, Шолан, Сырым сияқты исі қазаққа даңқы жайылған батырлар мен билер шыққан.

БАЙБАРАҚ – Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданындағы жер атауы.

Кіші жүз алаша тайпасының құрамындағы бір ру Байбарақ деп аталады. Қазақ-қалмақ соғысының әйгілі батыры Байбарақ Құдайкеұлының есімі исі алаша тайпасының ұранына шыққан (*«Кіші жүз» тараушасының «Ұранға шыққан Байбарақ» тақырыпшасын қараңыз*).

БАЙБОЛАТ – Павлодар облысына қарасты Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі көл.

Арғын – сүйіндік ішінде байболат атасы бар. Шөмекей ішінде Сарыбайдан тарайтын бір аталық байболат деп аталады.

БАЙБУРА – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі алап. Арғын – алтай ішінде байбура атасы бар.

БАЙҒАРА – Павлодар облысына қарасты Успен ауданының жеріндегі алап. Қыпшақ – бұлтың ішінде байғара атасы бар.

БАЙҒҰТТЫ – Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе және Ақжайық аудандарындағы жер атауы.

БАЙДАЛЫ – Ақмола облысының Аршалы ауданындағы көл. Байдалы көлі Уызбай жотасының солтүстік-шығысында.

Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы елді мекен Байдалы ауылы деп аталады. Бұрынғы Атасу ұжымшарының, одан кейінгі «Дружба» кеңшарының орталығы.

Ақмола облысының Аршалы ауданындағы елді мекен де Байдалы ауылы деп аталады.

Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы қыстау. Қарғалы ауылының оңтүстік-шығысында 7 шақырым жерде.

Алматы облысының Алакөл ауданында Байдалы деп аталатын бұлақ бар.

Павлодар облысының Павлодар ауданындағы бір ауыл Байдалы деп аталады.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық тайпасынан тарайтын аталардың бірі байдалы деп аталады. Шежіре деректерінде Қуандықтан – Алтай – Мойын – Рақпанқұл – Әлібек – Бекше – Байдалы болып өрбиді. Байдалы тарихи тұлға, XVIII ғасырда ғұмыр кешкен белгілі би-шешен. Абылай ханның оң жағына отыратын кеңесшілерінің бірі болған. Ұрпақтары негізінен Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында тұрады (*Шешендік сөздер. Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Балтабай Адамбаев. – Алматы, 1992. 17-25-беттер*).

БАЙДАЛЫСАЙ – Ақмола облысындағы Жарқайың ауданының жерінен ағатын өзенше, Қарынсалды өзенінің оң жақ сағасы.

БАЙЖІГІТ – Бұрын Қостанай облысына, кейін Ақмола облысына қараған Қима ауданындағы көл. Осы облыстың Қостанай ауданындағы елді мекен де Байжігіт деп аталады. Затобольск кентінің батысында 50 шақырым жерде.

Ақмола облысы Атбасар ауданының жерінен Байжігіт деп аталатын өзен ағады. Байжігіт өзені – Есіл өзенінің оң жақ сағасы.

Ақмола облысының Ерейментау ауданында Байжігіт деп аталатын ауылдың жұрты бар.

Ақмола облысының Жақсы ауданындағы елді мекен Байжігіт ауылы деп аталады.

Теңіз көлінің оңтүстік-батысындағы алап Байжігіт деп аталады (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. – СПб., 1911. 264-бет*).

Павлодар облысының Ертіс ауданында Байжігіт деп аталатын қоныс бар.

Он екі ата абақ керейдің ішіндегі жастабан руынан өрбіген аталардың бірі байжігіт деп аталады.

Орта жүз найман тайпасының ішіндегі рулардың бірі де байжігіт деп аталады.

Сондай-ақ, Ұлы жүз сіргелі тайпасының ішінде де байжігіт деп аталатын рулы ел бар.

БАЙЖІГІТ САЙЫ – Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы Өлеңті өзенінің сол қапталындағы өзек.

БАЙМЕНЕЙ – Алматы облысына қарасты Балқаш ауданының жерімен ағатын өзен. Сегізбай шымдауытынан бастау алып, Саламбай көліне құяды. Ұзындығы 70 шақырымнан астам.

Ұлы жүз ысты тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – байменей.

БАЙЫС – Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы тау. Ұлы жүз дулат тайпасының ішіндегі бір ата – байыс.

БАҚАЙ – Ақтөбе облысының Хромтау ауданындағы қыстау және өзен. Бақай өзені Ойсылқара өзенінің бір саласы, ұзындығы 45 шақырым.

Маңғыстау облысының Қарақия ауданындағы бейіт-қорым «Бақай» деп аталады.

Павлодар облысының Железин ауданында Бақай деп аталатын қоныс бар.

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында Бақай деп аталатын тау бар.

Қырғызстанда Бақай деп аталатын ауыл бар.

Кіші жүз таз тайпасының құрамындағы бір ата «бақай» деп аталады. «Бақай» атауы таздардың ұранына шыққан.

БАҚАНАС – Алматы облысындағы Балқаш ауданының орталығы (кент). Алматы қаласынан 201 шақырым жерде Іле өзенінің оң жағасына орналасқан.

Шығыс Қазақстан облысындағы Абай, Шұбартау аудандарының жерімен ағатын Бақанас атты өзен бар. Шыңғыс тауының солтүстік етегінен бастау алатын Бақанас өзенінің ұзындығы 240 шақырымдай.

Алматы облысындағы Бақанас кентінен солтүстікке қарай 80 шақырымдай жерге созылып жатқан өзек Бақанас деп аталады.

Орта жүз найман тайпасының құрамындағы сарыжомарт (ергенекті) руынан өрбіген аталардың бірі бақанас (бура) деп аталады.

БАЛҒАЛЫ – Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы елді мекен.

Алматы – Көксу темір жолының бойындағы Малайсары тауының бөктеріне орналасқан станса да Балғалы деп аталады.

Ұлы жүз жалайыр тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – балғалы. Шежіре дерегі бойынша жалайыр ішіндегі Сырманактан – Ерғазы, одан – Балғалы болып өрбіген. Атамекендері Іле өзенінің оң қапталындағы Құмбасы, Құланбасы, Жуантөбе, Ақдала, Қаракөл, Аққаптал, Үшқызылжар, Жінішке деген жерлер. Қыс айларында Қапшағай, Арқарлы тауларының ықтасын алқаптарын қыстаса, жаз шыға Малайсары тауының бөктерін көктеп, Жетісу (Жоңғар) Алатауының күреңкейін жайлап қайтатын болған. Қазақ күреңкей деп тау биігіндегі жайлауды атаған. Ғылым тілінде альпі белдеуі (альпийский пояс) немесе альпі шүйгіні (альпийская растительность) деп атау қалыптасқан.

Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішінде рамаданнан өрбіген аталардың бірі балғалы деп аталады.

БАЛТА — Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен, алап. Арғын — қаракесек және атығай ішінде балта аталары бар.

БАЛТАЛЫ — Ұлытау өңіріндегі құрғақ өзен арнасы.

Ақмола облысына қарасты Жақсы ауданының жерімен ағатын Терісаққан өзенінің бойындағы елді мекен.

Ақмола облысына қарасты Жарқайың ауданының жеріндегі ескі жұрт және Жақсы ауданындағы елді мекен Балталы деп аталады.

Орта жүз найман ішіндегі рулардың бірі — балталы.

БАЛТА-ТАРАҚ — Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы тау және өзен. Сондай-ақ, осы облыстың Семей қаласына қарайтын аумақта Балта-Тарақ деп аталатын ауыл бар.

БАЛЫҚШЫ — Алматы облысына қарасты Алакөл ауданындағы елді мекен.

Атырау облысында Балықшы кенті бар, Атырау қаласынан оңтүстікке қарай жүргенде 4 шақырым жерде.

БАРАҚБАЙ — Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігіне қарасты жердегі елді мекен, алап.

Арғын — сүйіндік ішінде, сондай-ақ қыпшақ ішінде барақбай аталары бар.

БАРҒАНА — Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданының жеріндегі көл, алап.

Ақтөбе облысының Байғанин ауданында Барғана қыстауы бар.

Арғын — бәсентиін ішінде барғана атасы бар.

БАРҚЫ — Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданының жеріндегі көл, елді мекен және алап. Сондай-ақ, осы облыстың Қашыр ауданында да Барқы елді мекені бар.

Арғын — қуандық — алтай — сайдалы ішіндегі бір ата барқы деп аталады.

БАРЛАС — Тәжікстандағы Обизаранг өзенінің бастау сағасына орналасқан қыстау (кишлак). Бұл қыстау Кеңес өкіметі орнағанға дейін Бұхар хандығының құрамындағы Хисар бектігіне қараған.

Дәл сол сияқты, Китаб бектігінде де Барлас қыстауы бар.

Әйгілі Әмір Темір тұсында (XXI ғ.) барлас руының адамдары Қашқадарияны, Хисар мен Сурхан алабын ен жайлап, еркін қоныстанған. Әсіресе, Темір мұрагерлерінің бірі Сұлтан Хусейн билік құрған кезде барлас руынан шыққан әмірлер ел ісіне көптеп араласқан. Кейін өзбек өктемдігі бел алуына байланысты барластардың басым көпшілігі Бабырға ілесіп Үндістанға қоныс аударды. «Бөлінгенді бөрі

жейді» дегендей, шашыранды болған барлас руы бірте-бірте Мауереннахрдың, Хорасанның, Ауғанстанның, Солтүстік-батыс Үндістанның, Пәкістанның, тіптен Шығыс Түркістанның отырықшы жұртымен араласып, сіңісті болып кетті.

Әмір Темірдің барлас руынан шыққаны жөнінде деректер бар.

Барластар арасында мынандай мәтел сөз болған:

«Хан нағашысы — барлас,
Сыбағасы — жамбас,
Мердігерге бармас» (*«мердігер» немесе «мардикар» деп ша-*

ғатай тілінде әр түрлі құрылыс жұмысын атқарушыларды атаған).

Бұл мәтел сөздің келесі бір нұсқасы былай айтылады:

«Хан нағашысы — барлас,
Сыбағасы — жамбас,
Құрғаны — малдас,
Мердігерге бармас,
Бөрі жемес,
Зекет бермес» (*мұндағы «Құрғаны — малдас» деген сөздің*

мәнісі барлас руынан хан төңірегінде қызмет атқаратындар көп шыққанын меңзегені. Яғни, хан кеңесінде малдас құрып отыратындар дегені). Бұл деректі өзбек арасында барлас руына қатысты айтылатын «Юриши — джингал, ултириши — дангал» («Өрісі — жыңғыл, отырысы — даңғыл») деген мәтел сөз де орнықтыра түседі. Мұндағы «даңғыл» деген сөз ханның қарсы алдындағы орынды білдіреді. Дәстүр бойынша хан тағының айналасына отыратындардың орны қатаң тәртіппен белгіленген (*В.В. Бартольд. Сочинения. Т. II., ч. 2. — Москва, 1964. 389-399-беттер).*

Қазақ арасында барлас руы үш жүздік құрылымға кірмейді.

БАЯН — Павлодар облысындағы тау.

Шежіре бойынша қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы Жаманбайдан өрбіген аталардың бірі Қылбелбеу болса, одан — Ноғай, одан — Баян болып таратылады.

БАЯНДЫ — Қарағанды облысының Шет ауданындағы (бұрынғы Ақадыр ауданы) тау.

БӘЙІМБЕТ — Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы алап.

Арғын — бәсентиін ішінде бәйімбет атасы бар.

БӘСЕНТИІН — Павлодар облысына қарасты Екібастұз қалалық әкімшілігінің аумағындағы көл. Әулікөл көлінің солтүстік-шығысында.

БӘСЕНТИІНКӨЛ — Павлодар облысына қарасты Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі көл.

Арғын ішіндегі момын бірлестігінен тарайтын іргелі ру — бәсентиін.

БЕГЕН — Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен.

Уақ — ыбырай ішінде беген атасы бар.

БЕГЕНДІК – Ұлытау өңіріндегі қыстақ, алқап.

Қостанай облысының Федоров ауданындағы ауыл орны.

Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі – бегендік.

БЕКБАУЛЫ – Павлодар облысына қарасты Шарбақты ауданындағы елді мекен.

Қыпшақ – бұлтың – күрлеуіт ішінде бекбаулы атасы бар.

БЕКТАУ – тау, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай жүргенде 60 шақырымдай жерде. Жергілікті халық бұл тауды Бектауата немесе Әулиетау деп те атайды. Биіктігі 1213 метр. Тау бүйірінде ұзындығы 50 метрдей үңгір бар. Үңгір ішінде көл бар. Тау етегінде әйгілі Шашубай Қошқарбайұлы (1865-1952) ақынның бейіті бар.

Ұлы жүз шанышқылы руының құрамындағы аталардың бірі – бектау. Шежіре бойынша Шанышқылыдан – Айрылмас, Саңырау, Дарқан, Бектау туады. Бектаудан – Балық пен Күрпік. Балықтан – Балта, Жүнсіз, Мамыт, Сұрым, Қарақалпақ, Жаңбыршы, Торқыс, Қырықсадақ, Ақкөтей, Қият тарайды. Күрпіктен – Үкібай, Дәулет, Араншы, Ағанай, Жолық, Мыңтай тарайды (*Осы тараушадағы «Саңырау» тақырыпшасын қараңыз*).

БЕРІШ – Чулыма өзенінің сол жақ сағасы. Осы өзеннің батыс жақ қапталында 40 шақырымдай жерде Беріш көлі де бар (*М. Тынышбаев*).

Харьков-Пенза теміржолының бойында Беріш (Бирюч) қаласы бар.

Том өзенінің бойында «Беріш» деп аталатын су асты жартасы бар.

Қырым жартыаралын құрлықпен жалғайтын Перекоп мойнағының солтүстігінде Беріш (Бирючий) аралы бар.

Сура өзенінің сол жақ бір саласы Беріш (Барыш) деп аталады. Осы өзеннің жағасында «Барышовка» деген елді мекен мен Барыш темір жол бекеті бар (*М. Тынышбаев*).

Беріш – Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы тайпа.

БЕРІШ АУЫЛЫ – Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданындағы елді мекен.

БЕРТІС – Балқаш көлінің жағалауындағы жартасты мүйіс.

Шежіре дерегінде Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектің бәйбішесінен Ақша, Түйте туады. Ақшадан – Бошан, Бошанның бес баласының бірі Таздан – Наманай батыр мен Бұлбұл туған. Бұлбұлдан – Шаншар, одан – Бертис туады.

БЕСТАМА (БЕСТАМАҚ) – Ақтөбе қаласынан он шақты шақырым жерден ағып өтетін Елек өзенінің жағасындағы қонысты жер. Ел аузындағы аңыз бойынша тама Есет батырды пана тұтып, тама тайпасының бес атасы қоныс еткен жер еді дейді.

БЕСТЕРЕК – Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы ауыл, аудан орталығынан солтүстікке қарай жүргенде 10 шақырым жерде.

Ұлы жүз дулат тайпасының ішіндегі шымыр руынан өрбіген аталардың бірі — бестерек. Шежіре бойынша дулат — шымыр — бекболат — мырзамбек — бестерек болып таратылады.

БЕСІМНІҢ БЕС САЛАСЫ — Ұлытау алабындағы арналы сай. Жоңғар шапқыншылығынан кейін Орта жүздің ру-тайпалары Сарыарқаға қайта серпіліп қоныстана бастаған кезде арғын ішіндегі сүйіндік руының кейбір тармақтары Ұлытау төңірегін мекендеген. Сүйіндіктен тарайтын Бесім әулеті сол кезде Ұлытау алабында болса керек. Осыған байланысты Ұлытаудың аңғарлы бір сайы күні бүгінге дейін «Бесімнің бес саласы» деп аталады. Сөз орайында, қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының үшінші атасы осы Бесім екенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда: Мәшһүр-Жүсіптің әкесі — Көпей, оның әкесі — Ермахмет, оның әкесі — Бесім (*М.Ж. Көпейұлы. Сарыарқаның кіндігі кімдікі екендігі. — Қазан, 1907. 5-6-беттер*).

БОЗ-ОГЛУ КЕРЕЙТ — Қырымның Таврия губерниясындағы елді мекен (*А. Мамедов. Крымские татары. — Симферополь, 1993*).

БОЖБАН — Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы ауыл. Шәуілдір ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 33 шақырым жерде.

Павлодар облысының Успен ауданындағы тұзды көл. Үлкентобылжан көлінің солтүстік-шығысында.

Қоңырат тайпасының құрамындағы рулардың бірі — божбан (игілік).

БОЗЫМ — Өлкейек өзенінің қосалқы атауы. Бұл өзен Ақтөбе облысындағы Ырғыз, Қостанай облысындағы Жанкелдин аудандарының жерімен ағады. Ұзындығы 349 шақырым. Жантай, Толыбай өзендерінің қосылған жерінен басталып, Қызылкөлге құяды.

1627 жылы жарық көрген «Үлкен сызба кітабы» («Книга большому чертежу») деп аталатын еңбекке берілген топоним түсініктемелерінде Бозым өзені «Өлкейек-Бозым» деген қосалқы атаумен аталған. «Үлкен сызба кітабы» бүгінгі күнге жетпеген, тек түсініктемелері ғана сақталған. Кіші жүз жетіру ішіндегі табын тайпасының құрамындағы рулардың бірі бозым деп аталады. Шежіре деректерінің бірінде бозым өз ішінде — айдар, қожантай, қожабай, таушан, қараманке деп аталатын аталарға бөлінеді. Бозымдардың ата қонысы негізінен Орал облысының жерінде.

Сондай-ақ, бозым руы Ұлы жүз албан тайпасының құрамында да бар. Шежіре дерегі бойынша албан тайпасының құрамындағы бозымнан — сары, шобал (олжай), жаншық аталары тарайды.

БОҚТЫ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі алап. Арғын — қанжығалы ішінде бокты атасы бар.

БОЛАЙ ТАУЫ — Алматы қаласының іргесіндегі Медеу шатқалының өріне біткен биік шың. Орыс қоныстанушылары бұл тауды «Махнатка» деп атап кеткен.

Болай — Ұлы жүз шапырашты, оның ішінде есқожа руынан өрбіген ата. Медеу Пұсырманұлы (1850-1908) осы болай атасынан.

БОТБАЙ — Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы ауыл орны. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 15 шақырым жерде.

Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында Ботбай ауылы бар. Түлкібас кентінен солтүстік-батысқа қарай 16 шақырым жерде.

Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі ру — ботбай.

БОТБАЙ САЙ — Алматы қаласының іргесіндегі тау шатқалы. Қазір өлік жерлейтін орын, қорым-пантеон. Бұл сайды орыс қоныстанушылары «Широкий шель» деп атаған. Қазіргі «Кең сай» атауы сол орысша атаудың калькасы.

БОШАН — Ақмола облысының жеріндегі көл.

Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі қаракесек болса, одан өрбіген аталардың бірі — бошан.

БӨРЛІ — Қостанай облысына қарасты Қарабалық ауданындағы елді мекен.

Қыпшақ тайпасының құрамындағы бір ата бөрлі деп аталады.

БӨРЛІКӨЛ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл, Ертіс, Лебяжье аудандарындағы көлдер. Баянауыл ауданында Бөрлікөл деп аталатын елді мекен де бар.

БӨРЛІӨЗЕКҚҰДЫҚ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданындағы шағын өзен, құдық.

БУРА — Алматы облысының Балқаш ауданындағы ауыл.

Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы тұзды көл Бура деп аталады. Бура көлі Ресейдің Алтай өлкесі мен Шарбақты ауданының шекарасына орналасқан.

Орта жүз ергенекті (сарыжомарт) найман ішінде бура (бақанас) тармағы бар. Шежіре дерегі бойынша бурадан — шеге, алушы, сырдақ аталары тарайды.

БҰҒАНАЙ — Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданындағы жер атауы. Кіші жүз байбақты руының құрамындағы бір ата бұғанай деп аталады.

БҰҚАРБАЙ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл және Май аудандарының жеріндегі елді мекендер.

Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданындағы елді мекен де Бұқарбай батыр деп аталады.

Арғын — қанжығалы — сары ішінде бұқарбай атасы бар.

БҰЛАНБАЙ — Павлодар облысына қарасты Ертіс ауданындағы елді мекен, алап. Керей — күрсары ішінде бұланбай атасы бар.

БҰЛАНБАЙ БҰЛАҚ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі бұлақ.

БҰЛАНБАЙКӨЛ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі көл.

БҰҚА ШАТҚАЛЫ — Шығыс Қазақстан облысына қарасты Ақсуат ауданының жеріндегі Барқытбел қыратының теріскейінен ағатын Қабырға өзенінің бойындағы шатқал. Бұқа — тоғыз таңбалы найманның бір таңбасын еншілеген төртуыл тайпасынан өсіп-өнген ата. Төртуыл өз ішінде ақболат, ақбарак, андабарак, қартбарак болып төрт атаға бөлінеді. Осылардың Ақбарағынан — Дәулетай, одан — Бұқа, Шөтік, Елтізер, Сүйіндік тарайды. Бұқа — әйгілі Тәуке хан заманының батыры. Бейіті өз атымен аталған «Бұқа шатқалы» деген жерде.

ДАРАҚ — Қарағанды облысының Шет ауданындағы (бұрынғы Ақадыр ауданы) елді мекен.

ДАРХАН — Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Қапыланбек кеншарына қарасты ауыл.

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы елді мекен және Тараз қаласының маңындағы тау сілемі Дархан деп аталады.

Өзбекстанның Ташкент облысына қарасты Орта Шыршық, Жоғары Шыршық, Жаңажол, Ташкент және Қыбырай аудандарында Дархан деп аталатын елді мекендер жиі кездеседі. Халық санағының 1926 жылғы материалдары бойынша Өзбекстандағы 34 шаруашылық бірлестігінің атауы Дархан (Дархон, Тархан) деп көрсетілген (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарканд, 1926*). Айрықша назар аударарлығы, осы санақ материалдарында Еңкес, Құлтума, Оршак, Шошым деген шаруашылық бірлестіктерінің атауы аталады. Ал, күні бүгінге дейін жатқа таратылатын қазақ шежіресінің дерегі бойынша Ұлы жүз қаңлы тайпасының құрамындағы шанышқылы руы былай таратылады: Шанышқылыдан — Айырылмас, одан — Саңырау, Дархан, Бектау есімді үш бала туған. Осылардың Дарханынан — Еңкес, Құлтума, Оршак, Шошым төртеуі туған. Яғни, жаңағы шаруашылық бірлестіктерінің атауы осы аталардың есімімен аталғанын аңғару қиын емес.

Монғолияда Ескі Дархан деп аталатын қала және тау бар.

Қытайдың 1331 жылы сызылған картасында Шағатай ұлысына қарасты Оңтүстік Хорезмдегі елді мекен Дархан (Дарган) деп көрсетілген. Махтұмқұлы атап өтетін Дархан қаласы (қазіргі Дарганат) осы болуы мүмкін (*З.Б. Мухамедова, С. Ахаллы. Топонимы в лирике некоторых туркменских поэтов // Топонимика Востока. — Москва, 1969. 109-бет*).

Ресей жеріндегі «тархан» деп келетін көптеген топонимдерді Орта Азиядағы «дархан» деп келетін топонимдермен шендестіру қате қорытындыға ұрындыруы мүмкін.

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ — Хорезмнің солтүстік-шығысындағы байтақ даланың араб, парсы деректерінде кездесетін (X-XII ғғ.) атауы. Парсы тіліндегі «Дәшт-и Кыпчак» сөзі қазақ тілінде «Қыпшақ даласы» деген мағына береді. Әзірше белгілі еңбектердің ішінде «Дешті Қыпшақ» атауы алғаш рет Насир-и Хұсраудың парсы тілінде жазылған «Жинак» («Диван») атты кітабында кездеседі. Ғылыми еңбектерде Ертіс пен Еділ өзендерінің арасында керіліп жатқан байтақ даланың «Дешті Қыпшақ» аталғаны айтылады (С.М. Ахинжанов. *Кипчаки в истории средневекowego Казахстана*. — Алматы, 1989. 9-бет).

ДОСҚАНА — Павлодар облысына қарасты Ақсу ауданының жеріндегі көл. Арғын — қанжығалы және алтай руларының ішінде досқана аталары бар.

ДОССОР — Атырау облысының Мақат ауданындағы кент.

ДОСТИЯРОВКА — Қостанай облысындағы кент.

Кіші жүз он екі ата байұлының ішіндегі бір ру жаппас болса, сол жаппастан өрбіген аталардың бірі достияр деп аталады.

ДУЛАТ — Шарыш (Чарыш) өзенінің бір саласы «Дулат» («Тулати») деп аталады. Ал, Шарыш өзені Обы (Обь) өзенінің сол жақ саласы. Н.А. Аристовтың айтуында дулат этнонимі осы өзен атауымен байланысты.

Дулат — Ұлы жүз құрамындағы тайпа.

ДУЛАТ ҚОЙТАСЫ — Қарағанды облысының жерінен ағатын Шерубайнұра өзенінің бойындағы алап.

ЕГДІР — Маңғыстау облысының Бозашы түбегіндегі алап. Тұщықұдық ауылының батысына қарай 25-30 шақырым жерде.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі — Егдір. Махмұт Қашқариде — ігдір, Әбілғазыда — егдүз деп жазылған.

ЕМІЛ — Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Қазақстан облысына қарасты Мақаншы ауданының жерінен ағып өтеді. Тарбағатай сілемі Үшарқар баурайындағы (Қытай жерінде) бұлақтардан бастау алып, Алакөлге құяды. Ұзындығы 254 шақырым.

Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы бір ру «Еміл» деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Шапырашты — Малды — Екей — Еміл болып таратылады. Емілден — Жайық, Ескожа аталары өрбіген. Әйгілі Жанай батыр, Шымырбай әулие, Сәке, Құдайберген сияқты болыстар осы еміл руынан шыққан.

ЕМІР — Маңғыстау облысының Шетпе — Ақтау торабындағы теміржол стансасы. Ақтау қаласынан 35-40 шақырымдай жерде.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі — Емір. Махмұт Қашқариде — еймур, Әбілғазыда — емур, Жалайыр Қадырғалида — имур деп жазылған.

ЕРСАРЫ ӨЗЕНІ — Батыс Қазақстан облысының Сырым, Теректі, Ақжайық аудандарының жерін көктей ағатын өзен.

ЕСЕН — Қарқаралы өңіріндегі шоқы.

Қарағанды облысының Абай ауданындағы өзен және көл. Осы облыстың Ұлытау ауданындағы құдық, Талдысай өзенінің алабынан қазылған.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық руынан өрбіген аталардың бірі — есен. Сондай-ақ, қыпшақ — бұлтың ішінде де, уақ — байназар ішінде де есен аталары бар.

ЕСЕН АҢҚАТЫ — Батыс Қазақстан облысының Теректі, Сырым, Ақжайық аудандарының жерін көктей ағатын өзен.

ЕСЕН-ҚАЗАҚ — Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы қоныс. Үстірттің орталық бөлігінде. (С. Қондыбай).

ЕСЕНСАЙ — Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы елді мекен.

ЕСЕНТЕМІР — Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы елді мекен. Кіші жүз құрамындағы тайпалардың бірі есентемір деп аталады.

ЕСЕНТЕРЕК — Павлодар облысына қарасты Ақтоғай ауданындағы елді мекен, алап.

ЕСЕНТІКӨЛ — Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігіне қарасты жердегі көл.

ЕСТЕК ҚҰМЫ — Сырдария бойы, Арал атырабындағы жер.

Қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт халықтарының ішіне сіңіп кеткен рулардың бірі — естек.

ЕСІЛ — Қазақстан мен Ресей жерінен ағатын өзен, Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қарағанды облысының Осакаровка ауданында Есіл деп аталатын бөген және ауыл бар.

Шежіре дерегінде Кіші жүздің әлім-қаракесегінен (ұланак) өрбитін үлкен бір тармақ есіл деп аталады.

Тарих ғылымының докторы Әбу Тәкеновтың әкесі Сақтаған ақынның өлеңмен жазылған шежіресінде мынандай шумақтар бар:

«Басталық Қаракесекті төрт Теберден,
Тебер деген атамыз ерен екен.

Есіл, Тобыл екі ұл бір заманда
 Шамасы бір атадан екен өрген.
 Осылай аталуы тегін емес,
 Қос ұлды қос өзенге телген екен.
 Есіл біздің атамыз осы жаққа
 Сол Есіл өзенінен келген екен.
 Есілдің Тебер болуы тегін емес,
 Туыстар арасында болған егес,
 Еншісіне өкпелеп, қазан теуіп,
 Көшкен соң, Тебер аты болған үлес»

(С. Ерғали. Бір атаның балалары. — «Жалын» журналы, 2005. № 12. 70-73-беттер).

Сөз орайында Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руының қазіргі мекен-тұрағы Есіл өзенінің бас жағындағы алап болғанымен, ертеректегі — қалмақ шапқыншылығы бел алмай тұрған заманда шырқай көшіп, жайлап қайтатын жерлері Тобыл өзенінің бойы болған.

Шежіре деректерінің басым көпшілігі Кіші жүздің ру-тайпаларын таратқанда Алаудың (Алшынның) ұрпағы ретінде Қаракесек пен Қыдырбайды қатар атайды. Қаракесектен — әлім бұтағын, Қыдырбайдан — байұлы бұтағын өрбітеді. Одан әрі Қаракесектен (Ұланак) — Есіл мен Тобыл ұрпағы тарайды.

Шежіре дерегін нақтылы тарихи оқиғалармен шендестіргенде біраз түйткілдің жай-жапсары айқындалады. Ақын-жыраулардың тарихи жыр-толғауларында әрісі алау-алшындардың, берісі әлім-қаракесектердің ата қонысы Үстірт үсті, Айрақты төңірегі, Еділ-Жайық алабы болғаны күман тудырмайды. Бұл деректі күні бүгінге дейін сақталған этнотопонимдер де орнықтыра түседі. Маңғыстау түбегінде, Таушық пен Жыңғылды елді мекендерінің аралығында Ұланак деген жер бар. Шежіре деректерінде Қаракесек пен Ұланак қатар атала береді. Сондай-ақ, арғын ішінде 26 болыс қаракесекке ұран болған Қарқабаттың күйеуі Мейрамның бейіті де Маңғыстауда жатыр (С. Қондыбай. Есен-қазақ. — Алматы, 2002. 118-бет).

Алтын Орда ыдырағанда, әсіресе, Едіге — Тоқтамыс — Темір араларындағы бітіспес арпалыс барысында өзге де іргелі ру-тайпалар сияқты әлім-қаракесектердің де шырқы бұзылған. Осы аласапыранда әлім-қаракесектің бір тобы Сарыарқа, Торғай, Есіл, Тобыл атырабына қарай бөліне көшсе, екінші тобы Сыр бойына, Қызылқұм алабына ығысқан. Қаракесек-Ұланактан өрбіген аталардың Есіл, Тобыл (Табыл) деп аталуының да, сондай-ақ әлім-қаракесектен шыққан Сейітқұл, Жалаңтөс сияқты тарихи тұлғалардың XVI-XVII ғасырларда Самарқан, Бұқара төңірегінен төбе көрсетуінің де сыр-себебі осында болса керек.

Кейін Қазақ хандығы еңсе көтеріп, ру-тайпалық жүйе жаңаша жіктеле бастаған кезде Сарыарқа қаракесектері этникалық субстрат ретінде арғын тайпасының құрамына кіріп, еншілес атаға айналған деудің қисыны бар. Мұндай ойдың жосығын шежіре дерегі де орнықтыра түседі. Арғын ішіндегі Мейрамнан өрбіген Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек (Болатқожа), Шұбыртпалы сияқты іргелі руға айналған аталардың бәрінің шешелері Кіші жүз алшынның қыздары болуы

тарихи шындықтың шежірелік аңызға айналған көрінісі деп білеміз (*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. 15-16-беттер*).

Сөз орайында, қазақ халқының түпкі шежірелік деректерінде Қаракесектің (Болатқожаның) жеңгедей алған әйелінен Шұбыртпалы мен Шекті туады. Бұл деректе де Шұбыртпалы мен Шектінің нағашы жұрты алшындар, яғни, шешелері алшынның қызы. Этникалық кірігу барысында Орта жүз шектілері бертін келе іргелі ру-тайпалар құрамына сіңіп кеткен. Кезінде арғын құрамынан Н.А. Аристов атап көрсететін шектілердің бүгінгі шежірелерде кездеспеуінің сыр-себебі осында. Оның есесіне, әлім-шекте мен арғын-қаракесек таңбаларындағы тектестік сақталып қалған.

ЖАБАҒЫ – Махмұт Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат-түрк» кітабында иабаку деп аталатын өзеннің бар екені, ол өзен Қашқар тауларынан бастау алып, Ферғана, Өзкент атырабына дейін ағатыны атап көрсетілген. Сондай-ақ, Махмұт Қашқари түркі жұртының ішінде иабаку (жабағы) деп аталатын рудың да бар екенін атап көрсетеді.

ЖАБАҒЫЛЫ – Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы елді мекен, алап.

ЖАҒАЛБАЙЛЫ – Қарағанды облысының Шет ауданындағы (бұрынғы Ақадыр ауданы) тау.

Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жерінде де Жағалбайлы деп аталатын алап бар.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Нарпай аудандарында, Самарқанд округінің Пай-Даргам, Жаңажол аудандарында, Ташкент округінің Пскент ауданында Жағалбайлы деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Кіші жүз жетіру тайпасының ішіндегі іргелі тайпалардың бірі – жағалбайлы.

ЖАҒАЛБАЙЛЫ-ҚҰСШЫ – Үстірттегі жер атауы. Құсшы ата әулиенің есімімен байланысты атау. Жағалбайлы тайпасына ұран болған «Манатау» («Малатау») атауына ұқсас Ман-атамекені де еске түседі (*С. Қондыбай. Маңғыстаунама. – Алматы, 2006. 319-349-беттер*).

ЖАЗҒҰРЛЫ – Маңғыстау облысының оңтүстігіндегі ойпат. Жаңаөзен қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 65-70 шақырымдай жерде.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі – Жазғырлы. Махмұт Қашқарида – йазыр, Әбілғазыда – языр, Жалайыр Қадырғалида – назир деп жазылған.

Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданының жерінде Азғыр деп аталатын алап бар. Бұл алаптың атауы да оғыздық этнониммен үндес.

ЖАЛАЙЫР – Өзбекстандағы Құмқорған ауданының жерінен ағатын Сурхан өзенінің оң жақ алқабындағы қыстау (кишлак).

Қарағанды облысының Абай ауданындағы тау сілемі Жалайыр деп аталады (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. Составил А.А. Козырев. – СПб., 1911. 155-бет*).

Семей өңірінің Абай ауданында Жалайыр деп аталатын тау бар.

Ақмола облысының Бұланты ауданында Жалайыр деп аталатын елді мекен бар.

Кенес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Қоқанд округінің Риштан, Құба, Бубайды, Бағдат аудандарында, Хорезм округінің Ғазауат ауданында, Бұхара округінің Бұхара, Қаракүл аудандарында, Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Нарпай аудандарында, Самарқанд округінің Қарадария, Самарқанд аудандарында, Ташкент округінің Ташкент, Пскент аудандарында Жалайыр деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Өзбекстанның Сырдария облысына қарасты Әмудария бөлімінде Жалайыр деп аталатын елді мекен болған (*Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользованию. Амударьинский отдел. Вып. 2. – Ташкент, 1915*).

ЖАЛАЙЫР ҚЫСТАҚ – Самарқанд пен Бұхара арасындағы елді мекен (*М. Тынышбаев*).

ЖАЛАЙЫР ОРДАСЫ – Шыршық, Әнгірен өңіріндегі жер атауы.

ЖАЛЫҚБАС – Қарағанды облысының жеріндегі Бокты тауының ішіндегі қойнау, шат. Бұл жер Жалықбас дарасы деп те аталады.

Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі – жалықбас.

ЖАМАНБАЙ – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы қыстау.

Шежіре дерегі бойынша қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбай деп аталады.

ЖАНГЕЛДІ – Павлодар облысының Екібастұз әкімдігіне қарасты жердегі көл, алап.

Арғын – қарпық ішінде жангелді атасы бар.

ЖАНТЕКЕ – Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы бейіт, қорым басы.

Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы бір ауыл және ауылдық әкімшілік округ орталығы Жантеке деп аталады. Ауыл іргесінде өзімен аттас Жантеке көлі бар. Жантеке ауылы Қорғалжын кентінің солтүстігінде 30 шақырымдай жерге орналасқан. Сөз орайында, осы маңда Керей өзені мен Керей көлінің бар екенін айта кетуге болады. Өйткені, жантекей – он екі ата абақ керейдің ішіндегі іргелі рулардың бірі екені еске түседі.

ЖАНТЕКЕЙ – Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы ауыл, Ырғызбай ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Ақсуат ауданының орталығынан солтүстікке қарай жүргенде 54 шақырым жерде, Боғас өзенінің оң қапталында.

Жантекей – он екі ата абақ керейдің ішіндегі іргелі ру.

ЖАНТЕКЕЙ БҰЛАҒЫ – Монғолияның Баян-Өлгей аймағына қарасты Дәғұн (Шилі) өлкесіндегі елді мекен.

ЖАНЫС – Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданының жеріндегі ескі жұрт. Жаныс – Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі ру.

ЖАНЫС БАБА КЕСЕНЕСІ – Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сайрам ауданының Қарамұрт ауылындағы сәулетті мазар.

ЖАНЫСБАЙ – Алматы облысына қарасты Ақсу ауданының жеріндегі көл. Бүйен және Ақсу өзендерінің аралығына орналасқан.

ЖАНЫС КӨЛІ – Көкшетау төңірегіндегі көл.

ЖАНЫСҚАРАҒАЙ – Көкшетау төңірегіндегі жер атауы.

ЖАППАС – Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы қыстау. Кіші жүз байұлы бірлестігі құрамындағы тайпалардың бірі – жаппас.

ЖАРТЫБАСТАУ – Қарағанды облысының Шет ауданындағы (бұрынғы Ақадыр ауданы) Берекетті бұйратының ішіндегі бастау, бұлақ.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі құрбан болса, одан тараған аталардың бірі жартыбас деп аталады.

ЖАУҒАШТЫ – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы (бұрынғы Жезді ауданы) жер атауы.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы Жаманбайдан өрбіген аталардың бірі қылбелбеу болса, одан тараған аталардың бірі жауғашты деп аталады.

ЖӘДІК – Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен, алап.

Жамбыл облысының Талас ауданында Жәдік деп аталатын ауыл бар. Ойық ауылынан солтүстікке қарай 8 шақырым жерде.

Абақ керей құрамында жәдік руы бар.

ЖЕТИРУ – Өзбекстанның Мырзашөл ауданындағы шаруашылық бірлестігі. Кеңес өкіметі орнаған соң Өзбекстанды аудандастыру кезінде құрылған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ЖИЕНБЕТ – Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданындағы елді мекен.

Жамбыл облысының Талас ауданында Жиенбет (Жиенбет) деп аталатын бөгет бар. Тараз қаласынан солтүстікке қарай 74 шақырым жерде, Талас өзенінің алабына орналасқан.

Кіші жүз құрамындағы іргелі рулардың бірі – жиенбет. Сондай-ақ, Орта жүз қоңырат тайпасының көтенші бұтағынан өрбіген рулардың бірі де жиенбет деп аталады.

ЖИРЕНШЕ – Павлодар облысына қарасты Шідерті өзенінің бойындағы бұлақ, қыстау.

Шежіре дерегі бойынша Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы рамадан тайпасынан өрбіген аталардың бірі – жиренше. Қазақ халқының тарихындағы әйгілі Жиренше шешен осы (*Қазақ тайпаларының тарихы. Рамадан. – Алматы, 2006. 285-бет*).

Тарихи деректерде ХІХ ғасырда Павлодар уезінің Ақбеттау болысына қарасты № 6 ауылдың адамдары Шідерті өзенінің бойындағы Жиренше бұлағын жайлап, Жиренше қыстауын қыстайтыны, олар, негізінен, телеу тайпасынан екені айтылады. Ал, шежіре жүзінде рамадан мен телеу Кіші жүздің үлкені ретінде еншілес болғаны жөнінде дерек бар (*Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. IV том. – Воронеж, 1903. 50-бет*).

ЖОЛАМАН – Ақмола облысына қарасты Щучье ауданының жеріндегі шоқы, Балықты көлінің солтүстік-шығысында.

Ақмола облысы, Шортанды ауданының жерінен ағатын Есіл өзенінің оң жағалауындағы көл – Жоламан.

Орта жүз арғын тайпасының атығай руынан тарайтын аталардың бірі – жоламан.

ЖОЛЫМБЕТ – Ақмола облысына қарасты Шортанды ауданындағы кент. Шортанды кентінен шығысқа қарай 55 шақырым жерде.

Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі бәсентиін руынан өрбіген аталардың бірі – жолымбет.

ЖӨНДІБАЙ ҚОҢЫРЫ – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы жер атауы.

Шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі тайпалардың бірі Қуандықтан – Алтай, одан – Сайдалы, одан – Сүгірәлі, одан – Дүкеней, одан – Әжібай, одан – Ақпан, одан – Шыңтай, одан – Байкүшік, одан – Манақа мен Жөндібай аталары өрбіген.

ЖЫБЫШ – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданындағы елді мекен. Арғын – сүйіндік – күлік ішінде жыбыш атасы бар.

ИАҒМА – Махмұт Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат-түрк» кітабында Тараз қаласына жақын орналасқан елді мекеннің Иағма деп аталатыны және бұл атау түркі жұртының іргелі бір руы иағмаға қатысты екені атап көрсетілген (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. 3-том. – Алматы, 1998. 49-бет*).

КАН – Оңтүстік Сібірдегі өзен, Енесайдың оң сағасы. Ұзындығы 629 шақырым. Н.А.Аристовтың айтуында Қанлы этнонимі осы өзен атауымен байланысты. Бұл пікірді Ә.Қайдаров тереңдете түскен. Ертеде Сырдария өзенінің орта ағысы Канга, Кангар атанғанын, ал «лы» жұрнағы арқылы жасалған қанлы атауының «Қаң бойындағылар», «Қаң өзенін мекендеушілер» деген мағына беретінін жазады (Ә. Қайдаров. *Қаңлы*. – Алматы, 2004).

КЕДЕЙ – Ақмола облысының жеріндегі өзен.

Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі кедей деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Қаракесектен – Байбөрі, одан – Жүгіней, одан – Кедей, Қыдырәлі, Қойке, Есбалық, Жарылғап, Ханкелді, Баян, Кенжек туады.

КЕЙДЕН ЗИРАТЫ – Өзбекстанның Самарканд облысына қарасты Майбұлақ қорғаны деген жердегі қорым.

Орта жүз қоңырат ішіндегі көтенші руынынан тарайтын аталардың бірі қараша деп аталады. Шежіре дерегінде Қарашадан – Кейден атасы өрбиді. Қараша батыр болса керек. Сол заманда бір айдаһар елге тыныштық бермей, малы мен жанын қыра берген соң, амалы таусылған жұрт жыл сайын өз еріктерімен жүз қой, бір қыз беріп тұратын болып айдаһармен пәтуаласады екен. Бірақ, іштен шыққан перзент пен ақ адал малды жыл сайын айдаһарға жем ете беру елді күйзелткен соң, сол елдің ханы: «Айдаһарға қарсы тұрар қандай батыр бар!» – деп жар салыпты. Сонда ел ішінен қару-жарағын сайланып Кейден батыр шыққан екен.

Кейден айдаһармен шайқасуға аттанарда елдің көпті көрген бір қариясы: «Балам, айдаһарға інінде жолықпа. Суаттан қайтар жолында соқтық, қимылы самарқау, уы зәрсіздеу болады. Жаратқан жолыңды оңғартсын!» – деп тілек-батасын береді. Кейденнің Қожамберді және Қожақты деген екі баласы бар екен. «Көкелеп» әкесінің соңынан ілессе, «бұлар айдаһарды көріп шошымалды болар» деп қалдырып кетіпті.

Содан, өз күшіне өзі сенген батыр ат тізгінін тартпастан інде жатқан айдаһардың тура үстінен түседі ғой. Үш күн, үш түн ширғысқан шайқас болады. Үшінші күн дегенде Кейден батыр қапысын тауып, айдаһардың басын шауып түсіреді. Алайда, айдаһардың басы шабылғанда бойын кернеген зәрлі уы Кейден батырға шашырап, ол да сол жерде қаза болады.

Күні бүгінге дейін жергілікті халық Кейденді әулие тұтып, рухына сиынады. Кейден зиратының басында үлкен қой тас бар. Оны жұрт тасқа айналған айдаһардың басы дейді (*Дерек беруші Ақжол Құлбарақұлы (1914-2004), Кентау қаласынан; Мадияр Елеуов (1949), тарих ғылымының докторы, профессор, Түркістан қаласынан; Н.Шалысбайұлы. Ата-бабаның ауызша шежіресі. – Алматы, 2000. 7-бет*).

Белгілі ақын, қазақтың атаулы сөздеріне ден қойып жүрген Байбота Серікбайұлы аңызды тарихи дерекпен ұштастырады. Кейденнің әкесі Қарашаның 1755 жылы Цин (Қытай) әскерімен соғысатын Гээрцзан Доэрцзи (Галдан Доржи) екеніне, айдаһардың қытайлық тотем екеніне болжам жасап, кезінде Қараша бастаған қалмақтардың қоңыраттар арасына сіңісті болғаны жөнінде дерек келтіреді (*Б. Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы, 2003. 326-327-беттер*).

КЕЛДЕҚАРА – Тараз (Әулиеата) қаласының төменгі жағындағы арық (М. Тынышбаев).

Найман тайпасының ішіндегі садыр руының бір бұтағы келдеқара деп аталады.

КЕРДЕРІ – орта ғасырдағы (X ғ.) қазіргі Арал теңізінің атауы. Сондай-ақ, Амудария өзенінің қос қапталына қанат жайған қала да Кердері деп аталған.

Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы елді мекен де Кердері деп аталады.

КЕРДЕРІҚҰМ – Қызылорда облысына қарасты Қазалы ауданының оңтүстік-батысындағы құмды алап. Бұл өңір ХІХ-ХХ ғасырлар жапсарында Қазалы уезі, Ақтоғай болыстығының № 8 әкімшілік ауылына қараған. Ауыл халқы негізінен кердері тайпасының адамдарынан құралған (*Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. – Ташкент, 1913. 26-бет*).

КЕРЕЙ – Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы өзен және көл атауы. Керей өзені Желдіадыр шоқыларынан бастау алып, 110 шақырымдай жердегі Керей көліне құяды. Керей көлінің ауданы 63 шақырым. Ағынсыз тұзды көл.

Қостанай облысының Ұзынкөл ауданында Керей деп аталатын көл бар.

Қорғалжын көлінің алабындағы бір қыстақ Керей деп аталады.

Атырау облысының жерінде Керей деп аталатын қыстау бар.

Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында да Керей деп аталатын елді мекен бар. Сондай-ақ, осы облыстың Жаңақала ауданында Керей деп аталатын жайлау бар. Бұл жайлау Аққұс ауылының оңтүстігінде 143 шақырым жерде.

Саян тауынан ағатын Уда өзенінің бір сағасы Кирей (Керей) деп аталады (*Н.А. Аристов. Заметки... 80-бет*).

Қырымда Кирей, Кирейт (Керей, Керейт) деп аталатын елді мекендер болған (*Н.А. Аристов. Заметки... – СПб., 1897. 128-бет*).

Перекоп уезінде (Қырым) Керей деп аталатын елді мекен болған (*А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. – «Этнографическое обозрение», 1895. № 3. XXVI кітап. 55-бет*).

КЕРЕЙ АШЫҚ – Атырау облысының жеріндегі жазан қырат.

КЕРЕЙБАЗ – Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы қыстау.

КЕРЕЙ БЕТ – Ресейдің Кочубеевск ауданына қарасты Қарамырза ауылындағы бір махалла (квартал). Тұрғындары негізінен ноғайлар.

КЕРЕЙ ЖҰРТЫ – Монғолияның Кентай аймағындағы (Шығыс Монғолия) Онон өзенінің қос алқабы. Бұл – Бат-ширэт өлкесіне қарасты елді мекен.

КЕРЕЙҚАЛҚАН — Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Бестомар ауылының оңтүстігіндегі алқап.

КЕРЕЙТ — Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы ауыл, Арыс ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Тұрар Рысқұлов ауданының орталығынан солтүстік-батысқа қарай 26 шақырым жерде орналасқан.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Қашқадария округінің Бешкент, Китаб, Гузар аудандарында Керейт (Кираит) деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Ресейдің Таврия губерниясында Керейт (Кереит) деп аталатын елді мекен болған.

Молдавияда ғағауыздардың Бендер уезіндегі село кезінде Кириетлунга (Кириет) деп аталған (*В.А. Мошков. Гагаузы Бендерского уезда. — «Этнографическое обозрение». 1900. № 1. XVII кітап. 7-бет*).

Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тайпа керейт деп аталады.

КЕРЕЙ ТОҒАЙЫ — Ресейдің Қорған облысына қарасты Половинка ауданының жерінен ағатын Тобыл өзенінің қапталындағы орманды алап (*Осы тараудағы «Бағлан» атауын қараңыз*).

КЕРНЕЙ — Қарағанды облысына қарасты Бұқар жырау ауданының жеріндегі елді мекен, кент. ХХ ғасырдың бас кезінде орыс қоныс аударушыларының көптеп келуіне байланысты бұрынғы «Керней» атауы өзгеріске түсіп (экзоним), «Корнеевка» деп атала бастады.

Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жерінде де Керней деп аталатын алап бар. Қар қалың түскен жылы бұл алапқа су жайылып, шөбі шүйгін болады.

Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан тарайтын аталардың бірі керней деп аталады. Шежіре деректерінде Қаракесектен — Ақша, Түйте, Үкібай туады деп те айтылады. Ақшадан — Бошан, одан — Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат туады. Машайдан — Бәйімбет, Бораншы туады. Бораншыдан — Кәрсен, Керней туады. Кернейдің өсіп-өнген ұрпағының еншіге тиген қонысы Нұра, Шідерті, Шаш өзендері бастау алатын Семізбұғының адырлы алқаптары болған. Керней (Корнеевка) қонысы да осы өңірде.

КЕРУЛЕН — Монғолия жеріндегі өзен.

Байырғы заманнан бері керей тайпасы Керулен, Онон, Селенгі өзендерінің бойын қоныс еткен. Осы өзендердің ішіндегі Керулен (Керлін) өзеніне байланысты керей тайпасының атауы қалыптасқан деп келетін қария сөз бар (*И. Қабышұлы. Керейлер керуені. — Өлгий, 1978. 29-бет*).

КЕТ (КЕТЕ) — Ресейдегі Краснояр өлкесінің солтүстігінен ағатын өзен (Хета), Хатанг шығанағына құяды.

Ресейдегі Ачинск қаласының солтүстігінде 100 шақырымдай жерден бастау алатын екі өзен «Үлкен Кет» және «Кіші Кет» деп аталады (*М. Тынышбаев*).

КИИК – Қарағанды облысындағы темір жол бекеті.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі құрбан болса, одан киікші атасы тарайды.

КОЛУТОН (ҚАЛЫҢТОН) – Ақмола облысындағы елді мекен, кент, темір жол стансасы. Тұрғылықты жұрттың айтуында бұл елді мекеннің және сол маңнан ағатын өзеннің бұрынғы атауы Қалыңтон болған екен. Орыс тілінің үндестігіне орай жүргізілген іс қағаздарына «Колутон» болып жазылып кеткен.

Орта жүз найман тайпасының қаракерей тармағынан өрбіген бір ата қалыңтон деп аталады.

КӨБЕК – Ақтөбе облысындағы теміржол стансасы. Кіші жүз әлім тайпасының ішінде тілеу руынан өрбіген аталардың бірі көбек деп аталады.

Павлодар облысына қарасты Железин ауданының жерінде Көбек деп аталатын алап бар.

Арғын – бегендік ішіндегі бір ата да көбек деп аталады.

Мырзашөлде Көбек деп аталатын елді мекен бар.

КӨБЕШ ЖАЙЛАУЫ – Монғолияның Баян-Өлгей аймағына қарасты Алтай өлкесіндегі елді мекен, Қызылқия тауының батыс қапталындағы кең қолтық, байтақ аңғар.

Көбеш – XVIII-XIX ғасырлар жапсарында ғұмыр кешкен әйгілі батыр. Абақ керейлерді Баян-Өлгей аймағына бастап барып қоныстандырушылардың бірі.

КӨЗЕЙ ҚҰДЫҒЫ – Ресейдің Ноғай ауданына қарасты Черевленные Буруны кентіне жақын маңдағы елді мекен (Көзей құйы).

Орта жүз арғын тайпасының ішінде көзей руы бар.

КӨКШЕ – Алтай сілемінің Колыван жотасындағы тау. Биіктігі 1206 метр.

Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Көкшетау сілемінің ең биік шыңы да Көкше деп аталады. Биіктігі 947 метр.

Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы тобықты руының ішінде көкше атасы бар. Шежіре бойынша Көкшеден – Томан, Топыш туған. Осылардың Томанынан – Қаракүшік, Балтай туса, Топышынан – Бәшей, Шобан туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтары негізінен Шыңғыстау аймағында тұрады.

КӨЛДЕНЕҢ – Қостанай облысының Түйемойнақ ауданындағы алқап.

КӨЛДЕНЕҢСАЙ – Қостанай облысының Түйемойнақ ауданындағы елді мекен.

КУБАНЬ (ҚҰБА) – Солтүстік Кавказдағы өзен.

КҮЛІК – Қостанай облысының Амангелді ауданындағы ауыл. Амангелді ауылының шығысында 50 шақырым жерде.

Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндік руынан өрбіген аталардың бірі күлік деп аталады.

Кіші жүз әлім ішіндегі бір аталық та күлік деп аталады. Ел арасындағы «күлік, күліктің жүрген жері бүлік» деген мәтел осы әлім ішіндегі күлік аталығына қатысты айтылса керек. Сөз орайында, қазақтың белгілі ақыны Зейнолла Шүкіров әлім ішіндегі күлік аталығынан екенін айта кеткен жөн.

КІШІ БӨРЛІ – Қостанай облысының жеріндегі көл.

ҚАЗАҚ – Ақмола облысының Сандықтау ауданындағы көл және осы облыстың Жақсы ауданындағы темір жол стансасы.

Алматы облысының Панфилов ауданында Қазақ өзені бар.

Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы бір ауыл Қазақ деп аталады. Құлан қаласынан шығысқа қарай 27 шақырым жерде.

Қостанай облысының Алтынсарин ауданындағы ауыл орны Қазақ деп аталады. Обаған ауылының оңтүстік-шығысында 35 шақырым жерде.

Маңғыстау облысының Қарақия ауданында Қазақ деп аталатын шығанақ бар. Каспий теңізінің шығыс бөлігінде.

Әзірбайжан жерінде Қазақ деп аталатын елді мекен бар.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Орта-Зарабшан округінің Қарадария ауданында – Қазақлар, Қазақ-ата, Нарпай ауданында – Майда-казак, Қазақ-олды, Бес-казак, Самарқанд округінің Ақдария ауданында – Қазақ-ауыл, Кішік-казак-ауыл, Қазақ-кожа, Бұлынғыр ауданында – Қазақ-кожа, Жаңа-қорған ауданында – Құтал-казак, Хорезм округінің Маңғыт ауданында – Баймақ-казак, Қазақ-қала, Шабат ауданында – Қазақ-қала, Бүй-казак, Хиуа ауданында – Хасиан (Касак), Жаңа-арық ауданында – Аяқ-казак, Қазақ-губерді, Хазарасп ауданында – Ішбай-казак, Бұхара округінің Шафрикент ауданында – Бай-казак, Рометан-Хайрабад ауданында – Қазақон, Бұхара ауданында – Беглік-казак, Ташкент округінің Ташкент ауданында – Шала-казак, Қазақ-кеңсай, Қазақия, Қоқанд округінің Бұбайды ауданында – Қазақ-ауыл, Қазақ-айым, Андижан округінің Қассан-сай ауданында – Қазақлы, Бешкент ауданында – Қазақ-қышлақ, Қара-казак, Шырақшы ауданында – Қазақ, Жаққабак ауданында – Қазақ деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Ирандағы Систан провинциясына қарасты Забул қаласының іргесінде «Қазақ» деп аталатын ауыл бар. Бұл ауылдың тұрғындары ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі аласапыранда Қазақстаннан ауып келген қазақтардың ұрпақтары. Жасы үлкен қарттардың айтуында үлкен бір әулетті Мұрат деген кісі бастап келсе керек. Мұраттың жеті ұлы болыпты. Сол кісі дүниеден озарында: «Жат жұрттың арасында тілін

мен ділің өзгерер, өзгертпеуге еш қайран жоқ. Жер бетінде қазақ деген елдің бар екенін ұмытпауларың үшін, өздерінді қазақ деген елдің өкілімін деп жүрулерің үшін және бір-біріннен көз жазып қалмауларың үшін қазіргі балаларың да, алдағы дүниеге келер ұрпақтарымыз да өздерінің аты-жөніне «Қазақ» деген атауды қосып атайтын болсын!» — деп өсиет етіпті. Ата өсиеті мүлтіксіз орындалған. Қазір Қазақ ауылының кез келген тұрғыны өзінің аты-жөніне «Қазақ» деген атауды тегі ретінде қосып айтады. Мәселен, Хайролла Қазақ, Осман Қазақ, Мұстафа Қазақ, Шерәлі Қазақ, Зейнеп Қазақ, Ажар Қазақ деген сияқты. Ал, тілі мен ділі, Мұрат қария болжағандай, бүтіндей иранданып кеткен.

ҚАЗАҚҚАЛА — Өзбекстанның Сырдария облысына қарасты Әмудария бөліміндегі елді мекен (*Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользованию. Амударинский отдел. Вып. 2. — Ташкент, 1915*).

ҚАЗАҚ ҚОСКӨЛІ — Ақмола облысына қарасты Астрахан ауданындағы көл. Қалқұтан өзенінің оң жағалауында.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ (КАЗАШКА) — Алматы облысының Қарасай ауданындағы өзен.

ҚАЗАҚСАЙ — Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы өзен. Кетпен тауы сілемдерінің солтүстік-батыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Шонжы кентіне жете бере сортаңға сіңеді. Қазақсай өзенінің ұзындығы 51 шақырым.

Орыс қоныс аударушыларының көбеюіне және орыстардың қазақ этнонимін «киргиз» деп бұзып айтуына байланысты Қазақсай өзені біраз уақыт «Қырғызсай» деп аталды. Кеңес заманында бұл өзенді «Подгорный» деп те атады. Алайда, тұрғылықты халық Қазақсай атауын жадынан шығарған емес.

ҚАЗАҚ ШЫҒАНАҒЫ — Каспий теңізінің шығыс жағалауында, Маңғыстау облысына қарасты Қарақия ауданының жерінде құрлыққа 46 шақырым еніп жатқан шығанақ. Қазақ шығанағының теңізге шығар тұсындағы ені 83 шақырым.

ҚАЙНАЗАР — Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы өзен және елді мекен. Алматы облысының Райымбек ауданы мен Жамбыл ауданында да Қайназар деп аталатын елді мекендер бар.

Ұлы жүз ошақты тайпасының ішіндегі аталардың бірі қайназар деп аталады.

ҚАЙЫС — Ертіс өзенінің бас жағына орналасқан қала.

Әмір Темірдің Моғолстан хандарына қарсы жүргізген жорықтары белгілі. Сондай жорықтардың бірінде Әмір Темірдің озан қолын (авангард) бастаған Әмірзада Омар-шейх баһадүр Ертістің бас жағындағы Қойыс деген жерде Ингә-төренің (Инга-торе) елін талқандағаны айтылады (*Материалы по истории киргизов и Киргизии. I шығарылым. — Москва, 1973. 107, 137, 155-беттер*).

ҚАҚСАЛ — Ақмола облысындағы Степногорск қалалық әкімшілігіне қарайтын ауыл. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы шегендік руынан тарайтын аталардың бірі — қақсал.

ҚАЛҚАМАН — Павлодар облысының Ақсу ауданындағы кент, теміржол стансасы. Алматы қаласының маңындағы елді мекен Қалқаман деп аталады.

Ұлы жүз шапырашты тайпасының құрамындағы рулардың бірі — қалқаман. Шежіре деректерінде Қалқаман шапырашты Айқымның әпкесі Қалдықыздан туғаны, ата жұрты арғын екені айтылады.

ҚАЛҚАМАНСОР — Ертіс өзенінің алабындағы көл. Павлодар қаласының оңтүстік-батысында, Ертіс өзенінің сол жағасынан 50 шақырым жерде орналасқан.

ҚАЛҚАМАНТҰЗ — Ертіс өзенінің алабындағы көл. Павлодар облысындағы Ақсу қаласының батысында 24 шақырым жерде орналасқан.

ҚАЛМАҚ — Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданындағы елді мекен. Облыс аумағында бұдан басқа да Қалмақ қыры, Қалмақшағыл, Қалмақшабын деп келетін жер-су атаулары баршылық. Жалпы Қазақстан аумағында «Қалмақ» деп басталатын жер-су және елді мекен атаулары жиі ұшырасады. Олардың бәрін тізбелеп көрсету шарт емес.

ҚАЛМАҚЕМЕЛ — Семей өңіріндегі тау.

ҚАЛМАҚЖАТҚАН — Балқаш көлінің оңтүстік-шығысындағы тау.

ҚАЛМАҚКӨЛ — Ақмола облысының Жақсы ауданындағы ауыл және көл (құрғаған көл табаны). Қазақстанның өзге өңірлері сияқты, Ақмола облысында да Қалмақкөлсай, Қалмаққырылған сарықамыс, Қалмақөткел, Қалмақты деп келетін жер-су атаулары көп. Оның бәрін бірдей тәптіштеп тізбелеу шарт емес.

ҚАЛМАҚҚАРА — Қостанай облысының Қамысты ауданындағы көл.

ҚАЛМАҚҚОРҒАН — Ұлытау өңіріндегі қора тау, бекініс, құдық.

ҚАЛМАҚҚҰЛАҒАН — Шымкент облысының Созақ ауданындағы шатқал.

ҚАЛМАҚҚЫРЫЛҒАН — Ұлытаудың оңтүстік-шығысындағы өзен. Қармола тауынан бастау алады. Ұзындығы 325 шақырым. Осы өңірдегі Бұланты мен Білеуті өзендерінің арасындағы алапты да «Қалмаққырылған» деп атайды.

Қазақ даласында Қалмаққырылған деп аталатын жерлер көп. Оның бәрін тізбелей беру шарт емес.

ҚАЛМАҚ-ТОЛАҒАЙ – Қалба тауының сілеміндегі жеке шоқы (*Г.Н. Потанин. Избранные сочинения в трех томах. – Павлодар, 2005. 160-бет*).

ҚАЛМАҚОБА – Ұлытау өңіріндегі төбе.

ҚАЛМАҚТЫ – Ақмола облысындағы көл.

ҚАМБАР – Тәжікстандағы Гиссар тауының оңтүстік етегіне орналасқан қыстау (кишлак).

Ұлытау өңірінде Қамбар деп аталатын биік жота бар.

Қазақтың Орта жүзінде арғыннан өрбіген рулардың бірі қамбар деп аталады.

ҚАНАЙ – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданындағы елді мекен, алап. Шығыс Қазақстан облысының Күршім және Ұлан аудандарындағы өзен Қанай деп аталады. Сондай-ақ, осы облыстың Қотанқарағай ауданында және Семей қаласына қарайтын аумақта Қанай қыстаулары бар.

Керей – күрсары ішінде, арғын – қуандық ішінде қанай аталары бар.

ҚАНАЙСОР – Павлодар облысына қарасты Ертіс ауданындағы көл.

ҚАНАЙТҮСКЕН – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі алап.

КАНГИТ – Орта ғасырда солтүстігі Ресей, Мордва, Болгария елдерімен шектескен, оңтүстігі алан, шеркеш, хазар жұртымен шектескен байтақ алап Кангит (Қаңғит, Қаңлы) елі деп аталған (*Н.М. Карамзин. История государства Российского. IV том. – СПб., 1817. 42-бет*).

КАНДИЗ – ертеде ирандықтар Хорезмді Кандиз (Қаңлы) деп атаған. Бұл атау Фирдоусидің «Шахнама» дастанында да аталады (*С.П. Толстов. Древний Хорезм. – Москва, 1948. 203-бет*).

ҚАНЖЫҒАЛЫ – Қарағанды облысының Ұлытау және Шет аудандарындағы тау, жота.

Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігінің жерінде Қанжығалы деп аталатын алап бар.

Ақмола облысының Ақкөл ауданында да Қанжығалы деп аталатын көл бар.

Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданының жеріндегі өзекті алап Қанжығалы деп аталады. Бұл өңірде 1872 жылы Байұзақ болыстығы құрылған. Болыстықтың халқын негізінен Кіші жүз табын тайпасының адамдары құраған (*Ежегодник: Материалы для статистики Туркестанского края. – СПб., 1872. 115-116-беттер*).

Кенес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Қашқадария округінің Шырақшы ауданында Қанжығалы деп аталған екі шаруашылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі — қанжығалы.

ҚАНЖЫҒАЛЫ ҚҰДЫҒЫ — Ресейдің Нефтекум ауданына қарасты (ноғайлар тұратын аймақ) Бияш ауылындағы құдық (Қанжығалы құйы).

ҚАНЖЫҒАЛЫТАС — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі алап.

ҚАҢ — Алтайдағы өзен (*Н.А. Аристов*).

ҚАҢҒА — Сырдарияның орта шенінің байырғы атауы (Қаңғар). Бұл гидронимнің қаңлы этнониміне қатысы бар екені айтылады (*В.В. Бартольд. Сочинения. V том. — Москва, 1968. 405-бет*).

Маңғыстау облысындағы Түпқараған ауданының жеріндегі байырғы қорым да Қаңға деп аталады.

Қазақтың көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбайұлының арғы атасы Таған Қожаназарбайұлы осы қорымға жерленген. Әбіш Кекілбайұлының әдеби псевдонимі — Таған.

ҚАҢҚА — Ангрен өзенінің Сырдарияға құяр сағасындағы байырғы қала орны. Қаңқа атауы «Авестада» аталады. Ғалым-зерттеушілер Қаңқа атауын қаңлы этнонимімен шендестіреді (*Е.Т. Смирнов. Развалины города Канка. — Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Приложение к протоколу. № 4. 1901. 164-184-беттер*).

Өзбекстанның Ташкент облысына қарасты Аққорған ауданындағы қазақ ауылы Қаңқа (Қаңлы) деп аталады. С.П.Толстовтың зерттеу еңбектерінде осы қаланың іргесінде Қаңырық деген канал болғаны және Амударияның байырғы тармағы Сарықамыстың оң салаларының бірі Қаңғадария деп аталғаны, бұл атаулардың қаңлы этнониміне қатысты екені айтылған (*С.П. Толстов. Древний Хорезм. — Москва, 1948. 25-30-беттер; К. Шониезов. Канг давлати ва канглилар. — Ташкент, 1990*).

ҚАҢҚАЛА — Шешенстандағы (Ичкерия) қала. Кавказ сыртын XI-XII ғасырларда жаулап алған салжұқтар құрамында қарлұқ, қыпшақ, халаж (халадж) тайпаларымен бірге қаңлылар да болған.

ҚАҢҚАЛИЯН — Шыңжанның батысындағы Сүйдін қаласының орнында XIII ғасырда Қаңқалиян қаласы болған. Осы қаланы қаңлылар әкімшілік-мәдени орталығы еткен.

«Бұл — Қаңқалы мен ан элементтерінен тұратын атау; оның біріншісі: қаңқалы — «қаңлы жұрты» дегенді, екіншісі: иран тілдерінде «ел-жұрт», «мекен-жай» мағына-

сын білдіретін - ан // -ен жұрнағы (сал. Иран, Туран, Кушан, т.б.)», — дейді академик Ә. Қайдар (*Ә. Қайдар. Қаңлы. — Алматы, 2004. 45-бет*).

ҚАҢЛЫ — Орталық Қазақстандағы өзен.

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында Қанлы деп аталатын ауыл бар. Сарыағаш қаласынан солтүстік-батысқа қарай 3 шақырым жерде.

Ресейдің Ставрополь (Ордженикидзе) өлкесіне қарасты Минераловод ауданындағы ауыл (Каньлы) Қанлы деп аталады. Тұрғындары негізінен ноғайлар.

Ресейдің Нефтекум ауданындағы Бейсей елді мекенінің бір махалласы Қанлы деп аталады. Тұрғындары негізінен ноғайлар.

Ташкент төңірегіндегі қаңлы этнонимімен байланысты жерлер Катта Кангли, Кичик Кангли, Кангли деп аталады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жанадан аудандастыру кезінде Ташкент округінің Ташкент, Пскент аудандарында Қанлы деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Ресейдегі Пятигорск қаласының маңынан ағатын өзен Қанлы деп аталады. Бұл өңірдің тұрғындары негізінен ноғайлар.

Ресейдегі Минводы қаласының батысындағы Кума өзенінің бойына орналасқан елді мекен Қанлы деп аталады. Тұрғындары негізінен ноғайлар.

Сырдария бойында жаңаша жыл санауға дейінгі II ғасырда ірге көтерген алғашқы түркі мемлекеттерінің бірі — Қанлы (Кангюй, Кангит).

Лобнор аймағындағы соғды (канцзюй) тобының атауы — қанлы. (*Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. 4-том. — Алматы, 1985. 384-бет*).

Өзбекстанның Сырдария облысындағы елді мекен Қанлы (Кангни) деп аталады (*С. Қораев. Географик номлар манасини биласиз ми? Топонимник луғат. — Ташкент, 1970. 146-бет*).

Өзбекстандағы Ташкент облысының жерімен ағатын Ангрэн өзенінің бойындағы байырға қала орны «Қанқа» («Канка») деп аталады. Ғалым-зерттеушілер бұл қаланың атауын «қанлы» этнонимімен, сондай-ақ, «Зенд-Авестада» аталатын «Қанқ» («Канк») атауымен байланыстырады (*А.Х. Маргулан. Мир казаха. — Алматы, 1997. 39-бет*).

Саха жеріндегі тау Қаңғалас (Қанлы) деп аталады. Аңыз бойынша жер бетін топан суы басқанда Эллей бабаның кемесі осы тауға тоқтапты дейді. Шежіре дерегінде сахалар Эллей мен Омотой деп аталатын екі атадан өрбісе, Эллейдің он екі ұлының үлкені Қанлы (Қаңғалас) деп аталады.

§

ҚАҢЛЫ АУЫЛЫ — Алматы облысының Қоғалы ауданындағы елді мекен.

ҚАҢЛЫ БОЛЫСЫ — Башқұртстанның Уфа уезіне қарасты әкімшілік бөліктің бірі XVIII-XIX ғасырларда Қанлы болысы деп аталған (*Ф.Г. Хисамитдинова. Башкирская ойконимия XVI-XIX вв. — Уфа, 1991. 67-бет*).

Сондай-ақ, саха халқының құрамындағы қаңлы (хангалас) тайпасы XVII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қанлы болысы (Қаңғалас болысы) болып құрылды.

Кейін Қаңлы болысы атауы Қаңлы ұлысы болып өзгертілді. Қаңлылардың саны 1859 жылы 34067 адам болған (*Бағдарыын Сюлбэ. Топонимика Якутии. — Якутск, 2004. 14-15-беттер*).

«Қаңғалас», «қаңлы» сөздері бір этножаралымның атауы екені ғылым жүзінде дәлелденген деуге болады (*Б.О. Долгих. Родовой и племенной состав народов Сибири в XVII в. — Москва, 1960; В.А. Никонов. Этническая ономастика. — Москва, 1984*).

ҚАҢЛЫКӨЛ — Түркиядағы көл (*В.Я. Гордлевский. Избранные сочинения. 1-том. — Москва, 1960. 250-бет*).

ҚАҢЛЫ-ТҮРКЕЙ — Башқұртстанның Бурзян ауданындағы қала.

ҚАПТАҒАЙ — Жоңғар Алатауының шығыс қапталындағы сілемді биік.

Жоңғар Алатауының шығыс қапталындағы өзендердің бірі де Қаптағай деп аталады.

Саха тілінде «қаптағай» («хаптагай») деп аталатын жерлер жиі кездеседі. Тіптен, Мегино-Кангалас ұлысының орталығы да Қаптағай деп аталады. Саха тілінде «қаптағай» сөзі «жазаң, тегіс, далаңқай» деген мағына береді.

Қаптағай (XV ғ.) — қазақтың әйгілі батыры. Керей, Жәнібек хандармен тізе қоса жүріп, Қазақ хандығын жасақтасуға елеулі үлес қосқан тарихи тұлға. Орта жүз найман тайпасының ішіндегі матай тармағынан өрбіген рулардың бірі қаптағай деп аталады. Бұлар негізінен Қаптағай батырдың ұрпақтары болып келеді. Қаптағай руы өз ішінде қыдырәлі, құлшан, төртқара, толыбай, қаржау, бөрте деп аталатын аталарға бөлінеді. Қаптағайлардың өсіп-өнген ата қоныстары Ақсу, Сарқант, Бүйен өзендерінің алқаптарындағы Ешкіөлмес, Тамшыбұлақ, Ордабай деген жерлер. Исі найман тайпасына Қаптағай есімінің ұран болуы Қаптағай батырдың тарихи тұлғасын әйгілей түседі.

ҚАПТАҒАЙ ҚЫСАҢЫ — Үйсін (Жоңғар) Алатауының сілемдерін қак бөлетін айырық бұрынырақта Қаптағай қысаңы деп аталған. Кейінгі ғасырларда бұл айырық Жоңғар қақпасы деп аталатын болды.

ҚАРАБАЛЫҚ — Қостанай облысындағы ауданның және сол аудан орталығы болып отырған кенттің атауы. Қостанай қаласынан солтүстік-батысқа қарай жүргенде 130 шақырым жерде.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Ташкент округінің Ангрен ауданында Қарабалық деп аталған шаруашылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Орта жүз қыпшақ тайпасынан өрбіген рулардың бірі қарабалық деп аталады. Қарабалықтан — қарсақ, қыдырбай, жолболай, шоманақ, сопы аталары тараған. Қарабалық руының атамекені Үй, Тоғызақ өзендерінің алқаптары.

ҚАРАКЕМПІР – Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданындағы елді мекен (*«Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасының «Злиха» тақырыпшасын қараңыз*).

ҚАРАКЕСЕК – Өзбекстанның Самарқанд облысына қарасты Бұлыңғыр ауданындағы шаруашылық бірлестігі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде құрылған. Сондай-ақ, Самарқанд облысының Пай-арық, Ақдария аудандарында, Ташкент облысының Жоғарғы-Шыршық ауданында Балта деп аталған шаруашылық бірлестігі болған. Балта – Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руының бір атасы (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ҚАРАҚАЛПАҚ – Қостанай облысының Әуликөл ауданындағы көл. Әуликөл ауылының солтүстік-батысында 35 шақырым жерде.

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында Қарақалпақ ауылы бар. Сарыағаш қаласынан солтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде.

Қарағанды облысының жерімен ағатын Есен өзенінің солтүстік қапталындағы адырлы алап Қарақалпақ деп аталады (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. Составил А.А. Козырев. – СПб., 1911. 175-бет*).

ҚАРАҚАС – Павлодар облысының Екібастұз әкімдігіне қарасты елді мекен алап. Абак керей ішіндегі іргелі рулардың бірі қарақас деп аталады. Сондай-ақ, қарақас деп аталған байырғы түркі руы да болған.

ҚАРАМОЙЫН – Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы тау.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы Жаманбайдан өрбіген аталардың бірі Қылбелбеу болса, одан – Ноғай, одан – Қарамойын, Тоқас деп таратады шежіре дерегі.

ҚАРАСАҚАЛ – Мырзашөл өңіріндегі елді мекен.

Кіші жүз әлім бірлестігінің құрамындағы айнық, тегінболат тайпаларын «Қарасақал» деп те атайды.

ҚАРАСАҚАЛ ҚЫСТАҒЫ – Ақтөбе облысына қарасты Алға ауданындағы елді мекен.

ҚАРАСАҚАЛ ҚОРЫМЫ – Ақтөбе облысына қарасты Байғанин ауданының жеріндегі бейіт, қорым. Қарасақал қорымы Жарқамыс ауылының оңтүстік-батысына қарай жүргенде 60 шақырым жерде, Жем өзенінің сол қапталында.

ҚАРАСПАН – Еренқабырға тау жүйесінің солтүстік-батысында созылып жатқан тау жотасының бұрынғы атауы. Бұл тау жотасының қазіргі атауы – Қаратау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының жерін алып жатыр. Сондай-

ақ, Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Ордабасы ауданының жеріндегі ортағасырлық қоныс орны мен қала орны да Қараспан деп аталады.

Қырғыз ішіндегі қыпшақтардың құрамында қараспан руы бар. XV ғасырда Әбілқайыр хандығының негізін қыпшақтар құрап, олар Қараспан (Қаратау) сілемін қоныс еткен.

ҚАРАТАЙДЫҢ ҚАРАТАЛЫ – Қарағанды облысына қарасты Шет (Ағадыр) ауданының жеріндегі өзен («Орта жүз» тараушасындағы «Қаратай елі» деген тақырыптағы деректі қараңыз).

ҚАРАТОҚАЙ – Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданындағы елді мекен.

Кіші жүз беріш тайпасының құрамындағы бір ру қаратоқай деп аталады.

ҚАРАУЫЛ – Екінші Менлі-Герей ханның әмірімен 1740 жылы Қырым аймағы 48 қазылыққа (кадилик) бөлінгенде, бір қазылығы Қарауыл деп және бір қазылығы Арғын деп аталған.

Қарағанды облысының Ақадыр өңіріндегі тау Қарауыл деп аталады. Ең биік шоқысы 665 метр.

Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданында да Қарауыл деп аталатын елді мекен, алап бар.

Арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі – қарауыл. Қырымдағы әкімшілік құрылым XVIII ғасырда 48 қазылыққа бөлінгенде екі қазылықтың Арғын және Қарауыл деп аталуы, біріншіден, арғындардың сол өңірде көп болғанын білдірсе, екіншіден, сол арғындардың басым бөлігі қарауыл болғанын аңғартады.

ҚАРАУЫЛ ҚОНҒАН – Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданындағы сай, өзек. Қарауыл қонған өзегі Саға өзенінің сол қапталымен жалғасқан.

ҚАРАУЙСІН – Шығыс Түркістандағы Шиху ауданының бұрынғы атауы (Қарұсын).

ҚАРАША – Қарағанды облысының жерінде кездесетін көптеген елді мекендер мен жер-су атаулары. Атап айтқанда: Ақтоғай ауданындағы елді мекен; Жаңаарқа ауданындағы елді мекен, тау; Ұлытау ауданындағы төбе; Ұлытау ауданындағы (бұрынғы Жезді ауданы) жер атауы.

Атырау облысының Жылой ауданында Қараша ауылы бар.

Қараша – Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 19 шақырым жерде.

Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы бір құдық Қараша деп аталады.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі қараша деп аталады.

ҚАРҒАЛЫ — Қарағанды облысына қарасты Ұлытау ауданының, Ақтөбе облысына қарасты Алға ауданының, Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданының жерлерімен ағатын өзендер.

Ақтөбе облысының бір ауданы, Ақтөбе қалалық әкімшілігіне бағынысты округ орталығы Қарғалы деп аталады.

Алматы облысының Қарасай және Сарқант аудандарында, Қызылорда облысына қарасты Шиелі ауданында да Қарғалы деп аталатын ауылдар бар. Сондай-ақ, осы облысқа қарасты Жамбыл ауданының жерінде Қарғалы деп аталатын орта ғасыр қалашығы болған (*«Қарға» сөзінің киетектік (тотемдік) мәніне қатысты «Қарға тамырлы қазақ» тараушасын қараңыз*).

ҚАРЖАС — Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының жеріндегі асу, кезең.

Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген аталардың бірі — қаржас.

ҚАРҚЫН — Маңғыстау облысының жеріндегі Оңтүстік Ақтау мен Батыс Қаратау аралығындағы аңғар. Шетпе кентінен 20-30 шақырымдай жерде.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі — Қарқын. Әбілғазыда — Қарқын, Жалайыр Қадырғалида — Қарқыны деп жазылған.

ҚАРМЫС — Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы елді мекен, Шет ауданындағы өзен.

ҚАРНАҚ — Қарағанды облысының Абай ауданындағы ауыл. Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 54 шақырым жерде.

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық әкімшілігіне қарасты Қарнақ ауылының іргесіндегі орта ғасыр қалашығының орны Қарнақ деп аталады. Қарнақ (Ішкент) қалашығы Махмұт Қашқари еңбегінде оғыздардың қаласы ретінде аталады (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Аударған А.Қ. Егеубай. Бірінші том. — Алматы, 1997. 533-бет*). Қалашықты А.Н. Бернштам (1947), К.М. Байпақов (1986) сияқты археологтар зерттеген. Қазақ хандығы кезінде Қарнақ қаласында Қарнақ медресесі ашылып, одан Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Молда Мұса (Мұсабек) Байзақұлы сияқты қазақ зиялылары білім алған.

Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қуандық руынан өрбіген аталардың бірі — қарнақ. Шежіре дерегі қарнақ атасын былай таратады: Арғын — Ақжол — Мейрамсопы — Қуандық — Қарпық — Көзей — Қаратоқа (Тоқа) — Бесім — Есенаман — Көкеней — Қарнақ.

Тарихи деректер арғын тайпасының құрамындағы алтай, қарпық руларын байырғы қарлұқтар құрамындағы тохар тайпасымен сабақтастырады. Сайдаққожа

Жүсіпұлы 1875 жылы Бұхарада жарық көрген «Қазақ тайпаларының тарихы» атты кітабында былай дейді: «Алтай-қарпық түркінің қарлұқ бұтағынан тараған... ерте-ректе Алтай тауының бөктерін мекендеген. Қарлұқтың Алтайдағы бір бөлігі «Алтайлық қарлұқтар» деп аталған. Сол алтайлық қарлұқ тобы... алтай-қарпық атала бастады. Алтай-қарпықтардың бір бөлігі Орта жүздегі арғынның қуандық руының құрамына түрлі себептермен XVIII ғасырда енген... Алтай қарпықтары қаратоқа, сарытоқа, алтай деген топтарға бөлінеді» (Ж. Бейсенбайұлы. *Қазақ шежіресі*. – Алматы, 1994. 106-бет).

Парсы тарихшысы Юсуф Сарай өзінің «Ферғананама» (Қокан әмірлерінің тарихы) кітабында қытай тарихшысы Жунь Лунь дерегіне сүйене отырып қазіргі Орта жүз құрамындағы қуандық, сүйіндік, қарпық, тоқа руларын қарлұқ-тохарлармен сабақтастырады (Ж.Б. Бикенов, Ж.М. Жәкенов, Т.К. Исабек. *Қарпық шежіресі*. – Қарағанды, 2002. 26-бет).

Арғын тайпасының құрамындағы тоқа руынан өрбіген қарнақ атасының ұрпақтары негізінен Қарағанды облысының Жаңаарқа, Нұра аудандарына шоғырланған.

ҚАРНАҚҚҰДЫҚ – Павлодар облысына қарасты Ертіс ауданының жеріндегі құдық.

Арғын – қуандық – қарпық ішінде қарнақ атасы бар. Байырғы түркі руларының да бірі қарнақ деп аталған.

ҚАРПЫҚСОР – Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Үлкен Қарақамыс көлінің солтүстік-шығысындағы, Тақтакөл көлінің солтүстік-батысындағы тұзды көл.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық тайпасынан өрбіген іргелі рулардың бірі – қарпық.

ҚАРТ – Қарағанды облысына қарасты Нұра ауданының жеріндегі жоталар сілемі. Сол жоталар сілемінің ең бір еңселі шоқысы Үлкен Қарт, аласалауы Бала Қарт деп аталады.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық руынан өрбіген аталардың бірі – қарт.

ҚАРТ-ҚАЗАҚ – Қырымның Таврия губерниясындағы елді мекен (А. Мамедов. *Крымские татары*. – Симферополь, 1993).

ҚАТАҒАН – Қарағанды облысының Шет (Ақадыр төңірегі) және Ұлытау (Жезді төңірегі) аудандарындағы өзек, сай (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области*. Составил А.А. Козырев. – 1911. 442-бет).

Тәжікстанның оңтүстігіндегі Пашхурд шатқалына орналасқан Зарабаг қыстауындағы орталық көше Қатаған деп аталады.

Дашнавад аймағында Хисар тауымен сілемдес Қатаған тауы бар. Кезінде бұл таудан кен өндіріліп, шойын балқытылып, Орта Азияға кең тараған қос құлақ, төрт

құлақ қазандар құйылатын болған (*Б.Х. Карамышева. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. — Москва, 1976. 201-бет*).

Сондай-ақ, Қашқадарияның төменгі сағасындағы іргелі елді мекен де Қатаған деп аталады.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды жаңадан аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Хорезм округінің Шабат, Жаңа-Үргеніш аудандарында, Бұхара округінің Шафрикент, Бобкент, Рометан-Хайрабат, Бұхара, Багауатдин аудандарында, Орта-Зарабшан округінің Кермине, Қарадария аудандарында, Самарқанд округінің Ақдария, Жаңа-қазан аудандарында, Хазжент округінің Хазжент ауданында, Қоканд округінің Бес-арық, Бағдат, Бұбайды аудандарында, Андижан округінің Қамалған, Жәлелқұдық аудандарында, Қашқадария округінің Қассан, Бешкент, Шахрисяб аудандарында Қатаған деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Ауғанстанның солтүстігіндегі Құндыз қаласы XVII-XVIII ғасырларда Қатаған қаласы деп аталған.

Қатағандар XIV ғасыр мен XX ғасырдың орта тұсына дейін Хорезм, Ташкент, Ходжент, Самарқанд төңірегінде, Қашқадария мен Бұхар оазисінде, Ауғанстанның солтүстігіндегі Құндыз, Тасқорған аудандарында жұптарын жазбай, өздерінің этникалық атауларын ұмытпай, шоғыр-шоғыр болып қоныстанып отырған. Сөйлеу тілі негізінен қазақ тілі болған. В.П.Юдин қатағандардың ұлты қазақ екенін атап өтеді (*Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. — Алматы, 1969. 326-бет*).

Қазақ ханы Есім 1628 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын ханды сатқындығы үшін шапқанда, оның (Тұрсын ханның) карауындағы қатағандардан құралған әскери күште көптеп қырылып, қалған-құтқан жұқанасы шанышқылы деген атаумен қаңлы тайпасының құрамына қосылады да, бір бөлігі Сырдария асып, оңтүстік-батысқа қашады (*Н.А. Аристов. Опыт... — «Живая старина», СПб., 1894, вып. III, 405-бет; вып. IV, 343-бет*).

Өзбекстанның Шыназ (Чиназ) аймағын XVII ғасырда қатағандардың қоныстана бастағаны жөнінде дерек бар (*Б.Х. Карамышева. Көрсетілген еңбек. — 239-бет*). Бұл аймақта өз дербестіктерін сақтай алған қатағандар XII ғасырда Хисар алабынан хандық құрып, оны Мұратбек хан (Бекмұрат хан) биледі. Мұратбек ханның баласы Мұхаммадхан бек мұрагерлік жолымен билік құрған кезде Бұхар әмірі қатағандарға қысым көрсетіп, «барымташы» деген айып тағып, өз иелігінен аластайтын жарлық шығарады. Мұндай жағдайдан кейін қатағандар Кулябқа қарай ығысып, одан әрі Пяндж асып, Хазарати-Имам, Құндыз, Таликан, Рустак төңірегін қоныс етеді. Жай ғана қоныстанып қоймайды, сол елді мекендерге билігін жүргізіп, кешікпей-ақ дербес хандық құрады (*Ханство Кундуз. Из донесения д-ра Лорда, члена экспедиции капитана Бериса, от 25 июля 1838 г. // Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии. — СПб. 265-266-беттер*).

Қатағандар XVI ғасырда Қазақ хандығының құрамынан бөлініп шығып, Ауғанстанның солтүстігіне Қашғария арқылы өтті деген болжам жасайды В.П. Юдин (*В.П.Юдин. Көрсетілген еңбек. — 326-бет*).

Қатаған руы қазақтың Ұлы жүзінің құрамына жатады. Шежіре деректері бойынша қаңлы мен шанышқылы руларының түп атасы қатаған еді дейтін де сөз бар. Алайда, қазақтың қария сөздерінің басым көпшілігі қатаған мен шанышқылыны қатар атап, тектестіріп отырады. Қатаған мен шанышқылының жұптас рулар екенін Ш.Уәлиханов та атап өткен (*Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Т. II. – Алматы, 1962. 627-бет*). Ал, қаңлылар тым арғы замандардан тамыр тартқан байырғы ақсүйек тайпа тұрғысында айтылады. Бұған «Қаңлыдан хан сайла», «Хан таппасаң қаңлыдан көтер», «Қаңлы елінде хан бар, кәделі елде қаңлы бар», «Қаңлыны арбаға ханмен бірге мінгіз», «Қыпшақтың жақсылары – қаңлылар», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деп келетін халық жадындағы мәтел сөздер де айғақ. Сондай-ақ, шанышқылы мен қатаған таңбаларының қаңлы таңбасымен үйлеспейтіндігі де назар аударады. Осы орайда, қаңлы таңбасы қырғыздардың бұғы, сарыбағыш тайпаларының таңбасымен тектес екенін айта кеткен жөн (*В. В. Востров, М. С. Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). – Алматы, 1968. 55-бет*). Қырғыздардың шежірелік дерегі бойынша қатаған руы саяқтардың бір бұтағы болып есептеледі. Орта Азжия халықтарының этногенезін зерттеуші И. П. Магидович қатағандарды қытай дерегіндегі «се» деп аталатын, гректер мен римдіктер дерегіндегі «сақ» деп аталатын байырғы этнонимдермен шендестіреді (*Материалы по районированию Средней Азии. Кн. 1. Территория и население Бухары и Хорезма, ч. 1. – Бухара, Ташкент, 1926. 195-бет*).

ҚАТАЙ – Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен, алап.

Башқұрт халқының құрамында бала-қатай, қара-қатай, жалаң-қатай деп аталатын рулар бар.

Қыпшақ ішінде қытай деп аталатын ру-атаның бар екенін де айта кетуге болады.

ҚИРА – Қарағанды облысының Приозерный ауданындағы құдық.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі қылбелбеу болса, одан тараған аталардың бірі қира деп аталады.

ҚИЯ – Батыс Сібірдің оңтүстік-шығысындағы Чұлым өзенінің сол жақ тармағы. Ұзындығы 548 шақырым.

Қия (қият) – түркі-монғол халықтарының құрамындағы ру атауы.

ҚИЯТ ҚАҚПАСЫ – Кафирниган өзенінің төменгі сағасынан ірге тепкен Кабадиан қаласында орта ғасырда төрт қақпа болған. Сол қақпалардың бірі Қият қақпасы (Дарвозаи-Қият) деп аталған.

Қият руы қазақтың жүздік құрамына кірмейді. Қазір қият руы негізінен қазақтың іргелі ру-тайпаларының құрамына сіңісті болып кеткен. Ұлы жүз қатаған (шанышқылы) руларының құрамындағы балық бұтағының ішінде қият атасы бар. Шежіре бойынша Қатаған (Шанышқылы) – Арылмас – Бектау – Балық – Қият деп таратылады.

ҚИЯТ ҚАЛАСЫ – Амудария өзенінің жағасындағы ортағасырлық қала. Кезінде Хорезмнің астанасы болды. Шамамен X ғасырдан бастап астаналық мәртебенің Үргенішке (Көне Үргеніш) ауысуына байланысты Қият қаласы құлдырай бастады. Қазір Өзбекстандағы Бируни ауданының орталығы. Кейбір деректер бойынша түркінің әйгілі ғалымы Абу Райхан Бируни (Беруни) осы Қият қаласында туған.

Кенес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды жаңадан аудандастырудың материалдары бойынша Хорезм округіндегі Шабат, Ханки аудандарында, Бұхара округінің Кани-мих ауданында, Орта-Зарабшан округінің Кермине, Хатыршы, Нарпай, Қарадария, Дам-арық аудандарында, Самарқанд округінің Митан, Ақдария, Бұлыңғыр аудандарында, Қоқанд округінің Бес-арық, Найманшы аудандарында, Қашқадария округінің Бешкент ауданында, Ташкент округінің Орта-Шыршық ауданында Қият деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ҚОЖА – Қожа этнонимімен байланысты жер-су атаулары, қыстаулар, тіптен аудандар мен қалалар Тәжікстанда және Өзбекстанда мейлінше мол.

Қостанай облысының Меңдіқара ауданында қожа деп аталатын елді мекен бар.

Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы орманды алқап Қожа деп аталады. Орналасқан жері – Итемген көлінің оңтүстік-шығысы мен Домбыралы тауының солтүстік-шығысы.

Ақмола облысындағы таулардың бірі Қожа деп аталады. Орналасқан жері – Итемген көлінің оңтүстік-шығысы мен Домбыралы тауының солтүстік-батысы.

Қостанай облысындағы Үлкен Ақсуат көлінің шығысына орналасқан елді мекен Қожа деп аталады. Осы облыстың Наурызым және Қамысты аудандарында қожа деп аталатын ауылдар бар.

Қарағанды облысының Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа, Ұлытау аудандарында Қожа деп аталатын елді мекендер бар.

Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданының жерінде – көл, Баянауыл ауданының жерінде – тау, Екібастұз қалалық әкімдігінің аумағында – бейіт Қожа деп аталады.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында Қожа деп аталатын қыстау бар. Тебіске өзенінің аңғарына орналасқан.

Алматы облысының Панфилов ауданындағы қоныс та Қожа деп аталады.

ҚОЖАБАҚЫ – Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданындағы елді мекен.

ҚОЖАҒА – Атырау облысының Исатай ауданындағы елді мекен.

ҚОЖАКӨЛ – Ақмола облысының Егіндікөл ауданындағы көл. Орналасқан жері – Жаманқұлақ көлінің шығысы мен Теңіз көлінің солтүстігінде. Қожакөл көлі бұрынғы «Жұлдыз» кеңшарының жерінде.

Қостанай облысының Әуликөл ауданында да Қожакөл деп аталатын көл бар.

Ақмола облысына қарасты Бұланды ауданының жерінде Қожакөл деп аталатын алқап бар. Орналасқан жері – Шыбындыкөл көлінің оңтүстік-шығысында.

ҚОЖАҚҰДЫҚ – Атырау облысының Тайсойған ауданындағы қыстау.

ҚОЖБАН – Алматы облысының Қаратал ауданындағы елді мекен.

ҚОЗҒАН – Ауғанстандағы Қандағар өзенінің алабындағы Арғындаб деп аталатын жердегі байырғы қаланың орны.

Ақмола облысының Ақкөл ауданында Қозған деп аталатын сортаң көл бар. Қозған көлі Қалқұтан (Қалыңтон) өзенінің бас жақ сол қапталында.

Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы бегендік руынан тарайтын аталардың бірі қозған деп аталады.

ҚОЙБАС ҚОРЫҒЫ – Нарын құмындағы жер атауы. Кеңес заманында бұл жерден «Қорық» серіктестігі құрылып, кейін «Победа» совхозы деп аталды.

Кіші жүз беріш тайпасы туралы шежіренің бір тармағы Байбақтыдан – Әсілбас, одан – Себек, одан – Бөрібас, Андағұл, Сары деп таратылады. Бөрібастан – Бөрте, Тума, Жамбай туады. Жамбайдан – Жанұзақ, Бозай, Саржала, Табылды, Шымыке туады. Саржала өз кезінің әйгілі батыры, ел билеген қайраткер болған адам, Сырым Датұлының сенімді серіктерінің бірі. Осы Саржала батырдан – Бекбай, Үлкен, Шотай, Тойғұлы, Айбас, Қаптағұл, Кәкей, Тасша, Қарымсақ деген тоғыз ұл туған. Осылардың Бекбайынан – Жаңабай, Бәлу, Боктыбай, Қойбас туады. Нарын құмындағы «Қойбас қорығының» атауы, осы Бекбайұлы Қойбасқа қатысты қойылған.

Ресейдің Қазақ даласын отарлап, жаңадан әкімшілік-аумақтық жүйеге бөлуі қазақтардың көшпелі өмір-салтын қожыратуға себепші болады. Яғни, табиғатпен қойындасқан берекелі өмірдің шырқын бұзған. Бұрын «күн ортақ, ай ортақ, кара жер ортақ», «жер Құдайдікі», «қара жерге халық ие, халыққа хан ие» деп тіршілік құратын ел-жұрт, енді жазылып көше алмайтын, желпініп қона алмайтын күйге түскен.

Осындай ахуал Атыраудың қос өзенінің аралығынан Бөкей ордасы құрылғанда, әсіресе, айқын байқалып, «жер дауы» деген айрықша өршіген. Сонда, ел-жұрттың қоныс-тұрағының қамымен Қойбас би Жәңгір ханға келсе керек. Жәңгір хан сөйле дейді. Сол кезде Қойбас биге серік болып жүретін Қондыбай ділмар бұрынырақ тіл қатып:

«Оралды орыс бермейді,
Әдіпті Қойыс бермейді.
Ірге құмды тана бермейді,
Қаратоқай және бермейді.
Аспаннан Құдай жаңбыр бермейді,
Жерді Жәңгір бермейді.
Кетпейін десем, ен Нарынға сыймаймын,
Кетейін десем, Жәңгір, сені қимаймын!» – депті дейді.

Сонда Жәңгір отырып: «Тайдың бір күнде орап қайтатын жерін алындар!» — деген екен. Сол жер кейін «Қойбас қорығы» аталып кетсе керек.

ҚОНАЙ — Ақмола облысының Атбасар ауданындағы жер атауы.

ҚОҢЫРАТ — Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының бұрынғы атауы; Ақтоғай ауданындағы қала типтес кент және тау; Қарағанды облысына қарасты Приозерный ауданындағы шоқының, құдықтың, стансаның, елді мекеннің атауы; Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданындағы қыстау (*Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы. — Алматы, 1990*).

Қарағанды облысының жерінде Қоңырат тайпасынан тарайтын рулар мен аталардың атымен аталатын елді мекендер мен жер-су атаулары да молынан ұшырасады. Шежіре дерегі бойынша қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы — жаманбай деп аталады. Жаманбайдан — қылбелбеу, құрбан, қараша, қырғызалы, т.б. аталар тарайды. Осы аталардың ішіндегі Қылбелбеуінен — жауғашты, ноғай, шоқпарлы, қира аталары өрбіген. Бұл аталардың ішіндегі ноғайдың бір бұтағы — қарамойын тоқас, келесі бір бұтағы — Баян есімді әйел атымен аталады.

Сондай-ақ, Жаманбайдан тараған аталардың келесі бірі — құрбан болса, сол құрбаннан — киікші, жары, сасық, тіней, жартыбас, көтен аталары өрбіген. Осы аталардың киікшісінен — шегір мен бекбаулы тарайды. Бұлардың бірін — жоғарғы киікші, екіншісін — төменгі киікші деп те атайды.

Қоңырат ішіндегі осы аталған ру-аталардың бәрі де Қарағанды облысына қарасты жерлердің оңтүстік алабындағы елді мекендер мен жер-су атаулары түрінде сақталған. Атап айтқанда: Жаманбай, Құрбансай, Қараша, Қырғызалы, Жауғашты, Ноғай, Қира, Қарамойын, Баян, Киікші, Сасық, Тіней, Жартыбастау, т.б. Бұл атаулармен сабақтас елді мекендер мен жер-су атаулары осы тараушада әліпби реті бойынша берілген.

Қоңырат тайпасының ішіндегі рулар мен аталардың топоним түрінде Сарыарқада молынан ұшырасуының сыр-себебіне қатысты академик Әлкей Марғұланның пікіріне ден қоюға болады: «Ерте дәуірдегі оғыздар, олардан кейін шыққан қоңыраттар жаз бойы Сарыарқаны, Торғай, Тобыл, Жайық бойын жайлап, қысқа қарай жылы жаққа, Сырдың, Амударияның алқабына барып қыстайтын болған. Шайбани заманынан бері қарай қоңыраттар екіге бөлінді. Бір бөлігі (ең көбі) — Сыр бойында, Қаратауда, екінші бөлігі — XVI ғасырдан бері қарай солтүстікке көше алмай Амудария бойын қоныстанып қалды. Ол жердегі қоңыраттардың кейбір қарттары бабаларының Арқаға дейін көшіп барып жүргенін осы ғасырдан (XX ғ. — А. С.) 30-жылдарына дейін айтып отыратын еді. Бірақ, осы екі жердегі қоңыраттар (біреуі өзбек, біреуі қазақ арасында) кейінгі кездерге дейін өзара жиі қатынасып, тегі, туысы, шежіресі, шығарған аңыз-жырлары бір екенін білген. Тек соңғы ғасырларда ғана қоныс шалғайлығынан байланысын үзіп алған. Бұл «Алпамыс» жырының сюжеті екі елде өзгеріссіз сақталуынан да көрінеді» (*Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985. 181-бет*).

Бұхар хандығы кезінде Байсын бектігіне қарасты халықтың жартысынан астамы қоңырат тайпасының адамдары болған (*Б.Х. Карамышев. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. – Москва, 1976. 110-бет*).

Қазақстанның оңтүстігіндегі Мырзашөл өңірінде Қоңырат деп аталатын елді мекен бар.

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында Қоңырат деп аталатын ауыл бар. Жетісай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым жерде.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды жаңадан аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Хорезм округінің Ханки, Жаңа-Үргеніш аудандарында, Бұхара округінің Гиждуан, Бобкент аудандарында, Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Қарадария, Дам-арық аудандарында, Самарқанд округінің Ақдария, Бұлынғыр аудандарында, Ташкент округінің Жаңа-жол ауданында, Қоканд округінің Бағдат ауданында, Андижан округінің Асаке ауданында, Қашқа-Дария округінің Бешкент, Жакқабак аудандарында Қоңырат деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған. Сондай-ақ, Жаңа-Үргеніш ауданында – Қият-қоңырат, Қарадария ауданында – Қара-қоңырат, Бұлынғыр ауданында – Гузы-қоңырат, Жаман-қоңырат, Қара-қоңырат, Қашқа-дария ауданында – Қара-қоңырат, Қассан ауданында – Қара-қоңырат деп аталатын шаруашылық бірлестіктері де болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Қарақалпақтардың ХІХ ғасырдағы әкімшілік орталығы Қоңырат деп аталды. Ол кезде қарақалпақтар Хиуа хандығының құзырында болатын. Қоңырат әкімшілік орталығы Амударияның сол жағасынан қоныс тепкен.

Орыс поручигі Д.Гладышев 1741 жылы Арал теңізінің маңындағы Қоңырат деген жерде болғанын жазған (*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы, 1961. 180-бет*).

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында Қоңырат қыстауы бар. Бұл қыстау Жасқайрат ауылының оңтүстік-батысында 9 шақырым жерде.

Евпатория уезінде (Қырым) Қоңырат деп аталған елді мекен болған (*А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. – «Этнографическое обозрение», 1895. № 3. XXVI кітап. 55-бет; Н.А. Аристов. Заметки... – СПб., 1897. 128-бет*).

Шығыс Монғолияда Қоңырат деп аталатын өзен бар (*Г. Ховорс*).

ҚОРАЛАС – Өзбекстанның Ташкент ауданындағы шаруашылық бірлестігі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде құрылған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ҚОСАЙ ЖАЙЛАУЫ – Қарақалпақстанның Төрткүл ауданындағы жайлау, алап. Төрткүл ауданынан 160 шақырымдай жерде Қазақстаннан – Қызылорда облысының, Өзбекстаннан – Бұхара, Ташауыз облыстарының және Қарақалпақстанның түйіскен жеріндегі өңір.

Шежіре бойынша Кіші жүз Адайдан – Құдайке, Келімберді. Құдайкеден – Қосай, Тәзіке. Қосайдың өсіп-өнген ұрпағын «Алты қосай» немесе «Түркіменадай» деп те

атайды. Осы қосайлар XVI-XVII ғасырларда Сырдариядан өтіп, Амударияның арқа жағын жағалай жайлайтын болған. «Қосай жайлауы» атануы содан. Қосай батырдың бейіті Қарақалпақстанның Назархан-Бестөбе деген жерінде, Нүкістің шығыс жағында 20 шақырымдай жерде жатыр («*Ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан аналар*» тараушасындағы «*Оғылмеңді*» тақырыпшасын қараңыз).

ҚОС ЕСТЕК — Ақтөбе мен Орск қалаларының ортасындағы елді мекен («*Кіші жүз*» тараушасындағы «*Бес естек*» деп аталатын шежірелік деректі қараңыз).

ҚОСТАҢБАЛЫ АУЫЛ — Ресейдің Ноғай ауданына қарасты Червленые Буруны кентінің батысындағы елді мекен. Бұл жердің ноғайлары қыпшақтың «қос әліп» деп аталатын таңбасын «қос таңба» деп атайды.

ҚОТАН — Шығыс Түркістандағы қала атауы.

Қотан (Қотын, Хотон) — түркінің (қазақтың) монғолданып кеткен бір руы. XX ғасырдың соңына қарай Усу және Қобда аймақтарында 6 мыңдай қотындар болды.

Шығыс Қазақстан жеріндегі Қотанқарағай өңірі бір кездері қотындар мекен еткендіктен «Қотынқарағай» деген сөзден шыққан деген жорамал бар («*Тектес-аттас ру-тайпалар*» тараушасындағы «*Қотан*» атауын қараңыз).

ҚОШҚАР — Алматы облысының Райымбек және Ақсу аудандарының жерімен ағатын өзен. Райымбек ауданының жерінде Қошқар деп аталатын қоныс та бар.

Кіші жүз адай тайпасының келінберді бұтағынан тарайтын аталардың бірі қошқар деп аталады. Орта жүз арғын, қыпшақ тайпаларының құрамында да қошқар рулары бар. Мажарстандағы қыпшақтардың құрамындағы рулардың бірі де қошқар деп аталады.

ҚУАНДЫҚ — Ресейдің Орынбор облысындағы аудан және қала типтес кент (пос. Кувандық). Шежіре деректері бойынша Кіші жүз табын тайпасынан шыққан әйгілі батыр Бөкенбай Қараұлы (1741 жылы қайтыс болған) осы Қуандық ауданының аумағындағы Қарабатыр деген төбеге жерленген.

Павлодар облысының Екібастұз қалалық әкімдігінің жерінде Қуандық деп аталатын елді мекен, алап бар. Сондай-ақ, осы облыстың Ертіс ауданындағы қоныс пен Успен ауданындағы тұзды көл де Қуандық деп аталады.

Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында Қуандық деп аталатын елді мекен бар.

Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы артезиан құдығы Қуандық деп аталады. Арал теңізінің шығысында.

Семей қаласына қарайтын аумақта Қуандық деп аталатын ауыл бар.

ҚУАНДЫҚ ҚАРАСУЫ — Шығыс Қазақстан облысының (бұрынғы Семей облысының) жеріндегі өзен.

Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі — қуандық.

Қуандық — Қазақ хандығын жасақтасқан тарихи тұлғалардың бірі. Ә. Бөкейханның дерегі бойынша Қуандықтың бейіті Семей жеріндегі Қуандық карасуы деп аталатын өзеннің бойында.

ҚҰЛАН — Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл. Тараз қаласынан шығысқа қарай 115 шақырым жерде. Осы ауданның жеріндегі ортағасырлық қала Құлан деп аталған.

Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түлкібас ауданының жерінен ағатын өзен — Құлан. Боралдай тауының оңтүстік-шығыс бөлігінде. Сондай-ақ, осы ауданда Құлан деп аталатын ауыл да бар. Тұрар Рысқұлов ауылынан солтүстікке қарай 10 шақырым жерде.

Орта жүз қыпшақ тайпасының құрамындағы іргелі бір ру құлан деп аталады.

ҚҰРАМА — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі көл.

Оңтүстік Қазақстан облысында Сарыағаш ауданына қарасты Құрама деп аталатын елді мекен (ауыл) бар. Жартытөбе ауылдық округіне қарайтын Құрама ауылы Сарыағаш қаласынан оңтүстік-батысқа қарай жүргенде 25 шақырым жерде.

Жамбыл облысына қарасты Байзақ ауданының жерінде де Құрама деп аталатын байырғы (VIII-XII ғғ.) бекініс орны бар.

Қарағанды облысының Шет ауданындағы қыстау. Қызылтас және Қоңыртас тауларының аңғарына орналасқан.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру барысында Бұхара округінің Шафрикент, Кани-мых аудандарында, Орта-Зарабшан округінің Хатыршы ауданында, Қоқанд округінің Бес-арық, Қоқанд аудандарында, Андижан округінің Наманган, Андижан, Избакент, Ассаке аудандарында, Ташкент округінің Орта-Шыршық ауданында Құрама деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Құрама — қазақ арасындағы жүзге кірмейтін ру.

ҚҰРБАНАТА — Мырзашөл өңіріндегі елді мекен.

ҚҰРБАНСАЙ — Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Жамбыл тауының оңтүстік-шығыс бетіндегі аңғарлы сай. Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі құрбан деп аталады.

ҚҰТТЫҚ — Қостанай облысының Қостанай ауданындағы көл.

ҚЫБЫРАЙ — Өзбекстандағы Ташкент облысына қарасты аудан. Кеңес өкіметі орнаған соң Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде құрылған аудан (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Қазақтың «Жас келін» деп аталатын халық әнінде мынандай жолдар бар:

«Жетісу келген жерім қыбырай елі,
Алатау бөктеріне қонған жері...» (*Қазақ әндері. Үш томдық. 1-том. — Алматы, 1968. 18-бет*).

ҚЫЗАЙ — Шығыс Қазақстан облысының Аягөз және Тарбағатай аудандарындағы қыстау.

Орта жүз найман тайпасының құрамындағы рулар бірлестігін «Қызай найман» деп атайды («*Лақап немесе жанама этнонимдер*» тараушасындағы «Қызай найман» тақырыпшасын қараңыз).

ҚЫЗЫЛҚАРҒА — Шығыс Түркістандағы жер атауы. Түркі халықтарының ішінде «қызылқарға» деп аталатын рулар бар («*Қарға тамырлы қазақ*» тараушасын қараңыз).

ҚЫЗЫЛҚҰРТ — Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданындағы жайлау. Нұрсай ауылының оңтүстік-батысында 30 шақырым жерде.

Кіші жүз байұлы бірлестігінің құрамындағы тайпалардың бірі — қызылқұрт.

ҚЫПШАҚ — Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы өзен және көл атауы. Қыпшақ өзені Ұлытау етегіндегі Ақжатық адырларынан басталып, 111 шақырымдай жердегі Қыпшақ көліне құяды. Көл айдыны 64,7 шаршы шақырым. Қыпшақ өзені қатты тасыған жылдары Қыпшақ көлінен асып, Теңіз көліне құяды.

Павлодар облысына қарасты Железин ауданының жерінде Қыпшақ деп аталатын алап бар.

Оңтүстік Қазақстанда Арыс өзенінің Қыпшақ дейтін сағасы бар.

Қарағанды облысының Нұра ауданындағы көл және Жаңаарқа ауданындағы бұлақ Қыпшақ деп аталады.

Түркімен Республикасының астанасы Ашхабад қаласына жақын маңда Қыпшақ қыстауы бар.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды жаңадан аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Бұхара округінің Бұхара ауданында, Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Нарпай, Қарадария аудандарында, Самарқанд округінің Пай-арық, Бұлыңғыр аудандарында, Ташкент округінің Ташкент ауданында, Қоқанд округінің Бес-арық, Алты-арық аудандарында, Андижан округінің Қассансай, Наманган, Избакент, Шарихан, Ассакә аудандарында, Қашқадария округінің Бешкент ауданында, Бешкент округінің Шахризьяб ауданында Қыпшақ деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған. Сондай-ақ, Бұлыңғыр ауданында — Сары-қыпшақ, Қара-қыпшақ, Бес-арық ауданында — Қыпшақ-қарабуын, Қыпшақ-пайдиган, Қассансай ауданында — Қыпшақ-рабат, Избакент ауданында — Қыпшақ-күйқала, Шарихан ауданында — Құрама-қыпшақ, Ассакә ауданында — Қыпшақ-махалла, Қыпшақ-қорған, Шахризьяб ауданында — Қырық-қыпшақ, Шыршық ауданында — Қара-қыпшақ деп аталатын шаруашылық бірлестіктері де болған.

Назар аударатын дерек — Андижан округіндегі Адамтепе, Рабат, Гүр-мұрап, Күйік-мазар, Ақсу-табазан, Күндалаш, Күл-бұқан деп аталатын шаруашылық бірлестіктеріндегі адамдар өздерінің ұлтын қыпшақ деп жаздыртқан (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Бендер уезінде (Молдавия-Румыния) Қыпшақ деп аталатын елді мекен болған (*В.А. Мошков. Гагаузы Бендерского уезда. — «Этнографическое обозрение». 1900. № 1. XVII кітап. 7-бет*).

Перекоп, Евпатория, Феодосия уездерінде (Қырым) кезінде Қыпшақ деп аталатын елді мекендер болған (*А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. — «Этнографическое обозрение», 1895. № 3. XXVI кітап. 55-бет*).

Таврия губерниясында (Қырым) Қыпшақ деп аталатын елді мекен болған (*Н.А. Аристов. Заметки... — СПб., 1897. 128-бет*).

Қашқарияға жақын маңда «Қыпшақ» деп аталатын жер бар (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. 2817*).

ҚЫПШАҚАДЫР — Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы қоныс. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде.

ҚЫПШАҚ АСУЫ — Гиндикуш тауындағы қиын қиялы кезең (*Захириддин Мухаммад Бобир. Бобирнама. — Ташкент, 1960. 188-бет*).

ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫ — Орта ғасырда (XII-XVI ғғ.) Орта Азияның Шығыс Еуропаға ұласқан байтақ алабы Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталды.

ҚЫПШАҚ ЖАЛ — Қарағанды және Ақмола облыстарының жерімен ағатын Жаксыкөң өзені бастау алатын тау (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. Составил А.А. Козырев. — СПб., 1911. 226-бет*).

ҚЫПШАҚ ҚАҚПАСЫ — Бабыр заманында Герат қаласында Қыпшақ қақпасы деп аталатын қақпа болған (*З.М. Бобир. Көрсетілген еңбек. 255-бет*).

ҚЫПШАҚ ҚОРҒАНЫ — Мысыр жерінде, Ніл өзенінің бойында, Луксор қаласына жақын маңдағы төбе басына орта ғасырда салынған бекініс.

ҚЫПШАҚ ҚЫСТАҚ — Самарқанд пен Бұхара арасындағы елді мекен (*М. Тынышбаев*).

ҚЫПШАҚ ҚЫСТАУЫ — Ханакадария өзенінің жоғарғы сағасындағы қыстау. Сондай-ақ, Муминабад және Куляб аудандарында да Қыпшақ қыстауы деп аталатын елді мекендер бар. Тәжікстандағы Ширкант өзенінің оң қапталындағы қыстау да Қыпшақ қыстауы деп аталады.

Жалпы Хорасан аймағында XI ғасырдың өзінде-ақ қыпшақтардың іргелі тайпа болғаны жазба деректерде көрініс тапқан (*С.Г. Агаджанов. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. — Ашхабад, 1969. 202-бет*). Кезінде Куляб пен Бадахшаннан бастап Бахы мен Термезге дейінгі байтақ алапқа билігін жүргізген Хұсраушах (XV-XVI ғғ.) Түркістаннан шыққан қыпшақ болған (*З.М. Бобир. Көрсетілген еңбек. 84-бет*).

ҚЫПШАҚ СОР – Орталық Қазақстандағы Керей және Қыпшақ өзендерінің ортасындағы батпақты көл.

ҚЫПШАҚТЫ – Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданындағы елді мекен.

ҚЫРҒЫЗ – Қарағанды облысының жерінде кездесетін бірқатар елді мекендер мен жер-су атаулары. Атап айтқанда: Қырғыз – Ақтоғай ауданындағы елді мекен; Киргизия – Қарқаралы ауданындағы елді мекен; Қырғыздың Қарасуы – Шет ауданындағы өзен.

Осы өңірлерде айтылатын қария сөздердің дерегі бойынша «қырғыз» атауы және бұл жерлердегі қырғыз руы да XVIII ғасырда Абылай хан ертіп келген қырғыздар емес. Олар Қазақ хандығы жаңа жасақтала бастаған кезде арғындарға қосылып, еншілес болған арғы қырғыздар. Бұл деректі шежіре мағлұматтары орнықтыра түседі. Арғын ішіндегі қырғыздар өздерін: «Арғынбыз, оның ішінде қаракесекпіз, қаракесек ішіндегі қырғыздардан – шерік, дөйт, құсшы, жүнді – төрт ата өрбиді», – деп таратады. Шеріктен – Орыс, Үбай, Ноғай есімді үш ұл туған. Ноғай жаугершілікте мерт болып, Орыс пен Үбай арғымақ атпен Ертіс суын кешіп өтіп, арғын еліне қосылады. Кейін осы Орыс пен Үбай ұрпағы қосылып, Орысбай деген атаумен қаракесек ішіне сіңісіп кетеді. Шежіре сөзінде орысбай қаракесек тайпасының бір атасы ретінде таратылады.

Ал, Абылай ханға еріп келген қырғыздар болса Көкшетау төңірегіндегі атығай, қарауыл, керей, уақ сияқты ру-тайпалардың құрамына сіңісіп кеткен. Бұған сол өңірдегі жиі-жиі кездесетін жер-су атаулары айқын айғақ бола алады.

Ақмола облысының Жақсы, Щучье, Ақкөл, Бұланды ауданындарында Қырғыз деп аталатын қоныстар, жұрттар бар. Сондай-ақ, осы облыстың Астрахан ауданындағы бір көл де Қырғыз деп аталады.

Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы темір жол айырығы Қырғыз деп аталады.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы Жаманбайдан өрбіген аталардың бірі қырғызалы деп аталады.

ҚЫРҒЫЗ БАТПАҒЫ – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Мамлют ауданының жеріндегі сортаң алап.

ҚЫРҒЫЗ БӨКТЕР – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданы мен Мамлют ауданының шекарасындағы бөктер, алап.

ҚЫРҒЫЗ ЖҰРТЫ – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданының жеріндегі алап.

Ақмола облысына қарасты Бұланды ауданы мен Шортанды ауданының шекарасындағы алап та Қырғыз жұрты деп аталады.

ҚЫРҒЫЗ КӨЛІ – Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы және Қызылжар ауданындағы көлдер.

Ақмола облысының Астрахан ауданындағы көлдердің бірі Қырғыз көлі деп аталады. Орналасқан жері – Борсық өзенінің сол қапталы.

ҚЫРҒЫЗ ҚҰДЫҚТАРЫ – Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы алқап.

ҚЫРҒЫЗ ӨЗЕНІ – Солтүстік Қазақстан облысындағы Тайынша ауданының жерінен ағатын өзен. Қырғыз өзені Ащықарасу өзеніне құяды.

ҚЫРҒЫЗСАЙ – Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы ауыл, ауылдық округтің орталығы. Осы ауылдың іргесінде Кетпен жотасының солтүстік-батысынан бастау алатын Қырғызсай өзені ағады.

ҚЫРҒЫЗСОП – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданы мен Шал ақын ауданының шекарасындағы сортаң алап.

ҚЫРҒЫЗ ШОҚҚАЙЫҢЫ – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Қызылжар ауданының жеріндегі алқап.

ҚЫТАЙ – Қаражал қаласының іргесіндегі елді мекен. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы тау Қытай деп аталады. Биіктігі 875 метр. Сондай-ақ, Шет ауданында да Қытай деп аталатын елді мекен бар.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Бұхара округінің Бұхара, Бағдат аудандарында, Орта-Зарабшан округінің Нарпай, Қарадария аудандарында, Самарқанд округінің Бұлынғыр ауданында, Ташкент округінің Ташкент ауданында, Ходжент округінің Нау ауданында, Қоканд округінің Бұбайды, Бағдат, Алты-арық аудандарында, Андижан округінің Қассан-сай, Наманган аудандарында, Сурхан-Дария округінің Қассан, Бешкент, Шахрисябз, Тенгри-харам аудандарында Қытай (Хтай, Китай, Хитоян, Қарақытый) деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Қыпшақ тайпасының бір тармағы қытай деп аталады. М. Қашқарида «Хытай» делінген.

МАДИЯР – Ұлытаудан бастау алатын Үлкен Жыланшық өзенінің оң қапталындағы бейіт басы, қорым.

Атырау облысының Жылой ауданында Мадияр төбесі бар. Ақкиізтоғай ауылының солтүстік-батысында 25 шақырым жерде.

МАЖАР – Алтынорда кезіндегі іргелі қалалардың бірі, қазіргі Ставрополь өлкесіне қарасты Буденовск қаласының маңынан ағатын Кум (Құм) өзенінің бойына.

орналасқан. Археолог ғалымдардың зерттеулері бойынша Мажар қаласының диаметрі 3 шақырымдай (2 миль), көлемі 3 шаршы шақырымдай болған. Су құбырлары жұмыс істеген. XIV ғасырда шекім (чеканка) ақша шығарған. Ибн-Баттута «түркі қалаларының тәуірі де ірілерінің бірі» деп жазған (*Г.А. Федоров-Давыдов. Находки джучидских монет // Нумизматика и эпиграфика. – Москва, 1963. 4-том. 167-бет; В.Г. Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1-том. 287-бет; В.Б. Виноградов. Мавзолей на холме. – «Археология» журналы, 1973. 223-бет*).

Орта жүз арғын тайпасының ішінде мадияр (мажар) руы бар. Міржақып Дулатовтың руы — мадияр.

МАЖАР ҚҰДЫҒЫ — Ресейдің Ноғай ауданына қарасты Құмлы ауылының солтүстігіндегі елді мекен.

МАЖАР ШАҒАРЫ — Қырымдағы ортағасырлық қала (Ибн Баттута). Бұл қалаға кезінде Мұхаммед Өзбек хан иелік еткен.

МАЛАЙ — Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі алап. Керей ішінде және арғын — бәсентиін ішінде малай деп аталатын аталар бар.

МАНАҚА — Қарағанды облысының Жаңаарқа және Шет ауданындарының жерімен ағатын өзен. Манақа өзенінің Құрманак, Сулыманақ, Талдыманақ, Нұрманак деп аталатын жұлге-сағалары бар.

Шежіренің таратуы бойынша Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі Қуандықтан — Алтай, одан — Сайдалы, одан — Сүгірәлі, одан — Дүкеней, одан — Әжібай, одан — Ақпан, одан — Шыңтай, одан — Байкүшік, одан — Манақа мен Жөндібай туып, ұрпақтары өсіп-өрбіген.

Келесі бір шежіре дерегінде Жалайырдан Манақ туады. Манақтың өсіп-өнген ұрпақтары мекен-тұрақтарына қарай Сырманак, Шуманак, Бірманак деп аталған. Қарағанды облысындағы Манақа өзенінің бойындағы ел-жұрт XX ғасырдың 50-60-жылдарына дейін Бетбақдаланы басып өтіп, Шу бойын қыстап қайтатын болған.

Сөз орайында Манақ атауы Ахмет Игүнекидің (Х ғ.) «Худун әл алам» атты еңбегінде ұшырасатынын айта кеткен жөн.

МАҢҒЫТ — Ресей Федерациясына қарасты Қалмақ Республикасының Каспий ауданындағы елді мекен. Мұнда өздерін ноғай ұлтына жатқызатын алабұғат руының адамдары тұрады. Оларды алабұғат татарлары деп те атайды. Алабұғаттар саны 1989 жылғы дерек бойынша 422 адам.

Ресейдің Ставрополь өлкесінде Маңғыт деп аталатын өзен бар. Бұл өзен бойын қоныстанғандар негізінен ноғайлар.

Екінші Меңлі-Герей ханның әмірімен 1740 жылы Қырым аймағы 48 қазылыққа бөлінгенде, бір қазылығы Маңғыт (Мангут, Мангуп) деп аталған.

Қырымдағы Кабарат өзенінің қапталындағы биік тау басына салынған бекініс Маңғыт (Мангут) деп аталады. Осы өңірде Маңғыт (Мангут) деп аталатын елді мекен де бар. Тұрғындары негізінен ноғайлар (*Туманн. Крымское ханства. – Симферополь, 1991. 29-31-беттер*).

Қырымдағы Баба-Таудың (Баба-Даг) бір шыңы Маңғыт деп аталған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Хорезм округіндегі аудандардың бірі Маңғыт деп аталған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Өзбекстандағы Жаңа Үргеніш қаласының солтүстік-батысында Маңғыт деп аталатын бекініс қала бар. Ташауыздан 30 шақырым жерде. Қазір Маңғыт бекініс қаласы Хорезм облысына қарасты аудан орталығы.

Орта жүз қоңырат тайпасының ішінде маңғытай (маңғыт) руы бар.

МАҢҒЫТ АУЫЛЫ – Ресейдің Ставропольск өлкесіне қарасты Нефтокум ауданындағы елді мекен.

МАҢҒЫТ ЖҰРТЫ – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Едірей-Мыржық тауларының ішіндегі жер атауы (*Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 8-том. – Павлодар, 2006. 169-бет*).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Ташкент округіндегі Ангрен ауданына қарасты шаруашылық бірлестігі Маңғыт-төбе деп аталған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

МАТАЙ – Іле өзенінің солтүстік алабындағы тау.

Алматы облысының Ақсу ауданындағы кент те, темір жол стансасы да Матай деп аталады.

Ақмола облысының Сілеті ауданындағы шатқал Матай деп аталады.

Алматы облысының жеріндегі Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік шетіндегі жоталар сілемі Матай деп аталады.

Алматы облысының Кербұлақ ауданында Матай деп аталатын өзен бар.

Қостанай облысындағы Таран ауданының жерінде Матай көлі бар.

Қызылорда облысының Қазалы ауданында Матай деп аталатын төбе бар. Арал теңізінің шығысында.

Орта жүз найман тайпасының құрамында матай рулар бірлестігі бар. Шежіре дерегі бойынша Найман – Белгібай (Өкіреш) – Сүйінше – Төлегетай – Қытай (Қынтай) – Матай болып тарайды. Матайдан – Аталық, Кенже, Қаптағай аталары өрбіген.

Матайлар Қазақстанның шығысындағы Шар, Қызылсу, Көкпекті, Былқылдақ өзендерінің, Қазақстанның оңтүстігіндегі Лепсі, Қапал, Ақсу, Сарқант, Бүйен өзендерінің алқаптарын қоныстанған.

МАТАЙ ЖОТАСЫ – Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстігіндегі жоталар сілемі.

МАТАЙТАМЫ – Павлодар облысына қарасты Павлодар ауданының жеріндегі алап.

Арғын – бәсентиін ішінде матай атасы бар.

МӘЛІК ШӨЛІ – Бұхара төңірегіндегі шөл дала. Ұлы жүз дулат тайпасының сиқым руынан шыққан Мәлік би ақтабан шұбырынды кезінде (1723) осы өңірді қоныс еткен (*М. Тынышбаев. История казахского народа. – Алматы, 1993. 192-бет*).

МЕЙРАМ – Маңғыстаудағы Шетпе кентінің маңындағы, Айрақты тауының етегіндегі мола. Арғын ішіндегі қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, каракесек (болатқожа) руларын «Бес Мейрам» немесе «Мейрам балалары» деп атайды (*Есіл атауын қараңыз*).

МЕРКІ (МЕРКЕ) – Жамбыл облысындағы қала, іргелі елді мекен, аудан орталығы, теміржол бекеті, ортағасырлық қалашықтың орны.

Шежіре деректерінде Ұлы жүз Жалайырдың арғы атасы Мерке еді, Жалайырдың өзінен Манақ туған деп айтылады. Манақтан өсіп-өнген ұрпақ мекен-тұрақтарына қарай Сырманак, Шуманак, Бірманак болып бөлінеді.

МЕШЕРКӨЛ – Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданындағы елді мекен.

МОЙЫН – Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі алап. Арғын – сүйіндік ішінде мойын атасы бар.

МҰҚЫР – Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі алап. Арғын – тобықты ішінде мұқыр атасы бар.

МҰРАТ – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі алап. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы қыстау және Семей қаласына қарайтын аумақтағы ауыл Мұрат деп аталады. Арғын – сүйіндік ішінде мұрат атасы бар.

МЫРЗА – Павлодар облысына қарасты Ертіс ауданының жеріндегі алап. Арғын – қуандық – темеш ішінде мырза атасы бар.

НАҒАНАЙ – Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Шежіре дерегі бойынша қоңырат тайпасының құрамындағы ру-тайпалардың түп атасы – Нағанай.

НАЙМА – Алтайдағы Катун өзенінің бір сағасы. Н.А. Аристовтың айтуында найман этнонимі осы өзен атауымен байланысты.

НАЙМАН – Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы елді мекен, алап. Қырғызстанның Ош облысында Найман елді мекені бар.

Кеңес өкіметі жүргізген 1926 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды жаңадан аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Орта-Зарабшан округінің Дам-арық ауданында, Самарқанд округінің Пай-арық, Акдария, Пост-Даргом, Бұлыңғыр, Жоғарғы-Даргом, Жаңа-қорған аудандарында, Ташкент округінің Орта-Шыршық, Пскент, Хабает, Ташкент аудандарында, Қоканд округінің Қоканд, Бұбайды, Маргелан, Ферғана, Құба аудандарында, Андижан округінің Қассан-сай, Андижан, Қорған-тепе, Шаарихан, Арабан аудандарында, Қашқадария округінің Шырақшы ауданында Найман деп аталатын шаруашылық бірлестіктері болған. Сондай-ақ, Акдария ауданында – Найманша, Арабан ауданында – Найман-ақбас, Пост-Даргом ауданында – Найманшы, Бұлыңғыр ауданында – Найман-тепе, Жоғарғы-Даргом ауданында – Қаранайман, Қоканд ауданында – Найманшы-Рахматулла, Қорған-тепе ауданында – Бостон-найман, Қассан-сай ауданында – Найманшы, Шаарихан ауданында – Найман-дүрләман, Шырақшы ауданында – Найман-сарай деп аталатын шаруашылық бірлестіктері де болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Ресейдегі Пятигорск қаласының маңынан ағатын өзен Найман деп аталады. Найман өзенінің алқабын негізінен ноғайлар қоныстанған.

Таврия губерниясының Қырым уезінде 5 елді мекен кезінде Найман деп аталған (*Н.А. Аристов. Заметки... – СПб., 1897. 128-бет*).

Перекоп, Феодосия, Симферополь уездерінде (Қырым) Найман деп аталатын елді мекендер кезінде көп болған (*А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. – «Этнографическое обозрение», 1895. № 3. XXVI кітап. 55-бет*).

НАЙМАНАРАЛ – Алматы облысының Қаратал ауданындағы алап. Бұрынғы Қапал уезіне қарасты Қаратал болысының жері.

НАЙМАН АУЫЛЫ – Ресейдің Минераловодск ауданына қарасты Қаңлы ауылындағы бір махалла. Тұрғындары негізінен ноғайлар.

НАЙМАНБҰЛАҚ – Тәжікстанның Қорғантөбе қаласына жақын адырлардың арасынан ағатын бастау, бұлақ.

НАЙМАНДАРДЫҢ БҰЛАҒЫ – Ресейдің Адыге автономиялық облысына қарасты Хабль ауданындағы бұлақ (Наймандардың шоқырағы). Қаражылға өзені осы бұлақтан бастау алады.

НАЙМАНЖАЛ – Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының жеріндегі тау сілемдері. Түндік өзенінің оң жағалауында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымдай созылып жатыр. Ең биік шоқысы 471 метр.

НАЙМАНҚАШҚАН – Қарағанды облысының жеріндегі Қарқаралы тауларының шығыс жақ сілемі.

Академик Әлкей Марғұланның жазуы бойынша бұл өңір наймандардың Шыңғыс хан тегеурінінен ығысқан жері (*А.Х. Марғулан. Мир казаха. – Алматы, 1997. 36-бет*).

НАЙМАНҚҰДЫҚ – Оңтүстік Қазақстан облысының Сырдария ауданындағы құдық. Ызақұдық құмының шығысында, Сырдария өзенінің алабында.

НАЙМАНҚЫСТАҚ – Самарқанд пен Бұхара арасындағы елді мекен (*М. Тынышбаев*).

НАЙМАНСҮЙЕК – Алматы облысының Қаратал ауданындағы ауыл.

НАЙМАНТАУ – Семей өңіріндегі Шыңғыстаудың Шыңғыс ханға дейінгі атауы «Наймантау» деп аталған (*А.Х. Марғулан. Мир казаха. – Алматы, 1997. 36-бет*).

НАЙМАНТОҒҰЛ – Атырау облысының жеріндегі алқап.

НАМАНАЙ – Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының жеріндегі тау. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесектің бәйбішесінен Ақша, Түйте туады. Ақшадан Бошан туады. Бошанның бес баласы болған екен, соның бірі Таздан Наманай батыр мен Бұлбұл туған. Наманай батырдың ұрпақтары күні бүгінге дейін Наманай тауының төңірегін мекендейді.

НОГАЙСК – Ресейдегі Обиточный өзенінің жағасына 1821 жылы іргетасы қаланған қала.

НОҒАЙ – Қарағанды облысының жерінде кездесетін бірқатар елді мекендер мен жер-су атаулары. Атап айтқанда: Ноғай – Приозерный ауданындағы қыстау; Ноғайқазған – Шет ауданындағы (Бұрынғы Ақадыр ауданы) бұлақ, бастау; Ноғайтам – Ұлытау ауданындағы мола.

Павлодар облысының Ақтоғай ауданындағы бір қоныс Ноғай деп аталады. Аралсор көлінің оңтүстігінде. Сондай-ақ, Павлодар облысының Баянауыл ауданы мен Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының шекарасында да Ноғай деп аталатын ескі жұрт бар.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі қылбелбеу болса, одан тараған аталардың бірі ноғай дап аталады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жанадан аудандастыру кезінде Орта-Зарабшан округінің Хатыршы, Нарпай аудандарында, Хорезм округінің Бағдат, Шабат аудандарында, Самарқанд округінің Бұлыңғыр ауданында, Ташкент округінің Ташкент, Жаңа-жол, Жаққабак аудандарында Ноғай (Нукай, Ногайлы,

Ноғай-ата, Нукай-мешіт) деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Қазақ ру-тайпаларының ішіндегі жүзден тыс рулардың бірі — ноғай.

НОҒАЙБАЙ — Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы құмды алап.

НОҒАЙ БЕТ — Ресейдің Кочубеевск ауданына қарасты Қарамырза ауылындағы бір махалла.

НОҒАЙБҰЛАҚ — Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданындағы өзен. Қаратау жотасынан бастау алады.

НОҒАЙ ДАЛАСЫ — Кавказдың шығысындағы Терек пен Қума өзендерінің аралығында керіліп жатқан байтақ алап. Жері жусанды, бетегелі болып келеді. Дағыстан жерінің басым бөлігін осы Ноғай даласы алып жатыр.

НОҒАЙ ЖОЛЫ — Ресейдің жеріндегі Уфа мен Орынбор қалаларының арасын жалғастыратын байырғы керуен жолы.

НОҒАЙКӨЛ — Қостанай облысының Әуликөл ауданындағы көл. Ноғайкөл деп аталатын көл мен жайлау Елек өзенінің бойында да бар.

НОҒАЙҚАЗҒАН — Қарағанды облысының жерімен ағатын Сарысу өзені мен Кеңгір өзендерінің қосылар тұсындағы байырғы құдық (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. Составил А.А. Козырев. — СПб., 1911. 332-бет*).

НОҒАЙҚҰДЫҚ — Бетбақдаламен өтетін көш жолының бойындағы байырғы құдық (*Жоғарыда көрсетілген кітап. 456-бет*).

НОҒАЙСАЙ — Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданындағы өзен.

НОҒАЙТЫ — Атырау облысындағы Сағыз өзенінің бір сағасы. Ноғайты өзені өзімен аттас Ноғайты елді мекенінен бастау алады.

Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы елді мекен, темір жол бекеті Ноғайты деп аталады. Аудан орталығы Байғанин кентінен оңтүстік-батысқа қарай жүргенде 60 шақырым жерде. Сондай-ақ, Байғанин ауданында Ноғайты деп аталатын өзен де бар. Сағыз өзенінің алабындағы бұл өзеннің ұзындығы 55 шақырым.

Маңғыстау облысында да Ноғайты деп аталатын ауыл бар. Бейнеу кентінен шығысқа қарай 57 шақырым жерде.

НҰРА — Қарағанды, Ақмола облыстарының жерімен ағатын өзен. Қарқаралы тауларының батыс сілемінен бастау алып, Теңіз көліне құяды. Ұзындығы 978 шақырым. Сондай-ақ, осы облыстың Ұлытау ауданындағы жота, Шет ауданындағы ауыл, Ақтоғай ауданындағы қыстау Нұра деп аталады.

Қостанай облысының Жетіқара ауданында да Нұра өзені бар.

Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы бір тау Нұра деп аталады.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы жота, Ақсу ауданындағы өзен, Балқаш және Сарқант аудандарындағы қоныс пен елді мекендер Нұра деп аталады.

Павлодар облысының жерінен Нұра деп аталатын өзен ағады, Алқамерген көліне құяды.

Шежіре дерегі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі Қуандықтан — Алтай, одан — Сайдалы, одан — Дүкеней, одан — Олжа болып таратылады. Осы Олжаның он ұлының бірі Нұраның өсіп-өнген ұрпағы өз алдына бір ата.

НҰРБАЙ — Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы елді мекен, алап, бұлақ.

Ақмола облысының Целиноград ауданындағы елді мекен Нұрбай деп аталады.

Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Бесқарағай және Абай аудандарында Нұрбай деп аталатын елді мекендер бар.

Арғын — қуандық — алтай ішінде нұрбай атасы бар.

НҰРБАЙБҰЛАҚ — Ақмола облысының Атбасар ауданындағы бұлақ.

НІЛКІ — Іле өзенінің бір тармағы.

Рашид-ад-Диннің жазуында жалайыр тайпасының құрамындағы он атаның бірі нілкін (нілкі) екені аталып көрсетілген.

ОБАҒАН — Қостанай облысының жерінен ағатын өзен.

Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы керейіт тайпасының ішінде обаған (ұбаған) атасы бар.

ОҒЫЗ — Амудария өзенінің батыс атырабынан ағатын бір тармағы (*С.П. Толстов. По древним дельтам Окса и Яксарта. — Москва, 1962. 18-бет*).

Оғыз атауы Геродотта — Акес түрінде, кейінгі антика зерттеушілерінде — Окс түрінде, Әл-Бируниде — Уахш (Вахш) түрінде, Мухаммед Салихте — Окуз түрінде кездеседі (*Геродот. Тарих. III. 117; Аль-Бируни. Избранные сочинения. — Ташкент, 1957. 258-бет; Мухаммед Салих. Шайбани-наме. М.П. Мелиоранский шығарған. — СПб., 1908*).

Оғыз — ерте орта ғасырда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген ру-тайпалар бірлестігінің атауы. Тарихи деректерде оғыздардың Шығыс Монғолияда, Шығыс Түркі қағанатының құрамында (тоғыз оғыздар), Ыстықкөл жағалауында, Сырдария бойында (VIII ғ.) болғаны, олардың 24 тайпадан құралғаны (*М. Қашғари*) айтылады.

ОЙЫҚ — Түркістан қаласының оңтүстік-батысында 15 шақырым жердегі ауыл. Ұлы жүз ысты тайпасының құрамындағы іргелі ру — ойық.

ОШАҚТЫ — Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Ташкент округінің Жаңа-жол ауданында Ошақты деп аталған шаруа-

шылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Арал Қарақұмынан қазылған құдық Ошақты деп аталады.

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында Ошақты ауылы бар. Сарыағаш қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 29 шақырым жерде.

ӨКІРЕШ НАЙМАН – Өзбекстандағы Самарқанд қаласымен іргелес жатқан елді мекен.

Қазақтың қария сөзі бойынша Найманның Тоқпан деген ұлы жаугершілікте қайтыс болып, енді ұрпақсыз өтемін-ау деп өкіріп жылап жүргенде туған баласының есімі – Белгібай. Осы Белгібайдан өрбіген ұрпақтың жанама атауы – өкіреш найман.

ӨРМЕЛІ – Маңғыстау облысының жеріндегі Қырдың ернегінде, Қайдақ шығанағына қарай ағып жатқан бұлақ.

С.Қондыбай бұл атауды орыс жылнамасында (1152 ж.) аталатын қыпшақ-половецтердің урбелі тайпасымен сабақтастырады (*С. Қондыбай. Маңғыстаунама. – Алматы, 2006. 60-бет*).

РАМАДАН – Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы тау және елді мекен.

Украинаның Полтава облысында Рамадан (Ромадан) деп аталатын елді мекен бар.

Рамадан деп аталатын елді мекен Қоқан хандығының қарауында болғаны және сол елді мекенді рамадан тайпасының адамдары қоныстағаны тарихи құжаттарда бар (*Н.Н. Пантусов. Архив Кокандского хана // Туркестанские ведомости. – 1876. 72-бет*).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Өзбекстандағы Қоканд округінің Маргелан ауданында, Ташкент округінің Жаңа-жол, Пскент, Ташкент аудандарында Рамадан деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Кіші жүз жетіру ішіндегі тайпалардың бірі – рамадан.

РАМАДАН АРЫҒЫ – Шымкент облысындағы Келес өзенінен тартылған арық.

Рамадан тайпасының балғалы атасына жататын бір қауым ел ХІХ ғасырда Сырдарияның орталық бойын, Келес, Арыс өзендерінің жағасын қоныс еткен.

РАМАДАН АУЫЛЫ – Өзбекстанның Шыназ ауданындағы елді мекен. Бұл жерді негізінен рамадан тайпасының балғалы бұтағынан өрбіген алтай-рамадандар қоныстайды.

РАМАДАН ҚАЛАСЫ – Алтын Орда ұлысына қарасты қала, қазіргі Ресейдегі Пенза облысының жерінде болған (*В.Л. Егоров. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – Москва, 1985*).

САДЫР – Қарағанды облысының Шет ауданындағы тау. Биіктігі 1086 метр. Ақмола облысының Ақкөл ауданында Садыр деп аталатын жер бар. Орта жүз найман тайпасынан тараған іргелі ру – садыр.

САДЫРКӨЛ – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Ғабит Мүсірепов ауданындағы сортаң көл және елді мекен. Садыркөл елді мекені бұрын темір жол стансасы болған.

САДЫРКӨЛ АУЫЛЫ – Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов ауданындағы жер атауы. Бұрын елді мекен болған.

САДЫР ҚАМАЛҒАН БҰЛАҚ – Боралдай өзенінің сол жағындағы Үлкен Тұра мен Кіші Тұра тауларының ортасынан ағатын Теректі өзеншесінің бір сағасы (*М. Тынышбаев*). Тарихи дерек бойынша 1723 жылы найман ішіндегі садыр руының Жомарт деген батыры тоғыз ұлымен осы жерді қыстап, қалмақтардың жойқын шабуылы кезінде бәрі де ерлікпен қаза тапқан. Осы қырғында Жомарт батырдың бір келіні туғанына 25 күн болған баласын қазан астына жасырып, өзі ауыл іргесіндегі тоғайға жасырынып қалады. Сол күні ағасының ауылын амандап қайтуға келген Қуат батыр аман қалған келіншек пен оның Тасболат есімді нәрестесін алып қайтады. Кейін әменгерлік жолымен Қуат батыр келіншекке үйленіп, Тасболатты еншісі бөлінбес бала етіп алады. Осы Тасболаттың бесінші ұрпағы – қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев.

САДЫР-МҮРДЕ – Боралдай өзенінің бас жағындағы Үшащы деп аталатын ша-тқалдағы қалың қорым (*М. Тынышбаев*).

САЙДАЛЫ – Ақмола облысындағы Ерейментау ауданының жерінен ағатын өзен. Ерейментау ауданының жерінде Сайдалы деп аталатын қыстау да бар.

Ақмола облысындағы Теңіз көлінің оңтүстігіндегі тау Сайдалы деп аталады.

Қарағанды облысының Нұра ауданындағы қыстау. Жаманкөң өзені мен Сарысу өзендерінің аралығында.

Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі қуандық болса, оның ішіндегі аталардың бірі – алтай. Алтай атасының өсіп-өнген бір бұтағы – сайдалы. Әйгілі күйші-композитор Тоқа Шоңманұлы (1830-1914) осы сайдалы атасынан шыққан.

САҢЫРАУ – Өзбекстандағы Шыршық ауданының жерімен ағатын өзен.

Ұлы жүз шанышқылы руының құрамындағы бір ата «Саңырау» деп аталады. Шежіре бойынша шанышқылы руы өз ішінде айрылмас, саңырау, дарқан, бектау деп аталатын төрт атаға бөлінеді (*Осы тараушадағы «Бектау» тақырыпшасын қараңыз*).

САРМАНТАЙ САЙЫ – Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданындағы сай, өзенше. Бұл өзенше Жамбайсор көлінің солтүстік-шығысынан ағады.

Орта жүз арғын ішіндегі қуандық руына жататын аталардың бірі алтай болса, сол алтайдан өрбіген аталардың бірі сармантай деп аталады. Шежіре дерегі бойынша Арғын — Мейрам — Қуандық — Алтай — Мойын — Рахманқұл — Әлібек — Сармантай болып таратылады. Әйгілі күйші Дайрабай Ерназарұлы осы сармантай ата-сынан шыққан.

САРТ — Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының жеріндегі елді мекен, алап.

Ақмола облысына қарасты Атбасар ауданындағы Жекебұлақ өзенінің сол жағасындағы қоныс Сарт деп аталады.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Сарт деп аталатын өзен бар, Кеңгір өзенінің сол жақ саласы.

САРЫҮЙСІН — Шығыс Түркістандағы өзен (Сарығ-ұсын).

САРЫШ-ҚЫПШАҚ — Қырымдағы жер атауы (*А.И. Маркевич. Географическая номенклатура Крыма как исторический материал. — Симферополь, 1928. 11-бет*).

Қазақ құрамындағы Орта жүз қыпшақ тайпасының ішінде Сарықыпшақ бұтағының бар екені мәлім. Сол сияқты, башқұрт, ноғай, өзбек қарақыпшақтарының құрамында да сарыш руы бар. Осы орайда, «Орманбет би» тарихи жырындағы ноғай биінің қызы Сарыша-Айым деп аталатынын да айта кетуге болады (*Л.С. Толстова, А. Утемисов. Уточнение некоторых вопросов этногенеза каракалпаков // «Вестник Каракалпакского филиала АН УзССР». — Нүкіс, 1963. № 2, 43-бет*).

САСЫҚ — Қарағанды облысының жерінде кездесетін бірқатар жер-су атаулары. Атап айтқанда: Сасыққұдық — Ұлытау ауданындағы (бұрынғы Жезді ауданы) құдық; Сасыққұдық — Приозерный ауданындағы құдық; Сасықшеңгел — Ұлытау ауданындағы (бұрынғы Жезді ауданы) құм, тау.

Ақтөбе облысының Байғанин ауданында Сасық деп аталатын қыстау бар.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі құрбан болса, одан сасық атасы тараған.

СӘМЕН ШЫҢЫ — Сауыр тауының үстіндегі Көктекше, Қарабатпақ, Сасықбұғы жайлауларын иықтап тұрған биік жон.

Кезінде Сәмен төре осы таудың қолтық-қойнауында өріп жүрген қоңыр анды аулауды ұнатады екен. Бірде аң қуып, шалт қимылдап жүргенде Сәменнің оқшантайындағы көк қайрағы түсіп қалыпты. Содан бері бұл тауды былайғы жұрт Сәмен шыңы деп атап кетіпті. Ал, Сәмен шыңының басынан бұлт арылмай, жиі-жиі жауын-шашынның болуы, баяғы аң аулап жүргенде түсіп қалған жай тартқыш көк қайраққа байланысты дейді.

Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейіздің қырғыз әйелі Тұмар ханымнан Сәмен төре туған. Сәмен төренің өзі XVIII ғасырдың соңынан бастап және одан тараған

ұрпақ XX ғасырдан алғашқы ширегіне дейін Алтай, Тарбағатай, Көктоғай, Баян-Өлгей аймағына билігін жүргізген.

СЕЙТІМБЕТ — Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданындағы елді мекен. Кіші жүз алаша тайпасының құрамындағы бір ата.

СЕЙІТ — Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігінің жеріндегі көл. Құлан қыпшақ ішінде сейіт атасы бар.

СИҚЫМ — Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы ауыл. Шымкент қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде.

Ұлы жүз дулат тайпасының құрамындағы іргелі ру — сиқым.

СОЗАҚ — Қаратаудың солтүстік баурайында VI-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген қала. Созақ қаласы XV-XVIII ғасырлар аралығында Орта Азиядан Сібірге өтетін керуен жолының үстіндегі ірі сауда орталығы, іргелі бекет болған. Кіші Арменияның патшасы Гетум 1-нің моғол қағаны Мөнкеге XIII ғасырда барғаны туралы сапарнамасында Созақ қаласы туралы дерек келтірілген. Қазір Созақ қаласының орны Тастөбе деп аталады (*Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // «Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР», 1958. 5-том*).

Шымкент облысының бір ауданы Созақ деп аталады. Осы аудандағы ауылдық округтің орталығы да Созақ деп аталады.

Қырғызстанда Созақ деп аталатын елді мекен бар.

Қазақ арасына кең тараған шежірелік аңыздардың бір парасы былай баяндалады: «Қазақ — Алаштың ұрпағы. Алаштан — Жайылхан, Сейілхан деген екі ұл. Сейілханнан сегіз арыс түркімен тарайды да, Жайылханнан Майқы деген жалғыз ұл туады. Осы Майқыдан (ақсақ Майқы би) — Өзбек, Сәбиян (Жиенбек) деген екі бала. Сәбияннан — Айырқалпақ, одан — Қазақ пен Созақ. Созақтан — Қарақалпақ, Қазақтан — Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз). Бекарыс (Кіші жүз) тарайды» (*Ж. Бейсенбайұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1994. 12-бет*).

А.Н. Бернштам Созақ топонимі су + сақ сөздерінің қосылуы арқылы «су сақтары» деген мағына береді дейді (*А.Н. Бернштам. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. — «Известия АН КазССР. Серия истории и археологии». 2-шығарылым, 1950, № 67. 94-95-беттер*).

СУНАҚ — Сырдарияның ортаңғы ағысындағы ортағасырлық қала (*Чертежная книга Сибири. Сост. тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1701 году. — С.-Петербург, 1882. 47-бет*).

Тарихи еңбектерде Сунақ қаласы «Сунақ» (*Ә. Фирдоуси*), «Город «Сунах», «Сугнак», «Сунак-Курган» (*В.В. Бартольд*), «Сунахград», «Град Сунак» (*В.Н. Татищев*), «Сунак-Ата», «Сунак-Корган» (*И.А. Кастанье, А.Ю. Якубовский*), «Сипах» (*Н. Павлов*), «Сунак» (*М. Тынышбаев*), т.б. әр түрлі атау-транскрипциямен берілген. Алайда, соның бәрінде де бұл атау Сырдария бойындағы елді мекен екені анық айтылып отырады.

СҮЙІНДІК – Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы кеңшар орталығы. Қостанай облысына қарасты Жетіқара ауданының жерімен ағатын Сүйіндік өзені бар. Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі.

СҮЙІНДІК ҚҰМЫ – Түркіменстанға қарасты Чарджоу облысының жеріндегі құмдауыт алап. Сүйіндік құмы Амударияның оң қапталында созылып жатыр.

СҮЙІНДІК ӨЗЕНІ – Жайық өзенінің сол қапталынан қосылатын арналы өзен. Жайық пен Сүйіндік өзендері Орск қаласының солтүстігінде 150 шақырымдай жерде қосылады.

СҰРЫМ – Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы теміржол бекеті. Ұлы жүз қатаған (шанышқылы) руының құрамындағы бір ата сұрым деп аталады.

СІРГЕЛІ – Якутск қаласының іргесіндегі елді мекен және сол қаланың орталық көшесі. Саха тілінде «сэргэ» деп ат байлайтын мама ағашты айтады (*Бағдарыын Сюлбэ. Топонимика Якутии. – Якутск, 2004. 8-бет*).

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында Сіргелі ауылы бар. Сарыағаш қаласынан солтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастыру кезінде Самарқанд округінің Заамин, Акдария аудандарында, Ташкент округінің Ташкент, Жаңа-жол, Орта-Шыршық, Төменгі-Шыршық аудандарында Сіргелі деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

СІРГЕСАЛДЫ – Шежіре дерегі бойынша Қазақ хандығы кезінде Шаян өзенінің бойында Сіргесалды деген қоныс-тұрақ болғаны, оны сіргелілер мекен еткені айтылады.

ТАБЫН – Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданындағы өзек, сай. Табын өзегі Жаңасу өзенінің бастау сағасына шығыс жақ қапталынан келіп қосылады.

Кіші жүз жетіру бірлестігінің ішіндегі тайпалардың бірі – табын.

ТАБЫН АРЫҚ – Әмудария бойындағы арық. Бұл арық ХІХ ғасырда Нүкіс болыстығына қараған. Нүкіс болыстығын негізінен Кіші жүз табын тайпасының адамдары құраған. Олар ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы қалмақ шапқыншылығына байланысты қоныс аударған (*Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударинском отделе Сырдаринской области. Земледелие. Гл. V. – Ташкент, 1915. 170-172-беттер*).

ТАБЫН АУДАНЫ – Ақтөбе облысының Байғанин ауданы бұрын Табын ауданы деп аталған.

ТАБЫН-БОГДО-ОЛА — Монғол Алтайындағы тау сілемі (*Г.Н. Потанин. Избранные сочинения в трех томах. — Павлодар, 2005. 504-бет*).

ТАБЫНДАР АУЫЛЫ — Қытайдың солтүстік-шығысынан ағатын Үйір (Уюр) өзенінің бойында, Фууюй уезінің Хэйлуцзянь аймағында (провинциясында), Харбин қаласынан 300 шақырым жерге орналасқан Цицикар қаласының іргесіндегі елді мекен. Табындар ауылының тұрғындары Енесай бойын мекен еткен байырғы қырғыздардың бір бұтағы.

Тағдырдың қатал соққысы Енесай қырғыздарын XVIII ғасырдың бас кезінде Орталық Азияның байтақ алабына тарыдай шашып жіберді. 1703 жылы жоңғар қонтайшысы Цебан-Рабдан Енесай бойындағы ел-жұрттың 70-80 пайызын әскер күшімен көшіріп, Алтай сыртындағы Жоңғарияға қоныстандырады. Осы көшкіншілік-үркіншілік барысында қырғыздар Емілкөл өзенінің бойына қоныстанады. Жаңа қоныстағы қырғыздардың саны 4 мың шаңырақ (20 мың адам) болған. 1756 жылы Цин империясы Жоңғар хандығын талқандап, халқын жаппай қырған кезде қырғыздар Алтай-Саян аймағына қарай жосыла көшіп, Ресейді пана тұтпақ болады. Алайда, қазіргі Өскемен маңында қытай армиясының генералы Цэбдэнджаб қырғыздарды қоршап алып, аяусыз қырады. Мәселен, қырғыз бегі Құрбан-Қасқаның (Гурбан-Кашка) қарауындағы мың шаңырақтан 169 адам ғана бас сауғалап аман қалған. Содан, 1757 жылы император Цянлунның бұйрығымен қалған-құтқан қырғыздар ойрат руына ілесіп Манжүрияға қоныс аударған (*В.Я. Бутанаев, Ю.С. Худяков. История енисейских киргизов. — Абакан, 2000. 176-179-беттер*).

Алғашқыда Хинган тауларынан бастау алатын Нони, Үйір өзендерінің бойын қоныстанған қырғыздар кейін қытай диқандарының қысымына шыдай алмай, тағы да шашырай көшіп, өлеттермен (олеттер) бірге Уцзясы және Сыцзясы елді мекендеріне көшіп келеді. Уцзясы тұрғындары Табындар ауылы (хақас-қырғыз тілінде «Табаннар аалы») деп аталса, Сыцзясы тұрғындары Қырғыздар ауылы (хақас-қырғыз тілінде «Хыргыстар аалы») деп аталады. Бұлардың арасында табан (табын), хапхан, эчиг, сайындар, білтір (билтир), қырғыз (хыргыс) руларының өкілдері бар. «Табын» («табан») атауы монғол тілінде «бес» деген санды білдіреді. Содан да болу керек табындар өздерінің ата-тегін қытайша «У» деп атайды. Бұл атау да қытай тілінде «бес» деген мағына береді. Уцзясы елді мекенін қырғыздардың өздері «Бес үй» («Биш еб») деп атайды. Уцзясы мен Сыцзясы тұрғындарының құрамындағы рулардың бәрі қазіргі хақастардың да арасында бар (*В.Я. Бутанаев. Родоплеменной состав китайских хакасов. — «Тюркология» журналы, 2005. № 4, 50-52-беттер*).

Өздерін «хонгорай» деп атайтын Енесай қырғыздары 1727 жылы Кяхтин бітімінен кейін Ресей құзырына қарады. Бір кездері Алтай-Саянда сайран салып, батырлық пен серілікті өмір-салты еткен Енесай қырғыздары Ресей қол астына қараған соң быж-тыж болды. Олардың хонгорай-қырғыз атауына тиым салынып, татар (тадар) деп аталатын эктоэтнониммен атала бастады. Қазіргі «Минусин татарлары» делінетін сырттан таңылған атау осындай тарихи қиянаттың айғағы.

ТАБЫН ТОЛАҒАЙ — Алтай тау сілеміндегі жеке тау.

ТАЗ – Енесай өзенінің бір сағасы.

Жетісу (Жоңғар) Алатауының бір сілемі Таз деп аталады.

Батыс Сібірдің солтүстік-шығысындағы өзен Таз деп аталады. Бұл өзен Карск теңізінің Таз шығанағына барып құяды. Ұзындығы 1401 шақырым.

Батыс Сібірдегі Маңғаз (Мангазей) тау жүйесінің бір сілемі Таз деп аталады. Бұл өңір қазір Ресейдің Красноярск өлкесіне қарайды.

Кіші жүз байұлының ішіндегі тайпалардың бірі – таз.

ТАЗ ШЫҒАНАҒЫ – Батыс Сібірдің солтүстік-шығысынан ағатын Таз өзенінің Карск теңізіне құяр сағасы. Осы маңдағы мүйіс Таз жартыаралы деп аталады.

ТАМА – Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы қыстау. Қосшығыр ауылының оңтүстігінде 13 шақырым жерде. Кавказдың солтүстігінде Тама (Тамань) деп аталатын түбек бар. Сол маңдағы алап Таматарха (Тмутаракань) деп аталады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастырғанда Орта-Зарабшан округінің Кермине ауданында – Тама-мешіт, Нарпай ауданында – Тама, Катта-тама, Кішік-тама, Тоғай-тама, Тама-кишлак, Хорезм округінің Манғыт ауданында – Нияз-тама, Ташкент округінің Ташкент ауданында – Тама, Пскент ауданында – Жаңа-тама, Қоканд округінің Бұбайды ауданында – Тама-мазар деп аталатын шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ТАНА – Азау (Азов) теңізінің жағалауындағы ортағасырлық қала. Ірі сауда орталығы болған. Алтын Орда хандары бақылау жасап отырған (*История Дона с древнейших времен до Великой Октябрьской социалистической революции. – Ростов, 1965*).

Азов теңізі мен оның жағалауындағы тау сілемдері де XIV ғасырға дейін «Тана» деп аталған.

Сол сияқты Дон өзені де XIV ғасырға дейін «Танаис» деп аталып келді. «Ис» таза гректік жұрнақ екені белгілі.

Кіші жүз байұлының құрамындағы тайпалардың бірі – тана.

ТАНАШ АСУЫ – Шығыс Қазақстан облысына қарасты Үржар ауданы, Қазымбет ауылының тұсындағы кезең, шатқал.

Найман тайпасының құрамындағы саржомарт (сары) руының ішіндегі аталардың бірі – досымбет. Шежіре бойынша Досымбеттен – Назар, Бике, Нүрке туады. Назардан – Байбол туған. Байболдың алты ұлының бірі – Танаш батыр болған адам. Ғұмыр кешкен кезі – XVIII ғасыр. Елдің азаттығы жолындағы бір сұрапыл соғыста Танаш батыр мерт болып, сүйегі қойылған жер кейін «Танаш асуы» аталып кеткен. Танаш ұрпағы қазір жүз қаралы шаңырақ.

ТАРАКЛИЯ – Молдавиядағы ғағауыздар орналасқан Чадыр-Лунг және Қаушаны аудандарында Тараклия (Тарактылы, Таракты) деп аталатын екі елді мекен бар.

ТАРАҚТЫ – Бұхар хандығы кезінде Денау бектігіне қараған Сурхандария алабындағы қыстау. Кейін (1926) бұл қыстау Хардури-кишлак деп аталды.

Павлодар облысына қарасты Лебяжье ауданындағы елді мекен Тарақты деп аталады.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданына қарасты Үлкен Жарма көлінің солтүстік-шығысындағы алқап та тарақты деп аталады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастырғанда Самарқанд округінің Жана-Қазан-арық ауданында, Сурхан-Дария округінің Динау, Ширабад аудандарында, Қашқадария округінің Шахрисябз ауданында, Орта-Зарабшан округінің Нұр-ата ауданында Тарақты (Тараклы) деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Түркияда «Тарақты» деп аталатын елді мекен бар. Осы орайда, тарақты тайпасының шежіресіндегі бір деректі келтіре кетудің артықтығы жоқ. Шежіре бойынша тарақты тайпасы он екі атаға бөлінеді. Олар: қыдыр, жәші, әлі, сары, әйтей, қосанақ, қарашие (көгедей), келіс (әлеуке), алакөз, шәуке апай, тоқтауыл. Осылардың ішіндегі Қыдырдан — Солтан, одан — Сүтемген, одан — сүйегі Түркістандағы Иассауи кесенесіне жерленген әйгілі Наймантай батыр туған. Наймантай батырдан — Есілбай, Жанқара, Атақозы, Байғозы, Жетібай туған. Қазақ пен қалмақ (жоңғар) арасындағы қанқасап соғыста Есқарадан туған Аққозы мен Көтібақтың әулеті қатты зардап шегеді де, осы екі ата үйелменімен Түркияға көшіп кетеді. Атадан балаға берілетін шежіре сөзінде бұл дерек бұлжымай айтылып отырады.

ТАРАҚТЫ КӨШЕСІ – Шерабад қаласындағы көше.

ТӘҢІР КӨЛІ – Обь өзенінің оң жақ салалары — Чұлым өзені мен Ұйыс (Июс) өзендерінің қосылар тұсындағы айдын. Бұл алапты Әбілғазы баһадүр хан Икран-Муран деп атайды. Сол маңда Алакшын (Алакцин, Алшын) қаласының болғанын жазады. Кейбір зерттеушілер Тәңір көлін Енесай өзенінің бойында деп есептейді (*Г.Ф. Миллер. История Сибири. I том. — Москва, 1999. 172, 307-беттер*).

ТӘСТЕН – Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданындағы елді мекен, алап. Арғын — қуандық — қарпық ішінде тәстен атасы бар.

ТӘТЕКЕҢ САЙЫ – Монғолияның Баян-Өлгей аймағына қарасты Сағсай сұмынындағы елді мекен.

Он екі ата абақ керейдің бір атасы — шеруші. Осы шеруші руынан шыққан, XVIII-XIX ғасырлар жапсарында ғұмыр кешкен әйгілі Жылқышы батырды ел-жұрт қадір тұтып «Тәтекең» деп атайтын болған. Сүңгіті тауының панасы мол құнарлы аңғары осы Жылқышы батырдың құрметіне «Тәтекең сайы» деп аталады.

ТЕКЕ – Батыс Қазақстан облысындағы Жайық қалашығының байырғы атауы. Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы өзен Теке деп аталады.

Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан қаласының іргесіндегі бір ауыл Теке деп аталады.

ТЕКЕНІҢ ДІҢІ — Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Тәуіш ауылының солтүстігіндегі, Теке өзенінің солтүстік жақ бетіндегі шоқы.

Оғыз тайпаларының бірі теке деп аталған. Қыпшақтар өктемдігінен кейін (XI ғ.) оғыз тайпалары ыдырап, теке тайпасы түркімен этносының жасақталуына ұйытқы болды.

ТЕКЕ ӨЗЕНІ — Қостанай облысының жеріндегі өзен. Теке өзені Торғай өзенінің солтүстігінен қапталдаса ағады.

ТЕЛЕУ — Башқұртстан жеріндегі қойнау, алап. Аңыз бойынша бұл қойнауға Телеу батырдың әскері жасырынып, ел есінде қалар ерлік жасаған (*Башкирские предания и легенды. — Уфа, 1985. 38-бет*).

Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданында Телеу деп аталатын құдық бар. Қызылқұмның шығыс бөлігінде.

Кіші жүз жетіру бірлестігінің құрамындағы тайпа — телеу.

ТОБЫЛ — Қазақстан мен Ресей жерінен ағатын өзен, Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Шежіре дерегінде Кіші жүздің әлім-қаракесегінен (ұланак) өрбитін үлкен бір тармақ тобыл деп аталады (*Есіл атауын қараңыз*).

ТОҒЫЗ — Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы тау.

ТОҒЫЗАҚ — Қостанай облысындағы өзен, Үй өзенінің оң жақ саласы.

ТОҚСОБА — Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданындағы көлдің және елді мекеннің атауы. Сондай-ақ, осы облыстың Қазталовка ауданында Тоқсоба жайлауы бар. Көктерек ауылының батыс жағында 20 шақырым жерде.

Кіші жүз байбақты тайпасының құрамындағы бір ру тоқсоба деп аталады («Тектес-аттас ру-тайпалар» тараушасындағы «Тоқсоба» тақырыпшасын қараңыз).

ТОҚЫРАУЫН — Солтүстік Балқаш алабындағы Қарағанды облысының жерімен ағатын өзен. Ұзындығы 300 шақырымдай.

Рашид-ад-Диннің жазуында жалайыр тайпасының он атадан құралғаны, соның бірі тоқырауыт (тоқырауын) атасы екені көрсетілген.

ТОРҒАЙ — Ұлытаудан бас алып батысқа қарай ағатын өзен. Қазіргі Қостанай облысының жерінде Торғай үстірті, Торғай ойпаты деп аталатын да жер бар. Қостанай облысындағы Жангелдин ауданының орталығы Торғай деп аталады.

Ақмола облысының Ерейментау ауданында Торғай деп аталатын өзен, көл, елді мекен бар.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Сарқант аудандарында Торғай деп аталатын қоныс пен елді мекен бар.

Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы қыстау Торғай деп аталады.

Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы ескі жұрт Торғай деп аталады.

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында Торғай деп аталатын көл бар. Баян көлінің оңтүстік-шығысында.

Қазақта «ай», «ей» деп аяқталатын ру-тайпа атаулары көп. Мәселен, керей, өтей, адай, алтай, қызай, ботбай, т.б. Ғылыми пайымдауларда «ай» — тарихи дәуірлерде ру-тайпа атауы болғаны айтылады (*Д. Жүнісов. Өзен-көл атаулары. — Алматы, 1991*). Сондай-ақ, ханты, алтай тілдерінде «ай» — «шағын су», «саяз су» деген де мағына береді.

Мұндай деректер Торғай гидронимінің «торы руы» немесе «Торы өзені» деген мағынамен сабақтас екенін аңғартады. Қыпшақ тайпасының құрамындағы торы руы күні бүгінге дейін Торғай өзенінің бойын мекен ететіні мұндай пайымдауды орнықтыра түседі.

Сондай-ақ, Торғай өзені оғыздардың құрамындағы «торық» және «қай» тайпаларына байланысты, сол тайпалардың қоныс-тұрағы болғандықтан солай аталған дейтін де пікір бар (*Ә.Марғұлан, Қ.Салғараұлы*). Бұған кезінде оғыздардың Сарыарқаны ен жайлағаны, торық тайпасының қыпшақтар құрамына кіруі, сөйтіп қыпшақ ішіндегі торы тармағын құрауы, сол торы қыпшақтардың күні бүгінге дейін Торғай өзенінің бойын қоныс ететіні дәлел дейді (*«Теке өзені», «Теке діңі» атауларын қараңыз*).

ТОРҒАУЫТ — Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жеріндегі алқап, құдық.

Қалмақтардың құрамындағы тайпа — торғауыт.

ТӨЛЕҢГІТ — Алматы облысының Ескелді ауданындағы жер, селолық округ.

Ақмола облысының Сілеті, Ерейментау аудандарында Төлеңгіт деп аталатын елді мекендер бар.

Қазақтың жүзге қосылмайтын тайпаларының бірі — төлеңгіт.

ТӨРЕ — Қостанай облысының Қамысты ауданындағы алқап.

Қостанай облысының Меңдіқара ауданында Төре деп аталатын елді мекен бар.

Павлодар облысының Май ауданында Төре деп аталатын қыстау бар.

Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданында да Төре деп аталатын елді мекен бар.

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласына қарайтын аумақта Төре деп аталатын қыстау бар.

ТӨРЕ АҒАШЫ — Павлодар облысына қарасты Баян тауының етегіндегі күлтеленген тал-шілігі мен қайың-терегі ұйыса біткен шалғынды алқап.

Ақын Шаймардан Торайғыровтың (1898-1970) «Баян» атты поэмасында мынандай шумақ бар:

«Ертеде хан болыпты есімі – Тәуке,
Қазақтан төре аты шыққан жеке.
Сол кезде орда тіккен оқшау шұбар
Аталат «Төре ағашы» деп әлі күнге» (Ш. Торайғыров. Баян.

– «Дауа» газеті, 1993, маусым айы).

Қостанай облысының Жаркөл ауданында да Төре ағашы деп аталатын елді мекен бар.

ТӨРЕАДЫР – Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты Қалмақкөл көлінің солтүстік-батысындағы адыр, жон.

ТӨРЕ ЖАЙЛАУЫ – Баян-Өлгей аймағының Алтай сұмынындағы жер. Кезінде бұл өңірді Самырхан, Жәңгір төрелер қоныс еткен (А. Сарай. Революциядан бұрынғы қазақ халқы. – Өлгий, 1991. 37-бет).

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында да Төре жайлауы деп аталатын жер бар.

ТӨРЕЖАЛ – Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы тау, биіктігі 548,2 метр.

ТӨРЕ КӨЛІ – Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданындағы көл.

ТӨРЕҚАРАҒАЙ – Қостанай облысының Әуликөл ауданындағы көл.

ТӨРЕ ҚАРАСУ – Батыс Қазақстан облысына қарасты Бөрлі ауданының жеріндегі елді мекен. Бұл елді мекен ХІХ-ХХ ғасырлар жапсарында Ақтөбе уезіне қарасты Бөрті болысының № 11 әкімшілік ауылына қараған. Тұрғындары негізінен тама тайпасының адамдары болған (*Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Тургайская область. Т. VII. Актюбинский уезд. – Воронеж, 1903. 91-113-беттер*).

ТӨРЕҚОНҒАН – Павлодар облысына қарасты Қашыр ауданының жеріндегі алап. Сол сияқты, бұл облыстың жерінде Төрежырған (Ақсу қалалық әкімдігі), Төресор (Баянауыл және Май аудандары), Төретоғай (Ақтоғай ауданы), Төретомар (Ертіс ауданы), Төретүбек (Шарбақты ауданы), Төретұмсық (Ертіс ауданы), Төретүскен (Баянауыл ауданы) деп аталатын жер-су атаулары да бар.

ТӨРЕШОҚЫ – Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы тау. Биіктігі – 957 метр.

ТӨРТҚАРА – Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы жұрт. Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Төртқара қыстауы бар.

Төртқара – Кіші жүз ішіндегі әлім руының бір тармағы. Сондай-ақ, Орта жүз найман ішіндегі матай руының бір тармағы қаптағай болса, сол қаптағайдан өрбіген

бір ата төртқара деп аталады. Төртқара руы Орта жүздегі керей тайпасымен таңбалас. Таңбалары — айқыш.

ТӨРТУЫЛ — Павлодар облысына қарасты Шарбақты ауданының жеріндегі алап. Арғын — сүйіндік — оразкелді ішінде төртуыл атасы бар.

ТУЛАТ (ДУЛАТ) — Алтайдағы өзен (*Н.А. Аристов*).

ТҰРАН ОЙПАТЫ — Арал теңізінің солтүстік-шығысынан бастап, Қызылқұмға дейін созылып жатқан ойпатты алап. Жалпы аумағы 350 мың шаршы шақырымдай.

Тұран атауына қатысты жер-су атауларының Арал-Каспий су айырығында жиі кездесетіні назар аударады.

Ақтұран — Таулы Маңғыстаудағы Шақырғанның ойы деген жеріндегі алап және осы алаптың Жарыптүскен деген өңіріндегі құдық. Шетпе кентінен солтүстік-батысқа қарай жүргенде 20 шақырым жерде.

Қаратұран — Маңғыстау облысының жеріндегі Оңтүстік Ақтау жотасының бір пұшпағы. Жынғылды ауылынан батысқа қарай 10 шақырымдай жерде. Сондай-ақ, Өзен өңірінде де «Қаратұран» деп аталатын жер бар.

Қызылтұран — Үстіртте, Шетпе-Жетібай жолының бойындағы алқап.

Белтұран — Форт-Шевченкодан шығысқа қарай 46 шақырым жүргенде кездесетін мола.

Қазіргі ғылыми-анықтамалық әдебиеттердің бәрі дерлік «Тұран» («Тур», «Тура») атауын иран тектес байырғы көшпелі тайпа дей отырып, сол иранның ата жауы ретінде түсіндіреді. Ал, авесталық турлардың сақтармен сабақтас екені айқын жазылған. Ғылыми-анықтамалық әдебиеттерде сақтарды да иран тектес тайпалардың скифтік бұтағымен сабақтастырады. Пехлевилік дерек көздерінде турлардың түркі тайпалары екені атап көрсетілген. Ахамендік жазуларда бүкіл скифтер «сақ» деп аталған. Сол «турлар» мен «сақтар» Бірінші Дарий (б.з.д. 522-486 ж.ж.) патшалығының соңына қарай «даха», «дай» деп атала бастайды. Иран мен Тұран арасындағы теке тірес «Авеста» («Яшт» кітабының үзінділері) мен «Шахнамада» жан-жақты суреттелген.

Сөз орайында, Тобыл өзенінің сол жақ саласы да «Тура» деп аталатынын айта кеткен жөн.

ТҮЙТЕ — Ұлытау төңірегіндегі алқап, өлке.

Орта жүз арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі — түйте.

ТҮРКІМЕН — Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы тау.

ТІЛЕУБАЙ — Павлодар облысына қарасты Қашыр ауданындағы елді мекен, алап. Арғын — бәсентиін және шөмекей — сарықасқа ішінде тілеубай аталары бар.

ТІЛЕУІМБЕТ — Павлодар облысына қарасты Май ауданындағы елді мекен, алап және тау сілемі.

Арғын — қуандық ішінде және арғын — сары қанжығалы ішінде тілеуімбет аталары бар.

ТІНЕЙ – Қарағанды облысының Приозерный ауданындағы құдық.

Қоңырат тайпасының үлкен бір тармағы жаманбайдан өрбіген аталардың бірі құрбан болса, одан тараған аталардың бірі тіней деп аталады.

ТІНЕКЕ – Ақмола облысының Ерейментау ауданындағы өзен. Тінеке өзені Қарасу өзенінің төменгі сағасынан қосылады.

Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі аталардың бірі – тінеке.

УАҚ – Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданындағы елді мекен.

Сарытау (Саратов) қаласынан 9 шақырым жерде Уақ тауы бар (*М. Тынышбаев*).

УАҚАРАЙ – Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы қоныс.

УАҚҚАМЫСТЫ – Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы көл. Жетікөл көлінің оңтүстік-батысында.

УАҚ ҚҰДЫҒЫ – Түркіменстанның солтүстік-батысындағы, Шілмәмедқұмның солтүстігіндегі Оқ-Балқан деген жерден қазылған құдық.

УАҚҚҰМ – Маңғыстаудың Базашы түбегіндегі құмды алап.

УНГАР-НАЙМАН – Қырымның Таврия губерниясындағы елді мекен (*А. Мамедов. Крымские татары. – Симферополь, 1993*).

ҰЗЫН – Тәжікстанның оңтүстігіндегі аудан. Сондай-ақ, Бұхар хандығы кезінде Қорғантөбе бектігіне қараған Бахш (Вахш) алабында да Ұзын деп аталатын қыстау болған. Ұзын мен Құмғұзар қыстауларының арасына Жүйбар каналы тартылған. Тәжікстанның Сариасия ауданына қарасты тағы да бір елді мекен Ұзын деп аталады.

Қыпшақ тайпасының құрамындағы бір ру ұзын деп аталады.

ҰЛАНАҚ – Маңғыстаудағы жер атауы. Кіші жүз әлім ішіндегі бір ата ұланақ деп аталады.

ҮЙСІН – Перекоп уезінде (Қырым) кезінде Үйсін (Уйшун) деп аталатын елді мекен болған (*А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. – «Этнографическое обозрение» 1895. № 3. XXVI кітап. 5-бет*).

Маңғыстау облысының Қарақия ауданында Үйсін деп аталатын төбе бар. Үстірт жазығының оңтүстік бөлігінде.

Өзбекстанды жаңадан аудандастыруға байланысты 1926 жылы жарық көрген материалдарда Хорезм округінің Маңғыт деп аталатын ауданында Үйсін (Уйшин) атауымен екі елді мекен, сондай-ақ, Орта-Зарабшан округінің Нұр-ата, Нарпай аудандарында, Самарқанд округінің Дам-арық ауданында, Қашқадария округінің Шыршық ауданын-

да, Ташкент округінің Пскент ауданында Үйсін деп аталатын елді мекендердің бар екені атап көрсетілген. Ал, Хорезм округінің Гүрлен ауданында Үйсін-қала елді мекені, Самарқанд округінің Дам-арық ауданында Үйсін-төбе деп аталатын қырат болғаны атап көрсетілген (*Материалы по районированию Узбекистана. — Самарқанд, 1926*).

Қытайдың шығыс шетіндегі, Шанхайдың солтүстігіндегі елді мекен Үйсін (Усун — Хучжоу) деп аталады.

ҮЙСІН АЛАТАУЫ — Жетісудың батыс алабындағы тау сілемдері ХІХ ғасырдың орта кезіне дейін осылай аталған. Қазір Жонғар Алатауы деп атайды.

ҮЙСІНАСҚАН — Алматы облысының Қарасай ауданындағы асу.

ҮЙСІН ҚЫСТАҚ — Самарқанд пен Бұхара арасындағы елді мекен (*М. Тынышбаев*).

ҮЙСІНТАУ — Алматы облысының Райымбек ауданындағы тау.

ҮЙСІН ТАУЫ — Маңғыстаудың оңтүстік-шығысындағы тау.

Шығыс Түркістанның Іле қазақ автономиялық облысына қарасты Монғолкүре ауданының жеріндегі Тянь-Шань тау сілемі де «Үйсін тауы» деп аталады (*Н. Мыңжани*).

Алматы облысына қарасты Нарынқол ауданының жерінде де «Үйсінтау» деп аталатын тау бар (*Б. Қалиұлы. Райымбек ауданының топонимикасы. — «Туған өлке» журналы, 2006. № 2. 92-95-беттер*).

Үйсін — байырғы замандағы тайпалық одақтың атауы. Қазақ арасында Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың жиынтық атауы ретінде де үйсін этнонимі қолданылады.

ҮЙСІН ТӨБЕ — Ресейдің Адыге автономиялық облысына қарасты Хабль ауданындағы қорған-төбе (Уйсин тебе). Бұл маңды негізінен ноғайлар мекендейді.

ҮЛКЕН БӨРЛІ — Қостанай облысының жеріндегі көл.

ҮЛКЕН КЕРЕЙ — Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы көл. Тоғызак өзенінің алабында.

ҮМБТЕЙ — Қарағанды облысының Нұра ауданындағы қыстау. Жаманкөң мен Сарысу өзендерінің аралығында.

Арғын ішіндегі кіші арғыннан (тоқал арғын) өрбіген аталардың бірі үмбетей деп аталады.

ҮШ ОЙҒЫР — Монғолияның Баян-Өлгей аймағына қарасты Улан-хус (Қызыл кайық) өлкесіндегі елді мекен. Бұл елді мекен әйгілі Мұзтаудың солтүстік бетіндегі үш үлкен аңғарды алып жатыр. Ол аңғарлар — Үлкен Ойғыр, Орта Ойғыр және Кіші Ойғыр деп аталады.

ҮШ САРТ — Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы ауыл.

ХАЗАР – қазіргі Каспий теңізінің орта ғасырдағы атауы. Бұл атау VIII-X ғасырлар аралығында дәурен сүрген Хазар қағандығына байланысты пайда болған. Каспий теңізі тарихи кезеңдерде Гиркан, Абескун, Хазар, Атырау, Каспий болып әр түрлі аталған.

Ресейдің қазіргі Воронеж қаласы салынған орын Алтын Орда заманында «Хазар алабы» («Урочище Казар») деп аталған. Алтын Орданың хандары мен мырзалары Еділ өзенінің Самар өткелінен және Дон өзенінің Қазан өткелінен өтіп, Хазар алабы арқылы орыс жеріне жорыққа шығып отырған (*В.Л. Егоров. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – Москва, 1985. 181-бет*).

ХАСАГТ ХАЙРХАН – Алтай мен Хангай тауларының арасындағы ойпаң жазықта солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан тау сілемдері Хасагт хайрхан (Қазақтың киесі, Қазақ тауы) деп аталады. Ұзындығы 300 шақырымнан астам. Осы тау сілемдерінің ең биік шыңы Хасагт Хайрхан деп аталады. Бұл шыңның биіктігі теңіз деңгейінен 3972 метр.

Хасагт Хайрхан – монғол сөзі. Хасаг – қазақ деген сөз. «Монғолдың құпия шежіресінде (XIII ғ.) кездесетін «хасаг тэрэг» сөзі «қазақ арба» немесе «қазақы арба» мағынасында қолданылған. Монғолдар қазір де қазақты «хасаг» деп атайды.

«Хасагт» сөзінің соңындағы «-т» – жұрнақ. Бұл жұрнақ арқылы «хасагт» сөзі «қазақы» немесе «қазақтың» деген мағына береді. Ал, «хайрхан» сөзі – қазақ тіліндегі қайырлы, шапағатты, киелі, қасиетті, құдіретті деген сөздермен мәндес. Яғни, монғол тіліндегі «Хасагт Хайрхан уул» деген сөз қазақ тілінде «Қазақтың киелі тауы» деген мағына береді.

Бұл күндері Хасагт Хайрхан тауының аймағын монғол халқына ұйытқы болған тайпалардың бірі – қалқалар (халх) мекен етеді.

ЧУМЫША-ТАБЫН – Монғол Алтайы тауынан ағатын өзен (Осы тараушадағы «Табындар ауылы» тақырыпшасын қараңыз).

ШАҒАТАЙ – Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы елді мекен.

Қостанай облысының Амангелді ауданындағы қыстау. Рахмет ауылының оңтүстік-шығысында 34 шақырым жерде.

Қызылорда облысының Арал ауданында Шағатай жайлауы бар. Арал теңізінің солтүстік-шығысында.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында Шағатай деп аталатын қыстау бар.

Теңіз көлінің оңтүстік-батысындағы байырғы құдық Шағатай деп аталады (*Гидрологическое описание южной части Акмолинской области. Составил А.А. Козырев. – СПб., 1911. 264-бет*).

ШАЖА – Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы жайлау және өзен. Қаратал өзені Шажа өзенінен бастау алады.

Ұлы жүз албан тайпасының ішінде шажа атасы бар.

ШАЖАҒАЙ – Қарағанды облысының Шет ауданындағы (бұрынғы Жаңаарқа, Ақадыр аудандары) өзен («*Сіңісті аталар мен рулар*» тараушасындағы «*Алжан*» тақырыпшасын қараңыз).

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында Шажағай деп аталатын өзен бар. Шу өзенінің алабында, ұзындығы 129 шақырым.

ШАҚШАМ – Өзбекстандағы Бостандық ауданының (XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін Қазақстан жері болған) жеріндегі елді мекен.

Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың бірі – шақшам.

ШАНШАР – Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы қыстау. Үшқайың тауларының шығыс бөктерінде.

Ақтөбе облысының жеріндегі Жақсықарағайлы өзенінің бір саласы Шаншар деп аталады.

Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы қаракесек руының ішінде шаншар атасы бар.

ШАНШАР ТӨБЕ – Ресейдің Ноғай ауданына қарасты Үйсалған ауылындағы қорған-төбе.

ШАНЫШҚЫЛЫ – Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастырғанда Орта-Зарабшан округінің Нарпай ауданында, Самарқанд округінің Ақдария, Пай-Даргам, Жаңа-Қазан-арық аудандарында, Қашқа-Дария округінің Шырақты, Китаб аудандарында Шанышқылы деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

ШАПЫРАШТЫ – Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанды жаңадан аудандастырғанда Самарқанд округінің Пай-арық ауданында Шапырашты деп аталған шаруашылық бірлестігі болған (*Материалы по районированию Узбекистана. – Самарқанд, 1926*).

Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында Шапырашты ауылы бар. Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 19 шақырым жерде.

ШАПЫРАШТЫ САЙЫ – Алматы облысына қарасты Райымбек ауданының жеріндегі сай, алап. Саты көлінің желкесіндегі бұл алапта XVI ғасырда қазақ пен ұйғыр арасында болған қақтығыста шапыраштылар осы мекенді қорғап қалған.

ШӘУДІР – Маңғыстау облысының Базашы түбегіндегі алап. Тұщықұдық ауылының батысына қарай 30-35 шақырым жерде.

Шымкент облысына қарасты Отырар ауданының орталығы Шәуілдір деп аталады.

Оғыз қағанның рулы елге ұйытқы болған немерелерінің бірі – Шәудір. Махмұт Қашқариде – жұбалдар, Әбілғазыда – жауылдыр, Жалайыр Қадырғалида – жаулдұр (чаулдур) деп жазылған.

ШЕБІР – Маңғыстау облысындағы Тұщықұдық ауылдық аймаққа қарайтын елді мекен.

Білікті елтанушы (этнолог) Серікбол Қондыбай Шебір атауын ерте ортағасырдағы тарихи құжаттарда аталатын түркінің савир (шавир) тайпасымен, одан берідегі бұлғар-хазарлық савир жұртымен сабақтастырады (*С. Қондыбай. Маңғыстаунама. – Алматы, 2006. 73-74-беттер*).

ШЕГЕНДІК – Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының жеріндегі қыстақ, алқап.

Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі – шегендік.

ШЕГІР – Қарағанды облысындағы Қу тауының ішіндегі кезең, асу.

Ұлы жүз дулат тайпасының ішіндегі жаныс руынан өрбіген аталардың бірі – шегір.

ШЕКТІ – Әзірбайжанның Қазақ ауданында Үлкен шекті және Кіші шекті деп аталатын далаңқай алаптар бар.

Орта жүз арғын тайпасының жеті момын деп аталатын тармағы бар. Жеті момын тармағына енетін рулардың бірі шекті деп аталады. Сондай-ақ, Кіші жүздің алты ата әлімінің ішіндегі бір тайпа ел де шекті деп аталады.

ШЕКТІ ЖАЙЛАУЫ – Әзірбайжан жеріндегі қос алап «Жоғары Шекті жайлауы» және «Төменгі Шекті жайлауы» деп аталады.

Кіші жүз әлімұлының құрамында шекті тайпасы бар. Шежіре дерегінде шекті тайпасы өз ішінде жоғары шекті және төменгі шекті болып бөлінеді. С. Сейфуллин қазақ тарихына қатысты жазған еңбегінде Ақназар ханның Ахметкерей деген баласы біраз қазақты бастап Қобанға (Кубань) қоныс аударғанын атап өтеді (*С. Сейфуллин. Шығармалар. Алтыншы том. – Алматы, 1964. 34-бет*).

ШЕРКЕШ – Обь өзеніне құятын Қатын өзенінің бір сағасы (*М. Тынышбаев*).

Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданында Шеркеш деп аталатын елді мекен бар.

Днепрдің төменгі ағысымен жүргенде Киев қаласынан 200 шақырымдай жерде Черкасы қаласы бар (*М. Тынышбаев*).

Дон өзенінің бойында да Ескі Черкасск, Жана Черкасск қалаларының бар екені мәлім.

Ресейдің Курск облысында Шеркеш елді мекені болған. Кейін бұл елді мекен Ахматовка деп аталды. Шеркеш елді мекенін XIII ғасырда шеркеш руының қоныс еткенін, олар өздерін «қазақ» деп атағанын Н.М. Карамзин жазады.

Кіші жүз байұлының құрамындағы бір тайпа – шеркеш.

ШЕРКЕШ БЕТ – Ресейдің Кочубеевск ауданына қарасты Қарамырза ауылындағы бір махалла.

ШЕРКЕШ ТЕРЕК – Ресейдің Ноғай ауданына қарасты Құмлы ауылындағы шоқтоғай.

ШЕРУШІ ТАҚТАСЫ – Монғолияның Баян-Өлгей аймағына қарасты Дэгүн (Шилі) өлкесіндегі елді мекен.

Шеруші – он екі ата абақ керейдің құрамындағы іргелі ру.

ШОБАН ҚАРАСАЙ – Бурабай, Айыртау төңірегіндегі жер. Шобан, Қарасай – Ұлы жүз шапыраштыдан өрбіген аталар.

ШОРТАН – Павлодар облысының Ақсу қалалық әкімдігіне қарасты жерден ағатын өзен, Ертіске құяды.

Арғын – бәсентиін ішінде шортан атасы бар.

ШОШТАННЫҢ ҚАРАСУЫ – Ұлытау алабында Қарағанды өзенінен 20 шақырым жердегі Ащысу өзегінің төменгі етегінде пайда болған табиғи қара су. Түбінде бұлақ көзі бар бұл қарасуды кезінде найман тайпасының бір руы бағаналы ішіндегі әйгілі батыр, білікті би Шоштан жайлаған. Өз заманында «Кершолақ атты ер Шоштан» атанған Шоштанның ұрпағы бұл күнде рулы елге ұласқан. Ер Шоштан дүниеден өтерінде балталы-бағаналы елінің игі жақсыларына арнап: «Төрт құбыланды көрсетіп кеттім. Дүниенің төрт бұрышына дабысыңды жеткіздім. Төрт босағанды Ұлытаудың шаңырағына бекіттім. Баса білсең, міне жерің, баға білсең, міне елің!» – депті деген сөз бар.

Ел ішіндегі шежіре деректерінің бір үлгісінде найманның Сарыжомартынан (ергенекті найман) – Бағаналы, одан – Ақтаз (Ақтартаз), одан – Үрбі, одан – Сейіт, одан – Шоштан болып таратылады.

Әйгілі «Манас» жырының ең бір көркем де мазмұнды тарауы Көкетайдың асына Бақай мен Қосайдан кейін найман ішінен бағаналы Ақтаздың немересі Үрбі де шақырылады.

«Одан әрі сен барсаң,
Кіші де тауды жайлаған,
Ақтартаздың баласы,
Аты Мөңке төресі,
Ер Үрбіге барып айт», –

деген жолдар бар «Манас» жырында. Ұлытаумен жапсарлас Кішітау деп аталатын таудың төңірегін бағаналы Шоштан ұрпағы күні бүгінге дейін мекен етеді.

ШОШТАН ТӨБЕСІ – Бұланты өзенінен 100 шақырымдай жердегі шақатты төбе («Шоштанның қарасуы» атауына берілген түсініктемені қараңыз).

ШӨМЕКЕЙ – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы құдық. Кіші жүз алты ата әлім ішінде іргелі ру – шөмекей деп аталады.

ШҰБАРАЙҒЫР – Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданына қарасты Үлгілі ауылының оңтүстігіндегі алқап.

Павлодар облысының Ертіс ауданындағы өзен, жайлау, ескі жұрт және Май ауданындағы қоныс Шұбарайғыр деп аталады.

Орта жүз абақ керей ішіндегі іргелі ру – шұбарайғыр.

ШҰБЫРТПАЛЫ — Есіл өзені мен Теңіз көлінің арасындағы шағын көлдердің бірі. Орта жүз арғын ішіндегі рулардың бірі — шұбыртпалы. Әйгілі Ағыбай батыр осы рудан.

ШҰҒА — Павлодар облысына қарасты Ақтоғай ауданындағы елді мекен, алап. Уақ ішіндегі бір ата шұға деп аталады.

ШҮРШІТ — Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы бейіт, қорым.

ШҮРШІТ ҚЫРЫЛҒАН — Шығыс Қазақстан облысындағы жер атауы. Абылай ханның әскері мен Цин (Қытай) әскерінің қақтығысқан жері.

ШЫМЫР АРЫҒЫ — Алматы облысы, Қаратал ауданы, Қаратал өзенінің бойындағы арық. ХІХ ғасырда Жоғарғы Қаратал болысының иелігінде болған.

ШЫМЫР БАСЫ — Ташкент қаласындағы қорым, зират.

Ұрпақтар жадында сақталған дерек бойынша Ұлы жүз дулат ішіндегі шымыр руына ұйытқы болған Шымыр ата осы қорымға жерленген. Шымырлар Ұлы жүз ішіндегі өсіп-өнген іргелі рулардың бірі. «Шымыр көп пе, шыбын көп пе?» деген мәтел сөз бар. Өз ішінде шынболат (Шынқожа), бекболат, темірболат аталарына бөлінетін шымырлардың ата қонысы Алматы облысындағы Қараой, Қызылеспе, Ақжар, Жалғызағаш, Ақсай, Шымкент облысындағы Арыс, Иірсу, Сайрам, Жамбыл облысындағы Шу, Талас өзендерінің бойы, Қарғаты алқабы болған.

ШІГІЛ — Махмұт Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат-түрк» кітабында Арғу елінің жерінен Ескендір Зұлқарнайын соқтырған бекет Шігіл деп аталатыны айтылады. Сондай-ақ, Жейхун өзенінен Шын еліне дейін тараған оғыз жұртын шігіл деп те атайтынын және бұл жұрттардың бәрі бірдей шігіл еместігін атап көрсетеді.

Махмұт Қашқари келтірген дерек бойынша Ескендір Зұлқарнайын Арғу елінің жеріне жеткенде қалың лайсаңға тап болып, саз-батпақтан жүре алмай «айн-шигил-аст», яғни, «бұл неткен батпақ, лайсаң жер» деп налыса керек. Содан осы жердің тұрғындары шігіл аталып кеткен екен дейді.

Ұлы жүз албан тайпасының құрамында шикіл руы бар.

Тарихи деректерде Қарахан қағанатының (840-1212) шанырақ көтеруіне ұйытқы болған қаңлы, қарлұқ, шігіл (шикіл), яғма, Түркеш сияқты ру-тайпалар болғаны айтылады.

ЫРҒАҚТЫ — Ресейдің Ставропольск өлкесіне қарасты Степановск ауданындағы ноғай ауылдарының бірі.

Орта жүз құрамындағы арғын, қоңырат тайпаларының ішінде, сондай-ақ қарақалпақтар арасында ырғақты деп аталатын ру бар.

ЫСТЫ ШАПҚАН — Көкшетаудағы жер атауы. Ысты — Ұлы жүз құрамындағы тайпа.

24. Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Қашанда нақтылы айғақ-деректердің айтары да, аңғартары да мол. Әсіресе, айтылар ой мен уәжді орнықтыруда нақтылы айғақ-дерек ең негізгі тірек болуға тиіс. Осы орайда, қазақ әйелдерінің ру-тайпа атауы мен ұранына шығуын пайымдау үшін кейбір тарихи айғақ-деректерге жүгініп алуды жөн көрдік.

Алдымен, халық болмысының айнасы сияқты фольклорлық мұралар назар аударады. Қазақтың миф, ертеке, аңыз, әпсана, хикая, тәмсіл, шешендік сөздер, жыр-толғау, эпос сияқты көл-көсір рухани мұрасында жағымсыз әйел бейнесінің жоққа тәндігі қайран қалдырады. Тек, қиял-ғажайып ертегілердегі мыстан кемпірлер ғана еске түседі. Оның орнына Құртқа, Гүлбаршын, Қаракөз, Қарлыға, Назым, Ақжүніс, Жібек, Баян, Айман, Шолпан, Қарашаш сияқты әйел-аналардың бірі ақылымен, екіншісі көркімен, үшіншісі өжеттік-ерлігімен ұрпаққа ана, азаматқа адал жар, елге қорған болғанын көреміз.

Көшпелілер ортасында әйел-анаға деген айрықша құрметтің ертеден-ақ қалыптасқан ұлы дәстүр екенін тарихи ескерткіш белгілерден де көруге болады. Қазақ даласында әйел-ананы бейнелейтін қыз-тас, келіншек-тас, кемпір-тас түріндегі тас мүсіндер мейлінше көп. Сондай-ақ, ең сәулетті ғимарат-белгілер, ең бір шабытты сезіммен безендірілген кесенелер әйел-аналарға арналған. Сырдария бойындағы Көккесене, Бикем мұнара, Сырлы там, Талас бойындағы Айша бибі, Баба-әже, Сарысу бойындағы Белең ана, Болған ана, Жұбан ана, Арал жағасындағы Бегім ана күмбез-кесенелері ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады. Қарақалпақстанға қарасты Қоңырат ауданының іргесінде Дәуіт ата деп аталатын қалың қорым бар. Дәуіт Асауұлы ХІХ ғасырдың орта тұсында әйгілі Есет Көтібарұлымен тізе қосып жүріп, Ресей отаршылдығына қарсы күрескен батыр. Осы Дәуіт ата қорымында қыз-келіншектерге тұрғызылған күмбез-кесенелер өз алдына бір көше. Мұндай үрдісті Үстірт үстіндегі қорымдардан да көруге болады. Жеке ескерткіштер былай тұрсын, Қазақ даласында орта ғасырдан өзінде-ақ тұтас қалаларды әйел-аналар атымен Баршынкент, Қатынқала, Қырыққыз қала деп атағаны мәлім.

Кейде атау-терминдердің мазмұн-мағынасын өзгерту арқылы да тарихи шындықты бұрмалап, халықтың ғасырлар сынынан өткен тамаша дәстүріне көлеңке түсіруге болады. Бүкіл ХХ ғасырдың өн бойында «қалыңмал» атауы «ұзатылатын қыз үшін төленетін мал» деген мағынада ұрпақ санасына сіңіріліп келді. Яғни, «қалыңмал» қызды сатып алу үшін берілетін мал емес, сол қыздың үй болып, бас құрауы үшін берілетін мал екені, сондықтан да «қалыңмал» («қалыңдықтың малы») деп аталатыны қаперге алынбады. Қазақтың әдет-ғұрыптық салты бойынша, екі жас бас құрағанда жігіт жағы қалыңмал беріп, қыз жағы жасау жабдықтайды. Ал, қыздың жасау-жабдығы, әдетте, қалыңмалдан гөрі шығыны басымдау болатыны аян. Ұзатылар қыздың басқа дүние-мүлкін былай қойғанда, тек қана сәукелесінің өзін дайындатуға бірер үйір жылқының жұмсалатынын этнографиялық деректер айғақтайды. Оның үстіне, жігіт жағынан келетін қалыңмалдың «бес жақсы», «қара

мал», «ілу», «той малы», «ана сүті» («сүт ақысы»), «ата күші», «құрық бау», «қосақ бау», «келін тілі» деп аталатын ырым-кәделері мен жол-жоралғылары сол малдың қандай шығындарға жұмсалатынын айқын айғақтайды. Демек, қазақтың «қалың-мал» деп аталатын әдет-ғұрыптық салты, ең алдымен, екі жастың бірден үй болып, ел қатарына қосылуын және жат жұрттық болып бара жатқан қыз баланың мерей-мәртебесін асқақтатуды ойласудан туындаған өнегесі мол дәстүр.

Ойдың орайында, кеңестік идеология арқылы әлеуметтік-саяси ұранға айналған «әйел теңдігі» деген атау-ұғымның, әсіресе, қазақ қоғамы үшін мүлде түсініксіз, сандырақ (нонсенс) сөз сияқты қабылданғанын айта кеткен жөн. Өйткені, адам ретінде әйел мен еркек тең емес деген ұғым қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде болмаған. Керісінше, ерлі-зайыпты болып бас құрағандарға «теңін тапты», «теңіне қосылды» дейтін болған. Әйел-ананың қазақ қоғамындағы орнын мақал-мәтелдер айқын айғақтайды: «Ата — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ», «Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың», «Алып анадан туады, ат биеден туады», «Әкелі жетім — арсыз жетім, шешелі жетім — ерке жетім», «Қыз — өріс, ұл — қоныс», «Асыл әйел — әрі еркек, әрі қатын», «Әйел жолы — жінішке», «Ерге жаққан қатын, елге де жағады», «Еркек — бас, ұрғашы — мойын», «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады», «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді», т.б.

Осы орайда, исі мұсылман қауымының ішінде әйелдері бетіне пәрәнжі салмайтын санаулы ғана халықтардың бірі қазақ халқы екенін де айта кеткен жөн. Қазақ әйелдері өмірдің барлық ситуациясында, тіптен, жаугершілікте де ерлермен тізе қосып, қатар жүрген. Екінші жаһандық соғыста Кеңестер Одағының құрамындағы шығыстық халықтар арасынан тек қана қазақтың екі қызы — Әлия мен Мәншүктің батыр атануы, олардың жеке басының ғана ерлігі емес, ең алдымен, ұлттық-этникалық қасиеттің айғағы ретінде пайымдалуға тиіс.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әйел-ананың айрықша мәртебесі болғанын айғақтайтын тарихи бедерлі мысал ретінде әйел-ана есімінің тұтас ру-тайпа атауы мен ұранына шығып отырғанын айтуға болады. Мұндай мысал әлемдік этнографияда өте сирек ұшырасады және оны да терминологиялық «ойыншыққа» айналдырып, «матриархат», «гинекократия» деген ұғымдармен шатастырудың еш қисыны жоқ. Алғашқы қауымдық құрылыс пен эпикалық көшпелі өмір-салттағы әйел-ананың қоғамдық-әлеуметтік орнын шендестіру үшін не тарихи зерде топас болу керек, не шектен шыққан қиялға ерік беру керек (*Эпикалық көшпелі өмір-салт туралы «Алғы сөзде» айтылды*).

2. Дәстүрлі қазақ қоғамында әйел мәртебесінің ерлермен тең болуы, қазақ әйелдерінің бөлекше жаралған артықшылығынан немесе кемшілігінен емес. Гәп, көшпелі өмір-салттағы барша тіршілік-харекеттің ұжымдық сипат алып, әлеуметтік мұраттың біртұтас болғандығынан. Мұның өзі, түптеп келгенде, көшпелілердің бірден-бір өмір сүру үлгісі болған. Яғни, әйелдерге де ерлермен бірдей қоғамдық-әлеуметтік жауапкершілік жүктелген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі өмір-салттың, сол өмір-салт аясындағы ру-тайпалық жүйенің ішкі нәзік сырларына айғақ ретінде ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан әйел-аналардың арнайы сұрыпталуында осындай себептер бар.

Сонымен, ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар...

АБАҚ. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз керей тайпасының ішіндегі он екі ата абақ керейлер Абақ есімді анадан өрбіген дейді.

Ақыт ақын былай дейді:

«Атыңнан айналайын Абақ ана,
Сенен көктеп, өніппіз талай бала.
Қол жайып, аруағыңа дұға оқыдық,
Жеткізсін мұратыма Хақ Тағала».

АЙБИКЕ. Қазақтың белгілі батыры, кезінде талай-талай алқалы жиында палуандығымен аты шыққан, Абылай хан елшілігінің құрамында Пекинде болған Көлбайұлы Бұланбайдың (1747-1845) жары әрі үзеңгілес серігі — Айбике. Алтай, Тарбағатай алабы мен Ертіс бойына қазақ ру-тайпаларының қоныстануы кезінде, бұл өңірлерден әлі де болса арыла қоймаған қалмақ жасақтарын барлау барысында Айбике шолғыншылық жасап, ел-жұрттың алаңсыз болуына көп қызмет еткен.

АЙБИКЕ. Орта жүз арғын, оның ішінде қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі — шаншар. Сол Шаншардың үш әйелінің бірі — Айбикеден өрбіген ұрпақты, аналарының есімін қосып, «Айбике-Шаншар» деп те атайды. Айбике Есім ханның тұсында Ташкентті билеген Тұрсын ханның қыздарының бірі болса керек. Шежіре дерегінде Айбикеден — Жәнібек, Келдібек, Тінібек, Әсірбек (Есіркеп деп те атайды) туады. Осылардың Келдібегінен әйгілі қаз дауысты Қазыбек би туған. Қазыбек биден — Бекболат, одан — Тіленші би, одан — Алшынбай би туған. Әйгілі әнші-композитор Мәди Бапиұлы осы Алшынбайдың немересі. Алшынбайдың немере қызы Ділда ұлы ақын Абайдың үлкен әйелі екенін де айта кеткен жөн. Абайдың Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия сияқты дарынды ұлдары осы Ділдадан туған (*Осы тараушадағы «Нұрбике» тақырыпшасын қараңыз*).

АЙНАКӨЗ. Орта жүз арғын ішіндегі «кіші арғын» атанған шақшақ, саржетім сияқты аталардың түп анасы Айнакөз деген кісі екен. Бұл аталарды шежіре дерегінде «Кіші арғын», «Тоқал арғын» немесе «Айнакөз» деп те атайды.

АЙСАРЫ (ШАНАҢ). Шежіре бойынша Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі қуандық болса, сол қуандық ішіндегі белгілі аталардың бірі — аралбай. Аралбай Әлібекұлы (1685-1778) тарихта болған адам. Тәуке ханның белді батырларының бірі. Әйгілі Бұланты (1726), Аңырақай (1729) шайқастарына қатысқан. Аралбай батырдың бейіті Ұлытаудан ағатын Аралбай өзенінің бойында.

Аралбай батыр үш әйел алған адам. Бірінші әйелі — әйгілі Қанжығалы қарт Бөгенбайдың Айбике деген қарындасы. Бұл кісіден Өмір деген бір ғана ұл туған.

Аралбай батырдың екінші әйелі — Айсары, Ұлы жүз дулат ішіндегі жаныс руынан шыққан Төле биге аталас адамның қызы. Айсарыдан — Құттыбай, Жоламан, Тоты деген балалар туған. Осылардан өрбіген ұрпақты «Шанан» немесе «Шанан ұрпағы» деп атайды. Шанан — Айсарының ел құрметтеп қойған жанама аты болса керек.

Аралатаңның үшінші әйелі — Тансұлу, тама тайпасының ішіндегі текті жердің қызы екен (кейбір деректерде ноғай қызы екен деп те айтылады). Тансұлудан — Байтоқа, Бәйтелі, Жабағы, Жабық, Сеңкібай туған. Бұлардан тараған ұрпақты «Танан» немесе «Танан ұрпағы» деп атайды. Танан — Тансұлудың ел құрметтеп қойған жанама аты екен дейді.

Аралбай батырдың кіндігінен өрбіген «Шанан», «Танан» деп аталатын ұрпақтары, негізінен, Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында тұрады.

АЙТБИКЕ. Ұлы жүз албан тайпасының ішінде өсіп-өнген аталардың бірі — үмбет (*«Сіңісті аталар мен рулар» тараушасындағы «Алжан» тақырыпшасын қараңыз*).

Шежіре бойынша Үмбеттен — Шажа туады. Шажаның бәйбішесінен — Тінібек, Жәнібек, Қалматай, тоқалынан — Қалке, Жәдік туған.

Осылардың Жәнібегі Айбике деген қызға үйленіп, одан — Әлібек деген бала туған соң, Жәнібек қайтыс болады. Содан, әменгерлік жолымен, Жәнібектің інісі Қалматай жесір отырған жеңгесі Айбикеге үйленеді. Қалматай мен Айбикенің арасынан — Өтеген, Өтетілеу (Шолак) туады.

Міне, осы Айбике анадан туған Әлібек, Өтеген, Өтетілеу деген балалардың өсіп-өнген ұрпағын шешелерінің атымен «Айбике» деп атайды.

АЙТОЛҚЫН. Ақтөбе облысындағы Терісбұтақ өзенінің бойында Айтолқын күмбезі деп аталатын сәулетті белгі бар. Сұр тастан жымдастыра қаланған ескерткіш күмбез халық ықыласының айғағындай. Халық жадында сақталған аңыз-әңгіме бойынша Айтолқын қалмақтармен болған қанды шайқаста ерлікпен қаза тауыпты дейді.

Келесі бір аңыз-әңгімеде Айтолқын Абылай ханның қызы еді деген дерек айтылады. Айтолқын әкесі Абылай ханмен бірге жорықта жүреді екен дейді (*Айтолқын туралы дерек «Тургайская газета» басылымының 1896 жылғы № 1 санында жарияланған*).

АЙТОЛҚЫН-ҚОНАҚБАЙ. Орта жүз найман тайпасының бір тармағы төлегетай болса, сол төлегетай ішіндегі рулардың бірі — ерторы. Ерторы руының ішінде айтолқын-қонақбай атасы бар. Айтолқын — Желек деген кісінің қызы екен. Күйеуі қайтыс болып, балаларымен бірге өз еліне қайтып келеді. Қайтып келген соң Желектің кіші баласы Қонақбай қарындасы Айтолқынның балаларын өз балаларына қосып бірге тәрбиелейді. Содан бұл балалардың өсіп-өнген ұрпағы «Айтолқын-Қонақбай» деп аталады.

АҚБИКЕШ. Ел жадындағы аңыз-әңгіме бойынша Ақбикеш Кіші жүз алшын елінің батыр қызы еді дейді. Қаратаудың солтүстік өңірін қоныс еткен елге келін болып түскен екен. Ол кездің жаугершілігі көп болса керек. Ақбикеш келін екенмін деп кергімей, елдің ер-азаматтарымен тізе қосып, жауға бірге аттанып жүреді. Талай-талай шайқастарға қатысып, жаудан тайсақтамайтын әбжіл қимылдарымен көзге түседі.

Күндердің бір күнінде қазақ пен қалмақ арасында қамданып келіп тірескен қанды шайқас болады. Екі жақтан да талай ерді шығындаған осы соғыста Ақбикеш ерлікпен қаза табады. Елі мен жері үшін құрбан болған аруды халқы ардақ тұтып, арулап жерлеп, басына биік мұнара орнатады. Халық ол мұнараны Ақсүмбе деп атап кеткен.

АҚБИКЕШ ПЕН МАҚПАЛ. Қазақта ел-жұрттың ұжымын жарастырып отыратын, ағайын арасының алтын арқау дәнекері сияқты небір ақылды аналар, ару қыз-келіншектер болған ғой. Ұлытауды қоныс еткен бағаналы найманнан шыққан домбырашы Ербатырдың қызы Ақбикеш деген кісі сондай ару аналардың қатарында аталады.

Ұлытаудан құлай ағатын Торғай өзенінің бойын негізінен арғын мен қыпшақтар қоныстайды. Былайша айтқанда, Ұлытаудың бағаналы найманы мен Торғайдың арғын-қыпшағы қашаннан бір өзеннің суын ішкен, ауылдары аралас, қойлары қоралас дегендей, жапсар жатқан елдер. Жапсар жатқан соң да бұл елдердің арасында құда-андалық, нағашылы-жиендік, дос-жарандық қарым-қатынастар көп болады. Сол дәстүр бойынша бағаналы Ербатырдың Ақбикеш деген ару қызы арғын ішіндегі әйдерке атасынан шыққан Таңғұлы деген кісінің Солтан деген баласына ұзатылады. Бәрі де жазудан ғой, Ақбикеш келін болып түскен соң, сегіз-тоғыз жыл өтсе де бала көтермей қойыпты. Ақылына көркі сай Ақбикештің бұл жағдайы әулет-атаның ғана емес, бүкіл ауыл-аймақтың уайым-арманына айналады.

Содан, күндердің бір күнінде Ақбикеш бір ойға бекініп, ұшқан ұясына төркіндеп барып қайтпақшы болады. Ата-енесінен рұқсатын алып, жанына жасөспірім қайнысын ертіп, жолға шығарда Ақбикеш айтыпты дейді: «Бұйырса, екеу болып кетіп, үшеу болып оралармын», — деп. Бұл сөздің мәнісін қайын жұрты түсіне қоймаса да, жақсылыққа жорып қала береді.

Ақбикеш ауыл-еліне келіп, ағайын-туғанмен қауышып, мауқын басқан соң, әкешесіне бұл келісінің мәнісін айтады: «Құдайға шүкір, барған жерімде бағасыз емеспін, ел-жұрттың алақанындамын. Көңілдегі жалғыз кірбің — перзенттің болмай жүргені ғана. Осы олқылықтың орны тола ма деп, арман-үмітімді жетекші етіп, алдарыңызға келіп отырған жайым бар. Мені қиған жерге сіңілім Мақпалды да қисаңыздар екен. Мақпалымды Құдай қосқан қосағым Солтанға екінші әйелі етіп қосайын. Құдай көз жасымды иіп, тілегімді қабыл етсе, осы ниетімнің қайыры болар деп үміт етіп келдім!» — дейді.

Бұл сөзді естігенде Ақбикештің анасы көз жасына ие бола алмай қалады. Ал, еркөңіл, сері көкірек Ербатыр болса тұғырдағы шәулідей дүр сілкініп, еңсесін тіктеп: «Тәңірім өзі күзеп, өзі түзегендей бір істі ойына салған екен, қарағым! Қайыры болсын. Сен бар жерде Мақпалымның мерей-мәртебесі ешкімнен кем болмас. Бәйбіше, көзіңнің жасын тый, қамдан, балаларды ақ тілекпен, ақ жолға аттандырайық!» — деген екен.

Айтқанындай, Ақбикеш екеу болып кетіп, үшеу болып оралып, қайын жұртын да күтпеген қуанышқа кенелтеді. Арада бірер жыл өтер-өтпесте, Құдай тілеуін беріп,

Ақбикеш те, Мақпал да қатар бала көтеріп, әулет-атаны одан сайын мерейлендіре түседі.

Сөйткен Ақбикештен Қожаназар, Майқара, Шойқара деген балалар туып, Мақпалдан Бердібай, Дербісалы, Бердалы, Бердіс деген балалар туған. Бұлардан өрбіген ұрпақ қазір рулы елге ұласқан. Ал, Ақбикеш пен Мақпалдың есімдері бір-бір әулет-атаның атауына айналған. Осы күні Торғайдағы Сарықопа көлінің төңірегіндегі екінің біріне кімсің десең «Арғын әйдеркеміз, оның ішінде ақбикешпіз» немесе «Арғын әйдеркеміз, оның ішінде мақпалмыз» деп отырады.

Әне, бір ананың ақыл-парасаты бір рулы елді дүниеге келтірді деген осы. Сөз орайында айта кеткен абзал, қазақтың белгілі қаламгері, этнограф Сейіт Кенжахметұлы Мақпал ананың Дербісәлісінен өрбіген ұрпақ (*Дерек беруші Ахметхан Әбіқайұлы (1903-1986), даңғайыр шежіреші, Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы; С. Кенжахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. — Алматы, 2006. 355-356-беттер*).

АҚКЕТЕ. Кіші жүз ішіндегі Әлімнен өрбіген бір ата — Тойқожа. Сол Тойқожа ұрпағын «Ақкете» деп те атайды. Бұл атау Кетебике атты аналарының есіміне байланысты телінген (*Осы тараушадағы «Кетебике» тақырыпшасын қараңыз*).

АҚҚОЯН. Шежіре дерегінің ел ішіне кең тараған нұсқасында Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі қуандық болса, сол Қуандықтың бірінші әйелінен — Қарпық, Өмір, Темір, Есен, Қарт деген бес ұл, тоқалынан — Алтай жалғыз туыпты дейді. Алтайдың бірінші әйелі Аққояннан — Әліке, Байдалы, Сайдалы туған. Бұлардан өрбіген ұрпақты шешелерінің атымен «Аққоян» деп атайды (*«Орта жүз» тараушасындағы «Алтай» тақырыпшасын қараңыз*).

АҚТОЛЫМБЕК. Ұлы жүздің ноқта ағасы жалайыр тайпасының ішіндегі он екі атаның бірі — андас.

Андас алты әйел алған адам. Толымбек деген бәйбішесі қара өнділеу кісі екен, одан өрбіген ұрпақ «Қаратолымбек» деп аталады. Ал, екінші әйелі Тасбике деген кісі аққұба өнді болса керек. Осы Тасбикеден өрбіген ұрпақ «Ақтолымбек» деп аталады (*Осы тараушадағы «Қаратолымбек» тақырыпшасын қараңыз*).

АЛЖАН. Ұлы жүз албан тайпасы өз ішінде шыбыл және сары деп аталатын екі іргелі руға бөлінеді. Осылардың сарысынан сүйеркұл және сүйменді (табұзар) аталары тарайды. Шежіре дерегі бойынша Сүйеркұлдан — Шоған, Абыз, Досалы, Қожанбет, Жарты деген төрт ұл және Әлжан (Алжан) деген бір қыз туған. Әлжан бойжеткен соң сол елге сіңісті болған Мәмбет деген арғын жігітіне тұрмысқа шығып, одан — Сырымбет, Шегір, Аламан, Хангелді есімді төрт ұл көрген. Осы төрт ұлдың өсіп-өнген ұрпағы албан ішіндегі «Алжан» («Әлжан») деп аталады.

АЛТЫНШАШ. Қыпшақ Токтар бидің бәйбішесі Алтыншаштан — Бұлтын, Торы, Көлденең, Ұзын, Қарабалық атты бес ұл туған. Бұл бес баланың өсіп-өнген ұрпағы

бес рулы елге ұласқан. Шежірешілер осы бес атаны қалың қыпшақ ішінен даралап, аналарының атымен «Алтыншаш» деп те атайды.

АПАЙ. Орта жүз тарақты тайпасының құрамындағы он екі ата рудың бірі апай деп аталса, енді бірі тоқтауыл деп аталады. Апай Тоқтауылдың жағалбайлы еліне ұзатқан апасы (әпкесі) екен, бала көтермепті. Содан, уақыт өтіп, Апайдың жасы ұлғайып, күйеуі дүние салған соң, елге көшіп келіпті. Сонда, Тоқтауыл апасының көңілін аулап, бір баласын Апайдың бауырына салады. Сол баланың өсіп-өнген ұрпағы «апай» атанған. Күні бүгінге дейін тарақты ішіндегі тоқтауыл мен апай рулары «бір атаның балаларымыз» деп, өзара қыз алыспайды.

АРУХАН. Қият руының ұраны — арухан. Шежірелік аңыздың айтуында ел-жұртқа ұйытқы болған қасиетті ана болса керек.

Қазақ арасында қият руы жүзге кірмейді. Қарақалпақтардың іргелі руы — қият. Қазіргі кезде қазақ арасындағы қият руы басқа іргелі рулар құрамына сіңіп кеткен.

ӘЛЕУКЕ. Орта жүз тарақты тайпасы он екі рудан құралған. Олар: қыдыр, жәші, әлі, сары, әйтей, қосанақ, қарашие (көгедей), келіс (әлеуке), алакөз, шәуке, апай, тоқтауыл рулары.

Шежіре дерегінде Келістің әйелі Әлеуке деген кісіден ұл бала болмапты. Содан, өзімен қадірлес күндесінің (Келістің екінші әйелі) баласын етек астынан жерге түсірмей көтеріп алып, бауырына басқан екен. Сол баланың өсіп-өнген тұқымы Әлеуке апасының есімімен аталып кетіпті.

Қария сөздің келесі бір нұсқасы бойынша Әлеуке Қарашие (Көгедей) бәйбішесі еді дейді. Ал, Келіс — Қарашие (Көгедей) тоқалынан туған бала болса керек. Әлеуке бәйбіше бала көтермеген соң, Келісті бауырына басып, бала етіп алыпты.

Әлеуке бәйбіше ақылды да алғыр, адуын адам болыпты. Әулет-атаға ғана емес, ауыл-аймаққа сөзін өткізіп, билігін жүргізіп отырады екен. Ақылды бәйбішесін Қарашие де бетінен қақпай, қайта мақтан тұтып, «бәйбіше біледі» деп отыратын болыпты.

Содан, Қарашие қартайып, есейген балаларына енші бөлерде Әлеуке бәйбіше: «Тоқалдың балалары өз алдына еншілес бола берсін, менің баламның еншісін бөлек ата» деп, Келісті жеке-дара енші иесі етіпті.

Он екі ата тарақтының ішінде келістің (әлеуке (әлеуке) (көгедей) (әлеуке) (көгедей) өз алдына бір ата болуының және «әлеуке-көгедей» деп екі атаның қатар аталуының сыр-себебі осыдан еді дейді.

ӘЛПЕШ. Қазақтың қария сөзінде, яғни, қазақтың ауызша тарихы бойынша Найман екі әйел алған адам екен. Бірінші Қырғауыл деген әйелінен — Ақсақал (Ақсопы деп те атайды), Үйелші, Күйелші деген үш бала туады. Екінші Шүңірекей деген әйелінен — Тоқбан жалғыз туыпты.

Ол кез ел іргесін жау торыған бір мазаң заман екен. Найман әулетіне тіс басқан қасақы дұшпан қапысын тауып ауыл-елге жойқын шабуыл жасапты. Тұтқиылдан тиген қаскөй жау еркек кіндіктіні қынадай қырып, қарт Найманның төрт ұлын көз

алдында өлтіріп, өзін ойрандалған жұртында жалғыз қалдырыпты. Онысы, «қартайғанда қу бас атанып, қалған өмірі ит қорлықта өтсін» дегені болса керек.

Найманның қаза тапқан төрт баласының ішінде үйленгені жалғыз Тоқбан екен, оның Әлпеш (Ақсұлу, Айсұлу, Назбура, Мәзбура деп те айтылады) деген келіншегі жесір қалады. Әлпеш үйсін Дулат бидің (Дәулетбай деп те атайды) қызы болса керек. Шабылған әулет пен қорғансыз қарт Найманның ауыртпалығы енді Әлпештің иығына түседі.

Содан Әлпештің әмеңгерім деп алаңдайтын ешкімі болмаған соң, ақылына көркі сай жас келіншекке ата жолымен арғын мен қыпшақтың балалары сөз салады. Найман уәж айтар қисын таппай, ерікті келінінің өзіне береді. Әлпеш болса «Атамның тұяғын үзбеймін, атын жоғалтпаймын, ошағын сөндірмеймін, Тәңірдің бір жазғаны болар!» — деп, арғын мен қыпшақтың балаларына жолын беріп, басын босатып алады.

Әлпештің бұлай етуінің өзіндік сыр-себебі бар еді дейді. Зерделі келіншек өзінің жесірлігінен гөрі келін болып түскен әулет тұқымының жалғаспай қалатынын уайым етіп жүріп, бір күні атасының дәрет ұсатқан жеріне көзі түседі. Найман қарттың дәреті құмдауыт жерді ырсыта жырып, көпіршіп жатса керек. «Е, Тәңірім, бере көр! Атамның бойында әлі де қуат бар екен-ау!» — деген үміт сәулесі Әлпешті тәуекелге жетелегендей болады.

Сол үміт жетегімен Әлпеш төркін жұртына барып, әкесі Дулатпен бірге туысқан Ақмырза деген кісінің Гүлше (Құрым, Дәмелі, Дәмеш, Тұрымтай, Қарақозы, Қаракөз деп те айтылады) есімді қызын атасы Найманға айттырып алып қайтады.

Әлпеш атасы Найманға алып берген Гүлше қызды мейлінше құрметтеп, «енді сен маған ене болдың» деп, атын атамай «Қызене» дейді екен.

Гүлше Найман қартқа тиген соң алты айдан кейін жүкті болады. Күндердің бір күнінде Найман қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалады. Ауруының бетін байқаған соң арғын ағайындарын шақыртып өсиет айтады. «Жасым сексенге келіп, бұл өмірден тұяқсыз өтемін-ау деп өкіріп жылап жүргенде көремін бе деген балам еді. Мына Қызенеден ұл туса, оның жауабын Тәңірдің алдында сендерден сұраймын», — дейді. Мұнан соң Найман көп ұзамай дүние салады. Кешікпей-ақ, Гүлше де аман-есен қол-аяғын бауырына алып, бір ұл бала табады. Бұл кезде Найман шаңырағының бас иесі болып отырған Әлпеш алты алаштың басын қосып, ақ түйенің қарнын жарып, ұлан-асыр той жасайды. Осы тойда үйсін Дулат би: «Найман — қаны араласқан қадірлес құдам еді, мына нәресте артында қалған белгі ғой, атын Белгібай қояйық», — дейді. «Балаға ат қою жолы біздікі еді, Найман атамыздың Тәңірден өкіріп жылап жүріп тілеген баласы ғой, атын Өкіреш қоямыз», — деп арғындар да тілек білдіреді. Мұның бәріне Әлпеш ақ жамбы, ақ бас құндыз, ақ атан бастатып жолын беріп, риза қылады. Бұл жөнінде ел аузындағы шежіре сөзде мынандай өлең бар:

«Баланың атын қойды Белгібай деп,
Атадан туып қалған белгі ғой деп.
Ару Әлпеш баланы ардақтайды:
«Тәңірім бір тілекті берді ғой!» — деп».

Ақыл-парасаты мол Әлпеш көз алдында дүниеге келген кішкене қайнысы Белгібайды он алтыға келгенше күтіп отырып, өзі отыз жетіге келгенде әменгерлік жолымен қосылған екен. Белгібай мен Әлпештің арасынан бір ұл туып, «Сүйінші, Найманның тұяғы жалғасын тапты!» — деп қуанып, атын Сүйініш қояды. Сүйініштен — Төлегетай, одан — Қытай, одан — Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл туып, бұл соңғы буынның өсіп-өнген ұрпағы «Төрт Төлегетай» атанады.

Найманның тұяғы Белгібай Әлпештен басқа да бірнеше әйел алған. Бұл жөнінде шежіре сөз айтады, Әлпеш: «Мен аруақтың орнын сыйлаған соң саған қосылған жеңген едім, енді өзін таңдап қыздай қатын ал», — деп, Белгібайдың көңілі сүйген бір қызды алып береді. Ол — түркімен Арлауыт бидің Қаракөз атты қызы болса керек. Белгібайдың бұл әйелі бала көтермейді. Бұл екі ортада Әлпеш екінші балаға жүкті болып, ол аман-есен туған соң, есімін Сүгірше қояды да, оны Қаракөз сұлудың бауырына салады.

Әлпеш Сүгіршеден кейін баладан тоқтап, өзі бөлек шығып, «енді орнымды басын» деп, өзінің Тоқсұлу атты немере сінлісін Белгібайға қосады. Тоқсұлудан — Өтеген туады. Сөйтіп, Белгібай (Өкіреш) некелеп қосылған үш әйелінен Сүйініш, Сүгірше, Өтеген атты үш бала көреді. Қазақтың қария сөзінде тоғыз таңбалы қалың найман осы үшеуінен өсіп-өнген. Осындай күйге жеткізген Әлпеш сияқты дана әйелді қазақтың қария сөзін айтушылар күні бүгінге дейін «Найманның әулие келіні», «Исі найманның ардақты анасы» деп қадір тұтады.

Енді, Белгібайдың анасы, «Қызене» атанған Гүлше бар емес пе? Оның жайын шежіре сөз былай баяндайды: Найман өліп, асын берген соң, ата жолымен Найманның ұлы атасы Сарымен бірге туысқан Шомақтың немересі Елтайға Гүлшені әменгерлік жолымен қосады. Кейбір шежіре дерегінде Елтай Найманның туған інісі Наймантайдан туып еді дейді. Сол Елтайды Әлпеш: «Атамның орнына ата болды» деп, есімін «Елата» деп атап кетеді. Кейін Елата мен Гүлшенің арасынан бір ұл туады. Оны Белгібайға серік болсын деп, атын Серікбай қояды. Серікбайдан — Келбұға, Кетбұға атты екі ұл туады. Шежіре сөздің бір нұсқасы Келбұғадан — Балталы, Кетбұғадан — Бағаналы туады дейді. Бұлардың ұрпағы да бір-бір іргелі руға ұласқан. Сөз орайында, Кетбұға жырау әйгілі Шыңғыс ханның оң тізесін басып отырған би болғанын, «Ақсақ құлан» сияқты күйді тудырған ұлы күйші екенін айта кеткен жөн.

Найман атасының тұяғын жалғар ұрпақты шашау шығарғысы келмей, ұжымын жарастыру үшін Әлпеш Серікбайды өз бауырына салып өсіреді. Белгібай мен Серікбайдың енелес-емшектес болғаны өз алдына, екеуі де Әлпештің бауырында өскендіктен, жұптары жазылмай біте-қайнасып, бір туғандай болып кетеді.

Осының бәріне Әлпеш ана ұйытқы болып, Найманның кіндігінен тараған ұрпақ жиырма шақты ауыл болғанша «жат болып кетпесін» деп, енші бөлістірмей, малжанын ортақ ұстатыпты дейді. «Байдың малы ортақ болсын, батырдың жаны ортақ болсын, шебердің қолы ортақ болсын, шешеннің тілі ортақ болсын, балуанның күші ортақ болсын, біреуге біреу зорлық жасамасын!» — деген өсиет осы Әлпеш анадан қалыпты деген сөз бар (*Дерек беруші Шайхыбасар Қожбанұлы (1905-белгісіз), Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы*).

БАЛҚЫ. Шежіре бойынша Кіші жүз Шөмекейден – Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл есімді төрт ұл туған. Осылардың Бозғылынан – Қарақожа (Қаратамыр), Қайқы, Келдібай, Сарыбай, Торыбай туған. Бұлардың ішіндегі Қайқының Балқы (Балқия) есімді әйелінен – Андағұл, Отарбай, Қиық, Қалтан, Әлімбет, Қосбармақ, Ақбалқы деген балалар туып, солардың ұрпақтарының бәрі де шешелерінің атымен «Балқы» деп аталып кеткен. Әйгілі Базар жырауды – Балқы Базар дейтіні, сол түп анасының есімімен аталатын руын меңзегені.

БАЯН. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз қоңырат тайпасының үлкен бір бұтағы – жаманбай деп аталады. Жаманбайдан – Қылбелбеу, Құрбан, Қараша, Қырғызалы деп аталатын аталар өрбіп, әрқайсысы рулы елге ұласқан. Осылардың Қылбелбеуінен – Жауғашты, Ноғай, Шокпарлы, Қира аталары тарайды. Бұл аталардың ішіндегі Ноғайдың бір бұтағы – Қарамойын Тоқас, келесі бұтағы – Баян есімді әйел атымен аталады. Яғни, Ноғайдың әйелдерінің бірі Баянның бауырынан шыққан балалар өз алдына бір атаға ұласқан.

БЕГІМ. Ел аузында «Жанкент жеті рет күйреп, жеті рет көтерілген» деген сөз бар. Соның біріне қатысты айтылатын әңгімеде Шаншар хан мен Бегім ана сөз болады.

Шаншар хан Жанкенттің әміршісі болып тұрған күндердің бірінде нөкерлерін ертіп, сейіл-серуен құрып, аң аулауға шығыпты дейді. Шаһардан ұзаққырап шаққанда ханның есіне садақ ұштайтын егеудің сарайда қалып қойғаны түседі. Оған өкініп жататын хан ба, көзіне көрінген нөкерінің бірін «бар, жылдам алып кел» деп жұмсап жібереді.

Хан сарайына тіке шауып келген нөкердің суыт жүрісінен сарайдағылардың бірі тіксініп, бірі секем алғандай болады. Сыртқа Бегім ана да шығады. Сонда ханның ерекше жаралған көрік-келбетіне қайран қалған нөкер есінен танып, аттан ауып түссе керек. Содан бас көтеріп, есін жиғанша біраз уақыт өтеді. Одан кейін мән-жайды айтып, егеуді алып, ханға кешігіп жетеді.

Шаншар хан нөкерден неге кешіккенін сұраған екен, ол болған жайды бүкпесіз айтып беріпті. Сол жерде хан тарс ашуланып, аттың басын кері бұрады. Нөкерді шыңырау зынданға тастатады. Бегім анаға сенімсіздік білдіріп, оның оң қолы мен бұрымын шорт кесіп тастайды.

Сол кезде Бегім ананың аузы дуалы әулие әкесі Қарабура тірі еді дейді. Бұл оқиға сол кісіге жетеді де, дереу Жанкентке келеді. Әулие қарт Шаншар ханға: «Уа, Шаншар хан, шындық екеуміздің бірімізге зауал келтірсін! Мен сол шындықты білгелі келдім. Егер қызымда күнә болса, сенікі жөн. Ал, күнәсіз болса, ертеңге дейін қолы мен шашы орнына келсін де, өзің зауалын тарт!» – депті де, сырт айналып кетіп қалыпты.

Қарабура әулиенің қатал шарты бүкіл шаһар халқын үрейлендіреді. Ертеңіне үрейлі жұрт Бегім ананың сарайына келсе, ақ білегі жарқырап, қолаң шашы салбырап, орнында тұр дейді. Ал, жазықсыз нөкер өзінен-өзі шыңырау зынданның сыртына шығып қалған екен.

Сол жылы сары ала күз түсе Жанкент шаһарына адам ойламаған зауал келіп, улы жыландар қаптап, жұртшылық дүрліге қашуға мәжбүр болып еді дейді. Осы дүрлігуде Шаншар ханды жылан шағып өлтіреді...

Аңыз ақиқаттың жаңғырығы деген сөз рас болу керек. Сырдарияның төменгі сағасына жақын маңда Бегім ана мұнарасы дейтін кесене күні бүгінге дейін күңгірлеп тұр. Зерттеушілердің анықтауында мұнара IX-XI ғасырларда салынған. Бұл кезең түркі-оғыз тайпалары шаңырағын көтерген Салжұқ мемлекетінің заманына жатады. Түркі-оғыздың қынық тайпасын билеген Тұқақтың баласы Салжұқ мемлекет басына келген соң, ислам дініне мойын ұсынған. Мұның өзі Сыр бойында моншақтай тізілген қалаларын қыстап, жазға қарай желпіне көшіп жүретін Тәңірлік наным-сенімдегі тайпалардың елеулі қарсылығын тудырған. Салжұқтың 985 жылы Жент қаласын тастап, Нұрата тауына қоныс аударуы Бегім ана аңызының астарындағы тарихи шындықтың сорабын аңғартады. Салжұқтың өзі осы Жент қаласында өлген. Салжұқтың ұрпағы Санжар сұлтанның (1118-1157) тұсында қыпшақ-қимақ одағының қайы деп аталатын тайпасы Жентті қиратып, Сыр бойының Тәңірілік рухтағы қалпын қайта орнықтырған.

Енді, аңыз бен ақиқаттың үндесуіне қараңыз, аңыздағы Шаншар хан – өмірдегі Санжар сұлтан екені ден қойғызады. Ал, аңыздағы Жанкентке қаптайтын ордалы жылан деп отырғаны – қайы тайпасы. Өйткені, монғол тілінде «қайы» деген сөз «жылан» деген мағына береді. Сондай-ақ, Кіші жүздің тайпалық бірлестігінің құрамындағы табын тайпасының бір бұтағы «бегім» деп аталатыны да осындайда еске түседі (*Жүсіп Әлқожасұлы (1931), белгілі өлкетанушы, қаламгер, Өзбекстанның Бұхара облысы, Тамды ауданы, Қақпақтас ауылы*).

БЕКБИКЕ. Шежіре бойынша Кіші жүздің адай тайпасы өз ішінде құдайке, келімберді аталарына бөлінсе, осылардың Құдайкесінен – Қосай, Тәзіке туған. Қосайдан алтау – Байбол, Әйтей, Бегей, Тіней, Бәли, Сүйіндік. Бұлардың Тінейінен – Арық, Таңат, Рыс, Шолақ туған. Арықтан – Тәңірберген батыр мен Құдайберген туған.

Тәңірберген батырдың бес әйелі болса керек. Соның бірі қалмақ әйелі Бекбике еді дейді. Бекбикеден – Алтынбек, Сеңгірбек, Әжібек, Темір есімді төрт ұл туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтарын жинақтап «Бекбике» деп атайды.

Ақтөбе облысының Бекбике мұнай кәсіпшілігі орналасқан жер атауы осы Бекбике анаға байланысты қойылған.

БЕС ЖӘКЕЙ. Кіші жүз әлім бірлестігінің ішіндегі шекті (жаманақ) тайпасы өз ішінде іргелі төрт руды құрайды. Олар: шынғыс, баубек, өріс, мәку (қалу). Шежіре дерегінің бір үлгісі бойынша Мәкуден – Бөлек, одан – Айт, Бұжыр (бұл екеуі бәйбіше балалары), Ақмалай, Олжабай, Шағатай, Бұғыбай, Жаңабай (бұл бесеуі Жәкей деген тоқалдан туған). Осы Жәкейден туған бес баланың өсіп-өнген ұрпағын жинақтап «Бес жәкей» деп атайтын дәстүр бар (*«Сіңісті аталар мен рулар» тараушасындағы «Жаманақ – өріс» тақырыпшасын қараңыз*).

БОПАЙ. Қазақ халқы бастан кешкен аса күрделі кезеңдердің бірі XVIII ғасыр болса, сол кездің саяси-әлеуметтік істеріне белсене араласқан көрнекті қайраткерлердің бірі Бопай (Бәтима) болған. Бопай – Кіші жүздің ханы Қожасұлтанұлы Әбілқайырдың зайыбы әрі мүдделесі. Сол кездегі қазақ халқының басына ел болу немесе елдігін мүлде жоғалту қаупі төнгенде Әбілқайыр ұстанған саяси бағытты Бопай жалтақсыз қолдап, ең бір, шешуші кезеңдерде айрықша икемділік-тапқырлық танытып отырған. Мұны Бопай ханымның орыс патшайымдары Анна Иоановнаға, Елизавета Петровнаға, бригадалық генерал А.И.Тевкелевке, Оренбург губернаторы И.И.Неплюевке, канцлер А.П.Бестужев-Рюминге жазған хаттарынан және ол хаттардағы ел мүддесіне қатысты ұстанған әрекет-ниеттерінен айқын аңғаруға болады. Тарихшы А.И.Левшин: «Бопай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті», – деп жазды (*А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. 217-бет*).

Бопай ханым ұзақ жасап, тоқсанға жақындаған жасында 1780 жылы дүние салды. Топырақ бұйырған жері Елек өзенінің бір тармағы – Жосалының жоғарғы жағындағы қорым.

Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында, Ырғыз бойында Бопай есімімен аталатын ауыл бар. Сол ауылдың іргесіндегі төбешік басындағы бейітте елінің азаттығы үшін арпалысып өткен Бопай ананың рухы мәңгілікке дамылдап жатыр.

Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның арасынан Нұралы, Ералы, Қожахмет, Айшуақ, Әділ есімді бес ұл туған (*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы, 1961; Джон Кестль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. – Алматы, 1996*).

БОПАЙ. Абылай ханның немересі, Қасым төренің қызы, Кенесары ханның қарындасы Бопай (Бопы) 1837-1847 жылдардағы Ресей отаршылдығына қарсы жүргізілген көтерілістің көрнекті тұлғасы. Қасым төреден туған Санжар, Есенгелді, Ағатай, Көшек, Кенесары, Наурызбай сияқты алты ұлдың ортасында ерке де еркін өскен Бопай ел ісіне ерте араласып, ақыл-көркімен жұрт аузына ілінген.

Төре Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына тұрмысқа шыққан Бопай одан алты перзент көрген. Ағасы Кенесары Ресей отаршыларына қарсы ашық күреске шыққан кезде, яғни, 1837 жылы Бопай өзінің қайын жұртын көтеріліске қосылуға үгіттейді. Алайда, қолдау таппаған соң, алты баласын ертіп көтерілісшілерге келіп қосылады. Ел тағдыры сынға түскен шақта Бопай өзінің есейген балаларын жорыққа баулып, жауапты шайқастарға салып отырған. Бұған Бопайдың он жеті жасар баласы Төреханның (Нұрхан) қанды шайқаста ауыр жараланып, орыстардың қолына түскені айғақ (*Е. Бекмаханов. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. – Алматы, 1947. 211-бет*).

Бопай арнайы жасақталған 600 адамнан тұратын қолды бастап, көтерілісшілерді азық-түлікпен, қару-жарақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуде айрықша қажыр-қайрат көрсеткен. Ол сын сағаттарда қол бастап, қару алып, соғысқа да қатысады,

тұтқынға да түседі. Соның бәрінде де ерлік-табандылығымен, ақыл-парасатымен танылып отырған.

Кенесары ханның қырғыз жеріндегі ақтық шайқасында Бопай бірге болған.

ГАУХАР. Қазақ пен қалмақ арасындағы ұлы сүргін соғыс кезінде (XVIII ғ.) ерлік істерімен ел есінде қалған аяулы арулардың бірі — Гаухар. Ол әйгілі Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы. Саны мол, қауіп-қатері көп жорық жолдарында Гаухар айрықша табандылық көрсетіп, Қабанбай батырмен тізе қосып талай рет қанды шайқастарға қатысқан.

Қабанбай мен Гаухардың тұла бойы тұңғышы — Назым қыз да ерлік істерімен танылған.

ДӘУЛЕТБИКЕ. Орта жүз қыпшақ, оның ішінде торы қыпшақ, оның ішінде түйішкеден өрбіген аталардың бірі «Дәулетбике» деп аталады. Дәулетбикенің қыздай тұрмысқа шыққан адамы түйішке ішіндегі Мұрат деген кісі екен. Мұрат қайтыс болып, Дәулетбикені әмеңгері Мәмбет алады. Әмеңгері Мәмбетке қосыларда Дәулетбике «бөлек ауыл болып отырайын» деп шарт қояды. Бұл шартын Мәмбет орындаған. Содан, бәйбішесі бір ауыл, тоқалы бір ауыл болып отырған соң, Мәмбет ары-бері қатынайтын болады. Сонда, жолшыбай жөн сұраған адамға Мәмбет: «Дәулетбикенің ауылына барамын» деп жауап береді екен. Осылайша Дәулетбикеден өрбіген ұрпақ анасының есімімен аталып кеткен. Дәулетбике Есім хан тұсында Ташкентті билеген Тұрсын ханның қызы еді деген сөз бар.

ДӘУЛЕТБИКЕ. Орта жүзде дәулетбике деп аталатын тағы да бір ата бар. Шежіре дерегі бойынша Орта жүз Арғыннан — Мейрамсопы, одан — Қуандық, одан — Қарпық туып еді дейді. Қарпықтан — Көзей мен Тоқа туған. Тоқадан — Бесім туады. Бесімнің кіші әйелі Дәулетбикеден — Барғана, Айтқожа, Сатыбалды деген балалар туған. Осы Дәулетбикенің бауырынан өрбіген ұрпақты жинақтап, шешесінің есімімен «Дәулетбике» деп атайтын шежірелік дәстүр қалыптасқан.

Дәулескер күйші Тоқа Шоңманұлына арнаған өлеңінде әйгілі Шөже ақын былай дейді:

«Бақтыбай, Берден шықты төменгі елден,
Шоң шықты дәулетбике деген елден.
Баласы бес мейрамның бас қосқанда
Ақылға, Сары Тоқа, сізге келген».

Осындағы Бақтыбай, Берден деп отырғаны Арқадағы алшын, тама елдерінің өз кезіндегі белгілі адамдары. Шоң деп отырғаны Бесімнің кіші әйелі — Дәулетбикеден туатын Айтқожаның ұрпағы. Шоң өз кезінде әрі болыс, әрі би, көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты адам болған (*Осы тараушадағы «Нұрбике» тақырыпшасын қараңыз*).

ДОМАЛАҚ АНА. Асыл ана, аяулы жар, көреген әулие Домалақ ана (Домалак ене) туралы ұлағат-өнегесі мол аңыз-әңгімелер ел ішінде мейлінше мол және алуан

нұсқалы болып айтылады. Ондай аңыз-әңгімелерде Домалақ ананың азан шақырып қойған есімі де Нүрилла, Бибісара, Айша, Бибайша, Мейірбике болып әр түрлі нұсқада аталып отырады.

Шежіре бойынша Ұлы жүз үйсін Ұзынсақал Ыбырайымнан (Жұмабай) – Күрті, одан – Кейкі би (Киікбай), одан – Төбе би, одан – Құйылдыр, Қоғам, Мекрейіл, Майқы туыпты. Майқыдан – Бақтияр, одан – Ойсыл, Үйсіл туады. Ойсылдан – он екі ата Сіргелі, Үйсілден – Жансақал, Ақсақал туады. Жансақалдан – он екі ата Жалайыр, Ақсақалдан (Абак) – Айдарлы, Сақалды туады. Сақалды керей еліне барып бір қызға үйленеді де, сонда қалып қояды. Одан тараған ұрпақтан он екі ата абақ керей елі өрбіген. Айдарлыдан – Асан, Қараш туады. Асан үйленбей өтіпті. Қараштан – Бәйдібек, Байтулы (Келдібек) туады (*Бәйдібек баба – алып бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. – Алматы, 2000. 12-бет*).

Исі Ұлы жүзге ұйытқы болған Бәйдібек баба туралы да ел жадында сақталған қария сөз мейлінше мол. Солардың бірінде – Бәйдібектің екі некелі болғаны айтылады (*Ш. Уәлиханов*), екіншісінде – үш некелі болғаны айтылады (*К. Әзірбаев*), үшіншісінде – Сары, Сыланды, Мапыраш, Домалақ (Нүрилла) есімді төрт жұбайының болғаны айтылады (*Е. Ағыбайұлы*), төртіншісінде – Сары (Зеріп), Сыланды (Жұпар), Мапыраш, Қарашаш, Домалақ (Айша) есімді бес жұбайының болғаны айтылады (*Құралбек Ерғөбеков. Бәйдібек баба мен Домалақ ана. – Шымкент, 1999. 5-7-беттер*).

Ел ішіне кең тараған, ең көп нұсқалы шежіре сөзі Бәйдібектің үш некелі болғанына тоқтайды. Олар: бәйбішесі – Сары (Марау), одан – Сарыүйсін ұрпағы өрбіген; екінші әйелі – Зеріп, одан – Жалмамбет туған, Жалмамбеттің бірінші әйелі Жұпардан (Мапырашты) – Шапырашты, екінші әйелі Сыландыдан – Ысты, үшінші әйелі Тұмардан (Қарашаш) – Ошақты туған; Бәйдібектің үшінші әйелі – Нүрилла (Домалақ ана), одан – Жарықшак (Тілеуберді) туған, Жарықшактың бірінші әйелі Тәукелбибіден – Албан, Суан, екінші әйелі Бибіфатимадан – Дулат туған.

Бәйдібек бабаның осы үш жұбайының ішінде Домалақ ана (Нүрилла) айрықша қадір-қасиетімен ел жадынан орын алған. Сондай, ел жадындағы аңыз-әңгімелердің айтуында Бәйдібек ауық-ауық Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауидің мазарына зиярат жасап жүреді екен. Бір барғанында сонда жүрген дуалы ауыз шайық жолығып, Бәйдібекке: «Осында нәзірге (бақылаушылыққа) бір қыз келіп еді, қасиет-киесі бар адам екен, отырғанда төңірегі нұрланып жарық шашып тұрады, осы қыз сіздің әулетіңізге құт келтіріп, ұрпағыңыз өсіп-өнер еді», – деп кеңес береді. Бәйдібек шайықтың сөзін мақұл көріп, қызбен сөйлесіп, көңілдері жарасады. Сол қыз Бәйдібектің үшінші некелес болған адамы Нүрилла (Домалақ ана) еді дейді.

Нүрилла Бәйдібектің шаңырағына келіп, ақыл-парасатымен төңірегін баурап, жұрттың ықыласын бір өзіне аударып алады. Ел-жұрт оны құрмет тұтып «Домалақ ана» дейтін болады. Мұндай ахуал Бәйдібектің бәйбішесі Сарыға (Марау) шаншудай қадалады. Бұрын өзі би, өзі төре болып үйреніп қалған Сары бәйбіше күндесі Домалақ анаға көп қысым көрсетіп, қиянат жасайды. Ең арғысы Домалақ ананың тұла бойы тұңғышы Тілеуберді туғанда, сол бейкүнә нәрестеге қол жұмсап, шекесін жаралап, оның «Жарықшак» атанып кетуі содан еді дейді.

«Күндестің күлі де күндес» дегендей, Домалақ ана жеті түнде бесікке асылып, Жарықшағын (Тілеубердіні) емізіп отырса, Сары бәйбіше үйдің сыртынан түйе болып сүйкеніп, киіз үйдің сүйегін сықырлатып, мазасын алады екен. Сонда сүйкеніп жүргеннің мал емес, Сары бәйбіше екенін іштей біліп отыратын Домалақ ана: «Мал болсаң өркенің өссін, адам болсаң Жарықшағыма қосшы бол!» — дейтін көрінеді.

Аузының дуасы бар Домалақ ана айтқан сол сөздің салқыны Сары бәйбішенің балаларына тиіпті дегенді шежіре сөзі айтады. Бірде, Сары бәйбіше Бәйдібекке сөзін өткізіп отырып, ел көшкенде Домалақ ананы жұртта қалдыртыпты. «Тәңірдің жауы болар», — деп Домалақ ана жұртта қала береді. Күндердің бір күнінде мұздай құрсаңған қалың жау елдің көшкен жұртында жалғыз үй отырған Домалақ анаға соғып, Бәйдібектің ауылының қай тұста екенін сұрайды. Домалақ ана оң шырай танытып, дұрыс жолды көрсетіп жібереді.

Сайланып келген жау қойсын ба, ертесінде-ақ Бәйдібектің қалың жылқысын дүркірете қуалап айдап қайтқан жау жолай Домалақ ана отырған жұртты басып өтеді. Сонда жау жасағын бастап жүрген кісі атының басын бұрып келіп Домалақ анаға: «Бәйбіше, сіз көрсеткен оң жолдың сәті түсіп, олжа серік болдыңыз, мына қалың жылқыдан қалаған біреуін ұстаңыз!» — дейді. Домалақ ананың күткені де осы екен, кереге басындағы құрды алып, жылқы ішіндегі жал-құйрығы төгілген сары азбанды ұстатады.

Жау кетеді. Домалақ ана сары азбанды арқыратып мама ағашқа байлап қояды. Көп кешікпей, жанында Сары бәйбішеден туған тоғыз ұлы мен қуғыншы жігіттері бар Бәйдібек те келеді. Домалақ ана «Сабыр етіндер, жаудың қарасы көп, күші басым, текке ұрынып қаласыздар, ақырын күтейік, қайыры болар!» — деп ақыл береді. Алайда, шешелері Сары бәйбішенің ауанымен едірендеп өскен тоғыз ұл Домалақ ананың сөзіне құлақ аспай, жауды өкшелей қуып кетеді.

Домалақ ананың айтқаны айдай келіп, ертеңінде Бәйдібек бастаған қуғыншылар өрт шалған қамыстай селдіреп қайта оралады. «Мал ашуы — жан ашуы», Сары бәйбішенің тоғыз ұлы жаумен табандап соғысып жүріп, тоғыз да мерт болыпты. Еңсесі түсіп, есенгіреген Бәйдібек шөкелеп отырып қалады. Сонда, Домалақ ана мама ағашта байлаулы тұрған сары азбанның жанына келіп құрайт салып еді дейді. Сөйтсе, сары азбан Бәйдібек жылқысының ес-қарасы, кие-құты екен ғой. Зәуде бір сары азбанды бөлектегенде, қалың жылқы елендеп, жайылымнан тиылып, шұрқырап ес-қарасын іздейтін көрінеді. Домалақ ананың қалың жылқы ішінен сары азбанды ұстап қалуы да осындай гәпті білгендігінен еді дейді. Сол киелі жануардың жанына Домалақ ана «кұр-кұрлап» жақындап келіп, құрайт салғанда сары азбан дүр сілкініп, тау-тас пен орман-тоғайды жаңғырта кісінеп қоя берген екен. Содан не керек, қалың жылқы елегізіп, сары азбанды іздеп, ақыры жауға қайыру берместен үйіріле жүйткіп қайтып оралған ғой. Қашқан жылқыны өкшелей қуып келуге «ел-жұрт қамданып үлгерген болар» деп, жаудың батылы бармаған. Осылайша Бәйдібек бабаның құт-берекесі Домалақ ананың ақыл-парасатымен қайтып оралады.

Осыдан кейін Домалақ ананың шарапатты адам екеніне Бәйдібек бабаның көзі жетіп, өле-өлгенше сыйлап өтіп еді дейді.

Бұл оқиғаны жеріне жеткізе жырлаған халық ақыны Қазанғап Байболұлы (1891-1945). Оның «Төле бидің тарихы» атты жыр-толғауында мынандай жолдар бар:

«Осындай әңгімелер ортада өтті,
Бір күні жұртқа тастап көшіп кетті.
Жау келіп, Бәйдібектің ауылын сұрап,
Төтелеп Домалақ та жол көрсетті.

Қалың жау Бәйдібекті шауып алды,
Төрт түлік келеді айдап түгел малды.
«Бәйбіше, олжа серік болып едің,
Бар ма, — деп, — қалағаның?» — жауап салды.
Есітіп мынау сөзін бастығының,
Домалақ болжаушы еді малдың сырын.
Қара жал, кара құйрық, түсі сары,
Көп еді қасиеті айғырының.

Шам жанып құлағынан қараңғыда,
Көрсеткен белгісі бар қанша бұрын.
«Берсең де осы бірін болады», — деп,
Байлады шешіп алып белбау құрын...

Қалың жау жылқыны айдап қалды кетіп,
Айғырды Домалаққа сыйлық етіп.
Қасында бәйбішенің тоғыз ұлы,
Бәйдібек жау ізімен келді жетіп.

Домалақ айтты: «Әй, ерім, әуре болма,
Оншақтың күшің жетпес қалың қолға.
Сілкініп кісінесе, бәрі келер,
Ұйытқысы көп жылқының мынау малда».

Бәйдібек сәл кідіріп қиялданды,
Тоғызы сөзді елемей ашуланды:
«Ұрысып, жаудан малды қайтарамыз,
Тоқалдың сөзі құрсын, кімге дәрі?!»

Желектеп арттан қуып, бәрі барды,
Тоғызын жасанған жау қырып салды.
Ұрпағы осылардың Сарыүйсін боп,

Бұл күнде шамалылау ел атанды...» (Дерек беруші Байұзақ Қожабекұлы (1929-2001), белгілі қаламгер-тарихшы, Алматы облысы, Кеген ауданы; Осы кітаптың «Ұлы жүз» тараушасындағы «Бәйдібек пен Нұрилла», «Жарықшақ»,

«Қыдыр дарып, бақ қонған Нұрилла», «Нұриланың батасы» деген тақырыпшаларды қараңыз).

ЕНЕҢ. Шежіренің сөзі бойынша Орта жүз арғын ішіндегі Қуандықтың бір баласы — Қарпық. Қарпықтан — Мәмбет, Көзей, Тінәлі атты үш ұл туған. Көзейден — Қаратоқа туады. Қаратоқадан — Түнқатар, Бесім, Молқы, Токтауыл, Сары, Құлымбет туған. Осылардың ішіндегі Бесімнің бәйбішесі Бөтей (Бәтей) деген кісі екен, елге ана болғандай қасиетті қалпына орай жұрт «Енең» деп атайды екен. Сондықтан да Бесімнің бәйбішесі Бөтейден тараған ұрпақты «Енең тоқалары» дейді.

Атадан баланың құлағына сіңіп отыратын ауызша тарихтың жеткізуінде Бөтей (Енең) ақылдылығына қоса адуын да адам болыпты. Ел жазылып жайлауға қонғанда, дәстүр бойынша үлкен үйдің шаңырағына алғашқы уықты шаншу үшін сол үйдің бәйбішесіне жол беріледі. Осындай рәсім кезінде Бөтей бәйбіше «бойым жетпейді» деп, өзінің күндесі — Бесімнің тоқалы Дәулетбикенің үстіне шығып уық шаншады екен. «Осыларыңыз қалай?!» — деп сұраған адамға Бөтей: «Дәулетбикенің мені сыйлағаны ғой!» — деп, ал Дәулетбике болса: «Енейдің өзімсінгені ғой!» — деп жауап береді екен. Шынында да Бөтей мен Дәулетбике, бірі ұлық болса, екіншісі кішік болып, бір әулеттің береке-бірлігін келтірген қасиетті аналар болыпты дейді.

Бөтей өз балаларын да, Дәулетбикеден туған балаларды да бөлмей, бауырына басып, өзіне етене етіп өсірсе керек. Бірде, ел жайлауға қонып, абыр-сабыр болып жатқанда, бала-шағасын үйректей шұбыртып келе жатқан Бөтейді көрген біреу: «Бәйбіше, қаршадай ғана бойыңыз бар, жағалай қонған жайыңыз бар. Шұбар құлын жетегіңізде, шұбырған бала етегіңізде. Есікке тастап кеткендер ме, жоқ әлде, емшек сүтпен біткендер ме, ақылым жетпей тұрғаны?!» — деп жеңілдеу сұрақ қойыпты. Сонда Бөтей: «Қайным, қатын жаманы ер қориды, ер жаманы жер қориды деген. Жетегімдегі етегімдегінің еншісі, етегімдегі төсегімдегінің еншісі. Жайыла қонсам — кең құшағым шығар, жайылған мал — қой-тұсағым шығар. Жаққанның елі бір, жапсардың жері бір емес пе?» — деп бастырмалата жөнелгенде, әлгі жеңілауыздау кісі абдырап, кешірім сұрап, ерулікке шақырып әлек болыпты.

Қария сөздің дерегі бойынша да, ата қуалап келсе де, Бөтейдің өмір сүрген кезі Есім ханның билік жүргізген заманымен тұспа-тұс келеді. Ел тағдыры сынға түскен қаталдау кезең ғой, бірде Бөтейдің күйеуі Бесім жаза басып, Есім ханның алдында кінәлі болып қалыпты. Хан ашуланып: «Бесімді тәубесіне түсіріп қайтындар!» — деп, қосын шығарыпты. Сонда, Бөтейдің ақылымен ханнан кешірім сұрауға екі ақ, екі қара, екі қызыл киім киген алты адам жіберіпті. Хан таңырқап, «бұл ақылды сендерге кім үйретті» деп сұрапты. Сауға сұраушылар: «Бесімнің бәйбішесін «Енең» деп атаймыз, сол кісі үйретті», — деп шындарын айтыпты. Есім хан: «Ақ-қарамды айырмай, қанымды неге төкпексіз, деген уәжі ғой, Бөтейдің ақылына бола кешірдім, елдерің бұдан былай еселеріңнің атымен аталсын!» — депті-міс. Бесім ұрпағының «Енең тоқасы» аталуының бір себебі осы еді дейді. Бөтейге (Енеңе) Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жерінен топырақ бұйырған.

Сөз орайында, қазақтың біртуар перзенті Сәкен Сейфуллиннің шыққан тегі осы енең тоқасы екенін айта кеткен жөн (*Дерек беруші Кәдіркей Садуақасұлы (1898-1981), даңғайыр шежіреші, дәулескер домбырашы, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы;*

І. Исламұлы, Ж. Оспан. Өспен: ел мен жер шежіресі. — Қарағанды, 2007. 31-32-беттер; Осы тараушадағы «Дәулетбике» тақырыпшасын қараңыз).

ЖАНАТ. Орта жүз абақ керейдің ішіндегі он екі атаның бірі — жәдік. Шежіре дерегінде Жәдіктің бірінші әйелінен — Итемген, Мұңал туады. Екінші әйелі Жанаттан — Қосай, Қыдыр, Тілеке, Байқазан, Байыс, Бұқай, Тоқай, Майма есімді сегіз ұл туған. Осы сегіз ұлдан өрбіген ұрпақты шешелерінің есімімен «Сегіз Жанат» деп атайды.

ЖАППАС. Шежіре сөзінде кіші жүз Байұлының есігінде жүретін Жаппас (шын аты Семсе болса керек) дейтін күні болады екен дейді. Жаппас мейлінше көрікті, мінезге де бай, ақылы да кемел кісі болыпты. Осы Жаппасқа Байұлының назары түсіп, некелі әйелі етіп алады. Байұлы Жаппастың құрсағынан — Қаракөз, Қалқаман, Сумұрын, Үнқиуыт, Қияқты, Шалқак есімді алты перзент көрген. Бұлардан өсіп-өнген ұрпақ іргелі ел болып, түп шешелерінің есімімен Жаппас атанып кеткен (*Дерек беруші Әбдікәрім Әбдірайымов, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы*).

ЖӘНДЕЛІ. Қалмақ шапқыншылығы кезінде, одан кейін Алтай-Тарбағатайды қытайлар иемденіп қалмақшы болғанда қол бастап, ерлік-тапқырлықтарымен даңқы шыққан, жауынгерлер ұран еткен ару қыздардың бірі — Жәнделі. Руы — найман.

Жәнделі туралы Ноғайбай ақын былай деген:

«Гүліндей жауқазынның нәзік жүзі,
Халқымыз ұмытқан жоқ асыл қызын.
Адамзаттың аққуы Жәнделінің
Жауға аттанған Сауырда жатыр ізі».

ЖЕКЕЙ. Кіші жүз әлім, оның ішінде жаманаққа (шекті) қарасты бөлек деген ата бар. Шежіре дерегінде Бөлектен — Айт, Бұжыр есімді екі бала туған. Бұжырдан — Назар, Шүрен деген екі ұл және Жекей деген бір қыз туады. Осы Жекей қыз заманында ел анасы атанған белгілі адам болған. Жекей қыздан өрбіген ұрпақ өздерін «Бес Жекейміз» деп атайды.

ЖЕЛКІЛДЕК. Ұлы жүз суан тайпасы өз ішінде байтүгел (байтөгей) және тоқарыстан деп аталатын екі тармаққа бөлінеді. Осылардың тоқарыстанына жататын аталардың бірі — мұрат.

Шежіре бойынша Мұраттан — Орыс, одан — Мырзагелді, одан — Мәмбет туады. Мәмбет екі әйел алған. Бірінші әйелі Қарлығаштан — Мақпал, екінші әйелі Желкілдектен жеті бала — Сүттібай, Құттыбай, Медеубай, Мес, Айдабол (қалған екеуінің есімдері белгісіз) туған. Осы жеті баладан өрбіген ұрпақты аналарының есімімен «Желкілдек» деп атайды.

ЖОЛБИКЕ. Орта жүз арғын ішінде Мейрамсопыдан туған бес баланың бірі — Сүйіндік. Сүйіндіктен — Суғаншы туған. Суғаншының Жолбике деген әйелінен —

Жанболды, Құлболды, Жолболды туған және Қаржас деп аталатын асыранды баласы болған. Жолбике — қалын сүйіндіктің ұранына шыққан қадірлі ана болған.

Қария сөздің айтуында Есім хан Қазақ Ордасының біртұтастығына нұқсан келтірген Тұрсын ханның басын алып, бүлік шығарған қалын қатағанды жазалағанда, сол қатаған еліндегі ханзадалар мен бектердің 40 қызын арғынның батырларына олжаға үлестірген. Сонда, қаракесек Шаншарға — Айбике, Нұрбике, Қызданбике, қуандық Қарпыққа — Дәулетбике, тобықты Сарыға — Қоңырбике, сүйіндік Суғаншыға — Жолбике олжа болған дейді.

ЗЫЛИХА (ҚАРАКЕМПІР). Шежіре дерегінде Кіші жүз Қыдырсиықтан — Шеркеш, одан — Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Досым (Қылыш, Кескен, Тілес) туыпты дейді. Осылардың Қойысынан — Дербіс туады. Дербістің бәйбішесі Зылиха деген кісі, өңі қара болған соң «Қаракемпір» аталып кеткен көрінеді. Бүкіл Дербіс әулетіне ұйытқы болып, жөн үйреткен, жол көрсеткен адам. Дербіс батырдың бәйбішесі Зылихадан — Тоқтар, Базар, Қошқар, екінші әйелінен — Түрке, Шыңбай, үшінші әйелінен — Сатай, Сатылған туған. Дербістің осы үш әйелінен тараған ұрпақтан жөн сұраса «шеркешпіз, оның ішінде қаракемпірміз» дейді. Яғни, Қаракемпір ру атына шыққан. Кейбір шежіре дерегі Дербістің бәйбішесі Зылихадан — Әбіл, Жапақ, Мүней, Қойсары, тоқалы қалмақ қызынан — Түрке туып еді дейді. Әйгілі правитель Мақаш хәкім Шолтырұлы осы Түрке ұрпағы.

Қаракемпір (Зылиха) туралы айтылатын қария сөз көп. Бірде әлімнің ел қамымен жүрген жақсы-жайсаңы жолаушылап келе жатып Сағыз бойында отырған Дербіс батырдың үйіне тап болыпты. Дербіс батырдың өзі үйде жоқ екен, сыйлы қонақтарға жақын жерден алдыра қоятын малдың реті болмай, Зылиха сол жерде күйеуі Дербіс батырдың жауға мінетін екі атының бірін сойып, қонақтарды құрметтеп аттандырыпты. Әлімнің жақсы-жайсаңы былай шыққан соң «Апыр-ай, Дербістің құты үйіндегі Қаракемпірі екен ғой!» — деп таң-тамаша болысыпты.

Содан, Дербіс батыр үйіне келеді. Бәйбішесі Зылиха: «Әлімнің алты жақсысы келіп еді, ақтабан атыңды сойып құрмет көрсеттім», — депті. Сонда, Дербіс батыр «Әлімнің алты жақсысына құрмет көрсеттім дегенше, мені алпыс жауымнан құтқардым десейші!» — деген екен.

Қаракемпірге (Зылиха) халықтың құрметі сияқты ел ішінде тартылатын «Қаракемпір» атты күй бар. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысына қарасты Қазталовка ауданында «Қаракемпір» деп аталатын елді мекеннің де бар екенін айта кеткен жөн.

КЕТЕБИКЕ. Шежіре дерегінде Кіші жүз әлім тайпасы сөз болғанда Қаракесектің (Қадырқожа) бірінші әйелі Тоқсұлудан — Байсары, екінші әйелі Қағаздан — Әлім, Шөмен туып еді деп келетін нұсқасы көбірек айтылады.

Байсары Кетебике деген қызға үйленіп, одан — Бозаншар, Майлыбай туған. Байсары өлген соң Кетебикеге әменгерлік жолымен қайнысы Әлім үйленеді. Әлім мен Кетебикеден — Тегінболат, Тойқожа туған. Тағдырға дауа бар ма, Әлім де қайтыс болып, Кетебике келесі қайнысы Шөменге тиеді. Шөмен мен Кетебикеден — Түменқожа туған.

Кетебикенің бауырынан өрбіген ұрпағы өсіп-өніп, әрқайсысы рулы елге ұласқан. Олардың бәрін жинақтап «Кете балалары» немесе «Үш кете» деп те атайды.

ҚАРАКЕМПІР. МАҚТЫМ. БИКЕМ. Кіші жүз әлім бірлестігінің ішіндегі өсіп-өнген аталардың бірі — ізбас. Ізбас үш некелі болған адам екен. Бірінші әйелі — Ранайгүл (Қаракемпір), екінші әйелі — Мақтым, үшінші әйелі — Бикем. Осы үш ананың ұрпағы шешелерінің атымен аталады. Шежіре дерегі бойынша Қаракемпірден — Тәңірберген, Қожаберген, Жаманбай, Мақтымнан — Қосуақ, Қозыуақ, Бикемнен — Айдабол, Көрпебай деген балалар туған.

ҚАРАҚЫЗ. Қыпшақ Тоқтар биден бес ұл — Бұлтың, Торы, Көлденен, Ұзын, Қарабалық туған. Олардан өрбіген ұрпақ бес рулы ел болғанда, осылардың Қарабалығынан қарақыз деп аталатын бір ата тарайды.

Қарақыздың шын аты Қарашаш екен, өңінің қараторылығына орай «Қарақыз» аталып кетсе керек.

Қарабалықтың Шоманақ деген баласы болыпты. Шоманақтан Тауқұрыш жалғыз туыпты. Сол тауқұрыштың сырт тұлғасы көзге қораштау болса керек, біразға дейін үй болып, бас құраудың орайы келмей жүреді. Сол кезде Ұлы жүз үйсіннің ішінде Беген, Шеген деген ағайынды екі бай болады екен. Соның Шегенімен Шоманақ досжар болса керек. Бірде Шоманақ Шегенге қолқа салады: «Бегенде бойжеткен қыз бар, менде ержеткен ұл бар, ебін тауып екеумізді құдандалы етсеңші», — дейді. Бұл сөзге Шеген құлақ асып, ағайыны Бегеннің қызын Шоманақтың баласы Тауқұрышқа қосып қашыртып жібереді ғой.

Содан арада бірер жыл өтеді. Тауқұрыш пен Қарақыздың арасынан бір бала туады. Мұнан соң ағайын арасындағы өкпе-наз басылып, бір күні Қарақыз күйеуі мен баласын ертіп төркіндеп келеді. Сонда күйеу бала — Тауқұрыштың қораштау кейпін көрген бір келіншек Қарақызды өзімсініп тіл қатады: «Қарағым-ай, қор болған екенсің ғой, шөккен түйеге міне алмайтын мына бір мықыр пәлені қайдан тауып алғансың?» — депті. Бұл сөзді елеусіз қалдырмай, Тауқұрыш сол жерде былай депті:

«Сұрасан атам аты Қарабалық,
Жылқыда болады екен таңбасы әліп.
Қастасып қарсы келген дұшпанына
Кетеді көрместей ғып ойран салып.
Боламын сол кісінің немересі,
Отырған түйғындай боп жұмырланып.
Түйеге мінер-мінбес болсам-дағы,
Үйсіннің қызын алдым сауғаланып.
Алыппын бір қызыңды түйедей қып,
Үстіне зорға шығам өліп-талып.
Біреуің мініп-түсіп үйретіп бер,
Қаларсың өле-өлгенше сауап алып.

Қауіпсіз мініп-түсіп мен жүрейін,
 Бұйырса шыққан төлін пайдаланып.
 Мен келіп таңдап сұлу алған жоқпын,
 Бұйрық боп қосылған-ды өзі барып.
 Қимасаң қыздарынды алып қалғын,
 Өлерсің ұрмай-соқпай қапаланып.
 Көрнекті көзге түсер қызың да жоқ,
 Қоймасаң етін тұздап, сүрге салып.
 Келген қыз — кетілген ыдыс деген сөз бар,
 Базарға сата алмассың алып барып.
 Кездескен бүкір ұлға бағы ашылып,
 Жеңгейлер қуандың ба, қайғыланып!»

Мұнан кейін де талай сын-тосқауылдан Таукұрышты ақындығы мен тапқырлығы алып шығып, үйсін еліне «ерке күйеу» атанып, қадірі артады.

Таукұрыш пен Қарақыздың арасынан Жөке, Жолтай есімді екі ұл туған. Бұлардың тұқымдары да өсіп-өніп, іргелі аталарға айналған. Ел ішіндегі шежіре сөзде қыпшақтың қарабалығынан өрбіген Жөке мен Жолтай тұқымдарын шешелерінің атымен «Қарақыздар» деп атайды (*Дерек беруші Ахметхан Әбіқаев (1903-1986), Торғай өңіріне белгілі халық ақыны, жезтаңдай әнші, дәулескер күйші, даңғыл көкірек шеші-реші*).

ҚАРАТОЛЫМБЕК. Ұлы жүздің ноқта ағасы жалайыр тайпасының ішінде андас атасы бар. Жалайыр өз ішінде шуманақ, сырманақ, бірманақ болып бөлінсе, осы үш манақтан тарайтын он екі атаның бірі — андас. Рулы ел. Шежіре бойынша Шуманақ — Ахметқожа — Маңғытай — Төрдақ — Андас деп таратылады. Андастың өсіп-өнген ұрпағы жалайыр ішіндегі ең көбі. Осыған орай, «Андастың түйе қарағаны бір үйлік» деген мәтел сөз бар.

Андас алты әйел алған адам. Толымбек деген бәйбішесі қара өнділеу кісі болыпты. Осыған байланысты, Толымбек бәйбішеден өрбіген ұрпақ «Қаратолымбек» деп аталып кеткен. Бұлар жалайыр ішіндегі іргелі аталардың бірі.

Жалайырдың андас атасынан Тәттібай мерген, Мөңке батыр, Дүйсенбі әулие, Балпық батыр әрі би, Тіленші қазы, Қарымбай би сияқты ел-жұртқа шапағаты тиген әйгілі тұлғалар шыққан.

ҚАРҚАБАТ. Арғын ішіндегі ең бір өсіп-өнген ата — мейрамсопы. Шежіре дерегінің басым көпшілігі Мейрамсопының бәйбішесі Нұрпиядан — Қуандық, Сүйіндік, екінші әйелінен (Нұрпаяның жеңгесі) — Бегендік, Шегендік, күндей үйленген үшінші әйелі Қарқабаттан — Болатқожа (Қаракесек) туып еді дейді. Бұлардың әрқайсысынан өрбіген ұрпақ бір-бір іргелі руға айналған.

Мейрамсопыны Қарқабат ерекше құрметтеп, қызмет көрсетуші еді дейді. Өмірінде Мейрамның табанынан сыз өткізбей, етіне суық су тигізбей күтіпті. Түзге отын тере шықса қу көдені жұлып әкеліп отағасысының табан астына төсеп, түнде дәрет алатын құманды бауырына басып жылытып жатады екен. Қарқабаттың осындай ықыла-

сын көрген сайын Мейрамсопы: «Ой, көсегең көгерсін! Бір туғаныңнан бір туғаның аса берсін! Өсіп — өнген ұрпағыңның ұранына шық!» — деп бата беретін көрінеді. Аруақты атаның сол батасы қабыл болып, қаракесектер іргелі елге айналады, кезінде 25-26 болыс ел болды, елі мен жерінің айбары сияқты нелер жақсы-жайсандар шықты, Қарқабат ананың есімі иісі қаракесектің ұранына айналды (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), Ақмола облысы, Ерейментау ауданы; Осы тараудағы «Нұрпия» атауына қараңыз; «Лақап немесе жанама этнонимдер» тарауындағы «Қаракесек» атауына қараңыз*).

ҚОРАЛАС. Ұлы жүз дулат ішіндегі бір ру қоралас деп аталады. Шежірелік аңыздың айтуында бұл рудың түп атасы Қоралас қыздан туыпты дейді. Одан өсіп-өнген ұрпақ түп анасының есімімен «Қоралас» атанса керек.

ҚЫЗАЙ. Үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Нүриладан (Домалақ ене) Жарықшақ туған. Жарықшақтың Күнбүбі (Айқыз деп те айтылады) деген қызы найман еліне келін болып түсіп, ақыл-көркімен жұртқа жағып, төңірегін «Бәйдібектің немере қызы қыз-ақ екен!» — деп сүйсінетін болған. Осыдан Күнбүбі аты бірте-бірте ұмыт болып, елдің бәрі «Қызай» атап кетеді. Қызайдан өрбіген рулы ел де «Қызай» аталады (*Н. Қазыбеков. Ат тергеу — әдептілік белгісі. — «Түркістан» газеті, 2000. Наурыз*).

Күнбүбінің келін болып түскен жері найман ішіндегі іргелі ата — Төлегетайдың (Төлекытай) елі. Атап айтқанда, Төлегетайдан — Қаракерей, Садыр, Матай, Аталық туса, Осылардың ішіндегі Аталық батырдың (Төртуыл Құттыболат деп те айтылады) Шағыр деген баласына Күнбүбі тұрмысқа шыққан. Шағыр мен Күнбүбіден — Дербіс, Бегімбет, Итемген, Меңіс туып, олардың ұрпағы «Қызай» деп аталатын рулы елге айналған.

Келесі бір шежіре дерегінде Ұлы жүз Албан, Суан, Дулаттың шешесі Нүриланьның (Домалақ ене) қызы Қызай еді дейді. Қызайдың күйеуі найман ішіндегі матай руының Шағыр деген білікті адамы болса керек. Шағыр мен Қызайдың арасынан Жеңіс (Итемген), Меңіс деген екі ұл туады. Шағыр ертерек дүние салып, Қызай өзінің қайнысы Тоқтарға тиеді. Тоқтардан Дербіс, Бегімбет деген екі ұл көреді. Қызайдың бауырынан өрген төрт ұлдың ұрпағы кейін өсіп-өне келе рулы елге айналып, «Қызай елі» атанады.

Қызай руының басым көпшілігі Қытайдың Шыңжан өлкесіне қарасты Іле, Текес алабын мекен етеді. Шежіре дерегінде қызайларды Шығыс Түркістанға Барлық батырдың бастап барғаны айтылады. ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Түркістандағы қызайлар 16 болыс, 40 мыңдай шаңырақ болыпты.

ҚЫЗДАНБИКЕ. Орта жүз арғын, оның ішінде қаракесек руынан өрбіген аталардың бірі — шаншар. Сол Шаншардың үш әйелінің бірі — Қызданбикеден өрбіген ұрпақ аналарының есімімен «Қызданбике-Шаншар» деп аталады. Шежіре дерегінде Қызданбикеден — Алысай туған. Қызданбике Есім ханның тұсында Ташкентті билеген Тұрсын ханның қызы болса керек (*Осы тараушадағы «Нұрбике» тақырыпшасын қараңыз*).

МАҚПАЛ. Орта жүз арғын ішіндегі іргелі рулардың бірі сүйіндік болса, сол Сүйіндіктен – Суғаншы, одан – Жанболды, Құлболды, Жолболды туған. Құлболдының Мақпал деген бәйбішесінен – Күлік, Тұлпар, Айдабол туған.

Сол заманда арғынның дені Сырдарияның батысын мекен етеді екен. Қалмақтардың беті қайта бастаған кезде бірлі-жарымдап Сырдан өтіп, Қаратауды жайлай бастапты. Сонда қарақалпақтар мазасызданып, «арғын жаппай өтсе, таң атырып, күн шығармайды» десіп, өткел аузын алып тұра қалыпты дейді. Көш басында Мақпал бәйбіше болса керек. Астындағы қара шұбар атын тебініп жіберіп, белдемшесінің етегін көтере түрініп, сонындағы жүк тиелген нарды жетектеген қалпы іркілместен дарияны кешіп өте шығыпты. Өткізбейміз деп тұрған қарақалпақтар: «Пай-пай, мына бәйбішенің бөксесіне болайық!» – десіп тұрып қалса керек. Сонда Мақпал бәйбіше:

«Күлсен күлерсің, күлерсің,
Күндердің күні болғанда
Езуінді жыя алмай жүрерсің.
Бұл қай бөксе,
Айдабол шыққан бөксе,
Артың болса Айдаболдай ұл тап!» – деп жүре беріпті.

Ел ішінде Құлболдының бәйбішесінен өрбіген ұрпақты «Мақпал бәйбішенің балалары» деп атайтын дәстүр бар (*Дерек беруші Осман Бәйсейітұлы (1902-белгісіз), Павлодар облысы, Баянауыл ауданы; М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. 19-20-беттер*).

МАҚТА. Найман тайпасының бір бұтағы Қаракерейден – Байторы, одан – Байыс туыпты дейді. Осы Байыстан туған бес баланың бірі – Байжігіт («*Лақап немесе жанама этнонимдер*» тараушасындағы «*Бес байыс*» тақырыпшасын қараңыз).

Қария сөздің айтуында Байыстың Мақта есімді қызы болады екен. Ақындық-шеңендігімен ел аузына іліккен адам болса керек. Сол Мақта қыз Бұхара (Түркістан деп те айтады) жағынан келген Тоқтарқожа деген жігітке тұрмысқа шығады. Тоқтарқожа мен Мақтадан – Байжігіт, Жанжігіт деген екі бала туады. Күндердің күнінде Тоқтарқожа ағайын-туғандарына барып қайту үшін Жанжігітті ертіп алып, еліне аттанады. Сол кеткеннен Тоқтарқожа қайтып оралмапты дейді. Содан, мұнда қалған Байжігіт нағашы атасы Байыстың бауырында тәрбиесін көріп өседі. Байжігіттен өрбіген ұрпақ аналарының атымен «Мақта» («Мақта-байжігіт») аталуы осыдан еді дейді.

Шежіре деректерінің ішінде ең бір жиі қайталанатын нұсқасында Байжігіттің бірінші әйелінен – Арыс (Алыс), Төке, екінші әйелінен – Жұмық, Тоғас, үшінші әйелінен – Мәмбет туып еді дейді. Байжігіттің бірінші әйелі ертерек қайтыс болып, одан туған Арыс пен Төке нағашы аталарының (Жылқышыбай деген кісі болса керек) тәрбиесін көріп өседі. Сол Жылқышыбай жиендерін еркелетіп «менің қарақұрсақтарым ғой» деп отырады екен. Арыс пен Төкіден өрбіген ұрпақтың «Қарақұрсақ» аталуы содан еді дейді.

Сөз орайында, әйгілі Қаракерей Қабанбай батыр осы Байжігіттің Мәмбетінен шыққанын айта кеткен абзал (*Дерек беруші Сансызбай Оспанов (1881-1978), Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы*).

МӘУКЕШ. Кіші жүз Тілен батырдың Мәукеш есімді әйелі болған. Әулетіне, қала берді рулы елге сөзін өткізіп, бәсиелік жасаған кісі.

МОМЫН. Қазақтың қария сөзінде Орта жүз Арғынның Ергүл есімді бәйбішесі ақылына көркі сай, оған қоса адуынды адам болыпты. Келін болып түскен соң Арғыннан Тоты есімді бір қыз, Мейрам (Мейрамсопы) есімді бір ұл көріп, баладан тоқтап қалса керек. Содан, Тәңірдің берейін десе рахымы мол ғой деп, біраз жыл күтеді, бірақ бала болмайды. Ақыры әрі ойланып, бері ойланып Ергүл бәйбіше «Қой болмас, өмір өтіп барады, отағасымның бауырын суытпайын, жорық кезінде Ұлы жүз Бәйдібек бидің Момын деген қызына көзі түсті дегенді естіп едім, сол қызға өзім барып құда түсейін!» — деген ойға бекініп, жөн-жоралғысын сайлап жолға шығады.

Бәйдібектің ауылы орнында, Момын қыз үйінде екен. Бәйдібек би «Бастасымның бәйбішесі келді!» — деп, шат көңілмен қарсы алады.

Сол күні түнде Момын қыз түс көреді. Түсінде бір ақиық қыран аспаннан сорғалап келіп Момынға жеті рет түседі. Қыран бүркіт әрбір түскен сайын Момынның бауырына бір-бірден жұмыртқа пайда болып, жетіге жетеді. Сол жеті жұмыртқаны қызықтап, бауырына басып жатқанда одан жеті балапан шығады. Жетеуі де жұтынып, көктегі қыран әкесіне қарап, қанаттарын сабалай бастағанда Момын қыз оянып кетеді.

Осы түсін ерке де еркін өскен Момын қыз таңертеңгі дәм үстінде айтып береді. Сонда Бәйдібек би: «Шырағым-ай, түсіңнің түйіні бар екен, «Қырықтың бірі — Қыдыр» деуші еді, жоруын бастасымның бәйбішесі Ергүл айтсыншы!» — дейді.

Ергүл көктен тілегені жерден табылғандай қуанып кетеді. Сол жерде келген шаруасымен сабақтай отырып, Момынның түсін былай жориды: «Ақиық қыран — Арғын би болар, аңсары ауса айналып қонар. Өңдерінде танысып, түстерінде табысып жүрсендер, бір-біріңе ықыластарыңның ауғаны болар! — деп келіп, жүзін Бәйдібек биге бұрып сөзін жалғайды. — Уа, Бәйдібек би, қызыңның бауырына береке дариын деп тұр екен, бастасыңа ки, менің де ниетім қабыл болып, көңілім толып қайтсын!» — дейді.

Бәйдібек би үн-түнсіз төмен қарап отырып қалыпты. Сонда, ерке де еркін өскен Момын қыз үнсіздікті бұзып: «Әке, Арғын ағаның қанатының астында болсам, ешкімнен қор болмаспын. Батаңызды беріп, ұямнан ұшырыңыз, мен қарсы емеспін!» — депті.

Осылайша Арғын би Момынға үйленеді. Момын қыздың түсінде көргені өңінде келіп, Арғыннан жеті ұл көреді. Ол жетеуі өсіп — өніп, өркен жайып, Орта жүз арғын ішіндегі «Жеті Момын» деп аталатын іргелі руларға айналады.

Шежіре деректерінің басым көпшілігі арғын ішіндегі жеті момынға — қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл, атығай, шақшақ, саржетім руларын жатқызады. Бұларды «Кіші арғын» немесе «Тоқал арғын» деп те атайды. Үлкен арғынға «Бес Мейрам» деп аталатын рулар шоғыры жатады. Олар — қуандық, сүйіндік, бегендік,

шегендік, қаракесек рулары. Кейбір шежіре дерегі бойынша «Кіші арғын» немесе «Тоқал арғын» деп Арғынның үшінші әйелі Айнакөзден туды делінетін Шақшақ пен Саржетімді жатқызады.

М.Ж. Көпейұлы Момыннан өрбіген деп қанжығалы, тобықты, қарауыл, бәсен-тиін, атығай, дәуіт аталарын атайды (*Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), Ақмола облысы, Ерейментау ауданы*).

МҰРЫН. Найман ішіндегі қаракерейден өрбіген аталардың бірі — байыс. Шежіре деректерінде Байыстың бес баласының бірі — Сары (Ерсары). Сарының бәйбішесінің есімі Жүзбике (Ақбике деп те атайды) екен. Мұрыны зор кісі болса керек. Осы Жүзбикеден өсіп-өнген ұрпақтың «Мұрын» аталуы содан еді дейді. Кезінде «Мұрын» аталған ұрпақ сегіз болыс ел болған.

Кейбір шежіре дерегінде Жүзбике Байыстың бәйбішесі екені айтылады. Байыс Жүзбике бәйбішеден — Сармырза (Сары), Мақта есімді екі бала көрген. Ерлі-зайыптылардың бір-бірін атымен атамайтын дәстүр бойынша, Байыс бәйбішесі Жүзбикенің мұрындылау болғанын меңзеп «Мұрын» деп атайды екен. Содан Сармырза ұрпағы «мұрын» аталып кетіп еді дейді.

Жүзбике (Мұрын) әулетке ұйытқы болған ана. Байыстың басқа екі әйелінен (тоқалдарынан) туған балалар да Жүзбикенің бауырында өсіп-өнсе керек (*«Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Бес байыс» тақырыпшасын қараңыз*).

НӨКЕЙТІ. Ұлы жүз суан тайпасының байтүгел (байтөгей) бұтағынан өрбіген аталардың бірі — елшібек. Шежіре дерегі бойынша Елшібек екі әйел алған адам. Бірінші әйелі Нөкейтіден — Көлшік, Таймас деген екі бала туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағын аналарының атымен «Нөкейтi» деп атайды.

НҰРБИКЕ. Орта жүз арғын, оның ішінде қаракесектен өрбіген аталардың бірі — шаншар. Шаншар ақылгөй, көреген адам болса керек, шежірешілер «Шаншар абыз» деп отырады. Сол Шаншардың үш әйелінің бірі Нұрбикеден тараған ұрпақты «Нұрбике-Шаншар» елі деп атайды. Нұрбике болса Есім ханның тұсында Ташкентті билеген Тұрсын ханның қызы болса керек. Ташкентті билеген Тұрсын ханды опасыздығы үшін Есім хан өлтіріп, қалың қатағанды үркінші-көшкінші еткені тарихтан мәлім. Осы оқиғаға қатысты Әлихан Бөкейханұлы былай дейді: «Қатаған еліне жасалған бір ұлы жорықтан кейін арғынның батырлары қолға түскен қырық қызды өзара бөліседі. Оның ішінде Шаншар — Нұрбике мен Ақбикені, Қарпық — Дәулетбикені, Байбөрі — Оразбикені, ал Тобықты — Қоңырбикені алады. Бұлар қатаған елінің көсемдерінің қыздары еді» (*Ә. Бөкейханұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1995. 91-бет. Аударма Ж.О. Артықбаевтікі*). Шежіре дерегінде Шаншардың үшінші әйелі Қызданбике де осы Тұрсын хан қыздарымен бірге олжа болғаны айтылады.

Нұрбике-шаншар елінен әйгілі күйші-композитор Тәттімбет Қазанғапұлы шыққан. Шежіре дерегі Тәттімбетті былай таратады: Ақжол (Дайырқожа) — Мейрам — Болатқожа (Қаракесек) — Ақша — Бошан — Таз — Бұлбұл — Шаншар — Бердібек (Бертіс) — Бектемір — Мөшеке — Қазанғап — Тәттімбет. Қазанғаптың Тәттімбеттен

басқа Ырсымбет, Құттымбет, Жақсымбет, Әлімбет, Дүйсембет деген балалары болған. Тәттімбеттен — Мұсатай, Қысатай, Исатай туған. Осылардың Мұсатайы мен Исатайынан ұрпақ бар. Сөз орайында, ұлы ақын Абайдың шешесі Ұлжан да осы Нұрбике-Шаншар елінен екенін айта кеткен жөн.

НҰРПИЯ. Шежіре деректерінің бірінде Орта жүз арғын ішіндегі Мейрамсопының бәйбішесі Нұрпия еді дейді. Нұрпия алшын ішіндегі Құдаспай деген кісінің қызы екен. Шешесі ертерек қайтыс болып, Нұрпия ұзатыларда жеңгесі: «Еркежанға шешесінің жоқтығын білдірмеймін» деп, бірге ере жүріпті. Ұзатылып бара жатқан Нұрпияның жасауы теңделген түйесінің бұйдасын ұстау үшін бір жетім қызды да ала кетіпті.

Ел ішінің бүліншілігі көп, жаугершілік заман болса керек. Нұрпияның жеңгесі мен жетім қыз еліне қайта алмай қалады. Сонда Нұрпия Мейрамсопыға қолқа салып: «Елден бір мен деп еріп келген көзкөргендерім ғой, үшеуміз бір босағада болайық. Жеңгеме ағамның төсі тиіп еді, басқаға қимаймын, өзіңіздің адам қылғаныңызды қалаймын, еріп келген жетім қызды да шеттетпей бауырыңызға бассаңыз екен. Сіз жалғыз жігітсіз. Ұрпағыңыз өсіп-өңсін. Мен өз тарапымнан еш уақытта таршылық жасамаймын», — деп сөзін өткізеді.

Мейрамсопы Нұрпиядан — Қуандық, Сүйіндік, Нұрпияның жеңгесінен — Шегендік, Бегендік, Нұрпияға еріп келген Қарқабат атты жетім қыздан — Болатқожа (Қаракесек) атты балалар көріп, солардың бәрінің де өсіп-өнген ұрпақтары бір-бір рулы елге айналып еді дейді.

Мейрамсопы бұрынырақ дүние салып, одан қалған бес балаға Нұрпия бәйбіше қамқор болып, басалқылық көрсетіп, «Бес берекенің ұйытқысы» атанып еді дейді (*Дерек беруші Рахмадия Өтебаев (1902-1989), халық ақыны, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы*).

ОҒЫЛМЕНДІ. Шежіре бойынша Кіші жүз Адайдан — Құдайке, Келімберді туған. Құдайкеден — Қосай, Тәзіке туады. Қосай аруақ қонған, алып денелі батыр адам болған.

Қария сөздің жеткізуінде, бір жылы күзгі қатқақтың көш-қонында дарияның мұзы әлсіз болып, Қосай ауылы түгел дарияға кетеді. Қосайдың Әлдеке, Төлен, Сүйін деген үш баласы, Бердіғожа, Бегалы, Едіге, Ермек, Қаныш, Кеніш деген немерелері, әйелі мен келіндері, малшы-қосшылары тегіс осы апаттың құрбаны болады. Дарияның арғы бетіне Қосай мен ауыл молдасы ғана аман шықса керек.

Қосай батыр күтпеген қасіреттен есеңгіресе де, есін жоғалтпай: «Иә, Тәңірім, онын бере гөр, тілегімді қабыл ете гөр!» — деп тілек тілепті. Сонда молда тұрып: «Әй, Қосай-ай, жасың алпысқа келгенде басыңа түскен ауыртпашылық болды-ау! Енді не оңы, не солы болар деп отырсың», — депті. Бұл сөзге Қосай: «Молда, шырағым, біз туғанда жалаңаш туып едік қой. Қазір үстімізде киіміміз бар, астымызда атымыз бар. Тәңірден дұрыс тілек тілейік. Тәңірдің рахымы мол, әлі де біз үшін сақтағаны бар шығар!» — деп жүріп кетіпті.

Сол бетінде інісі Тәзікенің үйіне келеді. Қайғы-қасіретке шомып, керегені теріс құшақтап жата беретін болыпты. Бара-бара күйігі ішке түсіп, екі көзі көрмей қалады.

Жаманат жата ма, осы оқиға Қосайдың анттасып-андаласқан түркімен досы ерсары Сейітқұлыға да жетеді ғой. Сейітқұлы андасына көңіл айту үшін дереу жолға қамданады. Жай қамданбайды, өзімен бірге 40 боз биені жылқышысымен, 400 қойды қойшы-қоланшысымен, ақбоз үйді жасауымен қамдап, досының көзін емдету үшін Оғылменді деген тәуіп қызды ертіп жолға шығады.

Андасының бұл келісі Қосай батырдың көңілін сергіткендей болады. Сейітқұлы қайтарында Қосайдың көзін емдерсің деп Оғылмендіні қалдырып кетеді.

Оғылменді Қосайдың көзін жазады. Опатты оқиғаға жыл толғанда Қосай ел-жұртты шақырып ас береді. Асқа андасы Сейітқұлы да келеді. Осы жолы Сейітқұлы Оғылмендіге батасын беріп, Қосайға некелеп қосады.

Сол Оғылменді анадан Қосай батыр Байбол, Тіней, Әйтей, Бегей, Бәли, Сүйіндік деген алты ұл көреді. Аналары түркімен болғандықтан бұлардың өсіп-өнген ұрпақтарын «Түркіменадай» деп атайды. Қосай ұрпағы туралы әңгімені «Алты қосай» деп бастайтын да дәстүр бар (*Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941), белгілі қаламгер, сәулетші, Маңғыстау облысы, Тиген ауылынан*).

САРЫ БӘЙБІШЕ. Ұлы жүздің бағаналы бәйтерегі Бәйдібек баба үш некелі болса керек. Бәйбішесі – Сары (Марау), екінші әйелі – Сыланды, үшінші әйелі – Нүрила (Домалақ ана). Осылардың ішінде Марау бәйбіше ақсары адам болғандықтан «Сары бәйбіше» атанып, одан өрбіген ұрпағының «Сарыүйсін» аталуы содан еді дейді.

САРЫҚЫЗ. Ұлы жүз суан тайпасының байтүгел (байтөгей) бұтағынан өрбіген аталардың бірі – елшібек. Шежіре дерегі бойынша Елшібек екі әйел алған адам. Бірінші әйелі – Нөкейтi. Одан тараған ұрпақты «Нөкейтi» дейді. Екінші әйелі – Сарықыз. Одан – Тәпен, Ырыс, Төлеке, Алакүшік, Алшынбай, Алашор, Шабар деген балалар туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағын шешелерінің атымен «Сарықыз» деп атайды.

СЫЛАНДЫ. Ел ішіне кең тараған шежіре деректерінің бір нұсқасы бойынша Ұлы жүз ру-тайпаларының қасиетті бабасы Бәйдібектің Домалақ ана (Нүрила), Сары бәйбіше (Марау), Зеріп есімді үш әйелі болған. Шежіре дерегі бойынша осы бір әке, үш анадан шапырашты, ысты, ошақты деп аталатын үш тайпа ел өсіп-өнген.

Бәйдібектің кіші тоқалы Зеріптен әйгілі Жәлменбет батыр туады. Жәлменбеттің Жұпар, Сыланды, Тұмар есімді үш әйелі болған. Үшеуі де ел-жұртқа ұйытқы болған қасиетті аналар.

Зеріп пен Сыланды аналардың бейіті Бәйдібек баба мазарының маңындағы Қосмола деп аталатын жерге орналасқан.

ТАҢСҰЛУ (ТАНАҢ). Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі қуандық руынан өрбіген аталардың бірі – аралбай. Аралбай Әлібекұлы (1685-1778) тарихи тұлға, батыр болған адам. Аралбай батырдың Таңсұлу деген әйелінен – Байтоқа, Бәйтелі, Жабағы, Жабық, Сенкібай деген балалар туған. Осылардан өрбіген ұрпақты «Танаң» немесе «Танаң ұрпағы» дейді. Танаң – Таңсұлудың ел құрметтеп қойған жанама

аты болса керек (*Осы тараушадағы «Айсары (Шанаң)» деген есімге берілген тақырыпшаны қараңыз*).

ТАСБИКЕ. Орта жүз абақ керейлердің ішіндегі бір ата өздерін түп анасының есімімен «Тасбике» деп атайды.

ТӘУКЕ. Орта жүз арғын ішіндегі мейрамсопыдан өрбіген аталардың бірі – бәсентиін болса, шежіре дерегі бойынша сол Бәсентиіннен – Әйтей туады. Әйтейдің Тәуке есімді тоқалы болыпты. Тәуке өте ақылды, мейірімді және өмірді болжағыш адам болса керек. Содан болар, бүкіл Әйтей ұрпағы өздерінің тегін тектегенде «Тәукеміз» деп отырады. Яғни, елге ұйытқы бола білген ақылды ана жұрт аузына ілініп, бүкіл Әйтей ұрпағы «Тәуке» атанып кеткен.

ТОЙҚАРА. Кіші жүзге хан болған Әбілқайырдың Нұралыдан кейін туған Тойқара есімді қызы болған. Тойқара сол кездегі Орынборда әйелдер үшін ашылған гимназияда оқыған. Гимназияда жүргенде Тойқараға дала генерал-губернаторы Гессеннің көзі түсіп, шын ниетімен сөз салады. Мұнан бұрын Тойқараны қалмақ ханы Қалдан Церен (Шерін) өзінің бел баласына айттырып, Әбілқайыр ханның алдынан өтіп қойса керек.

Ол кез Қазақ хандығын бір жағынан Ресей империясы, бір жағынан Жоңғар хандығы, тағы бір жағынан Қытайдың қыспаққа алып, ел тағдырының сынға түскен шағы. Осындай жағдайда алдымен Әбілқайыр хан, кейін Нұралы хан Тойқараға сөз салғандарға шешімді жауап қайтара алмай, екі оттың ортасында қалғандай күй кешеді.

Күндердің күнінде Қалдан Цереннің баласы ата пәтуасын арқа тұтып, қалыңдығы Тойқараны алып кетуге ұрын келеді. Бұл кез Әбілқайыр ханның дүние салып, Тойқараның гимназияда оқып жүрген кезі болса керек. Әбілқайыр хан өлген соң Кіші жүзге хан болған Нұралы қарындасы Тойқараны дереу шақыртып алады. Бұл жағдай сол кездің қапысыз іс атқаратын тыңшыларының арқасында генерал-губернатор Гессенге де мәлім болады. Тойқараға құлай ғашық болған Гессен шұғыл қимылдап, Нұралы ханның ордасына ол да жетеді.

Нұралы хан үшін орыс жағының да, қалмақ жағының да мәмілелі қарым-қатынасы керек. Бірақ Тойқараны екіге бөліп беріп, екі жақты бірдей риза ету мүмкін емес. Бірін қол қусырып құда етсе, екіншісінің жаулығы өршитіні аян. Нұралы хан бір тоқтамға келе алмай дал болады. Онсыз да сыныққа сылтау іздеп отырған орыс пен қалмақтың қайсысы болса да ширығып шыға келері хақ.

Осындай ел басына қауіп төнген қиын шақта түйінді Тойқараның өзі шешеді. Орыс генерал-губернаторы Гессен де, қалмақ ханзадасы да бір-бір оңаша ордада сый-құрмет көріп жатқан түні Тойқара ару өмірімен қош айтысады.

Ел мүддесі үшін қыршын өмірін қиған Тойқараның құрбаншыл ұлтжандылығы әлі күнге ел жадында аңыз болып айтылады (*Дерек беруші Сәйділ Талжанов (1906-1972), жазушы, филология ғылымының докторы*).

ТОҚҚОЯН. Ел ішіне кең тараған шежіре сөзде Орта жүз арғын ішіндегі іргелі (аталық) рулардың бірі қуандық болса, сол Қуандықтың бірінші әйелінен – Қарпық,

Өмір, Темір, Есен, Қарт деген бес ұл, тоқалынан – Алтай жалғыз туыпты дейді. Алтайдың екінші әйелі Тоққояннан – Мойын, Кенжеқара туған. Бұлардан тараған ұрпақты шешелерінің атымен «Тоққоян» деп атайды («Орта жүз» тараушасындағы «Алтай» тақырыпшасын қараңыз).

ТОМПАҚ. Шежіре дерегінде Кіші жүз әлім тайпасының ішіндегі Қаракесектің бірінші әйелі Тоқсұлудан – Байсары, екінші әйелі Қағаздан – Әлім, Шөмен туып еді дейді. Байсары Кетебике деген қызға үйленіп, одан – Бозаншар, Майлыбай туған. Байсары өлген соң әменгерлік жолымен Кетебикеге қайнысы Әлім үйленеді. Әлім мен Кетебикеден – Тегінболат, Тойқожа туған. Содан, Әлім де қайтыс болып, Кетебике келесі қайнысы Шөменге тиеді. Шөмен мен Кетебикеден – Түменқожа туған. Осы Түменқожаның Мендібике деген тоқалы бойының бәкенелігіне орай «Томпақ» аталып кетсе керек. Сол Томпақтан – Есәлі, Жәніке, Бәйтерек деген үш ұл туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпағын шешелерінің атымен «Үш томпақ» деп атайды.

ҰЛДАЙ. Кіші жүз Шыман батырдың Ұлдай есімді әйелі болған. Ұлдай төңірегіне сөзін өткізетін, әулетіне бәсиелік жасаған жан болса керек. Күні бүгінге дейін ел аузында «Құдайдан қорықпа, Ұлдайдан қорық» деген мәтел сөз сақталған.

ШАШТЫ. Ұлы жүз албан тайпасынан сары, шыбыл деп аталатын қос бұтақ тарайды. Шежіре бойынша осылардың Сарысынан – Сүйеркұл, одан – Шоған, Досалы, Қожбанбет, Жарты туған. Бұл төртеуінен сегіз бала болып, олардың өсіп-өнген ұрпағын жинақтап «Сегіз сары» деп атайды. Осылардың ішіндегі Қожбанбеттен – Ағым, Сағым, Тілеу туады. Тілеуден – Тұрсын, одан – Шындауыл, Қабыл, Қарақұл туған. Қарақұлдан – Мама, одан – Байшұқыр, Бақаш туған.

Қарақұл батыр болған адам. Бәйбішесінің аты «Шашты» болса керек. Содан, Қарақұлдан өрбіген ұрпақ аналарының атымен «Шашты» деп аталады.

25. Мақал-мәтелдер

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Паремнология – мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым. Грек тіліндегі «паремия» сөзі «нақыл», «тәмсіл» («притча») деген мағына береді.

Белгілі паремнолог Г.Л.Пермяков мақал-мәтелдерді жіктеп-жүйелеудің әлемдік тәжірибеде мынандай түрлерінің мәлім екенін атап көрсетеді:

Бірінші – әліпби бойынша жіктеу. Мұнда мақал-мәтелдер бірінші әрпі бойынша әліпбилік ретпен түзіледі. Яғни, мақал-мәтелдің мазмұндық-тақырыптық мәні ескерілмейді.

Екінші – мақал-мәтелдерді тірек сөздер бойынша жіктеу. Мұндай жағдайда, мән-маңызы жөнінен бірінен-бірі олқы соқпайтын бірнеше тірек сөз болуы мүмкін. Мәселен, «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген мәтел-

дегі «тоқпақ», «киіз», «қазық» сөздерінің үшеуін де тірек сөздер деуге болады. Тірек сөздер бойынша жіктеудің осал тұсы да осында. Оның үстіне, тірек сөздер жеке айтылғанда мақал-мәтелдің мән-мағынасын білдіруге мүлде септесін бола алмайтыны да аян.

Үшінші — монографиялық жүйелеу. Мұнда мақал-мәтелдердің жиналған жері мен уақыты басшылыққа алынады. Әрине, мұндай жағдайда бұрыннан белгілі мақал-мәтелдердің қайталанулары мен тақырыптық-мазмұндық ретсіздіктердің болуы заңды.

Төртінші — генетикалық жүйелеу. Мұнда белгілі бір этнотілдік ортада туындаған мақал-мәтелдерді айғақтау мақсаты алдымен басшылыққа алынады. Бұл ретте, монографиялық жүйелеу мен генетикалық жүйелеуде өзара сәйкестіктер айқын байқалады.

Бесінші — тақырыптық жүйелеу. Мұндай жүйелеу арқылы мақал-мәтелдер өзінің мәнді сипаттары бойынша біршама айқындалатыны рас. Алайда, мақал-мәтел атаулы, әдетте, ауыспалы мағынада айтылатын болғандықтан, оның мән-мағынасы тақырыптық жүйелеуге бағына бермейді. Мәселен, «Етікші — бізге жарымас» деген мәтелді «кәсіп», «еңбек» немесе «еңбек құралы» тақырыбына жатқызуға болар. Алайда, бұл жерде мәтел адам бойындағы орашолақтық сияқты қасиетті айғақтап тұрғанын аңғару қиын емес (*Г.Л. Пермяков. Основы структурной паремологии. — Москва, 1988. 11-13-беттер*).

Біз мақал-мәтелдерді жүйелеуде бұл үлгілердің ешқайсысын да басшылыққа алмадық. Өйткені, біз жинаған мақал-мәтелдер жалпы дүние-тіршілік туралы емес, бірыңғай этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдер. Одан да нақтылап айтқанда, қазақ халқының құрамындағы әулет-ата, ру-тайпа және жүздік құрылымдар жөнінде айтылатын мақал-мәтелдер жинақталған. Бұл мақал-мәтелдерді қазақ халқының өз ішіндегі тарихи қалыптасқан этноқұрылымдар бойынша жіктеп-жүйелеуді жөн көрдік. Атап айтқанда, «Қазақ туралы», «Ұлы жүздің ру-тайпалары туралы», «Орта жүздің ру-тайпалары туралы», «Кіші жүздің ру-тайпалары туралы», «Жүзге кірмейтін ру-тайпалар туралы», «Өзге ел-жұрттар туралы» деген тақырыпшаларға бөлініп, әр тақырыпша ішіндегі мақал-мәтелдер әдіпбилік ретпен беріліп отыр.

2. Қазақтың этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдерін, әсіресе, белгілі бір әулет-атаға, ру-тайпаға, жүзге қатысты айтылатын сыни сипаттағы мақал-мәтелдерді сол әулет-атаның, ру-тайпаның, жүздің туа біткен қасиеті ретінде қабылдауға әсте болмайды. Мұндай мақал-мәтелдер, әдетте, нағашы-жиендер, құрбы-құрдастар, балдыз-жезделер, құда-андалар, ерке күйеулер арасында әзіл-қалжың, сын-сықақ түрінде айтылып, жұртшылықтың жадында сақталып қалатын болған. Ондай әзіл-қалжыңдар, сын-сықақтар нақтылы бір оқиғаға, мінез-құлыққа байланысты дүниеге келіп, ұтымды да ұтқыр айтылған сөздер ауыздан-ауызға тарап отырған. Мұндайда, сын айтылатын адамның атау-есімінен бұрын әулет-атасы, ру-тайпасы, тіптен, қай жүзден екені алдымен ауызға алынатын әдеті. Оның үстіне, әулет-атаға, ру-тайпаға немесе жүзге қатысты мақал-мәтелдер белгілі бір жағдайға орай айтылатын болғандықтан онда өзінен-өзі

субъективтілік бел алып жатады. Осы орайда, жалқыға қатысты баға-байламның жалпыға телінетінін, яғни, жеке адам бойындағы қылық-қасиеттің тұтас әулет-ата мен ру-тайпаға телінетінін айрықша қаперде ұстаған абзал. Сондықтан, жеке адамдарға қатысты белгілі бір жағдай барысында туындаған сыни мақал-мәтелдерді тұтас әулет-ата мен ру-тайпаның этногенетикалық немесе этнопсихологиялық төл қасиеті ретінде қабылдаудың еш қисыны жоқ. Бұған, ең алдымен, қазақ ру-тайпалары мен жүздерінің этникалық даралықтан гөрі әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөліктерді білдіретін сипатының басым екені жарқын айғақ бола алды (*«Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы» тараушасын қараңыз*). Сондай-ақ, бір ғана әулет-ата, ру-тайпа немесе жүз туралы айтылатын кереғар мақал-мәтелдердің жиі ұшырасуы да ойды орнықтыра түседі. Мәселен, бірде — «Әйдеркені асқа қой, шөмішпенен басқа қой» десе, келесіде — «Әйдерке іске керек, қиын-қыстау тұста керек» дейді. Сол сияқты, «Ит жаманы — барақты, ел жаманы — тарақты» немесе «Ит жақсысы — барақты, ел жақсысы — тарақты», «Қозған — тозған» немесе «Қозғанбыз, жұрттан озғанбыз», «Қожа — қоңқ етпе, төре — тоңқ етпе» немесе «Қожадан ілім аласың, төреден тәлім аласың» деп келетін кереғар мақал-мәтелдерді көптеп келтіруге болады.

3. Сонымен бірге, сыни мақал-мәтелдер арқылы оғаш мінез-құлықтар мен әрекет-тірліктердің сын тезіне салынуы, өткір әжуаға айналуы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ретті де жөндем болуына айрықша жағымды ықпал ететінін де атап өткен жөн. Мақал-мәтел түрінде айтылатын ащы шындық кемшілікті айғақтап қана қоймайды, сонымен бірге, жалпы этноәлеуметтік ортаның сол кемшіліктен арылуына немесе сол кемшілікті қайталамауына ықпал етеді. Осы орайда, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті де жөндем етуде сыни мақал-мәтелдер мен жағымды мақал-мәтелдердің әсер-ықпалы бірдей деуге болады. Өйткені, жамандықтан жерініп, жақсылыққа емініп отыру адам қоғамын шындап келе жатқан жағымды үрдістердің бірі.

4. Этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдердің мән-мазмұнына, әдетте, белгілі бір құбылысқа, объектіге немесе субъектіге деген баға берушілік арқау болып отырады. Ал, баға берушіліктің өзі, түптеп келгенде, адамдардың таным-түсінігіне, талғам-талабына, парасат-пайымына айғақ. Былайша айтқанда, баға беру арқылы адамдар құндылықты парықтайды (когнитивті өре), жетістік-кемшілікті айғақтайды (прагматикалық өре). Құндылықты парықтау мен жетістік-кемшілікті айғақтау, өз кезегінде, қоғамдық өмірдегі идеологиялық, наным-сенімдік, салт-дәстүрлік және әдет-ғұрыптық үрдістермен сабақтасып жатады. Мұндай қасиет қазақтың әулет-атаға, ру-тайпаға және жүзге қатысты айтылатын мақал-мәтелдеріне де тән.

Қазақтың әулет-ата, ру-тайпа және жүз туралы мақал-мәтелдері, негізінен, сипатталатын (дескриптивті) және сипатталмайтын (дескриптивті емес) үлгіде айтылады. Бұл екі үлгіде де құндылық парықталады немесе жетістік-кемшілік айғақталады. Құндылықты парықтау барысында айтушының көзқарасы, ниеті айқын аңғарылып отырады. Сол себепті, ондай мақал-мәтелдер бірде бұйрық райда айтылса, енді бірде бекемделіп айтылады. Яғни, айтушы міндеттейді, тиым салады,

қалайтынын немесе қаламайтынын білдіреді. Мәселен, «Алыс-беріс қыламын десең, жаныспен жекжат бол. Ұрыс-керіс қыламын десең, ботбаймен жекжат бол», «Қыпшаққа би болғанша, қарауылға қатын бол», «Дос болсаң тамамен бол, тама ішінде Танашпен бол», т.б.

Ал, жетістік-кемшіліктерді айғақтайтын мақал-мәтелдерде белгілі бір әулет-атанын, ру-тайпаның немесе жүздің төл қасиеттері, әдетте, объективтендірілген қалпында сипатталады. Яғни, айтушының баға-байламы біліне бермейді. Мәселен, «Қызылбөрік туғанда жөйт жылапты», «Мандайы қарыс болса – жаныс», «Құлан жалғыз, Құдай жалғыз», «Найман – елдің еркесі, керей – елдің серкесі», «Жетіруға жеті пір назарының қырын салған», т.б.

Жалпы, құндылықты парықтау немесе жетістік-кемшілікті айғақтау үрдісі мақал-мәтелдердің өзекті сипаты болып табылады. Мұндай мақал-мәтелдер, әдетте, «бағалық анықтама – субъект – бағалық баяндауыш» үлгісінде айтылады (оценочное определение – субъект – оценочный предикат). Қазақтың этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдері, мейлі, құндылықты парықтасын, мейлі, жетістік-кемшілікті айғақтасын, ең мәндісі, қазақ ру-тайпаларының тарихи тектамырына, мекен-тұрағына, кәсіп-харекетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты мейлінше құнды деректер беріп отырады.

Әрине, жалпы мақал-мәтелдер, оның ішінде қазақтың этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдер арнайы зерттеп-зерделеуді қажет ететін тың да күрделі тақырып. Оның күрделілігі – әрбір мақал-мәтелдің тарихи-этнологиялық себеп-салдарлы болып келуінде. Мұндай қызықты тақырыптың тереңірек саралануын болашақтың еншісіне қалдыра тұрып, мақал-мәтелдердің өзіне кезек берейік.

ҚАЗАҚ ТУРАЛЫ

- Ағайын тату болса ат көп,
Абысын тату болса ас көп.
- Адам туа жаман болмайды,
Жүре жаман болады.
- Адамның күні адаммен.
- Адассаң еліңмен адас.
- Айырылған ел азады,
Қосылған ел озады.
- Ақтабан ат талмайды,
Қарасай ұран қалмайды.
- Алашағың кетсе де,
Айташағың кетпесін.
- Алаштан қазақ тараған,
Ноғайлыға қараған.
Жауға алдырмай ноғайлар,
Бір-біріне жараған.

- Ноғайдан қазақ бөлініп,
Үш жүз болып тараған.
- Алаштан сүйек тарайды,
Ағаштан бұтақ тарайды.
- Алыстағы ағайыннан
Жақындағы жат артық.
- Арыс тату болса — аларың көп,
Абысын тату болса — саларың көп.
- Аспандай берме, жерден ұзап кетерсің,
Жерден ұзап кетсең, елден ұзап кетерсің,
Елден ұзап кетсең, барса келмеске жетерсің.
- Асыл тусаң керей бол,
Үш қазаққа мерей бол.
Уақ болсаң шоқа бол,
Даулы істе жота бол.
Арғын-қыпшақ болсаң алтай бол,
Найман-қоңырат болсаң матай бол,
Байұлы болсаң адай бол,
Үйсін болсаң ботбай бол.
Бұл алтауының бірі болмасаң,
Қалай болсаң солай бол (*Төле би*).
- Аталастың аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын (*Мәтел сөздің мәні — қазақ қандас ағайын-туыстан гөрі еншілестің, ауылдастың (қауымдастың) мүддесін жоғары қойған. Яғни, көшпелі өмір-салтта қандастан гөрі мүдделестің мәртебесі жоғары болған. Бұл — көшпелілердің өмір сүру нормасы, ел болып ұйысудың киелі шарты. Ауылдас-еншілестің өміртіршілігі келісті болмаса, ағайынның да шырқы бұзылатынына кәміл көздері жеткендіктен туған ғибрат*).
- Атамыз қазақ —
Жоғарыдан келген Ақсүгір,
Төменнен келген Қарасүгір.
Ойдан-қырдан басымызды құраған
Құдайға шүкір! (*Найман ішіндегі қызай руының шеру деген атасынан шыққан Көмекбай қажы айтқан сөз*).
- Ауыл болсаң — қауым бол.
- Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
- Бәріміз Қазақ байдың баласымыз.
- Біреудің шығар-шықпас жаны бар,
Екеудің пышақ сырты жалы бар,
Үшеудің Қорасанда — қолы, Бұхарада — малы бар,
Төртеудің аспанға салған жолы бар.
- Еншісіз ұл, кәдесіз қыз болмайды.

- Жалғыздың өзі — сығай,
Екеудің бірі — жұбай,
Үшеудің бірі — шарана,
Төртеудің бірі — қаймана.
- Жаңбыр жауса жердің ырысы,
Жақсы туса елдің ырысы.
- Жұртымның жұртында қалайын.
- Керегеміз — ағаш,
Ұранымыз — «Алаш».
- Киіз туырлықты, «Алаш» ұранды қазақпыз.
- Көл толқыса, жар құлайды,
Көп толқыса хан құлайды.
- Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады.
- Көпті жамандаған көмусіз қалады.
- Кілемге бергісіз алаша бар,
Ханға бергісіз қараша бар.
- Қазақ ауылы қарайлас.
- Қазақ байдың ұлы болғанша,
Халық байдың құлы бол.
- Қазақ: «Бірінші бала — Тәңірдікі,
Екінші бала — халықтікі,
Үшінші бала — өзімдікі», — дейді.
- Қазақ: «Дүниенің тоқсан тоғыз киесі бар», — дейді.
- Қазақ етігін майлайды,
Етігі етегін майлайды.
- Қазақ жай танымас,
Сарт мал танымас.
- Қазақта — айран көп,
Орыста — мейрам көп.
- Қазаққа тегін берсең жыңғылды да жейді (*Қарақалпақ мәтелі*).
- Қазақтың ақылы — көзінде,
Қасиеті — сөзінде.
- Қазақтың жаманы сарт боламын дейді,
Сарттың жаманы қазақ боламын дейді.
- Қазақтың қатыны мирас,
Сарттың жері мирас (*Н.И. Гродеков*).
- Қазақ жаңылса, қартына қарайды,
Орыс жаңылса, хатына қарайды.
- Қазақ жөн сұраса келе қарын бөле болып шығады.
- Қазақ қартайса, түйе бағады,
Қарақалпақ қартайса, томар қазады.
- Қазақ: «Малым — жанымның садақасы,
Жаным — арымның садақасы» дейді.

- Қазақтың малы — жанының садақасы,
Жаны — арының садақасы.
- Қазаққа түсінде: «Көген аласың ба, өлең аласың ба?» десе, «Өлең аламын!» — депті.
- Қазақ, ноғай бір кісі.
- Қазақты танығың келсе,
Мамыр туа Мәртөбеге кел (*Мәртөбе — Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданының жеріндегі тарихи орын. Қазақ хандығы тұсында ел басшылары келелі кенес өткізу үшін осы Мәртөбеде бас қосатын болған*).
- Қазақтың жаманы орыс бола алмайды,
Орыстың жаманы қазақ бола алмайды.
- Қазақтың өмірі — өзінікі,
Өлімі — Тәңірдікі.
- Қалыңсыз қыз болса да,
Кәдесіз қыз болмайды.
- Қарға тамырлы қазақ.
- Қасқыр, қазақ һәм орыс-қазақ үш ағайынды (*В.В. Радлов*).
- Қатардан аспақ бар,
Халықтан аспақ жоқ.
- Мал өрісін іздейді,
Ел туысын іздейді.
- Менде болсын, менде болмаса да елде болсын.
- Ноғай, қазақ бір кісі,
Қазақ, қалмақ бір кісі (*Қ. Халид*).
- Он сан ноғай ішінде,
Үш жүз алпыс отау қазағым (*Едіге батыр. — Алматы, 1999. 73-бет*).
- Өзбектің кигенін ал,
Қазақтың мінгенін ал.
- Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.
- Өзгеге ұл болғанша,
Өз еліңе құл бол.
- Өз елін танымаған,
Өзге елге би бола алмас.
- Рулы ел — ұялы бәйтерек.
- Сәк емеспіз, сақпыз,
Аспандап ұшқан ұзақпыз,
Оғың жетпес қазақпыз (*Сәк емеспіз — жеңілтек емеспіз деген мағынада*).
- Тегін білмеген — тексіз.
- Тегінді білгеннен қорықпа,
Тексізге айналғаннан қорық.
- Түбі бір — тепсең де кетпейді.
- Түйеші қазақ төрт ауыз өлең біледі.

- У ішсең руыңмен.
- Ұл он бесінде отау иесі (Н.И. Гродеков).
- Ұлттың құты – хан,
Рудың құты – би,
Аймақ құты – ақсақал,
Ауыл құты – бәйбіше.
- Ұлықсыз жұрт – бассыз дене.
- Халық айтпайды,
Халық айтса, қалып айтпайды («қалып» – байырғы түркі тілдерінде «өтірік» деген мағына береді. «Қалып» сөзі «өтірік» деген мағынада қырғыз тілінде де сақталған).
- Халық алмас қамал болмас.
- Халық сүймес,
Халық сүйген
Суға батпас,
Отқа күймес.
- Халық ұйғарса хан түйесін сояды.
- Хан – қарақшы,
Халық – сарапшы.
- Ханды Құдай атарда,
Қарашасы қас болар.
- Хан халықтан үлкен емес.
- Хан – шаңырақ,
Халық – уық.

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ РУ-ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ

- Ақша – суанның ұйытқысы (Ақша – суан ішіндегі бір ата).
- Алшын болсаң – адай бол,
Арғын болсаң – алтай бол,
Үйсін болсаң – сиқым, жаныс, ботбай бол,
Найман болсаң – қаракерей, садыр, матай бол,
Өзгелерің қалай болсаң, солай бол (М.Ж. Көпейұлы).
- Алыс-беріс қыламын десең,
Жаныспен жекжат бол.
Ұрыс-керіс қыламын десең,
Ботбаймен жекжат бол (Жаныс, ботбай – Ұлы жүз дулат ішіндегі рулар. Бұл сөзді ысты Бөлтірік шешен айтыпты дейді).
- Андас – итке берген жамбас (Андас – Ұлы жүз жалайыр тайпасының ішіндегі он екі атаның бірі).
- Андастың түйе қарағаны бір үйлік (Көптігін айтқаны. «Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар» тараушасындағы «Қаратолымбек», «Ақтолымбек» тақырыпшаларын қараңыз).

- Арғынның бес мейрамында
«Ә!» — десе «Мә!» — деген қуандығы бар,
Қоса шыққан жуандығы бар.
Жегі құртша жегенін білдіртпейтін,
Жемтемір сүйіндігі бар.
Алып кел, барып келге жарайтын
Бегендігі мен шегендігі бар.
Қара құртша қаптаған,
Қараңғыда жатпаған қаракесегі бар (*Қабылан ақын Бөрібайұлы*).
- Арғын болсаң — алтай бол,
Найман болсаң — матай бол,
Алшын болсаң — адай бол,
Үйсін болсаң — ботбай бол,
Бұл төртеуінің бірі болмасаң,
Қалай болсаң, солай бол.
- Асыл тусаң керей бол,
Үш қазаққа мерей бол.
Уақ болсаң шоқа бол,
Даулы істе жота бол.
Арғын-қыпшақ болсаң алтай бол,
Найман-қоңырат болсаң матай бол,
Байұлы болсаң адай бол,
Үйсін болсаң ботбай бол.
Бұл алтауының бірі болмасаң,
Қалай болсаң солай бол (*Төле би*).
- Әзірейіл барда — жаным бар деме,
Жалайыр барда — малым бар деме.
- Байсейіттің жақсысы — бабақұмар (*Албан ішіндегі байсейіттен өрбіген бір ата бабақұмар деп аталады*).
- Баян, таңат,
Жүгін итке таңат (*Таңат — жалайыр құрамындағы маңғытай руынан өрбіген бір ата*).
- Бөрі бауырын жеген шапырашты (*Шапыраштының анасы Мапырашты бөрі бауырын жеп, жерігін басыпты деген сөз бар*).
- Бұлаң келді дегенше,
Лаң келді десейші (*Ұлы жүз ошақты тайпасы өз ішінде байлы, тасжүрек, аталық, қоңыр деп аталатын төрт іргелі руға бөлінеді. Осылардың ішіндегі байлының қасқа деп аталатын атасынан шыққан Бұлаң есімді аузы дуалы, елге ықпалды кісісі болған. Бұлаң алғаш рет ошақтының төрт іргелі (аталық) руларын өзара қыз алыстыратын еткен. Сонда, бұл үрдіске қарсы болғандарға Бұлаң былай деп уәж айтыпты дейді: «Тәңірі жарылқап, ошақтының төрт атасынан өрбіген ұрпақ төрт рулы елге айналды, аралары жеті атадан асып барады. Енді ағайын арасын алыстатып алмау үшін, жақсымызды жатқа бермей, ошақтының төрт атасы өзара қыз алысып, қыз берісуі-*

не болады». Бұлаңның бұл уәжін ел-жұрт қолдап еді дейді (Дерек беруші Серік Әбдірайымұлы (1943), белгілі қаламгер, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылы).

- Былғары айыл,
Арбалы жалайыр.
- Екейде елу ақын, сексен бақсы,
Айқында алпыс ақын, тоқсан бақсы.
- Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Болады жын қаққандай кешке жақын.
- Екей ел болды,
Ешкі мал болды.
- Екей, ет жеп кекей,
Жал жеп жайра,
Қыл жеп қира.
- Екей жақсы болса — ел еркесі,
Ешкі жақсы болса — мал серкесі.
- Екей жаман болса — ел садақасы,
Ешкі жаман болса — мал садақасы.
- Жазығы жалайыр болғаны.
- Жалайырға жар салған.
- Жалайыр көшсе, жаппас қонады.
- Жаныс көшсе, орнына жаппас қонар.
- Жаныс — маңдайы кере қарыс.
- Жарты аман болса,
Жалпы аман болады (*Жарты — албан ішіндегі ру*).
- Желге пышақ ала жүгірген сары (*Албан ішіндегі бір ата — сары*).
- Жылан жеген жолымбет (*Жолымбет — ошақты ішіндегі бір ата. Жаугершілік пен жұт қабаттасқан бір заманда жолымбет әулеті жылан жепті деген аңыз бар*).
- Керен Құдайберді (*Құдайберді — суан ішіндегі ата. Бұл атаның ұрпағында жақпайтын сөзді естімеген болып отыратын дәстүр қалыптасса керек, мәтел сөз соны емеурін еткен*).
- Киіз аяқ айт (*Айт — албан ішіндегі ата. Мінездерінің жұмсақтығына, сөздерінің майдалығына орай айтылған мәтел*).
- Киіз аяқ ақша (*Ақша — суан ішіндегі бір ата. Мәтел сөз ақша әулетінің мәмілегер, майдалығына орай айтылған. Әйгілі Қожбанбет би осы ақша атасынан*).
- Күнтуға күнің түссе жолдас бол (*Күнту — дулат тайпасының ішіндегі шымыр руынан өрбіген ата*).
- Қабырға өтпес қара құрман (*Құрман — албан ішіндегі әлімеректен өрбіген ата. Бұл атадан Саурық, Шалтабай, Алпар, Ұзақ сияқты әйгілі батырлар шыққан. «Қабырға өтпес қара құрман» дейтіні құрман атасының ер-азаматтары жаугершілік заманда сап түзеп жаумен беттескенде қатары сетінемейді, араларынан жау түгілі қабырға өтпейді, батыр ел дегенді білдіреді*).
- Қаңлы арбаға ханмен бірге мінеді.
- Қаңлы бар жерде кәде бар.

- «Қаңлыдан ұл туды» дегенше,
«Ағашқа күн туды» десейші.

- Қаңлыдан хан сайла.
- Қаңлы елінде хан бар,
Кәделі елде қаңлы бар.
- Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды.
- Қара күннің баласы Ысты батыр.

- Қараш, қараш,
Қазаны бақыраш,
Шөккен түйеге міне алмас,

Шоңқайма етік кие алмас (*Ұлы жүз дулат ішінде және Кіші жүз адай ішінде қараш аталары бар*).

- Қарақойлы, тілеулі,

Зар илетер біреуді (*Сіргелі руының ішіндегі тентек-шодыры көптеу қарақойлы мен тілеулі аталарына қарата айтылған сөз*).

• Қараш көшті дегенше, алаш көшті десейші (*алматылық Шакиржан Сабыржан 1947 жылы араб тарихшысы Ибн Баттутаның (1304-1377) «Дешті-Қыпшаққа саяхат» атты еңбегін араб тілінен татар тіліне аударып, оған түсініктеме жазған. Сол түсініктемеде мәтел сөздің бір нұсқасын келтіре отырып былай дейді: «Алаши — Ибн Баттута Сарай шаһарында тұрушы халықтардың аттарын санап көрсеткенде «алаши» деген тайпаның бар екенін айтады. Алашилер ислам дінінде дейді. Қазақ рулары ішінде «алаши» (алаша — А. С.) деген бір рудың бар екені мәлім. Жетісу қазақтарында «Қарашы көшті — алашы көшті» деген бір мақал (мәтел — А. С.) бар. Шапырашты руында Қараш деген батыр болған екен. Ел Қараш батырға қарап көшеді екен. Қараш тауға көшсе — тауға, ойға көшсе — ойға көшеді екен» (Қазақ тарихынан. — Алматы, 2004. 208-209-беттер).*

Бұл мәтелдегі «алаш» сөзі — «бүкіл ел», «дүйім жұрт», «барша қауым» деген мағынада қолданылған.

- Қасқарауда тоғыз құт бар,

Соның бірі — бесжалаңаяқтар (*Бұл мәтел сөзді әйгілі Сүйінбай ақын айтыпты деген сөз бар. Қасқарау — дулат тайпасының ішіндегі жаныс руынан өрбіген ата. Қасқараудың шын есімі Бейімбет болса керек. Шежіре деректері бойынша Қасқараудан — Ораз, Бұқар, Елтүзер туған. Бұл аталардың ұрпақтары негізінен Жетісу өлкесін, Шу, Қордай, Қастек өңірін мекен етеді. Қасқараудан Кенен, Сарбас сияқты ақындар, Молдыбай, Ноғайбай сияқты шешендер шыққан*).

- Қатын алсаң, қаңлыдан ал.

• Қоралас, қойдың боғы аралас (*Қоралас — дулат ішіндегі ру. Аңыз бойынша қоралас руының түп атасы Қоралас қыздан туыпты-мыс. Оң жақта отырып жүкті болып қалған Қоралас сырт көзден тасаланып жүріп, қойқорада босанса керек. Әзілқалжың орайында айтылатын бұл мәтел сөз осы аңызды меңзейді*).

- Қу камысқа құран оқытқан албан.

- Құдайберді құда болады —

Сатайды «құдам» демекке.

Сатай құда болады –

Құдайбердіні қау жап жемекке (Суан ішінде Құдайберді, сатай рулары бар. Сатай руынан Мұқа, Әміре, Дәуіт, Сүлеймен деген ел ұстаған би-болыстар шыққан. Мұқа болыс Кеңес өкіметі орнаған кезде Жәлмендінің Пышанымен бірге Талдықорған түрмесінде болды).

- Құдайберді мен дауан арасына дау жүрмейді («Сіңісті аталар мен рулар» тарау-шасындағы «Суан Құдайберді – дауан» тақырыпшасын қараңыз).
- Қызылбөрік туғанда жөйт жылапты (Қызылбөрік – албан ішіндегі ру).
- Қызылбөріктің ертоқымы бір кісіні алдайды.
- Қызылбөрікше сөйлесейік (Қызылбөріктер арасында ыммен, емеурінмен, астарлы сөзбен, ишарамен түсінісу дәстүрі қалыптасқан).
- Қыпшақтың жақсылары – қанлылар.
- Малда жатаған жаман,
Адамда қатаған жаман (Ноғай мәтелі).
- Мандайы қарыс болса – жаныс (Жаныс – дулат ішіндегі ру).
- Мырза – бір аяқ айранға риза (Мырза – жсалайыр ішіндегі ру).
- Мырзакелдіден бата ал,

Ақшадан ат ал (Суан ішінде байтүгей, тоғарыстан деп аталатын іргелі екі ата бар. Байтүгейдің Сатай, Елшібек, Құдайберді, Алдияр, Молақ есімді балаларынан өсіп-өнген ұрпақ бұл күнде Өсек өзенінің Жаркентке қараған шығыс қапталын қоныс етеді. Ал, Тоғарыстанның Мырзакелді, Солтанқұл, Ақша, Әбсүгір, Қошқар, Қараменде, Қарабек, Бөлек деген балаларынан өсіп-өнген ұрпақ жаңағы Өсек өзенінің батыс қапталын қоныстанған).

Тоғарыстанның Мырзакелдісінен елге пана батыр, жұртқа дана ақылшы, сөзге ұста шешен, арқалы өнерпаздар көп шыққан. Бұл ретте, исі қазаққа даңқы жайылған Құлжабай, Әтікей, Нұржекей батырларды айтуға болады. Сондай-ақ, әйгілі әнші Дәнеш Рақышев та осы мырзакелдіден шыққан өнерпаз. Атап айтқанда, Тоғарыстан – Мырзакелді – Тауасар – Құлжабай – Қанай – Рақыш – Дәнеш болып тарайды.

Ал, Тоғарыстанның Ақшасына мыңғырған мал біткен, ырыс-берекесі мол әулет болса керек.

Мәтел сөз осындай қисындарға орай айтылған).

- Орақты, борбайынан боқ ақты (Орақты – жсалайыр ішіндегі бір ата).
- Сайтан таппағанды сатай табады (Сатай – суан ішіндегі ата).
- Сатайдан сайқы құтылмас.
- Су басында собан бар,

Су сұрасаң соған бар (Ысты тайпасының құрамындағы аталардың бірі «Собан» деп аталады. Собандар негізінен Қаратаудың теріскейін қоныс-тұрақ етіп, диқаншылықпен айналысқан. Шабақты, Шарнақты өзендерінің бойынан әуіт жасап, суармалы егістікті жақсы дамытқан. Мәтел сөз осындай кәсіпке орай айтылған).

- Собаннан ұл туса,
Ағашқа күн туар.

• Сүйіндіктің сүйкемесінен сақта (Албан ішіндегі айт бұтағынан өрбіген сүйіндік атасының адамдары сөзге жүйрік, тілі майда келетініне орай айтылған сөз. Әйгілі Көдек ақын осы атадан шыққан).

- Сүйіншәлі шуылдақ,
Қазан-қазан қуырдақ,
Қамшыменен бір салсаң,
Шекесі кетер дуылдап (*Сүйіншәлі — жалайыр ішіндегі мырза атасын сүйіншәлі деп те атайды*).
- Сүтке сиген сары (*Сары — албан ішіндегі ата. Бірбет, тентек мінездеріне орай айтылған сөз*).
- Сылдыр кереге бәйсейіт (*Бәйсейіт — албан ішіндегі ата. Жайлауға елден бұрын, түнделетіп көшеді екен дейді. Мәтел сөз осы қылықтарына орай айтылған*).
- Сырдан жалайыр көшсе,
Орнына жаппас қонады.
- Сырымбетте Әлісін,
Оң бетімнің қалысын (*Ұлы жүз албан тайпасының ішінде өсіп-өнген аталардың бірі — алжан. Шежіре бойынша Алжанның ең кіші баласы — Сырымбет. Яғни, Сырымбет қара шаңырақ иесі. Мәтел сөз осыған орай айтылған. «Сіңісті аталар мен рулар» тараушасындағы «Алжан» тақырыпшасын қараңыз*).
- «Тама бай жолда болсын,
Қара шарасы қолда болсын» деп жолға шыға бер (*Шежіре дерегінде Албаннан — Шыбыл, Сары есімді екі бала туады. Шыбылдан — Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Ботый, Бойдақ, Өтей есімді бес бала туған. Осылардың Өтейінен — Қалқаман, Жарман туса, Жарманнан — Майлы, Тама, Біте, Базар, Алаш есімді бес бала туған. Бұлардың ішінде Тама ақыл-парасатымен де, байлық-дәулетімен де, әсіресе, елден ерекше қонақжайлығымен де жұрт аузына көбірек ілінсе керек. Мәтел сөз осыған орай айтылған*).
- Тамырына қарай бұтағы,
Тегіне қарай ұрпағы.
- Тау жайлаған кең қолтық албаным-ай,
Ақ патшадан пәлеге қалғаның-ай.
Үй үстіне үй қонып, жерден ауып,
Өріс тар, қызайға әлек салғаның-ай! (*Бұл сөзді Орта жүз найман ішіндегі қызайлар айтыпты дейді*).
- Тойды албан бастасын,
Албан бастамаса алжан бастасын (*Алжан — албан ішіндегі бір ата*).
- Төмен барсаң — Жәкел мен Шоқай бар,
Жоғары барсаң қырық мың қойлы тоқай бар (*«Ұлы жүз» тараушасындағы «Жәкел мен Шоқай» тақырыпшасын қараңыз*).
- Ұлы жүз жылқының төбеліндей,
Кіші жүз жылқының жалындай,
Орта жүз жылқының түгіндей (*Тарақты Шілмәмбет би айтқан сөз*).
- Ұлы жүздің қолына —
Қауға беріп малға қой.
Орта жүздің қолына —
Қамшы беріп дауға қой.

Кіші жүздің қолына —
Найза беріп жауға қой.

- Хан жоқ болса, қаңлыдан көтер.
- Хан таппасаң, қаңлыдан көтер.
- Шақпақ жағып, жанды жараны жазатын қаңлы қызының қасиеті бар,
- Шақырмаған тойға шағыр барады (*Шағыр — албан ішіндегі бір ата*).
- Шалбарланған шажадан сақта (*Шажа — албан ішіндегі бір ата. Ауыл арасындағы сойыл сілтесетін дау-дамайда шажаның қыз-келіншектері шаштарын төбелеріне түйіп, шалбарланып алып ұрыс-керіске түсе береді екен. Мәтел сөз осыған орай айтылса керек*).

- Шапырашты дегеннің некесі жоқ,

Өзі сары келеді, шекесі тоқ (*К. Жүнісбаев. Қазақстанның XVII-XVIII ғасырлардағы тарихына байланысты қазақ тіліндегі кейбір тарихи деректер туралы // Труды Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР. 15-том. — Алматы, 1962. 162-бет*).

- Шөптеміс, турап қойған ет деңіз.
- Шудың бойын жайлаған дулатым-ай,
Балқаштан жылқы алдырып шулатуы-ай.

Салмаған қазанына адал асты,

Құдайдың осыншама қуратуы-ай! (*Бұл сөз Орта жүз қоңырат пен Ұлы жүз дулат ішіндегі нағашылы-жеуенді ақындардың арасында айтылыпты дейді*).

- Шымыр көп пе, шыбын көп пе?

Сиқым көп пе, қиқым көп пе?

Жаныс көп пе, қамыс көп пе?

- Шымырмен жекжат болсаң,

Шіреніп өлтіреді.

Сиқыммен жекжат болсаң,

Тіленіп өлтіреді (*Шымыр, сиқым — дулат ішіндегі рулар. Бұл сөзді ысты Бөлтірік шешен айтыпты дейді*).

- Ысты, тақиясын бұтына қысты.

ОРТА ЖҮЗДІҢ РУ-ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ

- Абақ елінің иесі көк бөрі.

• Абақ Керей мен Ашамайлы Керей емшектес (*Осы кітаптың «Орта жүз» тараушасындағы «Абақ ана және керейлер» атты шежірелік аңызды қараңыз*).

- Айбике ауылына қонғанша,

Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон (*Шежіре деректерінде арғын ішіндегі Қаракесектен (Болатқожа) өрбіген аталардың бірі — Шаншар абыз. Шаншардың Қызбике (Қызданбике деп те атайды), Айбике, Нұрбике деп аталатын үш әйелі болған. Қызбике ұрпағы селдір, өсіп-өне қоймаған. Айбикеден — Келдібек, Тыныбек, Есіркеп, Жәнібек туып, «төрт бек» атанып, олардың жеті ұрпағына дейін билік пен*

бектік дарыған. Мәселен, Келдібек, Қазыбек, Бекболат, Тіленші, Алшынбай, Мәди — бұлар исі қазаққа әйгілі тұлғалар.

Ал, Нұрбикеден — Тілеуке, Бертіс туған. Бұлардың ұрпақтары да өсіп-өніп, небір жақсы-жайсаңдар мен бай-бағландар шыққан. Қарт Бөгенбаймен үзеңгілес болған Жарылғап батыр, дәулескер күйші Тәттімбет, жиырма мың жылқы біткен дәулетті байлар Адамбай, Тұрсын осы Нұрбике ұрпақтары.

Мәтел сөзге келетін болсақ, мұны нағашылы-жиендердің әзіл-оспағы деп бағамдаған жөн).

- Айдабол, қаржас — емшектес.
- Айдабол, ас ішкенде пайда бол.
- Айдарлының алты қасқыры (Қыпшақ Тоқтар бидің бәйбішесі Алтыншаштан — Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық туған. Осылардың Ұзынынан тарайтын Тілеулі батырдан Нияз би туады (XVIII ғ.). Нияз би жеті әйел алған адам. Сол әйелдерінен Айдарлы, Байдалы, Жақсылық, Айдарбек, Байғазы есімді балалар көрген. Осылардың ішіндегі Айдарлысынан Жабай, Жантай, Алтай, Әжмәмбет, Жауғаш, Монтай есімді, екі иықтарын жұлып жеп, аласұрып тұрған алты ұл туған).

- Айтатұғын біз емес,
Бозшыбай деген ел басып барады.

• Ақсерке, Құлжан өліп те ел болғанбыз (Орта жүздің ноқта ағасы тарақты руынан он екі ата тараса, соның бірі — қыдыр. Арқадағы (Қарағанды облысы) Ақтау, Ортау, Кертау, Қызылтау деп аталатын жерлерді қоныс еткен қыдыр тарақтыларынан шыққан Ақсерке, Құлжан дейтін қос батыры Кенесары ханның жасағына қосылып, орыстардың Ақтау бекінісін аларда мерт болған. Мәтел сөз осыған орай айтылған.

Шежіре дерегі бойынша Қыдырдан — Солтан, одан — Есенгелді, одан — Сүтемген, одан Наймантай батыр, одан — Байғозы батыр, одан — Босмойын, одан — Құлжан батыр туған. Құлжанның сүйегі үлкен әкесі Байғозы батырдың бейітінің ішіне қойылған. Бұл бейіт Ағадыр стансасының солтүстігінде 35 шақырымдай жерде Ортаудың етегінде, Жаман Сарысу өзенінің жағасында тұр. Құлжан батыр туралы Е. Бекмахановтың еңбектерінде дерек бар.

Есенгелдінің келесі бір баласы Меңлібайдан — Құттыбай, одан — Ақсерке туған. Ақсерке қалмақ шапқыншылығы кезінде бел шешпей ат үстінде жүріп ел қорғаған батыр).

- Ақташыға жиен болғаннан гөрі,
Орысқа жиен болған көп артық.
- Алтай — арғынның сауыры (М.Ж.Көпейұлы).
- Алты атаның ұлығы — арғын (М.Ж.Көпейұлы).
- Алшын болсаң адай бол,
Арғын болсаң алтай бол,
Үйсін болсаң сикым, жаныс, ботбай бол,
Найман болсаң каракерей, садыр, матай бол,
Өзгелерің қалай болсаң, солай бол (М.Ж.Көпейұлы).

- Аманғазыны Нәшке қусынады (*Аманғазы, Нәшке – қыпшақ ішіндегі торы қыпшақтың белгілі адамдары. Аманғазы әумесерлеу, Нәшке ақылды адам болса керек. Нәшке Аманғазыны көтере мақтап, айтқанын істететін болыпты. Мәтел сөз осы сияқты өмірдегі жағдайларға орай қолданылады.*)
- Аралбай бая келеді,
Түнқатар шая келеді,
Сайдалы сая келеді (*Аралбай, түнқатар, сайдалы – арғын ішіндегі рулар*).
- Аралбайдың ал тіліне нанба,
Алтын берсе алма (*Аралбай – арғын ішіндегі ру*).
- Арғын – аға,
Қыпшақ – жаға.
- Арғын аға баласы.
- Арғын ағаң болғанда,
Қыпшақ жағаң.
- Арғын – адыр,
Қыпшақ – шадыр.
- Арғын азады,
Арғын азса әркім азады.
- Арғын алты ауыл болғанда, найман жалғыз-ақ үй екен (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Арғын болдың – әркім болдың (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Арғын болсаң алтай бол,
Найман болсаң матай бол,
Ашын болсаң адай бол,
Бұл үшеуінің бірі болмасаң,
Қалай болсаң, солай бол.
- Арғын болсаң алтай бол,
Найман болсаң матай бол,
Алшын болсаң адай бол,
Үйсін болсаң ботбай бол,
Бұл төртеуінің бірі болмасаң,
Қалай болсаң, солай бол.
- Арғында – Тілеуімбет,
Алшында – Жолымбет (*М.Ж. Көпейұлының жазуы бойынша арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген күлік атасында Тілеуімбет деген «үй тентек, айран көз, белдеу ұстап, безерлік қылуға мығым» бір кісі болыпты.*)
- Арғындар аса қонады,
Шөмекей баса қонады.
- Арғын десе арқам қышиды.
- Арғынды көрсем арқам қышиды.
- Арғын, қыпшақ аты егіз,
Жақын екен өзге елден.
- Арғын, найман – арыспын,
Азуым алты қарыспын,
Өгіз терісі – талыспын.

- Арғынның аты жүйрік,
Қыпшақтың қызы сұлу.
- Арғынның ең жаманы жата қалып ат үркітеді.
- Арғынның тілі майда, діні қатты.
- Артың болса Айдаболдай ұл тап (*Айдабол — арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген ата*).
- Аспандай арғын,
Жұлдыздай қыпшақ.
- Асыл тусаң керей бол,
Үш казакқа мерей бол.
Уақ болсаң шоқа бол,
Даулы істе жота бол.
Арғын-қыпшақ болсаң алтай бол,
Найман-қоңырат болсаң матай бол,
Байұлы болсаң адай бол,
Үйсін болсаң ботбай бол.
Бұл алтауының бірі болмасаң,
Қалай болсаң солай бол (*Төле би*).
- Аталыда арғын көп,
Атасызда найман көп.
- Аталыда арғын көп,
Атасызда бура көп (*С. Аманжолов*).
- Атандай арғын,
Қойдай керей,
Қозыдай уақ.
- Атығайдың ішінде ән айтып абырой таппайсың,
Қарауылдың ішінде намаз оқып абырой таппайсың,
Керейдің ішінде орысша сөйлеп абырой таппайсың.
- Атығайдың ішінде әншімін деме,
Қарауылдың ішінде діндармын деме,
Керейдің ішінде орысша сөйлемме.
- Атығай, қарауыл,
Екеуін қоссаң бір ауыл (*Атығай, қарауыл — арғын ішіндегі іргелес, қоңсылас рулар*).

Істеген ісіме таң қал! (*Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі атығай руынан шыққан Аңғал батыр кезінде Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске белсене араласқан. Көтеріліс басылған соң Қотыркөл, Жөкей көлдерін жайлап, Тосқансу, Сарымсақты, Молдасқұм өңірлерін қыстайтын керейлерді ығыстырған Аңғал батыр бұл жерлерге атығайдың елтоқ атасын қоныстандырған. Аңғал батырдың қылышпен шауып қақ бөлген тасы Аққайың деген жерде әлі де бар дейді*).

- Әжінің ащы күйінен сақтағайсың,
Саурықтың айқайынан сақтағайсың,
Есіркептің қара қылышынан сақтағайсың (*Қоңырат тайпасының әйгілі батырларына қатысты айтылған сөз*).

- Әйдеркені асқа қой,
Шөмішпенен басқа қой (*Әйдерке — арғын ішіндегі ру*).
- Әйдерке іске керек,
Қиын-қыстау тұста керек.
- Әйдеркені іске қой,
Қиын-қыстау тұсқа қой.
- Әлтекеде — Жидебай,
Қара шорда — Сенкібай,
Тобықтыда — Құнанбай (*Арғын ішіндегі рулардың XVIII-XIX ғасырларда ғұмыр кешкен даңқты адамдары*).
- Әлібекке ерсең —
Ат үстінен сиерсің.
Қалыбекке ерсең —
Қараңғы көрге кірерсің.
Тоғанбайға ерсең —
Досыңа жау боп тиерсің.
Қармысқа ерсең —
Түлкіден тымақ киерсің (*Арғын, оның ішінде — қаракесек, оның ішінде — түйте бұтағынан өрбіген аталар — әлібек, қалыбек, тоғанбай, қармыс*).
- Әлімбек пен бегежек ескі дауды қоздырар,
Есенкелді, кенжебай ет жегенде оздырар (*Бес таңбалы қыпшақтың бірі Қарабалықтан — Қарсақ, Шоманақ, Жолыншы, Жолжақсы, Танабұға туған. Осылардың ішіндегі Танабұғадан — Қошалақ, одан — Тершік, Тоқсопы туған. Тершіктен — Әлімбет пен Бегежек туып, Тоқсопыдан — Есенкелді мен Кенжебай туған. Бұлардың өсіп-өнген ұрпақтары қарабалық ішіндегі бір-бір ата*).
- Бағаналы қызы бақанмен емдейді (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Байғана, сідігіңе тайғана (*Байғана — найман ішіндегі қаракерейден өрбіген ата*).
- Бақа жеген ожан (*Торғай өңірін қоныс еткен арғындардың ішіндегі ожан руы кезінде балықшылықты кәсіп еткен. Осыған орай айтылған сөз*).
- Балта екен, түйте екен,
Шеттерінен ит екен (*Балта, түйте — арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген аталар*).
- Батырлық баймұратқа біткенде,
Байлық бәйімбетте қалған (*Тоғыз таңбалы найманның бір таңбасын еншілеген төртуыл руы өз ішінде ақболат, ақбарақ, андабарақ, қартбарақ болып төрт атаға бөлінеді. Осылардың Ақбарағынан — Дәулетай, одан — Бұқа, Шөтік, Елтүзер, Сүйіндік туған. Бұқа — әйгілі Тәуке хан заманында көзге түскен батыр. Бейіті Ақсуат жерінде, Барқытбелдің теріскейінде, Қабырға өзенінің бойындағы Бұқа шатқалында. Баймұрат пен Бәйімбет (Бәймәмбет) — осы Бұқа батырдың немерелері. Бірі — батырлығымен, екіншісі — байлығымен төңірегіне танылған адамдар болған. Баймұрат есімі қалың төртуыл руының ұранына шыққан*).
- Бәйтерек, қарнақ болайық,
Бір шұңқырға қонайық (*Бәйтерек, қарнақ — арғын ішіндегі тоқа руынан өрбіген аталар. «Қазақ этнотопонимдері» тараушасындағы «Қарнақ» топонимін қараңыз*).

- Бәйімбетте бай көп,
Әйімбетте шай көп.
- Бәйімбетке шаруа болма,
Әйімбетпен әуре болма.
- Береке арғынға кіреді,
Арғынға кірсе әркімге кіреді.
- Бес тарақты — алты отты (*Тарақты руының шашыраңқылығына орай айтылған сөз*).

- Бұлтың бітті бойыма —
Билік кірді ойыма.
Торы бітті бойыма —
Зорлық кірді ойыма.
Ұзын бітті бойыма —
Ерлік кірді ойыма.
Көлденең бітті бойыма —
Саудагерлік кірді ойыма.
Қарабалық бітті бойыма —
Байлық кірді ойыма (*Бұл сөзді қыпшақ Тоқтар бидің бәйбішесі Алтыншаш айтыпты дейді. Тоқтар бидің бәйбішесі Алтыншаштан туған — Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық есімді бес баланың ұрпақтары қазір бес рулы ел*).

Шежіре деректерінде Алтыншаштың балаларына айтқан сынының мынандай нұсқасы да бар:

- Бұлтың бітті бойыма —
Кербездік кірді ойыма.
Торы бітті бойыма —
Билік кірді ойыма.
Көлденең бітті бойыма —
Мекерлік түсті ойыма.
Ұзын бітті бойыма —
Зорлық түсті ойыма.
Қарабалық бітті бойыма —
Байсалдылық кірді ойыма.
- Бікенге қонғанша, тікенге қон,
Қараға қонғанша, далаға қон,
Бұл екеуіне қонғанша,
Қыдыралы, құлшанның көшіп кеткен жұртына қон (*Бікен, қара, қыдыралы, құлшан — найман ішіндегі қаптағайдан өрбіген аталар. «Орта жүз» тараушасындағы «Қыдыралы, Құлшан» атты шежірелік деректі қараңыз*).

- Білсең — кегенбаймын,
Білмесең — дегенбаймын (*Найман ішіндегі қаракерейден өрбіген аталардың бірі байыс болса, байыс балаларының бірі — Тоқбай. Тоқбайдан тараған ұрпақ ішіндегі малдысы да, алдісі де кегенбай атасы болған екенін Мәшекең — М.Ж. Көпейұлы жазып кеткен*).

- Білсең — қызайыңмын,
Білмесең — Құдайыңмын (*Қызай — найман ішіндегі іргелі ру*).

- Бір жантекей ауса,
Бүкіл абақ керейге сыймайды.
Бүкіл абақ керей ауса,

Бір жантекейге сіңіп кетеді (*Керей ішіндегі он екі ата абақтың бір атасы болып келетін жантекейлердің өсіп-өнген ел екенін меңзеген сөз*).

- Дүзей, жүзге жетпе,

Жүзге жетсең, күзге жетпе (*Дүзей — арғын, оның ішінде — қаракесек, оның ішінде — кәрсөн, оның ішінде — шақшақтан өрбіген ата. Шақшақ бірде балаларына батасын бермек болып шақырғанда, барлық баласы келіпті де, Дүзей ғана «Ей, сол алжыған шал не айтар дейсің?» деп келмей қалыпты. Бұған налыған Шақшақтың қарғыс сөзі екен дейді. «Ана қарғысы — боқ, ата қарғысы — оқ» деген, дүзейлер қазірге дейін жүз қаралы шаңырақтан асқан емес*).

- Дүзей жүзге жетпес,
Жүзге жетсе күзге жетпес.

- Елді арғын билейді,
Арғын билемесе әркім билейді.

- Ел жақсысы — тарақты,
Ит жақсысы — барақты (*Құнанбай Өскенбайұлы*).

- Ел жаманы — тарақты,
Ит жаманы — барақты.

- Елтен ел болмайды,

Ешкі қой болмайды (*Қыпшақ ішіндегі бұлтың руынан тарайтын аталардың бірі — елтен. Шежіре бойынша Бұлтыңнан — Мекіс, Орыс. Мекістен — Жолоба, Елтен, Күрлеуіт*).

- Ер жақсысы — Барақ-ты,
Ел жақсысы — тарақты (*Алшынбай би*).

• Есбалақтың есері (*Арғын ішіндегі қаракесек руынан — бошан, одан — байбөрі, одан — жүгіней, одан — есбалақ аталары өрбіген*).

- Жауға десе жоқ сары,

Тамақ десе көпсары (*Тарақты руы өз ішінде он екі атаға бөлінеді. Сол аталардың бірі — Қыдыр, одан — Қаржау, одан — Есенгелді, одан — Сүтемген, одан — Меңлібай, Құттыбай, Құдайназар, Күңбас туған. Осылардың ішіндегі Құттыбайдан өрбіген ұрпақты жинақтап «Көпсары» деп атайды. Көпсарылар туралы мәтелді Меңлібай айтып еді деген сөз бар. Меңлібай ірі бай болған адам*).

- Жаз шілдеде күлік жүгіреді,
Қыс шілдеде жілік жүгіреді (*Күлік — арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген ата*).

- Жәдік пен жантекей кісі өлтірсе,

Қарақас пен молқы құн төлейді (*Абақ керей ішіндегі жәдік, жантекей рулары өсіп-өнген, қарасы көп, сонсоң да төңірегіне жуандығын білдіреді дегенді меңзейтін сөз*).

- Жеменей, жеменей,

Жеменейдің қыздары

Суға түскен кемедей (*Жеменей руы Орта жүзде найман ішінде, Кіші жүзде адай ішінде бар*).

- Жер жаманы — қопа,

Ел жаманы — тоқа.

- Жетімектің шалқығы мешкей,

Еңкегі қаскөй келеді (*Арғын ішіндегі тоқадан сегіз ата мырзамбет өрбігенде, соның бір атасы жетімек*).

- Жетім қозы қой болды,

Қоңырат та ел болды.

- Жоламан жолда ма екен,

Дәу шарасы қолда ма екен? (*Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — қуандық. Шежіре бойынша Қуандықтан — Есен, Қарт, Алтай, Қарнық, Бөрші, Темеш туған. Осылардың ішіндегі Бөршіден — Алатау, Аяпберген, Жоламан туған. Жоламан алыс-жақынға даңқы жайылған бай болған адам. Қорғалжын көлі мен Шу өзенінің аралығына жыл құсындай көшіп-қонып жүріп, сол алапты құтты қоныс еткен. Өмір сүрген кезеңі XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысы. Яғни, қазақ пен қалмақ арасындағы қанқасап соғыс кезеңі.*

Бірде, «Бөгенбай, Қабанбай батырлар бастаған 10 мың қол жорыққа аттанғалы отыр екен, жолай Жоламанның Нұра бойындағы ауылынан бір дамылдап өтпекші көрінеді» деген хабар жетеді. Осы хабарды естісімен Жоламан қапысыз дайындалып, арнайы үйлер тігіп, мал алдыртып, бие байлатып, қымыз қорын молайтып, қазақтың ереуілдеп бара жатқан қалың қолына ел-жұрты қоғадай жапырылып қызмет көрсетеді. Сол жолы қалың әскер Жоламан ауылының қымызын тауыса алмай аттанып еді дейді. Мәтел сөз осы оқиғаға орай айтылған).

- Ит бол, құс бол — мұрын бол (*Мұрын — найман ішіндегі қаракерейден өрбіген ру*).

• Итке тартпа салған жанай (*Ит үреді, ит үрсе дауысын жолаушы естиді, жолаушы естісе ауылға бұрылып келіп қонақ болады деп, иттерін үргізбес үшін жанай елі итке тартпа салады екен деген әзіл сөз бар. Ақиқатында, мұндай оқиға XX ғасырдың бас кезіндегі ақ қашып, қызыл құған аласапыран заманда орыстың ойраншыл солдаттарынан запы болған қазақ ауылдарының біразының басында болған*).

- Кәрсонның аты жүйрік,

Тоқаның иті жүйрік (*Кәрсон — арғын ішіндегі қаракесек руының бір атасы. Тоқа — арғын ішіндегі қуандық руының бір атасы. Қарағанды облысының оңтүстігін мекен ететін кәрсонның жері бетегелі, солтүстігін мекен ететін тоқаның жері шұбарлы болып келеді. Бетегелі жерде ат жақсы жүгіреді, шұбарлы жерде ит жақсы жүгіреді*).

- Кенжеқарамен құда болсаң,

Кеш жарығың кенде болмас (*Кенжеқара — арғын ішінде қуандық, оның ішінде алтайдан өрбіген кенже ата*).

• Керей атасы — Қара би (*Осы кітаптың «Орта жүз» тараушасындағы «Керей атасы — Қара би» атты шежірелік деректі қараңыз*).

- Керейден ұл туса,
Ағаштың күні туады.
- Керейді найза беріп, жауға жібер,
Найманды аттандырып дауға жібер,
Арғынды нөкерімен тойға жібер.
- Керейдің керінен сақта,
Кедейдің кебінен сақта.
- Керей елдің серкесі.
- Керей көп пе,
Кедей көп пе?
- Керей түйені қайтсін.

• Керней бергенін алмайды (*Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — қаракесек. Шежіре бойынша Қаракесектен (Болатқожа) — Ақша, Түйте, Үкібай туады. Ақшадан — Бошан, одан — Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат туады. Осылардың Машайынан — Бәйімбет, Бораншы туған. Бораншыдан — Кәрсен, Керней туады. Керней ұрпағы малды болған. Байлығының қызығын төңірегіндегі ел-жұрт көп көрген, Мәтел сөз осыған байланысты айтылған дейді*).

• Көжесін теріс қарап ішкен досқана (*Досқана — арғын, оның ішінде қуандық, оның ішінде тоқа руының бір атасы*).

- Көзейге — батырлық дарыған,
Мәмбетке — имандылық дарыған,

Тінәліге — байлық дарыған (*Орта жүз арғын ішіндегі қуандықтан өрбіген аталардың бірі — қарпық. Қарпықтан — көзей, мәмбет, тінәлі аталары тарайды*).

- Көшебелі көп керей,

Көше алмайды сибансыз (*Шежіре дерегінің бір парасы бойынша Керейден — Абақ, Ашамайлы туады. Ашамайлыдан — Танаш би, одан — Балта, Көшебе және әмеңгер әйелінен Тарышы туған. Танаш бидің бәйбішесі бір қыз бала тапқан соң, көпке дейін бала көтермеді. Қызы бойжетіп уақ әулетіндегі Қызылшырай деген кісіге тұрмысқа шығыпты. Сол қызынан Сибан туып, оны Танаш би өзіне бала қылып алады. Сибанның аяғы құтты болып, Танаш бидің бәйбішесі бір ер бала табады. Оның атын балталаса да өлмесін деп Балта қояды. Балтадан кейін Көшебе дүниеге келеді. Одан соң, әмеңгер әйелінен де бір ұл туады. Оның атын тарыдай көп болсын деп Тарышы қояды*).

Осы балалар есейіп ержеткенде Танаш би еншінің тең бөлінуін және Сибанның аяғы құтты, жолы үлкен екенін ұрпағына өсиет етіп еді дейді. Әлгі «Көшебелі көп керей, көше алмайды сибансыз» дейтін мәтел сөз осындай қисынға орай айтылған).

• Күдеріден өзіне тартып ұл тумаған (*Найман тайпасы өз ішінде төрт атаға бөлінсе, соның бір атасы ақбарақ деп аталады. Ақбарақтың төртінші-бесінші ұрпағының бірі — Бәйімбет (Бәймәмбет) өз төңірегіне байлығымен танылған. Сол Бәйімбеттен — Қараменде, одан — Табылды, одан — Жабағы, одан — Ысмайыл, одан — Күдері туған. 1875 жылы туып, 1920 жылы не бары 45 жасында дүние салған Күдері, кезінде қалың төртуылдың төбе биі болған. Себеті өңіріне алғаш мешіт салдыртып, халықтың маңдайын сәждеге тигізген адам. Қазан төңкерісінен кейін шекара сыртына қашқан ақгвардияшылардың генералы Бекиш деген біреу Күдеріге у бергізіп өлтірткен*).

Күдеріден туған Ахмет, Жұмәділ, Шаяхмет, Нұрахмет деген кісілер құба-төбел ғана тірлік құрған қарапайым адамдар болыпты. Осылардың ішіндегі Жұмәділден қазақтың көрнекті жазушысы Қабдеш туған).

- Күлік, күлік жүрген жер бүлік (*Күлік — арғын ішіндегі сүйіндіктен өрбіген бір ата*).
- Қадырман, қыздан туған қызайым-ай,
Сенде өтсін қыс айым, күз айым-ай.
Жаз шыққан соң қайтамын Қарқараға,
Басқа салған сол күнді Құдайым-ай! (*Бұл сөзді Ұлы жүздің албаны Орта жүздің қызайларына нағашылы-жеуенділер арасындағы әзіл ретінде айтқан дейді*).
- Қазан тепкен қаракесек.
- Қамыстан үріккен аралбай (*Аралбай — арғын ішіндегі қуандықтан өрбіген бір ата*).
- Қарабас, қой-қозысы аралас (*Қарабас — арғын ішінде көшейден өрбіген ата, ынтымақ-бірлігінің молдығына орай айтылған сөз*).
- Қараға қонғанша далаға қон,
Далаға қонғанша молаға қон (*Орта жүз арғын ішіндегі қаракесектен өрбіген қарашор атасына қатысты айтылған сөз*).
- Қаракесек қап-қара күннен туған,
Қазыбегі би болып бетін жуған.
- Қаракесек қарашормыз,
Құдайдан да зормыз.
- Қарақожадан айырылма,
Құттықтілепке қайырылма.
Құдайдың бірлігі хақ,
Құттықтілептің қондырмайтыны хақ.
- Қаратайдай ел қайда,
Шабанбайдай жер қайда? (*Қаратай — найман ішіндегі бір ата. Шабанбай — Алтайдың Шыңғыстайындағы жайлау*).
- Қаратамыр, өзің үшін бозғыл бол.
- Қарақойлы шуылдақ,
Қазан-қазан қуырдақ (*Қарақойлы — қыпшақ ішіндегі ру*).
- Қашпаған қашардың уызына таласқан есбалақ (*Есбалақ — арғын, одан — қаракесек, одан — бошан, одан — байбөрі, одан — жүгіней, одан — есбалақ атасы өрбіген*).
- Қозғанбыз, жұрттан озғанбыз (*Қозған — арғын ішіндегі ру*).
- Қозғанбыз, тірегіміз тайған соң тозғанбыз.
- Қозғанның қозылы-қойлық залалы болады (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Қозған — тозған (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Қоңырат, есегінді аңырат.
- Құлан жалғыз,
Құдай жалғыз (*Қыпшақ ішіндегі құлан руына қатысты айтылған*).
- Құл қашса қоңыраттан шығады.
- Қыдырәлі, кедейсің,
Қойке келсе не дейсің?

Койдың бәрін жеп койсаң,

Ертеңгі күн не жейсің? (*Арғын ішіндегі қаракесек руынан өрбіген бір ата байбөрі деп аталады. Байбөріден — Жүгіней, одан — Кедей, Қыдырәлі, Қойке, Есбалақ, Жарылғап, Ханкелді, Баян, Кенжесек туады. Қыдырәлі мен Кедей Күнсұлу есімді бәйбішенің балалары. Қалғандары Есім ханның тұсында Ташкентті билеген Тұрсын ханның қызы Оразбикеден туған. Қойке батыр, мәрт, кісілікті жан болса керек. Жүгіней болса әйгілі Қазыбек бидің жауырыншысы еді дейді. Сүйегі Түркістанда*).

- Қыпшак бұзады, арғын түзейді (*М.Ж. Көпейұлы*).

- Қыпшак, күнде қырықпышак.

- Қыпшакқа би болғанша,

Қарауылға қатын бол (*Қарауыл — арғын ішіндегі ру*).

- Қыпшак, қырық үйде бір пышак.

- Қыпшак пен қоңырат — қартайған қара нар,

Ердің алтын қасы — арғын,

Күміс қасы — найман,

Екі қапталы — керей мен уақ (*Саққұлақ би*).

- Қыпшақтың жақсылары — қаңлылар.

- Қыржанға өкпелеген қыңыр найман (*Бұл мәтелді Г.Н. Потанин Атбасар уезінің наймандарына, балталы, бағаналы руларына қатысты хатқа түсірген // Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. — Алматы, 1972. 62-бет*).

- Қытай көп пе,

Қыпшак көп пе?

- Майлы, Жаулы,

Айқайласа шығады тілен аулы (*Тілен — арғын, оның ішінде — қуандық, оның ішінде — тоқа руынан тарайтын ата. Ереуілшілдігімен, ұжымшылдығымен танылған. Майлы, Жаулы — Нұра бойын қоныс еткен тілен атасының ішіндегі белгілі адамдар*).

- Маңғытай мен саңғылдан күннің жарығы жақсы (*Маңғытай, саңғыл — қоңырат ішіндегі рулар*).

- Мені құлансыма,

Өзің Құдайсыма (*Қыпшақтың құлан бұтағының еркектері жаугершілікте қотарыла көтерілетін болған, батыры көп шыққан ел. Сол себепті шаруашылығы жиі-жиі қатын-балаға қарап қала берген соң кедейлеу ел болған. «Мені құлансыма» деген сөздің астарында «мені кедейсінбе» деген мағына бар*).

- Мерген оңбас,

Мергенге ерген оңбас (*Мерген — арғын ішіндегі әйдерке бұтағынан өрбіген ата*).

- Меркіт-меркіт бес меркіт,

Бесеуі де би меркіт (*Г.Н. Потанин*).

- Мойын болмай ойын болмас (*Арғын — қуандық — алтай ішіндегі бір ата мойын деп аталады. Алтай балаларының ішіндегі ең бір өсіп-өнгені, сән-салтанаты келіскені — мойын атасы*).

- Мұрындай мол қыл,

Сыбандай сараң қылма,

Қыржыдай қырсық қылма,

Ақымбеттей ұрысқақ қылма (*Найман ішіндегі қаракерейден өрбіген аталардың бірі — байторы, одан — мейрам, одан — байыс болса, сол байыстан өрбіген аталар — сарымырза (мұны шешесінің жанама есімімен Мұрын деп атап кеткен), сыбан, қыржы, ақымбет*).

- Мықты болсаң керей бол,
Үш қазаққа мерей бол.
- Найман асырағанша жылан асыра.

• Найман деген біз,
Төркіндеп қуса қай туған.
Төлек атадан

Төредей төрт ұл айтылған:

Садыр мен Матай,

Қаракерей мен Төртуыл,

Төрелетіп көрсен,

Алашты мол ғып бай туған.

Сырдан бір тартып,

Сыпыра шашып ел туған.

Бір найман шалдан

Самсаған сары қол туған.

Жер шарлағанда

Рухта бәлкім енші боп,

Дүние бітпей,

Бітпестей болып мол туған.

- Найман — елдің еркесі,

Керей — елдің серкесі.

• Найман жолынды айт (*Базар саудасында, құн даулағанда, келеге түскенде «түпкі сөзіңді айт» деген мағынаны білдіретін сөз*).

- Найман қу ма, сайтан қу ма?

- Найманның қызы — қымыз,

Жігіті — саумал.

• Одырайдың он ұлынша! (*Шежіре дерегінде Орта жүз абақ керей ішінде ағайынды Көлдей, Елдай деген екі кісінің Көлдейінен — Шеруші, Елдайынан — Жәдік туған. Шерушінің бәйбішесі Одырайдан 10 ұл туыпты. Жәдік өлген соң әмеңгерлік жолымен оның әйеліне Шеруші үйленеді. Осыған намыстанған Одырай есейген балаларын ертіп Ауғанстандағы төркіндеріне көшіп кетеді. Мәтел сөз осы бір өкінішті оқиғаға орай айтылады.*

Шеруші әмеңгерлікке алған соңғы әйелінен Күнтуған, Айтуған деген екі перзент көрген. Бүгінгі шерушіміз деп жүргендер осы екеуінен өсіп-өнген ұрпақ).

• Ожық көшсе, орнына шапбас қонады (*Ожық, шапбас — абақ керейдің ішіндегі шеруші руынан тарайтын аталар. Іргелері сөгілмеген татулықтарына орай айтылған сөз*).

- Ойбайласам Құдай жоқ,

Ойбастасам қыпшақ жоқ (*Торғай бойын қалмақтардан тазартып, қазақтар жер бөліскенде, қыпшақтың құлан руы кейіндеп, найман ортасында қалыпты. Біраз жылдардан кейін ағайын-туғанды сағынған құлан жұртының ауыл-елі көшіп келіп қоныс сұрайды. Арғын, қыпшақтың игі жақсылары жиналып, ағайынды аңсап келген құлан еліне орталарынан ығысып орын беруді ұйғарады. Содан, Тасты өзенінің бойына келіп, беретін жердің орамын көрсетіп тоқтаған кезде, құлан руының басшы кісісі (кейде Құланның өзі еді деп те айтылады) тұрып, «аттың енді бір шабысындай жер қосыңдар» деп тілек білдіреді. Жер берушілер үндемей қалады. Сонда құлан руының басшысы атты қамшымен бір салып, қыпшақ ұранын атап «Ойбас! Ойбас!» — деп шаба жөнеледі. Ұранға арғын мен найманнан ешкім ілесе қоймайды. Сол жерде қайта айналып келіп, күйінгеннен «Ойбайласам — Құдай жоқ, ойбастасам — қыпшақ жоқ! Ақжол! Ақжол! Ақжол!» — деп, арғынның ұранын шақырып, атына қайыра қамшы басқанда арғындар қозғалақтап, құлан руының басшысына қалаған жерін беріп, көңілін көншітіп еді дейді (Дерек берушілер Сабыржан Шүкірұлы (1939), Қойшығара Салғараұлы (1939), Торғай өңірінің тумалары).*

- Он аралбайға — бір бекше,

Он қазаққа — бір аралбай (*Аралбай, бекше — арғын, оның ішінде — қуандық, оның ішінде — алтай, оның ішінде — мойын руынан тарайтын аталар*).

- Он отарбайға — бір сақы (*Отарбай, сақы — арғын ішіндегі ожан руынан өрбіген аталар. Бірінің жігіттері болжырлау, екіншісінің жігіттері ширақ болса керек*).

- Орта жүзге алты қожаның батасы дарып, алты арыс ел болған.

- Орыс болам десең,

Алдымен құлымбет бол (*Құлымбет — арғын, оның ішінде қуандық руынан өрбіген бір ата. Шұрайлы жерлерге баса-көктеп қоныстанған орыстар құлымбет атасын ертерек ассимиляцияға ұшыратқан*).

- Орыста — еврей,

Қазақта — аралбай (*Аралбай — арғын ішіндегі қуандық руынан өрбіген бір ата*).

- Өкпеші дәулетбай (*Дәулетбай — найман ішіндегі қаракерей руынан өрбіген бір ата*).

- Өтеғұл бай, соғым бай,

Құла айғырдың боғындай (*Өтеғұл, соғым — найман, оның ішінде — қаракерей, оның ішінде — тоғыс, оның ішінде — тоғалақтан өрбіген аталар*).

- Пұсырман, болған емес мұсылман (*Пұсырман — арғын ішіндегі бақай руынан өрбіген бір ата*).

- Садыр, матай сауысындай,

Думатайдың дауысындай.

- Сайтанды алдаған садыр (*Садыр — найман ішіндегі ру*).

- Сармантайдың етегіне ел қонған (*Сармантай — арғын, оның ішінде — қуандық, оның ішінде — алтай, оның ішінде — мойын руынан өрбіген бір ата*).

- Сарының дауы сенектен шықпайды (*Сары — қыпшақ ішіндегі ру*).

- Сары сорпаға тоймайды.

- Сен мені кедейсінбе,

Мен сені керейсінбейін.

- Сөз шіліден басталады,
Елке іргесіне мастанады,
Шора қазанына асты аз салады,
Жолдыбек шоқпарын жастанады,
Сары етін жеп, сорпасын ішерде

Бір-біріне бас салады (*Орта жүз қыпшақ тайпасының ішіндегі іргелі (аталық) рулардың бірі — ұзын қыпшақ. Ұзын қыпшақ өз ішінде алтыбас, алтыс (алтытіс) деп аталатын екі кіші руға бөлінеді. Солардың алтысынан қаз деп аталатын ата тарайды. Қаздан — шілі, елке, шора, жолдыбек, сары, елшібек деп аталатын кіші аталар өрбіген. Сары атасынан атақты Қошқар батыр, елшібек атасынан Әліби Жанкелдин шыққан.*

Мәтел сөзді елке атасынан шыққан Байғабыл деген кісі өз ағайындарына мінездеме, сын ретінде айтыпты дейді. Яғни, шілілердің сөзге шешендігін, елкелердің өсіп-өнген көптігін, шоралардың сараңдығын, жолдыбектердің күшіне сенетіндігін, сарылардың тентектігін меңзеген сөз (Дерек беруші Қойшығара Салғараұлы (1939), Қостанай облысы, Көкалат ауылы).

- Сырдың бойын жайлаған қоңыратым-ай,
Қасқайып Ташкен қарап жол жатуы-ай...
Қысың көмір болғанда, жазың шығыр,

Құдайдың осыншама сорлатуы-ай! (*Бұл сөзді Ұлы жүздің дулатынан шыққан бір ақын айтыпты дейді. Қоңырат елінің қыста сексеуіл өртеп, көмір етіп Ташкентке сататынын, жазда шығырмен су тартып, егін суаратынын әзілге қосқан. Яғни, отырықшы өмір-салт көшпелілер үшін Құдайдың зауалындай болып көрінген).*

- Тарақты болып тасқа шықтың (*Тарақтылар Орта жүздің ноқта ағасы ретінде руаралық дау-дамайға араласпай, яғни, ешкімнің намысын жыртып, бейтарап отыратынына орай айтылған сөз).*

- Тарақтының бар асылы қыздарына кеткен (*Бұл сөзді тарақты Тұяқ шешен айтыпты дейді. Арқада Сағынайдың әйдіңгер асы болып, үш жүздің ноқта аға руларынан келген адамдарға арнап оңаша үш үй тігілсе керек. Сонда асқа келгендердің бірі: «Тарақтыда Байғозы батырдан кейін оңаша үйге түсетіндей ұл туған жоқ еді, мыналар Сағынайдың асында бір жетісіп қалды-ау», — депті. Бұл сөзге Тұяқ шешен: «Әлтекеде Жидебай — о да менің жиенім, қанжығалы Бөгенбай — о да менің жиенім, шұбыртпалы Ағыбай — о да менің жиенім, дуан басы Ыбырай — о да менің жиенім! — деп, үш жүзден шыққан ығай мен сығайларды тізбелеп келіп. — Тарақтыдан оңаша үйге түсуге лайық ұл тумаса, бар асылы қыздарына кетіп жатқан жоқ па? Не танып тұрсың, үш жүздің игі жақсыларын жауып жіберейін бе?!» — дегенде, әлгі кісі артықтау кеткен әзілі үшін кешірім сұрап, ат-шапан айып беріп еді дейді).*

- Тегімді сұрасаң, торымын,
Құдайдан басқаның зорымын (*Торы — қыпшақ тайпасының бір тармағы).*
- Тобықты найманды қызық үшін сабайды.
- Тобықтының ақылы сабасаң кіреді.
- Тобықтының жонына қамшы тимесе құтырып кетеді.
- Тоғалақ-ау, тоғалақ,
Айдағаның — тоғанақ.

Найза, қылыш асынып,

Басың кетті домалап (*Тоғанақ — найман, оның ішінде — қаракерей, оның ішінде — байжігіттен өрбіген ата. Арғын, тобықты руының ішінде де тоғалақ атасы бар. Батырлары көп шыққан ел*).

• Тоғастың хандығындай (*Найман ішіндегі қаракерей руынан шыққан Тоғас деген кісі қалмақтардан босаған жұртқа көшіп барған шағын ғана ауыл-аймаққа басие болып, «хан» атанса керек. Осы шағын билікті меңзеп айтылған сөз. Қазір Тоғас ұрпағы рулы ел*).

• Тоғыз тымақ, сегіз тінәлі (*Тінәлі — арғын, оның ішінде — қуандықтан өрбіген ата. Негізгі мекені Қорғалжын көлінің маңы, Нұра өзенінің бойы*).

Бірде тінәлінің тоғыз адамы көрші ауылдағы бір бас қосуға бармақшы болып шықса, орта жолда Нұраның суы көтеріліп, тасып жатса керек. Тәуекел деп аттарын тебініп-тебініп жіберіп, өзенді кешіп өтпекші болған екен, ағынды су аттың аяғын жерге тигізбей ала жөнеліп, тінәлінің жігіттерін біраз әурелепті дейді. Содан, өліп-талып арғы жағалауға шыққан соң, «ойпырым-ай, аманбыз ба?» десіп, ошарыла тұра қалып санаса, адам саны тоғыз емес, сегіз дейді. Көз жеткізу үшін бірінен соң бірі санайды. Бәрібір сегіз болып шығады. Кім жоқ деп түстен түгендесе, түгел сияқты дейді. Сол жерде амалдары таусылып, бұл қалай болды деп аңырып тұрғанда, біреуі: «Әй, осы тымағымызды санайықшы» дейді. Дереву тымақтарын жерге алып ұрып санаса тоғыз болыпты. Сөйтсе адамдай санағанда, санап тұрған адам өзін қоспай санайды екен ғой. «Тоғыз тымақ, сегіз тінәлі» сөзі осыдан қалыпты дейді. Әрине, мұндай сөздің нағашылы-жсиенділер арасында жарастықты әзіл-оспақ барысында туындап отыратыны аян).

• Тоқбай Сарыны сәнге сабайды (*Тоқбай, сары — найман, оның ішінде — қаракерей, оның ішінде — мұрын, оның ішінде — жолымбеттен өрбіген аталар. Тоқбай Сарының ағасы*).

• Томай, жегені тоң май (*Томай — арғын ішіндегі ру*).

• Төмен барсаң — жәкел мен шоқай бар,

Жоғары барсаң — қырық мың қойлы тоқай бар.

• Төре болмаса, таракты төре болуға жарайды (*Н. Коншин. Труды по казахской этнографии. — Павлодар, 2005. 204-бет. Ж.О. Артықбаевтың түсініктемесі*).

• Төрт төлегетайдың дініне сенбе.

• Төртуылға төрт қой,

Төбесіне өрт қой (*Найман ішіндегі төртуыл руының арасындағы дау-шар кезінде айтылып қалған сөз. Сондай-ақ, төртуыл еркектерінің қасқабас болып қартаятыны да меңзелген сөз дейді*).

• Тума десе болмайтұғын тумалар (*Тума — найман ішіндегі қаракерейден өрбіген бір ата*).

• Түтінге шапқан тоқа.

• Тінет, итке мінет (*Тінет — арғын ішіндегі ру*).

• Уақ — тиын,

Ақша — теңге (*Ақша — уақ ішіндегі бір ата. Арғын, қаракесек руының ішінде де ақша атасы бар*).

• Ұзын бітті бойыма,

Ерлік, батырлық толды ойыма.

Бұлтың бітті бойыма,

Көптік толды ойыма.

Торы бітті бойыма,

Кемшілік толды ойыма.

Балық бітті бойыма,

Байлық толды ойыма (*Бұл нұсқа бес таңбалы қыпшаққа қатысты М.Ж. Көпейұлының жазып қалдырғаны. Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-том. – Павлодар, 2007. 33-бет*).

- Ұлы жүз жылқының төбеліндей,

- Кіші жүз жылқының жалындай,

- Орта жүз жылқының түгіндей (*Тарақты Шілмәмбет би айтқан сөз*).

- Ұлы жүздің қолына –

- Қауға беріп малға қой.

- Орта жүздің қолына –

- Қамшы беріп дауға қой.

- Кіші жүздің қолына –

- Найза беріп жауға қой.

- Ұры қаракесек.

- Ұры тобықты.

- Үкі дарыған Сәменбет (*Сәменбет – абақ керей, оның ішінде жәнтекей руынан өрбіген ата. Осы кітаптың «Орта жүз» тараушасындағы «Үкі дарыған Сәменбет» деген аңызды қараңыз*).

- Шайтанның білмегенін садыр біледі (*М. Тынышбаевтың дерегі бойынша найман ішіндегі садыр руының Лепсі, Ақсу бойындағы Тоңы, Шүйе, Шаржетім аталарының толыса өсіп-өнген кезі ХІХ ғасырдың алғашқы ширегі болса керек. Сол кезде 60 ата (25 мың түтін) болған екен. 1831-1845 жылдары қазақтың шұрайлы жерлерін зорлықпен басып алған Ресейдің отаршыл жендеттері садыр елін аямай қырып, нәтижесінде 4500 түтін ғана қалған. Қазан төңкерісінің аласапыранынан кейін садыр елі 9 мың түтінге әрең жеткен. Садыр елінде 1871 жылдан 1917 жылға дейін 61 қажы, 135 қари болған. Мәтел сөз садыр руының ішіндегі осындай көзі ашық адамдардың көп болғанын мегзейді*).

- Шақшақ ойын көрсетермін (*Арғын ішіндегі Қошқарұлы Жәнібек тарханның атасы Шақшақ батыр Есім ханның тұсында қол бастап, ерлік істерімен танылған. Жаугершілік кезде Шақшақтың соғыс өнеріне жүйріктігі, тапқырлығы, ілкімділігі сол кездің әскери тілінде «Шақшақ ойын» деп аталған. Бертін келе Шақшақтың ұрпақтары әлдебіреуге доңайбат көрсеткенде, бір жағынан – Шақшақтың ұрпағы екенін меңзеп, екінші жағынан – Шақшақ бабасының қарсыласын жеңбей қоймайтын ерлігін меңзеп, «Шақшақ ойын көрсетермін!» – дейтін болған*).

- Шаншардың кулары (*Шаншар – арғын, оның ішінде қаракесек руынан өрбіген ата*).

- Шөккен түйеге міне алмайтын көшей (*Көшей – арғын ішіндегі шақшақ руынан өрбіген аталардың бірі*).

- Шөптеміс, турап қойған ет деңіз (*Шөптамис — арғын, оның ішінде — қаракесек, оның ішінде — бошан, оның ішінде — байбөрі, оның ішінде — жүгінейден өрбіген бір ата. Қақ-соқпен ісі жоқ момын ел болған соң айтылған сөз*).

- Штансыз күзей (*Күзей — арғын, оның ішінде қуандық, оның ішінде қарпықтан өрбіген ата*).

- Шұбыртпалы шұбырған,
Тышқан етін қуырған.

- Шүлен таратқан оразкелді (*Оразкелді — қоңырат, оның ішінде көктіңұлынан тарайтын бір ата*).

- Ырғақты, ырғақтыны жын қақты (*Ырғақты — арғын ішіндегі ру. Әнші-күйші, өнерпаздары көп шыққан ел, осыған орай, айтылған әзіл сөз. Белгілі халық әні «Ырғақты» (кейде «Сырғақты» деп жаңсақ айтылады) осы ырғақты елінің ішінде туған ән. Бұл әнді алғаш рет үлкен ортаға жайған ұлы әнші Әміре Қашаубаевтың шешесі ырғақтының қызы болған. Белгілі әншілер Байғали Досымжанов, Бибігүл Төлегенова, Рақия Қойшыбаева, Мәдениет Ешекеев, Роза Рымбаева осы ырғақты руының тумалары*).

- Ісің адал болса Өскенбайға бар,

Арам болса Ералыға бар (*Орта жүз арғын тайпасының құрамындағы іргелі рулардың бірі — тобықты. Тобықтының рыспетек тармағынан өрбіген аталардың бірі — олжсай. Шежіре бойынша Олжайдан — Айдос, Қайдос, Жігітек. Айдостан — Ырғызбай, одан — Өскенбай. Жігітектен — Кеңгірбай, одан — Ералы*).

Сөз орайында, Өскенбайдан — Құнанбай (1804-1885), одан — ұлы Абай (1845-1905) туғанын айта кеткен жөн).

- Ішінде бес байыстың қыржы оңбаған,

Қысқа күнде түйесін төрт қомдаған (*Шежіре дерегінде найман тайпасының ішіндегі қаракерей бұтағынан — байторы, одан — мейрам, одан — байыс болып өрбіп келеді де, Байыстан — Сыбан, Шүрентай, Сары, Мақта (Байжігіт), Мәмбетқұл (Қыржы) есімді бес ұлдың туғаны айтылады. Кейбір деректерде Байыстан — Мұрын, Сыбан, Ақымбет, Байжігіт, Қыржы есімді бес баланың туғаны айтылады*).

Мәмбетқұл кенже болған соң ба екен, мейлінше тентектігімен аты шыққан. Жас кезінде қыржыңдап ашулана беретін мінезіне бола жеңгелері Мәмбетқұлға «Қыржы» деп ат қояды. Жүре келе Мәмбетқұл аты ұмыт болып, «Қыржы» атауы одан өрбіген тұтас әулет атауына айналып кеткен).

КІШІ ЖҮЗДІҢ РУ-ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ

- Адайдың бейіттерін көргенде өлгің келеді (*Кіші жүз ру-тайпаларының арасында, әсіресе, адайлар арасында бейіт соғу, мола салу, құлпы тас орнату дәстүрі айрықша дамыған. Үстірт үстіндегі, Арал төңірегіндегі байтақ қорым-пантеондар қазақтың молалық-сәулет өнерінің озық үлгілері болып табылады. Әйгілі тұлғаларды даралап жерлеу, сын тастарды әулет-ата мен ру-тайпа бойынша көшелеп орнату, қыз-келіншектерге оқшау шоғыр етіп там соғу сияқты ежелден бастау алған дәстүр назар аударар-*

лық. Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы Дәуіт ата қорымында адай қыз-келіншектеріне бірінен-бірі әсем ақшаңқан күмбездер шоғыры бөлек соғылған.

Мұндай молалық-сәулет өнерінің үлгілерінен байырғы наным-сенімнің белгілерін айқын байқауға болады. Жергілікті ұлтас сияқты құрылыс материалдары дәстүрлі наным-сенімді айрықша кие тұтып, адам ықыласының заттана көрініс табуына мол мүмкіндік берген).

- Адай қорықса Бекет дейді,

Бекет те айтқандарын екі етпейді (Бекет ата Маңғыстау өңіріндегі үш жүз алпыс әулиенің пірі, кие дарыған батыр, берен ұста, шебер сәулетші, ақылгөй дана, қапысыз көреген болған адам. Бекет Мырзағұлұлы XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген).

- Адай мен таз емшектес (Адай, таз — он екі ата байұлының ішіндегі рулар. Шежіре дерегі бойынша Кіші жүз құрамындағы байұлы он екі ата, қыздың баласы — Адаймен он үш ата дейтін сөз бар. Мұның мәнісі, Байұлының Қанбибі деген қызынан туған Адай шешеден нәресте кезінде жетім қалады да, Таздың шешесі бауырына салып, Таз бен Адайды тел емізіп өсіреді. Байұлының басқа бұтақтарына қарағанда Таз бен Адайдың бір-біріне етене болатыны содан. Таз руынан шыққан Қашқынбай ақынның жемеге келгенде «Емшектес адай қайдасың?!» — деп қолдау күтуінің де бір сыры осында).

- Адай — шеңгел,
Табын — деңгел,
Әлім — бидай,

Біз — орақ (Түркімен мәтелі. Мағынасы — адайдың жауынгерлігін, табынның жолының үлкендігін, әлімнің сән-салтанатын, осылардың бәрімен түркімендердің әр түрлі жағдайда аралас-құраластығын айтқаны. Мәтел сөзді жеткізуші — Әбіш Кекілбаев).

- Адай, адай аңыратқан,
Ақсақ қойын маңыратқан.
Ұйықтап жатқан шешесін
Көтенге теуіп оятқан (С. Қондыбай).

- Аққу мен қаз егіз,
Адай мен таз егіз («Адай мен таз емшектес» мәтелін қараңыз).

- Алмантауы — кекірек,
Күлдің шеті былқылдақ,
Таздың көті тыркылдақ (С. Қондыбай).

- Алтын, жаппас,
Есігін жаппас (Алтын, жаппас — байұлының ішіндегі рулар. Кейбір шежіре деректерінде Алтын — Жаппастың шешесі екені айтылады).

- Алшын болсаң адай бол,
Арғын болсаң алтай бол,
Үйсін болсаң сиқым, жаныс, ботбай бол,
Найман болсаң қаракерей, садыр, матай бол,
Өзгелерің қалай болсаң солай бол (М.Ж. Көпейұлы).

- Арғын болсаң — алтай бол,
Найман болсаң — матай бол,

Алшын болсаң — адай бол,
 Үйсін болсаң — ботбай бол,
 Бұл төртеуінің бірі болмасаң,
 Қалай болсаң, солай бол.

- Арғын болсаң — алтай бол,
 Найман болсаң — матай бол,
 Алшын болсаң — адай бол,
 Бұл үшеуінің бірі болмасаң,
 Қалай болсаң, солай бол.

- Арғындар аса қонады,
 Шөмекей баса қонады.

- Аспан үстінде — Құдай,
 Жер астында — мұнай,
 Ортасында — адай,
 Қалғаны — қурай.

- Асыл тусаң керей бол,
 Үш қазаққа мерей бол.
 Уақ болсаң шоқа бол,
 Даулы істе жота бол.

Арғын-қыпшақ болсаң алтай бол,
 Найман-қоңырат болсаң матай бол,
 Байұлы болсаң адай бол,
 Үйсін болсаң ботбай бол.

Бұл алтауының бірі болмасаң,

Қалай болсаң солай бол (*Төле би*).

- Атасыз туған Байсары (*«Кіші жүз» тараушасындағы «Кете» тақырыпшасын қараңыз*).

- Әлім аға баласы (*Кіші жүз ру-тайпаларының ішінде әлім тайпасының жолы үлкен*).

- Әлім алдында аузыңды тый.
- Әлімнің түйе қарағаны бір үйлік.
- Әлімнің үлкені де Қаракесек,

Кішісі де Қаракесек (*«Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Қаракесек» тақырыпшасын қараңыз*).

- Әлім-шөменнің ішіндегі биі — төртқара, батыры — қарасақал, мырзасы — шөмекей.

- Әуелі адай бол,
 Сонсоң мұңал бол,
 Сонсоң жарты бол,

Сонда Құдайға төрт елі қаласың (*Мәтжан би айтыпты деген сөз*).

- Беріш бұзылса бегіс түзейді,

Бегіс бұзылса кім түзейді?! (*Байұлының ішіндегі он екі атаның бірі беріш. Шежіре дерегі бойынша Беріштен — Байбақты, одан — Асылбас, Шақай, Құсылбас туған. Осылардың Құсылбасынан — Жанай, Қожай, Қосай, Бегіс туып, олардың өсіп-өнген ұрпағы бір-бір атаға ұласқан*).

- Беріш көп пе, орыс көп пе?
- Бескүрек қауқары жоқ.
- Бескүрексімей былай тұршы.

- Базащыдан бір ұл туса,

Домбыраның күні туады (*Базащы — адай ішіндегі бір ата. Дәулескер күйшілері көп шыққан ел*).

- Бөкеннен ұл туса,

Киікке күн туады (*Бөкен — байұлы, оның ішінде — келімберді, оның ішінде — бұзаудан өрбіген ата, аңшылықты кәсіп еткен ел*).

- Бір балам бар, ол — ахұн,
Екінші балам — ахұнға жақын,

Қалған екеуі бұқарадан тақыл (*Бұл сөзді Абдолла хазіреттің әкесі Жаналы айтыпты дейді. Абдолла хазірет (1856-1919) «Ғалия» медресесін бітіріп, Бұхарадағы жоғары мұсылман мектебінде оқыған, өз кезінің сауатты, зиялы адамы болған. Мешіт салдырып, қазақ, қарақалпақ, өзбек балаларының сауатын ашуына ықпал еткен*).

Шежіре дерегі Адай — Құдайке — Қосай — Байбол — Есенғұл — Есек — Темір — Избасар — Жаналы деп таратады. Жаналыдан — Абдолла, Мәтжан, Қасен, Құсайын. Жаналының «ахұн» деп айтқаны — Абдолла, оған «жақыны» — Мәтжан, «бұқарадан тақыл» дегені — Қасен, Құсайын. Қасен мен Құсайын дінге мойын ұсына қоймағанымен, олар да төңірегіне сыйлы, парасатты адамдар болған).

- Дос болсаң тамамен бол,

Тама ішінде Танашпен бол (*Бұл сөзді Кенесары хан өзінің сенімді досы тама Танаш батырға қаратып айтыпты дейді*).

- Екі кісі сұлтансиықты көрсең —

Бірі серілікте жүреді.

Екі кісі берішті көрсең —

Бірі ерлікте жүреді.

Екі кісі шеркешті көрсең —

Бірі билікте жүреді.

Екі кісі тазды көрсең —

Бірі саудада жүреді.

Екі кісі ысықты көрсең —

Бірі ұрлықта жүреді.

Екі кісі есентемірді көрсең —

Бірі қорлықта жүреді.

Екі кісі адайды көрсең —

Бірі зорлықта жүреді (*Бұлар байұлының құрамындағы рулар*).

- Елді орыс билей ме, әлде беріш билей ме?

- Ершінің еркегін қойып,

Әуелі әйелімен айтысып ал (*Ерші — байұлының ішіндегі қызылқұрт руынан өрбіген бір ата. Шежіре дерегі бойынша Ерші — әйгілі күйші Құрманғазы Сағырбайұлының жетінші әкесі. Ершіден өрбіген ұрпақ ішінен әнші-күйшілер, би-шешендер, ақын-жыраулар көп шыққан. Мәтел сөздің айтылу қисыны осыған орай*).

- Есентемір деген ел едік,
Есебі жоқ көп едік.
Есебін тауып жегенде
Таусылмайтын көп едік... (*Қаратаудың Сырдарияға ұштасар тұсындағы жар-тасқа қашалған жазу*).
- Есентемір мен Адай Беріштің қолында өскен.
- Еспембет – ойық таңбалы керейт,
Қоспембет – тілік таңбалы керейт.
- Ет жаманы көмекей,
Ел жаманы шөмекей.
- Жақайым, жақайым,
Татымайды топайын,
Сыртылдайды бақайын,
Сықырлайды тұқайың (*Жақайым – әлім, оның ішінде шектіден өрбіген бір ата*).
- Жалайыр көшсе,
Жаппас қонады.
- Жаныс көшсе,
Орнына жаппас қонар.
- Жары көп пе, тары көп пе? (*Жары – байұлы, оның ішінде – адайдан өрбіген аталардың бірі*).
- Жарының түйе қарағаны үй толтырады.
- Жеменей, жеменей,
Жеменейдің қыздары
Суға түскен кемедей (*Жеменей – Кіші жүз адай ішіндегі, Орта жүз найман ішіндегі ата*).
- Жер жаманы – ылди,
Ел жаманы – бұлди (*Бұлди – жағалбайлы ішіндегі бір ата*).
- Жетіру жеті өлікке жан берген,
Жеті пірге қол берген.
- Жетіруға жеті пір назарының қырын салған.
- Жөгі келді дегенше,
Жегі келді десейші (*Жөгі – тама ішіндегі бір ата*).
- Жөгіленбей жайыңа отыр.
- Кедей – жомарт емес,
Шылым – жеменей емес.
- Қабақ, іздегені тамақ (*Қабақ – әлім, оның ішінде – шектіден өрбіген бір ата*).
- Қазыбектің наурызы (*Бұл сөзді Ақтөбе облысының қарттары жыл қайырғанда айтып отырады. Қазыбек өмірде болған адам, XVIII ғасырда өмір сүрген даңғыл есепші болған. Шыққан тегі – он екі ата байұлының ішіндегі байбақты руы. Қазыбек табиғат сырының білгірі, уақыт өлшеміне жүйрік есепші, өз кезіндегі далалық астрономияның жұрт мойындаған ғұламасы болған адам. Қазыбек орнықтырған жыл қайыру есебіне Түркістан төңірегін, Сыр бойының жұрты құлақ асып тоқтаған. Бұл өңірлер арқылы Қазыбектің жыл қайыру есебі байтақ қазақ сахарасына мәлім болған.*

Белгілі түрколог, түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігін жасаған ғалым Л.З.Будагов Ұлыстың ұлы күні туралы келтірген дерегінде қазақтар наурыз айының 10-11 күндері «Қарт наурызды» тойлатынын, 22-і күні «Жас наурызды» тойлайтынын айтады. «Қарт наурыздың» қазақ арасында «Қазыбектің наурызы» деп аталатынын атап өтеді. Әрине, бұл деректің Кіші жүздегі есепші Қазыбек есімімен байланысты екеніне күмән жоқ.

Бұл сияқты тарихи деректі әйгілі жазушы Ғабит Мүсіреповтың 1977 жылы наурыздың 18-і күні «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласы да орнықтыра түседі. «Нүрпейіс Байғаниннен Алматыға қашан келесіз деп сұрағанымда «Қазыбек қазаны өткен соң келемін» дегені бар еді. Қазыбек қазаны біз білетін қазаннан өзгеше-леу болуы мүмкін», — дейді Ғабит Мүсірепов).

- Қарабасты найза беріп жауға қой,
Қалдыбайды айқайлатып дауға қой,
Жарасты қырындатып қызға қой,
Өмірді таяқ беріп малға қой,

Сексенді пышылдатып асқа қой (Бұлар әлім ішіндегі қабақтан өрбіген аталар. Шежіре дерегі бойынша Қабақтан — Қанкелді, одан — Пұсырман, одан — Қарабас, Қалдыбай, Жарас, Өмір, Сексен есімді бес ұл туған).

- Картопка семірген жағалбайлы.
- Қарасу қайнай-қайнай сабын болар,
Қазақтың ең жаманы табын болар (Табын — жетіру ішіндегі тайпа).
- Қасай болмаса,

Қасаболат қайдан туады (Әлімнен өрбіген ұрпақтың бір тармағы — ұланақ (сасықбай), одан — есіл, одан — үңгіт, одан — жақау аталары тараған. Жаугершілік заманда Жақау қалмақ ханының Қасай, Жекей деген күймелі екі қызын қолға түсіреді. Сөйтіп, Қасайға өзі үйленеді. Қасайдан Қасаболат деген бала туып, өсе келе әкесі Жақаумен тізе қосып жауға шабатын батыр болады. Мәтелдің мәні — Қасаболаттың қалмақ шешесін дәріптеуге саяды. Сөз орайында айта кету керек, Қасаболаттың әкесі Жақау әйгілі Қара Қыпшақ Қобыланды батырдың қарындасынан туған. Қобыландының сауыты алдымен Жақауға, сонан соң Қасаболатқа мұра болған).

• Қопаға шапқан тоқа (Тоқа — шөмекей ішіндегі бір ата. Кеңес өкіметі орнаған кезде тоқа руы бас көтеріп біраз қарсылық көрсеткен. Көз көрген қарттар бұл оқиғаны «Тоқалар көтерілісі» деп еске алып отырады. Осы көтерілісте қамыс арасына тығылған қызылдың адамдарын тоқалар қуып шыққан. Мәтел сөз осы оқиғаны меңзейді).

- Қосқұлақ, қосқұлақ,
Айдағаны ешкі-лақ,
Жамылғаны жапырақ,

Төсенгені топырақ (Қосқұлақ — байұлы, оның ішінде — адай, оның ішінде — мұңалдан өрбіген бір ата).

- Қосым — қойыс болғысы келеді,

Қойыс — орыс болғысы келеді (Байұлының құрамындағы шеркеш тайпасының ішінде қосым, қойыс деп аталатын екі ата бар. Қойыс атасынан орысша білім алған зиялылар көп шыққан. Мәтел сөз осыны меңзей айтылған. Сөз орайында, шеркештің шоқтығы саналатын қойыс атасынан әйгілі правитель Мақаш хәкім Шолтырұлы, академик Салық Зиманов шыққанын айта кеткен жөн).

- Қосым шеркеш емес,
Кәтеней қосым емес (*«Лақап немесе жанама этнонимдер» тараушасындағы «Бес шеркеш» тақырыпшасын қараңыз*).
- Құдайдан қорықпа,
Ұлдайдан қорық (*Шыман батырдың әйелі, әулетке басие болған адам*).
- Құрманайдың байбағынан сақтан,
Жиенейдің шабағынан сақтан (*Әлім ішіндегі шекті руының бір бұтағы кішкене-ден (алты кішкене) өрбіген аталардың өсіп-өнгендігін, көптігін, жасауынгерлігін мегзеген сөз. Хиуа хандығының өктемдігі мен Ресей отаршылдығына қарсы күрескен әйгілі батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1780-1860) осы аталардан шыққан*).
- Қырық жігіт болып жолға шықсаң, бір жолдасың қосай болсын (*«Кіші жүз» тараушасында берілген «Түркімен адай» атты шежірелік деректі қараңыз*).
- Қырықмылтық,
Қырық үйде бір мылтық (*Қырықмылтық — адай ішіндегі бір ата*).
- Қырымқұлдың қырық биі бар,
Ең кішісінің өзі тоқтылы қойдың дауын шешеді (*Қырымқұл — байұлы, оның ішінде — адайдан өрбіген бір ата. Бұл атадан ХІХ ғасырда жоғарғы адайға билігін жүргізген Ғафұр Қалбин сияқты билер көп шыққан*).
- Маңғыстаудан айладырды (түркімендерді) бостырған айтқұл Атақозы батырдың сұсы, құнанорыс Лабақ батырдың күші, ескелді Саназар байдың тіл таңбалы күрең арғымағының тұяғының ұшы (*Шежіре дерегі бойынша сегіз арыс адайдың қосайынан — Атақозы батыр, құнанорысынан — Лабақ батыр, мұңалынан — Саназар бай сияқты елге қорған, жұртқа пана тұлғалар шыққан. Бұлар ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басында ғұмыр кешіп, адайлардың Үстірт үстіне қоныстануына көп еңбек сіңірген. «Кіші жүз» тараушасындағы «Атақозы батыр» тақырыпшасын қараңыз. Дерек беруші Сайын Назарбек*).
- Мәметектің де таяқ жейтін жері болады (*Мәметек — байұлы, оның ішінде — жаппастан тарайтын бір ата. Мәметек тарихта болған адам, ол кісі тартқан жебесін он екі қабат кетпеннен өткізіпті деген сөз бар*).
- Ожырай кетсе орнына,
Жаппас қонар жұртына (*Ел аузындағы қария сөз бойынша Кіші жүз Алшыннан — Алау, Құдуар туады. Құдуардан — Алғожа мен Асанқожа туады. Асанқожаның бір баласы — Ерқожа. Осы Ерқожаның бір баласы — Ожырай туыстарына өкпелеп, әлімнің бір атасы — кете ішіне барып сіңеді. Содан олар «Ожырай-кете» атанып кетеді. Көшіп кеткен Ожырай әулетінің жұртын жаппастар қоныс етеді. Мәтел сөз осы оқиғаға орай айтылған*).
- Ойды орыс бермейді,
Қырды қойыс бермейді (*Қойыс — жетіру, оның ішінде тамадан өрбіген бір ата. Ата қоныстары Нарын құмының солтүстік шалғайы. Қойыс ХІХ ғасырдың бірінші жартысында ғұмыр кешіп, ақындық-әншілік өнерімен жұртқа танылған, Қазан қаласындағы семинарияны бітірген, өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу тұлғасы болған. Оның «Жанайраш», «Қарабалық», «Қойыстың қоңыр әні», «Шандоз» сияқты әндері ел ішінде күні бүгінге дейін айтылады. Қойыстың шөбересі — қазақтың көрнекті ақыны Хамит Ерғалиев*).

- Өзі алаша болады,
Өзі жүзу білмейді.
- Рамаданның өлген өлігі жеті кісіні алдаған (*Әйгілі Алдаркөсе — рамадан*).
- Өңгіттің қызы — қымыз, жігіті — саумал (*«Сіңісті аталар мен ру-тайпалар» тараушасындағы «Өңгіт» тақырыпшасын қараңыз*).

- Сегіз арыс адайдың
Бірі — жырау, бірі — ақын,
Бірі — самал, бірі — салқын,
Бірі — жаңбыр, бірі — қарқын,
Бірі — мырза, бірі — ер,
Бірі — ылди, бірі — өр,
Бірі — мақпал, бірі — зер (*Қарағұл Қалыбайұлы*).

- Сейін азбай ел азбайды,

Жусан азбай жер азбайды (*Шежіре дерегі бойынша Кіші жүз Шөмекейден — Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл есімді төрт ұл туыпты. Осылардың Бозғылынан — Қарақожа (Қаратамыр), Қайқы, Келдібай, Сарыбай, Торыбай туады. Бұлардың Келдібайынан — Сейін туған. Сейіннен — Қошқаралы, Қосай, Дөсек, Бекет туып, олардың өсіп-өнген ұрпақтары бір-бір атаға ұласқан.*

Сейін өз тұсында Есім ханмен, Салқам Жәңгір ханмен қатар өмір сүріп, ел ісіне араласып, бүткіл шөмекейге билігін жүргізген адам. Мәтел сөз Сейіннің елдік істердегі ардана қасиеттерінің мол болғанын аңғартады.

- Сулы көз есентемір (*Есентемір — байұлының ішіндегі ру*).

- Сырдан жалайыр көшсе,
Орнына жаппас қонады.
- Табынайым — көк сүңгісі қолында,
Елін қорғар ер болар.
Шоңайым — өнері өрісті,
Сөзі келісті,
Шешімі тақ-тақ би болар.
Зорбайым — түлігі біткен,
Төлі өскен,
Ошарылған бай болар.
Осындай туыстарының ортасында

Бәубегімнің де шаруасы жай болар (*Бұл сөзді адай Әлмембет өз балаларына сын етіп айтыпты дейді. Шежіре дерегінде сегіз арыс адайдың ішіндегі іргелі аталардың бірі — тобыш. Тобыштан — Ораз, Бөгей. Ораздан — Жайық, Шегем. Жайықтан — Әлмембет туады. Әлмембеттен — Табынай, Шоңай, Зорбай, Бәубек, Қожа туған.*

- Табын, табын талталы,
Табын қызы қалталы,
Қалтасына қол салсаң,
Он екі уыс талқаны.
- Таз сейсенбіні тергейді (*Адай арасындағы таздарға қатысты сөз*).
- Таманың тәуекелінен сақта.

- Танысан адаймын,
Танымасан Құдаймын.
- Таран таранып тойға бармаса,

Той — той болмайды (*Таран — жетіру, оның ішінде — кердері, оның ішінде — көтеремнен өрбіген ата. Таран тұқымынан Әбубәкір Боранқұлұлы (1861-1903) сияқты ақын-жыраулар, әнші-күйшілер көп шыққан. Солардың сән-салтанатына, сал-серілігіне орай айтылған сөз*).

- Төртқара, тышқан етін жеп қара.

Төрт шоланды байытқан үш тоқал (*Байұлы, оның ішінде — сұлтансиық, оның ішінде — байбақтыдан шыққан Әйтiмбеттің Шоланы деген батыр кісі болған. Бұл — әйгілі Сырым Датұлының үлкен әкесі. Шолан батырды төрелер қылыштан өлтіргенде, төртінші перзенті Дат іште қалса керек. Шоланнан — Есенбай, Түркеш, Байторы, Дат есімді төрт ұл туған. Ел ішінде бұлардың әулетін «Төрт Шолан» деп те атайды. Осы төрт шоланның Есенбайының Зеріп деген тоқалынан 9 ұл, Даттың Дүрдана деген тоқалынан 9 ұл, Түркештің Кенжеқыз деген тоқалынан 8 ұл туған. «Төрт шоланды байытқан үш тоқал» деген сөз осыған орай айтылған. Дерек ретінде Даттың балаларын атай кетуге болады. Даттың бәйбішесінен — Адамбай, Атанай, Жомарт туған. Ал, тоқалы Дүрданадан — Сырым (Сырлыбай), Дүйімбай, Жандыбай, Қалдыбай, Базарбай, Қорлыбай, Шегебай, Нұрлыбай, Барлыбай туған*).

- Тышқан құтырса мысық бар,
Адай құтырса ысық бар.
- Тілеу, қабак, төртқара —
Сулары теріс аққан,

Елдері сөз баққан (*Тілеу, қабак, төртқара — әлім ішіндегі рулар, Бұл рулардың атамекендері — Мұғалжар тауының шығысы, Бірғыз өзенінің бойы, Ұлы Борсық құмының алабы. Бір кездегі қазақ-ноғайдың аңырап айырылысқан ата жұрттары осы аймақ. Күні бүгінге дейін осы өңірде тарихи оқиғалардың таңбасындай болып Ноғайлы жолы айтақыр қалпында жатыр*).

Мәтел сөздің айтылуына орай бұл өңірден шыққан тарихи тұлғалар еске түседі: *әйгілі Асанқайғы, оның ұлы Абат, тама Есет батыр, шекті Есет батыр, шекті Көтібар батыр, Қазанғап күйші, Нүрпейіс Байғанин, Құдайберген Жұбанов, Ахмет Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нүрпейісов, Қуандық Шаңғытбаев, Сағи Жиенбаев, Әлия Молдағұлова, т.б.*

• Уа, Құдайым, Рысқұлдың жолын бер! (*Бұл сөз «Уа, Жаратқан Ием, Рысқұлдың жолын бер!», «Уа, Тәңірім, Рысқұлдың жолын бер!» — деп те айтылады. Кіші жүз сегіз арыс адайдың бір арысы — құнанорыс. Құнанорыстың әу баста азан шақырып қойған аты «Рысқұл» болса керек. Ол кезде адайлар Алатаудың бөктерін қоныстайды екен. Бірде Рысқұл оқыстан суға кетіп қала жаздап, оны құнан өгіз мінген бір орыс құтқарып алса керек. Орыстың жасаған жақсылығына жақсылық жасайық деген ниетпен Рысқұлдың жақын-жуықтары одан бұйымтайын сұрап, «қалауыңды айт» депті. Сонда, әлгі орыс «Мен ештеңе қаламаймын, шын бұйымтайымды сұрасаңдар, бұл балаға менің атымды қойыңдар» депті. Орыстың есімі есте қала ма, оның мінген өгізі мен орыс екенін меңзеп Рысқұлды «Құнанорыс» атап кетіп еді дейді*).

- Ұлы жүз аттың төбеліндей,
Кіші жүз аттың жалындай,
Орта жүз аттың түгіндей.
- Ұлы жүздің қолына —
Қауға беріп малға қой,
Орта жүздің қолына —
Қамшы беріп дауға қой.
Кіші жүздің қолына —
Найза беріп жауға қой.
- Үйленем десең шөмекейге бар.
- Шекті көп пе, шегіртке көп пе?
- Шеркеште — ағалық,
Беріште — батырлық,
Сұлтансиықта (байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт) — сыпайылық,
Тазда — ұрлық,
Адайда — зорлық,
Есентемірде — қорлық.
- Шеркеш — түйеге өркеш,
Қазанға қап,

Қамшыға сап (*Шеркеш руынан шыққан қазақтың көрнекті ақыны Қайрат Жұмағалидан осынау мәтел сөздің мәнін сұрағанымызда: «Е-е, ондай сөз бар, оның мәнін орысша айтқанда — шеркештер мейлінше коммуникабельный ру болған ғой», — деді. Сонда, қазақшасы қалай болады дегенімізде: «Қазақшасы ма? Қазақшасы — шеркештер ел дегенде иіліп, жұрт дегенде жиыла алатын ру деген сөз», — деді. Ақынның сөзін мың-сан тарихи айғақ-деректер орнықтыра алатынына көз жеткізуге болады).*

- Шөмекейде қыз көп.
- Шөп жаманы — селеу,
Ел жаманы — елеу.
- Шөп жаманы — селеу,
Ел жаманы — тілеу.
- Ылдисыз жер болмас,
Бұлдисыз ел болмас.

ЖҮЗГЕ КІРМЕЙТІН РУ-ТАЙПАЛАР ТУРАЛЫ

- Ақ сәлделі қожадан ақ жаулықты әйел артық.
- Ала шапан төрең бар,
Ала сәлде жожаң бар.
- Әулекі төре ат үстінен төрелік айтар.
- Бектіктен кеткеннің дауасы қабыл,
Қожадан бата алғанның мұрасы қабыл.

- Бір қожа олжалы келсе,
Екі қожа атқа қонады.
- Бір қожа үш кісіні мұрит етеді (*Мұрит — діни лауазымды адамдардың шәкірті, ізбасары*).
- Жасамыс төрені билік үшін жас төре жеңеді.
- Жемді ат жеп,
Жүкті есек көтереді.
Қазыны төре жеп,
Олжасын төлеңгіт көтереді.
- Жерден тісі сарғайған —
Кәрі сиыр соқпақшыл.
Елден тісі сарғайған —
Кәрі қожа тақпақшыл.
- Еккен егіншіден науқаншы қожа көп жыяды.
- Күміс есікті төренің сыбағасы ағаш есікті қараның үйінде.
- Кірмеде кісілік болмайды,
Кімнің тарысы піссе, соның тауығы (*Бұл сөзді Кенесары хан айтыпты дейді*).
- Қайырсыз біткен түйеден,
Қожадан алған ешкі артық.
Төреліксіз төреден,
Төлеңгіттен шыққан есті артық.
- Қара жылап айтса нанбайды,
Төре күліп айтса нанады.
- Қара таныс болады —
Қожаны пір тұтуға.
Қожа таныс болады —
Қарадан ұпай ұтуға.
- Қар жауды деп қуанба аязы бар,
Қожа келді деп қуанба ниязы бар (*«Нияз» — араб сөзі, пітір-садақа, қайыр-зекет, салық деген мағынада*).
- Қасқыр ішікті төре жолдасының тоңғанын білмес.
- Қожа бар жерде қолынды қойнына тықпа.
- Қожаға жағамын десең —
Азаның керек.
Төреге жағамын десең —
Қазаның керек.
- Қожадан ілім аласың,
Төреден тәлім аласың.
- Қожа жиылып ел болмас.
- Қожа — құлақтас,
Төре — табақтас.
- Қожаны көрсең Қыдыр тұт,
Төрені көрсең қадір тұт.
- Қожа — күндіз тақуа, түнде ақуа.

- Қожаның келгені — сұрағаны.
- Қожа асқа өкпелесе,
Төре басқа өкпелейді.
- Қожа атына шөп сал,
Көтере байлап көп сал.
- Қожа аштан өледі,
Төре астан өледі.
- Қожа бибісімен дәрет су үшін ұрсысады.
- Қожа қараның үйіне түскенде:
«Малға — бәлемет, басқа сәлемет» деп бата қылады.
- Қожа — нұрдан,
Төре — сағымнан жаралған.
- Қожаның алтынын алма,
Алғысын ал.
- Қожаның қатыны өлсе,
Қараның қызы бар үйін санайды.
- Қожаның түсіне дәрет құманы кіреді.
- Қожаны пайғамбар әулеті деп сыйла.
- Қой аяғы кілмек,
Қожа аяғы ілмек.
- Қой соймасаң қожаға,
Тері қайдан табылар.
Төріңе шықпай төренің,
Бабы қайдан табылар.
- Қыдырлы қожа қыдырып келер,
Қыдыры артынан шұбырып келер.
- Қырғыз көп пе, жұлдыз көп пе.
- Манат хан — Манат ханды нан атқан (*Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 8-том. 169-бет*).
- Намазға ұйығың келсе, қожаға құл бол,
Әділдікке жүгінгің келсе, төреге құл бол.
- Ноғай бар жерде тат бар (*Кезінде Қырым қалаларын тұрақ еткен генуялықтардың, армяндардың, жәһәйттердің (еврейлердің), түріктердің қан араластыруынан пайда болған этникалық топты «тат» деп атаған*).
- Оқ-дәрі отпен бірге жатпайды,
Қожа мен төре бір ауылға батпайды.
- Оңбаған ханды төлеңгіті билейді,
Қаран қалған елді қатын билейді (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Өрісі — жыңғыл,
Отырысы — даңғыл (*Барлас руына қатысты айтылған мәтел сөз*).
- Саудагер хисабын айтса,
Қожа кітабын айтады.
- Сөйлей берсе сөз таусылмайды,
Сарт құрымай, бөз таусылмайды.

- Сұңғыла қожаның күнде бір үйі кеңиді,
Сұғанақ қожаның күнде бір үйі кемиді.
- Тары кеуде көтерсе,
Дақылының жоқтығы.
Төре кеуде көтерсе,
Ақылының жоқтығы.
- Таста тамыр жоқ,
Төреде бауыр жоқ.
- Төленгіт жолдас болады —
Төреден пайда көруге.
Төре жолдас болады —
Өзіне қосшы төленгітті
Ұлына да малай ғып беруге.
- Төленгіт, төренді күт.
- Төреге — төрт табак,
Қожаға — қос табак,
Қараның төртеуіне — бір табак.
- Төре баласы мен түйе баласының мойны бір қисайса түзелмейді.
- Төре жоқта нөқта ағасы төрелік етеді (*Ұлы жүздің нөқта ағасы — жалайыр,
Орта жүздің нөқта ағасы — тарақты, Кіші жүздің нөқта ағасы — табын. Бұлардан
басқа әрбір ру-тайпаның да өз ішінде нөқта ағалары болады*).
- Төре бауыры суық.
- Төреге ерсең ер арқалайсың,
Қожаға ерсең тері арқалайсың.
- Төреден төленгіт мығым.
- Төре қасына еріп көр,
Пақыр болмасаң маған кел.
Қожа қасында жүріп көр,
Қапыл болмасаң маған кел.
- Төрелі жерге ел тоқтайды,
Төбелі жерге мал тоқтайды.
- Төремен жолдас болсаң,
Көзіңе айтпай жиренеді.
Қожамен жолдас болсаң,
Бата беріп тіленеді.
- Төре мен қожа қыс шанасын, жаз арбасын сайлайды.
- Төре мен қожа Меккеде табыспаса да, некеде табысады.
- Төре мен қожаны «алдияр» десең — далдияр.
- Төренің иті қабаған,
Төленгіт иті жатаған.
- Төренің түбі — сарт,
Сарттың түбі сары ит (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Төрені «төре» десең, төбеңе шығады.
- Төресіз ел болмас,
Төбесіз жер болмас.

- Төре — тоңқ етпе,
Қожа қолтыққа кіргіш.
- Төре — төр иесі.
- Төре — тоңқ етпе,
Қожа — қоңқ етпе.
- Түйе аяғы маймақ,
Төре аяғы тайғақ.
- Тіріміздің билігі — «Арқар» ұранды төреде,
Өліміздің билігі — «Алдияр» ұранды қожада.
- Ұра алмасаң қожаны,
Соға алмасаң қожаны —
Құдай тапсын жазаны.
- Ұрыны қонаққа шақырсаң,
Қораға көз салып отырады.
Қожаны қонаққа шақырсаң,
Қатынына көз салып отырады.
- Хан нағашысы — барлас,
Сыбағасы — жамбас,
Құрғаны — малдас,
Мердігерге бармас,
Бөрі жемес,
Зекет бермес (*«Қазақ этнонимдері» тараушасындағы «Барлас» атауын қараңыз*).
- Шариғат айтқан қожадан айнал,
Ақиқат айтқан төреден айнал.
- Шөп жаманы — қоға,
Құс жаманы — шажа,
Қонақ жаманы — қожа (*Шажа — бүркіт пен қарақұс арасынан шыққан будан құс*).

ӨЗГЕ ЕЛ-ЖҰРТТАР ТУРАЛЫ

- Ақташыға жиен болғанша,
Орысқа жиен болған көп артық.
- Ақырзаман боларда
Қара қытай қаптайды.
- Арқадағы ноғайды,
Қой бақтырған Құдай-ды.
- Естімеген елде көп,
Есек мінген сартта көп.
- Ешкі арқасын жарға сүйейді,
Сарт арқасын тамға сүйейді (*Тарақты Шілмәмбет би айтқан сөз*).
- Кәрі орыс мұсылман болмас.
- Қазақ байыса қатын алар,
Сарт байыса там соғар.

- Қазақ жай танымас,
Сарт мал танымас.
- Қазақ жаманы орыс бола алмайды,
Орыс жаманы қазақ бола алмайды.
- Қазақ жаңылса, қартына қарайды,
Орыс жаңылса, хатына қарайды.
- Қазақ қартайса, түйе бағады,
Қарақалпақ қартайса, томар қазады.
- Қазақ, ноғай бір кісі.
- Қазақта айран көп,
Орыста мейрам көп.
- Қазақтың қатыны мирас,
Сарттың ері мирас (*Н.И. Гродеков*).
- Қазақтың жаманы сарт боламын дейді,
Сарттың жаманы қазақ боламын дейді.
- Қасқыр, қазақ һәм орыс-қазақ үш ағайынды (*В.В. Радлов*).
- Қатын алсаң — қалмақ ал.
- Қолаңса иісті орыс,
Күлімсі иісті кәріс.
- Қызылбөрік туғанда жөйт жылапты.
- Қырғыз көп пе, жұлдыз көп пе.
- Қырғыз-қазақ бір туған,
Ит пен сартты кім туған.
- Қырғыз — қырғыз емес,
Шын қырғыз — қазақ-қырғыз.
- Қырық рулы қырғыз.
- Қытай көп пе, қыпшақ көп пе.
- Мал — арыстанның аузында,
Түркіменнің түбінде.
- Мінгенім — құлан,
Қамшым — жылан,
Отырысым — жүре,
Жегенім — сере,
Билеушімді сұрасан,
Шыңғыс хан текті төре (*Бұл мәтел сөзді қарлұқтар «Кімсің?» деп сұрағанда айтады екен*).
- Ойды орыс бермейді,
Қырды қойыс бермейді (*Кіші жүзге қатысты осы аттас мәтел сөзді қараңыз*).
- Орыс адал-арамды, обал-сауапты білмейді.
- Орыс бар жерде қоныс бар.
- Орыс көп пе, орман көп пе?!
- Орыс қорыққанын сыйлайды.
- Орыс ойына келгенін істейді.
- Орыс сияқты (*Салт-дәстүрді, жөн-жоралғыны білмейтін адамға қарата айтылатын мәтел сөз*).

- Орыста — еврей,
Қазақта — аралбай (*Аралбай — арғын ішіндегі ру*).
- Орыстан досың болса,
Жаныңда айбалтаң болсын.
- Орыстың «жамандықтан міні жоқ» (*Бұқар жырау*).
- Отын алсаң — жантақтан ал,
Қатын алсаң — қалмақтан ал (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Өзбекте бар иманым,
Тәжікте бар күмәнім.
- Өзбек — өз ағам,
Сарт — садағам.
- Өзбектің кигенін ал,
Қазақтың мінгенін ал.
- Өзбектің тілі тәтті,
Ділі қатты.
- Өзбек халқынан «Атаң кім?» деп сұраса —
Онының бірі қазақ болады.
«Бабаң кім?» деп сұраса —
Бесінің бірі қазақ болады.
«Дадаң кім?» деп сұраса —
Үшінің бірі қазақ болады (*Бұл мәтел сөз 1970 жылы өзбек қартының айтуында хатқа түсті*).
- Өлген орыстың қойнында бір таба нан болады.
- Өлген сарттың қойнында наны бар.
- Сарт жоқ жерде — түрік,
Бас жоқ жерде — бөрік (*М. Қашқари*).
- Татар бар жерде — қатер бар.
- Татардың бетін тырнасаң,
Арғы жағынан орыс шығады.
- Татсыз түрік болмас,
Бассыз бөрік болмас (*М. Қашқари*).
- Төренің түбі — сарт,
Сарттың түбі — сары ит (*М.Ж. Көпейұлы*).
- Түркімен төрін бермес.
- Үт туды,
Сарт көтіне құрт кірді (*Үт — көктем мезгілі. Үт туа сарттар тыным таппай жер баптауға кіріседі. Мәтел сөз осыған орай айтылған*).

26. Ен-таңбалар мен ұрандар

ПАЙЫМДАУЛАР:

1. Алдымен ен-таңба туралы жалпы түсінікті орнықтырып алу керек. Қазақ ру-тайпаларын айғақтайтын ен-таңбалар ұлттық мәдениеттің барша болмысымен біте қайнасып жатқан геральдикалық нышан (символ) болып табылады. Бұл ретте, ен-

таңбаларды қазақ ұлтының ұлт болып ұйысуының және ішкі этноқұрылымдық жүйесінің көрнекі айғағы деуге болады. Дәстүрлі қазақ қоғамының көшпелі өмір-салтта болуы, сонымен орайлас ру-тайпалық жүйенің қалыптасуы кілтбелгі әріптердің, яғни, ен-таңбалардың болуын өмірлік қажеттілік еткен. Былайша айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамында ен-таңба әлеуметтік құқықтық ахуалдың көрінісі болды. Сондықтан да мал-мүлікке, аруақ басындағы белгілерге, атамекеннің көрнекті орындарына ен-таңба салуды біртұтас жүйе ретінде ұлттық-мемлекеттік идеяның нышандық көрінісі деп түсінген жөн.

Ен-таңбаның бастау тегі байырғы замандармен жалғасып жатқанына күмән келтіртпейтін айғақ-деректер баршылық. Қазақ даласындағы архаикалық графемемдер, идеограммалар, руналар, геометриялық ою-өрнектер, зоологиялық кейіптер, антропоморфты нышандар және осылардың қазақ ру-тайпалырын айғақтайтын ен-таңбаларда сабақтаса көрініс табуы біртұтас белгілік (знаковой) жүйенің қалыптасу эволюциясын аңғартады.

Ен-таңбаны мифологиялық және діни дүниетанымның көрінісі тұрғысында қарастыруға да болады. Сонымен бірге, ен-таңба өмір-тіршіліктің образды-поэтикалық көрінісі ретінде өз заманындағы адамдардың дүниетүйсінімі (мироощущение) мен дүниетанымның айғағы екеніне де күмән болмауға тиіс. Яғни, қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларына логикалық сарап (анализ) тұрғысынан ден қойғанда ғарыштық (Тәңірілік) қиял мен нақтылы өмір құбылыстарын шендестірген образды-поэтикалық формуланың графикалық көрінісі екенін бажайлау қиын емес. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың ру-тайпаларын айғақтайтын ен-таңбалар өзінің төлтумалығымен және сыртқы ықпалдың жоққа тәндігімен ерекшеленеді.

Халық болмысын объективті қалпында бейнелей алған ен-таңба жүйесі отандық тарихтың мәнді салаларының бірі ретінде жан-жақты зерттеп-зерделей түсуді қажет етеді.

2. Ен-таңбалардың пайда болуына қатысты айтылған-жазылған пікірлер әр тарапты. Мәселен, ру таңбаларын Оғыз ханның мұрагер баласы Күн хан таратқан (*Рашид-ад-Дин, Әбілғазы, В.В. Радлов*), қазақ руларының таңбалары монғолдардан жұғысты болған (*А.И. Левшин*), Шыңғыс хан қазақ руларына таңба үлестірген (*И. Казанцев*), тұтынған қару-жарақтарын айғақтау үшін таңба басылған (*А.Н. Харузин, М.И. Иванин*), қазақ руларының малына салынатын ен-таңбаларды Тәуке хан үлестірген (*Л. Мейер*), рулық қауымдастықтың меншік малын айырып тану үшін таңба қажет болған (*Н.А. Аристов*), т.б. деген сияқты пікірлер бар. Бұл ой-жосықтардың қай-қайсысы да, белгілі дәрежеде, қисынды.

Тарихи, археологиялық және жазба деректер ен-таңба иемдену үрдісінің көшпелі өмір-салтпен бірге пайда болғанын айғақтайды. Ру-тайпалық жүйенің өзі көшпелі өмір-салтпен орайлас пайда болған құбылыс. Сол ру-тайпаларды көш-қон, жорық-жортуыл кезінде, ру еншісін (мал-мүлкін) айғақтау барысында даралап көрсететін ен-таңбалардың болуы өмірлік мұқтаждық болған. Былайша айтқанда, көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық қоғамның ретті, үйлесімді, ілкімді және жүйелі болуы үшін ен-таңбалық айырым-белгілер айрықша қызмет атқарған. Қазақтың дәстүрлі қоғамында рудың дербес ұраны мен таңбасының болуы оның қоғамдық өмірдегі саяси, құқықтық және әлеуметтік орнын айғақтаған. Мұның өзі әрбір ру-тайпаны

айғақтайтын ұран мен ен-таңбаның өзінен-өзі киелі сипат алуына себепші болған. Бұл байырғы заманнан бері қалыптасқан, исі түркі жұртының зердесіне мықтап орныққан, сөйтіп, олардың моральдық-этикалық нормасына айналған үрдіс.

Қазақтың «Қарабатыр» деп аталатын ертегінде жау қолына түскен батыр жаудың руының таңбасын тұмарға салып, қарлығаштың мойнына іліп жібереді. Содан, Қарабатырдың қай жаудың қолында тұтқында екені ел-жұртқа мәлім болып, батырды құтқарып алады (*Қарабатыр // Ертегілер. — Алматы, 1989. 154-бет*).

Енесай бойындағы Түгітүп (Тугутюп) тасына мынандай өсиет сөз қашалған: «Таңба ерден ерге (ұрпақтан-ұрпаққа) енші болған» (*Д.Д. Васильев. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. — Ленинград, 1983. 126-бет*).

Күллі-чор ескерткіш-ұстынына Түркі Қағанатының ақылгөй абызы Тоң-ұқықтың (Тоңкөк, Түй-ұқық) атынан мынандай сөздер қашалған: «Қапан қағанына, еліне... киелі белгісі (сүлдесі) үшін, асқан айбыны, амалы, ұлылығы үшін иеленді» (*М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. — Астана, 2005. 342-бет*). Яғни, елдік белгі үшін соғысқа кіріп, асқан айбын мен амал көрсетіп, киелі белгіні қорғап қалғанын ұрпаққа өнеге етіп қалдырған.

Ұйғыр қағаны Баянчүрдің (749-759 жж.) ұстын тасына мынандай сөздер қашалған: «Ерентүз (мамыр) айында... Өтүкен тауының ар жағында, Ингіз бұлағы жақта, қасиетті арасанның батысында, Ябаш (айбыш) пен Тоқұштың қосылған тұсын жаздай жайладым. Ол жерде мен өзіме орда салдырдым, елге тастан сепіл (немесе абида) жасаттым. Елге мың жыл, түмен күндерге жететін сөздерімді, таңбаларымды жап-жалтыр тасқа бәдіздеп түсірттім» (*Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Қытай тілінен аударған Тұрсынхан Зәкенұлы. — Алматы, 2001. 130-бет*).

Шығыс Монғолиядағы ұстын тасқа бақан таңба (Ұ) қашалып, жанына «Атабабамның еншісі» («Ата-апам ашуны») деген жазу жазған (*Қ. Сартқожаұлы. Он жеті Аз-байырқу бірлестігі. — «Қазақ тарихы» журналы, 2006. № 2. 13-17-беттер; № 4, 17-22-беттер*).

Білікті де мініскер таңбашыларды арнайы қолқалап шақыртып, тиісті орындарға таңба соқтыртып, оларға сый-құрмет көрсететін болған. 732 жылы орнатылған Күлтегін ұстынында мынандай сөздер бар: «Он иелік әулетім Түркеш қағаннан Мақараш-таңбашы (мөр ұстаушы), Оғыз Білге таңбашы келді... Тас, барақ жасаушылар мен шеберлерді бастап Тұйғын Елтебер келді... он-иелік ұрпағыңа, кірмелеріңе дейін мұны көріп біліңдер! Мәңгі тас тоқыттым. Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер» (*М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. — Астана, 2005. 190-191-беттер*).

Монғол Алтайындағы жартаста «Темчін таңба ұрдым» деген жазу бар. Жазу жанына «орақ», «ай» таңба қашалған (*Э.Р. Тенишев, Э.А. Новоградова. Новые рунические надписи в горах Монгольского Алтая // История и культура Центральной Азии. — Москва, 1976. 205-208-беттер*).

«Оғұз. Түрік тайпаларының бірі... Олар жиырма екі ұрық; әрбірінің айырым-белгілері мен малға басатын таңбалары бар. Руларды, бір-бірлерінің малын сол таңбаларға қарап таниды» (*Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Бірінші томы. — Алматы, 1997. 85-бет*).

Әйгілі Оғыз қағанның мұрагері Күн ханға бірде бас уәзірі Ержанғы-Кент Ыркыл-қожа (Эрйанги-Кент Иркыл-ходжа) былай деп кеңес береді: «Оғыз ұлы қаған еді; ол дүниенің төрт тарабындағы мемлекеттерді өз құзырына қаратты; оның қазынасы, мал-мүлкі мейлінше мол болды және сол дәулетті балалары — сендерге қалдырды. Тәңір жарылқап, сендердің әрқайсыңнан төрттен ұл туды. Ертеңгі күні сол балалар қағандық үшін бір-бірімен жауласып кетпегені абзал, Құдай оның бетін аулақ қылсын! Сондықтан олардың әрқайсысының лауазым-дәрежесі, жол-жоралғысы, ат-атағы дер кезінде анықталып, әрқайсысы өздерінің әмірін жүргізіп, қазынасы мен мал-мүлкіне ие болу үшін белгілерінің және таңбаларының айғақталғаны абзал; мұның өзі балаларың мен олардың ұрпақтарының бір-бірімен түс шайыспай және араларында дау-дамай болмай, әрқайсысы өздерінің ат-атағын, лауазым-дәрежесін, жол-жоралғысын біліп жүру үшін, мемлекеттің бекемдігі мен тұрақтылығына себепші болып, жақсы аттарың шығу үшін қажет» (*Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. 1-том. Бірінші кітап. — Москва-Ленинград, 1952. 86-87-беттер. Аударма біздікі*).

Көшпелілер қоғамындағы ұран-таңбаның, атақ-лауазымның және кие-белгінің өмірді ретті етудегі қызметі айрықша болғанын Рашид-ад-Дин жеткізіп айтқан. Мұндай мысалдар мейлінше көп және олардың айтарынан аңғартары мол.




3. Уақыт тұрғысынан соңғы төрт-бес мыңжылдықты қамтитын, кеңістік тұрғысынан негізінен Еуразияның Ұлы Даласын және онымен жапсар өңірлерді қамтитын ен-таңбалық айғақ-белгілердің көптеген үлгілері қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларымен сәйкес келеді. Мұның жарқын айғақтары А.П. Окладников, Д. Дорж. Э.А. Новоградова, Д. Цэвээндолж, С.В. Киселев, П.К. Козлов, А.Д. Симуков, Х. Пэрлэ, Л.Р. Қызыласов, Н. Наван, Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, Н.А. Баскаков, Р.Г. Кузеев, З. Самашев, С. Әжіғалиев, Қ. Сартқожаұлы сияқты ғалымдардың археографиялық және палеографиялық еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл ғалымдар ашқан Еуразия кеңістігіндегі петроглифтік айғақ-белгілерді қазақ руларының таңбаларымен салғастыра отырып, ондағы көптеген сәйкестіктерге айқын көз жеткізуге болады. Бұл сияқты типологиялық зерттеу жұмыстары қазақ ру-тайпаларының генезисіне, эволюциялық қалыптасу жолдарына қатысты құнды мағлұматтар беретініне күмән болмауға тиіс. Әсіресе, түркі тектес халықтардың, олардың құрамындағы ру-тайпалардың таңбаларын өзара салғастыру арқылы қазақ этносын қалыптастырған тарихи үдерістердің ізіне жаңылмай түсуге болады.

Әрісі түркі халықтары, берісі қазақ халқы ен-таңбаларының тегін тектеп, тарихи қалыптасу жолдарына ден қойғанда петроглифтік айғақтардың мән-маңызы зор. Бұл ретте, қазіргі Қазақстан аумағымен шектелмей, ісі түркі халықтары қоныстанған ареалдағы петроглифтер біртұтас тарихи үдерістің айғағы ретінде зерделенуге тиіс. Алтай, Тарбағатай, Бұратала таулары түркі халықтарының киелі жұрты екені белгілі. Қытайдың Шыңжан аймағына қарайтын Жеменей ауданындағы Қызылқора жартасына сіргелінің «сірге» таңбасы, дулаттың «күн» таңбасы, Таңбалысай жартасына найманның «бөрі» таңбасы, Алтай қаласының маңындағы Жәшқарағай үңгіріне арғын мен найманның «босаға» таңбасы, Монғол автономиялы ауданындағы Семізтай тауында ошақтының «ошақ» таңбасы, балталының «бал-

та» таңбасы, қаракесектің «қазанқұлақ» таңбасы, Шағантоғайдағы Балтакөл жар-тасына дулаттың «күн» таңбасы, Көктоғай ауданындағы Таңбалытаста төренің, жалайырдың, тарақтының, табынның «тарақ» таңбасы, адайдың «жебе» таңбасы, Қаба өзенінің бойындағы тастарда найманның «бақан», керейдің «айқыш», қаңлының «шылбыр» таңбасы қашалып, олар күні бүгінге дейін айқын сақталған. Мұндай тарихи айғақтардың хатқа түспегені қаншама десеңізші... Сөз жоқ, бұл таңбалар қазақ ру-тайпаларының тек-тамырына қатысты мейлінше құнды айғақ-деректер (Су Бихай. *Қазақ мәдениетінің тарихы. Қытай тілінен аударған Тұрсынхан Зәкенұлы. — Алматы, 2001. 133-134-беттер*).

Осы орайда, қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар еншілеген (иемденген) ен-таңбалардың бастау тегі мен қалыптасу жолдарын зерделеуде Маңғыстаудың Қараойы мен Үстірт үстіндегі тарихи ескерткіштерге, тас қорымдарға, қия жартастарға түскен таңбалардың, идеографиялардың, петроглифтердің мән-маңызы айрықша зор екенін атап өткен жөн. Бұл өңірлерде соңғы екі-үш мың жылдың (бәлкім одан да ұзақтау) аясын айғақтайтын ескерткіш-белгілердің тұла бойы ен-таңбаларға тұнып тұр. Әсіресе, байырғы замандарда тасқа түскен ен-таңбалардың сабақтаса жалғасып келіп, қазақ ру-тайпаларын айғақтауға дейін ұласуы айрықша назар аударады. Мәселен, Шақпақ ата, Қошқар ата, Шопан ата, Ман ата, Құсшы ата, Масат ата, Сейсем ата, Қараман ата, Дөңғара, Уәлі қорымдары мен Айрақты, Шөлтау, Қарамая, Шерқала тауларындағы тасқа қашалған айғақ-белгілерден адай тайпасының «жебе» таңбасын, қаңлы, дулат, албан, арғын тайпаларының «күн», «дөңгелек» немесе «көз» таңбаларын, төре, жалайыр, тарақты, табын тайпаларының «тарақ» таңбасын, керей, уақ, шекті, шөмекей, байбақты тайпаларының «айқыш» таңбасын, найман тайпасының «бақан» таңбасын, төртқара, қарасақал, кете тайпаларының «балға» таңбасын, қыпшақ, тана, қызылқұрт тайпаларының «әліп» («көсеу») таңбасын, жаппас тайпасының «түйемойын» таңбасын, таз, тама тайпаларының «шылбыр» таңбасын, қоңырат тайпасының «босаға» таңбасын, т.б. айқын көруге болады (*Бұл айғақ-белгілер 1985 жылы «Білім және еңбек» журналы ұйымдастырған ғылыми экспедиция кезінде тіркеуге алынды. Экспедиция құрамында тарих ғылымының докторы Әбу Тәкенов, жазушы Сәтімжан Санбаев, археолог Олег Ділмұхамбетов, кинорежиссер Эльза Ділмұхамбетова, экспедиция жетекшісі Ақселеу Сейдімбек және басқалар болды. Экспедиция барысында тікұшақ пайдаланылды*).

Қазақ ру-тайпаларының көптеген таңбалары тарих тереңінен бастау алатыны, оның өзі ең байырғы деп жүрген өркениеттер ошағымен байланысып жататыны да айрықша назар аударады.

Мәселен, төртқара, телеу, сіргелі, керей, адай сияқты тайпаларда кездесетін айқыш (+) немесе шылбыр (S) таңбалары, төре, жалайыр, тарақты, табын тайпаларының тарақ () таңбалары, қаңлы, албан, ошақты, сіргелі, дулат, арғын, рамадан, табын, кердері сияқты тайпаларда кездесетін күн немесе көз () таңбалары, адай тайпасының жебе () таңбасы сияқты айғақ-белгілердің қай-қайсысы да Қосөзен (Шумер), Мысыр, Байырғы Грекия, Солтүстік Америка (үндістер) сияқты өркениет ошақтарында да нышандық қызмет атқарған. Осы орайда, қазақ арасындағы билеуші ру-тайпалар мен байырғы

сармат билеушілерінің таңбаларындағы ұқсастықтар (В.С. Драчуктің қалыптауы бойынша), сол сияқты байырғы Боспор билеушілері мен қазақтың іргелі ру-тайпаларына тән таңбалардың арасындағы сәйкестіктер (Д.Б. Шеловтың қалыптауы бойынша) назар аударады. Әсіресе, сарматтар мен аспургиан-боспорлықтардың аспан әлемін бейнелейтін дөңгелек, айқыш (крест), ұйқыш (свастика), шиыршық (спираль) сияқты таңбалары мен қазақ ру-тайпаларын айғақтайтын таңбалардың өзара ұқсас келуі арнайы зерттеуді қажет етеді. Сол сияқты, Түркі Қағанатының ақсүйек тайпасы ашидэнің де, Кушан патшалығындағы билеуші тайпаның да, Киев Русінің негізін қалаған Рюриктер әулетінің де, Қазақ хандығындағы билеуші төре тайпасының да таңбаларының «тарақ» таңба (Ψ, ЦЦ, Ц, ГГ) болып келуі, әрине, тегін емес.

Қазақ ру-тайпаларын, ең алдымен, Еуразия кеңістігіндегі түркі тектес жұрттардың таңбаларымен салғастыра зерделеу тың да тосын жаңалықтардың ашылуына себепші болар еді деп кәміл сеніммен айтуға болады. Осындайда бір айғақ-мысал еске түседі. Тарихтан белгілі, 1888 жылы Кавказдың солтүстігінде, қарашайлардың «Ескі жұрт» деген жерінен жазулы тас табылады. Биіктігі 1,8 метрдей (2 аршын), қалыңдығы екі қарыстай бұл тастың бетіне 21 жолдан тұратын жазулар мен таңбалар қашалған. Тасқа «Зеленчуг жазбасы» деген ат қойып, Д.М. Струкова деген зерттеуші тастағы жазу-таңбаларды қағазға түсіреді де, оны академик В.Ф. Миллерге (1848-1913) жолдайды. Содан бастап, күні бүгінге дейін бұл тасқа В.Ф. Миллер, А.Ж. Кафоев, Б.А. Алборов, В.И. Абаев, Г.Ф. Турчанинов, И.М. Мизиев сияқты көрнекті ғалымдар ден қойып, алуан түрлі жорулар жасалды. Тас VII ғасыр жәдігері деген болжам жасалды. Соңғы жорулар бойынша тастағы жазулар былай оқылады: «Албан Бектар бек Хобс бірлестігіндегі (Дулат, Ботбай, Албан, Суан) Христос Исаның өкілі Николайды шақырып, жалғыз өзі ата жұртынан шықты да, албан жұртына бет алды» (И.М. Мизиев. *Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа*. — Нальчик, 1986. 116-бет).

Бүгінгі қазақтың Ұлы жүзінің құрамындағы дулат, ботбай, албан, суан сияқты ру-тайпалардың VII ғасырда Кавказ маңында жүруі арнайы зерттеуді қажет етеді. Бәлкім, кезінде дулат (дуло) бірлестігінің құрамында болған Қобан (Кубань) бұлғарларына қарасты төрт тайпаның ыдырайтын тарихымен байланыстырып көруге болар... Бұл жерде, Ұлы жүз құрамындағы ру-тайпалардың Кавказға тап болу тарихынан бұрын, бізге «Зеленчуг жазбасындағы» дулат, ботбай, албан, суан ру-тайпаларын айғақтайтын таңбалар алдымен назар аудартады. Таң қаларлығы сол, тасқа түскен дулат, ботбай, албан, суан таңбалары бүгінгі қазақ құрамындағы дулат, ботбай, албан, суан таңбаларымен толық сәйкес келетіндігі.

Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын туыстас түркі халықтарының таңбаларымен салғастыра зерделегенде мұндай тосын деректер жиі ұшырасады. Туыстас халықтар — қырғыз бен қазақ ру-тайпалары еншілеген таңбалардың атаулары бірдей болып келуі де назар аударады. Мәселен, бөрі, қыпшақ, жақ, ай, нәл, босаға, аша, т.б. деп аталатын таңбалар екі халықта да бар.

Түркі өркениетінің ең ұлы жетістігі болып табылатын жазу мәдениеті де ен-таңбаларды мұқият салғастыра зерттеу барысында өзінің төлтума тегін орнықтыра түсу-

ге тиіс. Осы орайда, түркі-орхон әліпбиіндегі 38 белгінің 29 белгісі қазақтың ру-тайпа таңбаларымен сәйкес келетінін айтқан Н.А. Аристовтың пікірі назар аударуға лайық екенін атап өткен абзал (*Н.А. Аристов. Опыт... – Живая старина. III-IV-шығарылым. С.-Петербург, 1894. 418-бет*). Егер, түркі әліпбиін төрт түлік малға салынатын ен-таңбалар пішінімен салғастырса, Н.А.Аристовтың ой-тұжырымы одан әрі орныға түсуге тиіс. Бұған осы тараушада алғаш рет біршама толық келтірілген ен пішіндеріне назар аудару арқылы көз жеткізуге болады.

Түптеп келгенде, қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары дәстүрлік тұрғыда байырғы сақ, ғұн, түркі заманынан бастау алып жатқанына және сол кезеңдерден бастап ен-таңбаның қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік реттілікке қызмет еткені айқын аңғарылады. Біздің заманымызға дейінгі XIV-VIII ғасырларда дәурен сүрген Инь, Чжоу хандықтары тұсында қалайы қаңылтырға түскен ру-тайпалық айғақ-таңбалардың, сондай-ақ, Қытайдың солтүстігіндегі Жэхэ, Чэндэ деген жерлерден табылған Хунну (б.з.д. V-II ғғ.) пышақтарына басылған белгі-таңбалардың бітім-кескіні бүгінгі қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларында негізінен өзгеріссіз қайталанатын. Мұндай айғақ-дерекке білікті түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы алғаш рет байырғы түркі жазуының бастау тегі тұрғысында ден қойған (*Қ. Сартқожаұлы. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана, 2007. 114-117-беттер*).

4. Қазақ ру-тайпаларының басым көпшілігінде бір ру-тайпаның бірнеше үлгідегі таңбаларының болуы жиі кездеседі. Мұның, негізінен, үш түрлі себебі бар.

Бірінші себебі, қазақтың дәстүрлі қоғамында өсіп-өнген ру-тайпалар құрамындағы жеті атаға толған буынды, өз қалаулары бойынша, бөлек ру етіп шығаратын дәстүр болған. Мұны іргеден енші бөлу деп атаған. Яғни, еншісін алып, дербес ру болып шыққанымен, жаңа руға жаңа жер, жаңа қоныс-тұрақ, жаңа жайылым оңайлықпен табыла бермейді. Оның үстіне, енші алып, дербес ру атын иемденгенімен, жаңа бөлініп шыққан кіші ру іргелі (аталық) рудағы қандас-туыстарынан көз жазбауды, кіндік үзбеуді қалайды. Сол себепті, көп жағдайда енші алып шыққан кіші ру енші берген іргелі рудың аясындағы қоныс-тұрағын іргелес, төрт түлік малын өрістес етіп өмір сүре береді. Әлгі, «іргеден енші бөлу» дейтіні осыдан.

Осы жағдай дербес шыққан рудың ен-таңбасында айқын көрініс табуы шарт болған. Яғни, енші алып шыққан кіші рудың ен-таңбасындағы түбір белгі міндетті түрде іргелі рудың ен таңба пішінін сақтауға тиіс. Былайша айтқанда, енші алып шыққан кіші ру іргелі рудың таңбасын негіз ете отырып, оған болар-болмас қосымша белгі қосады да, сол арқылы өзінің әрі іргелі румен тектестігін, әрі өзінің рулық дербестігін айғақтайды. Мұның өзі, түптеп келгенде, жаңа рудың шыққан тегін былайғы жұртқа таныту үшін және қоғамдық өмірдегі реттілік пен үйлесім үшін қажет алғышарт болған. Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың ен-таңбаларына ден қою арқылы бұған көз жеткізу онша қиын емес. Мәселен, Ұлы жүз дулат тайпасының таңбасы күн таңба (☉) болса, оның құрамындағы ботбай руының таңбасы (☉) мен сиқым руының таңбасы (☉) түпкі таңбаны негізге ала отырып, қосымша белгілер арқылы дараланған. Бұл үрдісті аңғарған Н.А. Аристов былай дейді: «Ал, ру ұлғайып, одан жаңа ру бөлініп шыққанда, төрт түлік малын жаңа таңбамен айғақтау қажет болады. Мұның ең қарапайым әрі оңай жолы — бұрынғы іргелі

рудың таңбасына қосымша белгі қосу. Жалпы, кіші рулардың таңбасы осы жолмен пайда болған сияқты. Яғни, таңбасы арқылы рулардың тегін тектеуге болады деген сөз» (Н.А. Аристов. *Опыт...* – СПб., 1894. 412-413-беттер).

Тағы да бір мысал: «Қазақ енші бөлгенде, еншіге бөлінген малға үлкен үйдің малына салынған еннің түбірі сақталып, оған сол енші алған отау үйдің бағынышты ен белгісі қосылады» (Ясын Құмарұлы. *Қазақтың салт-дәстүрі.* – Үрімші, 2006. 80-81-беттер).

Жалпы, көшпелі өмір-салтта ру-тайпалардың тез толысып, олардың құрамынан ен-таңбалары айғақталған жаңа рулардың енші алып, бөлініп шығып отыруы табиғи үрдіс. Тарихи деректер бойынша оғыздардың одағы нығайғанда Оғыз хан ру-тайпаларға енші үлестіріп, ен-таңбалары мен ұран-киелерін белгілейді. Монғол үстемдігі түркі тектес көшпелі тайпалардың күшін біріктірген соң, Шыңғыс хан да ру-тайпаларға ат-атақ, ұран-таңба үлестіреді. Дәл осындай жағдайды Қазақ хандығы кемеліне келген кезде Тәуке хан да қайталайды (Рашид-ад-Дин. *Сборник летописей. 1-том, бірінші кітап.* – Москва-Ленинград, 1952. 86-90-беттер; Автобиография Тимура. *Богатырские сказания о Чингиз-хане и Аксак Темире.* В.А. Панованың аудармасы. – Москва, 1934. 268-270-беттер; Н.А. Аристов. *Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина, III-IV шығарылым.* – СПб., 1896. 410-бет).

Екінші себебі, қазақ ру-тайпалары ешуақытта бірыңғай қандас-туыстардан құралмаған. Ру-тайпалық жаралым, ең алдымен, қандас-туыстастықтан да бұрын, ру-тайпа аясындағы ел-жұрттың мүдделестігін бұлжымайтын киелі қағидаға айналдырған. Бұл көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалардың бақытты өмір сүруінің бірден-бір кепілі болған. Ал, ру-тайпалардың мүдделес болуы, өз кезегінде, еншілестік дәстүрі арқылы (енші институты арқылы) реттеліп отырған («Енші институты» тараушасын қараңыз). Бір адамның жетістігін бүкіл рудың мерей-мәртебе тұтуы немесе бір адамның жауапкершілігін бүкіл рудың өз мойнына алуы, сол сияқты бүкіл ру намысы үшін жеке адамдардың басын бәйгеге тігуі дәстүрлі қазақ қоғамы үшін қалыпты жағдай еді. Мұның жарқын айғақтары жер дауына, жесір дауына, мал-мүлік дауына, ер дауына қатысты айтылатын, қазақтың ауызша тарихы (ҚАТ) деуге әбден тұрарлық, билер сөзінде тұнып тұр. Міне, осындай салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жоба салтанат құрған ортада белгілі бір ру-тайпаның құрамына басқа бір атаның келіп қосылуы немесе елдік пәтуә-бірлікті нығайту үшін ру мен руды араластыру, тіптен, жаттан келген баланың қолына асықты жілік ұстатып, ана көкірегін иіскетіп, бала етіп бауырына басуы, ол баланың өсіп-өнген ұрпағы тексіз болмасын деп, шыққан руының атауы мен ұран-таңбасын ұмыттырмай санасына сіңіріп отыруы дәстүрлі қазақ қоғамында киелі ұстаным болған («Сүйек қосу» тараушасын және «Орта жүз» тараушасындағы «Уақ ішіндегі «ергенек» таңбалылар» тақырыпшасын қараңыз). Бұл сияқты, бір ру аясындағы әртекті әулет-аталар еншілес болу арқылы мақсат-мүдделерін ортақ етіп отырған.

Қазақ ру-тайпаларының басым көпшілігінде бірнеше үлгідегі таңбалардың болуындағы екінші себеп осындай.

Үшінші себеп, әдетте ру-тайпаның ен-таңбасы елдік бірлік-пәтуаны білдіретін киелі орындар мен мекендерге, қоныс-тұрақ шекарасындағы жартастарға, қорымды жерлердегі мазарлардың, сағаналардың, бейіттердің кірпіштеріне, әйгілі адамдар қабіріне орнатылатын сынтастарға, қойтастарға, бесіктастарға, қастерлі де атаулы мүліктерге (ту, жалау, мөр, ер-тұрман, қару-жарак, т.б.), түйеден басқа төрт түлік малға салынады. Ен-таңба салу тәсілі қашау, шеку (чеканить), оймалау, тігу, тілу, ен-таңбаның дайын пішін-үлгісін батырып басу немесе күйдіріп басу арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсілдердің қай-қайсысында да ен-таңбалардың көлемінің, бедерінің, пішін-үлгісінің, асты-үстінің дәл сақталуы көшпелі өмір-салттағы ел-жұрт үшін оңай шаруа емес. Көп жағдайда құрал-сайман жетіспейді немесе мініскер де білікті таңбашылар табыла бермейді. Нәтижесінде, ен-таңбалар құбылып түсетін болған. Қазақтардың таңбаны айнытпай, дәл бейнелеуге орашолақтау екенін, әсіресе, жылқы денесіне таңба басқанда оның аударылып-төңкеріліп, құбылып түсетінін кезінде А.Н. Харузин де атап көрсеткен (*А.Н. Харузин. Киргизы Букеевской Орды (Антрополого-этнологический очерк). 1-шығарылым. — Москва, 1889. 149-154-беттер*). Бұған, сахара төсін араламай-ақ, зерттеу еңбектер арқылы жеткен деректерге ден қоя отырып көз жеткізу қиын емес.

Жазба деректерде әр түрлі айғақ-заттардан немесе мәлімет берушілердің айтып-көрсетуімен хатқа түскен жағалбайлы тайпасының «балға» деп аталатын таңбасы мынандай нұсқалармен берілген: $\text{┌} \text{┐} \text{└} \text{┘}$.

Ақиқатында, осы таңбалардың бәрі асты-үсті ауысып түскен бір ғана таңба. Ол таңба былай бедерленуге тиіс: ┐ . Сол сияқты, 1940 жылы Москва-Ленинград баспаларынан шыққан «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828)» атты кітаптың 4-томында бір ғана шекті тайпасының мына сияқты он екі түрлі таңбасы берілген: $\text{┐} \text{┑} \text{┒} \text{┓} \text{└} \text{┕} \text{┖} \text{┗} \text{┘} \text{┙} \text{┚} \text{┛}$.

Ақиқатында, осының бәрінің негізі мына сияқты бірер ғана таңба: $\text{┐} \text{┑}$. Қалған нұсқалары — не енші алып, бөлек шыққан кіші рулардың қосымша таңбасы, не тасқа, темірге, сүйекке салғанда өзгеріске түскен таңбалар.

Мұндай мысалдарды қазақ ру-тайпаларының бәрінің таңбаларына қатысты келтіруге болады.

5. Қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларын белгілеу немесе айғақтау мерзіміне қатысты мәселе. Сөз жоқ, ру-тайпалардың ен-таңбалармен айғақталуы байырғы замандардан келе жатқан дәстүр. Одан да нақтылаңқырап айтсақ, көшпелі өмір-салтта әрбір ру-тайпалардың өзіндік ен-таңбалармен айғақталуы өмірлік қажеттілік болған. Ал, қазақ халқы болса, сол мындаған жылдық тарихы бар көшпелі өмір-салт аясында қалыптасқан этнос екені аян. Мұның тарихи айғақ-деректері мыңсан. Бұл ретте, тек қана қазақ халқының бірыңғай түркі тектес халықтармен шектесетінін, сол түркі тектес халықтар ішінде тек қана қазақ халқының эпикалық көшпелі өмір-салттан ең соңғы болып кіндік үзген ел екенін айтса да болар.

Сонымен бірге, қазақ қоғамының, Қазақ хандығының, қазақ ұлтының тарих сахнасына XV ғасырдан бергі кезеңде шыға бастағаны да ақиқат шындық. Қазақ этносын ұйыстырған осынау ортағасырлық межені кеш деп қорынуға да, ерте деп дандайсуға да болмайды. Кеңірек қарағанда, бұл кезең Еуразия тарихындағы этнос-

тардың саралана бастаған, даралана бастаған, қалыптаса бастаған тұсы еді. Қазақ халқының қалыптасуы да сол тарихи үдеріс аясында өтті.

Алтын Орда сияқты Ұлы Ұлыс ыдыраған соң, оның кіндік жұртынан шаңырақ көтерген бірден-бір хандық — Қазақ хандығы болатын. Аңырап айырылысқан тайпалар, бөлшекке түскен рулар, судай сапырылысқан әулет-аталар, міне, қазақ этносы осындай толғақты шақты бастан өткеру барысында жасақталды. Мұның айқын айғағы, сол заманның жаңғырығындай болып, эпикалық жырларда, жыраулардың жігерлі поэзиясында, ән-күйлердің сұңғыла сарындарында, әсіресе, ұлыстық мәдениеттің айғағындай салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда айқын көрініс тапқан.

Әрине, хандықтың жаңадан құрылуы өз аясындағы әулет-аталарды, ру-тайпаларды жаңаша жіктеуді, жаңаша топтауды, жаңаша жасақтауды қажет ететіні аян. Бұл — көшпелі өмір-салттағы қоғамдық-мемлекеттік жаралымның алғышарты. Сөз жоқ, Қазақ хандығының да құрылу, қалыптасу үдерісі ру-тайпалық жүйені жаңадан жасақтау арқылы жүзеге асты («Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз). Қазақтың қария сөздеріндегі:

«Алаш алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда,
Таңбасыз тай болғанда,
Енсіз қой болғанда», —

деп басталатын жолдар Қазақ хандығының жасақталар алдындағы, шашыранды ру-тайпалардың ел болып ұйысар қарсанындағы тарихи кезеңді меңзейді. Бұл ретте, жаңадан жасақталған ру-тайпалардың жаңа ен-таңбалармен айғақталуы әрі табиғи, әрі әлеуметтік-саяси қажеттілік еді. Рас, көнеден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жоба және ру-тайпалардың ұран-таңбасын айғақтау сабақтастығы, негізінен, сақталды. Алашабыр ел-жұртты ұйыстыру үшін байырғы ру-тайпалық жүйе де, негізінен басшылыққа алынды. Әсіресе, байырғы ру-тайпалардың атаулары (этноним), таңбалары киелі сипат алып, шашыранды ел-жұрттың басын біріктіретін идеологиялық қуатты тетікке айналғаны да рас. Алайда, түркі жұртының әрідегі қағанаттық заманы мен Шыңғыс хан заманын былай қойғанда, берідегі Алтын Орда кезіндегі ру-тайпалық құрылымдар жүйесін сол қалпында, шырқын бұзбай, Қазақ хандығын жасақтау үшін негізге алу мүмкін емес еді. Өйткені, күйреген Ұлы Ұлыстың жұртында іргесі сетінемеген бірде-бір тайпа, шаңырағы шайқалмаған бірде-бір ру, бауыры бүтін бірде-бір ата болмайтын. Яғни, Қазақ хандығының қалыптасуы ру-тайпалық жүйені жаңаша жасақтау арқылы, оның ішкі құрылымдарын жаңаша реттеу арқылы және осыған орай жаңаша жасақталған ру-тайпаларды жаңа ұран-таңбалармен айғақтау арқылы жүзеге асты деуге негіз мол. Қазақ арасында күні бүгінге дейін тек бір ғана атадан өрбіген, тек бір ғана кіндіктен тараған бірде-бір ру-тайпаның кездеспейтіндігі содан.

Қазақ тайпаларын айғақтайтын ен-таңбалардың Қазақ хандығы құрылған соң жаңғыра жүйеленгеніне тарихи айғақ-деректер арқылы көз жеткізе түсуге болады. Шыңғыс хан ен-таңба үлестіргенде аттары аталған кейбір ру-тайпалар бүгінгі қазақ

халқының құрамында болғанымен, олардың сол кездегі ен-таңбалары мен бүгінгі ен-таңбалары сәйкес келмейді. Оны былай қойғанда, қазақтың көптеген ру-тайпаларының «сынықтары» туыстас, көршілес елдердің құрамына қосылып, сіңісті болып кеткені белгілі. Сол сіңісті болған ру-тайпалар қазақтың бүгінгі ру-тайпаларымен аттастығына, тектестігіне қарамастан, ен-таңбалары сәйкес келе бермейді. Мәселен, қазақ пен ноғайдың арасында арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керейт, қанлы, үйсін, телеу, шекті, ырғақты, қытай, ергенекті, қостаңбалы, маңғыт деп аталатын ру-тайпалар бар. Алайда, осы екі ел құрамындағы аттас-тектес ру-тайпалар таңбаларының үлгі-пішіндері көп жағдайда әр түрлі болып келеді. Мәселен, ноғай ішіндегі найман таңбасы — «балға» (\top), керейт таңбасы — «қылыш» (\uparrow), қыпшақ таңбасы — араб әріпі «дал» (Δ), қоңырат таңбасы — «құйысқан» (\times), үйсін таңбасы — «қос әліп» (\parallel), арғын таңбасы — «тарақ» ($\Gamma\Gamma\Gamma$), т.б. деп аталып көрсетіліп, таңбалардың бітім-пішіні бейнеленген. Бұл таңбалар қазақ арасындағы аттас-тектес тайпалардың таңбасымен сәйкес келмейді (*Н.А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. — Москва-Ленинград, 1940. 132-142-беттер*). Дегенмен, кейбір деректерде ноғай мен қазақ арасындағы аттас-тектес ру-тайпалардың таңбаларындағы ұқсастықтардың бары да айтылады. Мәселен, В. Отрошенко мен Ю. Рассомакин ноғай ішіндегі қыпшақтардың таңбасы «қос әліп» (\parallel) екенін және ноғайлар бұл таңбаны «қыпшақ таңба» деп атайтынын жазған. Сол сияқты, башқұрт құрамындағы қыпшақтардың да таңбасы «қос әліп» екенін айта кеткен жөн. Алайда, мұндай сәйкестіктерді айғақтайтын мысалдар тым тапшы (*В. Отрошенко, Ю. Рассомакин. История чунгульского кургана. — «Наука и жизнь» журналы, 1981. № 7. 78-бет; Р.Г. Кузеев. Происхождение башкирского народа. — Москва, 1974. 173-бет*).

Осы орайда, ноғай құрамындағы ақ-ноғай және кара-ноғай қыпшақтарының таңбасы «жұтқын» (\rightarrow), қырғыз құрамындағы қыпшақтардың таңбасы «айқыш» (\dagger), карақалпақ құрамындағы қыпшақтардың таңбасы «көсеу» (\lrcorner) екенін атап өтуге болады. Яғни, бұл таңбалар қазақ қыпшақтарының таңбасына сәйкес келмейтіні байқалады (*Н.А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. — Москва-Ленинград, 1940. 133-бет; С.М. Абрамзон. Этнический состав киргизского населения северной Киргизии. ТКАЭЭ. IV том. — Москва, 1960. 104-бет; Т.А. Жданко. Очерки исторической этнографии каракалпаков. ТИЭ. IX том. — Москва-Ленинград, 1950. 37-бет*).

Рас, байырғы замандардағы, орта ғасырлардағы түркілік ен-таңбалардың үлгі-пішіндері қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларында жиі ұшырасады. Алайда, сол арғы заман мен орта ғасырлардан бері ен-таңбасы өзгермеген және Қазақ хандығы құрылған соң да сол ен-таңбалары сақталып келе жатқан ру-тайпаларды ұшырас-тыру қиын. Махмұт Қашқари келтіретін көптеген таңбалар қазақ ру-тайпаларының таңбаларында айнымай қайталанатыны рас. Алайда, таңбаның пішіні қайталанғанмен, сол таңбаны М. Қашқари заманында иеленген ру-тайпа бір бөлек те, Қазақ хандығы құрылған соң иеленген ру-тайпа бір бөлек. Мәселен, М. Қашқари бойынша «бөрі» таңбасы қынық руына тиесілі болса, бұл таңба қазақ арасында төртуыл, садыр, матай руларын айғақтайды. Мұндай сәйкессіздікті М. Қашқари келтірген онға тарта таңбалардан байқауға болады (*М. Қашқари. Түрік сөздігі. Бірінші томы. — Алматы, 1997. 85-87-беттер*).

Осындай айғақ-деректерден кейінгі түйін сөз, Қазақ хандығы құрылған соң ру-тайпалардың жаңадан жасақталып, жаңадан жүйеленгені сияқты, олардың ен-таңбалары да жаңаша айғақтала бастады дегенге саяды.

6. Қазақ ру-тайпаларын айғақтайтын кейбір ен-таңба пішінінің өзара ұқсас немесе сәйкес бейнеленуіне қатысты. Яғни, бір ен-таңба пішіні екі немесе одан да көп ру-тайпаларды айғақтайтын мысалдар аз емес. Мұның да әр түрлі себептері бар.

Біріншіден, Ұлы Дала төсіндегі ру-тайпалар өзінің ұзына тарихында сан мәрте бас біріктіріп, қуатты одақтар құрап, сан мәрте ыдырап, бөлшектенгені мәлім. Бұл ретте, түркі тектес көшпелілердің тарихын ру-тайпалар арасындағы саяси-әлеуметтік бәсекелестік тарихы десе де болады. Яғни, ру-тайпалардың әлеуетті болуы, ол үшін әр түрлі жолмен бас біріктіруге ұмтылуы, сөйтіп, әлді ру-тайпалардың әлсіз ру-тайпаларды өз аясына қосып алуы — өмірлік үрдіс болған. Көшпелі ру-тайпалар одағы мейлінше ұлғайып, кемеліне келген шақтарда төңірегіндегі алыс-жақын ел-жұрттарға да ықпалын жүргізіп отырған.

Міне, осындай ахуалда, тарихтың алуан түрлі жағдаяттары бір кездегі ен-таңбалары орныққан ру-тайпаларды ыдыратып жіберіп отырған. Әрине, ыдыраған бөлім-бөлшектер, әулет-аталар өздерінің тегі мен таңбасын кие тұтқан қалпында жаңадан еңсе көтерген әлеуетті ру тайпаның құрамына қосылады. Әдетте, мұндай үдеріс өмір-салты, тілі, ділі тектес ру-тайпалар арасында әлеуметтік-психологиялық зардапсыз (экссесс) өтіп отырған. Мұның айғақ-мысалы әрідегі түркі тектес халықтардың да, берідегі қазақ халқының да тарихында мейлінше мол.

Демек, бір пішінді ен-таңбаның бірнеше ру-тайпаға тән болуында, ең алдымен, осындай тарихи сыр-себептер бар деп сеніммен айтуға болады.

Екіншіден, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін ел-жұртты ұйыстырып, қоғамдық-әлеуметтік ахуалды орнықты ететін тетіктердің бірі — ру мен руды араластыру, ру мен ру арасында бала алмастыру болған. Мұның мысалы шежіре деректерінде мейлінше мол: Тәуке хан тұсында (XVII ғ.) төрелердің арасындағы бақталастықты тыю үшін, олардың біраз бөлігін қожа тайпасының құрамына сіңіріп жіберген; Кіші жүз адай тайпасының ішіндегі бегімбет пен қожантай аталарының арасындағы теке тірес тоқтамай қойған соң, сол екі атаны да бүкіл адай тайпасының ішіне шашырата сіңіріп жіберген; Орта жүз абақ керей ішіндегі шұбарайғыр руының бес тармағын жарастыру үшін білікті би Өтес Қабыланұлы (XIX ғ.) он екі атаны мидай араластырып, жаңадан бес тармақ құрған; Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі қарақесек руының кәрсөн атасынан шыққан Қыдыр батырдың асықты жілік ұстатып, асырап алған баласы — Орынбай, одан тараған ұрпақ өз алдына бір ата; Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі шегендік пен қуандық болса, осылардың арасы алыстап кетпес үшін Қуандықтың Олжакелді деген баласын Шегендік асырап алып, Олжакелдіден — Қаржас туып еді дейді (С. Жүсіпұлы. *Қазақ тайпаларының тарихы.* — Бұхара, 1875 // Ж.Бейсенбайұлы. *Қазақ шежіресі.* — Алматы, 1994. 98-99-беттер; Қ. Кемеңгерұлы. *Таңдамалы.* — Алматы, 1996. 40-бет; *Дерек берушілер: Сайын Назарбекұлы (1941), белгілі қаламгер, сәулетші, Маңғыстау облысы, Тиген ауылы; Қаржаубай Сартқожаұлы (1947), белгілі тарихшы, Монғолияның Баян-Өлгей*

аймағында туған; Омар Ақбергенұлы (1902-1994), Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы).

Мұндай мысалдар мейлінше мол және оның бәрін тізбелей беру шарт емес. Мәселе, осы сияқты аралас-құраластық барысында, дәстүрлі қазақ қоғамында ру атауының, ен-таңбаның қашанда кие тұтылып, ұрпақ жадында сақталатынында болып отыр. Демек, қазақ ру-тайпаларын айғақтайтын кейбір ен-таңбалар пішінінің өзара ұқсас бейнеленуінің екінші себебі – жоғарыда атап көрсеткендей, ру мен руды араластыру, екі ру адамдарының балаларын алмастыру, бала асырап алу сияқты әдет-ғұрыптарға да байланысты деп сеніммен айтуға болады.

Үшіншіден, қазақтың дәстүрлі қоғамында өсіп-өнген ру-тайпалардың өріс-қонысы тарылса, енші алып шыққан кіші рулар орайы келген кең өріс, жайлы қонысқа қарай жылжып көшіп-қона берген. Сондай-ақ, қазақ хандары елге еңбегі сіңген әйгілі тұлғаларға, олардың әулет-атасына сый-құрметтің белгісі (сүйерге ал) ретінде қоныс-тұрақ ұсынып отырған. Мұндай аралас-құраластықтар бара-бара әр текті рулардың еншілестігіне ұласатын болған. Бір ен-таңбаның бірнеше ру-тайпада ұшырасуының осындай да сыр-себебі бар.

Төртіншіден, қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс аяқталған соң (XVIII ғ.), жаудан азат етілген байтақ өңірлерді қазақ ру-тайпалары қайтадан қоныстана бастады. Тарихи және шежірелік деректер бойынша осы қайта қоныстану кезінде қазақ ру-тайпалары қоныс-тұрақ тандау еркіндігіне ие болған. Қазақ ру-тайпаларының, жүздік бөлікке қарамастан, ең бір ілкімді аралас-құраластыққа түскен уақыты осы кез.

Бесіншіден, қазақ арасындағы бір ен-таңбаның бірнеше ру-тайпада кездесуіне себеп ретінде ел басына түскен әр түрлі нәубеттерді айтуға болады. Әсіресе, соғыс, отаршылдық өктемдік сияқты ауыртпашылықтар қазақ ру-тайпаларын ата қонысынан ауып кетуге, үркінші-көшкінші болуға немесе алыстағы жекжат-жұрағаттарын сағалауға мәжбүр етті. Осы орайда, отаршылдық тұзағына алғаш ілінген Кіші жүз құрамындағы ру-тайпаларға қатысты кейбір деректерді келтіруге болады. Белгілі қаламгер Пернебай Дүйсенбин өзінің «Үркердей болып көшкен жұрт» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Сырым Датұлы бастаған... көтерілістің соңы жеңіліске ұшырады. Содан іле-шала 1797 жылы кейбір Кіші жүз руларының ата қоныстан ауа көшуі басталды. Мұны Бірінші Ұлы көш деп атауға болады. Мұны бастаған шеркеш руының (тайпасының – А. С.) биі Қаражігіт Төлеубайұлы болды. Ол орыс әскерлерінен көп қиянат көрген өзіне қарасты үш ауылды ертіп, Елек бойынан Ұлытаудың шығыс жағына қарай қоныс аударды. Дәл осы жылы таманың Жемей би бастаған жөгі руы, жағалбайлының Айтуар шешен бастаған біліс пен ормантай рулары адайдың келімбердісінен тарайтын тобыш руының ораз тармағына жататын Қосшы батыр Әбілқайыр ұрпақтарымен шекісіп қалып, ораз ауылын ерте, Бұқар облысының Тамды деген жерінен бір-ақ шықты. Орыс он талап, хан да сан талап жатқандығына шыдамай көрші мұсылман халықтары Хиуа мен Бұқараға бірлі-жарым көшіп кетіп жатқандары қаншама еді.

Екінші ұлы көш – 1821 жылы Арғынғазы, 1825 жылы Көтібар көтерілістері басылғаннан кейін басталды. Тама мен жағалбайлының біраз бөлігі Сарысу бойында отыр-

ған ағайындарына келіп қосылса, енді біраз бөлігі Ұлы жүзге қарасты Шымкент жеріне келді. 1825 жылы хан тұқымдары мен орыс әскерлерінен аса зәбір көрген рамадан руы Жайық пен Ырғыз арасынан тұтастай ауа көшті. Жолай олардың бір бөлігі Қарақұмда қалды да, қалғаны Сыр бойынан, яғни, Ташкент маңынан бір-ақ шықты. Арада үш жыл өткен соң 1828 жылы Қарақұмда қалған рамадандар Хиуа бектерімен соғыса жүріп, алдыңғы кеткендерге келіп қосылды. Мәт бидің басшылығымен рамаданның — алтай, алжас, қожас, қожамжар тармақтары Сыр бойынан тағы да ауып, шанышқылы, сіргелі меншігіндегі Қазығұртқа, Келес өзенінің бас жағына барып тұрақтады.

Бір кездегі жаппастың — еламан, жылкелді, өтеп рулары Торғай жеріне ауып, осы жердегі қыпшақтармен араласып кетті.

Үшінші Ұлы көш — Исатай-Махамбет көтерілісі сәтсіздікке ұшыраған соң болды. 1839 жылы Бөкей, Қондық бастаған жағалбайлылардың көші басталды. Олар енді Қостанай, Жезқазған облыстарының бос жатқан жеріне қарай шұбырды. Осы тұста, адайдың мұңалынан тарайтын шоға руының азғантай тобы Жызак облысының жеріне көшіп келді. Ал, телеудің — ноғай, әжіахмет, кетенің бірқатар рулары Сыр бойына келіп тірелді.

Ал, кейінгі бір жаманшылықта кетелер Түркия еліне өтті.

Төртінші Ұлы көш — Жанқожа батырдың көтерілісі басылған соң басталды. Бұл жерде әлім рулары ауғандыққа салынды. Көтеріліс аяусыз басылған соң, оның белсенді мүшелерін қолға түсіру ісі жүргізілді. Осыдан үріккен біраз азаматтар өздеріне қарасты ауылдарды ертіп, Хиуа жеріне қашты. Қыр шектісіне жататын құттық, құрманай, асан, үсен, женей жолшора руларының шоғыр-шоғыр топтары Қызылқұм, Қарақұмнан асып, Ферғанаға дейін келді. Бұл оқиға 1855-1860 жылдар аралығын қамтыды. Көп ұзамай 1864-1868 жылдары Қоқан хандығын орыстар басып ала бастаған соң, бұл рулардың бірсыпырасы енді Тәжікстан, Түркіменстан жеріне өтті.

Бесінші Ұлы көш — Қазан төңкерісінен соң, яғни, Кеңес одағы кезеңінен бастау алады. Шет елдерге өтіп кету оқиғалары осы кезден бастап өрбіді. Рас, алдыңғы кездері қызылдардан мынды айдаған байлар қашты. Мысалы, жеті мың жылқы біткен, адайдың күрпі руынан шыққан Адам деген бай құзырындағы бір қауым елді бастап, Ауғанстан мемлекетінен бір-ақ шыққан. Ол сол жерге жеткенде төрт мыңнан аса жылқысынан, үш жүзден аса адамынан айырылды. Басқа елдерге бұлай қашу, әсіресе, 1927 жылдан бастап кең етек алды. Бұл ірі байларға кәмпеске жүргізу басталған шақ-тын. Әрине, бұл жерде солақай саясаттың әсері тым күшті болды. Соның кесірінен Иранға, Түркияға қаншама адам өтіп кетті. Солардың дерлігі Кіші жүз руларынан еді.

Алтыншы Ұлы көш — коллективтендіру кезінде болды. Мұнда аса зардап шеккен тағы да тама мен жағалбайлы, шеркеш алшындар. Оларды енді Сарысу өзенінің бойынан бері Қаратау етегіне қарай зорлықпен көшірді. Сөйтіп, олар Жамбылдың Байқадам, Шымкенттің Созақ аудандарына келді. Іле-шала аштық басталып, онсыз да ауғанды елдің тағы да тоз-тозы шықты.

Жетінші Ұлы көш — 1931-1934 жылдары болды. Аштықтан бұралған қайран жұрт, сорлы қазақ, бірі Ресейге, бірі Өзбекстанға ағылды. Байұлы тайпасының көптеген руларының өкілдері Еділ бойын сағалап, Қазан қаласына дейін барды. Кейіннен олардың біразы кері оралмай, сол жақта тұрақтап қалды. Ысық, байбақты, беріш рулары (*тайпалары — А.С.*) Астрахань, Саратов арқылы Кавказ елін сағалады. Әлімнен, жетірудан өрбитін рулардың тоз-тозы шығып, Тәжікстанға барып паналады» (*П. Дүйсенбин. Үркердей болып көшкен жұрт. — Алматы, 2007. 13-бет*).

Осы сияқты тарихи нәубеттер қазақ ру-тайпаларын тоз-тоз етіп, олардың бөлініп-бөлшектенуіне себепші болды. Нәтижесінде, көптеген аталар мен рулар басқа аталар мен руларға қосылып, тіптен басқа жүздің құрамына сіңісіп кетті. Бір ен-таңбаның бірнеше ру-тайпада кездесуінің бір себебі осында.

Міне, қазақ ру-тайпаларын айғақтайтын кейбір ен-таңбалар пішінінің өзара ұқсастығында осы сияқты тарихи сыр-себептер бар. Бұл сыр-себептердің қай-қайсысы да, түптеп келгенде, дәстүрлі қазақ қоғамындағы ел-жұрттың ұжымдасып өмір сүруге, жарастықты ғұмыр кешуге ынталы болғанын, әсіресе, қиын-қыстау кезеңдерде өзара ұйыса түсуге мүдделі болғанын білдіреді. Сөз жоқ, бұл сияқты этно-элеуметтік үрдіс, тарихи қиындықтарға қарамастан елдік қасиеттердің сақталып қалуына оң ықпал еткен негізгі факторлардың бірі болды.

7. Дәстүрлі қазақ қоғамында таңбаның айрықша мән-маңызы болғанын ру-тайпа атауларына ден қою арқылы да байқауға болады. Әдетте, таңба атауы күнделікті көзбен көріп, қолмен ұстап жүрген тұрмыстық заттарға (жалау, тұмар, жебе, ашамай, ергенек, босаға, домбыра, қобыз, балта, бақан, көсеу, сірге, тарак, шылбыр, шөміш, т.б.), қоршаған табиғи орта көріністеріне (ай, күн, тау, су, шілік, т.б.), жан-жануарларға (арқар, бөрі, қурай, құсаяқ, қазаяқ, түйемойын, т.б.) қатысты қойылады және мүмкіндігінше соларға ұқсата бейнеленеді. Ондай бейнелі ен-таңбаларда типтік нақтылықтан гөрі, сол бейнеленетін объектінің типологиялық жиынтық сұлбасы мүмкіндігінше дәл бедерленіп отырады. Осы орайда, ен-таңбаға арқау болған заттардың, қоршаған орта көріністерінің, жан-жануарлардың басым көпшілігін қазақтың қасиет-кие тұтатынын атап өткен жөн.

Қазақ арасындағы көптеген ру-тайпалардың атауы таңбасына қосақталып айтылады. Мәселен, ашамайлы керей, абақ керей, балталы найман, бағаналы найман, ергенекті найман, т.б. Мұндағы ашамай, абақ, балта, баған, ергенек деп келетін таңба атаулары ру-тайпа атауларына қосақтала айтылып, сол ру-тайпаларды айғақтап тұр. Сондай-ақ, таңба атауымен аталатын ру-тайпалар да бар. Мәселен, балталы, бағаналы, ергенекті, шанышқылы, таракты, ашамайлы, ошақты, теріс таңбалы, сіргелі, тілік, т.б. Осы орайда, Кіші жүз жетіру бірлестігіне қарайтын табын тайпасы өз ішінде үш тармаққа бөлінетінін, олар таңба атауына орай «көсеулі» (ағым), «шөмішті» (бозым), «таракты» (тоғым) деп аталатынын да айта кеткен жөн.

Яғни, ру-тайпалардың ен-таңбамен айғақталуы және сол ен-таңба атауымен аталуы, түптеп келгенде, таңбаның тек қана ру-тайпаны айғақтап қоймайтынын, сонымен бірге, оның этнонимдік мәнге ұласып жатқан киелі сипатын да аңғартады. Таңбаның киелі орындар мен белгілерге, қастерлі мүліктерге салынуында осындай мән бар.

8. Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде «ен-таңба» деп келетін қос сөз жиі қолданылады. Осы орайда, малға ен салып, таңба басудың да белгілі бір жанұяны, әулетті, атаны, ру-тайпаны, кейде жүзді де айғақтайтын дәстүр екенін ескере отырып, ен салуға қатысты кейбір тарихи-этнографиялық деректерді келтіре кету қажет.

Әдетте, төрт түлік малдың ішіндегі түйеден басқа түлікке ен салынады. Қазақ «түліктің төресі — түйе» дейді. Барша болмысы көшпелі өмір-салтпен тікелей шендесіп жатқан дәстүрлі қазақ қоғамында түйенің орны айрықша болған. Түйе түлігінсіз Ұлы Даладағы эпикалық-классикалық көшпелі өмір-салттың да болу-болмауы екіталай. Табиғаттың циклды айналым-ауысуына жыл құсы сияқты ілесіп, мәңгілік көктем мен жаз маусымдарының аясында болу мейлінше ілкімділікті қажет етеді. Бұл ретте, мал-жанымен, дүние-мүлкімен қатарыла көшетін көшпелілердің ілкімді болуы, ең алдымен, түйе түлігіне байланысты еді. Яғни, табиғаты қатал да қуаң Ұлы Далада бақытты өмір сүрудің бірден-бір кепілі көшпелі өмір-салт болса, сол көшпелі өмір-салттың салтанат құруы, алдымен, түйе түлігіне қарыздар. Төрт түлік малды тіршілігіне тірек етіп, олардың қас-қабағына қарай білген көшпелілерді түйе түлігінің бітім-болмысындағы көнтерлілік, тектілік, дегдарлық, төзімділік, қанағатшылдық, балажандылық, қайраттылық сияқты қасиеттері де бейтарап қалдырмаған. Сонымен бірге, түйенің еті мен сүті құнарлы да шипалық қасиеті мол тағам ретінде ерекшеленсе, жүні мен шудасы, терісі мен сірісі өмірлік мұқтаждықтарды өтеп отырған. Мәселен, жиі-жиі жазылып көшіп, желпініп қонып отыратын ел-жұрт үшін киіз үйдің, оның керегесінің мән-маңызы ерекше екені белгілі. Сол керегенің көгіне түйе сірісінен басқа тері шыдамайды, үш-төрт жазып-жинағанда басқа малдың терісі қиылып қала береді. Түздің жорық-жортуылында көп болатын көшпелілердің қалқан, құранды ер, жанторсық сияқты мүліктерін жасауға түйе сірісін пайдаланса, түйенің шудасы мен жүнінен тігінге көп қолданылатын шуда жіп иіріп, шекпен тоқыған. Түйе жүн шекпендер атадан балаға ауысып, екі-үш ұрпаққа дейін мұра болып отырған.

Міне, осы сияқты көптеген қасиеттеріне бола түйені көшпелілер айрықша қас-терлеп, оны киелі түлік деп білген. Қазақ арасында түйені санаса көз тиеді деп, оның санын құпия ұстайтын да дәстүр бар. Тіл-көздің сұғынан сақтанған осындай дәстүрден болу керек, бұрынғының ірі байлары әрбір жүзінші түйесінің оң көзіне біз сұғып, ағызып жіберіп отырған. Мұндай дәстүрді білетіндер «Неше түйең бар?» деп сұраудың орнына, «Неше соқырың бар?» деп сұрайтын болған. Көнекөз қарттар айтып отыратын: «Арқаның ең бір әйгілі байлары Адамбай-Тұрсынға он жеті соқыр біткен екен!» — деп. Онысы Адамбай мен Тұрсынның мың жеті жүз түйесі болған дегені.

Қысқасы түйе түлігіне ен салынбауы, таңба басылмауы осындай салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге байланысты болған.

Әдетте, жылқы, сиыр, қой, ешкі түліктеріне ен салынып, таңба басылады. Енді алуан түрлі пішінмен тілу, ою арқылы салады. Өрісі жақын, көш жолы бір, қоныс-тұрағы қоңсылас әулет-аталар мен ру-тайпалардың малына салатын ен-таңбаның бір-біріне ұқсас болмауына білікті де мініскер таңбашылар мән беріп отырған. Мұның өзі жоғалған малды жазбай тануға, қосылып кеткен малды қиындықсыз айырып алуға себепші болған.

Төрт түліктің ішінде жылқыға ғана кейде ен салатын, кейде таңба басатын дәстүр бар. Жылқыға ру-тайпаның немесе жүздің таңбасы басылатын кездері де болған. Ру-тайпаның немесе жүздің таңбасын басу үрдісі жаугершілік, жұт, індет сияқты нәубеттер кезінде кара шығын шығарып, жылу жинағанда қай ру-тайпаның, қай жүздің малы екенін айыру үшін қолданылған.

Күнделікті өмір-тіршілікте малға ен салу дәстүрі жанұяның, әулет-атаның, ру-тайпаның малын айғақтау үшін салынған. Көбінесе оңаша шыққан отау үйдің, бөлініп шыққан рудың малын айғақтау үшін мал бойындағы бұрынғы ен-таңбаның пішінін жаңғырта ен салу дәстүрі қалыптасқан. Мұндайда, енші алып шығушылар енші берушінің малына салынған бұрынғы ен пішінінің түбірін сақтай отырып, енші малына қосымша тілік немесе ойық түрінде жаңа пішінді ен салатын болған. Мұндай дәстүр арқылы, біріншіден, енші беруші мен енші алып шығушының тектес-туыстастығы көрініс тапқан, екіншіден, ен-таңбаның түбірін сақтау арқылы енші алып шығушының енші берушіге деген құрметі білдірілген, үшіншіден, жаңадан енші алып шығушының малы екені айғақталатын болған. Бұл ретте, ен-таңба тек қана малға қатысты белгі емес, сол малдың иесі болып табылатын жанұяны, әулетті, атаны, ру-тайпаны айғақтайтын киелі, қасиетті нышан болып есептелген. Сондықтан да дәстүр бойынша, енші малына жаңа ен салу рәсіміне ерекше мән беріліп, ырым-жоралар жасалған. Мәселен, ұлы мен келінін оңаша отау етіп шығарарда ата-анасы (ата-енесі) ауыл-үйлерін, көрші-қоланды арнайы шақырып, енші малына ен салу рәсімін жасайтын болған. Ол үшін жиналған жұрттың алдында шара аяққа құйылған ақтан (қымыз, шұбат, айран, сүт) алдымен ата-анасы (ата-енесі) ауыз тиіп, одан соң ұл мен келін ауыз тиетін болған. Сонсоң жақсы тілектер айтылып, қотанға иірілген енші малына ен-таңба салына бастайды. Осы кезде үлкен үйдің бәйбішесі жақсы тілеу тілеп, шара аяқтағы аққа саусағын малып, ен салынған малдың құлағына ақ жағып (тамызып) отырады. Ен-таңба салынып болған соң ауыл-елдің ең бір қадірлі қарты бата береді. Қазақтың «ақ бата» дейтіні осы. «Ата-ананың ақ батасын алмаған жарымайды» деген сөздің астарында тұрмыс-тіршіліктен туындаған ақиқат бар. Енші малына ен-таңба салынып болған соң, отау құрып оңаша шыққан келін өзінің жасауымен келген бағалы зат-мүлкінің, киім-кешегінің бірін «қосақ басына салдық» деп, ата-енесіне тарту етеді. Мұнан әрі енші алып шыққан ұл мен келін басында үйі, бауырында қазаны бар жеке жанұя ретінде жиналған жұртты шақырып, отау үйден дәм таттыратын болған.

Жалпы, көшпелі елде аяқты малға ен салу науқаны жаздың басына қарай, жаңадан туған төл ширап, пышак көтеретін болған кезде өткізіліп отырған. Осы орайда жасалатын дәстүрлі ырымдардың бірін келтіре кетуге болады. Ен салу барысында мал құлағынан түскен қиындыны ен салушы адам балалардың алақанына салып, құмырсқа илеуіне тастатады. Сонсоң, илеу ортасына үш-төрт тал ақ ши шаншытады. Құлақ қиындысын талапайлап жеген құмырсқалар ши бойымен жоғары қарай қанша көтерілсе, сол жылы шөп пен бидайдың бойы сонша көтеріліп өседі деп ырымдаған. Ұрпақты зейінді, аңғарғыш, шаруақор етіп өсірудің бұл да бір үлгісі.


Малға салынатын еннің түрлері қазақ арасында былай деп аталады: байпак ен, жебе тілік ен, жүрекше ен, жұтқын ен, кез ен, кесік ен, қиық ен, қос қиық ен, қос тілік ен, құмырсқа ен, құмырсқа тілік ен, ойық ен, солақ ен, сота тілік ен, сыдырғы


ен, сырға ен, тесік ен, тесік байпак ен, тесік тілік ен, тілік ен, үшкіл кез ен, т.б. Еннің бұл түрлерін құбылтып салу барысында ондаған-жүздеген нұсқасы пайда болған. Мәселен, малдың екі құлағына бірдей немесе екі құлағына әр түрлі ен салу, ен түрлерін оң құлақ пен сол құлаққа алмастырып салу, т.б.


Ендігі кезекте, қазақ арасында малға салынатын еннің атауларын, үлгілерін және пішіндерін бейнелеп көрсету қажет.


№	Ен атауы	Ен үлгісі	Ен пішіні
1.	Байпак ен		>
2.	Жебе тілік ен		↵
3.	Жүрекше ен		↵
4.	Жұтқын ен		↵
5.	Кез ен		↵
6.	Кесік ен		>
7.	Қиық ен		↵
8.	Қос қиық ен		↵
9.	Қос тілік ен		↵
10.	Құмырысқа ен		↵
11.	Құмырысқа тілік ен		↵
12.	Ойық ен		↵
13.	Солақ ен		↶
14.	Сота тілік ен		↵
15.	Сыдырғы ен		↵
16.	Сырға ен		↵
17.	Тесік ен		↵
18.	Тесік байпак ен		↵
19.	Тесік тілік ен		↵
20.	Тілік ен		↵
21.	Үшкіл кез ен		>


9. Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын бітім-пішіндеріне орай жеті топқа бөліп қарастыруға болады.


Бірінші, толық ай, жарты ай, күн немесе көз бейнесіндегі дөңгелек пішінді таңбалар: 


Екінші, тік немесе көлбеу түскен сызық таңбалар: 

Үшінші, айқыш (крест), ұйқыш (свастика) немесе ашамай таңбалар: 

Төртінші, бақан немесе аша таңбалар: 

Бесінші, тарак, босаға және абақ таңбалар: 

Алтыншы, оғыз немесе жебе таңбалар: 

Жетінші, заттар мен жан-жануарлардың типологиялық сұлбасын бейнелеген таңбалар (бөрі, кобыз немесе домбыра, нәл, қалпак, тостаған, су, садақ, құйысқан, қайшы, сірге, тұмар, ту немесе балта, қарын, түйе мойын, қамшы, кереге, шылбыр, орақ, ілгек, балдақ, мүйіз, шоқпар, шілік, құрай, жұтқын, ошак, қылыш, шөміш, ашамай, ергенек, бақан, қазанқұлақ, таға, т.б.): 

Таңба бітім-пішіндерінің бұл жеті тобы жүздік немесе мекендік даралықтарды білдірмейді. Осы жеті топтағы таңбалар қазақтың үш жүзінде де және жүзден тыс ру-тайпаларында да кездеседі. Ай, күн немесе көз таңбалы ру-тайпалар қазақ халқының ең көп бөлігін құрайды. Мәселен, дулат, албан, суан, ботбай, сикым, жаныс, арғын, садыр, табын, рамадан, кердері, байбақты, алаша, шеркеш, ысық, беріш, т.б. Бұл ру-тайпалар ай, күн немесе көз деп аталатын таңбаларды негіз етіп алғанымен, олардың әрқайсысы өздерінің даралығын айғақтау үшін қосымша белгілер салып отырған. Осы орайда, орта ғасырлардан белгілі күн таңбалы басмылдар (басими) мен қарлұқтардың құрамындағы ру-тайпалар кейін Қазақ хандығы жасақталар тұста да ел болып ұйысуға негіз болған-ау деген ой қылаң береді. Мұндай болған жағдайда ай, күн немесе көз таңбалы ру-тайпалардың үш жүзде де кездесуін Қазақ хандығы жасақталар тұста ел-жұртты ұйыстыру үшін ру-тайпалық құрылымның жаңадан жіктелген көрінісі деп қабылдауға да болады. Сөз жок, тек ай, күн немесе көз таңбалы ру-тайпалар ғана емес, Қазақ хандығы жасақталар тұста басқа да іргелі ру-тайпалардың ел-жұртты ұйыстыра түсуге ықпалы болғанын байқауға болады және ондай тектес таңбалы ру-тайпалар үш жүзде де кездеседі. Әрине, бұл тақырып арнайы көңіл бөліп, жан-жақты зерттеп, байсалды саралауды қажет етеді.

10. Ұран туралы. Ұран — әулет-атаны, ру-тайпаны, ел-жұртты аса маңызды іс пен әрекетке жұмылдыру үшін, сол жолда жұртшылықты жігерлендіріп, олардың рухын көтеру үшін жар сала айтылатын дабыл сөз. Қазақтың дәстүрлі қоғамында, негізінен, ру-тайпаның бастау тегінде тұрған тарихи адамдар, ел-жұрттың басына түскен сындарлы кезеңдерде ақыл-қайратымен танылған әйгілі тұлғалар мен атамекен атаулары ұранға шығатын болған. Яғни, ұран шақырғанда тарихи адамдардың, әйгілі тұлғалардың есімдері немесе атамекендері аталған. Сондықтан да ешқашан ұсақ-түйек тірлікке бола ұран шақырылмаған. Ұсақ-түйек тірлікке бола ұран шақыратындар болса, әдетте, ондайларды қасиет-киені білмейтін, аруак пен киелі мекенді мазалаған оспадар, тентекбас адам ретінде айыптап, тіптен қатаң жаза да қолданған. Оның есесіне, шынымен ұран шақырылғанда кеудесінде жаны бар қазақ қарап қалмайтын болған. Әсіресе, ер-азаматтар ұран сөз естігенде «Қайда?», «Қашан?» деген сұрақты қоймастан, қаруын алып, атқа қонған. Мұндай дәстүрдің бүкілхалықтық сипат алғанын М.Ж.Көпейұлы келтіретін дерек орнықтыра түседі: ««Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш!», «Алаш!» — деп шабындар. «Алаш!», «Алаш!» — дегенді әкең де болса ұрып жық деп бата қылысыпты» (М.Ж. Көпейұлы. *Екі томдық. Екінші том.* — Алматы, 1992. 63-бет).

«Алаш» ұраны естілсе болды қара халықтың дүрк көтерілетінін Ш. Уәлиханов та жазған (Ш.Ш. Уәлиханов. *Таңдамалы.* — Алматы, 1985. 119-бет).

Жалпы, ұран салу, ұран шақыру — дүниежүзінің халықтарында бар, ертеден қалыптасқан дәстүр. Белгілі бір әлеуметтік ортада ұжымдық намысты ояту, жұртшылықты бір мақсат-мүддеге жұмылдыру, сол жолда тарихи тұлға болмысын үлгі-өнеге ету немесе оның рухына сиыну адам қоғамына тән психология. Мұндай үрдіс жекешелікті емес, ұжымшылдықты тіршілік тірегі еткен көшпелі өмір-салтта, сол өмір-салттың ру-тайпалық жүйесінде айрықша маңыз бен мағынаға ие болып, киелі сипат алған.

Қазақ ру-тайпаларының ұранына шыққан ру көсемдері, батырлары, аруакты-әулиелі адамдары, негізінен, Қазақ хандығы құрылған соң тарих сахнасына шыққан тұлғалар. Бұл, сөз жоқ, Қазақ хандығының құрылуы — қазақ ру-тайпаларын жаңадан түзу арқылы, жаңаша жасақтау арқылы жүзеге асқанын білдіретін фактор («Ел болудың алғышарттары» тараушасын қараңыз).

Рас, ру-тайпа ұранына шыққандар ішінде Қазақ хандығына дейінгі кезеңде ғұмыр кешкен тұлғалар да кездеседі (Қарабура, Қожа Ахмет, Сунақ ата, Ер Көкше, Темір). Ұранға шыққан мұндай тұлғалар санаулы ғана. Алайда, соның өзінен ру-тайпалық жүйенің тарихи сабақтастығын, қазақ ру-тайпаларының тереңнен бастау алатын тек-тамырын аңғаруға болады. Әрине, бұл жерде, ру-тайпалық жүйенің тарихилығы мен Қазақ хандығы құрылған соң ру-тайпалардың жаңадан жаңғыра жасақталуы деген мәселелерді айыра білу керек.

Сондай-ақ, ұранға шыққан жер-су атаулары да назар аударады (Алтай, Алатау, Айыртау, Шолпан ата). Яғни, көшпелілер үшін «туған жер», «атамекен», «ата жұрт», «туған топырақ» деген ұғымдардың санаттық (категориялық) мән-мағы-

наға ие екені, мұның өзі әрбір қазақтың асқақ сезімдерімен астасқан киелі сипаты бар екені ден қойдырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында бүкіл халықтың (ұлттың), жүздің, тайпаның, рудың жеке-жеке ұрандары болған. Мәселен, «Алаш» ұраны исі қазаққа қатысты, «Бактияр», «Қабылан», «Ақжол», «Алшын», «Тұлпар» ұрандары жүздерге қатысты, «Қарабатыр», «Қаптағай», «Ойбас», «Ер Жәнібек», «Ер Көкше», «Байғозы», «Бекет», «Байбарак», «Қарабура», «Дөйт», «Арқар», «Қожа Ахмет» сияқты ұрандар тайпаларға қатысты, «Қарасай», «Райымбек», «Қабанбай», «Қарқабат», «Айыртау», «Қаратай», «Темір» сияқты ұрандар руға қатысты шақырылған. Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамының этноқұрылымы (әулет-ата, ру-тайпа, жүз) белгілі бір атаулармен ғана айғақталып қоймаған, сонымен бірге ұран-таңбаларымен де айғақталған. Мұның өзі мемлекеттің тікелей-иерархиялық жүйесін орнықтыруда ұран-таңбалардың да саяси-әлеуметтік мән-маңызының болғанын көрсетеді.

Қазақ ру-тайпаларының басым көпшілігінде бірнеше ұраннан бар. Бұлай болуы, көп жағдайда өсіп-өнген ру-тайпа аясынан енші алып, жаңа рудың бөлініп шығуына байланысты. Өйткені, жаңадан жасақталған руды айғақтайтын төл ұран-таңбаның болуы, алдымен қоғамдық-саяси қажеттіліктен туындаған үрдіс. Рас, жаңадан жасақталған ру енші берген іргелі рудың ұранын ешқашан ұмытпай, кие тұтып өтеді. Сонымен бірге, уақыт өте келе жаңадан жасақталған руға ұйытқы болған адамның немесе ерекше қасиеттерімен әйгілі болған тұлғаның ұранға шығуы да мүмкін. Жаңадан ұранға шыққан тұлғаның даңқы аса зор болса, оның есімі кіші румен ғана шектелмей, одан асып бүкіл тайпаның, тіптен, бүкіл жүздің ұранына ұласатын кездері де бар. Мұның айғағы қазақ шежіресінде айқын көрініс тапқан. Мәселен, бір ғана ру аясынан шыққан әйгілі батырлар: Райымбек — бүкіл албан тайпасының, Қарасай — бүкіл шапырашты тайпасының, Бекет — бүкіл адай тайпасының, Байғозы — бүкіл тарақты тайпасының, Ер Жәнібек — бүкіл керей тайпасының, т.б. ұраны болғаны мәлім. Н.И. Гродеков: «Ұранға 7-10 буын аясындағы ата-бабаның есімі шығады. Сондай-ақ жаңадан әйгілі болған адам атын да ұранға қосатын үрдіс бар», — дейді (*Н.И. Гродеков. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Бірінші том. — Ташкент, 1889. Қосымшасы. 1-бет*). Бұл деректе 7-10 буынның аталуында мән бар. Қазақ дәстүрінде жеті атадан кейін ғана енші алып, жеке ру болып бөлініп шығуға болады. Ал, әрбір жаңадан жасақталған рудың төл ұран-таңбасының болуы шарт. Демек, жаңадан жасақталған руға ұйытқы болған адамның, сондай-ақ ерекше қасиет-қабілетімен көзге түскен тұлғаның есімін ұранға шығарып отыру дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан үрдіс. Қазақтың: «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа — ұран», «Атаданқы — ұрпаққа ұран», — деп келетін мақал-мәтелдері өмір шындығынан туған.

Ұранның үлкен-кішісі болмайды. Сол ұранды шақыруға себепші оқиғаның үлкен-кішісі болуы мүмкін. Мәселен, жаумен шайқас пен ат бәйгесін салғастырудың қисыны жоқ. Бірақ, мұның екеуінде де ұран шақырылады. Демек, кіші рудың, іргелі рудың, жүздің немесе исі қазақтың ұранын шақыруды қажет ететін оқиғалар болады. Бұл мәселеге кезінде Н.А.Аристов та назар аударған. Алайда, Н.А. Аристовтың қазақ ұрандарын «руды шақыратын ұрандар және ат бәйгесінде шақыра-

тын ұрандар» деп жіктеуі бір жақты пікір екенін атап өткен жөн (Н.А. Аристов. *Опыт... – Живая старина. III-IV шығарылым. – С.-Петербург, 1894. 408-бет*).

Жоғарыдағы пайымдаулардан кейін қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбаларын атап-бейнелеп көрсетуге болады. Қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбаларын түзу барысында қазақ этнологиясына қатысты елеулі зерттеулер жүргізген А.И. Левшин, Н.А. Аристов, А.Н. Харузин, И. Казанцев, Н.И. Гродеков, Л. Мейер, И. Добросмыслов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н. Мыңжани, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров, Т. Омарбеков, Х. Ғабжалелов, Қ. Сартқожаұлы, Т.М. Сұлтанов қатарлы ғалым-зерттеушілердің еңбектері назарда болғанын, сондай-ақ өзіміз жинаған шежірелік деректердің да кәдеге жарағанын атап өткен жөн.

Ұрандар мен таңбалар Қазақ хандығы құрылғаннан кейін жаңадан жасақталып, жаңадан жүйеленген ру-тайпаларды айғақтайды. Яғни, қазақ ру-тайпаларының өзгермейтін, статтық сипат алған бүгінгі құрылым-құрамына қатысты ұран-таңбаларды атап-бейнелеп көрсетуді мақсат еттік. Атап-бейнелеп көрсету барысында әр түрлі еңбектердегі ұран-таңбалардың нұсқалары, атаулары және бедер-бейнелері шежірелік деректер негізінде нақтылана түсті.

Төмендегі кестеде қара әріппен терілген этнонимдер тайпаларды білдірсе, тайпадан кейінгі ағарта терілген этнонимдер сол тайпа құрамындағы руларды білдіреді.

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
1.	ҚАЗАҚ	Алаш	○	Күн
2.	ҰЛЫ ЖҮЗ	Бактияр, Қабылан, Салауат	∩ ρ + ≅ ♀	Нәл. Жалау. Айқыш. Су. Абак
3.	Абак (Ақсақал)	Ақшабдар	♀	Абак
4.	Тарак (Жансақал)	Қабылан	≅ ▯	Су. Тарак
5.	Жалайыр	Бактияр, Қабылан, Бөрібай	▯ ▯	Тарак
6.	Мырза	Бактияр	▯	Тарак
7.	Андас	Балпық	▯	Тарак
8.	Шуманак	Бактияр	▯	Тарак
9.	Сарыүйсін	Байтоқ	♀ ×	Абак. Ашамай

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
10	Қанлы	Бәйтерек, Айрылмас, Бақтияр	☀ S	Көсеу. Күн. Шылбыр
11	Шанышқылы	Айрылмас, Шанышқылы, Бәйтерек, Бақтияр	↓ ↓	Шанышқы. Қолтаңба
12	Балық	Көрбақа	↓	Қолтаңба
13	Күрпік	Бектау	↓	Қолтаңба
14	Қатаған	Қатаған, Айрылмас	○ ↓	Домбыра. Қолтаңба
15	Дулат	Бақтияр	□ ○ ⊕	Абак. Күн
16	Ботбай	Ботбай, Сәмен	♀ ♀ ♀	Күн. Үш құлақ
17	Шымыр	Шымыр, Қойгелді	└	Ай
18	Сиқым	Бақтияр	♀	Күн
19	Темір	Қойкелді	Р	Балта
20	Бестерек	Шымыр	♀	Күн
21	Сәмбет	Шымыр	♀	Күн
22	Шілмәмбет	Жаулыбай	└	Ай
23	Сиқым	Сиқым, Рысбек	♀ L →	Дөңгелек. Әліп. Таяқ. Жұтқын
24	Жаныс	Жаныс, Төле	→ ♀	Жұтқын. Дөңгелек
25	Жамбай	Жаныс, Төле	└	Жұтқын
26	Шегір	Бақтияр, Төле	└	Жұтқын
27	Қоралас	Қоралас, Ботбай, Сәмен	♀ ♀	Күн
28	Шынқожа	Шынқожа	♀	Дөңгелек
29	Бекболат	Бекболат	➤	Қос үшкіл

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
30	Албан	Бақтияр, Райымбек	☉	Шөміш Дөңгелек
31	Қоңырбөрік	Өтей	☉	Дөңгелек
32	Қызылбөрік	Әжібай	☉	Дөңгелек
33	Токназар	Малай	☉	Дөңгелек
34	Айт	Жалпақ, Абақ	☉	Абақ
35	Шобал	Сәрменбет	☉	Дөңгелек
36	Төлес	Бике	☉	Дөңгелек
37	Бидайшы	Серкебай.	☉	Дөңгелек
38	Қожбанбет	Қожбанбет, Оразбақ, Түгелбай	☉	Дөңгелек
39	Шоған	Шоған	☉	Дөңгелек
40	Жарты	Жарты	☉	Дөңгелек
41	Алжан	Райымбек	☉	Дөңгелек
42	Шажа	Райымбек	☉	Дөңгелек
43	Бозым	Бозым, Әлмерек	☉☉	Дөңгелек, Шөміш
44	Сақау	Райымбек, Әжібай, Түлкібай	/	Көсеу
45	Қыстық	Райымбек, Ескене, Малайсары	☉	Дөңгелек
46	Молболды	Әжібай	☉	Дөңгелек, Шөміш
47	Жолболды	Түктібай	☉	Дөңгелек, Шөміш
48	Керейқұл	Райымбек, Әжібай	☉	Дөңгелек, Шөміш
49	Суан	Байсуан, Райымбек	☉☉☉	Дөңгелек, Шөміш
50	Сатай	Байтүгей, Аққабақ	☉	Шөміш, Дөңгелек

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
51	Елшібек	Байтүгей, Қырыққасқа	○	Шөміш, Дөңгелек
52	Шапырашты	Қарасай, Бақтияр	Υ Δ	Ай. Тұмар, Ошак
53	Ошақты	Бақтияр	Δ	Ошак, Тұмар
54	Ысты	Жауатар	I S	Көсеу. Шылбыр
55	Ойық	Жауатар	I ∞	Көсеу. Көз, Ойық
56	Тілік	Жауатар	—	Тілік
57	Сіргелі	Тоғанас, Бақтияр	⌘ ⌘ ⌘ ∟ ≠ ∞	Сірге. Қурай. Тарак. Кереге. Көз
58	Елібай	Елібай	⌘	Сірге
59	Үштаңбалы	Бақтияр	∧	Үшкіл таңба
60	Айтбозым	Байтемір	⌘	Сірге
61	Жаңабай	Жаңабай	⌘	Сірге
62	Шалдар	Тоғанас	⌘	Сірге
63	Жайдақ	Даубай	⌘	Сірге
64	Батыр	Есболат	⌘	Сірге
65	Ақкөңірдек	Тайлақ	⌘	Сірге
66	Тутаңбалы	Ақшабдар	⌘ ⌘ ρ	Сірге. Қайшы. Ту
67	Қайшылы	Ақшабдар	⌘ ⌘	Сірге. Қайшы
68	Шақшам	Майемген, Бақтияр	∧ →	Үшкіл. Жебе
69	ОРТА ЖҮЗ	Ақжол	□ ○	Босаға. Күн
70	Арғын	Ақжол, Қарабатыр, Қарақожа Аманжол	∞ ∩	Көз. Таға
71	Сүйіндік	Төртуыл, Жолбике	∞	Көз
72	Нұрбай	Шежекөз	∞	Көз
73	Қанжығалы	Толыбай	∞	Көз. Қос оқ
74	Тобықты	Маябоз	∞	Көз

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
75	Қарауыл	Қарақай	∞∞	Көз
76	Қаракесек	Қарқабат	∞∞	Көз
77	Жалықпас	Қарқабат	∞∞	Көз
78	Сырт бошан	Машай	∞∞	Көз
79	Бәсентиін	Барлыбай	∞∞	Көз
80	Атығай	Ошбай, Бурабай	∞∞)	Көз. Ай
81	Жоғары шекті	Ақжол	○	Окшантай, Дөңгелек
82	Төмен шекті	Ақжол	○	Окшантай, Дөңгелек
83	Енең тоқасы	Күшікбай	∞∞	Көз
84	Найман	Қаптағай, Жалбағай, Қабанбай	γ Λ ○	Бақан. Үшкіл, Шөміш
85	Елата	Қаптағай	γ Γ ○	Бақан. Босаға. Шөміш
86	Бағаналы	Қаптағай	γ X Ч	Бақан, Бағана
87	Балталы	Балта	ρ	Балта
88	Ергенекті	Қаптағай	Ж) Θ	Сірге. Ай. Ергенек
89	Төртуыл	Қаптағай	γ ○ π Θ	Бөрі. Ергенек
90	Қаракерей	Қабанбай, Баймұрат, Бөрібай	γ γ Λ	Мүйіз. Бөрі. Үшкіл
91	Садыр	Алдияр, Әділ, Боранбай	γ σ ○ π	Бөрі
92	Матай	Қаптағай, Бөрібай	γ	Бөрі
93	Бура	Қаптағай	Θ ±	Ергенек
94	Сарыжомарт	Қаптағай	Ж) Θ	Сірге. Ай. Ергенек
95	Терістаңбалы	Қаптағай	○ ○	Шөміш.
96	Қаптағай	Қаптағай	Γ γ	Босаға. Бөрі

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
97	Төре-матай	Әділ	卍 ㄣ	Тарақ. Бөрі
98	Қызай	Қызай, Қабанбай, Бегімбет, Тақай	⤴ ʌ	Мүйіз. Үшкіл
99	Қыпшақ	Ойбас, Қобыланды, Ошағай	ʘ	Қос оқ, Қос әліп. Шоқпар
100	Қытай (Жоғары таңбалы)	Ойбас	— /	Бағана
101	Қытай (Төмен таңбалы)	Ойбас	⌋	Бағана
102	Ұзын	Ойбас	↓	Қол
103	Бұлтың	Ойбас		Әліп
104	Торы	Ойбас	Z	Мойын. Қос әліп
105	Қарабалық	Ойбас	♡	Қарын
106	Көлденең	Ойбас	/	Көсеу
107	Қоңырат	Алатау, Мүкамал, Жайылған	⌋ ʘ †	Босаға. Орақ. Шілік
108	Маңғытай	Қаратау, Мүкәмал, Мүлкаман	⌋ ʘ	Босаға. Қобыз
109	Саңғыл	Мүкәмал, Саңғыл	⌋	Босаға
110	Жиенбет	Алатау	⌋	Босаға
111	Сары	Мүкәмал, Барқы	⌋	Босаға
112	Сапар	Мүкәмал, Айту	⌋	Босаға
113	Божбан	Мүкәмал, Қайнақ	⌋	Босаға

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
114	Керей	Ожыбай, Қарақожа, Ақжол, Жаубасар, Ер Жәнібек, Үш бас	□□ + × †	Абак. Айқыш. Ашамай. Шілік
115	Абак керей	Ер Жәнібек	□□	Абак
116	Жастабан	Сартоқай, Жобалай, Баймұрат	□□	Абак
117	Жәдік	Жанат	□□	Абак
118	Ителі	Бұқарбай	□□	Абак
119	Қарақас	Қаптағай	□□	Абак
120	Көнсадақ	Жабай	□□	Абак
121	Жәнтекей	Сәменбет, Шақабай	□□	Абак
122	Шеруші	Байтайлақ	□□	Абак
123	Шимойын	Алманбет	□□	Абак
124	Шұбарайғыр	Қожаберген	□□	Абак
125	Молқы	Машан	□□	Абак
126	Меркіт	Аманбет, Құлсары	□□	Абак
127	Сарыбас	Сартоқай	□□	Абак
128	Құлтай-Болат	Тілеуімбет	□□	Абак
129	Ашамайлы керей	Жаубасар	+ ×	Айқыш. Ашамай
130	Уақ	Жаубасар, Бармақ, Ер Көкше	□ × † ∩	Босаға. Ашамай Бақан Бөрі
131	Жусан	Жаубасар	× ⊖	Ашамай. Ергенек
132	Ермен	Жаубасар	×	Ашамай

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
133	Таракты	Жауқашар, Жаубасар, Ақжол, Байғозы	⌌ ⌌	Тарак
134	КІШІ ЖҮЗ	Алшын, Тұлпар, Алдияр	⌌ ↑ ⌌	Жебе. Найза. Үшкіл
135	Алшын	Тұлпар	⌌	Үшкіл
136	Сұлтансиық	Әйтiмбет, Қара	⌌	Үшкіл
137	Шекті (жаманақ)	Бақтыбай, Жанқожа, Баймұрын, Айыртау	+ Ч - У ⌌ ○	Айқыш. Ұйқыш. Балға. Бағана. Үшкіл. Шөміш
138	Қабак	Бақтыбай	↔	Жұтқын
139	Төртқара (қарамашак)	Айыртау, Алдияр	+ - ⌌ ○	Айқыш. Балға. Үшкіл. Шөміш
140	Қарасақал	Алдажар, Алдияр	⌌ -	Үшкіл. Балға
141	Айнық	Алдажар	⌌ -	Үшкіл. Балға
142	Тегінболат	Алдажар	⌌ -	Үшкіл. Балға
143	Қаракесек (ұланақ)	Ақпан	~ ⌌ ⌌	Нөл. Қазанқұлақ. Үшкіл
144	Кете	Байсары, Майлыбай	У ↑ ⌌ +	Бағана. Айқыш
145	Бозаншар	Байсары, Майлыбай	↑ ⌌ У	Айқыш. Бағана
146	Тойқожа	Ақпан, Майлыбай	+ → ζ ⌌	Айқыш. Жұтқын Ілгек. Босаға
147	Ожырай	Байсары	≤	Жұтқын
148	Түменқожа	Байсары	У	Бақан
149	Шөмекей	Дөйт	⌌ ~ ∪ +	Үшкіл. Нөл. Тостаған. Айқыш

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
150	Адай	Адай, Бекет, Тегелен, Қосай	Λ ↑ + ○ S	Садақ, Тіл. Оқ, Қазаяқ, Жебе. Айқыш. Күн. Шылбыр
151	Жаппас (алтын)	Баймұрат, Бактыбай	Λ Λ Z ↗ □	Үшкіл. Түйемойын, Ботамойын. Босаға
152	Өңгіт	Баймұрат, Жаубасар)	Ай.
153	Алаша	Байбарак, Айырғау, Бәйтерек	S T X ♀ ♀ V	Шылбыр. Бақан. Бағана. Дөңгелек. Үшкіл
154	Байбақты	Дәукара	f - ∞ +	Балға. Бағана. Дөңгелек. Айқыш. Үшкіл.
155	Тоқсоба	Дәукара	Λ	Көсеу. Үшкіл.
156	Беріш	Ағатай	Δ Z ↗ ⊖ ○	Тұмар. Бағана. Тостаған. Күн
157	Бегіс	Ағатай	7	Ілгек
158	Қызылқұрт	Жиенбай (Жиенбет)	T Λ	Әліп, Көсеу. Балға. Үшкіл. Қос әліп
159	Таз	Бақай, Төремұрат	∠ ≤ S 7	Жұтқын. Шылбыр. Қамшы
160	Есенгемір	Алдоңғар.	Y O Z	Бағана. Дөңгелек. Түйемойын
161	Масқар	Қаратай (Қаралы)	7 ↗ Λ +	Жұтқын. Үшкіл. Айқыш
162	Ысық	Бәйтерек	Λ Y O	Үшкіл. Бағана. Дөңгелек

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
163	Шеркеш	Шағырай	γ 5 0 S →	Бақан. Ілгек. Күн. Шылбыр. Жұтқын
164	Тана	Тана, Жиёмбет	l Λ y	Әліп, Көсеу. Үшкіл. Бағана
165	Асқар	Дәуқара	у 0 4	Бақан. Дөнгелек. Балға
166	Әлке	Жиёмбай	l y	Көсеу. Қос әліп. Бағана.
167	Телеу	Арғымақ, Тұлпар, Ханзада	x 4 S	Айқыш. Балға. Шылбыр
168	Рамадан	Дулат, Қайғұлым	Q	Шөміш
169	Тама	Қарабура	4 S	Қос әліп. Тарак. Шылбыр
170	Жөгі	Қарабура	4	Балға
171	Әліп	Қарабура	4	Балға
172	Табын	Тостаған, Серке (Сәрке), Алаш	4 4 4 Q /	Тарак. Тостаған, Шөміш. Көсеу
173	Оңтаңбалы табын	Тостаған	Q	Шөміш
174	Теріс таңбалы табын	Тостаған	Q	Шөміш
175	Назар	Тостаған	→	Жұтқын
176	Ағым	Тостаған	/	Көсеу
177	Бозым	Тостаған	Q	Шөміш
178	Тоғым	Тостаған	44	Тарак
179	Қарақойлы	Тостаған	Q →	Шөміш
180	Кердері	Қожахмет	Q 4	Шөміш. Тостаған

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
181	Керейт	Ақсақал, Айтым	$\pm S \wedge \parallel$	Айқыш. Шылбыр. Үшкіл. Қос әліп
182	Жағалбайлы	Малатау (Манатау), Бағанам, Елдей	+	Балға
183	Еспембет	Ақсақал	$\pm \bigcirc$	Айқыш. Ойық
184	Қоспембет	Ақсақал	$\pm -$	Айқыш. Тілік
	ЖҮЗДЕН ТЫС ТАЙПАЛАР			
185	Төре	Арқар, Абылай, Саңқай	т т т	Тарақ
186	Бақсайыс	Абылай	т	Тарақ
187	Төленгіт	Орақ	т р т ↑	Көсеу. Орақ. Тарақ. Жебе
188	Қожа	Алдияр, Қожа Ахмет	1 р)	Әліп. Балта. Ай
189	Сунақ	Сунақ ата, Әбілғазы, Қожахмет	1 / Ғ	Әліп. Қалам. Балға
	ЖҮЗДЕН ТЫС РУЛАР			
190	Ноғай	Алатау, Айдархан	1 + 0	Шілік. Айқыш. Дөнгелек
191	Қырғыз	Шолпан ата	0	Қобыз
192	Құрама	Алаша		
193	Қараша	Қарашық	∞	Көз
194	Қорасан	Шайбан	→	Садақ

№	Ел, тайпа, ру атаулары	Ұрандары	Таңбалары	Таңба атаулары
195	Қырғызалы	Шолпан ата	○	Қобыз
196	Баршылық	Бахадүр	↑	Найза
197	Барлас	Темір	→↔	Садақ
198	Дүрмен	Темір	→↔	Садақ
199	Көлеген	Үршатай	↑	Найза
200	Қалпақ	Қарақат	○	Қалпақ
201	Қият	Арухан	↓	Қолтаңба
202	Моғалтай	Қайрақты	/	Таяқ
203	Ноғайлы	Айдархан	—	Балға

Бесінші тарау. Қазақ болмысы

Этнографиялық түйін

Бесінші тарау

Қазақ болмысы

27. Этнографиялық түйін

ЖЕР. Бұл ХХ ғасырдың 50-60-жылдарындағы ахуал. Арқа мен Бетпақдала жапсарындағы көшпелі ел. Кәсібі — мал шаруашылығы. Міндеті — мемлекетке мал түліктерін өткізу, сол түліктерден алынатын жүн, май, тері, ірімшік (брынза), киіз, мүйіз-тұяқ сияқты өнімдерді дайындап беру. Мал түлігі — негізінен, қой, жылқы, түйе. Азын-аулақ сиыр түлігі де болады. Оның өзі, әдетте, күш көлікке пайдаланатын өгіздер өсіру үшін қажет.

Ол кезде ел жазылып жайлауға шығады. Әдетте, он шақты үй бір ауыл болып, оты-суы мол жерге киіз үйлерін шүпірлете тігіп, мәре-сәре күй кешеді. Әр ауыл бір-бірінен көзкөрім жерге қоныстанады. Ағайын-туған, дос-жаран бір-біріне деген ықылас-пейілдерін жаз жайлауда көрсетуге пейіл. Ерулік-сыбаға берісу, өлім-жітім болған үйге көңіл айту, басына бас қосылған жанұяларды құттықтау, сүндет тойы, шілдехана, жас нәрестелердің бесікке салар, тұсау кесер рәсімдері, келін түсіру, қыз ұзату тойлары, ең арғысы, үй тігу, қой қырқу, жылқы күзеу, мал тоғыту, ши тарту, киіз басу, бие сауу, қой қосақтау, құрт сығу, талқы басу дегендей жұмыстарға дейін көпке ортақ міндет, көпке қатысты харекет, көппен көрер қызық сияқты өтіп жатады. Солардың қай-қайсысының да өзіндік жол-жорасы, жөн-жобасы, ырым-кәдесі болады.

Әдетте, жайлаудың әрбір жаңа қонысын он бес-жиырма күннен әрі жайламайды. Төңіректің оты сұйылып, ауыл-үйдің арасы сары жұрт бола бастағанда қоныс ауыстырады. Осы әдетпен, бірде ауылымыз қоныс ауыстыратын болды. Үлкендердің тапсырыс-талабы бойынша ертемен үйлерді жығып, теңделген жүкті түйелерге артып, күн иыққа көтерілмей-ақ көштің алды қайтқан қаздай тізіле шұбап жөнелді. Көш төңірегі жүре жайылған отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе. Шалкемпірлер бір бөлек, жігіт-желендер мен қыз келіншектер бір бөлек, ерсілі-қарсылы тай-құнанын жүгірткен жас жеткіншек балалар өз алдына — сайын даланың төсіне жан біткендей ду-ду болып барады.

Менің де астымда бәсіре тайым болатын. Түріле көшкен елге ілесіп, мен де өзгеше бір көңіл-күйде жүргенмін. Бір мезгілде артта қалып бара жатқан жұрттан бірекі қарайғанға көзім түсті. Шаруа баққан ауылдың баласымыз ғой, сай-салада жатып қалған мал болар деп, тайымды жүгіртіп келсем, өзіміздің ауылдың Қасым дейтін қариясы. Аты қаңтарулы тұр. Өзі, беліне қыстырған шағын балтасы бар, қолында қалақтай ғана күрек, ауыл жұртының жерошақтарын көміп жүр.

Қасым ақсақалдың қолынан келмейтіні жоқ ұста еді. Бірақ, былайғы жұрт ол кісіні сыртынан «Қасым бақсы» деп отыратын. Кейіндеу білдік қой, шынында да, Қасым ақсақалдың бойында жеті атасынан бері жұғысты болып келе жатқан бақсылық қасиет болатын.

Мен Қасым ақсақалдың қазіргі істеп жүрген тірлігіне әрі танырқап, әрі әлде бір құпияны білгім келгендей: «Қасеке, не істеп жүрсіз?!» — дедім. Қасым ақсақал белін жазып, еңсесін тіктеп маған қарады да: «Ә-ә, сенбісің?.. Не істеуші едім, жердің жыртығын жамап жүрмін!» — деді. Үнінде әлдебіреулердің шалағайлығын жазғырғандай, сол шалағайлықты түзетіп жүргеніне мағұрланғандай леп бар.

Мен тайымнан қарғып түстім де, Қасым ақсақалға көмектесуге кірістім. Содан, сүт пісірім уақыт бойы екеулеп жүріп ауыл жұртындағы жерошақ атаулыны тегістеп шықтық. Одан соң, желі тартқан, көген керген, ат арқандаған қазықтарды суырдык. Ең соңында, шалғынды, сыздауыт жерден ауыз су үшін қазған құдық бар еді, ернеуіндегі топырағын ішіне құлатып, құдықты да тегістеп тастадық. Осының бәрінде де Қасым ақсақал ойылған жерошақ, қағылған қазық, қазылған құдық атаулыны сол қалпында қалдырса мал-жанның жазым болатынын ескертіп, небір өкінішті мысалдарды айтумен болды.

Содан, ойға алған шаруа бітіп, етек-жеңімізді қағып, атымызға мінген кезде Қасым ақсақал құлазып жатқан жұртты бір шолып шықты да: «Жерді жаралауға болмайды! Жер-ананың тіршілік атаулыға жайылып дастархан болғаннан басқа жазығы бар ма?! Жоқ қой жазығы, әрине, жоқ!» — деді. Бұл сөздерді Қасым ақсақал маған қарап айтқан жоқ, өзімен-өзі мұндасқандай, өз жүрегіндегі ең бір қымбат сезіммен қауышқандай болып айтты.

КӨШ. Арқа мен Бетпақдаланың жапсарындағы көшпелі ел. Жазғы жайлаудың дәурені өтіп, шөп буыны қата бастаса да сары ала күз бен қоңыр күзде малды семірту үшін ел-жұрт күзеуден табан аудармай отырады. Содан кара күздің қарлы жаңбыры біліне бастағанда шұбап Шу бойына қарай көшеді. Бұлайша кештеу қимылдаудың себебі, Бетпақтың байтақ шөлін күздің қарлы жаңбырында басып өтпесе мал-жан шөлден тарығып қалады. Арқаны жайлап, Шу мен Сыр бойын қыстап қайтатын ел-жұрт Бетпақдаладан өтуге әбден бейімделіп алған. Оңтүстікке қарай көшерде кара күздің қарлы жаңбырын пайдаланса, көктем туа солтүстікке қарай түріле еритін қар суын қуалап отырып Арқаға жетеді. Көшпелі ел-жұрт мұндай өмір-тіршілікті дүние жаралғаннан бері Тәңірдің өзі үйлестіріп қойғандай көреді.

Үйреншікті әдетпен ауыл-ел Шу бойын бетке алып үдере көшіп келе жатқан. Арқаның шүйгін алабынан «әуп!» — десіп көшіп шыққан соң араға он сегіз қонып, он тоғызыншы қонаға Шу бойына тұяқ іліктіреді. Бетпақтың шөлін басып өтетін ұзақ көште ат жалын тартуға жарайтынның бәрі жұдырықтай жұмылып, айрықша ширақ қимылдайтын әдеті.

Сол әдетпен таң құлан иектенгенде көшке қамданғандар абыр-дабыр бола бастады. Мұндайда алдымен төрт түлік малдың мандайын түзетіп, өрістете айдап жөнеледі. Мал беттеп кеткен соң, кешікпей-ақ, уақытша тігілген қос-күркелер жығылып, түйелер теңделе бастайды. Біздің үйдің дүние-мүлкі үш түйеге жүк болатын.

Әкей ауыр тендерді түйелерге теңдеп, бау-шуын тартып, бұрауын салып берді де: «Қалған ұсақ-түйекті өздерің артып, тезірек қозғалып кетіндер», — деп, көштің алды-артына бас-көз болу үшін атына мініп кетіп қалды. Мен, шешей және менен үлкендеу, бозбала болып қалған ағам бар — үшеулеп жүріп жүктің бәрін үш түйеге арттық. Сонсоң, шешей екеуміз міну үшін төртінші түйені арнайы қомдап, оған алдымен мен жайғасып алдым. Ағам да атына мініп, бір-біріне тіркескен түйелерді жетекке алып жүріп кетуге дайын тұр. Тек, шешей ғана түйелердің бау-шуын карап, ұсақ-түйегін түгендеп, жолай ішіп-жейтін сусын-тағамдарын оңтайлау жерге байластырып жүр. Ағайым «Апатай-ау, болсаңызшы!» — деп, дігерлеп қояды. Көштің алды жылжып кеткен. Мен де тықыршып отырмын. Мұндайда көштен қалу әрбір үйге сын. Оның үстіне әкейдің ызбарынан қаймығамыз. Шешей «қазір-қазір» деп жүріп, таңғы тамақты жылытқан от орнындағы сексеуіл мен көкпектің жайнап жатқан шоқайнасын көмуге кірісті. Түйе қомынан мойнымды асырып карап отырмын, шешей от орнын тереңдетіп ашты да, ірі шоктарды сол ашқан жеріне жиыстырды. Сонсоң, шала жанған сексеуіл қалдықтарын шоктың үстіне тастап, одан әрі күлмен қалың етіп көме бастады. Мен өзімше: «Көк жүзін тұмшалаған жабағы бұлттың дым бүркіп тұрғаны мынау, өрт кетуі мүмкін емес, шешейдің мұнысы несі?!» — деп, іштей мазасызданып отырмын. Сөйткенше болмады, атының тұяғы дүсірлеп әкей келіп қалды. Келе: «Әлі малтығып жүрсіндер ме, жұртта қалдыңдар, тарт көшті!» — деп ақырып қалды. Есіміз шығып кетті. Шешей «болдық-болдық» деген қалпы қомдалған түйенің мұрындығынан ұстап төмен басты да, түйенің иілген мойнына сол аяғын салып, мұрындықты жоғары тартып еді, басын кекжете көтерген түйе шешейді лып еткізіп қомға бір-ақ шығарды. Ағамның да күтіп тұрғаны сол екен, тіркескен түйелерді елпілдетіп жетелей жөнелді.

Әкейдің жанағы дауысы есімнен кетпей отырған мен шешейге қыжылдап: «Апатай, сіз де қызықсыз! Күздің жаңбыры мынау, өрт кетеді деп жүрсіз бе, шок көмгеніңіз не, әкейді айқайлатып?!» — деймін ғой баяғы.

Сонда шешей мандайындағы таңғы шықтай мөлдіреген терін жаулығының ұшымен сүртіп отырып: «Ой, құлыным-ай, шокты еріккеннен көмеді ғой деймісің, енді екі-үш күннен соң осы ізбен абысындарымның көші өтеді. Солар ас-суын қиналмай қамдасын деп жүргенім ғой!» — деді. Сонсоң, айрықша әдемі бота көзін мөлдіретіп, жанарын көк жүзіне қаратқан қалпы: «Күз қабағы мынау, күн санап қалындап бара жатқан!» — деп ақырын күрсініп қойды.

Шешейдің бұл сөзі маған «Тағдырдың жазуы осы!» — дегендей болып естілді.

ЖЫЛУ. Арқаның оты-суы мол ұядай алқабына бауыр басқан киіз үйлі ауыл жаздың ең бір мамыражай шуағына бөленген. Тіршілік атаулы табиғатпен мінсіз үйлесім тауып, рахатқа бөгіп, өзгеше бір сабырлы қалыпқа түскен. Бұл дүниеде қайғы-қасірет, қулық-сұмдық, зорлық-зомбылық деген мүлде болып көрмегендей, ондай жамандықтың ешқашан болуы да мүмкін еместей маужырап, уылжып тұрған ұлы әлем.

Ауыл әйелдері әлсін-әлсін топтасып барып бие сауады. Мұның өзі олар үшін жан қиналатын жұмыс емес, бейне бір бой жазып қайтатын сейіл-серуен сияқты. Шешей бұл жолы да көрші-қолаңның қыз-келіншектерін ертіп алып, бие саууға кеткен. Жаз

жайлауда желі-баудың оңашалау, ауыл үйлерінен оқшаулау жерге керілетін әдеті. Сауын биелердің исініп кетпейтіндей алансыз тұруы қажет. Сондай-ақ, бала-шағаның мал тұяғынан оқшаулау болғаны да жақсы. Сол дәстүрмен ауыл-үйдің сауын биелері әудем жердегі қияғы қалың біткен өзекте тұратын. Желісі шымдауыт шалғынға керілген құлындар да ежелері жанында тұрған соң мазаң болмайды...

Менің соңғы күндердегі ермегім — мыс түтікшеден жасалған оқпанға сірінке күкіртін салып, гүрс еткізіп ату. Мұндай ойыншық ауыл балаларының ішінде менен басқа ешкімде жоқ. Осыдан үш-төрт күн бұрын «геологтармыз» деп, қорапты машина мінген орыстар біздің үйден сусын ішіп кеткен. Солардың ішіндегі біреуі өзінен-өзі мені іш тартып, осы мыс оқпанды жасап берген болатын. Өзінің жасалуы да оп-оңай екен. Әлгі орыс көз алдымда бір сүйемдей мыс түтіктің төрт елідей шетін балғамен таптап қайырды да, түтіктің қалған қуыс жағына ұзын көршеге сұғып, оның да артылған басын қайырып қойды. Сонсоң, түтіктің қайырылған бөлігі мен шегенің қайырылған басын резеңкемен байластырды. Мұнан әрі мыс түтікке сірінке шиінің басындағы бір-екі күкіртті салып, шегемен үгіп, резеңкені кере тартып тұрып қысып қалып еді, шіреп тұрған шеге түтіктің ұңғысын сарт еткізіп ұрғанда күкірт тұтанып күрс ете түсті. Дауысы қатты-ақ екен, мылтықтан бір кем емес.

Бұл ойыншықты үлкендер жағы жақтырмаған соң, ауыл балаларымен қыр асып кетіп, армансыз гүрсілдетіп атып қайтып жүрдік. Шешей де: «Қойсаңшы, қайдағы пәлеге үйір болмай! Орыстан жақсылық жұқпайды, таста әрі!» — деп жақтырмаған шырай танытқан. Сонсоң да, шешей барда оқпан түтікпен ойнаудан тыйылып жүретінмін. Енді міне, шешейдің бие саууға кеткенін пайдаланып, оқпан түтікті алдым да, дереу күкірт сала бастадым. Өзімше, ешкім жоқта гүрс еткізіп атып, ауыл балаларын бір елендетіп қоймақшымын. Бұл жолы, қандай түленнің түрткенін қайдам, әдеттегідей бірер шидің күкірті емес, кемі он шақты шидің күкіртін салдым. Сонсоң, шегемен әбден иін қандыра үгіп, резеңкені шірей кердім де, көзімді тарс жұмған қалпы, қолымды кере созып тұрып басып қалдым. Бұрын-сонды естімеген қатты дауыс құлағымды жарып жібере жаздады. Бір сәт есенгіреп отырып қалыппын. Сөйткенше болмады, әлдененің сытырлаған дауысы естілді. Жалт қарасам, киіз үйдің ішіндегі ас-суды қалқалап қойған ши лаулап жанып барады. Сірә, көзімді жұмып, құлашымды керіп атып қалғанда қолымдағы оқпаным шиге жанасып кетсе керек. Оқпанның бүркіп жіберген оты қурап тұрған шиді жалынға орап жөнелген ғой.

Есім шығып кетті. Алғашқыда отты сөндірімек болып, қолыма іліккен көрпешемен қағып көріп едім, лап еткен жалын шидің басынан асып, әп-сәтте уықтың қарын шарпып үлгерді. Дауыстап көршілерді шақырайын десем, үнім шықпайды. Содан, бір жағынан жалын шарпып, бір жағынан түтін қолқамды қауып шыдатпай баратқан соң сыртқа жүгіріп шықтым. Бұл кезде жалынның жалаңдаған қызыл тілі үзік-туырлықты тесіп өтіп, шаңырақты шарпи бастаған екен. Айтқанша болмай, ауыл-үйдің адамдары да абыр-дабыр болып жиналып қалды. Біреулер құдыққа жүгіріп шелекпен су шашпақ болып жүр, енді біреулер қолына іліккенмен от-жалынды жасқап алас ұрады. Бірақ, от құшағына оранып үлгерген киіз үйге жақындау мүмкін емес, сатұр-сұтыр етіп гуілдей лаулаған жойқын жалынның қан қызыл тілі сүйреңдеп, көк жүзін жалайды.

Бұл екі арада екі өкпесін қолына алып шешей де жүгіріп жеткен. Келген бетте «Құлыным-ай, аманбысың?!» — деп мені құшақтай алды. Сонсоң, өң-түсім қашып, қалтырап тұрған қалпымды байқап, дереу ортаңғы қолын аузыма салып жіберіп таңдайымды басты. Таңдайымды басқан қалпы біреулерге жалынғандай болып: «Ойпыр-ай, кішкене көк сандықта хаттар... соғыста қайтқан қайнымның хаттары бар еді!» — деп дауыстады. Ауылдың бір жігіті басын шүберекпен орап, үстіне бір шелек суды құйып жіберіп, от құшағындағы үйге кірмекші болып ұмтыла беріп еді, киіз үйдің шаңырағы күтір етіп ортасына түсті...

Болар іс болды. Әп-сәтте алты қанат ақ орда күлге айналды. Дүние-мүліктің сабақты жібіне дейін жанып кетті. Көрші-қолаң көңіл аулап, басу сөздерін айтқан болып жатыр. Шешей мені бауырына басқан қалпы, көзі жасаурап үн-түнсіз отырып қалды.

Бір мезгілде, ат тұяғы дүсірлеп, әлдеқайдан әкей де келіп жетті. Ауыл адамдары үн-түнсіз қақ жарылып жол берісті. Мән-жайды көзімен көріп келе жатқан әкей атынан түспеген қалпы шешейге жақындап келді де өзгеше бір сабырмен: «Неғып иінің түсіп отыр... аман болсаңдар бопты!.. Адамдары қырылған ақ ордалы ауылдың қанырап бос қалғанын да көргенбіз!» — деді.

Әкейдің осылай деуі мұң екен, ауыл адамдары дүр сілкінгендей болып, тосын тап болған шарасыздықтан арылғандай, иықтарынан ауыр жүк түскендей: «Әп, бәрекелді!.. Дұрыс сөз!.. Жөн-ақ қой!..» — десіп, абыр-дабыр болып кетті.

Сол күні түс ауа бүкіл ауылдан біз үшін жиналған жылу қотан ортасына үйіле бастады. Киіз үйдің жабдығы, төсек-орын, көрпе-жастық, киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты тіршілікке керек-жарақтар. Тіптен, біреулердің отау көтермекші болып арнайы жасатқан су жаңа шаңырағы бар екен, кеу-кеулесіп жүріп оны да алып келді. Ауылдың сөзі өтетін қариялары кейбір қарамы үлкен үйлерді түстеп көрсетіп, бір-бір қанаттан керегелерін алдыртты. Бұл екі арада орам-орам болып жеткен ақ киіздерді қолы епсекті әйелдер әп-сәтте пішіп, киіз үйдің үзігін, туырлығын, түндігін нобайлап үлгерген...

Қысқасы ауыл адамдары жабыла қимылдап жүріп, сол күні кешке қарай басымызға жаңадан үй көтеріп, жылудан жиналған дүние-мүлікті тап-тұйнақтай етіп жинастырып, ең соңында шашу шашып шешейге босаға аттатып еді.

Кейін шешей айтып отыратын: «Осы үйдің ыдыс-аяғы бұрынғыдан гөрі көбейіп кеткен сияқты!» — деп.

СЫЙЛАС. Башар ақсақал желпіне сөйлеп әңгіме айтып отыр.

«Ол кезде арғын ішінде алтайдан өрбіген ұрпақ арасында Тоқа мен Құтжанның бақ-мерейі биік. Алтайдың Тоқа — сайдалысы болса, Құтжан — аралбайы. Екеуі түйдей құрдас. Тоқа — болыс, болыстығына қоса сал-серілігі бар, бармағынан бал тамған күйші. Әйгілі Тәттімбетпен күй өрелестірген. Тоқаның жалғыз ғана міні — мал жиып, майлы болуды күйттемеген. Құбатөбел ғана тіршілік құрған адам. Құтжан болса — қажы, оның үстіне өңшең көк мойын қылқұйрық біткен жуан сіңір бай. Екеуі де жалына қол тигізбейтін нағыз тарландар.

Жаздың мамыражай шуақты кезі болса керек. Тоқа киіз үйдің іргесін түргізіп тастап, іште сылқылдатып домбыра тартып отырса, Құтжанның қалың көк мойны

желдей жайылып, ауыл үстін баса-көктеп өте бастайды. Сонда, жерошақ басында жүрген бір шайпаулау қатын «Құдай-ай, Құдай! Малы жоқ иттің көрген күні құрысын, малы бар иттің малының тұяғының астында қалдық-ау, ойбай!» — деп шаңқылдапты.

Бұл сөзді Тоқа естиді де, «малы жоқ иттің» дегені жүрегіне шаншудай қадалып, сыртқа атып шығады. Шыққан бетте кермедегі атына қарғып мініп, белдеудегі құрықты ала салып, ашуға булыққан қалпы Құтжанның көк мойындарын сатырлата сауырлап қуа жөнеледі ғой. Сөйтсе, бір шетте Құтжанның өзі де, жанында үш-төрт серігі бар, жолаушылап келе жатса керек. Құтжанды көрген бетте Тоқа, амандық жоқ, саулық жоқ: «Әй, Құтжан, мына ел-жұрт қыс құрсауынан құтылып, жаздың аз күнгі қызығын көрудің орнына малыңның аяқасты болды ғой!» — депті.

Тоқаның «әй» деп бастаған өктем сөзіне шамданып қалған Құтжан сол жерде: «Тоқа, осы сен жер қорып қайтесің?!» — десе керек. Мұнысы Тоқаның малының жоқтығын емеурін еткені еді дейді. Бұған Құтжанның серіктері мырс-мырс күлген болады. Мұндайға шыдайтын Тоқа ма: «Ал, сен мал қорып қайтесің?!» — деп қарымта сөз айтып қалады ғой. Мұнысы Құтжанның баласының жоқтығын бетіне басқаны екенін сол жерде тұрғандар бірден аңғарады.

Әп-сәтте Құтжанның өңі бұзылып, тізгін тартып, кері бұрылған қалпы үн-түнсіз жүріп кетіпті. Сол бетінде, ауылына келеді. Ауылына келісімен жылқыдан бөлдіртіп алған қырық қысырақты айдатып барып, бір байдың бойжетіп отырған қызына сөз салдыртады ғой.

Содан, Құтжанның көкірегінде Тоқаның: «Сен мал қорып қайтесің», — деген сөзі шемен болып қатып жүргенде, әлгі жас тоқалы босанып, арыстай ұл табады. Ұл дүниеге келісімен Құтжан дереу бір жігітін арнайы жұмсап, Тоқадан сүйінші сұратады ғой.

Сонда, Тоқа сүттей ақ бір жылқыны алдыртып, кекіліне үкі байлатып, сонсоң өзінің күмістелген ер-тұрманын салдыртып, сүйінші сұрай келген жігітке: «Құтжанға айтып бар, көңіліне көлеңке сақтамасын, оның перзент көрмей жүргенін Құдайдың есіне мен салмасам, мұндай қуаныш болмас еді!» — деген екен.

Сол Тоқа мен Құтжанның өле-өлгенше жұптары жазылмай сыйласып өткенін көзіміз көрді» (*Дерек беруші Башар Әрінұлы (1889-1972), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы*).

ҚҰРДАС. Осы бір әңгімені ауылда жүргенде естіп едім.

Ел ішінде құрдас екі жігіт болыпты. Құрдастардың жайы белгілі, сырттай болса да, кездесіп қалса да бірін-бірі оңдыртпай әжуалап, қалжындасып, қажап жататын әдеті. Мұндайда, қаншалықты жүрекке тиетін сөз айтылып, жанға бататын қылықтар жасалса да көңілге алып, қабақ шыту деген болмайды. Олай ету кісілікке сын, дәстүрге жат, құрдастыққа жараспайды.

Бірде, әлгі құрдастардың біреуі екіншісіне сәлем айтыпты: «Дертті болдым, күн санап дертім мендеп барады. Құлын-тайдай тебісіп, құрдастығымыз жарасып бірге ғұмыр кештік. Тағдырыма ризамын. Енді, міне, фәни жалғанмен қоштасар сәт жақындаған сияқты. Ақтық демім үзілерде басымда отырып, кірпігімді жан құрдасымның жапқанын қалаймын!» — депті.

Мұндай хабарды естісімен сау құрдасының дегбірі қалмай жетеді. Келсе, расында да құрдасы әл үстінде жатса керек. Содан, сырқат құрдасының тілегі бойынша кірпік ілмей басын күзетіп, көңілін аулап отырады.

Арада бірер күн өткенде сырқат құрдасы қиналып, жан тапсырар халге келеді. Мұндайда қатын-қалаш, бала-шағаны «жүректері қозғалады» деп шығарып жіберетін әдет бар. Сол әдетпен сырқаттың ет жақындары үй сыртына шығады. Кешікпей-ақ сырқат та жан тапсырады. Сау құрдасы марқұмның соңғы өтінішін орындап, дұғасын оқып, бетін жауып, сыртқа шығады. Сыртқа шықса, марқұмның туған-туыстары үрпиісіп, үрейлі жүздерін бұрады. Біреулері шыдай алмай «Не болды?!» — деп сұрайды.

Марқұмның құрдасы ештеңе болмағандай сабырмен қалтасынан орамалын алып, асықпай терін сүртіп, сонсоң үрпиіп тұрғандарға жүзін бұрып: «Осы ұзын өмірімде бұл шіркін маған бір шын сөзін айтпаушы еді. Өзі өз болып, осы жолы шынын айтқаны — «өлем» деп еді, шынымен-ақ өлді!» — депті.

Сонда, қазаның бұлайша естіртілуі марқұмның ет жақындарын әп-сәтте өзгеше бір тылсым күйге түсіріп, өмірдің ең ұлы заңдылығына мойын ұсындырғандай сабыр мен төзім дарытып еді дейді.

...Осы әңгіме айтылғанда ауыл қарттары тұнжырай отырып: «Е-е, өлімді де әзіл-қалжыңмен қарсы алатын сол кездің адамдарының рухы биік пе деймін?!» — деуші еді.

НАМЫС. Бұл әңгімені де Башар ақсақал айтып еді.

«Аралбай Құтжан қажымен жұлдызы жараспай өткендердің бірі Бақа батыр болатын. Ол заман батырлардың басынан бақ тайып, елдің тағдыр-тізгіні орыстардың қолына көшкен кез. Содан, амал жоқ, батырлар да мұқалып, «қазан бұзар, үй тентек» атанып, ауыл-үй арасындағы ұсақ-түйекке кіжіндеумен күн кешетін болған. Құтжан мен Бақаның арасында да алып-жұлып бара жатқан ата жаулық жоқ, тіршіліктің қақ-соғына бола шарпысып қалатын болу керек. Мұндайда, Бақа батырдың найза шошандатып, қамшы жұмсап, қол көтеретінін көзіміз көрді.

Ол кезде Құтжан — болыс, қажылыққа бара қоймаған кезі. Бір жылы болыс сайлауы болатын болып, Құтжан мен Бақа бастаған он шақты адам Ақмолаға аттанды. Ақмолаға келсе, ояздың жемсауын толтырып қойған біреулер Құтжанның орнына болыс болатын болып, ісінің оңтайын келтіріп қойса керек.

Енді не шара?! Аралатаң жағындағылардың жүні жығылып, иіндері түсіп кетеді. Сонда Бақа батыр шалт қимылдап, қылышын беліне қыстырып, шолақ найзасын қолына ұстаған қалпы ояздың кеңсесіне кіріп келеді ғой. Кіріп келген бетінде: «Осыдан Құтжан болыс болмаса — бунт будет... бунт будет... бунт будет!» — деп, найзасымен еденді үш рет түйіпті де шығып жүре беріпті.

Орыстар пара алуға мәтқақам болғанымен, бунт-ереуіл дегеннен қорқатын халық. Иманы қасым болған ояздың екі көзі тас төбесіне шығып, әлгі пара бергеннің парасын өзіне қайтып беріп, сол жолы Құтжан қайтадан болыс болып сайланады.

Содан, көңілдері жайланған аралатаңның азаматтары мәз-мейрам болысып, әзіл-қалжындары жарасып елге қайтып келе жатады ғой. Сөздің бір қартында ерігіп келе

жатқан жігіттердің батылдау біреуі Бақа батырға қарап тіл қатады: «Батыр-еке, бір гәптің мені таңғалдырып келе жатқаны... Сіз ғой, ауылда жүргенде Құтжекене күн көрсетпеуші едіңіз. Дүниеде екі адам араз болса, сол сіздер шығар деп ойлаушы едік. Сөйтсек, араздықтан да бұрын, арғы жағыңыз Құтжекеннен қаймығады екен. Олай дейтінім, Құтжекен болыс болмайды-ау дегенде, ояздың төрі былай тұрсын, көріне кіріп кете жаздадыңыз ғой!» — депті.

Сонда, Бақа батыр әлгі әзіл айтқан жігітке ошарыла бұрылып: «Ой, шірік неме, Құтжанмен менің араз екенім рас! Онымен өле-өлгенше араз болып өтетініме де шәк келтірмеймін. Бірақ, Құтжанмен өзім араз болғаныммен, намысым араз емес қой! Соны да білмейсің?!» — деген екен.

ҚҰРМЕТ. Әуе айналып жерге түскендей шілінгір шілде. Үп еткен ауаның лебі жалындай шарпиды. Бұл кез, әсіресе, жасы ұлғайған қарттарға қиын. Шілде өткенше ыстық соғып, үлкендер жағы кәдуілгідей қалжырап қалады.

Бізге көрші қонған үйдің шал-кемпірі болатын. Жас шамалары жетпіс-сексеннен асыңқырап кеткен болу керек. Құдайдан тілеп алған жалғыз баласы бар. Ауылдың мал дәрігері болып қызмет атқарады. Көбінесе ат үстінде, жазғы жайлауға шашырай қонған малшыларға қызмет көрсетумен жүреді. Шал-кемпірдің күтімі Ырыс есімді келінінің мойнында. Ауыл-үйдің адамдары: «Ырыс десе ырыс-ақ қой, келін болса осындай болсын!» — десіп, Ырыстың әрбір қылық-қасиетін үнемі үлгі-өнеге тұтып отырады. Десе дегендей, Ырыс та үлкен кішіге бірдей қадірлі, қылық-қасиетімен іші-бауырына еніп тұратын, айрықша сүйкімді жан еді. Әсіресе, ата-енесінің асты-үстіне түсіп, үкідей ұшып жүріп қызмет көрсететін...

Бірде, киіз үйдің көлеңкесінде домбыраға тиек жонып отыр едім, көрші үй жақтан: «Қайным!» — деген дауыс естілді. Қарасам, Ырыс, киіз үйдің есігінен басын ғана шығарып, мені шақырып тұр. Шілденің ыстығында көлеңке іздеген жылан, бақа, кірпі сияқты жәндіктердің киіз үйге кіріп кететіні болатын. Сондай бірдене ме деп, жүгіріп келсем, Ырыс: «Төрде жатқан атамның шапанын керегенің басына іліп берші!» — деп қиылады. Мұнысын мен әзілге балап: «Ой, сөзің құрысын, бірдене болып қалған екен десем!» — деп бұрылып кете бермекші болдым. Сол кезде Ырыс шыншыл қалпымен: «Ойын емес, өтінемін, ата-енемді көрші үйлер қымызға шақырып кетіп еді. Күннің ыстығы мынау, келгенше отыратын орындарын қағып-сілкіп, іргені түріп, үйді салқындатып қояйын деп едім. Нең кетеді, атамның шапанын іліп бере қойшы!» — деп одан бетер қиылады.

Ырыстың жүзінен де, сөзінен де әзіл-қалжыңның нышаны білінбейді. Мен әлденені түсінбей тұрған қалпымда таңырқап: «Өзің неге ілмейсің?!» — деппін.

Сонда Ырыс өзгеше бір байсалды қалыпқа түсіп, айтуға болмайтын киелі құпияны амалсыз айтып тұрғандай, дауысы дірілдеп: «Онда,.. онда, атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой!.. Олай етуге болмайды ғой!» — деді.

Мен сол кезде осы сөздің байыбын білмесем де, бұрын беттесіп көрмеген аса маңызды істі атқарудың қажет екеніне күмәнсіз сеніп, еш қарсылықсыз қарияның шапанын керегенің басына іліп бердім.

Ырыстың нұрлы дидадары бал-бұл жанып, үлкен бір шаруа тынғандай көңілі әп-сәтте жайланып, шыншыл шыраймен «Тәңір жарылқасын!» — деді.

ҚҰРҒАҚ СҮТ. Ел-жұрт қайтқан қаздай болып, күз түсе Арқадан Шуға қарай, көктем туа Шудан Арқаға қарай көшеді. Бұл — ұлы көш. Қапысыз дайындықты қажет ететін сыны мол сапар. Көшкен ел араға он сегіз қонып, он тоғызыншы қонаға діттеген жеріне жетеді.

...От қуалаған малдың тісіне ерген ел көш-қон кезінде төрт түліктің тұяғын көштен бұрын қимылдататын әдеті. Көген ағытылып, нокта сыпырылып, сауын малы жамыратылады да көштен озып кете барады. Ақар-шақар елдің «әуп» деп тұрып кете қоюы оңай емес, артынып-тартынып жүріп сауын малынан екі-үш күн кейіндеп қалатын жайы жиі болады. Оның үстіне көш-қон кезіндегі қарбаласта мал сауудың да орайы келе бермейді. Мұндайда тізе бүгер жерге жеткенше шыдамайтын балалардың сүт сұраған қыңқылы жиі естіледі. Өмірдің осы бір сұраным-мұқтажы құрғақ сүт дайындауды дүниеге келтірген сияқты.

Көшетін күн белгіленіп, хабар тиісімен-ақ әр шаңырақтың ас-суына ие аналар қолы епсекті біреудің тілін таба жүріп, жаңадан сойылған ұсақ малдың терісін түгінен арылттырып алады. Ол көбінесе қой немесе серке терісі болады. Теріні түгінен айырудың мұндайда екі-үш түрлі тәсілі қолданылады. Бірі — и салу тәсілі. Тек иі өтіп кетпейтіндей, идін быршыған дәмі мен өткір иісі теріге сіңбейтіндей болуы керек. Екіншісі — теріні жібітіп отырып, өткір ұстарамен түгін қырып тастайды. Үшіншісі — сойылған малдың жас терісін ағын суға салып қойса, төрт-бес күнде түгі сыдырылып түсіп қалады. Осындай тәсілдердің бірін қолдану арқылы дайын болған түксіз теріні суға салып, шуашы мен шайырынан айырылғанша әбден сапсып жуады. Ақжемденіп, май-сөлінен арылған тері шүберектей болып тазарған кезде сөреге жая салады.

Келесі күні қой-ешкіні қосақтап жібереді де мол етіп сүт сауады. Ол сүтті мүмкіндігінше үлкен қазанға құйып, әлгі теріні соған салады да, астына маздатып от жағады. Біраздан соң тері салған сүт шымырлап қайнай бастайды. Қайнаған сайын қойыла береді. Қойылған сайын сүттің бар маңызын тақыр тері бойына тарта береді. Бір мезгілдер болған кезде сүт қойыртпақтанады. Тері болса ағара бөртіп, әбден ісінеді. Содан, қойылған сүт сарқыла таусылып, енді сарғайып күйеді-ау дегенде от үзіледі де, тері қазаннан алынады. Сол бетінде теріні сөреге жайып тастайды. Тері түнімен жел қағып тобарсып, сол күні түске дейін кеуіп-ақ қалады. Түс қайта тағы да қой-ешкі қосақталып, тағы да қазан сүтке толады. Тағы да қазан астына жайна-тып от жағып, әлгі сүтсінді болған теріні тағы да қазанға салып қайната бастайды. Осы жағдай үшінші рет қайталаанады. Сол кезде сүт сіңген терінің қалыңдығы бармақ елі болып, өн бойына уыз сүттің маңызы тұтылады. Мұнан соң, үшінші рет жайылған тері тобарсып кебе бастаған кезде шиыршықтап орайды да, маңызы ұшып кетпес үшін қарынға немесе бүйенге салып, аузын буып тастайды.

Содан, көшетін күн жетіп, теңдер буылып, үй жығылып, таң құлан иектенгенде моншақтай тізілген көш те қозғалады. Бие сауым өтеді... Ет асым өтеді... Күн иыққа көтерілген кезде түйе қомында тербеліп келе жатқан балалардың мандайын күн шалып, тандайы кебірсіп қыңқылдай бастайды. Мұндайда езуінен мәйегі кетпеген ерке балаға қымыз береді — ішпейді... Су береді — ішпейді... Оған керегі тіл үйірген уыз сүт.

Сонда балажан ана қарынның аузын шешіп, сүт сіңген теріден алақандай ғана кесіп алады да, тостағанға құйған суға тастап жібереді. Сол-ақ екен, уыз иісі бұрк етіп, тәбет шақырып, тостағандағы су жаңа сауған сүттей болып шыға келеді. Тек қана сүт ішіп үйренген ұл дем алмастан тостағанды басына бір-ақ көтереді. Сол кезде тостағанның түбінен бір жапырақ «бірдене» көрінеді. Ол «бірденені» көрген бала «Бұл не?!» — дегендей анасына қарайды. Анасы болса «Жей ғой, боташым!» — дейді.

Сары атанды бесік еткен ерке ұл бал татыған уыз құйқаны сүйсіне шайнап, көпке дейін ермек етеді.

ҚАРАҚШЫЛЫ ТҮЙЕ. Ауыл-елдің жайлауға тұяқ іліктіріп, Арқаның шүйгін алаптарына шапұр-шұпыр киіз үйлерін тігіп, мамыражай тіршіліктің басталған кезі. Дала төсінің көркіне көз тоймайды. Жарықтық Абай: «Масатыдай құлпырар жердің жүзі», — деп дәл осы мезгілді айтса керек.

Сол масатыдай құлпырған шүйгін даламен, әсіресе, төрт түлік мал сағынып табысқандай. Мұндайда, күнде ертемен әндемдеу атқа мініп, шашырап кеткен сауын малының бас-аяғын қоғамдап ауылға айдап қайтудың өзі бір жұмыс.

Сондай жауапты жұмысты бір күні әкей маған тапсырды. Шешей мені қорғаштап: «Көк қуалаған мал балаға қайыру берер ме екен?» — деп еді. Әкей: «Барсын, көрсін!» — деп бір-ақ қайырды. Мен шешейге қарадым. Шешей әкейге қарсы келмейтін әдетімен мені жолға қамдай бастады. Алдымен, «балтырыңды таралғы қажайды» деп, аяғыма шұлғау орап, етік кигізді. Сонсоң, «кеуденді жел қағады» деп, жеңсіз камзол кигізді. Одан кейін, «шөлдеп қаласың» деп бір аяқ сусын ішкізді де, мінетін атыма дейін маған ілесіп келіп, өз қолымен айыл-тартпасын тартып, үзенгі бауды қысқартып берді. Сөйтіп, мені тап бір жауға аттандырғалы тұрғандай «Ал, құлыным, жолың болсын!» — деп, қолтығымнан демеп аттандырып жіберді. Атымды тебініп жүре беріп едім, шешей әлдекімнен жасырын бір сөз айтқысы келгендей дауысын сәл бәсеңдетіп: «Сауын малын қатты айдама, ауылға дүркіретіп қуып келіп ұят болып жүрмесін!» — деді.

...Айтса айтқандай, көк қуалаған мал шашыраңқырап кеткен екен. Сауын бие-лерді қоғамдап, ауылға қарай беттете қайырмалап келе жатыр едім, қарағанды шұбардың ішінен бір келе түйе көрінді. Түйелердің бірінің үстіне мінген әлдекім алыстан зорая қоқиып назарымды аударды. Ауылдағы түйелердің өз беттерімен өрістеп қайтатынын білетінмін. «Таңертеңгілік түйе қайырмалап жүрген кім болды екен?!» — деп, таңданған қалпымда түйе келесіне қарай атымның басын бұрдым. Байқаймын, әлгі адамда мал қайырмалағандай шұғыл қимыл жоқ, жайбарақат қалыпта түйелерді жайылмалатып тұрған сияқты. Бұл көрініс мені одан сайын таңдандыра түсті. Іштей «Түйе жайып жүргені несі!» — деп күбірлеп те қойдым.

Содан, жақындай түскенде байқадым, бейтаныс адамның мінгені ауылымызға әйгілі ақ бас бура екен. Өзі де бір, жаратылысы бөлек жануар еді. Мейлінше биік тұрқы зорайып, шудалары төгіліп, ақшулан тартқан басы алыстан ағара көрінеді. Бура үстіндегі адамның қолынан шошайта көтерген құрығы байқалады. Өзі ойға шомған қалпы, түйелердің алаңсыз жайылуын қадағалап тұрған сияқты. Әлсін-әлсін ақ бас бура басын жерге салса, үстіндегі адам да болар-болмас еңкейіп, ноқта бау

ұстаған қолын ұмсына созып, бураның еркін жайылуына бейімделгендей болады. Ал, келедегі түйелер болса орталарындағы бақташыны ес көргендей, жаңа бүр жара бастаған қарағанның басын қарпи шалып, алаңсыз ащылап жүр.

Айтқанша болмады, түйе келесіне де жақындап келіп қалдым. Сонда бір-ақ білдім, ақ бас бураның үстіндегі адам дегенім — қокырайтып орнатып қойған қарақшы екен. Кәдуілгі, қотан шетіне орнататын қарақшы — бураның қос өркешіне шандып танып тастапты, үстінде ескі шапан, оның белін шарта буып қойған, басына мильқтата бөрік кигізген, қойнына шаньшқан құрығы сораыып, айбарлы көрінеді. Қарақшы шапанының екі жеңі бура ноктасының бауына байланыпты. Жайылып жүрген бура басын жерге түсіріп-көтерген сайын нокта бау шапанның жеңін тартып, қарақшыны да тап бір жаны бар адамдай еңкейтіп-шалқайтып қозғалтып қояды. Мен таң-тамаша болған қалпымда ақ бас бураны екі-үш рет айналып шықтым.

Сол танданыс сезімім сейілмеген қалпымда ауылға келейін. Ауылға келісімен атымнан түсе салып, көрген ғажайыбымды асығып-аптығып шешейге айтайын. Сонда, шешей мені бауырына басып, кекілімнен сипап отырып айтқаны ғой: «Е, шырағым, ол көргенің қарақшылы түйе ғой. Өріске шығатын түйеге қарақшы орнатып жіберетін дәстүр ертеден бар. Қарақшылы түйе ортасында жүрсе төрт түлік мал ит-құсқа аландамай еркін жайылады, тез тойынып, ерте қонданады. Одан түздің бөрі-қарысы да аулақ жүреді. Сонсоң, түздің жолаушысы қарақшылы түйені алыстан көріп, ауылымызды адасып-ауытқымай тез табады. Мұндай үлгі-өнегені айтып, үйретіп отыратын осы ауылдың қарақшылы түйедей қарты — Шөптібай ақсақал. Ақ бас бураға қарақшы орнаттырып жүрген де сол Шөптекең...»

...Сол күні өркешіне қарақшы орнатылған ақ бас бура менің түсіме енді. Алдымен, өрістегі малға қасқыр шапқан екен деймін... Сол сәт қарақшыға жан біткен екен деймін... Жан біткен қарақшы қойынынан құрығын суырып алып, ақ бас бураны желкілдете жүйткітіп, қасқырларға бықпырттай тиіп жүр екен деймін... Сонсоң, жаны бар қарақшы әлдебір адасып жүрген жолаушыларға жол көрсетіп, ақ бас бураны маң-маң бастырған қалпы әлгі жолаушыларды ауылға бастап келе жатыр екен деймін... Мен: «Апатай, қонақ келе жатыр!» — деп қуана дауыстап жатып оянып кеткенім.

ҚАЛЫҢМАЛ ЖӘНЕ ЖАСАУ. Даңқын алыстан естіп, арнайы ат сабылтып келіп, небір қазына көкірек қарттармен сұхбаттасқан сәттер естен кетпейді. Уақыт өткен сайын ондай сәттер көңілден көмескі тартудың орнына, сол қарттардың тұлғасы бұрынғыдан да айқындалып, қадір-қасиеті бұрынғыдан да арта түскендей. Енді ойлап отырсам, сол қарттар ғасырлар тағлымын жадына тоқыған жанды мұрағат екен ғой. Әр сөзін — маржан, әр ойын — ғибрат дерсің.

Дәл қазіргідей есімде, Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Айнабұлақ ауылы. Даңғайыр шежіреші Саққұлақ ақсақал лекітіп сөйлеп отыр. Әңгіме арқауы әйгілі Телғозының Шоңы туралы...

...Орта жүз арғын ішінде киіздей тұтасып жатқан қуандықта Шоңкеңнің мерей-мәртебесі өзгеден биік болды. Ол кезде әр үш жыл сайын болыс сайлауы өтеді. Осы Қарағаш болысына Шоңкең он рет қатарынан болыс болып сайланып, отыз жыл

ел-жұрттың шырайын келтіріп қызмет етті. Орысы бар, қазағы бар, ұлығы бар, кішігі бар, Шоңның аузынан шыққан сөздің жерде қалған кезі болған емес. Шоңкенді көзіміз көрді, мың да тоғыз жүз бірде, сиыр жылы жетпістің біріне қарағанда дүние салды. Ол кезде оң-солымызды танып қалғанбыз, несін айтасын, адамзаттың асылы еді ғой.

Шоң бір ғана некелі болған адам. Жұбайы Әйімкүл – сармантай Азынанын қызы. Ол да ақылына көркі сай, айрықша жаралған парасатты жан болатын. Шоң екінші, тіптен үшінші әйелге үйленем десе даңқы да, дәулеті де жететін адам. Бірақ, Әйімкүлдің қадірі артқаны соншалық, оның көңіліне көлеңке түсіруді қош көрмеген.

Шоңкең Әйімкүлден төрт перзент көрді. Үшеуі ұл – Оспан, Мұқаметжан, Ахметжан және Ұрқия деген бір қызы болды. Балаларының бәрі де көпшіл, зерделі, өнерпаз болатын. Әсіресе, Ұрқия көрер көздің мейірін қандырғандай сымбатты еді. «Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар» дегендей, Ұрқия бойжете бастасымен-ақ сахараның небір жуан сіңір байлары ошарылып келіп, құда түсетін болған.

Бірде, Арқаны жайлап, Шу бойын қыстайтын бес болыс таманың бетке ұстары, тірісінде әулие атанған Сенгірбектің ұрпағы, мынды айдаған Ханкелдінің Бердені құда түсе келеді. Жанында елінің жақсы-жайсаңы бар. Бастасы келген соң Шоңкең ықыласпен қарсы алып, жарастықты сұхбат құрады. Үй иесінің жылы шырайын жақсылыққа жорып, көңілі жайланған Берден ертеңіне келген шаруасын айтады. Құдай қосқан құда болғысы келетін ниетін білдіреді.

Сонда Шоңкең бірауық үнсіздіктен кейін:

– Е-е, Берден, жақсы ниетпен келген екенсің. Жөн-жөн. Сенің шыққан тегінді де, басыңа қонған бақты да еш олқысынбаймын. Бірақ, сенімен құда болудың қисыны келмейтін бір жағдай мені бөгеп отыр, – дейді.

– Мырза, ол қандай жағдай?! – деп, Берден тіксініп қалады.

– Өзің білесің, – деп, Шоңкең сабырмен мән-жайды айта бастайды. – Біз мына орманды алапқа бейімделіп, отырықшылана бастаған жатақ елміз. Жайлауымыз бен қыстауымыз жалғасып жатыр, аралары көз көрім жер. Ал, сендер болсаңдар, күздің қарлы-жаңбырында ай бойы көшіп, Бетпактың шөлін көктей өтіп, Шудың бойын қыстайсыңдар. Көктем лебі білінісімен кері қарай үдере көшіп, қар суын қуалап Арқаға жетесіндер. Сонда, менің қызым: «Әй, көке-ай, байлыққа қызығып, басымды бейнетке салдыңыз-ау! Мені жатақ елінің қатардағы біреуіне қосақтап жіберсең де риза болатын едім ғой! Ұйқым қанып, әбігерсіз ғұмыр кешпес пе едім?!» – деп налиды ғой. Сондықтан өкпелемей аттанындар, қызымды сендерге бере алмаймын! – дейді.

Бердендердің тауы шағылып, мысы басылғандай болып қайтып кетеді. Ол кездегі елдің дені көшпелі ғой. Сол көшпелі елдің құда түсе келген басқа байларына да Шоңкең әлгі уәжін айтып, шығарып сала береді ғой.

Сөйтіп жүргенде, Қарағаш еліне жапсар жатқан сайдалы Аққошқардың Әлкені құда түсе келеді. Шоңкендер сияқты бұлардың да елі отырықшылыққа бейімделген. Қорғалжын көлінің ұңғыл-шұңғылына бауыр басып, жатақтана бастаған ел.

Байлық-дәулеті де ешкімнен олқы емес. Заманында карағайдан жер үй соқтырып, Ірбіт жәрменкесіне кіре тарттырған сайдалы Аққошқардың ұрпағы ғой. Онысын былай қойғанда, Шоңкеңнің отырықшы елмен құда болғысы келетін ниеті белгілі. Сайып келгенде, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген емес пе, Шоңкең сол Аққошқардың Әлкенімен құда болды.

Межелі уақыт жетіп, Ұрқия ұзатылады. Қызын құтты орнына қондырып қайтуға Әйімкүлдің өзі бас болып қамданады. Жанына ертуге Төлебай салды лайық көрген екен, онысына Шоңкең қарсы болып: «Әй, Әйімкүл-ай, біздің Төкім сал ауыл-үйдің арасындағы қағытпа қалжың, қарқ етпе күлкінің адамы емес пе?! Құдалықтың сыны мол болады, жанына тарақты Бек шешенді ерткенің жөн», — деп ақыл береді.

Айтса айтқандай, осы сапарда Бек шешеннің ақыл-парасатының арқасында Әйімкүлдің мерей-мәртебесі өсіп қайтады.

Әлкен бай үш әйел алған адам екен. Құдаларын алғашқы күні бәйбішенің үйіне түсіреді. Айтқанша болмайды, емізiкті сабадан сарыала тегенеге қымыз құйылып, құлаштай сапырылып, қонақтарға сырлы аяқпен қымыз ұсыныла бастайды. Жай ұсынылмайды, даудырлаған біреуі: «Бұл — құдаларға арнайы әзірлеген құнан қымыз, жол соғып, шөліккеп келдіңіздер ғой, құнан қымыздан ала отырыңыздар! — деп, желпіне сөйлеп отырады. Онымен де қоймайды, даудырлап отырып: «Бұл — құнан қымыз ғой алыңыздар! Өзі, сіздің елде құнан қымыз, дөнен қымыз деген болушы ма еді?» — деп, қағытпа сұрақ қояды.

Сонда, Бек отырып: «Е-е, қымыз жарықтық көптің асы ғой, біздің елдің адамдары бір үйден бір үйге қонақтап жүріп, күндегісін күнде ішіп тауысады. Ал, бермеген иттің үйінде бесті қымыз да тұратын шығар, кім біліпті!» — дейді. Әлгі даудырлақ сол жерде аузына құм құйылғандай болып, қайтып қымызды сөз етпейді.

Ертеңінде Әлкен бай құдаларын тоқалының үйінде күтеді. Тоқалы бәденділеу адам екен дейді, бай алдындағы бағасын білетін болу керек, қонақтарды еркін-ерке қылықпен қарсы алып, жайдары мінезбен қызмет көрсетеді. Әлсін-әлсін әзіл сөз айтып, сынғырлай күліп, былайғы жұртты да еліктіріп, құдалықтың шырайын келтіріп отырады. Мұндайда қағытпа сөздің, өткір қалжыңның тиегі ағытылатын әдеті. Бір мезгілде ауыл адамдарының бірі Әлкеннің ақ тоқалын көтермелеп, ондай тоқалдың болғанын дәрежелеп отырып, құдаларына тиісе тіл қатады: «Уа, құдалар, осы сіздің жақтың мырзалары неше әйел алады?» — деп сұрақ қояды. Бұл сұрақтың Шоңкеңді емеурін етіп қойылғаны, ол кісінің бір ғана Әйімкүлмен отасқанын мегзеп отырғаны сол жерде беп-белгілі болады.

Сонда, тағы да Бек отырып: «Е-е, біздің жақтың мырзалары сатпақ қылып көп әйел алғанша, аппақ қылып бір әйел сүйген жақсы деп, бір ғана әйел алады», — дейді. Бұл жолы да, тоқалды мақтау сап тиылып, тоқал жайы қайтып сөз болмайды.

Сол күні түс қайта келіннің отауы көтеріліп, келін мен күйеу оң аяқпен босаға аттап, шашу шашылып, бата берісіп, біраз жол-жоралғылар мен ырым-кәделер жасалады. Сонсоң ғана, қатын-қалаштың тағатын тауысып, сабырын алған «келіннің жасауын ашу» рәсімі басталады. Жалғыз қызының жасауын Әйімкүл де қапысыз қамдаған болу керек, әрбір тең шешіліп, әрбір буыншақ-түйіншек ашылған сайын құда-құдағилардың көңілдерін аулау үшін арнайы салынған сый-сыяпат

үлестіреді. Бар болып, алысып-беріскенге не жетсін, құндыз ішік киген құда да, торғын шәлі жамылған құдағи да, күміс білезік салған құдаша да көңілдері жадырап, мәре-сәре болысады.

Дегенмен, мұндайда көптің көңілінен шығу оңай емес. Келіннің жасауы әбден ашылып, небір асыл бұйымдар мен атаулы мүліктер үй ортасына үйіліп болған кезде ауыл әйелдерінің бірі дауысын көтеріңкіреп тіл қатады: «Ой, тәйірі-ай, Шоң-Шоң дегенге өле жығылып жүрсек, бәрі де өзіміз көрген дүние екен ғой!» — дейді.

Бұл сөздің айтылуы мұң екен, үй ішінің ду-дуы сап тыйылып, отырғандар «е, солай екен-ау» дегендей бір-біріне қарасып, бір сәт үнсіз қалысады. Сонда, Бек шешен жөткірініп алып, еңсесін тіктеп: «Е-е, құдалар, өлместі Құдай жаратпайды, тозбасты ұста соқпайды. Бұл дүниедегі адам қолымен жасалған асыл осы жасаудай-ақ болсын. Егер, сайтанды тұзақтап, о дүниеден әкелген бұйымдарың болса, оны көре жатармыз. Болмаса, мал — өледі, дүние — тозады деген, біз асылымыз бен ардағымыз деп, сіздер көріп-білмеген Әйімкүлдің көзін, Шоңкеннің сөзін алып келіп отырған жоқпыз ба?!» — дейді.

Осы кезде сөзге Әлкен құданың өзі араласады: «Беке, жөн айтып отырсыз. Тойдың көркі базына сөз ғой, көңіліңізге алмаңыз. Сіздің, біз көріп-білмеген «Әйімкүлдің көзі» дегеніңізді түсініп, құп алдық. Айтып отырғаныңыз келініміз Ұрқияжан ғой. Дұрыс-ақ. Ал, «Шоңкеннің сөзі» дегеніңізді біле алмай қалдық. Арнайы жеткіз деген сәлем-сауқаты болса айта отырыңыз!» — деп өтініш етеді.

Бек шешеннің де күткені осы сәт болса керек. Сол жерде, жанындағылардан иығын асыра жүрелей отырып алады да, камзолының қалтасына қол салып, орыстың бір сомдық сөлкебайын (целковый) шығарады. Сонсоң, таң-тамаша болып отырғандарды бір барлап алады да, жүзін Әлкен құдаға бұрып: «Шоңкен сәлем айтып, мына бір сауқатын беріп жіберді. Сіз жақтан келген қалыңмалды біз жақта әзірленген қыздың жасауына шаққанда, бір сом сөлкебай айырмасы болған екен. «Қызым Ұрқияжанды қалыңмал беріп сатып алдым демей, баламды баласымен тең ұстасын!» — деп, мына сөлкебайды арнайы беріп жіберді?!» — дейді ғой.

Сонда, сайдалы Аққошқардың Әлкені қолына алған тиынды әрі-бері аунатып отырып: «Жөн-жөн, жөн-ақ қой! Бүйтпесе Шоңкен бола ма?!» — деген екен.

БӘСІРЕ ТАЙ. Сол күні екінші сынып оқушылары пионер қатарына қабылданды. Жуырда ғана аудан орталығынан уәкіл келіп, ауыл адамдарының басын қосып, жиналыс өткізген. Сірә, оқушыларды пионер қатарына қабылдау туралы сол уәкіл нұсқау беріп кеткен болу керек.

Жайлауға шыққан соң мектебіміз арнайы тігілген киіз үй болған. Оқу жылы аяқталуға жақындаған соң ба, киіз үйдің ішінде төсеніш пен жалаңаш керегеге сүйеген тақтадан басқа ештеңе жоқ. Екінші сыныпта не бары сегіз бала оқитынбыз, бесеуі — ұл, үшеуі — қыз. Мұғаліміміз Сымат деген кісі. Бізді пионер қатарына қабылдайтын күні ол кісі де жақсы киімдерін киіп, біртүрлі болып келді. Келген бетте өзгеше бір көтеріңкі көңілмен: «Ал, балалар, бүгін сендердің өмірлерінде ең бір елеулі күн! Ұлы көсеміміз Ленин атындағы пионер ұйымының қатарына қабылданысыңдар!» — деді.

Бұл оқиғаның елеулі екенін Сымат мұғалімнің қазіргі сәттегі көтеріңкі көңіл күйінен аңғарғанымыз болмаса, пионердің не екенін біліп тұрған біз жоқ. Бәріміздің көкейіміздегі сол белгісіздікке үн қосқандай, бір оқушы: «Мұғалім, пионер деген не?» — деп сұрақ қойғаны.

Сымат мұғалім бір сәт ойланып, алдымызда әрі-бері жүрді де, кенет әлгі сұрақтың жауабы есіне түскендей кілт тоқтап, сұқ саусағын шошайтты. Сонсоң, бізге ұғып алындар дегендей тесіле қарап тұрып: «Пионер деген! — деді. — Пионер деген, комсомолдың інісі, партияның немересі!»

Осы кезде оқушылардың келесі біреуі: «Мұғалім, пионер болған соң не істейміз?» — деп сұрады. Бұл сұрақ та біздің көкейімізде тұрған.

Бұл жолы Сымат мұғалім жауабын кідірткен жоқ. Тағы да сұқ саусағын шошайтып: «Міне! — деді, аса маңызды сұраққа жауап беретіндей дауысына екпін түсіріп. — Міне, мәселе осында! Пионер болған соң, үлгілі, тәртіпті болу керек! Пионер болған соң, сабақты жақсы оқу керек! Пионер болған соң, үлкендерге жол беру керек! Үлкен кісінің жолын кесіп өтуге әсте болмайды! Пионер болған соң, үлкендерге көмектесу керек! Әсіресе, ертеңгілік қойдан қозыны бөлектеу кезінде сендердің көмектерің ауадай қажет! Пионер болған соң...»

Осылайша пионердің міндеттерін ұзақ тізбеледі. Оның көбісі әкеміз бен шешеміздің күнде құлағымызға құйып отыратын сөздеріне ұқсас болып шықты. Содан, бір мезгілде міндеттер айтылып бітті-ау дегенде Сымат мұғалім қойын қалтасынан дудыратып қызыл шүберектер шығарды. Сонсоң шүберектердің бірін жазды да: «Міне, мынаны «пионер галстугі» дейді. Мұны таққан оқушы пионер болады. Сондықтан, сендер осы галстукті күнде тағып келесіндер!» — деді. Пионер галстугі дегені қалта орамалдың жартысындай ғана үшкіл қызыл шүберек екен. Сол шүберекті әрқайсымыздың мойнымызға байлай бастады. Байлаған сайын: «Міне, енді пионер болдыңдар!» — деп арқамыздан қағып қояды.

Сол күні бәріміздің мойнымызда шоқтай жайнаған қызыл галстук, үлкен бір дәрежеге жеткендей болып үйлерімізге қайттық...

...Жайлауға шыққалы менің ермегім торы тайым болып алған. Өзін қыстай таптап мініп, әбден басбілгі етіп қойғанмын. Жайлауға шығарда әкей: «Ал, шырағым, осы тайды саған ырым етіп, бәсірене атадым. Тайың пырақ болсын, өзің азамат бол!» — деген. Осыдан кейін-ақ торы тайды өзімше иеленіп, оны «бәсіре тайым» деп әспеттеп, қолым қалт етсе болды соны өбектеу әдетіме айналған. Жал-құйрығын тараймын, тұяғын егеп түзулеймін, су жалдатып жүріп тұла бойын сабындап жуамын, көрші-қоланнан арпа-сұлы сұрап алып аузына тосамын... Қойшы, не керек, мен торы тайға, торы тай маған, әбден бауыр басысып алдық.

Пионер қатарына өткен күні де әдеттегідей асығыс-үсігіс тамағымды іше салысымен торы тайымды іздедім. Үй сыртына шығып, төнірекке көз салып тұр едім, шешей: «Тағы да торы тай ма, қойсайшы мазалай бермей, мал сияқты отын қандырып жайыла алмайтын болды ғой!» — деді. Шешейдің зілсіз сөзін елеген жоқпын, көз ұшынан торы тайымды шырамыттым да, белдеудегі жүгенді алып жүріп кеттім.

Жақындап келсем, торы тайымның өзі екен. Мені көрді де оқыранып қоя берді. Сонсоң, басын шұлғып-шұлғып жіберіп, маған қарсы жүрді. Мұндайда менің де дегбірім қалмайды. Айтып жеткізе алмайтын ерекше бір сезімге бөленемін. Аяқ астынан тынысым жиілеп, жүрегім бұлқынғандай болып, мен де торы тайға жанасқанша асығамын. Бұл жолы да торы тайыммен сағынысып табысқандай болып, алдымен жал-құйрығын қасып, тұла бойын сылап-сипап шықтым. Сонсоң жүгендеп, ауылға қарай жетектеп алып жүрдім.

Ауылға жақындай беріп едім, бүйірдегі бұлақтан су алып келе жатқан әйел адам көрінді. Үстінде бұрама жаулықты кимешек, аппақ қардай жарқырайды. Бейне бір көк шалғынды кешіп келе жатқан аққу ма дерсін. Кимешектің үшкілдене біткен құйрықшасы жер сызып, бұрама жаулығы оқшырайып, әлгі кісіні айрықша сәулеттендіріп көрсетеді. Дәл қазіргі калпында иығындағы иінағаш пен су толған екі шелектің өзі біртүрлі жеңілдеп кеткендей, тап бір әдемілік үшін көтеріп келе жатқандай әсер береді.

Жақындап келгенде таныдым, күйеуі соғыста өлген, жалғыз ұлы Алматыдағы дәрігерлік оқуда оқитын Айпара деген апай екен. Біз ол кісіні «Ай-апа» дейтінбіз. Ай-ападан көзімді алмай қарап келемін. Бір мезгілде маған мойын бұрып қарады да, іле жүрісін баяулатып, кідіргендей болды. Дәл сол сәт менің есіме бүгін ғана пионерге өткенім түсті. Іле құлағымның түбінен Сымат мұғалімнің. «Пионер болған соң, үлкендерге жол беру керек! Үлкен кісінің жолын кесіп өтуге әсте болмайды!» — деген дауысы саңқылдап қоя бергендей болды. Мен бейне бір жаза басып, зор қателік жасай жаздағандай, өзімнен-өзім абдырап: «Ай-апа, өтіңіз, өте беріңіз!» — деппін.

Сол кезде Ай-апа мүлде тоқтады. Сонсоң, иығындағы иінағашымен, оған ілінген екі шелегімен бүкіл денесін еңсере қозғап, маған қарай бұрды. Бұрды да тіл қатты: «Әй, балам! — деді, саңқ еткен дауысынан әрі қатқыл бұйрық, әрі мейірімге толы камқорлық қатар естілгендей. — Бәсіре тайын баптаған азамат болар ма деп, жолыңды кеспей тұрмын! Бол өт тез, мына шелегі құрғыр иығымды езіп барады!»

Осы сөзді естуім мұң екен, менің тұла бойым еркімнен тыс дедектей жөнелді. Дедектеген қалпымда торы тайымды сүйрей тартып Ай-апаның алдынан өте шықтым. Сол сәт пионердің міндеті де, Сымат мұғалімнің өсиеті де жайына қалды. Менің көз алдымда Ай-апаның бүкіл болмыс-бітімі бәрінен де айбарлы, бәрінен де құдіретті ғажайып бір киелі күшке айналып кеткендей болды.

ҰСТА. Ауыл-аймақтың бәрі Дырылдай ақсақалды «Ұста» деп атайтын. Содан ауыл балалары да ол кісіні «Ұста ата» деп атап кеткен. Ұста болғанда, тек көрік басып, төс соғып, темір таптаумен ғана айналысатын ұста емес, Дырылдай ақсақалдың қолынан бәрі келетін. Ол кісінің ұста дүкенінің іші-тысы ауыл балалары үшін бейне бір қиял-ғажайып дүниесіндей болатын. Ұста дүкеніне жақындай бергенде сегіз қанат үй орнындай жерге дөңгелете жаймалаған кара қорданың бықси қоздап жатқан қарамы көрінер еді. Мұны «қоз» деп атайды. Жақындап келсең негізінен қойдың қара құмалағынан үйілген қоз-қорданың қызуы бетінді шарпиды. Қоздың әр жеріне қабықталған балғын талдарды сұғып қойған. Ол талдарды, әбден қызу өтіп балқыған кезде, қоз төңірегіндегі қазық-қалыптарға салып, болашақ уық-ке-

реге болатын иінге келтіріп қояды. Сол қазық-қалыпта тұрып иіні қатқан талдарды қылпылдаған жоңғарақпен сырылдатып жонғанда, әлгі иір-қиыр болып жатқан талдар көз алдында уық пен кереге сағаналарына айналып шыға келетін.

Қоздан әріректе, есік-терезе қалдырмай бітеу етіп шымнан қалаған төрт бұрышты жатаған жертөле үйшік көрінеді. Тал-терек салып жапқан үйшіктің үстін леп шықпайтындай етіп топырақпен бастырып тастаған. Үйшік төбесінің бір бұрышынан сорая көтерілген мұржа көрінеді. Мұржадан балар-болмас түтін лебі шығып тұрады. Бұл түтін бітеу қаланған үйшікке қайдан келіп жатыр деп қарасан, он шақты қадам жерден қазылған жерошақты көрер едің. Сол жерошақтан бастап жер қуалай қазылған өзекше үйшікпен жалғасқан. Өзекшенің де үсті тал-шілікпен жабылып, топырақпен бастырылып, көлбей созылған пешмойынға айналған. Жерошақтан бықси жанған тобылғы мен қайың түтінін сол көлбеу пешмойын үйшіктің ішіне қарай суыра тартып алып кетіп жатыр.

Енді, осы «аузы-мұрны» жоқ үйшіктің ішінде не бар дейсіз ғой?! Оның ішінде шелдеп, түгінен арылтып, қатар-қатар керіп тастаған жылқы және серке терілері болады. Бұл терілерге тобылғы мен қайың түтіні әбден сіңгенде майы шығып, шыңылтырланып, сартап болып қата бастайды. Ондай күйге келгенін тап басып, біліп отыратын Ұста ата «мерзімі жетті-ау» дегенде үйшіктің төбесін ашып, әлгі сартап болып, сарысағызданған терілерді алады. Сонсоң олардан еміздікті саба, торсық, жанторсық, мес, көнек, кесеқап, бедерлі тебінгі сияқты, төрт түлік малдың сүмесімен күнелтіп отырған елге мейлінше қажет мүліктер жасайды.

Ұста дүкенінің төңірегіне тағы да зер салған адам шаңырақ иіні, арба дөңгелегі, шананың табан шабағы, кебеже, келі, келсап, күбі, адалбақын, диірментас сияқты мүліктердің дайын бола бастаған нобайын таныр еді.

Ал, енді, ұста дүкенінің ішіне кірсең шыға алмайсың. Мұндағы жамап-жасқауға, құрап-құрсауға, септеп-жалғауға алып келген мүліктердің өзі көз тұндырады. Олардың қатарында шүмегі ұшқан аққұман, ернеуі кетілген кәрлен кесе, сабы жарылған кездік, қапталы қаңсыған ер, құрсауы түскен күбі, топсасы кеткен білезік, тасы босаған жүзік, өрімі тарқатылған қамшы сияқты алуан түрлі зат-мүліктер самсап тұрады. Дырылдай ақсақалды былайғы жұрттың «Ұста» деп атап кеткені болмаса, әлгі заттарға қарап, ол кісінің әрі ұста, әрі зергер, әрі үйші, әрі өрімші, әрі етікші, әрі ерші, әрі ағаш шебері екенін аңғару тіпті де қиын емес.

Ұста атаның осы кәсіптерінің ішінде мені айрықша таң қалдыратыны мүйізден жасайтын мүліктері еді. Біріншіден, мүйізді ұқсатудың амал-әдістері қызық. Екіншіден, мүйізден жасалған мүліктер ерекше әдемілігімен көз тартатын. Сол себепті, мүйізден жасалған мүліктерге деген жұртшылықтың ынта-ықыласы да ерекше болатын. Ол кезде мүйіз ожау, мүйіз қасық, мүйіз табақ, мүйіз сапты кездік, мүйіз сап қамшы, мүйіз тиекті шідер, мүйіз шақша, мүйіз тарақ, мүйіз түйме дегендер қолы жеткендердің ғана ұстайтын мүлкі.

Мүйіз-тұяқ атаулыны Ұста ата жыл бойы жинайтын. Жаз болса киік, арқар, қарақұйрық сияқты даланың қоңыр аңдарын аулайтын аңшыларға қадап айтып, қиыла тапсырып жүретін. Қыс түсе үй-үйді жағалап, күздікке сойған сиырдың, серкенің,

қошқардың мүйіздерін, соғымға сойған жылқының тұяқтарын ерінбей-жалықпай жинай беретін. Сонда, көктем туа қораның бір бұрышы алуан түрлі мүйіз-тұяққа толып қалатын.

Содан көктем туып, жаздың лебі бел алып, ел жайлауға шығар кезде Ұста ата үй желкесіндегі бұлаққа барады. Бұлақ етегінің солқылдап жатқан шымдауыт жерлерін аяғымен әрі-бері басып көреді. Сонсоң, ми-батпағы қалындау-ау деген жердің шымын қат-қатымен ойып, бір шетке қалай бастайды. Солқылдап жатқан шымды ойып алғанда, арғы жағынан қара қорыс ми-батпақ көрінеді. Ұста атаға керегі де осы көкала сазды ми-батпақ.

Мұнан әрі Ұста ата ауылдағы балаларды жауып жіберіп, қора бұрышына жиналған мүйіз-тұяқтарды бұлақ басына тасытады. Мүйіз-тұяқтар тасылып біткен соң, Ұста ата оларды бір-бірлеп ми-батпаққа батыра бастайды. Алдымен ірілерін таңдап, арқар, сиыр, серке, қошқар мүйіздерін батырады. Сонсоң, ми-батпаққа ұсақ мүйіздер мен тұяқтарды тастайды. Егер, батпаққа батпай, көрініп жатқан мүйіз-тұяқтар болса, әрқайсысын күрекпен нұқып жүріп, оларды да батырып жібереді. Ең соңында, бағанағы қат-қатымен ойылып алынған шымды орын-орнына қайтадан жымдастырып қойып шығады.

Содан, жаз күшіне еніп, төл аяқтанып, ел жазылып жайлауға шығады. Бүкіл құрал-саймандарын бірнеше түйеге жүк етіп, елмен бірге Ұста ата да көшеді. Ол кісі жайлауда да тыным таппайды. Жаз бойы ауыл-аймақ адамдарының мың-сан өтініш-тілектерін орындаумен болады.

Сөйтіп жүргенде жаз да өте шығады. Қабағын түйіп күз да жетеді. Сары ала күз бен қоңыр күз түскенше қыстау маңайының отына мал тұяғын тигізбей, ықтырмалатып күзеуде отыратын малшылар қара күздің ызғары біліне қыстауларына көшуге мәжбүр болады. Елмен бірге қыстауға Ұста ата да көшіп келеді.

Қыстауға көшіп келіп, әбден жайғасқан соң, бір сәтті деген күні Ұста ата көктемде ми-батпаққа батырып кеткен мүйіз-тұяқтарды ұқсатуға кіріседі. Ол үшін қазандық тұрған бөлменің ішін артық-ауыс заттардан босаттырады. Төсеніштеріне дейін алдыртып, оның орнына екі-үш тулақ тастатады. Сонсоң, қазанға су толтыртып, қазандық астына қойдың сары қиын қат-қатымен қалатады. Қойдың сары қиы маздап жана бастағанда Ұста ата алдын ала дайындап қойған ауылдың екі-үш әлеуетті жігіттерін ертіп барып, ми-батпақта жаз бойы батып жатқан мүйіз-тұяқтарды алып келеді.

Мүйіз-тұяқтардың қауырт қимылды қажет ететін тұсы осы сәт. Өйткені, жаз бойы қара қорыс батпақта жатқан мүйіз-тұяқтар балбырай жұмсарып, камырдай иленеді екен де, оны тездетіп белгілі бір мүліктің нобайына келтіре қоймаса қайтадан қатып кетеді екен. Содан да болу керек, әшейінде сабырлы қалпынан танбайтын Ұста ата танымастай өзгеріп, осы ұршықтай үйіріледі. Екі жеңін шынтағына дейін түріп тастайды. Жанындағы жігіттерді де қысқа қайырым тілмен зыр жүгіртіп қояды. Олардың бірі тулақ үстіндегі миға малшынған мүйіз-тұяқтары жылы-шымшым суға салып, тазартумен айналысса, келесісі қазандағы суды еселеп, енді бірі от қызуының қайтпауын қадағалайды. Ал, Ұста ата болса қазандық аузындағы маздай жанған отқа бетін беріп, қарама-қарсы жайғасады. Алдындағы темір тегеште білем-білем бо-

лып кесілген қойдың құйрық майы жатады. Әлсін-әлсін саздан тазарған мүйіз-тұяқтарды кезегімен қолына алып, бірер аударып қарайды да, саусақтарын лыпылдата қимылдатып отырып, белгілі бір зат-мүліктің нобайына келтіре бастайды. Нобайлау барысында мүйіз-тұяқтарға қойдың құйрығын сүйкеп-сүйкеп жіберіп, отқа қарсалап отырады. Осылайша, аз ғана уақыт аясында арқар мүйізі — ожауға, серке мүйізі — қамшы сапқа, сиыр мүйізі — шақшаға, ешкі мүйізі — кездік сапқа, жылқы тұяғы — таракқа ұқсап, олары таза тулақтың үстіне топ-топ етіп түсіп жатады.

Сөйтіп, мүйіз-тұяқтардың бәрі де белгілі бір зат-мүліктің нобайына келеді. Мұнан әрі Ұста ата сол зат-мүліктерді асықпай өндеп, әрлеуге кіріседі. Бұл жұмысы аптаға, айға созылады...

Бірде, Ұста атаның қолынан шыққан зат-мүліктердің ішінен мүйіз ожауды көргенім бар. Мұндай әдемі мүліктің адам қолынан шыққанына таң қалмау мүмкін емес. Бейне бір шертіп тұрған қос анарын жасыра алмай, жұп-жұмыр мойнын қымсына иіп тұрған аққу-ару ма дерсің?! Менің мүйіз ожауға таңырқай қараған сезім күйімді Ұста ата да жазбай таныған. Сонсоң, өзі де мейірленіп, менің қазіргі қалпымды осы бір ғажайып еңбегінің өтеуіне балағандай, өзі де айрықша бір шат көңілмен тіл қатқан. Тіл қатқанда айтқаны ғой: «Е-е, шырағым, бұл ожау — қадірін білмегенге — қу сүйек, ал қадірін білгенге — хан қызының жасауын келістіретін мүлік! Мұндай мүлікті ұстаған пенденің жүрегі нұрға толады!» — деп еді.

ЖЫРАУ. Өткен ғасырдың (XX ғ.) елуінші жылдарынан бастап-ақ біздің ауыл-ел отырықшылана бастады. Жоғарғы жақ алдымен «отарлы мал шаруашылығы» («отгонное животноводство») дегенді ойлап тапты. Ондай шаруашылықтар аудан орталығынан 150-200 шақырымдай жердегі Ортау, Кертау, Қызылтау, Ақтау, Желтау, Өгізтау деп аталатын сілемді таулардың арасынан құрылды. Алғашқыда оларды «Атасу колхозының адыгоны», «Жеңіс колхозының адыгоны», «Ленин колхозының адыгоны» деп атап жүрді. «Адыгон» дегенді орыстың «отгон» деген сөзінен шығарып алған ғой. Содан алпысыншы жылдардың ішінде әлгі шаруашылықтар жаппай кеңшарларға айнала бастады. Кеңшарға айналған соң «орталық», «бөлімше», «қыстақ» деп аталатын елді мекендер пайда болды. Ондай елді мекендерге кеңсе, мектеп, клуб, кітапхана, емдеу орны салынды. Сөйтіп, санаулы-ақ жылдар ішінде ел-жұрт біржола отырықшыланып шыға келді.

Отырықшылық адамдардың өмір-салтын өзгертті. Бұрынғыдай, жыл құсы сияқты көктем мен жазға ілесіп, жазыла көшіп, желпіне қонып, табиғатпен тіл табыса жүріп тіршілік құратын заман көрген түстей болған. Енді табиғатпен жағаласатын, табиғаттың бермесін тартып алатын заман туған. Адамдар жаппай мұрнынан шаншылып жұмыс істейді. Жаз болса қысқа қамданады, қыс болса жазға қамданады. Мәңгі бітпейтін жұмыс. Күні кешелер ғана көшпелі өмірдің дәмін татқандар үшін отырықшылық деген бейне бір сау басына сақина тілеп алғандай, қарап жүріп аққұла бейнетке ұрынғандай болып көрінетін. Отырықшы болғалы айнала табиғат та жүдеу тартқан сияқты. Адамдар да өзгеріп, әркім өз басындық қана болып, ұжымшылдығы азайып, қайырым-қарайластықтан қалып, уәдеде тұрмайтын болып бара жатқандай. Ең сұмдығы, отырықшыланғаннан бері төрт түлік малдың өні кірмейтін

болып алды. Қашан қарасаң да, сол, түгі бозарып, кіртиеді де тұрады. Әсіресе, қой түлігі шетінен қаракемік болып, сүйегі жасып, тұқымы аза түскен. Мұндай малды қорек еткен адам қайдан оңсын. Үлкендер айтып отыратын: «Маған десең, Бұланай болсаң да, табиғаттың дегені болады!» – деп, сол рас екен. «Бұланай» дейтіні осы күнгі «Гималай» деп жүрген тау болу керек.

Отырықшылыққа ойысқалы ел-жұрттың аңсап табысатын мезгілі қыс айлары болып алған. Өйткені, ел-жұрт жаз бойы қысқа дайындалады: шөп шабады, отын-су қамдайды, қора-қопсы бүтіндейді, ат-шанасын сайлайды, төрт түлік малын қапысыз семіртеді... Арқаның алты ай қысына шыдамайды-ау деген кәрі-құртан, ауру-сырқау, ақсақ-тоқсақ деген малдарды және төл бермейтін бойдақ малдарды күзге қарай жаппай етке өткізеді. Сөйтіп, қысқы тебінге төтеп беретін төрт түлігін сақадай сай етіп алған соң, қар бір жауғанда қыстауларына көшіп келеді. Қыстауға көшіп келген ел кешікпей-ақ бытырлатып күздік соя бастайды. Күздікке, әдетте тайынша, торпақ, серке, ісек сияқты малдарды сояды. Осылардың ішінен айрықша семірген ісек қойларды, дөнен қойларды, бесті қойларды арнайы көздеп жүріп сойған соң, оларды жұмыртқадай етіп үйтіп алады. Мұнан әрі, әне-міне дегенше болмайды, қыстың сақылдаған сары аязы да жетеді. Сол кезде, жаппай соғым сою науқаны басталады. Соғымға, негізінен құнан, дөнен, бесті аттар, жеті-сегіз құлындаған мама биелер, буыршын, атанша, дөнен атан, дөнежін інген, бесті атан сияқты түйелер сойылады.

Соғым сойылған соң, көктем лебі білінгенше ел-жұрттың арқа-басы босап, мамыражай күндер басталады. Жігіт-желең бір-бір сәйгүлігін төгілтіп мініп, қызды ауылдарды қыдырыстайды. Саркідір тартқан азаматтар топтасып салбурынға шығады, тау-тасты сыдыра сүзіп жүріп аң аулайды. Ит жүгіртіп, құс салады. Көрші-қоландар, жапсарлас ауылдар бірін-бірі соғым басына шақырысады. Әңгіме-дүкен құрып, сыр-сұхбат өткізеді. Елдің дуалы ауыз, шежіре көкірек қарттарын төрге шығарып, соғымның шекесін тартып, ғибраты мол әңгімелерін тыңдайды. Ән ағылады, күй төгіледі, жыр нәсерлейді. Адамдар ғажайып асқақ сезімдерге бөленіп, жарық жалғанды көргенін Тәңірдің сыйына балайды...

Мен ес білгелі біздің әкейдің жылдағы әдеті – соғым сойылған соң арнайы атшана жіберіп, қиян шеттегі ауылдан тама Бұралқы жырау Құдайбергенұлын (1878-1974) қолқалап шақыртып алады. Әкей мен шешейдің Бұралқы жырауды төредей күтетіні әлі көз алдымда. Екеуі екі жақтан бәйек болып, қас-қабағына қарап, тәтті-дәмділерін аузына тосып, жандары қалмайды. Алғашқы күні жырауды жол соғып шаршап келді деп, оңаша күтеді. Әкейдің қолы епсекті адам болатын. Ертеңгісінде: «Мынау не, мынау! Сақал-шашынды өсіріп, диуана болғалы жүргеннен саумысың!» – деп, жырауды зілсіз әзілге жығып жүріп, шашын алып береді, сақал-мұртын басады. Сонсоң, өз қолымен шүберектей етіп тіккен мәсі ұсынады. Осы кезде, шешей де күні бұрын арнайы тігіп, дайындап қойған камзол-шалбарды алып келеді. Бұралқы жырау шыт жаңа киімге мағұрланып, «Тәңірі жарылқасын!» айтады. Әсіресе, аяғына үйлесе кеткен қасықтай мәсіге деген ризашылығын жасыра алмай, әкейге қарап: «Осы сенің қолыңның сиқыры бар ма, мына мәсің аяулы мүлік болып тігілген екен!» – деп қояды. Мұндай мақтау сөзге әкей де дән риза.

Сол күннің кешінде шешей қазанға мол етіп тәтті-дәмдісін салады. Әбдіренің түбінде жататын қант-кәмпитін шығарады. Үйдің ішіне қабаттап көрпе төсеп, көпсітіп жастық тастайды. Содан, мал жайғалып, ел орынға отырады-ау дегенде көрші-қолаң біздің үйге жинала бастайды. Келушілердің бәрі де Бұралқы жыраумен қолдасып амандасып, оны өздеріне мерей-мәртебе тұтып, аман-сау дидарласқандарына риза көңілдерін білдіріседі.

Көрші-қолаңның бас-аяғы жиналған кезде шай беріледі. Шыртылдақ майға пісірген қызыл күрең бауырсақ, тортасы мен майы айырылғанша қайнатқан бал-қаймақ, томырылған сары май, татқан адамның тілін үйіретін жент, қой сүтінен әзірлеген қызыл бұйра ірімшік пен майы шыпылдап сыртына шыққан малта құрт, буы бұрқыраған бал қуырдақ сияқты тағамдар шай дастарханының сәнін келтіреді.

Шай үстінде ауыл-елдің жаңалығын, көзкөргендердің амандық-саулығын қысқа қайырым тілмен сөз етіседі. Бірақ, бәрінің де көкейінде Бұралқы жыраудың шер тарқатар ағыл-тегіл жырын тыңдауға деген ынтызарлық айқын байқалып отырады. Содан, дастархан басындағылар шайға қанды-ау дегенде, жыраудың өнеріне ынтығып отырғандардың бірі елеусіз ғана сөз бастап: «Бөке, осы Орал қызбен қашан айтысып жүрсіз?» — дейді.

Осы сәт Бұралқы жырау мырс етеді: «Ой, шырағым-ай, ол бір жастық сағыммен бірге кеткен, көрген түстей шаруа ғой. Оның басын ауыртып қайтесіңдер. Өйтіп жақауратпай-ақ қойыңдар, біліп отырмын, сендер осында менің арса-арса болған түрімді көргелі емес, кәрі көкіректегі жырымды естігелі келдіңдер ғой. Қайда, әлгі?..» — деп, артқы жағында тұрған домбырасына қол созады.

Отырғандар: «Онысы рас-ау!», «Солайы солай ғой!», «Е, бәсе!» — десіп, дабырлай қозғалақтап қалады.

Осы күні сол бір шақтарды есіме алсам, еріксіз таң-тамаша күйге түсемін. Не, Бұралқы жырау арғы-бергі жыр-дастандарды, шешендік даулар мен нақыл-өсиеттерді, ақындар айтысын, шежірелік аңыз-әңгімелерді сыпырып-сиырып көкейіне құйып алған. Немесе, ауыл-елдің адамдары ол кісіні талай рет тыңдап, не айтатынын әбден біліп алған. Әйтеуір, қалай болғанда да, Бұралқы жыраудың жұрт қолқалап сұраған сөзді «білмеймін» деп айтпай қалған кезі жоқ.

Бұл жолы да солай болды. «Ал, шырағым, әлгінде Орал қызды сұрап қалдың-ау, — деді Бұралқы жырау домбырасының құлақ күйін келтіріп отырып. — Ол шіркін, несін айтасын, сахараның желіндей еркін өскен ару еді ғой! Осы Манақаның бойында аралбай Құтжан қажы немересіне келін түсіріп, ұлан-асыр той болды. Орал қызға сонда ұшырастым. Ойнақтап от басып жүрген кезім, оның сөзге мәтқақам екенін қайдан білейін. Жеңіл әзіл, қысқа қалжыңнан басталған қағытпамыз аяқ астынан ушығып, ердің намысын, елдің делебесін қоздыратын айтысқа ұласып кетсін!»

Бұралқы жыраудың осы кіріспе сөзінің өзі-ақ естіген жанды ынтықтырып, тағатын тауысып, арбап алатын. Тыңдаушысын осындай көңіл-күйге келтіргенін тап басып, біліп отырған жырау домбырасын қоңыр қаздай қаңқылдатып қағып-қағып жібереді де, айтысты бастай жөнеледі. Сол кезде, Құдай сақтасын, қос ақынның қызыл тілі қынаптан суырылған қылыштай қаржасып, тыңдап отырған жанның шыбын жанын шүберекке түйгендей етеді. Айтысқан екеудің қайсысы сөз кезегін

алса болды, бейне бір қанды шеңгелін қақырата салған қыранға ұқсап, қарсыласын ондыртпай жәукемдегенде, «әй, біткен жері осы шығар» деп, мүлдем түңіліп кетесің. Бірақ, олай болмай шығады, сөз кезегі сол «бітті» деп отырған ақынға тигенде, ол да қиядан шауып, қисынын тауып, түздің тағысын жетіп қайырған жүйріктей, қыл сағаққа тырп еткізбес тұзақты салады. Енді, оның қарсыласын аяп, тілеуін тілемеске шараң қалмайды...

Осылайша тыңдаушысын бір күйдіріп, бір жандырып барып айтыс аяқталады. Айтса нанғысыз ғажайып бір сезім жүрегіннен лықсып төгіліп кететіндей болып, лүп-лүп етеді. Осындай да керемет болады екен-ау! Қайсысы жеңгенін айыра алмай дал боласың. Әлгінде ғана не өмір, не өлім деп белдескен екі баһадүрдің екеуі де бірдей жеңіске жеткендей, қанқасап шайқаста екеуінің де мерей-мәртебесі асқақтап шыға келгендей. Өмірде болмайтынды өнердің болдыратынына қайран қаласың... Тәрізі, өнер шіркіннің құдіреті деген осы болу керек.

Айтыстың шеті бір шыққан соң белгілі ғой, сол жерде отырғандар мұнан әрі: «Енді Майсармен айтысыңызды естісек», «Ойбай, Жолдыкеймен айтысы да керемет қой», «Айтыстың көкесі Біржан мен Сара емес пе?!», — десіп, біраз кеу-кеулесіп алады. Қыстың таңы ұзақ, Бұралқы жырау әдеттегідей көптің сұрауын аяқсыз қалдырмастан, сол түні әлгі аталған үш айтысты да айтып шығады.

Осы кезде қонағының қас-қабағына қарап отырған әкей: «Ал, енді, Бөкенді шаршатып алмайық, ертең де Құдайдың күні бар ғой, дәм де дайын болды-ау деймін», — дейді. Осы сөзді күтіп отырғандай, шешей соғымның жылы-жұмсағын үйеме табак етіп қонақтардың алдына тартады.

Ертенінде әкей ауылдың бес-алты адамын ғана іріктеп шақырады. Олардың бәрі де ақ сақалды, сары тісті болған қадірлі қариялар. Бұл кісілердің басы қосылғанда бөк дүниенің сөзі айтылмайды. Тек қана өмір-тіршіліктің бағасын арттыратын адам сапасына қатысты арғы-бергі заманның ұлағаты сөз болады. Мұнда да сөздің шырайын келтіріп, дәмін татытып отыратын — Бұралқы жырау. Сөздің арасында «сонда былай деген екен» деп, небір жыр-термелерді төгіп-төгіп тастап отырады.

Сол күні кешкі шайдан кейін Бұралқы жырау «Дариға қыз», «Жұмжұма», «Салсал» сияқты діни қисса-дастандарды айтты. Тыңдаушы қарттар жырды тыңдаған сайын тұнжырап, мына қызылды-жасылды дүниенің алдамшы екеніне енді ғана көздері жеткендей болып, құдіреті күшті Жаратушының мәңгілігін біржола мойындағандай, үнсіз ғана бастарын шұлғиды. Ал, шешей болса, ауыз үйде еттің нанын жаймалап отырып, көзінің жасын сығып-сығып алады.

Осы кезде әкей қонақтарын бір серпілтпек болып: «Апыр-ай, Бөке-ай, өзіңізді де, бізді де аясаңыз етті! Тамтығымыз қалмады ғой, мүттем! Енді кішкене дем алыңыз, менің мына балам «Толағай» деген қысасын оқып берсін», — деді. Сонсоң, маған мойын бұрып: «Бол, шырағым, қайда әлгі кітабың? «Толағайды» оқып бере ғой», — деп нығарлай түсті.

Әкейдің «Толағай» қысасы деп отырғаны «Қазақ әдебиеті» оқулығымдағы Әбділдә Тәжібаевтің поэмасы.

Мен лып етіп орнымнан тұрып, шешей тігіп берген киіз қалтадағы кітаптарымды олай қараймын, былай қараймын «Қазақ әдебиеті» оқулығым ұшты-күйлі жоқ.

Айналдырған екі-ақ бөлмелі қоржын үйдің ішінде шырқ үйірілдім. «Болсайшы, әй!» — деп, әкей бір жағынан дігерлеп қояды. Әбден есім шықты. Мектепте қалдырып кеттім бе?.. Әлде, кітабы жоқ балалардың бірі оқуға алды ма екен?.. Әкейдің андасанда кітапқа қарайтыны болушы еді, сол кісі отырған маңда болмаса?.. Сан сапалақ ой одан сайын абдырата түсті.

Содан, әкей отырған жерге келіп, іргені түріп, төсеніштердің жапсарын көтеріп, сасып-пысып кітабымды іздей бастағаным сол еді, жоныма қамшы өрімінің шып ете түскені. «Үйбай-ай!» — деп, мен шыр ете қалдым. Сөйтсем, әкей екен: «Өй, адам болмайтын неме, сол! Кітабын жоғалтқаны несі!» — деді.

Сол жерде күтпеген оқиға болды. Алдымен, Бұралқы жыраудың: «Әй, Сейдімбектің баласы! — деген дауысы санқ ете қалды. Жалт қарасам, жыраудың өткір жанары шыңырау түбіндегі судай жылт-жылт етіп, әкейге қадалып отыр екен. — «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» деген, мен отырғанда балаңа неге қол көтересің?!» — деді.

Әкей: «Ойбай-ау, Бөке-ау, сіз тыныс алсын дегенім ғой!» — деп ақтала бастап еді. Бұралқы жырау дауысын кілт бәсендетіп, бір түрлі торыққан үнмен: «Ой, сөзің бар болсын, бар болғыр! Онысы несі-ей! Іздегенің «Толағай» болса, ал тыңда!» — деді де, домбырасын қағып-қағып жіберді. Содан, қос ішекті бебеулетіп, қайдағы бір сұңғыла сарынды сұңқылдатып келді де:

«А-а, дүние қарап тұрсам бір кең сарай,
Сарайға көзім талды-ау қарай-қарай.
Тағдыр мен Тәңіріге өкпелеме,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай!» —

деп, жыр нөсерін төге жөнелді.

О, ғажап! Жуырда ғана «Толағайдың» бір тарауын жаттап алып, сабақта «бес» деген баға алған болатынмын. Жыраудың айтып отырғаны сол «Толағай», бірақ, сөзі де, буыны да мүлде бөлек. Сөйтсем, Бұралқы жырау «Толағайды» тыңнан толғап, өзінше жырлап отыр екен ғой.

...Кім білсін, жастық шақта адамның сезімі ұшқыр, қиялы қанатты бола ма екен?! Жоқ, әлде, Бұралқы ақсақалдың шынымен күдірет жырау болғаны ма?! Әйтеуір, сол кеште менің көкірегіме ұялаған Толағай батырдың бейнесі күні бүгінге дейін бір мысқал көмескі тартар емес. Туған жері үшін жасалатын құрбаншыл ерлік, туған елге деген перзенттік махаббат сондай-ақ болар!

ҰРПАҚ. Бәтіш апай шүйкедей домаланған кішкене адам еді. Үйелмелі-сүйелмелі бес ұлы бар. Ұлдарының үлкені он екі-он үштерде болса, кішісі екі-үшке жана іліккен. Бұларға бас-көз болып, сол үйде тағы да бір ересектеу бала жүреді. Оны былайғы жұрт Бәтіштің баласы емес, інісі деп отырады. Әрине, бізге — ойын балаларына бәрі бір. Таңның атысы, күннің батысы ду-ду болып, жұбымыз жазылмай жүреміз.

Бәтіш апайдың балаларға деген мейірімі ерекше болатын. Өзінің бес баласы, «інісі» дейтін баламен алтау, оларға ауыл-үйдің балалары – біздер қосыламыз. Содан, біресе су, біресе сусын дейміз, әйтеуір, сол үйді өз үйіміздей жайлаймыз. Сонда, Бәтіш апайдың бір қабақ шытқанын көрмейміз.

Біз бала болсақ та үлкендердің қас-қабағына қараймыз. Бізді тандандыратыны, Бәтіш апайдың елден ерекше қылық-қасиеті болмаса да, ол кісіні, әсіресе, ауылдың үлкендері айрықша сыйлап, құрмет көрсетіп отыратын.

Кейін, есейе келе шешейдің аузынан естіп білдім, сол Бәтіш апамыздың жүрегінде жазылмас жарасы, көкірегінде сейілмес қасіреті болады екен ғой. Бұл әңгімені айтқанда шешей әлсін-әлсін көзінің жасын сығып алып отырушы еді...

«Әйгілі отыз екінің аштығы ғой... «Жұт жеті ағайынды» дегендей, сол жылдың қысы да аққұла қаһарланып басталды. Апталап соққан ақтүтек боран төңіректі кеткіге орағандай етіп, қасат қармен көміп тастағаны есімізде. Жылдағы әдетпен қиян шеттегі «Жалпаққора» деген жерді қыстап қалған жеті-сегіз жанұя, ішінде Бәтіштің де әулеті бар, тағдырдың тұзағына іліккендей күй кешеді. Қарға адым жерге аттап шыға алмайды. Тігерге тұяқ жоқ, ішерге тамақ жоқ. Мал атаулыны күз түспей-ақ өкімет адамдары «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын!» – деген ұранмен сыпырып-сиырып алып кеткен. Сөйтіп, құрт-ірімшікті де жарытып жинай алмай қалған ғой.

Ол кезде Бәтіш – солқылдаған жас келіншек. Ата-енесі, күйеуі және екіге келіп қалған баласы бар. Бұлармен бірге бір қораның ішіндегі бөлек есікте Бәтіштің жалғыз ағасы мен жеңгесі тұрады. Оларда да екіден асыңқырап қалған бір ұл бала болады.

Содан не керек, қыс ортасына ілігер-ілікпестен-ақ ауылда адам шығыны бола бастайды. Бәтіштің ет жақындарынан әуелі ата-енесі қайтыс болады. Мұнан соң, араларына бір апта салып, ағасы мен жеңгесі көз жұмады. Олардың артында қалған баланы Бәтіш өз қолына алады. Сөйтіп жүргенде, бетіне қарап отырған жалғыз сүйеніші – күйеуі де қайтыс болады. Бәтіш екі баланы бауырына басқан қалпы жалғыз қалады...

Енді қайтпек?! Иесіз таудың қуысындағы қарға көмілген қыстауда өлім күтіп отыра бермек пе?! Қарап отырып өлгенше, бір әрекет ету керек! Бәтіш осындай ойға келеді де, «Жалпаққорадан» он шақты шақырым жердегі Ақтасты қыстауына барып, сондағы нағашы ағасын паналамақ болады. Өзінше жолға қамданып, алдымен екі баланың киім-кешегін дайындайды. Оппа қарда екі баланы қобыратып көтеріп жүре алмайтыны белгілі. Қол шана да табыла қоймайды. Содан, аяқ астында жататын бір тулақ болады екен, соған орап алған екі баласын сүйретіп жолға шығады ғой. Өзі аштықтан әлсіреген адам, оның үстіне ақсақ ойылма оппа қар, жол ортасына жетпей-ақ Бәтіштің әл-дәрмені таусылады. Екі бала қатар шырылдап, олар да бір жағынан есін шығарады.

Сол жерде, бір сұмдық ой Бәтіштің көкірегін тіліп өткендей болады. Бұл қалпында мидай далада үшеуі бірдей текке өліп қалары хақ. «Бәлкім, екі баланың бірін қалдыра тұрып, екіншісімен ауылға аман жетсем, ол ауылдан бір көлік-мөлік табылар,

қайта айналып келудің орайы болар» деп ойлайды. Ойлауын ойлағанмен, ет жүрегі езіліп аяғының басына түскендей болып, есеңгіреген қалпы отырып қалады.

Біраздан соң Бәтіш есін жиып, өзіне-өзі келгендей болып, тәуекелге бел буады. Екі баланы қимағанмен бола ма, бұлай босансыса, үшеуінің бірдей қатып қалатыны айдан анық. Тіптен, бір баланың өзімен нысана еткен жеріне жете ала ма, жоқ па оның өзі екі талай. Сонда, екі баланың қайсысын қалдырып кетпек?! Бірі — өзінің өзегін жарып шыққан перзенті, екіншісі — жан ағасының тұяғын жалғар жалғызы.

Осылайша, салы суға кеткендей сенделіп отырып, Бәтіш тағы да бір шешімге бекінеді. «Егер, Тәңір жарылқап, басым аман болса, бұйырған перзентті әлі де көре жатармын... ал, жалғыз ағамның тұяқ жалғарын қалдырып кетсем, бір әулеттің түтіні үзіліп қалады ғой... ақталмас күнә мен арылмас өкініш сол болар!» — деп ойлайды. Ақыры осы ойы жеңіп, өз баласын қардың ықтасынына қалдырады да, ағасының баласын қойнына тығып жүріп кетеді. Бәтіш осыны айтқанда: «Тар құрсағымды кенітіп, тас емшегімді жібіткен тұла бойы тұңғышымды өз еркіммен ақ қар, көк мұздың құрсауында қалдырып кеттім-ау!» — деп аһ ұрғанда күні бүгінге дейін көз жасына ие бола алмай қалады...

Сөйткен Бәтіштің үміті ақталып, тілегі қабыл болды ғой. Заманның беті бері қараған соң қосылған екінші күйеуінен торсықтай-торсықтай бес ұл көрді. Жалғыз ағасының көзі анау, зінгіттей жігіт болған...»

Шешей егіле күйреп отырып осы әңгімені айтқан соң, иығынан ауыр жүк түскендей «Уһ-һ, жалған-ай!» — деп, терең күрсініп алды.

Ел басына түскен нәубет жеке адамдардың тағдырына айналады дейтіні осы болар...

Дәл осындай оқиға әйгілі әнші-сері, батыр-палуан Иманжүсіптің (1863-1931) әкесі Құтпанның да басынан өткенін кітаптан оқып, қайран қалғаным бар (*Р. Көшенова. Иманжүсіп. — Алматы, 2001. 4-бет*). Құтпанның әкесі Тұрғанбай Түркістанда датқа болған. Сол Тұрғанбай датқа Хиуа хандығының өктемдігіне қарсы қимылдаған қанды шайқаста қаза табады да, әйелі Мәлике ұрпағын аман сақтап қалу үшін бір жасар ұлы Баймырза мен қайнысының бес жасар баласын алып, шөл дала арқылы туған еліне қарай қашады. Мәликенің қайнысы, яғни, Тұрғанбайдың туған інісі, ол да сол соғыста мерт болса керек.

Содан, Мәлике шиеттей екі баламен шөлге қамалып, әбден титықтап, шарасы таусылады. Екі баламен ел шетіне жете алмайтыны белгілі болады. Сонда, «аман жетсем қайта келіп алармын» деген үмітпен өз баласын тасалау жерге жасырып, қайнысының жалғыз тұяқ жалғарын арқалап кетеді.

Пенденің көрер жарығы таусылмасын деңіз, шөл далада ораулы күйінде қалған Баймырзаны перзенті жоқ Дайрабай деген саудагер тауып алып, мәпелеп өсіреді. Бір жасар баланың есімі Баймырза екенін қайдан білсін, Құдай бере салған балаға Құтпан деп ат қояды. Сол Құтпан жиырма беске келіп, атпал азамат болғанда ғана туған анасы Мәликемен табысқан. Сөйтіп, Мәликенің де үміті ақталып, тілегі қабыл болып, өзінің де, қайнысының да ұрпағы жалғасқан.

Қазақ үшін өмірдің мәні де, сәні де ұрпақ жалғастығы болса керек.

ЖЫНДЫ ЫСҚАҚ. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Сүлейменнің Ысқағы деген кісі болды. Сексенінші жылдары жасы тоқсанды алқымдап барып

дүние салды. Ысекеннің елден ерекше бір қасиеті — көңіліне ұнамаған адамды, болмашы міні байқалған жанды неше түрлі теңеуге теліп сыбап жіберетін. Осы мінезіне орай жұртшылық ол кісіні «Жынды Ысқақ» деуші еді. Алайда Ысекеннің есі түзу, көргені де, түйгені де көп, көшелі сөзге жүйрік, кезінде Арқаның небір жақсы-жайсаңымен иық тиістіріп, дәмдес болған адам. Рас, мінезі қырыс, әсіресе, тосын көрген адамына елп ете қоймайтын, керісінше, сырт адамды сын тезіне бір салып алмай көңілі көншімейтін жан болатын.

Ысқақтың мұндай мінезіне жұрттың көндігіп алғаны сонша, тіпті, ауыл жігіттері онысын қызықтап, әсіресе, жоғарыдан келген әкім-өкілсымақтарды бір сыбатып алуды әуезе көретін.

Енді ойлап отырсам, Ысекеннің сондай болуын халықтың өзі қалап, өзі қолдап, өзі еркелетіп өткендей көрінеді. Шыны да сол. Бәлкім, қасіретті көп көрген ел, тауқыметті көп тартқан жұрт, бейнетті көп шеккен халық соның бәріне араша түсетін, көңілін сергітіп отыратын Ысқақ сияқты тұлғаны қажетсінген болар.

* * *

Ол кезде жоғарғы жақтың әкім-өкілдері шаруашылықтарды аралауға шығып тұратын дәстүр болған. Сол әдетпен облыс басшыларының бірі Ақтоғай ауданының шаруашылығын көруге келеді. Сол жылы қуаңшылық болып, астық шықпай, шөп шабудың да қисыны келмей, елдің күйзеліңкіреп тұрған кезі болса керек. Бұл жағдай облыс басшысының да еңсесін түсіріп, ауыл жігіттерінің апшысын қуыра беріпті. Ауыл жігіттері әкімнің мұнысына бір шыдайды, екі шыдайды, содан тіпті болмаған соң: «Қап, мынау әкірендеп қоймады ғой», — дейді де, түстік ішетін үйге алдын ала Ысқақты алдыртып қояды.

Облыс басшысы жанындағы нөкерлерімен түс кезінде бір тыныс алар үйге келіп түседі. Келсе, төрде бейтаныс қарт адам отыр. Барлығы жапырлап сәлем беріп, жайғасып отырады. Ысқақтың жайы белгілі, келген адамдардың қылық-қасиетіне орай бойларынан мін тауып, сөз арасында бірінен соң бірін сыбай бастайды. Сол әдетпен шай келгенше бес-алтауын сыбап үлгереді ғой.

Сонда облыс басшысы шыдай алмай: «ақсақал-ау, пайғамбар жасынан асқанда мұныңыз қалай, осында байқап отырмын, менен басқаның сау тамтығын қалдырмадыңыз, мұныңыз ұят емес пе?» — деп реніш білдіреді.

Мұндайда айылын жиятын Ысқақ па? Жұлып алғандай: «Шырағым, өкпеледім десең, сенің де әкеңнің аузын с...н», — деген екен.

* * *

Қарқаралыда Әбжан Омарбаев деген ақын болды. «Кәрлен кесе» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Сол Әбжан ақынның басы кіші, бет-ауызы бір уыс қана, әжімі көп кісі болатын. Оның үстіне ақынға тән мінезбен желпініп сөйлеп отыратын.

Әбжан ақынды алғаш көргенде әрі-бері сынап отырып, бір мезгілде: «Шырағым, бет-ауызы тарттырып жіберген ісек қойдың е...дей қырыс-тырыс болған әкеңнің аузын с...н», — деп боқтаған екен.

* * *

Бірде аудандық милицияның бастығы Ысқақ отырған үйге тап болыпты да, сөз арасында Ысқақтың мінезін жақтыртпай: «Ақсақал, бұл әдетіңізді қойыңыз. Қой-масаныз қиын болады. Жазатайым біз сияқты заң адамын боқтасаңыз, текке сотталып кетесіз ғой», — депті.

Сонда Ысқақ: «Бәрекелді, басы әтештің айдарындай қып-қызыл болған әкеннің аузын с...н-ау сені боқтап өле алмай жүр ғой деймісің, оны білем ғой», — деген екен.

* * *

Тарихи романдарын жазу үшін дерек жинап жүрген кезінде әйгілі жазушы Ілияс Есенберлин Тоқырауын бойында болады. Бұл өңірден шыққан Бөкей ханның ұрпағы — Құдайменде. Дайыр төре сияқты жуан сiңiр байлар кезінде Кенесарыны қолдап, адам көмегін де аямаған. Оның үстіне, Дайыр төренің көзін көрген Ысқақ қартты естіген соң, Ілияс тірі шежіремен сөйлеспек болып, арнайы ат басын бұрған.

«Ақынның құлағы өзінен қырық күн бұрын жүреді» деген сөз рас болу керек, Ілиястың арнайы іздеп келе жатқан хабары Ысқаққа да жетеді. Алайда, елдің көңілінде көлеңке бола ма, Ілиястың аяғы Ақтоғайдың шетіне ілігісімен ауыл азаматтары алақанға салып жөнеледі ғой. Сәлем берсе қой сойып, бата берсе тай сойып дегендей, жайылып жастық иіліп төсек болады. Содан Ілекең бірер күн өткенде аудан басшыларына: «Ау, жігіттер, мен той тойлағалы келгенім жоқ. Енді мен десеңдер адам аяғы саябырлау бір жер болса, кәрі құлақ қарттармен сөйлесем», — дейді. Ардақты жазушы айтты — бітті, ауыл азаматтары ақыл тоғыстыра қояды да елпiлдеп жүрiп Тоқырауынның шалғынды алқабына аппақ жұмыртқадай киіз үй тігеді. Ол үйге Ілиясты әспеттеп жайғастырады да, ал енді қарттарды шақырайық деп, алдымен Ысқаққа кісі жібереді.

Алайда, Ысқақ бір шақырғанға келе қоймайды. Екінші рет елегенімізді білсін деп, аудан басшысының жарқыраған жеңіл мәшинесін жібереді. Ысқақ бұл жолы да келмейді. Сонда аудан басшысы кеңшардың парторгын шақырып алады да: «Бұл қырсық шал сені тындаушы еді ғой, өзін баршы», — деп үшінші рет жұмсайды.

Парторг келсе, бір қой белдеуге байланған, зарлап манырап тұрғанын көреді. Үйге кірсе Ысқақ қарт шапанын тұмшалай жамылып, теріс қарап жатыр дейді. Бас жағында ұршық иіріп отырған бәйбішесі парторгқа ернінің ұшын жыбырлатып, салқын амандасады да теріс қарап жатқан Ысекене мойын бұрып, самбырлап сөйлеп қоя береді. «Кісі келді, көтер басынды... Мына бір қойға да обал болды, бүгінмен үшінші күн нәр татқан жоқ... Сендей қаусаған шалды бір Құдайдан басқа кім керек қылушы еді?.. Қонақ келеді деп шала бүлінгенін айтам-ау».

Парторг мән-жайды енді түсінеді. Ілиястың арнайы іздеп келе жатқаны рас болса, елдің қонағы деп, Ысқақ қарт қара қойын қамдап отырған ғой. Екі шақырғанда келе қоймауының сыры да сол болса керек. Бұл жайды айтпай-ақ түсінген парторг майдалап сөз бастап, алыстан алты жасар бала келсе, ауылдың алпыстағы қарты сәлем бермеуші ме еді дей келіп, Ысекене қолқа салғандай етіп сөзін тірейді.

Жөн-жобаның қоры Ысқақтың өз көкірегінде емес пе, сол жерде «кімге жөн үйреткелі отырсың» дегендей Ысқақ аларып бір қарайды да, үн-түнсіз орнынан тұрып ере береді.

Айтқанша болмайды, бастықтың лыпып тұрған мәшинесі Ысекеңді отырғызып алып желқайықтай сырғыған қалпы Ілияс Есенберлин отырған үйдің іргесіне келіп бір-ақ тоқтайды. Үйге кірсе төрде — Ілияс... оң жағында — райком... сол жағында — райисполком... тоңазыған ет, томырылған май, тостаған толы қымыз үстелді қайыстырғандай... Совхоз директоры зыр жүгіріп қызмет көрсетіп жүр... Үстелдің шет жағына құндыз бөркін оқшырайта төңкеріп қойған Ілияс желпініп әңгіме айтып отыр дейді.

Ысқақ сәлем беріп кіріп келгенде үй ішіндегілер әңгімені сап тыйып, шапұршұпыр қол алысып, қонақты төрге оздырып, іздеп отырған адамы болған соң Ілиястың оң жағынан орын береді. Амандық-саулық сұрасып жатқанда шара толы сары қымыз да келіп үлгереді. Әшейінде де іш бере қоймайтын Ысқақтың қазіргі салқындау шырайын байқаған аудан басшысы «қалай болып қалар екен» дегендей, қылпылдап отырып сөз бастайды. «Ысеке, мына жаныңызда отырған қонағымыз — Ілияс Есенберлин деген жазушы ағамыз. Әрине, бізге аға болғанмен, сіздің баланыз құралпылас. Ілекең өткен тарихымыз жөнінде үлкен кітап жазбақшы екен. Сол үшін өзіңіз көзін көрген Дайыр төре туралы білгісі келеді».

Осы кезде Ілияс сәл жөткіріне қозғалақтап, аудан басшысының шоқырақ сөзін толықтырғысы келгендей шырай танытады да тіл катады. «Иә, ақсақал, ел ішінің өзіңіз секілді кәрі құлақ қарттары біз үшін таусылмас қазына. Сіздердей қарттардың бойында бері қойғанда екі ғасырдың дерегі болады деп білемін. Олай дейтінім, бір ғасырды көзбен көрсеңіздер, екінші ғасырды көргендердің сөзін естідіңіздер. Мәселен, сіз Дайыр төрені көрдіңіз, Дайыр төре Кенесарыны көрді. Әне, екі ғасырдың дерегі деген сол болмақ. Әлбетте, Дайыр төре төңірегіндегі білетініңіз бір отырыстың, бір мәслихаттың шеңберіне сыя қоймайтыны да рас. Дегенмен, «сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» дегендей, бір ойды бір ой қозғайды, сөйлей отырыңыз, Ысеке».

Осылай деп, Ілияс ошарыла бұрылып Ысқақтың сөзін ықыласпен тыңдайтындай қалып танытады. Ысқақ болса сол салқын шырайынан сейіле қоймаған қалпы аз-кем ойланып отырады да сөз бастайды.

«Жөпелдеме Дайыр төренің қай қылық-қасиеті тілге орала қояр дейсің? — деп Ысқақ қарт тағы да бірауық түйіліп отырады да, бір мезгілде еңсесін тіктеп сөйлеп кетеді. — Жаны жаннатта болсын, марқұм Дайыр төренің еті ауыр адам еді. Көп отырып қалған жерінен өз бетімен тұра алмайтын. Әсіресе, дәрет аларда қиын-ақ, екі кісі екі қолтығынан демеуі керек, бір кісі шалбарының бауын шешуі керек, тағы бір кісі дәрет алатын құманын ұстауы керек. Қойшы, әйтеуір, Дайыр төре түзге шығарда бір әбігер болып қалатынбыз. Алланын әмірі, бұл жазмыш дегенді қойсайшы, бірде Дайыр төре әдеттегідей тысқа шыққанда шалбарының бауын шешу кезегінің маған келгені. Бетіміздің ұяты шайыла қоймаған кез ғой, кәдуілгідей абдырап тұр едім, төренің өзі: «Ал, шырағым, шешіп жібер», — деді. Төре айтқан соң шегінер жер қала ма, шалбардың ызынды бауын қалай тартып қалғанымды

білмеймін. Ұяттан құлақ шекеме дейін дуылдап, мұнан әрі не істерімді білмей тұр едім: «Дамбалдың да бауын тартып жібер», — дегені. Сол жерде есеңгірегендей болып тұрып, дамбалдың да бауын тартып қалғаным. Құдай-ау сендерге өтірік, маған шын, осы бүгінгідей әлі көз алдымнан кетпейді, өлшесе өзімен кетсін, ұма майының үлкендігі, Ілияс шырағым, тура мына жатқан сенің құндыз бөркіндей еді».

Бұл сөзді естігенде Ілияс не күлерін, не ашуланарын білмей, алақтап жан-жағына қарайды. Ысқақтың сырын білетін аудан басшылары «осымен тына қойса да жаман болмас еді-ау» деген қауіптен шөгіп кеткендей болып, төменшіктей береді. Ойын іркіп, тілін тістеп қалу Ысқақтың табиғатында жоқ, сол жерде әлгі айтқан естелігінің түйініндей етіп сөзін жалғайды: «Ал, шырағым Ілияс, — дейді Ысқақ арнап айтар лебізін танытқысы келгендей жүзін бұрып, — мына шіліңгір шілдеде, осынау қу медиен шөлге, түү, сонау ит арқасы қияндағы Алматыдан менің жаңағы айтқанымды сөз деп естімек болып, елеп, арнайы ат сабылтып келіп отырған тап әкеңнің аузын с...н! Осыны сөз деп, мән беріп, арнайы үй тігіп, тыңдап отырған басқалардың да әкесінің аузын с...н! Мұны сөз деп айтып отырған менде де ес жоқ».

Осылай дейді де, Ысқақ келген шаруасын бітіргендей, орнынан тұрып шығып кетеді. Ілиястың екі көзі шатынап, «боқтатуға шақырып па едіңдер» дегендей ызғар шашады. Аудан басшылары естерінен танғандай тұғжындап төмен қарайды. Сол жерде парторг тіл қатады. «Ілеке, ренжіменіз... Ысекене ренжуге болмайды... Әлгінде, үйіне барсам, белдеуінде бір қара қой байлаулы тұр. Сіз арнайы келе жатыр деген соң, жөнді де, жолды да білетін қарт қой, өзі тандап ұстаған бір қара қойды қамдап отырса керек. Ал біз болсақ ата салтымызда жоқ қылық көрсетіп, сексендегі қартты селкілдетіп...»

Осы кезде Ілияс мұнан арғы сөзді тындамастан: «Ах, бір білместік болған екен», — дейді де, Ысқақтың соңынан тұра жүгіреді. Сол бетінде Ысқақтың алдын орап барып, қолын алып кешірім сұрайды.

Ілияс Есенберлин осыдан кейін Ысқақ қарттың үйінде бір апта жатып, армансыз әңгімелесіп, риза болып аттанып еді дейді.

* * *

Ол кезде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Орталық Қазақстан бойынша тілшісімін. Бірде Ақтоғай ауданын аралап жүріп, Ысқақ ақсақалдың үйіне ат басын бұрдым. Ондағы ойым, бір жағы елге атағы шыққан адамды көзбен көру болса, екінші жағы Ысқақтың алдынан боқталмай өтіпті деген атты иемденгім келген іштей дәмем де болып еді.

Ысқақ қарт үйінде екен. Арнайы сәлем беріп келген соң қазан көтертті. Дәм дайын болғанша сусын ішіп, әңгімелесіп отырдық. Әлсін-әлсін елдің, жердің жайын сұрап қояды. Сірә, тамырымды басып байқағысы келіп отырған сияқты. Мен де тыраштанып, әлім келгенше қамшы салдыртпай сызыла жауап беріп отырдым.

Бір мезгілде ет келді. Көрші үйдің қолғабыс тигізіп жүрген әйелі болу керек, ет салған табақ пен пышақты қабаттастыра ұстап келіп, табақты дастарханға қойғанда

пышак мен отырған жаққа түсті. Осы кезде Ысқақ қарт: «Ал, балалар, ет тураңдар», — деп дастарханға жақындап отырды. Әрине, ет турай білмеуші едім десем, боқталамын. Не де болса деп пышақты қолыма алып турап көрсем, пышак қырғыш сияқты баспайды. Сонда да сыр білдірмей қидалап отыр едім, ет табаққа үйліңкіреп келгенде үлкендеу бір кесегі Ысқақ жаққа домалап түскені. Ішім қылп ете қалды.

Кешікпей-ақ, етке тұздық құйылып, Ысекең: «Ал, балалар, алыңдар!» — деп табаққа қол созды. Байқап отырмын, Ысекең ә дегеннен-ақ кесектеу туралған еттің ішіндегі бір ірілеуін қолына алды. Сонсоң, қолына ұстаған қалпы етке таңырқай қарап сәл бөгелді. Мен де «шаруам біткен шығар, енді боқталамын-ау» деген оймен тықырши бастадым. Айтқанша болған жоқ, Ысекең еттің үлкен туралған кесегін көрсете отырып, «шырағым» деп сөз бастады. Мұнысы боқтар алдында айтып алатын сөзі екенін алдында естігенмін. Боқтатпай атымды шығарамын деген үміттен күдерімді үзіп, енді не де болса қалай боқтайтынын естиін дегендей таңсықтықпен аңырып қалыппын.

Осы тұста Ысекеңнің мені боқтағанда қолданған теңеуінің мәнін ашу үшін бір жағдайды айта кетпей болмайды. Арқаның Бетбақдаламен жапсар өңірінде шайыржапырақ деген өсімдік өседі. Шайыржапырақтың сорайған ұзын сабағы болады да, қазанның қақпағындай жапырағы, әдетте, жер бауырлап өседі. Бұл өсімдікті көбінесе түйе түлігі сүйсіне жейді. Сондай-ақ, кейбір шаруақор адамдар жапырақты сабағынан сыдырып алып, қапқа салады да қыс айларында сиыр сияқты сауын малына күніне бір мезгіл беріп отырады. Шайыржапырақтың құнары ерекше, оны жеген малдың қоны таймай, сүтті де мол береді.

Міне, осы шайыржапырақтың қайдан есіне түскенін білмеймін, Ысекең жаңағы кесек туралған етті ұстаған қалпы былай дегені: «Шырағым, наймандар теретін шайыржапырақтың ұмыт болып қалған сабағы сияқтанып сорайған әкеңнің аузын с...н-ау, сексенге келгенде қақалтып өлтірейін деп пе едің, мынауың не?!» — деп етті көрсетті. Үйдегілер іштей күтіп отырғанын естіген соң, мырс-мырс күліп қоя берді. Ұялған тек тұрмас дегендей «қап, алдыңыздан боқтатпай шығармын деп келіп едім, үмітім ақталмады» деп мен де жуып-шайып жатырмын.

Содан ет желініп болып, дәмге бата жасалып, қол шайған соң Ысекеңе былай деп сұрақ қойдым: «Ысеке, шешенің бесік жырының орнына боқтық үйреткен жоқ шығар, осы әдеттің қалай қалыптасқанын айтып бермейсіз бе?» — дедім.

Бір боқтап алған соң Ысекеңнің шешіліп әңгіме айтатын әдеті. Менің әлгі сұрағыма орай аз-кем түйіле ойланып үнсіз отырды да, «айтайын» деді. Сонсоң еңсесін тіктеп, өткен өмірдің елесі жанын сергіткендей желпіне сөз бастап кетті.

«Осы Тоқырауын бойында Дайыр төре деген болған, — деп бастады Ысекең ұзақ сонар әңгімесін. — Бұл баяғы «Бес Мейрамның» ұрпағына хан болатын Бөкейдің тұқымы. Дайыр төре мыңғырған бай еді. Түйесінің өзі он бір, он екі соқыр болғанда, жылқы қосы он шақтыға жететін...»

Мен амалсыз Ысекеңнің сөзін бөлдім. «Ысеке, айып етпеңіз, сіз ғұмыр кешкен заманның біраз жайы сізге үйреншікті, түсінікті болғанмен, бізге таңсық болатынын білесіз ғой. Сондықтан жаңағы айтқан «Бес Мейрам», «он бір, он екі соқыр

түйе», «жылқы қосы» деген сөздердің мәнін түсіндіріп, Бөкей ханның тұқымын тарата айтсаңыз екен», — дедім.

Ысекең «бұларды білмесең несіне сөз тыңдап отырсың» дегендей алара бір қарап алды. Сонсоң, «әй, бұл мөнгүрт ұрпақта не жазық бар дейсің» дегендей сәл ойла-нып отырып, сөзін қайта жалғады.

«Бес Мейрам» дегенің Арғыннан тарайтын Мейрамсопының балалары. Мейрамсопыдан Болатқожа (Қаракесек), Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік деген бес бала туған. Сол бесеуінің ұрпағы орта жүздің сүйекті руларына айналған. Бұларды шежіре тілінде «Бес Мейрам» деп жинақтап қайыра салады. Үлкен хандар жойылып, қалың қазақты Ресей үкіметі қырық жілік етіп басыесіз қалдырған заманда Бөкей осы «Бес Мейрам» ұрпағына хан болған. Төрелердің арғы атасы Шыңғыс хан екенін білетін боларсындар. Сол Шыңғыс ұрпағынан тарайтын Көкжал Барақтан Бөкей туады. Бөкейдің өзінен тоғыз ұл болған. Ол тоғыздың үлкені Шыңғыс деп аталған. Шыңғыстан Жамантай туған. Жамантай кезінде Алшынбай, Құнанбай, Жанақ ақын, Соқыр Шөже, Тәттімбеттермен дәмдес болып, Қарқаралыда «Хан Жамантай атанып» тұрды. Бөкейдің екінші баласы — Сұлтанғазы. Сұлтанғазыдан Құдайменде мен Дайыр туады. Жанағы мен сөз етіп отырған Дайыр осы. Құдаймендеден Дінмұхамбет туады. Бұл үлкен әкесінің атына жазылып, Дінмұхамбет Сұлтанғазин болып, кезінде «Дала уәлаяты» деген газет шығарған адам. Дінмұхамбеттің әкесі Құдайменде өз тұсында Кенесарымен көңілі жарасқан дос болып, көмек көрсеткен.

Бөкей ханның тағы бір баласы Батыр сұлтан болған. Батырдан Рүстем, Мырзатай деген екі ұл туған. Рүстеміне әншілік, күйшілік, ақындық қонған өнерпаз адам екен. Кезінде әйгілі Жанақ ақынмен айтысқа түскен. Ал Мырзатайынан Нұрмағамбет туады, одан Әлихан туған. Баяғы Алаштың туын көтерген Әлихан Бөкейханов осы. Әлиханды көрдім, мына опасыз жалғанда бір-ақ рет келетін сабаз еді ғой! Әлиханның Лиза деген қызы, Үкітай деген ұлы болды. Лиза кезінде Смағұл Сәдуақасовпен отасқан. Қазір Ленинград жағында үлкен ғалым деп естимін. Ал Үкітайы болса осы бертінде, 1957 жылы Хақастар елінде қызметте жүріп дүние салыпты. Замана шіркін бұл тұқымның осылай тоз-тозын шығарды.

Әлихан өзінің бесінші әкесінің атын алып, Бөкейханов болған. Бөкей ханның бейіті Қарағандыдан Ақмолаға қарай темір жолмен шыға берісте «Хан басы» деген жерде. Бұл бұйрық дегенді қойсаңшы, сол Бөкей ханның бейітінің ішінде Орта жүзді аузына қаратқан әйгілі Жанақ ақынның да сүйегі жатыр. Бөкей ханның бұл төңірекке белгілі тұқымы туралы айтарым осы.

Әлгі, Дайырдың он бір, он екі соқыр түйесі бар еді деген сөзімді қайталап сұрадың ғой. Мұның мәнісі, қазақ түйе түлігін кие тұтады да көз тимесін деп әрбір жүзінші түйенің оң көзін ағызып жіберіп отыратын дәстүр бар. Сол кие тұтқан дәстүр бойынша түйенің санын да айтпайды. Мәселен жөн білетін адам «неше түйең бар?» деп сұраудың орнына «неше соқырың бар?» деп сұрайды. Соқыры қанша болса, сонша жүз түйесінің болғаны ғой.

Ал жылқы қосы дегенді әр қоста мыңға тарта жылқы бар деп түсіну керек. Демек, Дайыр төреде он шақты қос жылқы болғанда, он мыңнан асып жығылатын жылқысы бар десе қате болмайды.

Дүние деген көздің құрты, сол Дайыр төре қанша малды болса да төрелігіне бағып, ел үстінен алым алушы еді. Бұрынғының хандарындай салық міндеттеп, жасак шығармаса да, ел қыстауға шашырап көшер кезде ауыл-ауылды аралап, бір үйге бата беріп, келесі үйге тілек айтып, бір-бір қарасын еншілеп шығатын. «Көп түкірсе көл» деген емес пе, жыл сайын бір қос болмаса да, соның жартысындай жылқы Дайыр төреге ел үстінен қосылып жататын.

Әрине, ондай малды Дайыр төре өзі айдап жүрмейді. Жанына қызмет көрсететін жігіт-желеңді ертіп алады. Боса-болмаса, ол кезде Дайыр сияқты қолы ұзын төрелердің бір-бір молла ұстайтын әдеті. Дайыр төре де ел аралауға шыққанда татар молласын жанынан қалдырмайды. Бас қосқан жерде татар молла сарнап құран оқып, сәмпылдап шарифат айтады. Енді ойлап отырсам, қараңғы елдің алдында Дайыр төре үшін бұл да бір дәреже екен. Өзінше татар молласы да төрені арқа тұтып, қайдағы бір іске шарифат кірістіріп, сұңқұлдап мазаны алатын. Менің моллада да, шарифатында да шаруам жоқ кезім, сөйткенмен, татар молласын сұқаным сүймеуші еді.

Бір жылы, әдеттегідей күз кезінде Дайыр төре ел аралап шығарында жанына мені ертетін болды. Осы күні аудан басшысы сендерге бірдеңе десе, жандарың қалмайды ғой. Сол сияқты, ол кезде Дайыр төре айтты — бітті, бізде екі сөз болмайды.

Сонымен, межелі күні бар жақсымды киіп, төренің жанына еріп шықтым. Ол кездің бізге лайық жақсы киімі — аппақ етіп елтіріден илеген тері шалбар, тері тон. Соның өзі мәртебелі киім болып саналады.

Дайыр төре әдеттегідей бір ауылға қонып, бір ауылға түстеніп дегендей, Тоқырауын бойында сыңсып отырған елді сыдырып келе жатты. Менің міндетім де аз емес. Аттарды суару, отқа қою, ерттеп жолға дайындау, елдің берген малын қайырмалап жүрер жолымызға беттетіп отыру сияқты қыруар жұмыс мойнымда. Мұның үстіне, тақуалау Дайыр төренің дәрет алатын шәйнегін даярлап, суын жылытқылаймын. Тіптен, шәйнек ұстап, төре мен молланың сонынан еріп, қыр асып кететін сәттерім де аз емес.

Бір күні жүріңкіреп келіп, шоғыр тұрған бір ауылға тізгін тарттық. Еңселілеу көрінген үйге келіп түссек, бойжеткен қызы бар байдың үйі екен. Қыз үріп ауызға салғандай әдемі-ақ. Ат жайғаған болып кіріп-шығып жүріп қызға тіл қатсам, үйіріліп тұр. Кім білсін, төренің жанына еріп жүрген соң мені де тегін емес деп ойлаған болу керек. Жастық шақта сезім шіркін қауға тиген оттай ғой, сол күні бай қызымен біраз сырласып қалдым.

Ертеңіне таңертең татар молласы әдеттегідей құлқын сәріден қақшандап тұрып алды да, маған иек қағып қыр асып кетті. Онысы шәйнекке дәрет алатын су жылытқылап, соңымнан кел дегені. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» деген, төренің жанында жүрген соң молланың да көңілінен шығуым — міндет. Сол жерде байдың қызына су дайындаттым. Жай дайындатам ба, біресе, ыстық болып кетті деп, біресе, суық болып кетті деп, бай қызымен армансыз қылжақтасып алдым. Содан қыздың қылығын елестеткен қалпымда молланың кеткен жағына қарай жүріп келе жатыр едім, қыр астында үйген тезектей болып молла да отыр екен. Жақындай бергенімде шәйнегі құрғырдың күйелеш түбін аппақ шалбарыма тигізіп алғаным. Дереу шәйнекті жерге қоя салып, шалбарыма жұққан күйені «Ой, ішінді с...ай!»

деп, уқалай сүртіп жатыр едім, әлгі молласы түскір ошарыла карады да «Әй, патшағар, анау шәйнектегі су харам болды, бар қайтадан жаңалап әкел!» дегені. Сол жерде қайтадан қыр асып түсіп, суды жаңалап әкелсем, тіптен, сол суды жаңаладым деп қайта алып келсем де түк бәле жоқ. Бәлкім, жастығым болар, немесе бай қызының алдында сынықсығаным болар, әйтеуір, шәйнекті қайта алып баруға зауқым болмады да, молладан кешірім сұрап: «Моллеке, енді қайтып боктық сөз айтпауға уәде берейін, бір жолға жуына берсеңіз қайтеді», — деп жалбарындым. Молла одан әрмен ақшиып кетті: «Тәйт әрі, қарсы келме, бар, суды жаңалап әкел!» — деп зіркілдеп қоя бергені.

Сол жерде менің де ақсайтыным ұстап-ақ қалғаны. Жас кезімнен-ақ бір басыма жететін қырсықтығым болатын. Сол қырсығым буды да, шәйнекті молланың дәл жанына әкеп қойдым. Сонсоң қырыстанып тұрып былай дедім: «Ой, моллеке-ай, болмадыңыз ғой. Енді мені тыңдаңыз, мына шәйнектің ғой қақпағы жабық тұр. Ашық тұрған шүмегі ғана. Сонда аузымнан абайсызда шыққан сөзбен бірге менің қолағаштай қ...м осынау оймақтай шүмекке кіріп кетеді ғой деймісіз?.. Егер, болса да бұл суға жуынбайтын болсаңыз, онда сол байдың үйіндегі барлық ыдыста тұрған судың әкесінің ауызын с...н!

Ал, жуыныңыз! Егер байдың үйіндегі су да харам болды деп, басқа жерден су іздесеңіз, онда бүкіл осы ауылдағы судың әкесінің аузын с...н! Ал жуынып көріңіз! Егер осы ауылдағы су харам болды деп, басқа жерден су іздейтін болсаңыз, онда сіз жүрген жердегі бұлақ-бұлақтың, өзен-көлдің әкесінің аузын с...н! Ал жуыныңыз! Жазатайым, жер бетіндегі су харам болды деп, көктен таматын нәрден дәмелі болсаңыз, онда аспаннан жауатын жанбырдың, көктен борайтын қардың әкесінің аузын с...н! Ал жуынып көріңіз!» — дедім де, сол бетімде теріс айналып, кеттім де қалдым.

Ауылға қайтып келген соң, молласына тілім тиген Дайыр төре мінез көрсетіп, жазаламас па екен деп, біразға дейін алаңдап жүрдім. Жоқ, ондай мінез көрсетпеді.

Содан арада бірер апта өткенде Дайыр төре шақырып жатыр деген хабар келді. Бір құдайдан басқаға керегім жоқ мені қайтеді екен деп, алғашқыда дәуде болса сол татар молласы шағым жасаған болар деген оймен қорқасоктап келіп едім. Жоқ, мүлде олай болмай шықты.

Татар молласы мойыны қашықтау бір ауылға қайтыс болған адамның жаназасын шығаруға кетіпті. Дайыр төре мені арнайы шақырған терезесі тең адамындай қарсы алып, бір бағыланын сойып, құрмет көрсетті. Өмірімде мұндай құрмет көрмеген басым, іштей таң-тамаша болып отырмын.

Содан ет желініп болып, тоқ басар қымыз сапырылып жатқанда, төре бір сөз бастағысы келгендей маған жүзін бұрып, болмашы жымыып алды да: «Ысқақ қарағым, осы сен моллекемен сөзге келіп қалыпты деген не сөз?» — деп кәдуілгідей мән бере сұрақ қойды. Күнұзын ашыла сөйлесіп, сый-құрмет көріп отырған соң ба, төренің әлгі сұрағына шешіле жауап беріп, татар молласымен арада болған гәпті тәптіштеп тұрып айтып берейін. Сол жерде Дайыр төре «ой, тілеуінді бергір, сауап болған екен, өзі де қысыр байталдың құйрығындай шолтандап мазаны алушы еді» деп қойып, көзінен жас аққанша күліп алды. Онымен де тынған жоқ, тап бір мен ата жауынан кек қайтарғандай, аттанарда иығыма шапан жауып, шұжықтай бір тайын жетектетіп жіберді...

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады» деген бар, кешікпей-ақ осы оқиға жалпақ жатқан қаракесек еліне жайылып кетті. Осыдан кейін мен бір елдің керек адамына айналдым. Біреумен біреу қарбай болып немесе сөзге келісіп қалса болды, қай бұрын қимылдағаны менің аузымды алып, қарсыласын сылқита бір боқтататын әдет қалыптаса бастады.

Ол бір елдің нәрестедей аңқау, баладай жұбанғыш кезі еді ғой. Менің де жұрттың қойт-қойтына дардай болатын бозбас бала кезім. Оның үстіне жаным қиналмай-ақ иінім жабылып, аузым аққа тиген соң, айдап салғандардың айызын қандырып, есте қалатындай етіп боқтауға тырысатынмын. Бара-бара менің боқтампаздығымды жұрттың мойындап кеткені сонша, ел ішінің үлкен-кішісі «қарап жүріп боқталып қалмайық» дегендей, мен отырған жерде айылын жиып, кісілік сақтап жүретін болды. Тіптен, өмір болған соң жаза басып, жұрт көзіне түсетін ел ішінің тентек-торылары менен кәдімгідей жасқанып, ығысып жүретінді шығарды. Бұл да болса халқымның есті мен ессізді парықтағыш, жақсы мен жаманды танығыш, тіптен, қисыны келіп жатса, боқтықтың өзін батадай қабылдайтын кісілік қасиетінен болар. Құдайға шүкір, міне, сексеннің сенгірінде отырмын, халқымның алақанында ерке баласындай болып ғұмыр кештім. Тірі жанға тілім дарыса да зілім дарыған емес. Кісі бойынан кемшілік іздеуді әуезе көрген мен емес, кісі бойынан кісілік іздетіп, еркелетіп жіберген халқымның өзі, кең пейіл қасиеті.

Уәжің орынды, шырағым Акселеу, боқтық менің бесік жырым болған жоқ. Кез келген ана сияқты, менің анам да маған адал өмір, абыройлы ғұмыр тілеп, ақ сүтін аузыма тосқанына күмәнің болмасын.

Міне, шырағым, бір ауыз сұрағыңа орай өткен өмірдің елесінен айтарым осы».

Ысқақ қарт кәрі көкірегін кере дем тартып, уһлеп алды да, әжімді жүзіне мұң ұялаған қалпы үнсіз отырып қалды.

Осы сәт халықтың «Жынды Ысқақ» дейтін сөзінің астарында «Әділ Ысқақ», «Төреші Ысқақ», «Сыншы Ысқақ» деген ұғымның бұғып жататынын аңғарғандай болдым. Аңғарып қана қоймай, Ысекеннің әділдігін, төрешілдігін, сыншылдығын мен де қалтқысыз көңілмен мойындаған қалпымда аттандым.

Былай шыққан соң да Сарыарқаның ұшы-қиыры жоқ сайын дала, сағымды белдерінде тербеліп келе жатып Ысекенді ойлаумен болдым. Япыр-ау, бұл не ғажап! Өмір бойы шөп басын сындырмаған адам... Өмір бойы боқтықты ғана кәсіп еткен адам... Өмір бойы халықтың алақанында болып, «не ішем, не кием?» дегенді ойламаған адам... Мұндай үрдісті біреу емес, екеу емес, дүйім жұртқа мойындаттырған нендей құдірет?! Қоғамның қандай заңдылығы?! Осынау оғаш үрдістің өзіне мағына дарытып, ғибрат түйе білген халықтың кісілік қалыбын немен түсіндіруге болады?.. Мінезі оғаш болғанмен, баладан бастап данаға дейін сын көзімен қарай алатын Ысқақтың рухани өресін немен өлшесе болады?.. Түйінін оңайлықпен шештірмес мың сан сұрақ...

Ұлы Шоқанның сөзі ойға оралады: «Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де. Еуропадағы ақындар, ғалым, адвокаттар сияқты, билердің маңызы жеке беделге негізделген. Шекспир мен Гетені дүйім жұрт ұлы ақын санайды, алайда, олардың ұлылығы туралы ұғымды үкіметтің жарлығы немесе халықтың сайлауы орнықтырған жоқ қой...»

Міне, гәп қайда жатыр...

ҚОСЫМША

Ж.О. АРТЫҚБАЕВ

АҚАҢ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ» КІТАБЫ

«Калахаридегі ұлы пікірталас» және этнография туралы

Ақаң (Акселеу) туа біткен этнограф. Құдай Тағаланың Ақана жасаған сыйлықтарының ең бастысы не деген сұраққа мен жауапты көп іздедім. Ер азаматқа жарасымды қасиеттердің бәрі де бір бойында бар ағамызды — сегіз қырлы, бір сырлы десек артық емес. Тіпті Ақанның бойындағы қасиеттерінің бәрін сегіз қырға сиғызу да қиын. Бірақ, қазақ ұғымында «сегіз қырлы» дүние-тіршіліктің бүтінін, толығын көрсетеді. Адам тіршілік ететін ғаламшарды Бұқар жырау бабамыз «сегіз қиыр шартарап» дейді. Бұқарекен «Ей, Абылай, Абылай, қатын алма қарадан» деп басталатын толғауын:

«Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбыланды түгел қып,
Төрінде жатып салмақтан», —

деп аяқтайды. «Сегіз қиыр шартарап» Ұлы Еуразиялық идеяның нышаны. Бұл ұғым алып құрлықтың кіндік ортасына орналасқан түркі-монғол тайпаларының тіршілік құндылықтарының негізі. Б.з.б. II мыңжылдықта апайтөс даладан оңтүстікке жылжыған арья тайпаларының Шығысқа шегелеген таңбасы. Дала пайғамбары Зәрдүшті, оны қолдаған арьяны Ұлы даладан ығыстырған турлардың да ұстанып қалғаны осы сегіз қиыр шартарап. Ұлы Күннен, жарықтықтан, әлемнің сегіз қиырына ұмтылған құдіретті күшке тек анда-санда ғана алты бұрышты Дәуіт таңбасы қарсы тұра алған. Ақанды біз «сегіз қырлы» деп адақтауымызға басты себеп осы.

Ақаң қазақ этнографиясының соңғы реликтілері сақталған ортада туды. Біз реликт ұғымын текке қолданып отырған жоқпыз. Ақаң жасы алпыстан асқанмен бала жанды, албырт адам, осы себептен өзінің туып-өскен ортасын сипаттаған уақытта өзі көрген, өзін өсірген этнографиялық ортаны төндіре, жарқырата сипаттап, бойжеткен қыздың көзіндей жәудіретіп, оқыған адамды қызықтырып, ғашық қылып қояды. Тарихтың дөңгелегін қайтадан кері айналдырып, Ақанның балалық шағы өткен XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Жаңаарқа өңіріне топ ете түскің келеді. Бұл Ақанның көркем әдебиет әдістері мен қуатты тілі туғызатын әсер. Шын мәнінде бұл кезең қазақ халқының өміріндегі ең қаралы, ең ауыр, азапты кезеңнің бірі. Қазақ халқының XX ғасырдың 30-50 ж.ж. шеккен бейнеті бірнеше «Ақтабан шұбырындыға» тұрады. Маған Қарқаралы өңірінде этнографиялық экспедицияда жүрген

кезімде, 80-ші ж. ортасында Ғабдолла деген аяулы қария айтып еді «біз бір ғасырда бес ғасырдың ауыртпашылығын көтердік» деп. Бес ғасыр деп қария ХХ ғасырдың ел басына түскен нәубет жылдарын айтып еді.

Дегенмен бала көңілі — кіршіксіз таза көңіл, таза сезім. Адамның азды-көпті өмірінде 13-ке дейінгі балалық шағы-періште кезеңі. Періште болғанда да тек жақсылықты ғана қабылдайтын періште, адам өсе келе құлағы жамандыққа түрік келеді. Балалық шақтың адамның өзге жасынан басты айырмасы осында. Ақан Еуразия көшпелілерінің ұлы өркениетінің ақжал толқындары биік жарларды құлақтан теңізін көрген жоқ, ол сол теңіз тартылған уақытта соның табанында қалған сарқыншақ-қақтарды ғана көрді. Ең бастысы Құдай Тағала Ақана сол сарқыншақ-қақты көруге жазды, бұл қазақ этнографиясын зерттеймін дейтін адамның басына қонған бақыт емес пе?! Біздің балалық шағымызда Ақанның көрген қағы бірте-бірте құрғады, ауыл сыртындағы өзектің жарындағы қарлығаштар да жоғалды. Олармен бірге ақ кимешек киген әжелеріміз, саптама етігі сартылдаған аталарымыз бақиға аттанды. Ескі құрлықты бірнеше мың жыл бойы билеген ұлы өркениеттің соңғы реликтері көз алдымызда бұлбұл ұшты. Ақанның бала кезінде көшіп жүрген ауылдарының киіз үйлері менің алғашқы этнографиялық экспедицияларымның кезінде қораның төбесінде текше-текше болып брезентпен ораулы жататын. Қазір ол да жоқ. «Көшпелі дүние» деген осы.

Қазақтың «Еділ-Жайық» аталатын ертегісі еске түседі. «Түп-тегі Қыпшақ еді. Еділ деген бай болыпты. Жайық деген қу жарғақ мерген болыпты. Еділ ағасы еді де, Жайық інісі еді дейді», — деп басталады бұл ертегі.

«Ол заманда Еділ мен Жайықтың арасында кертағы, аладомбай, бұғы, бұлан, арқар, киік, құлан елсіз-күнсіз жерлерде быжынаған биттей, құжынаған құрттай көп екен», — дейді осы ертегіні баяндаған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (*М.Ж. Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. — Павлодар, 2005. 47 б.*). Күндердің күнінде Жайық мерген «Құлан суаты» деген жерде түннен тұрып, суатты аннан бұрын алып, тосып жатса судың ар жағына бір ел қонып жатыр дейді. Малы ылғи құлан, уық, кереге, шанырақ — бәрі алтын мен күміс, киіз орнына ұстағаны — ылғи жібек пен торғын. Қазықтары — алтыннан, желі тоқпақтары — күмістен, желі арқаны — жібектен. Шатырлатып құланның қодығын байлап жатыр дейді.

Айтып-айтпай не керек, ақыры Жайық осы елдің бір қызының қойнында ұйықтапты. Бір күнгі көрген дәурені бар өміріне татырлық дәурен болыпты дейді ертегі. Танертең ояна келсе қыз да жоқ, басына тіккен шатыр да жоқ, жамбасының астында төсеніштің тамтығы ғана қалған. Атын арқандаған жібек арқан мен алтын қазық қалыпты. Есі шығар-шықпаста еліне барыпты. Сонда ағасы Еділ айтыпты:

— Ол «көшпелі дүние бір түнеген жеріне жылына бір келеді» дейтұғын. Сол көрген жерінді бір жыл күзет — деген соң, Жайық ас-су ішпей, ұйқы көрмей, бір жыл күзетіпті. Бір жылдан соң құланға мінген, кара киген бір катын:

— Міне, Жайық, катын-балаң! — деп, бесігімен бір баланы тастап кете беріпті. Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі бар екен-мыс».

Ақан осы көшпелі дүниеден қалған күміс түбекті, алтын шүмекті бала сияқты. Ақанның жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстауы, әр түрлі жарқылдақтарға құмарлығы, аңғал батырлығы, жылпосқа сеніп қалатыны, т.б. қасиеттері мен қылықтары осыған

нұсқайды. Ең бастысы, Ақаңның қаламынан шыққан кітаптар. Мәселе тек «Қазақтың ауызша тарихы» кітабында емес, әңгіме Ақаңның өмір бойғы жазған кітаптарының барлығы да, ең алдымен, этнография екендігінде.

Мен Ақаңның 1972 жылы шыққан «Ақиық» кітапшасын оқығаным жоқ, ал 1977 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қыр хикаялары» шын мәнінде этнографиялық жинақ. Мен бұл жерде Ақаңның ғылыми-көпшілік, немесе монографиялық еңбектерін айтып тұрғаным жоқ. Олар онсыз да таза этнографиялық шығармалар. Мәселе, Ақаң шығармаларындағы негізгі өзектің ерекшелігінде. Ол жанр таңдамайтын, ғылыми, немесе көркемдік тақырыпқа бағынбайтын ерекшелік. Біздің қазақ гуманитарлық ғылымында бұл құбылыс әлі өз зерттеушісін тапқан жоқ. Тек әдеби сынға қатысты кейбір еңбектерде ғана М. Әуезовтың «Абай жолындағы» этнография туралы айтылады. Бұл қазақтың ардагер азаматы, ұлы ғалымы және қазақ ғылымын ұйымдастырушы Канекеннен (Қаныш Сәтбаевтан) басталған баға. Ол кісі көрегендікпен «Абай жолын» этнографиялық эпопея атаған болатын. Өз кезегінде М. Әуезов бұл жолды Кеңестік тексіз қоғамның құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытовтан алғаны белгілі. Ақаң бұл жолды ғылыми-көпшілік әдебиетке ұштастырды.

Бұл қандай жол? Батыс этнологиясында 1980 жылдары үлкен пікірталас болды. Мәселе этнологиялық зерттеулердің нәтижелерін оқырманға қалайша жеткізу керек деген сұрақ төңірегінде еді. Белгілі дәрежеде бұл пікірталасты ХХ ғасырдың 50-60 жылдары белең алған постмодернизм мен этнологияның классикалық үлгілеріне сүйенген ғылыми орталардың көзқарастарының алшақтығы туғызды. Бұл жерде біз Батыс ғалымдарының көпшілігі «этнология» ұғымының орнына «антропология» сөзін қолданатынын ескертуіміз керек. Қазақ ғылымында қазіргі күні «этнография» мен «этнология» қатар қолданылады, ал «антропология» тек этностың сыртқы, нәсілдік ерекшеліктеріне байланысты жүргізілген зерттеулерде ғана пайдаланылады. Шын мәнінде К. Леви-Строс айтқандай: «Этнография, этнология және антропология үш бөлек пән емес, бір зерттеудің үш түрлі концепциясы да емес. Бұлар зерттеу жұмысының үш түрлі сатысы, немесе зерттеудің үш түрлі уақыт кезеңі. Қандай терминді таңдау мәселесі зерттеушінің зерттеу әдістерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Ол үшеуін бірінен-бірін бөліп алып жеке қарастыру мүмкін емес» (*Леви-Строс К. Структурная антропология. — М., 1983. — С.315*). Этнографиялық зерттеулердің басты ерекшелігі — тікелей дерек берушімен (информатормен) жұмыс істеу, этнографиялық мәліметті жинаудың әдіснамасы және техникалық жақтары, оларды классификациялау және зерттеліп отырған объекті туралы сипаттама жасау. Ал этнология болса жинақталған деректердің негізінде синтезге қарай басылған қадам. Ол тарихи, географиялық, жүйелік (нақты бір мәселеге байланысты) бағыттарда жүруі мүмкін. Осыдан келіп үшінші кезең-антропология өріс алады, оның негізгі мақсаты әр этностың адамзат эволюциясымен байланысын нақтылайтындай зерттеулер жүргізу,

Егерде, осы айтылған мәселені нақты бір мысалға түсірсек, қалай болар еді, мәселен, Ақаң жазатын «киетек», яғни, тотем туралы. Қазақ этнографы алдына тотем

туралы түсініктерді зерттеу мақсатын қойғаннан кейін ең алдымен ғылыми бағдарлама жасайды. Ол ғылымда қалыптасқан, танымал жүйенің біреуіне негізделгені жөн, осыған қосымша этнограф информаторларына арнайы сұрақтар дайындайды, техникалық құрал-сайманын, жабдығын алады. Осылайша тотемдік түсініктер көбірек сақталды деген ортаға қарай, мәселен, Сыр бойында, екі-үш айға, не бір-екі жылға аттанып кетеді. Америкалық эволюционистік этнографияның негізін салушылардың бірі Льюс Морган ирокездер арасында ондаған жылдар өмір сүріп, өзінің әлемге танылған монографияларын жазды. Енді біздің қазақтың этнографы Қызылорда маңында сақталған тотемдік түсініктерді (жыланға, қасқырға, түйеге, т.б. киетектерге) ұқыпты жинап, әр деректі фронтальді түрде тексеріп, ғылыми сипаттама жасаса — ол этнографиялық жұмыс атқарғаны.

Енді дерек жиналды, жарияланды, осыдан кейін зерттеуші отыра қалып кітапханаларды қопарып, сирек кездесетін қолжазбаларға үңіліп, өзінің киетек (тотем) туралы жинаған деректерінің тарихи негізін және қазақ жерінің өзге өлкелерінде таралу, өмір сүру аясын анықтай бастаса — ол этнология. Зерттеуші өзінің бағдарламасы бойынша жинақталған деректердің ішінен Сыр бойында ІХ-ХІ ғасырларда мекен еткен оғыз қауымына тән құндылықтарды танып, екі тарихи кезең арасын байланыстырса — ол тарихи этнология, яғни, этнология ғылымының ішкі субсаласы.

Қазақ зерттеушісі мұнымен де тынбай, киетек туралы әлемдік әдебиетті қопарып, дүниежүзіне танымал ғалымдардың еңбектерін ежіктеп оқып, қазақ жеріндегі киетек туралы түсініктердің әлем халықтарының балалық шағына тән өзегін тапса, ол антропология. Нағыз антропологтар этнос шеңберінен шығып ғаламның әр бұрышында қызмет атқарып, өзін де, елін де сыртқа танытып жүреді. Өкінішке орай, бұл деңгейде қызмет жасауға біздің интеллектуалдық және материалдық мүмкіндіктеріміз аз. Біріншісі аздап бар шығар, екіншісінен үміт жоқ. Қазақ этнологиясы дәл қазір не мемлекетке, не қоғамға қажеті жоқ бейшара жағдайда.

Өзіміздің де нашарлығымыз бар шығар. Қазақ Ғылым академиясы гүлденіп тұрған уақытта да этнография қанат жайып кете алмады. Аз болдық, сапамыз да шамалы болды. Кеңес үкіметі қазақ этнографтарын қайта-қайта колхозды, ауылды зерттеуге салып, өз бетімен дамуға мүмкіндік берген жоқ. Мен Қазақстанда тәуелсіздік қарсаңында бірінші қорғаған этнограф болғандықтан мұны айтып отырмын. Этнография мемлекет тарапынан қамқорлық, қаржылық көмек болмаған жағдайда дами алмайды, ол қолына күрек ала салып опыр-топыр қорғанды қаза бастайтын археология да емес, мұрағат пен кітапханасы бар жерде жасала беретін тарих емес. Этнография — елмен қоян-қолтық жұмыс істейтін гуманитарлық жалғыз ғылым саласы. Кәсіби этнограф ылғи да жалғыз, не алдын ала тыңғылықты дайындалған топпен жұмыс істеуге мәжбүр, өйткені сенің бағдарламанды жаныңа ертіп шыққан студентке тапсыру мүмкін емес. Этнологты қажытатын шаруа — ғылыми бағдарлама жасау. Ол ондаған жылды, ауыр еңбекті, ерен қабілетті керек ететін шаруа. Мысалы, археологқа студенттерді неғұрлым көбірек алып шықса, соғұрлым пайдалы, қолына күрек бер де бұрқылдатып қаз. Егер студент болмаса жергілікті

елден жалда, аздаған ақшасын берсең олар да бұрқылдатады. Ал сен жанындағы ғылымнан хабары жоқ адамға тірі информаторды беріп көр?! Ол аса қиын хирургиялық операцияны хирургтің жас студентке тапсырғанындай шаруа.

Қазақ мемлекеті қазақ этносының қазіргі ахуалын танымай, зерттемей алға қарай бір қадам да баса алмайды.

Ақаңның «Қазақтың ауызша тарихы» осы ахуалдың бір көрсеткіші, тіпті, мен айтар едім, Ақаңның осы тақырыпқа арнайы монографиялық еңбек жазуының өзі қоғамдық қажеттілікті терең түсінгендіктен қолға алынған іс деп. Бұл жерде Ақаңның түйсік деңгейінде ме, әлде қисынмен бе, әйтеуір, қажетті тақырыпты дәл басып табуы ғажап. Мәселе тіпті Ақаңның қолы жеткен ғылыми нәтижесінде емес пе деп ойлаймын, қазақ шежіресін кім жазбай жатыр?! Мәселе этнография ғылымына қажетті сапалық өзгерістерде. Ақаңның еңбегі этнографиядан этнологияға қарай басқан ірі қадам, ендеше қазақ қоғамы да дәл осы қадамды қажетсініп отыр. Кәсіби этнологияда әлдене себептермен тым алға қарай ентелеп шығып кету болады, содан кейін соңымыздағы елден «әй, мынау неге мені түсінбейді-ай» деп ренжиміз. Ақаң болса өзіне Құдай Тағала берген, ата-ана, өскен ортадан жүкқан қазақи мінезімен елмен қатар келе жатыр.

Сонымен, Ақаңның этнография туралы жазғандары қаншалықты ғылыми дүние? Бұл тарапта оқырманның арасында әр түрлі пікір бары жасырын емес. Қазіргі оқырман ішінде көзі қаракты, көңілі ояу, тектілігін жоғалтпағаны болмаса, жақсыны жаманнан, тәттіні ащыдан айырудан қалды. ХХ ғасырдың 90-жылдары тәуелсіздікті емін-еркін пайдаланып, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай соққан жазғыштар көбейді. Қыза-қыза бар тарихты ескермей, өзеуреп «Түп-тұқияннан өзіме дейін» деп қазақтың тарихын бір атаның бодауына байламақ болып күнәға да бардық. Осылайша, қазақ шежіресінің әбден беделін кетірдік. Бұл жіберген қателік қазіргі күні И. Ерофеева, Б. Ирмуханов сияқты қызыл көздердің қолындағы көзірге айналды. Жалпы қазақи дәстүрде, қазаққа арнап жазылған ғылыми еңбектер И. Ерофеева бастап, ұйымдастырып жүрген постшовинистік және мәңгүрттік топтың ашуызасын туғызып, абыржытып отыр. Арасында дүмшесі бар, еуроцентристері бар, еріккеннен тарих пен этнографияны айналдырған, мына аласапыран заманда «атын шықпаса – жер өрте» деп атақ алып қалғысы келгені бар, бәрінің оғына қазақ шежіресі нысана. Ақаң бұл нысанаға көптеп ілігіп жүр, мен болсам КАЗ ҰПУ-нің дүмше профессоры, өмір-бақи әлемдік жұмысшы қозғалысымен айналысқан Б. Ирмуханов сияқтылардың қырағылығын жаңа көріп жатырмын. «Түп-тұқиянның» артында қазақтың әлі де арыла алмай келе жатқан трайболизмі мен протекционизмі тұрса, И.Ерофееваның соңында Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Номадизм институты тұр. Осылайша қазақ шежіресіне сүйенген тарих ғылымы екі жақтан жауған оқтың астында қалды, яғни, Ақаңның жазып отырған «Қазақтың ауызша тарихы» әлі де Кеңестік дәуірдегі контристория жағдайында, ресми көзқарастарға оппозицияда қалып отыр.

Ақаң және оның інілеріне бағытталған оқ, ең алдымен, қазақ тарихы мен этнографиясын жазудағы ұлттық дәстүрлерге қарсы. Оларға салсаң сен Батыс пен Кеңес үкіметі салып кеткен жолдан бұрылмауың керек. Осы жөн бе?

Оңтүстік Африканың Калахари шөлінде бас қосқан дүниежүзіне танымал этнологтар мен антропологтар бұл туралы не айтты? Маған Кембридж университетінің элеуметтік антропология кафедрасын басқарған Э. Личтің жазғаны ұнайды. «Этнографическая монография имеет много общего с историческим романом, чем с каким бы то ни было научным трактатом, — дейді белгілі антрополог. — Как антропологи мы вынуждены примириться с ныне уже признанным фактом, что в романе персонажи воспроизводят те или иные аспекты личности автора. Да и как могло быть иначе? Единственное «Я», которое я знаю непосредственно, это мое собственное. Когда Малиновский пишет о жителях Тробрианских островов, он пишет о себе; когда Эванс-Причард пишет о нуэрах, он пишет о себе. Любой другой подход превращает персонажей этнографических трактатов в заводных кукол» (Купер А. Постмодернизм, Кембридж и «Великая Калахарская дискуссия» // *Этнографическое обозрение*, 2003. №3.)

Неге еуропалық ғылыми баяндау дәстүрі өзге халықты «заводная кукла» қылып жібереді? Бұл жерде Батыстық ортада қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістері мен инструментарийі туралы әңгіме жоқ. Ол әдістер мен аспаптарды пайдалану жақсы нәтиже береді, бірақ, әрдайым жергілікті ерекшеліктерді пайдаланған жөн. Мысалы, сіз тісіңізді емдесеңіз Чехияда, немесе Германияда жасалған аспапты дұрыс көресіз, бұл этнографиялық ғылыми-зерттеу әдістері мен инструментарийіне де қатысты. Ал енді сіз ем алған пациенттің жағдайын — айтқан сөзін, көрсеткен мінезін, ем қабылдауын, т.б. еуропалық тілмен баяндап беруіңіз өте қиын. Оны ғылыми баяндау үшін сіз толып жатқан жаңа түсініктер мен дефиницияларды қолдануыңыз керек, ал егер де ол елде ондай ғылыми категориялар дайын болмаса ше? Еуропаға бейімдеуге көнбесе ше? Мысалы, еуропалықтар біздің көшпелілікті (номадизм) қаңғыбастықтан ажырата бермейді, сіз монографияңызда «номадизм» сөзін жүз қайталасаңыз да көшпеліліктің қаңғыбастықтан басқа құбылыс екенін түсіндіріп бере алмайсыз. Еуропалықтар «ұлт» (нация) деген ұғымды саяси антропологиялық зерттеулерде кең қолданады. Олар үшін ру да ұлт, тайпа да ұлт, мемлекет де ұлт. Егер де еуропалық зерттеуші қазақ этникалық құрылымын зерттесе ондаған-жүздеген ұлттарды алып шығар еді. Олар түгілі «қазақ тарихының Геродоты» деп атап жүрген А.И. Левшиннің өзі туысқандық жүйеге негізделген, тамаша иерархиялық тәртібі бар, әдет-ғұрып заңдарының ортақ ережелерімен өмір сүріп жатқан қазақ қоғамын «анархияда өмір сүріп жатыр» деген.

Сіз оларға рулық құрылымның әкімшілік, аумақтық (территориялық), саяси құрылымды алмастырып тұрған ұлы жүйе екенін оңайлықпен түсіндіре алмайсыз. Олар түгілі бұл құбылысты қазіргі біздің қазақтың өзіне түсіндіріп, миына жеткізу қиын.

Сонымен, сөздің қорытындысы Ақаңның этнографиялық тақырыпта жазылған көркем шығармалары, ғылыми-көпшілік кітаптары мен монографиялары арасында еш алшақтық жоқ. Бұлар бәрі де таза этнография, тек зерттеу, баяндау, оқырманға ұсыну тәсілдері ғана бір-бірінен бөлек, бірақ мақсаты бір туындылар. Егер Еуропа тілімен айтсақ Ақаң постмодернистік дәстүрде жазатын этнограф-жазушы. Ақаң еңбектеріне ден қойған қазақ оқырманы үшін ол, ең алдымен, ағартушы, дәлірек айтсақ этнограф-ағартушы.

Ауызша тарих па, әлде шежіре ме?

Ақанның «Қазақтың ауызша тарихы» кітабында «ауызша тарих», «шежіре», «қария сөз», «тарих» ұғымдары қатар қолданыла береді. Олардың әрқайсысы салыстыра қарасақ жеке ұғым емес, бір ұғымға қатысты қолданылатын синоним сөздер сияқты. Осы қаншалықты дұрыс?

Ғылымның қандай саласы болсын нақтылықты талап етеді. Әр терминнің өз дефинициясы, яғни, ғылыми анықтамасы болуы керек, ол болмаған жағдайда ғылыми жұмыстың берекесі кетіп қалады. Қарапайым тілмен айтқанда балғаны балға, шегені шеге деп білуіміз керек. Ақанның қолданған «ауызша тарихы» «шежіре» терминін алмастыра ала ма?

Кітаптың алғашқы кіріспе тарауына қарағанда Ақан «шежіре» сөзін бірнеше жағдайда қолданады: шежірелік деректер, шежірешілдік дәстүр, шежірелік айғақ-деректер, даңғайыр шежіреші (тарихи деректерді есте сақтаушы адам), қазақ шежірешілдігі, т.б. Менің ойымша жоғарыдағы мысалдар бір нәрсені нұсқайды, яғни, Ақан шежіреге тарихшы ғалым археологиялық дерекке қарағандай қарайды. Шежіре мен археологияның арасында жер мен көктей айырма бар. Археология тарих ғылымының көне және орта ғасырлар қойнауынан дерек іздейтін күрегі, оның жеке ғылыми іргетасы жоқ. Археологияны ғылыми сияқтандырып тұрған нәрсе қазба жұмысын жүргізу әдістері ғана, ал қазба жұмыстарымен кез келген адамның айналыса беретіні көпке аян. Қазіргі күні «черная археологияның» көбейіп кетуі де осының айғағы. Ал енді табылған қазба материалдарын топшылау, жүйелеу қажет болғанда археолог тарихшының кебін киюге мәжбүр. Осыдан шығатын қорытынды біреу ғана — жақсы археолог, ең алдымен, жақсы тарихшы болуы қажет. Қазіргі миллиардтаған қаржыны игеріп жатқан археологияның өнімді ғылыми нәтиже бере алмай жатқан себебі біреу ғана. Ол жерде Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.К. Қадырбаев сияқты кемел тарихшылар жоқтың қасы. Оның үстіне тарих ғылымының шетсіз, шексіз дағдарысқа түскені кімге жасырын. Біз шежірені дерек көзі, айғақтардың қоймасы ретінде ғана қабылдап, оны археологияның деңгейіне түсіріп жібермейміз бе?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін, алдымен, Ақанның кітабында көтерілген басты мәселелерге қысқаша ғана тоқталып кеткен жөн. Мысалы, «Шежіре және тарих» бөліміне. Бұл тарау белгілі дәрежеде Ақанның «Қазақтың ауызша тарихы» кітабының квинтэссенциясы сияқты. Тек қана ол кітаптың емес, жалпы Ақан қаламынан шыққан көптеген еңбектердің ішкі пікірі, айтатын ойы осы тарауда жинақталған.

Қазақтың көңілі ояу, көкірегі ашық оқырманына жеткізсем деген Ақанның асыл ойларының арасынан анда-санда қарама-қайшылық та, өзге ауылдың адасып жүрген қозы-лағы да, ғылыми нақтылығы жоқ дүдәмәл пікірлер де кездеседі. Мұндай тақырыпқа барған зерттеуші кемшіліктен ада, тып-тиянақты, жұмыр жұмыс жасауы қиын. Қашанда автордың есінде болатын жағдай, неғұрлым зерттеу тақырыбың үлкен болған сайын қателіктерің де соғұрлым көп. Оның үстіне Ақан «ауыз-

ша тарих» ұғымына тікелей, немесе жанама кіретін ондаған — жүздеген мәселелерді кітапқа артып алған.

Мысалы, осы тарауда сөз болатын «генеалогия» мәселесі. Ақаң Ресейдің «Қосалқы тарих пәндері» бойынша танылған бірнеше мамандарының пікіріне негіздеп: «Генеалогия — ру-тайпалардың пайда болу, қалыптасу тарихын білдіретін және ата-текті түсіндіре тарататын тарих ғылымының бір саласы», — дейді. Әрине, Ақаң шежіре мен генеалогияны бір-біріне шендестіріп тұрған жоқ, себебі, Ақаң айтқандай «бұл сияқты академиялық аңықтамадан қазақтың шежірешілдік дәстүрінің мазмұндық және функционалдық тұрғыда елеулі айырмашылығы бар». Шын мәнінде қазақ шежіресі мен академиялық генеалогия арасында тек мазмұн мен қызмет қана емес, ұғымдық тұрғыда да айырмашылық ат шаптырым.

Қазіргі ғылымда «генеалогия» аталып жүрген тарихтың қосалқы саласының ұғым аясы шежіреден көш кейін. Оны шежіремен тікелей байланыстырғаннан гөрі қазақ қариялары жиі қолданатын, біздің дәстүрімізге әжептеуір кіріккен «насаб» (арабтың туыс, жақын деген сөзі) терминін пайдаланған жөн. Қазақтың белгілі тарихшысы Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих хамса» еңбегінде шежіре және тарих сөздерін қатар пайдалана береді. Мысалы, Жетісу наймандарының шежіре деректеріне сүйене отырып ол былай деп жазады: «Бұл найман руларының көнеден келе жатқан жазылған тарихы болмағанымен, ата-бабалары мен түрлі ұрпақтарының ақпарлары ауыздан-ауызға аңыз болып ұласып келе жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен, уақыт оза бұл шежірелер өз негізінен артық-кемі болып, ілгері-кейінді айтылып, шатастырарлық жағдай болса да, өзге тарихи мәліметтермен салыстыра отырып, реттестіру нәтижесінде белгілі бір шындыққа жақын, тоқтамды пікірлер айтуға болады. Бұл хабарлар негізсіз дәлелденбесе де, себепсіз жалғанға шығарылмайды» (*Қ. Халид. Тауарих хамса. — Алматы, 1992. 51 б.*)

Құрбанғали имамның жазуына қарағанда ұлы дүбір мерекелерде елдің жақсы азаматтары шежірешілерінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған. Құрбанғалидың өзі осы мектептен өткен, шежірешілерден сабақ алған адам, онысын және жасырмайды. Сонымен бірге, Құрбанғали Халид өз кітабында «насаб» сөзін де қолданады: «қазақ насабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды, оқиға мың жылдан бері болса да ішінде жүргендей біле береді» немесе «бабаларын жазғырып, шежіренің пайдасын білмей, шежірешінің қадірін ұмытып, пайғамбардың «нәсібіңізді таныңыз», яғни, туысыңызды анықтап біліңіз дегенінің мәнін ұқпай отыр бұл халық» (*Қ. Халид. Тауарих хамса. — Алматы, 1992. 52 б.*)

«Насаб» сөзінен Шығыста кең тараған «Насаб нама» келіп шығады, яғни, әулеттік ата-текті тарату ғылымы. Дәл осы «Насаб-нама» Ақаңның жазып отырған генеалогия ұғымының қазақи баламасы болып табылады. Қазақстан жеріне белгілі «Насаб-нама» нұсқаларының авторлары қожа әулетінің өкілдері, яғни, ол әуелі әулеттік ата-тек тарату мағынасында қолданылып келді. Түркістан өлкесінде тараған «Насаб-наманың» бірнеше нұсқасын салыстыра зерттеген Зікірия Жандарбек те «Насаб-наманы», ең алдымен, қожа әулеттерінің шежіресі есебінде қарастырған:

«Біздің жұмысымыздың негізгі дерек көзінің бірі болып отырған «Насаб-нама» нұсқалары да түркі халықтарының арасына кең тараған қожа әулеттерінің шежіресі болып табылады» (*Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы, 2002. 20 б.*). Бұл әулеттік шежірелер Түркістан өңірін мекендеген қожа қауымдары үшін ресми құжат қызметін атқарады. Отырықшы өлкеде кең тараған вакуфтық иеліктерді заңдастыру және мұрагерлік тәртіп «насаб-нама» негізінде іске асырылады. Саяси өзгерістердің кезінде әулеттік шежіре қайта жаңартылып, сол тұстағы хандардың тарапынан мөрмен бекітіліп отырады. Қарапайым тілмен түсіндірсек, бұл қазіргі біздің меншікті бекітетін құжаттарымыз сияқты. Вакуф – бұл жерде мемлекет тарапынан мешіттер мен олардың төңірегінде шоғырланған қожа әулеттеріне берілетін иеліктер. Бұл иеліктерден түскен пайданың бәрі қожа әулеттерінің күн көрісі мен дәулетін қамтамасыз етеді. Батыста орта ғасырларда қалыптасқан генеалогия жасау дәстүрі де, ең алдымен, меншік түсінігімен тікелей байланысты. Оның ең жарқын көрінісі күні кеше Ресейде үстем болған дворяндық әулеттердің ата-тектерін таратқан генеалогиялық кітаптары (родословная). Ендеше генеалогияның қазақтың шежіресімен тайталасатындай қауқары шамалы болғаны.

Ақаң бұл мәселені жақсы сезеді. Оған кітаптағы мына төменгі жолдар куә: «Қазақ шежірешілдігі адамдардың жады арқылы жеткен тарих деуге келеді... Шежіреде ел-жұрттың әлеуметтік-саяси өміріндегі нақтылы хроникалық деректен гөрі сол әлеуметтік-саяси өмірдің типтендірілген сипаты көбірек көрініс тауып отырады». Бұл тамаша анықтама біздің шежіреге деген көзқарасымызға дәл келеді. Дегенмен, шежіреге қатысты зерттеушілік мектеп жаңа ғана қалыптасып келе жатқандықтан ғылыми анықтаманы әлі де ширата түсу керек. Егер Ақанның жазған «Қазақтың ауызша тарихы» ғылыми ортадан қолдау тауып, онда айтылған мәселелер Қазақстан тарихының даму мүмкіндігіне жаңаша серпін берсе, кітапта айтылған ой-пікірлер сол бағыттың іргетасына кірпіш болып қаланады.

«Әлеуметтік-саяси өмірдің типтендірілген сипатын» қазақ шежіресі қалай жасайды? Ақаң оны тым қарапайым түсіндіреді: «Қазақтың шежірешілдік дәстүрі сөз болғанда, қазақ шежірелері негізінен ата-тек (патронимия) шежіресі және ру-тайпа шежіресі болып екіге бөлінетінін атап өту қажет. Шежіре түзудің бұл екі түрінде де бір-бірінен мазмұндық-ақпараттық айырмашылықтар бар». Менің ойымша автор генеалогияны шежіремен шендестірмесе де, екеуін бір ұғымға енгізу нәтижесінде таза академиялық көзқарастың әсерінде қалып отыр. Әулетке қатысты деректер шежіре ұғымына қызмет жасайтын қор, яғни, мұрағат, оны шежіреге тек шартты түрде ғана қосуға болады.

Сөз жоқ, Ақаң жазғандай Қазақ хандығын жасақтау барысында генеалогиялық құрылым тыңнан түзілген. Бұл ретте, қазақ сахарасын Нұх пайғамбар заманынан бері мекендеп келе жатқан қауымдардың барлығы да қазақтың этникалық құрылымынан өз орнын алуға тырысқанын ескеру керек. Жақсы орынды алу қашанда үлкен күресті қажет етеді, оның үстіне табанды биі, тегеурінді батыры болуы шарт. Күшті рулар мен тайпалар этникалық құрылымнан жетекші орындарды алады, олардың маңайына өз әлеуеттеріне байланысты басқа рулар да орнығады, осылайша

қатаң туыстық иерархияға негізделген ұлттың негізі салынады. Міне, осы ұлт мәселесі Ақаң жазған жоғарыдағы шежіре анықтамасынан сырт қалып қойған. Ол неге сырт қалып қояды?

Біздің пікірімізше, Қазақ хандығы жасақталған уақытта шежіре кемі үш деңгейлі болып келуі керек еді. Ең алдымен, жеті ата тәртібін реттейтін үлкен отбасылық (патронимия), немесе әулеттік (генеалогиялық) деректер. Бұл жалпы жұрттың бәрі білуге тиіс деңгей. Қазақтың «жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөзі осыны білдіреді. Екінші деңгей ру-тайпа шежіресі. Ақаң: «Ру-тайпа шежіресі болса қандас туыстықтан да бұрын мүдделестікті мазмұндық-ақпараттық арқау етеді», – дейді. Толықтай Ақаң пікіріне қосыламыз. Ру-тайпа көшпелі қазақ қоғамының негізгі іргетасы. Ол туыстық жүйеге негізделген саяси-әлеуметтік институт. Бір атадан тарайды-мыс делінетін генеалогиялық түсініктер ру-тайпаның тек ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Ал шын мәнінде ру-тайпа, ең алдымен, әкімшілік-саяси күш, құрылымдық элемент.

Дегенмен, қазақ шежіресі жоғарыда аты аталып, түсі түстелген ата-тек және ру-тайпа шежіресінен ғана құралмайтыны анық. Түптеп келгенде, әр ру-тайпаның мүддесі әр түрлі болуы мүмкін. Ақаң жазған ру-тайпалық мүдделестік мемлекет мүддесімен кереғар келіп қалуы көшпелілердің тарихында жиі кездеседі. Өзге заманды, алысты барламай-ақ Алтын орда дәуіріндегі Едіге мен Тоқтамыс (Әй, Едіге қайт-сана), Қазақ хандығы дәуіріндегі Бекболат пен Абылай (Абылай аспас Арқаның Сарыбелі) арасыдағы карама-қайшылықтар, ең алдымен, ру-тайпалық мүдденің мемлекет мүддесімен қабыспауынан бастау алады.

Ендеше қазақ шежіресінің мемлекеттік идеяны, тәуелсіздікті негіздеген алтын қоры болуы тиіс. Белгілі дәрежеде бұл идеялар мемлекеттің тұрақтылығын, биліктің сакральдығын, яғни, қасиеттілігін қамтамасыз етеді, ру-тайпа басшылары мен хан-сұлтандар арасындағы қарым-қатынасты реттейді, ақсүйек әулеттердің құқықтық (әдет-ғұрып заңдары бойынша) шекараларын, тіпті мемлекетке қажетті атрибуттар мен этикет мәселесін де ескереді. Осындай шежіренің асыл үлгісі – қазақтың Алаша хан, Уыз хан, Әз Жәнібек хан, Қасым хан, Абылай хан туралы аңыздары мен жырлары. Егер де, қазақ шежіресінен бұл аталған маңызды қабатты алып тастасақ біздің мемлекеттік және қоғамдық тарихымыз көзден бұл-бұл ұшып кетеді. Бүгінгі күні қазақтың болашағын ойлаған азаматтардың күрес майданы осы алтын қор үшін жүруі керек.

Өкінішке орай, патшалық Ресейдің езгісі, Кеңестік тексіз жүйенің қанды қырғындары қазақ шежіресінің ең маңызды қабатын, астарын жадыдан шығарды. Оның барлығын біздің алдымыздағы буын да, біз де тек фольклор тұрғысынан ғана қарастыруға үйреніп алдық. Ол фольклордың өзі де ғылыми түрде зерттеу нысанасына айналған жоқ. Қазақ халқының саяси-әкімшілік құрылымының дағдарысы, хандық биліктің жойылуы, іле-шала ру-тайпалық ірі бірлестіктердің ыдырай бастауы «шежіре» ұғымына тікелей әсер етіп, оның қауқарын шектеді. Осылайша қазақ шежіресі ұлттық-мемлекеттік мүдденің айнасы, жаршысы болудан қалып, патронимиялық құрылымдар деңгейіне түсті. Оның негізгі мазмұндық қабаттары фольклорға айналып, түр-сипаты ата-тек атауларын жөн-жосықсыз тізбелеген сызбаларға ауысты.

Енді «жады» мәселесіне келейік. Ақан «жады» мәселесіне қатысты өте жақсы этимологиялық талдау жасаған және бұл талдаудың нәтижесі шежіре мағынасын ашып береді деген пікірдеміз. Біз осыған дейінгі зерттеулерімізде байыбына бара алмай жүрген, мәселені Ақан дйттеген жеріне жеткізген. «Жад» сөзін талдау барысында Ақан байырғы түркі тіліндегі «иад» (есте сақталған, естелік) «ирда» (іздеу, ұмтылу), «иор» (жору, түсіндіру) мағынасындағы сөздерді негізге алған. Енді келіп шендестірген уақытта: иад+ирда – жадыңнан ізде, иад+ирақ – жадыңның түкпірінде, иад+иор – жадыңды жору, т.б. болып шығады. Егер қазақ тілінің үндестік заңына бейімделген үлгілерін пайдалансақ: жад+жрда (жадыңнан ізде), жад+жрақ (жадыңның түкпірінде), жад+жор (жадыңды жоры), яғни, шежіре сөзіне жақын сөз шығады.

Расында да, көптеген түркі-монғол халықтарында шежіре сөзі жоғарыдағы мағынамен өмір сүріп жатыр. Ол сонау Махмұт Кашқари заманынан бері («Сөздік» мәтінінде «сежілер» деп жазылған) ұйқасты, үйлесімді сөз, жаттап алу, жатқа айту, т.б. мағыналарда жазба әдебиетте де, ауызша нұсқаларда да берік орын тепкен. Бұл туралы біздің «Историческое наследие М.Ж. Копеева» (Павлодар, 2004) кітабын қарасаңыз болады. Ақанның жоғарыда жасалған этимологиялық талдамасы маған осы сөздің төркінін иран тілдерінен, яғни, қола дәуір тайпаларының мәдениетінен іздеу қажет деген ой салады. «Шежіре» не таза арья, не арья мен турлар арасында қалыптасқан көне ұғымдардың бірі, тіпті оның арғы төркіні ностратикалық сөздік қорына барып үйлесуі де мүмкін. Ақан «қазақ тіліндегі «жад» сөзінен туындаған «шежіре» сөзіне арабтың «шәджара» деген сөзінің ешқандай қатысы жоқ деп есептейміз» дейді. Менің пікірімше, Ақанның жоғарыда талдама негізіне алған «иад», «ирда», «иор», т.б. иран мен түркіге ортақ көне сөздік қордан. Біз кейде болмашы нәрсенің бәрін арьяға сілтей саламыз, ал қазбалай келсек оларды Ұлы даладан ығыстырып шығарған турлар да, алдымен, иран тілдес сияқты. Қазіргі қазақ тілінің дүниежүзіндегі тілдердің арасында ерекше бай сөздік қорымен алға шығып кетуі де осындай алғышарттармен түсіндірілсе керек. Біздің тіліміздегі синоним сөздердің бір қатары тікелей арья-тур бастауына алып барады, бір қатары одан да арғы (шумерлік, үндіеуропалық, т.б.) заманға сілтейді. Осылайша «шежіре» сөзінің түпкі мағынасы тарих болып шығады. Ал арабтың тарих сөзінің оны алмастыру үрдісі біртіндеп араб-ислам мәдениеті мен ғылымының әсерімен болған нәрсе.

Енді «ауызша тарих» ұғымына қатысты ойларымызбен бөлісейік. Бұл ұғым ХХ ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап әуелі Батыс Еуропада, кейіннен әлемнің әр түкпірінде орныға бастағаны белгілі. Қазақ топырағына бұл ағымды алып келіп, шежіретануға ыңғайлап жатқан біздің Ақан: «Қазақ халқының шежірешілдік дәстүріне қатысты алғаш рет «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) ұғымын қолданып отыр». Осыған дейін Ақан шежіреге қатысты «Далалық ауызша тарихнама» (ДАТ) ұғымын қолданып келген еді. Ақан қашанда жаңалыққа жаны құмар, ғылыми ақпаратқа ашық жан. Ақан, ең алдымен, елді ғылымдағы болып жатқан жаңалықпен таныстыру мақсатында «Қазақтың ауызша тарихы» ұғымын кітаптың атауы есебінде қолданып отыр деп болжаймын. Расында да Ақанның жазғаны «шежіремен» шектеліп қалмай қазақтың ауызша-жазбаша сақталған көне мұрасының әр саласын

қамтыған, сонымен бірге, ғылыми әдебиетті қазақ құндылықтары тұрғысынан қайта пайымдаған еңбек. Бұл кітапта туыскандық жүйе де, қария сөздер де, шежірелік айғақтар да бар. Шынтуайтына келгенде Ақаңның басты мақсаты қазақтың төл фольклорлық мұрасындағы құнды қазынаны қазіргі гуманитарлық ғылымда болып жатқан жаңалықтар тұрғысынан оқырманға таныстыру.

«Ауызша тарих» ұғымы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғылыми ортаға таныла бастаған, дүниеге келген күнінен бастап академиялық ортаның ашу-ызасын, түсінбеушілігін өзімен бірге алып келген құбылыс. «Ауызша тарихтың жобасын» жасаған Колумбия университетінің профессоры Алан Невинс (1948) сейсмологиялық және геофизикалық зерттеулердің тарихын жазуды көздейді. Осылайша әуел бастан «ауызша тарих» ұғымы ресми құжаттарда белгілі дәрежеде кереғар түсіндірілетін тарихи оқиғаларды тірі куәгерлердің естеліктері арқылы жеткізу әдісі ретінде қолданысқа түсті. Мәселен, қазіргі күні америкалық бағдарламалар негізінде жұмыс жүргізіп жатқан Санкт-Петербургтегі Еуропалық университеттің «Ауызша тарих орталығы» Кеңес дәуірінің тарихын ауызша деректер негізінде қайта жазып жатыр. Ол үшін орталықтың қызметкерлері ХХ ғасырдың басты-басты оқиғаларын нысанаға алып, сол дәуірдің естеліктерін жинайды. Кәдімгідей қолдарына диктофон ұстап оқытушылар мен студенттер қария адамдарды іздеп жүргенін көресіз. Бұл әдісті біз этнографиялық зерттеулерімізде қолданамыз, ал олар, көбінесе, тарихи оқиғаларды куәгерлер арқылы зерттейді. Өкінішке орай «ауызша тарихтың» осы бағыты біздің оқу орындарында қолдау таппай келеді. Жас тарихшылардың нағыз айналысатын шаруасы осы, күннен-күнге өткен заманның куәгерлері азайып келеді. Ал жинайтын естелік аса көп: ХХ ғасырдың басындағы төңкеріс, 30-жылдардағы аштық, 37-47 жж. репрессиялар, тың игеру. 2003 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Хрестоматия по устной истории» (*Пер., сост., введение, общ. ред. М.В. Лоскутовой. — Издательство Европ. Ун-та в С.-Петербурге*) осы өзекті жұмыстың айнасы сияқты.

Қазіргі күні тарихшылар арасында кең қолданыста жүрген Пол Томсонның «Өткен шақтың дауысы. Ауызша тарих» кітабы Ұлы Британдық түсініктердің Алан Невинс «Жобасынан» алысқа ұзап кетпегенін көрсетеді: «Устная история — это история, построенная вокруг людей. Она наполняет жизнью историю как таковую и расширяет ее масштаб. Она позволяет найти героев не только среди вождей, но и среди неизвестного большинства народа». (*Томсон П. Голос прошлого. Устная история. — М., 2003*).

«Ауызша тарихтың» көкжиегін кеңейткен атақты бельгиялық Жан Вансина болды. Менің пікірімше оның африкалықтардың ауызша тарих дәстүрін ашуына, алдымен, антропологиялық дайындығы себеп болды. Ол Лондоннан Африкаға бушонгі тайпасының этнографиясын зерттеуге аттанғанда бар-жоғы 23 жаста еді. Екіншіден, Жан Вансинаның африкандықтардың ауызша тарих дәстүрлерін түсінуіне Африка елдерінің Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған отаршылдықтан құтылу және жаңа идеология үшін күресі, яғни, деколонизация себеп болды. Африкадағы сұрапыл азаттық күресінің қанды көбік толқындары тәуелсіздік алған елдерде тарихқа деген аса үлкен құмарлықты оятты. Бұрын еуропалықтар: «Афри-

қада тарих болған жоқ, олардың тарихы отарлық кезеңнен басталады», — деп кесіп-пішіп қойған қара континент өзінің тарихын іздеді. Жан Вансинаның ізденістері осы сұранысқа дәл келді.

Бірақ Жан Вансина Африкаға қатысты «ауызша тарих» ұғымының орнына «ауызша дәстүр» дегенді қолданады. Бұл да ескеретін мәселе, менің ойымша ол Батыста бір жақты қалыптасып қалған «ауызша тарих» ұғымы мен өзі жасаған жаңа жүйенің аражігін бөлуді мақсат тұтса керек. Жан Вансина «ауызша дәстүрдің» бес түрлі дерек көзін нұсқайды. Біріншіден, формулалар, ритуалдар, ұрандар (лозунг) және титулдар. Екіншіден, географиялық атаулар мен адам аттары (антропонимика). Үшіншіден, тарихи, діни, азаматтық жырлар. Төртіншіден, тарихи, дидактикалық, көркем-әдеби, т.б. әңгіме аңыздар. Бесіншіден, әдет-ғұрып заңдары мен түсініктер. (Вансина Ж. *Устная традиция: исследование исторической методологии*. — Р., 1965. — 31 с.) Осылайша, ондаған жылдарға созылған зерттеулерден кейін Жан Вансина «Африкалықтардың ауызша дәстүрінің нағыз тұнып тұрған тарих екенін» дәлелдеп шықты. Осыншама дерек бір жерге шоғырланған уақытта ерекше зерттеу әдіснамалары қалыптасты. Біз үшін бұл мысал аса мәнді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған он бес жылдың ішінде бізде де тарихта деколонизация үрдісі басталды. Ақаңның «Ауызша тарихы» осы үрдістің көрінісі. Жалпы қазақ мүддесі тұрғысынан қарасақ Ақаңның бұл еңбегі Шәкәрімнің 1911 жылы Орынборда шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» еске түсіреді. Шәкәрім мен Ақаңның арасын ұқсастырып тұрған тағы бір қасиет — екеуінің де қазақ тарихы мен этнологиясының мәселелерін Еуропалық (Ресейлік) ғылыми тәжірибе арқылы түсінуге күш салуы. Екі кітаптың арасы тура жүз жыл, ал мақсат-міндетінде түк те өзгеріс жоқ. Ғажап құбылыс!

Тіл, түсінік және термин

Қазақтың тарих және тіл саласындағы ғалымдарының бірлесіп зерттейтін бір тамаша тақырыбы бар — ол қазақтың шежіре тілі, қазақтың ғұлама қарияларының тілі. Бала кезімізде әкеміздің алдында отырып үлкендердің әңгімелерін көп тындадық. Құлаққа жағымдылығы Сарыарқаның жазғы самалындай болатын, сөздің шұрайы — қазақтың мақал-мәтелі, аңыз-хикаясы, әжуа-қалжың қағытпалары, ара-тұра шығыстың ғұламаларынан еншіге қалған ғибрат, құран мен хадистің қасиетті мұрасы. Әкеміз сөздің қадірін білетін адамды ерекше құрметтеуші еді, өзі де қазақтың арғы-бергі айтылатын әңгімесінің майын тамызатын.

Сол 60-жылдардың өзінде қазақтың тілі күрмеле бастағаны анық. Жалпы сөз өнері екінің бірінің басына қона бермейді. Оның үстіне, Кеңес үкіметі туған тарихына, тіліне немқұрайлы, тіпті, өш қарайтын тұтас бір қауымды өсіріп шығарды. Аждаһадай төнген осы қысастықтан аман қалған адам сирек болар, күнделікті тіршілікке шолтандаған шолақ тіл келді. Өз-өзінен кібіртіктеп, жөткірініп «нетіп» «неғып» деп екі сөздің басын қоса алмай қиналатын ұрпақ бүгінгі күні қария атанып отыр. Қазақтың бүгінгі күні аузымен құс тістейді деп мақтап жүрген жігіттерінің

тілі қарадүрсін, қақпақыл. Қазы-қарта кетіп сіңір ғана қалған сияқты. Айтысқа түсіп жүрген жігіт-қыздардың тілі — жаттанды, жаттағанынан сәл шығып кетсе кедір-бұдыр, тіпті, оспадар.

Осындай ортада өмір сүріп, тіл мәйегін сақтап қалған бірлі-жарым адамның бірі — біздің Ақаң. Ақаңның тіл байлығы жаттанды дүние емес, іштен шыққан қасиет. Сол қасиет бала кезінде жақсы тілдік ортаға түсіп шындалған, кейіннен өзінің ақыл-парасатының арқасында Ақаң ол тілді нақыштап, әшекейлеген. Ақаңның әңгімесін естіген уақытта ХХ ғасырдың 70-80 жылдары өмір сүрген қазақ шежірешілдік дәстүрінің соңғы тұяқтары, соңғы қариялары еске түседі. Бірақ қаз-қалпында қазақтың шежіре тілін ауызша, немесе жазбаша қолданыста ұстау қиын. Қалай дегенмен, оның кейбір заңдылықтары мен құндылықтары сақталып қалғанымен де, ол — реликт, яғни, алдымен тарихшы және тілші ғалымдардың еншісі.

Ақаң қазақтың сөз мәйегін ұтымды пайдалана отырып этнография мен этнологияның ғылыми тілінің тамаша үлгісін жасап шығарған. Бұл, мәселені мен «Қазақтың ауызша тарихы» кітабының ең басты олжасы деймін. Мәселен, Ақаң қаламынан шыққан мына анықтамаға көңіл бөліп көрейікші: «Кез келген этнос әрі төлтума қасиеті айқын, әрі қоғамдық-әлеуметтік жарасымы орнықты болу үшін біртұтас ақпараттық өріс аясында өмір сүруі шарт. Біртұтас ақпараттық өріс этнос жадын тұтастандырып қана қоймайды, сонымен бірге, этноидеалдың да тұтастануына себепші. Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотөлтумалығы да дүбәралана бастайды. Ал, этнос мүлде өлімге бойсұнғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады. Этнос тағдырына қатысты көзге көрінбейтін, кейде бақылап-пайымдауға бір адамның өмірі де жете бермейтін осы бір күрделі де нәзік үдеріске айрықша сезімталдықпен қарау қажет-ақ. Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек» (*«Этнология және ру-тайпалық жүйе» тараушасын қараңыз*).

Ақаң, біріншіден, аса ірі ғылыми мәселені қазақ тілінде, әрбір азамат түсінетіндей жатық және нақты баяндаған. Әр сөзі орнында, әр сөйлемнің атқарар жүгі анық. Ғалымға тән үлкен, жарқын ойдың, ел тағдырына аландаған ағамыздың көкейкесті пікірінің тұтасқан жері де осы. Алып-қосары жоқ. Қазақтың ғылыми тілі жоқ деп байбалам салып жүрген нигилистерге нағыз күштеп оқытып, миына жеткізетін-ақ сөз. Еуропалық кеңістіктегі ғылыми ортада қалыптасқан терминдер қазақ ұғымына лайықталып сайрап тұр. Абайдың «сөз түзелді, тыңдаушым сен де түзел» дегені осындайда еске түседі. Қазақтың саясат көшін ХХ ғасырдың басында қолына алған Ә.Бөкейхановтың Шәкәрім «Шежіресі» туралы рецензиясында мынадай сөздер бар: «Шаһкерімнің бұл кітабы— қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың» (*Ә.Н. Бөкейханов. Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі// Таңдамалы. — Алматы, 1995. 332 б.*)

Әлихан ағамыз «мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкерім кітабын әбден білмей қадам баспа» деп айтқандай, енді қазақ тарихына қазақ тілінде қалам сілтеймін деген азаматтар тілді Ақаңның «Қазақтың ауызша тарихынан» үйренуі керек.

Жоғарыда көрсетілген көлемді анықтамалар жалғыз емес. «Қазақтың ауызша тарихының» қай бетін ашсақ та алдымыздан жамырап тамаша ғылыми ойлар кез-

деседі. Кітаптың салмақты тарауларының бірі «Туысқандақ жүйеде» мынадай бір маңызды пікір жүр: «Этножаралым аясында генеалогиялық орны жоқ кез келген субъект өзінен-өзі тексіз немесе жат элемент болып есептелген. Әсіресе, ру-тайпалық жүйені өмір сүрудің үлгі-тәсілі еткен көшпелілер ортасында тексіз болу қоғамдық өмірдің табиғи үйлесіміне жат жаралым ретінде қабылданған». Бұл ой-пікірді қазақ тарихы мен этнографиясына ден қойған зерттеуші аксиома есебінде қабылдауы керек. Тіпті бұл тақырыпқа арнайы ғылыми жұмыс жүргізілсе де артық болмас еді. Құрбанғали Халид қазақ этнографиясы туралы тебірене келіп қазақ ортасына сырттан енген кірменің бір-екі ұрпақ ауыспай-ақ қазақ атанатын қасиетін жазады.

Құрбанғали Халидтің жазып отырғаны қазақ ортасына әлдене себептермен келген татар, сарт, т.б. қатысты. Сонымен қатар, ХІХ ғасырдағы этнографиялық әдебиет Ресейдің үстем ұлты орыстардың өзі де қазақ ортасында ассимиляцияға түсіп кететінін айғақтайды. Белгілі зерттеуші Н. Харузин «К вопросу об ассимиляционной способности русского народа» мақаласында Ертіс бойындағы орыс-казактар туралы былай жазады: «Кзаки настолько поддались влиянию окружающих их киргизов, что почти все казачье население говорит по-киргизски и нередко предпочитает этот язык родному: для многих это колыбельный язык, так как няньки часто выбирают из киргизок. Киргизские привычки простираются и на одежду и пищу казаков. Как и киргиз, иртышский казак любит носить широкие плисовые шаровары, халат из бухарской парчи или саранджи и лисью шапку (борьк), он любит киргизские национальные блюда, в том числе конину. Старые казаки даже колют на еду своих лошадей. Кроме того, многие предрассудки, понятия и убеждения казак заимствовал от киргиз: он, как и этот последний, считает стыдным сесть на коня без нагайки, надеть холщевые шаровары и т.п.» (*Этнографическое обозрение, 1894. — С. 71*). Бұл шаруа қазақтың Ресей отаршылдығында жүріп жасағаны. Қазіргі күні бізге өзгені ассимиляция жасау түгілі, өзіміздің этникалық даралығымызды сақтап қалу қайран болып отыр. Саясатта, бизнесте, өнер мен ғылымда дүбәралық. Орыс тілді Кеңестік номенклатура дүние азан-қазан болып жатқан 90-жылдары жылы-жұмсаққа ие болған, енді одан айрылғысы жоқ. Олармен бірге қоғамдық ортаны тойымсыздық, жемқорлық, ұлттық нигилизм жайлады.

Осыған байланысты Ақаң жоғарыда жазған қазақи этникалық төлтумалықты сақтау, біртұтас ақпарат (бұл жерде этникалық қасиеттерге негізделген өріс) қалыптастыру, әлеуметтік факторлардың этностың тұтастығына нұсқан келтіретін әсерін шектеу, өзге этностардың, діндер мен мәдениеттердің өркениеттік қағажуын жою, жаһандану мәселелері этнологиямен айналысатын ғалымдардың басты нысанасы болуы керек. Бұл шаруа саяси шешімдермен, әкімшіліктің бұйрығымен, ассамблеямен шешілмейді. Этносты сақтау, оның қорғаныс қабілетін күшейту ұлттық идеологияның іргетасы болуы қажет. Ондай іргетас, тұжырымдама (концепция) жоқ жерде әркім өз деңгейінде жұмыс жасайды. Ол деңгей әр басшыда әр түрлі. Осыдан 100 жыл бұрын Ертістің бойындағы басбұзар казак-орыс пен қара шекпен мұжықты қазақша сөйлеткен ел қазіргі күні ана тілінсіз отыр. Мысалы, бүгінгі күні қазақтың саны 50 пайыздан асқан Павлодар қаласындағы 46 мектептің тек алтауы ғана қазақша. Таңғажайып парадокс емес пе?!

Құлқын қамында кеткен шенеунікті ұлттық идея тежей алады ма? Егер идея бар болса тежейді, бірақ, тіршіліктің байырғы заңдарына сәйкес бір құныққан адамды жөнге салу өте қиын. Билік пен сауда адамды ұлтсыздандырды. Мен Ақанның «тарихтың зұлмат кезеңдерінде қазақ халқы төлтума болмысын сақтап қала алды» деген пікіріне келісе алмаймын. Менің ойымша, біздің төлтумалық құндылықтарымыз ауыр халде. Бұл аурудан құтылудың бір-ақ жолы бар. Қазақтың намысқа, адалдыққа, арға сүйенген этникалық құндылықтарының негізінде ұлттық идея қалыптастыру. Әр шенеуніктің бағасын кәсіби және ұлттық құндылықтар тұрғысынан бағалау. Ең бастысы, қазақ этносының қазіргі жағдайының этнология тарапынан терең зерттелуін қадағалау. Ұлттық этнологиялық ғылыми орталықтар құру. Осы жолға түсетін бірден-бір жол ғылыми анықтамалар мен терминдерді қалыптастырып алу. Ақан саяси мәселелерге араласпағанымен, ғылыми тілді қалыптастыруға үлкен қадам жасағанын жоғарыда айттық, сол ғылыми тілдің құрамдас бөлігі — термин.

Ресей ғылыми этнологиялық әдебиетінде кең қолданыста жүрген терминдердің қазақи мағынасын ашу, сол мағынаға сәйкес сөз ұсыну кітаптың алғышқы бөлімдерінен-ақ басталады. «Қазақ шежіресінің дінгек идеясы, яғни, тұжырымы (концепциясы), түптеп келгенде, жалпы тарихты тануда бел алып жататын адамдық бастау (антропоцентризм) идеясымен де үндес келеді» деп жазады Ақан. Осы сөйлемде тарихшыларға қажетті бірнеше ұғым қазақ тілінде сөйлеп тұр: біріншіден, «дінгек идеясы», бұл орыстың «центральная идея» сөзінің қазақшалаған түрі, екіншіден, «тұжырым», бұл «концепция» сөзінің баламасы, үшіншіден, «адамдық бастау», яғни, орыс тілді ғылыми әдебиетте «антропоцентризм» болып қолданылып жүрген сөз. Ғылыми ұғымдарды қалыптастыру барысында терминдердің қазақша дәл баламасын табу өте керекті шаруа. Менің ойымша болашақ жұмыстарда «дінгек идеясы» сол қазақшаланған түрде қолданысқа енсе, «концепция» және «антропоцентризм» терминдері сол қалпында қолданып, Ақан ұсынған баламалар есте болғаны дұрыс.

Ақан ұсынған тағы бір ұғым «патронимия» терминінің қазақша баламасы «ата-тек». Мен бұл мәселемен ертеректе айналысқан едім (*Артыкбаев Ж.О. Об особенностях патронимической организации казахов во второй половине XIX в. // ИАН, сер. общ. наук. 1989. №1. — С. 37-43*). Патронимия туралы арнайы тарау «Казахское общество в XIX в.: традиции и инновации» (— Астана, 2003) кітабында да бар. Зерттеліп отырған кезеңде қазақ ортасында патронимияның екі түрі кездеседі — үлкен (жеті ата) және кіші (бір ата). Ғылыми әдебиеттегі «патронимия» ұғымына қазақтың «ата баласы» деген дөп келеді. Егер Ақанның ұсынысын қабыл алсақ, патронимияны «ата-тек» деуіміз керек. Менің ойымша «тек» ұғымының аясы өте кең. Екіншіден, қазақ бірінен-бірі шежіре сұрасқанда «жеті атанның шежіресін білесің бе?» деп сұрамайды, жеті атасын білу қазақтың арасында кез келген адам үшін негізгі шарт. Біз «шежіре» ұғымын патронимияға жақындастырсақ оның құнын кетіріп алатын сияқтымыз.

Ақанның бір ұтымды баламасы — «этнозерде» деп білемін, осыған дейін «этническое самосознание» ұғымын қалай аударамыз деп жүр едік, орнына дәл келе кеткен ұсыныс болды. Ақан қолданған «ұлттық қорғаныс сезімі» немесе «этникалық қорғаныс сезімі» оңтайлы қазақыланған ұғым. Сонымен бірге кітаптың осы бөлімінде Ақан пайдаланған «протекция», «меркантильдік», т.б. ұғымдар балама-

сын таба алмай қалған. Ақаңнан артық қазақ сөзінің мағынасына кім бойлайды, егер қазіргі этнология ғылымының қазақ тілінде дамуына қажетті терминдердің бәрі аударылмаса, біз әлі де жүз жыл таз қалпымызда жүре береміз. Мүмкін мұндай күрделі ұғымдарға қажетті баламаларды табу үшін қазақтың мақал-мәтел сөздеріне терең үнілу керек пе? Қазақ ел басшылары, билері өз туысына бола адалдықтан тайса «Тура биде-туған жоқ, тұғанды биде-иман жоқ» деп наразылығын айтып жатады. Біздің қазіргі саяси өмірде белең алып кеткен протекционизм, өз туғанын сүйреу, имансыздықтың нағыз өзі деп тұр қазақ мақалы. Имансыз қоғамның болашағы бар ма? Мүмкін «протекционизмді» «имансыздық» деп аударғанымыз дұрыс шығар.

Ақаңның «эпикалық көшпелі өмір-салт» туралы жазғаны аса қызғылықты, бірақ бұл құбылыс толық мәнінде ХХ ғасырға дейін жеткен жоқ. Оның ең мәнді кезеңі сақ дәуірінен басталып (б.д.б. I мың жыл) Алтын Ордамен (XV ғ.) аяқталса керек. Менің ойымша, Ақаң ұсынған «эпикалық көшпелі өмір-салт» дәл осы алапат ірі кезеңге сәйкес келеді, ал XV ғ. бергі кезең өмір-салттың дағдарысы және өшуі, басқа ештеңе де емес. Ал енді Ақаңның «көшпендінің» орнына «көшпелі» сөзін қабылдау туралы ұсынысын біз баяғыда-ақ қолдадық. Бүгінгі күні қазақтың есі дұрыс тарихшысының бәрі «көшпеліге» көшкен болуы керек. Сонымен бірге Ақаңның «отбасы» сөзінің орнына «жанұяны» қолдануын мен түсінгенім жоқ.

Кітаптағы «псевдосараптама» (псевдоаналитика), «дүбаралану» (маргинализация) өз орнында жарасып тұр. Сол сияқты сандырақ (абсурдизация), түбірлі (аутентичный), жойдасыз (тотальный), айғақшы (носитель, фора), жұқанасы (рудимент) сөздері ғылыми терминдердің баламасы ретінде дұрыс қызмет атқаратын сияқты. Ал «аналогты» «тәнік» деу қаншалықты дұрыс, оны уақыт көрсетер. Мүмкін оны «сәйкес» деп аударған жөн болар. «Обусловленный» сөзін «орайлас» деуге келер ме екен? Ал «жаралым» «образование» сөзінің орнына қазір де қызметін атқарып кетеді. Ақаң қазақ шежіресіндегі бірсыпыра аталарды тізбелей келе «...автоэтнонимдермен тұйықталады» дейді. Гректің «автосын» қазақша өз атымен, немесе өз атауымен ауыстырса қалай болар еді, оның үстіне «авто» сөзі көп мағыналы сөз, ал «тұйықталды» деп сипаттау менің ойымша өте жарасымды. Ақаңның қолданысындағы «киетек», «ұстаным», «тетік» сөздері де ұғымдық мағынаға ие болып тұр. Ал «ұлыс» сөзін «держава» мағынасымен алмастыру үшін қолдану қаншалықты орынды болар екен? «Ұлыс» сөзі түркі-монғол елдерінде мемлекет сөзінің орнында қолданыста жүр, ірі сұлтандардың иеліктері де «ұлыс» атанады. Империяға (держава) қатысты «ұлық ұлыс» сөзі қолданыста бар (Алтын Орда дәуірі).

«Қазақтың ауызша тарихы» кітабында қазақ этнографиясына қатысты қызықты деректердің бірі «сахана» немесе «саханалап жерлеу». Біз этнографиялық экспедицияларымыздың кезінде Сарыарқа жерінде сахананың (сағана) бірнешеуін көрдік. Басқа-басқа, қазаққа әйгілі Мәшһүр-Жүсіптің өзі де көзі тірісінде туыс-жақындарына саханасын салғызып, қалай жерлеудің қажеттілігін түсіндіріп, өсиет айтып кеткен. 1931 жылдан бастап 1951 жылға дейін саханада (үйі деп атайды), жер астынан арнап қазылған бөлмеде, Мәшекең денесі ақпай-шірімей жатты. Бұл ғұрыптың қазақ жеріндегі тарихы кемі төрт мың жыл, яғни, бұл тақырып ірі монографияның ғана көтеретін жүгі. Шіркін, археологияға деп ретті-ретсіз беріліп жатқан қаржының бір тамшысы этнологияға арналса ғой. Бірақ, «оны түсінетін бала қайда?»

Ақаң осы саханалап жерлеу дәстүрін «сүйек қосу» деп атап арнайы тақырыпша жазады. Тақырыпшаға татиды, ал «сүйек қосу» деп өзінің аты-заты бар дәстүрді қалайша атаймыз, қандай қажеттіліктен туып отыр? Осы сияқты Ақаңның кітабында «Сіңісті аталар мен ру-тайпалар» аталатын тақырыпша бар. Қазақтың іргелі ру-тайпаларының құрамына еніп кеткен кірме аталар туралы. Олардың генеалогиялық құрылымынан орын алуы, осыны дәлелдеуге арналған аңыздар қазақ шежіресіндегі ең бір маңызды дерек көзі. Дәл осы тұста қазақ этнологы өзінің ең таңдамалы зерттеу әдістерін, құрал-жабдығын іске қосу керек. Ол үшін терең тарихи білім, өте нәзік этнологиялық зерттеу әдістері мен инструментарийі керек. Мысалы, Ақаң дулат ішіндегі қоралас аталатын рудың тарихы жөнінде қазақи мәліметтер келтірген: «Ботпай деген бай болған екен. Оның бір қызы Алдияр деген жігітпен қосылады, ол өзі жай жігіт емес, үлкен бір ишанның қасына еріп жүрген жігіт», немесе «дерек бойынша Ұлы жүз Дулаттың қызы оң жақта отырып қалып, жүкті болып, қой қорада босанса керек. Содан баланың атын «Қоралас» қойыпты-мыс». Екі дерек те қызық. Қазақ жайдан-жай оң жақта отырған қыздан бала туғызбайды. Қоралас руын жақындату үшін дулат шежіресін жасаған көне қариялардың қолынан шыққан нәрсе. Орта жүзде таракты руы Арғынға осылай жақындайды. Рашид-ад-Диннің шежіресінде қоралас нүкіс, ұранқай, қоңырат руларымен бірге Ергене көннен шыққан нағыз монғол тайпаларының ішінде аталады (*Рашид-ад-Дин. Сбор. летописей. Т. I. Кн. I. – М.-Л., 1952. С. 78*).

Қоралас дулатқа түркі-монғол дәуірінде келіп қосылған. Бұл мәселе Шағатай әулетінің қол астындағы ру-тайпалардың тарихымен тікелей байланысты зерттелуі керек.

Жарайды, бұл түсінікті болсын. Ақаңның кірме аталардың бәрін де топтап жеке тараушаға жинағаны да дұрыс. Ғылыми еңбек болғаннан кейін ол жерде біреудің көңіліне, біреудің сезіміне қарамайды. Ғылым – суық мұз, ақылды ғана мойындайды. Ал осы тарауды – «сіңісті аталар мен ру-тайпалар» деп атаудың қаншалықты қажеті бар? Қазақтың өз сөзі бар емес пе – кірме, қоңсы дейтұғын! Менің ойымша Ақаң «кірме», «қоңсы» сөздерінің жағымсыз мағынасынан қашып «сіңісті» деп жұмсартып отыр. Ақаңның жұмсақтығынан шежіреге қатысты тағы бір үлкен мәселе кітаптан тыс қалған, ол әлдебір себептермен аталарынан қарғыс алған, киелі адамдардың наразылығына душар болған, осыған байланысты саны өспей, генеалогиялық құрылымнан дұрыс орын ала алмай, әлеуметтік үлкен жиындарға қатыса алмай қалған аталар мен рулар. Шежіреде осы тақырыпқа қатысты ұлан-ғайыр дерек және әлі де сыры ашылмаған жұмбақ ақпарат бар. «Қарғыс таңбасы» бар аталар мен рулардың тарихына тереңірек үңілу қажет, шежіре біз білмейтін әлдебір қауіпті меңзеп тұр ма, ол таңба неше атаға дейін сақталады, оның адамның сыртқы бет-бейнесінде көрінуі мүмкін бе, қарғыстан тазару жолдары бар ма? Қарап отырсаңыз әр іргелі тайпаның құрамында осындай бірді-екілі аталар мен рулар бар. Бұл аса маңызды мәселе Ақаң жазған этностың қорғаныс тетігімен (механизмімен) тікелей байланысты.

«Қазақтың ауызша тарихы» кітабына енген қазақ тарихы мен этнологиясының толып жатқан ірілі-уақты мәселелерін бір мақалада қорытып шығу оңай емес.

Шынтуайтына келгенде Ақан тарихи-этнологиялық ғылымның қазіргі қол жеткен шыңына шығып қазақтың шежірелік деректерін пайымдауға бар күш-жігерін, өмір бойы жиған-терген бар өнерін салған. Бұл қарапайым шежіре емес, бұл шежіретауға арналған кіріспе. Ақан ХХ ғасырдың басындағы Алаштың зиялы қауымы өкілдерінің ісін әрі жалғастырып ағартушылық шаруа жасап отыр.

Шәкәрім жазғандай «атаны атағанмен білім артпасын» Ақан алдымен түсінген азаматтардың бірі. Мәселе аталардың атын тізбектеуде емес, қазақ шежіресінің дәстүрлі қоғамда тарихи қызмет атқарғанында. Ақан осы қорда сақталған қазынаны оқырманға танытпақ, ол үшін қазіргі этнология ғылымының ғылыми-зерттеу әдіс-танымын барынша пайдалануға күш салған. Ақан жазған дүние этнология ғылымынан хабары жоқ адамға үлкен таңсық, қабылдауы да, тосаңсуы да мүмкін. Кейбіреулер ерін бауырына алып тулайтын да шығар. Менің айтарым — басқа амал жоқ. Этнологияны пайдаланбай қазақтың тарихын жаза алмайсың. Этнологтар қазақ тарихын неге жазады деп байбалам салып жатқан Б. Ирмуханов сияқты дүмшелерге Ақанның кітабы тегеурінді соққы.

Ақан «Алғысөзде» бұл мәселелердің басын ашып жазуы керек еді. Біз тарихнама мәселесін айтып отырмыз. Ақан «Алғы сөзде»: «Кітапта шежірелік деректерді саралай отырып, бұрын-соңды айтылған, жазылған, тіптен аксиомаға айналған кейбір ой-тұжырымдарға сәйкес келе бермейтін біраз тың пайымдаулар жасалды. Ондай пайымдаулар жасау барысында өзгемен ой өрелестіруді, сөз жарыстыруды, тәжікелесуді жөн көрмедім. Оқырманды аландатқым келмеді», — дейді. Қазақта «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» деген тамаша көреген нақыл бар. Калахари пікірталасындай болмаса да қазіргі біздің ағаларымыз барды бар, жоқты жоқ деп айтуға міндетті.

Ең болмағанда Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров жазған «Қазақ шежіресі хақында» (Алматы, 2000) монографиясына қатысты пікір білдіріп, қажетті жерінде сынау керек еді. Тарихнамалық сын ғылымның қозғаушы күші. «Қазақ шежіресі хақында» және «Қазақтың ауызша тарихы» бір тақырыпқа жазылған, бірақ бір-біріне онша үйлеспейтін кітаптар. Олар бір тақырыпты зерттеудің екі сатысы сияқты. Біріншісі — қазақтың аталарын, екіншісі олардың арасындағы құрылымды іздейді. Егер Ақан жоғарыдағы монография туралы әлдене себеппен жазбады дейік, онда тым болмағанда Қазақ тарихына төтеден қосылып былық жасап жүрген М. Әджи, Б. Ирмуханов, К. Данияров, т.б. жамбасқа алып шандаққа қарай лақтырып, «қазақтың ауызша тарихына» кез келген жерде ит қосып қуып, соңына итаршыларын ертіп жүрген И. Ерофеевалардың сыйын беруі керек еді.

Мүмкін, ағамыз осынау шаруаларды соңындағы інілеріне аманатқа қалдырып кетпек шығар. Қалай болғанда да «Қазақтың ауызша тарихы» жыл өткен сайын бағасы да өсе, жаулары да өршелене түсетін, өрелі азаматтарға лайықталған кітап. Ақанның алдында екі жол болды. Бірі шежірені концепция (тұжырым) ретінде қарастырып зерттеу, екіншісі шежірені қазақ тарихының қайнар бұлағы ретінде көрсету. Осы себептен Ақанның кітабы, ең алдымен, деректану бағытына келетін жұмыс. Тіпті, этнологиялық деректану деп те осы бағытты атауға болар еді. Шежіре концепциясы шамасы бізге қалды, оны Ақанның өзімізге берген еншісіндей көріп өз биігіне жеткізерміз.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Бірінші тарау. ШЕЖІРЕ ЖӘНЕ ТАРИХ	
1. Елтану мектебі.....	12
2. Тарихнама	30
3.Этнология және ру-тайпалық жүйе	40
4.Түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер	52
5.Қазақ шежіресіндегі уақыт табы	58
6. Ел болудың алғышарттары	68
7.Антропонимика және шежіре	98
Екінші тарау. ҚАЗАҚТЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ ЖҮЙЕСІ	
8.Қарға тамырлы қазақ	104
9. Сүйек қосу	114
10. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы	128
11. Енші институты	152
12. Туысқандық жүйе	166
13. Туысқандық атаулар жүйесі	180
Үшінші тарау. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРИЯ СӨЗДЕРІ	
14. Аңыз ақиқаттың жаңғырығы	206
15. Алаш. Қазақ. Жүз.	212
16. Ұлы жүз	234
17. Орта жүз	252
18. Кіші жүз	298
19. Жүзге кірмейтін ру-тайпалар	320
Төртінші тарау. ШЕЖІРЕЛІК АЙҒАҚТАР	
20. Тектес-аттас ру-тайпалар	370
21. Лақап немесе жанама этнонимдер	424
22. Сіңісті аталар мен рулар	464
23. Қазақ этнотопонимдері	484
24. Ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар	568
25. Мақал-мәтелдер	596
26. Ен-таңбалар мен ұрандар	640
Бесінші тарау. ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫ	
27. Этнографиялық түйін	674
Қосымша	
Ж.О. Артықбаев. Ақаң және «Қазақтың ауызша тарихы» кітабы	708

ІНЖУМБАМ

ына кеңесте Ақан тарихи-этнографиялық мұрағатының қол жеткен
ығын қол қойып шежірелік деректерді пайымдауға бей-бар-жүгерін, өмір

Ақселеу СЕЙДІМБЕК

ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ

Шежірелік деректерді пайымдау

Зерттеу

Редакторы Ұлағат Ханзада

Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова

Корректоры Гүлширан Құлымбетқызы

Суретші-дизайнері Бекен Жапаров

Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек

Басуға 10.10.08. қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 59,15.

Тапсырыс № 262. Таралымы 2000 дана.

ISBN 9965-35-463-4



9 789965 354632

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

Шы
шы
бой
нуғ
өкі
] а
аз
дәс
ны
әді
ғы
Ке
жо
қа
дү

мә
ла
ой
па
ле
се
пі
ай

ха
сі
ха
о
Б
Е
Т
Е
Т
ж

н
і
/



Сейдімбек Ақселеу Сланұлы – 1942 жылы 12 желтоқсанда Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Байдалы би ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. «Жас алаш», «Орталық Қазақстан», «Егемен Қазақстан» газеттерінде меншікті тілші, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, «Зерде» журналы мен «Әлем» альманахында бас редактор болды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қолжазба бөлімінің меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры, Қазақ білім академиясының тұңғыш президенті, ҚР Президенттік мәдениет орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Қазір Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

А.С.Сейдімбек – филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты. Отызға тарта көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық кітаптардың авторы. Оның ғылыми-шығармашылық еңбегінің бедерлі тұстарын былайша атап өтуге болады: прозалық шығармалары арқылы ұлттық төлтумалықты айғақтауға елеулі үлес қосты; бұрын жиналмаған да зерттелмеген қазақтың қара өлеңдері мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; «көшпелілердің төлтума мәдениеті», «көшпелілер өркениеті» сияқты категориялық ұғымдардың айқындалуына және орнығуына тегеурінді үлес қосты; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырманына таныстырды; әр қилы пікір-бағаға қарамастан, халық мұрасы ретінде қазақтың эротикалық фольклорын жинап, оның ғылыми басылымын алғаш рет жарыққа шығарды; Қазақстан тарихын жеке тұлғалар арқылы зерделеу идеясын ұсынып, оның нақтылы жүзеге асуына өзіндік үлес қоса білді; оның публицистикалық еңбектері қазақ журналистикасын жаңа деңгейге көтерді деп кәміл сеніммен айтуға болады...

А.Сейдімбек шығармалары оннан астам шетел тілдеріне аударылған.